Нұрқанов Жарасбай



ЗАМАНА ҮНІ

Астана
2017

070
Н86

Сәбит Мұқанов атындағы
облыстық кітапхана қорына
тәуелсіздік жылдары жарық
көрген, ақын
публицист, КСРО және Қазақстан
мәдениеті қайраткерінің
Шарасбек Мұқановтың
80-жылдығына орай шығарылған
«Заманалық» энциклопедиялық
түсіндірмелі сөздігі түсті.

Ақынның жары, «Қазақстан»
телерадиосының ардагері,
Күлдам Қайратқызы, Қазақ
радиосының Құрметті
қызметкері Сәуле Ақсұлтанқызы
Мұқановаға
Ақтөбе қаласы — Жұлдыздар
қ. 28.2018 ж. Құттықтаймыз.

80
жас

Жарасбай
НҰРҚАНОВ

ЗАМАНА ҮНІ

Таңдамалы шығармалар

Астана – 2017

ӘОЖ 070
КБЖ 76.01
Н 86

Демеушілер: Жомарт пен Жәнібек Нұрқановтар,
Гүлнәр Шегебаева

Құрастырған ақынның жары Қазина Нұрқанова

Н 86 Нұрқанов Ж.
Замана үні. *Таңдамалы шығармалар.* – Астана, 2017. – 672 бет.

ISBN 978-601-213-040-9

Бұл кітапқа КСРО және Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, қоғам қайраткері, журналист, аудармашы, жазушы, ақын Жарасбай Нұрқановтың өмір туралы ой-толғаулары мен естеліктері, шетел және орыс, қазақ жазушыларының шығармашылық еңбектері жәйлі жазған материалдары мен очерктері, суреттемелері, әңгімелері, фельетондары еніп отыр. Сондай-ақ, ақынның қатарластары мен оқырмандарының лебіздері де бар.

Бұл жинақ ақынның 80-жылдығына орай оқырмандарына тарту ретінде шығарылып отыр.

559168

ӘОЖ 070
КБЖ 76.01

ISBN 978-601-213-040-9

© Нұрқанов Ж., 2017

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА

КӨРГЕНДЕРІМ, КӨҢІЛГЕ ТҮЙГЕНДЕРІМ...

ӨСИЕТ

Өсіргенім, өндіргенім — Өлеңім,
Немерең гой, көрімдігін бер, Елім!
Саңлақтардың сан талайын баулыған
Өзің айыр Өжеті мен Өренін.

Отқа сал, суға малып, әр жазда,
Төзімдісін лайықты де сарбазға.
...Уа, дариға, бәрі бірдей жараса,
Бір ақынға бір ғұмырда бұл аз ба?!

Жарасбай

НҰРЛЫ ЖҮРЕК

Елдің шетіндегі, суық желдің өтіндегі, құстың қанатын талдырған, тұлпардың тұяғын тоздырған кең-байтақ Қызылжар топырағы – алуан-алуан жүйріктердің қадамына қуат, қиялына қанат байлаған қасиетті өңір.

Бұл өлкеден талай-талай ел бастаған көсемдер, от ауызды, орақ тілді шешендер, батырлар, ақын-жыраулар шыққан. Десек те біздің өңірден түлеп ұшып, қанаты қатайған шағында бүкіл елге танылып, туған топырағының даңқын асқақтатқандардың қарасы онша қалың емес. Шоқ жұлдыздай жарқыраған осы шоғырда ақын Жарасбай Нұрқан да бар. Ол көзі тірісінде оқырмандарға «Қара көздер», «Нұрлы терезе», «Алтын десте», «Арманым менің», «Терең барлау», «Буынсыз бала» және тағы басқа да жыр жинақтарын сыйлады. Ақын ағамыздың артына қалдырған мұрасы да соншалықты мол екен. Бертінде ақынның жары Қазина жеңгеміздің құрастыруымен жарық көрген «Қызылжар», «Көкжиек» жинақтары осыны айғақтайды.

Шалғайдағы шағын ауылда өмір есігін ашып, қызмет баспалдақтарымен астана төріне көтерілген, қаламгерлік қарымымен бүкіл елге танылған Жарасбай Әнәсұлының жүріп өткен жолы тағылымды. Оның орта мектепті «Алтын медальмен» тамамдап, «Мұхтар Әуезов лекция оқиды екен» дегенді естіп, құжаттарын Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне тапсыруының өзі болайын деп тұрған баланың ісі емес пе?!

Өзінің айтуына қарағанда, Жарасбай ағамызға ақындық анасының ақ сүтімен дарыған. Тағдырдың жазуымен анасынан 4-5 жасында жетім қалған ол атасы мен әжесінің бауырында өсіп, жасынан зерек болып, тырнақалды өлеңдерін мектеп қабырғасында жүргенде жаза бастайды. Ал студент кезінде «Ленинші жас», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде өлеңдері үзбей жарияланып тұрғанын білеміз.

Менің Жәкеңнің шығармашылығымен таныстығым сол жылдары басталған еді. Мектепте оқып жүрсем де, газет-журналға құмар болдым.

«Лениншіл жас», «Ленин туы» (қазіргі «Солтүстік Қазақстан»), «Қазақстан пионері» газеттері қолыма тигенше тағат таппайтынмын. Басында оның жырларына назар аударуыма екеуміздің аттас болғанымыз да әсер еткен шығар-ау. Кейін Мұқағали ақын шекпен жауып қайтарған қазақтың қара өлеңіндей қарапайым да ырғақты, көркем бояулары қою жырлары теңеулерінің әсемдігімен, ұйқастарының шеберлігімен ерекше баурады.

Иә, өмір жолы оны адастырған жоқ. Өзі журналистерге берген бір сұхбатында айтқандай, Мұхтар Әуезов сияқты ғұламамен араласу бақытына ие болды. «Ақындық талабың мен талантың бар екен. Көп оқы, өмірді таны, сонда ғана жақсы ақын боласың» деген ұлы жазушының ұлағатын өмір бойы жадынан шығарған емес. Университетті үздік бітірді. Жанашыр ұстаздары «Алматыда қал, ғылыммен айналыс» деп ақыл қосқанмен, туған ауылына оралып, еңбек жолын мұғалімдіктен бастады.

Алайда, қалам үшін туған жан шығармашылықпен айналысуды ұмытқан жоқ. Осылай «Әдебиет – ардың ісі», – деп ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынов айтқан ұлағатты ұғым жаны нәзік, жүрегі таза Жарасбай Әнәсұлының өнегелі өмірінің өзегіне айналды. Ол қандай қызметте жүрсе де шығармашылықтан қол үзбеді, жүрек таңдауын өзге салаға айырбастай алмады. «Мен өленді көп жаза бермеймін, бірақ дөп жазуға тырысамын». Бұл – Жәкеңнің өз сөзі. Осы ойды белгілі қаламгер, облыстық «Коммунизм нұры» газетінде істеген жылдары Жәкеңмен бір кабинетте отырған Амантай Кәкен де дәттейді. Ол өзінің естеліктерінде: «Жарасбай материалдарды бұрқыратып көп жаза бермейтін. Аз жазатын, сапалы жазатын», – дейді.

Жырлары оны жаңа биіктерге жетеледі. Сөйтіп, ол 1965 жылы Тың өлкесі құрылғаннан кейін белгілі қаламгер Сафаржан Хайдаров шақыруымен «Тың өлкесі» газетіне жұмысқа орналасып, журналистер қатарына қосылды. Оның әр алуан тақырыпта жазған мақалалары жақсылық пен жамандықтың, ақ пен қараның аражігін ажыратып, салмақты сөздің саралануына, әділдіктің үстем құруына салған даңғыл жолдай еді. Көп жылдар облыстық басылымда, республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде журналистік қызмет атқарды. Атқара жүріп қаламынан адам таңдай қағатын тың дүниелер, мәйекті мақалалар тудыра білді. 1981 жылдан бастап баспагерлікке ауысып, «Өнер» және «Жазушы» баспаларында аға редактор болды.

Оның публицистикалық шығармалары, очерктері мен суреттемелері, арнау, дастандары мен толғаулары, әзіл-сықақ шымшымалары және де балаларға арнап жазған туындылары да талғамы биік оқырманның көңілінен шыққанын айту ләзім. Біз Жәкеңмен бертін кездестік. Мен ол кезде Қазақ радиосының Солтүстік Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі едім. Елге келген бір сапарында туған ауылы Көктерекке жолсерік болып бірге барудың сәті түсті. Көп әңгімелестік. Сыртта жүрсе

де, туған өңіріндегі жағдайға қанық екен. Содан кейін біз жиі болмаса да хабарласып тұрдық. Ол кісі хат жазатын. Әлі есімде қазақ тіліндегі түңғыш қалалық басылым – «Қызылжар нұры» газетінің алғашқы саны жарық көргенде қуанып, бұл да тіліміздің бағының жанғаны деп жырдан шашу шашқан еді. Тіл демекші, Жәкең туған тіліміздің нағыз жанашыры еді. Сол тілдің жайын айтамын деп билікке ұнамай қалған кезі де болған. Амантай ағамыз өзінің естелігінде облыстық газетте жарияланған «Тіл ұстарту» деген өлеңінің біраз дүрбелең туғызғанын жазады. Сонда билікке ұнамаған мына жолдар екен:

– Балам еркін білмейді бабам тілін,
Нансаң, соған жүрегім тілім-тілім.
«Әке» деуге аузы қиналғанда
Ұнатпай да қаламын ұлым түрін».

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының басында ақын Жарасбай Нұрқанның «Нұрлы терезе» деген жинағы жарық көрді. Алақандай ғана кітап, бірақ іші жылы жырға, нұрлы сырға толы. Сол кітапқа талдау жасаймын деп біраз қиналғаным да есімде.

2012 жылдың 25 қаңтары күні Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалдық мұражай кешенінде Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай «Азаттықтың азапты жолы» атты көрменің және «37 жыл. Ерте солған гүлдер» бейне-баянының, қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі «ALASH – ALZHIR» екі томдық кітабының тұсаукесерлері өтті. Осы шараға алаштанушы, жазушы Тұрсын Жұртбай, филология ғылымдарының докторы Амантай Шәріп сияқты ашаршылық пен қуғын-сүргін тақырыбын қаузап жүрген басқа да белгілі ғалым-жазушылармен бірге мен де шақырылдым.

Осы шараның ең әсерлі сәті Жарасбай Нұрқанның сөзіне композитор Ерсайын Нарымбаев жазған «37 жыл. Ерте солған гүлдер» әнінің тұсаукесері болды десем, артық айтқаным емес. Ән әуені жиналғандарды бірден өзіне еліктіріп, қатты толқытты, тебірентті. «Ерте солған гүлдер» 37 –ші жылдың қасіретке толы дүрбелеңінде құрбан болған алаш азаматтарының рухына арналған құнды дүние. Ақын Жарасбай Нұрқан сол тарихи кезеңді тұла бойынан өткізіп, жүрегімен сезінген, жан ұшырған сәбилер мен қан жылаған аналардың көз жасын шынайы бейнелей білген. Сол кездегі әр адамның көңіліндегі айықпайтын мұң мен шерге толы күйін дөп басқан.

Осы кездесуде Жәкеңді мен жаңа бір қырынан танығандай болдым. Бұл шығарма ақынның бүкіл болмыс-бітімінің, өмірлік ұстанымының айнасы іспетті. Жүректен шымырлап шыққан сөз жүрекке жетті.

Бізде ақын көп. Бірақ солардың бәрінің жырлары халық айтып жүретін әндерге айналмайды. Ал Жәкеңнің "Туған аймақ" өлеңіне бел-

гілі композитор Төлеген Мұхамеджанов ән жазған. Бұл ән халыққа Роза Рымбаеваның орындауында жетті. Кейін Жарасбай Нұрқанның өлеңдеріне Еркеғали Рахмадиев, Кенжебек Күмісбеков, Әшірхан Телғозиев, Алмабек Мейірбеков, Қадыр Адамбалинов, Жоламан Тұрсынбаев, Қасен Қожа-Ахмет, Гүлмайдан Сүндетова, Ақынай Шомытов, Болат Құсайынов, Қалқаман Жүнісбеков ән жазды.

Жаңа ғасырдың он бірінші жылында мәңгілік сапарға аттанған оның артында өлмейтін сөзі, өткен мен болашақты жалғайтын алтын көпірі, ғаyһардай жарқыраған өлең-жырлары, асыл сөздері қалды. Халқының ыстық ықыласына бөленген ақын Жарасбай Нұрқанның жырлары оқырманымен бірге жасай беретініне сенімім мол.

Жарасбай СҮЛЕЙМЕНОВ,
Қазақстан Жазушылар одағы
Солтүстік Қазақстан облыстық
филиалының директоры.

ЗАМЕЧАТЕЛЬНЫЙ ПОЭТ – ЛИРИК

В нашем Северном Приишимье имеются аулы и села, откуда вышли талантливые писатели, поэты, певцы, шешены (ораторы), педагоги. Достаточно сказать про аулы и села, давшие такие таланты, как Сабит Муканов, Габит Мусрепов, Магжан Жумабаев, Иван Шухов, Сафуан Шаймерденов, Еслям Зикибаев, Какимбек Салыков и другие. Одним из таких аулов является Коктерек района Шал акына. Из этого небольшого аула вышли писатель Ермек Конарбаев, поэт Ахметжан Нуртазин, педагог Раш Гайсина, несколько генералов, около 40 работников милиции «ныне полиции) и другие.

В этом же ауле родился 22 марта 1937 года Жарасбай Нурканов – педагог, поэт и журналист, которому исполнилось 70 лет. Жарасбай Анасұлы Нурканов после окончания Ленинской (ныне имени М. Ахметбекова) средней школы с Золотой Медалью поступил на филологический факультет Казахского государственного университета имени Аль-Фараби. После окончания университета в 1960 году свою трудовую деятельность начал в родной Ленинской средней школе преподавателем казахского языка и литературы. Работая в школе, он печатал в областных и республиканских газетах свои лирические стихотворения. Вообще-то, первые свои стихи он писал, еще будучи учеником, и помещал в школьной стенгазете. Его свежие, пахнущие степными цветами и показывающие картины аульной жизни стихи привлекли внимание не только аульных читателей, но и редакторов газет. В 1965-1966 гг. он работает литературным сотрудником газеты Целинного края «Тың өлкесі», а в 1966-1974 гг. заведовал целиноградской областной газеты «Коммунизм нұры». Работая здесь, он стал широко известным республиканской общественности. И не случайно его назначили собственным корреспондентом центральной республиканской газеты «Социалистік Қазақстан» (ныне «Егемен Қазақстан»), на этом поприще он проработал с 1974 по 1981 годы. В 1981-1984 гг. он занимал должность старшего редактора издательства «Өнер» («Искусство»), в 1984-1986 гг. старший редактор издательства «Жазушы». С 1987 года Жарасбай Нурканов перешел на творческую работу. В разные годы он выпустил около десяти сборников стихотворений и поэм. Из них нам известны «Қара көздер» («Черные глаза»), «Нұрлы терезе», («Светлое окно»), «Алтын десте» («Золотой колос»), «Арманым менің» («Фламинго – розовая мечта», «Терең барлау» («Глубокая разведка»).

В аннотации первой книги «Қара көздер» составители сборника писали: «Жарасбай Нурканов – один из представителей молодой поросли нашей поэзии. Его стихам присущи свежая окраска, особый степной звук. Молодой поэт склонен воспевать образ степи, красоту родной при-

роды». Доказательством этому являются такие стихи, как «Родная земля», «Страна моя», «Мой край родной», «Осенняя береза», «Осенняя туча», «Свет любви», «Письмо», «Желание» и другие. В первом поэтическом сборнике поэта размещено около 40 стихотворений.

В последующих сборниках автор поместил новые стихи о родной природе, ее неповторимой красоте, тружениках села, любви, дружбе народов, пламенной молодости, богатстве степи, красоте города, героизме тружеников целины, а также несколько поэм. Произведениям Жарасбая Нурканова присущи краткость, содержательность, лиризм. В его стихах и поэмах нет лишних, ненужных слов, рифмы очень складны. Он по-настоящему является последователем Абая, который писал:

Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп тегіс жұмыр келсін айналасы.
Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол ақынның білімсіз бейшарасы.

Такие стихотворения поэта Жарасбая Нурканова, как «Туған аймақ» («Родной край»), «Аққудың көгілдірі» («Голубой лебедь»), «Айлы кеште» («При лунном вечере»), «Есіме алсам аулымды» (Если вспомню свой аул»), «Қандай тамаша» («Какая красота»), стих, посвященный Жамбулу – «Жан бабам» («Родной прадед») и другие имеют музыку и поются в народе.

Жарасбай Нурканов – член Союза писателей СССР и Казахстана. В настоящее время живет с семьей в г. Алматы.

Мы от души поздравляем нашего славного земляка, замечательного поэта-лирика с юбилеем, желаем ему крепкого здоровья, семейного благополучия и творческих успехов.

Кайролла МУКАНОВ,
Член Союза журналистов Казахстана,
член областного Совета ветеранов
Северо-Казахстанской области,
«Проспект- СК», Қызылжар қаласы.
23 марта 2007 г.

ТАЛАНТЫМЕН ТАНЫЛҒАН ҚАЛАМГЕР

Қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетіне Солтүстік Қазақстан облысының алыстағы ауылынан келіп түскен Жарасбай қазақтың қара шаңырақ білім ордасы – Мемлекеттік университеттің қабырғасында бұл күндері қоғам және мемлекет қайраткері, ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Мырзатай Жолдасбековпен бірге оқыды. Мырзатаймен бірге ол тағы да біраз ғалымдармен (болашақ) бірге дәріс тыңдады. Солтүстік Қазақстан облысының әр ауылынан келген өзімен құрдас болған Сабыр Сауытбаев, Бақыт Мұстафин, Октябрь Әлібеков, Еслім Зікібаев сияқты жерлестерімен етене болды. Қазақ журналистерінің арасынан шыққан аптал азаматтармен тығыз қарым-қатынаста болды. Ақын-жазушылармен жиі кездесулерге қатысып, өзінің шығармашылық қабылетін көтеруге ынталы болды. Университеттің қабырғасында республикалық басылымдардың көрнекті қаламгерлерімен кездесуі болашақ ақын, журналистке үлкен мектеп сияқты болғанын үнемі айтып та отыратын. Ақын-жазушыларды, танымал журналистерге еліктеді, олармен сұхбаттасудан, кездесулерден өзіне ғибрат, өнеге, тәжірибе жинақтады. Бұл оның журналистикада, поэзияда қадамының сәтті шығуына көмектесті.

Университеттің толық курсын бітіре сала жерлестері Сабыр Сауытбаев, Бақыт Мұстафин, келесі жылы – 1961 жылы университеттен бірден облыстық «Ленин туы» (Қызылжар) газетіне келген тұстары журналистік жолын бастаса, Жарасбай, өзі Алтын медальға бітірген мектебіне барып, ұстаздық қызмет атқарды. Сонсоң, 1961 жылы сәуір айында облыстық газеттер (Тың өлкесінің құрамына енген бес облыстық газеттер) жабылып, «Тың өлкесі» газеті ашылып, бес өңірдің тәжірибелі әрі болашағынан үміт күтерлік жас журналистер өлкелік газет редакциясына шақырылды. Солтүстік Қазақстан облысынан С. Сауытбаев, Б. Мұстафинмен бірге Жарасбай да қазіргі Астанаға келді. Біздер – кешегі журналистика факультетін әр жылдары (1960-1961-1962 жылдары) бітірген жас қаламгерлер тобы әр облыстан «Тың өлкесі» газетінің (бас редакторы Сафаржан Хайдаров) редакциясында тоғыстық: Жанайдар Мусин, Мәди Хасенов, (екеуі де Көкшетаудан), Октябрь Әлібеков, оның жансерігі Рахия Нысанова (Әлібекова, Орал облысынан), Бектұр Жаймағамбетов (Ақмола облысы), Жұмамұрат Тұяқбаев (Оңтүстік Қазақстан), Мұхамеджан Дәуренбеков (Қостанай облысы), Амантай Кәке-

нов (Степняк қаласы), осы жолдардың авторы Төлеубек Қоңыр – Павлодар қаласынан.

Алпысыншы жылдардың басында өлке орталығына жан-жақтан келген келімсектермен жұмыс істеу оңайға түспеді. Хрущевтің патриоттары атанған тыңгерлер әртүрлі болды. Жасыратыны жоқ, Ресейдің орталық облыстарынан тыңға кім көрінген келген: араларында неміс оккупациясында батыс өңірлерден фашистерге қызмет еткен сабаздар, қылмыскерлер, Германиядан құрылыс батальондары қатарынан босаған құрылысшы жауынгерлер, т.б. үлгідегі топтар келген. Біздер, журналистер солардың бәрінің сорақы қылықтарын, бұзақы әрекеттерін көрдік. Көп жағдайда іштен тынып қала бергенбіз. Қызу қанды Жарасбай да өлең жолдарын тыңгерлер әрететтерін әшкерлеуге арнағаны белгілі. Сабырлы десе сабырлы Сабыр салмақты қалпынан аттамады. Бұл өлке көп ұзамай тарқайтын шығар, сыбыс та естіліп жатыр, – дейтін сабырлы қалпынен. 1964 жылы күзде Н.С. Хрущев тыңның он жылдығын поезбен аралау мақсатымен Өлкеге келгені – соңғы сапар болды. Бас тыңгер Атбасар ауданы, «Самара» совхозын аралап, өлке орталығына оралып, қазіргі Конгресс-холда көлкөсір сөз сөйлеп еді. Ертеңінде Қырғызстан астанасы – Фрунзеге осынан аттанған-ды. Қырғыз КСР-ына Ленин орденін тапсырып жатқанда, оны Кремльде басқа жағдай күтіп алды. Тақтан Хрущевтен соң, өлке де тарады. Әркім әр жаққа аттанғанда, Жарасбай Целиноград облыстық «Коммунизм нұры» газетінде қалды, содан соң – «Социалистік Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі қызметін атқарды. Кейіннен Алматыға оралды. Күні кеше студенттік жылдары өткен оңтүстік астана атанып отырған Алматыда қызмет етті. Журналистика мен поэзияның құлағын тең ұстаған Жарасбай шығармашылық салада өндірте жазып, әбден танылды. Бірнеше өлеңдер жинағын шығарды. Сталиндік қуғын-сүргін заманда Алаш арыстары жазған әндердің иелерінің аты-жөні алынып тасталып, халық әндері қатарына қосылғаны белгілі. Біздің Жарасбай сол әндердің авторларын «тірілтуге» атсалысты. «Мариям Жагор деген орыс қызы» деп басталатын әннің авторы болған. Бірақ ән Мариям Рыкованікі болған. Ол әнді иемденіп кеткен. Мұны Жарасбай ізденістерімен дәлелдеп берген.

Жарасбай Нұрқановтың ортамыздан кеткеніне біраз уақыт болды. Алдағы жылы, тірі болса, сексенге толар еді. Артында қалған мол мұрасын Жарасбайдың жары Қазина оның өлеңдерін жиыстырып, кітап етіп шығару қамына кіріскен екен. Іс сәтті болсын! – дегім келеді.

Жуырда қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетінде ақын-журналист, фольклорист, әдебиет зерттеушісі Жарасбай Нұрқановтың алдағы сексен жылдығы құрметіне болашақ журналистермен марқұмның өмірлік серігі Қазина Нұрқанова кездескен.

Жарасбайдың өмірі мен шығармашылығы жайында бұл кездесуде жүрекжарды лебізін білдірген Қазинаға «Жарайсың, Қазина! Жаса, Жазира!» деген ризашылығымды білдіремін.

Қазақ университетінің 1960 жылғы түлектері Қазақ күнтізбесіне енген (2017ж.).

Қазақ күнтізбесі – 2017. Мұны құрастырған белгілі журналист, публицист, «Егемен Қазақстанның», Қазақ баспасөзінің ардагері, Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының бес мәрте иегері, Желтоқсан (1986 ж.) уақиғасының қуғынына ұшыраған Мамадияр Жақып. Ол – қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінің 1960 жылы бітірген түлегі. Күнтізбекке өзімен бірге оқып, бірге бітірген замандастарын енгізген.

Төменде Мамадиярдың курстастарын күнтізбектен теріп алып, атыжөнін көпке жеткізгелі отырмын:

– **Тұтқабай Иманбеков** (1937), белгілі жазушы, журналист, аудармашы, сазгер;

– **Жарасбай Нұрқанов** (1937-2011), белгілі ақын, журналист, публицист;

– **Жүсіп Қыдыров** (1937-1983), белгілі ақын;

– **Әбіқұл Ибрагимов** (1937-2007), жазушы, журналист;

– **Мырзатай Жолдасбеков** (1937), жазушы, қоғам қайраткері, ғалым;

– **Жақсылық Сәтібеков** (1937), ақын, көсемсөз шебері;

– **Еркінбай Әкімқұлов** (1937), белгілі жазушы, журналист;

– **Сабырхан Асанов** (1937-1995), көрнекті ақын, журналист;

– **Бақыт Мұстафин** (1937-2006), журналист, жазушы;

– **Сабыр Сауытбаев** (1937-2007), белгілі журналист, публицист;

– **Рза Қунақова** (1937-1993), ақын, журналист.

Төлеубек ҚОҢЫР,
Қазақстан Республикасының Құрметті журналисі,
«Құрмет белгісі» орденінің иегері,
Астана, 2016 жыл

Арада көп уақыт өтпей, Төкеңнен тағы бір сәлем хат келді. Оны маған ұлым Жәнібек «Қазақ әдебиеті» газетімен қоса берді. Конверттегі қол таңбасынан Төкеңнен келгенін аңғардым. Оқи бастадым. Алғашқы естелігінің жалғасы ретінде жіберген мақаласы екен. Жәкең туралы тағы бір ақпаратты көріп жүрегім елжіреп, тебіреніп кеттім. Толқығаным сондай, көзіме жас алдым. Бұл Жәкеңе деген сағынышым шығар. Жәкеңнің өзі жоқ болса да, көзі көргендердің жылы сөзі, көрсеткен шынайы ілтифаты ақын ағаларына көрсеткен үлкен құрметі деп қабылдаймын. Сондықтанда Төлеубектей асыл жігіттің азаматтығына ризашылығымды білдіре отырып, Төкеңнің отбасына, әулетіне алдағы келе жатқан – 2017–ші Жаңа Жылда шаңырағы шаттыққа бөленіп, денсаулықтары мықты болсын деген ақ ниетімнен тілек білдіремін.

Ақынның жары Қазина.

НАС СБЛИЗИЛА ПОЭЗИЯ

Наш земляк Жарасбай Нурканов – автор поэтических книг «Черные глаза», «Свет в окне», «Золотой колос», «Фламинго – розовая мечта», в которых воспевает свое родное Приишимье, член Союза писателей СССР и Казахстана. Жарасбай Анасович Нурканов родился 22 марта 1937 года в ауле Коктерек Сергеевского района Северо-Казахстанской области.

Окончив Ленинскую среднюю школу Золотой медалью, Жарасбай Нурканов в 1955 году поступает на филологический факультет Казахского государственного университета им. С.М. Кирова и с отличием завершает его в 1960 году.

«Тема музыки в поэзии Ильяса Жансугурова» – так называлась дипломная работа начинающего поэта. Первые его стихи, пробы пера Жарасбая Нурканова в том же году были опубликованы в газете «Казақ әдебиеті» с напутственным словом известного поэта Сырбая Мауленова.

Служебная деятельность молодого литератора началась с работы учителя в родной школе. А с 1965 года по 1980 год Жарасбай Нурканов работает в краевой, областной и республиканской периодической печати. Это были годы активного участия в жизни, близкого общения с людьми труда, познания общества. Проблемы современности составляют главную суть пяти поэтических книг Ж. Нурканова.

С 1981 года переходя на новую деятельность, Жарасбай Нурканов работает старшим редактором сначала в издательстве «Өнер», а потом в издательстве «Жазушы». С 1987 года он на творческой работе, основным ролем его литературной деятельности является поэзия. Мне доводилось близко общаться с ним. Переводил его стихи на русский язык, а он мои стихи на казахский. Жарасбай очень чувствительный и сентиментальный по натуре человек. Нам часто приходилось делиться со своими мнениями о поэзии Сергея Орлова. И однажды, Жәке мне по телефону прочитал про простого солдата, ушедшего в мир иной. Того самого поэта, и я стрепетом слушал и старался вникнуть в суть прочитанного им стиха. Я был очень взволван содержанием данного произведения. Раньше я и не слышал, и не читал эти строки:

Его зарыли в шар земной,
А был он лишь солдат.
Всего, друзья, солдат простой,
Без званий и наград.

Ему как мавзолей земля –
На миллион веков.
И Млечные Пути пылят
Вокруг него с боков.

На рыжих скатах тучи спят,
Метелицы метут.
Грома тяжелые гремят,
Ветра разбег берут.

Дамным-давно окончен бой...
Руками всех друзей
Положен парень в шар земной,
Как будто в мавзолей...

Нас сблизила поэзия. Он поэт от природы. Вся его душа пела и стихи лились как ручей из уст поэта-лирика, любящего свой народ и свою Родину-мать – Казахстан!.

Жарасбай Нурканов член КПСС с 1969 года. Член Союза Журналистов СССР и Казахстана.

Сейчас живет в Алма-Ате, а недавно приехал в родные края, чтобы встретиться со своими земляками.

Степная песня

Пришла весна – и в небе просинь.
Прошла холмами вдоль дорог,
И голос трактора доносит
По полю ранний ветерок.
Весна несет земле заботы
И щедрый солнечный посев.
Ложатся зерна, словно ноты,
Пусть в них рождается напев,
Который вскоре станет песней.
Расскажет радостно потом
О самом добром и чудесном
Пшеничном море золотом.

Нет!

Нет в ненастье покоя отцу от осколка,
Что оставила около сердца война.
Нет и сыну покоя. Любовь к черноокой –
Пулей сердце пронзила она.
Чувство, то, что сегодня рождается в сыне,
Было и у отца восемнадцати лет,
В его юности давней, в юнести синей,
Повторяется все: за рассветом – рассвет.

И любовь прилетает крылато, как птица,
Дни встают молодые, светлы и ясны.
Только пусть же у сына не повторится,
Что осталось в груди у отца от войны.
Нет!

Отчизне

Огранивал любовью каждый стих.
И вот – тебе я представляю их.

Прошу теперь – смотри, моя Отчизна,
Сама достойных выбери из них.
В огне кали и в воду опусти,
Через любые проведи пути.
Ах, если встанут в строй они бойцами –
Счастливее поэта не найти!

Драгоценность

Коралл, алмаз, рубин и лазурит...
Какое благородство в них горит!
Дана медаль мне в школе золотая,
А цену жемчуга поныне я не знаю.
Мне бриллиант не открывает таин,
И глаз не ослепляет мне хрусталь.
Я не держал в руках своих сапфира,
В другом я вижу все богатсво мира,
Вот золотое звонкое зерно,
Нет ничего дороже чем оно.
Когда в степи колышется пшеница, –
С ней никаким алмазом не сравнится!

Утес

Взлетают волны косо,
И брызги бьют в причал.
С угрюмых скал утеса
Смывает пыль-печаль.
Но гордой хмури полон,
Лицо отворотив,
Утес молчит. И волны
Уходят вспять... Отлив

Моя любовь

Все боли века – в сердце у меня.
Несу упорно тяжкий груз поэта
И в этом я не берегу себя,
Любовь отныне прославляю я.

Любовь –
к тебе, казахский мой народ,
И по-казахски я стихи слагаю,
В них воплощая суть твоих забот
И счастье достигаемых высот.
Любовь –
к Отчизне радостной своей.

Горжусь я тем, что сын страны великой,
А подвиги геройских сыновей,
Дела, мечты – мы посвящены ей.

Любовь –
я всем народам отдаю,
Свободным и томящимся в оковах,
Им наше завтра солнечное шлю
И будущую песню им пою.
Любовь –
и к жизни быстрой, как вода.

Пусть светит солнце, всех теплом лаская.
Себя жалеть не смея никогда,
Как пот со лба, исчезну навсегда.

Владимир ГУНДАРЕВ,
поэт,
член СП СССР и Казахстана

559168

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

ЕСІМІ ЕСКІРМЕЙТІН ТҰЛҒА

Менің қазақтың көрнекті ақыны Жарасбай аға Нұрқанмен бетпе-бет кездесіп, танысуым 1968 жылдың орта тұсы болатын. Аяулы жарым Ярапия Қадырбайқызымен жас отау құруым да осы жылмен орайлас келеді. Онда жарым Целиноград мемлекеттік медицина институтының төртінші курсында оқитын. Жалғыз осы институтта сырттай оқу болмағандықтан Көкшетау облыстық газетіндегі жұмысымды тастап, Целиноград облыстық «Коммунизм нұры» газетіне қабылдандым.

Газетте Жомарт Әбдіқалықов, Болат Бабақов сияқты тұрғылас жігіттермен бірге жас ерекшеліктері онша алшақ емес Жарасбай Нұрқанов, Октябрь Әлібеков, Мәди Хасеновтармен жатсынбай араласып кеттік. Қазақтың «тонның ішкі бауындай» дейтін сыйластығымыз да, бір-бірімізге деген құрметіміз де кем болмайтын.

Орта бойлы, ашық жарқын жүзді, жалпақ мұрындылау Жарасбаймен жарастығымыз көпке дейін үзілген жоқ. Оның басты себебі Жарасбай ағаның ақындығы болатын. Өзім де әдебиетке деген құмарлығым әдебиеттің белсенді өкілдерімен жақынырақ жүруді қалап тұратын. Жарасбай аға да мені жатырқап, жатсынбай жақын тартып, емен-жарқын араласуымды хош көретіндей еді. Орайы келгенде өлеңдерін оқып, пікір сұрап, марқайып отыратыны да есте.

Орта мектепті алтын медальмен тәмамдаған Жарасбай Алматыдағы С.М. Киров атындағы университеттің филология факультетіне студент болып қабылданады. Ұлы ұстаз Мұхтар Омарханұлы Әуезовпен жете араласып, оның үйінде де болып, қазыналы кітапханасынан кітаптар алып оқиды. Болашақ ақын Мұхаңның әкелік кеңесін тыңдап «көп оқу, көп білу керек» деген талабына сай оқудың соңында болады.

Сегіз сері, Мағжан, Сәбит, Ғабиттер өсіп-өнген өлкенің перзенті ретінде әдебиет әлеміне тым ерте бой алдырып, жерлестері Есләм Зікібаев, Герольд Бельгерлермен қатар, қанаттаса жүріп биіктерге құлаш ұрады.

Кейіннен Алматыға ауысып, алуан мінезді қаламгерлер ортасынан табылады. Аз жазса да саз жазатын, өзіне аса қатал талап қоя білетін талғампаз Жарасбай аға ондаған жыр жинақтарының авторы атанады. Әнге жазылған өлең текстері өз алдына бір төбе. Соның ішінде ерекше ден қоя айтарымыз Ақмола жеріндегі «Алжир» тұтқындар лагеріне қатысты жазған «Ерте солған гүлдер» әні бұл күнде зобалаңды жылдардың зарындай естіледі. Бұл талантты композитор Ерсайын Нарымбаев пен ақын Жарасбай Нұрқановтың шығармашылық одағының сәтті жемісі деп бағаланса керек.

Жарасбай ағаның отбасы қазір Астанада. Сүйікті жары Қазына өмірден озған жолдасының бар әдеби мұрасын жиыстырып, бірнеше том жинақ етіп, өз парызын өтегендей иманды істі тындырып, баршамызды разы етіп отыр. Сол үшін де жеңгемізге зор алғысымызды айтуға тиіспіз.

«Тірілермен тірімін» дегендей біз де Жарасбай ағаның жарқын тұлғасы алдында бас иеміз. Көз көргендер барда, том-том жырлары оқушы жүрегінде жүргенде, ұрпақтарың ошағыңды есен-аман ұстап отырғанда Жарасбай ағаның есімі ескірмейді, рухани қуат қарымы өмір сүре беретіндігі шүбәсіз.

Төлеген ҚАЖЫБАЙ,
Қазақстан Жазушылар Одағы Ақмола
облысы филиалының төрағасы.
Көкшетау қаласы.

АҚЫН АҒА ХАҚЫНДА

Солтүстік Қазақстан облысының оңтүстік батыс өңірін мекен еткен қазақ ауылдарының тұрғындары негізінен Атығай руынан тарайтын ұрпақтың өкілдері. Есіл өзенінің екі бетін қуалай қонған ел-жұрт әлмасақтан бері тату-тәтті, құда-жекжат, ағайын-туған болып өмір сүріп келеді. Кешегі өткен кеңес дәуірінде де, күні бүгінгі егемендік пәрмен алған шақта да сол дәстүр жалғасын табуда. Осы әңгімеге арқау еткелі отырған кейіпкерім ақын, жорналшы, қоғам қайраткері Жарасбай Нұрқанов ағамыз да міне тап осы өңірдің тумасы. Жаны аралас, қой-ы-қоралас қатар қонған қос ауыл Көтерек пен Ленин елді-мекені бүгінде Кеңестер Одағының батыры атанған жерлесіміз Ысқақ Ыбыраев атындағы шаруа қожалығының төңірегіне топтасқан. Ресми тілмен айтқанда Шал ақын ауданының бетке ұстар шаруашылықтарының бірі деуге болады.

Бұл өлке табиғаттың тамаша туындысы деп айтсақ әбден орынды. Қыры – қайың, терегі жайқалған орман болып келеді де, ойы – ерке Есілдің қалың тоғайы мен ойдым-ойдым қарасуы жайылған алқа. Егер ақын ағаның тілімен айтатын болсақ:

О, менің көк орайлы Көктерегім,
Жаһанда өзіңдей жер жоқ дер едім.
Арада айлар өтіп оралған соң,
Кеудемде сағынышым көп қой менің.

Ораған батысың мен түстігіңді,
Орманың – қорғаның ғой қысты күнгі.
Бауырында Жалғыз ағаш жайнап өскен,
Теремін түрлі жеміс, түсті гүлді.

Мұхит қой маған сенің қарасуың,
Қайың-тал жағасында жарасуын!
Телміріп соған сонша қарап тұрған,
Өзіңнің оқып келген Жарас ұлың...

Міне бұл ақын ағаның өткен ғасырдың алпысыншы жылдары Алматыдан жоғарғы оқу орнын бітіріп келген кезде жас жүрегін жарып шыққан жыр жолдары болса керек. Қандай шынайылық, мөлдір сезім тізілген өлең жолдары ауыл баласының бар болмысын танытып тұрған

жоқ па?! Өзінің өсіп-өнген туған ауылына, жеріне, суына, гүліне деген нәзік махаббатын әлі де болса буыны қата қоймаған қаламгер жігіт осылайша төгілте жырлайды. «Мұхит қой маған сенің қарасуың» деген жолға назар аударайықшы. Бұл жердегі «қарасу» Есіл тасығанда су жиналып қалатын алқаның ой-шұқыры. Өзен суы өз арнасына түскен кезде әлгі ойдым-ойдым тоғандар ауыл жұрты үшін су алатын, балық аулайтын, шомылатын қолайлы орын. Теңізі, мұхиты жоқ өлкеге табиғаттың осындай сиын ақын жаны қалай ұққан.

Жарасбай Нұрқановтың кіндік қаны тамған Көктерек ауылы талай танымал азаматтарды дүниеге әкелген құтты елді мекен. Мен қатарлыларға есімдері ерекше таныс болған халық ақыны Ақметжан Нұртазин, жазушы Ермек Қонарбаев, белгілі ғалым, ғылым докторы Қайсар Құсайынов, ел ағасы, әскери шені полковник болған Қоблан Хамзин, генерал Әлімжан Ахмадин, ұзақ жылдар бойы есеп-экономика саласының үздігі атанған Аманкелді Нұғыманов, Махмет Оспанов, Шәкір Жаңбыршин, ақын ағаның әкесі Әнәс, ағайындары Әбзахмет, Кәрібай, Таласбай, Божынай Ғабдулин, Тайевтар әулеті, ағалы-інілі Баймағанбет пен Аймағанбет Базарбаевтар, Қорған Едіресов, Қайыржан Рыспаев, Абылай Балтабаев сияқты ел азаматтары Көктерек ауылының әр жылдарғы бетке ұстарлары болды. Міне осындай кезде Жарасбай:

Екі көзім ел жақта – қарап жүрмін,
Барар күнді бақытқа санап жүрмін.
Дүбір естіп ширыққан өз-өзінен,
Бәйге атындай бауырымнан жарап жүрмін.

Күнде кіріп түсіме туған аймақ,
Ала таңнан алқынып тұрам ойлап –

дей келіп,

Амандық хат алам да дұрысталам,
Мейрам бола кетеді жұмыс маған.
Жауап келмей қалғанда қабақ түйіп,
Арқасы бар адамдай құрыстанам –

деп ақын ширыға түседі.

Елін, жұртын,аяулы ағаларын сағынған адамның көңіл күйін қалай дөп басып айта алған өлең жолдары жүрегіңді елжіретеді. Ақынның шеберлігі де сол шығар, тіпті түсіндіріп жатуды да қажет етпейді.

Жасыратын сыр емес, тоқсаныншы жылдарғы тоқырау кезеңінде елдегі ауыр тұрмыс-тіршіліктің жұрттың жанына батқаны рас. Әсіресе орталықтан алыс аймақтарда жағдай өте мүшкіл болды. Ақын сондай қиын-қыстау шақтарда да өзінің туған жерімен байланысын үзген жоқ. Елге жиі қатынап, көңілі құлазыған жандардың жүрегіне жылы үміт

сеуіп, серпілтуге тырысты. Қызылжар қаласына келген бір сапарында мына өлең жолдарын өз аузынан естіп, сәл-пәл мұңайған сәттерім есіме түсіп отыр...

Шіркін-ай, ауылым-ай, ауылым-ай,
Ауылда жүрген менің бауырым-ай,
Айнала қара боран қиыншылық,
Ауылға мына күннің ауырын-ай.

Ауылдың жүдеуін-ай, жүдеуін-ай,
Ауылым шымырлаттың жүрегімді-ай.
Ауыз су әлі күнге жоқ дегенде,
Білмедім күлерімді-ай, жыларымды-ай.

Ауылдың ажарын-ай, ажарын-ай,
Тарқаған жәрменкенің базарындай,
Ауылда өлім-жітім көп дегенде,
Білмедім қандай өлең жазарымды-ай...

Ақын ағаның осылайша қиналғанын көзім көрді. Өзінің сүйікті балдызы, ел аузына іліккен іскер жігіт Мәркен Зейнолла ұлының батасына жиналған жерлестерін осы өлең жолдарымен ойландырып тастап еді. Сөз жоқ, бұл шындық. Ауыл-аймақтың тозып, жүдеп-жадап кеткенін Ж. Нұрқанов жан-тәнімен түсініп, қоғамдық сипат алған кемшілікпен күресте шарасыз екенін мойындайды. Әрине, бұл өткен шақтың әңгімесі, ал қазір сол ауылдар заман талабына сай жаңаша түрленгенін көріп көңілің көтеріледі. Ақынның үміті ақталып, туған топырағында егеменді еліміздің жас ұрпағы өркен жайып келе жатқанын көргенде ертеңгі күнге деген сенімің арта түседі.

Иә, әр ақын – өз заманының күнделігі. Сондықтан қоғамда болып жатқан өзгерістердің бәрі де оның қаламына қорек. Жаңа тыныс беріп, шабытына шабыт қосатын, тың серпіліс туғызатын тылсым күш. Осы орайда, Жарасбай Нұрқановтың сан түрлі тақырыпта қалам тербегенін жыр жинақтарын ақтарып отырғанда көзің жетеді. Жалпы айтқанда алғыр ойдың иесі күнделікті өмірдің тіршілік тамырын дөп басып, өз шығармашылық биігінен баға беріп отырған. Бұл ақынның көрегенділігінің белгісі болса керек.

Осындай сәттерде туған шығармалар қатарына «Қар суы», «Ғаламның ғажабы», «Тәуелсіз Қазақстан», «Үш кемеңгер-мәртебем», «Кібісе жыл», «Журналист», «Өмір туралы толғаныс», «Айымсары», «Кере қарыс», «Жаңа туған теңгеміз», «Аяусыз», «Өршіл қайық» сықты өлеңдерін жатқызамыз.

Шығарманың шырайы-тілінде. «Тіл» дегеніміз «дін» дегенмен бірдей дәрежедегі түсінік болып қалыптасты. Көзі қарақты, поэзия құдіретін түсінетін оқырман қауым ақынның көркем тіліне, әдемі иіріміне, мәнерлі сөзіне, жатық ұйқасына бірден көңіл аударады. Тіл – қарым-қат-

нас сөз құралы, ал физикалық дене мүшесі ретінде де неге сонша тәтті болды екен?! Жарасбай Нұқановтың жыр жолдары соны ұғындырады. Өрілген өлең шумақтарын оқи бергің келіп тұрады, оқыған сайын көркем тілдің шуағына шомылып, ләззәтіне кенелесің. Мәселен:

«Бірде шоқ, бірде жалын күйік-дертің,
Өмірді сұлу қыздай сүйсең де еркің,
Тірлікте көрген қызық өң мен түстей,
Жалт беріп, бастан дәурен өтер бір күн» –

Рас қой, бір бүкпесі жоқ. Жатық тілмен, тартымды теңеумен жүрек қылын тап басқан. Ал мына жолдарды оқылық:

«Ойларым – қою бұлт бір қорғасындай,
Өлеңім қазақтың кіл жорғасындай,
Айналдым әкем менен анашымнан,
Өмірге мені әкелген дәл осындай!»

Немесе: «Темірге от керек қой балқу үшін,
Көңілге шаттық керек шалқу үшін...
Күн суып, айдында аққу қазы қалмай,
Көл сұлық, көшкен құсқа назы бардай...

Ояумысың, ей менің, ар-намысым,
Оңалама ертеңгі алдағы ісім.
Бұл заманда қансонар секілді өмір,
Томағасын сыпырған барма құсың?!» –

Тамаша емес пе?! Терең ой да, көркем тіл де, әсерлі ұйқас та орнын тапқан. «Қыздың жиған жүгіндей» мінсіз, мүлтіксіз жыр жолдары.

Тіл демекші, Жарасбай ақын сонау жетпісінші жылдардың өзінде-ақ қазақ тілінің тағдыры үшін күрескен жандардың бірі. Өзі орысы – орман-дай, кезінде тың өлкесінің орталығы болған Целиноград қаласында тұра жүріп, сондай жанкештілікке барды. Оның бұл ұлтжандылық іс-әрекетін жетекші партия басшылығы жөн көрмеді. Азаматтық құқығы жағынан, шығармашылық беделі жағынан қағажу көрген сәттері аз болған жоқ. Туған тілінің жоқтаушысын сол кездегі билік те қоштай қоймады. Соңынан сөз де ерді. Зиялылар ортасына иығы симай қалды. Ана тілі тақырыбында сыбырлап сөйлесетін күндер туды. Сол жылдары сәлемін алмаған шенеуниктер де ақын жүрегіне сызат салды. Дей тұрғанмен, ол өз тілінің жарқын болашағына сенді. Тәуелсіздік таңы атқан шақта туған тілдің мемлекеттік мәртебе алған сәтін жырға қосты. Сөйтіп, кезіндегі күрестің жеңісін де, жемісін де көзімен көріп, жүрегімен сезінді.

Ендігі азын-аулақ әңгімені Жарасбай Нұрқановтың журналистік жолы туралы өрбітпекпін. Сөз жоқ, Жәкең оқырман қауымға алғашын-

да газет тілшісі ретінде танылды. Оның бұл саладағы шығармашылық еңбектері республикалық аға газет «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») мен Целиноград облыстық «Коммунизм нұры» («Арқа ажары») басылымдарының беттері арқылы оқырманға тарады. Халықтың қолына күнделікті тиіп тұратын ақпарат құралдары арқылы оның есімі көпшілік көзіне ілінді. Әсерлі жазылған мақалалары мен репортаждары, сан түрлі тақырыпты толғаған сын ескертпелері қоғамдық пікір туғызып жатты. Қызымет бабындағы алуан-алуан іс сапарлар шығармашылық адамын шыңдай түсті. Әр түрлі деңгейдегі кездесулер мен танысулар оның ақындық әлемінің көкжиегін кеңейтіп, әріптестері мен тілектестерінің қатары көбейді. Ақын өз мамандығы жайлы жазған «Журналист» атты өлеңінде былайша ой толғайды:

Бәрі бір – ұшақ па, ат па? – оған,
Бабында тұрса болды автоқалам.
Тіліне тиек болып өнегелі іс,
Алады адал жандар мақтау одан.

Ел іші, еңбекшілер арасында,
Нәр жиған ұқсайды бал арасына.
Тілінің шақпасы бар, нәрі де бар,
Әділ тек істің ақ пен қарасына.

Халықтың қамын ойлап толғанатын қаламгер-журналистер қауымы сондықтан «Журналист – қоғамның қолқанаты...» деп орынды айтылған.

Ақын Жарасбай Нұрқановтың өмір жолы менің көз алдымда тап бүгінгідей сайрап жатыр деп те айта алам. Жәкеңмен қоян-қолтық араласа алмасам да, жиі жүздесіп, жылы сөйлесіп жүрген інілерінің бірі екенімді мақтан тұтам. Оған себеп екеуміз де бір елдің баласымыз. Бір мектепте оқыдық. Жасым көп кіші болғандықтан мектеп қабырғасында жолымыз түйісе қойған жоқ. Ал былайғы өмірде кездескен сәттеріміз өте көп болды. Оның үстіне әкесі Әнәс ақсақал мен екінші анасы Әминә апай мен туған Ленин ауылында тұрды. Әкем ақын Ғалым Малдыбаевпен бұл кісілер жиі араласып, үй арасы жақын болғандықтан шай-суанды бірге ішіп жүрді. Әнәс аға ел ішінде беделді, белсенді адам еді. Көп жылдар ауылдық кеңестің төрағасы болып, абыройлы еңбек етті. Мен осы үйдің Күлбара, Марат есімді үлкен балаларымен қатар өстім. Сондықтан Жәкеңнің жігіттік шағы өзім теңдес ауылдастарым үшін өте танымды. Бұл әңгіменің бір беті болса, екінші беті тіпті арамызды жақындата түседі. Ол былай. Ақын ағаның сүйікті жары Қазина Сәдуақас қызы менің анам Зураштың сіңлісі болып келеді.

Біздер отыз жылдан астам уақыт Ленин ауылында үй арасында үй жоқ көрші тұрдық. Анасы Шәмшия шешей күнде таңғы шәйін біздің үйден келіп ішетін. Менің анамды «Еркем» деп еркелітіп, жанындай жақсы көретін. Өзі ақжарқын, ақкөңіл, жан еді. Біздің үйдің бар баласы

ол кісіні «апа» деп өстік. Үнді шәйін әбден қанып ішіп, ауыл-аймақтың әңгімесін айтып болғаннан кейін, марқұмдар, екеуі тығылып отырып темекі тартатын. Бүгін ойлап отырсам бұл да бір аналарымыздың дәурені болған екен ғой...

Қазина апайым туғанда есімін менің әкем «Қазына» деп қойған көрінеді. Қазақта өте сирек кездесетін әдемі есім емес пе?! Әйтсе де, жүре келе «ы» әріпі «и» болып айтылып, Қазина апамыз ешкімде жоқ есімнің иесі болып шыға келген. Ал жақындығымызды әрі қарай жалғастырайын...

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары Жарасбай мен Қазина Нұрқановтардың жанұясы Целиноград (Астана) қаласында тұрғанда туған апам Ақбаян мен жездей Сейіт Қадыров Целиноград медицина институтында оқып, тамамдады. Апа–жездем екеуі де өлең жазып жүрді. Жазғандары газет бетінде жарық көріп жатты. Міне осы кезде екі жанұяның арасында жарастық қарым-қатынас, шығармашылық байланыс қалыптасты. Жәкең сырт көзге томаға тұйық жан болғанмен өте көпшіл кісі еді. Әңгімені де сыздатып, жұмсақ үнмен балын тамызып айтатын. Ал шығармашылық тақырыбына ауысқанда, қолына қалам ұстап, бір жол өлең жазған жанды өзіне бауыр санайтын. Осы орайда олардың рухани көзқарастары ортақ болды.

Жарасбай Нұрқановтың әкем жайлы «Шынайы қаламгер еді...» деп жазған естелік әңгімесінде мынандай жолдар бар: «Ғалекең өзінің тұрмыс салтында, дастархан, дәм рәсімінде асып-тасып, шашылып-төгілмейтін, рәсуаға жол бермейтін жан еді. Өзгенің де шашылып, шабылуын қаламайтын. Жасында тапшылық, тарыншылық көріп өскен адам, кезінде заман тауқыметінің бәрін бастан өткерген жан, ойлы азамат жоқ жерден бекерге шығындалып, босқа рәсуа болмаса керек. Шын ықылас-пейіл, сый-құрмет бөтелке санымен есептелмейді...» депті. Жәкең сөзінің айна қатесі жоқ, біздің әкей шынымен-ақ асып-тасудың, жалған мақтанудың адамы еместі. Ішімдік атаулының бәріне жаны қарсы болды. Ендігі жазғалы отырғаным естеліктің соңғы сөйлемінен туындайтын болған оқиға...

Бірде әкей институтта оқып жүрген қызы Ақбаянға Целиноградқа келіпті. Осыны естіген Қазина жездесін шайға шақырады. Іс сапармен жол жүріп бара жатқан Жәкең жұбайына: «Ағаны жақсылап қарсы ал, қыстан қалған соғым етінен сыбағасын сал, күт, қондыр, ол кісі арақ-шарап ішпейді, дегенмен дастархан басында тұрсын, бір бөтелке жақсы вино әкелдім, қоярсың...» – деп тапсырып кетсе керек. Бәрі Жәкеңнің айтқанындай болыпты. Тек, әкей жұмсақ төсекке жайғасып басы жастыққа тие бергенде ас үйде жүрген Қазинаның «Жезде!» деген жан даусы шығады. «Не болып қалды екен?» деп шошынған Әкем қолында бөтелкесі бар, кіріп келген балдызын көріп таң-тамаша қалады. Екі көзі ұясынан шыққан Қазина: «Мынаны ұмытып кетіппін, ашайын ба?!» депті. «Жоқ, жоқ, қарғам, әуре болма...» деп ат-тонын ала қашқан әкей, балдызын әрең тоқтатып, құрметіне ризашылығын білдірген екен.

Жәкең өзі жазғандай шын ықылас – пейіл бөтелкемен есептелмеген ғой... Қазинаның ақ көңілі мен ақ ниетін біз білмегенде кім біледі?! Сол үшін де сыйлаймыз, ағайыншылық пейілмен бүйрегіміз бұрып тұрады. Осы оқиғаны өздері жиі еске алып, күлісіп отырушы еді.

Ақын ағаның шығармашылық әлеміне қайта оралайық. Адам баласы өзінің мінезіне сәйкес өмір жолын, өнер жолын таңдайды. Жарасбай Нұрқановтың да табиғатына тән дара жолы болды. Мінезі биязы, жүзі жайдары, дауыс көтеріп сөйлемейтін, үні жұмсақ, дау-жанжалға жоқ, жағымды жан болғанмен, бойына ана сүтімен сіңген кербездігін, тәкәппарлығын, ақсүйектігін де айта кеткен жөн сияқты. Осындай ерекшеліктері ақынға жарасып тұратын. Тік жүріп, таза киінгенді ұнатты. Жаратылысынан сал-серілікке жаны жақын еді. Сол да себеп болған шығар, Жәкеңнің шығармашылығынан табиғат, махаббат лирикасы, сұлулық пен нәзіктікті суреттейтін жырлар үлкен орын алады. Қолынан қаламы түскенше ақынға шабыт берген оның бойындағы туған жеріне, әйел затына деген ұлы сезім – махаббат күші болды. Енді кезекті ақын өлеңдеріне берелік:

«Шалқып жатыр көз алдымда Бурабай,
Толқындары толқындарын қуалай,
Толқып жатыр, толқып тұрмын жағада,
Жыр кеудеде жатама жәй, туламай.

Көл Бурабай айнадайын айдыны,
Аймағына атышулы, әйгілі аңыз болып,
Жырға айналып келген көл,
Жаралды екен жер бетінде қай күні?!» –

Тамаша емес пе? Адамға тән таңқалу да, тамсану да, теңеу мен сүйсіну де... қысқасы бәрі бар.

«Гүлді көйлек киінген төбе бүгін,
Сұлу қыздай өзі айтсын төрелігін,
Қойғандай тырналарды жіпке тізіп,
Көктемнің таусылмастай өнері мың...»

Немесе:

«Сылдырлап шолпы таққан сұлу қыздай,
Шілдеде тістен өткен суы мұздай,
Құлдырап таудан аққан Талдыбұлақ,
Мөлдірлік дейтін мәңгі туымыздай...» –

Осы жолдарды оқығанда көркем тілмен көмкерілген табиттың сұлу көріністері көз алдыңа келеді.

Ал енді:

«Сырласудың, мұңдасудың куәсі,
Сыбдырлауы – самал желдің кінәсі...
Көзін алмай тұнжыраған айдыннан,
Сыңар аққу неге жалғыз...сұрашы?!

Сүйген жардың бүгін жоқтай келгісі,
Күткен жанның келмейді де сенгісі,
Өкпе-назбен нәзік қана иілген,
Аққу мойын – бейне сұрақ белгісі.

Сұңқыл қағып келе жатыр сыңары,
Іңкәр қылып әлде мұны сынады?...
Ғұмыр бойы таусылмайтын тәрізді,
Қос аққудың бір – біріне құмары» –

Міне сізге махаббат пен табиғат лирикасы. Тамылжыта төгілген жыр жолдарын оқи бергің келеді, оқыған сайын ақынның шеберлігіне тәнті бола түсесің. Жалпы Жәкең махаббат лирикасын алыстан іздемеген жан. Оның өмірлік музасы жарты ғасырға жуық уақыт жанында жүрді. Сенбесеңіз оқып көрелік:

«Жаралған жан екенсің асыл тектен,
Өзіңе жақсы ақынды ғашық еткен,
Махаббат мәселесін бірден шешіп,
Күйеуге он жетіңде шығып кеткен.

Есілдің ерке қызы көркің қандай,
Толықсып он бесінде туған айдай,
Жомартың, Жәнібегің, Жанарың бар,
Ажарың әлі күнге атқан таңдай.

Қазина, ән мен күйдің ескі досы,
Қашанда жақсы болсын көңіл хошы.
Сен бүгін сый-құрметтің төріндесің,
Жиырма бес екі айналып келген – осы!» –

Бұл ақынның құдай қосқан қосағы, ұл қыздарының анасы Қазина Сәдуақас қызына арнаған жыр жолдары. Жарасып тұрған жоқ па?!

Әрі қарай Жәкеңнің жинақтарын ақтара берсек:

«Сен дегенде сезім қылы шертілді,
Сен келгенде көңілден бұлт серпілді,
Заңғарымда жымың қаққан жұлдызым,
Биік арман билеп алған еркімді.

Сен жүргесін өзен тасып аққандай,
Сен күлгесін жаным шаттық тапқандай,
Аңғарымда сылаң қаққан аққуым,
Нәзік үміт, назды үнімен тартқандай» –

Ал енді бірде ақын махаббат – мәңгі бақи тақырыбым...» деп ағынан жарылады.

Ақын Жарасбай Нұрқанов екі ғасырдың куәсі. Ол кешегі кеңестік кезеңді де бүгінгі тәуелсіз елдің еркін тұрмыс-тіршілігін де көзімен көріп, тәнімен сезінген адам. Соның бәрін ой елегінен өткізіп, өзінің ақындық биігінен сөз арнай білді. Өмір ағысынан, заман ағымынан қалған жоқ, қатар жүзді, үн қосты:

Жүрегім атша тулап қуаныштан,
Көңілім әуелейді алып ұшқан.
Мен қалай тебіреніп, толқымайын,
Елім бар – шын Тәуелсіз Қазақстан! – дейді ол.

Әрине ақын ағаның өмірден ерте озғаны өкініште-ақ. Ортамызда жүре тұруы керек-ақ еді. Бұл күнде сексеннің сеңгіріне шығарып, ығына шапан жауып, інілік ақ тілегімізді өзіне айтар едік. Бірақ ойлағандай бола бере ме...? Десек те, бір көңіл толарлығы артында әке салтына лайықты ұрпағы қалды, атын да, затын да көзінің қарашығындай сақтайтын сүйген жары – Қазина апамыз бар, құдай Сізге қуат берсін.

Шашубай МАЛДЫБАЕВ,
ақын, ҚР Журналистер Одағының
құрметті мүшесі,

ЖӘКЕҢ МЕНІҢ ҰСТАЗЫМ ЕДІ

Жарасбай аға менің өмірімде ерекше орын алады. Таныстығым сонау балалық-балдәурен шағымнан басталып, ел ағасы атанғанға дейін жалғасын тапты. Мен де осы өңірдің тумасымын. 1960 жылы ата-анам Көкшетау облысының Степняк қаласынан Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын ауданына қоныс аударып, туған жерімізге оралған едік. Ленин орта мектебінде бесінші сыныптан бастап оқи бастадым. Сол жылдары Жәкең Казақ мемлекеттік университетін бітіріп, өзі білім бұлағынан сусындаған, өнегелі тәрбие алған мектебіне оралып, мұғалімдік қызмет атқарып жүр екен.

Ол кезде Шал ақын (Сергеев) ауданында не бары екі ғана қазақ мектебі бар болатын. Қазір ғой, «өшкеніміз қайта жанып», қазақ мектептері барлық облыстарда ашыла бастады.

Жәкеңнің «Мектебім» деген өлеңі әрбір шәкірттің көкейіндегі лебізі:

Балғын шақ базарын өткізіп,
Ұяңнан ұшып бір кеткенмін.
Өмірлік кең айдын, көп қызық
Өзіңнен басталған, мектебім,
Мектебім!

Ой өссе шынардай зорайып,
Тамыры – тағлым қып еккенің.
Өзгеге ұстаз-ақ болайық,
Өзіңе шәкіртпіз, мектебім,
Мектебім! –

деп біз де тебірене еске аламыз.

Ленин ауылы іріленген шаруашылық еді. Мұнда онжылдық қазақ және онжылдық орыс мектебі болатын. Сол аймақтағы Көктерек, Мектеп, Жаңажол, Кеңес, Қаратал, Алқа-ағаш, Шапай секілді жақын ауылдардан балалар оқуын осы Ленин мектебіне келіп жалғастыратын. Өйткені сол өңірдегі жақсы жағынан танылған білімнің ақ ордасы деп саналатын. Жәкең ұстаздық қылған, ал біз тәлім-тәрбие алған мектептің білім беру жүйесі жақсы жолға қойылған. Мұғалімдердің деңгейі де жоғары еді. Оны соңынан біле бастадық қой. Кейін аудан орталығына олимпиадаларға қатысқан оқушылар жүлделі орындарды иемденіп, оралып жатқанында көзім жетті.

Мектебіміздің басты құндылығы бар жерде, әрине, солай болады. Сол жылдары бұл мектепте жоғары білімді, білікті ел азаматтары қызмет атқаратын. Бұл орайда Ұлы Отан соғысының ардагерлері, Шияп Садықов, Жанғали Құсайынов, Ахметжан Қалиахметов, Жылкелді Мұқанов сынды жоғары білімді ұстаздарды ерекше атап өткен абзал. Аға буынның жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру ісін Жарасбай Нұрқанов пен Ермек Қонарбаев сияқты жас мамандар одан әрі жалғастырды. Екеуі де қазақ тілінен сабақ берді. Менің есімде қалғаны Жәкең әдебиет пәнін оқытумен ғана шектелмей, сабақтан тыс мезгілде ақындыққа, жазушылық өнерге баулуға тырысты. Сол үйірмеге біз де қатысып жүрдік. Әрине, әркім, ақын не жазушы бола бермейді ғой, ол дарын табиғатында болса ғана жалғасын табады. Жарасбай ағамызды қалай жақсы көріп, сыйласам да оның өнері дарымағанның бірі мен болдым. Өкініші жоқ. Бірақ қазақ әдебиетіне оның ішінде поэзияға қызығушылығым зор. Қазақтың ұлттық өнеріне, ән-күйіне құмар жан болғаныммен, менің таңдауым басқа да екен. Дәрігер болып жаратылған жан екенмін.

Тағы да айта кетейін, бертін Целиноград мединститутына түскенімде, ол кезде Жәкең маған Қазина арқылы туыс – жезде болатын. Мені тағы шығармашылыққа баулып көрді, жазушы болмасам да, медицина саласында да жазушылықсыз болмайды ғой. Менің мамандығыма пайдасын тигізді. «Үмітсіз шайтан ғана» дейді ғой. Мүмкін мемуар жазармын, ондай мүмкіншіліктің мезгілі келді. Жаратушым қолдаса...

Жәкеңнің тағы бір оқушысы Сәбира Досжанқызымен тұрмыс құрғаннан кейін, Ақмолада тұрып, Жарасбай жездеміз бен Қазина апамызбен жақсы араласатын едік. Сондықтан Жәкеңнің аруағына шын көңілден екеуміз де рахмет айтамыз.

Жакеңнің ақындық өнері маған ерекше әсер ететін. Оның лирикалық өлеңдері ырғақтылығымен, әуезділігімен, көркем бояуларымен әсем теңеулерімен, шебер ұйқастарымен баурайтын. Жарасбай халық күйін күйіттеген патриот ақын. Оның «Қазағым», «Елім бар», «Асқақ арман», «Ырысымды тасытқан», «Екі көзім ел жақта», «Ерте солған гүлдер» –37 жыл», «Ел-жұртым бар», «Бабам тілі», «Есіл бойы», «Туған ел» сияқты өлеңдері халықтың сүйіспеншілігін арттыратын, отаншылдық рухты көтеретін, азаматтық намысты оятатын туындылар:

ТУҒАН ЕЛ

Бір ғажап сезімге бөлейді ажарың,
Кең дала, бай өлкем, бауырмал қазағым.
Күн шалған күмбездей жарқырап өнерің,
Аударып тұрсың сен әлемнің назарын.

Тәуелсіз ел-жұртым, жаңғырған санасы,
Теңдікке ұмтылса, кімнің бар таласы.

Береке, бірлікке шақырған біздерді
Бөлінбес еншіміз – қазақтың даласы! –

деп ұлттық ұстанымызды айқындайды.

Қай халықтың болмасын ерекшеленіп туратын лирик ақындары болады. Орыс ақындарынан Жәкең Михаил Светловты бөле атайтын. Мен де Светловтың өленderін ұнатамын. Менің ойымша қазақта Жарасбай Нұрқанов сол Михаил Светловтан кем түспейтін – ерен тұлға! Жәкеңнің талантын көре алмаған кейбіреулер, кезінде бағалауға зауқы соқпады ма деп те ойлайсың. Ал менің айтарым – Жакеңнің жұлдызы қазақ әдебиетінің аспанында өзіндік көрінісімен әрқашан жарқырап тұрады.

Қаршыға Кәкешұлы ҚҰЛМҰҚАНОВ,
травматолог-дәрігер

ӘЛІ ЕСІМДЕ СОЛ БІР КЕЗ

«Бар өмірім өлеңмен өтсе менің,
Туған елді жырлауға жетсе лебім», –

деп екі ауыз өлеңнің ішіне өзінің бар арман, мұратын, мақсат-мүддесін, заман тынысын, қоғам жүгін, сыршыл сезімін сыйдыра білген дарынды ақын, қарымды қаламгер Жарасбай Нұрқановты, оның таңғы шықтай мөлдір поэзиясын бұрын-соңды оқымағандардың бірі едім. Шал ақын ауданындағы Бірлік деп аталатын қарапайым ауылдың шаңына, ыстық топырағына аунап өстім.

Жастайымнан адамды өмірдің түрлі сағасына жетелейтін шынайы поэзияға, өлең жырларға ынтызар болдым. Алайда, өзім оқымаған ардақты ақынның шығармаларымен оның асыл жары Қазина Нұрқанова арқылы танысамын деген ой үш ұйықтасам түсіме де кірмепті. Өзім өрт сөндіру саласында еңбек етіп келемін. Бір күні Қостанайдан отыз шақырымдай қашықтықта орналасқан «Қарағайлы» – («Сосновый бор») шипажайында дем алып жүрген кезім болатын. Кешкі асты алаңсыз ішіп отырған бізге сырт келбеті келісті, бойы ұзын, жүзі ашық, дидары жарқын бір әйел кісі келді де өзінің назын білдірді. Ол кісінің сөзіне қарағанда, осында ақын шығармашылығына орай кеш ұйымдастырғандығын, алайда оның алғашқы бөліміне көп адамның қатыспағандығын анық аңғаруға болатындай еді. Бейтаныс апайдың әңгімесін естідім де лезде екінші бөліміне баруға тырыстым.

Сонымен не керек, кеш барысында оның қазақтың аяулы ақындарының бірі, менің жерлесім Жарасбай Нұрқановтың сүйген жары екендігіне көзім жетті. Осынау әдебиетсүйер, жырсүйер қауымның шөлін қандырып, мауқын басқан әдеби кездесуде ақын туралы жылы лебіздер мен мақтау сөздер айтылды. Қазина апайымыз өзінің өмірінің жарты ғасырға жуық уақытын осы кісімен бақытты өмір кешкенін әңгімелеп, жиналғандардың көңіліне сезімнің ұшқынын сыйлады.

Мен сол кезде ақынның жары болудың оңай емес екендігін жіті түсіндей болдым. Апай жастайынан ақынның жары атанып, онымен отасқан жылдарын ерекше бір тебіреніспен еске алып, махаббатқа толы мол жылдардың сыр-сандығын айқара ашып, сыр шерткен болатын. Ақын ағамыздың сезімге толы лирикалық өлеңдерін нақышына келтіріп оқып, тыңдаушы қауымның жүрегіне сәулелі шуақ ұялатты.

– Отбасылық өмірге қол ұстасып бірге қадам басқан күннен бастап менің қолдаушым, қамқоршым бола білген Жәкеңнің бойына ақындық ана сүтімен дарыған десем, артық айтқан болмас. Себебі, анасы Күлсім өзі тұрған елді мекенге өнші-жыршы, ақындығымен танымал болған. Қазақ

әйеліне тән қарапайым мінезімен ерекшелене білген анасы 1939 жылы Қазақ ССР-інің бірінші шақырылған сайлауында ауылдық советке қазақ әйелдері ішінен тұңғыш депутат болып сайланған. Оның депутаттық мандаты әлі күнге дейін сақталған. Тағдырдың жазуы болар, Жәкең анасынан 4-5 жасында жетім қалып, ата-әжесінің қолында тәрбиеленген.

Бала жүрегінен шыққан ең алғашқы өлеңдерін өзі оқып жүрген мектептің қабырға газетіне жариялаған. Мектептегі әдебиет пәнінің мұғалімі Жылгелді Мұқанов сияқты өнегелі азаматтар алдынан дәріс алып, «болмасаң да ұқсап бақ» дегендей, өзінен үлкен ағаларына еліктеген. Ол оқушы кезінің өзінде де қазақ, орыс, шетел әдебиеттеріне ерекше ден қойып, қолына түскен кітаптарды асқан қызығушылықпен оқитын болған. Алғыр, әр нәрсеге жауапкершілікпен қарай білетін Жәкең – мектепті Алтын медальмен бітірген озат оқушы. Табиғат берген дарынды ұштау үшін, мектепті аяқтаған соң, Алматы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін қалап, рухани қазынасын байыта түсуді мақсат еткен, – деген сөзі менің есімде жатталып қалыпты. Әсіресе, Қазина апайдың айтқанына Жарасбай ақынның өте рухты отансүйгіш, өз елінің шын жанашыры екендігін ұқтым. Кеш барысында өзімнің үндемей отырғанымды әбестік санап, бала күннен санамда тұрған өлең жолдарын оқып бердім:

Махаббаттың таңданамын ғажабына,
Оны тіптеп жеңбеген ажалың да.
Тәттілігі сезімнің қанша болса,
Сонша оның қайғысы, азабы да.
Ол бейтаныс жүректі табыстырған,
Жатты сүйіп жақынды алыс қылған.
Сонда-дағы тыныштығын талайлар,
Қайғысы мен мұңына ауыстырған.
Махаббат теңеу емес өлеңдегі,
Емес ол аңыз болған ел ермегі.
Махаббат болмаса егер зарлап жүрек,
Қозы үшін сұлу Баян өлер ме еді?, –

деген өлең жолдарын естіген жұртшылық қолдарын шапалақтап, мәз болысты. Ақындық Алланың адамның бойына берген ерекше дарыны ғой. Оны сақтау, таза ұстап тұру ақынның өзіне байланысты. Елі үшін артына мол мұра қалдырған Жарасбай Нұрқановтың өлеңдерін келер ұрпаққа жеткізіп жүрген Қазина апайымыздың еңбегі өлшеусіз. Оның осыдан-ақ махаббатқа адалдығын, мейірімділігін, аманатқа қиянат жасамайтын әділдігін байқауға болады емес пе?

Содан кейін де Қазина апаймен бірнеше мәрте кездесіп, пікір алмасқан кездерім болды. Бір күні көлік жүргізіп келе жатып, оның радиодан сөйлеп жатқанын аңғардым. Лезде телефон шалып қуттықтадым. Ол да маған ризашылығын білдірді. Сыртқа қатал сияқты болып көрінгенімен, жүрегі шуаққа толы апаймен байланысым нығая түсті. Ол үнемі қонаққа шақырып, есігін айқара ашады. Өмірімде осындай жаны нұрлы, сырлы адаммен кездесіп, поэзияның құдіреті туралы сөз сабақтағанымды мақтаныш көремін.

Болат ЕЛПАНОВ,
Өрт қауіпсіздігі басқармасының қызметкері

ЖАНЫ ЖАЙДАРЫ, МІНЕЗІ ЖАЙСАҢ

Жарасбай Нұрқанов «Қара көздер», «Нұрлы терезе», «Алтын десте», «Арманым менің», «Терең барлау», «Буынсыз бала» және басқа да жыр жинақтарымен көпшілікке жақсы таныс, жыр сүйер қауымның жадында жатталып, жүрегінің төрінен орын алған арда ақын еді. Жарық көрген жырларының қайсысын алсаңыз да қатардағы еңбек адамдарының қасиетті еңбектерін жырлаған. Журналист ретінде әріптесім, адам ретінде де сыйлас азамат. Ақынның өлеңдері көркемдігімен, иірімді ырғақтылығымен, тұшымдылығымен, әуезділігімен, сөзді орынды тауып қолданатын әсем бояуларымен, шебер ұйқастарымен оқырманды ерекше баулып, баурап тұратын еді.

Кейінде құдай қосып, балаларымыздың сүйіспеншілігі жарасып құда болдық. Оның екінші ұлы Жәнібек менен төрт жас үлкен бауырым Шегебаев Шалдың қызы Гүлнарға үйленіп, ынтымағы жарасқан тату-тәтті отбасы болды. Жәкең келінін аса жақсы көрді. Немерелері Жансұлтан мен Нұрзаданы ерекше сүйіп, жанына балады. Бір күні Гүлнар жұмыстан келгенде Жәкең ас үйге қарай бара жатты, сонда оның бабын баптап, бағын жандырып отырған жан жары Қазина Сәдуақасқызы «Ас үйде не бар, қажетті затыңды сұрасаң балалар алып келеді ғой» деп ескерту жасады. Жәкең сонда: «Келін үйге кіргенде онымен бірге үйге жылылық қоса кіреді» деген алғысқа бергісіз салмақты сөзін өз құлағыммен естіген адаммын. Қазақта «Жақсы адам қартайғанда қазына болады, жаман адам қартайғанда қазымыр болады» деген аталы сөзі бар. Кейбір ата-енелер қолына түскен біреудің жап-жас қызын «отырса – опақ, тұрса – сопақ» етеді дегендей оғаш мінез көрсетіп, жүйкесін бұзып, отбасының берекесін алатынын естіп те, көріп те жүрміз.

Гүлнардың әкесі жаны жайдары, мінезі жайсаң, тұла-бойы мейірім-шапағатқа толы жан еді жарықтық. Шәкең бар болғаны елу екі жасында-ақ дүниеден озды, ол отбасында өте салмақты, сабаз адам болатын. Бала жасы қаншаға келсе де ата-ананың махаббаты мен қамқорлығына зәру екенін баршаңыз білесіздер. Келінінің әке махаббатынан толық қанып сусындай алмағандығын сезінген ата сол кезде әкеден көретін еркелігі мен әке махаббатының кемшін тұсын Жәкең толтырған шығар деп ойлаймын. Мұндай құбылыстың басты себебі Жәкеңнің адам жанын айтқызбай түсінетін ақындығы болса керек, ол үйде де, дастарқан басында да үнемі салмақты сөз айтып, салиқалы қалжыңдасып, үлгі-өнеге көрсетіп отыратын. Айтып болмас, қайтып келмес деген

осы шығар, «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дегендей, артына өлмейтін мұра қалдырған Жәкеңді өлді деуге ешкімнің де аузы бармас.

Ақын еңбек ерлерінің ерен еңбектерін паш ететін шығармалар жазумен бірге, ересек оқырмандарының көңіл қошына жол тауып қана қоймай, жас достарының да ойынан шыға білді. Түрлі тақырыпта олардың жүрегін жырға бөледі. Мысалы, жылдың төрт мезгілін:

Көктем келді, қуды жерден ызғарды,
Алма ағаштар бүршік атып, гүл жарды,
Гүлден бетер құлпыртады бұл көктем
Толған айдай толықсыған қыздарды.

Неткен теңеу, алма ағаштың бүр жарғанын, қызғалдықтың гүл жарғанымен бейнелеген.

Жақпар тастар қатпар-қатпар өріліп,
Айдын көлден бейнесі тұр көрініп,
Жағалауға тартты жеңіл қайығым:
Арманымның ақ желкені керіліп.

Бұл шумағында жадыраған жазды, оның көңілінің ақ желкеніндей етіп шебер суреттеген.

Желмен ұшып, жерге түсіп жатыр-ақ.
Сарғыш тартып, судыр қағып жапырақ,
Жапырақтар жапқан сайын жер бетін,
Көлдің беті қоятындай қалтырап.

Күз айының көрінісін қалай шебер жарқыратып, көлдің бетін қалтыратып көркемдеген десеңізші.

Толастамай соққан жаяу борасын,
Дүниені шымқай аққа орасын.
Қойны-қоншы қарға толы орманға
Қарап тұрып қарадай-ақ тоңасың.

Мен білетін Жәкең үлкендерге арнап жазса да, балаларға арнап жазса да асқан жауапкершілікпен, түсінікті түйсікпен, ұғынықты тілмен, көркем мәнермен, бейнелі көркемсөзбен ұсынатын.

Ақын ұзақ жылдар бойы Республикамыздың аға газеті «Егемен Қазақстанда» меншікті тілші болып қызмет атқарды. Меншікті тілшілерді тәжірибе алмасу тұрғысында еңбек демалысына кеткен қызметкерлердің орнына кезекшілік атқаруға жіберетін. Газеттегі төрт бетті төрт кезекші үтір-нүктесіне дейін мұқият оқып, соңына дәлелдеу үшін тәртіп

бойынша қол қоятын дәстүр бар. Бірде Жәкеңе де осындай қызметті атқаруға тура келді. Түн-күн демейді, кезекшілік келгенде соның барлық жауапкершілігі мойнымызға жүктелетін еді. Сондай кездің бірінде, ұмытпасам, газеттің үшінші беті болу керек, Жәкең оқыған бетінің соңына: «Оқыдық, салыстырдық, Қатеден алыс тұрдық...» деп өлеңдетіп жазыпты да қол қойып кеткен екен. Тура қол қойған жерде бір үтір тыныс белгісі қойылмапты. Ертесіне редакцияның барлық қызметкері жұмысқа келген соң бес минуттық «летучка» өтетін. Өзі қалжыңбас адамға бұрындары қалжыңы өткендердің «О, Жәке, қатеден алыс тұрғаныңыз қайда» деп есесін қайтаруға қойылмай кеткен үтірін бетіне басып қағыта бастады. Сонда Жәкең: «шет елдің газеттерінде тыныс белгісіне мән бермейді» деп құтылып кеткен кезі болған. Қазақта: «Қалжыңбастың шын сөзі зая кетеді» деген бар емес пе, қалжыңның да пайдасы тиетін кезі болатынына көзіміз жетті. Жәкең туралы айта берсең әңгіме жетерлік.

Қайран Жәке, біз өзіңізді сағындық. Мақшарда кездесерміз!

Өзін ерекше құрметтейтін қаламдас әріптесі,
Күпән ШЕГЕБАЕВА,
Журналистер Одағының мүшесі

АСҚАҚ АРМАН АРМАНДАҒАН АҚЫН

Бар өмірім өлеңмен өтсе менің,
Туған елді жырлауға жетсе лебім...

Жарасбай

Қай қазақтың болмасын туған жері, кіндік қаны тамған туған өлкесі өз тарапынан ыстық көрінеді. Сондай табиғаты тамаша, ауасы таза еліміздің солтүстігінде орналасқан қасиетті Шал ақын өңірінің Көктерегі ерекше ғой. Осынау тамаша мекенде дүниеге келген, әдебиет әлеміне мол мұра қалдырған елінің елеулі, халқының қалаулы ақыны Жарасбай Нұрқанов 1937 жылы 22 наурызда дүниеге келген. Шабыты шарықтаған ақынның әдебиет әлеміне қалам тартуы туған еліне деген махаббатынан, еліне деген сүйіспеншілігінен болса керек.

Әкесі Әнәс Нұрқанұлы Ұлы Отан соғысының ардагері. Елін, туған жерін қорғауда аянбай тер төккен ардагер болашағының, балаларының жарқын өмір сүруіне зор үлес қосқан. Ардагер Нұрқанұлы Әнәс бейбіт өмірді құруға күресте, әке жолын бейбіт заманда өз шығармашылығымен, өлеңдерімен болашақ ұрпақты тәрбиелеуге атсалысқан Жарасбай ағамыз көпшілікке үлгі болатын зор тұлға.

Жарасбай Әнәсұлы Нұрқанов Ленин орта мектебін 1955 жылы Алтын медальмен тәмамдап, бала күнінен білімге деген құштарлығы 1960 жылы Алматы қаласындағы Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін үздік аяқтауға мұрындық болады. Сол жылы өзі түлеп ұшқан мектебіне оралып, ұстаздық қызмет атқарады. Білім бере жүріп оқушылар бойына туған жеріне деген сыйластықты, зор махаббатты сіңіре білді. Уақыт өте, 1965 жылы Ақмолада өлкелік «Тың өлкесі», Целиноград облыстық «Коммунизм нұры» және сол кездегі республикалық «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеттерінде 1980 жылы «Өнер» және «Жазушы» баспаларында жауапты қызметтер атқарады.

Ақын ағамыздың қаламынан туындаған «Қара көздер», «Нұрлы терезе», «Арманым менің», «Терең барлау», «Қызылжар», «Көкжиек» және басқа да жыр жинақтары және арнау-толғаулары мен қиссалары, балаларға арналған «Балдәурен-балалық» кітабының өзі бір төбе. Сондай-ақ баспасөз беттерінде жарияланған публицистикалық материалдары мен очерктері қалың оқырманға жақсы таныс. Шығармаларының негізгі тақырыбы туған еліне деген сүйіспеншілік, патриотизм болып табылады. «Қызылжар» атты шығармалар жинағына енген «О, Қызылжарым», «Көктерегім», «Туған өлкем» атты өлеңдерінде туған жеріне, еліне деген шексіз махаббаты анық байқалады.

Туған жер, көкорайлы Көктерегім,
Есейіп, ержігітің боп келемін.
Әзірге қолда барым, қошеметім –
Өзекті жарып шыққан отты өлеңім. –

деп жырлаған ақынның туған еліне арналған жырлары осылай өрнектелген. Шығармаларының негізгі тақырыбы елді, туған жерді сүю болса да, тәрбиелік, мәдениетті дәріптейтін кезеңдері жиі аңғарылады. «Сәлемдесу» өлеңінде сөз атасы жайында оның мәдениетін, мән-мағынасын тереңнен аңғартқан.

Туған жердің топырағын басқан сайын өзі түлеп ұшқан мектепке ат басын бұрмай кетпейтін. Елін, туған жерін сүюге тәрбиелейтін шығармаларының тақырыбы аясында біздің мектебімізге келіп, оқушылармен дөңгелек үстел өткізген. Болашақ ұрпақты тәрбиелеуде патриотизмнің басты роль атқаратынын баса айтып, өскелең жеткіншектерге ақылкеңесін берді.

Сексен жыл бойы неше буын ұрпақтың жүрегіне сағыныш ұялатып, білім мен тәрбие нұрын таратумен келе жатқан Шал ақын ауданындағы М. Ахметбеков атындағы білім ұясының тарихына және оқу-тәрбие жұмыстарының қазіргі жағдайына тоқтала кетсек.

Мектептің көп жылғы тарихында бұл қасиетті «Қарашаңырақ» қабырғасынан көптеген атағы елге танымал азаматтар шықты. Олар дипломат Сәлім Құрманғожин, ақын-жазушылар Герольд Бельгер, Жарасбай Нұрқанов, Ермек Қонарбаев, қоғам және мемлекет қайраткері Анатолий Шалов, Мәркен Ахметбеков, Уәп Латанов, Ерік Сұлтанов, ішкі істер қызметінің генералы Әлімжан Ахмадин, полковник Қобылан Хамзин, Серік Балахметов, Думан Таев, ғылым қызметкерлері Думан Нургалиев, Болат Құсайынов, Ұлан Альмишев тағы басқалары.

Бұл күндері мектебіміз осы білім ордасының шәкірті мемлекет және қоғам қайраткері М. Ахметбековтің есімімен аталады.

2009-2010 оқу жылында мектебіміз мемлекеттік «Жол картасы» бағдарламасы бойынша 34 миллион теңгеге қазіргі заман талабына сай күрделі жөндеуден өтті.

Қазіргі кезде оқу-тәрбие жұмысын жоғары деңгейде жүргізуге толық мүмкіндік бар, білім ордасы пән кабинеттерімен, жаңа техникалық жабдықтармен жабдықталған. Соңғы үлгідегі компьютерлер әкелініп, физика, химия, биология кабинеттері ашылып, 17 орындық мультимедиялық кабинет оқушылардың сапалы білім алуына жағдай жасап отыр. Оқушылар пән олимпиадалары және ғылыми жобалар сайысында, тағы да басқа байқауларда аудан, облыс, республика көлемінде үнемі жүлделі орындарға ие болып жүр. Жаңа спорт жабдықтары да оқушылардың дене шынықтыру пәніне деген қызығушылығын оятып, салауатты өмір салтын жүргізуге ынталандыруда. Мектеп жанында «Балауса» атты шағын орталық жұмыс істеуде. Онда 30 бала тәрбиеленуде. Бүгінгі күні мектепте 11 сыныпта 102 бала білім алуда.

Жарасбай Әнәсұлы Нұрқанов 2011 жылы 31 мамырда дүниеден өтті. Ақынның өзі өлгенімен оның сөзі өлмейді демекші Жарасбай Әнәсұлының артында қалған мол мәдени, әдеби мұрасы бүгінгі ұрпақтың рухани азығы болып табылады. Атаулы рухани азықты осы күні, өлеңдері мен шығармаларын жинақтап, құрастырған ақынның жан-жары, әдебиет жанашыры, «Қазақстан» телерадиосының ардагері, Қазақ радиосының үздігі, қоғам қайраткері Қазина Нұрқанова.

Қазина Сәдуақасқызы – Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Ыбыраев ауылында дүниеге келген. Қазақ телерадиосы саласының майталман маманы, еңбек ардагері. Теледидардан әлі күнге дейін әр түрлі хабарларға қатысып, сұхбат беріп тұрады. Отбасында Жомарт және Жәнібек есімді ұлдарын өсіріп, немере сүйіп отырған бақытты әже. Жолдасы Жарасбай Нұрқановтың отын өшірмей, шығармаларын келешек ұрпаққа аманат етуде зор үлес қосып келе жатыр. Ақынның өзі шығарып үлгере алмай кеткен еңбектерін баспаға беріп, екі кітабын оқырман қауымына табыс етті.

Шынында да «ақын өтсе өмірден артында қалар қыл қалам» демекші өмірден өткеніне бес жыл уақыт өтсе де, шығармалары, өлеңдері әрбір оқырманның көкейінде.

Есен БАРЖАКСИН,
М. Ахметбеков атындағы
орта мектептің директоры

БІЗДІ ТАБЫСТЫРҒАН «ТЫҢ ӨЛКЕСІ»

Кезінде бір ғұлама: «Тыңдалмаған сөз жетім, иесіз қалған жер жетім, басшысы жоқ ел жетім» деп біраз жетімдіктің тізімін айта келіп, «ең қиыны замандасы қалмаса бәрінен де сол жетім» деген екен. Сол айтқандай бір кезде жоғары оқу орынында бір тұста оқып, бірге еңбектес болған, жастық шағымызды бірге өткізген біраз замандас құрбыларым бұл күнде фәни дүниеден бақилыққа кетіп, қатарымыз сиреп, жетімсіреп жүргеніміз рас. Сондай азаматтың бірі қайным, әріптесім, Жарасбай туралы өткен шақпен айтып, естелік жазу ауыр да қиындау. Жазбасқа болмайда отыр.

Сонау елуінші жылдардың аяғы мен алпысыншы жылдардың бас кезінде біз Жарасбаймен Алматыда, Қазақтың С.М. Киров атындағы (қазіргі Әл-Фараби атындығы) мемлекеттік университетінің филология факультетінде (біз журналистика бөлімінде) бірге оқып бітірген болатынбыз. Ол бізден бір жыл бұрын бітіріп, Солтүстік Қазақстанға, туған жеріне кеткен еді. Ал біз төрт журналист – Мәди Хасенов, Жұмамұрат Тұяқбаев, Октябрь Әлібеков және мен (соңғы курста Октябрь екеуміз қосылып, отау құрған болатынбыз) 1961 жылы оқуды бітіргеннен кейін, Орталық партия комитетінің жолдамасымен Тың өлкесінің орталығы Целиноград қаласына, осындағы «Тың өлкесі» газетіне жұмысқа келдік. Газет редакторы Уәрә Нұрсейітов деген азамат бізді өте жақсы қарсы алды. Әсіресе, бізге, ерлі-зайыпты журналистерге асқан ілтипатпен қарады. Себебі ол жылдары редакцияларда қыз журналистер өте аз болатын. Ал мына редакцияда мүлде жоқ екен. Менің алдымда жұмыс жасаған Әлима Сақтағанова деген апай жасы келіп, зейнеткерлікке шығып кетіпті. Редакция ұжымы бізді ешбір жатсынбай, тез тіл табысып, қоян-қолтық араласып кеттік. Сөйтіп жүргенде еліміздің басқа облыстарынан да Нұрғожа Оразов, Жанайдар Мусин, Бақыт Мұстафин, Сабыр Сауытбаев, Төлеубек Қоңыров, Мұхаметжан Дәуренбеков, Жарасбай Нұрқанов сынды жас журналистер өлкелік газетке көптеп келе бастады. Өйткені сол жылдары облыстардағы газеттер жаппай жабылып, өлкелік газет қана қалған болатын. Жастар жүрген жер қашан да көңілді, романтикаға толы болады ғой. Ұжымдағы Әнуар Ипмағамбетов, Зейнолла Әйтімов, Әмір Нүркішев, Рамазан Ахметов, Сұлтан Мәуленов, Сайлаубек Қожамсейітов, Қайыркен Сұлтанов сияқты аға журналистерден тәлім-тәрбие ала жүріп, газет жұмысына машықтана бастадық.

Газет жұмысынан тысқары уақыттарда жаңа пәтер алу, үйлену, шілдехана, баланың мектепке бару сияқты әртүрлі ойын-тойларда жиі-жиі

бас қосып, жанұямызбен етене осы Жарасбайлармен тіптен жақындау болдық. «Биікке шықсаң көзің ашылады» дегендей Жарасбай сөзге шебер, отырған жерде неше түрлі әзіл-оспақтарды айтып, жыр шумақтарымен әркімге әртүрлі сипаттама беріп, жұртты күлкіге батыратын. Әдемі қоңыр даусымен ән де айтатын. Елде, мектепте ұстаздық етіп жүрген кезінде де талай өлең-жырлары облыстық, республикалық, өзінің ақындығымен таныла бастаған. Бізге келгеннен кейін ол бұл өнерін одан әрі шыңдай түсті. Редакцияның сан-саналы тапсырмаларын мүлтіксіз орындай жүріп, «Қара көздер», «Нұрлы терезе», «Алтын десте»», «Арманым менің», «Терең барлау», «Буынсыз бала» атты әр жылдары жарық көрген өлеңдер мен поэмалар жинағы оның шын ақындығының, еңбекқорлығының куәсі іспетті. Ал жары Қазина болса ашық мінезді, адамдармен тез тіл табыса кететін. Ол да редакцияда бізбен бірге істеді. Өте еңбекқор жан. Мұнысын ол Жарасбайдың артында жазып қалдырған өлеңдері мен поэмаларының басын құрастырып 2012 жылы «Қызылжар», 2013 жылы «Көкжиек» атты екі таңдамалы шығармалар жинағын шығарумен дәлелдеді.

Октябрьді туған ағасындай сыйлайтын. «Қанына тартпағанның қары сынсын» дегендей Октябрь де оны қызғыштай қорғап, Жарасбайға әзілқалжыңы аралас: «Әй, күйеу бала, сен байқа, кімнің қарындасына үйленгеніңді ұмытпағайсың» деп отыратын.

«Қандай терең сайда отырса да, таудай көрінетін тұлғалар болды» деген ғой. Біздің Жарасбай сондай тұлғалардың бірі еді. Олардың Жомарт, Жәнібек деген екі балалары болды. Жоғарыда жазғанымдай бізде жұмыстан кейін күнде бас қосу, күнде ойын-той болып жатады. Сондай кездерде балаларын біздің үйге қалдырып кетеді. Менің енем марқұм ешбір ренішсіз оның екі баласын өзіміздің бес балаға қосып, құдды бір бала бақшасында жүргендей күй кешетін.

Әр газеттің ежелгі тәжірибесі бойынша жергілікті жерлерде штаттан тыс тілшілері болатыны хақ. Оларсыз газетті мазмұнды шығару, әр тақырыпты қамтып жазу мүмкін емес. Сол себепті газет қызметкерлерінің аяғы жетіп, көзі көрмеген жерлерге сол тілшілерді жұмсап, тапсырма береміз. Керек кезінде редакцияға шақырып алып, кездесу өткіземіз. Сондай тілшілеріміздің бірі Алексеев ауданынан Шегебай Қарпықбаев деген өте бір белсенді авторымыз болды. Сол кісі кезекті бір келгенінде Жарасбайдың үйінде қонақта болады (1967 ж.). Содан келесі күні әріптестеріне келіп: «Жарасбайлардың үйі сондай үлкен екен, тіпті неше бөлме екенін білмеймін, әйтеуір есіктері көп-ақ» деп мақтап отыр дейді. Негізінде Жарасбайлар бір бөлмелі үйде тұратын. Ал әлгі қожанасыр ағамыз ас үйдің, жуынатын бөлмені, дәретхананың есіктерін бір-бір бөлме екен деп ойласа керек.

Ол жылдары үй жиһаздарын алу, әсіресе, тоңазытқышқа қол жеткізу өте қиын болатын. Ондай кездерде тез бұзылып кетеді-ау деген тағамдарды әртүрлі дорбаға, торға салып үйдің терезесінен сыртқа шығарып іліп қоятынбыз. Бірде жұмысқа келе жатсақ (Жарасбайлардың үйі редак-

цияға баратын жолда, төртінші қабатта) терезеден бір қызыл дорбаның ілулі тұрғанын көрдік. Жұмыс бітісімен Жарасбайларға айтпастан үйлеріне сау етіп кіріп келіп: «анау қызыл дорба тегін емес, елден келген дәм болу керек, «өле жегенше бөле жемейміз бе» деп отырып алдық.

Иә, айта берсем сондай-сондай оқиғалар әрқайсымыздың басымызда көп болды ғой. Жалпы «өмір өткен күндер емес, есте қалған күндер» деген екен бір ғұлама. Жарасбайлармен онбес жылдай ғана бірге болдық. Сексенінші жылдары олар Алматыға басқа жұмысқа ауысып кетіп, араласуымыз сирексіп қалғаны рас. Бірақ көрген жерде шүйіркелесіп сырласып, телефонмен сөйлесіп тұрдық. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін балаларының қызмет бабына байланысты Астанаға көшіп келіп, қайта араласа бастаған едік. Өкінішке қарай, ондай күндер онша ұзаққа бармады. Әуелі Октябрь, одан көп ұзамай Жарасбай өмірден өтіп кетті. Бұл, әрине, өмір заңы, алланың ісі. Ол жақта да ағалы-інілі болып кездесіп, әзілдесіп жүрген шығар. Жатқан жерлері жайлы, имандары жолдас болғай. Тау алыстаған сайын биіктей бермек. Артында қалған жары, ұрпақтары аман болсын деп тілеймін.

Рахия ӘЛІБЕКОВА,
ардагер журналист.
Астана қаласы,
қараша, 2016 жыл.

Как мало прожито,
как много пережито...

Семен Надсон

ӨМІР БОЙҒЫ ӨКІНІШ

1

Атам Нұрқан мен әжем Айтжанның баурында өскен баламын. Үйде үшеуіміз ғана.

Атам мен әжемнің үлкен ұлы – Әнәс, кіші ұлы – Таласбай. Екеуі де соғыста.

Әнәс соғыстан үйге келді. 1943-нші жылы жазда. Әнәс алғаш рет мені қолымнан ұстап, жетектеп жүрді. Біздің Көктерек аулын өңтүстік-батысынан орап алған қайыңды орманның ішінде жүргенімізді білемін. Әнәс әлі де менің қолымнан ұстаған күйі ауыл зираты жаққа қарап тұрып қатты күрсінді. Бұл да менің есімде.

Әнәс соғыстан ауылға келер алдында біздің үйде бір оқиға болған. Мені көшеде ойнап жүрген жерімнен ересек екі қыз үйге сүйрелей жөнелді. Үйге кіргенде көргенім: жер төсекте бір әлсіз жан жатыр. Оған төне Атам отыр, оның иығынан ала Әжем төніп отыр. (Әжемнің бойы Атамнан биік болатын). Екі қыз мені итермелейді, мен қырсығып, көнбеймін, ілгері баспаймын. Атам әлгі әлсіз жанның үстіндегі ақ жамылғыны бетіне жапты да, басын иді. Атам да Әжем де жылап отыр.

Кейін білдім: ақ жамылғымен жүзі жабылған жан – менің туған шешем Күлсім екен. Сөйтіп, мен Анашымның жүзі мәңгі жабылған сәтте оны көре де алған жоқпын... Өмір бойғы өкініш осы...

Суретте: Жарасбайдың анасы Күлсім Нұрқанованың депутаттық куәлігі

(Ол кісі 1939 жылы Қаз.ССР–інің бірінші шақырылған Солтүстік Қазақстан облысындағы Енбекшілер депутаттарының Ленин ауылдық Советінің депутаты болып сайланған. Сақталып қалған депутаттық №16

куәлігі соны айғақтайды. Қазақ әйелдері ішінен сайланған тұңғыш халық қалаулысы. Бұл куәлікті Жәкең өмірінің соңына дейін көзінің қарашығындай сақтап, ешкімге тіс жарып айтпаған. Анасы 1941-42 жылдар аралығында қайтыс болған).

АНАШЫМ

(Анам Күлсімге арнау)

Сен барда ешнәрседен тарықпаған,
Мен едім өнер құсым шарықтаған;
Сездім ғой, ана, сенің мейріміңді,
Айналып-толғануда жалықпаған.

Тұрмайтын қолды-аяққа балаң едім,
Пәледен сақтандырған панам едің;
«Ақсүтің ақталды ма, анашым» деп,
Көңілім әлі күнге алаң менің.

Сөз емес атақ, мансап, айлығымыз,
Біз – сенің «ой, құлыным», ай-күніңбіз,
Алдында, ана, сенің тәк тұрамыз,
Өзгені жасқантса да айбынымыз.

Ұл-қызың үйлі-баран, алшақтады,
Көзіңнен кейде маржан моншақтады,
«Жаным» деп, жанымызда сен жүресің,
Әкесі он баланың болсақ тағы.

Сусынға қымыз берген, шөліркесем,
Бар ма екен күміс ожау, кәрлен кесең;
Көңілдің сені аңсаған кездерінде
Күй болып күмбірлейсің, қайран шешем!

Ауыздан түспейтін Көктерек

Соғыс тұсында атам Нұрқан ауылда пошташы болды. Поштаны көрші Ленин ауылынан әкеледі. Кейде жаңағы Ленин ауылына атаммен бірге мен де барамын. Жазда арбаға ат жегіледі, қыста – сол ат жегілген шана.

Атам өзін Сталинмен құрдас деп санайтын, яғни, 1879 жылы туған. Сонда 1943-інші жылы Атам 64-те болады. Ал мен 1937-нші жылы туғам, 6 жастамын.

Сол жазда біздің үйде бір қыз пайда болды. Атам мен Әжемнің үлкен қызы Ұрқиядан туған қыз, бізге жиен, аты – Дәметкен. Оқуға өте зерек.

Атама үлкен көмекші болды. Атаммен бірге газеттерді сұрыптайды, үйді-үйге таратады. Сол Дәметкенмен бірге газеттерді қарай жүріп, мен әріптерді танып, үйреніп алдым. Біріншіге келгенде мен Әліппеге судай едім.

КӨКТЕРЕГІМ

О, менің көкорайлы Көктерегім,
Жаһанда өзіңдей жер жоқ дер едім.
Арада айлар өтіп, оралған соң,
Кеудемде сағынышым көп қой менің.

Ораған батысың мен түстігіңді,
Орманың – қорғаның ғой қысты күнгі.
Бауырында Жалғыз ағаш жайнап өскен,
Теремін түрлі жеміс, түсті гүлді.

Алқаңа сүйсінемін айна көлді,
Көлдерді мыңғырған мал айнала өрді.
Шалқалап жатам жасыл шалғыныңа,
Туристер мұндай жерді қайдан көрді?!

Мұхит қой маған сенің «Қарасуың»,
Қайың-тал жағасында жарасуын!
Телміріп соған сонша қарап тұрған
Өзіңнің оқып келген Жарас ұлың.

Туған жер, көкорайлы Көктерегім,
Есейіп, ержігітің боп келемін.
Әзірге қолда барым, қошаметім –
Өзекті жарып шыққан отты өлеңім.

Көктерек бастауыш мектебіндегі алғашқы мұғаліміміз – Сейдеахмет Дайыров. Ұзын бойлы, ақсары өңді, әнші жігіт еді. Атақты Кенен Әзірбаевтің әйгілі «Бозторғайын» шырқаушы еді, шіркін! Әттең, Сейдеахметтің өкпесі ауырады екен, бізге сабақ беруге болмайды екен, шынында ол көп ұзамай қайтыс болды. Соның алдында үйленген еді, көрші Ленин ауылындағы Ырысбайдың қызы Бөпішті алған. Марқұм Сейдеахметтің аруағы үшін бір шындықтың айтылуы керек: Сейдеахмет пен Бөпіштен туған ұлды үш айлығында Ахметжан Нұртазин асырап алыпты. Сол баланың аты – Қайрат. Қазір ол Нұртазин болып жазылып жүр. Алпыстан асқан. Ал, Сейдеахметтің артында ұл қалмағандай. Бұл әділдік пе?!

Сейдеахметтің орнына бізді оқытуға Ғаббас Жәутіков келді. Қызық кісі еді. Біріншідегі бала сабақ білмей қалса, «Өйбүй, олай болмайды ғой» деп, баламен бірге өзі ұялып қалатын мұғалім еді. Сабақты жақсы оқытатын.

Соғыстан аман-есен оралған Әнәс Есілдің арғы бетіндегі Жаңа Жол ауылынан Әмина деген (өзінен 19 жас кіші) қызға үйленіп, көрші Ленин ауылына қызметке кетті.

Таласбай, менің Бапатайым да соғыстан аман-есен оралды. Атам мен Әжем кіші ұлды енді өздері үйлендірмек. Атам Нұрқан тура Қаратал аулына Әбдір шалдың үйіне барады. Есіктен кіре қолғабын, қамшысын, белбеуін алашаның үстіне шұбалта тастап, Әбдірдің жанына барып отырады. Мынау қызық шалдың шашылған дүниелерін түгел жинап қойған қызға қарап отырып: «Мына баланды мен өзімізге бала еткелі келдім» дейді. Әбдір мен Нұрқан сол жерде құда болады.

Бапатайымның келіншегін мен: «Апатай» дедім, ол мені: «Еркебала» деді. Алпыстан асқан кезімде інілерімнің: «Тойкенің «Еркебаласының» түрін қара» деп күлдіргені бар. Жеңгемнің аты-жөні Әбдірова Тойжан еді. Өз балалары кішкентай кезінде «Түйке» дейтін. Былайғы жұрт оны «Тойке» деп атады. Өзі «Үлкен Бапа» дейтін Әнәс та оны «Тойке» деумен қадірлеп өмірден өтті.

Соғыстан оралған Таласбай Нұрқанов Петропавл педагогикалық училищесіндегі оқуын жалғастырып, Оралдағы екі жылдық пединститутты бітірді. Бірақ Көктеректе мұғалімдік орын жоқ (Апатайымның да сондай білімі бар).

Таласбай Нұрқанов пен Тойжан Әбдірова Ақсу бастауыш мектебіне жолдама алады. Атам, Әжем, мен және Мүкамарра (аға-жеңгемнің тұңғышы) Ақсуға көшейік. Мен үшіншіні, төртіншіні Апатайымнан оқып бітірдім.

КӨКТЕРЕКТЕН КӨШУ

Көктеректен көшу Атама, Әжеме, маған оңайға тиген жоқ. Ауылымызды сағына бердік. Атам мені жанына алып, Көктерекке, ескі үйімізге,

зират басына жеткенше асықты-ау! Анашымның қабіріне Атам жылда ағаш отырғызады, көктей қоймайды. «Неғып көктемеді?» деп, Атам уайымдап жүрді. Ақсудан келгенімізде көктеп тұрған ағашты көріп, Атамның қалай қуанғанын көрсең ғой! «Иә, марқұм екі перзент көріп еді-ау. Біреуі ертерек шетінеп кетті. Екіншісі қалқиып жүр. Өзіңдей өбектейміз. Демің таусылған күні солай етуге ант етіп едік. Жарықтығым, риза бола гөр біздерге» деп, кемсеңдеумен болды Атам. Мен сонда Әжем айтатын өлеңнің мәнісін ұққандай болдым:

Айналайын баладан,
Тауып алған даладан,
Далада бала жата ма,
Түсіп қалған данадан! –

деп, Әжем мен ұйықтағанша әндетіп жатушы еді.

Аунап түскен шанадан,
Айналайын баладан!
«Өздеріңнен аумайды
Өзі» дейді әр адам.

Атаң – жылы алақан,
Әжең – жұмсақ алақан,
Алақанда аялы,
Өс өркенде, балақан! –

деймін мен.

Өлеңнің басын Әжемнен төрт жасымда естіген едім, жетпіс төртке келіп, осы естелікті жазғанда өлеңді өзім аяқтадым-ау дедім!..

Ертеңіне Көктеректен жолға шықтық. Есілдің әр жағына, Жаңажол ауылына жүрдік. Қызыл үйеңкі деген өткелден өтіп, тура Күміс әже үйіне келіп тірелдік.

Қызыл, сары, көк, жасыл асықтары көп Күміс әже үнемі асық ойнап, ермек етіп отырады. Бұл кісі – менің анашымның туған шешесі екен. Атам мені нағашыларым үйіне әкеп отыр екен. Жағыпар нағашым жол-сапарда. Шарипа апай Атама былқытып ас дайындай бастады. Менен алты жастай үлкен нағашым Қайырбек сақау екен. Әйтсе де осы үй жанға жақын, жылы тартады. Атам мені нағашы жұртын біліп алсын, ұмытпасын дейді-ау.

ЛЕНИН АУЫЛЫНДА

Асыл адам еді

Бала күнгі дүниенің бәрі жақсы болып көріне ме, қалай? Біз мектепке, бесіншіге барған күні айнала жарқырап, тамылжып тұрғаны әлі есімде...

Ленин орта мектебі. Біздер ынтығып жүрген үлкен мектеп осылай аталатын. Есілдің екі бетіндегі қазақ ауылдарында бастауыш мектепті бітіргендер осында келіп оқитын. Бейнебір сай-саланы бойлай, сылдырап аққан бұлақтардың айдын көлге келіп құйғанындай. Есілдің бергі бетіндегі – Алқа ағаш, Қаратал, Көктерек, Мектеп, Өрнек ауылдарынан; арғы беттегі – Ақанбарақ, Жаңаталап, Жаңажол, Кеңес, Бірлік ауылдарынан балалар келеді. Есілден шалғай, қалың, қайынды орман қоршаған Ақсу, Жаңасу, Еңбек ауылдарынан да келіп жетеді. Мына жақтан – Шортай, Социал, Бағанаты, Жалтыр, Балуан ауылдарынан да жеткіншектер келетін еді. Бастауыш мектепті ғана емес, жетіжылдықты бітірушілер де одан әрі оқуын Ленин орта мектебінде жалғастыратын. Ленин ауылы аумаған құс базары тәрізді қиқуға, қызыққа толып, алтын күзде айрықша көркейетін.

Жаңағы елді-мекендердің бәрі сол кездегі Октябрь (Төңкеріс бұрынғы атауы) ауданына қарайтын. Ауданның аты тың игеру кезінде, ойда жоқта Марьевка содан кейін Сергеев болып, орынсыз құбылғаны бар. Ақыры сол бір сорақылық түзетіліп, бұл өңір бүгінде әйгілі Шал ақынның есімін иемденіп отыр. Шал ақынның мына бір туындысын газеттен қиып алып, қайта-қайта оқып, терең ойға шомып, өмір туралы көп толғанатыным сондықтан:

Жақсыға сырым жасырман,
Жаманға сірә бас ұрман,
Мен бір шапқан жүйрік ат,
Бір желіксем басылман...
Өткен менен кеткенді
Көп жасаған қарт білер,
Жолдың алыс-жуығын
Белді де жуан ат білер.
Біреуді жақсы демесең,
Біреуді жаман демесең,
Бұл дүниеден өткен соң
Шын дүниеге жеткен соң,
Көтеріп көрге салған соң,
Көр қараңғы болған соң,
Мұңкір-Нәңкір періште
Мен Раббың деп тұрған соң
Кімнің жақсы, жаманын
Бір Жаратқан хақ білер.
Бақытты жігіт қол бастар,
Шешен жігіт дау бастар,
Әлемнен озған алаяқ
Озып бір кетсе ойқастар.
Артықша туған жігіттер
Жарысқа салмай кім тастар?
Елінде жақсы жігіттің
Алыста даңқы зор болар.

Шал ақын

(Шал ақынның осы өлеңін Жәкең жатқа айтып отырушы еді. Ауданымызға ақынның есімі беріледі деген тұста, осылай болу керек еді деп қуанған болатын).

Біздің әңгіме осы ауданның аясында өрбиді.

Дегенмен, Ленин орта мектебіне Көктерек ауылынан келдім. Атам Нұрқан ат жеккен қорапты арбамен, тарантаспен алып келді. Сейтқожа атайдың үйінде, Мәриям апайдың қолында тұрып оқитын болдым. Олардың жалғыз ұлы – Төкен Қалиевпен және мен секілді осында тұрушы Болат Құрманғожинмен бірге үшеуміз ертең тап осы үйден мектепке барамыз.

Жаңа оқу жылы. Бірінші қыркүйек. Алғашқы күн қашанда қызғылықты.

Бірінші қыркүйек – білімнің көктемі,
Уыздай құнарлы күннің нұр төккені.
Бәйшешек тәрізді балақан жаны ізгі,
Алдында – мектебі, арманға беттеді.

Бұл жолы біз бірінші-екіншіге емес, бесіншіге келе жатырмыз. Ленин орта мектебінің қарағайдан қиып салынған үлкен ғимараты біздер үшін еңселі де ауқымды. Өз басым үлкен мектепке имене кірдім. Әуесі биік, терезесі зор, кең, жарық бөлмеге таңырқай қараймын. Бөлме толы балалардың көбін тосырқап тұрмын. Сол кезде: «Линейка! Линейкаға шығыңдар!» деген дауыс залды жаңғырықтырып жіберді. Қапелімде мұны кәдімгі сызғышты айтқаны ма деп қалғанмын. Сөйтсем, сыртта, мектептің алдында, мейлінше таза, ашық алаңқайда салтанатты сапқа тұруымыз керек екен. Қайда, қалай тұру керектігін айтып, соны қадағалап жүргендер бар. Бәріміз тартқан сымдай түзулік сақтап, түгел тізіліп тұрмыз.

Аспан шәйдай ашық. Алтын күздің шағырмақ күні күрең-сары, қою сәулесін мол төгеді. Желкемізді, иығымызды жәймен қыздырады. Сол мезет оң бүйірден ілкім қозғалып, ілгерілеген бір сымбатты кісі саптың алдына шыға берді. Аяғын нығыз басып, бойын түзеп, кеудесін шалқақ ұстаған, келбетті адам. Үстіне киген киімі өзіне сондай жарасымды, тұла бойы түгелімен сәнді. Саптың нақ орта тұсына жете бере қалт тоқтап, жүзін бізге бұрды. Қос жанарымен бәрімізді шолып өтіп: «Қымбатты оқушылар!» деп, сұңқар үнін саңқ еткізіп, дауыстап жіберді. Біз тебіреніп кеттік. Екі көзіміз – сол кісіде. Ол бізді ашық үнімен, айқын сөзімен баурап алды. Сөйтсе, бұл кісі – Ленин орта мектебінің директоры Шияп Садықов екен. Ол кісіні ең алғаш осылай көріп-біліп, айрықша әсерленген едім. Сол әсерден әлі күнге арылған жоқпын.

Мектептің өз ішінде шәкірттерді топтастыратын шағын ұжым бар ғой. Біздің кезімізде оны «класс» дейтін, қазір «сынып» деп жүр. «Сынып» деген сиықсыз сөз көңіліме қонбайды. Мұны ең болмаса «сыныб» деп неге жазбасқа?

Төкен екеуміз 5«б» сыныбында оқитын болып шықтық. Маған өзіміздің ауылдан таныс Ермек Ләмәлиев (Қонарбаев), Шәкен Құрманғалиев, Қамарбек Қабиденов, Күләш Мағауина да осында екен. Ал әне бір баланың шатағын-ай, бәрімізге тиісіп: «Қайдан келдің, кімсің?» деп, иықтан түйгілейді. «Мен – Қараталдан, Орал Қажырахимов» дейді, өз кеудесін өзі нұқып. Және соған өзі мәз.

Біздің сыныбқа бір әдемі тәтей кіріп келе жатты. Кеудесіне бір қолымен жеңіл ғана қысып ұстаған дүниесі бар. Сыныб журналын, оқу құралын, оқулық кітабын дәл осы кісідей кеудесінде әлдилеген әйел мұғалімді кейін кездестірмедім. Тәтейдің бір қолында – ұзынша көрсеткіш. Өзі төрдегі үстелге таяп калды. Біз, әрине, орнымыздан атып тұрған күйі әлі сол кісіден көз алмай тұрмыз. Тәтей қолындағы затын үстелге қойды да, біздерге жүзін толығымен бұрып, күлімсіріген әдемі кескінімен: «Сәләмәтсыздар ма? Отырыңыздар!» деді. Дауысы сондай майда, жұмсақ екен. Біз жапатармағай тасырлатып отыра кеттік. Тәтей қабағын сәл шытып қалып, әлгіден басқаша күліңкіреп: «Орындарыңнан жәймен тұрып, жәйләп қана отырыңдар. Партаның қақпағын тарсылдатудың қажеті жоқ» деді. Біз ұйялып қалдық. Бірақ тәтейдің ақыл айту мәнері, өзінің кербез сызылған әдебі бізге ұнап қалды.

Сыныб тақтасы қап-қара, бор әппақ. Бордың тақтаға жұғуы керемет. Тәтей сол кездің салтымен. «Бірінші сентябрь» деп жазып қойды. Әйдәй, тақтадағы жазу қандай әдемі! Әлде мына әдемі тәтей жазғандықтан солай көрініп тұр ма? Бор ұстаған қолының сұқ саусағы тақтаға тиген сәттегі майысқанын көрсең. Иегін сәл жоғары көтерген басы да, желкесіне түйген қалың қара шашы да, қолымен бірге қимылдаған жауырыны да әсем. Міне осы кісі біздерге қазақ тілі мен әдебиеттен сабақ беретін болды. Ол бізге қазақ тілінің үндестік заңын үйретеді. Және өзі – біздің сыныб жетекшіміз. Бұл біздің мұғаліміміз – Мисалым тәтей еді. Мисалым Садықова, қазақ тілі апай. Жаңағы Ленин орта мектебінің директоры Шияп Садықовтың жұбайы, ардақты Шәкеңнің асыл жары. Мектебіміздегі оқытушылардың да, оқушылардың да көз қуанышы, көңіл мерейі еді жарықтық.

Ер-азаматтың көңіл қосқан адамы жақсы болғанға не жетсін. Бұл тұрғыдан келгенде Шәкең өзін Мисалымге жолықтырған тағдырға риза болса керек. Өз басының қадір-қасиеті былай да жеткілікті Шияп ағай сүйікті жары Мисалыммен бірге жүргенде, қатар өмір сүргенде тіпті мерейлі, тіптен қадірлі көрініп, бағасы арта түсетін. Шияп ағай мен Мисалым тәтей тәрізді жұбайларды біздің қазақ: «бірін бірі тауып қосылғандар» дейді. Солай екені айқын еді. Екеуінің үйден бірге шығып, мектепке бірге келе жатуы немесе қонаққа бірге бара жатуы өздеріне жарасымды, өзгелерге үлгі, өнегелі болатын.

Мен ол кезде оқушы баламын ғой, сонда да бір байқағаным: мектепке көбіне бірге келетін Шияп ағай мен Мисалым тәтейдің мектепте екіге бөлінетіндігі. Мектеп ғимаратына кіре берістегі сол қолымыз жақта мұғалімдер бөлмесі болатын. Мисалым тәтей үнемі осы бөлмеге бірден

кіретін. Шияп ағай ұзын залды бойлай, асықпай-саспай, сабырмен, салмақпен жүріп бара жататын. Ол кісінің тұла бойы, әр қозғалысы, әр бір қимылына дейін сән болатын, тек өзіне тән болатын. Оң жақ иығы сәл жоғары, сол иығы сәл төмен, кеудесі сәл шалқақ, белі сәл қайқы: тек екі аяқты тік басып, тура адымдайтын. Ол кісіге сонадайдан жол беріп, оңнан, солдан ізетпен сәлемдескен оқушыларға басын сәнмен изеңкіреп, сәлем ишаратын жасап, бұрылмай, тура жүрген күйі залдың төріндегі, оң жақтағы өз бөлмесіне жетіп, оның есігін қалтасынан алған кілтпен асықпай ашып, жәймен кіріп бара жататын. «Директор бөлмесі» деген жазуы бар кабинет – біз үшін жұмбақ дүние. Оған кім кіріп көрген. Құдайым оқушыны дедектетіп, директордың кабинетіне алып барғаннан сақтасын!

Міне сол директордың бөлмесіне, күйеуінің кабинетіне Мисалым тәтейдің кіріп бара жатқанын, одан шығып келе жатқанын көрген емеспін. Шамасы, Шияп ағай мен Мисалым апай екеуара мектепте, оқытушылар Мен оқушылар көзінше өздерін қалай ұстау керегін алдын ала кеңесіп, келіскен болар. Әйтеуір ерлі-зайыпты Садықовтардың мектептегі жүріс-тұрысында, өзара қарым-қатынасында сырт көзге оғаш ештеңе көрінбейтін. Ленин орта мектебіндегі оқытушы-ұстаздардан да, балалардан да тәртіп пен тазалықты қатаң талап ететін қатал директор Шияп Садықов ағайдың алдымен өзі, одан соң жұбайы Мисалым екеуі сол тәртіппен түзуліктің үлгісін өздері көрсетіп, төңірегіндегілерді өздерінің өнеге-тәлімімен тәрбиелейтін. Біздерге аса қымбат, асыл жандар, Шияп Садықұлы мен Мисалым Мәтішқызы елге жарқын үлгі болды. Екеуі де нағыз педагогтар еді.

Балғын шақ базарын өткізіп,
Ұяңнан ұшып бір кеткемін.
Өмірлік кең айдын, көп қызық
Өзіңнен басталған, мектебім,
Мектебім!

Ой өссе шынардай зорайып,
Тамыры – тағылым ғып еккенің.
Өзгеге ұстаз-ақ болайық,
Өзіңе шәкіртпіз, мектебім,
Мектебім!

Қазақ мемлекеттік университетін бітірген соң ауылға келіп, азғантай уақыт мұғалім болғаным бар. Мұны айтуға да ұяламын. Өйткені Шияп Садықов басқаратын үлгілі оқу ордасында Жанғали Құсайынов, Ахметжан Қалиахметов, Кәләу Тайжанов, Есім Смағұлов, Ғазиз Жахин, Шаймұрат Қарабеков, Қайрош Қоспанов тәрізді шынайы педагог, шын мәніндегі ұлағатты ұстаздар қызмет істейтін. Олар қайда, біз қайда?!

Мұны еске алып отырғаным: Шияп ағайдың дауысын арнайы сөз етудің керектігі, бірақ соны сөзбен айтып жеткізудің қиындығы. Ол кісіні кезінде көзбен көріп, естіп-тыңдау бақытына ие болған жандар біледі. Шияп Садықовтың дауысы – ерекше дауыс еді. Оның дауысы елден ерек, тым айрықша, тіптен өзгеше болатын. Шәкең өзі директор болу үшін жаратылған жан секілді көрінсе, дауысы да дәл соған лайықты болып көрінетін. Оның мектеп директоры екендігіне ешкім күмәнданбайтын. Айбарлы директордың алғысын алған, сөгісіне тап болған кісілер талай сезінген шығар: айтылған сөздің уақытына, жағдайына, мағынасына, мақсатына қарай Шияп Садықұлының саңқылдаған дауысы әртүрлі реңкке ие болып, алуан түрде, әсерлі күйде естілетін. Тыңдаушыға әсері, ықпалы күшті болатын. Есіл бойындағы ен тоғайдан, ауыл сыртындағы қайыңды орманнан сәске түсте сұңқылдаған көкек үні естіліп, төңірекке жұпар таратқандай болушы еді бір сәт. Сол үнпаз құстың қою үні, көгілдір әуенінде біздің сүйікті ұстазымыздың қоңыраулы дауысына ұқсас үндестік бардай сезілуші еді маған. Ал Шәкеңнің өзі қыран тектес кісі еді ғой. Ол ел құрметіне бөленген абзал жан, Асыл Адам еді.

Күндер, күндер, өмірдің бұлағындай,
Жылжып өтіп барады жыл он екі ай.
Оның жарқын бейнесі, сұңқар даусы
Жадымызда жүр біздің ұмытылмай!

Өмір сүру дегеннің өзі оңай шаруа емес қой. Басыңнан өткен өміріңді де айтып шығу жеңіл емес екен. Өміріңнің қай сәтін, қандай кезеңін айту керек, кімді айтуың қажет, кімді бөлек айтқан дұрыс. Іріктеу деген бір машақат.

Әңгімені Атам Нұрқан мен Әжем Айтжаннан бастап, орта мектеп директоры Шияп Садықов пен Мисалым Садықовамен бір түйіндедім ғой. Өзгелері қайда: оқиғаның, кісілердің?

Айтпақшы, Дәметкен қайда кетті? Ол байғұстың өмірі өте қысқа қайрылды. Өте зерек болу мен қатар өте пысық болды өзі. Ленин орта мектебінде дене шынықтыруға арналған аумағы атшаптырым дерлік спорт алаңы болды. Орта мектеп ғимараты қандай ағаштан жасалған болса, сондай ағаштан жасалған аса биік бір нәрсе тұрушы еді. Соған талай шыққанын, нендей қимыл жасағанын білмеймін, әйтеуір Дәметкен сол өте биіктен құлап түсіп, мертігеді. Ақыры көп ұзамай, содан қайтыс болды. Қыршынынан қиылды деген сол болса керек...

Атам мен Әжемнің тұңғыш немересі(?), Бапатайым мен Апатайымның тұңғыш перзенті Мүкаммарраның аты неге олай қойылған. Бұл есімді оған қойған кісі – Уәли Құсайынов. Соғыстан кейінгі кезеңде Ленин, Көктерек, Қаратал, Жаңажол, Кеңес ауылдары біріктірген ауылдық советтің председателі болған.

Әй, әнші еді-ау өзі! Жаңағы Уәлиді айтам. Біржан салдың «Жамбас сипарын» айтушы еді.

Шетіне орамалдың түйдім сусар,
Көп жылқы көкалалы көлде жусар;
Кешегі ел қыдырған есер шақты
Ән еді Біржан салған «Жамбас сипар».

Дегенде біз кәртайдық, біз кәртайдық,
Белгісі кәртайғанның – серттен тайдық.
Кәнекей, сонымен шыққан мүйіз,
Қасына сұлулардың көп жантайдық.

Екі шумақты онша көтермей, жай қызықтыра, қыздырып алу үшін айтатындай. Содан... иә, содан... қайырма секілді, әншінің шеберлігін тілейтін бебеулету кетеді ғой. Бұл өнді орындауда домбыраның сүйемелдеуі өте күшті рөл ойнайды. Шіркін, домбырамен өзіңді сүйемелдей білсең ғой!

Домбыра тарта ала ма, жоқ па, соны айыратындай қазақта бір тәсіл бар ғой. Балаларды ұйықтатады да, басына домбыра мен нан қояды. Кәдімгі қарапайым кісі болуға тиісті бала түсінде нан көреді. Өнерлі бала ояна сала домбыра ұстайды-мыс. Ермек, Қамарбек және Жарасбай үшеуімізді солай сынаса керек. Ермек оянысымен домбыра ұстапты, Қамарбек басына қойған нанды жесе керек, ал мен – түні бойы көрмеген түсім қалмай, соны әңгімелеп айтты дей ме, немене.

Тағы да Көктерек

Әңгімелеу қайта айналып Көктерекке соға береді. Кішкентай ғана Көктерек аулының өзі бес атаға бөлінеді.

1) **Бәтекең, Бәтірбек, дұрысы – Батырбек**, бұдан біз шығыппыз. Өлке тарихын зерттеуші, шежіреші – Қобылан Хамзин, ақын Жарасбай Әнәсұлы Нұрқан.

2) **Жаманқұлдан** – облыстың халық ақыны Ахметжан Нұртазин; жазушы Ермек Ләмәлиұлы Қонарбаев.

3) **Жанат** – деген ата. Бұған мен ғажап мұғалім Ғазиз Жахинді жатқызар едім. Ленин орта мектебінің түлегі, Алматыда КазПидің физика-математика факультетін бітірген соң өзі оқыған орта мектепке оралған. Осындай сөздерді көп адам жөнінде айтуға болады. Көктерекке көрші Ленин ауылы деп жиі айтып отырмын ғой. Осында Қаражан Жүнісов деген кісі болды. Соның бір жаны күйінгенде айтқан сөзі: Алматыға барып, оқу оқып әуре болған соң, ең болмаса астында мәшине болардай оқу оқымадыңдар деп.

4) **Қозыбақ** аулы. О, бұл көп тараған ата және сонысын өзі мақтан ететін тұқым. Алматыда – ішкі істер генералы Әлімжан Ахмадин, Астанада – қарсы барлау қызметінің генералы Жеңіс Қайыржанұлы Рысбаев. Және осы жерде айтып кету парыз, Көктеректің тумасы, Амангелді Сейсенбекұлы Нұғыманов.

5) **Тышқан** ата, Тышқан батыр әулеті. Дүниеден өтіп кеткен Мансұр атайды, Махмет Оспанов әкейді, «Бопан сайы» деген жер атауына ие болған жарықтықты ауызға алайын. Тірі жүргендерден Серікбай Мансұров қана бар.

Жоғарыда айтылған жаманқұлдар жайғасқан көшеде, Балтабайдың көк шатырлы үйінің алдындағы көкпен сырланған орындықта басына әппақ шаршы салған Шәрипа апай отырар еді. Өткеннен де, кеткеннен де: «менің жалғызымнан хабар-ошар естіген жоқсыңдар ма?» деп отырушы еді.

Аңсап күтіп отырсың әлі, Шеше,
Арада жыл өтсе де әлденеше;
Жалғызыңның бейнесі көз алдында,
Аттандырып салғансың күні кеше.

Өтсін уақыт қаншама әлі шеше,
Саған оның болғандай бәрі кеше;
Бір көруден ұлынды күдер үзбей,
Кетесің-ау үзіліп, Кәрі шеше!..

Осы өлеңімнің өмірге келуіне, әрине, Шәрипа апай, оның шаршамай-талмай ұзақ күтуі – баршасы себеп болды және баршасы менің де көз алдымда тұрады.

Қобыланның қолындағы дерек бойынша, Шәрипаның жалғызы – Уәли боевой генерал екен. Соғысты Берлинде тәмамдаған генерал қазақ сол жерде ойда жоқта опат болған. Не себеп? Түсініксіз...

ОЙЛАР, ОЙЛАР...

«Ақынның көркі – өлеңі» деген мәтел бар

Мен мектепті Алтын медальға бітіріп, Қазақ университетіне түскенде осында «Жас қалам» деген қабырға газеті шығады екен. Мақалалар машинкеге басылады. Сол мақалалар ішінде менің «Жартас» деген өлеңім жарық көрді.

Тынымсыз түртіп құжалап,
Толқынды толқын қуады.
Жартастың жүзін су жалап,
Тозаңын, татын жуады.

Сонда да жартас өкпелі,
Сазарып мойнын бұрмайды;

Аумалы да төкпелі
Толқын қайтпай тұрмайды.

Осы өленді оқыған Қадыр Мырзалиев менің қолымды қысты. Алғаш жарық көрген өлең, Қадырдың қолымды қатты қысуы әлі есімде.

Алғашқы өлеңдер жинағым «Қаракөздер», редакторы – Сағи Жиенбаев еді. Мені Қазақстан жазушылар Одағына мүшелікке Мұзафар Әлімбаев, Еркеш Ибраһим, Сағи Жиенбаев ұсынып еді. Үшеуі де: «Жарасбай Нұрқанов аз жазады, аз жазса да саз жазады» деп көрсетті. Мен осыны айрықша мақтан көріп, өленді боратып көп жаза беруден тартындым.

Содан болар, жинақтарым көп шыққан жоқ. Әр жылдары жарық көрген жыр жинақтарым баршылық. Мақтанғаным емес қолымнан шыққан жыр жолдары жауһардай жарқырап тұрушы еді. Соған «Тәубә» деймін.

Өмірге келгеніме – тәубә,
Өзіңді көргеніме – тәубә,
Аяулы бір асыл жан бар екенін
Сезініп жүргеніме – тәубә, тәубә.

Мойылдар гүлдеді ме – тәубә,
Тобылғы бүрледі ме – тәубә.
Осынау дүниеде бір өзіңе
Іңкәр боп жүргеніме – тәубә, тәубә.

Әдемі күлгеніңе – тәубә,
Сүйсіне білгеніме – тәубә,
Алыстап кеткеніңе өкінсем де,
Армандап жүргеніме – тәубә, тәубә!

1961 жылы теріскейдегі облыстар таратылып, Тың өлкесі құрылды. Содан мен елден осында келдім. Ақмоланың орнына Целиноград деген пайда болды. Бес облысты біріктірген Тың өлкесін жырлайтын болдық. Сол кезде жазылған өленім «Туған аймақ» деп аталды. Кейін осы өлең әнге айналды. Әнін шығарған композитор Төлеген Мұхамеджанов. Әнді Қазақстанның халық артисі Роза Рымбаева шырқайды.

Шалғынның тербеп басын жел,
Жан біткендей жасыл бел;
Қуаныштан толқыған
Анашымдай асыл жер;
Дидарындай Әкемнің
Аспаны шайдай ашық Ел,
Ашық Ел, Ашық Ел.

Туған жер, өскен елін Ақындар жырламай тұра алмайды. Жайқалған егін, алтын астық, саулаған дән – аумаған ән. Айта берсек, осылай кете

береді. Мен өзім өмірдің көлеңкесін емес, күнгейін көруге, соны жырлауға ұмтылдым.

Енді қазір жас ұлғайған шағында туған жерің тым ыстық көрінеді. Көңіліңді тартады, бүйрегіңді бұрады.

Туған жер, сенсіз ақын бола алам ба,
Сені ойлап оңалам да, торалам да;

Бүкіл өміріңнің алтын діңгегі сол секілді. Композитор марқұм Алмабек Мейірбековтың шығарған әні «Есіме алсам ауылымды» деп аталады. Әнді Ақжол Мейірбеков орындап жүр.

Туған жер, суың көусар, лағыл тасың,
Жүректі шым еткізіп сағынтасың,
Туған жер, сені ойлаған кездерімде
Сөзімнен, шынымды айтсам, жаңылтасың.

Алдымнан жібек самал еседі жел,
Шақырған өзіңбісің, о, туған жер!
Мен саған құстай ұшып жетпекші едім,
Кешігіп жүрген болсам, кешіре гөр.!!

Өмір даңғыл жол емес. Оның да олқылықтары, сорақылықтары кездеседі екен. Құдайдай көріп жүрген Сталиннің өзі де құбыжық болып шықты ғой. Сәкен, Мағжан тағдырын естіп, жанымыз түршікті. Міне сол Отыз жетінші жыл дейтін өлеңімнің тууына түрткі болды. Менің сол өлеңімнің «Жас Алашта» жарияланғанын көріп, оқып, әсерленіп, ән тудырыпты Ерсайын Нарымбаев. Оған көп рахмет! Әнді К. Байсейітова атындағы опера және балет театрының әншісі Азамат Жылтыркөзов орындайды. Мың алғыс!

Әңгімені осымен тәмамдауға болмайды. Өмір жалғаса береді ғой. Мен бір сатиралық «Алтын жұмыртқа» деген сықақ өлеңімді көрермендер назарына ұсынғым келеді.

Астана, 25 мамыр 2011 жыл

ЖАРҚЫРАҒАН ЖҰЛДЫЗДАР

Арқаның аспанында көптен бері,
Көрінбей бір топ жұлдыз кеткен еді.
Халықтың мәдениет майданында
Болған-ды төгілгендей текке тері.

Ол кезде «өзі билік, өзі бектік»
Тұр еді істен гөрі сөзі көптік.
Үстірттік, даңғазалық дәуірледі, –
Кезеңі келгенінше төзім еттік.

Желеу қып жеріміздің кеңістігін,
Бөліп ап еліміздің терістігін,
Дәл өзін дәріптеуге айналдырды, –
Онысы түп орнымен теріс бүгін.

Партия парасатпен пайымдайтын,
Қашан да қатал сыннан тайынбайтын.
Түп-түгел түзеп жатыр бұрыстықты,
Байсалды басшылықтан бәрі де айқын.

Түскендей қымбат мата бөз орнына,
Іс келді құрғақ мақтан, сөз орнына.
Саясат асып-таспай сабасынан,
Әр нәрсе оралуда өз орнына.

Ақынның ой, арманы – көп тілегі,
Сондықтан көңілім бүгін көк тіреді.
Әр облыс өз Жұлдызын жарқыратып,
Қалған жоқ шаттанудан көп күн еді.

Арқаның аспанында ардақталып,
Бес жұлдыз тағы жанбақ тармақталып.
Қуаныш құрметіне жыр жазамын,
Ақындар тұра алмайды салмақтанып.

Желбірер «Ленин туы» Қызылжарда,
Елжірер «Қызыл туды» көрген жан да.
«Көкшетау правдасы» көзді тартып,
Бастайды «Коммунизм таңы» да алға.

Аттарын әдейілеп жырға тіздім,
Бас болып «Коммунизм нұры» біздің,
Халық пен партияның ортақ тілі,
Осылай өз қолына алды тізгін.

Болса да кейбірінің жап-жаңа аты,
Бәрінің партиялық мазмұн-заты.
Көпшілік көңілінен шықты тағы
Лениндік ұлт саясат салтанаты.

Ісіне партияның сөзі лайық,
Халық боп қарсы алады құшақ жайып.
Жарқырап шыққан жаңа газеттерге
Жаңадан жаппай тегіс жазылайық.

1965 ж.

ШӘКІРТ СӨЗІ

Жүзін көріп, сөзін ұқтық

Шебердің қолы, шешеннің сөзі ортақ. Ленин орта мектебінің оқытушылары тәуекелге бел байлап, Мұхтар Әуезовтың «Абай» трагедиясын ауыл сахнасына шығаруға талпынған-ды. Пьесаны қоюшы, басты рольде ойнаушы – әдебиет пәнінің оқытушысы Жылгелді Мұқанов деген мұғалім еді. Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтын бітірген, институт қабырғасында драма үйірмесіне белсене қатысып, қабылет-дарынымен көзге түскен көрінеді. Сонда Абайды сахнада бейнелеген сақал-мұрт, тақия-шапанға қоса театр бояуы мен желімге дейін елге ала келген ғой. Енді соны кәдеге асырмақ. Өнерпаз жанның күш салуымен, күйіп-пісуімен сахнаға шыққан «Абай» спектаклі ауыл тұрғындарын тамсантып, жұрттың жанын сүйсінткен-ді.

Оқытушы ағайлар мен тәтейлер пьесаны сахнаға әзірлеу кезінде мені, сегізінші класс оқушысын өздеріне суфлер етіп алды. Мақтанғаным болмасын, көркем шығарманы мәнерлеп оқуға, сөзді айшықты айтуға пысықша едім. Үйге берілген тапсырманы орындамай келгендерге зекіп ұрсатын мұғалімдер өз үлесіне тиген рольдің сөзін жаттамай келіп, жалтақтап суфлерге қараумен болады. Соларға әрбір сөйлемді, сөздер тіркесін қайталаумен отырып, өлең-жырға бергісіз, аса нәрлі, асыл мәнді диалогтарды түгелімен жаттап алдым.

Пьесада Айдар мен Ажар тағдыры дауға түсіп, билер айтысы басталған бетте айыптаушы би Жиреншенің жыланша ысқырған зәрлі монологы бар емес пе? «Тағы да келіп тас қияда қағысып тұрмыз. Тағыдайын шайқастық. Төменде, құзда: «қанды басың бері тарт!» деп, құлағанды тосып терең тұңғиық тұр. Тұрсын солай, болсын солай. Бас пәлесі емес, ел пәлесі. Кімнен шықты? Неден шықты? Кімнен шықса да, неден шықса да, елді аямас қатыбас тастан шықты, улы қанжар буынған қастан шықты... «Мен қаспын» деп кеп тұрса, қасқара шаппас нем қалды? Қан болмай неге жіберем? Шабыспай неге шайлығам? Уытын жаяр усойқы, тамырын жұлмай қалам ба? Талабым талғау емес, байлауым – біреу: ел бүлігі екі сұм – екеуі де өледі...». Осынау сұмдық үкім, суық сөздерді қазірде біреу түн ішінде түртіп оятып сұраса да, айтып беруге бармын.

Міне осындай ғажап пьеса жазған адамды көрсе-білсе деген бала қиял барынша шарықтайтын.

Әйгілі жазушы Мұхтар Әуезовті алғаш рет университетке түсер кезінде көрдім. Қабылдау комиссиясына барғанымда кездестім. «О, пәлі сен өзің медалист екенсің ғой. Қандай оқуға, қай жаққа барсаң да еркіңде деп, арқамнан қағып, кейіннен мені үйне де ертіп апарды. Содан кейін үлкен мәжіліс залында көрдім. Атағына сай зор тұлғасы бар екен. Биік мінбеге шыққанда кеудесі кең, иығы ірі тұрды. Жазық маңдайы жарқы-

рап, өзгеге ұқсамайтын өзгеше бітім – пішінмен сонадайдан ынтық етеді. Мұхаңды көргендегі алғашқы әсерім осы.

Қарақұрым көп кісінің ортасына тұңғыш түсуім ғой. Оның үстіне Мұхтар Әуезовті көруге, көру ғана емес, лебізін естіп, дәріс-лекциясын тыңдауға жиналдық қой. Осыған жүрегім өрекпіп, залға кірерде аяқты батыл баса алмағанмын. Жұрттың бәрі жапырлап бара жатқанда: «мен жақсы көретін, мен ардақ тұтатын адамға бұлар неге ұмтылады?» деген бір іштарлық, қызғаныш сезіммен қырсыға қалып, кейінгі тұстан орын алып едім. Аңсаған жазушымды алыстан ғана көргенім содан.

Мұхтар Әуезовтің ол күнгі лекциясы КазГУ-дың филология факультетінің бірінші курсындағылардың бәрі үшін, тіл-әдебиет және журналистика бөліміндегілерге түгел ортақ, орысша оқылады екен. Есімде қалғаны – «жалпы ауыз әдебиеті» («общая фольклористика») дейтін атауы. Әйтпесе біресе грек-рим жұртына, біресе үнді-қытай тарихына тартып, біресе көне Мысыр дүниесіне алып кететін ағын судай, ескек желдей лекция екпініне ере алған жоқпын. Сөйтсе де профессор Әуезов тіл-әдебиет бөлімінің жоғары курстарында арнайы сабақ жүргізетінін естіген соң филолог болуға біржола бекіндім. Айтқандай-ақ, университеттің үшінші курсында дәл біздің аудиторияға, тап біздің алдымызға Әуезовтің өзі келіп, дәріс оқуға кірісті. Бұл жолы мен, әрине, ең алдыңғы орындардың бірінде отыр едім.

Мұхтар Омарханұлы жүргізетін курс «Кеңес халықтарының әдебиеті» деп аталады. Қашанда тереңнен қозғап, түптен тартып, мол қарпитын, кең құлашты кемеңгер әуелі украин, беларусь өнеріне біраз шолу жасап, Балтық бойындағы бауырлас әдебиеттерді бір жүйе, Кавказ орайындағы халықтар әдебиетін бір сара сөз етіп болысымен Орта Азияның, көне Шығыстың көркем сөз өрнегіне молынан тоқталды.

Аптасына екі рет бізге дәріс беретін профессор ара-тұра Мәскеуге ұшып барып, Ломоносов атындағы университеттің студенттері алдында шығыстану жөнінен лекция оқып келеді деп естітінбіз. Содан ба, аудитория төрінде кеңестік туысқан әдебиеттер турасында тоқтаусыз суырыла сөйлеп отырған ғұлама-ұстаз ғылыми топшысы мықты, ақиық қырандай көрініп, ұтқыр сөз, ұшқыр ойлармен ұланғайыр Отанымыздың аспанында парлай ұшып жүргендей болып кетеді. Енді бірде тағлым шыңынан, Памирдей парасат биігінен саңқылдап, ақыл тұғыры – Алатауға қонғандай, бірақ үнемі қанат қомдап отырғандай көрінеді.

Орта Азияның «есте жоқ ескі замандардағы» көне мұрасы көмескіленіп бара жатқандықтан ба, соған шәкірттер ықыласын аударғысы келе ме, Мұхаң өзбек, тәжік, парсы поэзиясын тым өзгеше ыждағатпен сөз етер еді. «Шығыстың жеті жұлдызы» деген қанатты сөз барын және оны Гете айтқанын бұрында бір естігенбіз. Сол сөздің шығу төркінін, түп мағынасын Мұхаң бізге айдай айқын түсіндіріп еді. Әбілқасым Рудаки, Әбдірахман Әми, Қожа Хафиз, Шайхы Сағди, Омар Хаям, Низами

Ғанжуи, Әлішер Науаи хақында жас көңіліміз қатты қобалжитындай терең сырлы әңгіме айтып, ауық-ауық ғажайып ғазалдар мен рубаилар оқығанда әлгі ақын-шайырлардың неліктен жыр жұлдызы атанғанын жанымызбен түсінуші едік.

Білім қазынасын біздерге жомарт үлестірген ұстаз бірауық татар әдебиетін талдауға кірісіп, арғыда Ғабдолла Тоқайға тоқталғанда, бергіде Мұса Жәлел жайында тебірене әңгімелейтін. Қошаметке, дәріптеуге жоқ дана Мұхаң тек Иса Байзақовтың өнеріне, Мұса Жәлелдің ерлігіне келгенде мақтау сөзді аямайтынын аңғардым. Ол Мұса Жәлелді жаңа заманның, Ұлы Отан соғысының әрі Ақыны, әрі Батыры деп бағалап, абақтыда азаттық жырын жазған қаһарманның «Моабит дәптері» Лениндік сыйлық алғанын ардақтап, озық шыққанын баса көрсетіп, батыл айтатын. Өзінің Лениндік сыйлықтар жөніндегі комитетте атқарған қызметін аз-кем сөз етіп, комитет мәжілісінде Мұса Жәлел шығармашылығы туралы негізгі баяндамашы болғанын, жауынгер ақынды жақтап бір дауға түскенін сәл сыр қылып шерткені бар. Мұса Жәлелдің «Тұтқын» дейтін өлеңін орысша, татарша жатқа айтқаны, қазақшалап өткені есімде. Осы өлеңнің мазмұнына кейбір кісілер күмән келтіріп: «мұнда сарыуайым сарыны бар. Тұтқын өлгенмен оның совет еліндегі баласы неге жетімек болмақшы?» деп кінә тағады. Сонда Мұхтар Әуезов жауынгер ақын Мұса Жәлелдің жаудан ықпаған, жазадан тайсалмаған өршілдігін өзге жырлары арқылы дәлелдеп, ал мына егіз шумақта әкелік сыр, аянышты күй бар екенін, дар алдында кімнің де болса көңілін мұң шалуы мүмкіндігін, шынайы поэзияға тән шыншыл сезім солай болу керектігін барынша түсіндіріп бағады. Осыны бізге айтқанда өз еңбегін, өзі жеңгенін көрсету үшін емес, өнер туындысын түсіне білу жайында ақыл-кеңес бергендей, жақсы дүниені жан салып қорғау қажеттігін ұғындырғандай, батылдыққа баулығандай еді. Осы әңгіменің әсерімен Мұса Жәлел жырларын іздеп тауып оқып, «Моабит дәптерінің» қастерлі сырына қанықкан едім.

Төртінші курста Мұхтар Омарханұлын бір семестр бойна армансыз тыңдап, айызымыз қанған. Біздің аудиторияға, Әуезов лекциясына басқа факультеттің, өзге курстың студенттері де келіп, даналық дариясынан сусындайтын. Академик Мұхтар Әуезовтың «Абайтану» атты ұзақ дәріс, үлкен толғауы кемеңгер ақынның бүкіл творчествосын, бүтін болмысын толығымен көрсетіп, күрделі тағдырын, қиын сырларын түбегейлі түсіндіретұғын. Мысалы, «Адасқан күшік секілді ұлып жүртқа қайтқан ой», «Көзге қамшы тигендей шырайналды артқы жас» немесе «Атадан алтау, анадан төртеу» дейтін бейнелі де астарлы сөздердің мәнісін ашып бергенде: «ойбай-ау, бұрын не оқып жүргеміз өзі?!» деп таңырқайтынбыз. «Айттым сәлем, Қаламқас», «Көзімнің қарасы» өлеңдерін жастықтың жалын күйін, ыстық ынтызарын тұспалдап жеткізбей, тура тоқпақтап айтқаны үшін сынай бастағанда Абайды мінеген тосын

пікірден абдырап та қалғанбыз. Соның артынша: «Қызарып, сұрланып, лүпілдеп жүрегі» дейтін өленді баяу оқып, баппен талдап, таратқанда «Дем алыс ысынып, Саусағы суынып» дерліктей, біздің кеудемізге де «Жан рахат бір сәуле» құйылғандай болар еді.

Бір семестр дәрістің соңында Мұхаң бізге Абай поэзиясын түрлі тақырып бойынша талдатып, шағын зерттеу жұмысын (реферат) жаздыртты. Мен «Абайдың табиғат лирикасының мән-мәдениеті» деген тақырыпты таңдап алып, жаңашыл ақынның жаз бен қысты шынайы жырлаудағы тапқырлығы туралы өз түсінігімді қағазға түсіріп едім. Соны ғалым-жазушының көзінше, көпшіліктің алдында дізем дірілдеп тұрып оқыған сәт әлі күнге жадымда.

Университетте оқып жүргенде драма үйірмесіне қатыстым. Үшінші курста Мұхтар Әуезовтың «Айман-Шолпан» комедиясын қоюға кірістік. Маған қуақы Жарас рөлі тиді. Сол тұста атақты комедияның жаңа варианты жарияланған-ды. Ал бұрынғы нұсқасын қалай, қайдан оқысақ екен? Режиссеріміз маған лекция арасында Мұхаңа жолығуды, «Айман-Шолпанның» әуелгі нұсқасын сұрауды тапсырды.

Жүрексініп, әзер жақындап барып, бұйымтайымды айтып едім, Мұхаң тым жылы шыраймен тыңдады. «Ә, «Айман-Шолпанды» қойғалы жатсыңдар ма? Дұрыс! Ол өзі комедия ғой» деп, сол жерге үйіріле қалған студенттерге күлдіргі шығарманың түр-түрі болатынын айта бастады. «Комедия характеров, комедия вещей, комедия положении» деп, орысша сөйлеуі есімде қалыпты. Сосын маған үйіне таңертеңгілік телефон соғып біліп тұруды, сәті келгенде бір уақыт белгілейтінін, мен сол бойынша баруым керектігін айтты. Ақыры мұның сәті 1957 жылдың 27 декабрінде түсті. Сәскеде, сағат он бірде барып, Мұхтар Әуезовтың үйінде, жұмыс кабинетінде болдым, суреттерден көпке танымал жазу столының жанында отырдым. Соны мақтаныш көремін.

КЕМЕҢГЕРІМ

Өмірде бір нәрсе білсем егер,
Кім асыл сөз айтса, сол кемеңгер.
Көңілімді көркейтіп, баурап әр кез,
Тербейді терең ой, бейнелі сөз.

Ай жүзген айдыным, асқар белім,
Даланың сезем самал лебін.
Бір мезгіл кәусардың дәмін татып,
Мұхаңды оқудың өзі бақыт.

Ең биік жұлдызым, ең асылым,
Біздермен ғажайып сырласуың.

Адамзат сүйсінген сөзің алтын,
Менің де мерейім – асқан даңқың.

Әлемге әйгілі Кемеңгерім,
Айтайын дегенім тойда менің:
Сіздей жан тудырған қазақ елі,
Не деген бай, жомарт, ғажап еді!!!

«Айман-Шолпанды» университеттің сахнасына шығарып, екі күн ойнадық. Мұхаңды алғаш көрген аяулы акты залы ғой. Комедияның айтқыр тіл, өткір әжуасына өзіміз де тәнтіміз, көрермендер де мәз. Ойынымызға арнайы шақырып едік, автор келе алмайтын болды: Мұхаң Америка сапарына аттанбақшы екен... Сол сапардан оралысымен университетте үлкен кездесу кешін өткізгенін айтар болсақ, әңгіме созылып кетпекші.

ҚазГУдың студенттері, болашақ педагогтар Қаскелең орта мектебінде практикадан өтіп жүрген кез. Сонда курстас жолдасыма жетекшілік етіп, «Абай» трагедиясын мектеп сахнасына шығаруға күш салдым. Өзім Жиренше рөлінде ойнап: «Тағы да келіп тас қияда қағысып тұрмыз» деп, қамшыны бүйірге тіреп, жұдырық түйгенім бар. Бала кезде Жылгелді мұғалімнен көргенімді өзімше түрлеткенім ғой. Ең бастысы: Мұхтар Әуезевтің «Абай» трагедиясын аса қымбат, асыл жауһар санайтыным, жаныма ерекше жақын балайтыным. Бұл үздік драматургиялық туындыны сахнадан көріп қана қоймай, оңаша отырып, айрықша ләззаттанып оқуға лайық. Мұхиттай терең ойлы Мұхтар Әуезовтың кітабын оқу, қызығына бату – қаламгерді қастерлеудің айқын белгісі. Қайран Мұхаңның дана бейнесі, дархан жүрегі әрдайым еске түседі.

Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленин туы» газеті.
№187. 26 сентябрь 1987 жыл

Иә, 1987 жыл. Бұл жылы Жарасбай Нұрқановтың 50-жылдық мерей тойы аталынып өтті. Жолдас-жораларынан, курстастарынан, өзі автор болған аудандық, облыстық, республикалық басылымдардан Құттықтау жеделхаттары келіп жатты.

Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының секретариаты ақын Жарасбай Нұрқановтың 50 жасқа толуына байланысты құттықтау жолдады. Онда былай делінген: «Құрметті Жарасбай! Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының секретариаты, барша қаламдас достарыңыз Сізді 50 жасқа толған торқалы тойыңызбен құттықтайды.

Сіздің қаламыңыздан туған «Қаракөздер», «Нұрлы терезе», «Алтын десте», «Арманым менің» атты кітаптарыңызбен оқырман қауым жақсы таныс. Сіздің өленderіңіз жылылығымен көңілге ұялайды. Балаларға

арнап та тәтті жырлар жазып жүргеніңізді білеміз. Сондай-ақ көркем аударма саласында да жемісті еңбек етіп келесіз.

Құрметті Жарасбай! Елу – ердің жасы. Творчестволық толысқан шағыңыз. Қаламыңыздан әлі де қабырғалы шығармалар күтеміз. Осынау той үстінде Сізге зор денсаулық, творчестволық табыс, ұзақ ғұмыр тілейміз».

Құрметті Жарасбай!

Сөз маржанын тізіп, өлең мен очерктің майын тамызған жүйрік қаламыңды өзіңнің сүйікті газетің «Коммунизм нұрының» бетінде он жыл бойы бізбен бірге сілтеп, оқырман қауымның ыстық ықыласына ие болдың. Газет редакциясы сенің «Қара көздеріңді», «Нұрлы терезеңді» самғатқан, творчестволық бағдар берген, қаламыңды ұштаған ыстық ұя еді. Өйткені сенің тұңғыш кітабың – «Қара көздер» атты өлеңдер жинағың, газет редакциясының қабырғасында жүргенде дүниеге келді.

Сен ақындық өнер мен журналистік қабілетіңді қадыр тұттың. Ұстаз бен шәкірт, механизатор мен малшы, кітапханашы мен әнші жайындағы очерк, мақалаларыңды жұртшылық әр дайым жылы қабылдады. Халық шаруашылығының сан саласындағы сан мамандықтың осынау ардагер адамдары сенің ақындық жыр, толғауыңа, жақсы очерктерің мен ойлы мақалаларыңа арқау болды. Қызықты хабарлар мен «Түйреуіш» бетіндегі әзіл-сықақтарыңды да журналистік шабытты ойдың шын мәніндегі игі жемісі дейміз. Сол жеміс тәтті бола берсін. Сол жеміс сәтті бола берсін.

Облыстық «Коммунизм нұры» газеті
Редакциясының коллективі.
Целиноград, 30 апрель 1974 жыл
(1974 жылы Жарасбай Нұрқанов
«Социалистік Қазақстан»
газетіне қызметке ауысты.)

Ж. НҰРҚАНОВТЫҢ ДИПЛОМ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ

1

Жарасбай Нұрқановтың диплом жұмысының тақырыбы – «Ілияс поэзиясындағы ән-күй»

Бұл – Ілияс поэзиясының өзекті саласы, Ілиястың творчествосы туралы жазылған ірілі-уақты зерттеу-сын жұмыстарында азды-көпті болса да, әрдайым сөз етілетін тақырып. Бұл жөнінде бұрын да бір диплом жұмысы жазылған. Ж. Нұрқанов сол еңбектердің бәрін де өз керегінше пайдалана отырып, сонымен бірге, солардың бәрінен бөлек, соны, жаңа жұмыс жазған. Өз ой елегінен өткізіп барып, өз толғамымен тың туынды туғызған. Күрделі тақырыпты толық меңгерген.

Дипломант Нұрқанов – бес жыл бойы үздік оқып келген студент. Ғылымның әр саласынан көп оқып, көп тоқыған жас. Музыкадан да мол хабардар. Жазу ісіне, зерттеу жұмысына талабы зор-ақ, қаламы да қанатсыз емес. Әсіресе, айтар ойын анық жеткізуде дәл тауып, тап басатын өз сөзі бар. Ойы ұтымды болумен бірге, тілі тартымды келіп отырады.

Жарасбайдың өзінің де өлең жазатыны бар. Ілиястай ағаларының әсерімен жазылған «Домбырашы досыма», «Күйші жігіт» деген өлеңдері әдейі сөз қылуға тұрарлық.

Сондықтан бұл диплом жұмысы көп ізденгіш, ойлы студенттің ғылыми зерттеу еңбегі болумен қатар, музыканы білетін, сүйетін, поэзияға бейім жастың сол музыканы білген, сүйген, поэзия тіліне түсірген Жансүгіров жайлы өз ойы, пікірі, әсерлі сезімі болып шыққан, ақын ақын туралы қызғылықты әңгіме шерткендей.

Рас, «қанаты бүтін сұңқар, тұяғы бүтін тұлпар болмайтындай» немесе жақсының аз міні де көп көрінетіні секілді, жас қаламның жаңсақ басқан жерлері болуы мүмкін. Оны сыншы-төрешінің таразысына тастадық.

Доцент **Б. КЕНЖЕБАЕВ.**

9 май 1960 жыл

(Жарасбайдың диплом жұмысы туралы қол қойылған құжатты, жеке архиві ішінен алдық. Өкінішке қарай Дипломдық жұмысы кісі қолында кетті).

НҰРҚАНОВ ЖАРАСБАЙДЫҢ ДИПЛОМ ЖҰМЫСЫНА МІНЕЗДЕМЕ

Тақырыбы: «Ілияс Жансүгіровтың поэзиясындағы ән-күй тақырыбы», 49 бет.

Ән-күй адамның рухани азығы. Сондықтан ән-күй тақырыбы халқымыздың ауыз әдебиетінен де қашаннан кең орын алып келеді.

Ауыз әдебиетте ән-күй тақырыбын тербейтін ертек-аңыздар да бар.

Музыканың күшімен жұртты ұйықтатып тастау, немесе қатал адамның мінезін жұмсарту секілді музыканың тамаша күші әңгіме болады. Қаралы адамға музыкамен көңіл айту да ел дәстүрінде болған.

Музыканың эстетикалық-философиялық мәнін терең жырлаған Абай.

Жансүгіров творчествосында ән-күй өз алдына рухани күш, эстетикалық тұлға, халық өмірінің сыршысы, мұңшысы болып сипатталады.

Музыка, музыкашы жан жанжақты, зор тұлғалы болып көрінеді.

Дипломант Ж. Нұрқанов Жансүгіровтың санқұбылалы, кең көлемді, терең мәнді, көркемдік құдыреті мол шығармаларын (ән-күйге арналғандарын) терең, ішкі сырын айқын аша, жете талдайды.

Талай оқып, талай сүйсінген өлеңдер, поэмалар дипломанттың талдауында, салалауында көп қырларымен, мол бояу, ғажайып сәулетімен оқушыға жаңаша, жаңғырығып танылады.

Жарасбай жазу үстінде көптеген шығармалар оқыпты, эстетика, музыка жөніндегі білімі баи түскені көрінеді.

Нұрқановтың берген анықтамалары, пікірлері дұрыс, әділ.

Диплом жұмысы **ӨТЕ ЖАҚСЫ** деп бағалауға тұрарлық.

Рецензент **доцент Т. НҰРТАЗИН**

9 май 1960 жыл

(Шіркін Жарасбайдың сол дипломдық жұмысын көрсек қой. Әттең... Ертеректе, 70-ші жылдары журналист Қ. Тайкенов Жәкеңнің осынау еңбегін бір көріп шығайын деп сұрап алып еді. Содан ол кісі қайтарған жоқ. Кейін өзі де өмірден озды. Өкініштісі осы.)

ІЛИЯСТЫҢ «КҮЙШІСІ»

1929 жылы «Күй» поэмасы жарияланғанда, Ілияс Жансүгіров өзге қазақ совет ақындарынан өзгеше боп көзге түсті. Ал 1934 жылы «Күйші» поэмасы жарыққа шыққан шақта, жырға құмар қалың оқушы жұртшылық та, қаламдас жолдастары да Ілиястың талантты ақын екендігіне әбден ден қойды.

«Күйші» поэмасының бас кейіпкері – күйші жігіт, қолында домбыра. Қазақтың ғажап күйлерін шебер тартатын Сары-Үйсіннің бір ұлын алдына алдырып, хан Кене думан жасап отыр.

Күйшінің қошаметке көңілі тасып,
Бес бармақ маймаң қақты перне басып,
Толқынтып тоқсан күйді дүрілдетті,
Көңілді бірде шымшып, бірде қасып.

Бірақ күйші алғыс орнына қарғыс алғандай болады. Арқадан ауып келе жатса да әмірі зор Кенесары жазықсыз жанды құлдыққа бұйырады:

Осы ма сұрағаның, Қарашашым?
Қаласа, қалағанын алсын. Алсын!
Үйсіннің ерулігі болар бізге,
Бергенім басыбүтін байлап басын!

Сөйтіп азат басқа ноқта кигізіліп, ханшаның отауына құл боп кіреді күйші. Бірақ өзімен бірге ол от ала келіп, осы отауда ойранды өрт туғызады.

Рас, ханның сұмдық жарлығынан қалтыраған байғұс оңаша отауда аппақ сазандай аруды көріп абдырайды әбден. Әсіресе «Тарт, күйшім!» деп Қарашаш алғаш жарлық еткен кездегі жігіттің халі мүшкіл-ақ.

Музыкалық шығарма өз басынан екі бірдей творчестволық актіні кешіреді: шығарылуы және орындалуы. Өзі бұрын шығарғанын өзі қайталап орындап отыру, немесе біреудің шығарғанын басқаның орындауы – үйреншікті жағдайлар. Кейде шығарманы шығару сәті мен орындау шағы бір мезетке кеп қалатын жәйі бар. Ол музыкалық импровизация болады. Халық ақындарының бойында көп кездесетін бұл қасиетті Ілияс халық музыкантына да тән етіп, тауып кеткен. Үйсіннен шыққан күйші қазір осындай халде отыр. «Қаздаң қаққан» саусағынан көкейтесті мұңын шаққан жаңа күй төтеннен төгіліп, туып жатыр.

...Дәмденіп шерлі күйі сылқылдады,
Жалынған жалынды бір жыр тыңдады.
Жыбырлап, сыбырласып бір тәтті күй –
Ханша домбырадан сыр тыңдады.

Иә, бұл – ерек туған, бөлек тұрған күй болды. Ертеңді-кеш бір тілмен қаңқыл қағып, бір ғана сырды шертті. Ақыры өз дегеніне жетті: ементей Қарашашты еріксіз иілдірді. Арудың асқақ көңілін домбыраның шанағына қондырып, көздеп атар жерге әкелді.

Апырмай, неткен жігіт күйі тәтті?
Күй бар ма екен күйігі мұнша қатты?

Өмірдің бар қызығы домбыра екен!
Жалмап жеп, жүрегімді қайда тартты?

Тіпті, күй әсері сонша, кердең ханша күйшіге құмартып, құлап түскелі отыр. Бірақ оның өр көкірегінде бұдан бұрын ұялаған ұғым бар. Ол – таптық сезім, хан затын қараламау, сұлтан сүйегін сындырмау деген салт-сана, сондықтан да:

Не болды? Ауырдым ба, жындандым ба?
Жоқ әлде түңлік жауып ұрлармын ба?
Төсіме құл басымен шықса мынау,
Сүйекке кетпес таңба ұрмаймын ба? –

деп ес жиып, жан шақырады.

Осы поэмада Ілиястың өз поэзиясының айқын ерекшелігі, сондай-ақ қазақ поэзиясына әкеп қосқан зор үлесі айқын көзге түседі. Ол – ақынның жалаң уақиға қуып, жадағай шаппай, қаһармандарының ішкі дүниесіне үнемі үңіліп отыруы, әр алуан әрекетіне байланысты сан алуан адамның жан құбылысын, көркем суреттеп көрсете білуі, яғни, Ілияс поэзиясындағы психологизм.

Дүйім жұрттың думандатқан өнерпаз міне, ермекке айналған еріксіз қызметші болып отыр. Көпшіліктің қошаметіне тасыған көңіл – хан зорлығымен басынған көңіл. Қыз отауының жайнаған жиһазына тамсану – өзінің жаман шекпеніне құсалану. Домбыра тарта алмай тантыраутыңнан тасытып күй төкті. Кер маралдай керіліп жалғыз жатқан қыз, ұмтылған асау сезім. Ертелі-кеш қыңқылдаған домбыра, бірде жалын, бірде мұз болған сырлы сезім. Бір ғана күйші басында біз түгел санап тауыспаған осыншама өзгеріс, құбылыс бар. Ал Қарашаш көңіліндегі ала-сапыран ақ боран ше? Қатыгез болғанымен, қара тас емес Қарашаш. Жас жаны, жастық жалыны бар. Еркекшораланып ел билегенмен, кеуде соққан лүпіл қаққан жүрегі бар. Алайда оның ұғымы уланған. Қандайлық мол құбылыс, қаншама жан толқынысы! Міне, осының бәрі жыр жібі болып ширатылып, өлең ермегімен тоқылған. Ия, бір шығарманың бойына осыншама сезім сілкінісін сыйғызу, соның баршасын жұрт сүйсінгендей суреттеп шығу Ілиястай ірі ақынның ғана қолынан келмек. Біресе бері шалқып, бетіңді шарпып, біресе әрі толқып алаулаған жел ұйытқытқан даланың оты болушы еді ғой. «Күйші» поэмасын оқып отырғанда соны сезінесің.

Ілиястың бұл поэманы жазудағы алға қойған бір мақсаты – халықтың даналық өнері мен дарынды өкілін дәріптеу. Бұл үшін ақын ауыр да абзал әдіс таңдаған. Қаһармандарын қарапайым қалпынан бұрқ-сарқ еткен, тіпті, диуаналық халге жеткізетін, оқырмандарының ой-сезімін дауыл кеулегендей ұйқы-тұйқы ететін жол іздеген. Ақырында әлеуметтік жағдайлары алшақ жатқан өнерпаз жігіт пен орбике сұлуды жолықтырып, тілдері – күй болып, арадағы жеңгелікке домбыраның жүруі ақын-

ның психологиялық жәйіттері мол қамтылып, құбылта суреттеуіне қолайлы келген.

Абайдан кейінгі ақындар арасында адам психологиясын сөзбен берудің анық шебері – Ілияс болса, «Күйші» поэмасы – сол шеберліктің шырқау биігі. «Күйшіні» – эпикалық-романтикалық поэма деумен қабат, психологиялық повесть деу қажет. «Күйші» поэмасымен Ілияс ақындық мәдениетімізді шырқау биікке көтерді. Бейнелі тілмен айтқанда шығыстық зерлі шапанға қоса, европалық қырлы костюм кигізді қазақ поэзиясына.

Жарасбай Нұрқанов,
мұғалім

(Шал ақын (Сергеев) ауданы, Солтүстік Қазақстан облысы. 29 мамыр, 1964 жылғы «Тың өлкесі» газетінен алынды. (Осы мақаладан кейін Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, белгілі қаламгер, қоғам қайраткері Сафаржан Хайдаров Жарасбай Нұрқановты «Тың өлкесі» газетіне қызметке шақырған еді.

Кітап әлемінде

АЛТЫН ДЕСТЕ ЖЫРЫ

Өлең өлкесінде өз өрнегін салуға ұмтылып, жүрек жылытар жақсы жырларымен оқырман көңілінің күмбезіне көтеріліп жүрген ақындардың бірі – Жарасбай Нұрқанов үшінші кітабын ұсынып, поэзия достарын тағы бір елең еткізіп отыр. Осыдан бұрынғы екі жинағында ол қаламының қарымын танытар талаппен көзге түсіп, үміт отын маздатып тастаған еді. Енді, міне, кезекті кітабында сол оқырман сеніміне тағы да мол ұшқын тұтатып, ақындық қадамының нық алымын айқын көрсеткенін алдымен атаймыз. «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Алтын десте» өлеңдер жинағы Жарасбай Нұрқановтың арналы тақырыптан тағы да айнымағанын аңғартады.

Бұдан бұрынғы жинақтарында ақын туған жер тақырыбын өзгеше тебіреніспен жырлап, перзенттік махаббатын ыстық толқынды өлең шумақтарына өрген еді. Оның атамекенге арнаған көп өлеңдері әсем әсерімен оқырман жүрегінде жатталып, күмбір қағатыны анық. Сол дәстүрді жалғастырып, ақын жаңа жинағын «Алтын десте» деп орынды атаған. Бұл атау, біріншіден, оның өзі тұратын дархан өлкенің айшықты есімі болса, екіншіден, ақынның асыл арманы іспетті.

Танаптың тартқан сымдай дестелері,
Алапты айрықша бір кестеледі.
Өлеңім жал-жал болып түссе солай,
Мен өзге тілемес ем ештеңені, –

деп алғашқы шумақта өзіне биік мақсат қойған Жарасбай туған жерінің кербез келбетіне тамсана көз тастап, толқынды жыр тербейді. Ол сары алтын түсімен түрленіп, қоңыр күзде ырыс-берекесін ақтарып жатқан дархан даласын мақтан етеді. Сол тың төсінде еңбек күйін шалқытқан диқан батырдың құрыш қолын қысып, оның даңқын аспандата ән етіп асқақтатқысы келеді. «Қадырлым», «Бидай», «Қос басында», «Береке бояу», «Шебер», «Асыл» деп аталатын өлеңдердің өзі тың тынысынан леп соғып тұрғандай. Бұл жырларында Жарасбай диқанды дүниедегі ең қадырлысы, бадана дәнді әлемнің асылы деп біліп, күзгі даланың құлпырған береке бояуына ғашық жүрекпен толғана көз салады.

Судыр-судыр дән теңіз толқындарын,
Алтын күзде армансыз мол тыңдадым.
Мен осынау танаптан тапқандаймын,
Поэзия, парасат, ән, күй – бәрін, –

деп, шыншыл сезімін шерткенде ақынның ыстық көңілі еріксіз бауырайды. Ол «Ер диқанның ойнайды жүзінде алау, кемесінде – шоқ жұлдыз, қызыл жалау» деп дала батырының өр тұлғасына қызыға қарайды. Оның поэтикалық бейнесін жасап, асқақ рухына, қаһарман қайратына сүйсініп, шұрайлы шумақтармен кестелейді.

Диқан десе жыр жазбай тұра алмаймын,
Тұтқиылда ұйқаспен ұрандаймын.
Қашан көрсем, қағылез келбетіне
Тамсанамын – тәттіге құмардайын, –

деп, ақын қалаулы кейіпкеріне разылығын жасыра алмайды. Дән теңізі тулаған дала, сол дала дүбірін жосылтқан диқан ол үшін шабыттың қайнары іспетті. Бұл тақырыптарды тербегенде ақын арқаланып ойдың нәрлісін, кестелі сөздің әрлісін іздейді. Бейнелі теңеулер, бедерлі тіркестер, ұшқынды ұйқастар ұршықтай үйіріп, мәнерлі маржандай жарқырап, қиыннан қиысып жатқаны да оқырман ықыласын жылы сезіммен шымырлатады.

Жинақтағы өлеңдердің тақырып ауқымы тың дала дидарынан сәулеленген сезіммен ғана шектеліп қалған емес. Мұнда жастық жайлы («Жігерлі жастық», «Менде сенің рухың», «Мәңгі жас»), достық туралы («Төрлетіңдер, бауырлар») тәуір туындылар бар. Жарасбай өз көңілін толқытқан жайларды өлең өрнегіне түсіргенде әрқашан оқырман талғамынан табылуды мұрат санап, жүректе жаттала жаңғыратын күміс сыңғырлы кестелер төгеді.

Әрине, өлеңнің қадірі әрқашан да селт еткізер сонылығымен, зәредей болса да жаңалығымен, өзіндік бояуымен дараланса қымбаттай түсері анық. Осы тұрғыдан алғанда Ж. Нұрқановтың ізденімпаздығы көркемдік өресіне ұмтылысы байқалады. Ол ойларды, тіпті ұйқастар-

ды өмірдің өз құбылыстарынан іздеп, өлең жолдарын жандандырып, түрлендіре түсуге құштар. Мәселен, ақын алтын десте, бадана дән, алау жүзді диқан, қызыл жалау сияқты даланың күзгі айқын бедерлерінен толымды-толымды ойлар сабақтап, әдемі жырлар шумақтайды.

«Алтын десте» беттерінен даланың ерке самалы есіп, дән иісі, диқан қайратының қызуы жеткендей болады. Бұл ақын шеберлігінен туған жақсы сезім болса керек. Осылай дей тұра, жинақты кемшіліктерден мүлде ада деп айтуға болмайды. Ақынның әлі де іздене түсуін, маңдай терін моншақтатуын қалайтын мүкістер кездесіп қалады. «Целиноград», «Екпін» тәрізді өлеңдері оқырман тұшымына татымай тұр. Кейбір жерлерде ақындық жалынның жетпей жатқандығы байқалады.

Сайып келгенде ақын Жарасбай Нұрқанов оқырман қолына өзінің тағы бір перзентін ұсынып, «Алтын дестесімен» жыр танабында жемісті еңбек жалауын көтеріп жүргенін атауымыз абзал. Ақынның жаңа жинағы бізді жарқын сезімдер жағалауына жетеледі.

Бақыт МҰСТАФИН,
қаламгер

«НҰРЛЫ ТЕРЕЗЕ»

Жүрекке жылы тиер жақсы жырларымен өлеңқұмар қауымның көңіліне от тастап жүрген талапты жастардың бірі – ақын жерлесіміз Жарасбай Нұрқанов тырнақалды тұңғышы «Қаракөз» жинағымен поэзия өлкесіне үміт жалынын лаулата келіп еді. Оқырман ортасы, енді міне, жас ақынның «Нұрлы терезе» атты екінші жинағын қолға алып отыр. «Елім бар мен дегенде еміренген, мен бармын ел дегенде тебіренген» деп қалам сермеген Жарасбай жыр өрмегінің арқауын алуан тақырыптан тартады. Ақын жаны сергек те сезімтал. Айнала дүниеде болып жатқан талай оқиғалар, сан өзгерістер, өскелең өмір құбылыстары, табиғат тамашалары да оны тебіреніс тұңғиығында толғандырып, ой тереңіне шомылтады.

Жауаптылар жалпыға, жалғыз ерге,
Жетекшілер қамқоршы әрбір жерде.
Талаптанған жастарды талпындырып,
Даңдайсыған жандарды салар тезге, –

дейді ақын екпінділер тұлғасының асқақ айбынын, асыл қасиетін паш етіп. Осынау от жүректі, нұрлы мұратты ғажап жандардың заңғар бейнесін жыр жолдарының лепті пернелеріне әрлі де нәрлі бояулармен түсірген, салмақты ой, серпінді саз бар.

Туған жерді жырлағанда ақын тұлеп сала бергендей арқа бітіп, арын тауып, желдірте жөнеледі. Осы тұста ол салқар сахарасының кең құ-

шағында қайнап жатқан жойқын еңбекті, небір ғаламат жаңалықты, шалқыған байлықты шабыттана жырлайды.

Күркіреп күннен бетер Байқоңыры,
Даламнан басталады Ай жорығы, –

деп мақтанышпен мәртебесі бір көтеріле көсіле сөйлесе, енді бірде құрыш қол диқан дүлділдердің мерейін асыра жыр кестесін сабақтайды.

Даламыздың қожасы – диқандарым, дарқаным,
Жасап жатсың ертеңгі байлығымның бар қамын,
Сен бастаған қара пар мақпал десе пара-пар
Маржан тағып тастадың кеудесіне Арқаның. –

Осындай сәтті шумақтар «Сағыныш саздары» атты топтама өлеңдерде мол ұшырасқанына сүйсінесіз. Ақын қыстығып, қымтырылмай, туған жерге арнаған сағынышын еркін төгіп, жібек жіптей есілтіп өреді. «Көктем эскиздері», «Балаларға базарлық» сияқты топтамаларда тілге жеңіл, ойға орала кетіп, көкірекке шоқ түсірер жырлар баршылық. Жарасбай балаларға арнап өлең жазғанда олардың сана-сезім, таным түйсік дәрежесін қатты ескереді. Онысы, әрине, өлеңнің ойлаған жерден шығуына септік тигізіп тұрғаны анық. «Жаңа пима», «Шырша түбінде», «Көкше мұзда» тәрізді өлеңдер оқуға жеңіл, балалардың қабылдауына, жаттауына да оңай.

Жинақтағы өлеңдердің бәрі дерлік шағын қысқа. Ақын шұбалаңқылықтан, сөзбұйдалықтан, бос шешендік тілмарсудан аулақ. Мұны жас талапкердің жақсы ұстанған дұрыс жолы деуіміз керек. Ж. Нұрқанов айтар ойын барынша ықшам, көркем жеткізуге ден қояды. Осы арада айта кеткен орынды, ақынның қысқа жазамын деп ойды шолақ қайыруға әуестік етпегені де ләзім.

Ақынның күрделі еңбегі «Нұрлы терезе» поэмасы. Солтүстік Қазақстандағы бір ауыл өмірінен алып жазылған бұл туындысына Жарасбай бүгінгі дала еңбеккерлері жан дүниесінің рухани байлығын, адамгершілік биік парасатын, білімпаздығын көрсетпек болған. Мұндай кең ауқымды тақырыпты шағын поэмада игеру қиын-ақ. Әйтсе де сол қиындықтан қаймықпаған ақын қайраты құптарлық. Поэманың оқиғасы да жұпыны. Түн ішінде жолаушылап жүрген екі қонақ ауылдың бір үйіне түстенеді. Ауыл үйі болса да қалалық пәтерден бір кем емес. Тамаша сәнмен түгел жайнап тұр. Үй иесі сұлу келіншек қонақжайлық ғұрыппен жолаушыларды жылы қабылдап, қымыз ұсынады. Төргі бөлмеден жұбайы Нәзір де шығып қол алысады. Қымыз ішіп отырғанда әлгі Нәзір. «Таптым!» деп оң шекесін ұстай алып, бөлмесіне жүгіреді.

Тұнып тұр шағын бөлме аспаптарға,
(Білмеген кісіге одан басқа ат бар ма?)

Негізі, біздің Нәзір дихан-ғалым,
Ұмтылған ұланғайыр мақсаттарға, –

дейді ақын басты кейіпкерін таныстырып. Сірә, ол сол отырғанда бір жаңалық ашқанға ұқсайды. Автордың ойы, мақсаты, мұраты. Ауыл адамының да бүгінгі биік моральдық бейнесін жасау ақын үшін үлкен азаматтық парыз болмақ. Бірақ, Жарасбай өз поэмасында кейіпкерінің жан сезіміне, шын мәніндегі парасатына бойламай, сырттай ғана қызықтаумен тыныпты. Сондықтан да поэма келте пішіліп, кейіпкерлер тұлғасы көрінбей тұр. Асылы, ақын осы дүниелігіне қайта оралып, ауыл өмірін жіті зерттей түссе, тәп-тәуір туынды төбе көрсеткелі тұр.

Әдетте Жарасбайдың жырлары ырғақтылығымен, әуезділігімен, көркем бояуларымен, әсем теңеулерімен баурап отырады. Мына жинақта да сол қасиеттер ашыла түскен. Дегенмен кейбір өлеңдерінде ақынның ескі шатырларға бұрылып кете беретіні өкінішті. «Айға жақын көрмегелі ауылды ер, алмасын деп, – аз егінді жауын, жел» деп мадақтайды комбайнерді. Мұнысы көкейге қона қоймайды. Осындай аракідік кемшіліктер кездескенмен де жас ақынның жаңа жинағын оқырман достары ілтифатпен қабылдап, ілгеріде де сәттілік тілейді.

Алда әлі биік беткей, бөктер белең,
Атандай алып жонды шөккен ерен, –

деп ақынның өзі айтқандай оның алдында әлі талай-талай белесті асулар тұр. Жас ақынның қарымды қаламы таймай, өнер өресі биіктей берсін.

Бақыт МҰСТАФИН
«Ленин туы» газеті,
29 август, 1972 жыл

Есімі ел есінде

СОҢҒЫ СҰХБАТ

2011 жылдың 26 күні «31 мамыр Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» күні қарсаңында Қазақ радиосының журналисі Жарасбай Нұрқановтан интервью алған еді. Әңгіме өрісі «1937-жыл – «Ерте солған гүлдер» өлеңіне байланысты өтті. Бұл шығармаға Ерсайын Нарымбаев музыка жазған, ал орындаған «Астана-опера» театрының әншісі Азамат Жылтыркөзов болатын. Тарихи киноленталар фонында түсірілген шығарманың тұсаукесері «Алжир» музейінде өткізіледі деп жоспарланған. Азалы жырдың авторы Жарасбай Нұрқановқа шақыру қағазын «Алжир» музейінің аға ғылыми қызметкері Жанбота Тасболатұлы үйге әкеп, Жәкеңнің өз қолына табыстаған-ды. Бірақ оның осы іс-шараға қатысуын

аллатағала жазбаған екен. Тағдыр... Сол күні таңғы сағат 7-ге бес минут қалғанда көз жұмды.

Қазақ радиосының журналисі Мұқат Қожахметұлы 31 мамыр күні ақын Жарасбай Нұрқановпен болған сұхбатын, ақынның өмірден өткендігін ести сала, хабардың ашылуы мен жабылуын дереу өзгертіп, қаралы хабарды «Соңғы сұхбат» деп атап, радиотыңдаушыларға ақынның өмірден өткендігі жөнінде әуе толқынынан естіртеді. Сол сұхбат мәтіні төмендегідей:

– Әуе толқынында «Қазақ радиосы». Ассаламағалейкум қадырлі радиотыңдаушылар. Микрофон алдында журналист Мұқат Қожахметұлы.

Отыз жетінші жыл,
Қасіретім бұл!
Тарқамайтын шер,
Айықпайтын мұң.
Гүілдейді жел,
Мүжілгендей тас.
Көңілімізде шер,
Көзімізде жас...

осындай өлең жолдарының авторы Жарасбай Нұрқан осыдан небәрі бір апта бұрын ол кісінің құтты шаңырағында отырып, екеуара әңгіме-сұхбат өткізген едік. Бірақ бұл біздің алғашқы әрі соңғы кездесуіміз болатынын кім білген. Әлгі дәм – ғайып, дидар – ғайып, өлім – ғайып деген сөз, сірә, осындайда айтылса керек. «Қарыс жерде қаза бар» деген рас. Қашанда пенде шіркінді қапыда қалдырып кететін қарабет ажал сол сәтте жақындап қалғанын ақ көңіл ақын сезбеген болар. Олай дейтінім сырқаты жанына батып отырғандығына қармастан өткен-кеткеннен сөз қозғап, ағынан жарылып, әңгіме айтып, ентігіп отырып, елеулі өлең оқып еді. Бәлкім пәни жалғанмен қоштасар сәтте ақынның соңғы рет бойжасағаны шығар. Өкінішті... Иә, өмір бар жерде – қаза бар. Ажалдың жез тырнағынан жез сауытты батыр да қашып құтыла алмаған. Әңгіме соңынан ақынның ақ дастарханының басында отырып, тағы да сұхбатымызды жалғастырдық. Сол күні күн жұма болатын. Жеңгеміз аруақтарға арнап жеті шелпек пісіріпті. Арада апта өтпей Жарасбай ақынның өзінің қаралы дастарханының жайылатынын кім білген. «Өлі риза болмай – тірі байымайды» деген, аруағы разы болсын. Алла алдынан жарылқасын, артының қайырын берсін. Енді жайсаң жанды ақын Жарасбаймен болған «Соңғы сұхбат» деп аталатын хабарымызды тыңдаңыздар.

– Жарасбай аға, қазақ радиосында «Асыл қазына» деген хабар бар. Мен соны жүргіземін. Бұл хабардың мақсаты әдебиетіміздің, мәдениетіміздің тарихымыздың, салт-дәстүрлеріміздің өткен-кеткен кездегі жауһарларын, жетістіктерін ел ішінде табылмай жатқан қазыналары негізінде соны әңгімеңізге арқау етсеңіз. Сіз өзіңіз творчествоның ада-

мысыз басқа формацияда өмір сүрдіңіз. Сол кездері республика деңгейінде қызмет істедіңіз, көптеген үлкен адамдармен араластыңыз, дәмдес болдыңыз. Көпті көрген, көп нәрсені көңілге түйген ақынсыз. Өмірдің әр бір құбылысына көз жүгіртіп, ой елегінен өткізген, қазақ халқының жанашыры, елдің қамын, ұлттық тіліміздің қамын ойлаған азамат–ақынсыз. Әңгімемізді осы бағытта жүргізсек. Шығармаларыңыздың басым көпшілігі ана тілімізге, туған жерге, халықымыздың тарихында ерекше бір қиын кезең болған «37 жылға» байланысты жақсы өлеңдеріңіз бар екен. Жалпы өзіңіздің творчествоңыз жайлы айтып берсеңіз.

Жарасбай: «Ақынның көркі – өлеңі деген» мәтел бар ғой. Рас қой, мен мектепті Алтын медальға бітіріп, Қазақ Университетіне келіп түскенімде, осында «Жас қалам» деген қабырға газеті шығады екен, мақалалары машинкеге басылады. Сол мақалалардың ішінде менің «Жартас» өлеңім жарық көрді.

Тынымсыз түртіп құжалап,
Толқынды толқын қуады.
Жартастың жүзін су жалап,
Тозаңын, татын жуады.

Сонда да жартас өкпелі,
Сазарып мойнын бұрмайды;
Аумалы да төкпелі
Толқын қайтпай тұрмайды.

Соны оқыған Қадыр Мырзалиев қолымды қысты. Алғаш жарық көрген өлең. Қадырдың қолымды қатты қысуы әлі есімде. Мені Қазақстан Жазушылар Одағына мүшелікке Мұзафар Әлімбаев, Еркеш Ибраһим, Сағи Жиенбаев ұсынып еді. Үшеуі де: «Жарасбай Нұрқанов аз жазады, ал жазса да саз жазады» деп көрсетті. Мен осыны айрықша мақтан көріп, өлеңді боратып көп жаза беруден тартындым. Содан болар, жинақтарым көп шыққан жоқ, әр жылдары жарық көрген жыр жинақтарым баршылық. Мақтанғаным емес қолымнан шыққан жыр жолдары жауһардай жарқырап тұрушы еді. Соған тәуба деймін.

Туған жер, өскен елін ақындар жырламай тұра алмайды ғой. Жайқалған егін, алтын астық, саулаған дән – аумаған ән. Айта берсек, осылай кете береді. Мен өзім өмірдің көлеңкесін емес, күңгейін көруге, соны жырлауға ұмтылдым. Бүкіл өмірімнің алтын діңгегі сол секілді. Өмір даңғыл жол емес. Оның да олқылықтары, сорақылықтары кездеседі. Қасым Аманжоловтың 90 жылдығына екі томдығы шықты ғой, алда 100 жылдығы бар. Мен де бір Қасымның кітабындай бір жинағым шықса деп армандаймын, сосын менің жиырма жылда жазған өлеңдерім бар ғой. Мен де сол өмірмен қоштасу белгісі болып қалатын жинағым жарық көрсе деген арманым бар.

Тілші: Өмір қандай өкінішке толы десейші. Дәл осы хабарды Жарасбай ағамыз өз құлағымен естуге сондай ынтызар болып еді. Егер ажал ертемен келіп есік қақпай тұра тұрғанда, өз даусын радиодан естіп, бір жасап қалар еді. Әттең дүние... Бірақ таусылып сөйлейтіндей Жарасбай ақын бақытсыз адам болмады. Артында шаңырағын шайқалтпай, түтінін түтетер ұрпақтары қалды. Әке, ата атанды. «Ақынның өзі өлсе де, сөзі өлмейді» деген. Еліне ұрпағына арнаған жауһар жырлары қалды. Халқына қалтқысыз қызмет атқарған қадірлі азамат болды. Дүниеден сол қадыр-қасиетін жоғалтпаған қалпында озды. Әрбірден соң адамға керегі де осы емес пе? Марқұмның жатқан жері жайлы, ол дүниеде алды жарық болсын. Сіздер «Асыл қазына» деген кезекті хабарды тыңдадыңыздар.

Хабарды дайындаған **Мұқат ҚОЖАХМЕТҰЛЫ.**
2011 жыл, 31 мамыр
(Жарасбай Нұрқановтың қайтыс болғанын «Соңғы сұхбат» хабарынан
есті сала телефон арқылы көңіл білдіргендер көп болды).

КӨҢІЛ АЙТУ

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы газетінің 2011 жылғы 3 маусымдағы нөмерінде ақын Жарасбай Нұрқановтың қайтыс болуына орай көңіл білдіру лебіздері:

Қазақ әдебиеті тағы бір аяулы қаламгерінен айырылды. 75 жасқа қараған шағында белгілі ақын, журналист Жарасбай Нұрқанов дүние салды.

Ол 1937 жылы 22 наурызда Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданының Көктерек ауылында туған. 1960 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін аяқтаған. Әр жылдарда Солтүстік Қазақстан облысы, Сергеев ауданындағы Ленин орта мектебінде мұғалім, өлкелік-аймақтық «Тың өлкесі» газетінде әдеби қызметкер, Целиноград облыстық «Коммунизм нұры» газетінде тілші, бөлім меңгерушісі, «Социалистік Қазақстан» газетінің Ақмола облысындағы меншікті тілшісі, «Өнер», «Жазушы» баспаларында аға редактор болып жемісті еңбек еткен. 1987 жылдан бірыңғай шығармашылықпен айналысқан.

Ақынның қаламынан туған «Қара көздер», «Нұрлы терезе», «Алтын десте», «Арманым менің», «Терең барлау», тағы басқа жыр жинақтары оқырман қауым мен сыншылардан лайықты бағасын алған. Оның балаларға арналған өлеңдері мен әңгімелері «Балдырған», «Ұлан», «Ақ желкен» сияқты басылымдарда үзбей жарияланып тұрды.

Өмірде сыпайы да, биязы қалпынан айнымаған, төңірегіне иман шуағын таратып жүрген, адал ниетті, ақ көңіл ақын Жарасбай Нұрқановтың асыл бейнесі ел жүрегінде ұзақ сақталады.

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы

ЖАРАТҚАННЫҢ РАХЫМЫ ЖАУСЫН!

Жарасбай дүниеден озды деген суық хабарды маған Берік Шаханов жеткізді.

Көп жылдан бері қатты науқастанып жатқанын білетінмін. Бірер апта бұрын хал-жағдайының күрт нашарлап кеткенін әйелі Қазына да телефонмен айтқан.

... Есеңгіреп қалдым.

Ауылдарымыз көрші болатын. Атасы Нұрқанды жақсы көруші едім. Мені Кира дейтін. Соғыс кезінде поштабай болды. Менің шығармаларымның кейіпкері.

Жарасбайдың әкесі Әнәс пен менің әкем Карл – әзіл-қалжыңдары жарасқан құрдас болатын.

Жарасбай екеуміз бір мектептің түлегіміз. Менен екі сынып кейін оқыды. Жасынан сахна өнеріне, ақындыққа бейім болды.

Әттең, неге екенін білмеймін, бағы ашылмады. Талантының көп қырын көрсете алмай кетті. Тағдыр ғой...

Маған арнаған бір өлеңінде «Бір мектепте оқыдық деп мақтанам», – деген жолы бар. Мен де онымен мақтанамын.

Енді міне... «аяғы дүниенің ырың-жырың».

Мені Герольд емес, Гера дейтін тағы бір дос-інімнен айырылып, жылап отырған жайым бар.

Рухың пейіште шалқысын!

Герольд БЕЛЬГЕР

«Парасат» журналының 2012 жылғы, қыркүйек айындағы 9 санындағы Герольд Бельгердің «Күнделік беттерінен» (31.05. 2011): –

Жарасбай Нұрқанның өмірден озғаны туралы Берік Шаханов хабарласып, Жарасбай Нұрқановтың бақиға озғанын айтты. Ой, әттең-ай. Тағы бір ізгі жанды, зайырлы замандастан айрылдық па? Иманды болсын. Жарасбайды бала жастан білетінмін. Бізден екі класс төмен оқыған. Жарасбайдың өзі ғана емес, әкесі Анас, оның әкесі Нұрқанды да көріп-біліп өскен жайым бар-тын. Жарасбай марқұммен сиректеу болса да, хабарласып тұратынбыз. Он бес жылдан бері айналдырған ауру алып тыныпты ақыры. Тағдырдың жазғанына не амал?

Жарасбай, меніңше, табиғат берген талантын толық аша алмай кетті. «Қ.Ә.» газетіне қоштасу сөз жолдап, Қазынаға жеделхат жібердім. Бақұл бол, Жарасбай бауырым. Қабіріңе топырақ сала алмағаным үшін аруағың кешірсін»

Герольд БЕЛЬГЕР

АСЫЛ АЗАМАТ ЕДІ

Әр адамға арналған өмірдің өлшемі бар болса, сол өлшемнің шегіне жетіп, біздің досымыз Жарасбай да жарық дүниеде 74 жас жасап, фәниден бақиға жол тартты. Бойына біткен өзіндік дарынымен «Қара көздер» атты өлеңдер жинағынан бастап бірнеше поэзиялық туындыларын қазақ әдебиеті қорына қалдырды.

Кезіндегі «Ленин туы» (қазіргі «Солтүстік Қазақстан») газетінде өміртанымды өлеңдері жарық көре бастағаннан біз жас ақынның өзіндік өлең өрімі бар поэзиясына елең еткен едік.

Жас дарынның сол поэзиядағы аяқ алысын байқаған өлкелік «Тың өлкесі» газетінің редакторы Целиноград қаласына шақырды. 1965 жылы өлке тараған тұста Ақмола облыстық «Коммунизм нұры» (кейінінен «Арқа ажары») газетінде журналистік қызмет атқарып, жан-жақты өмір шындығын халыққа жеткізуге атсалысты.

Біз сол тұстағы Ақмола қаласында шығармашылық жолында еңбек еткен аз ғана топ жақындасып, дос-туыстай араласып кетіп едік. Жарасбай дос-жолдастарының арасында ақжарқын, әзілқой болатын. Сол жастық шағымызда ойын-күлкілі ортада мәз болысып жататын едік. Тек Алматыға қызметке ауысқаннан кейін ғана сирек кездесетін болдық. Бәрібір сол қысқа кездесуіміздің өзі әзіл мен қуанышқа бөленіп жататын.

Әрине, тағдырдың ісіне арашашы жоқ. Астанаға көшіп келгенде ірігеміз кеңіп, қуанысып қалып едік, амал бар ма, мезгілсіз кезеңде айырылып қалдық. Ендігі тілек – туған жерінің топырағы торқа болып, Алланың рақымымен жаны жәннатта болғай! Қош бол, Жарасым!

Нұрғожа ОРАЗ, ақын

ҚОШ, ҚАЙРАН ҚАЛАМДАС!

Аты-жөнін, шығармашылығын сырттай білгенім болмаса, Жарасбаймен «Өнер» баспасына қызметке келгенге дейін онша таныс емес едім. Жүріс-тұрысы, жиналыстарда қипақтамай-сипаттамай, тура, әділ сөйлейтін мінезі көбіміздің көңілімізге ұнап қалды. Шал ақын бабамыздың өлеңдерін жақсы біледі екен. Жұмыс арасында, жұмыс аяғында жаңа өлеңдерімізді оқып, жанымыз жақындай түсті. Көп ұзамай мен Республикалық кітапқұмарлар қоғамына ауысып кеттім де, содан аралас-құраласымыз ұзаңқырап кетті. Телефонмен сөйлесіп тұрдық. Сырқатым бар дейтін. Енді телефонда суық хабар.

Қош, қайран қаламдас!

Үмбетбай УАЙДИН

КӨҢІЛДЕ ҚАЛАР ҚАЛАМДАС

2011 жылғы мамыр айының 31 жұлдызында есімі елімізге кеңінен мәлім белгілі ақын, публицист, аудармашы, жерлесіміз Жарасбай Нұрқан 75 жасқа қараған шағында дүниеден өтті. Сөйтіп, халқымыз өзінің тағы да бір қарымды қаламгерінен айырылды.

Жарасбай Нұрқан 1937 жылы 22 наурызда Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданының Көктерек ауылында туған. Орта мектепті Алтын медальмен бітіргеннен кейін, Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түседі. Осы оқу орнын тәмамдағаннан кейін еңбек жолын туған ауылындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып бастайды. Университет қабырғасында оқып жүрген кезінде-ақ өлең, мақалалар жазып, республикалық, облыстық баспасөз беттерінде жиі көрініп жүрген талант иесі кейін өлкелік «Тың өлкесі» газетіне қызметке шақырылды.

Тың өлкесі ұйымдастырылған жылдары Жарасбай Нұрқан өлкелік «Тың өлкесі», одан кейін Ақмола облыстық «Коммунизм нұры» (қазіргі «Арқа ажары») газеттерінде ұзақ жыл жемісті қызмет етті. Республикалық «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеттерінің Ақмола облысы бойынша меншікті тілшісі болды. Ал, 1980 жылы Алматыға қоныс аударып, осы газеттің аппаратына ауысты. 1981 жылы «Өнер» және «Жазушы» баспаларында аға редактор болып қызмет атқарды. 1987 жылдан бастап бірыңғай шығармашылық жұмыспен айналысты.

Ақынның әр жылдары баспа жүзін көрген «Қара көздер», «Алтын десте», «Арманым менің», «Терең барлау» атты және басқа да кітаптары мен аудармалары, балаларға арналған туындылары қалың оқырмандар тарапынан лайықты бағасын алды. Бірқатар шығармалары орыс және басқа халықтардың тілдеріне аударылды. Өзі де бір топ орыс ақындарының өлеңдерін қазақ тіліне тәржімалап, туған әдебиетіміздің өсіп, өркендеуіне лайықты үлесін қосты. Сондай-ақ бір қатар өлеңдері әнге айналып, «Қазақстан» телерадиосының алтын қорынан лайықты орын алған.

Ортамыздан осындай белгілі сөз шеберін, аяулы азаматты, ардақты әріптесімізді алып кеткен ажалға амал барма?! Қаймығамыз, мұңаямыз! Қазақ әдебиеті мен өнері, қазақ баспасөзі аман тұрғанда, оның шалқар көшінен Жарасбай Нұрқан есімі де өшпейтіндігі, жоғалмайтындығы айдан анық. Хош, бақұл болыңыз, қадірлі Жәке! Алла тағала о дүниенің жақсылығын беріп, жаныңыз пейіштің нұрында шалқысын!

Ақмола облыстық «Арқа ажары»
газеті редакциясының ұжымы.
02 маусым 2011 жыл.

ХАЛҚЫНЫҢ КҮЙІН КҮЙТТЕГЕН

Кезінде аралас-құралас, сырлас болып, үзеңгілес жүрген жора-жолдастардың бірі – ақын Жарасбай Нұрқанов. Ақмоланың облыстық басылымында біраз жылдар қатар қызмет атқардық. Бір бөлмеде отырдық. Ол кезде газет бетінде көбінесе экономика мәселесі жиі көтерілетін. Әсіресе ауыл шаруашылығына көбірек назар аударылатын.

Көктемгі егіс, егін орағы, қысқа дайындық, төл алу сияқты бірбірімен жалғасып, қысы-жазы бітпейтін толып жатқан науқан тұрақты түрде жазылатын, талап солай еді. Соған қарамастан ағымдық іс-шараларға қатысы бар-ау деген ақын-жазушылардың газетке лайық көркем дүниелері анда-санда жарық көріп, кейде оларға осы тұрғыда арнайы тапсырыс та беріліп жататын.

Жарасбайды «сарай ақыны» деп қалжыңдайтынбыз. Шығып бара жатқан нөмірдің бірінші бетіне, қырман, комбайнер, диқан туралы өлең жаз деген секретариат тапсырмасын жалма-жан орындап жататынын талай көрдік.

– Егін ору – майдан болса екпінді,
Комбайнер – бейбіт күнгі жауынгер.
(«Комбайнер»)

немесе

– Дүйім жұрт, дүбірлі еңбек қызындырған,
Қазандай қайнап жатыр қызыл қырман.
(«Қырманда»).

Сонымен бірге «Мерей» деген туындыдағы:

– Диқан десе, жыр жазбай тұра алмаймын,
Тұтқиылда ұйқаспен ұрандаймын, –

деген өлең жолдары аяқ астынан жазылып, газетке шыққан нұсқасынан алынған үзінділер.

Әрине, оны тек ұраншыл ақын деу қате. Ол елін, жерін, ұлтын сүйетін нәзік жүректі отаншыл жан болатын.

Өзін тыңдап көріңіз:

– Махаббат туған жұртым қазағыма,
Сол үшін қазақшалап жазамын да.
Солардың көкейтесті күйін күйіттеп,
Көнемін жырдың қызық азабына.

Бірде Жарасбайдың «Тіл ұстарту» деген өлеңі шығып, сол үшін газет басшылығы обкомнан біраз сөз естіп, у-шу болғанымыз бар. Сонда билікке ұнамаған мына жолдар екен:

– Балам еркін білмейді бабам тілін,
Нансаң соған жүрегім тілім-тілім.
«Әке» – деуге ауызы қиналғанда
Ұнатпай да қаламын ұлым түрін.

Жарасбай материалдарды бұрқыратып көп жаза бермейтін. Аз жазатын, сапалы жазатын. Менің байқауымша, көңілі түссе өлеңді қолма-қол шығарудан шегіншектемейтін. Егін, қырман басы, комбайнер туралы газет секретариаты талап еткен дүниелерді отыра қалып бірден жазып тастайтын. Сол сияқты демалыс уақытында, не қонақта отырғанда аяқ астынан бір-екі өленді құрастырып жіберетін.

Мен редакция аппаратынан кетіп, Мәскеуде оқып жүргенде демалыс кезінде елге келгенде бұрын газетте бірге қызметтес болған жора-жолдастармен кездесіп, бұрынғыдай аралас-құраластығымыз үзілмеген еді. Біз көбінесе Октябрь Әлібеков, Жұмамұрат Тұяқбаев, Мәди Хасенов, Жарасбай Нұрқановтар бір-біріміздің үйімізде бас қосатынбыз. Сондай бір жиында Жарасбай біздің көзімізше «Достарға» деген өленін жазып, қолыма берді. Сонда былай делінген екен:

Келгені Амантайдың оңды болды,
Жалғасты шақырыстар онды-солды.
Көл-көсір көңіліндей бізге деген
Достардың табағына салдым қолды.

Амантай, Мәди менен Өкең үшін,
Отырдық ойнап-күліп, төпеп ішіп.
Есендік, саулығы үшін баршамыздың
Тағы да қояйықшы көтерісіп.

(25. 12. 1980).

Енді үш жылдан соң, Құдай қаласа, кезінде бәріміздің басымызды қосқан сол басылымның бір ғасырлық тойын да атап өтерміз. Бұл туралы Жарасбай былай деп еді:

– Әйтеуір әр кез халқың көп,
Ауған бір ынта, назары;
Жүзде де жүзің жарқын боп,
Жасай бер, «Арқа ажары»!!

Сөйткен Жарасбай бүгін арамызда жоқ.

– Көкмайса Көктеректің атырабы,
Жел соқса, жаппай сөйлер жапырағы, –

деп өзі жырлағандай, ата жұрттың топырағы бұйырып, туған жеріндегі мәңгілік қонысына жайғасқан. Октябрь, Жұмамұрат, Мәди де бірінен соң бірі бақилыққа аттанған.

Жатқан жерлерің жайлы, алдарың жарық болсын, ардақты аяулы достар.

Амантай КӘКЕН,
журналист, жазушы, тарихшы. «Сәкен тағылымы» кітабы,
«Тарихты тұлғалар танытпақ» бөлімі,
Астана, 18 шілде 2014 жыл.

Өнегелі өмір

ТАҒЫЛЫМҒА ТОЛЫ ТӘРБИЕЛІ ӘҢГІМЕ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінде Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі, ақын, қоғам қайраткері Жарасбай Нұрқановты еске алу кеші өтті.

Оған факультеттің ұстаздары мен студенттер қауымы қатысты. Кешті факультеттің деканы Сағатбек Медеубекұлы Жарасбай Нұрқановтың өмір жолы, жарқын бейнесі мен азаматтық болмысы туралы әңгімеледі. Келер жылы Ж. Нұрқановтың 80 жылдығы аталып өтпек. Мерейтой қарсаңында, жас ұрпаққа ақынның өлмес мұралары туралы салиқалы сөз айтқан Жәкеңнің жары Қазина апайдың бұл жолғы кездесудегі әңгімесі де әсерлі шықты.

Қазина Нұрқанова да ұзақ жылдар бойы Қазақ радиосы мен газет, баспаларда істеген. Қазір ол зейнеткер жасында болса да, ақынның артында қалған шығармаларының шырайын келтіріп, жас ұрпақтың есінде мәңгі қалдыру мақсатында ұлағатты іс тындырып жүргенін айта кету ләзім.

Жарасбай Нұрқанов шын мәнінде, ұлттың адамы еді. Ол Отан, туған жер туралы тебірене жазды, ұлтқа қатысты рухты оятатын жырларды дүниеге әкелді.

Орыс тілінде білім алған ақынның жары Жарасбайдың жарасымды көркем мінезі мен азаматтық болмысы арқылы өзінің де өсе түскенін айтады.

– Мен Жарасбайдың жырлары арқылы өзімді таныдым, өзімді аштым. Қазақты аштым. Жәкең өз поэзиясымен, адамгершілік ұстанымымен менің өміріме бағыт-бағдар берді. Жарасбай арқылы мен қазақ поэзиясындағы ірі тұлғалармен дәмдес, сыйлас болдым. Бірде сол кездегі Целиноград қаласында Сәбит Мұқановтың «Сәкен Сейфуллин» атты драмасы орыс театрында қойылды. Қойылымның тұсаукесеріне

елімізге танымал жазушылар мен Сәкен Сейфуллиннің жары Гүлбаһрам апай келді. Қойылым аяқталысымен Жарасбай Сәбит сияқты қазақтың тұлғалы жазушысынан сұхбат алды. Дастарқан басында жақсы әңгіме өрбіді. Сәбит Мұқанов дастарханда ет асату рәсімін жасады. Бірінші болып Сәбиттің қолынан ет асадым. Сол оқиға әлі күнге дейін есімнен кетпейді, – дейді ақынның зайыбы Қазина Нұрқанова.

Кездесуге келген студенттер Жарасбай ақынның «1937 жыл. «Ерте солған гүлдер» бейнебаянын тамашалады. Бұл өлеңді белгілі қаламгер саяси қуғын-сүргін құрбандарына арнап жазған. Ерсайын Нарымбаев ән жазды. Қазір бұл азалы жыр «Алжир» мемориалдық мұражай-кешенінде орындалады. Осы өлеңде ел басына түскен қаһарлы күндерде замана соққысына тап болған Алаш азаматтарының жан күйзелісі мен қайғы-қасіреті тұтастай суреттелген. Шын мәнінде, тыңдаған адам қазақтың тұтас тарихын көз алдына елестетіп, жаралы жылдардың жаңғырығын сезінеді. Жарасбай ақынмен 50 жыл отау құрып, жарасымды ғұмыр кешкен Қазина апай «әрбір жас қазақстандықтар елімізде болған тарихи оқиғаларды біле жүріп, соның негізінде еліне, жеріне патриоттық сезімі оянса, еліміз одан әрі көркейе түсер еді» деген пікірде.

КСРО-ның қылышынан қан тамып тұрған кездің өзінде-ақ ақындығы мен азаматтық көзқарасынан айнымаған Жарасбай Нұрқанов «Бабам тілі» атты өлеңі үшін қудаланды. Қысым көрді. Өлеңдері біраз уақытқа дейін жарияланбады. Цензураға ұшырады. Орталық комитеттің шолақбелсенділері «Тіл туралы жазуды тоқтат» деп нұсқау берді. «Бір партбилет үшін тілімді сатпаймын» деп ол сол кезде әлгілердің алдына партбилетін тастаған. Кеңестік идеологияның дәурені жүріп тұрған 1972 жылдары мұндай батыл әрекетке ешкім бара алмас еді. Жаны ұлт үшін арпалысқа түскен Жарасбай ғана осындай қадамға барды.

– Мен оның жан күйзелісін түсіндім. Осындай қиын сәттерде оған қаламсабы мен ақ қағазы серік болды. «Елім, Жерім, Отаным, Ұлтым» деп жырлады, – дейді Қазина апай.

Аға буын Жарасбай Нұрқановтың туындыларын, азаматтық болмысы мен адамгершілігін ұмыта қойған жоқ. Кездесу барысында факультеттің профессоры, ұстаз Клара Қабылғазина да Жарасбай жайлы тағылымға толы тәрбиелі әңгіме айтты. Қазақ өнеріндегі маңдайалды композиторлар Нұрғиса Тілендиев, Төлеген Мұхамеджанов, Кенжебек Күмісбеков, Еркеғали Рахмадиев Жарасбай ақынның өлеңдеріне ән жазды. Қазір бұл әндерді Роза Рымбаевадан бастап, біраз әншілер орындап жүр. Әншілер әуелетіп айтып жүрген басқа да әндері Қазақ радиосының «Алтын қорында» сақтаулы.

– Қазақтың осындай талантты азаматымен мағыналы ғұмыр кешкен өзімді бақыттымын деп санаймын. Ендігі парызым – Жарасбайдың жырларын кейінгі ұрпаққа аман, адал жеткізу. Ақынның аманатын орындау басты парызым, – дейді ардагер-журналист Қазина Нұрқанова.

Берік БЕЙСЕНҰЛЫ,
«Айқын» газеті редакторының орынбасар

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАҚАҢ ЕДІ

Жарасбай екеуіміз университетте бірге оқыдық. Факультетіміз бір болғанымен, бөлімдеріміз бөлек: ол – тіл-әдебиетте, мен журналистикадамын. Пендешілік қой, бәлкім, балалық та шығар, біз өз бөлімімізді сол жоғарылау санайтынбыз. Газетте жұмыс істейтіндер мектепте мұғалімдіктен жоғарылау, беделділеу көріне ме, кім білсін. Және газетке хабар-ошарларың сол студент кезіңде де шығып жатады. Басқалар соған қызығатындай.

Бұған ежіктеп тоқталып жатқаным – Жарасбай екеуіміздің біршама жақындау танысуымыз болашақ мамандығымыз жайлы әңгімеден басталды. Бір жолы «Пушкин кітапханасынан» кештетіп шықсам, сонда Жарасбай да барған екен, жатақханаға бірге қайттық.

– Журналист болған жақсы ғой, – деді ол. – Менің де арманым журналист еді...

– Басында неге осыған түспедің?

– Мен мектепті алтынға бітіргем. Қай оқуға түссем де болатын еді. Бірақ Мұхтар Әуезов филологтарға дәріс оқитын болғасын осы факультетті қаладым деді.

Содан кейін жиірек әңгімелесетін болдық. Факультетіміз бір болғанмен, сабақтарымыз бөлек. Тек кейде ортақ дәрісіміз болады. Мұхтар Әуезовтың дәрістерін бірге тыңдап жүрдік. Сонда бірге отырамыз. журналистикаға арналған пәндерден жазған конспектілерімді де алып жүрді. Бірақ одан көп нәрсе ұға да қойған жоқ шығар. Сөйтсе де оның журналистикаға ықыласы мықтап ауғаны анық еді. Соның өзі де оны журналистикаға жақындата түскен.

Университеттен кейін әркім әр жаққа кетті. Менің «Социалистік Қазақстанда» қалатынымды естіген Жарасбай ақ тілегін айтып, ел жағына кеткен. Қалайда газетке баратынын айтқаны бар сонда. Рас, мен бұл редакцияда бір айдай ғана болдым, менің сонда қалғанымды біліп қойған Партия Орталық Комитетінің насихат бөлімі жолдама берілген Семей облысына қуып жіберген.

Сонда да Жарасбай екеуіміздің жолымыз сол «Социалистік Қазақстанда» тоғысты. Бұған дейін Семейде газетте, комсомолда бес жылдай жұмыс істеген соң, мен осы газеттің Семей облысындағы меншікті тілшісі болып тағайындалдым. Содан соң Мәскеудегі Жоғарғы партия мектебінде оқып, оны бітірген соң, газеттің Алматыдағы орталық аппаратына ауыстым. Сонда жүргенде, бір күні Жарасбай дос Нұрқанов газетке Целиноград облысы бойынша тілші болып келіп тұр! Шұрқырап табыстық қой.

Бұрын өзім меншікті тілші болған соң да, менің жалпы тілшілерге көңілім бұрылып тұрады. Тілшілердің өздері де мені жақын көреді. Ал Жарасбай болса, сонау оқыған кезден-ақ көңіл жақын адам. Іш тартқан болып:

– Әу, Жақа, енді біздің бөлімге белсене қатыс, – деймін.

– Осы сенің «партия тұрмысың» менің оң жамбасыма келе бермейді, – деп күлді ол. – Мен әдебиет, шаруашылық бөлімдеріне белсендірек болармын. Тек өз бөліміңе жөнді жазбады деп сынамасаң болғаны.

Расында Жарасбай, бұрын өзі айтқандай, ақыры газетке барған екен. Облыстық, өлкелік газеттерде жұмыс істепті. Төселген журналист қатарына да қосылғанмен, оның бір олжасы – өлеңдерін тастамапты, бір-екі өлеңдер жинағын шығарып та үлгерген. Газеттік жұмысын ақсатпағанмен, көңілінде сол өлеңі жүретіндей.

Бұл тілші деген қызық жұмыс. Бір газетте жұмыс істейміз десек те, кездесуіміз сирек: ол – Целиноградта, біз Алматыдамыз. Телефон жарықтық жалғастырады. Жалғастырғанда, отбасымен де таныстырған да сол телефон. Жақаң үйде бола бермейді, көбіне болатын адам – Қазина. Кейде күйіп бара жатқан жұмыс болса да, редакцияданмын деп тықақтамай, жайлап Жарасбайды сұрайсың. Сұрағанда да, жұмсартып сұрайсың. Мұндайда әзіл деген ағайын араға жүреді. Оқып жүргенде журналистер тобындағылар Жарасбайды «Қара бала» дейтінбіз. Енді Қазинаға ақсұңқардай көретін күйеуін қалай «Қара бала» дерсің, алғашқы күні-ақ «біздің боз жігітіміз бар еді» дедік қой. Бұл өзі Жақаңның отбасымен қарым-қатынасымызды жаймашуақ деңгейге көтерді. «Боз жігітімізді» сұрасақ, Қазинаның жадыраған дауысын естиміз. Бұл бәріміздің де көңілімізді көтереді. Бұл көңіл-күй кейін де жалғасты.

Бір газетте жұмыс істейміз десек те, тілшілермен жылына бір-ақ рет кездесеміз. Олардың редакцияда жылдық жиналысы болады. Сонда көбіне сынап, көңілін қалдыратынымыз да бар. Сөйтсе де, бір-бірін жақын тартатындар бөлінеді. Жарасбай, анау Қостанайдағы Байтұрсындар біздің үйге бұрылады. Жұмыс жайын қойып, отбасымызға оралып, бір сергітініміз болады сонда.

Алғашқы келгенде, Жарасбай, біздің отбасымызда отырып:

– Мына Мәкең мені «боз жігіт» деп мазақтайды, – дегені бар.

– Көкетай-ау, «қара» десек көңіліңе келеді, мына түріңмен «ақ жігіт» деп қалай айтамыз? Сірә, осы «бозың» дұрыс, – мен де әзілімді жалғастырдым. Сөйтіп тілшілер арасында сонда «боз жігіт» атауын заңдастырғандай болғанбыз.

Сонда тағы бір қызықты жағдай болған. Редакцияда үлкен қаулы-қарарларды газетке жариялау қиямет-қайым шаруа. Бүкіл редакция қызметкерлері жұмылады. Тіпті жылына бір рет келетін тілшілерді де қосатынымыз бар. Қате кетіп қалмасын деп орысша текстпен қазақшасын салыстырып оқытамыз. Сірә, Байтұрсын екеуі ғой деймін, Жарасбай да бір-екі бетті салыстырып оқыса керек. Ақындық шабыты қысып кетті ме екен, оқыған бетіне «Салыстырдық, қатеден алыс тұрдық» деп жазып, қолдарын қойыпты. Қас қылғанда, сол беттен қате кетпесі бар ма! Жарасбайлар ескерту алды. Өткен соң «өлеңдетпесеңдер болмас па еді?» деп мазақтап жүрдік.

Сол өлең ақыры Жарасбайды газет жұмысынан да алып кетті. Баспаларға ауысып, тікелей шығармашылық ортаға баруды жөн көрді. Ол кезде баспалардың, әдеби ортаның шоғырланған жері – Алматы. Алдымен өзі келді, содан соң отбасын алдырды. Келісімен хабарласқан. Жөн сұрастық. «Жоспар қалай?» деймін. «Алдымен өзім орналасып алайын, содан соң балаларды шақырамын ғой» дейді. Тіпті қазір қайда түсетіні де белгісіз. «Үйге жүресің» дедім. Жақаң біздің үйде көп тұрмады. Екі апта ма, үш апта ма болды-ау деймін, бір күні әңгіме бастады. «Әй, Мәке, көңіліңе рахмет. Менің сенің үйіңде бұлай жата бергенім жарамайтын сияқты. Әйтеуір бір кететін болған соң, ұзаққа созбаған жөн болар», – деген соң, қарсы сұрақтар қойылды. Жауаптар айтылды. «Жақын адамдар ең алдымен бір-бірінің жайын ойлаған жөн» деп философия соқты. Оның да бір жайы бар. Біздің үйдегі тәртіп: ұзақтау отырамыз, мен спорт көремін, түнгі екі-үшке дейін жазу жазамын дегендей. Оның есесіне, кеш тұрамыз. Ал Жақаң ерте жатады екен, есесіне, ерте тұрады. Біздің тәртіпке үйрене алмай жүрді. «Орын жетеді, ерте жат, ерте тұр» дейміз. Сөйтсе де ыңғайсызданады. Бұл әңгіме бізге де ыңғайсыз тиді. Дос адамды үйімізге сыйдыра алмағандай көріндік. Жақаң болмады. Оны да түсінуге болғандай еді.

Ақыры ол кетіп тынды. Алматыға Қазина да келді. Сол баяғы телефонмен әңгімелескендей жарқыраған күйі. Жарасбайға қарама-қарсы мінез. Бір түрлі бір-бірін толықтырып тұратындай. Жақаңа дәл өзіндей бұйығылау біреу кезіккенде бұлардың өмірі басқаша бір арнаға бұрылып, бәлкім, сүреңсіздеу болар ма еді дейсің. Тағдырдың кейде осындай шеберлігі де бар. Алматыға Қазина келген соң Жақаңның да реңі кіргендей. Жұмыстарымыз бөлек болған соң, сиректеу кезігеміз. Жолыға қалғанда жүзі жадырап тұрғанын көріп, жағдайлары жаман болмас деп топшылайсың. Сыр тартқандай болсаң, «Қазина реттеп жүр ғой» деп күледі Жақаң. Ал Қазина Алматының өміріне еркін араласқан. Бірде радиодан, бірде телевидениеден қарасын көріп қаламыз. Тағы бірде редакцияға кешігіңкіреп келсем, телевидениенің адамдары бізден бір хабар дайындап жатыр екен. Бір кезде соларды басқарып жүрген келіншек сөйлеп кетті. «Мен «СҚ-ның» келінімін» дейді. Қарасам – Қазина. Тағы бірде агроуниверситеттің бір шарасына қатысуға тура келді. Мінберде бір келіншек сөйлеп тұр. Қараймын – Қазина. «Біздің кәсіподағымыз. Өзі жұрттың екі аяғын бір етікке тығады» дейді қасымдағы профессор. «Қазинаны білем ғой» – дедім.

Тура елуге толғанда Жақаң тағы бір мінез көрсетті. Барлық жұмысын доғарып, біржола шығармашылық жұмысқа шықты. «Ау, Жақа, бала-шағаны кім асырайды?» деп әзілдедік. «Қазина бар ғой» дейді Жақаң. Мұны да біреудің бағы дерсің. Әркімнің өз өмірі бар. Бір қалада тұрсақ та, жиі кезікпейміз. Сан-сапалақ өмір. Мен «СҚ-да» жауапты хатшы кезімде, одан кейін «Жетісуға» редактор болған тұста қолым да

тие бермей, Жақаңның алдында ыңғайсызданғандай боламын. «Қой, өйтпе, мен түсінемін ғой» деп жұбатады Жақаң. Сөйтсе де, көңіл орнында тұрғандай. Өзі келіп, редакторлығымды құттықтап кеткен. Сол редакторлыққа байланысты Жақаң үйге де келгені бар. Колбин көкеміз Желтоқсан оқиғасына байланысты сотталғандардың суретін бастыңдар деп, бір топ БАҚ басшыларын Орталық Комитеттің бюросында үш жарым сағат талқылап, мені редакторлықтан алып, партиядан шығарған. Жарасбай дос соны есітіп, үйге келді. Көңілін білдірді. Менің жасымаған көңіл-күйімді көріп, «Молодец, Мәке!» деп арқамнан қаққан.

Жарасбай доспен бертінде, 2002 жылы Ғабит Мүсіреповтың 100 жылдығы қарсаңында «Егемен Қазақстан» газетінің «Ұлылыққа тағзым» дейтін акциясы бойынша ұлы жазушының туған жеріне жаяу сапарға шығар алдында хабарласқаным бар.

– Әй, Жақа, сенің туған жеріңе жаяу кетіп барамыз, – дедім. – Қосылмайсың ба?

– Әй, Мәке, осы сен қаншадасың? – деді ол.

– Алпысты орталап қалдық қой.

– Сен молодецсің! Біздің ауылға сәлем айта бар. Ал менің шамам келмес...

Бұдан кейін біз көп әңгімелескеніміз жоқ. Ел жаққа жақындаймын деп, Астанаға көшті. Пәни дүниеден қоштасқанын да есітіп, көңіліміз қабарды. Өмірде кездескен адамның бәрі де көңілде қала бермейді. Жаны жұмсақ, жайдарыларын ғана есте сақтайсың. Оларды еске алып, жаныңды желпитін сезімдердің құшағына кіретін кезің болады. Жақаң, Жарасбай дос сондай адам еді ғой. Шолақ дүние-ай, қазір сексенін бірге тойлап отырсақ, қалай жарасар еді!..

Мамадияр ЖАҚЫП,
Қазақстанның құрметті журналисі

ТАРИХИ БЕЛЕСТЕР

ЖЫРЛАРЫМ

Жырларым — табиғаттың сыйы маған
Кеудеме тұнған, бірақ ұйымаған.
Жып-жылы жаңа сауған сүт секілді
Ақ күйі пәк параққа құйып алам.

Еркімше суытам да, қайнатам да,
Ішкізем өз атама, қайны атама.
Балмұздақ жегіземін жан жарыма,
Көңілін мейманымның жайласам да.

«Болсын — деп — ортақ орыс,
қазағыма» —
Құямын қоғамымның қазанына.
...Жырымды сүтке теңеу себебім сол:
— Халқымның сүт — сусыны, тағамы да.

Жарасбай

«ЕРТЕ СОЛҒАН ГҮЛДЕР» – 1937 жыл

Сөзін жазған: **Жарасбай Нұрқанов**
Әні: **Ерсайын Нарымбаевтікі**
Орындаған «Астана-Опера» әншісі
Азамат Жылтыркөзов



Неткен заман еді, мұздай суық лебі,
Сол бір сұмдық әлі мазалайды мені.
Қос үрейлі күндер, қорқынышты түндер,
Жазығы жоқ жандар, алып кеткен кімдер?
Кінәсі жоқ жандар, кімдер кінә таққан,
Күнәсі жоқ жандар, кімдер жала жапқан?
Аққа күйе жаққан, айтыңдаршы, кімдер,
Күрсінеді таулар, тұнжырайды көлдер.

Қайырмасы:

Отыз жетінші жыл,
Қасіретім бұл!
Тарқамайтын шер,
Айықпайтын мұң
Гуілдейді жел,
Мүжілгендей тас.
Көңілімізде шер.
Көзімізде жас.

Өңкей асыл боздақ, болды-ау күні қараң,
Олар көрген азап - өлімнен де жаман
Елін сүйген ердің жау атанған кезін,
Ей, қазағым менің, жан-тәніңмен сезін.
Қарауытып орман, қалың тоғай түнер,
Орнымыздан біздер тұрайықшы түгел,
Тағзым етіп тұрмын, қыбыр етпей, үнсіз,
Егілмейтін іштей, кім бар екен мұңсыз?

Қайырмасы:

Неткен заман еді, мұздай суық лебі,
Сол бір сұмдық әлі мазалайды мені.
Қос үрейлі күндер, қорқынышты түндер,
Жазығы жоқ жандар, алып кеткен кімдер?
Ерте солған гүлдер, аянышты бәрі,
Ең аяулы жандар, есте болсын мәңгі.
Аза күнгі зарым, азалы жыр, әнім
Аруақтарға дұға, қабыл етсін Тәңірім!

ХАЛЫҚ РУХЫНЫҢ ҚАНАТЫ

Қазақ музыкасының тарихы сонау бағзы замандағы Қорқыт бабамыздан бастау алып, адамзат тарихында тұңғыш ғылыми зерттеу жасаған Әль-Фарабидің «Музыка трактатымен» айшықтала келіп, төрткүл дүниені дір сілкіндірген Шынғысханды құсаға душар қылған Кетбұғаның «Ақсақ құлан» күйімен әрленген текті руханият. Теңдесі жоқ қазына. Туғанынан анасының әлдиімен жарық дүниені таныған қазақтың, өлгенінде ақтық жолына жоқтаумен шығарып салатын дәстүрі әлі тірі. Ал елсүйгіштікті қазақ өз ұрпағына «Ақтабан-шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманынан аманат болып келе жатқан «Елімай» әнімен санасына сіңіре білген. Біздің пікірімізше, Алаш жұртының сол терең тағылымының өміршеңдігінің XXI ғасырдағы бір айғағы – «37 жыл» (Ерте солған гүлдер) әнінен табылғандай.

Күн нұрына бөленіп, табиғат ажары құлпырған 2011 жылғы мамырдың соңғы күндерінің бірінде «АЛЖИР» мемориалды мұражайы кешенінің Астана қаласындағы кеңсесіне елағасы жасындағы, белгілі сазгер Ерсайын Нарымбаев келді. Келісім бойынша мұражайдың директоры Болат Жүнісбекұлын дыбыс студиясында дайын болған әнінің фонограммасын тыңдауға ертіп апарғалы келген екен. Шығарманы тыңдауға біз де ықылас таныттық.

Студияда әннің алғашқы әуені бірден жүрегімізді тебірентіп ала жөнелді. Фонограмманың кіріспесі өте күрделі, әуеннің тұнжыраған қою үні дірілдеген шылдырмақты іліп әкетіп, жаңғырып шыққан қара қобыздың шерлі де үрейлі дыбысы тұла бойымызды билеп, тылсым сезімге бөледі. Үнсіз тыңдап отырған бізді керемет бір сарын өзіне еліктіріп, тұла бойымыз әуен құшағында болды. Ғажап, бұрын-соңды естіп көрмеген әуен бізді қатты толқытты, тебірентті. Қобыздың мұңды да зарлы үні құлағымыздан кетер емес.

Қай шығарманың болмасын әлқисасы қысқа болғанымен, неғұрлым толықтыратын бөлек шығарма болатынына біз көбінесе мән бере бермейміз. Сонымен әннің кіріспесіндегі қобыздың жүрек тебірентер қоңыр үні әншінің қоңыр дауысымен үйлесім тауып, ақын мен композитордың айтар ойлары мен замана көрінісі ұштасып жатты. Шығарманы орындаған Астанадағы Күляш Байсейітова атындағы академиялық опера және балет театрының әншісі Азамат Жылтыркөзов болатын. Оның баритон дауысы туындының мазмұны мен мағынасын толықтырып, ерлік пен елдікті суреттей түсті. Тыңдаушы қауым әннің құдыретіне, тылсым

күшіне бөленіп, тарихи маңызды ірі шығарманың дүниеге келгендігін аңғарды.

Айта кететін бір жай жаңадан шығарылған әндердің үш жақты үйлесім табуы өте сирек кездесетіні аян. Сондықтан кез келген әннің әуені мен сөзі және әншінің орындау шеберлігі тыңдаушы қауымның көңілінен шыға бермейтіні аян. Бірақ бұл шығарманы қай жағынан алсаң да мазмұны мен мәні ерекше айқындалып, айшықтана түскен. Тыңдап отырған біздер ерекше толқып, шығарманың сомдалған құдыретіне таң-тамаша қалып, тебіреніп кеттік. Тіпті әннің аяқталғанын да сезбей қалған екенбіз. Міне керемет. Ақын мен композитордың осынау туындылары сәтті шыққандығы бізді қуантты. Қасымызда отырған Ерсайын ағаның қолын алып ризашылығымызды білдірген едік. Сонымен «Ерте солған гүлдер» атты азалы жыр сонау 37 жылдың қасыретке толы дүрбелеңінде құрбан болған алаш азаматтарының рухына арналған құнды дүние еді. Мәніне толық қанық болу үшін мұражай басшысы Бөкең бейнеклипті қайтадан қойғызып, тыңдауымызды өтінді. Барлығымыз әннің сөзі мен әуенінің үйлесімі мен үндестік сипатын аңғарған едік. Ақын Жарасбай Нұрқан сол тарихи кезеңді тұла бойынан өткізіп, жүрегімен сезінгендігі, жан ұшырған сәбилер мен қан жылаған аналардың жазықсыз запа шеккендерін шығарманың өн бойына бейнелей білген. Мәселен өлеңді оқыған кезде «Гуілдейді жел, Мүжілгендей тас» деген тұсында зәрені ұшыратын табиғат құбылысы адам баласын еріксіз бүрістіріп, тұла бойына үрей сезімін ұялатады. «Көңілімізде – шер», Көзімізде жас» деп сол кездегі әр адамның көңіліндегі айықпайтын мұң мен шерге толы күйін дәл келтіре білген. Шығарманы оқып отырған сәтте ақын тарихи кезеңнің қайғы-қасыретін айқындайтын теңеу тұстарын асқан шеберлікпен суреттеген. 37 жылдың қасыретін, адамдардың тартқан азабын том-том роман жазып, айтып таусалмайтыны хақ. Ақын Жарасбай болса ел басына түскен қаһарлы күндерде замана соққысына тап болған алаш азаматтарының жан күйзелісі мен қайғы-қасыретін 3-4 шумаққа шеберлікпен қамтып, мазмұны терең азалы жыр жазды. Оны ақын өзінің азаматтық парызы деп санады. Ақынның жан айғайы еліне, жеріне, халқына деген сүйіспеншілігі сол өлең жолдарынан байқалады. Туындының құдыреті міне сонда деп білеміз.

Өз басым көгілдір көктемнің лебі ескенін сезініп, малға да, жанға да жәйлі, саумал самалы жазға жетелеген тұсының келгенін сол күні ғана сезініппін.

Ертеңіне, аталмыш әнді мұражайдың ұжымы арнайы жиналып, тағы да екі мәрте тыңдап, жылы пікір-лебіздерімізбен бөлістік. Шығарма, әсіресе аға буын өкілдеріне қатты ұнаған екен. Олар бірауыздан әннің тәрбиелік мәнінің тереңдігін аңғарып, осындай туындылардың сирек кездесетініне өкініш білдіріп, жаңа әнге барынша қолдау танытты.

Мамырдың соңғы күні – яғни 31 күні Елбасының жарлығымен 1997 жылдан бастап, бұл күнді саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні деп жария етті. Бұл күн, «АЛЖИР» мұражайы үшін аса жауапты әрі

маңызды. Сондықтан мұражай ұжымы 31-ші мамыр қарсаңында жанжақты дайындық жасайды. Іс-шараға Репрессия құрбандары ұрпақтары мен Астана қонақтары және соғыс ардагерлері мен қала тұрғындары шақырылады. Құрметті азаматтарды шақыру қағаздарын тарату барысына мен де қатыстым. Бұл жолы әңгіме арқауы болып отырған әннің сөзін жазған ақын Жарасбай Нұрқанға шақыру билетін апаруға жолым түсті. Ақынның жары Қазына апай қарсы алып, келген мақсатымды білгеннен кейін, шақыру билетін ақын ағамыздың өз қолына табыстауымды жөн көрді. Мұнда алғаш келуім. Үй ішінің мұнтаздай тазалығы бірден көзге түседі. Үлкендер бөлмесіндегі жиюлы керуеттің үстінде жайғасып жатқан ағамызға сәлем беруге ұмтылдым. Ол кісі оқып жатқан кітабын тумбаның үстіне қойып, ақырын тұрып қолын ұсынды да жөн сұрасты. Мен бірден Жарасбай ағаға – «Ағай, сіздің өлеңіңіз керемет екен, жақсы ән болып шығыпты, құтты болсын! Сіз нағыз ақын екенсіз» – деген лебізімді білдіріп, қолын ұстаған күйі тұрып қалдым. Ағайдың қалжыраған жүзі бірден жарқырап қоя берді, күлімсіреп маған ризашылығын білдірді. Өзінің сырқаттан қажыған күйінен кешірім сұрағандай, бірден Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасынан үзіндіні қоңыр мақпал даусымен жатқа айта бастады:

Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,
Сұм дүние абақты ғой саналыға.
Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі,
Сондықтан жаным күйіп жанады да.

Бір көргеннен-ақ, бұрыннан танитын кісілерше, әңгімелеріміз жарасып, ақын ағаның үйінде бір сағаттан астам уақыт отырып, біраз өлеңдері мен әңгімелерін тыңдадым. Ақын ағамыз әңгіме барысында Қазына апаймен қалай қосылғандарын айтып, күліп те алды.

– Мен Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын ауданындағы Ленин орта мектебін 1955 жылы Алтын медальмен бітірдім. Содан кейін Алматыдағы С.М. Киров атындағы Қазақ МУ-не оқуға түстім. Медалист болғасын Мәскеуге баруға да болатынын деканаттан білген болатынмын. Бірақ филологтарға М. Әуезов лекция оқиды дегесін мен сол факультетке құжаттарымды тапсырып, кейіннен Әуезов ағамыз бен араласу бақытына ие болдым. Ол кісі мені үйіне шақырып, бай кітапханасынан классикалық туындыларды маған оқуға беретін. Менің өлең жазатынымды біліп, оны кезінде «Лениншіл жас» газетінен көргендігін айтып, ақындық талабың мен талантың бар екен. Көп оқы, өмірді таны сонда ғана жақсы ақын боласың деген еді. Міне содан бері мен өлеңді көп жаза бермеймін, бірақ дөп жазуға тырысамын. Содан бес жыл оқып, 1960 жылы оқуды үздік бітіріп, Алматыда қал деген ұсыныстарына қарамай, өзім оқыған мектепке, яғни туған ауылыма келіп мұғалімдік қызмет атқарған едім. Облыстық газеттерде, «Егемен Қазақстанда», «Жазушы» және «Өнер» баспаларында қызмет атқардым, бірнеше өлең жинақта-

рын шығардым. «Қара көздер», «Нұрлы терезе», «Алтын десте», «Арманым менің», «Терең барлау», «Буынсыз бала», «Қызылжар» сияқты бірнеше өлең жинақтарым бар. Сонымен қатар аудармаға, публицистикаға, әңгімеге-суреттемеге қалам тарттым. Шығармаларымның ішінде балаларға арналған туындыларым да бар. Осының бәрі оқырманның тиісті бағасын алды деп есептеймін. Соңғы жылдары жазған өлең-жырларым да бар. Өмірімнің соңында Қасым Аманжоловтың жинағындай кітабым шықса деген арманым бар. Қазіргі кезде бұрынғы жазғандарымды қайта қарап, жаңадан өлеңдер жазып, бірнеше поэмаларым бар, дастандарым бар, ал өлеңдерімнің біразына Қазақстанның белгілі композиторлары ән жазса, оны республикаға танымал әншілер орындап жүр. Дүниелерім Қазақ радиосының алтын қорында сақтаулы – шығармашылығым осы.

Отбасын өзің көріп отырсың. Қазына жарым менің. Ақынды өзіне ғашық еткен – деп, күлді. Бұл тұста Қазына апай сөзге араласып, Жәкеңе өзі ғашық болғандығын айтып берді. Мектепті бітіргеннен кейін дәрігер боламын деп армандаған көрінеді. Бірақ әкесі Сәдуақас қайтыс болып совхозда жұмыс істей бастайды. Кешкілік түрлі үйірмелерге қатысып, ауылдағы халық театрының әртісі болады. Өнер мен поэзияға жаны жақын сезімтал қыз ақын Жарасбайға ғашық болып, алғашқы махаббат сезіміне бөленеді. Жәкең болса жас қыздың өзіне деген ықыласының ауып жүргенін байқаса да, сөз айтуға баталмайды. Жассынады. Ақынның өлеңдерін түсініп оқу үшін қазақ тілін меңгеруге күш салады. Өйткені жеңгеміз мектепті орысша бітірген көрінеді.

Жарасбай ағамызға қосыларға дейін он жеті жастағы өрімдей жас қызға жан-жақтан құда түсіп, қалың мал беріп мамырдың бас кезінде тойы белгіленген екен. Осы арада анасы Шамшия науқастанып, Герольд Бельгердің әкесі Карл Федорович сол аймақтың докторы болатын. Ауданнан санавиацияны шақыртып, Қазынаны анасымен бірге ұшаққа отырғызып Марьевка деп аталатын аудан орталығында орналасқан ауруханаға алып келеді. Сол сапарға шығар алдында жеңгеміз ағаның немере інісінен бір тілім қағазға «Я вас люблю, женитесь на мне» деп хат жазып жібереді. Қыз ауылға оралса, құда түскенге кетпекші еді. Хат жіберуі сондықтан көрінеді. Олар трактормен қыз алуға келе жатқанда Жәкең ауданнан облысқа баратын комсомол делегаттарын самолеттен түсіртіп, Қазына апайды отырғызып, алып қашқан ғой. Самолеттен қорықса да оны үрей емес махаббат сезімі қанаттандырды. Апай сонда ұшаққа бірінші рет отырған көрінеді. Сонымен ақын ағамыз 1964 жылдың 9 мамырында АН-2 ұшағымен алып қашып үйленеді. Міне қызық – жігіттер жаяу да, атпен де, ат-арба мен ат-атшанамен де, автокөлік түгілі, тіпті трактормен де, қыз алып қашқан ғой, ал сол заманда ғашығын ұшақпен алып қашқан Жарасбай аға бірінші қазақ шығар. Апайымыз ағамыздың арқасында қазақ әдебиеті мен өнерінің майталмандары Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Әбділдә Тәжібаев сынды қазақ әдебиетінің негізін қалаушылармен жүздесу бақытына ие болғандығын тебірене әңгімелейді. Елу жылға жуық мөлдір махаббат бесігінде тер-

беліп, өмір бойы бір-бірін сыйлап, басқаға үлгі болардай ерлі-зайыпты атанды. Екі ұлы да үлгілі отбасын құрып, немерелері ержетіп келеді.

Қазына апайдың өзінің жан жолдасын науқастанған кезінде ерекше күтімге алып, баптап, уақытында емдерін қолданып, ағаның тұла бойын кіршіксіз таза ұстағаны таңқалдырды. Жас болсам да, кей кісілердің тұрмыстағы жайсыздықтарын көрген мен үшін бұл көрініс азамат ақынға деген жарының адамгершілік ізгі ниеті деп бағаладым. «Жар болса, дәп Қазина апайдай болсайшы» – деп, іштей сүйсініп кетіп едім.

31-ші мамыр күні де жетті. Мен жеңіл машинаммен «Алжир» мұражайында өткізілетін іс-шараға, жоғарыда айтылған шығарманың тұсаукесер рәсіміне алып келу үшін таңғы сегіз жарымда Жарасбай мен Ерсайын ағалардың үйіне қоңырау соқсам, телефонды кешуілдетіп барып Қазина апай көтерді де, Жарасбай ағайдың таңғы сәтте дүниеден өткенін егіліп тұрып, естірткен-ді.. Көп ұзамай, Ерсайын аға да қайғылы жәйден хабардар етті. Қазақтың «әттегені-айы», осындайда ерекше өкінішпен айтылатыны бар. Екі-үш күн бұрын-ақ жүздесіп, мұражайға шақыру билетін апарып, ақынның өлеңін халқының елегенін, әннің тұсаукесерінің болатынын естіп, балаша қуанған ақын ағайымыз сол күнді көре алмай кетуі, онсыз да көңілсіз күнде, көңілімізді тіпті құлазытты.

Кейін, Қазына апайымыздан марқұм Жарасбай аға туралы сыр шерткенде, асыл ағамыз сол заманда – 1937 жылы туғанына өкініп те жүріпті. – «Мен туған жылы талай жазықсыз алаш азаматтары құрбан болған екен, неге сол жылы өмірге келдім...» – деп мұңаятын. Осы тұста ақынның мына өлең жолдарына назар аударсақ: «Жазығы жоқ жандар, алып кеткен кімдер?, Кінәсі жоқ жандар, кімдер кінә таққан, Күнәсі жоқ жандар, кімдер жала жапқан?, Аққа күйе жаққан, айтыңдаршы, кімдер.., Тарқамайды шер, Айықпайтын мұң...» сол кезеңнің: «Мұздай суық лебі» мен «Сол бір сұмдық әлі мазалайды мені» – деп ел басына төнген жан түршігерлік қаһарлы тұсын жүрегімен түсініп сипаттауы ақынның шеберлігін танытады.

Рас, сол жылдар бұрынғы Қеңестер Одағының аумағында өмір кешкен халықтардың барлығының жадынан мәңгі кетпес қайғы мен қасіретке толтырып, жүректеріне үрей жайлатты емес пе? Ақын ағамыздың туған жерінде әр отбасы осындай қайғы қасыретке душар болған. Оның салқын лебі сол кездегі ұрпақтардың есінде. Бала Жарасбай ел қайғысын жүрегімен сезініп, оның санасында елдің көз жасы мен қайғысы жүрегіне шаншудай болып қадалғаны шығармасынан байқалады. Алған әсерін сол зұлматты осылайша суреттеуі де сондықтан болар...

Жәкең өз анасын тебірене еске алады. Анасы Күлсім сол төңірекке әнші-жыршы, ақындығымен танымал болған. Ашаршылық кезіндегі елге көрсеткен еңбегі өз бағасын алып, 1939 жылы Қазақ ССР-ның бірінші шақырылған сайлауында ауылдық советке қазақ әйелдері ішінен тұңғыш депутат болып сайланады. Бұл жөнінде депутаттық мандаты дәлел.

Ал Жарасбайға ақындық Анасының ақ сүтімен бойына дарыған тума талант, ғажайып жыршы екені аян. Сол тұстағы саясатқа байланысты ма, әйтеуір анасынан 4-5 жасында жетім қалады. Ол атасы мен әжесінің бауырында өсіп, жасынан зерек болып, бірінші өлеңдерін өзі редактор болған мектептегі қабырға газетінде жариялапты. Заман өзгерген сайын аты да өзгерген Төңкеріс, Тереңсай, кейін Ленин атындағы орта мектепті әдебиетші Жылгелді Мұқановтай өрелі азаматтан қазақ тілі мен әдебиетінен дәріс алып, әдебиетке әуестенеді. Мектепте оқып жүргеннің өзінде шет ел, орыс, қазақ әдебиеттерін көп оқып сусындаған. Мектепті сол жылдары үздік бітірген белгілі қаламгер Герольд Бельгер, Жарасбай Нұрқанов, Бекжан Нұрманбетов, Мырзатай Серғалиев, Ермек Қонарбаев Алтын медальмен наградталды.

Студент кезінен бастап, «Лениншіл жас» пен «Қазақ әдебиеті» газеттерінде алғашқы өлеңдері жарық көре бастапты. Университетті үздік бітірген Жарасбай Нұрқан Алматыда қалмай ауыл мектебіне мұғалім болып қайтып келіп, үйленіпті. 1965 жылы Ақмола қаласына белгілі қаламгер Сафаржан Хайдаров қызметке шақырып, өлкелік «Тың өлкесі», облыстық «Коммунизм нұры» газеттерінде және республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің Целиноград облысы бойынша меншікті тілшісі кейіннен Алматыдағы баспаларда қызмет атқарады.

Қызылжар өңірі – қазақ әнінің «алтын ғасырының» бастауында тұрған Сегіз Серінің, Алаш поэзиясының бағы болған Мағжанның, қазақ әдебиетінің алыптары Сәбең мен Ғабеңнің кіндік қандары тамған құнарлы топырақ. Кейінгі кезеңде қазақ саны азайып, осы өңірден сөз ұстағандарының 50-60 жылдары тіпті көзге ілінбеулері, қазақтың зиялы қауымын алаңдатпай қоймапты. Жазушылар Одағына Жарасбай ағаны ұсынған кезде, өлеңдерін оқыған Ғабиден Мұстафин мен Әбділдә Тәжібаев сынды ақсақалдар – «Алыңдар. Ақын екен» – деп, ақындығын мойындап, қысқа болса да – дөп айтқан екен. Поэзия әлемінде, ақын болып мойындалудың өзі үлкен баға.

Ақын жүрегінің мынау толғанысына зер салып көріңіздерші:

Ар ма, туған ауылым,
Ар ма қала, қауымым,
Өздерінде назарым.
Жастарың да, кәрің де,
Бар болыңдар бәрің де,
Айналайын қазағым, –

деген Жарасбай аға, тұрған тұла бойы қазақ үшін өмір сүрген, қазақ халқын барлық жан дүниесімен сүйіп өткен, ер-азамат. Ол әрқашан елін, халқын мадақтап, туған жерінің әсемдігі мен сұлулығын жырлай білді:

Сәкен болған, Сәбит қонған атырап,
Ілиястың өлеңінен отын ап.

Тағы күтіп жатқан шығар ақынды
Қасым жүрген, басып жүрген топырақ –

деген шумақтары, тек Бурабайдың, теңдесі жоқ әсем де сұлу табиғатын суреттеуімен ғана шектелмей, осы жердің қадіріне қазақ руханиятына олжа салған ұлдарының да іздері қалып, саф ауасымен көкіректерін күйге толтырғанының құрметіне қастерлі екендігін көрсетпей ме. Қазақта – «олең айтшы» – дейді емес пе. Қазақтың дүниетанымында, осылайша айтылуы, өлең, ең алдымен музыкалық шығарма ретінде қарастырылады. Ауыз әдебиетінен қазақ руханиятына жеткен қисса, дастан, жырларының барлығы әлі күнге дейін домбыра мен қобыздың сүйемелдеуінде орындалады. Сондықтанда қандай да болмасын қазақ ақындарының олеңінің түбінде, тыңдаған құлаққа бір әуен естілері анық. Осыны ақын ага былай жеткізген екен:

Көз жеткізем, десең, бұған,
Бар ғой біз де неше бір ән –
Жаңғырысқан Тау мен Дала.
Әрі сұлу, әрі дана,
Қазақ әнін тыңдап қара!!

Ақынның шығармашылығына «Туған аймақ» өлеңіне, алғашқы ән жазған композитор Төлеген Мұхамеджанов болып, ол әнді Роза Рымбаева орындапты. Кейін Жарасбай Нұрқановтың өлеңдеріне Еркеғали Рахмадиев, Кенжебек Күмісбеков, Әшірхан Телғозиев, Ерсайын Нарымбаев, Алмабек Мейірбеков, Қадыр Адамбалинов, Жоламан Тұрсынбаев, Қасен Қожа Ахмет, Гүлмайдан Сүндетова, Ақынай Шомытов, Болат Құсайынов, Қалқаман Жүнісбеков секілді композиторлар әндер жазыпты. Қазына апайдың көңіліне, Кенжебек Күмісбековтің аға сөзіне жазған «Сәуірдің бозғылт кешінде» және «Есілден баяу еседі самал» әндері ерекше ыстық екен.

Біздің мақаламыздың жазылуына арқау болған әнді композитор Ерсайын Нарымбаев «Жас Алаш» газетінің 2006 жылғы 31 мамыр қарсаңындағы нөмірінен оқып, өзінің айтуы бойынша – «қолайлы дүние болған соң, қайшымен газет бетінен қиып алып, шамалы уақыттан кейін шабытым келіп, шығардым» – деді. Ерекеңнің осы әні шыққан жылы Алматы қаласына жолы түсіп, Жарасбай Нұрқановтың мекен-жайын Жазушылар Одағынан біліп, арнайы үйіне барыпты. Сол күні ғана ауруханадан шыққан ақынға өз орындауындағы баянмен сүйемелдеп жазған таспасын тыңдатып, көңілін өсіріп, куантып кетіпті.

Егер де әлемдегі мыңдаған халықтардың арасында ең ақын, ең композитор халықты анықтар болса, еш күмәнсіз – ол қазақ халқы болып шығар еді. Осы сөзіміздің бұлтартпайтын айғағының бірі, 150-ден астам әннің авторы – Ерсайын ағамыздың тұлғасы. Себебі, қазіргі замандағы қазақ композиторларының біразының өнер саласындағы арнайы білімі

болмаса да, тәңірдің берген талантының арқасында не бір керемет әуезді ән-күйлерді туғызуы. Шәмші Қалдаяқов өзінің Естайдың «Қорланындай» ән шығара алмағандығына үнемі өкініп өтіпті. Бірақ, біздің пайымдауымызша әннің әуені де заманына қарай сай келеді екен. Сегіз сері, Біржан сал, Ақан сері, Мұхит, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Жарылғапберді, Естайлардың барлығы да Ерсайын ағамыз сияқты халық арасында өсіп, халық музыка мектебінен тағылым алған композиторлар. Ерекең тіпті өзінің алғашқы әндері туған кездерінде де, өзіне өзі ән шығардым деп те қарамапты. Қазір халық аузында айтылып жүрген әндердің бірқатары – осы әуесқой композиторлардың үлесіне тиесілі. Көпшілік халық, «әуесқой композитор» дегенге мән де бере қоймайды, тіпті сол да дұрыс па дейсің. Ең бастысы – музыкалық шығарманың халық жүрегіне қонымдылығы мен оның әуезділігі болса керек.

Олай болса, біз әңгіме етіп отырған ән авторы Ерсайын Нарымбаев туралы не білеміз? Ол 1945 жылы, Ресейдің қазіргі Қорған облысының Костанай облысына маңайласатын іргелес өңірінде дүниеге келіпті. Үлкен нағашы әкесі Қаппастың (Қорғанның ет комбинатының директоры болып қызмет істеп, еңбегі И.В. Сталинның өз қолынан орден беріліп еленген, халқына қалаулы, еліне елеулі еңбегін сіңірген, мықты кісі болған екен) інісі Ерғали деген нағашысы қазақтың көнеден келе жатқан қисса, дастандарын күннен түнге ұластырып, арасында халық әндерін туғызып отыратын үлкен жыршы-өнерпаз болыпты. Ол Ерсайынды 4-5 жасынан бастап халық арасына шыққанында өзінің қасына ертіпті. 40-50 жылдары Қорған мен Қостанай азаматтарының ол кісіні танымайтындары кем де кем болып, өнерінің арқасында қазақ ауылдарының арнайы шақыртып тыңдайтын жыршы, әншісі екен.

Ерекеңнің ерекше есінде қалғаны Ақан Серінің «Құлагер» әнінің толық жыр нұсқасын жатқа айтуы. Анасы Қызқибатта кең диапазонды дауысы бар, керемет әншілігімен танылыпты. Өзінің үлкен әкесі Әбдірахманның немере інісі Хамит Сөмбаев (атақты Кәмшат Дөненбаеваның туған нағашысы болған кісі), 10 жылдан соң 1949-50 жылдары сталин лагерлерінен аман-есен оралған кісі, сәби Ерсайынды алдына отырғызып алып, саусақтарын өз саусақтарына жіппен байлап алып, домбыра мен бірқатарлы гармон тартып қызықтапты. Екі жағынан да өнер тең қонған бала Ерсайын, домбыраны алғаш бес жасында-ақ тартып кетеді.

Кейін 1960 жылы, мектептің 7-ші сыныбын бітірер кезінде Алматыдағы дарынды балаларға арналған музыка мектебіне (қазіргі, К. Байсейтова атындағы дарынды балаларға арналған музыка мектебі) түсуге ниеттеніп, бірақ сол мектептен келген хатты анасының сандығына салып, емтихан мерзімі өткеннен кейінгі бір уақытта есіне түсіп, нәсібесі болмапты. Сол Ерекеңнің балалық шағының кезеңі елімізде «тың игеру» науқанымен сәйкес келіп, алғаш өнерпаз ретінде Қостанай облысы, бұрынғы Пресногорьков ауданының (қазіргі Ұзынкөл ауданы), К. Маркс колхозының ауыл клубындағы Виктор Касимовский деген тың игерушінің ауыл жастарының кинодан кейінгі биінде гармон ойнауына

деген қызығушылығынан басталған екен. Бара-бара сол кісімен жақындасып үйіне еріп барып гармон үйреніп, кейін ауыл жастарының биін Виктор бала Ерсайынға жүргізуді тапсырыпты. Өзі айтпақшы, – «гармон тартқандығымнан, би үйрене алмай кеттім» – деп те өкініш білдіреді. Кейін Қостанай облысының Меңдіқара педучилищесінде оқуда жүріп арнайы баяннан сабақ алады, музыкалық ілімін жетілдіреді.

Ерсайын аға оқуын бітірген соң, жұмыс істеп жүрген Меңдіқара педучилищесі жабылып, 1973 жылдың 6 тамызында, бір жыл бұрын ашылған Торғай облысының орталығы Арқалық қаласының пединститутына жұмысқа орналасып, көшіп барады. Ерағаңның негізгі мамандығы дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болса да музыкаға деген ықыласы арта берді: сол жылы ең алғашқы 3 әні туады. Өзі тіпті «ән шығардым-ау» – деп те елемейді. Сол тұңғыш туған әндерінің бірі – «Қарындасыма» әні жора-жолдастарының көңілдерінен шыққан екен.

Жоғарыда аталған Хамит Сембаев деген атасының Ерсайынға ықыласы ерекше болып, кейін Меңдіқарадағы педучилищеде оқудан оралған кезінде қыстың аязы мен боранына, жаздың ыстығына қарамай, үнемі ат шана немесе арбасымен жолдан тосып алады екен. Ерағаң да Хамит атасының әруағына арнап «Аманат» әнін шығарыпты. Әнге арқау болған Қазақтың 1993 жылы болған бірінші құрылтайында ұйымдастырылған мүшәйрада бас жүлдеге ие болған қытайдың Шыңжан өлкесінің қазақ газетінің бас редакторы болған Сәли Садуақасұлының «Шыт» деген өлеңі екен. Өлеңнің тақырыбының негізінде қалада оқуда жүрген немересіне шыт орамалына түйіп сақтаған әжесінің құрты. Бүгінде Ерсайын аға Мұқағали Мақатаев, Қәкімбек Салықов, Тұманбай Молдағалиев, Төлеген Айбергенов, Ісләм Зікібаев, Фариза Оңғарсынова, Марфуға Айтқожиналар сынды біраз қазақ ақындарының сөздеріне 150-ден астам ән жазған танымал композитор.

Өзінің айтуынша: «кейінгі 4-5 жылдың мұғырында шыққан әндерім мұңды көрінеді» дейді, Аманжол Шәмкеновтың сөзіне жазылған «Аялдашы жас жаным» әнімен Тұңғышбай Жаманқұлов өзінің шығармашылық кешін ашыпты. Осы тақырыпты қозғауы композитордың жадында жастық шағына деген қимас сезімінің айғағындай. Солардың қатарында Дүйсенбек Қанатбаевтың өлеңіне жазылған «Бұрым туралы баллада» әні. Бұл ән қазақтың Ұлы Отан соғысына қатысқан қыздарына арналыпты. Жалпы қазақ қызы үшін шаш кесу үлкен күнә, тағдырына балта шабумен бірдей есептеліп, ерекше жағдайда, ел басына күн туған жағдайда ғана бұрымдарын кескен. Сондықтан Әлия, Мәншүк, Хиуаздар сияқты біздерге есімдері беймәлім 2250 қазақ қыздарының жанкешті ерліктерін айтпағанда, кесілген бұрымдарынан артық не құрбандық бар десеңізші.

Композитордың шығармашылық шабытының тууына арқау болған қазақ поэзиясына деген ықыласын тек шығармашылығынан ғана емес тіпті тұңғыш немересіне Мұқағали деп атын қоюынан да байқауға болады. Ал алғаш өнерге баулушы ұстаздарының бірі Ерғали нағашысының

есімін тағы бір немересіне қойыпты. Ерсайын ағамыздың тағы бір қасиеті – ол әр өлеңіне ән жазған ақынды тауып алып, өз суреті мен өленді нотасымен жазған қағазын арнайы папкаға салып сыйлық жасау арқылы ризашылығын білдіруі.

Ерсайын аға ән конкурстарына қатыспайды. Себебі олардың нәтижесі қатыспай жатып-ақ жабық конкурс бойынша айқындалып, тек белгілі кісілер арасында ғана жүлделері үлестіріледі екен. Сосын жалпы шығармашылық туындысын белгілі талаптар аясында іріктеп, белгілі дәрежеде дәріптеу мәселесі де жоқтың қасы деген ағамыздың пікіріне біз де келістік. Сондықтан да «АЛЖИР» мұражайының қолдауымен «Ерте солған гүлдер» әнінің дәріптелуі тек марқұм болған ақын Жарасбай ағаның аруағы өз атына немесе композитор Ерсайын ағаның атын таныту үшін ғана емес – бұл құрбан болған милиондаған жазықсыз жандардың рухтарының алдындағы азаматтық борышымыз екені анық.

Жалпы «Ерте солған гүлдер» әнін – осы әнді дүниеге әкелген ағаларымыздың өмірбаянынан бөлек қарау тіпті мүмкін болмады. Өйткені, осы әнді шығару жолында киелі өнер руханиятының тылсымымен үндескен шығармашылық кісілерінің қилы тағдырлары, бастарынан кешкен өмірлері мен тарихи шынайы миссиялары атқарылғандай.

Біздің қазіргі күнделікті өмірімізді жеңілтектік басып барады, қашанғы желігеміз, бір мезгіл сабырға келейікші. Біздің кешегі өміріміз – ол ертеңгі өміріміздің бір баспалдағы емес пе? Қазақтың екі ақсақалының осы өленді біздің болашақ жас ұрпағымыздың санасына ізгілік тамырын сіңірудің мықты құралы ғой!

Біз қазір дүниені төңкеретін керемет іздейміз, бірақ барды елемейміз, ал жоқты тіпті құрдымға жібердік. Сондықтан осы әнді мектеп бағдарламасындағы музыка пәнінің тізіміне енгізсе, сол арқылы тек ән-күй пәні ғана емес балалар еліміздің тоталитарлық кезеңінің зұлмат тарихынан да дәріс алар еді. Сонда жыл сайын жұтап бара жатқан қарапайым адамгершілікке баулып, олардың ойлары нұрлана түсер еді.

Жанбота ТАСБОЛАТҰЛЫ
«АЛЖИР» мемориалды мұражай кешенінің
аға ғылыми қызметкері

«Арқа ажары»

Кеңес дәуірі кезіндегі жаппай қуғын-сүргіннің басталғанына 75 жыл, халқымызды қырғынға ұшыратқан Ұлы жұт – ашаршылық зұлматына 80 жыл толады. Мұнан былайғы аралықта 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін ғана емес, ашаршылық құрбандарын да еске алу күні ретінде атап өтілетін болды.

Суретте: (солдан оңға қарай) тұсаукесер рәсіміне қатысқан қоғам қайраткерлері: Қ. Нұрқанова, Ж. Сүлейменов, Т. Жұртбай, Б. Жүнісбеков.

Астанаға іргелес Ақмол ауылында орналасқан аталмыш мұражайда ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай тағылымды бір шара ұйымдастырылды. Атап айтқанда, «Азаттықтың азапты жолы» атты көрмесінің, «37-ші жыл. Ерте солған гүлдер» бейнеклипі мен «Алаш-Алжир» екі томдық кітабының тұсаукесер рәсімі болып өтті.

Игі шара басталар алдында мұражай директоры Болат Жүнісбеков бұқаралық-ақпарат құралдары өкілдеріне шағын сұхбат беріп, мемориалды мұражай кешені қызметкерлерінің атқарып отырған игі істері жайында, жалпы осынау тарихи орынның бүгінгі таңдағы маңызы тұрғысында айтып өтті. Мәжіліс залындағы жиын басталмас бұрын, жиналған қауым мұражайға қойылған жәдігерлермен, құнды құжаттармен танысып, сол бір ызғарлы, зұлмат жылдары осы жерде азап шеккен ана-

лардың қайғы-қасіретін жете сезінгендей болды. Бұлар халық жауларының аналары мен жарлары, апа-қарындастары еді. Зіл батпан ауыртпалықты, қара түнек түндерді бастан кешіп, сонда да сүйген жарларына деген адалдықтан таймаған, әділдіктен, азаттықтан күдер үзбеген әйелдердің қайсар рухына еріксіз тәнті боласыз.

Иә, қаймана қазақ не көрмеді?! Алаш баласы бастан өткерген азаптың ішіндегі ең сұмдығы, ең қасіреттісі – қолдан жасалған ашаршылық. Мұражай қабырғасындағы көп суреттердің біріндегі әбден қажыған, ілініп-салынып, боздап бара жатқан аш-арық адамдардың бейнелері аза бойыңды қаза қылады. Тарихи деректерге сүйенсек, 1928-1932 жылдар аралығындағы ұжымдастыру кезеңінде жергілікті халықтан 6 миллион 500 мыңнан астам ірі қара, 19 миллионға жуық қой, жарты миллионға жуық жылқы тартып алынған екен. Сол нәубет кезінде құрбан болған адамдардың саны 2 миллион 300 мыңға жетеді дейді тарихшылар. Олай болса, ендігі жерде жалтақтықтан арылып, тарихымызды таразылау – бір тілім нанға зар болып, жер жастанған әруақтардың алдындағы басты парызымыз болса керек.

Тағылымды шараға арнайы келген белгілі ғалым, жазушы Л. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының директоры, Тұрсын Жұртбай мынадай пайымды пікірін ортаға салды:

– Халқымыздың басынан өткерген сан қилы талайлы, қасіретті оқиғаларының ескерткіші осы АЛЖИРГЕ қойылған ескерткіш сияқты. Мұны қадым заманнан бастап, бүгінгі күнге дейінгі ұлт азаттық идеясының жолында, жеке басының азаттығы жолында басын бәйгеге тіккен адамдардың қасіретіне, арыз арманына, тағдырына орнатылған ескерткіш деп айтсақ та болады. Бұл қара ниеттердің құрбаны болған, жазықсыз жапа шеккен әйелдердің тағдырына орнатылған ескерткіш. Біздің ендігі міндетіміз – тарихтың ақтаңдақ бетін ұрпақтарға дұрыс түсіндіру, олардың санасына дұрыс сіңіру. Сонда ғана болашақ ұрпақ тарих тағылымынан жан-жақты хабардар болмақ, арманда кеткен боздақтардың рухын қастерлеп өтпек.

Мұражайға жасалған шағын экскурсиядан соң жұртшылық мәжіліс залына жиналып, «37-ші жыл. Ерте солған гүлдер» бейнеклипті тамашалады. Осы әннің музыкасын жазған белгілі сазгер Ерсайын Нарымбаев әннің туу тарихы туралы әңгімелеп берді. Аталмыш әннің сөзін жазған ақын, марқұм Жарасбай Нұрқанның жары Қазина Нұрқанова да өзінің естелік ойларымен сыр бөлісті.

Жиында сондай-ақ, Астана қаласы мәдениет басқармасының бастығы Болат Мажағұлов, қоғам қайраткері, белгілі қаламгер Жарасбай Сүлейменов, филология ғылымдарының докторы Амантай Шәріп сөз сөйлеп, Алаш баласының азаттығы жолындағы азапты тағдырлар, арманда кеткен арыстарымыз хақында тұшымды пікірлерімен ой бөлісті.

– Тәуелсіздікке дейінгі аралықта қазақ халқының бастан өткерген тауқыметі аз емес. Отызыншы жылдардың ойраны кезінде талай бо-

здақтарымыз, біртуар азаматтарымыз қуғын-сүргінге ұшырады. Сол жылдары халықтың 70 пайызынан айырылып, ұлт болып қалуымыздың өзі екіталай болып, тағдырымыз қыл үстінде тұрды. Әрине, сол бір сұрапыл жылдардың қасіреті жадымыздан ешқашан өшпек емес. Сондықтан Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев 1997 жылы өзінің Жарлығымен 31 мамыр күнін Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні деп жариялады. Ал, 2007 жылдың 31 мамырында тікелей Президентіміздің қатысуымен осы мұражай ашылған еді. Содан бері тарихымызды таразылау тұрғысында бірқатар істер тындырдық деп айта аламыз, бірақ алда атқарылар міндеттер әлі де көп. Бүгінгі қолға алынған шара осынау игілікті істердің бір парасы ғана, – деп сөзін түйіндеген мұражай директоры Болат Жүнісбеков тағылымды шараға арнайы келген меймандарға, БАҚ өкілдеріне өз ризашылығын білдірді.

Сөз соңында айтарымыз – «АЛЖИР» мұражайы сұрапыл кезеңнің лагерь тұтқындары мен олардың ұрпақтарының тағдырлары туралы кітаптар мен бейнефильмдерде көрініс тапқан оқиғалардың жылнамасын жүргізеді. Мұражайға қазақстандықтар ғана емес, Астанаға келген көптеген шетелдік қонақтар да ат басын тірейді. Осындағы тілектер кітабында Мемлекет басшысына, барлық қазақстандықтарға құрбандардың рухын мәңгі есте сақтағаны үшін шетелдік меймандар тарапынан жүрекжарды, алғыс сөздер жазылған. Ақмол ауылында орналасқан «АЛЖИР» мұражайында елімізге ресми іс-сапармен келген бірқатар мемлекет басшылары, өкілдіктер қызметкерлері мен есімдері әлемге әйгілі танымал тұлғалар болып қайтты.

Ендеше, мұражай ұжымының бірінші белестегі қызметін қамтыған және мұражай қорының материалдары бойынша жинақталып, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жарық көрген «Алаш-АЛЖИР» кітабы талғампаз оқырман жүрегінен жол табады деген сенімдеміз.

Талғат САНСЫЗБАЙ,
Суреттерді түсірген **Ерлан ОМАРОВ.**
Целиноград ауданы.

КӨҢІЛІМДІ ТОЛҒАНДЫРҒАН СОЛ БІР СӘТ

Өмірімнің өлшемі кездескен адамдармен өлшенетін сияқты. Неліктен екені белгісіз өнер жолында Солтүстік Қазақстан ақындарын, соның ішінде Кәкімбек Салықов, Есләм Зікібаев, Жарасбай Нұрқан ағаларымды кезіктіріп, олардың өлеңдеріне ән жазғаныма Құдайдың бір сыйлығы деп түсінемін.

Өкініштісі, ағалардың қасында жүргенде олардан ерте айырылып қалуым мүмкін ғой деген ой келмепті.

Тарқамайтын шер,
Айықпайтын мұң.
Отыз жетінші жыл,
Қасіретім бұл, –

деп жырлаған өзінің 1937 жылы туғанына өмір бойы қолайсыз сезініп өткен Жарасбай ақын «Ерте солған гүлдер» өленін жазбай өмірден өтуі мүмкін емес сияқты. Шыр етіп дүниеге келген нәрестемен қатар келген нәубет, осы кісінің санасын басып, бір халықтың басына түскен ауыртпалығын арқалатып өткендей. Өмір бойы ой қазанында бірнеше рет қайнап шыққан туынды 2006 жылы «Жас Алаш» газетінің қуғын-сүргін құрбандарына арналған санында жарияланды.

Ағадан сегіз жыл кейін туған біздің өзімізге бұл жыл ерекше үрей тудыратын. Өйткені біздің әулетімізді де 1937 жылдың қаралы қасіреті соғып өткен. Өз атам Әбіштің туған інісі партиялық оқуға кеткен бойында хабарсыз кеткен, тіпті аты да аталмай, біз үшін құпия қалпында қалды. Екінші, немере інісі Сомбаев Хамит 10 жыл итжеккенде ағаш құлатып, аман-есен елге оралды. Бірақ, бастан кешкендерін шешіліп айта қоймайтын. Бар мұңын, іштегі шерін, тартқан азабын домбыра шертіп тарқататын. Және гармоньның сарынымен ыңылдап ән айтатын да. Екі аспапта да тамаша ойнаушы еді. Қосылып ән салып отырғанын да талай көрдім де, естідім де. Сабырлы әрі сазды тамылжыған әуендері мені баурап алушы еді.

Осы атам мені өнерге баулып, музыкант болуыма, бүгінгі күні композитор атануыма септігі тиді және ол кісіні ұстазым деп айта аламын. Композитор болғасын газет-журналдардан, өзімнің тақырыбыма сәйкес өлеңдер іздеймін. Бір қатар ақындардың өлеңдеріне ән жазған болатынмын, ол әндерімді республикамызға белгілі әншілер орындар жүр. Шығармаларымның алтын арқауы – тарихи тақырыптар еді. Бірақ 37-ші жылғы қуғын-сүргін құрбандарына арнап азалы шығарма жазуды

өзіме азаматтық парызым деп санап, осылай екі тағдыр бір жерден тоғысып, ән тудырды.

Ақын Жарасбай Нұрқанмен қатар жүріп, бірталай ой бөлісуге жаратқанымыз мүмкіншілік бере қоймады. Ол кісімен бірінші кездесуіміз, он шыққан жылы Алматыдағы үйінде болды. Ағаның ауруханадан шыққан күні еді. Өзімді таныстырып, келген шаруамды айтып едім, жылы қарсы алып, риза болып қалды. Шығарманы мен өз орындауымда тыңдаттым. Әнді естіген күйінде жақсы қабылдап, өз суретін ескерткіш болсын деп маған табыс етіп еді.

Алматыдан Астанаға қоныс аударғанын білмей, ара-қатынастан айырылып қалып, содан екі-үш жылдан кейін табысып, қауыштық.

Соңғы рет кездескенде әннің орындаушысы Азамат Жылтыркөзов жүрегінен жеткізе орындап «Тағзым етіп тұрмын, қыбыр етпей үнсіз» деген тұсында, аурудан әлсіреп отырған ақын тік тұрып тыңдағаны ұмытылмайтын әсер қалдырды. Көңілі қуаныштан бір серпіліп, дастархан басында жеңгейді самолетпен алып қашқанын айтып біздің, әлде өзінің көңілін бе көтеруге тырысты. Кетерде, 3-4 параққа басылған өлеңдерін ұсынып әнге жарар ма екен деп ұсынды. Соның ішінде, «Неліктен үндемейді телефоның» деген өлеңге ағаның үлкен ұлы Жомарт үйге жеткізгенше әуені келіп, кейін тамаша ән дүниеге келді. Ол ән әнші Жадыра Арыстанова қарындасымыздың орындауында Қазақ радиосынан эфирге шығып кетті.

Бір-бірімізден айырылып қаламыз ғой деген ой келмеп еді. Әнге түсірілген бейне материалдың тұсаукесеріне барамыз деген күні – «АЛЖИР» мұражайында өтетін ресми шараға 3-4 сағат жеткізбей, Алланың алып кететінін кім білген?

Қарақат пен бүлдірген
Сағынтарын кім білген
Өте қызық мазмұны,
Өте шықты жаз күні! –

деп өзі жырлағандай, Жарасбай ағадан айырылып қалдық. Тіпті қатар отырып суретке түсу де ойға келмепті.

Өкініштi!..

Ерсайын НАРЫМБАЕВ,
Композитор

ҰРПАҚТАР ҮНДЕСТІГІ
«ЕРТЕ СОЛҒАН ГҮЛДЕР»

1937 жылдың жалғыз ғана сипаты – азғындық пен алауыздықтың қанға суарылған қылышының ел буынына балта шабуы.

Қазақ халқы үшін бұл жылдардың астарында қыршынынан қиылған талай тағдыр мен тайғақ жолда таяққа жығылған қаншама өмірлердің көз жасы жатыр. Бізді тобықтан тайдырған өршіл өктемдіктің іздері тарих беттерінен де, халық санасынан да еш өшпейді. Сол жылдар жайлы мұңын жеткізуде күре тамырынан лүпілдей соққан мына бір ән, тыңдаушылар жүрегіне бойлап, бойды шымырлатады:

Неткен заман еді, мұздай суық лебі,
Сол бір сұмдық әлі мазалайды мені.
Қос үрейлі күндер, қорқынышты түндер...
...Күнәсі жоқ жандар, кімдер жала жапқан?
Аққа күйе жаққан, айтыңдаршы, кімдер,
Күрсінеді таулар, тұнжырайды көлдер...
... Өңкей асыл боздақ, болды-ау күні қараң,
Олар көрген азап, өлімнен де жаман...
... Ерте солған гүлдер, аянышты бәрі,
Ең аяулы жандар, есте болсын мәңгі...

«Ерте солған гүлдер» аталатын бұл ән құлаққа жетісімен-ақ жүрекке мұң, санаға ой, көңілге кірбің әкеледі. Осындай тебіреністі тұңғиықтан тұла бойымен сезініп, қара қаламмен қағазға түсірген әннің сөзінің авторы: Жарасбай Нұрқанов, ал сазбен санаға жеткізіп, ұн қосқан әннің авторы Ерсайын Нарымбаев. Әннің шығу тарихы былай еді: 1997 жылдан бастап елімізде аталып келе жатқан саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнінде, яғни 31 мамырда, 2006 жылы «Жас Алаш» газетінің бетінде Жарасбай ағамыздың «Ерте солған гүлдер» деген өлеңі жарық көрді. Тереңнен тебіреніс тудырған өлеңнің оқырмандарының бірі болған Ерсайын Нарымбаев шабытының жетегімен өлеңге ән жаза бастайды. «Ерте солған гүлдер» әні сол жылы, осылай дүниеге келді.

Әннің авторларына тоқталар болсақ, жазушы Жарасбай Нұрқанов сол бір нәубет жылдары, 1937 жылы 22 наурызда Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданына қарасты Көктерек ауылында дүниеге келген. Ұзақ жылдар бойы, қызығы мен қиындығы қатар жүретін журналистік қызметті атқарып келді. 1981 жылдан баспагерлікке ауысып, «Өнер» және «Жазушы» баспаларында аға редактор болды. 1987 жылдан бастап бірыңғай шығармашылыққа бет түзеді. Оқырмандарға танымал «Қара көздер», «Нұрлы терезе», «Алтын десте», «Арманым менің», «Терең барлау», «Қызылжар» және «Көкжиек» атты кітаптары арқылы өзіндік қолтаңбасымен әдебиет әлемінен орын ала білді. Ұстаз, жазушы, журналист және өлеңдері сыршылдығымен ерекшеленген ақынның «Ерте солған гүлдер» өлеңінің ел жүрегінен орын алуы да тегіннен тегін емес.

Әннің авторы Ерсайын Нарымбаев – бапкер. Көптеген жылдар бойы академияда сабақ берген сазгер. Ол 1945 жылы Ресейдің қазіргі Қорған облысының Қостанай облысына маңайласатын іргелес өңірінде дүниеге келген. Нағашысы қазақтың көнеден келе жатқан қисса, дастандарын білетін, халық әндерін жырлаған жыршы-өнерпаз болыпты. 4-5 жасынан бастап нағашысының қасында еріп жүріп, халық арасына шығып жүретін Ерсайын ағамыз өнердің қыр-сырын бойына сіңіре білді. «Қарындасым», «Бұрым туралы баллада» сынды сырға толы әндердің авторы, дарынды композитордың шығармашылығының еншісінде халық жүрегіне жол тапқан көптеген әндер жатыр.

Ел аузындағы «Ерте солған гүлдер» азалы әні – халық ішіндегі осы екі дарын иелерінің ортақ туындысы. Алайда, бұл ортақ шығарма халықтың назарына ұсынылмаса, оны өз деңгейінде насихаттау болмаса, ол сол қағаз бетінде қала беруі әбден мүмкін ғой. Әннің авторлары бұл мәселені де орынды шешкен. Аталмыш өнер туындының сазы мен сөзін мәнеріне келтіріп орындап халыққа жеткізе алған әнші – Азамат Жылтыркөзов. Әнші көмейіне ұялаған ерекше дауыс бұл сазды асау тебіреністің сарыны етіп тыңдаушылар жүрегіне бойлата алды. Қазіргі сахна өнеріндегі талантты жастардың алғы шебінде жүрген, өнерде өзіндік қолтаңбасы бар, қазақ өнерін әлем сахналарында насихаттауда жоғары жетістіктерге жетіп келе жатқан Азаматтың орындауындағы «Ерте солған гүлдер» әні тыңдаушыларын елең еткізбей қоймады.

Азамат Жылтыркөзов бала кезінен бастап ән айтып, өз дарындылығымен ерте көзге түсті. 1995 жылы Абайдың 150 жылдығына орай өткен Абай әндері байқауында бірінші орынды иеленуі оның алғашқы жеңістерінің бірі еді. Музыкалық мектепті бітіріп, елордамыз Астанаға келіп, музыка академиясында оқыды. Студент жылдарынан бері опера театрының және кейіннен мемлекеттік филармониясының солисі болып келеді. Бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері де халыққа мәлім. Соның ішінде: IX Халықаралық «Шабыт» байқауы сыйлығының лауреаты атанды, С. Монюшко атында өткен вокалистердің VI халықаралық байқауында Польша Музыкалық академиясының арнайы сыйлығымен марапатталды, Италияда өткен «Жас таланттар» XXIII Халықаралық байқауы сыйлығының лауреаты болды, ал 2011 жылы Азамат Жылтыркөзовке Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері атағы берілді. Бүгінде Астана қаласында өзі оқыған музыкалық академияда сабақ береді. Өнер жолында өз ізімен келе жатқан ол, шәкірт тәрбиелеуден де кенде емес.

Осындай дарын иесі, әрі патриоттық әндерді орындауға ерекше ынтамен қарайтын өнер адамы арқылы біз де әннің құдіреті мен ондағы ащы зарды, қасіретті тағдырларды, көкіректе кептеліп қалған өксік пен өкініштi санамызбен қабылдап, халқымыздың басынан өткен қасіретті өз түйсігімізде және бір саралағандай күй кештік.

Тамырымыздың буынына балта шабылған зобалаң жылдардан аман қалған ұрпақ екендігіміз рас. Өз еліне деген патриоттық сезіммен «Ерте солған гүлдер» әнін орындаушы Азамат Жылтыркөзов аға-

мыздың әнді халыққа тереңінен жеткізе алуы – ұрпақ буыны ретінде өзіндік парызын атқарғаны десек, біздің журналымыздың осы әнді насихаттауы – оны әлеумет тынысының бір бөлігі ретінде қабылдап, күре тамырымыздың соғысына демеу берер рухани байлығымыз деп тануымыз болып отыр. Себебі осы ән ұрпақ санасынан, жүрек түкпірінен еш өшпеуі тиіс.

Одан өзге, «Ерте солған гүлдер» әніне «Алжир» мұражайында бейнебаян түсірілді. Тарихтың өшпес беттерінен сипат беретін бейнебаян біздің руханиятымыз үшін құнды дүние. Оны оқу-тәрбие жұмысында көрнекті құрал ретінде кеңінен пайдалануға тұрарлық, Тәуелсіздіктің парқын жас жеткіншектерге тереңінен түсіндірудің тиімді жолдарының бірі деп қабылдауға негіз бар деп есептейміз.

«Ерте солған гүлдер» әні – айтылмаған зар мен тарқалмаған шерге тіл бітірген бағасы зор туынды.

Айнұр ТӨЛЕНДИНОВА,
тілші.
«Әлеумет тынысы» ақпараттық-сараптамалық журнал.

Айқын апта

ЖАҢҒЫРЫҚ

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Жарасбай Әнәсұлы Нұрқан 1937 жылы 22 наурызда Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданының Көктерек ауылында туған. Жарасбай Нұрқанның қаламынан туындаған бірнеше өлеңдер жинағы жарық көріп, өз оқырмандарына жеткен еді. Ақын қайтыс болғаннан кейін де «Қызылжар» және «Көкжиек» атты кітаптары жарық көрді. Соның ішінде «Ерте солған гүлдер» атты 1937 жылдың қасіретіне арналған туындысының орны бөлек. Оның жазылу тарихына байланысты 31 мамыр – Сайси құғын-сүргін құрбандарын еске алу күні қарсаңында ақынның жары Қазына Нұрқановамен әңгімелесудің сәті түскен еді.

ОЙ ТҮБІНДЕ ЖАТҚАН СӨЗ, ШЕР ТОЛҚЫТСА ШЫҒАДЫ

Кездесуге үш сағат қалғанда өмірден озды

Бейнебаян түсірілген «Ерте солған гүлдер» атты шағармасын 2000-2003 жылдар аралығында жазып бітірді. Үйге сыймай далаға шығып кетіп, күбірлеп жүріп алатын. Бір сөзін жазып қойып, қайтадан сызып, бірнеше нұсқасын түсірді қағаз бетіне. Көп ойланды. Ақыры осы нұсқаны өз ойынан шыққанын айтып, жүрегімді мазалап жүрген парыз жүгі

еді деп, үнсіз біраз отырды... Газетке бірден бермей, ойланып, толқып жүрді. Ақыры бір шешімге келіп, редакцияларға ұсынған-ды.

Өзі бапкер, өзі сазгер – 200-ге тарта ән жазған Ерсайын Нарымбаев 2000 жылдың бас кезінде «Жас Алаш» газетінен көріп, қатты тебіренгенге ұқсайды, ән жазыпты. Алғашында орындаған әйел дауысы туындының мазмұнымен үйлесім таппады. Сосын Күләш Байсейітова атындағы опера және балет театрының әншісі Азамат Жылтыркөзовке ұсынған еді, әннің иесін тапқаны бірден аңғарылды, тыңдаған жанның тебіренбейтіні кемде-кем. Содан кейін бұл әнге бейнебаян түсірілді. Туынды өте сәтті шықты.

2011 жылы Астана маңындағы «Алжир» (Акмолинский лагерь жен изменников Родины) мұражайында бейнебаянның тұсаукесері болатын болып, ел жиналып, күтіп отырған кезде, кездесуге үш сағат қалғанда, Жарасбай өмірден озды. Операциядан кейін әлі де оңала қоймаған ол, денсаулығының сыр бергеніне қарамастан, кездесуге тыңғылықты дайындалған еді. Тағдыр оқырмандарымен жүздесуге жазбағанымен, тура сол кездесу белгіленген уақытта, тыңдарманымен қауышуды бұйыртыпты. Қазақ радиосының дәл сол сәтте осы туындысына қатысты алдын ала арнайы жазылып алынған сұхбаты беріліп жатты. Журналист Мұқат Қожахметұлы Жәкеңнің бақилық болғанын ести сала, хабарын әуе толқынына жібермес бұрын, ең соңғы сұхбат екеніне қатысты өзгерістер енгізіп үлгеріпті.

Бәрін жүрек түкпірінде сақтады

37 жылғы оқиға Жәкеңді мазалап жүрді. Целиноградта 1979 жылы неміс автономиясын құрмақ болған тұстағы оқиғалар, одан келе 86 жылғы көтеріліс... бәрі-бәрі жүрегінде жүрді.

Ата-анасынан, үлкендерден 37 жыл жайында, ауылда бір күнде 7-8 адамды «черный ворон» аталып кеткен қара машинаға мінгізіп әкеткенін талай естігенін айтып отыратын. «Черный ворон» деген сөз үлкенге де, кішіге де үрей тудыратын тажал іспетті әсер ететін болу керек, кәдімгі қара қарғаның өзін шошытып, қуалап, үй маңына жолатпайды екен. Соның бәрін жастайынан естіп, көріп өскен адам қалай тебіренбесін, жүрегі қалай қан жыламасын?! Ақын жүрегі сезімтал да нәзік келеді емес пе?! Ол күндердің күнінде қаламынан жыр боп төгілді.

Отыз жетінші жыл,
Қасіретім бұл!
Тарқамайтын шер,
Айықпайтын мұң.

Гүілдейді жел,
Мұжілгендей тас.
Көңілімізде шер,
Көзімізде жас.

Жәкең ұстамды, сабырлы жан болатын. Жиі жаза бермейтін, аз жазса да саз жазатын, сөзден сурет салған шебер ақын. Шығармаларының дені, туған жер, табиғаттың сұлулығы, адамдар арасындағы сыйластық пен түсіністік хақында. Әдемі мен әсемдікті жақсы көрді, сұлулықты сүйісінді. Айналып келгенде бәрі өмір – таным ғой.

Тілге байланысты жазғандары да көп нағыз тіл жанашырларының бірі болды. 1975 жылы Целиноградта тұрған кезімізде республикалық семинар өтетін болып Алматыдан Қасым Қайсенов бастаған бір топ ақын-жазушылар келді. Сол тұста «Қазақ әдебиеті» мен «Коммунизм нұры» газеттерінде Жарасбайдың «Тіл ұстарту» деген өлеңі шығып, ақын да, газет басшылары да жоғарғы жақтан сөз естіп, у-шу болғаны бар. Сонда билікке ұнамағаны өлеңнің мына бір тұстары:

– Балам еркін білмейді бабам тілін,
Нансаң, соған жүрегім тілім-тілім.
«Әке» деуге ауызы қиналғанда
Ұнатпай да қаламын ұлым түрін.

Содан Жарасбайға «ұлтшыл» деген айдар тағылып, қудалаудың астына түсті. Орталық комитетке түсініктеме беруге тура келді. Көптеген жылдар бойы жазғандары республикалық басылымдарда жарияланбады. КГБ-ның бақылауында болды. Сол кездегі өзіне төнген қауіп-қатер арқылы ол Сәкен, Ілияс, Бейімбеттердің басына төнген зұлматты жантәнімен сезінгені анық.

Сейфуллиннің, Жансүгіровтің, Майлиннің бүкіл шығармаларын жазушы ретінде оқып білді, зерттеді. Университетті бітірер кезде «Ілияс Жансүгіровтің поэзиясындағы ән-күй тақырыбы» деген 41 бет диплом жұмысын қорғады. Халық жаулары атанған тұлғалардың шығармаларын іздеп тауып, Мағжанның өлеңдерін жасырып оқып жүрді.

Қашанда қасынан табылдым

Жәкеңнің жабырқаған жанын сергітуге қолымнан келгенін аянған жоқпын. Қашанда қасынан табылдым. Бұл тақырып ақын, жазушыны ғана емес, кез келген азаматты толғандыратын мәселе ғой. Мағжанның өлеңдері республикалық басылымдарға шыға бастағанда, ақталғанда керемет толқыды. 1967 жылы Сейфуллиннің жұбайы Гүлбаһрам Батырбекқызы апаймен кездестік. Сәбит Мұқановтың «Сәкен Сейфуллин» атты драмасы Целиноградтағы Горький атындағы орыс драма театрында қойылатын болды да, соған келген беті екен. Ақмолалық көрермендер бұл туындыны «Тың игерушілер сарайында» тамашалады. Әңгімеден алған әсеріміз көл-көсір, көптеген құпия жайттардың түп-төркініне қанығып, қатты қобалжыған болатынбыз.

Сол кездегі елдегі білімді, білікті бас көтерер азаматтардың бәрін ұстап әкеткені, ауылдың басшысыз, басқарусыз өзімен-өзі қалып қойғанының елге қаншалықты ауыр тигені, соның салдарынан әдебиеті мен мәдениеті, экономикасы мен шаруашылығы дамымай, құлдырауға айналғаны жанына қатты батты. Ел аза тұтып, күнұзақ еленделп азаматтарын күтумен, Есілдің бойындағы өткелді торуылдап жүреді екен.

Өзім де репрессияның шет жағасын көріп қалдым. 1950 жылы «социалистік меншікті талан-таражға салды» деген науқан басталып, ауылдан бірнеше адамды ұстап әкеткеніне куә болғаным бар. Кешкі алакеуім уақытта ауыл аяқастынан абыр-сабыр күй кешті. Аналарымыздың өтегіне жармасып, далаға шыққан балалар мылтықты адамдардың бір кісіні қолын қайырып, алып шығып, қара машинаға мінгізіп алып кеткен көрініс көз алдымда елес боп қалды. Ол кезде мен үш жастамын. Репрессияға қанша жыл өтсе де көзімізге елестейді. Өшпейді ешқашан.

Кейде қатты күйінгенде «37 жылы туғаныма ұяламын. Елдің бетке ұстар азаматтары бірінен соң бірі арамыздан біржола мәңгілікке аттанып жатқанда, іңгәлап өмірге келгеніме өкінемін» дейтін еді Жарасбай. Мен шамам келгенше жұбатумен тырысатынмын. Тілім жеткенше жылы сөздерімді аямай, көңіл түкпірінде қатқан мұзды жібітуге тырысатынмын. «Өкінбе. Қайта қуануың керек, бәлкім сен, олардың іске асыра алмай кеткендерін жалғастыруға келген ұрпақ шығарсың. Тектен тек ешнәрсе де болмайды. Табиғат саған ақындықты дарытқан. Ақын болып халқының күйін күйттеп жүрсің деп, басу айтатынмын. Енді міне, арыстарымызды жоқтап азалы жыр жазып, жырмен жоқтап отырсың. Осындай шығармалар арқылы жастарымыз тарихи шындыққа көз жеткізіп, аға ұрпақ жасаған ерліктерін бағалай білетін болады. Сол кездегі ағаларымыздың жасаған ерлігін насихаттап, еліміздің Тәуелсіздігіне еңбек етіп жатырсың» дейтінмін.

«Ой түбінде жатқан сөз, шер толқытса шығады, демекші, кеудесін кернеген запыранды жыр арқылы шығарды. Кеудесіндегі мұңды халық мұңы деп білді. Кеңес өкіметінің кезінде оқырмандармен кездесулерге барғанда сол кездегі оқиғаларды қорықпастан айтып жүрді.

Менің рухани ұстазым болды

Тың игеру басталған кезі ғой, «орыс тілін үйренсін» деп, әкем мені оқуға өзге ұлт көп қоныстанған елді мекенде тұратын ағамның қолына берді. Сол үйде жүріп, орыс класында оқып, онжылдықты бітірген соң ауылға келдім. Дәрігер болсам деп армандайтынмын. Құжаттарымды медициналық институтқа поштамен жіберген едім, бір ай өткеннен кейін «қабылдау мерзімінен кешігіп қалдыңыз» деп сілтеме жазып, кері жіберіпті.

Бұл 1964 жылы болатын. Январь айында әкем Сәдуақас Алғожаұлы қайтыс болды. Ұлы Отан соғысына қатысқан, үш рет жаралы болған кісі. Сол жылдардың зардабынан өмірден 58 жасында өтті. Зар еңіреп шешем Шамшия Тәуірбайқызы шиеттей бала-шағамен қалды. Төрт ұл бір қыз. Сол жылдары қазақ ауылдарында бойжетіп келе жатқан қыздарды өз еркінен тыс алып қашу оқиғалары орын алған болатын. Көрші ауылдың жігіттері өздеріне ұнаған қызды алып қашып кететін. Әулеттегі ерке де еркін өскен жалғыз қызбын. Мені де бір жігіт еркімнен тыс әкетуге тырысқанда «не трогайте меня, спалю ваш дом» деп қорқытатынмын.

Орысша сөйлегесін айтқанымнан қайтпайтынымды білді-ау деймін, алып қашуға жүректері дауламады. Одан құтылдым ба деп жүрсем, бір үлкен кісі келіп, баласына құда түсіп кетіпті. «Қымызды кім ішпейді, қызды кім айттырмайдының кері» ғой. Жеңгелерім келісім бермесе де, амалсыздан дайындықтарын жасай бастайды.

Мәдениет үйінде, жастар кешінде Жәкеңмен жүздесіп жүретінмін. Бірақ бір рет те сөйлескен емеспіз. Мен болсам іштей Жарасбайды ұнатып жүрдім. Жәкең сұңғақ бойлы, сұлу жігіт болатын. Жасы менен үлкендеу, университетті бітіріп келіп, ауылдағы мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беріп жүрген жас маман.

Мамырдың 5-сі күні құда түскендер мені алып кетуге тиіс. Соның алдын алмасам кеш қалатынымды білдім де, неде болса, «Я вас люблю. Женитесь на мне» деп Жарасбайға хат жазып, оны Сансызбай деген немере інісінен беріп жіберген едім. Ол үшбу хатты көріп, «Жас қыз. Не істеймін?» деп әкесімен ақылдасса керек, «Сәкеңнің қызы ғой, үйлен» депті Әнес атамыз бірден.

Әлі есімде, 4 мамыр күні анам Шәмшия сырқаттанып қалды да, аудандық ауруханаға апаруға тура келді. Есілдің тасып жатқан кезі. Фельдшер Бельгер санитарлық авиацияны шақырып, анам екеумізді ауданға алып барды. Ота жасайтын болды.

Менің хатымды алғаннан кейін Жәкең тәуекел деп жолға шығады. Есілдің асып-тасып жатқан кезі, өзеннің екі жағалауы паром арқылы ғана байланысатын. Сол жолы Жәкең де паромға отырады. Есілден өтіп бара жатып паром сенге соғылып аударылады. Соның салдарынан екі-үш кісі суға түсіп кетеді. Оның бірі біздің – Жарасбай. Күн әлі жылымаған кез. Жәкеңнің үстінде қыстық жылы киімдер. Бірін-бірі құтқарып, бәрі аман-есен жағаға шығады. Одан кейін аудан орталығындағы ағайыны – Әнуәрбек үйіне келеді ғой. Мен де шешемді ауруханаға орналастырып болып, осы үйге келмеймін бе?! Сол жерде бас түйістіріп қалдық.

Жарасбай аудан басшыларына келген мақсатын айытқанға ұқсайды. Келесі күні облыстық комсомол конференциясына аудан бойынша 30 шақты өкілін жеткізуге келген самолетті босатқызып, райком хатшысы Жарасбай екеумізді отырғызып жіберді. Ағасының үйіне алып барды, 1964 жылы осылай көрші ауылға келін болып түстім. Жарасбай көп көмектесті, жоғары білім алдым, рухани ұстазым болды десем де артық емес.

50 жыл бірге ғұмыр кешіппіз. Бір-бірімізді барынша құрметтедік. Екі ұлымыз бар. Ержетті. Қызмет істеп жүр.

Артына өшпес мұра қалдырды

«Өзім өлсем де сөзім қалады. Сәбит, Мағжандар арамызда жоқ болғанымен сөзі, ісі қалды. Елі үшін өмірін қиғандарды халқы да ұмытпайды» дейтін еді әрдайым. Бейнебаянды көргендердің көзіне жас алмайтыны кемде-кем. Кездесулерде жастардың толқығанын көріп таң қалдым.

Оның тарихын қалай жазылғанын жастарға әркез айтып жүремін. Бір шумақтың өзінде халқымыздың бір дәуірде басынан өткерген зұлматты жылдардың қасіреті сайрап тұр. Кездесулерде, әсіресе, жастар жағы «Жарасбай ақынның өзі өмірде болмағанымен сөзі қалды. Бұл туынды қандай марапатқа болса да лайық, тиісті бағасын алуы тиіс. Ол – тек ақынға емес, өмірден өткендерге көрсетілген тағзым болар еді» деп ұсыныстарын айтып жатты.

Жарасбайды тани білгеніме, бағалай білгеніме ризамын. Бұл күндері Жәкеннің туындылары ұмытылып қалмай, оқырманына жете берсе екен деген ниетпен ғұмыр кешіп жатырмын.

Жазып алған Ұлбосын АЙТӨЛЕН.
«Айқын» апталық газеті.
№90, 29 мамыр, 2014 жыл.

«АЛЖИР» ЖАҢҒЫРЫҒЫ – АҚЫН ЖЫРЫНДА

«Жақсыда жаттық жоқ» демекші, редакцияға келген иман жүзді әйелдің Қазына Нұрқанова екенін білген соң әңгімеге тартуға ықыласым оянып, осы мақалама өзек етіп отырмын. Бұған мынадай екі арқау болды. Біріншісі – Қазына Сәдуақасқызының республикалық «Қазақстан» телерадио комитетінде ұзақ жылдар бойы аға редактор, комментатор және жауапты қызметтер атқаруы, ал екіншісі – жерлесіміз, өмірінің ағысын өлең өзенінің арнасына салған, көркем бояуларымен кестелеген жырлар жазған ақын Жарасбай Нұрқановтың жан-жары екендігі. Күнде қолға қона бермейтін бір бақыт құсына кезіккендей, осы бір білікті адаммен тілдесуден құр қалмауға тырысқан едім.

Әдебиетшілер қауымы Жарасбай Әнәсұлының өлең-жырларына қанық.

Аттың басын бұрмай тұрып, Қазына жеңгеміздің өз аузынан ағайдың өзгелерге беймәлім өмір үзіктеріне үңілуді жөн санадым. Ақынды бірен-саран көріп, тілдескен шақтарымда шешіле сөйлеп кетпей, әңгіменің иі әбден қанғанда ғана ашылатынын аңғарған едім. Ал, кеңінен көсілуге уақыт шіркін тізгінді босаттырмай, тілеулестік ілтипатпен ғана тарасқанбыз.

Енді соның есесін қайтаратын кез келіп, жеңгемізбен қыруар уақыт тілдестім.

– Несін айтасың, шырағым, ағаңмен жарты ғасыр отасып, өте жарасымды ғұмыр кешкенім бақытым екен ғой, – деп әңгіменің желісін тарқата жөнелді ол.

1937 жылғы 22 наурызда қазіргі Шал ақын ауданының Көктерек ауылында дүние есігін ашқан ағай 1955 жылы Тереңсай (Ленин) орта

мектебін Алтын медальмен тәмамдап, С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін үздік бітіргенін айғақтаған дипломмен түлеп ұшқан мектебіне ұстаздық қызметке орналасқанда Қазына Сәдуақасқызы да осы аудандағы Новопокровка («Торанғұл», «Заря»), мектептерінде орысша білім алғаннан кейін Тереңсайдағы оқу орнында жас ұстаз еді.

– «Ел мақтаған жігітті қыз жақтаған» демей ме, ағаңның сымдай тартылған сымбатты тұлғасы, сырбақ мінезі, сыпайы көзқарасы жас жаныма шоқ түсіргенін несіне жасырайын? Орысша білім алсам да, Жарасбайдың тәжірибелі ұстаз, әдебиеттің үлкен жанашыры, әрі білгір Жылгелді Мұқанов бастайтын драма үйірмесіне қатысып, қойылымдар үстінде оқитын өлеңдеріне ғашық болдым. Өлеңдерін ұнатқан соң өзіне де соншалықты қадір тұттым.

Қазына жеңгейдің жадында желісі үзілмеген жылдар, солардың ең шішсіне тиген оқиғалар тап бүгінгідей тізбектеліп, әңгіме тиегі ағытыла түсіп, ағайдың арқасында әдеби ортаға қалайша енгенін, ұлттық сөз өнеріміздің саңлақтарымен қатар қадам басқанын айтқанда қаламым қағаз бетінде сәйгүліктей серпіліп, ол да шабысын үдете түсті.

Өлең өртеткен қызу сезім екеуара мәңгілік махаббаттың іргетасын қалап, шайқалмайтын шаңырақ көтерілген. 1967 жылы, Целиноград қаласында екеуі де «Коммунизм нұры» газетінде қызмет атқарып жүрген күндерінде, осында Горький атындағы орыс драма театрында Сәбит Мұқановтың «Сәкен Сейфуллин» деген пьесасының қойылымы сахналанады. Әрине, мұндай оқиғаға Сәбеңнің өзі драматург ретінде шақырылса, қасында Мәриям апай және Сәкеннің жан-жары Гүлбаһрам Батырбекқызы бірге болады.

Сәкеннің және басқа да қазақтың сүт бетінде қаймақтары болған тағдырлас зиялыларының еркіншілік жылдары кешкен қиямет-қайымға толы теперіштерін Жарасбай ағайдан естіп, сөйлеген сөздері баурап алды. Алтынның сыры кетсе де, сыны кетпейді ғой. Сәкен сүйген сұлу, сөзге сараң болса да, тауып сөйлейтін, өзін сыр-сымбатымен сыйлата алатын Гүлбаһрам Батырбекқызы отырған ортасының шамшырағы сияқтанады.

Қазына Сәдуақасқызы осы бір көріністен және одан кейінгі дастархан үстіндегі әңгімелерден рухани нәр алғанын, ұлтымыздың ұлылары Жарасбай екеуінің шаңырағынан дәм татқанын мақтан тұтады.

1976 жылы осы қалада Қазақстан Жазушылар одағы қазақ тілінің болашағы жайында алқалы жиын ұйымдастырып, онда ұлтымыздың бірқатар бетке ұстар ақын-жазушыларының ұлт тілі туралы жанбаурар лебіздерін тыңдап, бір жағынан сүйсіне, бір жағынан іргесі сөгіліп бара жатқан асылымызға ол да алаңдайды. Жан жары Жарасбай Әнәсұлы үлкен көштің көмбесінде қалмай, көзге түсіп, жүрекжарды өлеңдерін оқиды. Сол жиынның бір тұсында ол: «Ақын – ерлік пен ар-намыстың

жыршысы» дегенде Ғафу Қайырбеков «Тауып айтылған лебіз ғой бұл!» деп, інісіне ризалық білдірген екен.

Ағайдың осы сөздерін Қазына Сәдуақасқызы Жәкең дүниеден озғаннан кейін өзі бастырып шығарған, көрсе, көз тоятындай қомақты «Қызылжар» (2012) және «Көкжиек» (2013) жинақтарының біріне эпиграф етіп алыпты.

Жарасбай Әнәсұлы өте ыждағатты, ұқыпты адам болғанын ауылдасы, жазушы Ермек Қонарбаевтан және құрдасы Есләм Зікібаевтан естіген едім. Жеңгейдің мына бір естелігі осыны үстей түсті.

– Жәкең 2011 жылдың 31 мамырында дүние салды. Іргем сөгіліп, шаңырағым ортама түскендей болып, қос ұлым Жомарт пен Жәнібекті құшақтап, қайғыға бөккен қаралы күндер өте келе, мұраларына ден қойдым. Бірде көне қол орамалмен буылған, осы «Ленин туына» оралған бір шағын түйіншік назарымды аударды. Ашып қарасам, 1939 жылы алғашқы Қазақ ССР сайлауында берілген депутаттық куәлік екен. Ол қайын енем Күлсім Нұрқанованың сол жылы бірінші шақырылған Ленин аудандық кеңесінің депутаты болып сайланғанын әйгілеп тұр. Анасынан төрт жасында жетім қалған Жарасбай бұл куәлікті оның көзіндей көріп, маған да айтпастан, өзі өмірден өткенше сақтап келген екен ғой.

Жеңгей осыдан соң ойға шомғандай біраз үнсіз отырып қалды.

Қос жинақты қолыма ала отырып, мен де ой тұңғиығына түсіп кеттім. Осы ғұмырымда артында ат басындай алтын қалған ақынды естіп, білген емеспін. Ақынның жәдігері – алтыннан ардақты жырлары. Жинақтарға құмарта қарап, жыр жолдары көзіме нұрын шашқан сәтте оның 1937 жылғы нәубетте құрбан болып, құрдымға кеткен арыстарымызға арнаған «Ерте солған гүлдер» (1937 жыл) деген өлеңі тағы да елең еткізді. «Тағы да дейтінім негізсіз де емес. Оның осы өлеңіне сазгер Ерсайын Нарымбаев ән жазып, тамаша әнші Азамат Жылтыркөзов орындағанын бұрын естіген едім. Арыстар шеккен қасірет көз алдыма келіп, қабырғам сөгілгендей ауыр сезімге бөлеп еді. Мұны мен жеңгейдің қолындағы «Ноутбекке» түсірілген «Алжир» атты деректі лентадан көрдім. Әнді орындап тұрған Азаматтың дауысы жанында найзағай ойнатып, жүрегінде қасірет теңізін толқытады.

Көзінің тірісінде аз деп кемсітпей, көптің жүгін көтеріп тұрған, ой дариясына шомылдыратын, әуезіне елтітетін өлеңдерін оқып, әдебиетіміздің тарихында өшпестей болып аты қалған ақын ағамызға деген отбасының ғана емес, әмсе әдебиетсүйер қауымның сағынышына дәнекер болған жырларымен қауыша түстім.

Зейнолла ӘКІМЖАНОВ,
журналист.
«Солтүстік Қазақстан»

ӨЛЕҢІ – ӨМІРІНІҢ ЖАЛҒАСЫ

«Бар өмірім өлеңмен өтсе менің,
Туған елді жырлауға жетсе лебім...» –

деп екі жол өлеңінің ішіне бар арман-мақсатын сыйғыза білген жерлес ағамыз Жарасбай Нұрқановтың қарымды қаламынан шыққан сырға, сағынышқа толы өлең жолдары бүгінде өз оқырманын тауып, талайлардың жүрек төрінен орын алды. Өмірін өлеңмен ғана өрнектеп қоймай, арнау, толғау, поэма, дастан, баспасөз туралы жырлар, әзіл-сықақ, шымшымалар жазған Жарасбай Нұрқанов сөзден сурет салған ақын еді. Оның «Көкжиек», «Қара көздер», «Нұрлы терезе»», «Алтын десте», «Арманым менің», «Терең барлау», «Буынсыз бала», «Қызылжар» және тағы да басқа жыр-жинақтары оқырман қауымға жақсы таныс. Әр шығармасын өзіндік көркем бояуымен, әсем теңеулерімен, шебер үйқасымен ерекшелендіре білген ақын ағамыздың өткен өмірі, ақындық жолы жайында оның жары – Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақ радиосының үздік қызметкері, асыл ана, аяулы әже Қазина Нұрқановадан сұхбат алудың сәті түскен еді.

– Қазина Сәдуақасқызы, ақын ағамен қалай таныстыңыз алдымен сол жайында әңгімелеп берсеңіз?

– Біз екеуміз де Шал ақын ауданының тумасымыз. Мен Ы. Ыбыраев атындағы ауылда дүниеге келдім, ал Жарасбай «Көктерек» ауылында туып өскен. Мені әкем орыс тілін үйренсін деп өзге ұлт өкілдері көп қоныстанған елді–мекенде тұратын Еслям ағамның қолына берген. Содан орыс класында-сыныбында оқыдым. Мектепті аяқтаған соң ауылға ораладым. Арманым дәрігер болу еді... Сондықтан құжаттарымды жинап, медициналық институтқа пошта арқылы жібердім. Арада 1 ай өткенде құжаттарымның бір жақ шетіне «қабылдау мерзімінен кешігіп қалдыңыз» деген сілтеме жазып, қайтарып жіберіпті. Осылайша менің арманым жүзеге аспай қалды. Сөйтіп, ауылда жастармен бірге жұмысқа араласып жүрген кезім. Жарасбай да сол кезде университетті бітіріп, ауылдағы мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен сабақ беріп жүрген жас маман. Сұңғақ бойлы жігітті сыртынан көріп, ұнатып жүрдім. Бірақ қыз бала болғандықтан сезіміңді сыртқа шығаруға қаймықтым. Әрі жасы да менен үлкен. Сөйтіп, іштей тынып жүрген кезде көрші ауылдан бір қарт адам келіп, баласына құда түсіп, жеңгелерімнің келісімін алыпты. Мұндай тосын жаңалықты естігенде алдымдағы пеште жанып жатқан отқа қарап отырып, жылағаннан басқа амал таппадым. Құда түсіп, мені алып кететін күнді белгілеп қойған. Жүрекке әмір жүреді ме, не болсада өз қалауыммен тұрмысқа шығудың алдын алу жағын ойластырдым. Ақыры не керек, «тәукел» деп, өзім бірінші қадам жасап, Жарасбайға жүрек түбінде жатқан сырымды бір парақ қағаз жазып, ақтардым. Бірге болуға

бел будық. Жүрегімнің қалауымен өзім ұнатқан адамға осылайша тұрмысқа шықтым. Қазір ойлап отырсам, осының барлығы жастық шақтан қалған ұмытылмас естелік сияқты.

– Бұл – кез келген бойжеткеннің қолынан келе бермес – батыл қадам болған екен. Сол кезде неше жаста болдыңыз?

– 17 жастамын. Жан-жақтан құда түсе бастаған соң өз бақытым үшін осылай күресуге тура келді. Сезімім мені алдамапты. Жарасбаймен 50 жыл бір шаңырақ астында тату-тәтті тұрып, отбасылық өмірдің қызығын да, шыжығын да бастан өткердік. Шаңырағымыз шаттыққа толып, өмірге Жомарт, Жәнібек есімді екі ұлымыз келді. Олар бүгінде ержетті. Үйленіп, ұрпақ өрбіп, Жанар, Жансұлтан, Нұрзада есімді немере көріп отырған әжемін. Келіндерім Айгүл мен Гүлнар мені аналарындай сыйлап, алдымнан қия баспайды. Түсіне білген адам үшін осының өзі бір бақыт емес пе?

– Жарасбай Әнәсұлының ақындық жолға қалай келгені жайында айтып берсеңіз.

– Отбасылық өмірге қол ұстасып бірге қадам басқан күннен бастап менің қолдаушым бола білген Жәкеңнің бойына ақындық ана сүтімен дарыған десем, артық айтқан болмас. Себебі, анасы Күлсім өзі тұрған елді мекенге әнші-жыршы, ақындығымен танымал болған. Қазақ әйеліне тән қарапайым мінезімен ерекшелене білген анасы – 1939 жылы бірінші шақырылған сайлауда ауылдық советке, қазақ әйелдері ішінен тұңғыш депутат болып сайланған. Оның депутаттық мандаты әлі күнге дейін сақталған. Тағдырдың жазуы болар, Жәкең анасынан 4-5 жасында жетім қалып, ата-әжесінің қолында тәрбиеленген. Бала жүрегінен шыққан ең алғашқы өлендері өзі оқып жүрген мектептің қабырға газетіне жарияланған. Мектептегі әдебиет пәнінің мұғалімі Жылгелді Мұқанов сияқты онегелі азаматтар алдынан дәріс алып, «болмасаң да ұқсап бақ» дегендей, өзінен үлкен ағаларына еліктеген. Ол оқушы кезінің өзінде де қазақ, орыс, шетел әдебиеттеріне ерекше ден қойып, қолына түскен кітаптарды асқан қызығушылықпен оқитын болған. Алғыр, әр нәрсеге жауапкершілікпен қарай білетін Жәкең – мектепті Алтын медальмен бітірген озат оқушы. Табиғат берген дарынды ұштау үшін, мектепті аяқтаған соң, Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін қалап, рухани қазынасын байыта түсуді мақсат еткен.

– Қандай тақырыпта қалам тербеді?

– Жәкең – қазақ үшін өмір сүрген, туған халқын, елін, жерін жан жүрегімен сүйіп өткен азамат. Ол қазақ тілінің нағыз жанашыры болды. Патриоттық тақырыпта жазған жырлары өте көп. Сонымен қатар, арнау, толғау жазды, балаларға деген базарлығы да аз емес. Табиғатқа сүйсінбейтін ақын бола ма? Осы жағынан алғанда да Жәкең – туып-өскен жерінің табиғатының сұлулығын көмкеріп, әнмен ажарландыра түскен адамдардың бірі.

«Тағы да өтіп кетіп тамаша жаз,
Тағы да кері қайтып қараша қаз.

Дауысы талып жетіп
барады өтіп,
Көзіңді бұлдыратып қарасаң аз.
Барады бұлттар да ауып
бәсең, баяу,
Тіркесіп бір-біріне тақау, таяу.
Сергімей себелеген
ақ жауыннан,
Кең дала керіледі ұйқылы-ояу...

Немесе:
«Көз жасы көлдей қалың
Бұлт ауып,
Оралып қайта келердей дәл бір,
Ерте ме, кеш пе, өтеді жауып,
Өткінші жаңбыр, болжаусыз тағдыр», –

деген өлең жолдарын «Күзгі күн», «Өткінші жаңбыр» туындыларынан жиі оқып, «көшкен бұлттан, жауған жауын тамшысынан іздеген қимастық сезімін түсінгім келеді...

– Сізге арнап жазған өлеңдері де бар шығар?

– Отбасына, балаларына, оның ішінде маған да жазған өлең шумақтары аз емес. 1997 жылы «Қымбатты Қазина!» деген өлең жазды. Оның ішінде менің ата-анам, балаларым жайында көркем сөзбен көмкерілген әдемі жолдар бар.

Әсіресе,

«Жаралған жан екенсің
асыл тектен,
Өзіңе жақсы ақынды
ғашық еткен.
Махаббат мәселесін
бірден шешіп,
Күйеуге он жетіңде
қашып кеткен», –

деген ойын-шыны аралас шумағын ерекше ұнатамын. Өйткені, бұл өлең менің өмірімнің айнасы сияқты. Оқыған сайын жастық шағыма ораламын.

– Жарасбай ағаның мінезі қандай еді?

– Ол өте ұстамды, сабырлы адам болатын. Жиі жаза бермейтін. Аз жазса да, мәнді жазатын. Әдемілікті көре, сезіне білетін. Қолынан келіп тұрса, біреуден көмегін аямайтын адам болды. Ұлдарына қазақы тәрбие беріп, қыз балаға қарындас деп қарап, ананы сыйлап-құрметтеуді айтып, ақылмен жүрекке жол таба білетін асқар таудай әке, қамқоршы отағасы болды.

– Қандай еңбегін ерекше атап өтер едіңіз?

– Поэзия әлемінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған Жәкеңнің өлеңдерінің барлығы оқырмандары үшін баға жетпес қазына деп ойлаймын. Себебі, олар – ақынның жүрегінен, ой-толғанысынан шыққан туындылар. Ал ерекше тоқталып өтетін шығармашылық еңбегі – «Ерте солған гүлдер» –1937 жыл» атты азалы жыры. Жарасбай 37-жылдағы тарихи кезеңді тұла бойынан өткізіп, жүрегімен сезініп, жан ұшырған сәбилер мен қан жылаған аналардың жазықсыз жапа шеккендерін көркем тілмен бейнелей білді. Тарихта өзіндік орын алған қасіретке толы дүрбелеңде құрбан болған Алаш азаматтарының рухына арналған құнды дүниенің құдыреті өлеңде орынды қолданған сөздердің мән-мағынасында.

«Өңкей асыл боздақ, болды-ау
Күні қараң,
Олар көрген азап – өлімнен де жаман.
Елін сүйген ердің жау атанған кезін,
Ей, қазағым менің, жан-тәніңмен сезін.
Қарауытып орман, қалың тоғай түнер,
Орнымыздан біздер тұрайықшы түгел,
Тағзым етіп тұрмын, қыбыр етпей үнсіз,
Егілмейтін іштей кім бар екен мұңсыз?» –

деген жолдардан ақынның жан айқайын естуге болады. Орны бөлек туындысын сазгер Ерсайын Нарымбаев 2006 жылы «Жас Алаш» газетінен көріп, қатты тебіреніп, ән жазған екен. Содан кейін әнге бейнебаян түсірілді. Орындаған «Астана-Опера» театрының әншісі Азамат Жылтыркөзов. Бірақ оның тұсаукесеріне қатыса алмай кетті...

– Неліктен?

– Жәкең ол кезде отадан (операциядан) кейін әлі оңала алмай жүрген. Денсаулығының сыр бере бастағанына қарамай, белгіленген кездесуге дайындалып, ерекше тебіреніске бөленді. Алайда, тыңдармандарымен кездесуге арада 3 сағат қалғанда Жарасбай өмірден озды. Осылайша 2011 жылы Астана маңындағы «Алжир» мұражайында бейнебаянның тұсаукесеріне жиналған дүйім жұрт ақынмен қауыша алмай кетті. Ажалға қарсы тұрар кім бар дейсіз? Қиналсам да, ол сыннан да өттім. Жәкеңнің: «Мен жоқта басыңды биік ұста, сары уайымға берілме. Кімнің жары екеніңді ұмытпа», – деген сөздері жабырқаған жаныма жігер береді. Асылымның осы сөздері мені әлі күнге алға жетелеп, жүрегімді жылылыққа бөлеуде. Қазір мен Астанада үнемі зиялы қауым өкілдерімен, студенттермен, оқушылармен кездесіп жүремін. Бұл – Жәкеңнің ісін қолымнан келгенше жалғастыруға ұмтылысымның бір көрінісі.

– Ақынның тіл жанашыры ретінде өзінің өткір өлеңдері үшін бір кездерде қудалауға ұшыраған уақыты да болыпты, сол жайында әңгімелеп берсеңіз.

– 1975 жылы «Коммунизм нұры» мен республикалық газеттерде «Балам еркін білмейді бабам тілін» деген өлеңі шықты. Содан Жарасбайды қудалау басталды. Көп жылдар бойы жазғандары республикалық басылымдарда жарияланбады. Орталық Комитетте түсініктеме беруге тура келді. Басына түскен сол қиын күндердің өзінде де Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлиннің бүкіл шығармаларын оқып, зерттеді. Тіпті, Мағжанның өлеңдерін де бөтен көзден жасырып оқыған. Бұл оның өлең құдыреті арқылы өзінің рухани байлығын молайта түсуге деген құлшынысы деп ойлаймын.

– Ақын ағамыз өмірден өтсе де, артында өшпес мұра – өлеңдерін қалдырды. Сіздің жұбайыңыздың еңбегін еш етпей жинап, осы бағытта үлкен жұмыс істеп жүргеніңіз белгілі. Жырсүйер қауымға айтар қандай жаңалығыңыз бар?

– Қазір «Замана үні» атты кітап дайындап жатқан жайым бар. Онда Жарасбайдың көптеген жылдар бойы жазған еңбектері жинақталған. Оны жүйелеп, басып шығарып, оқырмандарға жеткізуді өзімнің парызым санаймын.

Сұхбаттасқан
Алма ҚУАНДЫҚҚЫЗЫ,
«Солтүстік Қазақстан»
2015 жыл

Есте жүрген есімдер

ЖЫРЛАРЫ ЕЛ ЖАДЫНДА

Небір ел бастаған көсемдерді, от ауызды, орақ тілді шешендерді, ардақты ақындарды, баһадур батырларды өмірге әкелген қасиетті Қызылжар топырағынан ақсұңқар құстай түлеп, қарымды қалам иесіне айналғандардың бірі – ақын, журналист, аудармашы, публицист, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Жарасбай Нұрқан еді. Оның мөлдір шықтай таза әрі жеңіл оқылатын жырлары, тылсым табиғат сыйлаған ақындыққа деген кіршіксіз махаббаты, қарапайым, ақжарқын мінезімен үйлесім тапқан мағыналы өмірі жыл өткен сайын өлеңсүйер қауымның жүрегінде жаңғыруда. «Ерлерді ұмытпаса, елі ұмытпас» дегендей, тамаша өлеңдерімен таңдай қақтырған ақынды еске алуға облыс орталығындағы С. Мұқанов атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапхана қызметкерлері ұйытқы болып, ақынын ардақ тұтқан көпшіліктің басы сол жерде тоғысты. «Бірегей талант иесі» деген тақырыппен ұйымдастырылған әдеби кешке жиналғандардың дені жырын жатқа оқитын жалынды жастар, ақынның ең жақын туыстары және көзін көріп, тәлімін алған шәкірттері болды. Олар, алдымен, «Көрнекті қалам қайраткері» атты кітап көрмесін тамашалап,

Ж. Нұрқанның көзі тірісінде, өмірден өткеннен кейін жарық көрген туындыларымен танысты.

Ақынның жанжары Қазина Нұрқанова өмірлік серігінің өмір жолы, еңбек баспалдағы, мінез-құлқы жайында сыр шертті. Жарасбай ақынның адамзат үшін күрмеуі қиындай көрінетін тірліктегі кесек тұлғасы, онша-мұншаға мән бере бермейтін кісілігі оқиғалармен, мәйекті мысалдармен өрілді.

Содан кейін сөз алған Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының директоры Жарасбай Сүлейменов:

– «Әдебиет – ардың ісі», – деп ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынов айтқан ұлағатты ұғым жаны нәзік, жүрегі таза, Жарасбай Әнәсұлының онегелі өмірінің өзегіне айналды. Ол қандай қызметте жүрсе де шығармашылықтан қол үзбеді, жүрек таңдауын өзге салаға айырбастай алмады. «Мен өленді көп жаза бермеймін, бірақ дөп жазуға тырысамын». Бұл – Жәкеңнің өз сөзі, – дей келе ақынның іші жылы жырға, нұрлы сырға толған жинақтары, мәйекті мақалалары, өнге айналып, жыр-сүйер жұртшылықтың жадында сақталған өленderі жайлы сөз сабақтады.

Ақынның шәкірті Болат Қожахметов өмірді өмірге, уақытты уақытқа жалғаған тұнық өленге жетелеген ұстазының ұлағатты қырларын, пенделікке бас ұрмай, адамдықтың асқарынан көріне білген көркем кездерін айтып, еске алды.

Бұл шарада көрсетілген ақынның сөзіне жазылған «Ерте солған гүлдер» – 1937 жыл» өнінің бейнебаяны зұлмат заманда қазақ халқының, ұлт зиялыларының басына төнген қауіп-қатерді тағы да еске салды. Жарасбай Нұрқанның аз сөзбен ауқымды ой айтуға құмар болғандығына тағы бір куә болдық.

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің студенттері Жұлдызай Жақсылық пен Мөлдір Парсахан оқыған өленderді жиналғандар жылы қабылдады.

Нұргүл ОҚАШЕВА,
«Солтүстік Қазақстан»
№159, 28 қараша, 2015 жыл

ҚАЗАҒЫМ ДЕП СОҚТЫ ЖҮРЕГІ

Өмір-өзен. Ағын судай өтіп жатқан күндер. Әр күннің бір белгісіндей адам санасында ерекше мәні бар оқиғалар. Бәрі де күні кешегідей болғандай, есте сақталғанын қайтерсіз. Біріне қуанып, біріне өкініш білдіріп, өткенге көз жүгіртіп, ойша саралайсың. Солардың ішінен, әсіресе, жеке өз басыңа қатысты оқиғалар мен туған-туысқандардың тағдырына байланысты естеліктер әрине ерекше орын алады. Бәрі көз алдымда, санамда жатталып қалған.

Туған, кіндік қанымыздың тамған жері – Кеңестер Одағының батыры Ысқақ Ыбыраев совхозы. Бұрын «Тереңсай», Ленин ауылы деп аталған. Табиғаты тамаша: нулы, сулы аймақ. Ауылым деп мақтануға тұрарлық. Сол аймақтағы кішігірім елді-мекендердің басын құраған сол өңірдің дамыған орталығына айналған. Он жылдық мектебі, мектеп интернаты, бала-бақша, Мәдениет үйі, клуб, монша және медпункт секілді әлеуметтік-мәдени ғимараттары бой көтерген, жергілікті тұрғандарға жан-жақты жағдайлары жасалынған-ды.

Осы шаруашылықтың дамып өркендеуіне өзімнің әкем Сәдуақас Алғожа, ағаларым: Еслям Какенов, Әбілқайыр Исқақ, Зейнолла Алғожа және ауылымыздың маңдай алды азаматтары: Шәймерден Садықов, Ахметжан Қалиахметов, Әнәс Нұрқанов, Карл Фридрих Бельгер, Алмағамбет Құрманғожин, Зұлқарнай Жанпеисов, Қабиден Шаинов, Кәдіралі Шегенов, Ережеп Есетов, Бекім Оразтаев сынды ел ағаларының есімдерін ерекше атап өткен абзал. Олар соғыстан кейінгі еңбек майданының нағыз майталмандары еді. Әкелеріміз бен ағаларымыздың салып кеткен сара жолын, кейінгі ұрпақ жалғастыра білді. Еліміз көркейді, өркендеді, дамыды.

Біздің совхозымыз аудан, облыс көлемінде шаруашылығы дамыған, мәдениеті өркендеген ауыл деп танылған. Сол кездері он жылдық мектепті Шияп Садықов басқарды. Ол кісі іскерлігімен танылып, ел құрметіне бөленген азамат еді. Мұғалімдер: Мисалым Садықова, Сәден Байбатыров, Жанғали мен Нұрсұлу Құсаиновтар, Ғазез Жақин, Зурә мен Жылкелді Мұқановтар, Есім мен Күлшара Исмағұловтар, Қағида Базарбаева мен Есмақан Қожақов сынды ұстаздардан тәлім-тәрбие алған едік. Ал алғашқы түлектері: Герольд Бельгер, Ермек Қонарбаев пен Жарасбай Нұрқанов мектепті Алтын Медальға бітірді. Жоғары оқу орындарына түсті.

Мен қатарлы жастар техника тетігін меңгеріп, ауылда қалып ауылшаруашылығын өркендетуге атсалыстық. Ауылымыздың мәдениетін

де көтеруге күш салған болатынбыз. Халық театрын құрдық, көркемөнерпаздар үйірмелері жұмыс жасайтын. Науқан кездерінде жақын аймақтағы ауыл еңбеккерлеріне барып өнер көрсететінбіз. Ауыл жастарының бастарын қосып, мәдениетке, өнерге, спортқа баулыған біздің оқымысты ағаларымызды бүгінгі күні сүйіспеншілікпен еске аламыз.

Менің ерекше мақтан ететінім – Жарасбай Нұрқанов. Ол – ақын, ол – ұстаз, әрі маған күйеу бала. Себебі менің жалғыз қарындасым Қазинаға үйленген болатын. Менен үлкен болса да – мені қайнаға деп құрметтеп келді. Рас, бас кезінде оның Жарасбайға тұрмысқа шыққанына мен қарсы болдым. аға ретінде тағдырына алаңдағаным ғой. Арада кішкене өкпеде жүрді. Әйтседе екеуі 50-жылдай өте тамаша отбасын құрап, бақытқа кенелгендерін көріп, сүйсініп жүрдім де, өзімнің кезінде қателескенімді түсіндім. Жәкең кек сақтаған жоқ, өте бауырмал, үлкен жүректі, көп оқыған, көпті көрген, біраз дүниені көңіліне түйген – нағыз азамат еді. Шығармалары қандай, өлең-жырларын оқи қалсаңыз ерекше сезімге бөленесің. Әсіресе ауыл тақырыбына, адам тағдырына байланысты арнаған жырлары адам жанын ерекше толғандырады:

ҚЫРМАНДА

Дүйім жұрт, дүбірлі еңбек қызындырған,
Қазандай қайнап жатыр қызыл қырман.
Жігіттер жанарынан жалын атып,
Балқиды балғын қыздың жүзі нұрдан.

Сапырып сары алтынды күрегімен,
Жастар жүр ұғынысып жүрегімен...
...Қара бұлт, қайда тартып бара жатсың,
Жалбырап таңнан бері түнеріп ең...

Беу, диқан, құт негізін мол қалаған,
Сен – бүгін қолыңа құс қонғам адам.
Әлемде сенен асқан бай бар ма екен,
Алтынды қорап-қорап тонналаған, –

деп ер диқанның қажымас қайраты мен ерен еңбегін өлеңіне арқау етсе, ал бүгінгі ауыл көрінісін былайша жырлаған еді:

АУЫЛЫМ-АЙ

Шіркін-ай , ауылым-ай, ауылым-ай,
Ауылда жүрген менің бауырым-ай,
Айнала қара боран қиыншылық,
Ауылға мына күннің ауырын-ай!

Ауылдың жүдеуін-ай, жүдеуін-ай,
Ауылым, шымырлаттың жүрегімді-ай.
Ауыз су әлі күнге жоқ дегенде,
Білмедім жыларымды-ай, күлерімді-ай.

Терең сай, тегін аққан бұлағым-ай,
Сарқылмай келе жатқан құнарым-ай.
Ауылда қара жұмыс жоқ, дегенде,
Білмедім күлерімді-ай, жыларымды-ай.

Ауылдың ажарын-ай, ажарын-ай,
Тарқаған жәрмеңкенің базарындай.
Ауылда өлім-жітім көп, дегенде,
Білмедім қандай өлең жазарымды-ай, –

деген ақын Жарасбай ел мүддесін ойлап, ауыл адамдарының әлеуметтік-тұрмыстық тыныс-тіршілігін, бүгінгі күннің қам-қарекетін өзінің үлкен жүрегімен сезініп, назардан тыс қалдырған емес. Өзінің елге деген перзенттік көңілін өлең-жырлары арқылы жеткізіп, рухани қолдау көрсетумен болды.

Иә, артында сөзі қалды, үлкен мұрасы қалды. Қазіргі кезде сол кісінің жазғандары газет-журналдарға шығып, радиохабарлары беріліп жатады. Оған да шүкіршілік дейміз. Ел тағдырына, алаш азаматтарына арнаған «Ерте солған гүлдер» – 37 жыл» азалы дастанын көре отырып, осы тарихи кезеңге қалам тартып, алаш азаматтарын жоқтап азалы жыр жазғандығы ұрпақтар алдындағы парызын өтегені деп білеміз. Сондықтанда еліміздің нағыз азамат-ақыны деп еске алып отырамыз. Ұрпағына амандық тілейміз.

Қазан Сәдуақасұлы ӘЛҒОЖА,
Шал ақын ауданының
Еңбек ардагері, орденді диқаншы,

АҒАМ МЕНІ ШАХМАТҚА ҮЙРЕТІП КЕТТІ

Ардақты ағамыз, көрнекті ақын, елі жұртын, туған жерін, туған өлкесін өлең қылып, әнге қосып жырлап өткен қаламгер аман жүрсе – 2017 жылы 22 науырызда 80 жасқа толар еді. Ағам Жарасбай Әнәсұлы онжылдық мектепті үздік оқып, Алтын медальмен бітірген. Алматының С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетіне оқуға түскен кезінде мен бірінші сыныпқа жаңа барған бала едім. Оның қысқы және жазғы емтихандардан кейінгі студенттік демалысқа келуін асыға күтетінбіз. Астанадан әкелген әрбір ойыншық, басқа да сыйлықтарды бірімізден біріміз алып ойнап, мәз болатынбыз. Мен он жасқа толғанда Алматыдан шахмат тақтасын тастарымен әкеліп сыйға тартты. Тақтай қорабының ішкі жағына бір шумақ өлең жазыпты:

«Өмір осы шахматтай шытырман,
Біреу ұтып, біреу бардан ұтылған.
Шым-шытырық сол майданда Ферьзя боп,
Корольдердің зәре-құтын зымыратқан» –

бұл өлең жолдары күні бүгінге дейін менің санамда, ағаны еске алған сәттерімде осы жолдар көңіліме орала береді.

Демалысы біткенше өзі мені шахмат ойнауға үйретіп кетті.

Университетті бітіргесін өзі оқып-өнген Ленин орта мектебіне оралып, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен оқушыларға дәріс берді. Ұстаздық етіп жүрген кезінде мектептің көркем өнерпаздар үйірмесіне қатысып, бірнеше пьесаларда ойнап, артистік жағынан да танылды. Біраз жыл ұстаздық өткеннен кейін жазушылыққа-журналистикаға ауысып, Целиноградқа көшті. Біз орта мектепті бітіргеннен кейін Жарасбай ағамен Қазина жеңгеміздің үйінде тұрып оқуымызды жалғастырдық. Үлкенге ізгілікпен қараған, кішіге үлгі болған асыл ағамызды сағынышпен еске ала отырып, естелік жазып отырмын.

Жарасбайдың көзі тірісінде жазылып, бірақ оқырмандарына кезінде әртүрлі жағдайлармен жетпей қалған өленделері мен газет-журнал беттерінде жарық көрген мақалаларын жинастырып, кітап қылып шығарып, халқына ұсынып жүрген жеңгеміз Қазина Сәдуақасқызына алғысымыз шексіз. Балаларының ортасында немерелерінің қызығын көріп, бақытты өмір сүруіне тілектеспіз.

Марат НҰРҚАНОВ,
инженер, еңбек ардагері

ЕЛІ СҮЙГЕН, ЕЛІН СҮЙГЕН АҒАМЫЗ ЕДІ

Адам жас кезінде жұмыс деп отбасының таусылмайтын шаруаларымен жүріп, көп нәрсеге көңіл бөле бейрмейді ғой. Зейнетке шыққаннан соң бар өмірің көз алдыңа елестеп, өткен күндерді ерекше сағынышпен еске алады екенсің.

Біз Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданына қарасты Ы. Ыбыраев атындағы совхоздың Ленин орта мектебінің түлектеріміз (қазір М. Ахметбеков атындағы мектеп). Бір ғасырға жуық, яғни 84 жыл тарихы бар біздің мектебіміздің аты елге танымал, талай абзал, атпал азаматтарды тәрбилеп оқытқан қара шаңырақ. Шынымен де біздің мектеп өз түлектері үшін өзінің отбасы, жанұясы сияқты. Аға ұрпақ өкілдері, ардагер ұстаздарымыз – ата-апаларымыз сияқты болса, орта буын – замандастарымыз, ал жастарымызды – ізбасар-бауырларымыз деп есептейміз. Күні бүгінге дейін ұрпақтар сабақтастығы осындай дәстүрмен жалғасып келеді.

Ең әсерлі естеліктеріміз, әрине, алпысыншы жылдар. Сол кезеңдегі оқу-тәрбие жұмысы өте жоғары деңгейде болды. Ауыл фельдшері Карл Фридрихович Бельгер оқушылардан шекті аспаптар оркестрін құрып басқарса, Әбілмажінов Ғазез ағамыз домбыра оркестрін ұйымдастырды. Ал Жарасбай аға мен Ермек Қонарбаев ауылдағы мәдениеттің жаршысы бола білді. Білімді де білікті, ақылдарына көркі сай ағаларымыз мектептегі тәрбие жұмысына байланысты іс-шараларды басқарды. Бұл кісілер әрқашан халықтың арасында жүретін. Олардың ұйымдастыруымен оқушылар көрші ауылдарға концерт қоятын. Тіпті жиырма минуттық үзіліс кезінде де Ермек аға аккардеонын тартса, Жарасбай аға бізге вальс билеуді үйретететін. Бұл кісілердің киім киістеріне, жүріс тұрыстарына, сөйлеу мәнеріне шәкірттері қатты еліктейтін. Жарасбай ағаның дауыс көтергенін естіп көрген емеспіз. Жанға жәйлі қоңыр үнімен өлеңдерін оқығанда тыңдарман қауымды баурап алатын. Ең бастысы олар өз еліне деген сүйіспеншіліктерін атқарған істерімен дәлелдейтін. Ал, білімнің ақ ордасы – алтын ұя мектебіне деген іңкәр сезімдері арнау өлең-жырларынан айқын көрінетін. Өз шәкірттерінің білімді де білікті азамат болып қалануларына да баса назар аударып, сол бағытта бір қатар іс-шараларды жүзеге асыра білді. Осы кісілерден білім алған, тәрбие көрген оқушылар, бүгінгі күні сүйікті мұғалімдерін мақтанышпен еске алып отырады.

Кейін Жарасбай Нұрқанов қызмет бабымен Целиноградқа (Ақмола), одан кейін Алматыға көшім кетсе де елге келген сайын міндетті түрде ауыл ақсақалдарына сәлем беріп, жағдайларын сұрап, ал жастарына ақыл-кеңісін айтудан жалықпайтын.

Осындай халқына қалаулы, еліне елеулі ағаларымызды әрқашан еске алып жүреміз. Жарасбай ағаның немересі Жансұлтанға арнаған

Менің атым Жансұлтан,
Астанада туғанмын.
Арғы тегім – Арғын, Атығай,
Ерке өскен бұланмын, –

деген өлеңін бұл кісі сенің де атаң деп өз немереміз Айсұлтанға үйретіп қоямыз.

Жарасбай ағамыз өмірден озып кетсе де соңында қалған ұрпақтарына қарап қуанамыз. Әсіресе, ағамыздың сүйген жары Қазинаға алғысымыз шексіз. Ағамызды бір сәтте естен шығармайтын жеңгеміз, сол кісінің еңбектерін халыққа таныту үшін, аянбай еңбек етіп жүр. Қос қанатындай екі ұлы Жомарт пен Жәнібек те ел қадірлейтін, мақтан етерліктей жігіттер. Ағаның қара шаңырағында отырған Жәнібектің жұбайы Гүлнәрді де ерекше құрметтейміз. Бұдан бір ғасыр бұрын Шал ақын бабамыз: «Келіні жақсы үйге – кісі көп келеді, Келіні жаман үйден – келген кісі кеткісі келеді» – деген екен. Гүлнар келініміздің үйіне кісі көп келетін, үлкенді құрметтеп, кішіге қамқор бола білетін, өнегелі ұл-қыз тәрбиелеп отырған аяулы ана, асыл жар, ибалы да иманды келін. Ағайын-туғандардың ұйытқысы.

Жарасбай ағаның ұлдары да, келіндері де, немерелері де ағаның абыройын асқақтатып, биіктен көрінетіндеріне біз сенімдіміз. Сізді ешқашан ұмытпаймыз, елін сүйген, елі сүйген Жан-аға.

Әмина БЕКБАСОВА,
шәкірті, белгілі ұстаз

P.S. Жәкең жайында әңгіме қозғала қалса, мына бір эпизод есіме түседі:

... Жәкеңнің әкесі Әнәс елде ортаншы баласы Мараттың қолында болды. Сол кісі (қария шал ғой) ауырып, төсек тартып жатқанда Алматыдан Жәкең келді. Жәкең келген соң 3-4 күннен кейін әкей дүние салды. Жәкең семьясына хабар берсем деп, біздікіне келді «ол кезде телефон совхоздың бас мамандарының үйінде ғана болды).

Телефон соғып, жан жарымен сөйлесіп тұрып, Жәкең: «Қазина, Қазина, жылама, ауырып қаласың деп қайта-қайта айта берді.

Біз келіншегім Әмина екеуміз міне қандай махаббат, жан жарын қалай сыйлап, құрметтейді деп, бір-бірімізге қарап қалыппыз...

Қаратай ҚАЛИАХМЕТОВ,
шәкірті
Астана қаласы, 15 қазан, 2016 жыл

ҚАДІРІ БӨЛЕК ЖАН

Жарасбай ағаның әкесі Әнәс атаның үйімен біздің үй көрші тұрдық. Өте тату, екі үйдің бірі болдық. Әкем – Әбілқайыр, анам – Бикеш ол кезде жас болатын. Үлкені мен болған соң біздің үйдегі өзге балалардай емес мен көршілермен әсіресе көп араласатынмын. Өйткені, Дулат деген баласымен құрдас, бір сыныпта оқыдым. Сондықтан бірге сабаққа дайындаламыз, біріміз-де жоқты бірімізден аламыз, сөйтіп жүріп сол үйдің баласындай болып кеттім. Дулаттың анасы Әмина, ол кісіні «Әнәй» дейтінбіз, ол кісінің анасы Нұрғиза апа да сол үйде тұрды. Бұл екі кісі де мені бөтен көрген жоқ, мен ол үйге күніне неше рет барсам да өз баласындай көрді. Осы кісілерден үлкен тәлім-тәрбие алдым десем артық болмайды, керек болса ұрсып та алатын. Осының бәрі мен үшін орасан зор тәрбие мектебі болды. Сол үйдің балалары Жарасбай ағаны, Марат ағаны өз ағаларымдай көрдім. Күлбара, Ақтоқты, Сәулені өз апаларымдай көрдім.

Жарасбай аға туралы ерекше айтқым келеді, өйткені ол кісінің өзі ерекше адам еді. Өте ұқыпты, сыпайы, келбетті, мәдениетті, ұстамды, мейірімді біздер үшін әсіресе ерекше болып көрінетін. Ол кезде Алматыдан оқу бітіріп келген кезі болатын. Онда біз баламыз ғой, ағаларың өлең шығарады, ақын деп айтатын бізге үлкендер.

Біздің ауылдың жанында терең сай бар, сондықтан бұрын «Терең сай» деп аталған, одан басқа әрбір шоқ ағаштың аты болатын «Әуежең», «Ақсақ қасқыр», «Сазды ағаш», «Сары бел» тағы басқа. Сонда менің есімде қалғаны Жарасбай аға костюмін желбегей жамылып сол терең сайдың бойында немесе «Әуежеңнің» ішінде жүретін, сөйтсе шабыты ұстап, ойланып, небір өлеңдерді қойын дәптеріне қарындашпен түртіп, жазып отыратын. Тегі туған жер туралы өлең-толғаулары сол кездің өзінде өмірге келді білем.

Жарасбай ағаның жеке өз бөлмесі болатын, есігінің жоғарғы жағы әйнек болғандықтан біз Сәуле екеуіміз кейде қызықтап, сығалап қарап жүретінбіз. Бөлмесінде кітап деген сөре-сөре болатын, жеке төсегі, жұмыс столы және радиола болатын. Бір мезгіл пластинка қойып ән тыңдап отыратын. Жазу столының тұсында әдемі қыздың портреті ілулі тұрушы еді. Кейін білдік ол белгісіз суретшінің «Неизвестная» деп аталатын портреті екен.

Ол үйде неше түрлі спорт заттары көп болатын: дойбы шахмат, теннис т.б. 60-шы жалдарда мұндай заттар ілуде бір кездесетін, екінің бірінде

ойла бер бермейтін. Ересектердің ойындарына қарап жүріп, біз де осы ойындарды меңгеріп алдық.

Біз «Заря» деген елді мекенге Садуақас атамен, Шәмшия апаммен жиі баратынбыз, өйткені онда әкем Әбілқайырдың ағасы Еслям ағатайыммен жеңгесі Меруерт апатайым тұратын. Әкемнің қарындасы Қазына тәтем сол кісілердің қолында болатын, атам мен апам орысша оқысын деп сонда жіберіпті. Содан тәтем орысша 10 жылдық мектепті бітіріп, ауіміздің ауылға қайтып келді. Арада қанша уақыт өткені есімде жоқ, тәтем тұрмысқа шығады деп естідік. Атам ол кезде қайтыс болған, апам мен ағалары келісіп, тұрмысқа беруді ұйғарыпты. Өрнек деген көрші ауылдан қоржын әкеліп, маған тигені қоңыр түсті желке тарақ болатын. Менің қуанышымда шек жоқ, тарақ алып, ол кезде дүниенің қат кезі ғой, тараққа да мәзбіз. Қазына тәтем біздің үйге жиі келіп тұрады, ол кезде бәрі құпия, жасырын, жігіт пен қыздың бірге жүргенін көрмейсің. Сөйтсем, менің анам жеңгетай болып, көрші үйдегі Жарасбай ағаммен Қазына тәтем сөз байласып жүріпті.

Әлі есімде, 1964 жылы мамыр айында Шәмшия апам қатты ауырып, ауылдағы фельдшеріміз Карл Федорович Бельгер аудан орталығы Марьевка деген жерге ауруханаға жеткізу үшін вертолет шақыртыпты. Туған туыстар әбігерге түсіп, дайындалып жатыр, біреулері апамды киіндіріп, біреулері ат арба дайындап жатыр, өйткені вертолет Терең сайдың ар жағына қонады, соған ат арбамен апамды жеткізу керек. Бір қарасам, Қазына тәтем де жиналып жатыр, күні кешегідей есімде, ол кезде «редикюль» дейді, ақшылт жасыл түсті қол сөмкесіне заттарын салып, апаммен бірге ауданға кеткелі жатыр екен. Содан бәріміз жығыл-еңіреп терең сайдың арғы жағына вертолетте Шәмшия апам, Қазына тәтем, Карл Федорович үшеуін шығарып салдық. Ол кезде қазіргідей телефон байланысы жоқ, ұялы телефон тұрмақ, үйде де жоқ, бір ауылда бір рация болған шығар кеңседе. Содан ол кісілерден көпке дейін хабар ала алмадық. Күндердің күнінде әкем маған көршінің үйіне барма деп тыйым салды, анам әлгі желке тарағымды алып қойды, қоржынды қайтарып береміз деп, түк түсінсем бұйырмасын. Күніне екі-үш бармасам көңілім көншімейтін мен көрші Жарасбай ағаның үйіне аяқ астынан бармайтын болдым.

Әнәс атамыз ауылда аулнай «қазіргі әкім болды», халқына сыйлы, өделді адам еді. Бір күні ол кісі үйге келгенде, әкем сөйлеспей, теріс қарап жатып алды, бір пәленің болғанын сездім, бірақ түсінбедім, ешкім ештене айтпады. Содан шамасы 10 шақты күн өткеннен кейін ғой деймін, Жарасбай аға Қазына тәтемді алып үйлеріне келді. Сол кезде не болғанын бірақ түсіндім, көрші ағам менің тәтемді алып қашып, екеуі үйленіпті. 1965 жылы Наурыз айның 27 күні тұңғыштары Жомарт дүниеге келді, осы жылдың тамыз айының 11 күні ол кісілер қызмет бабымен Целиноградқа, қазіргі Астанаға қоныс аударды. Олардың көшкен күні есімде қалған себебі сол күні Ғалия деген сіңіліміз дүниеге келген.

Мен 10 жылдықты бітіріп, 1973 жылы Алматыға оқуға келіп, ойдағыдай емтихандарды тапсырып, конкурстан өтіп Алматы халық шаруашылығы институтына түстім. бірінші курста оқып жүрген кезім еді, бір күні вахтер апай келіп, саған ағаң келіп тұр деді. Сонау солтүстіктен екі мың шақырым жерден келіп тұрған кім екен деп, таңқалып шықсам, Жарасбай ағам, ол кезде жездем, қарындасы Сәуле екеуі келіп тұр екен. Қолында бір бөтелке шампан мен торт, мені жоғарғы оқу орнына түсті, өз күшімен, біліммімен деп құттықтап келіпті. Менің қуанышымда шек жоқ! Шай қойып, жүгіріп, жатақханада бөлмедегі қыздар бар, Сәуле бар, Жарасбай ағаммен бірге шай ішкеніміз мен үшін бір бақыт болды.

Ұмытпасам, 1981 жыл ғой деймін, жездем, Қазына тәтем жанұяларымен Алматыға көшіп келіпті. Мен ол кезде тұрмысқа шыққам, жолдасым Сағымбаев Болат Қоңырбекұлы Семей облысы Ақсуат деген жерден, ол кезде Майя, Баян, Арман есімді балаларымыз бар болатын. Біз 1990 жылы Алматыдағы Ақсай 5 ықшам ауданынан пәтер алып, көшіп келдік. Ал жездем мен тәтем болса Жетісу-2 ықшам ауданынан пәтер алып, көшіп келіп, қайтадан көрші болдық. Осы кезден бастап, тығыз араласып, мәз мейрам болдық. Сол Ақсайдан пәтер алып, қоныс тойын тойлағанда Жарасбай жездемнің бізге арнап өлең жазды.

Бұл жердегі Болат Сағымбаев менің жолдасым, Жарасбай жездем бажа деп қатты қалжыңдасатын еді, жиі кездесе алмай қалсаң, телефонмен сөйлесіп, қалжыңдасып, бір-біріне анекдот айтып мәз болатын. Жалпы, әр нәрсені сылтауратып, мейрам болсын, туған күндер болсын, жиі кездесіп тойлап тұрушы едік. Жездем біздің әр қуанышымызға тарту ретінде өлең шығарып жүретін. Сол өленderінің бірі өзінің қолынан жазылған, менде сақтаулы. Болат 40 жасқа толғанда (1994 жыл қысқаша үзінді):

Болатжан, ұлың – Арман, Қызың Баян,
Майяның орны бөлек, өзіңе аян.
Жаныңда сүйген жарың – Галя болса
Галяға төзіп жүрген сен бір ноян –

деп қалжыңдап, менің әр нәрсеге мән беріп, тура айтып, адалдық, әділеттік жолында күйініп жүретінімді айтқысы келген болар.

Болат құрылысшы болғандықтан көп жылдар Астананы салуға атсалысты, «Қазақстанның құрметті құрылысшысы». Содан 2000 жылы

қаңтар айында қатты суық тиіп Болат ауруханаға түсіп қалды, сонда шығарған өлеңі:

Болаттың Галя деген асыл жары,
Күйеуін сағынғанда салған әні:

Ақ ұлпа
Тәңрімнің ғажап өнері,
Жапалақ = жапалақ қар жауды.
Ақ ұлпа қандай әдемі,
Себелеп, ойнап, саулады.

Елімнің орман = тоғайы
Оранған кезі түбітке.
Әлде бұл – арман ұдайы,
Әлде бұл нәзік үміт пе?

Іңкәрім болған көбіне
Аулымның інжу-маржаны.
Жаңғарып жатыр дүние,
Жақсы ғой қардың жауғаны.

Ақ ұлпа, десе, ақ ұлпа,
Көңілімде – бейнең танымал.
Әлемде кім бар, ей, қалқа,
Өзіңді мендей сағынар!!

Болат Қоңырбекұлы Сағымбаевқа
Сол кезде күнде ақ ұлпа қар жауып тұрған болатын.

Біздің туған жеріміз Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Шал ақын ауданы ғой. Біз жазда кезекті демалысымызға ауылға барып келсек, Жарасбай жездем бізді арнайы шақыртатын еді. Ал, елге барып келдіңдер, елде не жаңалық, өзгеріс бар? – деп, ауылдың әр үйінің жағдайын сұрайды десем артық емес. Туған жері, елі туралы көп өлеңдер жазатын, қатты сағынатын. 2011 жылы дүниеден озғаннан кейін сол аңсаған жерінің топырағы бұйырды. Туған жерінің топырағы торқа болып, жаны жәннатта болсын!

Ғазиза ӘБІЛҚАЙЫРҚЫЗЫ мен Болат САҒЫНБАЕВ,
Алматы қаласы, 2017 жыл

МЕЙІРІМ ШУАҒЫН ШАШҚАН

Ақын Жарасбай Нұрқан менің нағашы ағам. Кішкентай кезімнен өзіме үлгі тұтқан, өскенде осындай кісі болсам, қай жағынан алсаң да еліктейтіндей адам еді. Ол кісінің адамгершілігі, білімділігі қай салада болсын көп білетіндігі мені таң қалдыратын. Бала кезімде сабақтан үй тапсырмасын орындай алмай қиналған кезде анам айтатын: «Несіне қиналасың? Жарасбай ағаға қоңырау шал, ол кісі бәрін біледі» – деп. Шынында, қай пәннен болсын сұрақ болса, ол кісіден толық жауап естітінмін. Математика, қазақ, орыс тілі, әдебиеті, тарих, биология, география – барлығынан. Мен 10 жасқа толғанда 1994 жылы 11 қарашада Жарасбай ағам маған өлең шумақтарын арнады:

Ей Арман, Әкең Болат, Шешең Галя
Мектепке барып едің кеше ғана
Сен бүгін жасың онда, жас қазақсың
Боласың ертең жігіт, ертең – дана.

Оқысаң қиындықтың бәрін жеңіп,
Іргесін қалағаның үйдің берік.
Сен ертең еліміздің басшысы бол,
Нұрсұлтан Назарбаев секілденіп.

Сөзіме құлағың сал, Арман жиен,
Өзіңе ғұмыр берсін тәңір ием.
Мен саған бір әдемі кітап сыйлап,
Қолыңнан, маңдайыңнан иіскеп, сүйем!

Осы кітабы менде ол кісінің көзіндей сақтаулы.

Менің сабақта үлгерімім өте жақсы болды. Әсіресе, математикаға өте құштар едім. Содан өзім оқып жүрген Алматыдағы 141 орта мектептің мұғалімдерінің ұсынысымен 1998 жылы Академик Жаутіков атындағы Республикалық арнайы физико-математика мектебіне түстім. 2002 жылы осы мектепті бітіріп, Москваның М. Ломоносов атындағы мемлекеттік университетіне түсіп, ойдағыдай аяқтадым. Қазір Үлкен Ұлттық компанияда қызмет істеймін. Менің өмір жолымда Жарасбай аға сияқты туысым болғанына қуанамын!

Тағы бір айта кететін жай, Жарасбай ағаның үлкен спортқа да қызығуы зор еді. 1998 жылы футболдан Франция мемлекетінде әлем чем-

чионатынан бастап, екеуіміз өзімізше кесте жасап, кім кіммен ойнайды, есеп қандай болуы мүмкін, қай команда жартылай финалға, қай команда финалға шығады деп болжадық, күнде телефонмен сөйлесіп, ең қызық деген кездесулерді бірге көріп тұратынбыз. Сол жылы Францияның өз елінде футболдан әлем чемпионы болатынын Жарасбай аға тура тапқан еді. Қандай ғажап!

Міне, жан-жақты, білімді, парасатты, төңірегіне мейірімін шашып жүрген, үлкен ақыл иесі ақын Жарасбай Нұрқан ағамыз осындай жан еді. Ол кісінің жарқын бейнесі менің есімде мәңгілік қалды!

Мен ес білгелі, әріп тани білген уақыттан бастап, қолымнан кітап түспейтін. Түрлі-түсті бояуға қанық кітапшаларды ақтарып, алуан құстар мен аңдардың суреттерін қызықтап: мынау қасқыр, мынау қыран деп өзімше былдырлап отыратынымды анам айтып отыратын. Сол әдет есейе келе де әдетке айналды. Оқулықтардан тыс әдеби кітаптарды көп оқуға әуестендім. Оған, әсіресе, Жарасбай ағаның ықпалы зор болды. 9-сынып оқып жүрген кезде әдебиет сабағынан өзімнің өмірбаяным туралы шығарма жазған екенмін. Сол шығармамда Жарасбай ата туралы үлкен құрметпен жазыппын. Соны назарларыңызға ұсынамын.

МЕНІҢ ӨМІРБАЯНЫМ

Шығарма

Мен, Болатұлы Арман Жоңғар Алатауының бөктеріндегі қазіргі Алматы облысы Жаркент қаласында 1984 жылы қарашаның 11 күні өмірге келдім.

Жаркент қаласында бір жасқа толғанда орыс бала-бақшасына барыппын. Ол жердегі тәрбиешілер, әсіресе тетя Валя күнде жылы шыраймен қарсы алып, кешке шығарып салатыны әлі есімде. Осы жерде 3 жасқа дейін болып, 1987 жылы Алматы қаласына өз жанұяммен Б. Момышұлы көшесі бойындағы Ақсай – 5, ықшам ауданына көшіп келіппіз. Жанұямда 5 адам бар.

Ақын Жарасбай Нұрқан ағамның Ақсайға көшіп келгенде бізге кітап сыйлады:

Майя бар, Болат-Галя, Баяның бар,
Арманның қызығымен оянындар.
Ақ боз үй, жаңа қоныс құтты болсын,
Ақ сәуле, алтын нұрға боянындар.

Ақсайда тұратұғын Сағымбаев,
Келмесек екі жеті, сағынайық.
Арманың біреу емес, екеу болсын,
Дүние, байлығынды нағылайық.

Осы кезімнен 7 жасыма дейін №341 қазақ бала-бақшасына бардым.

1991 жылы үйімнің жанындағы №141 қазақ орта мектебіне 7 жасымда түстім. Алғашқы мектеп табалдырығын аттағандағы ұстазым Үлжан апай еді. 1994 жылы 11 қарашада мен 10 жасқа толдым, туған күніме ақын ағам тағы да өлең шумақтарын арнаған.

Өзімнің мектебімнің 8 сыныбын бітіріп, мұғалімдер ұсынысымен, өзімнің талабыммен Республикалық арнайы физика-математикалық мектеп-интернатына түстім. Қазір осы мектепте ойдағыдай оқып жүрмін.

Ақын Жарасбай Нұрқанның кітап туралы ойлары жүрекке қонымды және тәрбиелік мәні бар.

«Адамзат ақыл-ойының тамаша жемісі – кітап деуге лайық. Дүниеде кітап жазу, кітап шығару ісі пайда болғалы өнер-білімнің өрістей түскені анық, кітаптар арқылы ұрпақтар үні жалғасып, жақсара берді».

«Кітап – рухани– қазына байлық. Кітаптың жоқ болғанынан көп болғаны жақсы. Бірақ ол сәнге жинайтын жиһаз емес, мәні зор, мазмұны терең асыл дүние».

Ақынның осынау нақыл сөздерін мен өмір бойы ұстанып келемін, кітап менің сырласым, кітап менің досым, жол сілтеушім, бағыт берушім деп бағалаймын.

Арман Болатұлы САҒЫМБАЙ,
Астана қаласы, 2017 ж.

ЖҮЗІ ЖАРҚЫН ЖЕЗДЕМ ЕДІ

1980-ші жыл. Жаздың ең бір ыстық күндері. Отан алдындағы азаматтық парызымды өтеп, елдегі жұмысқа белсене кіріскен кез. Үсті басым шаң-шаң болып, шөп дайындау науқанында жүргенбіз. Мінген тракторым ескі болғандықтан, жиі сына береді. Бригада қосында трактор жөндеуге көмектесетін абзал ағамыз болатын, ол кісі аудан, облыс көлемінде аты шыққан, бірнеше ордендер мен медальдардың иегері Әбілқайыр Ысқақов еді. Өзі бізге туысқан болатын. Қос басында ас ішкен соң жаныма жайғасты: «Әй, балам, сен мені тыңда», – деп әңгімесін алыстан бастайтын еді. – Сен әлі жассың. Өмір бойы тракторист болам дейсің бе? Қатарыңнан қалмай жоғарғы оқу орнына түссең қалай? Ауылдың балалары оқуға кетіп жатыр ғой» – деп әңгімесін доғарды. Мен ойланып қалдым. Болған әңгімені анам Шәмшияға жайып тастадым. Ол кісі өзің білесің, қайда жүрсеңде аман болшы, деп батасын берді.

Артынып-тартынып, чемоданға киімдерді салып, Целиноград қайдасың, деп жолға шықтым. Целиноградта мен жақсы көретін, сыйлайтын апа-жездем тұратын. Ол кезде жездем Жарасбай Нұрқанов республикалық «Социалистік Қазақстан» («Егемен Қазақстан») газетінің Целиноград облысы бойынша меншікті тілшісі болып қызмет атқаратын. Апам Қазина Сәдуақасқызы Целиноград облыстық телерадиокомитетінде қызмет істеп жүрген кезі. Оқимын деген ниетің болса болды, жағдай бар.

Келген бетте конкурстан өте алмай қалдым. Әскерден келген соң комсомол-жастардан құрылған трактор-егіс бригадасының құрамында еңбек еттім. Шаруашылық басшылары мен комсомол-жастар менің еңбегіме риза болып, маған үлкен сенім артып, аудандық советке депутат етіп сайлады. Өзім жастар арасындағы жүргізіліп жүрген іс-шараға жауаптымын. Жұмыс көлемі бастан асады. Оған қоса депутат ретінде науқандық және қоғамдық жұмыстарды жүзеге асыру керек. Әйтеуір «жас келсе іске сәт» демекші ауыл жастары қай істе болмасын белсенділік танытып, аудан, облыс көлемінде танылa бастадық. Сонымен оқы деген аға ақылын тыңдап, Ақмола-Целиноград қайдасың деп жалындаған жас жүрек әмірі мені осында алып келді.

Келісімен апам Қазина мені ауылшаруашылық институтына алып келді. Құжаттарымды агрономия факультетіне өткіздік. Бірақ конкурстан өтпей қалдым. Бірден түсе алмағаныма өкініп қалдым. Осы кезде

Қазина әпкем мені бірден дірдектетіп ректордың өзіне алып барды. Ол кісі менің жездемді, апамды жақсы танитын болып шықты: «Е, жігітім, өзің депутатсың ба?» деп пиджактың омырауындағы депутаттық белгіге қарап, «нам как раз такие студенты нужны, документы сдайте в подготовительное отделение, а после зимней сессии переведу на первый курс деп» институт ректоры Моисей Аронович Гендельман менің қолымды алды. Расында да сөзінде тұрды, мен сол жылы басқа студенттермен қатар бірінші курсты үздік тәмамдап шықтым. Комсомол комитеті маған екі ұсыныс жасады. Бірі – студенттердің құрылыс бригадасын ұсынды, екіншісі – институт жастарынан құрылған механикаландырылған трактор-егіс бригадасына бару. Екінші ұсынысты таңдадым. Бұрынғы тәжірибеме қарап, мені бригаданың жетекшісі етіп тағайындады. Біз Краснознамен және Астрахан аудандарында науқандық жұмыстарға қатысып, баршамыз жап-жақсы еңбек еттік. Табысымыз да жақсы болды. Менің апа-жездем аудан басшыларымен сөйлесіп, бізге қамқор көрсетулерін тапсырған екен, науқандық жұмыстардың қорытындысы бойынша аудандық ауылшаруашылығы мен аудандық комсомол комитетінің құрмет грамоталарымен де, ақшалай сыйлықтармен де марапатталдық.

Жатақхана берсе де, қолым босағанда апа-жездем үйіне баратынмын. Менің әрбір табысыма жездем қатты қуанатын. Мереке сайын маған әдеби кітаптар сыйлайтын еді. Оқы, көп оқы, өмірдің өзі поэзия. Өлең жазуға оңтайлы екенсің деп өзінің жазған өлеңдерін маған оқып беретін. Мен келген сайын басқа да ақындардың жинақтарын дайындап отыратын. Шахматқа үйретті.

Марқұм жездем аз сөйлеп, көп тыңдайтын, әрбір сөзі салмақты сабырлы естілетін. Жүрген жүрісі, киім киісі өзіне сай келетін. Жездем көп оқып, көп ізденген кісінің бірі. Бөлмедегі кітап сөрелерін көргенде, көз тоймайтын. Мен өзім таң қалғаным, осы кітаптарды қай уақытта оқып бітіреді екен деп.

Сол жездемнің арқасында, кітапқа мен де жақын болдым деп ойлаймын. Студент болып жүргенде, облыстық теледидардан шығып, өзім жазған өлеңдерімді оқитынмын. Бұған себеп болған да асыл жездем еді. Шіркін жездеміз қандай адам еді. Көңілі дариядай, аузын ашша жүрегі көрінетін дара тұлға еді.

Апам екеуі екі ұл өсіріп, әдемі тәрбиелеп жетілдірді. Үйлеріне барған сайын, жездеміз балаларға не айтады, қандай тәрбие береді екен деп, тыңдаумен болатынмын. Соның бәрі маған өте пайдалы болды. Жомарты мен Жәнібегіне бір қатты сөз айтпайтын, зекіп ұрыспайтын. Астанаға көшіп келгенде, талай үйінде болып әңгіме дүкен құратынбыз. Өмірінің соңына дейін, жездеміз Жарасбай Әнәсұлынан тек қана жылы сөздер, ақылды өсиеттер естіген едім:

АСЫЛ ЖЕЗДЕМ

Жаны жақсы біздің асыл жездеміз,
Есте ғой айтқан ақыл сөздерің,
Әрқашанда еске алып жүреміз,
Кеңес беріп жол көрсеткен кездерің.

Жанымызда жарқын бейне сақталады,
Жазған өлең әрқашан жатталады,
Осындай жездем едің дара туған
Көңілім сізді ойласам шаттанады.

Әлкен Сәдуақасұлы ӘЛҒОЖА,
агроном, тау-кен инженері
Көкшетау қаласы

ҚҰРМЕТТЕУГЕ ЛАЙЫҚТЫ ЕДІ

Бұрынғы Сергеев ауданының «Тереңсай» ауылдық кеңесіне қарайтын үш ауылдың ғана емес, бүкіл Солтүстік Қазақстан облысына белгілі азаматтар дүниеге келді. Бұл күндері совхозымыз Кеңестер Одағының Батыры Ысқақ Ыбыраев атында. Сонау 60-80-жылдары экономикасы дамыған, мәдениеті өркендеген, халықтың рухани-әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлары жақсарған ел еді. Мұндағы Ленин атындағы орта мектептің аты сол өңірге әйгілі – білімнің ақ ордасы атанды. Біздің ауылға жақын қазақ ауылдарынан келген балалардың да онжылдық білім алуына жағдай туғызылған болатын. Совхоз орталығында мектеп интернат, клуб, Мәдениет үйі, медициналық пункт, монша, кітапхана, асхана сияқты әлеуметтік-тұрмыстық нысандар жұмыс істеді.

Мектеп түлектері халық шаруашылығының барлық салаларында жемісті еңбек етіп, ел абыройын асқақтатты, жақсы атағын шығарды. Солардың ішінен Жарасбай Әнәсұлы Нұрқан жездемнің ұлағатты істерін айтпай кетуге болмайды. Ол кісінің өмір жолы мен еңбегі кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге боларлықтай.

Қиын-қыстау кезінде, сонау 1955 жылы мектепті Алтын медальмен бітіріп, С.М. Киров атындағы ҚазГУ-ды үздік тәмамдағаннан кейін, елге оралып, өзі білім алған мектепте ұстаздық қызмет атқарды. Жарасбай ағамыз өте білімді әрі білгір еді. Біз ол кісіні азамат ретінде де ерекше құрмет тұтушы едік. Ақындығы ел арасында кеңінен айтылып жүретін. Өлең-жырлары, әңгімелері, ауыл мәдениетінің дамуы жөніндегі мақалалары баспасөз бетінде жарияланатын.

Кеңестер одағы кезінде әкем Еслям Ысқақұлы республикалық және облыстық газет-журналдарды жаздырып алатын. Оның әр бір санын тізбектеп отыратын. Бір де біреуін жыртқызбайтыны есімде. Көп оқитын еді марқұм. Сол кездері «Ленин туы», «Қазақ әдебиеті, «Социалистік Қазақстан», «Қазақстан пионері» газеттері және «Балдырған», «Мәдениет» пен «Қазақстан әйелдері» журналдарының бірнеше жылғы тізбесі төргі бөлменің қабырғаларында ілулі тұрушы еді, әр үйдің байлығы да, жиһазы да осы басылымдар болатын.

Ауыл адамдары Ахметжан Нұртазиннің, Ғалым Малдыбаевтың, Ермек Қонарбаевтың, Жарасбай Нұрқанның өлеңдері мен мақалаларын сүйсіне оқитын. Бұл кісілердің есімдері маған сол кезеңнен таныс. Ал Жарасбай ағамыз маған жезде болып келеді. Ақын адамның туыс болғанына мен ерекше шаттанып, мақтан етіп жүремін. Өзім орыс мектебін бітірсем де қазақ тіліне деген қызығушылығым жездем Жарасбайдың

ірқасында деп айта аламын. Әсіресе поэзияға жақынмын. Сондықтан болар Жәкеңнің өлең-жырларын жаттап, отырыстарда нақышына келтіріп, оқып жүретінім.

Иә, өмір бар жерде – өлім бар. Өкініштi... Ақын Жарасбай Нұрқанның қайтыс болғанына алты жыл өтіпті. Артында ақынның жауһардай жарқыраған өлең-жырлары қалды. Жәкең өмірден өткеннен кейін «Қылыжар» және «Көкжиек» атты екі кітабы жарық көрді. Әлі де оқырмандарына ұсынатын әңгімелері, публицистикасы, очерктері, сықақ өлеңдері мен балаларға арнаған дүниелері баршылық.

Ақынның жары Қазина апамызбен сөйлесіп, хабарласып тұрамыз. Жәкеңнің 80 жылдығына орай таңдамалы дүниелерін дайындап жатқанын айтып, естелік жазуымды өтінді. Мен ойланып қалдым. Шынын айтсам – жүрексіндім. Бірақ ол кісінің жазғандарын оқып жүрген кісімін ғой. Айтарым бар ғой деп, қолыма қалам алып, жездем туралы лебіз білдіруімнің себебі сол.

Жарасбай Нұрқан – белгілі ақын, жазушы, аудармашы, шешен сөздің шебері атанған – абзал азамат. Бар өмірін, білімін, өлең-жырларын өзінің халқына, туған жеріне, қазақ еліне, ана тіліне арнаған – азамат ақын деп білеміз. Мысалы мына өлеңіне назар аударайықшы:

АЙХАЙ, БІЗГЕ ҮЙ КЕРЕК

Көркін-ай Алматы мен Астананың,
Жалғай бер екі араны асқақ әнім.
Қазағым, арманға бір жетер едің,
Құтылсаң азабынан баспананың.

Айхай, бізге,
Көбімізге – үй керек,
Көңілімізге,
Демеу болар күй керек,
Демек, үй керек.
Төсімізді төсімізге
үйкелеп,
Үміт отын жағуға да үй керек.
Ойхой, мына өмірде
Омыраулап, кимелеп,
Сол бір үйге
Кіруге де ми керек.
Уа,
Күйеулері күйгелек
Жұбайларға үй керек,

Біздің мықты әйелдер
Жүкті болмай тұрмайды,

Етек-жеңін қойсаңдар да
түймелеп.
Сондықтан да үй керек,
Кюбеюге сәбилер
Үсті-үстіне үймелеп.
Мен үш дүркін айтар ем:
Үй керек, үй керек,
Уай, үй керек!!!

Шіркін-ай, небір үйлер келеді ойға,
«Соны да сөз қылдың» деп кінә қойма.
Ойласаң, ағайынның бәрін ойлап,
Тойласаң, жаңа қоныс тойын тойла!

Иә, баспана қай кезеңде болмасын шешімін таба алмай келе жатқан мәселелердің бірі. Үйсіз-күйсіз, әр үйдің босағасында жүрген қазағымның қамын ойлаған ақын ағамыз осылайша өлең-жыр жазуға мәжбүр болды. Елдің қамын ойлап, еліміздің болашағын ойлап, атой салған ақын ағамыз нағыз – халық ақыны деп білеміз. Өзі жоқ болса да артында асыл сөздері мен қазағына деген мөлдір сүйіспеншілігі қалды. Ақын Жарасбай Нұрқанның ұрпақтан ұрпаққа тарайтын асыл мұрасы – өлең-жырлары қалды. Сондықтан да асыл жездеміздің есімі әр қашанда ел аузында болары хақ.

Серік КӘКЕНОВ,
кәсіпкер,
Қызылжар қаласы

ЫНТЫМАҚ МИНИСТРІ

Бала күнімде әкем мені керемет жақсы көретін. Оны сөзбен айтып жеткізу қиын. Әкемнің мені шексіз жақсы көретінін оның елжіреген жүзінен, мейірбан көзінен көретінмін. Ол кезде балалықпен аңғармаған шығармын, маған әкелік махаббатпен қарап отырғанда іштей «Жаратқан ием, баламның бағын аша гөр. Барған жерінде де сүйіспеншілік пен махаббатқа бөлегейсің» деп тілеген шығар. Мүмкін әкемнің сол тілегі Алланың құлағына шалынған шығар. Атам туралы естелік жазар алдында алдымен әкемнің ойыма оралып отырғаны да тегін емес. Түрмысқа шығып, Атамен танысқан алғашқы сәттен бастап ол кісі мен өз әкемнің арасында көптеген ұқсастықтардың бар екенін байқадым.

Ата да менің әкем сияқты эмоцияға беріліп, көңілі тез босай қалатын, жүрегі жұмсақ жан екен. Менің әкем де кезінде қалаға келіп, жоғары білім алса, Ата сияқты журналист немесе ақын-жазушы болып кетуі өбден мүмкін еді. Жайшылықта көп сөзшең көрінбегенмен, өзіне сөз кезегі тигенде отырған жұртты айтқанына ұйытып, сөзден түйін түйіп отыратын еді. Әңгімелерінің арасында қазақтың би, шешендерінің сөздерінен мысал келтіре отырып сөйлейтін. Көркем шығармаларды жастанып оқитын, «Жұлдыз», «Жалын» журналдарының әрбір санын қалт жібермей, күтіп жүріп, қолына тиген бойда бастан-аяқ оқып шығатын.

Ата да жайшылықта көп сөзге жоқ. Бірақ сөйлеп кетсе, ол кісінің әңгімесін тыңдаған адам кітап оқып отырғандай әсерде болатын. Ал көркем әдебиет оқуға келгенде Атаға жан жетпейді. Қазақ әдебиетінде ғана емес әлем әдебиетінде ол кісі оқымаған кітап жоқ шығар, сірә!

Ал балажандығын айтсаңшы. Менің әкемде де «мынау менің балам, мынау өзгенің баласы» деген бөле-жару болмайтын. Бала біткеннің бәріне бірдей мейірбан болды, ешкімді бетінен қақпайтын. Қайын атам да балажан болып шықты. Оны кішкентайларым дүниеге келген соң, кейінірек білдім.

Санамалап қайтейін, туған әкем мен қайын атамның осындай көптеген ұқсастықтарынан мен Атаны өз әкемнен кем көрмедім, әкемдей көрдім десем болады.

Келін болып табалдырық аттаған күннен бастап Атам екеуміз бір-бірімізді бірден жақын тартып, тез ұғысып кеттік. Келін болып түскен әрбір әйелдің басында болған жағдай шығар, алғаш танысуға келгенде, әлгі үйдің қай бұрышына отырарыңды білмейсің. Енем дереу Жәнібекті түпкі бөлмеге алып кетіп, сұрақтың астына алып жатты.

Осы кезде төргі бөлмеде Атам екеуміз ғана қалдық. Көпті көрген кісі ғой, менің қобалжып отырғанымды байқап отыр. Абайлап қана өзіне қажетті деректерді суыртпақтатып сұрай бастады (белгілі сұрақтар: елің кім, жерің кім, әкең кім, шешең кім дегендей...). Мен жайлап жауап беріп отырмын. Қанша дегенмен ол кісі де сөз маманы, мен де соның оқуын бітіргенім бар, екеуара диалогымыз жай сұрақ-жауаптан гөрі мазмұнды әңгімелесуге айналып кетті. Сондағы маған айтқан алғашқы ақылы мынау болды.

– Көптеген жаңа шаңырақ құрған жас жұбайлардың арасындағы алғашқы келіспеушілік «менің сөзім дұрыс», «менің дегенім болады», «осы үйді мен билеуім керек» дегеннен шығады. Ақылың болса, айналайын, еркекке «сенікі дұрыс», «сенің дегенің болсын» дей бер, уақыты келгенде бәрібір үйдегі билік әйелдің қолына өзінен өзі көшеді, – деген еді.

Мен бұл ақылды көкейіме берік түйіп алдым. Алғашқы жұбайлық күнімізден Жәнібекке бір де бір рет сенікі дұрыс емес деген жоқпын. Кейбір кезде келіспейтін жағдай бола қалған күннің өзінде өз пікірімді жұқалап, оның намысына тимейтіндей етіп жеткізуге тырысамын. Қарап отырсам, Атаның сөзінің жаны бар екен, жарын сыйлаған жұбайы оның пікірімен санаспай қоймайды екен. Тек жасырақтау кезіңде қателікке ұрынып қалмасаң болғаны. Қажет кезінде қажет ақылдың айтыла қалғаны қандай орынды болды. Ол үшін Атама рахмет. Атамның ақылын «ақыл екен-ау» деп қабыл алған өзіме де рахмет. Ата ақыл айтып қана қоймайтын, өзінің жүрыс-тұрысы, мінез-құлқы, сөйлеген сөзімен өнеге көрсетіп жүретін. Қаңқу сөзге ілеспеу, бекер дауласпау, айналаңдағы жұртшылықпен сыйласа білу, әсіресе әйел, жар сыйлау сияқты қасиеттер қайнағам Жомарт пен жұбайым Жәнібекке қанмен берілген, ұядағы ұлағатты тәрбиемен бойларына сіңген дер едім.

Мен өзімді бақытты келін санаймын. Дүниеде ең тату Ата мен келін болса, сол біздің татулығымыздай болсын дер едім. Бастапқы жылдары ата-енем Алматыда, біз Астанада жеке тұрдық. Алыстан кім-кім де болса сыйласып тұра алады ғой. Телефоннан хал-жағдай сұрасып, жылына бір рет демалысқа барып жүргенде сіз-біз десіп жүре беруге болады.

Ол кезде ара-тұра Алматыға барып-келіп жүргенде Атаның немерелерін қатты сағынатынын байқадым. Олармен балаша ойнап, жаны қалмайтын. Бір жолы Жансұлтанға мынандай тақпақ жаттатып қойдым:

Атам менің сөз мергені –
Ынтымақ министрі,
Әрдайым көздегені –
үйіміздің тыныштығы.
Әжемнің қолы ашық –
Береке министрі,
Жүргені судай тасып,
Қолында ырыс туы.

Бұған атасы қатты сүйсініп, «Атаң мен Әжең министр болса, сен онда біздің Премьер-Министрімізсің!» деп, өте риза болды. Ал кішкетай Нұрзаданы қолына алып:

Құс болсаң жібектен бау тағар едім,
Күмістен тұғырыңды жабар едім.
Мойныңа сар алтыннан алқа тағып,
Қолға алып сылап-сипап бағар едім, –

деп «Қараторғай» әнін шырқататын. Ата орынсыз сөз айтпайтын адам, бұл әнді де әлденеге меңзеп айтып тұрғаны аян. Мұны мен Атаның немерелерімен бір шаңырақтың астында тұрып, солардың әрбір тәтті қылығына сүйсініп, әрбір табысына мерейленіп отырғысы келгені ғой деп түсіндім. Алайда, әжеміз зейнетке шыққанша әлі де қызмет істеп жүргендіктен, ол кісілердің Астанаға көшіп келу мәселесі кешеуілдей берді. Еңбек демалысымыз аяқталып, біздің Астанаға қайтатын күніміз жақындағанда Атасы Жансұлтанға «Топты найманның ішінде жалғыз жүрген құлыным-ай!» деп әзіл-шыны аралас немересін жіберуге қимағаны бар. Әрине, ол кісіге қалдырып кетсек, «жібектен бау», «күмістен тұғыр», «сары алтыннан алқа» тақпаса да, бар мейірім-шапағатын төгіп немерелерін бағатынына сенімді едім. Тек, бала болған соң ауырып, сырқап қалса, әрі күнделікті тамағын беру, киімін жуу үлкен кісілерге салмақ болады-ау деген оймен ата мен немерені айырып әкетуге тура келген еді.

Кейіннен Атасы мен Әжесі Астанаға көшіп келді. Бір шаңырақ астында Атамен үш жыл тату-тәтті өмір сүрдік. Немерелерінің талай тәтті қылықтарына тәнті болды. Жансұлтанның алғашқы өлең жазғанына куә болып, өзі оқып, түзетіп берді. Сан рет Нұрзаданың балдай тәтті былдырлаған тіліне риза болып, рахатқа кенелді. Бізбен де талай әңгімелер айтылды, талай сыр шертілді.

Мен жұмыста ұзағырақтау болып, үйге кешігіп келгенде балалармен бірге Ата да есікке қарайлаумен болады екен. Есіктің қоңырауы сыңғыр еткенде балалар есікке жүгірсе, Ата да өз бөлмесінен шығып, есікке қарап тұратын. Мен дереу киім ауыстырып, ас бөлмеге жүгіремін, менімен қарыса Ата да кіретін. Ондағысы қарны ашқаннан емес, әңгіме айту үшін. Мен шай қамдай жүріп, бір құлағымды Атаның әңгімесіне түре жүремін. Ол кісі күні бойы оқығанын, телевизордан көрген, естігенін ортаға салады. Одан да басқа ортақ тақырыптар жетіп артылады. Әңгіміміз толастаған емес.

Мен кейде ол кісіге «Сіз мына ұшан-теңіз біліммен үйде неғып отырсыз? Ана басқа жұрттардың оқымыстылары сексенге келіп селкілдеп жүрсе де университеттерде дәріс беріп, тыным таппайды. Сіздің сонардан еш кемдігіңіз жоқ» дейтін едім. Ата күледі де қояды. Астанаға көшіп келген кезде сырқат екені белгілі болды. Сол сырқаты шығармашылықпен айналысуға да мүмкіндік бермеді, сол сырқаты ақыры ортамыздан ерте алып кетті.

Адамның арманы таусылған ба. Ол кісінің де армандары көп еді. Бұрынғы-соңғы жазған өлеңдерінің ішінен жақсы дегендерін жинақтап, бір кітап етіп шығарсам деп еді. Бір емес екі кітабы шықты, бірақ оларды өзі көре алмай кетті.

Ертеректе, Целиноградта тұрған кездерінде екі ұлы мен жан жарын алып, Оқжетпесте, Бурабай, Зеренді көлдерінің жағасында жатып жиі демалатын болуы керек. Сол кезде Жомартым мен Жәнібегімнің отбасымен, келіндерім мен немерелеріммен келіп, осы көлдің жағасында демалып отырсақ қой деп армандаған екен. Алматыға демалысқа барғанымызда, құдай бұйырса, Астанаға көшіп барсақ, менің сол арманымды бір жүзеге асыру керек деген еді. Өкінішке қарай, Астанаға көшіп келгеннен кейін Атаның сол бір арманын орындамағанымызға өкінемін. Реті келмеді, әрі сырқатына байланысты көп ұзап алысқа шыға алмады. Бірақ, дәл қайтыс боларынан бір күн бұрын «Оқжетпес» санаторийінде демалып жатқан Жансұлтан, Нұрзада үшеуіміздің соңымыздан қайнағам Жомарттың машинасымен Ата, Әже, Жәнібек төртеуі іздеп келмесі бар ма? Ауырған кісіге тым ұзақ жол болса да, соңғы тілегі болса керек, мені апарып келіңдер деп өтініпті. Бір жағы біз үшін «сюрприз» болғанмен, Атаның өңі бозарып, жолдан шаршағаны көрініп тұрды. Баяғыда саф ауасын тамсана жұтып, талай жырына қосқан Көкшенің баурайына Атаның бұл соңғы келуі екен.

Ата сырқаты меңдеп тұрғанына қарамастан, ұзақ жолға шыдап, кезінде өзі:

Парнасы да, Кавказы да қазақтың
Көкшетауым – көз тоймайтын ғажап тым!
Шабытымды шарықтатып барады
Бауырында болған осы аз-ақ күн.

Көкше көлбеп, көкшіл тартса мұнартып,
Оқжетпесі оқшауланып тұрар тік.
Сұңғақ бойлы сұлу жігіт секілді,
Қараймын тек, қараймын кеп құмартып.

Қарағайдай ұзын, үшкір қалам ап,
Кете бардым емін-еркін аралап.
Бұрыннан-ақ Бурабайды жыр еткен
Талай ақын тамашалап, қарап ап.

Сәкен болған, Сәбит қонған атырап
Ілиястың өлеңінің отын ап.
Тағы күтіп жатқан шығар ақынды
Қасым жүрген, басып жүрген топырақ.

Асқақ жырды тағы да іздеп Бурабай
Толқындары толқындарын қуалай
Толқып жатыр. Толқып тұрмын мен келіп,
Жыр кеудеме қалай шыдар, туламай! –

деп жырлап кеткен Көкшетауымен, Оқжетпесімен, Бурабайымен осылай қоштасып кете барды. Біздің де бұл соңғы жүздесуіміз екен.

Жалпы, мен Атаға ақын ретінде баға беру, өлеңдеріне сын көзбен қарау туралы ешқашан ойланып көрген жоқпын. Өйткені, мен бірінші кезекте келінмін, өзімді ақынның емес, азамат Жарасбай Нұрқановтың келіні деп есептеймін. Ақын болмай, қарапайым адам болған күнінің өзінде мен үшін ол кісі ең қадірлі адам – құдай қосқан қосағымның әкесі, балаларымның сүйікті атасы, менің қайын атам, әке орнына әкем.

Аман жүрсе ендігі Атаның сексен жылдық тойына дайындалып, жүгіріп жүрер едік. Ол күнді көруге жазбаған екен. О дүниеде жаны жаннатта болсын дейміз. Соңындағы ұрпағы ұлағатты тәрбиесі мен қалдырған мұрасын жоғалтпай, ошағының отын сөндірмей, жалғастыра берсін деп тілеймін!

Келіні **Гүлнәр ШЕГЕБАЕВА**

СВЕТЛЫЕ ДНИ МОЕГО ДЕТСТВА

Жарасбай Нурканов – мой Аташка. У меня с Аташкой связаны самые добрые и светлые воспоминания моего детства. Он воспитывал меня с пеленок, пока родители были на работе. Пел у моей колыбели казахские народные песни. У Аташки очень нежный и красивый голос. Помню до сих пор мотив и слова прекрасных песен «Қара торғай» и «Катюша». Мы вместе проводили очень много времени. Ходили на ежедневную прогулку, на очень дальние расстояния. На эту прогулку меня мотивировал сок, в треугольной упаковке, который Ата мне покупал в награду, за проявленное терпение, когда мы доходили до вожделенного киоска

Еще одно из ярких воспоминаний – это когда Ата силком тащил к зеркалу, когда я нервничала и показывал мне саму на себя в зеркало и говорил: «смотри какая там вредная обезьяна рожу корчит». Я, конечно, не могла не расхохотаться, и это помогало мне по жизни не относиться серьезно к собственным манипуляциям.

Я звонила Атаке, прося помощи и разьяснения делать уроки, аж до 7-го класса. Причем помощь была не только с казахским языком, но и в остальных предметах. Любовь к чтению привил и заложил эти основы во мне мой Ата. Формировал мой литературный вкус, предлогал мне книги зарубежных, русских и казахских классиков. Сажал на стул и заставлял слушать казахское радио. Помню, как звонила Аташке и плакала когда умерла Валентина в Граф Монте-Кристо. Он смеялся и жалел меня. Говорил подожди, она еще оживет. Называл меня моя Джен Эйр.

Он был очень доброжелательным и внимательным человеком. Исполнял все мои желания. Всегда следил за моим здоровьем. Не давал пить холодные напитки. Разбавлял кока-колу кипятком, чтобы я не простудилась. Такой заботливый был мой Ата-Жарасбай. Я им горжусь. Он известный поэт, писатель и журналист. На его стихи написаны музыка, которые звучат по республиканскому радио и исполняются видными артистами. Я тоже исполняю эти произведения, они мне очень нравятся, созвучны моим внутренним миром и раскрывают мои лиричные черты характера.

Очень жаль, что его нет рядом. Мне тебя очень не хватает.Я его люблю тебя Аташка и всегда буду помнить. Воспоминания мои получились сумбурные и урывочные, простите мне это.

Внучка Жанар ЖОМАРТҚЫЗЫ

АТАҚТЫ АДАМДАР ӨМІРІНЕН

(Мақалалар мен зерттеулер)

МЕНІҢ МАХАББАТЫМ

Сезімін серік еткен ақылының,
Дәуірдің ауыр ойлы ақынымын.
Жұмысқа жүрек басты жұмылдырам,
Махаббат — мәңгі бақи тақырыбым.

Махаббат —
туған жұртым қазағыма,
Сол үшін қазақшалап жазамын да.
Солардың көкейтесті күйін күйттеп,
Көнемін жырдың қызық азабына.

Махаббат —
Отаныма байтақ, алып,
«Ұлы елдің ұлымын» деп айтам анық.
Әр күні жаңалықпен жаңғырады,
Ерлердің ерлігі тек қайталанып.

Махаббат —
бүкіл адам атаулыға,
Азатқа, әзір қолы матаулыға.
Басына баршасының келер болсын
Елімнің ертеңгісі тақау мына.

Махаббат —
өмірге осы келіп-кеткен,
Тұрсыншы Күн сәулесі өбіп беттен.
Мен бір жан болайын-ақ нәсіл үшін
Маңдайдың ащы терін төгіп кеткен.

Жарасбай

КӨҢІЛІМНІҢ ТӨРІНДЕ

Жарасбай Нұрқан,
ақын, «Арқа ажары» газетінің бұрынғы қызметкері

1961 жыл. Қаңтардың соңы. Сәске түстің кезі. Солтүстік Қазақстан облысының сол кездегі Октябрь ауданындағы Ленин селосында әкем Онәс Нұрқановтың үйінде отырғанбыз. Құрдасы Қази Досымбековтың, көршісі Әбілқайыр Ысқақовтың болғаны есімде. Үйге пошташы Тыныс Қажиақбаров келіп кірді. Жасы менімен шамалас болса да, ол әкеммен, үлкендермен еркін сөйлеседі.

Біздің пошташы біраз газет-журналдарды маған тапсырып, міндетімен құтылған соң, әдетінше: «Шал, шақшаңды әкел» деп, әкеме алақанын жайды. Олар өзара айтысып-тартысып, әдейі дауласа бастағанда, мен газеттерді ақтарып қарауға кірістім. «Немене сонша шұқшиып қалдың? Даусыңды шығарып оқысайшы!» дейді әкем, ерніне насыбай салғандардың ерінді жымқырып сөйлейтін дағдысымен.

Мен бекер шұқшиған жоқ едім. Облыстық «Ленин туы» газетінде оқырмандарға арнау сөз жарияланған екен. Газеттің шығуы осымен тоқтатылатынын хабарлаған редакция өз оқырмандарымен еріксіз қоштасыпты. Газетті жаздырып алушылардың қолына ендігі жерде «Ленин туының» орнына өлкелік жаңа газет – «Тың өлкесі» келіп тиетінін ескертіпті.

Мұны естігенде бәріміз сілейіп, отырып қалдық. Үнсіздікті үлкендер бұзды: «Тақырбас, тәпетек неме бәрін бұлдірді-ау» деді біреуі. «Бұлдіріп қоймай, құртуға айналды ғой...», «Ленин туы» жабылды деген не сұмдық?» – деді екіншісі. Дауысы тарғылданып кетті. «Сен біздің үйге соғып па едің, поштаны апарып па едің?» деп, Әбілқайыр сыртқа шығуға айналды. Қандай хабар арқалап, қолтықтап жүргенін енді біліп, сезінген Тыныс та тымырайып үйден шығып бара жатты.

Әрине, хабар өте тосын болды. Бұл – біз күтпеген жағдай. Бірақ, адам не нәрсеге болса да көндігіп, үйренеді ғой. Келесі аптаның сәрсенбісінен бастап үйге «Тың өлкесі» деген жаңа газет келгенде таңсық көріп қы-

зықтап қарсы алдық. Аздан соң үйреніп те кеттік. Пошташы Тыныс енді «Тың өлкесімен» тікелей байланысты болып, басқа арнаға бұрылатынын кім білген...

Көктемнің алғашқы айын «наурыз» демей, март деп атайтын кезіміз. Марттың аяғына қарай сайлау өтпек. «Тың өлкесінің» редакторы Сафаржан Хайдаров Тың өлкелік Советінің депутаттығына кандидат ретінде сайлаушылармен кездесу үшін біздің жаққа келді. Жұртшылықпен кездесуден соң ауылдағы бір үйде құрметті қонақ болды. Астан кейінгі кешкі серуен кезінде оның екі жағында біз – Ермек Қонарбаев екеуміз жүрдік. Біздің әдебиетке бейім, баспасөзге жақын екенімізді білген соң ол бізбен бейілдене әңгімелесті. Газетті жаздырып алу, жақсылап оқуға қоса, оған атсалысу, газетте жарияланған дүниелерге үн қосу керектігін, жергілікті жерден жолданған хат-хабардың маңыздылығын, оның аса қажет екенін айтты. Өлең-әңгімемен шектеліп қалмай, ауыл өмірінен мақала-материал жазу, соған үйрене беру керегін ескертті. Қаласақ, редакцияға қызметке алуға да әзір екендігін айтты.

1964 жылғы жазда мен Целиноградқа «Тың өлкесі» газетінің редакциясына бардым. Редакция қаланың қақ ортасында, Бейбітшілік көшесіндегі медициналық институттың ғимаратында орналасқан екен. Сафаржан Хайдаров мені жатырқамай, жақсы қабылдады. Сөзді созбай, бірден тапсырма берді. Газеттің соңғы мерзімдегі біраз нөмірін мұқият оқып шығуды, соған шолу-талдау жасауды міндеттеді. Жарияланған материалдарды қалай қабылдағанымды жасырмай, жасқанбай, ашық айтуымды талап етті. Бұл менің өзіме де үлкен сынақ еді, мен мұны жақсы түсіндім. Сондықтан редактордың тапсырмасын орындауға жанымды салдым. «Тың өлкесінің» соңғы екі апталық он нөмірін таңдап алдым да, түгел оқып шықтым. Бәріне өзімше және тәптіштеп талдау жасаған болдым.

Сырттан келген біреудің өз қолдарынан шыққан газет материалдарын түгелімен талдап, өзінше пікір білдіріп, тіпті мін тауып, сын айтып тұрғаныма редакция қызметкерлері қалай қарап, қайтып тыңдағандарын білмеймін, кейбіреулер жақтырмаған да шығар. Бірақ, мен еш нәрсені жасырмай, шамам келгенше, өз ойларымды айттым. Газетке жасаған шолуым, талдау пікірлерім редактордың көңілінен шыққан тәрізді. Өзімен оңаша қалғанда Сафаржан аға маған мынадай сөз айтты: «Біздің жігіттерді қызметке шақырсаң, әуелде бәрі келіседі де, артынан айнып қалады. «Әкем көнбеді, шешем қимайды» деп, түрлі сылтау айтады. Сондай бұрталаңдау болмасын». Жоқ, мен сөзімнен тайғам жоқ. Келесі жазда, 1965 жылғы тамызда бір әйел, бір бала, бір шамаданмен Целиноградқа жетіп келдім. Сафаржан аға да сөзінде тұрды, мені еш кедергісіз «Тың өлкесі» газетінің редакциясына қызметке алды.

ҚАШАНДА ҚҰШТАР ӨМІРГЕ

Жүйріктен жүйрік озарда,
Тыпыр да тыпыр, ұмтылыс.
Бөленген жер-көк тозаңға,
Бәсеке, бәйге, бұлқыныс.

Бұлқынсаң батыл, өжет боп,
Іздеген жоғың табылар.
Қарасаң, қазір газет көп,
Біреуі сонша танымал.

Айқын да жарқын әр беті,
Әрдайым Өмір-жазары.
Үлкендер, жастар газеті,
Туысқан «Арқа ажары!..»

Әуелгі аты – «Тіршілік»,
Құбылтты заман оны да.
Жүгіртті бізді тілші ғып,
«Коммунизм нұрында».

Жөнелдік талай жолға күрт,
Таң атып қырда, күн батты...
... Әмірді еске алған жұрт,
Жоқтайды қайран Жомартты...

Ағалар кеңес бергенін,
Сүйсініп айтсаң, жақсы бұл.
Газетке қалай келгенін,
Амантай Кәкен жазып жүр.

Дәуірдің мүлдем өзгерген
Жәрмеңке, жайма базары.
Жас толқын, жаңа сөздермен,
Баурайды «Арқа ажары!»

Әр аудан, әрбір ауылдың,
Тірлігімен тыныстап.
Қазақы кейпін қауымның,
Көрсету парыз дұрыстап.

Ақмола, Көкше, Торғайлық,
Тұтасқан мынау аймақтың.
Ел-жұртын ерен, дардай ғып,
Әспеттеу керек, әйбат тым.

Өзен-көл, орман, сай мен дөң,
Тозбасын бүкіл төңірек.
Оқырмандардың берген жөн,
Толғаныстарын көбірек.

Қашан да құштар өмірге,
Сарқылмас әсте жазары.
Тоқсанның биік төрінде,
Көркейген «Арқа ажары»!

Замандас, жерлес, әлеумет,
Армандас жандар арасын.
Үнемі жалғап бұл газет,
Отыз мың дана тарасын.

Бұдан да тіпті молайтып,
Елу мың, десең, өз еркің.
Кейінгілерге соны айтып,,
Тілеймін елге мол серпін.

Әйтеуір, әр кез халқың көп,
Ауған бір ынта, назары.
Жүзде де жүзің жарқын боп,
Жасай бер, «Арқа ажары»!!!

Сафаржан Хайдаров қарамағында аз уақыт қана қызмет істедім. Соның өзінде оның іскер басшы, ықпалды жетекші екенін көріп-біліп, айқын сезіндім. Ол тізгінді мығым ұстайтын мықты редактор еді. Қабылдау бөлмесіндегі хатшы қыз бөлімдердің есігінен басын сұғып: «Редакторға!» деуі мұң екен, бөлімде отырғандар орындарынан дүр көтеріліп, редактордың кабинетіне қарай жөңкіледі. Не істерімді білмеген маған да біреу: «жүр» дейді, мен де олардың соңынан еремін. Барсақ, редакциядағы барлық қызметкерлері түгелдей осында. Самсаған

орындықтарға жоғарыдан бастап жайғасып, екі қолдарын екі тізелеріне қойып, қыбыр етпей тосып отыр. Көзілдірігі жарқырап, жұрттың бәрін жағалай шолып өткен Сафаржан Хайдаров осы қазір Тың өлкелік партия комитетінің бюро отырысына қатысып келгендігін паш етеді. Бүктемелі блокнотын алдына жайып қойып, бюрода қандай мәселелер қаралғандығын, кімдер қалай сөйлегендігін, не нәрсеге баса назар аударылғанын бізге мәлім қылып, бізді құлағдар етеді. Жұртты сол үшін жинап алғандығы айқын аңғарылады. Басшыны тырп етпей тыңдағандар оның әңгімесі аяқталысымен қайтадан дүр көтеріліп, тарай бастайды. Редактор өзіне дәл қазір қажетті қызметкерлердің атын атап, кабинетінде алып қалады. Осыларға дереу нақты тапсырма, тікелей нұсқау берілетіні баршаға аян. Жұртты жұмысқа жегуге, газеттің жұмысына жұмылдыруға Сафекең өте шебер еді.

Соған орай, қаламы ұшқыр, аяқ-қолы жеңіл, жолға шығуға әзір, ширақ тілшілерге айрықша көңіл бөлетін. Сафекеңнің ықыласына бөленген сондай пысық жігіттердің біреуі керекулік Төлеубек Қоңыров еді. Аяқ-қолы балғадай, иықты келген, келбетті жігіт қай тақырыпқа болса да жазуға бейім, қайда жұмсаса да баруға дайын. «Тың өлкесінің» тілшісі ретінде Төлеубек бірде Павлодар облысына іссапарға шығады ғой, барысымен орақ науқанына байланысты материалдар жазуға бірден кіріседі де, алғашқысын хатқа салып, редакцияға жөнелтеді. Материалдың соңында бөлім меңгерушісіне өтініш білдіреді. «Көдеке! Мынау – топтама мақалалардың алдыңғысы. Өзіңіз тезірек оқып, мәшинкеге бастырып, газетке ұсына беріңіз. Қалғанын жедел жіберемін. Барған соң міндетті түрде домалаймын ғой» дегеннің астын қызыл сиямен сызып, тұсына сұрақ белгісін қояды. Бірақ, материалды бөгемей, жариялауға жіберткізеді. Төлеубек іссапардан оралған соң қолжазбасын жинастырып отырып, жаңағы қызыл сұрақ белгісін көріп, қызарақтайды. Бірақ, редактор тарапынан ешқандай сөз қозғалмайды. Алайда, «домалап кету» деген сөз тілшілер тарапынан күлкі ретінде айтылып жүрді. Мұның да біз ғана білетін сыры болатын.

Дүниеге сергек қарайтын редактор Сафаржан Хайдаров жазу ісіндегі жылт еткен жаңалықты байқағыш, жаңашыл жайға назар аударғыш еді. Бірде таңертеңгілік планеркада Сафекең газеттің су жаңа нөмірін дауыстап оқи бастады: «1,2,3,4. – Бұл кешегісі. – Сонымен жетеу ғой. Әзірге жаман емес. – Енді қарқын ала береді ғой».

Осындай екеуара әңгіме «Тың өлкесі» газетінің бірінші бетінде, көрнекті жерге жарияланған екен. Совхоз шеберханасы. Техника жөндеу барысы. Әзірлік сапына қойылған трактордың саны. Өңкей цифр. Соны тілші ойната білген. Есепші мен бақылаушының өзара ауызекі әңгімесі (диалог) түрінде берген. Материалды әзірлеген редакцияның ауыл шаруашылығы бөлімінің әдеби қызметкері Бақыт Мұстафин. Шағын хабар. Бірақ, шебер жазылған. Соған редактор Сафаржан кәдімгідей қуанып, қатты сүйсініп еді.

«Редактор шақырады» деген соң, алдына жетіп бардым ғой. Сафекең маған біраз қарап отырды да: «айдың алғашқы жартысында ештеңең жарияланбапты. Саған қаражат қажет емес пе?» – деп, күтпеген сұрақ қойды. «Осы айда қаламақысыз қалғалы отырсың ғой» деді. Мен не дерімді білмей, күмілжудемін. Газетке келгенім жаңа, іссапарға шыққан жоқпын. Қолымда ешқандай дерек жоқ. Не жазамын? Сасқанымнан ойға келген сөзді айттым: «Белгілі совет қаламгері Константин Симоновтың жасы алпысқа толатынына орай, оның творчествосы туралы бірдеңе жазбақ ниетім бар еді, айтуға бата алмай жүр едім». Сафекең мұны бірден мақұлдады. «Тез жазып бітір, бөлім меңгерушісіне тапсыр, жылдамдат!» деді. Сөзді, істі шұбалтпай, шаруаны тез тындырғанды қалайтын еді ол сөйтіп, «Жауынгер жазушы» деген мерейтойлық мақалам газетке жарияланды. «Тың өлкесі» газетінің қызметкері ретінде алғашқы гонорарға ие болдым. Редактор Сафаржан Хайдаровты – қарауындағы қызметкерлерге қамқорлық көрсетіп, жәрдем жасаған кісіні, жанашыр болған адамды қалай ұмытайын?!

Қарамағындағы қаламгерлер, тілшілер алдында редактор Сафаржан Хайдаровтың беделі өте жоғары болатын. Өйткені, ол өзі де қалам тербеп, қағаздан бас көтермейтін творчество адамы еді. Өзінің де қаламы жүрдек, ойы ұшқыр, жазу ісінің қыр-сырын жақсы білетін, талантты журналист болатын. Іссапарға жиі шығып, жолдан оралысымен ойындағысын қағазға түсіріп, бұрқыратып жазып тастайтын. Әртүрлі тақырыпқа көсемсөз (публицистика) жазуға, әр алуан көркем очерктер тудыруға бейім еді. Туған аймақ, бай өлке, байтақ Отан туралы тебірене сөйлеп, толғана жазуға жаны құштар болатын. Өзі сондай жақсы көретін ақын Қасым Аманжоловтың «Советтік менің өз елім» дейтін атақты өлеңін жатқа айтып, жадында сақтап, әрдайым тілге тиек ететін:

Дүние бүкіл дөңгелеп,
Көзімнің келді алдына.
Үстіне шықтым өрмелеп,
Қарадым бойлап арғыға!
Ой жетер жерге көз жетті,
Арғысын және сеземін.
Жатырсың алып жер-көкті,
Советтік менің өз елім! –

деп, өлеңнен дәйексөз (цитата) алып, мысалға келтірген сайын марқайып, мақтанышын жасырмайтын. Ол сондай-ақ Қасымның «Коммунист» деген өлеңін де аузынан тастамайтын. Очерктеріне өңкей еңбек озаттарын кейіпкер етіп, әртүрлі басшылықта жүрген ойлы азаматтарды жақсы жағынан көрсетуге ұмтылатын.

Жігіт ол жақсылыққа жаны құштар,
Бойында бұрқыраған тасқын күш бар.

Ойында бүкіл дүние сәулелері,
Көз нұрын алдай алмас құбылыстар, –

деп толғанатын. Сондай ізгі қасиет ол кісінің өзіне де тән еді. Мен кейін «Коммунизм нұры» газетінде бір топ өлеңдер жариялатқанымда, бір өлеңнің мынандай тармақтары болды: «Коммунистің жүрегі екеу дерлік. Жүрегінің тұсында партбилеті». Өзімше солай ұғып, барынша мақтағаным ғой. Сонда өзім білетін басқа асыл азамат, ардақты кісілермен қатар мен үшін аса қымбат, абзал жан – «Тың өлкесі» газетінің редакторы Сафаржан Хайдаровты да ойда ұстаған болатынмын. Ол кісі көңіл төрінде жарқын бейнесімен жақсы сақталып қалды.

«Мен ұрлық қылған түні ай жарық болды» дегендей, менің газетке келіп, редакцияда қызмет істеуім «қызық» болып шықты. Тамыздың аяғында орналасқан едім, қарашаның аяғында Тың өлкесі таратылуының, сөйтіп, «Тың өлкесі» газетінің жабылуының куәсі болдым. Теріскей Қазақстандағы баяғы бес облыстың бұрынғы газеттері қайтадан ашылатын болды. Өзге газеттер өз алдына, Целиноград облысының газетіне жаңадан ат қою қажеттігі туды. Жаңа газетке жақсы ат ойлап табу жөнінде бәйге де жарияланды. Әркім әртүрлі ат ұсынып жатты. Қызу таласқа мен де қатысып, «Арқа жұлдызы» деген атауды ұсындым.

Сізге өтірік, маған шын, менің осы ұсынысыма жиынға қатысып отырғандардың реакциясы соншалық тосын болды. «Арқа жұлдызы» деуім мұң екен, мен бір әбес сөз айтып қойғандай, ерсі қылық көрсеткендей, отырғандар өз-өзінен ыңғайсызданып, «ой, қой» дегендей, қолдарын сілтеп, шала бүлінді. Мен не істерімді білмей, қатты сасып, абдырап қалдым. Қазір олардың аттарын атап, түсін түстегім келмейді. Көбісі өмірден өткен, арамызда жоқ. Бірақ, мен олардың алдында неден жазып, нені бүлдіргенімді білмей, әлі күнге дал боламын. «Ленин туы», «Коммунизм нұры», «Коммунизм таңы» дегенді менің де жырға қосып, далақтап жүрген кезім. Алайда, реті келіп, сәті түсіп тұрғанда, облыстық газеттің атауы – «Арқа жұлдызы» болса деген ақ ниетім, адал көңілім, ақындық түйсікпен ана тілін қастерлеген таза бейілім бекер болып шыққаны жанымды қатты жүдетіп еді.

Ақыры уақыт бәрін өз орнына қойды-ау деймін. Біз біраз жылдар қызмет істеген «Коммунизм нұры» газеті кейін «Арқа ажары» атанды. Көзге жылы, көңілге ыстық. Тек үндестік заңы бойынша екі дауысты дыбыс қатар келіп, қосарлана айтылғанда, «Арқа ажары» деп, ауызды толтырып, айшықты түрде айту керек, айта білу керек, айта беру керек. Газеттің аты да, заты да соған әбден лайық. «Көркейген «Арқа ажары» деп өлеңдетуім содан. Расында, байырғы басылым жерлестерімнің көңіл төрінде көркейе берсін!

Бұл естелігін **Жарасбай НҰРҚАН**
«Арқа ажары» газетінің 95 жылдығына орай жазған еді,
17 қараша, 2012 жыл

ПРЕМЬЕРА АЛДЫНДА

Облыстық театр орасан жауапкершілік алдында: сахнаға «Сәкен Сейфуллин» шыққалы тұр. Жарты жылға жақын жүргізілген әзірлік аяқталып келеді. Жауапты күн жақындаған сайын творчество «азабы» тіпті молайып, қауырт күндердің қарбаласы ұлғая түскен. Актерлар үлкен тебіреніс үстінде. Әсіресе, режиссерлер домбыраның қатты бұралған шегіндей әбен ширығып жүр. Режиссер Илья Иванович Сермягинге жолығып, сөйлеспек болып едік, ол ауызын ашып, алақанын жайды, тамағын көрсетіп, басын шайқады. Бақсақ, оны дайындықтар кезінде дауысы қарлыққан екен: «Шамам жоқ, әңгімелесе алмаймын», – деген сыбыры әзер естілді. Спектакльді қоюшы режиссердің екеу екені мұндай оңды болар ма: біз енді режиссер Владимир Ефремович Горюновпен көңесіп кеттік. Илья Иванович оның сөзін тыңдап тұрып бас изеумен болды:

– Сіздер білесіздер, – деді Владимир Ефремович – «Сәкен Сейфуллин» Ұлы Октябрьдің 50 жылдығына арнаған үшінші спектакліміз. Бірінші спектакльді – революцияға дейінгі өмірді көрсететін М. Горькийдің «Егор Булычовын» мен қойдым. Екінші драма – елді коллективтендіру дәуірін бейнелейтін М. Шолоховтың «Көтерілген тыңына» Илья Иванович режиссерлік етті. Енді, міне, екеуміз Сәбит Мұқановтың «Сәкен Сейфуллинін» сахнаға шығаруға жан салудамыз.

Біз әуел бастан-ақ үшінші спектакль үшін дәл революция дәуірін бейнелейтін, мүмкіндігінше Қазақстанда Совет өкіметі орнауын көрсетіп, оның ішінде, осы Ақмола өңіріндегі күресті суреттейтін пьеса іздестіріп едік. Әсіресе, жерлесіміз Сәкенге байланысты шығарма болса деп шын тіледік.

Осы ретпен алғашында жас драматург Амантай Сатаевтың «Доңғалақ үстіндегі тозақ» атты пьесасын да қоймақ болдық, бірақ оның реті келмеді. Сәкеннің өз туындысы – «Тар жол, тайғақ кешу» бойынша инсценировка жасауға оқтандық. Дәл осы кезде Сәкенді аса жақсы білетін ақтықты жазушы Сәбит Мұқановтың пьесасымен таныстық және оны өзіміздің театрда қоюға коллектив болып бірден келістік. Ақыры театрдың бас режиссері әрі актері И.И. Сермягин автормен жүздесіп, пьесасын орыс тілінде облыстық театрдың ішінде бірінші болып бізде көрсетуге келісім алып келгеннен бастап әзірлікке қызу кірісіп кеттік.

Пьесаның екі түрлі аудармасы бар екен. Біз жазушы Алексей Брагиннің аудармасын алып отырмыз. Автор да соны мақұлдады.

Спектакль негізі – пьеса болғанмен, театрдың оған қосып алары, өзінше өңдеуі де кездеседі. Біздің театр да бұл пьесаны сахнаға өзінше лайықтап қойғалы отыр. Бірақ ол автор ойынан алшақ емес. Біз мұнда Қазақстандағы революциялық күрес күндерінің жалынын, ардагер

күрескерлердің асыл бейнесін, қазақ халқының азаттық үшін алысқан абзал мұратын мүмкіндігінше сахна төрінен көрсеткіміз келеді. Спектакльдің жанрын – ерлік дастан деп есептеп отырмыз. Ал оның қаншалықты жүзеге асарын алғашқы ойындар көрсетер, көрермендер айтары сөзсіз. Сондықтан да төртінші декабрь – премьера күнін, асыға күтудеміз. Алғашқы ойынымызға пьесаның авторы, академик-жазушы Сәбит Мұқановтың, сондай-ақ Сәкеннің жұбайы – Гүлбаһрамның қатысатындығы біздің жүрек толқынысымызды күшейте түскендей.

– Қиындықтар дейсіз бе? – деп күлді режиссер. – Әрине, болды, тіпті, көп болды. Жалпы жаңа туындыны сахнаға шығарудың өз қиындығы бір бөлек. Ал мынадай тарихи-революциялық тақырыптағы шығарманы шыншыл тұрғыда әсерлі етіп берудің бейнеті мен міндеті зор. Оның үстіне, басты кейіпкер – Сәкендей даңқты жерлесіміз болса, оның бейнесін елдің есіндегідей етіп, бәрінен бұрын, көптің көңіліндегідей қылып сахнаға шығару оңай болмаса керек.

Спектакль орыс тілінде жүргенмен ондағы оқиғалар қазақ өмірін бейнелейді ғой. Бұл орыс актерлеріне абзал да ауыр жүк артқаны анық. Туыстас халықтың ұлттық мінез-құлқын, әдеп-ғұрпын айнытпай бере білсек жақсы. Жасырмай айтсақ, осы жөнінде көп қиналдық. Үнемі үйреніп, ұзақ жаттығуға тура келді. Мәселе, әрине, актерлердің малдас құрып отыра білу-білмеуінде, бөрікті қалай киіп, белін қалай буынуында емес.

Әлбетте, басты мақсатымыз – сахнаға Сәкен Сейфуллинді – жалынды революционер, асқақ ақын, асыл азамат бейнесінде шығару. Сондықтан да жас актер Геннадий Пономарев өзін өте жауапты сезініп, бұл рольге бүкіл жан дүниесімен беріліп жүр. Әне, ол домбырасын қолынан тастамай, тағы бір рет Сәкен өлеңін оқып шығуға оңашаланып барады. Міне, Надя Назарковская, Абдолла-Владимир Архипенков, Нүрке – Леонид Групп, Шайтанов – Александр Звонаревтар да соңғы әзірлік, сөз пысықтау үстінде. Бәрі де елгезек. Дамыл таппай, дауысы қарлыққан Илья Ивановичті үнсіз ұғынуға тырысады. Ал кешіріңіз, мен де жетісіп тұрғам жоқ, кешке дейін сампылдап талай сөйлеуге тура келеді – деп бітірді әңгімесін Владимир Ефремович.

Иә, бүгін кешке ең соңғы, ең жауапты репетиция. Көркемдік советтің спектакльді қабылдау күні. Ал ертең Тың игерушілер сарайының зәулім сахнасында Сәкен Сейфуллин қала көрермендерімен көріспек. Сәтті кездесу тілейміз! Актерлер жүрегінің дүрсілі қалың көрермендердің қолшапалақтауына ұлассын!

СӘКЕН ШЫҚТЫ САХНАҒА

...Шымылдық ашыла берді. «Саржайлау» сазы шалқи түсіп, бәсең тартып барады. Сол секілді баяу жанған от бар сахнада. Соның жарығымен жазу жазып, соны оқып бір адам отыр. Оның ойлы жүзіне, міне, таң сәулесі түсті. Алаулап атқан таң нұры. «Тамаша таң! Бұл – табиғат таңы. Ал

адамзат таңы ше?» – деп, әлгі азамат орнынан тұрып, ойлана қарап тұр жұртқа. Көпшілік бірден тани кетті оны. Сәкен! Жас Сәкен... Еліміздің асау тұлпары, қызыл сұңқары...

Ия, көптен күткен күн де келді. Кеше Тың игерушілер сарайында облыстық драма театрының «Сәкен Сейфуллин» атты жаңа спектаклінің премьерасы болды. Алғашқы ойынға көрермендер мейлінше мол жиналып, оны ыждағатпен көрді. Бұл күнгі жиынға пьесаның авторы Сәбит Мұқанов, Сәкеннің жұбайы – Гүлбаһрам қатысып отырды. Актерлер аса зор жігермен ойнады. Премьера табыспен өтті. (Ол туралы ой-пікір газетіміздің келесі сандарында жарияланбақ).

ТАҒЫ БІР ТАМСАНА ОҚЫП...

(Сәкен шығармаларының маңызы турасында)

«Дүниенің құлдық шынжырын қиратып, әділдік, теңдік іздеген, көкіректері жанып бақыт іздеген жастар! Қырандай жер-көкке қанат жайып, дүние шетіне көз жіберген, асау тұлпардай қиырсыз жерге құлаш керіп, бақыт, махаббат іздеген жастар!

– Сендерге арналды бұл әндер! Күрес үшін, еркін, шаттық еңбек үшін туған сендер, шақырыңдар арттағы құлдықта жүрген бауырларыңды...

Қосыңдар дауыстарыңды! Күшті дауыстармен салған қызу ән жаңғыртсын дүниені! Жаңғыртыңдар, жаңартыңдар ескі дүниені!.

Атақты ақынымыз Сәкен Сейфуллин 1922 жылы жарық көрген «Асау тұлпар» атты өлеңдер жинағына осындай кіріспе сөз жазған екен. Жалынды сөзін жастарға арнаған.

Ол кезде оның өзі әділдік, теңдік іздеген, еркіндік, күрес жолына ұмтылған жас еді. Және сондай жастардың жолбасшысы, жөнбасшысы болған-ды. Октябрьдің алғашқы күндерінен-ақ Сәкеннің саяси бағыты бекем, беті түзу болғаны аян. Байшыл-ұлтшыл басқа ақындар жаңаны жатырқап, ескіні көксеп, зарлап жатқан шағында ол жігіттердің жігерін тасытып, қыздарды қызу күреске шақырған әлгіндей асыл сөздер жазған. Бұл сөздердің өз кезінде өте үлкен роль атқарғанын, сондай-ақ бүгінгі күн үшін де ескірмегенін ешкім теріске шығара алмайды.

Соған қоса айрықша бір айтар жай: байтақ Қазақстанның әр аймағында «Ұлтым» дегендер ұйымдаса қалып, ұлардай шуласып жатқан түста Ақмола өңірінде «Алаш» деген – ағымның өріс алмауы мұндағы Совдептің басы қасында Сәкен секілді саяси табанды күрескерлердің тұруынан, оның әлгіндей ұран көтеруінен деп ұқсақ керек.

Осындай ұран көтеріп, ұлағат көрсеткен Сәкеннің өзі сол жылдары 26-ақ жаста болатын. Бірақ ол кез – ел қамын жеген ердің ерте есейген, жас та болса, бас болған дәуірі ғой. Өйткені заман солай, тарих талабы сондай.

Анадан ақын болып туатындар көп кездеседі. Алайда халық тарихында қалатын заңғар ақынды заман ғана туғызады. Дүниені дүр сілкінт-

кен Октябрдің орыс поэзиясында Маяковскийді тудырғаны секілді, қазақ поэзиясына Сәкенді беруі – революцияның халқымызға әкелген мол бақытының зор белгісі. Ақын Сәкен – Совет өкіметінің белбаласы. Және де оның өзге одақтас республикалардың революцияны жақтаған ақын-жазушыларынан артық бір айырмашылығы – Сәкеннің Совет өкіметін Октябрь жеңісін қорғау жолында тікелей қанды майданға қызу күреске қатысқандығы. Әдетте «қалам мен қаруды қатар ұстап» деп айтыла беретін сөз Сәкенге арнап айтылса, анық орнын тапқаны. Өйткені ол жәй ғана қаламгер емес, тап жауларымен тайталасқан революционер, ақын-большевик; Октябрьдің жыршысы ғана емес, оның жеңімпаз батырларының бірі Сәкен «қазақ даласы» үшін революцияның шын мәніндегі асау тұлпары, қызыл сұңқары болды. Сәкен бізге бүгінгі күнге осынысымен қымбат.

«Революция – езілгендер мен қаналғандардың мейрамы» дейді Ленин. Сәкен сол еңбекші таптың ұланы ретінде ұлы думанның, жаңа өмірдің жаршысы болды бірден. Дәуірдің дабылы мен жүрегінің лүпілін қоса білді өлеңге. Сондықтан да:

Еріктің таңы келерін
Зұлматты жеңіп хақтың біз,
Қуаныстық сезініп,
Өтерін құлдық шақтың біз.

Таңды қарсы алмаққа,
Тұлпарларды таптық біз
Айдарына қызыл шоқ
Үкілеп, сүзіп тақтық біз,–

деп бостандықты қарсы алған қалың бұқараның бұлқынған сезімін дөп жырлаған өлеңі осы бүгінгі күнге де жалынын сөндірмей, маңызын бәсендетпей жетіп отыр.

Осы айтылған «Асығып тез атандық» өлеңі және

Залымдық пен
Әділдіктің
Алысқанын айтайық.
Жер жүзінде
Бай мен кедей
Шабысқанын айтайық! –

деп келетін «Кел, жігіттер» өлеңі – Сәкен негізін қалаған қазақ совет әдебиетіндегі саяси лириканың басы болған-ды. Дауылды күнгі сияқты дәуір туғызған жігерлі де отты жырлар еді бұл.

Революциялық күрес жолында құрбандықтар болғаны, қиын күндер туғаны да белгілі. «Тар жол, тайғақ кешу» деп, соны Сәкен тауып

айтқан-ау. Басқа қымбат қасиеттеріне қоса «Тар жол, тайғақ кешу» – таптырмайтын тарихи дерек қой. Ақмола Совдепін сөз етсе, болса-болмасын, ал Советтік Қазақстан тарихын қозғар кісінің бұл кітапқа жүгірмейтіні, жүгінбейтіні жоқ. Енді, міне, республикамыздың елу жылдығы тойланғалы отырған шақта сол бір кезеңнің өлмес, өшпес бейнесін берген Сәкен кітабы қандай қадірлі, қасиетті десеңізші!

Бүгінгі ұрпақ біз болсақ, «Тар жол, тайғақ кешуді» оқумен бірге сол күндердің куәгері, Октябрь революциясының, азамат соғысының ардагерлері, әлі де тұғырдан таймаған ақсақалдардың әңгімесін тыңдап айызымыз қанады. Ал келер ұрпақ, кейінгі жастар азаттық үшін азап шеккен, азамат соғысында жеңіп шыққан жандар жәйлі әңгімені тек осы Сәкен шығармасы секілді кітаптардан ғана оқып білмек қой. Ендеше ертеңгі күн үшін де Сәкен еңбектерінің салмағы саф алтындай асыл тартпай ма?!

Кейінгі ұрпақ демекші, жаңа өмірді жасаушы, жарқын қоғамның қожасы – жастар болатынын жақсы ұққан Сәкен қазақтың ұл-қызына ұран салып, күреске шақыруды да шабытына арқау еткен ғой.

Азамат, сестеніп, көзіңді аш,
жүрме бос,
Қол ұстас, алға бас, бірігіп
тізе қос.

Қызыл ту – шылауың, қорғаның,
Тізе қос, тізе қос, тізе қос! –

деп тікелей үндеу, революциялық ұран ретінде жазылған «Жас қазақ марсельезасымен» жаңғырықпаған қазақ ауылы болды ма екен? Жастар мұны жаттап ап, ән ғып айтып, анығында да тізе қосып, тік жүрді, тепкіні жойып, теңдікті ала білді.

Аты айтып тұрғандай, бұл өлең-әннің атақты француз «Марсельезасымен» мақсаттас, үндес екені сөзсіз. Бірақ бұл – оның аудармасы емес, қазақ топырағында қайта жаңғырыққан жалынды жыр, жарқын ән, даладағы дабыл. Жаңа жағдайға сәйкес «Марсельезаның» жаңа түрін тудыру мысалы басқа әдебиеттерде де бар. Мәселен, атақты совет ақыны Демьян Бедныйдың 1918 жылы «Коммунистік марсельезаны» жазғаны мәлім.

Сәкеннің «Жолдастар» өлеңін де қалың қазақ жұртшылығы ән ғып айтып, күрес күндерінің гимні етіп алғаны анық. Және бұл өзі партиялық гимн «Интернационал» іспеттес, сын сағатта, салтанатты жағдайда айтылған ғой. Олай болуға өлең өте сай жазылған:

Намысы бір нашардың балалары,
Неше мың жыл құл болған
бабаларың, жолдастар!
Сансыз нашар дүниеде салды ұран

Сол нашардың жалғыз бір паналары, жолдастар!
Ту тігетін мінеки замандарың,
Нық басатын темірдей табандарың, жолдастар!
Теңдік бақыт, әділдік орналық,
Бұзып кіріп дұшпанның қамалдарын, жолдастар!

Кедей ұлы жігерлі,
Бірігіп ұран салып қал.
Қызыл тулы майданда
Бостандықты алып қал! –

деп, тұлабойды шымырлатар сөздердің шырқай салар ән болуы, әрине, өз кезінде өте зор міндет атқарғаны аян. Әттең, осы әннің қазір аз айтылатыны өкінішті. Көбіміздің білмейтініміз, біразымыздың ұмытып бара жатқанымыз ұнамды жәй емес, әрине. Бұған ән насихаттаушы – радио, телевизия, кино; ән нотасы мен сөзін жариялайтын баспалар, ән үйретуші – мектеп пен музыкалық оқу орындары неге назар аудармайды екен? Қазақ радиосы «Жолдастар» әнін айына бір айтпайтыны несі? Өзге уақыт өз алдына, биылғы жылы неге ерекше шырқамасқа бұл әнді? Орысша ән жинақтарының әрқайсысы-ақ «Смело, товарищи в ногу» әнімен ашылады. Ал қазақша ән жинақтарында «Жолдастар» әнінің жоқ болатыны қалай? Немесе мектеп оқушыларына «сүйдім, күйдім» деген күйрек әндер айтқызғанша, «Намысы бір нашардың балалары» деп жаттатқызған жақсы емес пе? Жеткіншектерді революциялық рухта тәрбилеудің тамаша жолы, таптырмайтын әдісі сол болмай ма?

Жалпы қазір жастарды жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеу талабы, оның ішінде эстетикалық тәрбие ерекше қойылып отырған уақытта Сәкеннің саяси өлеңдеріне қоса табиғат, махаббат, көңіл күйі лирикасын да, поэмаларын, пьесаларын, прозалық шығармаларын да оқыту өте күшті құрал, құнды сабақ болар еді. «Табиғат өзгеше боп туған едім» деп өзі айтқандай, тумысынан тұрқы бөлек, көрген жанның көз мейірін қандырған Сәкеннің аса шыншыл, асқан сыршыл шығармалары жастарды әсемдік әлеміне апарып, жан ләззатына жарылқаса керек:

Ән салдым есіп майда жаяулатып,
Ырғалтып, шырқап, толғап баяулатып.
Толқындай мың құбылған әнімді естіп,
Тыңдарсың кірпік қақпай ояу жатып.

Сәкен талантының тағы бір тамаша қырын танытатын осынау әсем әннің бұл күнде ауыл сауығының сәні, қала сахнасының нәрі болып кеткені секілді, айнымас адал махаббатты мадақтай жазылған, ардақтай жазылған «Аққудың айрылуы» атты қысқа поэманы қыз бен жігіт аталулы жатқа айтқаны жарасты болар еді-ау. Одан он есе көлемді «Көкшетау» поэмасын бүкіл халқымыз бүтіндей жаттап алып, домбыраға қосып, ән ғып айтып кетпеп пе еді бір кезде?

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы,
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.
Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп,
Жүреді біліп кетіп есен-сауын, –

дегенде елжіремейтін қазақ қайда бар? Немесе:

Шырқ айналар шіркін тауық,
Жемің болса, қолыңда.
Қайдағысы сені тауып,
Топырлайды жолыңда.–

«Досыңмын» – деп ант береді,
Жем іздеген жанама.
Жем таусылса, жалт береді,
Сенерлік дос санама, –

деген парасатты ойына «па, шіркін!» – деп сүйсінбей ме қарттар? Ал:

Сыр сандықты ашып қара,
Ашып қара, сырласым,
Сым пернені басып қара,
Басып қара, жырласын! –

деген кезде тамсанбай ма жастар? Біздің қазақ композиторларының әнге жайық әдемі өлең іздейтіні бар. Сонда олар: «осындай өлеңдерді оқымай ма екен?» – деген ой келді бізге.

Сәкен – жаңа әдебиетімізді бастаған жаңалығы көп ақын. Оның революциялық ірі мазмұнды революцияшыл тың түрлермен түрлендіріп беруі, творчестволық ізденістері өте мол әрі көбі сәтті. Бұл ретте, әрине, Сәкеннің «Советстан» поэмасын айрықша атаған жөн.

Поэма Ұлы Оқтябрьдің сегіз жылдығына арналып жазылған. Ол кезде совет халқы социализм жолымен тоқтаусыз өрлеп келе жатқан-ды. Міне, осы өскелең өмірімізді ақын экспреске ұқсатады. Ақынның күрес күндерінде мінгені – асау тұлпар болса, ендігі талмас жүйрігі – экспресс. Сол жүйрік отарбамен Отанды аралаған ақын бүкіл совет халқымен бірге туған елдің табиғатын, жаңа қоғам болмысын көреді, социализм салтанатын зор ақындық шабытпен, лирикалық сезім толқынымен суреттейді. Сол арқылы ел басынан өткен ерлік күрес кезеңдерін еске түсіреді. Советстанның жеңімпаз тұлғасын шабыттана жырлаған ақын қиялы асқақ та көтеріңкі.

Советстан – біздің стан,
Советстан.
Экспресс, талма екпінді шабыстан.
Гуле жүріп, –

Үні құрып, –
Қалсын ұлып
Ескі жалған арттан қалмай жабысқан
Кондуктор, Қарап тұр!
Жол ұзақ, Айдап бақ!
Уклон бар,Терең жар,
Сақ бол, сақ!
Так-так- так.
Айдап бақ, Рудзутак!

Бұл поэманы бүгінгі күндері алдымен ақындарымыз қайта бір қарап шығуы, қарап емес-ау, үңіле оқып, үйрене тоқып, толқуы жөн секілді. Зор серпінді Сәкен ақындығы, жаңғырған жұртымыздың жарты ғасырлық мерейлі мерекесін қалай жырлау керектігіне кеңес берердей.

Жалпы Сәкеннің аса жігерлі саяси лирикасы, екпінді эпикасы ақындық арын мен азаматтық арын қандай биікте тұрмақтығын тура нұсқайтын сияқты. Абзал ақын ағамыздың өлеңдері мен поэмаларын тағы бір тамсана оқып шығып, осылайша тебірендік.

Целиноград облыстық «Коммунизм нұры» газеті,
1967 жыл.

ОНЫҢ ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ

Түн. Бірақ қараңғы қапас емес. Жарық сәуле бар. Жаққан оттың жарығы. От жанында отырған жан ойлы. Алдында – қағаз, қолында – қалам. Жыр шығаруға ширыққандай.

Ия, ол жазып отыр екен. Той үстінде емес, ой үстінде туған өлең. Саналы жанның саф-таза сезімі. «Асығып тез аттандық», – дейді бұл ақын. Бұрынғы жырлардан мүлде бөлек мұның сөзі. Қыз-қырқынның қызығы емес, қызу қимыл, күрес жазғанында. Лебізі лепті, теңеуі жаңа:

Еріктің таңы келерін,
Зұлматты жеңіп хақтың біз
Қуаныстық сезініп,
Өтерін құлдық шақтың біз.
Таңды қарсы алмаққа
Тұлпарды таптық біз.
Айдарына қызыл шоқ
Үкілеп сүзіп тақтық біз. –

дейді ол. Азаттық үшін аттанысқа шақырады. «Кел, жігіттер» – деп жігер қайрайды.

Міне, сахнаға да сәуле төгіле бастады. Таң атып келеді. Алаулап атқан жарқын таң. Оның нұрлы шапағы әлгі ақынның бетіне түсіп,

жүзін жұртқа алғаш рет айқын көрсете қалды: ай маңдайлы, ақша жүз, қиылған қою қара мұртты кәдімгі Сәкен! Келбетті де тұлғалы, сұлу Сәкен! А. Горький атындағы драма театрының артистері орыс тілінде қойған «Сәкен Сейфуллин» спектаклі осылай басталды. Ардақты азаматтың жанды бейнесі ұзақ уақыт үзілістен кейін халық алдына қайта шығып, өзінің оқып, өскен қаласы, революциялық күреске құлшына кіріскен қаласы – Целиноград (Ақмола) тұрғындарымен тағы табысты.

Жасыратыны жоқ, «Сәкен сахнаға шығады» – деп естігеннен бері елдің бәрі: «Апырай, Сәкен бейнесі қалай болып шығар екен? Анық өзіндей бола ала ма? Ролін ойнайтын артист оған ұқсас па екен өзі?» – деп, кәдімгідей қобалжығаны рас. Күдіктеніп, күпті де болдық. Оның өзіндік себебі бар, әрине. Сәкен Сейфуллин – тарихқа белгілі, әйгілі адам. Жалынды, қайсар революционер, ұлттық мемлекетімізді басқарған парасатты қайраткер, әрбір сөзі ауыздан түспейтін мәжһүр ақын. Ондай адамның дәл бейнесін беру оңай емес. Көркемөнер талаптарына қоса тарихи нақтылық қажет. Ал Сәкеннің әлгі айтқан қасиеттерімен қатар ол – өте көркем кескінді, айбынды тұлғалы, айрықша мінезді болған кісі. Оның жеке басы жөніндегі аңыз-әңгімелердің өзі әсем жырдай.

Осы тұрғыдан алғанда, премьера күні сахнадағы Сәкеннің (артист Г. Пономаревтің) жүзіне сәуле түскен сәт, алғаш жүздесу ойдағыдай болғанын, абыройлы болғанын айту керек. Сәкеннің сан-талай фотолары бар. Бәрінде де сұлулығына сұқтандырғанмен, әр кезеңде әртүрлі бейнеде болары белгілі. «Тар жол, тайғақ кешуді» оқыған адам оның 118-бетінде: «Сәкен Сейфуллин. Совдеп президиумының мүшесі» – деген түсіндірмесі бар суретті біледі, әрине. Онда Сәкен самайы мен құлағын жапқан қалың, бұйра шашты, қою қара мұртты күйінде. Бұл – оның 1918 жылғы суреті. Ал академик жазушы Сәбит Мұқанов осы спектакльге негіз болған «Сәкен Сейфуллин» атты пьесасы дәл сол 18-19 жылдардың оқиғасын қамтиды. Сондықтан болар, жұртшылық 4 декабрь күні Тың төңкерушілер сарайының сахнасына шыққан Сәкен – Пономаревті тап әлгі суреттегідей деп таныды. Орыс актері ойнап тұр деп ойлаған жоқ. Ардагер жанның жарқын бейнесін жатырқамай, қалтқысыз қабылдады. Бұл спектакльдің одан әрі тартымды бола беруіне бастайтын бағалы деталь еді. Премьера табысты өтті.

Оған, әрине, алдымен артист Геннадий Пономаревтің ойыны көп үлес қосқаны сөзсіз. Премьера алдында актермен әңгімелескенімізде ол өзінің омбылық екенін, Сәкеннің Омбыда оқығанын білетінін, ол туралы жақсы сөздерді көп естігенін, «Айша» повесін оқығанын айтып еді. «Бірақ оның мұндай тамаша ақын екенін спектакльдің дайындығы кезінде ғана білдім. Содан бері оның өлеңдерін сүйсіне оқудамын», – дейді актер. Өзі поэзияға құмар екен. Сондықтан Сәкеннің жан дүниесін жақсы түсінген сияқты Геннадий Пономарев Сәкен ролінде нық сеніммен ойнайды. Спектакльдің басынан аяғына дейін әуелгі дәрежеден – Сәкенді жігерлі, оршіл, берік те табанды күрескер түрінде көрсету тұрғысынан төмендемейді. Актер, әсіресе, үш сценада ұтымды ойнайды: «Сәкен Надямен, шешесімен кездескен кезде және Алашорда комитетінде Төлебаймен

тәжікелескен тұста. Ал бұл – Сәкенді саналы күрескер, азамат ақын, батыл большевик ретінде танытатын сценалар, спектакльдің маңызды тұстары».

Спектакльдегі көрермендер көңілін толқытқандай әсерлі көріністің бірі – Совдеп үйін күзеткен Сәкенге шешесі келген сцена. Сүйікті ұлының тағдыры толғантып, аңырап келген ана. Айқасқан құшақ. Ана төсіне бас қойған сезімтал ақын. Қайран шешенің қайрымды жүрегі. Батыл ұлдың басу айтқан азаматтық сөздері. Ақын ұлына деген ана махаббаты. Соның бәрін сүйемелдей тартылған, жұрт жүрегін тебіренте түскісі келгендей терең музыка. Шымылдық алғаш ашылғанда-ақ бүкіл спектакльдің лирикалық лейтмотивіндей болып естілген «Сарыжайлау» сазы. Театрға бейімделген вариация. «Екі шекті, сегіз перненің» сезім қытықтар үні. Осының бәріне қоса артистка А. Боженконың нанымды да жағымды ойыны. Ол киім киісі, жүріс-тұрысы арқылы қарапайым қазақ әйлін нанымды көрсетумен бірге айтқан сөз, аймалаған құшағы арқылы Сәкенді туған абзал ананың мейірімді бейнесін де жасай білді. Актриса А. Боженко Жамал ролінде жақсы ойнады деуіміз керек.

Пьесадағы басқа рольдер де сәтімен шықты. Мәселен, Хамит Токин (артист И. Расцветов) – Сәкеннің жауы. Ол өзіне ықыласы аумаған Надяны Сәкеннен қызғанып, сол үшін елін сүйген ердің жолына бөгет болып отыр. Қызылдарға сене алмай, ақтарға ере алмай жүрген екіжүзді Хамит алашордашылардың азғырып-қорқытуымен Сәкенді ұстасуға қатысады.

Атаман Шайтанов (артист А. Звонарев) – Сәкеннің саяси жауы, контрреволюционер. Россияда қанаушылықты қайта орнатқысы келген Колчак жендеттерінің бірі. Ол орыс большевиктерінің өзін түгелдей қырып-жоюға құмар. Ал бұрынғы бұратана ұлттардың бүгін азаттық аңсап, сол үшін күресіп жатқаны оның зығырданын қайнатады. Сондықтан да ол Сәкенді ұстау үшін сасық погребте сағаттар бойы отыруға дайын. Өкініштісі сол, оның образы шықпай қалған. Өйткені ол спектакльде өте аз көрінеді. Пьесадағы Шайтанов – Ақмолаға жасырын келіп, бүліншікті ұйымдастырушы, сондай-ақ Колчактың жәрдемшісі, оның штабындағы зымияндықтардың белсенді авторы. Ал спектакльде ол бір-ақ рет, Сәкенді тұтқындаған жерде ғана көрінеді. Оның есесіне, контрреволюционерлердің нағыз дөкейлері – адмирал Колчак (артист Н. Миловидов), атаман Анненков (В. Горюнов), чех генералы Гайда (Б. Малышев) қатерлі қасқөйлер бейнесінде, бірақ амалы құрыған адамдар ретінде тәуір көрсетілген. Актерлер Н. Миловидов пен Б. Малышев өз рольдерін тиісті дәрежеде, еркін атқарғанын айтқан жөн.

Төлебай Нұралин (артист В. Андреев) – Сәкеннің тап жауы, идеялық қарсыласы. Ол өзінше Сәкенді бағалайды, онымен дос та болған. Бірақ бұл революцияға дейін. «Революция арамызды айырды. Ол большевик болды. «Большевизм – қазақ жүрер жол емес» дедім. Қиылып айттым. Тыңдамады», – дейді өзі. Бүкіл қазақ атынан сөйлегісі келеді. Бұл – Төлебай секілділердің басын қосқан Алашорда азаматтарының әдеті. Ал шындығында, большевизм – Төлебай тектес бай балаларының жүретін

жолы емес, әрине. Сәкен екеуін айырған да осы жай. Саяси көзқарас қайшылығында бітім болмайды.Бірақ Төлебай Сәкенді өз жағына тартпақ болып әуре. Алашорданың азып-тоза бастаған абыройын ақын Сәкеннің аты арқылы көтермек. Бұл екеуінің Алашорда басшысы Әлихан Бөкейхановтың кабинетіндегі кездесуі – өте маңызды көрініс, спектакльдегі шиеленістің шарықтау шегі.

Орыс большевигінің образы ретінде Шафран бейнесі – дәстүрлі бейне. Артист Г. Головня оның ролін сол дәстүр деңгейінде ойнайды. Әттең, Абдолла жөнінде мұны айтуға болмайды. Артист Архипенко ойнаған Абдолла бойында оның өзіне тән бір де бір ұлттық ерекшелік жоқ. Оны қазақ большевигі деп тану қиын.

Оның есесіне Жұмабайдың әкесі – Нүрке образын тәжірибелі де талантты актер Л. Групп тартымды, қызғылықты етіп шығарды. Оның Нүркесі өте нанымды. Ұлттық бояуы соншалық мол, әсерлі. Нүрке – Групп шыққан сценалар жұртты күлдіріп, көпшілікке қолды көп соқтырған көріністер.

Спектакльдің сәтті шығуына режиссерлар И. Сермягин мен В. Горюнов көп еңбек сіңірген. Олар спектакльдің жанрын – ерлік дастан деп есептеп, идеялық қазығын берік белгілеген.

М. Горький атындағы облыстық драма театры коллективі өзінің басты мақсатын жүзеге асырып, жұртшылықты риза қылғаны анық.

Целиноград қаласы, 1967 жыл.

Оқырманды еріксіз еліктіріп...

«ӨМІР МЕКТЕБІ» КӨРКЕМ ШЕЖІРЕ

24 мартта Саяси-ағарту үйінде Целиноград қалалық партия комитеті, Қазақстан Жазушылар Одағы Целиноград облысаралық бөлімшесі мен Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық кітапхана және «Коммунизм нұры» газетінің редакциясы ұйымдастырған оқырмандар конференциясы болып өтті. Онда 1967 жылғы Лениндік сыйлыққа ұсынылған С. Мұқановтың «Өмір мектебі» трилогиясы оқырман қауымның талқысына түсті.

Конференцияны Қазақстан КП Целиноград қалалық комитетінің секретары Б. Досанов сөзбен ашты. Кітап оқырмандары өздерінің ой-пікірлерін ортаға салды. Сөз алғандар: Байдалы Досанов, Нұрғожа Оразов, Қайырден Баянбаев, Мәдіхат Төрежанов, Сара Мақшанова, Әскен Нәбиев, Баянбай Құсайынов, Роза Ақашева, Жарасбай Нұрқанов.

Жарасбай Нұрқановтың сөзі: «Өмір мектебін» оқуға кіріскен кісі оқиғалар ағымына түсе қалады да, кітаптың қызық иірімінен шыға алмай қояды. Оқырманды бас көтертпей, баурап алатын ондай тартымдылық трилогияның үш кітабынан да, сан тарауынан, сансыз беттерінен

де сапырылған қымыздай алдыңа тосып, айызыңды қандырып отырады-ақ. Сәбит кітаптарын оқымаған қазақ жоқ болар деп жорамалдаймыз. Және оның кітабын қолына алған адам ақырына дейін тауысып оқымай тастап кетуі мүмкін емес. Тастағаны несі, тағат тауып отыра ала ма бітіргенше!

Жалпы Сәбит Мұқанов кітапты қызғылықты етуге, сюжет құруға өте шебер. Ол адамдар арасындағы қарым-қатынас, іс-әрекет, күрес-қимылды қиыннан қиыстырып, оқиғаны ойда жоқтан өрбітіп ала жөнеледі де, оқырманды еріксіз еліктіріп әкетеді. «Өмір мектебін» оқыған жанның да осыған қол қоятыны сөзсіз.

«Мен» деп сөйлейтін мемуарлық шығармада шындықтан аумауға тиісті жазушының сюжетке, суретке елігіп кетуі қиын. Бірақ С. Мұқанов мұнда да қысылып-қымтырылмайды, әңгімені үнемі ұрымтал жерінен оңай бастап, майын тамыза, маймаңдата шертеді. Шебер шежіреші, асқан әңгімеші – халықтың өзінен аумайды тіпті. Ол, әсіресе, диалог құруға құдыретті-ақ. Оның диалогтарынан кейіпкерлерінің барлық тұлғасын танып, даусын естігендей болып отырамыз.

Сәбит – адам портретін берудің де асқан шебері. Ол бір көрген адамның өзін де айна-қатесіз танығандай етіп, тапжылтпай мүсіндей қояды. Оның өзіңе ғана тән ерекшелікпен кісінің бүкіл тұлға, түр-түсін бірден береді.

Сәбит оқиғаны қат-қабат өрбітіп, шиеленістіре, ширықтыра отырумен бірге әдемі лирикалық шегіністер жасап, жаңбырдан соң жаңғырған даладай дарқан суреттер жасауға қандай іскер! Әсіресе, туған жердің тұмса табиғатын – Дос көлі мен Есіл өзенін есілте суреттейтін тұстары сұлу-ақ емес пе!

Мұның бәрі, әрине, жазушының халық тіліне қанықтығынан, қазақы сөздік қордың сөлінен сусындап өскендігінен. Сәбит не бір тамаша халықтық асыл сөз, айшықты теңеу, мақал-мәтелдерді соншалық көп білумен қатар, соны өз орнына шебер қолданып, мол пайдаланып отыруға да оңтайлы-ақ.

Сәбиттің тілі – халықтық тіл, бірақ ол байырғы сөздерді барынша жандандыра біледі, жаңаша мағна беріп, жарқын бояу, айрықша ажар бітіреді. Сондықтан да оның «Өмір мектебі» – жеңіл оқылармық, жете түсінерлік туынды.

Лениндік сыйлық берілуге тиісті әдеби шығармаларға қойылатын ірі талаптың бірі: оның оқырман арасында кең таралуы, қалың жұртқа ұнауы, ұйытып алуы. Ал Сәбеңнің трилогиясындай тартымды кітап табыла бермес. Сондықтан оның ұлы көсем атындағы үлкен сыйлыққа ұсынылуы әбден орынды.

Одақтық бәйгеден озып келгей-ақ «кәдімгі Сәбит Мұқанов»!

1967 жыл

КӨҢІЛ ТӨРІНДЕ – СӘБЕҢ

Дүниенің бәрі жадағай тартып, жасандылық көбейген сайын боямасыз, таза болмысты, табиғи ірілікті аңсаймыз. Осындайда қайран Сәбең еске түседі. Кәдімгі Сәбит Мұқанов атанған ағамыздың балуан тұлғалы, алуан жақсылығы Көкшетаудай мұнарланып, қымбат тартады.

Оқушы жастармен, оқырман жұртшылықпен кездесу кезіндегі Сәбеңнің жарқын бейнесі жадымызда. Елдің бәрін қыран-топан күлкіге батыратын қуақы мінезі қуатты, жаны жайсаң еді ғой, оған кімнің дауы бар. Сәбең айтқан, Сәбең шерткен сыр – көңіл төрінде, көкірегімде сайрап тұр.

Жазушыға ең қымбаттысы – ықыласты оқырман, оның ыстық пейілі болар. Сәбең кітаптарынан бас алмайтын баланың өзі едім. Мектеп қабырғасында «Менің мектептерімді» оқымаған кім бар екен? Өзім ғана оқып қоймаушы едім, үйдегі үлкендердің сұрауымен, күзгі жаңбыр, қысқы боран күндері, сан қайтара дауыстап оқуға жалықпаушы едім. Атам Нұрқан мен оның құрдасы Әбдір шал екеуі шай ішкен соң, ет піскенге дейін Сәбең кітабын маған оқытқызып қойып, өздері рахаттана тыңдап отырар еді. Сәбең сөзіне соншалық құштар екі пірәдәр кітаптың қызығына қосылып кетіп, ауық-ауық сүйсінген, күйінген үн қатып, отырған орындарынан қозғалақтайтын. Зерек ойдан, зергер қолдан шыққан өнер-ғылым жемісі адамның жаратылысына жат болмаса керек-ті. Жазушы қаламынан туындаған дүние де оқыған кісінің жанын қинамай, көңіл жалауын желбіретіп, ілгері жетелеп отырса жақсы. Кісінің ығына қона кеткен киімдей оқырманның көкейіне бірден қона кететін сөз – Сәбең сөзі десек керек.

Сәбең романдарын оқыған адамның оқиғалары ағымына түсе қалып, шымыр-шымыр ағыстың қызық иірімінен шыға алмай қоятыны анық. Және соған өзі бейіл болып, беріле түсетіндігі ғажап. Сәбең қиялымен шалқыған айдында әсіресе ел адамы еркін жүзеді. Қаймағы бұзылмаған қазақ жастарының «Сұлушаш» пен «Мөлдір махаббатқа», «Ботакөз» бен «Сырдарияға» шөліркеп жүруі сүйсінерлік. Қолына мүлде кітап ұстамайтын ағайын аз болмас, бірақ Сәбит Мұқановтың әйгілі бір туындысын оқуды бастап қойып, ортасына жете алмай, жаны қиналып отырған жанды көрген емеспін. Шығарманың шынайы тартымдылығы – Сәбең қалдырған сабақтың бірі болар бізге.

Сәбең жазған дүниелердің тартымды болмасқа тіпті ылажы жоқ қой. Өйткені Сәбең өзі бес саусағындай жатқа білетін жағдаяттарды тілге тиек еткен. Көненің көзі, жаңаның өзі дерлік белсенді жас кескілескен күрес пен салғыласқан айтыс-тартыстың бел ортасында жүрген. Ат жалын мінгеннен бергі жерде Сәбең араласпаған саясат, белсеніп кіріспеген әрекет, атқармаған іс қалмаған. Қаламгер ретінде «мидың мың градустық домнасына» салатын кені мол, кеніші зор болатын. Қырман күзеткен шалдың атын Кенбай қойып, «Басы бір жалғанның кең дүниясы» деп сипаттауы тегін емес. Сәбеңнің көкірек көрігіндегі балқыманың

«Өмір мектебіне» әрең сиятыны содан. Бірақ мұнда ел тарихын екшеуге керекті құнды дерек көп. Сәбең шерткен шежіренің нанымдылығы мен танымдылығы тамаша.

Қазір түрлі жиындарда мінбеге жиі шығып жүрген шешендер: «Ақын-жазушылар – халықтың ар-ұяты ғой, ұлттың намыскері ғой» дегенді айтатын болыпты. «Сол намысың мен арысың – мына біз» дегендей сыңайы бар. Тіптен тыңдауға ұят. Халқының өзі хан көтерген Сәбең де ондай астамшылық сөз айтқан емес-ті. Жарты ғасыр бойына әдебиет әлеміндегі бейнетқорымыз, әлеуметтік өмірдегі қайраткер де санаткеріміз болған Сәбит Мұқановтың жұрт алдында бұлданып тұрғанын елестету қиын. Сәбеңді тыңдаудың сәті түскен кезінде теңдесі жоқ әңгіме-дүкеннің қызығына қарық болып қалушы едік, «Ертегі, өлең-жырдың, шежіренің миы бай, көркем, сұлу антологиясын» ашып, біздерді мол сыйлықпен кеңелтер еді. Шынында жұртты сөзбен сойылдаудың керегі жоқ, жұртшылық сөзді іштей мойындауы керек.

Ел ішінен нәр іздеген бал арадай тынымсыз қаламгердің бармаған жері, баспаған тауы жоқ. Сәбең бірде саяхат құрып, мұхит сапарына шыққан екен. Сонда өзге жұрт теңіз ауруына шалдығып, жерден басын көтере алмай жатқанда Сәбең толқын шайқағанға мыңқ етпестен кеменің үстінде тұрыпты. Сәбеңнің табиғи ірі, таза жүрек қуатын теңізшілер де мойындаған. «Сізбен бірге жер түбіне жетуге, әлемді кезіп шығуға болады екен» десіп, ардақ тұтқан көрінеді. Матрос жігіттердің көңіл сүйіспеншілігі әкімшілік бұйрыққа, мемлекеттік сыйлыққа қарамайды ғой. Ешбір лауазымсыз елдің сеніміне бірден ие болар бірегей қасиет Сәбеңдей дара тұлға, дархан жандарға тән.

Сәбит Мұқанов – ұлтымыздың ұл-қызына әсем үнді ат берген қаламгер. Ұлан-ғайыр даланың қай атырабына барсаңыз да, қай өңірінде болсаңыз да, түскен үйіңізбен түстеген жеріңізде Сұлушаш, Ботакөз, Гүлнәр есімді әр алуан жастағы әпке-жеңге, қыз-келіншектерді көресіз, Алтай, Қайсар, Асқар, Дәулет, Амантай атты жайсаң жандарға жолығасыз. Рас бұл есімдер қазақта бұрын да болған. Бірақ соған жаңаша мән беріп, сән бітірген – Сәбеңнің майдайына біткен сирек бақыт. Ол жаңағы жарқын есімдердің ел ішінде кең тарауына азаматтық тұғыр берді.

Жазушының өзімен аттас қазақ жігіттері қаншама десеңізші! Соның мәнісін сұрастыра қалсақ: «Е, Сәбитті депутаттыққа сайлаған кезде туған ғой. Е, Сәбеңнің өзі осы ауылға келіп, сонда осы біздің үйде болған, мұның атын өзі қойған» деген әңгімелер естиміз. Әдебиетші-ғалымдарымыз «Сәбит Мұқанов сапары» деген тақырыппен Қазақстан картасын жасап, жазушының елмен, жермен етене байланысын, біте қайнасқан қаламгерлік болмысын арнайы зерттесе, артық болмас еді.

Таза болмыс, табиғи ірілік іздегенде қайран Сәбең еске түседі. Оның жарқын бейнесі – көңіл төрінде, қызғылықты кітаптары – үйіміздің төрінде. Сәбеңнен қалған мәңгі маздақ бар. Оның нұрлы шуағына бөлене беру – кейінгі жас, келер ұрпақтың сыбағасы.

«Социалистік Қазақстан» газеті, 1985 жыл

ҰЛ-ҚЫЗЫНА АТ БЕРГЕН

Қазіргі қазақ әдебиетінің барлық жанрында жазатын, отауын өзі бірге құрысып, біте қайнасып келе жатқан республикамыздың қоғамдық өміріне қатыспай қалған жері жоқ. Ұланбайтақ Қазақстанның түкпір-түкпіріне дейін аралап, елмен етене болып кеткен Сәбеңнің жазушылық дарыны, азаматтық арыны, қызметі мен кісілігі хақында айтылар сөздің аумағы тым зор. Оның жалғыз өзі жазып үлгерген ұланғайыр творчествосы туралы, қилы-қилы оқиғаға қызу араласып, сан мың адаммен тағдырлас болған тынымсыз тірлігі жөнінде жабыла жамырай айтып та жеткізе алмауымыз мүмкін.

Ал қазір жер бетінде жетпіс жыл жасап, қалам ұстағанына жарты ғасыр толған жазушының қалың нөпір тойындағы бір ғана жайды айтып қалғымыз келеді: Сәбит Мұқанов – ұлтымыздың ұл-қызына жаңа мағына, жарқын да әсем үнді ат берген қаламгер. Қазақстанның қай ауыл, қаласына барсаңыз да түскен үйіңіз, түстенген жеріңіз бен қатысқан жиналыстарыңызда Ботакөз, Сұлушаш, Гүлнәр есімді қызғалдақтай қыз-келіншектерді кездестіресіз, Асқар, Алтай, Дәулет, Амантай атты жайсаң жігіттерге жолығасыз.

«Сұлушаштай» дастаны
Әсемдікті ап келді.
Ботагөз бен Асқары
Ұл мен қызға ат берді.

Шалқар «Өмір мектебі»
«Мөлдір махаббатымен».
«Аққан жұлдыз» көктегі,
Қолынан дәм татып ем.

Шарлап сөзі әлемді,
Желдей ескен ақбоз дәл.
Сәбит атын алды енді
Кітапхана, совхоздар.

Жаңғырып, жасара түскен жұртымыздың ұл-қыздары қазіргі шат өмірдің, сәнді тұрмыстың салтанатына, жиын-тойына жинала қалғанда бір-бірін жатырқамай, жылдам танысып, қол ұсынып, аттарын айтысқан кезде де әлгі есімдерді жиі естисіз. Бұлардың біразы – «Ботакөз» романы қазақша қайта басылып, орысшаға аударылуымен Одаққа танылған қыздары, «Сырдария» романы жарқ етіп жарияланып, теріскей мен түстікке түгел тарап кеткен кезде туған бүгінгі бойжеткендер мен бозбалалар болса, біразы – «Сұлушаш» романын сүйсіне оқып өскен үйлі-баранды ұландар, немесе солардың іні-сіңлісі.

Рас, бұл есімдер Сәбит кітаптары жазылғанға дейін де болып келген. Бірақ шығармаларының шынайы өмір суретімен, кейіпкерлерінің келбет-тұлғасы сымбатты, сыр-сезімі таза, арманы асқақ, мұрат-мүддесі биік болумен Сәбең оларды оқырман қауымға сүйкімді етіп жіберді. Сөйтіп жоғарыда аталған есімдердің ел ішіне кең тарауына азаматтық тұғыр (гражданство) бергені анық. «Амантай» деген ат енді «аман қалған тай», яки тірі қалған бала деген ұғымда емес, тар заманның өзінде намысын аяққа бастырмай, күні туғанда бүкіл елдің еркіндігі үшін күрескен қуатты ер-азамат деген мағына береді.

Ал жазушының өзімен аттас қазақ жігіттері, қаратабан балалар қаншама десеңізші! Олардың ата-анасы, ағайын-туғанымен сөйлесе қалсақ: «Е, ана жылы Сәбитті депутаттыққа сайлаған кезде туған. Е. Сәбеңнің өзі осы ауданға, осы ауылға келген. Не дейді, Сәбит сонда осы біздің үйде болып, мұның атын өзі қойған, ауызына түкірген», – дейтін әңгімелерді естиміз. Осы ретте тіл-әдебиет институтының қызметкерлері «Сәбит Мұқанов сапары» деген Қазақстан картасын жасап, жазушының халықпен қарым-қатынасын арнайы зерттесе артық болмас еді.

Біздің түсінігіміз бойынша, Сәбит Мұқанов – жұрттың жүрегіне ең жақын, нағыз халық жазушысы, мәдениет майданындағы социалистік еңбектің нағыз майталман ері.

«Қазақ әдебиеті» газеті, 1985 жыл

ШЫНАЙЫ ҚАЛАМГЕР ЕДІ...

Ғалым Малдыбаевтың туғанына 90 жыл толуына орай үлкеніміз бар, кішіміз бар, ол кісіні Ғалекең десек, ол құрметіміз түсінікті ғой. Сонымен бірге біз көбіне бұл кісінің аты-жөнін толық айтып, Ғалым Малдыбаев деп сөйлеуші едік. Бейнебір әдебиет сабағында Сәбит Мұқанов, Жақан Сыздықов, Тайыр Жароков дейтініміз тәрізді.

Ақын аға ұзақ жылдар елде тұрды. Солтүстік Қазақстанның бұрынғы Октябрь ауданындағы Ленин ауылын мекен етті. Көшедегі ойын балалары, сыртта жүрген жас келіншектер үйге жүгіре кіріп, «Ғалым Малдыбаев ағай келе жатыр» деп дауыстайтыны, үй-ішінің әбігерге түсетіні әлі есімде. Елдегі өзге белсенді, өзге үлкендерден гөрі бұл кісіге деген бейіл, құрмет бөлек сияқты көрінетін. Мұны кезінде аңғарғаныммен кейінде ғана байыптап түсінген деймін.

Ғалекең туралы алғашқы «мағлұматты» шырқап салатын ән арқылы естіп едік. Біздің Көктерек ауылы жаңағы Ленин ауылынан жеті-сегіз шақырым жерде. Осында менің атаммен аталас Құлеке, Тілеке деген ағайынды екі кісі болды. Тілекенің бақсылығы бар еді. Ел кезіп, дамыл көрмей жүргенде жолықтырған біреудің қызын әй-түйге қаратпай ауылымызға алып келіп, үйленген екен. Сол жеңгеміз кереметтей әнші

болып шығып, бүкіл ауыл оны «әнші келін» атаушы еді. Ғұмыры қысқа болған сол марқұмның жүзі есімде жоқ. Өйткені ол жүзін төрдегі үлкендерден бұрып, үйдің бұрышына қарап отырып айтар еді әнін. Соғыстан кейінгі әндер қандай зарлы, әуен қандай асқақ! Әсіресе «Ей, Зәуреш, сенің үшін елден келдім» деп зарланғанда үлкен кісілер әнші келінге қосыла жылап қоя беретін. Аздан соң: «Енді, «сен Зурашты» айт» деген сергек дауыс естілер еді. «Е, сөйт шырағым» деп қолқалайтын бәрі. Сонда: «Ғалымның қызыққанын бұжырына, ербиген, түйе таппай ұзынына сен, Зураш» дейтін қызық сөздер әсем ырғақпен шырқалатын. Отырғандар қозғалақтап, жадырай түсіп, жайраңдасып қалатын. Кейін білдім, оның көп себебі бар екен...

Атақты «Қырым қызы» поэмасын жазған ақын Ғалым Малдыбаевтың қырықтың қырқасына шыққан кезі. Ол Алматыдан Қызылжарға ауысып, одан кейін ауданға шығып, ел аралайды. Сонда Ленин орта мектебін жаңа ғана бітірген бойжеткенге көзі түседі. Ақыры Асылтайдың Ерғалиының ерке қызы атанған Зурашпен көңіл қосады.

Ешкімнің зорлауынсыз өздері қосылса да, Ғалекең мен Зураштың жас айырмашылығы ел ішінде қаңқу сөз туғызбай тұрмайды. Тап сол кезде осы жаққа Алматыдан бір тілші келеді. Ол Қабыл Боранбаев деген, борандатып жүретін ақын екен (Ғалекең өзі солай деуші еді). Ақын жігіт, әрине, Ғалым Малдыбаевты жақсы біледі. Келе сала сұрастырып, бірден іздеп барады ғой. Бұл – Ғалекеңнің облыстық «Ленин туы» газетінің аудандағы тілшісі болып қызмет істей бастаған уақыты. Екі тілші, екі ақын шұрқырасып, табысса керек еді. Бірақ олай болмайды. Жас отаудағы қонақасыға (турасын айтқанда, арақтың аздығына) жас ақынның көңілі толмай қалады. Мазасыз мейманға Ғалекең де ықылас бейіл бермесе керек. Осыған өкпелеген астаналық жігіт ауылдағы ақынды кекетіп, мұқатуды ойлайды. Оған әлгі ауыл ішіндегі қаңқу сөз жарай қалады. Сөйтіп, Қабыл марқұм Ғалым ағай мен Зураш тәтеміздің жас айырмашылығын әжуалап, өлең етеді. Және сол сықақ өленді кәдуілгі «Қарлығаш» әуеніне салып әндетіп, елге жайып, таратып кетеді.

Міне сол әжуа әнді жаңағы әнші келіншек керемет әдемі айтады екенау. Содан бірде Ғалым Малдыбаев өзі Көктерек аулына келіп, Тілекенің үйіне түсіп, шай ішіп отырып, осы әнді айтуды әнші келіннен әдейі өтінсе керек. Ғалекеңнің бетінде аздаған қорасан дағы бары рас еді. Бірақ, сол үлкен кісінің алдында, оның бетінің бұжырын айтып, әндетіп қоя беру оңай емес қой. Ғалекең сұңғақ бойлы, сидақ кісі еді. Соған енді «ербиген, түйе таппай» деп тап берудің ешбір қисыны жоқ қой. Сондықтан әнші келін әбден қымсынып, қысылса керек. Әйтсе де Ғалекең: «Мен ренжімеймін, өкпелемеймін, айта ғой, айналайын» деп, қолқалап қоймапты дейді. Содан әнші келіншек «Қарлығаш» әуенін қалықтатып, Ғалекеңе тиісетін сөздердің бәрін әнмен айтып, әлсін-әлсін «Сен Зураш» деп қайталап, ұяттан өртене отырып, әжуа әнді тамылжытып тамаша орындаса керек. Осыған қатты сүйсінген ақын аға «Ой, бәрекелді. Әнші екенсің, шырағым. Айтуында мін жоқ. Бізден ұялып, тартынба. Айта

бер, айта жүр» деген көрінеді. Көктерек ауылының үлкендері осыны аңыз қылып айтып отырар еді. Ақын Ғалым Малдыбаев туралы бала кезімде естіген алғашқы мағлұмат осы болатын.

Мұны еске алуымның да бірнеше себебі бар. Біз білетін Ғалекең өзінің тұрмыс салтында, дастарқан, дәм рәсімінде асып-тасып, шашылып-төгілмейтін, рәсуаға жол бермейтін жан еді. Өзгенің де шашылып, шабылуын қаламайтын. Солай болуы заңды ғой. Жасында тапшылық, таршылық көріп ескен адам, кезінде заман тауқыметінің бәрін бастан өткерген жан, ойлы азамат жоқ жерден бекерге шығындалып, босқа рәсуа болмаса керек. Шын ықылас-бейіл, сый-құрмет бөтелке санымен есептелмейді..

Ақын Ғалым Малдыбаевтың, қарап отырсаңыз, оқымаған оқуы қалмаған екен. Ол Қызылжардағы партия кеңес мектебін, Алматыдағы Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін, Мәскеудегі Жазушылар Одағының Жоғарғы әдеби курсын тәмамдаған. Яғни, оның санасы окумен ағарған. Ғалым Малдыбаев – білімді ақын, білікті қаламгер, шын мағынасындағы мәдениетті жан еді. Соның бір белгісі – жаңағы көрші ауылдағы әнші келінді іздеп барып, өзінің намысына тиетін әжуа әнді шамданбай тыңдағаны. Әлдекімдерше ашуланбай, жас келінге сес көрсетпей, оның өнеріне ырза болып, ықылас көрсетуі Ғалекеңнің өзінің де үлкен өнер иесі екенін, үлкен мінезді адам екендігін айғақтайды.

Иә, ақын ағаның өзі де домбыра тартыш, ән салушы еді. Және ел ішінде сирек айтылатын, тыңдаушыға тосын әндерді ойда жоқта қоңырлатып, ғажайып күйге бөлеуші еді. Біржан салдың «Теміртасын», Үкілі Ыбырайдың «Қара көзі» мен «Қалдырғанын» мен ең алғаш осы кісінің аузынан естіп едім. Ғалекең Үкілі Ыбырай атамыздың өзін көріп, сөзін естіп, шын қадір-қасиетін айқын сезіп қалған адам ғой. Ол кісіге деген ықыласы өте ерекше еді. Сондықтан да болар, Ғалекең өзінің 1967 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген жинағын «Қалдырған» деп атаған екен. Сол кітабының алғы бетіне: Ағаңның әні осындай, Кемпір-шалдың қосындай.

Өргізеді ертегі Шал да қарап отырмай, – деп, арнау сөз жазып беріп еді маған. Ақын ағаның сол қолтаңбасынан әлі күнге бір жылылық сезіледі. Оған да міне ширек ғасыр болып қалыпты.

«Қалдырған» деп атаған сол кітабын Ғалекең қалың елге, оқырман қауымға өсиет етіп арнап, аманат етіп қалдырған еді.

Аяулы елім маған қалам алдырған ұлым, қызым келешек жас балдырған. Бәйтеректің басындағы ұядай – Ескерткішім осы менің қалдырған, – деп толғанып өтіп еді. Сол сөзі шын болып шығып отыр. Ақынның өмірге келуіне тоқсан жыл толуын елі болып атап, Есіл бойы болып еске түсіруде.

Үлкеніміз бар, кішіміз бар, ол кісіні Ғалекең десек, ол құрметіміз түсінікті. Бірақ кейінгі жас, бүгінгі ұрпақ айқын түсінуі үшін ол кісінің аты – жөнін ақын Ғалым Малдыбаев деп толық атап, шынайы қаламгер-

ге лайық ізет көрсетеміз. Бейнебір әдебиет тарихын саралағанда Сәбит Мұқанов, Жақан Сыздықов, Тайыр Жароков дейтініміз тәрізді. Әр ақын, әрбір жазушы өз шығармашылығымен елге қымбат, оқырманға қызық.

ВЛКСМ – 50 ЖЫЛ.

АРДАҚТАУҒА ӘБДЕН ЛАЙЫҚ

Оның есімін алғаш рет он алты жасымда, орта мектепте оқып жүрген шағымда ауылдың үлкен адамдарынан естіген едім. Сондай бір қызуқанды, жігерлі комсомол қызметкері болғанын кезінде өздері де белсенді болған беделді жандар сүйсіне айтып отырар еді.

Міне, енді «Қазақстан» баспасынан «Қайсар Тәштитов» деген атпен шыққан орысша кітапшаны оқығаннан кейін біздің бұл даңқты жерлесіміз – «нағыз лениншіл, табанды күрескер болғанын, ардақтауға әбден лайық азамат екенін біліп, «оны еске алушы ел адамдары да осы өмірбаяндық очерктің авторлары – М. Жүнісов пен Ш. Өтепов секілді Қайсардың өзін көрген, сөзін тыңдағандар еді ғой, әттең, сол әңгімелерге ол кезде онша көңіл бөле қоймағанымды қайтейін! – деп өкініп отырмын. Сондықтан да кейінгі жастардың қашанда қарт коммунист, комсомолецтер естелігіне ықыласты ынтызар болуын, үлкендер сөзін ұйып тыңдар, құйма-құлақ болуын тілегім келеді.

Ал бүгін, Лениншіл жастар ұйымының жартығасырлық мерекесіне орай Қазақстан комсомолының қабілетті жетекшілерінің бірі – Қайсар Тәштитов есімін тағы да ауызға алып, оның жарқын өмірін өнеге ете сөйлеу артық болмас деймін.

1920 жылы Петропавл уезі, Бейнетқор болысы №2 Жамантау аулынан қалаға аттанған Қайсар да он алты жаста екен. «Қалада бір туысың бар», – деген құр далбасамен келген дала түлегі Қызылжарға кіре адасуға айналады. Күн кешкіріп, қараңғы түсе Қайсар енді не де болса деп алыстан көрінген мол жарыққа қарай тартады. Оның осы бір әрекетінде (Қайсар өмірінен хабардар бүгінгі біздер үшін) үлкен астарлы мағна (символ) бар сияқты: ол электр жарығына ентелеп қана қоймай, ескі өмірден қол үзіп, жарқын күнге ұмтылғандай. Жеткен жері – электрлі вокзал еді. Осы жерден сол жаңа өмір үшін күрес жолын, саяси сапарын, сара бағытын бастағандай. Вокзал басында оны ойда жоқта кездестіріп, жайын білген соң жанашырлықпен үйіне әкеп паналатқан парасатты орыс азаматы, ұлы мәртебелі жұмысшы табының өкілі, теміржолшы Тимофей Рузаев болған. Бұл ретте де ол анық үлкен қамқоршысын тапқандай. Және осы үйде өзінің болашақ сенімді серігі, әрі ақылшы ұстазы – Федор Тимофеевич Рузаевпен жүздесіп, достасады.

Қайсардан үш-ақ жас үлкен Федор Октябрь күндерінде күреске араласқан, Совет өкіметінің қолға қару алып қорғасқан, ақтардың түрмесін-

де азап шеккеніне мойымаған жалынды жас еді, 1918 жылдан большевиктер партиясына мүше болатын. Партияның тапсырмасы бойынша 1919 жылы теміржол станциясында тұңғыш комсомол ұясын ұйымдастырған-ды. Пролетариат диктатурасы, жұмысшылар мен шаруалардың одағы, оның ұлы көсемі Ленин туралы Қайсар алғаш осы Федордан естіп, біліп, түсінді.

Федордың көмегімен қара жұмысқа кірген Қайсар коллективтің қуатты күшін тез сезініп, теміржол жұмысшыларының жиналысынан, халық үйінде өтетін митинглерден қалыспайтын болып алады. Өзі секілді мыңдаған кедей балаларының алдында жаңа социалистік қоғамды орнату міндеті тұрғанын түсініп, ол үшін көп жұмыс істеу, аянбай күресу қажеттігін және міндетті түрде оқу керектігін ұғынады.

Сол кезде РКСМ орталық Комитеті «Барлық күш Батыс майданға» деген ұранмен жаппай шақыру жариялайды. Петропавлдан аттанған 60 комсомолецтің ішінде өз еркімен сұранушы Федор Рузаев та болады. Қымбат жолдасын жорыққа аттандырып тұрған Қайсардың есінде: «Міндетті түрде комсомолға өт. Қырғыз-татар клубының жанында комсомол ұясы бар», – деген Федор сөзі берік бекіп қалған еді. Сол нұсқаумен үлкен өмірге ұмтылған Қайсар 1921 жылы Коммунистік жастар Одағына мүше болады.

Осыдан бастап-ақ Қайсар көпшілік арасындағы жұмысқа белсене кіріседі. Қаладағы панасыздарды балалар үйіне орналастыру ма, қамқорлыққа алынған ауылдарға барып әңгіме өткізу ме, – ол жүрген жерде жұмыс қызып, істің ыңғайы келе бастайды-ақ. Петропавл уезінің Байғабыл, Өрнек ауылдарында алғаш комсомол ұяларын құрып, қызыл кітапханалар ашқызған да осы Қайсар. Майданнан оралған Ф. Рузаев кешегі шала сауатты досының ой-санасының кереметтей өсуіне әрі таңырқап, әрі қатты қуанады.

«Бірақ, – дейді Федор, – әлі мықтап оқу керек. Білімсіз біздің ұлы істі алға апара алмаймыз». Сондықтан сол 1921 жылдың аяғында Қайсар комсомолдық рекомендациясымен Ақмола губерниялық советтік-партия мектебіне оқуға түседі. Табиғатында зерек жас зор ынтамен, ыждаһатпен кіріскен соң советтік-партия мектебінің кең көлемді программасын да еркін игеріп алып кетеді. Оқи жүріп, жан дүниесін баурап алған комсомол жұмысынан қол үзбейді, мектептегі комсомол ұясы бюросының мүшесі болады. Жазғы демалыс кезінде губерниялық комсомол комитетінің тапсырмасымен ауылдарды аралап, ел ішіндегі ескіліктің қалдықтарына қарсы батыл күреседі.

Бірде Қайсар Қорғалжын болысының №4 ауылындағы жиынға қатысады. Онда ауыл адамдарының күш-қаражатымен мектеп салу мәселесі сөз болған еді. Мұғалімдер курсын жаңа бітіріп келген жас ұстаз Әбілғазы Кенжебаев мектептің мәні мен маңызы жәйлі айтады. Сол кезде жиналысқа жыланша кірген зымиян молда:

– Мектептеріңде құран оқытылады ма? – деп, оқыс та қыршаңқы сұрақ қояды. «Қасиетті құранды оқытпасаңдар, ер бала мен қыз баланы

қатар отырғызасыңдар, сайтан жолға салынғандарың ғой», – деп, кейбір діндарлардың жанды жеріне тиіп, жиналысты ала тайдай бүлдіреді. Көптен бедел көріп келген молдаларының: – мектепті қойып, мешіт салмайсыңдар ма, – деген сөзіне еріп, былай жұрт та жиналыстан жырылып кете бастайды.

Бұл Қайсарды қатты ойландырады: «Өкімет халықтың өз қолына көшсе де, олар тізгінді неліктен біреуге ұстатады? Қалайша жалғыз молда мектеп салу секілді мейлінше маңызды істі тоқтата алады?» деп толғанады да және өзі: «Көпшілік әлі жаңа өмір қандай болу керектігін түсінбей жүр ғой, – деп түйеді. Осы уақиғадан кейін жазған бір хатында ол:

«Иә, өмірдің өзі де мектеп қой, – дейді. – Табанды еңбек ету керек, ұдайы халық арасында болып, Совет өкіметінің заңдарын қажымай-талмай түсіндіру керек, олардың мұң-мұқтажын, көңіл-күйін біліп, сұрақтарының бәріне байсалдылықпен жауап беріп отыру қажет, бай-молдалардың арам ниеттерін әшкерелеп, кедейлердің белсенділігін арттыру, еңбекші халықты ескі рулық әдеттердің ықпалынан азат ету керек. Осы істердің бәрінде комсомол-партияның жауынгер көмекшісі, жаңа ауыл өмірі үшін күрескер болуға тиіс».

Осынау терең ойлар кейін оның бүкіл өміріне өзек болып, комсомол қызметіндегі барлық жылдардың басты бағыты болып қалады. Ал Қайсар бойындағы қайсар мінезділік, табандылық, іске тыңғылықтылық сол №4 ауыл тағдырынан анық танылғандай.

Қайсар ауыл тұрғындарымен әңгімелесіп, түсінік жұмысын жүргізеді. Көп кешікпей бүкіл ауыл қайтадан бас қосып, балаларын оқытуға құштар ата-аналар, әсіресе, жастар жағы мол жиналып, молдалардың үйін өшіре, жаңа мектеп ашуға жақтап шықты.

Күзде, губерниялық комсомол комитетінің тапсырмасымен тағы ел аралауға шыққан Қайсар осы ауылға оралса, мектеп үйі салынып бітіп, сабақ та басталған екен. Тәштитов өзіне губкомол берген қағаз, қарындаштарды балаларға таратып беріп, қатты қуантады.

Сонымен бірге Қайсар ауыл жастарымен әңгімелесіп, комсомол қатарына өтуге шақырады. Бірінші болып кедей Ысқақ өтініш білдіреді. Сөйтіп №4 ауылда комсомол ұясы құрылады. (Міне, бұл бүгінгі мектеп шәкірттерінің, қызыл ішілдердің назарын аударуға әбден тұрғандай: №4 ауылдағы алғашқы мұғалім Әбілғазының, алғашқы комсомолец Ысқақтың одан кейінгі тағдыры қандай болды, жаңа мектеп, комсомол ұясы қалай өсіп, өркендеді? – осыны үлкендерден сұрастырып біліп, зерттесе, қандай жақсы!).

Комсомол жұмысына жастайынан жан-тәнімен беріле араласқан Қайсар Тәштитов совет-партия мектебін бітірісімен 1924 жылы губерниялық комсомол комитетінің ұйымдастыру бөліміне меңгеруші болып тағайындалады. Партия мектебінде саяси және идеялық жағынан шыңдалып шыққан комсомолец сол жылы Ленин партиясының мүшелігіне алынады. Енді оның өзі жастарды тәрбиелеу ісіне көп күш-жігерін

жұмсайды. 1923 – 1924 жылдары Ақмола губерниялық комсомол комитетінің секретары болған Федор Рузаевпен Қайсар тағдыры тағы тоғысады. Ол екеуі губкомолда бірін-бірі түсінісіп, тату-тәтті достық жағдайда жұмыс істейді. 1924 жылдың июлінде Москвада өткен РКСМ YI съезіне қазақстандық делегаттар қатарында екі дос та барады. Осы жерде айта кету керек, Қайсар Тәштитов ВЛКСМ-ның IX, X және XII съезінің делегаты болып, X съезде ВЛКСМ Орталық Комитетіне мүше болып та сайланған.

Қайсар – ұйымдастыру ісін үгіт-насихат жұмысымен ұштастыра жүргізе білген комсомолдың шебер жетекшілерінің бірі. Ол Ақмола губерниялық партия комитеті мен атқару комитетінің органы – «Бостандық туы» газетіне қосымша ретінде шығарылып тұрған «Біздің жол» атты комсомолдық беттің редакторы да болды.

Қайсар Тәштитовтың Ақмола жастары арасында шебер ұйымдастырушы, жалынды насихатшы болғанын Қазақ өлкелік комсомол комитеті жақсы біліп, жоғары бағалайды. 1926 жылғы Өлкелік IY комсомол конференциясында Қ. Тәштитов ВЛКСМ Қазақстан Өлкелік комитетінің мүшесі болып сайланады. Ал Өлкелік комитет оны Ақтөбе губерниялық комсомол комитетінің бірінші секретары етіп жоғарылатады.

Сол жылдың аяғында Москвадағы Свердлов атындағы Коммунистік университетке барып оқуға түсуі Қайсар өмірінің жаңа бір жарқын кезеңі болады. Коммунистік университет қабырғасында жүріп алған аса терең теориялық білім жас қазақ коммунисінің ой қазынасын одан әрі байыта түседі. «Москва мені теориялық та, практикалық та жағынан шыңдап шығарды», – деп, оның өзі оқу жылдарын есіне жиі алады екен.

Ол мұнда да қоғамдық жұмыстан қол үзбей, университеттегі теориялық оқуын іс жүзіндегі насихатпен дәнекерлей біледі. Москваның Бауман аудандық партия комитетінің тапсырмасы бойынша №10 тігін фабрикасындағы саяси мектепте жетекші болады.

Табиғи таланты мен жігерін комсомолдық қызметте ұштай түскен Тәштитов Москвадағы оқу кезінде білімнің биік шыңын алуға, партиялық парасатты терең меңгеруге мейлінше бой ұрады. «Қайсар өте үздік оқыды. Партияның сара жолына шабуыл жасаған троцкийшіл-зиновьевшіл оппозицияға және оңшыл оппортунистерге қарсы Москваның заводтары мен фабрикаларында баяндама жасап, лекция оқу жөнінде Тәштитовқа арнайы тапсырмалар берілуінің өзі бұған айқын дәлел бола алады».

1930 жылы университетті ойдағыдай бітіріп оралысымен Қайсар Тәштитов Қазақстан өлкелік партия комитетінің баспасөз секторының меңгерушісі болып бекиді. 1930 жылдың екінші жартысынан бастап 1933 жылдың октябріне дейін өлкелік партия комитетінің жолдаумен Қызылорда округтік партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі болып істейді, округ таратылғаннан кейін Қарсақпай ау-

дандық партия комитетінің секретары, одан соң Оқу Ағарту халық комиссарының орынбасары, Қазалы аудандық партия комитетінің секретары болып сергек қызмет етеді.

Осы кезде өлкелік партия комитеті кейбір себептермен босаңсып кеткен комсомол жұмысын қайтадан нығайтып, Қазақстан комсомолын мейлінше жауынгер, неғұрлым белсенді күшке айналдыру мәселесін алға қойған еді. Өлкелік комсомол комитетіне жаңа секретарь тағайындау да күн тәртібінде тұр еді.

Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші секретары Л.И. Мирзоян комсомол қызметкерлерінің кеңесін шақырып, республика жастар ұйымының бұдан былайғы жұмысы жөнінде өңгімелейді. Сол кеңесте комсомол қызметкерлерінің бірсыпырасы бірінші секретарлыққа Қайсар Тәштитовтың кандидатурасын атайды. Тәжірибелі де талантты комсомол қайраткерлері, партиялық жұмыста да сыннан өткерілген, теориялық даярлығы мол Қайсар Тәштитовтың мінез-құлқы, іс-әрекеті республика жастарының жетекшісіне қойылатын талапқа барлық жағынан сай келеді деп танылады. Ақыры 1933 жылдың октябрінде Қайсар партиялық жұмыстан шақырылып, ВЛКСМ өлкелік комитетінің бірінші секретары болып тағайындалды. Бұл жауапты орында да ұзақ жылдар бойына мінсіз қызмет атқарып, Қазақстан комсомолының даму тарихына даусыз зор үлес қосады. Лениншіл Жастар ұйымының жарты ғасырлық мерекесі кезінде оның есімін де ерекше құрметпен еске алып, ардақтауға әбден лайық.

«Коммунизм нұры» газеті, 1967 жыл

АБАЙ. ЕКІ ТОМДЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

Бірінші томға редакторлық қорытынды пікір

Ұлы ақын Абайдың асыл мұрасын мезгіл-мезгіл қайтадан жариялау уақыт талабынан, оқырмандар тілегінен туады. Осыған орай «Жазушы» баспасында Абайдың екі томдық шығармалар жинағын үстіміздегі жылы жаңадан жарыққа шығару жоспарланған. Соның бірінші томына редакторлық ету жауапкершілігі маған жүктелген-ді.

Биыл қайта басылып 1977 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан екі томдықтың негізінде, сол текст бойынша әзірленіп жатыр. Бірақ ғылыми басылымдағы кіріспе, алғы сөз, соңғы сөз, түсініктемелердің бәрі түгел алынып тасталып, таза Абай мұрасы әдеттегі әдеби басылым ретінде жарық көрмек. «Таза Абай мұрасы» деп оның өлеңдері мен поэмаларын, аудармалары мен қара сөздерін айтамыз. Біз редакторлық еткен Бірінші том өлеңдер мен поэмалардан тұрады.

Қайта басылымға редакторлық еткенде 1977 жылғы нұсқаны негізге алып, мұқият тексеру барысында оны Абай шығармаларының 1945 жылғы және 1957 жылғы басылымдарымен салыстыра отырып оқыдық. Әсіресе Мұхтар Әуезов жалпы редакциясын басқарған 1957 жылғы нұсқаны барынша басшылыққа алдық.

Сонымен Бірінші томды оқу, өндіріске әзірлеу үстінде менің тарапымнан жүргізілген жұмыстар мынау, содан туатын редакторлық ұсыныстар мынадай:

7-бет. Абайдың алғашқы өлеңі – «Иузи раушан, көзі гәуһар». Осы туынды кейінгі басылымдарда «Шығыс ақындарынша» деген айдармен басылып келеді. Абай әуелде бұған ондай ат қоймағаны анық, мұны өлеңге абайтанушылар таңып жүр. Біз мұндай жасанды атты артық дейміз. Осы өленнің алғашқы төрт жолын оқығанда үш жерге үтір (қосымша) қоюға тура келді, өлең тармақтары мен бунақтарының мағнасы соны талап етеді. (Бүкіл қолжазба бойында қажетті жерге тыныс белгілерін қойып отырдық. Оны редакия меңгерушісі мен Бас редакция байқауға тиіс).

8-бет. Барлық басылымдарда «Навои» делініп жүр. Мұны «Науаи» деп оқып, жазу қажет.

10-бет. «Ләбіңнен ем қысаң мен дерттіге» дегенде «ем қылсаң» деп толық жазсақ.

11-бет. Жалғыз шумақ өленнің соңғы тармағындағы «бауырынды» деген сөзден кейін көп нүкте қоюмен келеді. Осы көп нүкте орнына «ұрайын» деп қосқан жөн ғой. Әйтпесе анау үлкен балағатты оқырманның аузына өзіміз салғандай боламыз ғой.

16-бет. «Лайы жоқ суатым» делінген. Дұрысы – «Ылайы». Сөздің басындағы «ы», «і» дыбыстарын алып тастау қазақ тіліне қиянат. Осы «Сап, сап, көңлім, сап, көңлім!» өленіндегі «Сана қылма», «Сан қылғанмен», «Әлі барып кетерге» дегендерді түсіне алмадық.

20-бет. Абай шығармаларының екі томдығына пікір жазған Төкен Әбдірахмановтың ойынша «Құсы да, иесі де қоразданар» дегенді «Құсы да иесіне қоразданар» деп оқу қажет. Біз осыған қосыламыз. Соны ақылдассақ.

25-бет. Т. Әбдірахмановтың пікірінше, «Наданға арам ақылды құлаққа ілмек, Бұл сөзден ертегіні тез үйренбек» дегенді «Надандар арам ақылды құлаққа ілмек, Бұл сөзді ертегідей тез үйренбек» деп оқыған жөн. Осы пікір көкейге қонады.

33-бет. «Саудагер тыныштық сауда қыла алмай жүр». Осыны «тыныш сауда» деп оқыса қайтеді?

35- бет. «Күні бойы шешініп бір т...-ақ». Мұндағы көп нүктені де анықтау артық болмайды. Абай ашынып сөйлеп отырған өленде «тышқаны-ақ» деген тыжырыну сөзі жүруі әбестік емес.

Абай шығармаларының текстологиясында әлі де ойластыратын біраз жайлар бар. «Мынау былай болу керек қой» деп жармаса кету жарамсыз,

бірақ қисынға келетін түзетулер жүргізілуі де жөн ғой. Біраз ұсыныстарды қолжазбада қарындашпен көрсетіп отырмыз. «Редактор өз жұмысын бізге сілтегені несі? Деген ой тумауын тілер едік. Қайта басылым редакциясының меңгерушісі мен бас редакция қарағаннан кейін ортақ келісім бойынша редакторлық жұмысты одан әрі жүргізуге әзірміз. Кезекті басылымды мүмкіндігінше мұқият шығару – бәріміздің Абай рухы алдындағы борышымыз ғой.

Редактор Ж. Нұрқанов. 05.02.1985 ж.

ШАБЫТЫ ШАЛҚАР ДАРИЯ

Жамбыл Жабаевтың туғанына 125 жыл
(16.02. 1846 ж. – 22.06. 1945 ж.)

Ұлы Октябрь дүниені дүбірлетіп келген тұста жасы жетпістен асып кеткен Жамбылдың аты өз төңірегіне ғана мәлім болатын. Азаттық таңы атты да, қарт ақынның қажыған жүзіне шұғылалы шуағын түсіріп, өңіне шырай, өлеңіне қанат бітірді; сүйенген таяғы орнына сүйікті домбырасын әкеп қайта ұстатқызды. Зілдей ауыр заманда жүрегі баяу соға бастаса да жыршыл күйін тастамаған екен. Көненің көзі болып табылған Жамбыл жаңаның өзі болып жарқырай танылды. Томағасы алынған қырандай байтақ Қазақстанның, ұланғайыр Отанымыздың ашық аспанына, шырқау биігіне шықты. Жаңа дәуір, жарқын өмірді шаттана жырлаған шабытты шумақтары дүние жүзіне таралып кетті. Біз Жәкеңнің ақындығын алдымен сол үшін сүйеміз; есек мініп, ол кезген кедей жыршыны кереметтей көтерген Октябрьге деген алғысымызда шек жоқ.

Жәкеңнің революцияға дейінгі жырларынан да, әсіресе, айтыс өлеңдерінен оның туа біткен ақындығы, осы өнерді жастайынан күйттеп өскен шын шеберлігі, өмір сырын, елдің күйін көкейіне көп тоқыған алғырлығы сезіліп-ақ тұрады. Бірақ ақынның басы озық бір артықшылығы: Жамбыл әуелден-ақ елдің мұңын жырлап, кедей-кепшік, жарлы-жақыбай жағында болады. Шындықты шімірікпей ашық айтып, қазақ байларынан да, патша әкімдерінен де тіл тартпайды. Совет өкіметімен қарт жыраудың қапысыз табысуы да, ақын көңілдің саясатпен тікелей қабысуы да содан.

Жамбылмен тетелес шығып, тұстас жырлаған халық ақындары да аз емес. Бірақ солардың ішінде ақпа-төкпе ақындығы, айтқан ойының терендігі, айшықты өлең өрнегі жағынан Жәкеңнің шоқтығы бөлек, иығы ордайым биік тұрады. Ақындықтың ақ басты Алатауындай, «өлеңнің ұлы сүре даңғылы» болған атамыздың аса зор поэтикалық шеберлігін

әсіресе, «Ленин Мавзолейінде», «Туған еліме», «Халықтың сәлемі», «Алтын заң» атты өлеңдерінен айрықша танимыз. Оның бұл жырлары «Правда», «Известия» газеттеріне шұғыл жарияланып, көп ұлтты еліміз-ге еркін жайылды. Жәкең халықтық алтын қазына – асыл сөз, әдемі тіл, әсерлі бейнелерді талғаммен таңдап алып, жаңа мазмұн, жарқын ойға бөледі; тың теңеулер тауып, шебер шендестіру жасап, өте нәзік өлең үлгісін ұсынды. Халық поэзиясын дамытудағы осындай зор еңбегі үшін де оған Еңбек Қызыл Ту ордені берілді. 1938 жылы Жамбылдың ақындық творчествосының 75 жылдығы бүкіл еліміз бойынша елеулі мереке, дүниежүзілік даңқы бар той ретінде аталып өтті. 1941 жылдың көктемінде Жамбыл Жабаевқа ақын-жазушылардың алғашқылары қатарында Отанымыздың Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Неміс басқыншылары Отанымызға опасыздықпен шабуыл жасаған шақта 95 жастағы Жәкең ауруханада жатқан.

Асқар таудай еліме
Фашист шапты дегенде,
Ашу мен кек аралас
Жыр да келді көмейге, –

деп ызаланған ақын ауруханадан шыға ел аралауға кіріседі. Бойына ерекше жігер, екпінді шабыт бітіп, атақты өлеңдерін, жауынгер жырларын бірінен соң бірін шығарады. Всеволод Вишневскийдің: «1941 жылдың күзі, Ленинград халінің өте ауыр кезінде Жамбыл қаланы қорғаушы біздерге «Лениградтық өрендерім!» деген жалынды ұран тастады. Бұл арнауды көзге жас, көңілге қуаныш толы сезіммен оқымауға болмайтын еді. Біз күшімізді еселей отырып ұрысқа кірістік», – дейтін сөзін еске алсақ та, Жәкең жырларының қуаты мен құндылығын айқын түсінгендейміз.

Әдетте Жамбылды – «халық поэзиясының алыбы» деп атайды. Шынында, 14-15 жасынан бастап, 99 жасына дейін өлең туындатып, өмірінің соңғы күндерінде Жеңіс толғауын түйдектетіп өткен жыршы, ақындық қуаты 85 жыл бойына сарқылмаған дарын ешбір елде бұған дейін болған емес.

Ақынның өзін – жүз жасаған Жамбыл десек, жақұттай сөзін – мың жасайтын мықты жыр, ғасырларға кететін ғажап өнер дейміз. Өйткені «Правда» газетінің 1938 жылғы 20 майдағы санында жазғандай: «Қазақстанның даңқты ақынының теңдессіз лиризмге толы, ұмытылмастай образдарға бай ғажап жырларынан совет халқы біздің дәуіріміздің ілгерілеген қимылын аңғарады, көркем сипатталған өз өмірін, өзінің асыл ойын жай-күйін көреді».

Ақмола облыстық «Коммунизм нұры» газеті,
2 март 1971 жыл

ЖАН БАБАМ

Атың сенің әйгілі, Жамбыл Жабай,
Әнге қостым атыңды Алатаудай.
Сусар бөркің, көңілімде жүр ғой көркің
Саған тартып, мен қайтем, өнер қумай.
Угай-угай, әй, угай, угай-угай.

Кешір, баба, дей берсем, Жамбыл Жабай,
Күмбірлесін дүние домбырадай.
Қанша қиын дегенмен қазір заман,
Жүре алмайды бұл қазақ той тойламай.

Біреуге – төр, біреуге – орын жетпей,
Жүре алмаймыз біреуді өкпелетпей.
Үнсіз қалу әйтсе де жөн бола ма,
Абайдан соң Жамбыл деп дүрілдетпей.

Жетісудің перзенті – Жамбыл Жабай,
Мәңгі биік мәртебең Алатаудай.
Егін болып көктейді, керім болып,
Жамбыл Жабай дейтін кез әлі талай.
Угай-угай, әгай, угай, угай-угай.

КҮНМЕН ТІЛДЕСКЕН АҚЫН

Тайыр Жароковтың туғанына 60 жыл
(20 сентябрь 1908 ж. – 11 март 1965ж.)

Солқылдата соғылсын
Бесжылдықтың балғасы!
Еңбегімен танылсын
Ердің алып тұлғасы!

Осынау бір екпінді өлең жолдары бірінші бесжылдықтың дәл қызған шағында өмірдің өзінен туып, көпшіліктің көкейіне қона кеткен еді. Содан кейінгі әрбір бесжылдықтың тұсында жаңадан жаңғырығы естіліп, қайталана айтылып, қанатты сөзге айналды. Халық арасына кеңінен тарап, әрдайым тілдің ұшында тұрды. «Солқылдата соғылсын бесжылдықтың балғасы!» – деген бұл қуатты ұран бүгінде де ерекше екпінді, ерекше орынды естіледі.

Дәуірдің дабылына орай туған жыр қуаты жылдар бойына бәсеңдемей, замана ағымына заңды құрдас бола білсе, ол өлеңнің өміршеңдігін,

ал ақынның халықпен біте қайнасқан асыл қасиетін танытса керек. Әлгіндей адуынды, жігерлі жырдың авторы – қазақтың атақты ақындарының бірі Тайыр Жароков тап осындай қаламгер еді.

Дүниені дүр сілкіндірген Ұлы Октябрь революциясы, жаңа өмірдің туын тіккен Совет өкіметі, қалың бұқараның қабілет – дарыны дариядай шалқытқан социалистік құрылыс оның бойындағы өнердің көзін ашып, талантының жарқырай көрінуіне анық жағдай жасады.

Тайыр Жароков 1920-1923 жылдары орысша-қазақша мектепті бітіріп, 1923 жылы Орынбордағы Қазақтың халық ағарту институтына түсіп, жалпы білім алумен бірге, дүниежүзілік әдебиет туындыларынан да мол сусындай бастайды. Жазба әдебиетіміздің атасы – Абай творчествосымен танысып, жаңа туған қазақ совет әдебиетінің іргетасын қалаушы – Сәкен, Бейімбет, Сәбит, Шолпандардың сол тұста газет-журналдарда жиі басылатын жырларын қызыға, құныға оқиды. Бұл оның өзінің де ақындық сезімін оятып, қолға қалам ұстатады. Тап осы кезде Тайырдың Сәбит Мұқановпен танысып, кеңесуі жас ақынның жасаң үнін ширатып, балғын қаламын батыл ұстануына үлкен септігін тигізеді. 1927 жылы Сәбит Мұқанов құрастырған «Ақындар шашуы» журналының тұңғыш санында алғаш басылған «Аэроплан» өлеңі қазақ оқырмандарына Тайырдың атын айқын етіп танытты. Сөйтіп ол әдебиет дүниесіне Әбділда Тәжібаев, Асқар Тоқмағамбетовтермен қатар, қазақ ақындарының екінші буыны есебінде келіп қосылды.

Тайырдың бірінші жинағы «Жұлдыз жарығы» деген атпен 1932 жылы басылып шыққан еді. Осыдан бастап оның 18 кітабы оқырмандар көдесіне асты. Ал 1960 жылы жарық көрген шығармаларының екі томдығы Тайыр Жароковтың қазақ совет әдебиетінің қабырғалы қайраткерлерінің біріне айналғанын айқындап берді.

Ақынның отыз жылдық өлең-поэмаларын жинақтаған бұл екі томды аудара отырып, біз Тайырдың салған беттен-ақ социалистік құрылыстың тегеурінді қарқынынан қуат алу арқылы поэзиямызға жігерлі ырғақ, ұранды үн, лепті серпін әкелгенін аңғарамыз. Ол миллиондардың өмірін өлең етіп, өз сезімін қоғам мүддесімен, көпшілік ұғымымен ұштастыра білді. Сондықтан да оның өлеңі ән болып айтылып, ауыздан-ауызға тарап кетті.

Мың-мың қолдар, миллион милар
Милар миллион қимылда.
Миллион толқын,
Толқын миллион
Толқындата қимылда.
Алтын жазда аққу қаздай,
Миллион әнін шырқасын,
Табысымды, Дауысымды
Тау-тас дала тыңдасын! –

деген жыр шумақтары біздің әке-шешеміздің, аға жеңгелеріміздің әлі күнге есінде.

Тайырдың ашық үнді, асқақ сезімді өлеңдері ол кезде қазақ даласында кеңінен естіліп тұрды. Тайыр ақын өзі көріп-біліп және атсалысып отырған қазіргі өмірді, советтік тұрмыстағы ұлылы-кішілі жаңалықтарды өлең-поэмаларына өзек етіп, кезеңді оқиғаларды кезінде жырлап, заман ағымына барынша үн қосуға ұмтылатын. Әуелден-ақ азаматтық лириканың туын берік ұстап, биік көтерген ақын сол бағытынан, мол шабытынан қайтқан жоқ, шабысынан танған жоқ. Бұған «Талмас түлпар», «Азат әйел», «Болат балға», («Мотор жыры», «Көмір күйі», «Олеңмен қойдым қолымды», «Қазыналы Қазақстан» секілді сезімі оймен тоғысқан, жеке бастың көңіл күйі көп тілегімен қауышқан, көтеріңкі лепке толы өлеңдері куә.

Ақынның «Күнмен тіл қатты» поэмасын айрықша атау керек. Поэмаға, бір жағынан, өмір шындығы өзек болса, яки стратостатпен 22 мың метр биіктікке көтеріліп, дүниежүзілік рекорд жасаған совет ұшқыштарының ерлігі суреттелсе, екінші жағынан, еліміздің батыр тұлғасы, батыл қадаммен қарыштап алға басуы ақын шабытын шарықтатып, қиял құсын асқар биікке әуелетеді. Сөйтіп ақын аспандағы күміс Күнмен тілдесіп, асқақ күнді еліміздің ерлеріне бас игізеді.

Бұған дейін шағын өлеңдер жазып келген лирик Тайыр енді көсіле шауып, көлемді туындылар бере алатындығын көрсетті. Сөйтіп өз творчествосының алғашқы он жылын қорытындылаған атақты «Тасқын» поэмасын жазды. Бұл туынды Тайырдың ақындық қуаты күшейіп, шеберлік жолында өсе түскенін айқындай берді. Жаңа өмір жасаушы қазақ жастары жайында жазылған бұл шығарманың көркемдік сипаттары мол.

Тайыр 1934 жылы Ленинградта аспирантурада оқып жүрген кезінде орыстың классикалық әдебиетімен жете танысуға мүмкіндік алады. Орыстың ұлы ақындарының ғажайып мұраларына елігіп, енді аудармамен де айналысады. Пушкиннің «Цыгандар», «Кавказ тұтқыны», «Коломнодағы үйшік», «Ағайынды қарақшылар» атты поэмаларын тәржімалайды.

Қара боран көкті жапты,
Қарлы құйын қуалай.
Кейде ұлыған аң сияқты,
Кейде жылайды баладай.
Төбесінен үйдің тозған
Сыбдырлайды сабаны,
Жолаушыдай кешеу қалған
Терезені қағады, –

деп қазақ жаттап өссе, ол – Тайырдың еңбегі. Сондай-ақ ол Лермонтов, Некрасов, Шевченко өлеңдерін де қазақ оқырмандарына қалтқысыз

жеткізе білді. Әсіресе Маяковскийдің «Владимир Ильич Ленин» поэмасын ана тілімізге аударуы, кейбір кемшіліктеріне қарамастан, зор творчестволық еңбек болып табылады.

Тайыр елуінші жылдары да өнімді еңбек етті. Елімізде елеулі оқиғалар туып қалған сәтте өзге қазақ қаламгерлерінен бұрын қимылдап, тың туынды беріп тастап отыратын. Тайыр бұл кезде де төтеден қосылып, төтенше озып отырды. Атап айтқанда, «Жапанды орман жаңғыртты», «Қырда туған құрыш» поэмаларын жариялап, нысаналы тақырыбын көтеріңкі шабытпен жырлайтын, публицистикалық сарыны басым талай өлеңдер жазды. Оның бір тобы 1962 жылы «Тау жырлайды» деген атпен жеке жинақ болып шықты.

Ақынның соңғы кітабы – «Тасқынға тосқын» деп аталады. Бұған жарқын жүзді адамдарымыздың жан дүниесін, шадыман еңбегін, космосты бағындыру ерлігін паш ететін парасатты өлеңдерімен қатар «Тасқынға тосқын» деген ең соңғы поэмасы енген. Мұнда Тайыр табиғаттың дүлей күшіне қарсы төтеп берген құдіретті адам күшін әспеттейді. Сондай өршіл өрендер көркейтіп жатқан Қазақстанды қасиеттейді.

Ақын творчествосы кемеліне келіп тұрғанда қайтыс болды. Тайыр ақын өз республикасымен бірге өсіп, біте қайнады. Оның мәдениеті мен әдебиетінің, әсіресе, поэзия саласын өркендетіп, көркейтуге көп еңбек сіңірген, өзінің көркем сөзімен халқымызға адал қызмет еткен, өнер шыңына еркін өрмелеген екпінді ақын.

«Коммунизм таңы», 28. 09. 1968 ж.

ОРАЙЫ КЕЛІП ҚАЛҒАН СОҢ...

Ғабеңнің «Ұлпан» романында Есеней мен Ұлпанның қызы Біжікенге үйленіп, байлыққа да, билікке де қолы жеткен пысық жігіт Торсан – өмірде болған кісі, еліміздің солтүстығындағы керей-уаққа аты мәлім адам. Момын емес әмір-билігін жүргізіп тұрған Торсан болыс келіп түскен, түстенген үйдің баласы да даладан үйге жүгіріп келіп, айғайласа керек: «Ойбай, ата, анаң қара, Торсан т... отыр» деп. Үлкендер құдайдай көретін Торсан болыстың түзге отырған пендешілігі ойын баласын қатты таңырқатқан ғой. Бұл сөз Есілдің екі бетіндегі ауылдарға мәтел болып тараған. Сол секілді менің де: «мәссаған, Қадекең де жаңылысыпты» деп, дауыстағым келіп отыр.

«Қазақ әдебиеті» газетінде (№6, 2006) сыншы Сайлаубек Жұмабектің 60 жылдығына арналған мақаласында Қадыр Мырза-Әли былай деп жазыпты: «Әлі есімде, Мұхамеджан Қаратаевтың өзі академик басымен, тіпті жинақ емес, топтама емес, Әдібай Табылдиевтің (?) бір ғана жеке өлеңін талдап, тәптіштеп түсіндіргенін оқып, таң қалған едік». Қадырдың бұл сөздеріне біз де таң қалдық.

Шын мағынасындағы кәсіби сыншы, сонысымен академик атанған Мұхаметжан Қаратаев әдейі тілге тиек еткен; әдеби тұрғыдан арнайы талдаған шағын туынды – Әдібай Табылдиевтің емес, Өкім Жайлауовтың олеңі еді ғой. «Баласы – мен Жайлаудың Өкім едім, Өлеңім шықпағанға өкінемін» деп, редакцияға наз білдіретін, көбіміздің көкейдегі сөзімізді тауып айтқан тәуір ақын бар еді ғой, соның шағын лирикасы талданатын сияқты еді. Қыстыгүнгі аязды кеш, шөп тиелген шана, шөп тасыған шаруа. Ауылдың кешкі жарық сәулесінен кәнігі сыншы жыр ұшқынын корген тәрізді. Жазу ісіне мұқият, әр сөзі есептеулі. Қадекең осы тұста Өкім ақынның есімінен қалайша жаңылысты екен?

Сондай-ақ Қадырдың: «өкінішке орай» деп сөйлейтіні де ыңғайсыз. Газет тілшілері Қадырға телефон соғады, бір нәрсеге, бір мәселеге көзқарасын сұрайды, сөйтіп, оның пікірін жариялайды. Сонда Қадырдың жауабында: «өкінішке орай» дейтін сөз тіркесін бір емес, бірнеше рет кездестірдім. Мен мұны газет қызметкерінен көруші едім, өзінің орынсыз сөз қолданысын Қадыр Мырза-Әлиге сырттан теліп жіберген ғой деп. Ойтпесе өмір бойы ой орманын кезумен келе жатқан Қадыр өз ренішін, өз қынжылысын, «өкінішке орай» деп, солақай сөз тіркесімен білдіруі мүмкін емес қой. Мен Қадырды ондайға қимайтынмын.

Сөйтсем, жаңағы: «Берерің көбейсін, бауырым!» атты мақаласында Қадырдың өзі: «Өкінішке орай, бүгінгі әдебиет сыны ол міндетті ойдағыдай орындай алмай отыр» және «Өкінішке орай, қазақ сыншыларының біразы әдебиет сыншысы емес, фармацевт болуға жаралған жандар» деген ауыр сөздерді нығарлап тұрып жазған. Сонда қалай, Қадыр шынымен-ақ әрі өкініп, әрі соны орай санап, оңға балап отырғаны ма?

Орай – оң мағналы сөз. Қазақ бір нәрсенің реті келгенде, сәті түскенде, ыңғайы болғанда ғана «орай» деп сөйлейді. «Сабақты ине сәтімен» деп пайымдайтын қазекең айтар сөзді орайын келтіріп айтуға, істейтін ісін орайын тауып жүзеге асыруға ұмтылады. Орай деген – ұлттық ұғым, ол қазақы болмысымызды, қазақы тірлігімізді танытады.

Ендеше неге «өкінішке орай» деп теріс сөйлейміз? Өкінішке ешнәрсе орайласпайды. Біздер Ахаң, Жақаң деп ардақтайтын арыстарымыз бар ғой, солар осыны жан-тәнімен сезінген. Олар орыстың «к сожалению» деген сөзін «өкінішке қарай» деп аударып, әдейі қолданысқа енгізіп, тілімізге кіріктіріп кетті ғой. Кейінгілер жаңылысып жүрмесін деп. Және бұған қазақтың: «бағымызға қарай, сорымызға қарай» деген сөздерін негіз етті емес пе?

Яғни өкініш пен орайды қосақтаудың жөні жоқ. Мұны Қадырға тиісу үшін емес, оқырмандармен ой бөлісу үшін, осыған жұрттың назарын аудару үшін айтып отырмын. Мен осының бәрін ойдан шығарған жоқпын. Қарт қаламгер, қадірлі, зерделі жазушы Ғалым Ахмедов өмірінің соңында, осы «Қазақ әдебиетінің» бетінде нақ осы мәселе турасында өз ойларын айтып, жазып кетіп еді. Нағыз қазақтың «әттең, өз ойларын айтып,

шіркін, әттең, не керек» деп өкінетінін; өкінсең, шын өкіну керектігін үлкен білімдарлық пен ұғындырған болатын. Ол сонда: «Әттең, дүние, сөз таныр кісі болса» деген Абай кемеңгерлігіне сүйенген.

Тіршілікте өкініш болмай тұрмайды. Өміріміз өкінішке толы. Сол көп өкініштің біреуі – осы «өкінішке орай» деп орынсыз сөйлеп, жазып жүргеніміз. Мен осыған шын өкініп, шынымен налимын. Орайы келіп қалған соң, ой-толғанысымды ортаға салдым. «Тіліміздің халі мүшкіл» деп айтып жүргеніміз ырас болса, біз өзіміз алдымен ең болмаса неге дұрыстап өкінбейміз? Әттең, шіркін, не керек...

Сөз төркіні

ӨКІНІШТІҢ АТЫ – ӨКІНІШ

Оған ешнәрсе орайласпайды

Өмір дегеніңіз өкінішке толы. Өкінбейтін күніміз, өкінбейтін кезіміз жоқтың қасы. Бізді өкіндірмейтін нәрсе қалмай бара жатыр. Ең аяғы мынау «өкінішке орай» деген сөз тіркесі де мені қатты өкінтеді.

Айтқан сөзге ден қойыңыз: **орай – оң мағналы, жағымды сөз. Бір нәрсенің реті келгенін, сәті түскенін, ыңғайы болып тұрғанын білдіреді. Біраз кісі бас қосқан жерде біреу әңгіме айтады. Екінші біреу: «сіздің осы сөзіңізге орай» деп, өз сөзін сабақтайды. Бұған разы болған үй иесі: «бастарыңызды қосудың орайы келгені осы» деп сызылады. Ықылас-ілтипат, сый-құрмет бір-біріне орайласып жатады. Әр нәрсенің орайы табылғанға не жетсін!**

Бұған керісінше, сәті түспеген, қисыны келмеген, орайы болмаған, реті жоқ дүниенің бәрі өкініштi. Ендеше өкініш сөзіне әлгі орай сөзін қосарлаудың ешбір жөні жоқ. Өкініштің аты – аты өкініш. Оған ешнәрсе орайласпайды. Әттең, осыған мән бермей-ақ қойдық.

Алғаш кімнің қолданғаны, кімдердің жариялап жібергені белгісіз, әйтеуір осы бір солақай сөз тіркесі ойда жоқта пайда болып, «өкінішке орай» деп теріс сөйлеу әдетке айналды. Жаман әдет жұғымпаз. Осылай деп жазып, осылай деп сөйлеушілер көбейгенін қайтерсіз. Жоқ, ол дұрыс емес, өйтуге болмайды, ағайын.

Ағатайдың балалары, оңға басыңыздар, жөнге көшіңіздер. Егер әлденеден опынып, әлденеге өкініп отырғаныңыз рас болса, сол жағдай өкінішке қарай болып тұрғанын сезініңіз, солай деп айтуыңыз қажет. Атам қазақ: «бағыма қарай, сорыма қарай» деп сөйлеген ғой. Сол үлгіні ұстансақ, кісінің ренішін, қынжылысын білдіретін сөз тіркесі – өкінішке қарай.

Өмір деген өкінішке толы. Өкінбейтін кезіміз жоқ. Өкінішке қарай, менің бұл сөзіме жұрттың құлақ аспауы да мүмкін. Ең өкініштісі сол болып жүрмегей. Жағдай қиын.

ШАЛҚАР ШАБЫТ

Совет әдебиетінің бір саласы ретінде қазақ әдебиеті өзінің мазмұнының мәнді, құндылығы жөнінен әлем көркем өнерінің алдыңғы сапында. Әдебиетімізді жаһанға танытқан жанр – проза. Үлкен үйіміз – поэзиядан өрбіп, озып, өскен отау – прозамыздың іргесін қаласқан жазушылардың бірі Ғабиден Мұстафин. Ол – «Өмір не өлім», «Шығанақ», «Миллионер», «Қарағанды», «Дауылдан кейін» романдарының авторы.

Жазушының алғашқы кітабы 1929 жылы Қызылорда қаласында «Ер шойын және басқа әңгімелері» деген атпен басылып шықты. Кітаптың негізгі тақырыбы революциядан кейінгі қазақ аулындағы үстемдігінен айрылып, жалға жармасқан байлар мен теңдік алып, тізгін ұстаған кедейлер арасындағы тап-тартысы. Кітаптың басты кейіпкерлері – жалшылығында жүріп зорлығына шыдаса да, әкесінің аяғын сындырып, көзін шығарған қорлығына көне алмай байға қол көтерген, сол үшін жер аударылатын болған, күштілігінен күзетшілерден құтылып, бірақ елге сыймай, «қашқын, ұры, бұзық» атанған, Октябрьден соң ғана әділеттік тапқан Қуат («Қашқын» әңгімесінде), кеше бай есігінде еңсесі езіліп, ішкі наразылығын сыртқа шығара алмай жүрген көп жалшының бірі, бүгін Күнжік баймен күресіп, қожасын конфискелесетін белсенді кедейлер тобының ұйымдастырушысы жылқышы Шойын («Ер Шойын»), кеше байдың көзіне батыл қарай алмайтын, бүгін оның өзін жау ретінде әшкерелеуге қатысқан жалшы Елеусіз («Кек»), білек пен тілек біріктірісіп, күш пен құралын ұйымдасып жұмсайтын коллектившіл қазақтар («Еңбек бірлігі»). Кітаптан қалатын әсер – ауыр күрестің ақыры жарлы-жақыбайдың пайдасына шешілетіндігі, жайлап болса да, жаңа өмірдің жаппай көктеп өсіп келе жатқандығы. Яки жазушының тұңғыш кітабы онда суреттелінетін дәуірдің жаңғырығы болды. Бірақ әңгімелерінің идеясынан көркемдігі көп төмен еді: сол кездің әдебиетіне тән, өмір құбылыстарын құрғақ социология тұрғысынан суреттеу, адамдар бейнесін схематизм жолымен жасау мұнда да мол-ды. Бұл әңгімелер жазушының суреткерлік жолындағы, алғашқы адымы болатын.

Және бір жаңалық емес жәй: «Ғ. Мұстафиннің алғашқы әңгімелері – оның 1918-1925 жылдар аралығында сан қилы совет мекемелерінде әртүрлі қызмет атқарғандығының, әсіресе 1926 жылы Қызылорда қаласында өлкелік сотта іс жүргізуші боп істегендігінің жемісі. Ал 1940 жылы жарияланған «Өмір не өлім» атты бірінші романы оның 1930 жылы туған жері – Қарағандыға қайтып барып, жаңа ашылған өндірісте қара жұмыс істегендігіне тікелей байланысты. «Өмір не өлім» өсу жолында өзіндік орны бар кітап еді, бірақ «жас таланттың қанағатсыздығымен» (Репин), автор оны «Қарағанды» романы етіп жаңадан жазғаны мәлім.

Ғабиден Мұстафиннің есімі қазақ қауымына да, одақ оқырманына да Ұлы Отан соғысынан кейінгі дәуірде «Шығанақ» романы арқылы ай-

рықша белгілі болды. Роман алғаш рет 1954 жылы жарыққа шықты да, 1947 жылы Москвада орыс тілінде басылды.

Бәрінен бұрын «Шығанақ» – өзіміздің советтік өмір жәйлі, оның ішінде, қазақтың қалың көпшілігінің тұрмысы, шаруасы, санасы үшін өте ерекше орны бар колхоз туралы шығарма.

Адамзат өмірінің мәңгілік мәні – табиғатпен күрес, жаңа совет адамдарының ноян талабы – табиғаттың бермесін тартып алу – міне, осы «Шығанақтың» негізгі тақырыбы. Сол күресте жеңіске жеткен еңбекшінің өкілі, халық академигі Шығанақ ардақталынады романда. Сондықтан да абзал мұратты шығарма ізгі ниетті оқырмандардың талғампаз көңіліне қонды, сарапдар санасына сіңді.

Осы тұрғыдан алғанда, 1948 жылы «Миллионер» повестінің жариялануы заңды құбылыс болды. Өскен оқырмандардың үміті ақталды. Шеберленген жазушы оқушының көкейін таныды. Шаруашылығы іріленген колхоз туралы идеялық көркемдігі жоғары шығарма туды.

Повесть көп талқысына тіпті көп түсті, мектеп залдары мен колхоз клубтарында, республикалық және орталық баспасөздерде қызу жиындар мен қызық мақалалар туғызды.

Көп таластың қорытындысы сол: «Миллионер» жазушының да, қазақ совет әдебиетінің де тамаша табысы болып танылды. А.А. Фадеев 1949 жылы Парижде сөйлеген сөзінде «Миллионерді» көп ұлтты совет әдебиетінің таңдаулы шығармаларының қатарына қосты.

«Қарағанды» романы әдебиетімізде әлі де кенже қалып, аз бейнеленіп келе жатқан өндіріс тақырыбына арналған. Романда советтік Қарағандының тууы, өсуі және өркендеуі, қазақ даласында жұмысшы табының әбден қалыптасуы. Қарағанды өндірісінің одақтық үшінші көмір ошағы атағын алу тарихы сөз болады. Кітаптың кейіпкерлерінің өсу жолы да осы өндірістің өркендеу жолымен нық байланысты. Адамдар көбінесе жұмыс үстінде көрсетілген. Сол себепті романда өндіріс процесін суреттеуге де мол орын берілген.

Әдебиет сынының әділ көрсеткеніндей, Ғ. Мұстафиннің бұрынғы романдарында үлкен бір олқылық бар еді. Ол – партия қызметкерлерінің, басшы адамдардың бейнелері солғын шығатындығы. Шындығында, «Шығанақтағы» Кәрібай, Ермағамбет, Василий Антонович – бастауыш, аудандық облыстық партия ұйымдарының жетекшілері екендігін, «Миллионердегі» Сатан мен Ержан – аудан басшылары екендігін автордың әңгімелеуінен біліп, олардың өзіндік іс-әрекеттерінен, мінез-құлқынан, сана-сезімінен хабарсыз қалатынбыз.

Жазушы осы олқылықтың орнын толтырғысы келгендей, «Қарағанды» романының негізгі кейіпкері етіп, партия басшылығының бейнелейтін образ – парторг Омаров Мейрамды алған. Автор оның бойына партия қызметкеріне лайық қасиеттерді орынды түрде жинап – жеке адамға қонымды күйде сүйкімділікпен суреттеген.

Кітаптан кітапқа талант күші молайып, толыса түскен жазушы бұдан соңғы «Дауылдан кейін» романын да көркем сөздің үлкен ұстасына ай-

налғанын көрсетті. Шынайы өмір суреттері дараланған адам бейнелері: мақамы мол, ақауы жоқ тіл шыңдалып шыққан шеберлік. Тек мұнда автор бүгінгі дәуірден бір адым кейін шегініп, елді советтендіру кезеңін бейнелейтіндігі белгілі. Жаңа жазып жатқан «Көз көрген» кітабының біз оқыған тарауына қарағанда онда да өткен өміріміз суреттелінетін секілді. Қолымызға қызық кітап тиетініне күмәніміз жоқ.

Әйтсе де әрқашан заманмен бір адымдап, мезгілден кеудесі озық жүретін жазушымыз – 60-қа келген ағамызға інілік наз айтсақ керек-ті. Атамыз Шойынды, әкеміз Шығанақты, ағаларымыз Мейрам мен Жомартты кітап етіп жаздыңыз. Енді біздің өзімізді – Гагариннің құрдастарын, Жер космонавтарын берекелі қаламыңызбен бейнелеп берсеңіз, абзал іс болар еді.

Сол үшін де қадірлі Ғабеңнің сау-сәламат жасай беруіне жас оқырмандар бек қатты тілектес.

Жарасбай НҰРҚАНОВ,
Ленин атындағы онбіржылдық мектептің
әдебиет пәнінің оқытушысы.
Октябрь ауданы,
(Солтүстік Қазақстан. «Ленин туы»
газетіне 1962 жылы шыққан мақала)

ҚАЛАМ ТҰТҚАН БАҺАДҮР

(Бауыржан Момышұлы хақында)

Қаһарман қолбасшының қаламгер ретінде әдебиетке келуі әдеттен тыс болды...

Жазушы Баукең жайлы сөз үнемі осылай басталып жүр. Ол кісінің өзі отырған жерде солай десек, жаттандыны жақтырмайтын ағамыз: «Әй, осыдан басқа айтарың жоқ па?» – деп ақырып тастауы да мүмкін. Әйтсе де бұл тамаша тарихи фактіні аттап өту қиын.

Әңгіме орыс жазушысы Александр Бектің 1944 жылы жарық көрген «Волоколам тас жолы» деген повесінен басталады. Соғыс туралы соғыс барысында жазылған кітап, Европаны баса көктеп келе жатқан жалмауыздардың Москва түбінде тұңғыш рет тұмсықтан қансырай соғылғанын сөз ететін туынды кімді болса да қызықтырмақ еді. Оның бас кейіпкері – батальон командирі Бауыржан Момышұлы болуы, өзі айтқанға бір ауыз артық сөз қосса, автордың қолын шауып тастамаққа шарт қойған оқыс та қыңыр мінезді, өжет ойлы, батыл әрекетті, қайсар жан оқырман атаулыны үйіріп әкетті. Кітап аз уақытта көп тілдерге аударылып, фамилиясы жоқ адам, командир-қазақ аты айдай әлемге тарала жөнелді. Ал Баукеңнің туған жұртына ол шығарма «Арпалыс» деген атпен мәшһүр болды.

Рас, арыстандай алысып ел қорғаған, жау жапырған ер Бауыржан есімі, батыр Бауыржан даңқы одан бұрын-ақ аңызға айналып, хикая болып жеткен-ді, байтақ қазақ жеріне кең жайлып кеткен-ді. Жасыруы жоқ, асыруы бар, әсірелеуі мол болатын қазекеңнің ауызекі әңгімесінде Бауыржан батыр отқа салса күймейтін, суға салса батпайтын, оқ өтпес, қылыш кеспес кейіпте: айтқанынан қайтпайтын, ақ жолынан тайматын табанды: от ауызды, орақ тісті, ер мінезді болып сипатталатын. Талай ақын Тайбурылға да мінгізіп қойды оны.

Жыр-дастан, очерк-мақала былай тұрсын, жалынды жауынгер тұлғасы пьеса болып сахнаға шығып, опера болып әндетіп үлгерді. Кейін Дмитрий Снегин «Шалғай шепте», «Шабуылда» повестерінде, Мәлік Габдуллиннің «Менің майдандас достарым» кітабында, Александр Кривицкийдің «Ғұмыр бойы ұмытпан» шығармасында сүйіспеншілікпен суреттелген ержүрек Бауыржан Момышұлы әбден әдеби кейіпкерге айналып кетті.

Сөйткен Баукең соғыстан кейінгі кезеңде, елуінші жылдары өзі де қолға қалам алып, жазушы ретінде жарқ етсін келіп. Және алғашқы туындылары – «Бір түннің уақиғасы», «Біздің семья» кітаптары оның қаламгерлік қабілетін ап-айқын танытты. Екеуі де өз өмірбаяны негізінде жазылған аса шыншыл.

Бауыржан Момышұлы 1910 жылы ескіше 24 декабрьде қазіргі Жамбыл облысының Жуалы ауданында малшы қазақ үйінде дүниеге келген. Өзінің ата-тегі, өнген-өскен ортасы жөнінде ол жаңағы «Біздің семья» кітабында қызғылықты етіп, барынша баяндаған. Атасы болжағандай, ауыр мінезді, намысқой болып өскен, бірақ зерделі, зерек бала қылықтарынан болашақ батыр, парасатты қаламгер кейпін айнытпай танимыз. Қазақ молдасынан қашып, орыс мұғалімнен оқыған жеткіншек. Мектеп бітіргеннен кейін өзі де мұғалім болады.

1932 жылы әскери борышын өтеуге шақырылған Бауыржан бір жарым жылда командир атанып, запасқа шығады. Ленинградтың финанс академиясының жанындағы мамандық жетілдіру курсын тәмәмдәп, ең бір бейбіт қызметке кіріседі. Бірақ көп ұзамай, 1936 жылы СССР өнеркәсіп банкінің Алматыдағы қазақ кеңесінде кеңесші-экономист болып істеп жүрген жерінен Қызыл Армия қатарына қайтадан шақырылады да, енді өзі жас жауынгерлерді соғыс өнеріне баулитын болады. Жас командир, су жаңа лейтенант ұланғайыр еліміздің әр түкпірінде әскери қызмет атқарады.

Бауыржан Момышұлының Ұлы Отан соғысына бастан аяқ қатысып, жойқын жорықтарды, сұрапыл ұрыстарды қолдан өткергені көпшілікке мәлім. Мұнда ол өз басының өжеттігі, нар тәуекел ерлігі, намысқой қызу – қандылығы, дұшпанға мейрімсіз, ездікке одан бетер төзгісіз қаталдығымен қатар солдат жанына жалынды рух бітіріп, жауынгерлер жүрегінде жауға деген өшпенділік отын тұтатқан, Отан үшін, өмір үшін аянбай күресуге ұмтылдырған беделі зор, қаһары күшті командир болып көзге түсті: соның өзінде көзсіз ерлікке салынып, орынсыз өлімге бара-

тын құр айқайдан аулақ, әрбір ұрысты барлаумен бастап, әдіс-айламен жүргізетін, жеңбей тынбайтын, есепсіз шегінбейтін, қоршаудан шықпай қоймайтын шебер қолбасшы, зерек әскербасы, ретінде айрықша талант танытты. «Өжеттіктен не пайда, ерлігі мен ақылы көпті батыр етпесе», деп толғануы тегін емес екен. Сөйтіп ол аға лейтенанттан гвардия полковнигіне дейін өсті, взвод командирлігінен гвардиялық дивизия басқаруға дейін көтерілді. Соғыстан соң Бас штабтың Жоғары Әскери академиясын бітіреді де еліміздегі әскери академиялардың бірінде бес жыл бойы жауынгерлік-педагогикалық жұмыс жүргізіп, соғыс ғылымының тәжірибелі ғұламасы есебінде нақтылы ұрыс өнерінің курсын оқытады.

Сондықтан Бауыржан Момышұлы – алдымен, Совет Армиясының даңқы асқан офицері, Ұлы Отан соғысының атышулы ардагері, советтік дарынды қосбасшы, ерлігін елі мақтан тұтарлық ұлттық батырымыз.

1963 жылы Бауыржанды революциялық Куба, оның Қарулы Күштер министрі Рауль Кастро Рус, басқа да әскери адамдар дәл осылай бағалап, соған лайық құрмет көрсетісті. Бұл жөнінде Баукең елге оралысымен «Куба әсерлері» атты өзі де ғажап әсерлі кітап жазды.

Кубаның әскери академиясы тыңдаушыларының алдында сөз сөйлеген құрметті қонақ – Даңқты жауынгер, дарынды қолбасшы өмірінің жиырма бес жылын өткізген армия қатарынан денсаулық жағдайына ғана байланысты шыққанын және мұның жанына қатты батқанын мойындайды. «Запастағы полковник ретінде қайғысыз-қамсыз жата беруіне болғанын, бірақ запастағы азамат ретінде тып-тыныш жата беруіне ары төзбегенін» айтады. Соғыс ардагері «қайткенде де қоғамға пайдамды тигізсем, Совет Одағына ақырғы демім біткенше еңбек етсем» – деп армандайды. Ұлы Октябрьдің тарихи жеңістерін Ұлы Отан соғысында жаһаһа дұшпаннан қорғап қалған сұр шинельді адам туралы айтып беруді қасиетті борыш санап, қолына қалам алады. Бұл ретте атақты әскери жазушы, «Ары таза адамдар» романның авторы, Совет Одағының Батыры, генерал-майор Петр Бершигораның: «Бізге Бауыржан Момышұлының әскери ерліктері әбден белгілі. Жазушы болуымен ол екінші ерлік жасады. Меніңше, екі ерлігінің де бағасы бірдей» дегені еске түседі.

Шынында, жасаулы найзасын жазушылық қауырсынға айырбастап, қару-жарағын алмастырған Баһадур сөз өнері майданында да майталмандық танытты: «Бір түннің тарихы», «Жауынгердің тұлғасы» және «Төлеген Тоқтаров» повестерін, «Генерал Панфилов» пен «Москва үшін шайқас» романдарын бірінен соң бірін жазды. Соңғы кітап жарық көргеннен кейінгі бес жыл ішінде бес дүркін басылып, Совет Одағында ғана 400 мың дана болып тарады. Бұл кітаптың атын орысша, қазақша қатар атауымыздың себебі: алдымен орыс тілінде жазылып, жарық көрді де, 1964 жылы қазақша қайта басылып, туған жұртына түсінікті атпен жаңғырып шықты. Жазған да өзі, жаңғыртқан да өзі. «Әлі жеткен алып та жығады, шалып та жығады», дегендей, Баукең – екі тілде еркін сілтейтін қаламгер. Ал Мұхтар Әуезовтың айтуынша, Бауыржан Момышұлы қазақ тілін «Тамаша біледі», бірақ «орыс тілінде оңды жазады». Қалай

болған күнде де кешегі әдеби кейіпкер бүгін өзі көркем туындылар берген тұлғалы суреткер болып алды. «Оның әдебиетке келуі әдеттен тыс» делінуі содан.

Мұның өзі – сөз өнері тарихындағы тосын құбылыс болғанмен, Баукең үшін өзіндік заңдылығы бар. Кубалық командирлерге қалжындағанындай, гвардия полковнигі әуел бастан қаражаяу емес-ті. Жасынан-ақ ақын жанды, өткір тілді болып өскен. 1968 жылы шыққан «Шығармаларының» екі томдығының екінші кітабынан, оның өлеңдерін де оқисың. Көпшіліктің ұғымында аюдай ақырған батыр Бауыржан 1932 және 1938 жылы «Арман жар», «Отырсың қазір қайда, бұраңбелім» деген нәзік, назды жырлар жазыпты.

Өзге өлеңдерінің астында соғыс жылдарының датасы тұр. Өлім мен өмір белдескен тұста, қоршауды жарып, қол бастап ұрысқа кірген шағында да шабытты сөз өнерінен қол үзбеген. Көркем ойлы көк дәптерін командирлік планшетін тастамай, оқ астында, от ішінде, ақ қар, көк мұзды жастана жүріп, ойларын түртіп отырған. «Отан үшін отқа түскін – күймейсің», «Ерсіз ел болмайды, елсіз ер болмайды» деген мақал-мәтелдерді Бауыржан батыр атанған кезінде емес ұрысқа енді кірген кезінде, көк дәптердің алғашқы беттеріне жазған. «Жауға жаныңды берсең де, сырыңды берме», «Ердің туы – намыс», «Жауды өлтірсең, өлімнен құтылдың, өлтірмесең, өлімге тұтылдың» деген намысшыл нақылдары майдан газеттерінде ұран тәрізді басылып жүрген. Яғни, Бауыржан Момышұлы – табиғи талант, заңды қаламгер. Айырмасы сол: – соғыс оны әскери-патриоттық тақырыптағы сөз зергері, жорық шежіресін шертуші етті.

Бауыржанды біз батыр дегенімізбен ол өзі батырлық жайында байбалам салған жан емес. Керісінше, «өлімнен, оқтан қорықпадым деу – өтірік, сол қорқыныш сезімін жеңу батырлық» деп қайта-қайта нығарлап айтады. Соғысты алау-жалау, қызу айқас, ерлік дүниесі ретінде емес, адамзат басына түскен ауыр сын сұмдық азап, сұрапыл күйінде суреттейді. Сол қилы кезеңде кісілігін сақтап қалған солдатты әспеттеп, қарапайым жанның қаһарман жауынгерге айналуын, жауынгер характерінің қалыптасуын тебірене, толғана жазады. Соның ішінде СССР азаматы тұлғасында қазақ жасының қалыптасу процессін әсіресе көп күйттейді.

Советтік қазақ азаматын қастерлеп, тәрбиелеу, оның командирлік қызметі, қаламгерлік еңбектеріне ғана емес, бүкіл болмысына, күнделікті тіршілік әрекетіне тән. Көлеңкесінен қорқып, таяз ойлайтын кейбіреулер Бауыржанның мұнысын – ұлтшылдық деп ұғынғысы келеді. Жоқ, оның ешбір қисыны жоқ. Социалистік Отанын кеудесімен қорғап қалған Қаһарман ұлдың өз туған жұртына «Туысқан халықтармен терезең тең болсын, бауырлас ұлттар бағында мәуелеп, жайқалып өс, Ұлы Октябрь әперген бостандықтың, лениндік ұлт саясатының жемісін көр, жеңісіне ортақтас, комунистік мұраттың биік шыңына жет» деуі – үлкен адамгершілік, қасиетті парыз болып табылады.

ЕЛІМНІҢ ЕРЕН МАҚТАНЫ

(Бауыржан Момышұлына)

Ерліктің асқақ ақыны,
Өрлікке бастап ақылы;
Қайсарлық туын ұстанып,
Қайыспай өтті ақыры.

Жанындай қорғап Отанды,
Намыстан дәйім тұтанды.
Алысқан жауын жайратып,
Арыстан қазақ атанды.

Жартасқа біткен қарағай,
Төреге, төрге қарамай;
Баладай қыңыр қылықпен
Халықты сүйген данам-ай!

Сазарып шалқақ жатқаны –
Мәңгіге тыным тапқаны.
Бақыл бол, қайран Баукеміз,
Елімнің ерен мақтаны.

Сондықтан да Бауыржан Момышұлы – советтің жас ұрпағын жауынгерлік, айбынды рухта тәрбиелеуші, ерлігіне қоса парасат-пайымын халқымыз мақтан еткендей, қазақтың ұл-қызына үлгі болар асыл азаматымыз.

Суырып салма шешен ағамыздың қазіргі қазақ жастарына Абайдың ақындығын, Махамбеттің батырлығын, Сөкеннің сөнін, Күләштің әнін, Мұхтардың мұхит ойын, Қажымұқанның күшін тілеп, бата бергені барды. Біз сол ақ тілекке Баукеңнің өжеттігін, ерлігін, өткірлігін қосқымыз келеді. Қазір Қазақстанда 13 мың Бауыржан бар көрінеді. Олардың осы екі иығы тіп-тік, көзінен от шашқан, жүзі сұсты, мінезі қайсар, жайсаң ағаларына тартып, тамаша азамат болуын аңсаймыз.

Ал бүгін алпысқа келіп «Ата Бауыржан» атанған батыр қаламгерімізге, оның өз ниетімен Жәкең жасын тілейміз.

«Комунизм нұры» газеті,
1970 жыл

АҚЫН МӘРИЯМ ХАКІМЖАНОВА

Ақын апамыздың есімі жырсүйер қауымға жақсы таныс. Ақынның 1929 жылы «Женотделге» атты тұңғыш өлеңі жарық көрген. Алғашқы өлеңдер жинағы 1935 жылы жарияланды. Ал «Мәншүк» атты поэмасы 1945 жылы жеке кітап болып шықты. Бұл шығармасы орыс тіліне аударылып басылды және поэма бойынша жазылған телесценарийі 1963 жылы теледидар арқылы көрсетілді.

Ақын Мәриям Хакімжанованың «Ана махаббаты», «Ана жүрегі» «Ана көктемі» атты өлеңдер жинағы сондай-ақ басқа да туындылары оқырмандарының жоғары бағасын алған болатын. Мәриям Хакімжанованың қазақ әдебиетіне қосқан үлесі, сіңірген еңбегі зор бағаланып, «Халық жазушысы» атағы берілді. Отанымыздың жоғары наградаларымен де марапатталды.

АСЫЛ МӘКЕҢ

(Қазақстанның халық жазушысы
Мәриям Хакімжанованың рухына)

Мәриям – қырда туған қазақ қызы,
Ар-ұят, әдебі мол, ажарлысы.
Мұнартқан өмір жолы мұңға толы,
Болса бір әдемілеп жазар кісі.

Жетімдік көріп өскен жастайынан,
Аумайды жел ырғаған жас қайыңнан.
Әпкеміз сөзін тыңдап, көзін көрген,
Мәкеңді жырға қосып, бастайын ән:

«Туған жер Обағанның бойында» деп,
Айтқаны әлі күнге ойымда деп.
Тең ортақ Торғайға да, Тобылға да,
Қостанай түлегі деп мойындап ек.

Тамамдап қызыл отау қысқа курсын,
Бойжеткен елде біраз жүре тұрсын.
Желбіреп жазғытұрым жауқазындай,
Елеңдеп жаңалыққа мойын бұрсын.

Ол бірден бөленген жоқ рахатқа,
Оқыды кешеуілдеп рабфакта.
Құлшыныс дәуірлеген кезі еді ғой,
Бір жылға татитындай бірер апта.

Ескілік шырмауынан шығар жолда,
Қатер көп қыз балаға оң мен солда.
Ағарту жұмысымен жүрді Мәкең,
Бір шеті сапарының Орынборда.

Әйелдер журналында қалам ұстап,
Құрбыға теңдік жолын жазды нұсқап.
Қазақтың аруларын әспеттеген,
Өлең-жыр өркен жайған сол бір тұста-ақ.

Арылмай тілшілердің басы даудан,
Мерт болған кейі дерттен, кейі жаудан.
Мәриям дейтін жастың жазуына
Бейімбет ағамыздың бейілі ауған.

Ұяң қыз арқа тұтып Сәбеңдерді,
Арналы ақындықтан дәмеленді.
Одақта жыршылардың басын қосып,
Тыңдады термелеткен әуендерді.

Жалындап жарты ғасыр одан әрі,
Жалықпай жырға қосты елді, жерді.
Ақынның ой-мұраты – өлеңінде,
Бар мінез, барша сырын соған берді.

«Жеңешем өлеңдері» – жинақ аты,
Танытқан жас ақынның инабатын
Майданда қыршын кеткен Мәншүк үшін
Азалы күндер алда қиналатын.

Биіктеп Мәкең шыққан «Жыр асуы»,
Заңды ғой асқар тауға ұласуы.
Ертіспен тоғысқандай Тобыл өзен,
Есілге жанасқандай Нұра суы.

Зерделеп оқығанда «Өткелдерін»
Сеземіз дәуірдің өр, өктем лебін.
Ақынның жүрекжарды сыры дейміз,
Күмістей жыл жолына төккен зерін.

Өмірден Мәкең өзі өткенімен,
Көңілдің орын алды нақ төрінен.
Кейде бір елестейді аяулы жан
Әйгілі Алатаудың бөктерінен!

Алматы, 1986 жыл

АҚЫН ҚАСЫМ

(Туғанына 50 жыл толуына)

Шіркін-ай, қайран Қасым ер жасы – елуге жаңа жетіпті-ау, арсыз ажал, айырып әкетпегенде, ақын әлі де алшаң басып жүрмес пе еді арамызда, «Туған жер топырағында тіп-тік өскен, қайыспас қара емендей» боп тұрмас па еді сапымызда, от өлеңін маздатып отырмас па еді ортамызда! Амал қанша, ол өтіп кетті өмірден. Тым ерте кетті:

Даусы қалды құлақта саңқылдаған,
Жыры қалды жүректе жарқылдаған.
Жыр керек қой, дүниеге жыр керек қой,
Неге ғана өледі ақын адам!

Жоқ, бүгін біз жырдан кенже емеспіз. Қасымы «қалқашым», деп бала тұтқан да, ардақты аға тұтқан ақындар да бар. «Дүниеге келер әлі талай Қасым» дегенді медет көріп, үлкен үмітпен жүргендер – бір төбеміз. Яки өлең қорымыз өлшеусіз өсіп келгеніне қоса, бұдай былай баи беретіні де әбден анық. Бірақ ақын атаулының ішінде және жалпы қазақ поэзиясындағы Қасымның орны өзгеше еді ғой.

Қасымның халыққа қатты танылуы жөнінде әдебиетшілердің аузынан екі пікір естідік. Біреулері – «Қасым көзі тірісінде-ақ көпшілікке белгілі, аты шыққан ақын болатын. Қазір халықтың қалаулысына айналуы да содан» дейді. Екіншілері – Қасым тірісінде тиісті бағасын ала алмады, қайтыс болғаннан кейін ғана дарындылығы танылып, даңқы жер жарды. Өз орнын өлген соң тапты – демек. Әрине, алғашқы пікір ақиқат.

Қасымның творчестволық өмірінің екінші және ерекше кезеңі – Ұлы Отан соғысы жылдары. «Осы кезде Қасым қатты өсті» деген пікір қазір берік бекіп болды. «Ірі ақынды ірі заман ғана тудырады. Отан соғысы ұлы заман еді. Ұлы заман Қасымдайын қазақ ақынның асылын жарыққа шығарып, айрықша даралығын таныта берді. Қырық екінші жылдан кейінгі шығармаларының бәрінде де Қасымның шоқтығы биік, жал-құйрығы төгілген шын жүйрік екенін білеміз» – деп жазды Ғ. Сланов өзінің естелігінде. Бірақ Ғабидол мен Ғали секілді жолдас-жоралары, Есмағанбеттей есті сыншы, Ғабиттей аға жазушылар, яки алдыңғы қатарлы азаматтар болмаса, қалың қауым дәл сол жылдары Қасым поэзиясының қасиетін түгел танып үлгерді деу қиын. Бір ақынның іштей өсуін, заңды дамуын уақыт өткен соң, кейін барып білу, тану да заңды болмақ.

Сөз жоқ, соғыс жылдары Қасым «іште жатқан жанартаудай жырының» жалқынын сыртқа шығарды. Ол енді елге келген соң да, Сәбитке берген уәдесі бойынша, «өлеңнің отты селін ертегінің толассыз топанындай қаптауға» тиісті еді. Ол шындығында да сөйтті. «Найзағай»,

«Дауыл», «Балбөбек», «Өлеңдер» (орысша), «Нұрлы дүние» атты өлеңдер жинағын және «Таңдамалы шығармаларын» жарыққа шығарды. Орыс тіліндегі жинақтары арқылы Одақ көлемінде көзге түсті. Ішінара шығармаларының шет тілдерге аударылғаны да бар. Орыс жазушылары Қасымның «Ақын өлімі туралы аңызын» аса жоғары бағалады. Л. Соболев: «Бұл, шынында да, терең сезімге және жарқын образдарға лық толы, салтанатты, ұлы бейнелі аңыз» деп жазса, Н. Тихонов тіпті: «Бұл поэма – қазақ поэзиясының інжу маржаны» деп атады. Бірақ, (тағы да «бірақ») соғыстан кейінгі жылдарда халық шаруашылығын қайтадан қалпына келтіру кезеңіндегі еліміздің ерен ерлігінің, қауырт қимылының екпініне ілескісі келгендіктен бе, қалай? – әдебиет майданында құрғақ социологияны қуаттайтын қате тенденция орын алды. Әдебиеттің оперативтілігі, актуальдығы теріс түсінілді. Соны пайдаланған кейбір солақай сыншылар Қасымға қатты тиіскен болатын. Сол жылдардағы кейбір сыншылар мақалаларының тақырыбы «Қ. Аманжолов творчествосындағы жат сарындар, теріс пікірлер, идеологиялық бұрмалаушылықтар» делініп келетін. Жыр сапарында мүлгімей, ілбімей, жүгірумен жүрген Қасымның қате кемшілікке кездескені рас, алайда әлгі сыншылар оның түймедейін түйедей етуге тырысқан-ды. Сондықтан да оларға деген өкпеміздің қара қазандай екендігін Әбділдә әділ айтты.

Сөйтіп, соғыстан кейінгі әдеби сында жақсы жыр жазған Қасым мен «қатесі көп» Қасым қатар аталды да, оның жұртшылыққа толық танылуына тағы да бөгет болды. Ақынның өзі бұған бірден дау айтып, дауырығысқан жан емес. Өзінің өр мінезділігімен:

Заманның жеңіл ауыз джентельмені,
Мақтар еді, өліп кетсем ертең мені.
Қисайып, қыңырлықпен келем өлмей,
Батқан жоқ соғыстың да от шеңгелі.

(Ғалиға хат)

деп кейде қайсарлыққа салынды. Ал, көбінесе, жақсы жырлар жазумен жауап беретін. Тек сол оңды өлеңдерінің бәрін бірдей баспаға берген емес. Баласы Дариғаға:

Әкең сенің – Қасым-ды,
Адалдыққа бас ұрды.
Түсінбеді кей пенде,–
Әкең сырын жасырды, –

дегендей, талай тамаша шығармаларын жұртқа жарияламай ұстапты. Қасым қайтыс болғаннан кейін жарияланған «Өзім туралы» деген өлеңінің өзі-ақ оқырмандардың елең еткізіп, адамның еркіне, сезіміне, санасына салғаннан айрықша әсер етті. Ал ақын өлген соң шыққан үлкен үш том жұртшылықтың жүрегін бүтіндей баурап алды.

Міне, жоғарыда ескертілген екінші пікірдің туу төркіні осыдан болса керек. Біздің айтарымыз: Қасым бұрын – жанар таудың толқынындай, жасынның жарқылындай айрықша ақын еді, бүгін – теңіз түбінде жатқан дүррі гауһар, зүбәржат тастай, көпшілік көңіліне ұялаған ұлы ақын. Ал ондай ақындарға «Әр ұрпақ өз бағасын беріп, өз төрелігін шығарып жатпақ». (Белинский). Сол себепті және ақынның туғанына 50 жыл толуына байланысты Қасым туралы естіген, білгеніміз оның өлендерін оқу үстінде сүйсініп-түйсінгеніміз жайлы жазғымыз келеді.

Қасымның халыққа қатты ұнауының біз білетін бір себебі:

Өз жүрген жолдарыма келем жазып,
Сырымды, барлық өмір баянымды, –

дегендей, оның «өмірінің – өлең, өлеңінің – өмір» болып кетуі.

Әттең ақынның кең құлашын ауыру еркін сілтеткізбеді. Арсыз ажал Қасымға коммунизмге өту кезеңінің көп қызығын көрсеткізбеді. Зор шабытпен жазылып жатқан «Біздің дастан» поэмасын аяқтатпастан алып кетті. Қ. Аманжолов 1955 жылы ұзақ науқастан кейін қайтыс болды. Алайда, ақынның:

Шарлаған жолым жатыр жер бетінде,
Көрінер көлеңкесі келбетімде.
Қай жерде үзіледі қайран сапар
Түйін боп өмірімнің бір шетінде.
Сол жерге қалармын ба мәңгі тоқтап,
Жойылып жер бетінен сүрлеу-соқпақ, –

деп ащы шындықты ауырсынып айта кеп,

Немесе бастармын ба екінші өмір,
Жалынды жыр жолында қызыл шоқ ап, –

деген арманды, данышпандылығы дәл келеді.

Қазір біз Қасымның өлеңдерін жан серігі етіп коммунизмге беттеп барамыз. Оның «Коммунист» атты өлеңіндегі кейіпкерге берген мінез-құлық, іс-қимылды азаматтық, моральдік кодексімізге кіргізсек те жарайды.

Ал бүгінгі күні бейбіт өміріміздің берекесі мен мерекесінің шырқын бұзғысы келген дұшпандарға:

Дүние сыймас бомбаға,
«Ажал» деп айқай салғанмен.
Дұшпанның жолы болды ма,
Аяқтан талай шалғанмен.

Ойраны шыққан өмірдің,
Ортасын оя қойғанбыз.
Он алты Одақ – Ұлы Отан,
Он алты қабат қорғанбыз –

деп, ақын жырымен жауап беруге болады.

Қайткен күнде де Қасым қатарымызда. Тек жазушылар Одағымен баспа орындарына бір тілек: Қ. Аманжоловтың қайтадан толық жинағын шығару артық болмайды. Сондай-ақ, оның ең таңдаулы шығармаларын ондап орысшаға аударту қажет.

Солтүстік Қазақстанның облыстық
«Ленин туы» газеті,
8. 10. 1961ж.

АҚЫН АҒАНЫ ЕСКЕ ТҮСІРСЕК...

1955 жыл. Орта мектептің жоғарғы класында оқып жүрген кезіміз. Әдебиет жәйлі әңгімеге құйма-құлақ болып алғамыз әбден. Оған осы әдебиет пәнінің оқытушысы, Алматыдан жаңа келген жас мұғалімнің де әсері аз болған жоқ. Ол кездегі әдеби оқулықтың қазақ әдебиетін дәуірге бөліп талдайтын тарауларында көрнекті қазақ ақындарымен бірге Аманжолов Қасымды да оқитынбыз. Ал әлгі ұстазымыз Қасымды айрықша бөліп алып, оның өлеңдерін ерекше екпінмен оқушы еді:

«Қасиет-күші ұлы Отанның,
Қанатын бер қыран құстың,
Ашуын бер арыстанның,
Жүрегін бер жолбарыстың!» –

деп оқи жөнелгенде біз іштен тына қалатынбыз. Осындай өлең жазған қазақ ақыны барына қатты сүйсініп, «Алматыға оқуға барсақ, әдейілеп көрерміз өзін» дейтінбіз. Бірақ сол жылы «Қазақ әдебиеті» газеті қайғылы хабар әкелді: 17 январьда Қасым Аманжолов қайтыс болды. Сөйтіп ақынның өз сөзімен айтсақ, аяулы азаматтың:

«Даусы қалды құлақта саңқылдаған,
Жыры қалды жүректе жарқылдаған.
Жыр керек қой, дүниеге жыр керек қой,
Неге ғана өледі ақын адам!»

Ақын Қасымның қалың оқушы жұртшылықтың жүрегіне жол тауып, халықтың сүйікті қаламгеріне айналуының бір сыры мынада болып табылады.

«Нығырақ басамын мен аяғымды,
Алға ұстап жүрегімді, аянымды.
Өз жүрген жолдарыма келем жазып
Сырымды, барлық өмірбаянымды». –

деп ақынның өзі жазғандай оның «өмірінің – өлең, өлеңінің – өмір болып кетуі, өзінің сыршыл, шыншыл, батыл, ашық болуы сезімтал сергек оқушы қауымды оның тілектес жолдасы, қиыспас досы етті.

Қасымның творчестволық өмірінің ерекше шешуші кезеңі – Ұлы Отан соғысы жылдары. Осы кезде «Қасым творчествосы бірден өрге самғады» деген пікір қазір берік орын алды. «Ірі ақынды ірі заман ғана тудырады. Отан соғысы дәуірі Қасымдай қазақ ақынының асылын жарыққа шығарып, айрықша даралығын танытып берді.1942 жылдан кейінгі шығармаларының бәрінде де Қасымның шоқтығы биік, жал-құйрығы төгілген шын жүйрік екені көрінеді» деп жазды жазушы Ғабдол Сланов өзінің естілігінде. Өзге ақын-жазушылар да, әдебиет зерттеушілері де осыны құптады. Бәріде бұл пікірге дәлел етіп ақынның «Байкал», «Орал», «Подполковник Әлпинге» өлеңдерін, «Ақын өлімі туралы аңызды» ауызға алысады.

Сөз жоқ, соғыс жылдары Қасым іште жатқан жанартаудай жырының жалын атқан жалқанын сыртқа шағырды. Ақын соғыстан кейінгі жылдарда да «өлеңнің отты селін ертегінің толассыз топанындай қаптатты». Сөйтіп, «Найжағай», «Дауыл», «Балбөбек», «Нұрлы дүние» атты өлеңдер жинақтарын және «Таңдамалы шығармаларын» жарыққа шығарды. Ақын өзінің орыс тіліндегі жинағы арқылы Одақ көлемінде көзге түсті. Көрнекті орыс қаламгерлері Қасымның «Ақын өлімі туралы аңызын» аса жоғары бағалап, «Терең сезімге және жарқын образдарға лық толы» деп (Л. Соболев), «Қазақ поэзиясының інжу-маржаны» деп (Н. Тихонов) бағалады.

Ақынның көзі тірісінде оны көре алмай жүрген кейбір «сыншылар» Қасымға орынсыз тиісіп, оның өлеңдерінен «идеологиялық бұрмалаушылықтар» табуға тырысып бақты. «Жыр сапарында жүрген» Қасымның кейбір қателіктерге де кездескені рас. Әйтседе әлгі сыңаржақ сыншылар оның түймедейін түйедей етуге тырысқан-ды. Осыдан барып соғыстан кейінгі әдебиет сынында «жарқын үнді» Қасым мен «жат сарынды» Қасым қатар аталып, оның ақындық қабілетінің жұртшылыққа толық танылуына нұқсан келтірді. Ақынның өзі бұған бірден дау айтып, даурығысқан жан емес. Өзінің жеңіл өр мінезділігімен:

«Заманның жеңіл ауыз джентельмені,
Мақтар еді, өліп кетсем, ертең мені.
Қисайып, қыңырлықпен келем өлмей,
Батқан жоқ соғыстың да от-шеңгелі», –

деп қасарыса қайратқа мінді. Жыр жазып, жыр маржанын тізіп, қаяулы көңіліне соны медеу етті.

Қасым қайтыс болғаннан кейін жарияланған «Өзім туралы» өлеңдері оқушы жұртшылықтың көңілін елең еткізіп, оқушының жан сезімін тебіреніске бөледі. Сол кезеңде шыққан ақын жырларының үш томдығы жұртшылықтың жүрегін бүтіндей баурап алды.

Өлең-жырдан нәсер жаудырған қызу қанды Қасымның халыққа танылуы жөнінде әдебиетшілердің ауызында екі түрлі пікірдің болып келгені мәлім. Оның бірінде: «Қасым көзі тірісінде-ақ көпшілікке белгілі ақын шыққан ақын болатын. Қазір халықтың қалаулысына айналуы содан» деп байыптalса, екіншісінде «Қасым тірісінде тиісті бағасын ала алмады, қайтыс болғаннан кейін ғана дарындылығы танылып даңқы жер жарды» деген пікір айтылды. Әрине, алғашқы пікір – ақиқат. Қасым тірісінде-ақ көптің көңіліне ұялаған талант иесі болса, қазіргі күнде қалың жұртшылықтың жүрегіне ұялаған сүйікті ақынға айналды. Ал ондай ойы озық, қаламы ұшқыр дарынды ақындарға ұлы сыншы Белинскийдің сөзімен айтқанда «әр ұрпақ өз бағасын беріп, өз төрелігін шығара жатпақ». Міне, осыған орай мен жалынды ақын жайындағы өз ұғымымды, өз пікірімді ортаға салғанды жөн көрдім.

Сондай-ақ республикалық көркем әдебиет баспасы мен жазушылар Одағына айтар бірер тілегіміз бар. Қасым – оқушы қаумның үлкен сүйіспеншілігіне ие болған талантты ақын елін, жерін жанындай сүйген осы ақын-азаматтың академиялық толық шығармалар жинағын шығарса, артық болмас еді. Сонымен бірге ақынның творчествосы туралы зерделі зерттеулер жазылса, мұның өзі әдебиет тану ғылымымызға қосылғын игілікті іс болмай ма.

Қасым Аманжолов – бар өмірін елге ғана, жырға ғана арнаған абзал ақын ол алдындағы биік мұратын нысанадан бірде-бір ауытқымаған, бірде-бір кідірмеген, бары да, бақыты да, туысы да, дос-жары да өлең болған. Міне, Қасым аға сондай ақын, дүниеден өткеніне он жыл болса да ол бізден уақыт керуенімен алыстаған сайын өзінің жалынды жырларымен жарқырап, жақындай түседі.

Жарасбай НҰРҚАНОВ, мұғалім,
Сергеев ауданы, Солтүстік Қазақстан облысы.
1963 жыл

КЕМЕЛІНЕ КЕЛДІ АҚЫН

Хамит Ерғалиев елуде

Белгілі қазақ совет ақыны Хамит Ерғалиев елуге келді. Ол 1916 жылдың 10 сентябрінде Гурьев облысының Новобогатинск поселкесінде туды.

Өмірге келуі дүниені дүр сілкінткен зор өзгерістерден бір жыл бұрын болса да, Хамит Ерғалиев – өзінің тәлім-тәрбиесі, сана-сезімі тұрғы-

сынан, өмір мақсаты, өнер мұраты жөнінен Ұлы Октябрьдің ұлы. Ол советтік елде, социалистік ортада өсіп, комсомол қатарында болды, коммунистік сапқа тұрды. Осының өзі-ақ оның азамат ақын болуына жеткілікті жете, өткір қайрау еді. Бірақ ол осыған қоса Отан соғысы секілді ұлы майдан, үлкен сыннан да өтті.

Соғыс сол кездің өзінде-ақ ақындығы айқындалып қалған Жұмағали мен Қасым шабытын қайрай түскен болса, майданға майда жырларымен аттанған Хамит пен Сырбайдың қаламын шыңдап, талабын шыңдап өсіруге зор себеп болды. Олар қаруына қаламды қоса жүріп, оқ пен оттың арасында өткір де шыншыл өлеңдер жазуға үйрене берді.

Сондықтан да соғыстан кейінгі аз жылдардың ішінде-ақ Сырбай Мәуленов пен Хамит Ерғалиевтің есімі әдебиет әлеміне тез танылды. Сырбай – шағын да шабытты лирикасымен көзге түссе, Хамит – ойлы да өрісті поэмаларымен ауызға ілінді. Рас, Хамиттің де «Сағыныш», «Салют», «Жүрегіме» «Көктем», «Коммунист сөзі», «Тоғысу» секілді толық қанды, сәтті жазылған өлеңдері бар-ды. Бірақ оның сөз саптауы мен өлең өрнектеуі сезім тербеп, ой толғауы, әсіресе, поэмасында айшықты келетінін әдеби сын дұрыс тани білді. Бұл оның осы жанрда өнімді еңбек етуіне жол ашты. Хамит бүгінге дейін тоғыз поэма жазды. Оның ішіндегі ең алғашқы және сәттісі – «Әке сыры» атты поэма. Ол ақынға алғаш рет даңқ әкелді. Бұл поэма – Хамит творчествосының да, соғыстан кейінгі қазақ поэзиясының айтулы туындыларының бірі десек артық емес.

Соғысқа дейінгі қазақ поэмалары көбінесе өткен заман уақиғасын ұзақ жырлайтын дастан түрінде дамыған-ды. Ал қанды майдан, қаһарлы соғыс оқиғасы Қасымның «Ақын өлімі туралы аңыз» дейтін алып рухты, асқақ пафосты, ықшам да ыстық шығармасын тудырды. Хамит поэмасы да қысқа және қызу жазылған. Бірақ оның, Қасым поэмасына қарағанда, қарапайымдылығы, реализмі» басым. Жалпы Хамит Ерғалиев – реалист ақын. Қандай өмірді суреттесе де, айқын шындықтан аяғын тайдырмайды. «Әке сырында» да ол бейбіт елде берекелі өмір сүрген «соғыс» деген жалғыз сөзден жаны түршігіп, Отан қорғау жолына омырауын тосқан: қан төгіп, қабырға сөгіп жеңіске жеткен, елге келіп емірене ұлын сүйген, баласына бастан кешкенін баяндап отырған әке сырын айнытпай түсірген. Сол арқылы совет солдатының нақты да нанымды бейнесін бере білген. Поэма осынысымен құнды.

Бұдан соң ақын бұл тақырыпқа «Жас ана» атты тағы бір поэма жазды. Өзінің «Ұмытпан» деген уытты өлеңінде:

Ұмытпан фашизмнің мені атқанын,
Жендетке бала өлігін санатқанын.
Мектепке біз оқыған мал қамады,
Өлді ана, құлағымда оны атқан үн.
Ұмытпан: тау мен таста жауды тостым,
Венгердің өзеніне қаным қостым.

Тесіліп көп қарады өлі көзбен
Салбырап дар ағашта қалған достым..,

деп әділетті кек білдіргеніндей, соғыс тақырыбына Хамиттің қайта оралуы заңды еді.

Соғыстан кейінгі қазақ совет поэзиясында еңбек тақырыбының ерекше орын алуы түсінікті. Халық шаруашылығын қалпына келтіріп жатқан жасампаз еліміздің ерлігін, социалистік қарқынды еңбектің дүбірін дүние жүзіне паш ету ақындарға абзал борыш еді. Осы мақсатта орыс әдебиетінің өкілдерімен бірге қазақ ақындары да қанатты жырлар жазды. Еңбектің қызу лебін берген лирикамен қатар кең көлемді эпикалық шығармалар туды. Тайыр Жароковтың «Жапанды орман жаңғырғы», Асқар Тоқмағамбетовтың «Агроном көктемі», Дихан Әбілевтің «Отты толқындары» өмірге келді. Бұл тақырыпты жырлауға Х. Ерғалиев та елеулі үлес қосты. Ол «Үлкен жолдың үстінде», «Біздің ауылдың қызы», «Сенің өзенің» секілді поэмаларын бірінен соң бірін жазды.

«Үлкен жолдың үстінде» поэмасы өз кезінде үлкен бағаға ие болды. Олай болуы орынды. Өйткені бұл – өндіріс процесін өлеңмен өрнектеген және жалаң емес, жанды етіп көрсеткен шығарма. Сондай-ақ, поэманың:

Жолшы қазақ – сол қазақ
Кете берді тепеңдеп.
Сол қазақты жел мазақ
Ете берсем екен деп,
Жұлқылайды етектен,
Құлағына сарнайды,
Кейде алдынан жетектеп
Кейде артынан қалмайды, –

деп жеті буынмен жеңіл оқылатын болып, шалыс ұйқаспен шапшаң қайырылып отыратын болып жазылуы да жақсы еді.

Ақын қарт қазақтың Бетпақ далада жылан шағып өлгенін қысқа қайырады да, шебер шегініс жасап, Мойынты-Шу теміржол құрылысын суреттеп кетеді. Құрылысшылардың басшысы, поэманың бас кейіпкері – өлгі шалдың немересі Есбол болып шығады. Сөйтіп ақын ата арманын жүзеге асырған совет жасын бейнелеп, теміржол бойында мол кездесетін қазақ жұмысшыларын Есбол бейнесі арқылы жиынтық етіп жырлаған.

Ал, «Біздің ауылдың қызы», «Сенің өзенің» поэмаларында табиғаттың қатал заңын қайсарлықпен жеңіп, байлығын игеру жолындағы халықтың қажырлы еңбегі суреттеледі. Қазақстан жерін канал қазып суландыру, сары далаға жасыл орман өсіру мәселесі сөз болады. Осы істің басы-қасында жүрген, оқыған қазақ қызы Гүлжанның жаңашыл, жарқын бейнесі жасалады. Бір қызығы – «Біздің ауылдың қызындағы» Гүлжан бейнесінің екінші поэмаға көшуі мен өсуі. Ақын сол арқылы азат қазақ әйелінің өсу эволюциясын өлеңге түсірмек болған.

Ұлы Оқтябрьдің 40 жылдығы қарсаңында Хамит тарихи тақырыпқа да қалам тартты. «Оралдағы отты түн» поэмасын жазды. Мұнда ол Орал өңірінде Совет өкіметінің орнауының отты жылдарын өлең етіп, азамат соғысының батыры Чапаевты шабыттана жырлайды. Осындай тәжірибесі бар тарлан ақын ендігі жерде ұлы революцияның 50 жылдығына арнап та сыбағалы сый тартар деп сенеміз.

Х. Ерғалиевтің бүгінге дейінгі творчествосының биігі – әлбетте, «Құрманғазы» поэмасы. Өлеңмен жазылған екі кітаптың өзі – елеулі еңбек болып табылады. Ал, ол күй атасы Құрманғазының өмірі мен өнеріне арналғандықтан ақын жауапкершілігін арттыра түсетіндігі сөзсіз. Сондықтан да осы поэманың жазылуы жайында көптеген таластар да болды. Шығарманы аса мақтаушылар да, баса даттаушыларда шықты. Ақырында әдеби жұртшылық әділ бағасын берді. Поэма соңғы жылдардың құнды шығармаларының бірі болып табылды.

Х. Ерғалиев кейнгі жылдары халықтар достығы, бейбітшілік, болашақ, жарқын өмір жайлы өлеңдер жазып жүр. «Дәуір дабылы», «Өз көзімен өмірдің» деген жинақтары – соның айғағы.

Сонымен бірге Хамит қазір «Жылдар, жылдар...» атты жаңа формалы, жақсы ойлы дастанын осы өзі бастан кешіріп отырған кешелі-бүгінгі жылдардың күнделігі есебінде шежіредей шерте жазбақ. Әлі аяқталмаған шығарма жайлы кесімді пікір айту қиын. Тек бұл туынды А. Твардовскийдің «Қиырдан-қиырға» поэмасында сырттай ұқсап қалмай, өнер жарысы, өлең сайысында қатар түсіп, қазақ поэзиясына көрнекті еңбек болып қосылса дейміз.

«Елу деген – ер жасы» дейтін халық сөзі Хамаң үшін айтылғандай. Ол дәл қазір кемеліне келген ақын. Творчество шыңына басып емес, тік ұшып барар кезі.

«Коммунизм нұры» газеті, 1966 жыл

Кітап әлемінде

АПРЕЛЬ ЖАҢБЫРЫ

Өлеңді өндіре жазатын, шабыты шапшаң ақын Сырбай Мәуленов жыл сайын жинақ беріп келеді қазір. Міне, оның соңғы өлеңдері соны кітап болып жетті бізге. Жаңа жинақ «Апрель жаңбыры» деп аталады.

Иә, апрельде алғашқы жаңбыр иісі аңқиды. «Қыс бойы тіл қатпаған» күн кенеттен күркірейді, нұр себелеп сіркірейді. Сәуірдегі сәби жауынның таза, мөлдір тамшылары қытымыр қыс кеткенін, жаздың келіп жеткенін жариялайды. Ақын сондықтан да апрель жаңбырын тілге тиек етіп отыр:

Қыс бұлт болып тарады көктен,
Даланы алған қоршап қарымен.
Терезені қағады көктем
Жаңбырлы саусақтарымен, –

деп жазады ол.

Байқайсыз ба, қазақ жырының көнігі ырғағы сақталмай, ақын өзіндік бір өлең мақамын тапқандай. Бірақ ырғақ құбылысынан ыңғайсыздық сезілмейді. Ал бес буыннан тұратын екі сөздің еркін ұйқастырылуы қарапайым сөз тіркестерін қанатты поэзия етіп тұр. Өленді экспромтпен көпіндете жазып, кеуде кернеген ойларын айтып-айтып тастайтын ақын соңғы кезде осылай буын саны буылтық-буылтық, шумақтары шұғыл өзгеріп отыратын өлеңдерді мол жазып жүр. Оған мысал ретінде орыс ақын-жазушыларының Қазақстанға келуіне орай жазылған «Қарсы алу жырын» оқиық:

... Россия – салюттерден шашу шашқан,
Жеңіс күнгі от жаңбыр, жасыл аспан.
Россия – жазылған жұлдыздармен
Аяулы арман, асқақ жыр, асыл дастан.
... Россия – ақ қайың, әсем көлдер,
Көк бұлттай көк ормандар,
Бишіл толқын, шешен желдер.
Россия – жаңа ой, жаңа армандар, –

деп Пушкин мен Лермонтов еліне лепті көңілін білдіреді де, бүгінгі орыс қаламгерлерін – қадірлі қонақтарын қастерлей қарсы алады:

Кел, Россия!
Кір қазақ құшағына!
Шық тауға,
Жүз дария ұшанына!
Жырың боп жар саламыз,
Інің боп қарсы аламыз:
Жасыл – Алатау гүлімен.
Ашық – Алматы күнімен.
Зеңгір – Талғар шыңымен,
Мөлдір – Қазақ жырымен.
Қазақ әнімен, Қазақ нанымен,
Қазақ жанымен! –

деп, шабыт шашуын молынан шашып, жыр нөсерін төгіп-төгіп жібереді. Дәл осындай дархан шабыт, ағыл-тегіл айтқыштық және көп көңілін тап басып, тауып айту оның осы жинақтағы «Украина түні», «Мен Киевтен келемін», «Целиноград», «Михаил Светлов» сықылды өлеңдеріне де өте тән.

Тарастың жыр мұрасына
Таңғы шықтай тұнады көңіл ұйып.
Жұлдыздар шұғыласына
Шомылады көк шынылы мөлдір Киев.
Сәулелер толқынын, гүлдер толқынын,
Ғажайып сырлы үндер толқынын
Көкірегіме жатыр құйып, – Киев! –

деп кетеді Сырбай. Сол сәт ақын жүрегінің анық толқынысын өзің де сезесің. Әлде бір әсерлі, әсем сезім сені де баулап алып, бауырмал Киев қаласын кәдімгідей сүйіп қаласың! Ал енді ақын өзіміз тұрған қаланы өлеңге қосқан кезде еріксіз елегізіп, өрекпіген көңілмен оқимыз жыр жолдарын:

Целиноград – гүлдер,
Жаралған махаббаттан.
Целиноград – үйлер,
Қаланған қат-қабаттан, –

дегенде, осылай екенін мақтан қыламыз. Солай етуді мақсат тұтамыз. Сондай-ақ:

Целиноград – ақ бидай, ала тары:
Арқаның ар, атағы,
Целиноград – жерімнің ақ пейілі,
Елімнің алақаны, –

деген ақын тұжырымында даусыз шындық барына шынымен қуанамыз.

Сырбай өлеңдері сыңғырап тұрады. Кедір-бұдыры аз, келісім-үйлесімі мол болады. Тіпті кітап ішіндегі әрбір бөлімнің аттары да өзара ұйқасып: «Көңілдің көктемінде», «Туған жердің төсінде», «Дос-жарандар есімде», «Күздің қоңыр кешінде» деп келеді. Әрине, жылтырлақ жырлар – поэзияның шынары да емес, ақынның мұраты да емес. Оны Сырбай жақсы біледі. Ойды образбен беретін, тебіреніс туғызатын теңеуі бар өлеңге не жетсін! Оқырман қауым соны тілейді.

Киіктің тұяқтары дүрсілдемей,
Қалғыды ұясында құс үндемей,
Алаңсыз, табиғатты отырғызып,
Аялап таңның осы тыныштығын,
Таратып көкжиекке нұр ұшқынын,
Келеді алтын сағат көтеріліп,
Бастауға кең әлемнің жұмыс күнін, –

дейтін бейнелі ой, берекелі сурет сезімді сел еткізеді. Қаламды осы бағытта сілтесе, нұр үстіне нұр жауардай. Сонда апрель жаңбырына қоса

майдың майда самалы соғып, шілденің шыжыған күні туып, ақын жазы ұзақ та жемісті болуы мүмкін.

Ашылатын гүлім бар,
Ашпай оны қоймаймын.
Шығатын бір шыңым бар,
Шығармын деп ойлаймын, –

дейді Сырбайдың өзі. Оқырмандар сенеді бұл сертке. Ақынның поэзия парнасына өрмелей көтеріліп келе жатқанына осы жинақ өзінше куә.

Облыстық «Комунизм нұры» газеті

Оқушы пікірі

«ШАҒАЛА»

Сырбай Мәуленовтың ақындығының біз білетін үш қыры бар. БІРІНШІСІ – оның өленді өнімді жазып, әсіре жырлайтындығы. Айғақ – алдымызда жатқан «Шағала» атты жинақ. Жаңылмасақ, бұл – ақынның жетінші жинағы. Соңғы жылдарда жазылған соны жырлары кіріпті. Соның өзінде өленлер көңілімізді көптігімен бір қозғайды. (Еңбекті ең ауелі санымен есептейтіндігіміз – ежелгі әдет).

ЕКІНШІ ерекшелігі – тақырып таңдап, тамсанып жатпайтындығы. (Бұл – бірінші қасиеттің себебі ме, салдары ма – анық айту үшін ақынның лабораториясына ену қажет). Әйтеуір Сырекеңнің кез келген – көз көрген, сезген, білген өмір құбылыстарын құбылта, құлдита жырлай жөнелетіндігі хақ. Дәлеліміз – жинақтағы жырлар, яки олардың тақырыбы – өлмес Ленин образы: партияның XXII съезі ашылған күн, «Правдаға» 50 жыл; «Қазақстан 40 жаста» секілді даңқты даталар; туысқан Түркменстанның жерлері мен ерлері; соғыс жылдарының сұрапыл сұмдығы және бейбіт күннің берекелі тұрмысы; аты әйгілі азаматтардың қазасын аза тұту; ең байтақ еліміздің тамаша табиғаты; еңбекшілерді дәріптеу; өмір сырлары, тіршілік жәйттері болып келуі.

ҮШІНШІ қасиеті – ірілі-уақты уақиғаны жырлаудағы ақынның азаматтық тенденциясының айқындығы, идеялық бетінің беріктігі. Бұл қасиетімен ақын өз ұрпағын танытады. Ол ұрпақ – социалистік елде, советтік дәуірдің 20-жылдарында туып, индустриаяландыруды естіп оскен; колхоздасудан хабары бар, бірінші=екінші бесжылдықтар тұсында оқыған: Ұлы Отан соғысына жас күйінде қатысып, тас түйін боп ер жетіп, ерлікпен оралған; халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңінде ерекше еңбек еткен; социализм құрылысын аяқтау жолында аянбай іскерлік көрсеткен; бүгінгі коммунизм құрылысы дәуірінде қоғамдық өмірдің саясат, шаруашылық, мәдени, тұрмыс саласында

саналылық көрсетіп, басшылық жасап отырған ұрпақ. Олар – советтік Отанымыздың бар мекен, сан мекемесіндегі әр мамандықтың адамдары, елгезек еңбекші жандар. Оларға ортақ егіз қасиет – өзгерімпаз өмірдің жаңалық жәйіттеріне, күнделікті құбылысына құлақ салғыш, көз тоқтатымпаздығы және соны өзіндік ұғыммен, бірақ партиялық тұрғыдан бағалап, қорытынды шығаратындығы. Сондықтан да сол ұрпақтың өкілі – ақын Сырбай көп көреді, тез жазады, дұрыс пайымдайды. Бұрыннан ойымызда жүрген бұл пікір сөз болып отырған жинақтағы 90 өлеңді оқып шыққанда нығая түсті.

Жаңа жинақтың жаңалығы неде? Түпкі ойымызды турасынан айтсақ, таланттың тағы бір қырын танытқандай ерекше жаңалық жоқ. Тек қана ақын бұрыннан барын байыта, жетілдіре түскен. Ақындық бұғақ айқын бұлтиып көрінеді.

Жинақтағы жырлардың жақсылығы неде? Бір байқағаным –ақынның образбен ойлануының молая түсуі.

... Коммунизм жылдарына
Ракеталы тартты өмір...
... Сөйлеп кетті съезімде
Барлық тілі бар халықтың (5 бет) –

деуі әрі бейнелі әрі деректі детальдар.

Оқ пен оттың ішінде жүрген Қасым соғыс кезеңін «қаралы жылдар» деп еді, 20 жыл өткеннен кейін ол дәуірге Сырбай ақын «шинельді жыл» (3-бет) деген атақ беріпті. – Әбден орынды. «Жалғыз өзім тебіренемін ормандай» (9-бет) дейтін контрасы да көңілге қонымды. Осы образдылық ақынның аударма өлеңдеріне де өң беріп, көркем шығуына көмектесіпті. Ағылшын ақыны Шеллидің шерлі ғашық жәйлі:

...Дауылы жоқ мұхиттай дағдарылып,
Еріп барам тұмандай қақ жарылып.

(81-бет) – дегеніне қазақ оқырманы да қатты сеніп, барынша бас иземек.

... Күні жоқ адамзаттың табиғатсыз:
Ауасы, суы, гүлі – бәрі керек (586) –

болғандықтан, ақын табиғаттың көп көріністерін қаламмен қағазға түсіріп, өлеңмен өрнектепті.

(Қызылмай болған долы жел, «күн күйдірген күрең құм», «батар күннің бояуын ап қалғандай қызыл су», «жарқыраған су көрінсе, көк күмп етіп түскендей», осындай отқа қақталған өңірде «жас ботаның табанындай жапырағын жайған феруза ағаш». Үзінді жолдар алынған циклді өлеңдерге «Түркмен туындылары» деген тақырып қойылмаса да, түстік-

тің тым ыстық табиғатын тани қойсақ керек-ті. Ақын айқын етіп бейнелепті.

Ал:

Тау көктемі тұманды,
Жазы – мұнар, күзі – бұлт;
Қыста тұрар қыраулы
Ақ сүңгілер тізіліп –

дегенде, Сырекеңнің Ашхабадтан Алматыға оралғаны сезіледі. Көзге Көкшетау елестеп кетеді. Анығында ақын Сырбай – реалист-пейзажист.

Орманға күз қонғандай,
Айналаны алтындап.
Таң алдында тоңғандай
Жер денесі салқындап. –

дегеніндегі кейіптеуінің келісті шығуы нақпа-нақ, дәлдіктен.

Үсті-басын қар басқан
Сықырлай ма кәрі қыс?
Секіреді ағаштан
Сары жапырақ – сары құс. («Күз=дихан»)

Мұның алдыңғы екі жолы Абайдан мәлім болғанмен, соңғы екі тармағы тамаша емес пе? Күз туралы басқа бір өлеңде қайтқан құстар жәйлі:

Қия алмайды Арқаны,
Қалған әбден достасып.
Қарай-қарай тартады,
Қиқу салып қоштасып, –

деп, суретке үнділік қосылған. Сонда жыр шыншыл да сыршыл боп шыққан. Оқып қалғанында оқыс сезім – секундтік рахат жүректен шыға жүгіріп ала жөнеледі тұла бойды түгел шарлап.

Сол себепті ырза көңіл мырза пікір білдірмек. Сырбай өлеңмен ойлап сөйлетін ақын болып алған екен (Есіме Есенин түсіп кеткенін қарашы). Олай дейтінім, баршамыз бастан кешкен, бірақ бет-аузымызға қолымызды қосып, қимылмен, қиналып жеткізе алмай жататын жайларды ол «оп-оңай» өлеңге айналдырыпты. Мәселен:

Жарық етіп күн көзіндей,
Ақ сандығын ашты гүл.
Қайда екені сезілмей,
Ән салады жас бұлбұл.

Бұтақтың бір бүршігін
Сол ма дейсің қарайған,
Көлеңкесін жыршының
Көре алмайсың маңайдан. (74-бет).

Болмаса:

Көңілменен көрмесе,
Көзге жөнді ілінбес.
Болатындай жел десе,
Ұстатпайды бір елес. («Суретші»).

Немесе:

Кеудеңді кейде басқан мұң,
Өзіңнен өзің езіліп.
Жерде тұрып аспанның,
Білесің жайын сезініп.

Құрыстап денең дел-сал боп,
Буының сыздап сырқырар.
Құлазып көңіл енжар боп,
Бұзылар ойдың шырқы бар. («Сезіну»).

Өзім осы өлеңдерді сүйсініп, қызығып оқыдым. Бірақ осылармен бірге «Бурабай көл», «Еске алу», «Тау үстінде», «Нұрия» секілді жеңіл жазылған, жалаң қабат жырларды кездестіргенімде қайсы бір картақұмар, қатынқұмар қазақ қызметкерлерін көргендей, көңілім төмен түсіп қалды.

Гүл болған соң гүл дейміз ғой,
Гүлдің қызыл, жасылы бар.
Жыр болған соң жыр дейміз ғой,
Жырдың да асыл, жасығы бар. (120-бет)

Жасығын жазбаса ғой, асылы маздаса ғой!

Соңғы сөзді айтар алдында қазіргі қазақ сынының бір кемшілігіне тоқталуға тура келеді. Сыншылар «ақын әртүрлі және жақсы болу керек» деп уағыздайды да, біреудің қазып жазатынына қарсы шығады. Ондай қылықтан аулақпын. «Қыран неге болмадыңыз, лашынға лайық емессіз бе?» деп жабысар жәйім жоқ. Тек ақын ағаға інілік ілтифатпен айтқым келгені: шабытыңыз шағала болса, шаңқаңдығына дау бар ма? Талантыңыздың тазалығына тәнтіміз. Бірақ шағала көп шүйіледі, тез-тез шомп етеді. Ылғи іліп түсе бере ме? Ілгенде де, шағын шабақ емес пе? Неге екенін білмеймін, осы бір ой көкейімде көпке дейін тұрып алды.

Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленин туы» газеті,
январь, 1963 жыл

КЕУДЕГЕ ТУҒАН ЖЕРДІҢ НӘРІН ЖИНАП

Қазіргі қазақ ақындарының оқырмандарға өлең ұсыну мырзалығына дау жоқ. Соның ішінде соңғы кезде жаңа жырларын жиі жариялап, жыл сайын дерлік жинақ та беріп, өленді өндіре жазып жүрген жүйріктердің бірі – Ғафу Қайырбеков. Өнердің өлшемі – сан емес, сапа болса да, танылып қалған таланттың ақындық жұлдызы әрдайым жымың қағып, жылы ұшырап тұрғанға не жетсін.

Заулауында киіктің
Кеңдігі бар даланың. –
Жез тұяқты жүйріктің
Жел сипаған табанын,
Ол жақынға ұмтылмас,
Алыс болар көргені.
Ол жүгірмей бір тынбас,
Жүгірмесе – өлгені.
Қаумалаған халайық,
Ақынды да солай ұқ! –

дегенде, ол ақын қаламы әманда қаздаң қағып, өлең оты маздап жанып жатуын қалағандай. Бұл ретте Ғафудың өзі – әр күні жаңалықпен жаңғыратын ел тірлігіне еленгіш, қоғамдық жайларға қозданғыш, азаматтық беті айқын жыршы: күнделікті өмірден өлең тапқыш, көрген, алғыр ақын: көргеніне көңілі тез толқып – тебіренетін, жыр өрмегін жылдам құратын ісмер қаламгер екенін айту керек. Әсіресе, қазақ ақындарының кабинеттен шығып, ел көріп, жер танып, желпініп қайтуды жиілеткені дарыны дархан, шабыты шапшаң Ғафуға тіпті тиімді болғандай. Кейінгі кезде кең байтақ республикамызды еркін аралап, «Кеудеге туған жердің нәрін жинап» қайтқан ақын сапардан алған әсерін сәт сағатта жазып тастап, тағы да серпінділік, сергектік көрсеткен. «Жазушы» баспасынан жақында ғана шыққан «Алтын бесік» атты жинақ соны растайды. Кітаптың беташары болған өленде:

Әр өлкем, тым болмаса, атыңды тап,
Әр шоқың – мәртебелі алтын бір тақ.
Солардың соңғысында төмәм болды,
Осынау сапар кітап, ақын кітап! –

делінген болса, жинақ ішіндегі жырлардың: «Самал тау», «Саға Бүйен», «Баянжүрек», «Ардағым Алтай – даламның асқақ төрі екен», «Қордайдың әдемі атқан ақ таңында» деп келетін жолдары, немесе:

Қазақтың қала дегеннен
Хабары сенсің – Қызылжар!
Ескі бір ән мен өлеңнен
Табары сенсің, Қызылжар! –

деген шумақ ақын сапарының географиясын айқындай түседі.

Біз Ғафуды – «Дала қоңырауы», «Большевик ауыл» атты қою мазмұнды, көлемді поэмалар жазған эпик ретінде де, небір нәзік, назды шумақтар тудырған лирик ретінде де білеміз. Бірақ ол қай жанрда, қандай өлшеммен, қанша мөлшерде жазса да, поэтикалық кестесіне керек сөздерді суыртпақтап отырмай, суырылып ала жөнелетіндігі анық. Сонда оның ой толғайтын шумақтары шұғылдан келген, келісті пікірлермен тұжырымдалып қалады: сезім тербейтін жырлары жып-жылы лебімен жанға жайлы тиіп жатады; ал оқиғалы өлеңдері қызу қимылымен (динамикасымен) қызықтырып әкетеді. Мәселен, «Бір тарих, бір тілек» өлеңінде өсер інісіне өсиет, ақыл айту үшін өзі бастан өткерген тарихты шымыр, ширақ жырлап келіп:

Маңдай тердің, абыройдың жанғаны –
Берген үлгі, айтқан нақыл қонғаны.
«Нәсілсіз» – деп сөксе, өзің кінәлі,
«Көргенсіз» – деп, сөктірмесең, – болғаны! –

деп түйіп тастайды. «Қарт дастан» деп аталған көлемділеу туындысының бір тарауын:

Биік үй, кең, жарық зал, жап жас жігіт,
Алдында алтын ойнап, алмас күліп,
Оқиды тас жайында бір лекция,
Заманнан заман қоймай салғастырып, –

деген тармақпен ғана тәмамдап, жанды сурет жасайды. Ал оның өлеңді оқыс бастап, жедел ырғақпен жеңіл ұйқастырып әкететін ұшқырлығына «Алтын бесік» кітабына кірген дүниелердің бәрін дем алмай оқып, ден қоямыз.

Ғафу ақындығының осындай ұшқырлығымен ұштасып жататын және бір шеберлік қасиеті – шешендігі. Атап айтқанда, ол ұлттық поэзиямызда әріден мәлім әдісті, жалпы әлем әдебиетіне тән тәсілді – ассонанс пен аллитерацияны аса, баса қолданып:

Атқан таң, арайлы күн, аманбысың? –
Самғайды сахарадан салған құсым. –

дегендей, лекіте жөнеліп, лептендіріп әкетеді. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың бұл секілді үйлесім, үндестігін біз оның көп өлеңдерінен

көреміз. «Көк дауыл, қара нөсер, ақ найжағай» деп, енді бірде «ақ сәуле, қызыл арай, жасыл нұрлар» – дегенінен алуан бояулы, әрлі суретті аңғарамыз. Болмаса «Боз дала, бозша торғай, бозғылт жусан», «Құба бел, құла жота, құмық сағыз», – деген кездерінде сыңайлас, синонимдес сөздерді, Ілиясша жомарттықпен жорта көп қолдануын анық сеземіз.

Бұл секілді көркемдік компонеттер Ғафу өлеңдерін ойнақыландырып, «тілге жеңіл, жүрекке жылы» етеді. Шынайы поэзияға керегі де сол ғой. Соңғы кезде ойлы өлең дегенді сылтау етіп сырдан түрде ақыл айтушылық етек алып кетті, поэзия өзінің сиқырлы, сырлы қасиетінен айрылып, жүдегендей тіпті. «Алтын бесік» авторының:

«Ойшыл болу керек» – деп,
Үгіттейміз жастарды.
Шықпай жатып жөргектен,
Жұрт қартая бастады.
Қайда олардың жалыны,
Қайда қайран жиырма бес? –

деуі содан болар. Жиырма бестің жігері, жастық жалыны бар, құштарлығы күшті, іңкәрлігі басым өз өлеңдері және соған жауаптай, «Күндізгі айдай бозарып», «Ат екен бір аспаншыл», «Қымыз ұсындың тәтті күліп сен», «Тайырды тағы да еске алу» секілді өлеңдері осыған куә. Әсіресе, «Таңғы романсы» – тамылжыған поэзия. Атар таңда «Ақтық сөзін айтқан Ай», «Жер мен аспан арасындағы ақ бұлттай өң мен түстің арасында жатқан» жар, «сол кейіпті» құрметтеп те құмартқан ердің «жүрегінде жүгенсіз бір ат тулап», аунап түскен сәттері әрі сәнді, әрі әсерлі.

Мына бір өлеңді де сүйсініп оқимыз:

Бөлектігің, –
Көп жұлдыздың ішінде
Көзге бұрын ұшырасқан айдайсың.
Зеректігің –
Сен тұрғанда алға кітап жаймайсың.
Сиректігің –
Шатыр етіп баяғыда бір түсіп
Жер бетіне шығып қалған жайдайсың.
Өлме деймін
Өлмей жүрсең, – ризамын.
Білем, бірақ, бір күн тілімді алмайсың!

Бар болғаны осы. Көлемі шағын болғанмен көркемдік талабын көтеріп тұрған туынды. Көңілге қонымды теңеулері әсіресе орынды. Ақын өспеттеген адамның бөлектігіне, зеректігіне, сиректігіне бірден сенеміз. Және сондай қымбат жанды қиып әкететін ажал жайындағы ойды асқындырмай, сабырмен, терең де нәзік, әдемі айтқаны сүйсінтеді. Осы

өлеңге өзгеше түр беріп тұрған ішкі ырғақ қазақтың қара өлең ұйқысының мүмкіншілігі мол екенін дәлелдей түседі. Біз Ғафу қаламынан үнемі осындай дүниелердің туындағанын тілер едік.

Ия, дәуір тынысы, қоғамның тәуір де тың ісі тілге тиек болып, өнердің арқауына айналуы бүгінгі таңда бүкіл әдебиетімізге жүктеліп отырған зор міндет. Осы орайда Ғафудың аталмыш кітабында Қазақстанның қайнап жатқан еңбек көріністерінен гөрі табиғатты тамашалау басым екенін айтқан жөн. Тегі ақын ел көруден, жер көруден туған алғашқы әсерлерін сапар сазына айналдырса керек. Ал байырғы қазақ даласын жаңғыртып жатқан еңбекті, еңбекте шыңдалған ойлы, өнерлі адамдарымыздың келбетін кейіннен кең толғап, терең тебіреніп жырлауды мақсат тұтқан секілді. Бұған Ғафу Қайырбековтың қабілет-қарымы еркін жетеді деп ойлаймыз. Оның дарыны бабында, арыны күшті ақын екенін мына «Алтын бесік» атты жаңа кітабы дәлелдеп отыр.

«Коммунизм нұры» газеті, 1969 жыл

Сын және библиография

ЖЫР КӨКЕЙГЕ ЖОЛ ТАПСА...

Тоқаш Бердияров – өлең сүйген оқырман қауымға танымал ақын. Жұрт оны журналдарда ара-тұра, газеттерде анда-санда жарияланатын өлеңдерінен-ақ біледі. Бұл, әрине, ақын үшін абырой.

Ал кітабы жарық көру жөнінен «Таңдамалысын» ұсынып жүрген тұстастары түгіл, бес-алты жинақ беріп үлгерген іні ақындардан да кейін жүр Тоқаш. Мұның біз білетін бір себебі – Тоқаштың аз жазса да, өз жазуға тырысатындығы. Ол өлеңді оңды-солды жаза да бермейді, орынды-орынсыз кітапқа кіргізе де бермейді. Бұған оның «Торанғұл» атты төртінші кітабы да куә болғандай. Мұнда ақынның соңғы 6-7 жыл ішінде жазғандарының жартысы ғана және жалғыз поэма «Жер мен адам» бар.

Сондай-ақ соңғы кезге дейін әдебиет сынында, әдеби баспасөзде Тоқаштың оңды өлеңдері мен орынсыз қылықтары қатар айтылып, анық дарыны айқындалмай да қалып жүрді. Бірақ:

Күнелтеді кей қасқа
Қазан басын жағалап.
Мешкей жөні бір басқа,
«Ішкіш» деген жаман-ақ.

(19 бет) деп жазғанындай, оның өзі өткенін орынды қорытқандай, өлеңмен достасып жолыққандай.

Өленде мен өзгемін,
Өленге жоқ жаттығым.
Өлең – менің өз демім,
Өлең – менің шаттығым.

(19 бет) дегенде шараптың емес, шабыттың шаттығы – өмір мәні, көңіл сәні екеніне көзі жетіп отыр. Ол енді жаман атақтан арылып, жақсы өлең жазуға берік бет бұрған. Оның мұндай өлеңдері бұл жинақта бірраз баршылық.

Ондай туындылардың қатарына «Отан», «Өмір», «Қан», «Сенемін», «Ұста», «Ашу» атты өлеңдерін жатқызуға әбден болады. Ол:

Маған төр – Отанымның шалғай шегі,
Үстінде жұмыр жердің жоқ босаған. –

Немесе :

Жерінде жүрсем егер бөтен елдің,
Отанымды аңсаумен өтер едім –

дегенде, оқушылардың «рас-ау!» деп разы болары анық. Сол себепті:

Болса да Планетаның салмағындай,
Парызын Отанымның көтеремін –

деген ақын сөзін, әсірелеу күйінде ғана емес, үлкен борыш ретінде ұғынамыз.

Қазіргі қазақ поэзиясына парасат тән. Өмір жайлы философиялық ойларға толы өлеңдер бұл кітапқа да көрік беріп тұр. Ақынның толғақты ойы, толассыз тебіренуі көзге ұрады.

Түн жаулап ала алмайды күн тұғырын,
Өмірдің кім тоқтатпақ бұл дүбірін?!
Өмір деген өлмейді ешқашанда,
Өйткені, ол – өлімнен туды бұрын, –

деп келетін оптимистігі оқушы жанына жағады.

«Ұста» деген өлең – Тоқаштың ақындық кредосын айқындайтын шығарма. Жұдырығы тас түйін, жұмыр білек жұмысшының игілікті ісін, қайрат-күшін мадақтап кеп:

Қаламымның ұшынан ұшқын атып,
Шіркін-ай, туса солай өлеңдерім –

деп армандайды ақын. «Ұстадай боп отқа бөленбегенін» мойындайды. Онысы көп жерлерде көрініп те тұр. Шыңдалмай шыққан жыр

жолдары, жақсы айтып келе жатып, жаңылыс басатын жерлері кездеседі.

О бастан әке-шешем жоқ болса да,
Обыр көз, жетімдікті жоққа сана, –

дейтіні бар.

Осындағы екінші жолды кімге айтып отырғаны ұғынуға қиын. Содан соң адамның ата-анадан ерте айрылуы мүмкін, ол «о бастан жоқ» болуы қалай?

Ақылды боп анасынан туды кім?
Мен де өмірде сан қателік қалдырдым.
Айтып берсе, ішер дейсің уды кім?
Кейде қызық бұлыңғыры тағдырдың, –

дейді ақын. Алдыңғы үш жолда айтылған ойды жаңалық болмаса да, жалпы дұрыс айтылған, жөн деп қабылдайық. Ал соңғы тармақтағы «тағдырдың бұлыңғыры» деген бұлдыр ұғымды қалай түсінуге болады?

Соңғы кезде шығыстық өлең өрнегі – төрттаған (рубаят) жазу кең өріс алуда. Бірақ:

Үстіңе төгіп алма тұнған майды,
Қасыққа ықтият боп қолыңдағы.
Арақ тамса жағаңа – былғанбайды,
Түсер бірақ, арыңа оның дағы, –

деп, қарадүрсін түрде құрділмәрсуға, бос ақыл айтуға бола ма?

Сондай-ақ Тоқаш «Соғыс болмасын» деген ойды айтуы үшін:

Жайлауда қойшы отыр қи жағып,
Қи иісі сүйкімді мұншалық...
Жаныңды қинайтын жаралап,
... Соғыстың түтіні жаман-ақ! –

деп, жадағайлыққа салынады. Немесе «Жүрек болып жаралмадым мен неге?», «Көз болып мен жаралмадым, беу неге?» деп қайталаушылыққа ұрынып, ұтылыс табады.

Көңілге тоқшылығы сол: мұндай кемшіліктер онша көп емес. Бірақ сондай солғын жыр жинақтан орын алмаса, ақынға абырой, оқушыға мерей ғой. «Көкейлерден қоныс табар алтын сөз» деп Тоқаштың өзі айтқандай, өлең ойлылығына қоса, өрнекті боп келсе ғана, жұрт жүрегіне жол таппақ.

«Комунизм нұры» газеті,
1968 жыл

ЖАРЫҚШАҚСЫЗ ДАУЫС ЖАҚСЫ

Әдебиет әлеміне алпысыншы жылы келген жас ақын Тұрсынзада Есімжанов бүгінге дейін үш жинақ беріп үлгерді. «Қабырға тал» атты алғашқы жинақтағы өлеңдер өршілігімен, өткірлігімен жұрт назарын аударған болатын. «Болашаққа хат» деп аталған екінші жинақ Есімжановтың іздену үстінде, ілгерілеу бағытында екенін байқатқан.

Ауыр болсын, жеңіл болсын салмағы –
Жолаушыға менің белім талмады.
Аяқ та емес, тұяқ та емес, арқама
Батады тек мүгедектің балдағы,–

дегізіп «жол сөйлеткені», жөн сөйлеткені бар-ды. Ақын асқақ көңілге қоса терең ойлы тебіреніске бой ұра бастағандай еді.

Ал мына «Ар атымен» (Поэма мен өлеңдер. Алматы, «Жазушы». 1966 жыл) – деген жаңа жинағында осының екеуі де баршылық. «Тереңге де, биікке де – тазалыққа тартамын» (54-бет) дейді ақын. Осынысы рас. Алайда асқақтай сөйлеп, ілкім ірілік көрсетуі әлі де басым жатыр. Ол өлеңдердің – «Қыран», «Жүрегімде бір қатты от бар», «Дүние, айқай дүние, бұландаған», «Асаулық» деп аталуынан да аңғарылғандай.

Көктем, көктем!
Сүйем көктем көркін мен!
Еркін бұлттар айдын көкте жөңкілген,
Семіз толқын сатыр-сұтыр мұз жарып,
Сеңді сеңге соғады асау серпінмен, –

деп басталады «Асаулық» өлеңі. Әдейі солай басталған. Автор, алдымен, асау мінезді табиғатқа тән демек. Ал табиғаттың да асау шағы, тасыр кезі бар, ол – көктем. Бір шіліктің бүр жарғаны – тіршіліктің нұрланғаны. Көктем өңірдің жасыл, өмірдің асыл мезгілі. Аумаған адамның жастық шағындай. Жастыққа адуынды алып ұшпалық тән. Сол себепті де жас ақынның:

О, асаулық, – түп басы сен тірліктің,
Өзің барда, дәйім өрге дүрліктім.
Кең дүниеден сені ғана пір тұтам, –

деп, пікірін ашық айтуы әбден түсінікті. Оның лепті сөзін, лепірген көңілін – міні емес, мінезі деп білген жөн.

Ер мойның мен құрық көрмей, бас білмей,
Заула, заула менің асау өмірім! –

дейтін өршілдігі де орынды. Бұл, әрине, бетіңмен жүр, бей-берекет бол деген сөз емес. Автор асаулықты – азаматтық қасиет санап, қастерлеп отыр. Оған ақының:

Асау қимыл ат ойнатпай, әлемде
Жасалмайды жаңалық пен өзгеріс, –

деп ой түюі дәлел. Ол жас адамды жасық болмауға, күйбеңдемей күресуге шақырып отыр.

Осы секілдіоңды өлеңдердің қатарына «Ұлым», «Қалай ақса, солай ақсын өзендер», «Шындық», «Ілиясқа», «Әлі есімде», «Тұңғыштар» атты жырларын да жатқызуға болады. Сонымен қатар солғын жырлар да жинаққа кіріп, жылымшы татып тұр. Мәселен, «Жапандағы жалғыз ағаш» атты өлеңде орынсыз өксу бар. Осындағы жалғыз ағашты кімге теңеп, кімді аяп отырғандағы да айқын емес. Ал «Сөз!» – деп басталатын өлең сөзуарлық болып кеткен.

Нағыз поэзия мен нашар өлең қатар тұрса, «қап» деп өкінуге болады. Ал бір өлеңнің өзінде ұтқыр ой айтып отырып, тұтқыр жазса, қайтерсің? Ақын «Қызылбұлақ басында» деген өлеңін:

Естуші ем бұрын сені ұзынқұлақ,
Жатырсың, міне, алдымда Қызылбұлақ, –

деп қызықтыра бастайды да,

Жорыққа қияр кезде жаның жайсаң,
Батырдың шапшып аққан қанындайсың –

деп жаңылтпаштайды. Бұл екі жол – өлең үйлесіміне сай орындары ауысқан тоғыз мүшелі бір-ақ сөйлем. Ұғымға ауыр, ұйқасы да мықты емес. Дәл осындай сөз саптасында, ұйқас үйірілімінде кеткен кемшілік басқа өлеңдерде де бар. Мұның өзі, жалғыз Тұрсынзада емес, жас ақындардың көбіне тән. Ол біздің сақ қарап, сарыла түзетпей кейде асығыс жазатынымызды аңғартатын секілді.

Жинақта ақынның өзіне ауыр міндет жүктейтін, жүрек сырындай бір өлең бар. Ол:

Дүние думанды аймақ, көңілді аймақ,
Айнала мал баққан ел, егін айдап.
Аспаным – бейне алып қоңырау да,
Қойғандай ортасына мені байлап, –

деп басталады. Әсерлей айтып, асқақтай сөйлеген. Тура Тұрсынзада жазғанын тани қойғандайсың. Біз, міне, осындай өлеңдер күтеміз. Аспандай алып қоңырау күбірлеп емес, күмбірлеп сөйлеуі хақ. Сондай-ақ ол өзі жарылмаған бүтін қоңырау болып, жарықшақсыз дауыс шығарса жақсы.

«Коммунизм нұры» газеті, 1966 жыл

Библиография

СӨНБЕЙТІН ЖҰЛДЫЗДАР ТУРАЛЫ

«Қазақстан» баспасы бұдан бірер жыл бұрын Орта Азия мен өз республикамыздың арғы замандардағы әйгілі ғалымдары туралы арнаулы жинақ шығарған болатын. Ол кітап өз міндетін өтеп, оқырмандардың ықыласы мен ілтифатына бөленген-ді. Соған сәйкес бұл бастаманы дәстүрге айналдырып, дамыта беру міндеті туған секілді. Соның айғағындай – «Сөз зергерлері» атты жаңа жинақ жарық көріп отыр. Ол жөніндегі хабар газеттерде жақында ғана жарияланып еді, енді, міне, кітаптың өзі дүкендерге түсіп, дүйім көпшіліктің игілігіне айналуда.

Алдымен мұнда «Шығыстың жеті жұлдызы» атанып, әлемдік әдебиеттің аспанынан да жарқырай көрінетін заңғар ақындар заңды түрде мол сөз болады. Осы бір атау әдетте көп айтылады, бірақ сол жетеудің кім екенін жеткілікті біле бермейміз де ғой. Мына кітапты оқып шығып, олардың: Әбілхасан Рудаки, Әбілқасым Фердауси, Омар Һаям, Низами Ғанжауи, Муслихиддин Сағди, Хафиз Ширази, Әбдірахман Жәми екенін айқын біліп, немістің ұлы қаламгері Гетенің: «Шығыста ығай мен сығай жеті ақын бар. Солардың ең төмені – менен артық» деген сөзінің сырына қаныққандай боламыз.

Солар туралы сөздің Әбілхасан Рудакиден басталуы да әбден орынды. Туғанына 1100 жыл толуы 1958 жылы тойланған Рудакиді әдетте «Ақындардың Адам-Атасы» деп есептейміз. Бұл оның осыдан мыңдаған жыл бұрын қалам ұстап, «Қалила мен Димна» атты кітап жазғаны үшін ғана емес, сол он ғасыр бойына өлеңдері ой қозғап, сезім тербеп келе жатқан кемеңгер ақындығы үшін де айтылғаны сөзсіз.

Рудакидің есімін елдің бәрі біледі, бірақ оның өмірі мен өнер жолын аз білетініміз анық қой. Арада өткен он ғасыр көп деректерді көнертіп, көмескілендіріп, тіпті асығыс айтылған, жаңылыс жазылған мәліметтер тудырғаны да мәлім. Сөйтіп, Рудаки жәйлі бір жерден естіп-оқып білгеніміздің екінші бір ретте ақиқат болмай шығатыны да бар. Ұлы ақын туралы үлкен мақала жазған белгілі ғалым-сыншы Т. Нұртазин сол жөнінде сөз ете келіп, ақын өмірінен әр алуан мәліметтерді мол берген. Кей реттерде бір мәселе жөніндегі әр нұсқадан алынған мағлұматтар салыстырмалы түрде беріліп, ақиқатын айыру үшін оқырманның өзін ойландырғандай.

Ал белгілі сыншы М. Қаратаев Әбілқасым Фердаусидің өмірі мен творчествосын салиқалы сөз еткен. Әсіресе, оның «Шахнама» атты шалқар еңбегіне мол тоқталған. Олай болуы заңды да. Өйткені, сыншы айтқандай, «Фердауси жазған ұлы туынды – «Шахнама» эпопеясы өзінің ұлан-байтақ тарихы, көлем кеңдігімен болсын, тұңғиық ой тереңдігімен, керемет көркемдік құдыретімен болсын, тәжік-парсы поэзиясында ғана емес, күллі әлем әдебиетінде Гомерден жиырма шақты ғасыр соң, Дантеден түйдей үш ғасыр бұрын тұтас бір дәуір жасаған өлмес еңбек еді».

Бұдан әрі бізге жеткен «Шахнаманың» көлемі 60 мың бәйіт, яғни 120 мың жол өлең, былайша айтқанда, Пушкиннің «Евгений Онегин» романынан 20 есе зор екенін оқып білеміз.

Бұл эпостың негізгі мазмұны – Иран елінің көп ғасырлық тарихи өмірі. Кітаптың елу шақты тарауында елу түрлі патшаның ел басқару дәуірі баяндалады. Сол себепті де эпостың аты «Шахнама» қойылып, қазақша «патшалар туралы кітап» деген мағнаны білдіреді. Бірақ мұндағы жырланатын қаһармандар – патшалар емес, батырлар. Патшалар туралы баяндаулар эпоста тек эпизод түрінде беріледі. Бұлар шығарманың композициялық желісін жалғастырып, негізгі қаһармандардың – батырлардың мінез-құлқын ашу үшін алынған тәрізді... Мақала авторы осылай деп ой түйіп те кетеді. Одан әрі «Шахнамаға» талдау жасап, оның Азия мен Европа елдеріне кең таралу тарихына да тоқталады. Сондай-ақ бұл ғажап туындыны қазақ даласына таратқан, Сердалы ақынның, Молда Ораз бен Хасеннің, Мұхаметжан Сералиннің, бертіндегі Тұрмағамбеттің аудармалары турасында да сөз болады.

Келесі бір кемеңгер ақын – Омар Һаям болса, ол турасындағы мақаланы Қ. Шаңғытбаев шабыттанып жазған екен. Солай болуға лайықты да, өйткені ол Омардың өмірін біраздан бері зерттеп, өлеңдерін қазақшаға аударумен айналысып жүр. Соның нәтижесінде 1965 жылы «Жазушы» баспасынан «Омар Һаям. Рубаилар» деген кітап та шыққан. Міне, сондықтан да сөз болып отырған жинақта Омардың өзі молынан сөйлеп, поэзиясының парасаттылығымен, сұлулығымен сүйсінтеді.

Сен неге кедейлікке боласың дал?
Тартынбай тіршіліктен аласыңды ал!
Бір сағат шаттық артық мың қажыдан,
Меккеде қайбір сенің нағашың бар?! –

деген нағыз ақын, аңыз ақын сөзіне оқырман бас изеп, бәйек болады. Сонымен бірге мақала авторы осындай өлеңдер жазған ақынның қиыншылыққа толы қызу өмірін де жақсы әңгіме етеді. Омардың атақты астроном, математик екенін айтуды да ұмытпаған.

Ал Низами туралы – Е. Ысмаилов, Сағди жөнінде – Б. Наурызбаев, Жәми жәйлі – Р. Бердібаев, Хафиз хақында – Б. Ысқақовтар да ықыласпен сөз еткен.

Бұлардан басқа бұл кітаптан Орта Азиядағы ұлттық әдебиеттердің де үлы өкілдерінің орын алғаны оқырман үшін өте құнды десек керек. Көрші республикаларымыздың көне мәдениетімен, өнер өрендерімен таныса берудің, олардан тағлым алудың пайдалы екендігі даусыз. Соған орай өзбек мәдениетінің мақтанышы – Әлішер Науаи мен Захиреддин Бабыр, әзербайжан әдебиетінің алыптары Мұхаммед Физули мен Мирза Фатали Ахундов, түрікменнің атақты ақыны, «Шығыстың Шиллері» атанған Мақтымқұлы Фраги, қарақалпақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі Бердақ, үйғырдың ұлы ақыны Білəл Назым, татардың талантты қаламгері Ғабдолла Тоқай, қырғыздың «Манастан» кейінгі мақтаны Тоқтағұл тураснда сөз болғаны, бұл кітаптың арқалаған жүгі ауыр да абзал екенін паш еткендей.

Сондай-ақ, осы сөз зергерлері, сөнбес жұлдыздар қатарында қазақтың үлы ақындары – Махамбет, Ыбырай, Абайы да орын алып, олардың да шығыс поэзиясына, әлем әдебиетіне қосқан үлесі қомақты екені дұрыс айтылған.

Осыншама шоқтығы биік, шоғырланған үркер жұлдызындай ұлы ақындар жәйлі сөзді айтуға республикамыздың көрнекті әдебиетші-ғалымдары Е. Ысмайылов, Қ. Жұмалиев, Т. Нұртазин, М. Қаратаевтардың қатысқандығы да кітаптың маңыздылығын арттыра түскендей. Қысқасы. «Сөз зергерлері» атты жинақ – жыр сүйетін қауым үшін, өлең өнеріне талпынған жастар үшін, әлем әдебиетімен таныса бергісі келетін азамат үшін өте құнды кітап.

Оқушы пікірі

АҚЫННЫҢ ЖҮГІ АУЫР

Шығып жатқан кітаптардың саны жөнінен қазақтың мемлекеттік «Жазушы» баспасына бүгінде қояр кінə жоқ секілді. Жəне бір жақсылығы – бұл баспа жазушы болып алғандарды ғана жариялап қоймай, жазушы болудан дəмесі барларды да демеп, елеп отырады. Оған айғақ – «Тұңғыш кітап» сериясы.

Сол сериядан шыққан Қалыбаев Сұлтанның кітапшасына жолықтық жуырда. Бұл жинақтағы өлең саны 24 екен. Жинақ «Дүниенің құрдасымын, жас емеспін» атты өлеңмен ашылыпты.

«Үлкендер маған дəйім «жассың» – дейді,
«Жастықтың отына сен массың» дейді.
Жолдастар! Тыңдаңыздар, жас емеспін.
Ойменен балқып жүрмін, мас емеспін».

Алғашқы екі жолда ақын өмір шындығын өлең жолына айналдырып отыр. Жарайды, солай болсын дейік. Сонда ақынның «дүниемен құрдастығы» неде екен?

Алғашқы адам ата жаралғанда,
Бар едім мен соның нақ жүрегінде.
Алғашқы ана жүкті болғанында,
Бар еді мендей бір ұл тілегінде.
Біліммен алысқанды жақсы деген,
Ай менен Күнге ұшып шықса деген».

Иә, білім – адамның керемет қуаты. Бұл – барша жұрт білетін шындық. Сондықтан да ақын білім туралы айтылған халық мақалынан өзінше афоризм жасамақ болған. Алайда мұны ұтымды шығара алмапты.

Сондай-ақ аспан әлеміне ұмтылу – адамзаттың атамзаманнан бергі арманы екені де анық. Қазір ол арман ақиқатқа айналып, космонавт боп ұшып жатыр космосқа. Соның куәгері Қалыбаев жалпылама жазбай, деректі деталь неге енгізбеді екен дейміз. Өйткені ақынның өзі:

«Дүние жаралғалы туған ойды,
Аржағын ойлап тап деп маған қойды», –

деп айтып отыр. Ендеше осы тақырыпта бұған дейін жазылып келген өлеңдерге жас ақын қосқан жаңалықты іздейміз біз.

«Алматы, уа Алматы, гүл бағыңа,
Оранып тумасам да туғандаймын.
Мөлдіреп жумасам да жуғандаймын», –

деп халық поэзиясына тән қайталама, ойнақы ораммен өлең басталып кеткенде ден қойып қалуың да, өлеңді бастан аяқ оқып шыққанда көңілің біртүрлі ортайып қалады. Жинаққа берілген аннотацияға қарағанда автор Алматыда бірінші рет болып отырғанға ұқсайды. Ал енді аялы астанаға осылайша сағынып келген күнде де бар болғаны «асыр салып, гүл теру» ғана ма? Мұның өзі тым арзанқол болмай ма? Он жыл жазып жүрсек те, отызға келсек те «жас ақын» деп әлдилей берушілік осындай жеңіл-желпі ойнақылықтан тумай ма екен?

Осы жайды ойлағанда қабағымызды кірбең шалып еді, келесі:

«Келешек – соңғы балалар,
Аспанда асыр салыңдар!
Әрқайсыңа бір жұлдыз
Тарту еттік – алыңдар!» –

деген жалғыз шумақ өлеңді оқығанда, жадырап қалдық. Бұл арада ақын ойының асқақтауының артықшылығы жоқ. Заман сондай, уақыт солай. Балалар – болашақ космонавтар. Қазірде батыр космонавт Леонов космос кеңістігінде кәдімгідей жүзіп жүріп келген шақта, келер ұрпақтың космоста шарлауы «қиын» дерлік қиял емес енді. Міне, ақын соған меңзеп отыр.

Бірақ бұл жинақта мұндай сәтті шумақтар санаулы ғана. Кітапта қысқа өлеңдер көп болғанмен, олардың көңілге дөп түсері азшылық. Мәселен, Қалыбаев:

«Тәніңізде жара болса,
Тез жазылар, ауырмас.
Егер көңіл жараланса,
Емін таппай жазылмас», –

деп тән жарасынан жан жарасы ауыр деген ақиқатты айтқысы келеді. Өйткенмен көңілдегі көрікті ой қағазға түскенде, қиуы қашып жұтаң боп шыққан. Көкейдегі ойды дұрыс жеткізе алмайтын мұндай бытыраңқы шумақтар «Ф-ға», «Шық», «Сырдарияға» деген өлеңдерінде де бар.

Кейде ақын:

«Жол тосқанның тура қара көзіне,
Өз айыбы ой түсірсін өзіне» –

деп, жақсы айтып келе жатып:

«Білмес болса әділет, адамдықты,
Есіркеме, болса да қанша мықты», –

деп тұспалдайды. «Мықтыны есіркеме» дегені құлаққа онша ұнап тұрған жоқ. Біз бұл арада сынды шоқпар қылудан аулақпыз, әйтсе де ашық айту керек, қазақша айтылмаған сөздер мен сөйлемдер бұл жинақта аз емес. Ал талғампаз оқушыларымыз болса, мұндай олақ құрылған жолдардан гөрі «Өзен» секілді сәтті жазылған өлеңдерді оқығысы келеді. Үзінді келтірейік:

«Таудың тағы боз айғыры
Таудан түсіп келеді.
Көкке тиіп құйрық, жалы,
Желдей ұшып келеді.
Жолдан шығып сушы жігіт,
Мойынына асылып,
Мініп алды лезде қарғып,
Сол тұлпарды басынып...»

Мұндағы өзен суреті, бейнелі ой, айқын идея бұл өлеңді қызу қанды етіп көркейтіп тұр. Міне, осындай көрікті ой, кестелі суреттер көбейе берсе, ақындық талпыну мен талаптану іздену деген осы емес пе.

Пікірімізді түйіндей келе айтарымыз: С. Қалыбаевтың тұңғыш кітапшасында оқушы ойына олқы соғып, көзді сүріндіретін олқылықтар аз емес. Жас ақынның ендігі міндеті талап тұғырынан таймай, көп ізденіп, көп еңбектену болып табылады.

Солтүстік Қазақстан облысы, «Тың өлкесі» газеті, 1965 жыл

«ҚАРЛЫҒАШЫМ, КЕЛДІҢ БЕ?»

Өлең кітабы осылай аталады. Поэзияны қадірлейтін қазақ оқырмандарына бұдан бұрын саяси тақырыптағы салмақты поэмаларымен танылған, талабы зор ақын Мұқағали Мақатаев бұл жолы лирик ретінде жаңа бір қырынан көрініп отыр.

Қарлығашым, келдің бе,
қаршығадан саумысың?
Аман-есен жеттің бе,
айыр құйрық нау-құсым?
Оралдың ба тағы да өзің өскен ұяға,
Оралдың ба, сүйіктім,
екеуің де бармысың?
Қарлығашым, бұл қалай,
қайда кеткен серігің.
Зияны жоқ зиялым,
өкпелетті сені кім? –

деп жазатын ақын. Жас күнінде, сонау соғыс кезінде әжесімен екеуі елде қалып, алыстан амандық хабар күткен күндердің бір суретін алға тартады. Ауласына ұя салған құсының жалғыз қалғанына жаны ашып, «қиын екен жалғыздық қияда өскен шынардай», – деген ой түйіндейді. Аяулысын майданға аттандырып, аңсап күтіп отырған өздерінің де арман-сырын ақтарғандай.

Қазақ ақындарының соңғы буыны соғыс жайлы аз жазып жүрген жоқ. Қиын-қыстау күндерде ерте есейген бұл ұрпақ бүкіл еліміз бастан кешірген зор тауқыметтен мол хабардар.

Боздақтарын аттадырған шақтарда
Боздап еді-ау, бор кемік боп қарттар да.
... Бір орманның бір түп
өндір шыбығын,
Тиеп алып, күнбатысқа тартты арба.

Ақын естелігі осылай. Ел жігіттерін ұлы жорыққа ұзатып салудың қамырықты, қасиетті көрінісі көңілінде қалып қойған. Ал өз әкесі аттанған аязды таң әлі күнге көз алдында. Оралар шағы өткелі қашан.

Сенбеймін: «Әкең өлді» – дегенге мен.
Себебі ол үйімізден тірі аттанған... –

деп үміт шіркінді үзгісі келмейді. Қазір оның өзі – әке. Баласын ертіп ойнау аралап, көше қыдырыстап келеді: «Тоқта, балам! Атаң келеді артында!» – деп, әдеп көрсетуге, ақылын тыңдауға шақырады:

Ақылыңа айырбаста күлкіңді,
Қайтесің сол күлкі дейтін шіркінді.
Бейқам күліп өспеген соң өз басым,
Бос күлкіні ұнатпаймын бір түрлі...

Осы шумақтың алғашқы екі жолын өлеңдік қасиет тұрғысынан қарағанда: «құрғақ дидактика ғой», – деп құптай қоймас едік. «Баланың жадырап күлгені жақсы емес пе, ақылдылықты танытатын таза күлкі болмай ма?» – деп даулар едік. Бірақ соңғы екі жол сол ойлардың бәрін оңай қойғызып, ащы шындық, ауыр сезімімен төрт тармақты толық поэзия етіп қабылдатады. «Қиындық көргеннің қылтың-сылтыңы көп болмайды ғой, ақын сөзі анық, айтуы да жөн» – дегізеді. Соғыстың салқыны шалған жастың салмақпен сөйлеп, салиқалы ойлар айтуын қоштамай қоя алмаймыз.

Ал енді бүгінгі өмірге бұрылғанда Мұқағали қаламы қаздаң қағып, өлең оты маздап жанып, шалқиды:

Заводтары темекісін ширатқан, дархан даласы сый тартқан берекелі ел тынысы, мерейі үстем ақынның желпінісі сезіледі. Жалпы қазіргі қазақ ақындарының, оның ішінде, осы Мұқағалидың өлеңдерінде осындай бір шешендік, терме тектес төгілмелілік, мол-молынан ұйқастыру, Махамбетше мақамдап кетушілік бар. Соның мысалы ретінде «Алатау, ассаламағалейкум!», «Сіздер», «Хантәңірі», «Шау тартып қалыпсың-ау, қайран шабыт», «Заулап өткен заман-ай құр аттайын», «Арулар» атты өлеңдерін алуға болады. Әрине, Абай үлгісін үйрену ақындық шыңына жетелейтіні сияқты Махамбеттің адуынды сарынын, берендей өткір бойынелі шешендігін үйрену де поэзиямыздың бояуын әрлендіре түсері анық. Бірақ ақындарымыз оның өршіл де уытты ырғағын, алтынның сынығындай асыл теңеулі жырларын жадына алғаны жақсы. Діңке құртатын ділмарлыққа ұрынбайық.

Рас, Мұқағали жинағындағы жырлардың өмір көрінісін көркем сурет арқылы көз алдыңа әкеле қоятын әсерлі, әдемісі де баршылық. Ақын:

Ат суара барғанда жылғаға мен,
Ашаң жүзің ашылып бір қарап ең.
Құлағында ай-сырғаң дір-дір етіп,
Енді үзіліп кетердей тұрған әрең.

Қимыл сайын майысып бос буының,
Асылып тұр арқаңа қос бұрымың.
Құла бесті құлағын тіге қалды,
Қыз көрмеген мақұлық осқыруын, –

деп өмірдің бір тәтті сәтін бейнелейді. Сүйген қыздың сүйкімді портретін жасайды. Одан осқырынып тұрған жас жігіттің өзі секілді. Яки мұнда сұлу сурет пен шымшым сезім бар. Біз сонысына сүйсінеміз. Өлең дегеніміз – ойдың образдылығы, сезімнің шынайлылығы ғой. Күн батты. Ал батыста талауранып, тапжылмай жатып алды ұйыған қан.

Бейуақты бейнелеген бұл жолдарды біз жинаққа кірген «Ару-Ана» поэмасынан алып отырмыз. Көкжиекке көз жіберіп үйренген дала перзеттеріне таныс сурет табиғаттың күн батардағы құбылысын бейнелі етіп берумен бірге поэма кейіпкерінің сол сәттегі хал-қаракетіне, көңіл-күйіне дәл үйлеседі. Олай дейтініміз: «алты болыс Албанды запы қылған» Құрман қарақшының таудан түсіп, тойға келгені, ат жарысына қосылған ала бестісі оза шапқаны, бас бәйгеге тігілген Жамал қызды қоярда-қоймай ат артына өңгергені өңкей бір қызу қимыл, талас-тартыс түрінде тартымды жыр болып келеді де, «тұйық арманы тұншыққандай» болған Жамалдың жанарына жаңағы қансыраған көкжиек көрінеді.

«Ару-Ана» поэмасының алғашқы сәттері – жалғыз жарлыны бай тобының басынбақ болуы, бас бәйгесі қыз болған атшабыс, жазықсыз жанды жылату сияқты жайлар қазақ әдебиетінде көп жазылған, көне тақырыпты дастандарды еске салғанымен оқиғаның одан әрі өрбуі, кейіпкерлерінің қызық тағдыры Мұқағали туындысын мүлде өзгеше етіп өрнектейді. Поэманың көлемі шағын, көркемдік қасиеттері шумақ сайын жалт етіп, жақсы әсер қалдырып отырады.

Құзар тау, құлма құз, боз жотаны,
Астына ап аяз-бейбақ боздатады.
Сайларда сайтан-боран көкпар тартып,
Көкесін қорқыныштың қоздатады, –

деп, тау ішінің табиғатын қарақшының үңгірінде үрейленген Жамалдың ұғым-сезімі арқылы суреттейді. Ал енді елден безіп, ешбір қызық көрмей, көңілі құрғақ тартқан Құрманның перзентті болған шақтағы халін: «Шырылдаған үніңнен айнайлайын, шыныменен өмірге келгенің бе?» – деген шынайы жыр жолдарымен береді.

Қызым болсаң, Қырымда құралайсың,
Ұлым болсаң, ұлы бір мұрадайсың.
Естисің бе, есі жоқ, ей, дүние,
Менен неге сүйінші сұрамайсың? –

дегізіп, шаттанған жанды шалқыта жырлайды. «Адамды адам түсінбеу – бір қасырет» атты өлеңінде:

Ойлы жас! Өлең –менің сырласымдай,
Сырлассам да құмарым жұр басылмай.
Айтып өткен ақында арман бар ма,
Жүрегінің түбіне кір жасырмай –

деп жазыпты Мұқағали. Өзінің оқырмандарына асыл арман, абзал міндеті жайлы айтып отыр. Ақындықтың қиындығының, өлең жазуға деген жауапкершіліктің күшті екенін сездіргендей. Жинақтағы өлеңнің бәрі бірдей сол талап, зор талап тұрғысынан табыла ма? Оны М. Мақатаевтың «Қарлығашым, келдің бе?» жинағын оқыған жырқұмар қауым айтсын.

«Коммунизм нұры» газеті, 1968 жыл

Кітап оқушылар конференциясынан

ТАРТЫМДЫ ТУЫНДЫ

«Осы күні романдар оқылмайды» – деген ойдан батыс европалық жазушылардың тығырыққа тірелгендей болғаны бар. Біздің қаламгерлеріміздің мұндай мұңы жоқ. Жақсы кітап аздығын айтпасақ, оқырман хақында өкпе болмаса керек.

Рас, «қазақша кітаптар оқылмайды, өтпейді» деген сөз де әр жерде айтылып қалып жүр. Әрине, бұл жаңсақ пікір, шолақ ой. Жас жазушы Жайсаңбек Молдағалиевтің «Торғай толғауы» романы бойынша өткізілген конференция осының айғағы болды. Целиноградтағы саяси-ағарту үйінің сәнді залына әдебиетіміздің анық достары мол жиналды. Олар романды оқып қана қоймай, ол жәйлі өз пікірін айтып, пайымдай білетінін де паш етті.

Конференцияға қала студенттері белсене қатынасты. Әсіресе, байырғы оқу орны – педагогикалық училищенің шәкірттері шығарманы қызу талқыласты. Мінбеге бірінші болып шыққан педучилище студенті Жібек Боранбаева «Торғай толғауы» соғыстан кейінгі ауыл өмірін шын білгірлікпен, шынайы тұрғыда суреттейтін туынды екенін айтты. Оның курстас құрбылары Алтын Жаңабаева мен Мәруа Өтеулинова өмірдегі секілді романда да жағымды-жағымсыз адамдар тобы барлығына тоқталды. А. Жаңабаеваға ұнаған образдар: қайсар Қарамеңді, ақылды Айғаным, жылы жүзді, жібек мінезді Ақзейнеп екен. Ол тек қана Қарамеңдінің тым көнбіс болуына қосылмайды. Ал М. Өтеулинова жағымсыз образдың жасалуына қарай ұнамды бейне де бедерлене түседі, – деген ойды өз сөзіне өзек етті.

Целиноград ауылшаруашылық институтының студенті Төлеген Махметов бұларға дау айта сөйледі: «Соғыстың жүрекке салған жарасы жұрттың табасы Қарамеңдіні көнтерілі болуға көндіргендей. Онысы өте заңды. Ал Күнзиланы жағымсыз кейіпкерге қосып қоюға болмас. Бұл – әлі де өсуге тиісті образ. Жалпы Күнзила – күрделі бейне екеніне шығып сөйлеушілердің біразы назар аударды. Журналист Балмағамбет Жүнісов сөмкелі Бәкен бейнесінің сом суреттелгеніне сүйсінді. Ал Жамбыл атындағы № 4 орта мектептің оқытушысы Баянбай Құсайынов бала Нұр-

лан бейнесіне тоқталды: «Торғай толғауының» екінші кітабын асыға күттіретін де осы образ.

Бұдан кейін сөйлегендер Целиноград медицина институтының студенті Сейіт Қадыровтың ұсынысын қуана құптасты. Ол: Жайсаңбек Молдағалиевтің «Торғай толғауы» романын Қазақстан Комсомолы атындағы сыйлыққа ұсыну қажет деген болатын. Жалпы жаңа туынды туралы 12 адам өз ойын ортаған салды.

– Әйтеуір бұл кітаптың кісіні еліктіріп әкететіні анық. Тілі жатық, оқуға жеңіл, – деді облыстық кітапхананың қызметкері Орынбасар Сейітбаева.

Целиноградтағы конференцияға арнайы шақырумен келген автор пікір білдірушілерге алғыс айтып, оқырмандар сұрағына жауап берді. Романның екінші кітабы ендігі жылы «Сарыарқаның сүйіктісі» деген атпен жарық көретінін жария етті.

Конференцияны жазушылар одағының облысаралық бөлімшесі мен облыстық кітапхана қызметкерлері жақсы ұйымдастыра білген. Қаладағы қазақ оқырмандарының жаңа кітаптар жайлы әңгімені жиі өткізгені мақұл, оған мүмкіндік мол.

«Коммунизм нұры» газеті, 1968 жыл

Біздің календарь

ҰЛЫ СЫҚАҚШЫ

(М.Е. Салтыков-Щедриннің туғанына 150 жыл)

Сыншы Белинскийді абақтыға жабудан құтқарған оның өз өлімі болса, сықақшы Салтыков-Щедринді каторғаға айдаудан сақтаған оның бұған дейін жер аударылуы еді. 1849 жылы патша үкіметі Петрашевский үйірмесіне қатысушыларды қатаң жазалағаны тарихтан мәлім. Салтыков бұл кезде Петербургта болса, ауыр жаза алмақ-ты. Бірақ ол осыдан бір жыл бұрын Вятка қаласына жер аударылып еді. Соның алдында «Қайшылықтар» және «Шырғалаң іс» деген шығармаларын жариялағаны үшін жазаланған болатын.

«Қайшылықтар» повесінде әлеуметтік теңсіздік қайшылықтарды көрсетуге ұмтылған. Әлеуметтік әлсіздік бар жерде жақсы жандар да бойын жаза алмайды, ойын іске асыра алмайды. Қаламгер мұндай пікірін Нагибин бейнесі арқылы айшықтайды. Зорлық-зомбылық дегенді Нагибин күнде көріп жүр. «Неліктен біреулер күйме мініп, шалқияды, ал біз жаяу жүріп батпаққа батамыз», деп ойлайды ол. Басқа бір өмірді аңсайды, бірақ әрекеттен аулақ. Тұрмыс тауқыметі тұқыртып,

қоршаған орта оны ынжық еткен. XIX ғасырдағы орыс әдебиетінде «басы артық адамдар» дейтін кейіпкерлер бар еді ғой, бұл да соның бірі. Ягни «Қайшылықтар» повесі – Лермонтовтың «Біздің заман геройы» және Герценнің «Кім жазықты» романдары тектес шығарма. Ал «Шырғалаң іс» повесі, аты айтып тұрғандай, Гогольдің «Шинель» повесімен, Достоевскийдің «Бишаралар» романымен үндеседі.

Михаил Евграфович айдауда сегіз жылдай болып, тек патша Николай Бірінші өлген соң ғана оралады. Айыптау мерзімі болашақ ұлы жазушы үшін текке өтпеген. Өзінен 13 жыл бұрын сол Вяткаға жер ауып барған Герцен тәрізді Салтыков та шеткері аймақтағы ауыр тұрмыстың азабын өз басынан өткеріп, ел өмірінен мол материал жинап қайтады. Сондықтан да ол Петербургқа келісімен төрт айда атақты «Губерндік очерктерін» жазып шығады. Бұл шығарманың шын мәнін анық түсініп, алдымен бағалаушылар Чернышевский мен Добролюбов болады. Олар реформа алдында өзінің күйзелу шегіне жеткен орыс шаруасының өмірі жайлы және монархиялық мемлекет жүйесі жөнінде Гогольден соң осыншалық ащы айтқан, ашып жазған Салтыков-Щедрин деп таныды. (Н. Щедрин – жазушының әдеби лақап аты еді.

Салтыков-Щедриннің сатирашыл құдыреті «Бір қаланың тарихы» атты романында айқын көрінеді. Эзоп тілімен сөйлеу, яки астарлап айту, тұспалдап қана жазу әдісін ол осы шығармасында асқан шеберлікпен пайдаланған. Сықаққой жазушы әңгімені әріден бастап, Глупов (Ақымақов) қаласында бұрын болған басшылар жайы да асықпай баяндайды. Бұл шаһарда бұрын кісіні басымен қойып қалғыш дуанбасы, өзі үшып жүретін дуанбасы, аяғы артына қарай біткен дуанбасы сияқтылар болғанын айта келіп, ерекше губернатор Брудаст дегенге тоқталады. Мұның басқалардан ерекшелігі – көп сөйлемейтіндігі екен. Жұрт оның: «Төзбеймін», «Быт-шытыңды шығарамын» деген екі ауыз ғана айғайын естіп жүреді. Кейіннен осы губернаторға оңашада сағат шебері Байбаков келіп-кетіп тұратындығы сезіледі. Бір күні дуанбасының үйінен әлгі шебер қолтығына қысып бір нәрсе алып кетеді. Сол түні жұртшылық бұрынғы екі сөзді де естіп қоймайды.

Ертеңіне іс жүргізуші қызмет бөлмесіне кірсе, дуанбасының денесі орындықта отыр, басы столдың үстінде жатыр дейді. Сөйтсе, байбаламшыл губернатордың басы – ішіне арнайы механизм орнатылған темір жәшік екен, баяғы екі сөзді әкіреңдеп айта беретін сол екен дейді... Ол дәуірдің оқырмандары әрбір жолдан астарлы мағына тауып, автордың негізгі ойын ұға қоюға үйреніп алған. Салтыков-Щедриннің замандастары да жазушының Россия империясын мазақтап, орыс патшаларын өлтіре сынап отырғанын айнытпай түсінген. Удай ащы әжуа, мірдің оғындай өткір сын, мақтамен бауыздап, қан шығармай күйретететін қуатты тіл бұл романды әлем әдебиетінің таңдаулы туындылары қатарына жеткізіп, оның авторын дүниежүзілік атақты сатирашылардың сапына қояды.

Михаил Евграфович бұдан кейін де «Ташкенттік мырзалар», «Апайға хат», «Осы заманның жұмағы», «Өмірдің ұсақ-түйегі», «Пешехондық ескі өмір» деген талай тамаша шығармалар жазады. Бірақ сықаққой сыншы қаламгердің асқақ туындысы – «Головлев мырзалар» екендігіне ешкім дауласпаса керек.

Дворяндық ұяның ескіріп, бұзылып бара жатқанын Тургенев ауыр сезіммен аянышты етіп жазса, Гончаров оның төзу процесін құр баяндаумен тыйды. Салтыков-Щедрин болса, революцияшыл демократ ретінде, дворяндық құрылысқа қарсы адам есебінде, ақсүйектер қауымының күйреуін тапқыр шыншылдықпен ғана емес, қатал сыншылдықпен жазды. «Головлев мырзалар» – бір ғана семьяның емес, дворяндық ғұрыптың бар семьясының жағдайын қамтып, типтік дәрежеге көтерілген шығарма.

Романның айтайын дегені – кенеуі кетіп, ернеуі бұзылған ескі ұяда бұрынғылардың өлуімен бірге енді жаңадан жақсы кісі, дені бүтін ұрпақ қалыптаса алмайды деу. Ол себепті де романның бірінші бөлімінде – Степан, екіншіде – Павел, үшіншіде – Владимир, төртінші бөлімде – Петр Головлевтер қайтыс болады. Осылардың бәрінің басын жұтқандай болған Порфирий Головлевтің өзі де ең соңында өліп тынады.

Порфирий Головлев (Иудушка) ешқашан да кісіге бетпе-бет келіп, көзбе-көз жамандық істемейді. Әр уақытта да өзгені алдап-арбап, жауыздық ниетін жасырып, арам ойын көлгір көзбен көлегейлеп, астыртын ғана әрекет жасайды. Екіжүзділігі, сатқындығы, азғындығы жағынан бұдан асқан бейнені таба қою қиын.

Салтыков-Щедрин творчествосын жақсы білген, жоғары бағалаған Владимир Ильич Ленин революция жауларына қарсы күресінде, меньшевиктерді әшкерелеген сөздерінде осы Иудушка образын көп пайдаланған көрінеді. Және де «Иудушка – өлмейтін образ» деп бағалапты. Ендеше ескі өмірдің сұрқия-сұмдығын аша білген, ащы тілмен түйреген, ұлы орыс сықақшысы Михаил Салтыков-Щедриннің есімі де мәңгілік.

«Коммунизм нұры» газеті,
1976 жыл

АҢСАҒАН АРМАН, ТОҒЫСҚАН ТАҒДЫР

(деректі повесть)

Телефоны бар болғыр күтпеген жерден, орынсыз шырылдайды.

Мен телефонға жүгірмейтін кісімін. Әйелдің қолы тимей, мұршасы болмай жатыр. Оның төркіні, менің қайын жұртым, атап айтқанда, әйелге – мама есебіндегі, маған – ене есебіндегі үлкен жеңгеміз Меруерт, туған қайын аға Қазан, қайын жеңге Зураш кішкентай немерелері Асан, Айданамен бірге Алматыға келіп, үйімізде қонақ болып жатқалы бесінші күн. Кәрі күйеу ретінде мен де өзімше қалбалақтап, оларға қызмет көрсетудемін. Жаңағы безілдеген телефон тұтқасын әйелден бұрын барып көтеруім содан.

Әдеттегіше: «Әло», деген бөгде бір дауыс:

– Аға, бұл сіз бе? – деп сұрай бастады да, жауабымды тоспастан, іле: – Соләматсыз ба? Бұл – мен, Совет қой. Астанадан звандап тұрмын, – деді. Сойлесуге бөгеліңкіреп, ыңыранған күйімді сезіп: – Мен – Бекімнің баласымын, – деп анықтай түсті.

Ә, енді міне танылым. Біздің елдің баласы. Әкесін де, өзін де өте жақсы білемін. Бәріміз бір ауылданбыз. Бірақ бұл жігіттің Алматыдағы үйімізге, қазіргі пәтерімізге, жалпы маған бірінші рет телефон соғып тұрғаны еді. Соған таңырқап:

– Амансың ба, біздің нөмірді қайдан алдың? – дедім. – Ойбай, аға, сіздің нөмірлеріңіз кешеден бері сонша керек болып, содан Алматыға, Болат-Гәляның үйіне звондап, солардан сұрап алдым ғой, – деді ол (оның бұлай деуінің жөні бар, кейін белгілі болады). Киіктің асығындай шағын бойлы, шапшаң мінезді, қағілез жігіт тездетіп сөйлей бастады :

– Қазина тәтей қайда? Маған Қазина керек!

Дәл қазір әйелдің қолы бос емес дегендей сыңай танытып едім, жігіт оған көнбеді:

– Жоқ, Қазинамен сөйлесуім қажет. Шақырыңыз, – деп нығарлады.

Амал жоқ, әйелді телефонға шақырдым.

– Қазина, сен Зәуретті білесің бе ? – дейді жігіт турасынан.

– Қай Зәуреш ? – дейді бұл.

– Баяғыда Целиноград медициналық институтында оқыған Зәуреш Қыздарбекова.

– Е, оны білемін ғой. Олардың жатақханасы Пушкин көшесінде, біз тұрған үйдің дәл қарсысында болған. Үйімізге келіп жүретін. Ол бізге өке жағынан туыс болып келеді ғой.

– Ендеше сол Зәуреш сені іздеп жатыр. Саған айтар жаңалығы бар. Мынау – оның телефон нөмірі. Сіздің нөмірді оған бердім. Зәуреш саған звандасын ба, әлде...

– Жоқ, мен өзім звандаймын.

– Қазина, саған үлкен сюрприз бар. – Жігіт сөзін осылай бітіреді. Әйел аң-таң.

Бұдан кейінгі әңгіме былай:

Алғаш телефон соққанда Зәуреш үйінде болмай, Қазина онымен тек келесі күні сөйлесті. Алғашқы амандық-саулықтан соң Зәурештің айтқаны:

– Қазина, сенің туыстарың табылып жатыр.

Бұл болса бұрынғыдан бетер таңырқайды:

– Қайдағы туыс, қандай туысқан?

– Қостанайдан.

– Қой, Қостанайда жолдастарымыз бар, туысқанымыз жоқ. Балалары оқуға түсетін біреулер бізді жақын санап, туыс деп іздемесе...

– Қазір Астанада тұрады. Сосын ғой менің біліп жатқаным. Саған шеше жағынан туыс...

Мұны естігенде Қазинаның жүрегі токтап қала жаздап барып, қайтадан дүрсілдеп қоя береді. Санасында бір сәуле жарқ ете түскендей болады:

– Биға ма? – дейді жұлып алғандай.

– Біледі екенсің ғой. Иә, Биға деген кісі.

– Білгенде қандай! Оның есімі менің көкірегімде. Бала күнімнен бері көкейімнен кетпейтін, ұсынсам қолым жетпейтін, биік жұлдыз тәрізді. Биға деген бір ғана сөз үміт сәулесіндей, үнемі қылаң беріп, қиялымда жүретін. Шешімі қиын жұмбақ секілді, көңілімде жүрген бір түйіншек еді. Бір көруге зар болған ардағым ғой, – дейді Қазина, дауысы дірілдеп, көзі жасаурап.

– Ендеше сол ардағың табылды. Биға тәтейдің саған деген іңкәрлігін, сені іздестіріп, сені сұрастырғанын көрсең ғой... Зәурештің де көңілі босап қоя береді.

Әйел жаны сезімтал, нәзік, әсершіл. Әлдеқалай естіген, білген, жанымен түйсінген жайларға әсерленбей, тебіренбей тұра алмайды. Бірінің бірі жай-күйін іштей сезінген екі келіншек, біреуі – Астанада, екіншісі – Алматыда тұрып, екеуі бірдей тебіреніп, өз-өзінен егіліп, қосыла жылайды келіп, жылайды келіп. Телефоннан бірауық тек жылаған үндері ғана естіліп тұрады. Екеуі тіпті қала аралық байланыс арқылы сөйлесіп тұрғандарын, сөйлесудің, жылаудың әр минөті есептеулі екенін бір сәт ұмытып та кетеді.

Ақыры Зәуреш жылауды қойып, қайта сөйлейді:

– Қазина, сенің телефоныңды апайға айтамын. Сенің менде бір суретің бар еді, табылса, соны да апарып беремін. Ал мынау – тәтей үйінің телефон нөмірі. Ол кісі саған звандасын ба, әлде сен... – дей бергенде, Қазина:

– Жоқ, мен өзім звандаймын, – дейді тағы да (бұл сөзге әдейі мән беріп айтып отырмын).

Қазинаның телефонмен сөйлесіп тұрып жылағанына үйдегілер түгел үпірейіп, бәріміз қорқып кеттік. «Не болып қалды, жайшылық па, неге жыладың?» деп, сұрақты жаудырып жатырмыз. Сөйтсек, мұның естігені – жақсы хабар екен; жылағаны – қуанышты хабарға көңілі толқығаны екен. Зәуреш сүйінші сұраса, сұрағандай; бұл: «сүйіншіңді» ал десе,

дегендей, шын мәнісінде жан тебірентерлік жаңалық болып шықты. Барімізге де қуаныш сыйлаған нағыз жақсылық!

Өйткені – есімі қымбат, өзі жұмбақ, әзірге бейтаныс Биға табылып отыр. Дұрысын айтқанда, Биға Қазинаны іздеп табуға игілікті қадам жасап отыр. Тәңірім оған ойда жоқта Зәурешті жолықтырып, ол Қазинаны жас кезінде көрген, жастайынан білетін, жақындығы бар әйел болып шығады. Содан Биға Қазинаның нақты дерегін анықтап беруді өтінеді. Сөйтіп, бірін бірі әлі күнге көрмеген екі туысқанды бір-біріне хабардар етіп, екеуін жалғастыруға кіріскен дәнекер жан – әлгі Зәуреш.

Біз Зәурешпен ауданымыз бір, ауылымыз жақын, жерлеспіз. Зәуреш – Алқа ағаш деген ауылдың қызы. Алқа ағаш. Біреулер мұны тосырқағанмен, бұл – бізге әбден үйреншікті атау. Ауылды айнала қоршаған шоқ-шоқ қайың ормандар аумаған алқа тәріздес, дөңгелене бітіп, осынау елдімекенді осылайша атандырса керек. Алқа ағаш дегенде дәл қазір біздің үйде отырғандардың елендемейтіні жоқ. Өйткені Қазинаның анасы – Шәмшия да, анасындай болған үлкен жеңгесі – Меруерт те сол Алқа ағаштың қызы. Жарықтық Шәмшияға төркін болған аядай ғана ауыл – Қазан мен Қазинаға нағашы жұрт екендігі айтпаса да түсінікті. Алқа ағаш ауылы, түптеп келгенде, Биғаның да нағашы жұрты. Аты қызық ауылдың, керек десеңіз, маған да қатысы бар. Ұзақ әңгіме барысында осы бір шағын ауылдың әлі талай сөз болатыны сондықтан.

Күтпеген жерден қуанышты хабар естіген Қазина қатты толғаныска түсті. Бұған дейін ешбір дерегі болмаған Биғаны қайдан іздерін, кімнен сұрарын білмей, іштей күйзеліп жүретін.

Сен менің теңдесі жоқ жалғыз айым,
Армандап сені ойлаймын мен әрдайым.
Құлағың күнде шулап жүрген шығар,
Атыңды аузымнан бір тастамаймын.

Сағынышты өлең жолдары нақ бір Қазинаның атынан айтылғандай. «Қорған жағында Биға деген бір туысқаным бар» деп, есімін жадында сақтап, ауық-ауық, айтып отыратыны рас еді. Әттең, нақты дерегі болмаған соң, Биғаны қалай іздестірудің амалын таппай, дағдарып қалатын. Жылдар өткен сайын үміті азайып, күйзелуі күшейе түскен. Енді міне сол Биға туралы тосын хабар ойда жоқта белгі берді. Және қайдан дейсіз ғой. Астанадан! Бүгінде – Астана, бұрынғы – Ақмола қаласы, бір кездегі – Целиноград. Сол Целиноградқа Қазина 18 жасында келіп, 17 жылдай тұрып еді-ау. Өмірдің қызығын да, қиындығын да көре жүріп, осында жоғары білім алды. Облыстық газетте, облыстық радиода қызмет істеп, ел таныды, елге танылды. Көркіне ақылы сай алғырлығымен, іскерлігімен көзге түсті. Қысқасы, Қазина осында жетіліп, осында көркейді. Алайда, «кім білген ертең күннің не боларын» дегендей, осыдан жиырма жыл бұрын Қазина үй ішімен сол кездегі астана – Алматыға

ауысқан-ды. Мұның бәрін айтып отырған себебім: Қазина Алматыға көшкен кезде Биға да өзінің бүкіл үй-орманымен Қорған жағынан, Челябі маңынан Қостанай өңіріне көшіп келіп, кейінірек Қостанайдың өзінде қоныстанған екен. Ақыры мінекей бір кезде Қазина тұрған мекенге, қазіргі Елордаға келіп жетіп, Астана төрінен бір-ақ шығып отыр Биға. Көрдіңіз бе, тағдыр дегеніңіз әркімнің өмір жолын қалай бұрып, қайда бағыттайтынын.

Астанадан жеткен алабөтен жаңалық, Қазинаға айрықша әсер етті. Қуанышы қойнына сыймай, куанышын бізбен бөліскен Қазина жуырмаңда тынши алмады. Өз-өзінен тықыршып, тыныштық таппай, мазасызданып бітті. Өрекпіген көңілінде әлденендей бір күдік пайда болып, әлденеден секемденіп, күмандану сезімінен арыла алмай-ақ қойды. Тосыннан тосын, оп-оңай бола қалған бұл неткен мол жақсылық? Шынымен-ақ, Биғаның табылғаны ма? Сол ма, сол емес пе? Ол болған күнде, оның іздегені – мен бе? Менен өзге біреу болып жүрсе, қайтпекпін? Осылайша өз жанын өзі жеп, беймаза күй кешкен Қазина түнімен дөңбекшіп, көз ілмей шықты. Ертеңіне қызметте күнұзаққа қалай жүргенін бір құдайым білсін!

Сонымен не керек, орасан қуаныштан әрі толқып, әрі қорқып, жаңағы кісімен сөйлесуден жүрексінген Қазина үміт-күдік аралас, екіұдай көңілмен, араға күн салып барып, Астанаға қоңырау шалды:

– Әлло, сәләмәтсіз бе? Мен – Қазина, Шәмшияның қызымын. Телефонның ар жағында сәл үнсіздік орнайды. Аздан соң :

– Ә, Қазинасың ба? – деген, құлаққа сондай жағымды, қоңыр дауыс естіледі: – Өмір бойы жүрегімде жүр едің ғой. Өмір бойғы аңсағаным едің. Айналайын, бармысың сен?! – Тағы да үнсіздік.

Шамасы, Биғаның да көңілі босап, көз жасына булығып тұрса керек. Қазина да егіліп тұр. Бұл – қуаныштың көз жасы еді.

Биға көп сөйлемейтін, аз сөзді кісі көрінеді. Бірақ ойындағысын жасырмай, бірден айтатын тәрізді:

– Зәуреш маған: «сен звандайды» деген соң, мен тостым. Кешеден бері үй ішінде теңселіп, әрлі-берлі жүрдім де қойдым. – Биға мұны айтуын айтқанымен, жауабын тоспай, сөзін жалғап:

– Сенде не бар, қалқам? – деп сұрайды. Қазина да сұрақтың мәнісін түсіне қояды :

– Менде сіздің суретіңіз бар. Жас кезіңізде түскен фото. Жүзіңіз бір қырынан, алысқа көз жіберіп, сәл күлімсіреген күйде. Маңдай шашыңыз бұйраланған, самай шашыңыз да бұйра, шиыршықталып, иіріліп, құлағыңызды жартылай жауып тұр. Мойныңыз түгел ашық, кеуде сүйегіңіз де көрінген, көйлегіңіз жағасыз, үлкен ойық, әлгі орысша «лодочка» дейтін еді ғой, сондай.

Айтылған сөз көңілінен шықса, Биғаның кеңк етіп күлетіні бар екен:

– Мектеп бітірер кездегі фотом шығар, – деп, әдемі күлгені анық естіледі телефоннан.

Фотоның сыртында: «Қазинаға Биғадан» деген жазуы бар. Көкшіл-жасыл сиямен, қаламұшпен жазылған.

– Иә, солай болуы мүмкін. Тағы не бар?

– Апамның апасының суреті бар.

– Менің мамамның ба, ол қандай сурет екен?

– Фотодан үлкейтілген. Басында – қоңыр түбіт шәлі, үстінде – барқытпен тысталған ішік, жағасы – құндыз.

– Ондай фото бізде де бар. Бәрі дұрыс. Ол суретті сен қайдан алдың?

– Оны маған апам берді... қайтарының алдында. Біздің үйдің төрінде, жоғарыда үш үлкен фото ілінулі тұратын. Біреуі – әкемнің суреті, екіншісі – апамның суреті, үшіншісі – осы кісінің бейнесі. Сурет сырын біз қайдан білейік. Елге, үйге асығыс барамыз, асығыс қайтамыз. Төрдегі бейтаныс фотоның мән-жайын сұрап жатпаймыз. Көбіне тойға келеміз. Апамның ауырып жүргенін біле бермеймін де. «Ауырып жатыр» дегенді естісем, елге жедел жетіп барушы едім. Апамды не өзім бағып-күтіп, өзімше емдеген боламын, не аудан орталығына апарып, дәрігерге көрсетемін. Соңғы рет қатты ауырғанында ауруханаға жатқыздым. Жанында біраз болдым...

– Ой, Қазина, сен апаңның қызы болып, апаңа қызмет көрсетіпсің, шаң алдында перзенттік борышыңды өтеген екенсің ғой. Мен мамама ондай қызмет көрсете алмай қалдым ғой. Мамам дүниеден ертерек өтіп кетті де, мен оған жақсылық жасап үлгермедім. Тек әлгі фотосына қарап, күрсінемін де қоямын.

– Иә, апам да ауырып жатқанында сол кісінің суретінен көзін алмай қарап жатушы еді. «Апам ауруханадан үйге келді деген соң, Алматыдан тағы ұшып шығып, ауылға, үйге жеттім. Апамның арқасына бальзам жағып, сылап-сипап, екі бүйірін алақанымен қыздырып, мандайы жіпсіп, танауының ұшы тершігенше мәпеледім. Екеуіміз оңаша бір қалған кезімізде апам маған: «Қазине, – деді (менің атымды өзі үнемі солай айтушы еді), – сен анау суретті колыңа алшы». Мен: «сол күйі тұра берсін» дегендей сыңай танытып едім, апам қабағын шытып, «айтқанымды орында» деген ажар білдірді. Үлкен фотоны жоғарыда ілінулі тұрған жерінен алып, шаңын сүрттім. Анам фотоның сыртқы қатырма қағазын өлсіз алақанымен ақырын сипалап, өзіне таныс бейнені көзімен аялап, біраз қарап жатты. Сосын маған қарлығыңқы дауыспен, бірақ айқын түрде былай деді: «Мен өлсем, мұны бала мен келін үйде ұстап, сақтай ала ма, жоқ па? Осыған енді сен ие бол. Қазине, бұл – менің жалғыз апамның жалғыз белгісі еді... мендегі. Осыны сен өзің алып, өзіңде сақта. Жалғыз апамның жалғыз қызы бар болатын, аты – Биға, білесің. Соны сен ұмытпа. Мүмкін, біріңді бірің іздеп табарсыңдар. Көрісетін күн болар. Ал мынаны қайтсе де сақтағайсың. Өзіңмен бірге алып кет... осы жолы, – деп, ұсынып еді. Содан кейін көп ұзамай апам қайтыс болатынын кім білген...

– Апырай, ә, – деп таңырқап, тебіренеді Биға. – Екеуінің екеуімізге айтқан ақырғы тілегі айнымай ұқсауын! Менің мамам да қайтар кезінде маған өсиет етіп айтып еді: «Жастайымыздан ажырасып, айрылған; кейін бір көрісіп, табыссақ та, артынан тағы көз жазып қалған жалғыз сіңлім бар, атын білесің – Шәмшия. Сол жалғызымнан туған жалғыз қыз – Қазина. Басқа баласы да бар. Сен соларды іздеп табуың керек» деп, аманат етіп еді. «Анашымның аманатын орындасам, шіркін» деп, өмір бойы армандаумен болдым. Сәкеңді (Сәдуақас әкеңізді), Шәмшия апамызды білемін, бірақ фамилия қалай екенін білмеймін. Нақты адрес мәлім емес. «Есілдің әр жағы» дейді, әр жағы деген қай жақ екенін біле алмай-ақ қойдым. «Қазан, Қазина» дейтін, ол есімде, ешқашан ұмытқан емеспін. Бірақ Қазан мен Қазинаны қайдан іздейін. Қалай іздеуім керек?

– Қазан – менің туған ағам. Біздің үлкеніміз. Осы қазір әйелімен, екі немересімен, үлкен жеңгемізбен Алматыға келіп, үйімізде жатқанына бір жұма болды.

– Е, солай де. Онда былай ғой енді... Қазина, сен өзің қай жылғысың?

– Мен 1947 жылғымын. Осы қазір елу төрттемін.

– Мен сенен үш жас үлкенмін. Сен маған Қазина – қалқашым боласың.

– Ендеше мен сізді «Тәте» деймін.

– Ал онда... біз енді қашан, қалай кездесеміз? Сен бізге Астанаға қай уақытта келесің ?

Бағанадан бері Биғаның әрбір сұрағына мүдірмей жауап беріп тұрған Қазина осы жерде кішкене бөгеліңкіреп қалады:

– Тәте, мен сіздерге, Астанаға сәуірдің жиырмасына дейін бара алмаймын. Дәл қазір қызметімді қалдырып, жолға шығуым қиын. Бұл күндері бізде ... әлгі бар болғыр ...аттестация деген өтіп жатыр. Жоқ, мен өзім аттестациядан өтпеймін. Мен агроуниверситеттің кәсіподақ төрайымы едім. Барлық қызметкерлердің, оқытушылардың сыннан өтуіне араласып, қатысуым қажет. Әрбір қызметкердің тағдырына жауаптымын. Тек сәуірдің жиырмасынан кейін ғана ...

Айтылған сөз көңілінен шыға қоймаса, Биға бірден үнсіз бола қалады екен. Қазинаны біраз тыңдап болған соң:

– Ә,ә,ә, – деп, дауысын созып, әрі таңданыс білдіреді, әрі өкінішін сездіреді. – Онда енді тағы хабарласып, сөйлесерміз. Сау бол, айналайын!

– Сау болыңыз!

Қазина телефон тұтқасын ұстаған күйінде бізге қарап қалыпты. Әлі де өң мен түстей. Біз оған қарап отырмыз. Әлгі кісінің бұған не дегенін тезірек естісек дейміз. Биға жайын біле түскіміз келеді. Біздің де қуанғымыз келеді, әрине.

Көрген түсін есіне түсірген кісі тәрізді Қазина әлгінде болған әңгіменің кейбір тұстарын бізге қайтадан айта бастады. Биға Қазинаның табылғанына қандай қуанса, оның Алматыда тұрып жатқанына сондай ырза болыпты. «Өйткені мен сені сол Есілдің әр жағында, елде шығар, ауылда болар деп ойлаушы едім», – депті. – Қай жерде, қандай жағдайда

жүр екен деймін ғой. – Сәйтсем, сен Алматыда екенсің ғой. Құдай-ау, мен Алматыға сан талай бардым ғой. Неше түрлі жиындарда, тойларда болдым. Сенің Алматыда тұратыныңды білмеген соң, сені жұрттан сұрастыру ойға да келмепті. Әйтпесе: «Шәмшияның қызы – Қазина дегенді білесіздер ме?» деп, әркімнен сұрай берсем ғой, біреу болмаса, біреу білер ме еді. Қайтер еді. Сөз жоқ, білетіндер болар еді. Әттең, менің әркімнен белгісіз нәрсені сұрай беретін мінезім жоқ. Неге ғана сұрастырмадым екен? Видимо, не судьба. Бірақ сол орыстар айтады ғой: «Лучше поздно, чем никогда» деп. Қазақша қалай еді? Иә, «Ештен де, кеш жақсы». Кеш болса да мен сені іздеп таптым, айналайын. Телефоннан дауысыңды естіп тұрғанның өзі қандай бақыт! Ал қалқам, сен енді өзіңді, үй ішіңді толығырақ айтшы», – дейтін көрінеді Биға.

Қазина бәрін айтуға, әрине, әзір. «Қыз кезімде – Қазина Сәдуақасова едім, – дейді. – Тұрмысқа шыққаннан кейін Қазина Сәдуақасқызы Нұрқанова болдым. Күйеуім – Жарасбай Әнәсұлы Нұрқан деген кісі. Кезінде өлкелік, облыстық, республикалық газеттерде қызмет істеді. Алматыда «Өнер» және «Жазушы» баспасында жұмыс істеген. Бірақ өзін журналист, баспагер демейді, өзін ақын деп санайды. Ақын екені рас. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі. Қазір зейнеткер. Екі ұлымыз бар. Үлкен ұл осы қазір Германияда, Ганновер қаласында халықаралық жәрмеңкеде жүр. Қызмет бабымен. Аманшылық болса, ертеңдер келіп қалады деп күтіп отырмыз». Қазина осылай дегенде Биға оған сөз қосады: «Біздің ұл да шетелге жиі шығып, барып-келіп тұрады, – дейді. Бізде бір ұл, бір қыз». Қазина тәтесінің сөзін қуана мақұлдап: «О, өте жақсы!» деп, сосын өзінің сөзін жалғастырады: «Кіші ұлымыз – Астанада, Президент әкімшілігінде қызмет істейді. Кіші келініміз де сонда, әкімшілікте жауапты қызмет атқарады». Енді Биға ризашылықпен үн қатады: «Тіпті жақсы! Біздің қызымыз – Қостанайда, кәсіпкер. Ұлымыз – үлкен бизнесмен. Ұлдан – екі немереміз, қыздан – екі жиеніміз бар». Бұған «Тамаша!» деп сүйсінген Қазина осы сәтте тәтесіне ойнақы сұрақ қояды:

– Балалардың әкесі, немерелеріңіздің атасы, Сіздің жолдасыңыз... – дейді. Осылай деуге сөздің реті келіп-ақ, тұр еді. Биға тағы да кеңк етіп күліп алады:

– Менің жолдасым – Серікбай Жұмабекұлы Бисетаев деген азамат. Қазақстан Парламентінде, Мәжіліс депутаты. Сондықтан ғой біздің қазір Астанада тұрып жатқанымыз.

Мұны естігенде біз бәріміз:

– А-а-а, – деп, дуылдап, әжептәуір болып қалдық. Ертеңіне кешкісін біздің үйдің телефоны бұрынғыдан бетер шырылдап қоя берді. Үйге қызметтен күнде кештетіп келетін Қазинаның бүгін сәл ертерек келіп жеткені сол болатын. Беймаза шырылдауыққа бізден бұрынырақ қол созып үлгерді. Телефон тұтқасын көтеріп, құлағына апаруы мұң екен, әр жақтан:

– Әлло-оу, балдыз?! – деген балдай тәтті сөз естіледі. Ер адамның дауысы, бірақ ерекше жұмсақ, сондай жылы, сонша жағымды, ақжарқын, ашық үн. Қазинаның көзі бақырайып, қатты таңырқаған күйі, қыбыр етпей, қалт тұрып қалғанының куәсі болдым. Өйткені телефон тұрған нишаның (шағын қуыс бөлменің) жарығын жағып жібергенімде жаңағыдай көрініске өзім де таңырқап едім. Бәрі де қас қағым сәтте болған жай. Және сол сәтінде Қазинаның жүзінде қан ойнап, өңі тым ажарланып, кескіні көркейе түсті:

– Жезде-е-е, это Вы, – деп, сырнайды құлаштай созғандай, дауысын барынша созып, ерекше назбен, әдемі еркелікке ауысты. Қуанышында шек жоқ еді. – Вы знаете, до сих пор, бұған дейін маған ешкім: «Балдыз» деп айтқан емес. В жизни впервые, бұл өмірде бірінші рет мені: «Балдыз» деп атаған Сіз. Менің Балдыз атануым алғаш рет. Так неожиданно, бірақ мне так приятно! Мен қазір сондай толқып тұрмын. Я так счастлива, Я так счастлива! Мен қазір сондай бақыттымын!!

Қазинаның бұлай шаттануы аса шынайы және әбден заңды еді. Әкесі мен шешесінің жалғыз қызы және сол әулеттің үлкен қызы болғандықтан (тұрмысқа жастай шықса да), үнемі келін, жеңгей, апай, тәтей атанып жүретін, бірақ ешкім оны балдыз деп еркелеткен емес-ті.

Әлі күнге жалғызбын,
Бұдан кейін не болар?
Мен – біреуге балдызбын,
Маған балдыз кім болар? –

деп, ақын айтқандай, Қазинаның барлық інілері мен келіндері, немере сіңлілері – маған балдыз болғанмен, оның өзі ешкімге балдыз болып көрген жоқ-ты. «Балдыз» дегенді бірінші рет Серікбайдан естіп тұрғаны рас еді. Өзін Балдыз дегенге кереметтей қуанып, шаттанғаны содан.

– Айналайын балдыз, – дейді Астанадағы жездесі, – менің бұл сөзім сені шынымен бақытты етсе, онда мен де бақыттымын. Біз – Биға екеуіміз де бақыттымыз. Сен табылғалы Тәтешкаңда ес жоқ. Әлі жайланып, тыныштала алмай жүр. Өзін қайда қоярға білмей, үйдің ішін ерсіл-қарсыл кезумен жүргені. Әлгі Зәуреш деген әйел бар ғой, сол сенің фотоңды әкеліп көрсетті бізге...

– Ойбай, ол қандай фото екен? – Қазинаның зәресі ұшып кеткен тәрізді. Әйел адамды түсініп болмайды ғой. Жаңа ғана жездесінің жалғыз ауыз сөзіне керемет қуанып еді, енді міне: «ол неғылған сурет екен?» деген оймен кәдімгідей мазасызданып тұр.

– Тамаша сурет. Оказывается, ты такая красавица, просто прелесть. Тәтең тіпті фотоңды қолынан тастамайды. Ал мен айтып отырмын: «Ой, мы оказались в проигрыше» деп...

– Почему? Неге? Тәтемнің менде жас кезіндегі суреті бар ғой. Онда сондай әдемі ғой. Қазір де ол кісі өте әдемі болуға тиіс.

Тәтеңнің қазір қандай болғанын көремін десең, анау әлгі «Зеркало» деген журналды қарауың керек. Мен саған айтайын: «Зеркало» – айрықша безендірілген, абзал кісілерге арналған көркем журнал. Соның алғашқы нөмірінде Биға Бірәлиевна туралы, біздің семьямыз жөнінде үлкен материал бар, бірнеше фото бар. Біздің отбасымыз түгел түсірілген. Әзірге соны көре тұруға болады. Әрине, жездеңді де содан көресің, дорогая Казинушка, красавица-балдыз.

Өте жақсы. Мен өзім де ол журналды іздестіремін. Күйеуіме де айтамын. Ол газет-журнал жағын жақсы біледі.

Неге сен айтасың? Мен өзім айтамын оған. Мен неге бажамен сөйлеспеймін. Сөйлесемін. Шақыр күйеуіңді, – дейді, жездесі балдызына әмір етіп.

Мен телефонға келдім. Серікбай бірден:

Ассалаумағалайкөм, бажа, – деп, әндеткен күйде, әсерлі түрде сәлем берді. Соған орай мен де:

Уағаликәмуссәлам, – деп үн қаттым. Және іле-шала: – Сәләматсыз ба? Халыңыз қалай? – деп, қазақша сәлемдестім.

Екеуміз бір-бірімізден амандық-саулықты сұрастырдық. Биға мен Қазинаның бірін бірі танып-білісе бастаған қуанышына құтты болсын дестік. Бір мезгіл жас шамамызды сұрастық. Мен 1937 жылғы едім, осы көктемде, 22 наурызда 64-ке толған болатынмын. Серікбай 1939 жылғы екен, екі жас кіші. Сөйтіп, Биға Қазинадан үлкен болса, мен Серікбайдан үлкен болып шықтым. Ол енді мені біресе – бажа, біресе Жәке деуге көшті. Бірақ әуелгі ойнақы қалпынан айныған жоқ. Қазинаны балдыз деп балқытқан Серікбайдың жылы сөзі, жағымды үні мені де баурап алып жатыр. Ол қайтадан әзілге басты:

– Бажа, сіздің жұбайыңыз – прямо писаная красавица, қасы-көзі қиылған сұлу екен. «Мы в проигрыше» деп отырмын, Жәке, – деді, менің аңысымды аңдып, жауабымды тосып.

Біреу сенің әйеліңді мақтап отырса, қалай қарсы боларсың. Бірақ елпілдеп, қосыла кету де қиын. Бұл сөздің әр жағында оның әйелі Биға тұр ғой. Мен Биға жағына шығуым керек.

– Сен мұның жас кезіндегі фотосын көріп отырсың ғой, сірә, – дедім. – Әзірге: «мы в проигрыше» демей тұра тұр. Біздің Биға да ешкімнен кем болмауға тиіс. Биғаны көруіміз керек қой. Күні бұрын байбалам салма, бажа, – деп, ескерттім де: – Депутат мырза, – деп қосып қойдым.

Ол бұған рахаттанып күлді:

– Иә, тезірек кездесіп, бірімізді біріміз көруіміз керек. Әлгінде балдызға айтқанымдай, Жәке, сізге де айтарым: анау «Зеркало» деген журналды қарасаңыз, Биғаны да, мені де көресіз. Әсіресе бажаңыз суреттерде былай ... ептеп ... жап-жақсы...

Мен де оның қалжыңына сүйсініп күлдім :

– Онда айтқаныңды орындаймын. Көреміз сені журналдан, – деп уәде бердім.

Ертеңіне киоскіге (дүңгіршекке) бардым.

– «Зеркало» деген журнал бар ма екен ? – дедім.

Алдындағы газетті алып беруге ерініп отыратын кербез бойжеткен бұл жолы бірден: «бар» – деді. Орнынан қозғалмай, кеудесімен бұрылып, сөреге қол созды да, жалтыраған бір басылымды бермен қарай әкелді. Жарқыраған түріне қарап, тегін дүние емес екенін сездім де:

– Бағасы қанша? – деп сұрадым.

– 230 теңге.

– Не дейд? – Мен шошып кеттім. – Қазір онда, – деп, дүңгіршектен кейін шегіндім. Былайырақ бұрылып, қалтамда не бар, не жоғын білмек болдым.

Талпынған, томағасыз бала бүркіт,
Жүрегім сұлулардан қалады үркіп, –

дегендей, журналдың әлгіндей бағасынан үркіп кеткенім рас. Бірақ көріп тұрып, алмай кетуге болмайды, айтқанын беріп, сатып алдым.

«Зеркало» дегеніңіз отбасы болып оқуға арналған (журнал для семейного чтения) екен. Айнадай жарқырап, жаңа ғана шыға бастаған. 2001 жылғы ақпан-наурыз, алғашқы нөмір. Іші-сырты көркем безендірілген, бояуы түрлі түсті, қағазы қалың, жылтырақ, журналда тәуелсіз еліміздің ең бір белсенді, жігерлі, іскер әйелдерінің әдемі суреттері беріліп, олар туралы қызғылықты материалдар жарық көріпті.

О, мінеки, мен шыдамсызданып іздеген дүние жарқ ете қалды. Бисетаевтар отбасы жөнінде: «Ауыл – біздің дертіміз де тірлігіміз» деген әсерлі мақала жарияланыпты. Нағыз деректі, нағыз бізге керекті материал. Әсіресе фотосуреттері қандай тартымды десеңізші!

Бисетаевтар әулеті түгелімен суретке түсіпті. «Төрт көзі түгел» деген осы. Бәрі көз алдында. Ортада отырған екеудің әке-шеше, ата-әже екендігіне дау жоқ. Мынау – Серікбай Жұмабекұлының өзі. Ал мынау – Биға Бірәлікызы. Екеуінің ұлы – Қайрат, Қайраттың келіншегі Туғанай. Бұл екеуінің ұл мен қызы – Олжас пен Дәлел. Мынау, әрине, Махаббат Серікбай қызы. Оның күйеуі – Серік Ембергенов. Бұлардан туған ұл мен қыз – Дияр мен Кәмила. Яғни Серікбай мен Биғаның екі немере, екі жиені бар. Он кісіні тұтас қамтыған үлкен фото көз қуантып, жан сүйсінтеді.

Келесі бір фотода Мәжіліс депутаты Серікбай Бисетаевтың әйгілі әншіміз, Халық Қаһарманы Роза Бағлановаға үлкен гүл букетін ұсынып тұрған кезі бейнеленген. Гүлдестенің үлкендігі сонша, бір емес, екі құшақты молынан толтырып тұр. Әппақ тістерін ақсита күлген Серікбайдың жүзі жарқын, жаны дарқан екендігі бірден сезілгендей.

О-о, мына фото тіпті ғажап! Мұнда – Биға мен Серікбай екеуі ғана. Әдейі жұбымен түскен әдемі сурет. Кескін-келбеті барынша айқын. Әсіресе Биғаның әбден толысқан кезі, ажарлы да көрікті дидары бейнеленген екен. Әппақ толық бұғағы, толықша жүзі, ақша маңдай, толқынды қою шашы көздің жауын алғандай.

Үйдегілер Серікбай мен Биғаны суреттен көріп, қызықтады. Қазина кешкісін қызметтен келген соң ғана көрді. Биғаның түр-тұлғасын тамашалап: «Тәтем келбетті кісі ғой» деп сүйсінді.

Серікбайдың кешегі сөзі еске түсіп, дереу Астанаға звандадым. Телефонға Биға келді.

Биға, сәләматсыз ба? Мен – Жарасбай, Алматыдан.

Ә, Жәке, сәләматсыз ба? Қазинадан естіп-біліп жатырмын. Халіңіз қалай? – Биғаның қоңыр дауысы сондай жұмсақ, мейірімді екен.

Хал-жағдай дәл қазір жақсы. Қазинаның тәтесі табылғанға біз көріміз қуаныштымыз. Бүгін әлгі журналдан сіздерді көріп, есіміз шығып жатыр. Сіздің фотоңызды көрісімен-ақ, мен Серікбайдың кешегі сөзімен келіспей, «неге ұтылыстамыз дейді, мы оба в выигрыше» деп отырмын.

– Е, бәсе, солай деңізші, Жәке, – деп, Биға кеңк етіп күліп алды. – Осы сөздеріңізді Серікбайға айтыңызшы.

– Әрине, айтамын. Қайда оның өзі?

Енді телефонға Серікбайды мен шақырттым.

– Оу, бажа, сенің кеше: «біз ұтылып қалдық» дегенің бекер ғой. Бүгін журналдан көріп, Биғаның көркінен көз ала алмай отырмыз. Қазинаның тәтесі – ажарлы да сымбатты кісі екен. Әлгінде өзіне айттым, саған да айтарым: Мы оба в выигрыше!

– Сіз солай деп отырсаңыз, мен оған қуаныштымын. Ендігәрі есте болсын.

Бірімізді біріміз түсініп, екеуіміз қосыла күлдік.

Біраздан соң Серікбай бізге қайтадан телефон соғып, Қазинамен сөйлесті:

– Балдыз, мәселе былай. Тәтеңнен маза кетті. Тыныштық деген жоқ. Біз осы күндері сендерге бармасақ, болмайын деп тұр.

– Ә, онда мен тәтеммен сөйлесейін.

– Қазина, айналайын, жездеңнің айтқаны рас. Мен тыныштық таппай қойдым. Сендерге барып, сені көрмей, менің көңілім көншитін емес.

– Онда келуіңіз керек, әрине. Қуана қарсы аламыз. Мен біздің адресімізді айтайын.

– Қалқам, біз бірден сіздің үйге барып түспейміз.

– Қалайша? Неге? – Қазинаның дауысы қаттырақ шығып кетеді.

– Абыржыма, қалқам. Мен қазақ үйінің, қазақ әйелінің жағдайын жақсы білемін. Сен қонақ күтемін деп, үй ішінде әбігер боласың. Біз екеуіміз алғаш кездесіп, жүздескенде емін-еркін сөйлесе алмаймыз. Дұрысы – бір бейтарап жерде, еркіндеу күйде кездесу. Ол жағын мына Серікбай ойластырады. Сосын саған хабарлайды.

Мұны естісімен Қазинаның өзі де тыпыршып, бізді де дүрліктірді. «Тәтемдер Алматыға келмекші. Әуелі басқа жерде кездескенмен, үйге шақырмай болмайды ғой. Балконды тазартып, үйді жинау керек» деп, Қазан ағасына, Зураш жеңгесіне тапсырма бере бастады. «Ол кісілерді біз де көріп қалатын болдық қой» деп, жеңгесі қуанып жүр.

Қазина бір мезгіл маған шүйілікті:

– Сен әлгі: «үркіп кеттім, кейін шегіндім» дегеніңді қой. Ана кісілер келгенде ондайды айтушы болма. Ылғи бір сондай бірдеңелердің керегі

не? Қожанасырлығыңды қойсайшы. Сенің бізге көмегің сол болсын, ертең сыртқа шығып, далада жүрші. Үй жинауға бөгет жасама.

Мен қуанып кеттім. Наурыздың аяғында Алматыда күн жылы, үй ыстық, әбден мезі болған кезім. Сыртқа шығып, біраз сергу өте қажет.

Бірақ, ертеңіне бәрі біз ойлағаннан басқаша болып кетті. Жұмыстан үйге звандаған әйел шынымен-ақ, абыржып тұр еді:

– Жаңа ғана Серікбай телефон соғып, хабарласты. Осы бүгін олар Алматыға келеді. Ұшып келетін шығар. Кездесу – кешкі сағат алтыда, «Алмалы» деген жерде. Енді не істейміз? Мен Болатты таба алмадым. Гәля жұмыс орнында жоқ. Қазір Жомартты іздеймін. Үйге барып, шашымды жуайын деп едім. Үлгеремін бе, жоқ па ? Ал сен дайындала бер. Әй, анау дені дұрыс жаңа костюмінді ки.

Мен найқалып жүргенде әйел үйге жетіп келді. Түнде Ганноверден ұшып келген баласын демалып жатқан жерінен тауып алған екен. Шешесін жеделдетіп үйге жеткізген Жомарт: «сағат бесте есік алдына шығып тұрыңдар» деп қайта кетті. Дәл сағат бесте мен, Қазина, Қазан, Зураш – төртеуіміз Жомарттың мәшинесіне жайғасып, Алмалы қайдасың деп тарттық. Жолшыбай екі гүл сатып алынды.

Айтылған уақытта Алмалыға да келіп жеттік. Төрт кісі сыртта тосып тұр екен. Мәшине тоқтай бергенде пальтосын иығынан түсіріп үлгерген Қазина әппақ ұзын көйлегімен тұра ұмтылған күйі тура Биға тәтесін құшақтай алып, мойнына асылды. Биғаның қаз омырау, қаршыға төс, мол кеудесіне басын қойған күйінде Қазина еңкілдеп тұрып жыласын келіп. Екі иығы селкілдеп, өксіп-өксіп жылады, қоймай-қоймай жылады. Бұдан он жыл бұрын анасы Шәмшияның қайтыс болғанын естірткенімізде жаны ышқынып, жас балаша өкіріп қоя бергеніне немере сіңлісі Гәля екеуіміз куә болған едік. Содан кейінгі жерде Қазинаның қатты еңіреп жылағанын көріп тұрғаным осы. Жеңгесі Зураш пен екінші егде әйел Қазинаны Биғадан әрең айырды.

Біз Серікбаймен құшақтасып, төс түйістіріп, амандастық. Төртпақ келген толық денесі тығыршықтай. Құшағына тартып, бауырына басқаны да, құшағын жазып, қол алысқаны да мығым. Күрек тістерін ақситып, адамға күле караған ақ сары жүзі жарқын. Серікбайдың жанындағы көзілдірікті кісінің қолын алып сөлемдестік. Сол мезет біреулер келіп килігіп: «енді былайырақ жүріңіздер, міне былай тұрыңыздар» деп, бізге нұсқау бере бастады. Сөйтсе, бұлар телевизия қызметкерлері екен. Қазина бағана жанұшырып асығып жүрсе де, «Қазақстан» ұлттық телеарнасындағы қыздарға телефон соғып, бүгінгі кездесу туралы хабарлап үлгерген ғой. Тосын дүниеге мейлінше құмар тілші, оператор қыз-жігіттер осында жетіп келіп, бірін бірі аңсаған екі жанның алғашқы жүздесуін бейнетаспаға түсіруге кірісті (Кейін бұл бейнежазба «Қазақстан» телеарнасында «Таңшолпан» бағдарламасы бойынша әлденеше рет көрсетілді).

– Суреттерді әкелдің бе? – дейді тәтесі.

– Әкелдім, – дейді қалқатайы. Үйден алып келген фотоларды көрсетеді. Биға өзінің жас кезіндегі фотосын, мамасының фотодан үлкейтілген бейнесін, Шәмшия апасының әдемі кескінін көріп, бәрі дұрыс екеніне көзі жетеді. Екеуі бір сәт иық тіресіп, бастарын түйістіріп, сүйкімді суреттерден көз алмайды. Көгілдір айдын түстес, көкпеңбек костюм-шалбар киген Биға мен ақжелкен тәрізді әппақ көйлегі тобығына түскен Қазина бірін бірі түрлендіріп, бірін бірі толықтырып, айрықша жарасым тапқан. Теледидар операторы дызылдатып түсіріп жатыр.

Бір мезгіл екеуі әрман қарай оңаша кетті. Алмалы саябағының әсем саяжолында әрлі-берлі біраз жүрді. Өздері оңаша қалып, сәл ғана сырласқандай. Екеуара әңгімеде бірінен бірі: «Нағашы апам қандай кісі еді?» деп сұрасып екеуі де анасын еске алады. Биға кенет егіліп жылап жібереді. Көз жасын тыйған кезде Қазинаға елжірей қарап:

– Әлгінде сен маған ұмтылып, мойныма асылғанда, бір нәрсе алқымыма тығылып, тұрып алды. Мен жылай алмай қалдым. Тіптен жылай алсамшы. Мынау дұрыс болды, кішкене жеңілденіп қалдым ғой, – деп күлімсірейді.

Бұл кезде тілшілер бізбен айналысып жатқан. Олар маған да микрофон ұсынды.

– Бүгінгі күн – ерекше қуанышты күн. Биға мен Қазина үшін қуанамыз. Біреуі Қорған облысында туған, екіншісі Солтүстік Қазақстанда дүниеге келген екі қыз, ес білгелі бірін бірі аңсаумен болған екі туысқан бүгін міне Алатау баурайында, Алматы төрінде, Алмалыда бірінші рет кездесіп, алғаш рет жүздесіп тұр. Мұны біз: «54 жылдан кейінгі кездесу» дейміз. Осы күнге жеткенімізге шүкіршілік етеміз, – деп келдім де, өзімнің «Тәубә» деген өлеңімді жатқа айттым»:

Өмірге келгеніме – тәубә,
Өзіңді көргеніме – тәубә.
Аяулы бір асыл жан бар екенін,
Сезініп жүргеніме – тәубә, тәубә!

Тобылғы бүрледі ме, тәубә,
Мойылдар гүлдеді ме, тәубә.
Осынау дүниеде бір өзіңе,
Іңкәр боп жүргеніме – тәубә, тәубә!

Әдемі күлгеніңе – тәубә,
Сүйсіне білгеніме – тәубә.
Алыстап кеткеніңе өкінсем де,
Армандап жүргеніме – тәубә, тәубә!!

Осыдан соң Серікбай бәрімізді асықтыра бастады. «Болыңыздар, ішке кіруіміз керек. Ал кәне, жүріңіздер» деп, бізді ілгері жетеледі.

Біздер кездескен жер – «Алмалы» қонақжайлық кешені. Кіре берісте осылай деп жазылған. Серікбай сол кешеннің үлкен бір ғимаратынан

арнайы нөмір алған ғой. Иегін жоғары көтеріп, тістерін ақсита күліп, басын шалқайта ұстаған қалпы, оң қолын алға созған күйінде, тығыршықтай денесін шапшаң қозғайтын депутат мырза:

– Міне біз келіп түскен жер – әзірге осы. Мұнда қазір сыртқы киімдерімізді қалдырамыз да, тура ресторанға барамыз. Ал тездетіңіздер, – деп, жеделдетумен болды.

Тоқсан кісілік мейрамханада тоғыз кісі отырмыз. Үлкен үстелге жағалай жайғасқан туыстар: Қазан Сәдуақасұлы мен Зураш Мәлғаждарқызы, Серікбай Жұмабекұлы мен Биға Бірәліқызы, Жарасбай Әнәсұлы мен Қазина Сәдуақасқызы және біздің үлкен ұлымыз Жомарт. Төрдегі екеудің аты-жөні – Айып Қисаұлы Құсайынов пен Дарико Ыдырысқызы Түскеева. «Жақсыда жаттық жоқ». Бағана көрген беттен көзге жылы ұшыраған бұл екі кісіні Серікбай бізге толығырақ таныстырғанда бәрі түсінікті болды.

Биғаның туған ағасы Тоқтыбай Құлшыманов осы Айып Құсайыновпен Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтында бір курста бірге оқыған, бір жатақханада, бір бөлмеде бірге тұрған студенттік достар екен. Кейін екеуінің өмір жолы, қызмет бабы Ертіс өңірінде қатар өрбіген. Айып Қисаұлы қызмет жағдайымен Алматыға ауысқанда да қарым-қатынастары үзілмеген. Содан Биға бұл кісіні «Аға» деп ардақ тұтқан. Биға үшін қымбат кісі біз үшін де қымбат. Және бір білгеніміз: Айып Қисаұлын оның дос-жарандары, құрбы-құрдастары, ағайын-туғандары Әйкен дейді екен. Енді біз де оны – Әйкен, Әйеке деп құрметтей бастадық. Дарико болса, әкесі Ыдырыс Түскеевтің бір кезде Петропавлда қызмет істегенін, өзін Қызылжардың қызымын деп есептейтінін айтып, бізді туыс көріп, төркін санап, бірден жақын тартты.

Бас қосуды Серікбай басқарып отыр. Дастарқан билігін өз қолына алып, бәрін өзі реттеуде. Біздің ынта пейіліміз – Серікбайдың сөзі мен Биғаның жүзінде. Биғаның кескініне қарай бергіміз келеді. Бірақ біздің назарымызды Серікбай өзіне аудармай қояр емес. Күрек тістерін ақситып, ақсары жүзін жарқырата күлген күйі ол сөзін әзілмен бастады:

– Біз Астанада жатақханада тұрамыз. Парламент депутаттары үшін салынған үлкен жатақхана бар ғой. Содан бізге де орын тиіп, Биға екеуіміз жатақханада тұрып жатырмыз, – деді әдейі қуақыланып.

Әзілді жақсы түсініп, жадырай күлдік. «Е, құтты болсын!» дестік. Ондай жатақханада тұруға біз де қарсы болмас едік.

Алдымызда француз кәниәгі, «Парламент» арағы мөлдіреп тұр. Серікбайдың әдемі сөзінен кейін оны алмай, көтермей көр. Әдеттегіншe дастарқан басында тілек айту басталды. Әйкен де, Дарико да ыстық лебіздерін білдірді. Қайын ағамыз Қазан – көп сөйлемейтін кісі. Бірақ ол да өз тілегін айтып, алдындағысын толық алып қойды. Серікбайға керегі де сол. Сондықтан ол Қазанға дән риза. Оның әйелін де әспеттеп отыр. Елдегілердің Зурашты көбіне Зоя дейтінін естіген Серікбай әлсін-әлі: «Ал, Зоя, кәне кеттік» деп, өзіне ілестірумен болды. Зоя да еш нәрседен аянған жоқ. Өз кезегінде ол Серікбайға: «Сіз – бізге, біздің елге күйеусіз,

біз Сізді – депутат күйеу дейміз» деп, бір күлдіріп, «Ал Биға – біздің қызымыз, үлкен қызымыз болады» деп, бір сүйсіндіріп, екеуін еркелетіп сөйледі.

Сөз кезегі маған келгенде, мен жаңағы «Тәубә» деген өлеңімді тағы да әдемілеп оқып шықтым да, өзімше тілек айтпақ болдым:

- Апалы-сіңлілі кісілердің балалары біріне бірі бөле болады, – дей бергенімде, ибалы, сыпайы Биға менің сөзімді бөліп жіберді:

- Жәке, – деді жаңа туысымыз, – Қанша жылдар аңсаған Қазинамен тек бөле ғана болып қоймай, біз екеуіміз де апалы-сіңлілі болсақ деп едім. Мен – апа, ол – сіңлі...

Әйекең де Биғаны бірден қостады :

– Бұл кісілерді бөле деп бөлмейік. Екеуі апалы-сіңлілі болсын. Сол жарасады.

- Ойбау-ау, – дедім мен сәл ыңғайсызданып. – Менің де айтайын дегенім сол еді. Көптен дәмін татпаған мынау кәниәк басқа шапты ма, немене... Және әр сөзімді созып сөйлеп, негізгі ойымды жеткізе алмай қалдым. Әрине, екеуі нағыз апалы-сіңлілер. Биға – тәтесі, Қазина – қалқашы, менің шалқып отырғаным – екеуінің арқасы. Ендеше Биға-Қазина үшін. Екеуінің жеңгесі – Дарико мен Зоя үшін. Арулар үшін!..

Отырғандар дуылдап кетті, рөмкелер сыңғыр-сыңғыр етті. Мен Биға мен Қазинаның құрметіне «Қыздар гүл- гүл» деп әндетіп жібердім:

Қарағым, көркің сенің – көктем, деймін,
Келмесең айтқан жерге, өкпелеймін.
Осыдан қол ұстасып бір кетпесең,
Жас жүрек басылмайды көпке дейін.
Ахау,
Қыздар гүл-гүл, Жігіт бұлбұл,
Жастық өтер, Ойна да күл! Күл!

Әнші болмасам да, әу дегенім дұрыс болыпты. Өзгелердің де ән айтуына жол ашылды. Серікбай мен Дарико бірден Әйекеңе қарай қалыпты. Ол дәметіп отыр. Әйкен де көп бәлсінген жоқ, Ақан серінің «Ләйлім» үшін шырқап қоя берді:

Есен-аман жүрмісің, Ләйлім шырақ,
Жаңа таптым ауылыңды көптен сұрап.
«Жел тимесе, күн тимес» деп жүргенде,
Қол ұстасып жатпенен кеттің жырақ.

Па, шіркін! Әйкен «Ләйлімді» керім толғап, керемет шырқайды екен. «Ләйлім, ләй, ли-ләйлім» деп қайырғанда, өзі де ырғала қозғалып, тыңдаушыны да еріксіз ырғалтып теңселткендей. Әйкеннің әніне жанымыз сүйсініп, жан дүниемізбен тербелдік.

Апалы-сіңлілі Биға мен Қазина да тілек айтты. Нәзік сырлы, мұңды-сазды, тебіреніске толы, шынайы сөздерін тыңдап, ерекше сезімге

бөлендік. Ең соңында бәрімізді жадыратқан Жомарттың сөзі болды:

– Биға Бірәліқызы, – деді ол. – Мен Сізді құттықтаймын. Я рад, что Вы нашлись, что Вы – старшая сестра моей мамы. Наконец на нее есть управа...

Біз бұл сезге ду күлдік.

Дастархан жәйін сөз етсек, ресторан мәзірі бойынша әуелі қабырға әкелінді. Содан соң төңкерілген үлкен жамбас әкелінді. От-жалынға ұсталынып, оттың қызуына қақталған, өз сөлімен былқыған тұтас жамбас. Серікбайдың арнайы тапсырысымен әзірленіп-дайындалған дәм. Ең сыйлы меймандарға ерекше құрмет белгісіндей, аса дәмді тағам (деликатес). Серікбай пышақты өзі ұстап, етті өзі турайды екен, мұнысы өте жақсы болды. Және тұтас жамбасты жұқалап жонып, ұзынша тілдей етті әрқайсымызға үлестіре бастады. Өзі соған ерінбейді де жалықпайды. Біз дәмге де тойдық, айтылған сөзге де тойдық. Орнымыздан әрең көтеріліп, бой жазбақ болдық. Қазина мен Жомарт біздерді жарқыратып суретке түсіріп жатыр.

Бұдан соң Серікбай бізді нөмірге алып келді. Қайтадан үстел жасап жіберіп, үйлерінен ала келген шұжық, қарта, жаяны тағы да алдымызға тартты. Әлгінде ештеме татып көрмегендей, елдің дәміне бәріміз қол созып жатырмыз. Нөмірдегі ішімдіктер де тәуір секілді. Мұнда тіпті еркін отырдық.

«Қонағым, өз үйіңді ойлай отыр» дегендей, біз жаңа туыстарды ертең сағат беске, үйге шақырдық. Серікбай-Биға бірден келіскенмен, Әйкендер сыпайы түрде бас тартты. Сенбі күнгі үлкен бір тойға шақырылып қойған екен. Сол сәт Әйкеннің ұялы телефоны әуендетіп қоя берді. «Иә, келе бер. Қазір сыртқа шығамыз» деді ол. Көп кешікпей Серікбай-Биғамен біздер де қимай қоштастық.

Ертеңгі қам-қарекет, ауыртпалықтың бәрі, әрине, әйелдің мойнында. Қазина таңертеңгісін қызметіне де барып, агроуниверситеттегі Айгүл есімді әдемі де ширақ келіншекті көмекке шақырып, үйге де жетіп үлгерді. Екеуі дастарқан жабдығына қызу кірісіп кетті. Ең бастысы – Болат-Галя хабарланыпты. Ендеше абыржымауға болады. Болат келсе, бітті, бәрі дұрыс болмақ.

Осы жерде Болаттың кім екенін айту жөн. Болат Қоңырбекұлы Сағымбаев деген азамат бұрынғы Семей облысының Ақсуат ауданында туып-өскен. Орта мектепті үздік бітіріп, кезінде Мәскеуде оқыған, мамандығы – құрылысшы, іскер жігіт. Жүзіктің көзінен өткендей өте пысық, еті тірі, елгезек жан. Әсіресе той жабдығына кірісіп кетуге, жиын-тойды басқарып, жүргізуге шебер. Міне жайнап, жадырап келетін, үйге күліп кіретін әдетімен, ең жаңа, ең әдемі киімін киіп, жетіп келді.

Болат бізге, біздің елге күйеу, маған – бажа. Болаттың жалғыз әйелі, жансүйері Галя, Галина Әбілқайырқызы – Қазинаға сіңлі. Әуелгі аты Ғазиза еді, бірақ, елдің бәрі Гәля деп еркелеткен ғой. Әсіресе күйеуі тым еркелетіп жіберген. Болаттың екі сөзінің бірі: Бол, Гәля! Сондықтан біз телефон нөмірінің тұсына «Бол-Гәля» деп жазып қоямыз, сосын

•олгі Бол-Гәля қайда екен?» деп сөйлейміз. Екеуі жұбын жазбай, бірге күреді. Болат үйге жайрандап кіріп келгенде жанында керіліп біздің қыз да тұрады. Бағана әңгіменің басында Совет деген жігіт ойда жоқта телефон соғып, біздің нөмірімізді Болат-Гәля үйінен алғанын айтқан. Оның жөні бар, ол жігіт осы Гәлямен мектепте бірге оқыған. Қазір де жақсы араласады. Сөйтіп, Биға мен Қазинаның телефон арқылы сөйлесуіне Болат-Гәляның септігі тиген. Енді қазір ол екеуінің Қазинаға қолма қол көмегі, жәрдемі тигелі тұр.

Серікбайдың: «Жұма күні Алматыда боламыз, сағат бесте Алмалыда кездесеміз» дегені тап солай болғанындай, оның: «ертең сіздікіне уақытында барамыз» дегені де нақ солай болып шықты. Серікбай мен Биға біздікіне тура сағат бесте жетіп келді. Депутаттарға қызмет ететін, арнайы мәшине бар екен. Екеуі сондай мәшинемен зыр етіп келе қалған.

Серікбай бір құшақ гүлмен келді. Гүл болғанда қандай, өте қымбат, үлкен гүлдесте. «Балдыз-з-з, бұл саған. Қабыл ал!» деп, Қазинаның есін шығарды. Ал Биға: (Кәне, қайсың барсыңдар, келе беріңдер!» деп, құшақ жая келді. Кешегі Қазан мен Зояны да, бүгінгі Болат пен Гәляны да құшағына тартып, балалардың маңдайынан иіскеп, аркасынан қағып, ықуырмалдық танытты. Бір сәт қасын керіп, қабағын жоғары көтерді. Бір нәрсені кенет аңғарғанда сөйтеді екен. Биға төргі бөлмеге қарап: «Ә, үлкен кісі бар екен ғой» деп, Серікбайға соны ескертіп, екеуі Қазинаның мамкесі – Меруерт жеңгейге сәлем берді.

Үстел үсті жасаулы тұр. Енді жайғасып отыру керек. «Ендеше мен былай жасайын» деп, Биға Қазинаға күміс білезік сыйға тартты, француз духиын ұсынды. Маған да француз одеколонын, француз ішімдігін әкеліпті. Дастарханға деп қорабы керемет үлкен, бір ғажап конфет әкелген екен. Үлкен ұлымыз Жомарт пен немереміз Жанар: «охо!» десті. Біріміз үстелді айнала отыра бастадық. Дастархан билігін Болат өз қолына алды. Көңіліміз сәл орныққандай.

Дастархан басында, дәм үстінде сөйлеу, тілек айту деген бар ғой. Мұндайда ел адамдары ағынан жарылады. Меруерт жеңгей де, Қазан мен Зураш та Алматыға келген сапарлары сәтті болып, мынау Серікбай мен Биғаны көріп-білгені мұндай тамаша болар ма деп, мұны елге айта барыңдарын, ертең елге жүргелі отырғандарын қайта-қайта айтумен болды.

– Онда былай болсын, – деді Серікбай бірден. – Ертең бәріміз суретке түсейік. Естелік болсын. Қай жерде жақсы фотосалон бар екен? – деп, Болат пен Жомартқа қарады. Олар өз білгендерін айтты. Сонымен ертең біріміз сол жерде кездесуге тиісті болдық.

Айтқанындай-ақ, ертеңіне біздер екі мәшинеге отырып, бізді Болат пен Жомарт ала жөнелді Серікбайлармен уәделі жерде кездестік. Бар шамыз түгел суретке түстік. Сонда үлкен фотода бейнеленген мыналар еді: Меруерт жеңгей, Серікбай, Биға, Қазан, Зураш, немерелері Асан мен Айдана, Болат, Галя, Жарасбай, Қазина, немереміз Жанар, оның әкесі Жомарт. Келесі фотода Серікбай-Биға, Жарасбай-Қазина және Жомарт бесеуіміз түстік.

Содан соң үш мәшинемен вокзалға тарттық. Елден келген туыстарды Алматы-Петропавл пойызына отырғызу керек. Вокзал басында Серікбай ол кісілерге біраз қызмет көрсетті. Болатты ертіп алып, жүгіріп барып, Қазан қайын ағамызға сыра әкеліп берді. «Алма сатып алыңыздар, алма!» деп зарлап жүргендердің біреуін тоқтатып еді, тағы екеуі ентелеп жетіп келді. Серікбай олардың біреуін де кері итермей, үшеуінің де ұсынғанын сатып алып, Зояның жол сөмкесін үш шелек алмаға толтырып берді. «Елге бізден сәлемдеме» деді. «Парламент мүшесі, Мәжіліс депутаты әперген алма» деп айтыңдар» дедім мен жай тұрмай. Биға кеңк етіп күліп: «Серікбай күйеуден» десе, болды емес пе» деді ақырын. Мен Биғаның сөзіне ырза болып, ыржиып күлдім. Алдыңғы күрек тісім әлі түскен жоқ еді онда.

Жолаушылар аттанысымен біз мәшинеге беттедік. Серікбай: «Ал енді біз шақырған жерге, Айып Кисановичтің үйіне баруымыз керек. Сендер мына мәшинеге отырыңдар» деді, Қазина екеуімізге. Болат-Гәляға: «Сендер де жүріңдер» деп айтылған жоқ. Біз бірінші рет Болаттардан бөлек кеттік. Мұның есесін кейін сан талай қайтарды (Ол туралы әңгіме алда).

Депутаттарға деген қызмет мәшинесі күшті болғанмен, біз біраз бұралаң жол кешіп, әдемі үйге кешігіп жеттік. Мұндайда әлгі ұялы телефонның пайдасы бар екен. Әйкен Серікбайға звандап: «Әй, қайда жүрсіңдер?» деп, сосын қалай жүру керектігін айтып, Серікбай оны жүргізушіге айтумен жүрісіміз жылдамдай түсті. Жарықтық Әйкен есіктің көзінде, шыдамсыздана тосып тұр екен. Бізді асықтырған күйі төрден бір-ақ шығарып, дөңгелек үстелді айнала жайғастырды. Серікбай, Биға, Қазина, Жарасбай, Дарико және Әйкен – алтауымыз ғана.

Алдымызға үлкен табақ толы ет қойылды. Қысқы соғымның, семіз жылқының еті. Былқыған, жұмсақ ет екені дәмін татпай-ақ сезіліп тұр. Туралған ет, тұздығы құйылған тағам: «Тезірек алыңдар, асаңдар» дегендей. Әйкен де: «Қолмен алыңдар, қарбытып асаңдар» деп қояды. Әлі тізе бүккен жоқ. «Әйелдерге – коньяк, ал біз енді бүгін виски ішеміз ғой» деп, ішімдіктерді құя бастады. Өзі айтқандай, әйелдерге коньяк рюмкелерін үлестіріп, үшеуімізге виски құйылған қырлы, шыны ыдысты ыждағатпен таратты. «Міне мұз» деп, әрқайсымыздың үлесімізді алға қойды. Сосын өзі бір әдемі тост айтты. Серікбайдың иек көтергеніне сүйсіне қарап тұрып, өзі де алып қойды. Менің уыс толы қырлы бокалды ерінге сәл тигізіп, үстелге қайта қоя бергенімді көріп, тым тіке:

– Шалбарың бар ма ? – деді Әйкен.

– Үшеу, – дедім мен. Отырғандар ду күлді. Бірақ шындығы сол еді. Тау жақтағы особнякта салқын болар, тізем тоңар деп ойлап, іштен жылы ішкиім, оның сыртынан жеңіл трико және кәдімгі шалбар киіп алған сабазбын ғой. Мен соны айтып едім.

– Сөзді қой, – деді Әйкен, қолын сілтеп, көзілдірігі жарқырап, әлі түрегеп тұрған күйі. – Біздің Биға өзінің сіңлісін тауып алып отыр. Елу төрт жылдан кейін көріп отырғаны осы. Ал сен – бұл келіншектің күй-

сүйсің. Әйеліңнің тәтесі табылғанға сен қуанбағанда, кім қуанады? Өзің ұялып екенсің, бүгін сен шалқымағанда, кім шалқиды? Сен андағыны аялап қоймай, мен орныма отырмаймын.

Амал нешік, алып қоюға тура келді. Өзегімді бойлай бір жылу бойға тарап бара жатты, көздің алды мұнарланған секілді.

Әдемі бас қосуларда адамдардың көңілі көтеріліп, бір мезгіл ән тыңдағысы, ән салғысы келеді. Араларында ән бастайтын, ән айтатын кісі болса, тіпті жақсы. Алдыгүні Алмалыда отырғанымызда Әйкеннің «Лөйлімді» шырқағанына сондай сүйсіндік қой. Сол әнді бүгін тағы ұлыда- ғымыз келді. Әйкен бұл жолы да бәлсініп, бәлденген жоқ; орнынан тұрып, өзіне ыңғайлы қалыпта бой түзеген күйі шырқай жөнелді:

Есен-аман жүрмісің, Лөйлім шырақ,
Жаңа таптым ауылыңды көптен сұрап.
«Жел тимесе, жан тимес» деп жүргенде,
Қол ұстасып жатпенен кеттің жырақ.

Аққу едің таранған айдындағы,
Ұштың ұзап, қанатың жайдың дағы.
Көлеңкеңді көрсетпей кете бардың,
Қол алысқан сертіңнен тайдың дағы,

Осылай ма еді, ей, қалқа, айтқан сертің,
Жүрегімді жандырды ғашық дертің.
Мұнша неге сен мені әуреледің,
Болмаған соң әуелде баста еркің?!

Әйкен «Осенние листья» деген орыс әнін де өте әсерлі орындайды екен. Бір мезгіл Серікбай екеуі қосыла кетті.

Күні бұрын келісіп алмай-ақ, екі дауыспен, ерекше үйлесіммен: «Чайка смело пролетела над седой волной» деп, қалықтатып, шырқатып қоя берді. Ауызымызды ашып, айрықша сүйсініп тындадық,.

Серікбай кешегі әңгімесін пысықтай түсті:

– Ертең – сәуірдің екісі. Ертеңдер бізде бір жылқы байланып, жаз бойы семіртіледі. Тамызға шейін. Шілденің бірінен бастап депутаттар демалысқа шығады ғой. Біз, Биға екеуіміз Карлов Варыға барамыз. Одан келгеннен кейін сіздерге хабарлаймыз. Ағайын-туғанның бәріне айтамыз. Қысқасы, тамыздың екісі-үші күндері біз сіздерді Қостанайда күтеміз.

– Оған дейін, – деді Әйкен өз кезегінде, – сіздерді біз тойға шақырамыз. Сәуірдің 28-інде Дариконың 60 жылдығын атаймыз. Естеріңізде болсын.

– О-о! – дестік біздер. Содан біразға дейін дүрілдеттік.

Ертеңіне құлақты ауыртып, миды шаққан бір беймазалықтан оянсам, анау телефон шырылдап, әкетіп бара жатыр. Ұялы телефонымен безіл-

деткен Серікбай екен: «Бажа, хал қалай?» дейді. Мен ыңырандым. Ол да оңып тұрған жоқ, екен. «Ал біз кетіп бара жатырмыз. Ой, әне Болат көрінді» деп, сөйлесуін үзе салды. Серікбай мен Биғаның бүгін сәскеде пойызға отыратынын Қазина біледі, бірақ көңілінде бір күдік болады. 12.05-тегі пойызды Серікбай 12.25 деп жаңылыс айтады. «Ой-бай, ол қандай пойыз?» деп, Гәля тіпті таңырқайды. Бір жақсысы, Болат келе қалады. Екеуін мәшинесіне отырғызып, жолшыбай бір дүкенге соғып, ішімдік, сусын, тәтті тағам алып, вокзалға жөнеледі. Жетіп келсе, вокзалда Серікбай мен Биға жоқ, олардың пойызы да жоқ, аттанып кетіпті. Болат мұндайда көп ойланып тұрмайды: «Ал кеттік» деп, заулатып, бірінші Алматыға тартады. Мұнда келсе, вагондардың есігі жабылып, пойыз аттанғалы тұр екен. Бұлар вагонның есігін ұрғылап, жолсерікке тіл қатқанда, әр жағынан Серікбай көрінеді. Бұлар пакетті оған ұстатқан күйі қош-қош айтысады. Пойыз қозғалып жүре береді. Бейнебір әлгі кинодағы секілді. Серікбай мен Биға бәрінен бұрын Болатқа риза болып аттанады. Олардың Болат-Гәлямен жақындығы сол күннен басталады.

Сәуірдің соңында Биға Дариконың тойына келді. Әрине, біздікіне келіп түсті. Ал Биғаны қарсы алу, қалада алып жүру Болаттың міндеті болды. Болат жақсы кісілерді құрметтеуге жалықпайды. Той болатын сенбі күні сағат он екі жарымда Биғаны бір сұлулық салонына ала жөнелді. Қайтып келіп, Қазина екеумізді сол жерге апарды. Одан үшеуімізді «Иссык» ресторанына жеткізді. Сол маңдағы гүл базарынан Биға мен Қазина мерейтой иесіне деп қымбат гүлдер алды. Мейрамханаға келіп кірдік. Үлкен сағатқа көзім түсті: 2-ден 25 минут кеткен екен. Бірақ той тура сағат 2-де басталыпты. Адам айтса нанғысыз! Тойдың дәл айтқан уақытында басталғанын кім көрген. Жарықтық Әйкеннің айрықша тәртібі, қатаң талабы солай екен!

Дариконың тойында біз Биғаның ағасы Тоқтыбайдың жұбайы – Қарагөз жеңгеймен жүздестік. Тоқаңмен, Әйкенмен бірге оқыған, бірақ өмірден тым ерте өткен Айман деген жігіттің әйелі Банумен де таныстық. Бірі – Керекуден, бірі Қарағандыдан келіпті. Көп кісі жиналған мерейтойдың айтары жоқ.

Әттең, тойдан соң екі айға жетпей Дарико асыл жары Әйкеннен айырылып қалды. Суық хабарды бізге Серікбай жеткізді. Біз не дерімізді білмей қалдық.

Жоқтауға құрдасымды, теңдесімді,
Жөнді сөз таба алмадым үйлесімді.
Дегенде: «Әйкен кенет қайтыс болды»,
Білмедім сенерімді, сенбесімді...

Серікбай Қостанайдағы баласы Қайратпен, Павлодардағы қайны ағасы Тоқтыбаймен үшеуі Астанадан Алматыға ұшып келді. Сөйтіп, біз Тоқтыбай Бірәліұлы Құлшыманов ағайға қаралы жиында жолықтық. Бізді ол кісіге таныстырғанда, ол Қазинаға: «Қалқам-ай, мынандай жағдайда кездестік-ау» деген бір ауыз сөз айтты. Бірақ Қазинаны бау-

рына тартып, бетінен иіскеп, бауырмалдық танытты. Тоқанды алғашқы да соңғы рет көріп тұрғанымызды кім білген.

Прагадан ұшып келісімен Қостанайдан қоңыраулатқан Серікбай Қазинаға сұрақты төтесінен қояды:

Билет алдыңдар ма ?

Жоқ, әлі алған жоқпыз.

Енді не бітіріп отырсыңдар? Сендерге сәуірдің басында айтылды ғой. Ал мәселе былай: тамыздың 4-не, Қостанайға, сағат 12-ге жетулерің керек. Қанша кісі, қандай пойызбен, қашан шығасыңдар, хабарлаңдар.

Билет алуды кешеуілдетуге себепші мен едім. Қан қысымым көтеріліп, ауырып, ауруханада емделуге мәжбүр болдым. Толық айығып та кетпедім, әлгі остеохондроз деген бәле еркін қимылдатпай қойды. Жолға шығудан тартыншақтай бердім. Бірақ шегінуге жер жоқ. Билет алу Қазинаға біраз қиындыққа түсті. Ақыры мен, Қазина, Болат-Гәля, екеуінің қызы Баянмен – бесеуіміз тамыздың екісінде жолға шықтық. Әуелі Астанаға барып, сосын Қостанай поезына қайта отырмақпыз. Бұл, бір жағынан, бізге жақсы. Астанадағы баламыз Жәнібекті, келініміз Гүлнәрді, бәрінен бұрын – немереміз Жансұлтанды көріп, қуанатын болдық. Астанада пойыз ауыстыратынымызды естіген Серікбай біздің балamызға звондайды: «Жәнібек, әке-шешеңді дені дұрыс купеге отырғызып, дұрыстап жөнелт деп. Серікбайдың айтқанындай болды. Біз пойызға дұрыс орналасып, көңілді аттандық. Бір жақсысы, пойыз Қостанайға таңертең жетпек. Ерте оянып алған біз төңірекке көз жүгіртіп, жол бойғы шоқ-шоқ қайың орманға қараймыз. Жолаушыға оң мен солдан қол бұлғаған орман жан сүйсіндіріп, көңіл баурайды.

Қостанайға таңертеңгі сағат онда келіп түстік. Қарсы алған елдің алдында, әрине, Серікбай жүр. Екі жақ та құшақ жайып, құшақтасып, қауышып жатырмыз. Сол сәт Гәля Қазинаға айтатын көрінеді: «Ойбай, төте, әнаң кара. Жомарттан аумаған бір жігіт тұр. Тіпті жеңсіз, жеңіл койлегі де тап сондай». Сөйтсе, ол – біздің үлкен ұлымыз Жомарттың өзі екен. Кеше самолетпен ұшып келіпті. Серікбай оған да звондап: «Кел, ұшып жет» деген ғой. Алдыгүні Алматыда қалған балаң бүгін алдыңнан шығып тұрса, әрі таңырқайсың, әрі қуанасың. Сонымен бірге мен мынаны да ойлап үлгердім: «Ол бізбен бірге шыққанда пойызға алты мың теңге жұмсар еді, ал Қостанайға әрі-бері ұшу – 36 мың. Әр жағындағы отыз мың теңгені бізге берсе ғой, біз жолда еркінірек жүрмейміз бе?». Бірақ заман осылардікі, не істеймін десе де еркі. Серікбайдың сөзін жерге тастамай, жетіп келгені де дұрыс.

Біздерді джип, мерседес секілді мәшинелерге бөліп отырғыза бастады. Бір дәу кісі біздің Гәляны өзінің әппақ мәшинесіне қарай жетелегенде: «Волгаға отырмаймын» деп, Гәля қиғылық салатын көрінеді. Сөйтсе, бұл әлгінде біз вокзалда алғаш көріп танысқан Түлкібай деген туысқан екен. Ол – Биғаның туған інісі. Сәуірде Қазинаны төтелеп, телефон соққан: «Суретіңізді көріп, қуанып жатырмыз. Үлкен ағамыздың қызына ұқсайды екенсіз. Ол да сіздей әдемі» деп, сүйсініс білдірген.

Серікбай-Биғаның әңгімесінен Түлкібай мен Маржанкүлді біз де жақсы көріп қалғанбыз. «Түлкібай мен Маржанкүлдің үйіне құр қол бармайық, тәте» деп, Гәляның оларға алып келе жатқан сыйлығы да бар. Түлкібай да туысқандық көңілмен Гәляға өз мәшинесінен орын ұсынған. Бірақ әлгі «иномарка» дегенге үйреніп қалған ғой бұл ерке келіншек. Еркелетіп жіберген – Болат.

Серікбай-Биғаның Қостанайдағы үлкен пәтеріне келіп кірдік. Дөңгелек үстел жаюлы тұр. Үстел үсті толған тағам. Қол шәйіп, отыра қалуымызды күтуде. Жолдан келген кісіні еріксіз жұтындырғандай. Осы дастархан басында алдымен танысқанымыз Биғаның тәтесі Күлсім болды. Ол Бірәлімен бір туысқан Сыздықтың қызы. Серікбай мен Биғаның студент кезінде әрдайым ақша беріп, көмектесіп, жанашырлық жасаған апай. «Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпейді», Серікбай соны қайта-қайта айтып, «Зоя Васильевна, Зоя Васильевна» деп құрметтеумен болды. Түмендегі орыс-қазақ түгелімен бұл кісіні солай атайды екен. Біз оны «Түменнен келген құдаша» дедік.

Ақ жібек орамалы шашынан жиі суси беретін, соны әлсін әлі түзетумен болатын, сұңғақ бойлы әйел – Серікбай мен Биганың құдағиы, Серіктің шешесі, Махаббаттың енесі екен. Есімі – Сәуле. Еріні сәл ашылып, алдыңғы тістері көрінген, көздері күлімдеген Сәуле құдағи сондай күлегеш, көңілді жан екен.

Ақыры біз Түлкібайдың жұбайы – Маржанкүлді көріп, көзайым болдық. Қараторының әдемісі екен. Ақ жібек орамалы торғылт жүзін аша түскендей. Өте ибалы, сызылған сыпайы. Дастархан басындағы үлкендерді, сыйлы кісілерді күту үшін жаратылғандай.

Біз дәм алуға, тамақ жеуге құныға кірістік. Тағамның неше түрі осында. Соның бәрінен маған ұнағаны – мынау тіске жұмсақ блинчики. Ақ қаймаққа бұлғап-бұлғап, керек десең, батырып алып, ауызға салып, қылғыта бер.

Қазина мен Гәля Түлкібай мен Маржанкүлдің отауына деген сый-сияпатын осы жерде, елдің көзінше тапсырмақ болды. Алматыдан алып келген үлкен, әдемі кілемді жайып салды. Кілем жиналып, қайта оралып үлгергенше үйге Қазан-Зураш кіріп келді. Олармен бірге Болат-Гәляның баласы Арман да келіпті. Бұларды Серікбай арнайы мәшине жіберіп, алдыртып отыр. Тағы да құшақ жайып, қауышу. Сол жерде бірден байқалғаны: екі бөле – Қазан мен Түлкібайдың бас бітімінде, бет пішінінде, күнге күйіп, тотыққан өң-жүзінде бір ұқсастық бар екендігі. Сырт көзге сезіліп тұр. Содан біз ол екеуін үлкен айнаға қаратып, қалай ұқсайтындарын өздеріне көрсеттік.

Серікбай бізді асықтыра бастады. Сыртқа шықтық. Мәшинелер, әрине, тосып тұр. Бағана вокзалдан келгенде мен джиптің алдына, жүргізушінің жанына отырдым ғой. Менің ендігі орным сол болды. Алдыңғы орынға алдымен қонжидым. Қостанай көшесінде заулата жөнелдік. Үлкен особнякке келіп жеттік. Сырты темір қоршау. Қақпаның көзінде ақ көйлек, қара шалбар киген, тұлғалы біреу тұр. Келгелі жұрттың бәрімен

құшақтасып амандасып жатқандықтан бұған да қол беріп қоя жаздадым. Екі қолын артына ұстап, екі аяғын талтайтыңқырап, міз бақпай тұрғанына қарап, күзетші-қарауыл екенін ұқтым да, бас изеп өте бердім. Қоршаудың қақпасынан үйдің есігіне дейін біраз жүрдік.

«Богатые тоже плачут» деген бразилиялық сериялды бір жарым жылдай көргенбіз. Сонда байдың баласы Луис Альберто кіріп келіп, қиғылық салатын, есіктері жан-жаққа кететін зал, жоғары көтерілетін баспалдақ болушы еді. Біз сондай үйге келіп кірдік. Зәулім залдың ұзындығы мен ені бірдей, төбесі биік, аумағы үлкен. Қай жерді қаласаң, сол жерді төр деуге болады. Кресло дегендеріңіз залдың ортасына орналасқан. Арқалығы кісі бойындай орынтаққа отыра қалған адам көрінбей кетеді. Аяқтың астына қасқыр терісі төселген. Сондай орынтақтың біреуіне отыра беріп Қазан: «Рестөрөн бө?» деп қалды. Жұрт ду күлді. Мен қайнаға үшін іштей намыстандым. Ол кісінің бұлай деуінің жөні бар. Серікбай біздерге қайта-қайта звандағанда: «Сағат 12-де, ресторанда» деп, дабылдатқан болатын. Ел адамы естігенінен танбайды. Қазан дағарадай кең үйді мейрамхана шығар деп ойлаған ғой.

Алайда бұл – Қайраттың үйі, Серікбай мен Биғаның бизнесмен ұлының бірегей особнягі еді. Қайрат – «Биско» холдинг компаниясының президенті, нарық заманындағы нағыз іскер кәсіпкер, жақсы мағынасындағы жаңа қазақ. БИСКО дегеніміз – Бисетаев Серікбай, Қайрат, Олжас екен. Әке, бала, немере. Бұлардың астық, ұн өнімдерін үлестіретін «Дәлел» деген сауда орындары өз алдына. Дәлел – Серікбай мен Биғаның немересі, атасы мен әжесіне тартқан қыз бала. «Бәрекелді!» дейміз бәрін тамашалап, бәріне сүйсініп. Бәрі де құтты болсын!

Қайраттың келіншегі Туғанай біздерді жарқын жүзбен қарсы алды. Және мұнда Туғанайдың шешесі, Қайраттың енесі, Серікбай-Биғаның құдағиы, арнайы шақыртумен алыс жерден келген Аманбике құдағай отыр екен. Бес уақыт намазын оқып, екі қолын алдына салып қойып қарап отыратын діндар кісі көрінеді. Ақ жаулығын құлағының сыртына қайырып қоятын Аманбикенің қолын ұстап, жұмсақ алақанын сезіндік.

Керемет үлкен, кең үйдің иесі Қайрат бізге қонақасы берді. Серікбай алдымызға астау тартты. Басты қайын ағамыз Қазан ұстады. Астау онсыз да үйеме болып тұр. Бізге деп арнайы сойылған жылқының жылы-жұмсағы; кәделі, сыйлы кісілерге деген сыбағалы мүшелері түгелімен осында. Жаз бойы семіртілген семіз жылқының сере шыққан қазысы тұтасымен астаудың бетін алып жатыр. Ет тураурға Түлкібай кірісті. Ет турау да өнер. Ұлттық дәстүр бойынша астаумен тартылған, тұтас-тұтас мүшелерді жолымен, жөнімен, рет-ретімен тураурға осы Түлкібайдай мығым, мықты кісі керек. Және бәрі дұрыс болуын қадағалап, бақылап Серікбай отыр.

Қонақ күту оңай шаруа емес. Бірақ Серікбайлар үшін меймандарды мейлінше сыйлап-күту бір рахат дүние тәрізді. Алдыға қойылған ас, әркімнің ыдысына құйылған ішімдік, ас та төк молшылық. Бар болғасын,

бай болғасын сөйтеді ғой. Мұндайда қонақ болу да оңай емес. Қайта-қайта ішіп-жеуге шыдап беріп, шыдау керек. Екі жақтан да жақсы-жақсы тілектер айтылды. Арқамыз кеңіп, жадырай түстік. Бас қосуды көркейтіп жіберетін әдетімен Болат:

Жүгіріп шықтым белеске,
Белес жақын емес пе?
Осы отырған отырыс –
Бір ғанибет емес пе! –

деп, бәрімізді бір желпінтіп тастады. Соған орай Сәуле құдағидың лебізін естідік. Ақ орамалын әлсін-әлсін түзеткен, күлегеш құдағай «Әке туралы жырды» сызылтып әдемі айтады екен. Бұл біздің қазіргі көңіл күйімізге дөп келді: мынандай сый-құрмет үшін Қайратжанға, оның әкесі Серікбайға әнмен алғыс айтқандай болдық.

Сол күні кешкісін біздерді «Дидар» күтіп тұрды. «Дидар» – Қостанай орталығындағы мейрамхана, ойын-сауық отауы, мәдени-думан мекені. Махаббаттың жеке меншігіндегі фирма. Махаббат – Серікбайдың «жекеменшік» қызы. Ал Махаббаттың жекеменшік қызы – Кәмила. Еліктің лағындай елгезек, иегін, танауын үнемі көтеріңкі ұстайтын, шоколад түстес, шапшаң бала – Кәмила сол жылы бірінші класқа барады екен. Біз Тілашар тойына тап келдік. Ол аз десеңіз, Кәмиланың әкесі, Махаббаттың жұбайы – Серіктің отыз жеті – мүшел жасы аталмақшы. Серікбай-Биға, Қайрат күйеу балаға шетелдік қымбат мылтық тарту етті. Оның бағасын сіз сұрамаңыз, мен айта алмаймын. Кәмилаға деген сыйлықтардың есебі жоқ. Біз не ұсынамыз? Жомарт: «Жүз доллар беру керек» дейді. Шешесі екі иығын қусырады. «Гәля тәтейден ал, мен Алматыға барған соң берем» дейді баласы. Ақыры солай болды. Шіркін, Гәляның қол сөмкесін жанынан тастамайтыны қандай жақсы! Осындай сөмкесі бар әйелдің күйеуі Болат та күшті ғой.

Сөз кезегі Қазинаға келді. Ол бүгінгі той-думанның мән-маңызын, сән-салтанатын таратып айтып, тамаша әсерде отырғанымызды тілге тиек етті. Серікбай жездесіне, Биға тәтесіне, Сәуле құдағиға құтты болсын айтып, Махаббатты мадақтап, күйеу балаға мезіреті жасап, Кәмилаға қарай ойысқанда... иә, сол мезетте... бір топ көгершін дүрк көтеріліп ұша жөнелгендей, той иесі Кәмила қасындағы бір топ бүлдіршіндермен отырған үстелінен түгел түрегеліп, төменге, балалар ойнақ салатын орынға жүгіре жөнелді. Қазина Кәмилаға ұсынатын дүниесін Махаббатқа табыс етті. «Қап, Кәмиланың өзіне беру керек еді. Махаббаттың, Серікбайдың доллары онсыз да жеткілікті ғой» дедім мен жай отырмай.

Осы тойда және бір қызық болды. Біз «Дидардың» төріндеміз. Үстел үсті дәмді, майлы тағамдардан майысып тұр. Даяшылар бізге қызмет етіп жүгіріп жүр. Аузымызды салфеткамен сүрткен сайын умаждалған

ұлағызды жинап алып кететіні таңсық емес. Бірақ... «Жылқы еті, жеңіл, тісіңе кіреді; жемесең, түсіңе кіреді» демекші, мен жиі-жиі тісімді қыламын әуремін. Әлгінде ғана алдыма қойған тіс шұқығыш, қайта қол созғанымда, орнында жоқ болып шығады. «Өй, бұл қайда кеткен?» деп, әрі-берлі іздеймін келіп. Сөйтсем, біздің желкемізде бір даяшы жігіт тұр екен, сол біз пайдаланған дүниені қолма қол жинап алатын көрінеді. Мен оны аңғармаппын.

Түменнен келген Күлсім құдаша, Қазина үшеуіміз Серікбай үйіне қондық. Болат-Гәля балаларымен Түлкібайдың қаладағы пәтеріне жайғасты. Қазан мен Зурашты Түлкібай-Маржанкүл түн ішінде Бәзбекке өкетті.

Ертеңіне түсте бәріміз қайтадан «Дидарға» беттедік. Жолшыбай біздерді суретке түсіру басталды. «Запечатлеть мгновение» дегендей, бас қосудың әрбір сәтін, әртүрлі көріністерін суретке түсіртуге, ағайындардың, меймандардың фотобейнесін жасауға Серікбай айрықша мән берді. Сол үшін арнайы кәсіби фотограф жалдаған тәрізді. Ол бізді Қостанай көшесінде топтап, бөлектеп, әрі қаратып, бері қаратып, жарқ-жұрқ етізіп түсірумен болды. Фото түсіруге, басып шығаруға, бірнеше дана етіп көбейтіп, үлестіруге Серікбай ақша аямайды екен. Осы сапарда біздер бейнеленген суреттерге жұмсалған ақша бір малдың құны деуге келеді. Әйтеуір Серікбай еш нәрседен аянып жатқан жоқ.

Тамыздың бесі күні «Дидарда» ұланасыр той болды. Биғаның сіңлісі табылу құрметіне Серікбай салтанатты думан жасады. Оған Қостанайдың игі-жақсыларын шақырып, біздің мәртебемізді асырды. Айтпақшы, Серікбай Қазинаға деп Прагадан алып келген, «двойка» дейтін қысқа жең, қымбат көйлекті осы тойға кигізді. Қазина әдетте өзі киетін киімді өзі таңдап, өзі талғап алатын. Өз бойына шақ, мықыны қыналған, етегі тоғылған көйлекті ұнататын. Тобыққа дейін түсірілген, ұзын көйлек киген емес. Ал мынау етек-жеңі мол пішілген киім оны ойнақы балдыздан гөрі сабырлы, саналы ару әйелге көбірек ұқсатты. Әйтсе де ашық аспан түстес көгілдір көйлек Қазинаның ажар-көркін аша түсті.

Серікбайдың өзі «тройка» киген. Пиджагі – орындықтың арқалығында. Қысқа жең көйлекке галстук таққан. Білегінде – алтын сағат, қолында – микрофон. Тойды өзі басқарып, өзі жүргізді. Серікбайды Қазақстанға Ресейден, Челябіден келді деуге сену қиын, қазақша сондай жатық сөйлейді. Бүгінгі думан-тойдың мән-жайын, мәнісін әңгімелеп, кімнің кім екенін сөз етіп, бәрінің атын атап, түсін түстеп, таратып тұр. Ілгері-кейін теңселіп тұрып, сөзін созыңқырап та жіберді. Бірақ «қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса»; қалай билеп-төстеймін десе де, Сәкеңнің ырқында, ол – қожайын.

Кеше біз «Дидардың» оң жағында отырсақ, бүгін «Дидардың» сол жағында басқаша түрде отырып, жаңаша әспеттелдік. Құрмет төрінде Қазан-Зураш, Түменнен келген құдаша Күлсім, Жарасбай-Қазина, Болат-Гәля отыр. Қостанайдан Кенжебек Укин жұбайымен дастарханда бізбен бірге болды. Бұл – бізге көрсетілген құрметтің ерекше бір бел-

гісі. Өйткені Кенжебек Укин – Серікбайға қадірлі, қымбат кісі. Сол кісіні бізге қосып, дастарқандас, дәмдес етіп отыр. Кенжекең – кезінде Торғай, Қостанай облыстарын басқарған, елге танымал, айтулы азамат. Түр-тұлғасы келіскен, келбетті де сымбатты, сұңғақ бойлы, терең ойлы, текті жан. Ол кісі бізге бір күлдіргі әңгіме айтты. Ертеде еліміздің оңтүстік өңірінде Майлықожа, Құлыншақ деген ақындар болған. Бір жиында Құлыншақ:

Қанша «майлы» десе де, май болмадың,
Қанша зарлап жүрсең де, бай болмадың, –

деп, тиіседі. Сонда Майлықожа бірден:

Сен Құлыншақ болғалы – қанша заман,
Не жабағы, не құнан, тай болмадың, –

деп, тоқтатып кетеді. Кенжекең айтқан бұл сөзге сүйсініп қалдық.

Біз майға бөгіп отырмыз. Алдымызда – астау толы жал-жая, қазы-қарта, кіл семіз ет, кілең май. Қолымыз да, аузымыз да, бетіміз де май болды. Сөйленген сөз, айтылған тілек, шырқалған ән, биленген би, көтеріңкі көңіл – бәрі соған сай болды.

Ертеңіне Серікбай бізді тағы да асықтырып:

–Тұрыңдар, жуыныңдар, Бәзбекке, фазендаға барамыз. Соған лайық киініңдер, – деп ескертті.

Бәзбек – ауылдың атауы. Қостанайдан отыз шақырым. Түлкібай алғашында осында тұрған. Кейін ауылдан екі шақырымдай жерде, қайыңды орман арасында жаңадан үлкен үй салғызыпты. Қонақ күтетін кең залы, бөлек-бөлек жатын бөлмелері, ас үй, ас қамдайтын жері бар. Қостанай өңіріне келген мәртебелі меймандардың талайы болған мұнда. Сол қонақжай үйге біз де келіп жеттік.

Үйге кіріп, Түлкібай-Маржанкүлдің сәнді де жәйлі қонысына құтты болсын айттық. Қызы Бақытжамалды, күйеу баласы Мырзаханды, егіз туған Асыл, Арман деген балақандарды көрдік. Бірақ үйде көп отырмай, сыртқа шықтық.

Сыртта киіз үй тігулі тұр. Алты қанат ақ боз үй. Іші жасаулы. Дастарқан мәзірі жасалып, тағы да қонақ күтуге дайындық жүріп жатыр. Ашық аспан астында, үлкен қазанда былқып пісіп жатқан жылқы етінің иісі таза ауаға араласып, танауды қытықтайды. Қазақта жылқы етіне деген тойым болсайшы!

Бәзбектегі таза ауаны құныға жұтудамыз. Сәске түсте орман аралап, табиғатты тамашалағанға не жетсін! Суретке түсудің көкесін осында көрдік. Бәріміз тобымызбен үлкен үйдің маңында, киіз үйдің жанында, орман ішінде, ағаш арасында суретке түстік. Гәля өзінің Болатымен, Баянымен, Арманымен алаңқайда отбасы болып отыра калып, оңаша су-

ретке түсіпті. Серікбай мен Қазина, жездесі мен балдызы... түзу ағашқа сүйеніп, қисық ағашты құшақтап, көлденең, қайқы ағашқа отырып алғандей; біреуі шалқалап бара жатса, екіншісі оның білегінен ұстап; біреуі жасыл шөпке жайғасып, қисайып жатса, екіншісі оның қолынан тартып, көтеріп; не керек, кинодағы әртістер секілді, әртүрлі кейіпте өзіңеленіп бақты. Шүлдірлеген фотограф бәрінің бабын тапты.

Шаңқай түсте киіз үйге кіріп жайғасқан қандай жақсы! Төселген кілем, көрпе, арқаңда – жастық, алдыңда – дөңгелек үстел, жаюлы дастарқан, төгілген бауырсақ, мөлдіреген минерал су, сусын. Тағы да үйеме табақ ет, астау толы жал-жая, қазы-қарта, бауыр. Төңкерілген қос қазыны көріп Арман: «Мынандай семіз қазы болғандығына көрмеген кісі сенбейді ғой, – деді. – Алматыдағылар сенбейді». Серікбай бұл сөзге елең етіп, кере қарыс қазыны Түлкібайға ұстатқызып, фотографқа бұйрық етіп, суретке түсірткізіп алды. Кейін ол кереметтей фото болып шығыпты. Болат үйінде, Арманның альбомында жарқырап көзге түседі, қонақтар таңырқайды.

Киіз үйдегі бас қосуға Бәзбектен үш-төрт адам жасы үлкен кісілер қосылды. Бас ұстайтын қария, бата беретін ақсақал, ет турайтын кісі бар жерде мен еркін отырамын. Оның үстіне ауылдан қымыз алдыртқызған екен. Мен үшін құдайдың рахаты болды. Маған ішімдіктің бәрінен қымыз артық. Бәзбектің балдай тәтті қымызына кәдімгідей қызыңқырадым:

Баспадым жардың шетін құлай ма деп,
Ішпедім көлдің суын ылай ма деп.
Жаманмен дос болуға мен қорқамын,
Қысылсам тар жерде, ердің құнын сұрай ма деп.

Жақсыдан көрдім пайда сасқан жерде,
Жаңылып, етегімді басқан жерде.
Жаманға жазатайым ісің түссе,
Қабысып қалады екен аспан жерге,–

деп жібердім. Мұның алдыңғы шумағы – ел аузындағы сөз, екінші шумақ - Мәшһүр Жүсіптің өлеңі еді. Жасы үлкендер: «Беу, шіркін!» десті.

Осы жиынға Серікбай әдейі алдыртқан өнерпаз Диас Жаманқұлов жұбайы Жұпармен ән шырқады. Диастың домбыра шертіп, әндетуі әжептәуір. Бірақ әннің сөзін ұмытып, жаңылыса береді. Соған көмектесем деп, әнге де қосылып кетіппін. Сөйтсем, жаңағы қызғылт көйлекті, қызыл жүзді келіншек бізге қарап қалған екен, алдыңғы күрек тісім жоқтығы еске түсіп, аузымды жаба койдым.

Кеше «Дидарда» Қазан екеуміздің иығымызға шапан жауып, Зурашқа, Қазинаға, Гәляға қамзол кигізген Серікбай бүгін Бәзбекте маған ат мінгізді.

– Бір жылқы – Сіздікі. Алматыға мініп қайтасың ба, пойызбен әкетесің бе, еркінде, – деп күлді. Мен риза болдым. Қазина шапшаң жауап қатты:

– Жезде, ақын бажаңызға ат мінгізгеніңіз тамаша. Көп рахмет! Әттең, Алматыға атпен қайту да қиын, атты балконда бағу да қиын. Бұл жылқы, бұйырса, бізге соғым болсын. Екі қыстай етпен қамтамасыз болған жақсы,– деп күлдірді. Сөздің шыны сол еді. Соған келістік.

Жарықтық, жылқы еті, қанша жесең де, бойға сіңе береді, жеген үстіне жей бергің келеді. Бірақ ынсап керек қой. Біз мамырлап, орнымыздан зорға көтеріліп, киіз үйден сыртқа шығып, бой жаздық,

– Жезде, – деді Қазина. – Қазандар енді қайтуы керек. Елге барып, ертеңге қамдануы керек қой.

– Ол жағы ойластырылған, – деді Серікбай. – Қайын аға қазір жүреді.

Сөйтсе, алдыгүні Қазан-Зурашты елден алып келген мәшине қайтадан жол жүруге әзір тұр екен. Қазекеңдерді аттандыру құрметіне ашық аспан астында үстел жасала бастады.

Қазина мен Гәля Қазан мен Зурашты оңашалап, ағасы мен жеңгесінің қолына 70 мың теңгені ұстатыпты. Елден жылқы сатып алып, союға деп. Гәля осы жолы Қазан ағасы мен Қазина тәтесіне қатты көмектесті: жаңағы ақшаның тең жартысы сонікі. Онысына мың да бір рахмет! Ол қыздың Алматыдан төркініне деп алып келе жатқан өзге дүниелері де жеткілікті. Әлгі мәшинеге солар да салынды. Баян мен Арман да осы мәшинеге отырды. Қазан - Зурашпен төртеуі біздің елге аттанды.

Бәзбек бізге қалды. Қазина, Болат-Гәля Түлкібайдың шаруа қожалығын ашық көрме тәрізді аралап көруге кірісті. Аулада, алаңқайда жайылып жүрген шұбар тауықтарды, күркетауықтарды көрді. Тоған суда жүзіп жүрген қаз-үйректерге қарады. Суда үйрек балапандары өріп жүрсе, жағада бір күркетауық жанұшырып, есі шығып, күркілдеп жүр екен. Сөйтсе, Маржанкүл, Бақытжамал үйрек жұмыртқаларын күркетауыққа бастыртқызып, одан шыққан балапандар, арғы тегі – үйрек болған соң, бірден суға түсіп, жүзіп ала жөнеледі. Ал мына байғұс суда жүзе алмайтындықтан суға түсе алмай, жағада жан ұшырады. Балапандарға: «Өй, қайда кеттіңдер? Қой, бері келіңдер, судан шығыңдар» деп шыр-пыр болады. Біздің кісілер соны қызықтайды.

Күркетауық суда жүзе алмаса, мен жағада түзу жүре алмай, шайқалақтай берем. Мырзахан бір ұзынша сырықты алып келіп: «Құда, мынадан ұстаңызшы» дегені. Мен оң қолыммен сырықтан ұстап едім: «болды, босатыңыз» деді. Содан сырықты дәл сол жерден кесіп, аршып, жо- нып, ұстайтын тұсына ою-өрнек салып, әдемілеп, алатаяқ жасап, әкеп берсін. Ой, мың болғыр, рахмет жауғыр, мұндай тамаша болар ма! Қатқан қайыңнан жасалған ала таяқты ұсынып жатып, Мырзахан: «Қайда барсаңыз да, колыңыздан тастамаңыз» деді. «Жоқ, тастамаймын» дедім. Сол сөзімнен танған жоқпын. Ала таяқты әлі күнге ұстап жүрмін. Ертелі-кеш жүріп-тұруыма үлкен сүйеу болды.

Ертеңіне алдымызға ақ қаймақ, ашытып пісірілген ақ бөлке нан қойылды. Жұп-жұмсақ бөлке нанды қаймаққа батырып жеген қандай! Біз соған барымызды салып жатыр едік, Қостанайдан Серікбай келді: «Ал болыңдар, жиналыңдар, жүреміз!» деп асықтырды. Ол сөйткен сайын біз қою, күрең шайға құныға түсеміз. Бірақ отыра беруге де болмайды. Алдыры жүргізушілерді есептемегенде, он бір кісі үш мәшинемен жолға шықтық.

Жолда Сарыкөл ауданындағы үлкен бір селоның орталығында біздерді Есімбек тосып тұр екен. Алдыгүні «Дидарда» бәрімізді көрген, бүгін бізді қошаметпен қарсы алды. Есімбек – өте толық денелі, ересен семіз, етжеңді жігіт. «Бискоға» қарайтын үлкен шаруашылықтың бастығы. Көрші директор Малышев та осында. Біздерді карсы алуға команда болған ғой, сірә. Екеуі орман ішінде үй тіккізіп, бізді табиғат аясында күрметтеп, сыйламақ болған екен; бірақ түні бойғы жаңбырдан жер шалқып, су болып кетіпті. Содан бізді лауазымды адамдар мен мәртебелі мейімандарды күтіп алатын орынға әкелді. Біздің міндет – қол шайып, торге жайғасу. Ой-пырма-ау, абажадай үстел үстіндегі тағамдардың түрі де, мөлшері де көп, молдығы орасан! Біреуін бітірмей жатып, екіншісін әкеліп, алдымызға қоятын блюдаларда есеп жоқ. Мұншама тағам он бір кісіге емес, жүз бір кісіге деп әзірленгендей. Есімбек бізді тап өзі сияқты кереметтей семірткісі келген секілді. Кеңірдегімізден келе тойдық. Мәшинеге қолтығымыздан демеп отырғызған күйде аттандық.

Алда – ұзақ жол. Алдымызда – Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданы. Сергеевка қаласының тұсында Есілден әрі өтуіміз керек. Биғаның бір айтқаны бар: «Қазинаның ауылы қай жерде екен?» дегенімде, «Есілдің әр жағы» деуші еді. Есілдің әр жағы – қай жақ екенін мен қайдан білейін» деп. Бүгін міне сол Есіл өзенінің әр жағын, күншығыс бетін көруге тиіс. Біз Биғаның нағашы жұртына, Қазинаның туған жеріне келе жатырмыз. Биға да, Қазина да қатты толқулы. Екеуінің тебіренген көңіл күйіне орай Серікбай да мәз.

Мен де толқып келемін. Есілдің күншығыс беті – менің туып-өскен елім; бала кезде асыр салып ойнаған, тұнығына бойлаған жерім. Туған жерге не жетпек! Сәбең айтқандай:

Туған жер, бәрінен де Сенсің ыстық,
Өйткені Сенде туып, Сенен ұштық!

Джип заулап келеді. Мен ойға кеттім. Осыған дейін көзбен көргенді қолмен қойғандай етіп жаздым. Артық-кемі бар шығар, бірақ өтірігі жоқ. Өмірде өтірік айтқан кездерім болғанмен, жазу ісінде жалған сөйлеп көрген емеспін. Осы жолы да солай. Серікбайға байланысты, Биға мен Қазинаға қатысты әңгімеде өтірік айтып нем бар? Алайда әңгіменің ең қиыны енді келе жатыр. Сонау тарихты сөз ету, дүниеден өткен адамдар жөнінде айту оңай емес, Бұл тұста мен, әрине, көзбен көргенді емес, құлақпен естігенді ғана айтуға, жазуға мәжбүрмін. Байқамай, ағаттық

жіберіп алсам, аруақтардан кешірім сұраймын. Күллі аруақтарға құдай рахмат айласын!

Біздің жақта Алқа ағаш деген ауыл бары жоғарыда айтылды. Сол ауылда бір кезде Тәуірбай деген бай болыпты. Аты айтып тұрғандай, тәуір кісі болса керек. Бай болғаны да рас. Әттең, бай болғаны кейін өзіне сор болыпты.

1928 жыл. Байларды «кулак» деп, құбыжық көру; дәулетті жандарды қара тізімге алып, дүниесін кәнпескелеу басталады. Сол тізімге Алқа ағаш ауылынан Тәуірбай іліккен тәрізді. Кәнпескелеу асығыс, қауырт жүргізілген секілді: Тәуірбай өзінің мал-мүлкінен, дүние-жиһазынан, мекен-жайынан айрылып қана қоймай; екі қызының біреуінен тірідей ажырап, ақырғы сәтте ақ көгершінін көре алмай, «қош, құлыншағым» деп айта алмай; адыра калған иесіз үйге телмірген күйі атамекеннен жер ауып кете барған. Ілияс Жансүгіровтың «Күй» поэмасында бір ұры түйелі байдың келесінен жас ботаны ұрлап алып, аулаққа апарып тастап, енесін керуенге әкеп сатады ғой. Сонда:

Ақшамда апақ-сапақ сауда біткен,
Інгенді керуен тіркеп жүріп кеткен.
Артына қарай-қарай, боздай-боздай,
Құба құм, қоңыр түнді күңіренткен.

Боздаған, ботасына зар илеген,
Қозғалған, қоңыр іңірді әлдилеген,
Екі көз жасты өзендей сорғалатып,
Төрт табан құмды қосып нан илеген, –

деуші еді ғой. Бозінген ботасына не болғанын, қайда қалғанын білмей, боздайды. Тәуірбай кіші қызының қайда, неге кеткенін білген күннің өзінде де: «ойбай, ботам, жет» деп, оған хабар бере алмай; өзі оны іздеп, жетіп бара алмай; қызының келуін күтіп, тоса алмай; ең болмаса өзімен бірге ауыр жолға әкете алмай; артында қалдырып; амалы құрып; еріксіз айдалып, жер ауып кете барған дейді. Тәуірбайдың әйелі, қыздың шешесі, байғұс ана, қайран ана қандай күйде болды екен десеңізші! (Бір қиыны, бұл кісінің есімі маған белгісіз, Қазинаның бір естігені бар екен, тілінің ұшында тұр, бірақ есіне түсіре алмай жүр. Күлән мен Шәмшияның анасын айтып отырмын).

Естен кетпес өкініште жағдай былай болған екен: Алқа ағашта бір үй бойжеткен қызын ұзатады. Ұзатылған қызға еріп, бір топ қыз балалар қалыңдықпен бірге тойға кетеді. Олардың арасында Тәуірбайдың Шәмшиясы да бар. Ол Ақсу ауылында, жаңа түскен келіннің шымылдығы ішінде той тойлап жүргенде Тәуірбайдың басына қара бұлт үйіріліп, қасірет төнгенін білмейді. Сөйтіп, ойда жоқта әке-шешесінен, әпкесі Күлөннан ажырап қалады. «Ойымда, үш ұйықтасам, бар ма менің, Айрылып сенен, сәулем, кетем деген». Ертеңгіні кім болжапты.

«Қайтып келсем, ел жоқ». Бұл – Шәмшияның өз сөзі. Өмірінің соңына дейін қайтыс болар алдында Қазинаға осылай деп, терең күрсініпті. Жарықтық көп сөйлемейтін кісі еді. «Ана, осы сенің туыстарың қайда?!» дегенде, көкірегі қарс айрылып айтқаны ғой.

Иә, тойдан қайтып келсе, әке-шешесі, әпкесі үй-орманымен ауылда жоқ болып шығады. «Аттылар келіп, алып кетті» деген не сұмдық?! Ашық күнде аспан күркіреп, төбесінен жай түскендей болады. Он екі жасар Шәмшия естен танып, есеңгірегендей күй кешеді. Күні кеше ақ боз үйдің төрінде ойнақтап жүрген байдың қызы баспанасыз қалады. Осыдан екі-үш күн бұрын ұзатылған қызға еріп, тойға барып, мәз болып, масайрап қайтқан еркетайдың мынандай тосын жайға тап болған қасіретті хал-жайын көзге елестетіп көріңіз. Тәуірбайдың кенже қызы сол бір үн шығармай, іштей уайымдап, қатты түйіліп қалған мұңлы күйінен өмір бойы айыға алмай, кеудесіндегі шер-шемені өзімен бірге кетті ғой деп ойлаймын.

Әке-шешесінен тірідей ажырап қалған қызды Әлғожа әулеті, Кәкен жұрағаты паналатқан көрінеді. Бұлар Алқа ағашта байдың малын бағып, шаруасын істеп, батырақ болып жүрсе керек. Шәмшияның айтуы, Қазинаның естуі солай. Естіген құлақта жазық жоқ. «Кіші апамның қойнында жаттым» депті жарықтық Шәмшия. Кіші апасы – Кәкеннің Ысқағының әйелі; кейін осы Шәмшияның бауырында өскен Еслям, Әбілқайыр, Зекеш (Зейнолла) дейтін балалардың анасы. Яғни Кіші апаңның жалғыз қалған Шәмшияға деген жанашырлығы қандай болса, ол кісінің үш жетімегіне де Шәмшияның қамқорлығы сондай болған!

Еріксіз жер ауған қайран әке-шеше қыздың жасауын қалдырып үлгеріпті. Жаңағы Кіші ападай сенімді жандарға «жасырыңдар» деп берген шығар. Әйтеуір Шәмшияға деп киім-кешек, төсек-орын, ағаш керует, аб- дыра-сандық қалдырған. Күміс шолпы, күміс салпыншақ, күміс білезік болған. Алтын алқа, асыл тастар бар дейді. Олардың кейбіреуін Қазина өзі де көрген. Апасының күміс шолпы, күміс салпыншағын тағып, ауыл сахнасында «Абай» пьесасында ойнаған. Драма үйірмесі халық театры атанып, Қызылжарға телевизияға түсуге барғанда қолың қиылғыр біреу күміс шолпы, салпыншақты ұрлап алып, қымбат жәдігерді жоғалтып жіберіпті. Қандай өкініпті. Қазина одан бұрын: «Алтын алқаң, асыл тастарың қайда?» деп сұрағанда, апасы: «Е, ашаршылық жылдары айырбасқа кетті ғой, күнкөріс үшін жұмсалды ғой» депті. «Алтын-күміс тас екен, арпа-бидай ас екен» деген сол.

Шәмшия Тәуірбай қызы 1916 жылы туған. Әлғожаның Сәдуақасы 1906 жылы дүниеге келген. Аралары – он жас. Шәмшия он үшке толғанда екеуін атастырады. Жоқ, қосылған емес, атастырылған. Қыз он сегізге келгенде ғана екеуі қосылады. «Оған дейін, – депті Шәмшия шешесі қызы Қазинаға, – әкең менің көмелетке толуымды күткен. Мен Кіші апамның қойнында жаттым». Айтпақшы, он жеті жасында Қазина да өзінен он жас үлкен маған тиген.

Шәмшия көпке дейін бала көтермепті. Тек бірде жас келіншектің кеудесі сыздап, төсі иіп қоя берген ерекше жағдай болады. Әлгі Кіші апасы босанып, үшінші ұл туады, бірақ баланың үш айлығында өзі қайтыс болып кетеді. Зекеш атанған жетімек Шәмшияның қойнында қалады. Үш айлық нәресте қарны ашқанда шырылдап жылап, емшек сұрағанда Шәмшия не істерін білмей абыржиды. Біреуден сиырдың сүтін жалынып сұрап, тіпті көрші үйдің ешкісін ұрлап сауып, соның сүтімен нәрестені асырайды. Бала кенет ауырып қалып, бұрынғыдан бетер шырқыраған сәтте жас әйелдің кеудесі иіп қоя беріп, емшегінен сүт шығып кетеді. Жетімекті кеудесіне басып, емшегін аузына тосады. Зекеш сөйтіп Шәмшияның төсін еміп өскен. Сәдуақас пен Шәмшияның туған баласындай болған. Еслямнан туған балалар арғы атасы бойынша – Кәкеновтер, Әбілқайырдан туған балалар өз әкесі бойынша – Исқақовтар болғанда, Зейнолланың өзі де, балалары да Әлғожиндер болуы содан.

Әлгі оқиғадан кейін біраздан соң Шәмшияның бойына бала бітіпті. Әттең, Бикеш деген қыз, Темірбек деген ұл титтейінде шетінеп кетіпті. Күйеуі Сәдуақас көп ұзамай соғысқа кетеді. Соғыста жараланып, елге келіп, айығып, майданға қайта аттанғанда Шәмшия жүкті болып қалады. 1943 жылы қазан айында ұл туады, атын Қазан деп қояды. Соғыстан кейінгі жылдары Қазина, Қаратай, Сайлау, Әлкен дүниеге келеді.

Шәмшия әке-шешесінен күдер үзгендей болғанмен, Күлән апасынан күдерін үзбепті. «Күндердің күнінде бір көрермін, тірі жүрген болуға тиіс» деп үміттеніпті. Бір күні осы үйге бір жолаушы келіпті. Бұл елдің адамы емес, бөгде біреу. Сәдуақастың үйі ауылдың күншығыс бетінде, ең шеткі үй болатын. Сол үйге әлгі жолаушы кешкісін қоналқыға келіп, ұлықсат сұрапты. Үйге кірген кісіге қазақ: «кет бар, аулақ» демейді. Қонуға ұлықсат етеді. Осы маңдағы ауылдарға сатуға деп жылқы әкелген іштің қазағы екен. Ашаршылық жылдары Ресей жеріне өтіп кеткен ағайынды біздің жақта солай, «іштің қазағы» деп атайды.

Көп сөйлемейтін Шәмшия кісіге бедірейіп қарай да қоймайтын. Бөтен кісіде жұмысы болмайтын. Алайда мына жігіттің жүзінен бір нәрсені аңғарып, әлденендей таныс бейне көргендей, әлдекімнің кескінін шырамытқандай болады. Жүрегі шымырлап қоя береді. «Шырағым, кімсің, қайдансың?» деп сұрастыра бастайды. Сөйтсе, бұл жігіттің есімі – Қозыбай, әкесінің аты – Бірәлі, шешесінің аты – Күлән екен. Құдайау, не дейді? Шынымен солай ма? «Жалғызымның көзі екенсің ғой. Айналайынай!» деп, Шәмшия еңіреп қоя берген күйі Қозыбаймен жылап көріседі. Алыстан келген бейтаныс жігіттің жиен болып шыққанына, Шәмшияның апасы табылғанға Сәдуақас та қуанады. Отыз жыл бойы хабарсыз жүрген Шәмшия жалғыз әпкесі Күләннің, жездесі Бірәлінің Корған облысында, Макушино деген жерде тұратынын естіп-біледі. Бірәлімен қосылған Күлән апасынан Қарақозы, Қозыбай, Тоқтыбай, Биға, Түлкібай туған екен. Күләннің да төрт ұлы, бір қызы – Биға бар; Шәмшияның да төрт ұлы, жалғыз қызы – Қазина бар. Бір қызығы, апа-

ағы-сіңлілі екеуінің де балаларының арасы төрт жастан болып келеді екен. Шәмшияның өшкені жанып, өлгені тірілгендей болады.

Көп ұзамай күйеуі Сәдуақаспен бірге Шәмшия көп жылдар көрмеген апасын іздеп барып, дауыс салып, жылап көріскен. Сағыныштан сарғайған екі жанның бірін бірі аймалап, құшақтарын жазбай, жабысып тұрғандарына жас бойжеткен Биға куә болған. Менің білетінім: сол жылы Күлән апасы өзінің бағалы киімі – барқытпен тысталған түлкі ішігін сіңлісіне сыйлап, кигізіп жіберген. Жалғыз сіңлім жан жылуымды сезініп жүрсін дегендей. Омырауы, жағасы қызыл, түлкі ішікті Шәмшия енеміздің сәнмен киіп жүргенін көргенбіз. Әттең, ол жақта – Күлән, бұл жақта –Сәдуақас қайтыс болған соң арадағы байланыс үзіліп қалады. «Олар Есілдің әр жағында» деп естіген Биға ақыры Қазинаны Алматыдан іздеп тауып, өзінің өтініші бойынша, екеуі апалы-сіңлілі болып табысып, Гәляның кос тәтесі атанды. Серікбай, Болат үшеуіміз бажа болып, Қостанайда, Бәзбекте думандатып; енді міне біздің елге заулап келе жатырмыз.

Осылай ойға батып барады екем,
Алдымнан белгі берді атамекен!

Ес білгелі Биғаның арманы болған Есілдің әр жағы – осы. Биашқа таңсық өңір біздер үшін көзге оттай ыстық көрінетін туған өлке! Оң мен солда үйір-үйір қайың шоқтары, қалың орман. Ауылға жақындап келеміз. Қисық атамыздың жолдан бұрыс зиратына бет сипағаным сол, сонадайда шоқ қайыңның қасында шұбыртқан кісілер көрінді. Бізден кейінгі мәшинедегі Гәля: «Ойбай, анаң қара, ағаштың жанында біреулер жүр» деп таңырқапты. Ауылдан әжептәуір жерде, орман шетінде біздерді тосып тұрған өз туыстарын алғашында танымай қалыпты.

Алдыңғы мәшинедегі Қазина бірден танып: «Жезде, анау – біздің кісілер. Мәшине баяуласын, грейдерден оңға бұрылу керек» деді. Серікбай жүргізушіге солай деп бұйрық етті. Айтса, айтқандай, бұлар – бізді жолдан тосып алған туыстар екен. Еслямның әйелі – Меруерт жеңгей, баласы – Серік Кәкенов; Әбілқайырдың ұлы, Гәляның інісі – Теміртас Бақытымен; Зекештің әйелі – Күләш жеңгей, баласы Жолаушы Сәулесімен – бәрі Биғаны құшақ жайып қарсы алды. Үлкендер: «Жиенжан» деп, жастар: «Тәте, жиен апа» деп, Биашқа алқызыл гүлдер ұсынды. «Ауылдық жерде, ен далада дәл қаладағыдай гүлмен қарсы алады деп кім ойлаған. Рахмет, айналайындар!» деп тебіренді Биға. Кеше Бәзбектен аттанып кеткен Қазан-Зурашпен бүгін қайта қауыштық. Шоқ қайыңның жанында кілем, көрпе төселіп, дастаркан жайылды. Жолаушы, Теміртасқа қосылып, Болат та қызмет етуге кірісті. Дәстүрлі: «Қош келіпсіздер, сапар сәтті болсын!» деген тілектер айтылды. Соның бәрін Серік суретке түсіріп жүр.

Кеше түнде жаңбыр жауып, бұларды біраз абыржытқан екен. Бүгін күн жарқырап ашылыпты. Жылқы сойып, қуырдақ жеген жігіттердің

буы бұрқырап тұр. Қуаныштарында шек жоқ. Жылқы сойылғанын естіген Қазинаның көңілі орнығып, ширығып келе жатқан жүйкесі жұмсарғандай болды. Дегенмен асығу керек. Бес-алты мәшинемен Ленин ауылына кіріп, Қазан үйіне келіп түстік.

Бір жақсысы, Қазан үйінің ауласы кең. Қостанайдан келген мәшинелер еркін орналасты. Бұл Серікбайға ұнап қалды. Қазанның үйі де үлкен. Төргі бөлмесі ұзынша, кең. Қонақтар сонда жайғасты. Алғашқы дәмге отырдық. Шәй үстінде Гәляның мамасы, біздің Әйапамыз – Бикеш келіп, жаңа туыстармен танысты. Екі жақ бір-біріне құтты болсын айтысты.

Серікбай екеуіміз сыртқа шығып, кішкене қыдырдық. Серікбайға біздің ауыл қатты ұнады: «Ауылда құрылыс күшті жүрген екен. Үйлердің көбі стандарт. Көше сондай түзу және қандай кең! Мұндай түзу, мынандай кең көшені мен қазақ ауылдарынан бұрын көрмеп едім» деп тамсанды. Мен масаттанып тұрдым.

Серікбай үйге қарай кетті. Кеш қарайған кез. Сыртымнан: «Аға!» деп, қосарланған дауыс естілді. Туған інім Марат пен келінім Нұрсұлу екен. Маратжан мені қапсыра құшақтап, күректей алақанымен арқамнан сипалады. Келінім бетімнен сүйіп жатыр. Кезінде осы ауылда Тереңсай селолық Советінің төрағасы болған Әнәс әкеміздің орнында отырған Марат пен Нұрсұлу – Қазанның басты құда-құдағиы. Қазан-Зураш ол екеуін ешбір жиын-тойдан қалдырмайды, алдымен шақырады. Екеуі үйге кіріп, Серікбаймен, Биғамен, Түлкібай-Маржанкүлмен танысып, Түменнен келген құдашамен, Аманбике, Сәуле құдағилармен сәлемдесті. Қазинамен, Болат-Гәлямен құшақтасып амандасты. Үйдің іші жарқырап кеткендей болды.

Біздің ауылдың басшылары: Талғат Теменов әйелі Сәбирамен, Қаратай Қалиахметов жұбайы Әминамен келіп, біздерге сәлем берді. Төрдегілер үлкен дөңгелек үстелді айнала отыра бастады. Қостанайдан келген қонақтардың құрметіне арнайы қонақасы берілді. Бас, жамбас Серікбайдың алдына қойылды. Жылқының омыртқасын Түлкібай ұстады. Төс – Болат екеуіміздің сыбағамыз. Серікбай бажамыз төстен де дәмелі. Қазандар сойған жылқының жал-жаясы, қазы-қартасы жарқырап жатыр. Біздің солтүстік өңірдегі жылқы етінің түсі осылай, ақшыл-сарғыш болса керек. Қазина мынау еттің түсіне, дәміне сүйсінсе, мен еттің тіске жұмсақтығына қуандым. Алматыдағы көршіміз, көктемде Қазан-Зурашты үйлеріне шақырған Сұлтанбек пен Зубайраш сәлемдеме деп «Асанәлі» кәниәгін беріп жіберген болатын. Мен соны Қазан-Зурашқа табыстап едім, олар мұны төргі үстелге қойғызып, қонақтарға құйғызды. Өзге де ішімдіктер жетіп жатыр. Құйғызып қойғанды алғызып қою үшін айтылған сөздер қандай десеңізші! Ақ тілектер, жақсы әңгімелер айтылып, ән шырқалып, түннің бір уағына дейін отырдық.

Ертеңгісін, біз оянғанша, Қазина інісі Теміртастың мәшинесімен Алқа ағашқа барып қайтыпты. Ас беруге лайықты үй іздейді. Ақыры сол ауылдың белді азаматы – Қабен құданың үйін таңдайды. Қазан-Зу-

раш Болаттар ертемен ет пісіріп, бәрін дайындап қойыпты. Астың, шәйдің жабдығын өзімізбен ала жүретін болдық.

Қазан үйі – ауылдың шетінде. Сайдың арғы бетінде үлкен зират бар. Содуақас-Шәмшия осында жерленген. Баяғыда Шәмшияның бауырында өскен Еслям, Әбілқайыр, Зекеш үшеуі де осы жерге қойылған. Бәріміз зиратқа келдік. Қазина шешесінің қабіріне, ескерткішке қарап, жылап та алды. Биға, Гәля мұңлы күйде, үнсіз тұр. Жоламанға құран оқытқызып, дұға қылдық. Енді Күлән мен Шәмшияның туған жеріне, Алқа ағашқа жүрмекпіз.

Аулымыздың сырты – жалпақ дөң, Сары бел. Ауылдағылар «Сәрбел» дейді. Дөңге шығатын қасқа жол сайрап жатыр. Төрт мәшине тастақ жолға түстік. Алдымызда – Теміртастар. Олар бізді Алқа ағашқа төте жолмен апармақ. Сәтін бере гөр!

Күрең жолдан бұрылып, жолсызбен келе жатырмыз. Айнала қоршаған ағаштан соң ағаш, орманнан соң орман. Жағалай жасыл кордон. Нағашы жұртына тұңғыш рет келе жаткан Биғаны қошеметпен қарсы алып, алдымыздан шыққандай. Жан-жағымыздан қаумалаған қалың ағаштар бізбен бірге қозғалатын тәрізді. Көздің аясында дөңгеленген қайың ормандардан бір сәт бас айналғандай. Алқа ағашқа келіп қалыппыз.

Біздер келіп түскен Қабен Жандосовтың үйіне ауылдың үлкендері жиналды. Әкем Әнәстің көзін көрген, оның осы Алқа ағашта басқарма болғанын білетін кісілер де келіпті. Әттең, Тәуірбай турасында сөз қозғап, естелік айтатын кісі қалмапты. Амал қанша, біз негізгі шаруамызға көштік. Қариялардың алдына үйеме табақ ет қойылды. Болат жүрген жерде солай: туралған жылқы еті мол болды. Аруақтарға арнап ас беріп, дұға оқыттық. Ас пен дұға Тәуірбай мен оның әйеліне, қыздары Күлән мен Шәмшияға, екеуінің ері болған Бірәлі мен Сәдуақастың аруағына бағышталды.

Түс кезінде келген ізімізбен кері қайттық. Жолда Котлауанға – тоған суға тоқтадық. Жағасы тайғақ, жайғасып отыруға жақсы. Болат біздің елге, қайын жұртына келгенде Жолаушы, Теміртастармен бірге дуылдайтын жері. Шөптесін жерге төсеніштер төселіп, дастарқан жайылып жатыр. Су жағасында, табиғат аясында дем алдырмақ. Құдаша, құдағилар аз-кем желпінді. Биға, Қазина суға түсті. Қазина итше малтыса, Биға балықша жүзіп, еркін малтиды екен. Біз жағада сүйсініп тұрмыз. Серікбай белуардан суда тұрған күйі Қазанның немересі Асанға: «Кел, суретке түсейік» деп еді, Асан суға киімшең қойып кетті. Суретке сол күйінде түсті.

Жағада естелік әңгімелер айтылды. Әнекей, анау шоқ қайыңның бауырында ескі жұрт бар. Ағаштан қиып салған үйдің, сарайдың орны. Бұрын онда мал фермасы болған, кейін дала қосы болған. Бригадир Сәдуақас Әлғожин үй ішімен осында тұрып, осы жерде өмір сүрген. Сәдуақас тоған судан атын суарған, Шәмшия тұнық жерден су алған. Әнеу бір алаңқайда бұл үйдің бұзауы жайылып жүрген. Кейде сол бұзауқан алысқа ұзап кеткен кезде: «Қарақыз» деп дауыстап, бұзау іздеген Шәмшияның шәй көйлегі желбіреген жер бұл...

Судан шығып, сүртініп үлгерген Биға бұл әңгімені ұйып тыңдады. Әлгінде Алқа ағашта болғанда, анасы Күләннің туған ауылын, дүниеге шыр етіп келген жерін көргенде, шешесі қыз күнінде мойынға таққан алқа төріздес, ауылды айнала қоршаған ағаштарға қарап, Биаш іштей толқыған болар. Бірақ нағашы атасы, өз анасы жөнінде деректі сөз ести алмағанға көңілі сәл құлазығандай болып қайтты-ау деймін. Бағанадан бері үнсіз. Сол үнсіз күйінде Биға бізден бөлектеніп, шеттей берді. Әне, өзімен өзі болып, оңаша кетіп барады. Иегі, кеудесі көтеріңкі. Кең жаурыны, мол денесі еркін сиған, етек-жеңі төгілген ақ көйлегі әдемі. Бұл сәтте Биаш, орысша айтқанда, «вся в белом», сондай әсерлі. Бұрқыраған шашы да, көйлегінің етегі де самал желмен желбірейді. Қадірлі қайынбикемді жалғыз жібермейін деп, мен Биғаның соңынан жүрдім. Үндемей, ақырын ғана еріп келе жатырмын. Мәссаған, Биға жалаңаяқ кетіп бара жатыр. Аяншақтап, ықыну жоқ, жерді табанымен басып барады. Маусым, шілде кезі болса бірсәрі. Онда біздің жақтың бетегесі көк майса, түкті кілем түгіндей жұмсақ болар еді. Ал қазір мезгіл күзге таяу, бүгін – тамыздың сегізі. Шөптің сарғыш тартып, қурай бастаған кезі. Топырақ та кедір-бұдыр. Бірақ Биға титтей ықынар емес.

– Жәке, жаңағы әңгіме маған қатты әсер етті, – деді, дудыраған шашын екі қолымен сипалап, кейін қайырып. – Нағашы апамның мына жерден су алғанын, анау жерде бұзау іздегенін ойша көзге елестеткендей болдым. Осы маңда Шәмшия апамның аяғының ізі бардай көрінді, табаны тиген жер ғой. Осы жерлермен мен де жалаңаяқ жүрейінші дедім. – Биға толқып тұрды. Мен Биғаның жан тебіренісін жақсы түсіндім.

Жалпақ дөң, Сары белден біздің ауыл алақандағыдай көрінеді. Мұндай көрініс сөзбен айтып керегі жоқ, көзбен көру керек. Серікбай мен Биға соны көзбен көрді. Дөңнен құлаған тастақ жол бізді қайтадан Қазан үйіне алып келді. Қазанның қайын жұрты, көрші-қолаң жиналып жатыр екен. Менің туған ауылым – Көктеректен асыл жеңгем, апатайым келіпті. Ағам Таласбайдың әйелі, Тойжан Әбдірқызы деген кісі. Мені «Еркебала» дейді. Солай деп аймалайды. «Еркебаласының түрін қара» деп, Болаттар күледі. Апатайыма бір немересі үшін – байғазы, екінші немересіне – көрімдік беріп, тағы екі немеремізге сәлемдеме беріп үлгердім. Кейін мұрша болмай қалар деп ойладым. Шынында апатайым құдағилармен сөйлесіп, Биғамен әңгімелесті. «Біраз нәрсені біледі екен» деді Биға. Әттең, мен ол әңгімені ести алмадым. Маған төрден орын тимей, төрдегілерге қызмет етіп жүрген Болаттан да төмендеп, босағада тұрдым. Құрбылас әйелдердің біреуі қолын шошайтып: «Мынаның тұрған жерін қараңдар» деді. Е, тұрсын солай! Оның орны – сол. Күйеу емес пе» деп күлді Ерғазының әйелі Қайрия.

Қостанайдан келген қонақтарды сол күні кешке Марат үйі шақырды. Қой сойып, қол қусырып, құрметтеуіндей-ақ, құрметтеді. Інім мен келініме біз елге бара жатқанымызды, жанымызда көп адам, сыйлы

кісілер болатынын арнайы хабарлаған жоқ едік. Сөйтсе де, «Алыстан ат төрлетіп келгенімде, айтқызбай еш адамға өзі келген» дегендей, бәрін өздері сезіп, өздері біліп, біздерді шақырып жібергені, әрине, тамаша болды. Аға-жеңгесін құрметтеп, мерейімізді үстем еткені үшін және Шәмшияның аруағын сыйлағаны үшін Марат пен Нұрсұлуға әсіресе Қазина дән риза.

Таңертеңіне Еслям үйі, Меруерт жеңгей шақырды. Қолындағы баласы Ғали үлкендерге қызмет етуге ептейлі, елгезек. Сойғандары жас мал екен. Былқып піскен ет дәмді, әрі жұмсақ. Оның үстіне меймандарды тізе бүкпей, тік тұрып күтетін Меруерт жеңгей: «Алыңыздар, жеңіздер, ішіңіздер» деп жік-жапар болды. Оған сылтау да табыла кетті. Біздің елге келгелі осы үйге қонып жүрген, осы үйдің кісісіндей болып кеткен Түлкібай мен Маржанкүлдің қосылғандарына тура 30 жыл болыпты. Жағалай құттықтаулар айтылып, қуаныш молая түсті.

Бұдан соң Гәляның мамасы – Бикештің шақыруымен Әбілқайырдың үйіне келдік. Шаңқай түс, шалқыған көңіл. Дөңгелек үстелдерге қойылған неше түрлі дәм тіптен мол. Әйапаң аянбапты, Болат-Гәля барында не деп аянсын. Жаңа сойылған жылқы еті, қысқы соғымнан сақталған сүр ет аралас, сарыала. Ол аз дегендей, майлы мантының буы бұрқырайды. Ақ, қаймақ, балқаймақ та тұр. «Жарасбай, қайнатқан қаймақтан жедің бе? Сенің сүйікті асыңды, әдейі қойдым» дейді Әйапаң дауыстап. Самбырлаған дауысы Баян түсірген видеоға жазылып қалыпты. Әйапаң ән салуға да шебер. «Алтайдың ар жағынан келген Ару» деп әуелетіп, шырқатып қоя берді. Шәйден соң Гәляның мамасы төрдегі құдаша, құдағиларға, Серікбайға, Түлкібай-Маржанкүлге сый-сияпат жасап, Есілдің әр жағынан келген Ару – Биғаның саусағына алтын жүзік кигізді. Бикеш – бір кезде Шәмшияның қолына келін болып түскенін, Гәля кішкентайында Шәмшия әжесінің етегіне оралып, жабысып жүріп оскендігін ақтады.

Түменнен келген құдашаға, қос құдағиға сый ұсыну, жаңа туыстарға жағалы киім, қымбат көйлек кигізу рәсімі Қазан үйінде жалғасты. Жол-жораның бәрі жасалды. Қайтатын уақыт болды. Серікбай өздері осында келгеннен бергі көрген жайдың бәрін атай отырып, сый-құрмет, қошеметтің күткендегіден әлдеқайда артық болғанына ризашылық білдіріп, алғыс айтты. Қоштасатын кез келді.

Ауылдан шыға бере алдымызға түскен мәшинеде Талғат пен Қаратай болды, жанында әйелдері бар. Олар біздерді Есіл жағасында құрметтеп, шығарып салмақ.

Мұны біз Марат-Нұрсұлуға айта алмадық, өйткені бұлай боларын білген жоқпыз. Болат-Галя да осы жерде бізден бөлініп, елде қалады: Болат бір-екі күннен соң Қызылжардан Атырауға ұшады; Гәля бір жетіден соң Баянымен, Арманымен Алматыға оралуға тиіс. Біз Серікбай- Биғамен бірге Қостанайға жүрмекпіз. Екі бөле: Қазан мен Түлкібай бірін бірі қи-

май тұр. Қоштасу сәті думанға айналды: Талғат, Қаратай тілек айтты, Әмина келін ән шырқады. Зураш әнеукүнгі «Дидардағы» ахау-айдайға басты, оған елдің бәрі қосылады. Ағайындар бізді шалқыған әуен-сазбен аттандырды.

Есілден бері қарай өтіп, үлкен жолға түскен соң джип заулай жөнелді. Біздің елден шат-шадыман күйде аттанған Серікбай дамылсыз ән салып келеді. Биға, Қазина үшеуіміз сүйсініп тыңдаймыз. Мен ептеп қосылмақ боламын, бірақ оған ере алмаймын, оның дауысы өте күшті, жоғары. Серікбай көбінесе орыс әуендерін, совет әндерін айтады. Өткен заманда Кеңес одағына кеңінен таралған әндерді Серікбайдың білуінде түп жоқ. Саясатқа араласып, сайлауға қатысушылардың аузында «электорат» деген сөз жүреді. Ол қазақтың «ел» деген сөзін еске түсіреді. Елді өзіне қаратып, өз жағына шығару, елдің көңілін таба білу дегеніңіз қазақта баяғыдан бар ғой. Мәжіліс депутаттығына кандидат болып сайлауға түскенде, Серікбайдың ел алдындағы үлкен өнері, мықты көзірі – әсем әндер болған. Депутаттықтан үміткер Серікбай Бисетаев осы әндермен сайлаушылардың құлақ құрышын қандырған. Оның қалай болғанын өзі масаттанып айтады. Әрбір танымал әнге кішкене кіріспе, әсерлі түсіндірме бар. Тыңдаушыларды қазір орындалар әнге іштей әзірлегендей. Содан соң шырқайды дейсің келіп. «По долинам, и по взгорьям», «Там вдали, за рекою», «Выходила на берег Катюша», «Темная ночь», «Землянка», «Огонек», «И кто его знает», «Надежда», «Нежность», «Ты – моя мелодия», «Ой, ты зима морозная, земля целинная», «Мы – дети Галактики» болып жалғаса береді, жалғаса береді. Сөйтіп ол жол бойы үзбей әуендетті. Айтқан сайын дауысы ашыла түседі. Соның белгісіндей ол бір мезгіл қазақ композиторларының назды әуендерін нақышына келтіріп әуелетті. Серікбай әсіресе «Қайдасың» және «Қимаймын» деген әндерді керемет әдемі шырқайды. «Бәрінен де, бәрінен де, жан достар, Өздеріңді, жүздеріңді қимаймын» деп үзілдіреді. Бұл біздің қазіргі көңіл күйімізге дөп келеді. Жолдың ұзақтығы білінбей де қалды. Бәзбектің тұсында сәл аялдадық, Түлкібайлар өз үйіне бұрылды. Біз Қостанайға, Серікбай үйіне келіп жеттік.

Таңертең оянысымен Серікбай маған: «Бажа, сені «Сосновый бор» санаториіне жатқызамыз» деп мәлімдеді. «Он бес күндей емделіп, тынығасың» деді. Көктен іздегенім жерден табылғандай, қуана келістім. Мені санаторийге Биға мен Қазина әкеліп орналастырды (кейін емделушілердің: «анау таяқ ұстаған кісіні екі әйел, әппақ болып киінген екі күшті әйел алып келіп, орналастырып кетті», «мынаны ма, ей?» дегендерін естіп қалдым).

Нөмерге кіріп, сөмкені қойғаным сол, Биға: «Кеттік, Жәке» деп, санаторийдан бес-алты шақырым Бәзбекке алып келді. Келсек, Серікбай да осында екен. «Бажа Қарағайлы орманда қалады, біз Балдызбен кетеміз, ауданға, алыс-алыс жерлерге» деп, екі алақанын ысқылап, ақсия

күліп, қуақыланып жүр. Алдымызға үйеме табақ ет қойылып, Түлкібай ет тарауға кіріскенде Серікбай маған қарап сөйледі:

– Бажа, сен әнеукүні француз кәниәгін ішіп жарытпадың, орыс арағын үрттап алмайсың. Қымызға кісі жібердік, әкеледі. Сен енді ең болмаса ет же және дұрыстап же. Былай уыстап, алақаныңды толтырып асап, ұртыңды толтырып, шайнап жесейші. Сенің ендігі міндетің – ет жеу, ас ішіп, оңалу. Міне көрдің бе, Маржанкүл етті әдейі мол ғып асқан. Анау туралмаған етті саған салып береді. Абыржыма. Бұларда еттің майын сыртына шығармай, дәмін бұзбай, орап беретін мықты қағаз бар. Соған орайды, Түлкібай апарады, нөміріндегі тоңазытқышқа салып қоясың. Керегінде – алып жейсің. Ал біздің Балдызбен қайда баратынымызда шаруаң болмасын, – деді ол, сөз аяғын әзілге бұрып. Серікбай айтты, бітті. Жылқының жал-жаясы, қазы-қартасы, қойдың семіз сүбесі қағазға оралды. Шыны ыдыста – жаңа ағызған каймак, бидонда – жаңа әкелінген қымыз. Бәрінен бұрын Маржанкүл, Бақытжамал жаңа ғана пісірген болке нан. Соның бәрін сөмкелеп алып жүрген Түлкібай мені төрт мезгіл асханадан тамақтандыратын санаторийға емес, орман ішінде отын дайындауға әкелгендей, бірнеше күнге азық-түлікпен қамтамасыз еткендей қылып, демалатын, емделетін жеріме жеткізді де: «Үш күнде бір келіп тұрамын, бәрі свежий болады» деп, қош айтысты. Мен не дерімді білмей, «мынаның бәрін қашан, қалай тауысамын» деп, дал болып отырып қалдым. Тыңқиып тойып алғандығым сонша, иіліп-бүгілуім де қиындап, біразға дейін терезеден сыртқа қарап тұрдым.

Санаторийдегі әбігершілік басталды: ем-домға үлгеру керек, емделуге көндігу қажет. Жұртпен жүре сөйлесетін бас дәрігер қарсы кездесіп қалғанда: «Вы лепешку брали?» деді, мен: «Нет, мне не дали» дедім. Ваннаға түсіп шығып, тынығатын жерде үлкен самауыр тұрған, жұрт кесеге шай құйып алып, асықпай ішіп отыратын. «Е, шайға қоса лепешка-нан береді екен ғой, маған неге бермеген» деп ойладым ғой. Сөйтсем, әлгі сырқырап ауыратын жерге, иыққа, белге, тізеге қыздырып басатын саз-балшықты мұндағылар «лепешка» дейді екен. Бірер күннен соң сол аңқаулығым есіме түсіп: «Серікбай мұны естісе, күледі ғой» деп отырғанымда біреу есікті тықылдатты. Джиптің жүргізушісі екен: «Сізді алып келуге жіберді, жүріңіз» деп, мені Бәзбекке ала жөнелді.

Түлкібай мен Маржанкүл кереметтей ас әзірлеп, бәрі мені тосып отыр екен. Серікбай, Биға, Қазинамен үр жаңа болып көрістік. Олар Меңдіғара ауданына барып, ел аралап келіпті. Қазина Серікбайдың қарындасы – Күләш құдашаның үйінде қонақ болып, сый-сияпат көріп, құрметке бөленіп қайтыпты. Жүздері жадыраңқы, көңілдері көтеріңкі. Менің «лепешкамды» естіген Серікбай одан сайын мәз болып, маған әбден күлді. «Сондай бірдеңе жасамай жүре алмайсың ба?» деп әйелім намыстанды. Серікбай оған дүрсе қоя берді: «Ә, сен неге мұнда отырсың? Отырма, тұр орныңнан, киін, анау мәшинемен санаторийге барасың, күйеуіңмен

сонда қонасың» деп өктем сөйледі. Алғашында сәл абыржып қалған Қазина жездесінің әзіл-шыны аралас ойын сөзін енді түсініп, шаттанып күліп жіберді. Мен де қуанып кеттім. Жол-сапар, той-думан, сый-сияпат, ойын-күлкі, емделу-тыныңу, фазенда, шипажай – бәрі жақсы, бірақ өзің жалғыз иемденген нөмерде жекеменшік әйеліңмен оңаша қалғанға не жетсін! Сонау наурыздың соңында Биға Қазинаны іздеп тауып: «Қалқашым» дегелі; Серікбай Қазинаға жезде болып: «Балдыз» деп еркелеткелі (қашан Болат-Гәляға көбірек көңіл бөліп кеткенге дейін) алуан-алуан гүлдер ұсынып, небір қымбат сыйлықтар әкеліп, аялап жүр еді. Соның бәрінен осынау сюрприз асып кетті-ау деймін. Қостанайға келгелі қошаметке бөленіп жүрген екеуміз ерекше ләззатқа да бөлендік. Айтары жоқ!

Тамыздың ортасы. Екі кісінің әңгімесіне еріксіз куә болдым: «Серікбай Бисетаев вокзалда жүр екен. Бір әйелді сондай әспеттеп, Алматы пойызына отырғызды» деді біреуі екіншісіне. Сөйтіп, Қазинаның Алматыға, үйге кеткенін білдім. Мен өзім шипажайда он бес күн емес, жиырма күн емделіп, тынықтым. «Қарағайлы орманнан» қайтатын уақыт болды. Баяғы джип Бәзбекке алып келді. Түлкібай мен Маржанкүл тағы да былқытып ет пісіріп жатыр, иісі мұрын жарады. Биға менің тәуір болғаныма тәубә дейді. Серікбай екі қолында қос-қостан қаз ұстап жүр. Жаңа сойғызған, жүнін жұлып, ішін тазалатқан, қаны сорғалаған кәдімгі қаздың еті. «Алматыға апарасың» дейді. Менің үрке қарағанымды көріп: «Саспа, – дейді, – саған берілетіні бұрын сойылып, тоңазытқышта мұздатылып қатырылған. Мынаны сонымен ауыстырамыз, бізге де бірдеңе қалуы керек қой» деп қалжыңдайды. Мен және Биға, Түлкібаймен Маржанкүл қоштасқанша әлденеше коробка мәшинеге тиелді. Қостанайға тарттық. Мұндағы пәтерде бізді Махаббат тосып тұр екен. Маған жолға деп түрлі сусын әкелген. Әнеугүнгі фирмалық тағам – блинчикидің түртүрін күміс қағазға ораған күйде сөмкеме салып берді. Серікбай соның бәрін жүргізушісімен бірге көтерісіп, алып жүруге, вагонға кіріп, купеге орналастыруға ерінбейді, жалықпайды. Депутатпын деп шіренбейді. Шын туысқан ретінде қалтқысыз қызмет етеді. Кісі кішіпейіл болғаннан кішіреймейді, қайта қадір-қасиеті арта түседі. Қайратжан мен Махаббаттың әкесі, Биғаның ер-азаматы, ел азаматы – Серікбай Бисетаевқа деген зор ризашылықпен аттандым.

Өмірде бір қуаныш, бір реніш қатар жүреді. Қыркүйектің басында Биғаның ағасы – Тоқтыбай кенеттен қайтыс болды деген хабар жетті. Павлодарға баруға үлгермедік. Қазина мен Гәля Астанаға барып, Биашпен көрісіп, көңіл айтып қайтты.

Өмір жалғаса береді. Арадағы дәнекер – әрқашанда Серікбай. Алматыға ұшып келгенде, Брюсселге, Женеваға бара жатқанда, бізге соғып, біздерге түседі. Ол келген сайын біз мәре-сәре боламыз. Дегенмен Серікбай-Биғаның Болат-Гәляға деген ықыласы ерекше. Ол екеуінің бұл еке-

үіне көңілдері, бейілдері керемет. Болаттың жайраңдап қарсы алғанын, Гәляның жарқыратып дастарқан жайғанын ұнатады. «Бай байға құяды, сай сайға құяды» деп, Серікбай телефоннан сылқылдап күледі. Мен де күлген боламын. Қазина таңырқап қояды: «Биға мені іздеп тауып еді, оны өзіне жақын тартып, баурап алғанын қарай гөр Гәляның» дейді. Оз тәтесін өзінің сіңлісінен кішкене қызғанатын тәрізді. «Өй, үндеме, олардың тату болғаны бізге жақсы. Екі жақ бір-біріне құйып жатса, бізге де бірдеңе тиіп қалар. Екі байдың үйінде бармағымызды жалаймыз, екі жеп, биге шығамыз» деймін. Мен Серікбайды да, Болатты да жақсы көремін. Құмдақтағы (Пескидегі) Дастан бажаның құлағына алтын сырға.

2002 жыл. Наурыз айы. Біз жаңа білдік: 4-наурыз Биғаның туған күні екен. Және осы жылы зейнеткер жасына келеді, зейнеткерлікке шығады. Бұл, әрине, Биаштың өміріндегі үлкен белес. Мұны қалай атап өтпеске, дүрілдетіп неге тойламасқа? Серікбай бізді Астанаға осы тойға арнайы шақырды. Керекуден – Қарагөз жеңгей, Қарағандыдан – Бану, Алматыдан – Дарико бір-екі күн бұрынырақ келуге тиіс. Ал біздің тура сегізінші наурызға жетуімізді талап етті. Түлкібай мен Маржанкүл, Нығмет Қунақов пен әйелі Роза да шақырылған.

Серікбайдың айтқаны – заң. Біздер жолға шықтық. Болат-Гәля бағалы сыйлық дегенге қиналмайды. Біз ойланамыз: Қазина тәтесіне ескерткіш – картина сыйламақ болды. Жоқ, ол – «Три богатыря» емес, бұл – әдемі дүние. Биғаның дидары, оригиналдан аумайтын, көркем портрет. Оз бейнесі Биашқа ұнады.

Астанада төрт күн тойладық. Төрт күн бойы қалай думандап, қайтіп масайрағанымыздың бәрін айтып жеткізу мүмкін емес. Тойды қалай өткізгенімізді суреттерге қарап аңғаруға болар. Өйткені қандай құрмет, нендей қызық көргеніміздің бәрін Серікбай суретке түсірумен болды. Және соны қолма қол бастырып шығарып, әрқайсымызға альбом етіп үлестірді.

Биғаның Қазинаны іздеп табуын, екеуінің қауышып табысуын – 54 жылдан кейінгі кездесу дедік. Мұның мәнісі – Қазина сол жылы елу төртте болатын. Биғаның «Қазан, Қазина» деген есімдерді естігеніне, жадында сақтап жүргеніне жарты ғасырдан астам уақыт өткенді. Биаш ес білгелі Есілдің әр жағын, Қазина қалқашын аңсаумен болған. Іздеген жетер мұратқа. Ақыры Биға аңсаған арманына жетті: Қазанды көрді, Қазинаны құшты. Екеуінің тағдыры осылайша тоғысты. Біздер соның куәсіміз. Міне Астанада, Серікбайдың құтты шаңырағында, құрмет төрінде, шат-шадыман күйде отырмыз. Болат-Гәля көктемде өмірге келген, Наурызда той тойлаған Биға тәтейге тамаша сыйлық ұсынды. Өз байлығым – өлеңім болған соң, бұл мерейтойға мен жырдан шашу шашқым келді. Қазина алтын әріптермен тергізген өлең шумақтарын Биашқа тарту еттім:

АРДАҚТЫ БИҒАНЫҢ ТҰҒАН КҮНІНЕ

Арайлы күндер шуағын төккен,
Өмірің нұрлы, көңілің – көктем.
Мереке, думан, тойыңа сенің
Ағайын-туған асығып жеткен.
Бірәлі қызы Биға,
Біздерге дәйім қуаныш сыйла!

Ажарлы жүзің, көркейген кезің,
Тұла бір бойың – сабыр мен төзім.
Жадырап бір сәт, күлесің кейде,
Айтылған сөзді ұнатсаң өзің.
Бірәлі қызы Биға,
Біздерге дәйім қуаныш сыйла!

Анашың Күлән, нағашың – Арғын,
Нағашы жұртты іздеп те бардың.
Жадыңда шығар жағалай бәрі
Таласып саған ұмтылғандардың.
Бірәлі қызы Биға,
Біздерге дәйім қуаныш сыйла!

Әлемнің шарлап өңірін барша,
Сен көрген теңіз, аралдар қанша.
Шәмшия апаң бір кезде жүрген
Әдемі дөңде тебірендің сонша!
Бірәлі қызы Биға,
Біздерге дәйім қуаныш сыйла!

Тәңірім қосқан Серікбай – жарың,
Өзіңді ғана деп жүр ғой: «Жаным!»
Алыстан аңсап келгенде Сәкең,
Бейілің ыстық, құшағың жалын.
Бірәлі қызы Биға,
Біздерге дәйім қуаныш сыйла!

Тұңғышың – Қайрат, Туғанай – келін,
«Серігін тапты Махаббат» дедің.
Кәмила, Дияр – жиенің болса,
Олжас пен Дәлел – немерең сенің.
Бірәлі қызы Биға,
Біздерге дәйім қуаныш сыйла!

Түлкібай баурың, тұлғасы таудай,
Соғымы семіз, қазысы қандай!

Маржанкүл, десе, маржан ғой, шіркін,
Айраны дәмді, қаймағы балдай!
Бірәлі қызы Биға,
Біздерге дәйім қуаныш сыйла!

Өзіңе тартқан Қазина сіңлің,
Келеді менің құшақтап сүйгім.
Сен үшін, Бияш, аймалап-құшып,
Серікбай үшін тағы да сүйдім.
Бірәлі қызы Биға,
Біздерге дәйім қуаныш сыйла!

«Тамаша кісі – Тәтеміз» деген,
Болат пен Гәля туыс қой ерен.
Тойында сенің толқиды, бәлкім,
Қарагөз жеңгең Дарико менен.
Бірәлі қызы Биға,
Біздерге дәйім қуаныш сыйла!

Бұрқырап шашың, керіліп қасың,
Омырау-кеудең ерекше жансың.
Ғұмырың ұзақ, тірлігің ғажап,
Мүбәрәк болсын зейнеткер жасың!
Бірәлі қызы Биға,
Біздерге дәйім қуаныш сыйла!

Ақын **Жарасбай Әнәсулы Нұрқан**, жанға жақын –
Қазина Сәдуақасқызы қалқатайың
4-8 наурыз, 2002 жыл, Алматы – Астана

Бастан-аяқ баяндалуы – қаңтар, тамыз 2003 жыл.

АРДАҚТЫ БАЖА – СЕРІКБАЙҒА

Көңілде көптен бері болмай маза,
Жазудан жалығып ем жаза-жаза.
Менің де желпінетін кезім келді,
Арнайы шақырған соң біздің Бажа.

Тұмаудан айығудың іздеп емін,
Арқаның демеу көрдім ескек желін.
Маған да мақтануға болады енді,
Мәжіліс депутаты – Бажам менің!

Біреулер бұл сөзімді түсінбесе,
Біреулер білгісі кеп: «Ол кім?» десе,
– Серікбай Бисетаев, – деймін сонда,–
Оралған Сарыағаштан күні кеше!

Бәзбекте көтеріліп көңіл хошы,
Масайрап қансонардан келгені осы.
Серікбай бүгін – мұнда ертең – онда,
Аумаған қазақтың бұл Фигаросы!

Сайрандап барған сайын ойға, қырға,
Жанында – асыл жары, алтын Биға.
Сүйсініп Серікбайдың тірлігіне,
Тамсанып біз отырмыз құрмет-сыйға.

Серікбай, жалғыз ұлы Жұмабектің,
Бұл күнге, бұлаң қағып, еркін жеттің.
Арасын Астана мен Қостанайдың,
Күнара сапар шегіп, дүбірлеттің.

Наурызда бірден сезіп көктем лебін,
Тамаша – тұрмыс құрып, үйленгенің!
Сен өзің – содан бері болдың сері,
Күнде – той, күнде – думан жүрген жерің!

Ақ көңіл шалқып жатқан Сен бір айдын,
Үлкенге, кішіге де құшақ жайдың.
Ақ сүтін ақтау үшін туғансың Сен,
Анаңыз – аты қызық – Жұматайдың!

Өзіңе тартып туған ұлың Қайрат,
Өз ісін, өз пайдасын біледі әйбат.
Кәсіпкер Қайратжанның арқасы ғой,
Отырсақ ұртымызды біздер майлап.

Алдынан Тұлкібайдың өреді мал,
Қолынан Маржанкүлдің ішкенім – бал.
Ауылды көркейтеді немереміз,
Олжас пен оған сенің Дәлелің бар.

Махаббат – жеке меншік қызың Сенің,
Кәмила, Дияр менен – жиендерің.
Өзге емес, осы біздің Биғамызға,
Кезінде қандай жақсы үйленгенің!

Бүгінде алпыс төртте Сенің жасың,
Әлі де жылдам, шапшаң, іскер жансың.
Сиғызып екі аяқты бір етікке,
Кей-кейде апшымызды қуырасың.

Алайда жақсылығың Сенің мың сан,
Айтуға келмей жатыр менің мұршам.
Мен қалай сені, Бажа, мақтамайын,
Жыл сайын бізге соғым беріп тұрсаң.

Әйгілі азаматы Қостанайдың,
Өзіңсің аса жомарт, асқан байдың.
Осында жеделдетіп келгенім сол,
Сен барда, мен ешкімнен жасқанбаймын.

Қасыңда – Болат бажа қыстай, жаздай,
Баураған баршамызды, ей, Серікбай!
Ағайын-туғандардың арасында,
Осылай думандай бер жыл он екі ай!

28 ақпан –1 наурыз 2003 ж.

КӨКТЕРЕКТЕН ШЫҚҚАН КӨРНЕКТІ АЗАМАТ

«Одағым, десем, ойыма Шалқыған шалқар көл түсер» дегендей, Ахметжан Нұртазин дегенде ойға туған жер, туып-өскен ауыл оралады; жазық дала, жасыл орман көзге елестейді. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданындағы Көктерек ауылы – біздің туған жеріміз.

Кішкентай ғана ауыл Көктеректің өзі бес атадан тұрады: Бәтірбек (Батырбек), Жаманқұл, Жанат, Қозыбақ, Тышқан. Кімнің кім екенін біліп жүру үшін осылай болуы дұрыс та сияқты. Ахметжан Нұртазин Жаманқұлға жатады екен. Елдің үлкені де, кішісі де Ахметжанды «Әбең» деп, аяқ-қолын жерге тигізбейтін. Сол себепті Ахметжан Нұртазинді біз де Әбең деп әспеттейміз.

Мен Әбеңнің әкесі Нұртаза шалды бала кезімде көрдім. Берген сәлемімізге жауап қатқан үні де, ұсынған қолымызды сипай ұстаған алақаны да өте жұмсақ болатын. Дауыс шығарып күлгенін, дауыс көтеріп сөйлегенін естіген емеспін. Айыр, күрек ұстағанын, үй маңында жұмыс істеп жүргенін де көрмеппін. Жайлы, таза үйде, қалың, жұмсақ көрпе үстінде жан рахатта отыратын сияқты еді. Бастық баласы Ахметжанның арқасында шығар. Бірақ Нұртаза шал сол жайбарақат отырмай, біреулерді мінеп, мысқылдап, өлең шығарып отырады екен. Сондай бір шумақ шымшыма өлең менің атама да арналыпты.

Жас кезімде жадымда ұстай алмай қалған сол жалғыз шумақ өлеңді қазір жұрттың білмеуі де мүмкін. Ал мұны сөз етуімнің себебі: бір нәрсені өлең ету, біреуге өлең шығара қою Әбеңе әкесінен жұққанын, өлеңге бейімділік тұқымында бар болғанын айту. Ахметжан Нұртазиннің өленді қол ма қол шығара қоюға да, ойланып, жазып шығаруға да бейім екені анық. Оның ақындығына дау жоқ.

Кейін білдім: Нұртаза мен Нұрқан атам түйдей құрдас екен. Екеуі бірін бірі қалай қағытса да болады. Сондай-ақ Ахметжан мен Әнәс та құрдас. Ол екеуінің құрдастық жолымен қалай қалжыңдасып, ойнағанын естідік те, көрдік те. «Әкесі құрдастың баласы құрдас». Бірақ мен Әбеңнің үлкен қызы Дарихадан бір жас кішімін.

Ермек екеуміздің Ленин орта мектебінде оқып жүрген кезіміз. Октябрь аудандық орман шаруашылығының директоры, атағы дардай Ахметжан Нұртазиннің үйіне қонаққа шақырылдық. Аудандық орман шаруашылығын жұрт «Лесхоз» деп атайды. Міне сол Лесхозға енді бізді, бір топ жасты Әбең өзі арнайы шақырып, әдейі алдыртқалы отыр.

Ахметжан Нұртазиннің Лесхоздағы үйі, мекен-жайы бізге қатты әсер етті және сондай ұнады. Сонадайдан назар аударған еңселі үй алыстан көз тартады. Ағаш, мүк иісі аңқиды. Қарағайдан қиып салынған үйдің іші саңғырап тұрған болуы керек. Сыртқы баспалдақтың өзі соны аңғартқандай, соған бастап жетелегендей. Аумағы үлкен үйдің кіре беріс дәлізі де, кіргеннен кейінгі бөлмелері де, кеңінен ашылып қарсы

алған залы да бұл үйдің иесі – орманшы екенін әйгілеп тұр. Үй ішіндегі жасау – жиһаздардың көпшілігі ағаштан түйін түйген шеберлердің қолынан шыққаны байқалады. Қабырғадағы қарсақ, түлкі терілері, еденге төселген қасқыр терісі үйдің егесі-аңшы екенін аңғартады. Әбеңнің әйгілі қасқыр ішігі қабырғаның жартысын алып тұр. Біз үшін мұның бәрі таңсық.

Әбеңнің әйелі – Қайни шешей жылы жүзді, мейірімді жан екен. Кісіні бірден жақын тартатын жақсы қасиеті бар. Бізді өз балаларындай, іні-бауырларындай қарсы алды. Үй иесінің үлкен қызы Дариха біздің келгенімізге, бізді көргеніне шынымен-ақ қуанышты. Кіші қызы ондай емес, Дариха кісіге қаншалық жақын болса, Зылиха соншалық салқын, ол бізге елпілдей қойған жоқ. Оның есесіне еркін де жайдары Дариха бәрімізді баурап әкетті. Әбең кеңседен келгеннен кейін тіпті жадырай түстік.

Лесхоз, әрине, колхоз да емес, совхоз да емес, мекеме деуге келмейтін, ауыл деуге болмайтын, өз алдына бөлек бір дүние, өзінше бір патшалық. Міне сол орман шаруашылығының қожайыны Ахметжан Нұртазин сырт көзге, былайғы жұртқа патшаңыздан кем емес. Әйтеуір Әбең өзінің абырой-беделімен, салмақ-салтанатымен өз тұстастарынан оқшау көрінетін. Әр кездері колхоз басқарған, басқарма болған құрдастары Қази Досымбековтен де, Бікән Қоспановтан да, Әнәс Нұрқановтан да Ахметжан Нұртазиннің иығы жоғары, еңсесі биік болатын. Әбең өзінің көтеріңкі кеудесін ешқашан ешқандай жағдайда да төмен түсірген емес. Әрдайым өзіне тиімді даңқ-дәрежесін, бедел-бейнесін (имиджін) жоғалтпауға ұмтылатын. Айталық, оның жазда, күзде, қыста ел аралайтын тұста киетін киімі, мінетін көлігі, жегетін аттарына дейін таңдаулы, келісті, көрікті болатын. Ат әбзелдерінің өзі қандай. Өңкей бір күрең төбел, жирен қасқа, сал торы аттар бауырынан жарап, жұтынып тұрушы еді. Жазда рессорлы, жұмсақ, жеңіл арбаның мойылдан тоқылған қорабын жалғыз өзі толтырып, атқосшысын алға отырғызған Әбеңді, қыста жеңіл кәшәуәға жалғыз өзі жайғасып, қасқыр ішігін, қаласа, киіп, қаламаса, жамылып, жантайған, көшірін алға орналастырған Әбеңді, Лесхоз директоры Ахметжан Нұртазинді ел ерекше көретін. Және соның бәрі Әбеңе жарасатын.

1961 жылдың жазы ғой деймін. Туған аулымыз – Көктерекке, атам Нұрқанның, аға-жеңгем Таласбай-Тойжанның үйіне жиі барамын. Солай ерігіп жүрген бір күні тағы да Әбеңнен шақырту алдым. Ахметжан Нұртазин ауылда екен. Әбең есік алдында, көк майсаға төселген алаша, көрпе үстінде екі иығынан дем алып, омырауын ашып тастап, тыныстап отыр. Әбең ашық аспан аясында әңгіме-дүкен құрды. Әңгіме ауыл төңірегінде өрбіді. Әбең алысқа, анау айнадай болып жалтырап жатқан қарасуларға, одан әріде көзге бұлдырап көрінетін тоғайларға қарай отырып, туған аулымыз Көктерек турасында өзі де тебіреніп, бізді де тебірентіп, біраз әңгіме айтты. Қашан болса да, қайда жүрсе де, көңіл төрінде Көктерек тұратынын, Көктерекке жеткенше асығатынын жасы-

рмады. Бір кезде Елеусіз шал ұсталық еткен ұста дүкені тұрған жалпақ дөңнен немесе Құлекенің ескі үйінің орны бар дөңкиген дөңестен Үлкен Алқа, Кіші Алқаға ұзақ қарап, телміре сүйсінуден әсте жалықпайтынын жайып салды. Мынау әңгіме маған қатты әсер етті. Ойыма: «О, менің көкорайлы Көктерегім!» деген сөздер оралып, көңілден кетпей қойды. Орнымнан тұрып, үйімізге жеткенше сол сөздерді қайталай бердім-ау деймін. Жаныма тыныштық бермеген, әзірге беймәлім сөз тіркестері ақыры өлең болып өріліп, жыр шумақтарына айналды. Бес шумақ өлең асығыс қағаз бетіне түсірілді:

О, менің көкорайлы Көктерегім,
«Жаһанда өзіңдей жер жоқ» дер едім.
Арада айлар өтіп оралғанда
Сағыныштан өлердей боп келемін.

Ораған батысың мен түстігіңді
Орманың – қорғаның ғой қысты күнгі.
Жалғыз ағаш бауыры бау-бақшадай,
Жайнатқан түрлі жеміс, түсті гүлді.

Ал Алқаң – анық әсем, айна көлді,
Көлдерді мыңғырған мал айнала өрді.
Шалқалап жатам жасыл шалғыныңда,
Туристер мұндай жерді қайда көрді?!

Мұхит қой маған сенің Қарасуың,
Қайың-тал жағасында жарасуын!
Телміріп соған сонша қарап тұрған
Өзіңнің оқып келген Жарас ұлың.

Туған жер, көкорайлы Көктерегім,
Есейіп, ер жігітің боп келемін.
Әзірге қолдағы бар сыйым осы –
Өзекті өртеп шыққан отты өлеңім!!

Әбеңнің сыршыл әңгімесінің әсерімен менің туған жер туралы бір өлеңім осылай өмірге келіп еді. «Жақсыдан – шарапат» деген сол.

Араға айлар емес, жылдар салып, Көктерекке келгенім бар. Өзіміздің қарашаңырақ – атам Нұрқанның орнында отырған, Таласбай ағамның үлкен ұлы Нағашыбайдың үйіндеміз. Кешкі астан кейін көңілденген тұста құдайы көрші және бізге құда Төлегеннің Болаты ауылдың алты ауызын айтты. Әуен-сазы беймәлім, бірақ өлең сөзі таныс тәрізді. Сөйтсе, Болат менің «Туған жер» деген өлеңімді өзінше әуендетіп отыр. «О, менің көкорайлы Көктерегім!» деп, созып қояды. Үндістаннан келген секілді жылтыр қара жігіт, әппақ тістерін жиі-жиі көрсетеді. Иә, кезде-

екенде әрдайым күлімсіреп амандасатын іниміз, көп сөйлесуге мұршасы жоқ, жұмысбасты ауылдасымыз, бесаспап механизатор баурымыздың мұндай өнері барын кім білген. Ол сондай-ақ Әбеңнің, Ахметжан ағайдың өлеңдерін де өзінше әуендететін көрінеді. Ауылда жүрген әуесқой өнерпаз Көктеректен шыққан көрнекті азаматтың, облыстың халық ақыны атанған Ахметжан Нұртазиннің өлеңдерін әуендетпегенде қайтсін!

Еске марқұм Абылан Бекжанов түседі. Ол да Әбеңнің өлеңдерін әндетіп айтады. Әсіресе Әбеңнің өңкей бір кісі аттарын, ер адамдардың есімін жіпке тізгендей етіп жыр жолдарына айналдырған ұзақтау бір өлеңін Абылан тек өзіне ғана тән бір ескі әуенмен, ерекше мақаммен айтар еді. Көктеректің адамдары, Көктеректен шыққан ұл-қыздардың үлкені бар, кішісі бар – бәрі бұл аңыраған ән-өлеңді егіліп отырып тыңдайтын. Өйткені мұнда Көктерек дейтін шағын ауылдан сұрапыл соғысқа аттанып, қан майданнан қайтып оралмаған елуден астам ер-азаматтың есімі аталушы еді. Әбең, Ахметжан Нұртазин солардың бәрін кезінде көрген, білген-ау, шамасы. Сөйтіп, бұл ұзақ өлең қан майданда қаза тапқандар мен хабар-ошарсыз кеткендерді зарлап жоқтайтын өлең-әуенге, реквиемге айналған. Әбеңнің өлеңі қалай аталатынын, Абыланның аңыраған әуені қалай аталғанын білмеймін, шамамен, бұл жоқтау-жырды «Боздақтар» деп атауға болатын шығар. Әттең, Абылан дүниеден өткеннен кейін мұны ешкім айтпайды ма, қалай?,

Жаңылмасам, 1963 жылғы жазғұтырым. Ленин ауылындағы әкем Әнәстің үйіне күтпеген жерден Лесхоз директоры Ахметжан Нұртазин келді. Көктемгі көгалдандыру және ағаш отырғызу науқанымен жүргенін, осында жолай бұрылғанын, көп отырмайтындығын білдірді. Төрге озбай, қолқалағанға көнбей, «Әнәстің асханасы» аталып кеткен, үлкен ұзын үстелі бар, үнемі сары самаурын, қара шөген қайнап тұратын ортаңғы бөлмеге де онша аялдамай, жаңадан салынып жатқан ауыз үй – верандаға жайғасуды қалады. Осындағы ұзынша, мықты орындыққа жаңа құрақ көрпелер әкеп төсеп, Әнәстің әйелі, біздің шешей Әмина құрақ ұшып жүр. Құрдастың әйелі болғандықтан: «Әй, Ахметжан!» деп өктем сөйлейді. Әбеңнің алдына әкем екеуміз көтеріп әкеп қойған үстелдің үстіне жаңа дастархан жайып жатып: «Анау отта тұрған шөгенге ас сала қойсам, тез арада піседі, ас әзір болады, көп бөгелмейсің. Немене, әдейі келіп, құрауыз кетейін деп пе едің?!» деп, дүрсе қоя берді. Әбең де құрдастық жолымен: «Әй, сен қатын, тыштандама! Сендер қысыр сауып отыр дейді ғой. Сен қымызды бапты ұстайтын көрінесің. Кәне сусын әкел! – деп, шешемізді билеп кетті. – Қаймағың бар ма, жаңа піскен бөлке наның бар ма? Е, соларды әкел, сол жетеді. Әй, Әнәс, Әмина! Мен мына баламмен сөйлесем. Сендермен де сөзім бар. Отырыңдар!» – деп, өзімсінген сыңай танытты.

Содан әңгіме былай өрбіді: қаңтардың соңында ма, ақпанның басында ма, облыстық «Ленин туы» газетінде менің екі өлеңім жарияланған. Екіншісі екі шумақ, қысқа ғана өлең болатын. Әлденені аңсап, әл-

декімді сағынып, қысқы кеште сарылып жол тосқан лирикалық кейіпкер: «Алабұртқан көңілді тоңазытып, Үстімнен бүркей-бүркей жауады қар» дейтін. Өленнің екінші шумағы: «Келгендей жүрегімді суытқысы, Үстімнен борай-борай қар жауады» деп аяқталатын. Әбең осыны тура мағынасында қабылдапты. «Ойбай, мына баланың сырқаты бар болды ғой, соны меңзеп отыр ғой» деп ойлап, өленді Қайни шешемізге де оқып беріпті. Қайни шешей: «Барып, баланың амандығын білсейші. Әнәспен, әйелімен сөйлессейші» депті. Содан әне-міне деп жүріп, амандық білудің сәті бүгін келген екен. Содан Әбең маған: «Иә, халың қалай, не бітіріп жүрсің, шырағым?» деген соң, мен орта мектепте қызметке кіріскенімді, жаңадан бір шығарма жазып бітіргенімді айттым. «Е, манадан соныңды айтпайсың ба» деген Әбең: «әй, бері келіңдер, тиыш отырыңдар, тыңдайық» деп, әкей-шешейді отырғызып қойды да, менің әлгі дүниені оқып беруімді өтінді. Сөйтіп, мен алғашында «Бозбала Тау мен бойжеткен Бұлт туралы баллада» деп аталған:

Көкшетаудың тарқамайды мұнары,
Көрген жанның тарқамайды құмары.
Көк торғындай көк мұнардан туды жыр
Бозбала тау Тау, бойжеткен Бұлт туралы.

Әуелгіде әлденендей тозаңнан
Жер-дүние жаралғалы не заман!
Дәл осылай болады деп түбінде,
Тау мен Бұлттың тағдырын кім болжаған...

деп келетін аңыз тектес шағын дастанды үшеуіне дауыстап оқып бердім. Олар 47 шумақ өлең-жырды қыбыр етпей отырып тыңдады. Оқып болған соң Әбең маған сүйсіне қарап: «Міне нағыз менің балам, өзіме тартқан, саған мұндай бала қайдан келсін» деп, ризашылығын білдірді. Баласын біреу мақтаса, әке-шешеде ес қала ма, Әнәс пен Әмина мәз-мейрам. Ал Әбең барынша ырза көңілмен аттанған тәрізді.

Айтпақшы, мұның алдында Әбеңмен бір «қызық» жол жүріп, Қызылжарға барып-қайтқанымыз бар. 1961 жылдың қаңтар айында Солтүстік Қазақстан облысындағы тың игеруші жас дарындар мен өнер саңлақтарының облыстық слеті өтетін болыпты. Соған біздің ауданнан белгілі айтыскер ақын Ахметжан Нұртазин, жас жазушы Ермек Қонарбаев және жас ақын Жарасбай Нұрқанов – үшеуміз баратын болыппыз. Әбең жолға өзінің бобик машинесімен шыққан ғой, біздерді бірге ала кетпек. Сонымен біз Сергеевкалатып Қызылжарға аттандық.

Біздер үшін Есілдің арғы жағы болып есептелетін Сергеевка-Қызылжар тас жолында келе жатырмыз. Әдетте бобик жеңіл, майда жүрісті мәшине болушы еді. Қыстың ашық күнінде, асфальт жолда зырлап отыруға тиіс. Алғашында, Ақанбарақтан Жаңаталапқа жеткенше солай сияқты еді. Бірақ Жаңажолдан өте бере, Кеңеске жете бере мәшинеміз тырқыл-

дай бастады. Күн суық, қызыл шұнақ аяз. Содан мәшинеңің түтігімен бензин дұрыс жүрмейді ме, қалай, әйтеуір бобик жиі-жиі қақалып қала беретін болды. Кабинеңің іші мүлдем суып кетті. Ыбырай әлсін-әлсін мәшинені тоқтатып, капотты ашып, түтікті сорып, түкіріп тастап, әбден әуре болды. Біздің де мазамыз кетті. Өзіміз де жауырауға айналдық. Ауылда қалың сияқты көрінетін қысқы пальтомыз пана болмай қалды. Әсіресе аяғымыз тоңып, әкетіп барады. Әбең мызғымай отыр, жүзі қарауытып, түтігіп алған. Біз бүрісіп алып, табанымыздың астындағы мұздай темірді тепкілеп келеміз. Көбештен өттік пе, Явленкаға жеттік пе, оны білуден қалғанбыз. Ақыры Әбең Ыбырайға бірдеңе дегендей болды. Біз үлкен жолдан бұрылып, бір жерге тоңқаңдап келіп тоқтағандай болдық. Сойтсе, Әбең бізді Мәдениет деген қазақ ауылына әкелген екен. Әбеңнің соңынан еріп, томпаңдап, бір үйге кіре бердік. Киімдерімізді шешуге де үлгермей, қыз-қыз қайнап тұрған пешпен жылап көріскендей болдық.

Бізге салса, жаңағы пештің түбіне жата кетуге әзір едік. Бірақ Әбең қалаға жетіп қонуды көздеп, біз тағы да жолға шықтық. Ішімізге ел қонып, бойымыз біраз жылынып-ақ қалып еді, азынаған қораның ішінде тұрып, барлық суықты өзіне тартқан көк темір, көнетоз мәшинеге отырысымен бойымыз қайтадан мұздап, қалтырап ала жөнелдік. Мәшинеміз манағыдан бетер қақалып-шашалып, жүрмей, бөгелуін жиілетті. Ит әуреге түсіп, ұзақ жүріп, қатты жаурап, ұшып кете жаздап, түннің бір уағында Қызылжарға да жетіп, бір үйге келіп түстік. Ұйықтап қалған үй иелері бұл келген Әбең екенін білген соң, әбігерге түсіп, бізді құрақ ұшып қарсы алды. Сондағы тоңғанымыз-ай!

Бір жақсысы, біз ертеңіне барып қатысқан облыстық слет өткен ғимарат жып-жылы екен. Осынау мәдени шараға обком, облыстық комсомол араласқандықтан ба, біз жиналған жер алаулатып-жалаулатып, қыз-қыз қайнап тұр. Жалпы жиналысымыз да, әр сала бойынша бөлініп өткізген секциялық отырыстарымыз да мазмұнды, қызу болды. Өлеңдер оқыдық, пікір алыстық. Қорытынды мәжілісте халықтың дәстүрлі өнерін дамытып жүрген, айтыс өнерін жаңа заманға бейімдеуші ретінде облыстың белгілі айтыскер ақыны Ахметжан Нұртазиннің есімі аталды. Ауылда тұрып, еңбек адамдарын әңгімелеріне арқау етіп жүрген Ермек Қонарбаев мақталды. Тыңды, тың игерушілерді жырлаушы ретінде жас ақын Жарасбай Нұрқанов болып мен де аталып өттім.

Мұның бәрін айтып отырған себебім: сол жолы біз, Солтүстік Қазақстан облысының бір топ өнерпаздары тұлғасы ірі, келбеті келіскен, үлкен ақын аға Ахметжан Нұртазинді қоршаған күйі фотоға түсіп едік. Сондай-ақ 1965 жылы, Тың өлкесі тарардың алдында, тың игеруші ақын-жазушылардың өлкелік семинар-кеңесі өткен кезде тағы да бір топ жас дарындар бір сәтті пайдаланып, Ғабеңді (Ғабит Мүсіреповты), Ғалекеңді (Ғалым Малдыбаевты), Әбеңді (Ахметжан Нұртазинді) ортаға алып, суретке түскен едік. Мен осы фотоларды 2006 жылы, өткен жазда облыстық мұражайға (музейге) керегі болар, кәдеге асар деп, өлкета-

нушы қаламгер Ғалым Кәдірәліге беріп едім. Жұртшылықтың назарына ұсынар деп ойладым.

1964 жылдың басында Әбең бізді тағы да Лесхозға шақыртыпты. Мұны маған Ермек айтты да, мені Жылкелді ағайға, Жықаңа алып барды. Жылкелді Мұқанов – біздің мұғалімміміз, бізге мектепте қазақ тілі мен әдебиетін оқытқан, бізді әдебиетке, өнерге баулыған ұстазымыз. Қазір мұғалімдікті қойып, «Тереңсай» совхозының көркемөнерпаздарына жетекшілік етіп жүрген кезі.

Жайшылықта мені «Жәубай» деп, жақсы көретін Жықаң осы жолы тым ресми бола қалыпты. «Нұрқанов, – деді ол, – бізді Ахметжан Нұртазин арнайы шақырып отыр. Үшеуімізді ғана. Ұқтың ба? Ұқсаң, сол, сен көлік әзірле!». Түсіне қойдым: бұл кезде әкем Әнәс Нұрқанов Тереңсай селолық Советінің председателі болатын. Облатком төрағасы Еркін Әуелбековтен сыйлыққа әкелген Размах дейтін арғымағы бар еді. Жықаңның көздеп тұрғаны – сол. Әкей бұған бірден келісті. Размахты үлкен, жалпақ шанаға жегіп, оған мойыл қорапты орнатып берді. Мойыл қорапқа молынан шөп салып, оның үстіне алаша жайып, оған көрпе төсеп берді. Жықаң, Ермек үшеуміз осыған жайғасып, арғымақты борт-борт желгізіп, Лесхозға тарттық.

Бізді Әбең мен Қайни шешей қарсы алды. Әбең бірден өз бөлмесіне апармақ еді, Қайни шешей: «Шәй әзір. Осында отырып-ақ сөйлесе бермейсіңдер ме?» деді. «Ол да дұрыс екен» деп, Әбең келісті. Сөйтіп, біз сырттан келген кісіге жып-жылы, аса жайлы асханаға, үлкен үстелге жайғастық. Сәл тыныштық орнағанда анық естілгені: радиодан күмбірлеген күй беріліп жатыр екен. Құлаққа жағымды. Кең, жайлы бөлмеге жарасып-ақ тұр. «Әне біреуді басып қойшы» деді Әбең. «Күй беріп жатыр ғой, қазір бітсін» деген Қайни шешей: – Әбең күй тыңдауды білмейді» деп, бізге қарап күліп қойды. «Өзі күй тыңдауға сондай құмар», – деді Әбең: – өзім күй дегенді түсінбеймін».

Мен қайран қалдым. Әбеңнің домбыра тартпайтыны рас. Ән салғанын да біз естіген емеспіз. Бірақ ол – ақын ғой. Қалайша күй тыңдауға құлықсыз болды екен? Күй естілген сәтте елең етпейтін кісі бар ма? Бұл тұрғыдан Қайни шешемізге қатты риза болып, ол кісіге деген ырза көңіл, ықылас-пейілім арта түсті. Жалпы бұл кісіге деген бір ыстық перзенттік сезім менің көңілімде ешқашан суыған емес.

Шәй үстінде Әбеңнің бізді неге шақырғаны белгілі болды. Әбең біраздан бері ойластырып, жазып жүрген жаңа дүниесін, көлемді поэмасын аяқтаған екен. Жазып болған соң, мәшинкеге бастырған сияқты. «Полковник қызы» деп аталған туындысын бізге оқып беріп, тыңдатпақшы екен. Әбеңнің тілегі, қалауы – біз үшін заң. Біз поэманы тыңдамақшы болдық.

Өз шығармасын алдымен автор оқи бастады. Біраз оқып, бір кішкене дем алған сәтінде Жықаң кезектесіп оқу керектігін айтты. Әбең келісе кетті. Кезек Жықаңа тиді. Содан соң Ермек оқыды. Одан соң мен оқы-

дым. Мәшинкеге басылған өлең шумақтарын оқу қиындыққа түскен жоқ. Поэманы түгел оқып шықтық.

Енді оқылған дүниеге ойымызды, алғашқы әсерімізді айту керек. Әбең соған шақырып отыр ғой. Сөзді Ермек бастап, мен қостап, біраз пікір айттық. Шығарманың өзімізге ұнаған жақсы жерлерін ауызға алдық, кемшін тұстарын да көрсеткен болдық. Жалпы поэманың жалықтырмайтынын, оқырмандарға түсінікті, ұғымды екенін айтып, поэманы жақсы деп бағаладық. Сөзді Жылкелді ағай жалғастырды: ол поэманы мақтаудан аянып қалған жоқ. Біз атап өткен жетістіктерін бізден де асырып түсіріп, біз аңғармаған жақсылықтарын алдымызға жайып салып, әжептәуір сөйледі. «Автор өз дегеніне жеткен, поэма көздеген жерден шыққан» деп қорытты сөзін. Біздерді үнсіз тыңдап, еңкейіңкіреп отырған Әбеңнің еңсесі көтеріле түскендей болды. «Қайнидың асы дайын шығар, қол жуайық» деді ол көңілденген дауыспен.

«Жарасбай баланың, Ермек баурыңның сөзінен гөрі осы Жылкелдінің айтқандары жақсы ғой деймін» деді Қайни шешей алдымызға үйеме табақ етті қойып жатып. Біз тегіс күлдік. Ермектің құлағына дейін қызарып кетті. Алдыға ас қойылған соң, арақ құйыла бастаған соң Жықаң тіпті тасыды. Әбеңнің творчестволық табысы үшін, Қайни шешейдің амандық-саулығы үшін, «Полковник қызының» тезірек жарық көруі үшін тост көтеріп, дастархан басын көңілдендіріп жіберді...

Сәл алға кетер болсақ, Жылкелдінің айтқаны келіп, Ахметжан Нұртазиннің «Полковник қызы» деген жыр жинағы кейін «Жазушы» баспасынан жарық көрді. Жаңағы поэмамен бірге Әбеңнің әр жылдарда жазылған өлеңдері кірген. «Қайнетке» деп басталатын бір топ арнау өлеңдер де бар. Соның ішінде мен өз атымды кездестірдім. «Жараспайға» делінген. Әбең осылай жазған болар, баспадағылар соны «Жарасбайға» деп түзей қоймапты. Осыны айтқанымда, Ермек: «Оны қойшы, бізді айтсайшы; сен алдындасың, біз Полканнан кейін тұрмыз ғой» дегені. Сөйтсе, жинақтағы өлеңдер «Жараспайға», «Полканға», «Ермекке» деп орналастырылған екен. Ермек соны аңғара қойыпты.

Сонымен, Әбеңнің, Қайни шешейдің дастарханынан тыңқия тойып алып, сыртқа шықсақ, біздің арғымағымыз да жоңышқа аралас көк шөпті күрт-күрт шайнап тұр екен. Аттың ауыздығын салып, божыны бекем ұстаған күйі мойыл қорапқа қонжидық та, жүріп кеттік. Размах үйге қайтарда үнемі желіп отырады. Бірақ... Лесхоздан үш-төрт шақырымнан кейін төбесі көрінетін Алқаағаш ауылының әлі көрінбегені несі? Ойбай-ау, мынау не болып кетті өзі?! Айнала аппақ қар, күн бұлыңғыр. Алыстан қалың орман қарауытады. Бұл қай тұс екенін ажыратып болар емес. Сөйтсек, лесхоздағылардың ағаш бұталарын, маядағы шөптерін тасыған таптаурын жолына түсіп алып, негізгі жолдан бұрылып кетіп, бет ауған жаққа келе жатыр екенбіз. Ақыры Ақсудан бір-ақ шықтық. Бізге таныс мекен. Лесхоздан Ленин аулына жету үшін қанша жол жүру

керек болса, Лесхоздан осында келу үшін де сондай. Енді үйге жету үшін тағы осындай жол жүру керек. Амал қанша!

Мен Размахты ауылға бұрайын десем, Жықаң көнер емес. Әуелі Ермекке тиісті. «Әй, Ермек, сенің қайын жұртыңа да келіп қалдық қой. Ақсу тиіп тұрған жоқ па? Мына тұрған жерге келіп тұрып, бізге келмей кетіпті деп, қайын жұртың өкпелейді ғой. Қой, Ақсуға барып қайтайық» демесі бар ма? Ермек тек күле береді. Шамасы, кет әрі емес. Маған Жықаңның тізгін берер түрі жоқ: «Өй, сен немене әкеңнің арғымағын аяйсың ба? Үшеуіміздің басымыз күнде қосыла берер деймісің. Давай, тарт, соғымы семіз, арақ-шарабы теңіз құдалардың аулына!» деп әмір етті. Сөйтіп, біз тағы да алты-жеті шақырым әрі қарай, Ақсуға шалқайдық. Қай үйге барып түсерімізді екеуі де жақсы біледі. «Тілеуің бергір, Тілеужан-ай. Үйің қандай жып-жылы» – деп, Жықаң келген үйімізге даурығып сөйлей кірді: – Ой, өзің бізді тосып, тойға әзірленіп отырған сияқтысың ғой! – деді, жылқы етінің иісі бұрқыраған қазандыққа қарап. Пештен әрірек тізіліп тұрған ұзын мойын бөтелкелерді көріп: «Айттым ғой мен, Ақсуға бару керек деп. Ақсу деген осы!» деп, масаттанып кетті. Қысқасы, түнімен гуілдеттік. Ертеңіне Размахтың ақ көбігін шығарып, өзіміз мылжа-мылжа болып, ауылымызға оралдық.

Келесі күндері бір әңгіме тарайды. Совхоз кеңсесінің алдына жиналып, ерігіп тұрғандарға Жықаң айтса керек: «Әй, сендер естідіңдер ме, Ермек пен Жарасбай Лесхоздан Ленин аулына тура қайтатын төте жол тауыпты ғой» деп. Ерігіп тұрғандар еленделей қалады. Сонда Жықаң: «Лесхоздан Ленин аулына кордондатып, Ақсулатып қайтқан төте болады» дейтін көрінеді. Бұл әңгіменің шет-жағасы кейін Әбеңе де естілсе керек. Қызық сөз, қызғылықты жайға кеңк етіп, ақырын ғана күлетін Әбең. «Ол шіркіндердің ондайы бар ма еді?!» депті. Өзгелерді өзіндей көрген соң, бізді де түзу жүріп, тура баратын болар, дұрыс жолдан бұрылмайтын шығар деп ойлаған тәрізді жарықтық!

Әбең, Ахметжан Нұртазин – бұл дүниенің қызығын бір кісідей көрген адам. Ат жалын тартып мінгелі елдің көзіне түсіп, әртүрлі қызмет атқарды, абыройға бөленді, атақ-даңққа ие болып, сән-салтанатпен ғұмыр кешті. Біз Ахметжан Нұртазинді – Көктеректен шыққан көрнекті азамат деп мақтанышпен айтуымызға, мақтануымызға болады. Оның орманшы ретіндегі еңбегі, ақын ретіндегі өнері ауыл-аймақтан асып, Шал ақын ауданына, Солтүстік Қазақстан облысына танымал болды. Елдің есінде, жұртшылықтың жадында, көпшіліктің көңілінде Ахметжан Нұртазиннің жағымды бейнесі қалды. Әбеңнің аруағына құдай рахмат айласын!

Алматы, қараша-желтоқсан, 2007 жыл

ҮЛКЕН КІСІ

Бала күнімде ең алғаш көргенімде Ол маған таудай болып көрініп еді. Ерекше түр-тұлғасымен, іс-қимылымен, мінез-қылығымен, бүкіл болмыс бітімімен сол Үлкен кісі күйінде менің жадымда қалды.

Өмірде өзім көріп-білген, тірлігіме әсер еткен адамдардың ішінде сондай бір жылы сезіммен, таза көңілмен еске алатын, асыл жандардың бірі – осы Карл Федорович Бельгер.

Бұл кісіні менен бұрын, әрине, атам көрген. Атам Нұрқан Ұлы Отан соғысы кезінде біздің Көктерек ауылында пошташы болып, көрші ауылдан пошта тасыған. Көктеректен жеті-сегіз шақырым елді мекен-орталық болып есептелінетін. Өйткені мұнда, сол кездің сөзімен айтсақ, Ленин селолық Советі, Ленин орта мектебі, дәрігерлік пункт және байланыс бөлімшесі бар еді. Поштаға жиі баратын атамның медпунктке соғуы да заңды. Сонда қазақша білмейтін неміс Бельгер мен орысша шала-шарпы ғана білетін Нұрқан екеуі бірі мен бірі қалай сөйлесіп, қалай түсінісіп, қайтіп табысты екен, мен соған таң қаламын. Ал екеуінің бірін бірі жақын тартып, жақсы табысқаны рас еді. Бұған мен ғана емес, Бельгердің баласы Гера да куә. Бір қызығы, Гераны менің атам «Кира» деуші еді, солай дегеніне мен ұялушы едім. Ал: «Уа, Бельгер, амансың ба?» деп, таудай кісімен қол алысып жатқанына таңырқайтынмын. Екеуінің арасында болған бір әңгімені мен кейін естідім: біздің ауылдың бір адамы, тым жұпыны, көзге қораш кісі майданнан аман-есен оралады, омырауы толы өңкей медаль екен. «Ол енді біздің ауылда не істейді?» деп сұраса керек атам. «Соғысқа дейін не істеп еді?» деп сұрапты Дәу кісі. «Колхоздың сиырын баққан». Сонда Бельгер: «Е, сиырлар енді медальдан үркеді деймісіз?» деп күлдіріпті.

Атам Нұрқан фельдшер Бельгердің ұзақ жылдар пациенті болды. Суық тигізіп алғанда, белі шойырылып қалғанда, сай-сүйегі сырқырағанда Бельгерге барып көрінетін. Үйге неше түрлі мазь (май) әкелетін. Арқасына, беліне жаққызып; тізесін, балтырын өзі ысқылайтын. Үйдің ішін этиль спиртінің иісі алып кететін. Бельгер үйге келгенде атам арқасына оңқа (банка) қойғызуды ұнатушы еді, сөйтіп жаны рахаттанып жататын. Мен қазір екеуін де сағынып отырмын.

Екеуін еске алғанда: «Шіркін-ай, атам мені Бельгерге неге ертерек көрсетпеді екен; суық тиіп ауырған құлағымды Бельгер емдегенде, оң құлағым құлантаза жазылып кетер еді-ау» деп өкінемін. Өйткені кейін осы кісіге көрініп, емделген сайын аурудан айығып кетуші едім.

Ленин орта мектебіне келіп түскеннен кейінгі жерде біз үнемі Бельгердің бақылауында болдық. Мектепте медосмотр деген бар. Оқушылардың денсаулағын, тазалығын ауық-ауық тексеру және бұл ойда жоқта, күтпеген жерден болады. Бәрін көріп-білгіш балалардың біреуі: «Ойбай, Бельгер келіпті! Дейді. Бітті, біздің зәреміз ұшып кетеді. Білегімізді тырнап егуден, жауырынымызды пісіп, укол салудан өлердей қорқамыз.

Бәрінен де әлгі белуардан жалаңаштанып, шешіну деген бір шатақ. Қоңыр күртеміз бәрін бүркеген, қымтанып киінген біздерге көйлек шешу оңайға түспейді. Мәйкең таза ма, кір емес пе, жыртығы бар ма, бір жерінде бит жүрген жоқ па? – әй, әбден зықымыз шығушы еді-ау.

Бельгердің бізді қарап, тексеруі, бір жағынан, рахат. Медосмотр әдетте бір сабақтың орнына болады, сабақ өтпей қалады. Үй тапсырмасын орындамай келген болсаң, үйдей бәледен құтылып кетесің. Өзің онша ұнатпайтын сабақтың өтпей қалғаны – құдайдың бергені. Біз енді Бельгерге көрінуге таласамыз. Қымсынып, тартыншақтану дегенді қызығушылық жеңеді. Бельгердің алдына бірінші болып жетіп барудың өзі неге тұрады. Қарнымыз шартиып, тәштиіп тұра қаламыз. Денсаулықты тексеру басталады. Дәу кісі әлеуетті қолдарымен басыңды сәл қысып ұстап, бас бармағымен көзіңнің алдын төмен басып, қабағыңды жоғары көтеріп, қарашығыңды қарайды. Алғашында, әрине, ықынасың, жанарың жасқанады; бірақ Ол көзіңді ауыртпайды, өзіңді ышқындырмайды; еппен ғана қарап, еліктіріп әкетеді. Ол енді: «аузыңды аш» дейді, ашасың; «а-а» деп айт» дейді, «а-а» деп, ауыз кересің. Содан Бельгер «жетеді енді» дегенше, ауызды жаппай, «а-а-а» деуді қоймай, созатыным бар. Кейбір бала әдейі жасайды. Бельгер бұған ренжімейді, бізге зекімейді, баланың аңқиған аузын үлкен алақанымен жаба салады. Оның мұнысын бізді еркелеткеніндей көріп, біз еркінси бастаймыз. Ол біздің танауымызды, құлағымызды қарауға кіріседі. Өзімізге үш саусақпен екі танауды қысып ұстауды көрсетіп, ауызбен деп алуды үйретіп; содан соң: «пароход» деп айтқызады. Бұл бізге ұнайды, «пароход» деп мігірлейміз. «Қаттырақ айт!» дейді. Біз бар күшімізді салып: «Па-ро-ход!» дейміз. Сол сәт құлағымызға бірдеңе оқыс үрлеп қалады: «мұрын мыңғырлап» құлақ күңгірлеп кетеді. Тек мұндайда танаудың іші таза болғай.

Бұдан соң Бельгер біздің кеудемізді, жон арқамызды эндоскоппен тыңдайды. Әппақ күмістей аспапқа біз әрі қызыға, әрі үрке қараймыз. Эндоскоптың айыр-имек екі ұшы – Бельгердің құлағында, ал мынау ойнақ басы менің кеудеме келе жатыр. Салқын дүние төсіме тигенде, денем тітіркеніп, дір ете түсемін. «Сонша тітіркенетіндей не болды?» деген сыңаймен дәу кісі таңырқап, көзін үлкейтеді. Сосын: «Кәне, дем ал» дейді. Кеудемді кере, молынан дем алған сәтте: «Не дыши» дейді. Демімді тоқтатып, тырп етпей, тыныш қаламын. Деміңді сыртқа шығармай, іште ұстап тұру оңай емес, бірақ сөйтсе де тырысып бағамын. «Ала бер деміңді» дегенше күшенемін. Бой үйреніп алған соң Бельгер кеудеңді тыңдай берсе екен дейсің. Ол енді төс сүйегіңді, иық сүйегіңді қос саусақпен тықылдатып, ұрғылауға кіріседі. Кеудең, жаурының дүңк-дүңк еткені қандай қызық! Сөйтіп, сені қарап, тексеру аяқталады. Бельгердің алдынан босап шыға береміз. Тексерістен құтылғанға жайраңдап, тайраңдап кетеміз. Бұдан кейінгі жерде әлгі соңғы сабақтарға қарау деген қайда: біз сөмкемізді алып, жылыстап кетіп бара жатамыз. Бізге көзінің қиығымен қарап, біздің қашып бара жатқанымызды көрген Бельгердің: «Өйтпеңдер, ей, өйтуге болмайды ғой» дегісі келеді. Бірақ келесі оқушы-

ны қарап, тексеріп, тыңдап тұрған күйі бұрылуға, бірдеңе деуге мұршасы болмай қалады. Соған Ол қысылып, қызарып кетеді. Бетіне қан теуіп, жүзінде қан ойнайды. Екі шекесі, екі құлағына дейін, ұзын мойын, күдірейген желкесіне шейін қызарады. Біз үшін ұялып, біздің ісімізге бола қиналып тұр. Ол сондай кісі еді: орынсыз сөзге, қолайсыз жайға ыңғайсызданып, екі беті ду етіп қоя беретін, ұяла білетін, ұяты мол жан еді жарықтық Бельгер.

Ауырғанда Бельгерге барып көрінуді маған әкем Әнәс үйретті. Ол Ленин сельпосында (селолық тұтынушылар қоғамында) сатушы болып жүргенде першіл Бельгермен танысып-біліскен ғой. Кейін Тораңғұлға, Новопрокров жұмысшылар кооперациясына тораға болып кетсе де, қарым-қатынасы үзілмеген. Бірде ол менің өңім жүдеу екенін байқап, мені дереу Бельгерге алып барып көрсетеді. Сөйтсе, тамағымның безі шошыған екен. Бұған әкем шошып кетеді. Емделмесе, жаман болуы мүмкін. Мені дұрыстап емдей гөр деп, Бельгерден қатты өтінген болу керек, айтеуір: «Карл Федорович, Карл Федорович деп, қайталай берді. Мектепте мұғалім ағай мен мұғалім апайдың да «Карл Федорович» дегендерін естіп едім. Енді мен де Дәу кісіні – Карл Федорович деуге үйрене бастадым. Бәрінен бұрын бұл кісі маған кәдімгі су тәрізді сұйық дәрі (микстура) берді ғой. Күніне бірнеше рет ішу керек. Бұлай деп айтуға оңай, ішуің қиын. Дәрінің дәмі кермек, тым ащы. Амалсыздан ішесің, көнесің, көндіге бересің. Ал мынау балық майын ас қасықпен жұтып жіберуге жуырманда көндіге алмайсың. Дегенмен Бельгердің емі маған майдай жақты, мен мүлдем жазылып кеттім. Мұның бәрін мен атамды, әкемді, өзімді көрсетіп қалу үшін емес, першіл Бельгердің бізге деген шапағатын айту үшін, оның ізгілікті шипагерлік қызметін көрсету үшін айтып отырмын. Жастайымнан Бельгерге көрініп, емделіп; Бельгердің шипалы қолын, шынайы мейірімін сезініп өскендіктен мен кейінгі өмір-тірлігімде, бір жерім ауырса, емханаға барып көрінуден, ауруханада жатып емделуден, анализ тапсырудан, рентген, УЗИ-ге түсуден, укол алудан онша сескеніп, үркіп-үрейленген емеспін. Медициналық жәрдемге сенетінім, дәрігердің айтқанына көнетінім, медбикелердің піскілеуіне төзетінім де содан.

Бала күнгі әсер бәрінен де күшті. Бельгер тұрған үй, Ол жұртты қабылдап, тыңдап-тексеріп, емдейтін дәрігерлік пункт қандай еді, шіркін! Ағаш үйдің алдында үлкен үйеңкі өсіп тұратын, самал желге жапырағы жамырап. Үй маңында ыбырсыған ештеме болмайды. Сен өзгеше бір мекенге келе жатқаныңды сезіне бастайсың. Бұл үйдің иісі де елден ерекше. Оны табалдырықтан аттап, үйге кіре бергеннен-ақ сезесің. Шын мәніндегі медициналық мекемеге тән, кеңсірігіңді ашып жіберетін керемет ғажап иіс. Үй ішінде басы артық дәнеңе жоқ, бәрі өз орнында, бәрі де керек нәрселер, бәрі жалтырап тұр. Үйдің ауасы қандай таза, жеңіл. Тынысың кеңейіп, тұла бойың жеңілденіп сала береді. Әнеу бір жайлап қана сызылған музыка, жәйімен ғана естілген дыбыс құлаққа сондай жағымды. Сол сәт арғы бөлмеден, ашық тұрған есіктен еңгезердей Бель-

гер кіріп келе жатады. Есіктің маңдайшасына кең маңдайын соғып алмау үшін сәл иіліңкіреген Карл Федорович табалдырықтан бері өтісімен бойын тіктеп алады. Кіршіксіз, әппақ халат киген ұзын бойлы кісі одан сайын сұңғақ тартып, биік көрінеді. Ұзын, қою кірпігін, қалың қабағын жоғары көтеріп, көзін үлкейте, аша түсіп; қоңқақ мұрнын, ұзынша иегін алға созып; өзіне көрінуге келген адамға сұраулы кескінмен қарайды Ол. Және саусақтары салалы, алақаны күректей оң қолымен пациенттің қайда отыруы керектігін үнсіз нұсқап та үлгереді. Сол қолының үлкен алақанын сырқат кісінің жаурынына жұмсақ, сыпайы ғана жанастырып, ілгері ұмтылдырады. Бұл – ауру кісіге әжептәуір демеу, науқастанған соң берекесі кетіп, беймаза күй кешкен, шыдамсыз жанның үйлесімсіз сөздерін Бельгер шыдамдылықпен тыңдайды. Ауырсынған адамның ыңырсыған арыз-шағымын соншалық мұқият тыңдайтын мұндай ыждағатты, ілтипатты дәрігерді мен өмірде сирек кездестірдім. Қайран Карл Федорович – шын мағынасындағы, шынайы түрдегі ақ халатты абзал жан еді-ау!

Ел болған соң ер тұлғалы кісілер болады. Біздің Ленин ауылында Кәдірәлі, Әлғожаның Сәдуақасы, Есмағамбет, Ырысбай, Қуандықтың Қалиы, Тәжібай, Сейітқожа атам, Тайшық тәрізді ұзын бойлы, ірі денелі адамдар болды, әрине. Алайда Бельгер солардың бәрінен биік, бәрінен ірі, бәрінен тұлғалы көрінетін. Өйткені Бельгер үнемі жеңіл киініп, сидамданып, сидаң аяқ күйінде, сергек жүретін. О-о, оның кирзі етігінің өзі қандай! Есілдің екі бетін, өңкей қазақ ауылдарын жаяу аралайтын першіл үшін бұдан артық, бұдан қолайлы аяқ киім болмайды ғой. Карл Федорович қаншама кирзі етік тоздырды екен, шіркін! Ауылдан ауылға барып, үйден үйге кіріп, үлкен-кішінің, еркек пен әйелдің бәрін емдеуден ерінбейтін; дала қосына, сауын басына барудан жаңылмайтын, жалықпайтын фельдшер еді ғой. «Ауылдарды жаяу аралаған» деген сөзді мен үлкендерден естуім бойынша айтып отырмын. Әйтпесе менің көргенім – Бельгердің үнемі велосипедпен ауыл-үйді аралауы, жауын-шашынға, өкпек желге, аңызаққа қарамауы.

Есілдің арғы бетіндегі ауылдар: Жаңа талап, Жаңа жол, Кеңес, Есілдің бергі бетінде: Алқа ағаш, Қаратал, Ленин, Көктерек және Мектеп ауылдары. Көктеректің әр жағында біркезде Қарашоқ болған. Алқа ағаштың жанында Лесхоз (аудандық орман шаруашылығы) бар. Бельгер осының бәріне барады, осындағы үйлердің бәрін дерлік аралайды. Ауыл адамдарының денсаулығын, санитарлық тазалығын тексереді. Ел кісілерінің, үлкендердің бойынан кінәрат табады. Сырқатын анықтай түсуге, ауданға баруға жолдама береді. Оған қазекең оңай көне қоя ма? «Ой, Бельгер, өзің бірдеме қылсайшы» деп, першілдің өзін қинайды. Бельгер соған төзеді. Анау-мынау ауруды өзі де емдеуге ерінбейді. Әсіресе балалардың бәрін қарауға, түгел тексеруге әбден бейіл. Ауыл баласының шекесі, тізесі, сирағы жараланбай, жарадар болмай жүрген бе? Бетінде, қолында қотыр да кездеседі. Ондайды көргенде Бельгер бейжай қала алмайды. Дереу балаларды емдеуге кіріседі. Жараларына, қотыры-

на көк-жасыл дәрі (зеленка) жағады. Беті-қолы көкала болып шыға келгендерге витамин үлестіреді. Бәрінен бұрын анау қан күрең тәтәқа-гематоген дегені қандай тамаша! Алғашында бала-шағаның зәресін алып, қорқынышты болып көрінген Дәу кісі – енді ең керемет жақсы адам болып шығады.

Он шақты ауылға жалғыз фельдшер-акушер болғандықтан, Бельгер, әрине, әйелдерді қарап-тексерумен, емдеумен көп айналысады. Ай-күні жетіп отырған әйелдерді айрықша бақылайды. Толғақ қысқан кездерінде оларға жәрдемге келіп, көмектесіп, көбісін өзі босандырып алған. Сөйтіп, отыз жыл ішінде Карл Федорович қабылдап алған шара-нәрестелер саны мыңнан асқан. Сондықтан біздің ел Бельгерді – мың перзенттің кіндік атасы деп атайды. Карл Федоровичтің кіндік баласы болғандардың алғашқы легі бүгінде алпыс жылдығын тойлап, өздері ата-әже болып отыр.

Дәу кісінің акушерлігі жөнінде тым тереңге бармай, елден естіген бір ғана жайды айтайын. Күйеуі майданнан оралмаған жесір әйел – Қазкен апай соғыстан соң Уәли ағаймен отасады. Содан жиі-жиі бала көтереді. Бірақ баласы жастай шетінеп береді. Өзі жүдеу, аурушаң. Әйткенмен тағы да жүкті болып, тағы да Бельгерге келіп көрінеді ғой. Ауру әйелге жаны ашыған дәрігер: «Қойсайшы енді, саған бала көтеруге болмайды» десе керек. Сонда екі қабат әйел: «Ойбай, Бельгер-ау, құдай беріп тұрған соң, қалай көтермейін» деп, аяғының ауырлығын құдайдан көреді ғой. Соған шыдамай кеткен Карл Федорович басын шайқап, күлімсіреп әйелдің арқасынан қағады.

Бельгердің елмен етене араласып, қазақтармен кірігіп кетуінің бір белгісі – оның өз замандастарымен, тұстастарымен қалтқысыз қарым-қатынаста болуы. Біздің елдің біраз кісілері: Қабдолбәри Әбдірахманов, Қази Досымбеков, Бікән Қоспанов, Әнәс Нұрқанов, Ахметжан Нұртазин және Бекім Оразтаев, «бір жылдың әрісі не, берісі не» деп, өздерін бір жылғы төл санап, түйдей құрдас көретін. Сол есеппен олар Карл Бельгерді де қатарына қосып алып, құрдас еткен. Ал құрдастықтың жөні болек. Құрдас кісілер бір-бірімен қатты ойнайды. Қазақтың құрдас болып ойнауы айтуға оңай ғана әдемі. Әйтпесе оған төзіп, шыдай білу оңай емес. Бельгер бұл сыннан да сүрінбей өткен. Қази, Бекімдердің санталай әзіл-қалжың, өрескел ойындарына төтеп берген Бельгер бірде аудан орталығына барып ауылдағы құрдастарының атына посылка салып жібереді. Мұндағылар өздерінің атына посылка келгеніне әрі таңырқап, әрі дәмеленіп; тезірек білгілері келіп, асығып ашады ғой посылканы. Сөйтсе, газетпен қайта-қайта орап-орап, жалғыз асық салып жіберген екен дейді. Бәрі Бельгердің қолынан келген іс екенін біле қояды. «Әй, шайтан-ай, Карл Федорович қатырды-ау бізді! Оңдырмады, ә?!» деп, дуылдасып, думандатып жібереді. «Ұялған тек тұрмас» дегендей, «Сен де бір жартылық қоюың керек» деп, тағы тиіседі бұған. Біздің елдің бас көтерер азаматтары неміс Карл Федоровичті қатарға қосып, құрдас ретінде құрмет тұтуы, бір жағынан, қазақтардың жақсыны жатырқамайтынын

білдірсе; екінші жағынан, құрдастық жөнін ұғынып, құрдастардың ойынын түсіне біліп; шымбайына батса да, шыдап, төзіп, керек десеңіз, ойынға ойынмен жауап бере білуі Бельгердің де кісілігін танытады.

«Әкемнен артық жақсы көруші едім» деп, жалған сөйлей алмаймын. Бірақ әлгінде аты аталған кісілердің бәрінен Бельгерді жоғары қойып, артығырақ көріп, ерекше қадыр тұтқаным рас. Өйткені мен Бельгердің бойынан, ісінен, қылығынан, бүкіл өмір-тірлігінен менің көңілімді қалдырғандай ештеме көрген емеспін.

Алдымен, Карл Федорович шылым тартпаушы еді. Одан темекі иісі шықпайтын. Оның бойынан, жүрген жерінен тек дәрі-дәрмек иісі сезіліп, онысы сондай жағымды болатын.

Екіншіден, Карл Федоровичтің арақ ішкенін де көре қойған жоқпын. Егер алда-жалда, өз үйінде, ерекше бір қуанышты жағдайда шнапс іше қалған күнде, үрімкеге құйылған ішімдікті ерніне тигізіп, меймандарын сыйлау мезіретін жасап, ішкен-ішпегенін онша сездіре қоймай, сергек қалпынан жаңылмайтын. Мен әйтеуір Бельгердің қызара бөртіп, қызуланып жүргенін көрген емеспін.

Үшіншіден, Карл Федоровичтің бірдеңеге ашуланып боқтағанын, боғауыз сөз айтқанын естігем жоқ. Бәрін зерттеп білгіштердің айтуынша, боқтау, боқтап жіберу – адамның табиғатына тән нәрсе көрінеді. Қазақтардың үйді жаңғырықтыра кекірген сәтінде кеудесі біраз босап қалатыны секілді, адамдар шіреніп тұрып біреуді, бірдеңені сыбағанда, бойы әжептәуір жеңілденіп қалса керек. Бірақ сен өзің сөйткенде ғана солай. Ал біреудің аузынан ақ ит кіріп, көк ит шыққанын көріп-біліп, былапыт сөздерін естіп-тыңдау – тым ұнамсыз ғой. Қарадай жаның қиналады. Карл Федорович тарапынан мұндай келеңсіз жай кездескен жоқ, оның ешбір сөзі менің құлағыма шаншудай қадалған емес.

Карл Федоровичтің қарыны шығыңқы болғанын да көрген жоқпыз. Біздің елде тынымсыз қызмет еткен отыз жылда оның бұғағы салбырап, семіргенін бір рет те көрмедік. Ол әрдайым тарамыс қалпында, үнемі сидаң, үнемі жинақы күйінде, жарау аттай өзін бабында ұстап; арғымақша аяғын әр жерден бір басып, адамдарға қол ұшын беруге, жәрдем көрсетуге жанұшырып бара жатушы еді. Бельгердің біздің елге көрсеткен қызметі, сіңірген еңбегі, тигізген пайдасы ұшантеңіз. Сондықтан да мен оны – Үлкен кісі деп отырмын.

Әдетте қазақтар «үлкен кісі» деп жасы үлкен адамды айтады. Карл Федорович тоқсан үштен тоқсан төртке қараған шағында дүниеден өткен екен. Ендеше оның үлкен кісі екені даусыз. Бірақ мен оның жасын ескеріп қана емес, жан дүниесін, жаратылыс-болмысын ойлай отырып; оған деген айрықша құрметпен оны – Үлкен кісі деймін. Оның асқақ тұлғасы, асыл бейнесі – әлі күнге есімде. Карл Фридрих Бельгер – біздер үшін абзал адам. Өзіміз дүниеден өткенше оның жарқын бейнесі жадымызда жүреді.

Ақпан, наурыз, 2003 жыл

БІЗДІҢ БЕЛЬГЕР

Соғыс кезі, тап болған соң дауылға,
Ауып келген бір үй біздің ауылға.
Не көрсе де, бірге көрді елменен
Бірге көніп, бірдей төзіп ауырға.

Ұзынтұра, үлкен неміс, әбігер,
Он ауылға – жалғыз ғана дәрігер.
Жұрттың оған үйренгені соншалық,
Бельгер деуші ед дәрігердің бәрін ел.

Есім көрші, Бекім көрші өбектеп,
Айран-сүтін берді көптеп, көмектеп.
Біздің жақтың кісілері әйтеуір
Бельгер үйін көрген емес бөлектеп.

Сол кісінің Гера деген баласы,
Үлкендерге үйірсегін қарашы!
Өңі жирен, өзі жиен секілді,
Ешкім оған болмаса да нағашы.

Омар-Қоспан, құдай қосқан екі жан,
Екеуінің жалғыз ұлы – Ібіжан.
Ібіжанның досы болған Гераның
Қазақ бола бастауы да осыдан.

Әркімнің де итшанасы бар үйде,
Шаңғы біте бермейтұғын әр үйге.
Елден бұрын дөңге шыққан екі дос
Өзгелерге жеткізбейтін, әрине.

Көбік қарда көсілдіріп шаңғымен,
Шоқ қайынды шыр айналмақ алдымен.
Сарыбелге, Саздыағашқа тартады
Бірін бірі қуалаған қалпымен.

Тасөткелге, Тереңсайға барыпты,
Күнұзаққа сансыз шимай салыпты.
Сары аязды сезбей қалған Гераңыз
Тобық майын тоңазытып алыпты.

Содан екен сырғанаққа келмеуі,
Ібіжанға, Темешке де ермеуі.

Үйден қыстай шығармады Гераны
Әкесінің күндіз-түні емдеуі.

Көпке дейін көшені бұл сағынып,
Кітап оқып отыратын сарылып.
Жастайынан бойға біткен жақсы әдет,
Көп оқудан көрген емес жалығып.

Сол оқудың жететіндей түбіне,
Бас алмастан жүрді шәкірт күнінде.
«Әр бейнеттің бір зейнеті бар» десек,
Бұдан асқан олжалы жоқ бүгінде.

Абай жырын, Мұхтар сөзін жаттаған,
Тілімізге аса жүйрік ақтабан.
Әкесінің үміті мен сенімін
Біздің Герольд толығымен ақтаған.

Тынымы жоқ өмір шіркін-желмая,
Егде тартты Гера менен Рая.
Екеуіне ғұмыр бер, деп тілейміз,
О, жасаған, о, тәңірім, құдая!!

Жарасбай НҰРҚАН
31. 10. 1994 ж. – 10. 12. 2002 ж.
Алматы, Байсейітова көшесі, 40 үй.
Әкеміз Карл Фридрих Бельгердің қырқын берген күні.

«ҚАЗАҚ ДӘПТЕРІНЕН»

Герольд Бельгер

Герольд Бельгердің Ақын Жарасбай Нұрқановтың «Айхай бізге үй керек» деген өлеңіне орай айтылған ұсыныс-пікірі:

«Жас Алаш» газетінің №38 санында, 2007 жылдың 12 мамырында, Герольд Бельгердің «Қазақ дәптерлері» мақаласында баспана жайында былай делінген:

«Мен ес білгелі баспана мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Мен туған жылы қаһарлы мұртты көсеміміз: «Біздің елде социализм ақи-тақи орнады», – деп жариялады. Ақыл кірген кезде түсінгенім: социализм бар, үй жоқ. Жылдар өте институт бітірдім, үйлендім, аспирантураға түстім. Кілең үй жалдап, бөтен жұртқа жалтақтаумен болдым. Мингалеев деген шоқынған татардың сәулелі үйінде, үңгірдей бөлмесінде бес адам тұрған кезіміз болды. Ит қорлық өмір-ай!.. Жеке меншік иесі Мингалеев ауыр жүк мәшинесін айдаушы еді. Төрт кластық білімі бар. Мені мүсіркейді. «Сен, Гера, он институт, бес аспирантура бітірсең де, күнің күн емес. Себебі үйің жоқ. Үйің болмаған соң маған кіріптар боласың. Кітапты көп оқисың, білімің бар. Мен кітап оқымаймын, сауатым жоқ, есесіне үйім бар. Кеңестер одағында, қара да тұр, үй проблемасы ешқашан шешілмейді. Түсіндің бе? Еш-қа-шан!» – дегенді күнара құлағыма құйып қоятын. Амал қанша: басымды шұлғимын. Достарымның бәрінде де үй жоқ. Тастақ маңайында әлдекімдердің тауыққорасын мекендейді. Үйің болмаған соң қарызға белшеңнен батып жүресің. Өз басым отыз жетіге жеткенше қарыздан көз ашпадым.

Жылдар өте берді, өте берді. Қазақстанға Колбин деген сәуегей келіп, «Баспана-90» атты бағдарламаны жария етті. Онысы қазақстандықтар 90-жылға дейін (әлбетте, XX ғасыр) бір-бір пәтерге ие болады деген сөз.

Содан бері тағы жиырма жыл өтті-кетті. Баспана әлі де зәру мәселе. Құрылыс күні-түні жүріп жатыр, жаңа қалалар тұрғызылды, котедж-вилла дегендеріңіз тауға өрмелеп шықты. Бәрібір баспана жетіспейді. Байлар он үй иеленіп, жалға беріп жүр. Кедейлерге күрке де жоқ. Бар болса, билік бульдозермен таптап, қиратып, жермен-жексен қылады. 200-300 мың доллар көпшілік қазақтың түсіне де кірмейді. Несиеге үй алсаң, өмірлік құл боласың. Үй салуға жер де жоқ. Жер де байлардың қолында. Кең Қазақстанда мал жаятын, шөп шабатын жер қалмаған.

Жетпістен астым. Естітінім, көретінім, оқитыным баяғы сол пәтер, пәтер, баспана, баспана. Астана бар, баспана жоқ. Жетпейді.

Баяғыда мен пәтер жалдап тұрған жеке меншік үй иесі Мингалеев те жоқ. Бірақ сөзі Маркс пен Ленин өсиетіндей есімде. «Біздің елде үй мәселесі ешқашан шешілмейді». Өз елінде, өз жерінде тәуелсіз күй кешіп жүрген қазақтардың әлі де көбі үйсіз. Заман өзгереді, көсемдер ауысады, капитализмді артқа тастап, социализм орнаттық, коммунизмге келе жаздап, тақалып барып, қайтадан капитализмге айналып соқтық, ал қалың жұртты баспанамен қамтамасыз ете алмай-ақ қойдық. Апыр-ай, сонда елу мықты елдің қатарына қайтіп, қашан қосыламыз? Әлі де жетпіс жыл өмір сүруім керек-ау...

Жерлесім, досым, ақын Жарасбай Нұрқан осы бір мәңгілік идеяны, аңсаған мұратты ойнақы, қуақы өлеңмен әдемі жеткізіпті.

Өлеңнің аты – **«Айхай, бізге үй керек»**

Көркін-ай Алматы мен Астананың,
Жалғай бер екі араны, асқақ әнім.
Қазағым, арманға бір жетер едің,
Құтылсаң азабынан баспананың.

Айхай, бізге
Көбімізге үй керек.
Көңілімізге
Демеу болар күй керек.
Демек, үй керек.

Төсімізді төсімізге үйкелеп,
Үміт отын жағуға да үй керек.
Ойхой, мына өмірде
Омыраулап, кимелеп,
Сол бір үйге
Кіруге де ми керек.
Уа,
Күйеулері күйгелек
Жұбайларға үй керек.
Біздің мықты әйелдер
Жүкті болмай тұрмайды,

Етек-жеңін қойсаңдар да түймелеп,
Сондықтан да үй керек.
Көбеюге сәбилер
Үсті-үстіне үймелеп,
Мен үш дүркін айтар ем:
Үй керек, үй керек.
Уай, үй керек!!!

Шіркін-ай, небір үйлер келеді ойға
«Соны да сөз қылдың» деп кінә қойма.
Ойласаң, ағайынның бәрін ойлап,
Тойласаң, жаңа қоныс тойын тойла!

Музыкаға сұранып тұрған өлең емес пе? Мемлекеттік мейрам кезінде көшеде айтатын ән ғой бұл. Әкімдер халық алдында есеп бергенде ең алдымен осы өлеңді оқыса, жиынға сән кірер еді...

Герольд Бельгер

Жерлесіміз Герольд Карлович Жарасбай Нұрқановтың талантын ерекше бағалаушы еді. Сондықтан болар Герольд Бельгер ағамыз Жарасбай Нұрқановтың әлеуметтік-тұрмыстық бағыттағы өлең-жырларын өзінің мақалаларында қолданып отырды. Жакеңмен жиі ақылдасып, сырласып, өзінің өй-пікірлерімен бөлісуші еді. Сондай бір әңгіме үстінде бір өлеңді орысшадан қазақшаға аударып беруді өтінді. Ол шығарма Моңғол халқының мемлекеттік Гимні еді. Екі мәтінді де ұсынуды жөн көрдім:

Гимн Монголии

Мы бережем родной язык Монгольский,
Что все богатства древние хранит.
В его созвучьях слышен топот конский,
И пенье птиц, взмывающих в зенит.

Монголия! Над миром это имя
Сверкает словно яркая звезда.
Навечно мы с тобой неразделимы,
Монголия! Я сын твой навсегда!

Раскинулась родная сторона –
Монголия, прекрасная страна!

Қазақша аудармасы:

Маңғол Гимні

Аялаймыз біз дәйім ана тілін маңғолдың,
Көне мұра, мол байлық бір өзіңде сақталған.
Естіледі үндесіп, дүбірі де тұлпардың,
Құстар әні және де, шырқау көкке самғаған.

Маңғол елі! Әуен бұл, бар әлемде жаңғырып,
Жарқырайды жұлдыздай, көзіңді бір алмасаң.
Бөлінбейтін біртұтас, біз біргеміз мәңгілік,
Маңғол елі! Мен сенің перзентіңмін әрқашан!

Көсілді туған ел, байтақ жер,
Маңғол елі, тамаша, ғажап ел! –

деп аударып, қолына табыс етті. Гера ағамыз Гимнің қазақ тіліндегі нұсқасын көңілінен шыққанын айта отыра, Жарасбайдан әкесі Карл Фридрих Бельгер туралы жазған «Үлкен кісі» деген мақаласын беруді өтінді. «Тамаша жазылған дүние екен, саған көп рахмет» – деп, Гера ағамыз ризашылығын білдірген болатын.

БІЗДІҢ ГЕРА

(Герольд Бельгерге)

Бір әдемі ғадетің бала кезден,
Отырушы ең үнемі кітап оқып,
Қазақтарға қарадың адал көзбен,
Қазақ сөзін жадыңа бірден тоқып.

Жас күніңнен өзіңе ұнап қалған,
Кітап – сенің алғашқы махаббатың.
Мол сусындап көк қайнар, бұлақтардан,
Аса білгір атанып, шықты даңқың.

Жанға демеу, жабығып жүрген тұста,
Кітап, кітап – кәсібің, хоббиың да.
Ой тербейту – үш тілде бірдей ұста,
Не керектің бәрі бар қобдиыңда.

Өткір пікір сөздерің, күшті қисын,
Сен қазақша сөйлейсің еркін жатық.
Кешкісін де кітапты көп оқисың,
Жеңгемізге сыртыңды беріп жатып.

Қашан, қайда жүрсең де, серігің – ой,
Үлкен ойлар желісі үзілмеді.
Небір ғажап кітаптың әсері ғой,
Ақыл-сана нышаны жүзіндегі.

Сенің үнің естіліп елге тегіс,
Ізгі сәулең тарайды жан-жағыңа.

Көп қазақтың ішінде жалғыз неміс,
Барша жұрттың айналдың ардағына.

Өмір жолың – тас өткел, өр, жазық бел,
Жетпіс жасың – бірталай биік жер, ә?!
Әкеңіздей көп жасап, көп жаза бер,
Біздің жігіт, біздің шал, біздің Гера!!!

28 қазан – 6 қараша, 2004 жыл

Иә, Бельгер әулеті бізге өте ыстық, әрі жақын туыстай. Олай дейтінім Жарасбай екеуміздің тұңғышымыз Жомарт өмірге келгенде Карл Фридрихович Бельгер кіндігін кесіп, Кіндік Ата атанды. Гера ағамыздың Эльма (Алма дейтінбіз қазақшалап), Роза атты қарындастары Жарасбайды да аға тұтты.

Гера ағамыз өзінің әрбір мақаласында Жәкеңнің өлеңдерін мысал ретінде қолданатын. Ақындығын, азаматтығын жоғары бағалайтын еді. Гера ағамызға арнаған бір өлеңінде «Бір мектепте оқыдық деп мақтанам», – деген жолы бар. «Мен де онымен мақтанамын», – деп Гера ағамыз да өзінің сүйіспеншілігін газет бетінде білдірген болатын.

Герольд Бельгер осыдан екі жыл бұрын өмірден озды. Артында көп дүниелері қалды. Тірі кезінде Ермек Тұрсыновпен шығармашылық қарым-қатынаста болғанын білеміз. Гера ағаның «Плетенье чепухи» атты мақаласында тағы да Жарасбай Нұрқанның өміріне, ақындығына, аудармашылығына, азаматтығына байланысты ой-пікірін оқып, көңіліміз босап, толқып кеттік. Екеуі де жоқ. Бірақ өмірден өтсе де қос таланттың есімдері ешқашан ұмытылмайтынына сенеміз мол.

«Дат» газетінің 06.10. 2016 жылғы №36 номеріне шыққан «Плетенье чепухи» мақаласында былай делінген:

ЖАРАСБАЙ – ВНУК НУРКАНА

Он был из аула Коктерек, в семи километрах от села, куда нашу семью с Волги депортировали в сентябре 1941 года.

В Коктереке я бывал не раз. Аул как аул. Но раскинулся он в живописном месте. Рядом Есиль-река, озеро, березовые колки, тальник, ковыльный простор. В этом ауле проживали братья-кузнецы Омар и Коспан, их сын, мой кореш, Ыбжан (Ибрагим), дедушка Нуркан – поштабай – скромный, деликатный, добрый аташка, русское семейство «Шаловы (корень не казахский «шал», а русский «шалый»), сын которых – Анатолий Федорович – став вторым секретарем ЦК комсомола Казахстана, определил мою судьбу: помог мне, беспартийному спецпереселенцу, находящемуся под комендатским надзором, поступить в числе первых пяти соплеменников в КзПИ им. Абая.

Из тихого Коктерека вышло немало достойных азаматов – учителей, литераторов, ученых, видных деятелей и даже один генерал.

С этим аулом связывают меня многие добрые воспоминания. Как и другими приесильскими аулами, которые обслуживал фельдшер-акушер Карл Бельгер, мой отец – Жанажол, Жанаталап, Өрнек, Мектеп, Каратал, Алака-Агаш, Карачок, Козловка...

Из этого аула – Коктерек – вышел и он, мой младший друг и коллега, одношкольник, будущий поэт Жарасбай Нуркан.

Был он на два с половиной года младше меня (в детстве разница ощутимая), и потому я познакомился с ним, когда он, окончив местную начальную школу, переехал в наш аул продолжать учебу в средней казахской школе.

Учился он старательно, отлично, вместе со своим другом-одноклассником Ермеком Конарбаевым (будущим талантливым прозаиком, к сожалению, рано умершим) заметно выделялся среди сверстников, был любознателен, участвовал в школьной самодеятельности, читал толстые книги, а в старших классах сочинял стихи.

Далее жизнь пошла по знакомой стезе. С блеском окончил школу, затем – университет в Алматы, вернулся в аул, учительствовал, женился, перебрался в Акмолу, работал журналистом, писал, переехал в Алматы, сотрудничал в издательстве «Жазушы», в газетах, печатался, издавал книжки, стал членом Союза писателей. Жил, как говорят казахи, не лучше других и не хуже иных.

И все же жизнь не сложилась так, как хотелось, как задумалось. Преследовали житейские проблемы, нелады с работой, сложные отношения с пишущей братией, отсутсвие моральной и материальной поддержки, подспудные интриги, психологические комплесы, ранние недуги, творческая замкнутость. Убежден: он был талантлив от природы, образован, начитан, но потенциально так и не раскрылся.

В чем причина? Может, сиротское детство (рано лишился матери), жизнь в чужой семье отца, чувство неприкаянности, лишения, болезни? Не могу судить. Но с болью чувствую: человек не смог реализовать природных задатков в полной мере.

А поэт был крепкий. Талант, филологически отшлифованный, душа возвышенная. Чувство реальности отменное. Сердце чуткое.

Всеми формами версификации владел изящно. О том ярко свидетельствуют и две его книги – «Қызылжар» (2012) и «Кокжиек» (2013), с любовью и тщанием составленные и изданные его настойчивой и активной вдовой Казиной Нуркановой.

Что составляет содержание этих книг? Стихи и поэмы, дастаны, поэтические посвящения известным личностям (С.Сейфуллин, Г. Мусрепов, М. Ауэзов, Г. Мустафин, М. Хакимжанова, Б. Момышұлы, Р. Қошқарбаев, Н. Тлендиев, М. Козыбаев и др.), стихи для детей, эпиграммы, шутки, стихотворные шаржи, переводы (из Есенина, Некрасова, Фета), айтыс (с Нуртазиным), даже одноактная юмористическая пьеса.

О чем он главным образом писал?

О любви к родному краю, к отчей земле, к материнскому языку, к Казахстану и к его славным людям, о любви к черноглазым чаровницам, к природе, к прошлому и настоящему, о благородстве, возвышенных человеческих чувствах, о чести и достоинстве, о смешных житейских случаях, об изъянах-слабостях человеческой натуры, о доблести, храбрости, воле к свободе своих предков, о горестных и радостных зиг-загах человеческой судьбы. Словом, известные мотивы вечной Поэзии.

Но обо всем этом он сумел сказать свежо, по-своему, не банально, не ординарно, не обще-декларативно. Все, о чем он писал, пропущено через неподдельное, инскреннее, душевное восприятие.

О чем он мечтал?

Бар өмірім өлеңмен өтсе менің,
Туған жерді жырлауға жетсе лебім...

С особенной любовью он воспевал красоты родного аула Көктерек:

О, менің көкорайлы
Көктерегім,
Жаһанда өзіңдей жер жоқ
дер едім.
Арада айлар өтіп,
оралған соң,
Кеудемде сағынышым
көп қой менің.

Его стихотворение «Қызылжар» звучит как гимн родного края, как ода лесо-степным просторам Северного Казахстана.

Атың сенің елге мәлім,
Естіген жұрт қызығар.
Сен дегенде менің әнім
Үзілмейді, Қызылжар!
О, Қызылжар, Қызылжар!

Я пишу не литературоведческую статью о творчестве поэта Жарасбая Нуркана, а всего лишь краткое представление о нем, ибо знаю, что русскому читателю он, к сожалению, почти не знаком, да и казахские читатели в суете повседневной торопливой жизни заметно удалились от него. Ведь у казахов недостатка в поэтах никогда не было.

Отмечу здесь еще его переводческий дар. Напомню начало известнейшего стихотворения С. Есенина «Шаганэ ты мая Шаганэ!..»:

Шаганэ ты моя, Шаганэ!..
Потому что я с Севера,
что ли,
Я готов рассказать тебе
поле,
Про волнистую рожь
при луне.
Шаганэ ты моя, Шаганэ.

Вот как по-казахски озвучил-переложил эти строки Жарасбай:

Шаганэм сен менің,
Шаганэ.
Теріскейден болған соң ба,
немене.
Дала жайын жыр етуге
мен дайын.
Ай туғанда толықсыған
бидайын.
Шаганэм сен менің,
Шаганэ.

Очень милый, проникновенный, на мой взгляд, перевод.

Не помню, переводили ли на русский язык самого Жарасбая. Кажется, он о том и не заботился. Для него важно было самовыражаться по-казахски. В книгу «Қызылжар» Қазина включила несколько стихов поэта в переводе Владимира Гундарева. Завершаю свою заметку двумя строфами из стихотворения «Моя любовь» в его переложении. Оно отражает смысловую суть поэзии Жарасбая.

Все боли века – в сердце у меня,
Несу упорно тяжкий груз поэта.
И в этом я не берегу себя,
Любовь отныне прославляю я.

Любовь – к тебе, казахский мой народ,
И по-казахски я стихи слагаю,
В них воплощая суть твоих забот
И счастье достигаемых высот.

... Он умер в Астане на рассвете майским днем в 2011 году, когда спешно собирался в скорбный «Алжир», дабы воздать поэтическую дань памяти невинным жертвам советского концлагеря.

Такова судьба Поэта.

Похоронили его в родном Көктереке, под раскидистым вязом, рядом с могилой любимого дедушки Нуркана. Того самого всеми почитаемого «поштабая», который с неизменной лаской называл меня «Кира».

Да будет пухом им родная земля!

Герольд БЕЛЬГЕР,
писатель, переводчик, член СП Казахстана,
общественный и государственный деятель РК,
Газета «Дат»,06.10.02016
Сентябрь 2013 г.

МӘҢГІ ТАМЫР

Атам Нұрқан орыспен тамыр болған

Біздің Көктерек аулына көрші деребен – Қарашоқ аталушы еді. Сол Қарашоқтан келеді екен ғой сары сақалы желбіреп, желке шашы дүрдиген шал. Сиыр жеккен жатаған, жақтаулы арба үнемі біздің үйдің алдына келіп тоқтайтын.

– А, Нұрқан, аман! Бас аман, қол аман, аяқ аман? – деп, арбадан түсе атама жеткенше сәлемдеседі жирен атай.

– Ә, Педот, здрасти, Дом карош, бабка живой, сам крепкий? – деп атам амандасар еді. Қол алысып жатып қосып қояды: – китлер как? Когда башка поломать?

– О, капут болады... жақында конец... жатады совсем... – Федот шал арба астында басын аяқтарына салып сұлық түскен жүндес, жүдеу қара тобетке қарайды.

Сосын қалтасынан үлкен кисет алып, киссттің бүктесін жерінен шыққан сарғыш қағазға самосад орап, қолақпандай шылымның түтінін Мұқыш үйінің мұржасындай бұрқыратады. Пірәдар атам әдетте шылым шегетіндерге тыжырына қарайтын болса, Федот тамырының темекі тартысынан онша осқырынбайды. Тамыры да шылымын бір қырын отырып сорғылап, түтінін атам жаққа жібермей әрман жөтеледі.

Сондайда қора жанындағы қоршау шарбаққа көзі түсіп, үйеңкі қазықтар мен сырғауылдарға шырмала өскен құндақты көреді. Орнынан шұғыл тұрып барып сиырдың емшегіндей құндақтарды алақанымен аялай салмақтайды; сарғая бастаған бұта-тіндерін үзіп, жасыл шырмауығын жазыңқырап қояды. Аласа бойлы атама иіліңкіреп тұрып бірдеңе айтпақшы секілді. Бірақ сол сәт шошаладан шыға қалған әжемді көріп:

– А, Айтжан, жай қалай, жақсы ма? – дейді аса жайдары үнмен, – Жарайды... саған арбада салем бар... балаға, ол маған қол берген...

Арбаға, әрине, мен бұрын жетемін. Қоңырқай қапшықты құшақтай көтере бастаймын. Бірақ қапшықты әжем өзі алып, шошалада қапшық аузын өзі ашады. Қызыл сәбіз, жасыл қияр жарқ ете қалады-ау! («Қияр», «сәбіз» деп қазір айтам ғой, әйтпесе біздің жақта огурецті – үгіршік, морковті – мәркоп деп атайды). Ақ жаулығының ұшымен тағы бір сүртіп берген мәркопты құшырлана тістеп тұрып екі көзім әжем аршып, ақтап жатқан үгіршікте болады. Үгіршік қолға тигенде есіктің жақтауына жайлана сүйеніп, сүйсіне малжаңдар едім ғой. Жаңа қайнатқан ірімшігінің суын құрғатып, сықпа құрттарды шүберекке түйе бастаған әжеме де сүйсініп тұрамын; орыс тәттісіне қарық қылып тастаған жирен атайға да алғыс сезіммен қараймын.

Әне ол менің шоқша қара сақалды атамды иығынан бір қолымен қапсыра қысып, жастай жерге қағылған үйеңкі қазықты жарып шыққан жасыл бұтақты екінші қолымен нұсқап, әлденелер айтады...

Нұрқан атаммен Федот атайдың тамыр болуы ақтар мен қызылдардың кескілескен ұрысы кезінде басталған екен. Федоттың қызылдар жағында жүрген бір туысы елге оралып, бірақ елде әзірше ақтар күшейіп тұрған соң бас сауғалауына тура келеді. Сонда менің атам қызыл орысты Мыңшұқыр мен Ақсақ қасқыр үңгірінде паналатып, жаудан жасырып жібереді.

Содан көп ұзамай атамның өз басына да іс түседі: атамның тұңғышы – Ұрқия апамыз тым жастайынан Мақат қажы дегенге кішілікке берілген екен. Еріксіз ұзатылып, амалсыз шыдап жүрген, еті тірі, көңілі зерек келіншек «жаңа өкімет орнапты, кеңдік болады, азаттық орнайды» дегенді естісімен төркініне тайып отырады. Іргесі әлі шайқала қоймаған бай-молдалар мұны сұмдық көріп, «бәленің басы – Нұрқанның өзі» деп, оған ауылдық билердің сотын құрмақ болады. Сотқа атам тас-түйін болып бекініп, белін қатты буып, қолына дойыр қамшы ұстап келеді. Киіз үйге кіре бере сезінеді: төрде отырғандар қасақана сұстанып, бұған үлкен сес көрсетеді. Ауылнай айта бастаған кесік те тым қатал. Бойы шағын болғанмен мінезі шақар, тәуекелшіл азамат осыны шығарып отырған сенсің-ау деген бір-екеуді дойыр қамшымен осып-осып жібереді де, сыртқа тұра ұмтылады. Ат байлағышқа әзір етіп байлап қойған құла бестіге ырғып мініп, ызғытып ала жөнеледі. «Ұста сотқарды, алып кел алдыма!» – деген бұйрықпен бір топ жандайшап оның соңынан тұра қуады.

Айнала қара орман, қалың шоқтар арасына сұңгіді де жоқ болды.

Атаммені бала кезімнен бастап, атқа үйір етіп өсірді. Қолы босаған шақта мені салт міңгізіп, атам өзі атты жетелеп, шылбырын жібермейтін. Ат үстінде жайғасып отыруды, желіп шабуды үйреткен болатын. Сөйтіп жылқыға құштар боп өстім.

Нұрқан атамды аймақтағы таныстары қатты құрмет тұтатын. Ол бәріне қол ұшын беретін, жатсынбайтын. Жетім-жесірлерге қамқоршы еді. Жастайынан поштабай атанып, сол қызметінің арқасында халықтың тұрмыстық жағдайларына қанық болатын. Сол себептен де болар орыс қазақ деп бөлмейтін еді жарықтық, бәріне бірдей қараушы еді.

Әлгі Педот шалдың Тимофей деген туысын біресе «Ақсақ қасқырға», біресе Сарыбелге, біресе «Тереңсайға» тығып, жат көзден аман сақтап қалады. Ол да кейіннен Қарашоқ деген жерде тұрып, үйлі-баранды болды. Нұрқан атамның жақсылығын ұмытқан емес. Ол да ұсталық ететін. Шеберлігімен жақын ауылдарға танылды. Әр үйдің шалғысын жанып, балтасын қайрап әбігер болып жүретін. Өзі ерінбейтін. Жасаған еңбегін бұлдамайтын. Кім не берсе соған риза болып, «Мен тамыр» деп төсін қағушы еді күлімсіреп. «Әлгі Темопи қайда» деп іздеп жүретін ауыл адамдары. Тимофейге тілі келмегендер оны «Темопи» деп атап кеткен ғой. Ол атау оған өте ұнайтын. Сол Темопи қазақтарға сіңіп, қазақша үйреніп, «нағыз тамыр менмін» деп мақтанушы еді. Атамдармен бірге отын кесуге, шөп шабуға, аң аулауға шығатын. Өзі мерген болатын. Атып алған аң-құсты атама байлайтын. Оны ол бұл қазақтың дәстүрі деп, өзіне қайтарып жатса, алмайтын.

Қазақтармен достасқан ағайынды Федот пен Тимофей орыс халқының өкілі. Фамилиялары Матвеев. Бұлар сол өңірді мекендеп, ұзақ ғұмыр кешті. Атам екеуінен кейін, алпысыншы жылдардың ішінде, жүзге жақындаған шағында дүниеден өтті. Қайтыс болғаннан кейін, зират басына келсек, дала гүлдерінен жасалған веноктарды сүйеп жатқан бірнеше кісіні көрдік. Бақсақ, олар Федот пен Тимофей Матвеевтердің ұрпақтары екен. Ауыл адамдарынан алшақтау жерге жайғасып, атамызға тағзым ету үшін арнайы келген көрінеді. Риза болдық. Тамыр – деген осы болар.

Очерк

ТЫҢДА ТҰЛЕГЕН

Ұлы істің дүбірі күшті

Көптен тыныштық көрмеген қатты мазасыздықтан кейін қатып ұйықтап қалғаны еді: кенет әлденеден секем алып, селк ете түсті, көзін сәл ашқандай да болды. Бірақ біржола оянып кете алмай, өң мен түстің арасында дерлік бір халде, не болып, не қойғанын айырып біле алмай жатыр.

Аздан соң аңғарды: әлдекім терезені дүсірлете қағып тұр. Аязды түнде қыраулы терезені түйгіштей қаққандағы дыбыс қандай: әйнекті сындырардай болып, шаңқылдатып әкетіп барады! Оқыс оянуының сырын енді түсінген жігіт орнынан атып тұрып, терезеге бір-ақ жетті.

– Бұл кім?.. – Анау алғашқы сөзді естімегесін екінші рет үн қатып еді, дауысы әнтек ащы шықты. Сол кез әйнекке жабысқан жанның терезе тықылдатуы тиылып, әр жағында қараң-құраң еткендердің жүрісі де басыла қалғандай болды.

– Аудандық комсомол комитеті осында ма? – деп қарсы сауалмен жауап берді сырттағы. Іштегі жігіт осы сөзден-ақ істің мән-жайын ұғына қойса да:

– Қайдансыңдар? – деп қайыра сұрап қалды. Бірақ енді өзі ол сұрауының жауабын тоспастан, керосин шамды жағуға, есік ашуға ұмтылғанды. Осы дабыр-дүбірдан іштегі басқа екі жігіт те оянып: «Тағы ма? Тағы келді ме?» қатты-қатты есінеген күйлері күртешелерін киінуге кірісті. Үшеу ара бір диванға бүгін бірінші секретары жатқан еді, қазір екінші секретарь мен нұсқаушы жердегі төсек-төсеніштерін сол диванға әкеп жинаса бастады.

Ендігі бір сәтте: «Саумысыз? Сәлем!» – деп ашық-жарқын, дабырлай амандасқан, «Қайырлы кеш! Қайдағы кеш, қайырлы таң!» – деп қалжыңдай кірген қыз-жігіттер аядай ауызғы бөлмеге симай бара жатты. Малақай- құлақтарын түсіріп, тон жағаларын көтерісіп алған. Сырма фуфайка, керзі етікпен сықырлап келгендері де бар. Бәрінің үсті-басы қар, қас-қабақтары мұз-қырау. Трактордың тіркемелі шанасында отырып келгендері ап-айқын.

Тың игерушілердің трактормға міне тартуын ұйтқыған борасыны мол, бөгесіні көп қарлы даланың өзі талап ететін. Комсомолец-жастар ауданға келгенде, олармен шаруашылыққа барғанда талай рет осы транспортқа отырып көргені, шаршап-шалдықса да, жолда жатып қалмай, көздеген жеріне жетіп тынған, содан барып... басқа көліктен гөрі трактордың белі мықты, жүрісі өнімді, жолға сенімді екеніне көзі жеткен секретарь күнделік дәптеріне: «Тыңда асықсаң, – трактормға отыр» деп жазып қойған еді.

Міне, бұлар да сонау «Донской» совхозынан сол сыралғы «тұлпармен» дүбірлетіп, дүрілдетіп жеткен. Ашық шанада аяз сорып, үсті-басқа қар боратқан жел өтінде жеті-сегіз сағат жол жүру оңайға түспеген болу керек. Сөйтсе де көңіл-күйі жастар жетекшісіне ұнады.

– Кәне, жігіттер, жоғары шығыңдар, жайғасыңдар, – деп жүріп, өзінің қызметтес жолдастарына іске кірісу жәйлі белгі де беріп үлгерген.

Бұл комсомолдық билетті айырбастап, документ жаңарту жүріп жатқан кез болатын. Әр совхоздан күн сайын дерлік топтасқан комсомолецтер келіп, аудандық комсомол комитетіндегілер олардың қай уақытта келгеніне қарамастан қызмет ететін. Қиан шеттегі донскойлықтардың жеті түнде жеткені осы.

Келгендер жаңа байқады: олар сырттан мол суық ала кірген екен. Өздері үйге кіре жылылық сезініп, шешінісе бастағанда, іштей дірілдеп, иықтарына пальтоларын жамылып алды.Бөлме ішінің былайғы көрінісі де әдеттегі мекеме, кеңсе дегенге келіңкіремей тұр.

– Е-he, – деп қағытты келгендердің біреуі, – бізден аса қоймапты мекен-жайларың.

– Ә, сен, – деп күлімсіреді секретарь, әдейі соның дауыс ырғағына салып, – осы бөлменің өзіне қолымыз қалай жеткенін білсең...

...1955 жылдың соңы, 1956 жылдың басы. Кешегі мидай далада жаппай совхоздар орнап, әлденеше аудандар пайда болып үлгерсе де, ұлан

ғайыр жер көлемі шаруашылықты басқару ісін қиындатып, тіпті аралап шығуға да үлгертпейді. Содан міне Есіл ауданынан енші алып, жаңа Баранкөл ауданы құрылып жатыр. «Баранкөл» совхозының үстіне ауданның алуан мекемелері үйіліп-төгіліп келіп, мекен іздеп сабылысуда.

Жаңа ауданда комсомолдық қызметке тың игерушінің жолдамасымен келгендердің бірі – Кенжебай Бекбаев, Москвада ВЛКСМ Орталық Комитеті жанындағы Орталық Комсомол мектебін былтыр ғана бітірген-ді. Бірақ оған дейін Бестөбе руднигі мен мектеп комсомол ұйымдарында қоғамдық жұмысқа белсене араласып, Алексеев аудандық комсомол комитетінде жұмыс істегенде жастар тәрбиесі жөнінен тәжірибе жинақтап, баста бола білетін, жас та болып жүре алатын пысық жетекші ретінде танылған-ды. Сондықтан да оны мұнда бірінші секретарь етіп сайлады.

Конференцияның қаулы-қарарлары қолтықтарында, документ қоятын жерлері, отыратын орындары жоқ әлі. «Баранкөл» совхозының директоры Бәйісов: «атай көрме, бір де бос орын жоқ», – деп ат-тонын ала қашады.

Кенже аупарткомның бірінші секретары Ақпан Үкібаевтың алдына келді. Жастар жетекшісінің жағдайына қанықкан Ақаң совхоз директорын шақыртып алып, сөзді бірден комсомол комитетіне орын табу қажеттігінен бастады. Бәйісов болады деген қайда. «Жоқ дегесін жоқ»,– деп отырып алды.

Ақаң қатты кетті:

– Аудандық комсомол комитеті қайткенде де орналасуға тиіс. Қалай орналасқаны жөнінде хабарлайсыз, барыңыз...

Осы кезде Кенже де орнынан тұрып:

– Ақа, біз өз тарапымыздан бір қимыл жасап жіберсек? – деп сынайын бақты.

– Е, жастар емессіңдер ме, таппайсыңдар ма бір амалын, тек бұлдіріп алып жүрмеңдер.

Содан Кенже комитеттегілерді ертіп келіп, қойды қолдан ұрықтандыруға арналған кілттеулі бөлмені еппен ашып, еріксіз кіріп алды. Өзі, екінші секретарь, нұсқаушы бар жалғыз бөлмеге жайғасып, айнала жалынды ұран, жарқыраған плакаттарды іліп тастады.

– Тұу, сендерге дауа болмас, – деп директор ақыры көнген-ді...

... Әңгімесін тәмәмдаған секретарь дәл қазір де сол бір қызық кейіпте, кісіні еріксіз баурайтын түрде бұларға қарай қалыпты. Толқынды қара шашы кейін қайырылған, қырлы мұрынды, қиық қасты, қараторының сұлушасы, сұңғақ бойлы қазақ көрер көзге сүйкімді. Тек мына тегеурінді жігіттер, толықша қыздар кіріп келген беттерінде мұны тым жұқалтаң жүзді, жіңішке тұлғалы жігіт көріп қалып еді. Енді бірінші секретарьдың бойында жігер, ойында салмақ барын анық байқасып отыр.

Бұл кезде бұлардың документтері толтырылып болған. Кенже әрқайсысының қолын қатты қысып тұрып жаңа комсомол билетін табыс етті; жолдамамен келгендердің жолдары болуын, тың игерудің небір қиыншылығын жеңулерін тілеп, тебірене сөз сөйледі...

Кенже аудандағы барлық совхоз комсоргтарына баса-баса айтып, қатты тапсырған: «Жаңа құрылып жатырмыз, жеріміз шалғай, қар қалың» – деген сылтау болмасын. Тың игерудің басқа да қиын, қауырт жұмыстарымен қатар комсомол билетін айырбастау ісі де айбынды міндет саналсын.

Айтқандай-ақ, жаңа құрылған аудан комсомолецтері қақаған қыс ішінде баспана салу, алыстан азық-түлік, құрал-жабдық жеткізу, жанар-жағар май тасу, тұқым дайындау секілді аса жауапты, ауыр жұмыстары қарбалас бұл ұйымдық шараны да «ДТ»-ларымен дүниені дүбірлете жүріп абыройлы өткізді. Күнделік дәптерінің тағы бір бетіне: «Ұлы істің дүбірі күшті» – деген түйінді ойды түртіп қойғаны сол кез болатын.

Көктемде жаяу Есіл кешпей...

...Бюро мәжілісінің ұйғарымы бойынша Кенже сапарға шыққанда аудан орталығынан «Отрадный» совхозына Есілдің батыс беткейімен баруға, машинамен жүруге мүмкін болмай, жол бұзылып та кеткен еді. Осы тұстан өзеннің арғы жағынан жаяу өтіп, күнгей беттегі ауыл-селолар арқылы жетпесе болмайды. Кенже өзен басына келіп, Есілдің үстін қызылсу алып кеткенін көрді. Суға үңіліп қарағанда, шатынап-шатынап жарылған жасыл мұздың әр жерінде ойдым-ойдым шұңқыр барын да байқады. «Нар тәуекел!» – деп керзі етікпен кешіп өтуге бел буып, шеттегі ойықтан аттаңқырай мұзға түсіп, ілгері жүре бергені сол, машина гудогі естілді. Аупарткомның шофері кабинадан жүгіре шығып, анадай жерден бір ұзын таяқ тауып әкелді де, сонымен алдындағы мұзды түртқілеп, нығыздығын біліп отыруды, қатты қойып қалып, мұзды ойып алмауын кеңес етті. Өзі бұл аржаққа өткенше қарап тұрмақ.

Қызылсу жайлаған өзенді жалғыз өзің көктей өтіп бара жатқанда артыңнан кісі қарап тұрғаны демесін болады екен, бірақ ол қарап тұрғанда кері қайтуда келіссіз. Таяқпен тықылдатқан тұсқа аяғын еппен басып, біртін-біртін ілгерілеп барады. Табаны тайғанақтап, тәлтіректеп те кетеді. Сол қолы ербең ете түсіп, оң қолымен таяқты сүйеніш қылады. Таяқты көбірек қозғап, аяқты жиі адымдаса, айнала су лайланып, алдын анық көрсетпей де қояды. Ондайда сәл тоқтап, суды тұндырып, жүрер жерін, басар тұсын байқап алады. Әрбірден соң қорқыныш сезімі тарап, бой үйреніп, аяқты басуға айналды. Арғы шетке жақындадым-ау деген кезде бойын жазыңқырап, басын көтерген дөңестен бері құлаған екі-үш салт аттыны көзі шалды. Артына қараса, шофер жігіт те көз алмай бақылап тұр. Таяғымен тағы бірер нұқып, жасыл-көкшіл мұзды бір басып, екі басып, салмағын сала бергені сол: күмп етіп мұздай суға түсті де кетті. Түгел батып кеткен жоқ, басы сыртта, мойны ілгері созылған күйі жандәрмен жағаға қарай ұмтылып, барынша тырмысып бақты. Бойы ұзындығының бір пайдасын көрді-ау деймін, аяғы жерге тиіп, қолы жиекке жете бергенде әлгі бөгде жандар да аттан түсе-түсе қалысып, мұны жеңнен тартып, қолтықтан көтеріп, суын сорғалата сүйретіп алып шықты.

Ой-шайға қаратқан жоқ, атқа мінгізіп дүсірлете жөнелісті. Сөйтсе, мана өзін салқындау шығарып салған Ақпан арғы жағадағы совхозға рациямен хабарлап, қарсы алуды, барар жеріне жеткізіп салуды тапсырыпты.

Малмаңдап басып келіп түскен үйінде ыстық шай ішіп, үсті-басын құрғатып алысымен ол тағы жүрмек болды. «Қон» дегенге көнбеді. Ат сұрап алып, «Отрадныйдың» дәл тұсына жеткенше шапқылады. Бұл жерде оны совхоз тұрғындары жалғыз жіберген жоқ. Бір мықты жігіт арқанның бір ұшын беліне байлап, өзі – алда, мұны – ортада жүргізіді де, арқанның екінші ұшын жағадағылар ұстап тұрды. Әйтпесе Кенженің манағыдай жалғыз тартуы нағыз қатер болатын.

Бірақ ойланып жатпай-ақ отқа-суға қойып кететін сәттер ол кезде көп кездесуші еді ғой. Мәселен, Кенже сол совхозға келген тұста осында бағалы жүк алып келе жатқан автомашина өзеннен өте бергенде мұз ойылып, суға батқан да, жүргізуші, әзер аман шыққан. Төтенше жағдайға тұра ұмтылысқан комсомолецтердің бірі – Владимир Домбровский сырт киімдерін шеше салып, мұзды суға қойып кетпей ме келіп. Содан тросты лектіргенге дейін бірнеше рет сүңгиді. Ақыры автомашина сыртқа сүйреп шығарылған-ды. Енді жігіттер Домбровскийді қоршап, тон жауып жатқанда оның:

– Дегенмен, суың салқындау екен, – деп, тісі-тісіне тимей, тізелерінің дір-дір қаққаны бар. Міне, сондықтан да Кенженің:

– Қайда жүрдің жас жігіт, Көктемде жаяу Есіл кешпей, Ұйықтамастан вагоншікте бел шешпей? – деуге толық қақысы бар еді.

Комсомолмен егіз

1968 жылдың күзі. Ленин комсомолының, еліміздің жас қайратының жартығасырлық, мерекесі кезі. Жастармен қызықты кездесулер, салтанатты мәжілістер, қуанышты құттықтаулар. Көк конверт, ашық хаттардың ішінен Кенженің көзіне ежелгі танысы Максим Головиннің хаты оттай басылды. Оқи бастағаннан-ақ сол бір тыңнан жаңа өмір жасаған қиын да қызу кезеңнің сақталған жәйттері тағы да елес бере жөнелді...

Максим бастаған комсомолецтер март-апрель айларында 4 пәтерлік үйді салып үлгерді де, құрылыс жұмысын одан әрі өрістетті. Жастың аты жас емес пе, күндіз қаурыт еңбек етсе, кешкісін киноға келеді. Май туа би алаңын да жасап тастады. Көркемөнерпаздар үйірмесі де құрыла кеткелі тұр, бір-ақ баян бар, баяншы жоқ. «Не қылып музыка білетін біреу табылмайды?» десе, тракторист Петр Савин гармонь тартады екен. Оған: «Кәне, Петя, қол босыңда баянға отыр, тез арада үйренетін бол» – деген тура комсомолдық тапсырма берілді. Содан ақыры: «Бүгін концерт және би. Баянды П. Савин тартады» деген афиша ілінгенде қандай қуанышты болды десеңізші. «Сол күндер есіңізде ме?» – деп жазыпты Максим. Неге есте болмасын, жымың қаққан жұлдызды кештер, ай сәу-

лесі астында қызылшырайлы қыздармен дөңгелене билегені, өзі де қазақ әндерін шырқағаны әлі есінде Кенженің.

«Капитолина Кобзеваны білетін боларсыз?» – депті. Білгенде қандай, 1956 жылдың көктемгі егісі кезінде алғашқы борозданы тартар алдында Максим мен Кенже екеуі бастап трактористерді танапқа салтанатпен түсіруді ұйымдастырмап па еді? Сонда Кенже совхоздағы мектеп оқытушысы осы Ковзеваға пионерлердің құттықтауын әзірлеуді тапсырып, салтанат үстінде оның өлең шығаруға бейімді, талантты жас екенін танып еді ғой.

Жалпы 1956 жылдың егіні ерекше бітік шығып, алқаптары дариядай жайқалып, шайқалып кеткені мәлім. Қазақстандық тұңғыш миллиардты берген сол бір орасан орақ тиісті үлесін қосқан Державин аудандық комсомол комитетінің бірінші секретары Кенжебай Бекбаевтың омырауына Отан наградасы – «Құрмет белгісі» ордені тағылып еді.

Максим осыны еске түсіріп, орыс адамына тән әділдікпен: «Сіз комсомолдың даңқы мен абыройына көп үлес қосқан кісісіз, шын құрметке лайықсыз» – деп ашық айтыпты. Бұған тағы бір мысал ретінде оның Целиноград автомобиль транспорты техникумының директоры болысымен осында арнаулы оқу орындары оқушыларынан тұңғыш рет студенттік-құрылыс отрядын ұйымдастырғанын, сол орайда он жылдан кейін баяғы игерілген тың – Державин ауданына барып қайтқанын ауызға алыпты. Содан сон Кенженің көп жолдастары қоя беретін бір сұрақты бұл да алға тартыпты. «Сіз туған күніңізді айқындадыңыз ба?».

Кенженің бұл күнде жасы тоқсаннан асқан анасы көпей ұлы Кенженің 1928 жылы қоңыр күзде туғанын еске алады, бірақ дәл күнін білмейді. Сондықтан Кенже қызметтес жолдастарын, еңбектес достарын ылғи мереке күндері шақырып, «бүгін мен туған болайын» – деп әзілге айналдыратын. Бірде мынадай ойға келді: «Қоңыр күзде дүниеге келгені рас болса, мұның туған күні – 29 октябрь неге болмайды? Қанша жыл комсомол ісіне жастық жалынын берді. ВЛКСМ мүшесі болып, комсомол қызметіне жүріп өзі де өсіп ержетті емес пе? Комсомолмен егіз екендігіне дау бар ма? Ендеше лениншіл жастар ұйымының құрылған күні – мұның туған күні».

Кенже комсомол қызметінде сегіз жыл болыпты. Соның ішінде сонау бір – қысында трактор будкесінде шайқалып, қарағай вагоншікте қалғыған көктемінде көк Есілдің суын кешіп, алтын күзінде дән дариясына бойлаған 1956 жылды ерекше еске алады. Әр күні аптаға бергісіз, аптасында айлық жұмыс бітетін, бір жылы бір ғұмырлық жүк арқалаған аса қызу, қауырт қайсар шақ еді ғой ол. Бұрынғы комсомол жетекшісі, коммунист Кенжебай Бекбаев өзін тында түлеп жетілген азаматпын деп есептейді.

«Коммунизм нұры» газеті

ҚЫЗЫЛ ҚАҒАЗ

Шайлығып қалған жүрек үрейшіл келеді ғой.

Қорғанның шешесі жалғыз баласының комбайнға отыруын қауіп қылады. Бала дегенде отызға келген, отау құрған соқталдай азамат. Сонда оны ораққа емес, қырғын ұрысқа жіберіп тұрғандай. Үйдің алдынан шығатын үлкен қара жолмен ауыл сыртындағы дөңге қайқаңдай көтерілген қан күрең машинаны көзі жасаурай ұзатады. Өзі жұмыстан қалған бес жылдан бері солай.

Қорғанды аттандырысымен күні кеше құрған өрмекке отырар еді. Өрмектің әуресімен көңілі бөлініп, күпті жүрегі басылардай көреді. Бірақ ұзын жел үстіндегі бір қалыпты, өнімсіз қимыл ойға бастамай тұрмайды. Алашаның тоқылған тұсын қылышымен қаға отырып: «Менің құлыным да егінді жол-жол қылып түсіріп жүр дағы» – деп ойлап кетеді. Баласымен іштей жарысқандай жайы бар. Өрмектің жүзінен ауғанында: «Қорғанжан да Сарбелді бітіріп, Басағашқа барған шығар» – деп жобалап қояды. Онысы рас та болып шығатын.

Кей-кейде үзілген жіпті жалғап жатып: «Баланың машинасы да тоқтап қалмаса игі еді, бірдемесін түзеймін деп жүріп қолын жаралап алмады ма?» – деп өз-өзінен күдіктенеді. Сол жаман ойдан тезірек құтылайын дегендей, адарғысын шірене тартып, арқау бауын өткізе салып, қылышын қағып-қағып жібереді. Содан өрмегін бітіргенше асығады. Терме тақтаны қағып-сілкіп жинап алып жатқанында баласы да комбайнын аңыздың шетіне шығарып, қағынып-сілкініп тұрар еді.

Қорғанның шешесі биыл тағы да орақ бастала өрмек құрған. Домалақтарын жүгірте жүріп байқамаған-ау, желіге аудара келе бір-ақ білді: биылғы өрмегі қып-қызыл шимандай болып шығыпты. Өзі ерсілеу көріп еді, келіні күлімсіреп: «Апа, қазір қызыл түс мода ғой ашығы оңды» – деп болмады.

Ашығы бар болсын. Күн төбеге келген тұста алдыңғысы өрмек емес, от секілденіп, алашасы алаулап кетеді. Сол от-жалын ішінен көмескі кескін – Қорғанның әкесінің жап-жас кейпі елестеп кеткенін қайтерсің. Біраздан бері түсіне де енбей, ұмыт болып бара жатқандай еді, жарықтық бүгін мына өрмек үстінен елес бергенді. Әлгі бір киноларда алдыңғы көріністердің әр жағынан бұлдыр тартып бір бейне көрінер еді ғой, сол секілді.

Енді бір сәт Қорғанның әкесі емес, Қорғанның өзі болып барады. Ойнақтаған от ішінен басын шығарып қарай ма, қалай? Әкесі соғысқа кетер кезде түскен бір суреттер сопақ айна тәрізді, айналасы сызық-сызық болып келетін. Тек жай сызықтар емес, Қорғанның жүзін қоршай жалын тілі жалақтағандай.

«Апыр-ай, бұл не боп кетті?!» – Қорғанның шешесі қылышын кілт тоқтатты. Атқа шапқан адамдай еңкейген күйінен ерге отырғандай сылқ ете түсті. Керілген жіп, терілген тақта дір-дір етіп, қайық қалтылдағандай болып кетті.

Қорғанның шешесі көзін оң қолының ортан саусағымен сүзе сүртіп, ұзақ иілген кеудесін жаза керілді. Иегін көтеріп алған күйі көзін аша беріп еді, жыпылық-жыпылық етіп, сығырая қалды. Күн тас төбеде шақырайып тұр екен. Қызғылт сары сәулесін молынан шұбалтады. Төңірек түгелімен самала нұрға малынған. Сары бел атанған дөңестің үсті май салып пісірген сүттей кілкіп тұр.

Сағымды сәуле көзін қарығандай болғасын қарсы көшеге қараған. Кеңсе жақтан үш-төрт кісі келе жатыр екен. Қақ-соқта жұмысы жоқ, баласынан басқаны білмейтін (сонысымен «Қорғанның шешесі» атанған) әйел «бұларың кім?» демеді. Жығылып жатқан адарғысын тұрғызып қойды. Арқау жібіне оралған қыл-қыбырды аршыды. Сөйте отырып жаңағы кісілерді қайта көрді: екі еркек, бір әйел.

«Е, болсын. Нем бар менің?» – деп Қорғанның шешесі қылышын қаға беріп, кідіріп қалды. Жайшылықта жасай бермейтін қылық көрсетті. Көзін қолымен көлегейлеп, әлгілерге тіктеп қарады. «ауыл совет, әлгі рабочком қыз, мұғалім бала ғой» деп шырамытты. Соларды санап отырған кісіше қылышын үш рет нығарлай қақты. Қақты да қайыра тоқтады. Жүрегі аласұрып аузына тығылғандай болды.

Үшеуі тура осылай беттеп келеді. Адымдары нық, жүздері тым байсалды.

Үйден келіні шыға беріп еді, анау әйел бұрылып барып, сол қолымен иығынан қаусыра құшақтап алды. Оң қолының алақанымен аузын қаққыштағандай, «сабыр, сабыр» дегендей қылды. Соның иегімен осы өзін нұсқағандай болды.

Бәрі бұған жақындап келіп, жамырай сәлем берісті. Белі ұйып қалған екен, ауырсына тұрып, әрқайсысының қолын алды. Жиырылыңқырап қалған көйлегінің етегін жазып, орамалын түзеді. Аяқтарының әлі де болса қалтырап тұрғанын сезді.

Сөйткенше болған жоқ, совет председателі жаңағы сары шашты әйелдің сөмкесінен шыққан қып-қызыл қағазды өз қолына алып, қою дауыспен сөз бастады:

– Ал, шешей, совхоздың әкімшілігі, партия ұйымы және кәсіподақ, жергілікті Совет бар... балаңыздың...

Сол кез Қорғанның шешесі түбінен опырылған ағаштай сәл бұрыла, салмақпен құлай берді. Келін!:

– Өй, апа! – деп шыңғыра, екі қолымен екі қолтығынан ұстап үлгерді. Басқалар демеп, сүйей берісті. Әлгінде астына салып отырған көрпешені басына төсеп осы жерде тыныс алдырмақ болысты. Келіні енесінің омырау түймелерін ағытып жатып:

– Күн өткендікі ғой. Басы айналып кетті-ау деймін. Әлі түстік тамағын ішкен жоқ, – деумен болды.

– Надо же, – деді сары шашты әйел.

– Өрмекке төніп шаршап-талған ғой, – десіп жатыр өзгелері. Біреуі жібек орамалмен бетін желпи бастағанда, келіні жүгіріп барып салқын су әкеп басты маңдайына.

Сәлден соң Қорғанның шешесі көзін ашып, бәріне бажырая қарап отті. Тамам елдің алдында сұлап жатқанына қысылғандай қабағын шытты. Келініне қолын созып: «көтер» дегендей ишарат қылды. Екі жақтап, сүйеп тұрғызып, сүйеп отырғызғанда терең күрсініп дем алды.

– Апай-ау, біз сізді қуанта келсек, сіз біздің зәремізді ұшырдыңыз ғой, – деді председатель ресми даусын қойып, жайшылықтағыдай жайраңдап. – Балаңыз передовик болып тұр ғой. Комбайнында Қызыл жалау желбіреп жүр. Ал мынау қызыл открытка... сізге... Құттықтау хат қой.

– Әйтеуір, аман ғой өзі.

– Е, аман болмағанда. Айдақтатып жүрген жоқ па? Кеше үш норма берді!

– Жарайды. Жарайды, шырақтарым. Көп рахмет! Ал үйге жүріп қымыз ішіңдер.

Әлгінде абыржып қалғандар қымыздан бас тартайын деп еді. Қорғанның шешесі қолынан тартып тұрғызып жатқан сары шашты әйелге:

– Әйда, домой, қымыз пить, – деп бір-ақ кесті.

Балдай қымыздан қатты бір жұтқан председатель:

– Фермаға деген кілем – келініңіздікі, механизаторларға дегені – Қорғанбектікі, алашаны қайтесіз? Денсаулығыңыз мықты көрінбейді ғой,– деді.

– Оның жөн ғой, бірақ... – деп, Қорғанның шешесі үстел жапқыштың жібек шашағын уқалай отырып қалды... – Онда сенің әкең басқарма еді... Онда да осы августың аяғы еді-ау. «Үйге кіріп қана шығайын» деп қырманнан келгенім сол, әкең бастаған бір топ белсенді сау ете түскені. Әкең марқұм тікбақайлау кісі еді, қолына бір қағазды ұстап тұрып: «Тұрсын, берік бол. Солай да солай...» – деп саулатып қоя берді. Қорғанның әкесінен «қара қағаз» келген екен... – Жаңа сенің қолыңдағы тағы да қара қағаз тұрғандай көрініп... көзім алды қарауытып кеткені...

Қорғанның шешесі зерлі шашақтарды қайта-қайта талшықтап, төмен қарап отырып қалды. Үйдің іші ауыр үнсіздік басты.

– Сөйтсем, бұл Қызыл қағаз екен-дағы. Құлнымның нарттай қуанышы екен ғой... Іш, ішіңдер... Балаға айтпай-ақ қойыңдар...

ШЕР ЖҮРЕКТЕН ЖАЛЫН АТҚАН

Залдың шамы сөнгенде өнер шоғы жайнайды. Елдің назары сахнаға ауған. Оркестр үнінде әлденендей беймазалық, әбігерлі үрей бар. Шымылдық сырылғанда күреңіткен тау жоталары күдірейіп, асу берместей атойлайды. Қатал тағдыры қамалы тектес.

Сахнаға жанұшыра шыққан Ажар ару сол тығырыққа келіп тірелгендей. «Айдар жаным, қайдасың?!» деп шырқырайды. «Қуғын жақын, мертікті атым!» деп жеткен өкініштi Айдардың иығында – қоржын, жүзінде – шарасыздық... Қатер шақта әйел заты, Ажар дәті махаббатқа қалай берік, қандай жанкешті десеңізші: «Сен қаш, мені-ақ байласын!» деген байлау жасайды. Бұған Айдар жауабы да жарасымды, ер жігітке лайық. «Одан да ажал алсын! От боп жанған жансын!» дейтін егіз тілек қосылып, әуен болып өріліп, Айдар-Ажар дуэты кетеді...

Әңгіме сахна шымылдығы ғана емес, театр маусымының да осылай ашылуында. Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік Ленин орденді академиялық опера және балет театры өзінің 54-ші жаңа маусымын бастап, оны дәстүр бойынша Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің «Абай» операсымен ашты. Опера либреттосын Мұхтар Әуезов жазғаны мәлім. Осынау кезекті қойылым кемеңгер жазушының туғанына 90 жыл толуына арналғанын театрдың бас режиссері, СССР және Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, Қазақ ССР халық артисі, Б. Досымжанов нақты да бапты баян етті.

Әмеңгерліктен қашып, сүйікті жар құшағына ұмтылған ару бейнесі аяулы. Көрермендер спектакль бойына Ажар кейпіне ынтыға қарап, Ажар үніне ден қояды. Бұл, әрине, операдағы басты әйел партиясын атқарушы – СССР халық артисі Роза Жаманованың әншілік өнерімен, орындаушылық шеберлігімен тікелей байланысты. Ажар образын отыз жылдай сахнада сәндеп, әр қойылым сайын әрлеп-нәрлеп, шыңдаумен келе жатқан Роза Үмбетқызының үні қандай ашық, айшықты болса, сырт сымбаты да сондай келісті, сонша тартымды.

Розаның-Ажардың әр көріністегі костюмі де көз тартады. Бұл орайда операның суретшісі, Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген өнер қайраткері, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты А. Ненашевтың еңбегі елеулі деу керек.

Ажар-Роза әрекеті көңілге қонымды, көрерменге иланымды. Әнші үнінде жарықшақ жоқ, әрбір сөзі айқын, әуен ырғағы оркестр екпініне сай. Әсіресе, беті бүркеулі күйде келіп, ара бидің алдында бір тізерлей отырып айтатын, «Шер жүректен жалын атқан» ария қандай! Барынша назды, барынша сазды ария сызылтқан әншіні оркестр де бекем сүйемелдейді. (дирижері – Қазақ ССР-не еңбегі сіңген өнер қайраткері Б. Жылысбаев).

Ажардың сүйгені, Абайдың сенгені – Айдар ғой. Ғашық жігіт, албырт шақын бейнесінде СССР халық артисі Әлібек Дінішевті көріп-тыңдадық. Сахналық сырт іс-әрекеті аз, бірақ адалдық, адамгершілік жүгі ауыр, жағымды рольді жарқыратып ойнау оңай емес. Содан ба екен, Айдар – Әлібек даусы соңғы көріністе, уланған тәні қиналып, жаны күйзелген сәтте ғана ерекше сыңғырап, тыңдаушыны елжіретеді. «Айықпастан қайғы-зар, Қалмақпысың, асыл жар?» дейтін ариоза терең тебіреніспен айтылады. Ажармен «кешкен жалғыз күн – ымырты жоқ, түні жоқ, Бақыты мол, міні жоқ», сәулелі сәт екеніне елдің көңілі нық сенеді. Ә. Дінішевтің дауыс мүмкіндігіне, музыкалық мәдениетіне ешбір күдік-күмән жоқ, дегенмен оның Ажар жанында, Абай алдында ғана емес, жалпы сахнада (осы операда) әрдайым Айдар болып ойнап, актерлік өнер көрсетуін қалар едік.

Елдің жасы аға көретін, ескі мен жаңаға баға беретін басты тұлға – әрине, Абай. Операның өзі ақын қасиетін әспеттеу, халық данасын қастерлеу үшін жазылған ғой. Абай тұлғасының музыкалық мүсінделуі аса бай, айрықша жомарт. Спектакльдегі әр көріністің көркін ашып, қорытындысы болып шығатын Абай ариялары бүгінде көпшілікке жариялы. Соны сахнадағы өмір ағысында, оқиға барысында тыңдау тым әсерлі. Абай партиясын атқарушы – СССР және Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, СССР халық артисі Ермек Серкебаев ең алғаш: «Араша! Тоқтат! Жан сауға!» деп, сахнаға шыға келген беттен бастап, спектакльдің соңына дейін абзал аға, қамқоршы-пана кейпінде еркін ойнап, еріксіз баурайды. Әнмен сүйініп, әуенмен күйініп, музыка тілінде мұң-наласын, ой-санасын паш ететін парасатты Ермек Абай келбеті ерекше бедерлі. Айтпасқа болмас – Ермек-Абайдың сахнада көбіне көзін жұмып жүретіні көңілімізге қонбады-ақ.

Жұрттың бәрін шырқатып қойған операдан Абайды қолдаған халық хорын да Абайды қоршаған жаудың тобын да тыңдаймыз. Хор жетекшісі Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген өнер қайраткері Б. Жаманбаев. Қарсы жақтың, қасқой топтың бетке шығары – Жиренше. Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі Кеңес Бейсалиев бейнелейтін Жиренше – ата жолын бата торындай көксеген, бата бұзғандарды аяусыз жазалауды тілеген қандыкөз, безбүйрек. Ол Айдар-Ажарға ғана жауығып қоймай, Әзімді де азғырып, Абайға қастандық ойлаудан шімірікпейді. Көрермен көпшілік Жиреншеге жирене қарар болса, ол – әншінің жетістігі, актердың табысы деп танылса керек. Артист Қ. Құлымжанов ойнайтын Нарымбет ролі де нанымды.

Әзім – қазақ сахнасына, ұлттық опера өрісіне Мұхтар Әуезов әкелген психологиялық күрмеуі қиын, күрделі образ. Айдарды басқысы, Абайдан асқысы келетін, пиғылы жат пысықшаның өзі. Мұсылманшылық уымен уланған аяр жанның, қызғаныштан құрбыға у беруге даяр жанның зымиян кейпі артист Қанат Омарбаевтың қара ала шапанынан да, қатқылдау даусынан да айқын аңғарылады. Әзімнен түңіле отырып, әншіге сүйсіне түсесің.

Сахнаға өң беретін бейненің бірі – Сырттан (Қазақ ССР халық артисі Шора Үмбеталиев). Шораның бас дауысы, барынша ашық дикциясы тыңдаушының айызын қандырып, сақал-шашы ағарған адал бидің әділетті тұлғасын халыққа қастерлі етеді. Ендеше Сырттан ақсақалдың белін бүгілте бермеген жөн шығар.

Абайға қанат, Айдар-Ажарға қамқор Көкбай (Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген артисі Қ. Мырзабеков) және Қарлығаш (Қазақ ССР халық артисі Б. Әшімова) той алдындағы әзіл-қалжыңымен, тойбастар мен беташар айтудағы ойнақылығымен операға желпініс береді.

Екі жасты қосу тойының сән-салтанаты сахнаны көріктендіріп тұр. Абай алдындағы жастар сауығы жарасымды. Тал шыбықтай бұралған қыздар биі әсем. Әсіресе топтан озық, жеке дара билеушінің өнері балет солисі Людмила Ли ақ қанат көбелектің көгалда ойнауындай әсерлі.

Тағы бірер ескертпеміз бар. Билер айтысы өтетін сахнаға қараңыз. Егесте тұрған екі жақтың адамдары келеді. Киім, қимыл жөнінен бір-бірінен айырғысыз. Тізіліп келіп, тізбектеліп бұрылуы сәндік үшін болсын-ақ. Бірақ тұтқынға түскендердің қару-жарақ тапсырғандай бұлардың бәрі қамшыларын жерге тастап, үйінді қылуы қалай? Қазақ қолындағы қамшысын қызғыштай қорып, араласып, ауысып кетпеуін көздеуші еді ғой. Қамшы тастату қажет болған күнде де, бір жерге үйгізу жөн бе? Екі жақ екі жерге қойып, қамшылар да қарсыласып жатуы керек қой. Қамшы тастап өтушілер бір-біріне ажырая қарасып өтудің орнына кейбіреулері кеудеге қолын басып, мүридтей мүләйімситіні несі?

Осы тұрғыдан Абайға қамшы ұстатудың, оны үйіндіге тастатудың тапқырлығы шамалы. Абай, Жиренше, Нарымбеттердің қол алысып, амандасып жатуы да артық сияқты. Дауға келгендердің текетіресте тұруы қисынды емес пе?

Дау үстінде даяшылардың қымыз таратып, тостаған ұсынып жүруі қалай? Жұрт жүгініске келіп отыр ғой. Ажар-Айдар тағдыры, Әзім шешендігі, Абай көсемдігі сынға түскелі тұрған жоқ па? Бұл тұста Жиренше тобыры да, Абай шоғыры да өз биін қоштап, қозданып отыруға, қозғалып отыруға тиісті ғой. Екі жақтың алма-кезек атып тұруы бар, бірақ ол аздық етеді.

Бұрынғы қойылымда, Айдар сахнада, Ажардың көзінше үзілетін. Қазір ол тасадан шығып, сахнаға гүрс етіп құлап, аунап түсіп, шалқалайды екен. Шаңға аунаған артист аянышты. Сосын оны бір топ кісі табыт тәрізді көтеріп әкетеді. Мұның мәнісі қалай, қисыны кәне?

Спектакльдің аяқталуы өте мәнді. Айдарды жоқтаған Ажар зарына халық хоры қосылып, сыңсиды. «Сар далада сарылған ел, Арман алыс, өмір шақ» деген Абай да шер жүректен жалын атады. Бірақ бұл тұста ол қалың халық ортасында. Ілгері шығып, алға беттеп келеді. Болашаққа қол созып, үміт артқандай! Опера аса шырқау күйде, жарқын тәмамдалады. Театр маусымы сәтті басталды.

«ҚЫЗ – ЖІБЕК»

«Қыз Жібек» қиссасын елден естіп, кітаптан оқып, жаттап өскен жандарға, «Қыз Жібек» операсын астана театрында тыңдап, ауыл клубында өзі де ойнап көрген адамдарға «Қыз Жібек» кинофильмін барып көру жай ғана сейіл-серуен болмаса керек. Бала күннен құлаққа сіңген қызық хикая, әсем жыр, әсерлі сыр нақтылы көріністе қалай айналар екен? Асқан сұлулық, айрықша сүйкімділік үлгісі – қиялдан туған «Қыз Жібек» экранға, елдің көз алдына қалай, қайтіп шығар екен, нендей кейіп, не сымбатта келер екен? Сол Жібектің ықыласын аударып, ынтызарын туғызған назды, нәзік, ер Төлеген ел күткендей болар ма? «Қыз Жібектің» қымбаттылығы сонша, көңіл осылай қобалжымай тұра алмайды.

Сөйтіп келіп көргенде фильмнің оқыс сурет, оқшау көріністерден басталуы да, шынын айту керек, адамды тіксіндіріп: «апырай, бұлай емес еді ғой» – дегізіп, дегбірсіз күйге түсіреді. Беймәлім бір жағдайға еріксіз жетелеп қосқандай, өз-өзіңнен тартыншақтап, қарауытқан кадрларды біртін-біртін айқындап, тың туындының тынысын бірте-бірте қабылдай бересің. Ақыры, ию-қию көп кісі, көшкін әрекеттің арасынан Қыз Жібектің нұрлы жүзін, ер Төлегеннің сындарлы сымбатын бір ғана көріп қалғанда арқаңнан ауыр жүк түскендей боласың.

Қазір әдеби туындыны экрандау етек алып кетті. Сценарийі жеткілікті орталық студиялардың өзі сөйткенде сценарийға зәру «Қазахфильмнің» халықтық қазынаға, тарихи мұраға қол созуы әбден түсінікті еді. Алайда сол аяулы жыр, асыл қазынаны көптің көңілінде жүргеніндей етіп экранға шығару, кино тілінде сөйлету оңай емес-ті.

«Қыз Жібекті» қисса түрінде түсіре берудің қисыны жоқ. Фильм-опера етіп шығарудың да қызығы шамалы. Ал Ғабиттің алғашқы сценарийындағыдай қастерлі де қайғылы махаббат жәйлі сырлы, шерлі картина жасаса қайтер еді? Бірақ одақ көлеміндегі, шетелдік экрандағыны есептегенде, өз дегеніне жете алмаған арманды ғашықтар жәйлі фильмнен көп не бар? Тіпті «Қазақфильмнің» өзі осы Ғабеңнің сценарийі бойынша «Махаббат дастанын» («Қозы Көрпеш-Баян сұлуды») шығарған жоқ па еді? Ендеше бұрынғыны қайталағанда қандай қасиет бар? «Соңғы түйенің жүгі ауыр» дегендей, Жібек – Төлеген – Бекежан хикаясы осы заманғы кинолентаға қойылатын зор талапты көтере алмаса, не болмақ? Үш адамның ұнату, ұнатыспауы қылығын, екі рудың егесін ғана жырлау емес: соны туындатып отырған дәуір сыры ашылса, замана күйі шертілсе, бүкіл халық тағдыры көрсетіліп, қазақ тіршілігі баяндалса, байыпты да бағалы емес пе? Міне, фильмнің режиссері Сұлтан Қожықов сценарийсі Ғабит Мүсіреповпен келісе отырып, осындай шешімге келген де, қисса «Қыз Жібекпен» туыс болса да, тұлғасы бөлек, түрі басқа жаңа

туынды жасаған. «Қыз Жібек» кинофильмін көрген бетте танысымыз танымастай өзгертіп кеткен сияқтанатыны, жақынымызды жатсырап қалғандай болатынымыз содан.

Киноны көргенге дейін көп күдік тудыратын Қыз Жібек образы еді ғой. Қиссадағы ғажайып сипатына қоса операда Күләш жасаған жарқын бейне – қайран Гәкку әлі күнге дейін құлақта тұр. Және әркімнің өз көңіліне ұялаған өз көкірегінде аялаған армандай Жібек кейпі бар емес пе? Міне сол тұрғыдан алғанда актриса Меруерт Өтекешева қалың көпшілікті түңілтпегені, түр-тұлғасы, қимыл-қылығымен ұнамды көрінгені, сәтті шыққаны даусыз. Фильмнің алып отырған әлеуметтік тарихи тақырыбына орай мұндағы Жібек сұлулығына қоса сұңғыла ойы бар, ақыл-парасатына қажыр-қайраты тең саналы бойжеткен болып бейнеленген. М. Өтекешеваның Жібек ролін ойнауы өте жатық, жасандылығы жоқ.

Төлеген роліндегі Құман Тастанбековтің қанталаған қырғи көзді қырлы мұрын, келісті келбетіне сүйсінумен бірге сылаң-сидаң тұлғасына қарап «батыр деуге балаңдау» деп алаңдап та қалғандаймыз. Бірақ Төлеген-Құманды бірден биікке көтеретін оның іргелі ойы, ірі сөзі. Елді бітімге, бірлікке шақырумен бірге намыс қызғанда, нағыз сын туғанда көрсетер күші, қайтпас қайраты жеткілікті екенін Бекежанмен жекпежек сәтінде, елдің туын қорғаған ұрыс үстінде көріп-біліп, көңіліміз тола түседі. Ақбоз ат үстінде аңқылдай, тартқан кезде опасыз Бекежан атқан жебе ту сыртынан қадалып, аузынан қан құсатын; қанаты қайрылған құстай жан ұшыратын сәтіндегі Құман-Төлеген әсіресе әсерлі.

Асанәлі Әшімов қазіргі кезде «Қазақфильмнен» шыққан картиналардың көпшілігінде ойнап, әр фильм сайын шеберлігі арта түсіп, өсіп келе жатқан артист еді. Ал мына Бекежан ролінде ол тіпті жарқырай көрініп, объектив алдында қиналмай ойнайтын киноактер ретінде қапысыз танылады. Жер тепсініп, шырқ айналып, шиыршық атқан атындай өзі де елеуреп, көзі де ойнақшып, кескінінде кекесін, миығында мысқыл пайда бола қалып, қырық құбылып-ақ тұр. Білектің күшін, найзаның ұшын намыс отымен шағылтып өскен ең даланың еркін ұлының асау қанын айнытпай-ақ берген. Бұл қалыптағы Бекежан тіпті қиссада, операда айтылатын «қанды балақ қарақшы, атаңа нәлет Бекежан» дегендерден алыстап, асыңқырап кеткендей. Бірақ оның өзгеге тасыр күші Төлегеннен басым емес пе, рухани дүниесі Төлеген – Жібектерден әлдеқайда әлсіз, кенде, кедей. Міне, ол сондықтанда да әлсіздердің әдісі – арамзалыққа басып, опасыздық жасайды, сертті бұзып, уәдені жұтып, бірлікке ірткі салады.

Фильмнің ең басты ерекшелігі де, айрықша сүйсінтіп, сұқтандыратыны да оның әшекей-ажары, бояу-түсі, бай декорациясы. Мұнда даланың дарынды ұл-қыздарының қолынан туған небір көркем қолөнер үлгілері, халықтың байырғы жиһаз, бай дүние-мүлкі ұлттық айшық, зерделі зер-

өрлік туындылары молынан орын алған. Бұрынғы бір кинокартиналардағыдай өңкей мола, өңсіз дала болып кетпей, жердің де небір сұлуы, судың да небір айдыны, тау мен тас та талғаммен түсірілген. Әсіресе, ағаштардың бабы түзеліп, небір сәйгүліктер жиналған екен. Тіпті тым айғынатып, құлпыртып, әспеттеп жібергендей-ау деуге де келеді. Бірақ мұның өз мәнісі бар: бүгінгі ұрпаққа бұрынғы ата-бабалардың осындай өнер-өрмегі, тұрмыс-тірлігі, сән-салтанаты болғандығын паш етіп, соны танып-білуге шақыру – елдің маңдайына біткен жұлдыздардың, яки фильмді қоюшы-түсіруші режиссер, оператор, суретші, композитор қайраткерлердің қауым алдындағы парыз-қарызы. Осы ретте фильмде өткен өмір, көне дәуірдің салт-санасы, әдет-ғұрпы, жөн-жобайы: ел шабу, ырымта алу, батырлар жекпе-жегі, иесінен айырылып, найзасы ерге шаншылған аттар легі, отқа май құю, домбыра мен қобызға қосып сарын айту секілді этнографиялық эппизодтар одақ көрермендеріне таңсық болары; шығыс зерттеушілеріне қымбат көрінері сөзсіз.

Алайда, осы жерде көңілге тағы дау келеді: «Жиһаз-мүлік, ою-өрнек, киім-кимешекті көп көрсеткісі келген соң атышулы он бес қыздың көшін, Қыз Жібектің нөкерлері шеруін неге көрсетпеген? Ол өзі киноға тіленіп тұрған көрініс емес пе?» – дейсің. Бірақ мәселені бұлай қояр болсақ, «неге жоқ?» – дейтін дүниелердің көбейіп кетері анық.

Ал көз алдымыздағы көріністерді алатын болсақ, айдыннан аспанға бірде қалықтай ұшып, бірде үрке көтеріліп, ең соңында біржола безіп бара жатқан алты аққудың сұңқылы әдемі де әсерлі. Фильмнің өзі көтеріңкі-лепті (романтикалық) сарында түсірілгендіктен мұндай жанама, сырлы сипаттамалардың қадір-қасиеті мол. Жалпы алдағы уақытта түсірілетін қазақ картиналарына осындай астарлы, бейнелі әдіс-амал қолданған ұтымды болатындай.

Фильмде музыка көп. Қазақ домбырасының мүмкіншілігі молынан-ақ қамтылған. Көне аспаптардың да үні орынды пайдаланылған. Бірақ екі сериялы киноны көріп шыққанда үйге ыңырси қайтатындай бір нақты әуен, құлақтан кетпей ызыңдап тұратындай ырғақты мелодияның болмауы өкініштірек.

Түсірілген лентаны монтаждай келгенде қысқарып кеткендей келте көрсетіліп, шолақ қайрылатын тұстары да бар-ау. Оның есесіне Төлегеннің тасқа таңба қашап, Жағалбайлы белгісін салуы секілді басы артық кадрлар жүр. Бұл тіпті Төлегеннің елді бірлікке шақырған өз сөзіне, ой-тілегіне қайшы ғой.

Ал «Қыз Жібек» кинофильмнің алтын арқау, алқалы идеясы, айтар ойы, ұрпаққа ұсынар өнеге-мұраты – ел бірлігі, жер азаттығы, халық қамы. Сол үшін де ол қымбат.

«Коммунизм нұры»,
9 декабрь, 1971 жыл, № 243

АҒАЙЫНДЫ ҚАРАМАЗОВТАР

(алғашқы екі сериясы)

Құдайға құлшылық күні, ғибадатхана ішінде дінбасы, сопы-әулиелердің ірікпей айтып, «Күнәмді кешіре гөр!» – деп тәңірге жалбарына келген жандардың бірі – көрі қырқылжың, бірақ әлі тұғырдан таймаған, реті келсе сұлуды құшып, сүймекті ойлаған шалдуар шал өзін іздеп осы жерге ентелей басып, едірейе кіріп келген кексе жігітті нұсқап, әлдебір әйелдің атын атап, сонымен суық жүрісін жүгенсіздік санап, қатынды ғайбаттап, мұны қыжыртып, қылжақтай бастаса, анау мұның әр сөзіне тіксініп, әйелге таққан жаман лақабына жаны күйініп, қызғыштай қорғап, қылғына тіл қатса, қысқасы, бірі қартаң, бірі тарпаң екі еркек сол бикешті өзді-өзі өлердей қызғанысып, қол жұмсауға дейін барып қалса, ал олардың алғашқысы әкесі – Федор Карамазов, соңғысы соның баласы – Дмитрий Карамазов болып шықса, бұлардың тәжікесін бірі шошына тыңдап, бірі «шоқ, шоқ» деп тағы екі Карамазов – Алексей мен Иван осында отырса – иә, кең форматты, түрлі-түсті, көркемсуретті жаңа фильм осылай басталса, оны көре беруге көңіліңіз алабұртып, ынтызар, іңкәр болмағанда қайтесіз?

Жоқ, әңгіме фильмнің осылай оқыс басталуында емес. Әңгіме мұның адам айтса нанғысыз сол кездегі өмір шындығын, жанымызға жаға ма жоқ па, қабылдайық, – қашан да қайшылыққа толы өмірдің өзін алдымызға жайып тастауында, соның түпкі сырын түбегейлеп көрсетпейінше, жеңіл-желпі ашпауында көрермендерді фильмнің кейіпкерлерімен бірге таңғажайып тағы бір өмір кешуге бастауында.

Бұл – адам жанының алуан құбылысын күйттейтін, санқилы характерлер қақтығысып сол күйі, солғындатпай бейнелеген, ылғи ынтызарлық, құштарлықтан құралған, жиіркентіп те тамсантып та отыратын әсері күшті фильм. Дүние қыспағындағы Карамазовтардың – тіршілікке құштарлығы тізгінсіз, бас асаулығын шындықтан асырмай, жауыздығын жасырмай паш ететін, парасаттың лебі мен сезім отын шалқытып, «карамазовшылдықтың» мәнін түршіктіре отырып түсіндіретін шығарма болып шыққан.

Олай болатын жөні де бар: біріншіден, фильмнің негізіне әлем әдебиетінің аса үздік үлгілерінің бірі – атышулы «Ағайынды Карамазовтар» романы алынып отыр. Иі қанбаған, мол дүние қанша пішіп, қалай тігем десе де тігіншінің еркіне тигендей. Бірақ соңғы кезде классикалық туындыларды экранға шығару көңілден шықпай жүргенін ескерсек, «Ағайынды Карамазовтар» фильмі, түпнұсқаның тура өзіндей болмаса да, одан алшақ әкетпей, көбіне барабар келуінің басқа да сырлары бары сөзсіз. Сол ретте мұның сценарийін өзі жазып, оны қоюшы режиссер Иван Пырьевтің ең алдымен көкейге сап ете түсіп, асау қанды мінезімен, шалқымалы шабытымен танылған талантты суреткер турасында ойға кетеміз.

Өмірдің шындығын іздеген, өнердің шыңын көздеген бұл режиссер оған дейін де Достоевскийдің дария творчествосына бойламақ болып, «Ақ түндер» повесі мен «Нақұрыс» романын экраннан «оқытып», жүйкені жұқартқан. Бұл жолы ол адам психологиясының асқан шебер суретшісінің ең соңғы, ең күрделі шығармасын үш сериялы кинотуынды етуге кіріскен. Мұны ол он жыл бойы ойластырып, арман етті. Ақыры алғашқы екі серияны ғана түсіруге үлгеріп, өзі де қайран өмірмен хош айтысты.

Даналығында дау жоқ, бірақ тұңғиық ойларын ұғуымыз қиын ұлы жазушының творчествосын Пырьев бойынша сүйген, өзінше түсінген, тереңірек түсініп, жете ұғыну үшін үнемі зерттеумен болған. Яки «Ағайынды Карамазовтарды» кино етуге еркі де, әзірлігі де, мүмкіншілігі де бар еді оның. Бұл жауапты іске жан сала кірісуі де сондықтан.

(Біз Ф. Достоевский романының мазмұнын оның кейіпкерлерінің ішкі өмірі (жан дүниесі) арқылы бейнелеп беруді көздедік», – деген екен режиссер. Яки ол әдеби шығарманың мазмұнын қуалап ұсақтамаған, «мотиві осы» – деп өз ойын қосақтамаған. Романды бұрын оқыған кісі ондағы оқиғаның, адамдардың фильмде үштен бірі ғана қалғанын картинаны көріп отырғанда: «өзгесі қайда?» – деп ойлауға мұршасы да келмейді. Ал романды әлі оқымаған көрермен көз алдынан өтіп жатқан өмірден басқасын дәл сол сәтте керек қыла қоймайды. Тек кинодан шыққасын ғана: «Карамазовтар сырына қанығa түсу қажет екен», – деп елегізеді.

Сөйтіп Пырьев өз дегеніне жеткен: ол романның рухын ту ғып ұстап, маржандай мәнін, нағыз нәрін қаймақтайын қалқып алған. Көрермен қауымды – мектеп оқушысы санамай, олармен өмір жайында, адамдардың ара қатынасы хақында өзінше сырласпақ болған. Ол үшін Достоевскийдің даналығын серіктікке алып, Қарамазовтардың қатерлі де қасіретті тағдырын мысал етіп, соны экраннан елге еркін жеткізетін өнер иелерінің шеберлігін пайдаланбақ болған.

Иә, бұл фильмде ағайынды Карамазовтарды нанымды бейнелейтін актерлер ансамблі бар. Лениндік сыйлықтың лауреаты Михаил Ульянов Дмитрий Карамазовты дірілдетіп, қалшылдатып қалай ойнайды, десеңізші!

Мойнына құрық түскен асаудай бұлқынып, жаралы жолбарыстай ыңыранып ылғи ғана ашынған күйде көрінетін бұл образ бүкіл фильмнің арқауын құрап, айрықша ілтифатқа ылайық болып шыққын. Сондай-ақ өзге жұртты былай қойғанда, ұлдары алдында ұяттан жұрдай, азып-тозған арамза әке Федор Карамазов (артист М. Прудкин), көзілдірігі астынан көзіндегі ұшқынның көрінбейтіні секілді көңілдегі ойы көмескі ерінін шүйіріп, езуінен күлген Иван Карамазов (артист Л. Лавров) бейнелері де ерекше есте қалады. Ал әкесі мен ағалары арасындағы қиян-кескіге, кесапатты қылықтарға шошына қарайтын, қанталаған жанары үрейге де үмітке толы, ақыры құдайынан күдер үзіп, түңіліп, тұңғиыққа төнгендей болатын Алексей Карамазов (артист А. Мягков)

бейнесінің әзір толық тұлғаланып бітпеуі көрерменді үшінші серияны көруге ұмтылтқандай. Талантты актер Юрий Никулиннің орындауында бірден дараланып, «дәу де болса, бір сұмдықты жасайсың-ау» дегізетін жағымсыз күйінде-ақ жадымызда қалып қоятын қанипезер Смердяковтың да сыр-сұмдығы әлі ашылған жоқ. Сондықтан алғашқы екі серияны көрген де арманда, көрмеген де арманда.

Рас, бұл фильмнің баршаға бірдей жақпауы да мүмкін. Достоевскийдің дауласып, Пырьевтің пікіріне қосылмай, картинаның кей тұстарын қанағат тұтпай қалуымыз ғажап емес. Бірақ мұны көрген адам бейжай, бейтарап болып қала алмайды. Кім болса да – ағайынды Карамазовтардың қылығына іштей кіжініп, қызынып, сол үшін жанындағы жолдасымен таласып келісе алмай керісіп, немесе үнсіз ойланып, – әйтеуір көрермендер залынан көңілі толқып шығары, шиыршық атып қайтары хақ.

Целиноград облыстық «Коммунизм нуры» газеті, 1969 жыл,

ӘМІРЕНІ ТЫҢДАЙТЫН БОЛДЫҚ

Архив қазынасын ақтарғанда

Газетіміздің осы жылғы 12 марттағы номерінде Бүкіл одақтық «Мелодия» фирмасы Алматы бөлімшесінің музыкалық аға редакторы Жарқын Шәкәрімовтың «Әміре Қашаубаевтың дауысы» деген материалы жарияланған еді. Онда Москвадағы «Жазылған дыбыстардың мемлекеттік архивінде» қазақтың әйгілі әншісі Әміре Қашаубаевтың және Шахмет Құсайыновтың, Ғали Күзбеков, Зағифа Тіналина, Рахима Байбекова, Ғарифа Мурсалимовалардың дауысы жазылған валик сақталғаны айтылатын. Бұл әндердің жеке-жеке алғанда қай кезде, қандай жағдайда жазылғаны толық мәлім емес. Бізге белгілісі: тізім кітабындағы «барлық есімдердің 1933 жылы ноябрь айында тіркелгені» ғана. Материал жарыққа шыққаннан кейінгі уақытта «Әміре үнін естуге бола ма?» деген сауалмен бірнеше хаттар түсті. Осыған орай, Москвадан Ж. Шәкәрімов фонографқа жазылған Әміре дауысын реставрация арқылы қайта жарыққа шығаруға болатындығы жайында хабарлағанын айтамыз.

Біз бүгін фонографқа дауысын жазғызғандардың бірі – Зағифа Тіналинаның осы оқиғаға байланысты әңгімесін оқушылар назарына ұсынамыз.

Жуырда «Социалистік Қазақстан» газетінде Әміре Қашаубаевтың дауысы» бар деген хабар жарияланды. Атақты әншінің Парижде қалған дауысы қол жетпес дүниедей көрініп жүргенде Әміренің аңыздай үні Москвада бар болып шыққаны қалың жұртшылықты қатты қуантты. Сол қуанышқа қоса біздің көңілімізді елең еткізген бір жай: Москвада

фонографқа дауысын жаздырғандар ішінде Зағифа Тіналина деген таныс есімнің болуы еді. «Өнерге құштар, ұлттық мұраны мұқият қастерлеуші, жасында мәдени-ағарту істеріне көп араласқан Зағифа Тіналина апай емес пе екен?» – деп ойладық.

Осы үмітпен қазір пенсиядағы, Целиноградтың құрметті тұрғыны Зағифа Тіналинамен кездестік. Ол кісі осы жайға байланысты ойындағы естелігін айтты.

– Ия, Жарқын Шәкәрімовтың мақаласын оқып, шаттанып отырмын. Бізді қойшы, Әміренің дауысы табылғанын айтсайшы! – деп тебіренді апай. – Ал, енді фонографқа жазылуымыздың мәнісі былай: 1928 жылы Петропавл педагогика техникумының көркемөнерпаздары Москваға, ВЦИК-тің сессиясына қатысушылар алдында өнер көрсетуге шақырылдық. Тұңғыш қазақ хоры ретінде қатыспақпыз. Хордың құрамында 40 кісі (20 қыз, 20 жігіт) бар.

Хормейстріміз – Иван Васильевич Коцик деген кісі. Дауысымызды анықтап, үнімізді біріктіруге жанын салып баққан. Москваға барған соң тіпті көп еңбектенді. Бізді үлкен театрға «Евгений Онегин» операсын тыңдауға апарды. П.И. Чайковский атындағы консерватория залында біз өнер көрсетер күні: «Бүгін бәрі белгілі болады, бар өнерлеріңді салатын жер осы» – деп қатты толқып жүрді.

Консерваториядағы концертімізді орыс музыка өнерінің корифейлері жылы қабылдады. Олар туралы білетіндер «Біздің орындауымыздан гөрі қазақ музыкасына қызығуы мол» – деп жүрді. ВЦИК-тің сессиясына қатысушылар алдында да табыспен өнер көрсетіп шықтық.

Міне, осы сапарда Александр Затаевич бізді – хордың жеке әншілерін өз үйіне шақырып, айтқан әндерімізді фонографқа жазып алды. Мақалада айтылғандай Шахмет Құсайынов, Ғали Күзбеков, Рахима Байбекова, Ғарифа Мурсалимова және мен жазылып едім.

Қазақтың белгілі драматургі Шахмет Құсайыновтың есімі елге таныс. Рахима осы кісіге тұрмысқа шыққан еді, ертеректе қайтыс болды. Ғарифаның дауысы жіңішке болатын. Қазір тірі, Алматы мен Көкшетаудың қайсысында тұратынын білмеймін. Ішіміздегі әншіміз Ғали Күзбеков деген жігіт еді. Оның шын аты – Қали Қазбеков. Дауысы әдемі тенор еді, әттең Ұлы Отан соғысы жылдары қаза тапты.

Менің документтегі есімім Зағыпи. Ал, фонотекаға «Зағифа» деп кең таралған түрі жазылған ғой. Онда екі ән орындағанмын: халық әні «Көк көбелек» және Ақанның «Мақпал» әнінің өзім өскен жерде айтылатын бір варианты. Кейін Қазақ ССР Ғылым академиясынан зерттеушілер келіп тағы да жазып кеткен.

– Бәрін айт та, бірін айт, Әміренің дауысын тезірек естісек екен, – деп бітірді әңгімесін Зағыпи апай.

Сөз соңында бұл кісі туралы бірер дерек: Зағыпи Тіналина сол 1928 жылы қазақстандық 5 қыздың қатарында Надежда Константиновна Крупскаяның қабылдауында болған. Сондағы әңгіменің әсерімен 1929 жылдан бастап қызыл отау жұмыстарын жүргізген, сауатсыздықты

жою жолында күрескен, 8 жыл комсомол қызметінде болып, мәдениет майданында ширек ғасыр еңбек еткен адам. Қазір құрметті демалысқа шыққан Зағыпи апай әлі күнге қоғамдық жұмыстардан қол үзген емес.

«Социалистік Қазақстан» газеті,
Целиноград қаласы,
3 апрель 1974 жыл

УА, ШІРКІН, «БАЛҚАДИША!»

Қазақ радиосының «Шалқар» арнасында ақпан-наурыз бойы «Қазақтың жүз әні» деген жобаны кеңінен жарнамалап жатты. Және ең тамаша әнді таңдау еркі тыңдармандарға берілді.

Осыған мен де қосылдым. Менің атағаным – «Балқадиша» мен «Бурылтай». Ақан Серінің «Балқадишасын» алғаш рет көкшетаулық әнші Мұса Асайыновтан естіп едім. Қоңыр үнді қоңыр домбырасы қолында. Дәл осы жерде: «қазақтың қара домбырасы» деп сөйлейтіндерге жыным келеді. Қара домбыра көрген кім бар екен өзі?.. «Қара шаңырақ» деп сөйлеудің жөні мүлде басқа ғой.

«Балқадишаны» өзіміздің Ермек те айтушы еді. Бала күннен жан досым Ермек екеуміз Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь ауданындағы Көктерек ауылының тумасы едік. Ермек Ләмәлиұлы жастайынан домбыра тартып, ән айтты. Ән шырқауды жаңағы Мұса Асайыновтан үйренген. Менің үздік ән ретінде «Балқадишаны» таңдауым содан да болар.

«Балқадиша» әнінің дүниеге келуінің өзі бір тарих қой. Көкшетау облысындағы Ақан тауының төңірегіндегі ауылдардың бірінде Ақан Серінің келуі құрметіне жиын болған ғой. Сол мәжіліске Қарауыл Ыбырайдың он алты жасар қызы Балқадиша да барып, Ақанның кісі танығыш көзіне түседі. Сол сәтте Ақан көңілінде жарқ етіп (экспромт) шыққан әуен, әйгілі «Балқадиша» әні туады.

«Халық әндері мен халық композиторларының әндері» деген біздің қолымызда да бар жинақтардағы «Балқадишаның» мәтіні әр түрлі. Бұл жөнінде сөзді көбейте бермей, «Балқадишаның» мәтінін бір жүйеге келтіріңкіреген менің өзімдік нұсқам былай:

Дегенде Балқадиша, Балқадиша,
Бұралған белің нәзік – тал, Қадиша.
Сексен қыз серуенге шықса дағы,
Ішінде қара басың – хан, Қадиша.

Баласы Ыбыкеңнің – Балқадиша,
Көрген жан болады екен таң, Қадиша.

Бұлаңдап асау тайдай жүрген басың,
Боласың қандай жанға жар, Қадиша?

Қызы едің Ыбырайдың, Балқадиша,
Боларсың біздің сөзге зар, Қадиша,
Бір түгіл, екі-ай жеңгең келіп отыр,
Ұлықсат бізден сізге, бар, Қадиша!

«Балқадиша» әнін жақсы көретін, жақсы білетін жандар бірден аңғарған болар «Көрген жан болады екен таң, Қадиша» деген жаңа тармақты... Бұл сөзді мен өзім айтып отырмын. Ақан бабамыздың, ақын адамның Балқадишадай балғын сұлуды көрген жердегі көңіл күйін түсінгендіктен, сұлулықтың ақынға, Ақанға қалай әсер етерін сезінгендіктен.

«Балқадишаны» ұйып тыңдайтын жұртшылықтың кәдесіне жарар ма екен, жарамас па екен?

Көрген жан болады екен, уа, шіркін таң, Қадиша!

Әнші әлі ауыз ашпай, даусын шығармай тұрып-ақ, әнді домбырадағы алғашқы қағыстарынан «Балқадиша» екендігі танылады, өзіне тартады, шіркін! «Балқадиша» әнін орындаушылар осы үш шумағымен қанағаттанып қалса жақсы. Оны азсынатындар бар. Қосымша тағы бір шумақ тауып алушылар да табылады:

Басынан Жыландының құлағаным,
Кекілін кербестінің сылағаным;
«Кетті» деп Балқадиша естігенде,
Құшақтап қос (құс) жастықты жылағаным.

«Балқадишаны» қазақ радиосының «Шалқар» арнасында қазір Ерұлан («Ерлан» емес) Ырысқалиев «(«Рысқали» емес) шырқап жүр. Жақсы шырқайды. Әттең... негізгі үш шумаққа осы басы артық шумақты қосатыны өкінтеді.

Біз Жыландыны көрдік. Ақан тауынан оңтүстік–батысқа қарай, жиырма-отыз шақырымдай жерде. Жыландының басынан құлап кеткен кісі кекілін кербестінің сыламақ түгіл, өзінің не болғанын білмей де қалар... Сосын. Бір көрген бойжеткенді, балаң сұлу Балқадишаны күйеуге кетті деп естігенде жастықты құшақтап жылаудың, Ақанды жылатудың жөні бар ма?

Екінші таңдауым – «Бурылтай». Біржан Салдың бұл әнін Қажыбек Бекбосынов, Бағдат Сәмединова, Серік Омаров шырқағанда айызың қанады. Ал Амангелді Сембин марқұм шырқағанда, шіркін-ай, десеңші!.. итальяндық әйгілі опера әншісі Марио дел Монако бар еді ғой, соның тас тілгендей өткір даусы еске түседі. Амангелді Сембин де сол секілді екпіндетіп төндіре, төгілтіп жібергенде кереуетте жатқан жеріңнен еріксіз басыңды көтеріп аласың...

Таңбасы жоқ, ені жоқ Бурылтайдың,
Сағасы өткел бермейді терең сайдың;
Құба жолға шоқытып шыға келсем,
Жұрты жатыр, өзі-ай жоқ, қалқатайдың.

Ахау, бикем, жар-жар,
Алма мойын, ақсұңқар;
Құрбылықпен жүрдім жай,
Хош, есен бол, құрбым-ай.
Ахау, айдай,
Жариям айдай.
Жардың көңлін қалдырма,
Беу, қалқатай!..

«Бурылтайды» осылай шырқап жүрген Амангелдіні ауылдық жерден көріп, көңіл аударған Мәдениет министрі Ілияс Омаров оған әйгілі «Ла Скала» мектебінен оқып үйренуге жолдама берген ғой. Әттең, оқуды өте жақсы тәмамдап, елге келген Амангелді Сембин осы өзіміздің қазақ жігіттерінің көре алмаушылығынан, іштарлықтан даусына зақым келтіріп алған ғой.

Мұны айтып отырғаным: Амангелді Сембин туралы ешқандай жазылған деректі дүниенің жоқтығы. Ал жазылуы, айтылуы қажет-ақ. Қаршадай бала Амангелді Сембиннің өнер көгіне қалай шырқап көтерілгенін және сол аспандаған биігінен қалай оңбай құлағанын өнерлі жастарға ескерту - үлгі ретінде айтылғаны дұрыс. Құрып кеткір көре алмаушылықтан, жаман ішімдікке салынудан кейінгілерді сақтандыру үшін.

Жетпіс төрттегі мүгедек шал мен өзім «Шалқардан» үнтаспаға жазылып алынған шығармалардан концерт бергенде төсегімде көзімнің жасын сүртіп жатамын. Шіркін, «Бурылтай», қайран Амангелді-ай!

«ТОПАЙКӨКТІҢ» ӘУЕЛГІ СӨЗДЕРІ ҚАНДАЙ ЕКЕН?..

Шіркін, қазағымның әндері-ай!.. Бала кезімнен, денім сау, сырқатым жоқ шағымнан-ақ ән тыңдауға құмар едім. Енді міне жас ұлғайған кезде, аурудан айыға алмай, үйден сыртқа шықпайтын уақытта ән тыңдағаннан басқа не бітірмекпін. Екі құлағым – «Шалқар» арнасында. Жиі берілетін, жиі тыңдайтын әндерімнің біреуі – «Топайкөк». Кезінде Манарбек Ержанов шырқаушы еді, қазір – Берік Омаров шырқайды. Әннің әуені құлақ құрышын қандырады. Жиі-жиі тыңдаған соң әннің сөзіне, өлеңіне назар аударасың...

Көкшетау, Баянауыл – жер қазаны,
Елінен көктей гүлдеп шығады әні;
Баурында Көкшетаудың көкке шалқып,
Толғанып шарықтайтын (?) салған әні.

Жарылғап ескі (?) әншінің маңғазы (?) еді, дейді. Ән – Жарылғапберді Жұмабайұлының әні делініп жүр. Ендеше «Жарылғап ескі (?) әншінің маңғазы еді» дейтіні қалай? Жарылғап өзін өзі мадақтап отыр ма? Жарайды, оған да көнейік. Ал «Әнді ерттеп (?), күйді мінген (?) ардагері» дегенге мен өз басым қосылмаймын. Қазақтың рухани дүниесіндегі ең асылы – ән мен күй болса, біреуіне мінгізіп, біреуіне ерттетіп қойғызу деген не масқара!.. Қазекең ат ерттеуді, атқа мінуді бір кісідей біледі ғой. Осы тұрғыдан келгенде әнді ерттеу мүмкін емес қой, күйге міне жөнелудің жөні қайсы?.. Ұлттық ұғымымызға мүлде томпақ келіп тұрған жоқ па?..

«Топайкөк» деген сөзді мен алғаш «Абай жолының» алғашқы кітабынан көріп, естіп едім. «Ербол енді аңғарды, ән Сүйіндік аулының тұсынан шығып жатыр екен». «Ән енді тіпті, жақын естілді. Шырқап өстіліп жатқан «Топайкөк» әні. «Ырғағы көп, сезімді сұлу әнге екеуі де (Абай мен Тоғжан – Ж.Н.) бар шындығын тапсырып, бар сырларын бөледі».

Яғни, Мұхаңның (Мұхтар Әуезовтың) айтуы бойынша «Топайкөк» әнінің мазмұны «әнді ерттеп, күйге мінген» – өрескел қылық туралы емес. Иә, ел аузында «Топайкөк» әні – Қозыкенің әні, сөздері де қазіргіден мүлде басқаша» деген әңгіме бар.

Қозыке кім? Ол – Шыңғыс пен Зейнептің Шоқаннан, Жақыптан кейінгі ұлы. Оның шын аты – Сақыпкерей. Төре тұқымы балаларына әуелде шұбатылған есім, шын ат қойады. Мысалы, Мұхаммед-Қанафийа (Шоқан), Сақыпкерей (Қозыке), сосын әртүрлі атайды екен. Және шетінен білімпаз, өнерпаз болып келеді. Мәселен, Қозыке сазгер болды, ән шығарды. Сол әнді Сүйіндік ауылында жаз жайлауда табысқан жастар шырқады. Яғни, «Топайкөк» аса сырлы, аса нұрлы ән болған ғой.

Қозыке жөнінде менің айтарым осы. Шоқанның, Қозыкенің інісі – Мақы, Мақыжанның (Әбдүлмәжиттің) баласы Ыдырыстан туған, қазір көзі тірі, біздің замандасымыз Шота (Шота-Аман) Уәлиханов. Ол кісінің Қозыке туралы, оның сазгерлігі турасында не айтары белгісіз. Бір дерек айтса, жақсы болар еді...

Ал осы әңгімеге кімнің не алып-қосары бар?..

АТАҚТЫ ОРКЕСТРДІ ТЫҢДАЙМЫЗ

Қанша қарап отырсаң да көзің тоймас сұлулық, қанша татып көрсең де дәмі таңдайдан кетпес тәттілік болады ғой. Келте қайрылса да, керім толған үлгіретін қазақ күйлерінде таусылмас тәттілік бар. Ал күйдің үнін күмбірлете шығарып, ырғағын нақышты еткен: естілу қуатын күшейтіп елжіреткіш сәттерін молайта түскен ұлт аспаптар оркестрінде айрықша бір сұлулық бар.

Қарлығаш тәріздес қара фракты, ақ омыраулы оркестранттарға үйреніп қалған орыс жұлтшылығын, европа қауымын сахнаға жасыл қамзолды жайсаң жігіттердің үкілі домбыра ұстап шығуы, қызыл бешпетті қыз-келіншіктердің етек-жеңі төгіліп, қолдарына қобыз ұстай келуі ә дегеннен селт еткізіп тастайды. Бірақ мәселе сырт сымбатта ғана емес, ұлттық оркестірдің үн-әуен ерекшелігінде; орындау өзгешелігінде еді. Ұйымдастырылуының үшінші жылында онда әлі амсамбль жас коллектив Отанымыздың жүрегі – Москвада концерт қойып, астаналық аса талғампаз тыңдаушыларға бірден ұнап, жарқырай танылған-ды.

1934 жылы музыкалы-драмалық техникумның аз оқушыларынан Ахмет Жұбановтың басшылығымен ұйымдасқан ансамбльдің репертуарында алғашында тек қана халық әуендері мен халық композиторларының күйлері болатын да, жаттанды дүниелер нотасыз орындалатын. Уақыт өтіп, шеберлік өскен сайын дарынды музыканттар жалғыз күймен ғана шектеліп қалмай ұлы орыс композиторларының ұланғайыр музыкалық мұрасына қол созды: Батыс Европа классиктерінің ірі шығармаларын игеруге бет қойды. Қобыз бен домбыра, сырнай мен сыбызғы үндесіп, Қорқыт күйін тартқанын көзіне жас ала тыңдайтын қазақ жұртшылығы енді Дәулеткерей мен Тәттімбет, Қазанғап пен Дина күйлеріне қоса Глинка мен Чайковский, Моцарт пен Бетховеннің тамаша туындыларын тамсана тыңдайтын болды. Моцарттың «Рондосы» мен Брамстың билерін қайта орындатқызбаса көңіл көншімеуге айналды. Жұртшылықтың талғам-талабына көңіл қойған қазақ совет композиторлары да ел сүйген оркестрге арнап жаңа шығармалар жазуға кірісті, сөйтіп сахнадан Е. Брусиловскийдің «Желдірмесі», М. Қойшыбаевтың «Қазақстан» поэмасы, С. Мұхамеджановтың «Шаттық Отаны» шалқыды. Қазір күй атасы Құрманғазы атындағы мемлекеттік қазақ халық аспаптары оркестрінің репертуарында 600-ден астам музыкалық шығарма бар.

Бай репертуары, өзіндік орындау қабілеті, көркемдік биік шеберлігі арқасында Құрманғазы оркестрі байтақ Отанымыздың барлық концерт залдарында тыңдаушылар құрметіне бөленіп жүр. Оркестрдің жастар тобы Бухарестe өткен жастар мен студенттердің Бүкілдүниежүзілік IV фестивалінің лауреаты атанып, бас бәйгені жеңіп алды.

Туған республикамыздың музыка мәдениетін көтеруге қосқан зор үлесі үшін 1967 жылы оркестрге Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген өнер коллективіне құрметті атақ берілді.

1971 жылы Москвада өткен Халықаралық музыкалы конгреске көпұлтты Отанымызда ұлттық музыка өнерін профессионал дәрежесіне көтерген халық аспаптары оркестрінің нағыз шынайы үлгісі ретінде осы біздің оркестр қатысып, зор табысқа ие болды. Бұған оркестрдің бұрынғы шебер жетекшісі бүгінде колективке қайта оралып, оның көркемдік жағын басқарушы және бас дирижеры болған Шамғон Қажығалиевтің шабыты айрықша себін тигізді.

Міне, енді Қазақ ССР халық артисі Шамғон Қажығалиев бастаған әйгілі оркестр 26 март күні Тың игерушілер сарайында концерт қоймақ. Оркестр мен оның солистерінің орындауында небір сұлу әуен, сырлы саз өстіп, жан ләззатына жарылқанарымыз сөзсіз.

«Коммунизм нұры» газеті,
1971 жыл

«ОТЫРАР САЗЫ» ОРКЕСТРІН ТЫҢДАҒАНДА

(радиоға арналған музыкалық хабар)

Диктор: Эфирде – Қазақ радиосының музыкалық хабарлар бас редакциясы.

Сіздердің назарларыңызға «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестрі жайында жазылған «Әуен-күйдің ақ отауы» деген музыкалық хабарды ұсынамыз.

Адамның жан серігі, көңіл құштары – көркем өнер. Тынымсыз тіршілік қарекетінен, күнделікті еңбек әрекетінен қол босаған, арқа кеңіген сәттерінде әркімнің де ән салғысы, күй тыңдағысы, құлақ құрышын қандырғысы келеді. Әнге, күйге, әсем сазды, аса назды музыкаға ынтызар көңіл бойға қуат, ойға шуақ болардай өнер маздағын аңсайды. Кеніш бойлап, кен қазынасын ақтарған атпал жұмыскердің де, дарқан дала төсінде қауырт науқан қарбаласын өткерген жомарт диқанның да кешкісін көгілдір экраннан көз алмауының бір сыры сонда. Жайлауға шыққан шопанның, барлауда жүрген геологтың ұзақты күн транзистор тыңдап, сапардан оралған жүргізуші мен сауыннан қайытқан ақжеленді жандардың радио үніне ден қоятыны сондықтан.

Сол сәтте эфирден ерекше бір әсем ырғақ төгілгендей Күміс ердің касын тобылғы сапты, жез мойын қамшыменен қағып, тықылдатқан тәрізді ме, қалай?.. «Тыныштал, тыңда, зейін қойып, бейіл аудар терең сырға», – деп, белгі бергендей... Әуе толқынына құлақ түріңіз...

Алғашқы аккордтарынан-ақ өз ырғағы, өзіндік бітімі айқын танылып, айрықша тартымдылықпен тыңдаушыны бірден үйіріп әкететін бұл туынды «Ата толғауы» деп аталады. Өлең сөздің даңғылы, төкпе жырдың алыбы – Жамбыл Жабаевтың ақындық рухына арналған шығарма.

Екі ғасырдың куәсі болған, көненің көзі, жаңаның өзі дерлік Жамбыл Атамызды толғату, ақындықтың Алатауын бебеулетіп, бүгінгі қауым, келер ұрпақпен үндестіру ниеті. Соның өзінде бұл толғауда ақылдан гөрі – әсемдік, нақылдан гөрі нақышты әуен басым. Атадан балаға арман болып жетерлік, мирас болып кетерлік келісті ырғақ, айшықты әуез бар. Заман сырын, өмір жырын ойнақы күйде, жинақы түрде ырғалтқан музыкалық жауһардың авторы – СССР халық артисі, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, композитор Нұрғиса Тілендиев.

Тілендиев: – Бұл оркестрдің кереметтігі сол қазір адамның өмірі үшін тарихы үшін керек дүние. Өйткені ұмтылып қалған бүкіл музыкалық аспаптардың бәрін тірілту мына біздің мойнымызға қойылған. Сол дүниенің осында Алматыда болған Союз композиторларының Пленумында біз үлкен өнер көрсеттік. Сол өнердің консерваторияның залында Тихон Хренников болды. Сонда әлемде жоқ бір дүние деді сөзінде. Сіздерде жазылған, телевизордан берілген жер жүзіне тарап кеткен. Біздің міндетіміз қазіргі мына партияның қойып отырған үлкен дүниесі жаңаша өмір сүру. Жаңа жолға салу, осының барлығына да үлкен ойда болуымыз керек. Үлкен жағдай жасауымыз керек оған. Өйткені «Отырар сазы» оркестрін құру үшін тек қана дирижер болу, композитор болу өте қиын. Бұған үлкен білім керек, бұған теориялық білім керек, бұған гармония, полифония. Керемет дүние мына инструментальный дейміз, халық аспаптарының өзі үлкен жағдайда, содан соң тарихты жақсы білу керек. Халықтың тарихын білу керек, тілін білу керек. Өз тіліңді өзің білмесең қайдағы жақсы музыка болады. Халық оны қабылдамайды. Ол үшін өз тілін, өзінің тарихын білу керек. бірінші мақсат аспаптар жөнінде, оны өздеріңіз білесіздер, барлығы да көріп жүр, сазсырнай, шаңқобыз, шертер, бас шертер, содан кейін, сыбызғы, сыңырау, бес қобыз, бірнеше түрі оның бәрін көріп жүрсіздер. Сосын ұрмалы аспаптар орысша айтқанда ударный инструмент дейді. Оның барлығы да бізде бар. Ал енді бізде жетпей жатқан жағдайлар көп. Қазір 20 шақты халық аспаптарын ешкім білмейді. Соның бәрін кіргізіп жатырмыз. Бірақ әлі де болса болашақта тірілтетін дүние көп. Біздің музейіміз бар. Музейдегі аспаптардың және шығармалардың бәрін тірліту мақсатында жұмыс жасап жатырмыз. Аспаптардың дыбысын қалпына келтіру, шығару лабораториясы бар. Шеберханалар жұмыс істейді. Солардың бәрін меңгерген, білетін мамандар керек. Қолымыздағы бардан дүниелер шығарып, халыққа жеткізіп жатырмыз.

Диктор: – Тыңдаушының барлығы бірден біліп, айнытпай танып отырған болар, аумалы да төкпелі толқын тектес толғау күйді бабына келтіріп, барынша құбылтып орындаған – «Отырар сазы» фольклорлық–этнографиялық оркестрі. Оркестрдің көркемдік жетекшісі және бас дирижері – атақты композитордің өзі. Дирижерлық тұғырда таңғажайып сезімтал, сегіз қырлы, бір сырлы тамаша музыкант тұрғанда әрбір шығарманың шырайы келіп, бағы жанып, асыл туындының алмастай жарқырай түсуі заңды. Автордың ой-қиялынан туындап, көкірек көгі-

нен шыққан көркем дүниенің сәні бұзылмай, мәнісі өзгертілмей тыңдаушысын тапқанға не жетсін! Нұрғиса Тілендиевтің «Аңсау» деген музыкалық шығармасын композитордың өзі нұрлап, өзі әрлеп, дирижерлық етуімен «Отырар сазы» оркестрінің орындауында тыңдаған да біздің көңілімізде де әлденеге құмар, әлденендей мұнар пайда болатыны содан.

«Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестрі... атының өзі айтып тұрғандай, ұлттық әуен үлгісіндегі халықтың көне мұра, көркем қазынаны қастерлей, асылын әспеттеп, көнергенін жаңғыртып, жарқырата түсуді мұрат тұтқан музыкалық коллектив бұл. Есте жоқ ескі замандар кезінде-ақ әрбір тайпа, алуан ұлыстың бірлік қимылын, бірлігін сүйемелдейтін құралы, әуендеткіш аспабы, әуелетіп шырқайтын әуен-сазы болған. Әр халықтың өмір сүрген ортасы, тұрмыс кәсібі, тіршілік тәсілі туғызған әуен аспабы, әуез құралы сол халықтың мінез-құлқын, әдет-ғұрпын, дүние танымын, парасат-пайымын танытқан. «Ұланғайыр, кеңбайтақ даласынан ақтылы қой, алалы жылқысына өріс іздеп, өзен бойлап, көл жағалап жайлауға шыққан көшпелі елдің: өз кінәсінен емес, өзгенің көз алартуынан аттың жалында, атанның қолында болған қазақ жұртының аспаптары асатаяқ, шаңқобыз, жетіген мен шертер, сазсырнай мен сыбызғы, домбыра және дауылпаз болып дабылдауы соған айғақ. «Отырар сазы» оркестрінің құрамында осынау аспаптар бәрі дерлік бас қосқан. Алуан аспап тілінде жеті дыбыс, жетпіс әуен үндестік тауып үйлесім жасайды. «Тас бұлақтың суындай сыңғырап өңкей келісім» деп осындайды айтса керек. Бұл әсіресе «Отырар сазы» оркестрінің орындауында халық композиторы Сүгірдің «Бозінген» күйінің айшықты ырғағынан айқын сезіледі. Жазғұтырым жайлау бойын сарғалдақ жапқандай, айнала әуенге толы, бүкіл дүние күмбір қаққандай. Ақ ботаға сүйсініп, боз тайлаққа тамсанған «көңіл құсы шартарапқа құйқылжып», тыңдаушыны әсемдік әлеміне жетелейтіндей. Асылы, әркімнің де өз көңілінде бір Бозінгені болғаны абзал ғой...

Байтақ даламыздың бар аймағына, барлық атырабына кең тараған, кемел танылған, он саусаққа оңтайлы, сүйікті аспап – домбыра болса, әнге-күйге аса тәнті, өнері асқан жандардың қастер тұтып, қасиет көріп ұстайтын аспабы – қобыз. Білгірлердің айтуында, бұл аспап ел ішінде шаңқобыз, қылқобыз, месқобыз, нарқобыз болып молайып таралған көрінеді. Бір сүйсінерлігі сол, абыздан қалған, аңызға бергісіз қымбат аспаптар бүгінде фольклорлық-этнографиялық оркестрдің құрамына еніп, ұлттық аспаптар ансамблінен тамаша жарасым тапқан. Әсіресе оркестрант қыз-келіншектердің кеудеге құшып, құрбысындай аялайтын қылқобыздардың сызылуында терең сырлы тебіреніс бар. Қыл ішектерді сызылта тартқаннан шыққан қобыз үні жаны күйзелген әйел даусындай аңырайды. «Отырар сазы» оркестрінің сүйемелдеуінде Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген артисі Майгүл Қазтұрғанова халық әні «Әй-әй, бөпемді» шырқағанда әнші даусы, аспаптар үні астасып кеткен сәтіне куә боламыз...

...«Аулым көшіп барады Алмалыға»... Өз елінен, өскен жерінен ұзап бара жатқанға тарығады жас ару. «Әй-әй, бөпем, кейін қалған елімді көрер ме екем» деп аңсайды. Ару сырын әйел мұңын егіле тыңдай отырып, өткен заман, көшпелі өмір адамның аңғал күйіне, балаң сезіміне күле қарауыңыз да мүмкін. Бүгінгі біздің замандастарымыз, жалынды жастарымыз ертерек ер жетуге ұмтылып, ұядан ұшуға, қияға қонуға талпынады. Белгісізге қадам басып, белден асып, алысқа кету, көздегенге жету көп қиындыққа түспейді. Тек сол барар жері, басар тауы аман тұрса екен. Құбылжып тұрған дүние тыныштығын астан-кестен апатынан сақтасын. Қатері мол дәуірдегі үміті зор халықтың арман-тілегін ақын Қадыр Мырзалиев жырға қосады, композитор Нұрғиса Тілендиев ән әуеніне бөлейді. «Отырар сазы» оркестрінің домбыра күмбіріне қобыз үні қосылғандай, әнші Майгүл Қазтұрғановаға ілесіп, тыңдаушылар да іштей үн қатады «Аспан ашық тұрсыншы. Әлем шырқы бұзылмасын. Болмасын соғыс»...

Бір мың тоғыз жүз сексен екінші жылдың күзі. Алматының Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваториясының бір топ түлегі Жамбыл атындағы мемлекеттік филармонияға қызметке келіп, өнер ұштауға, сахнаға шығуға талпынған кез. Консерватория қабырғасында алған музыкалық білім, орындаушылық машыққа тән, өнерліге өршіл ой, асыл ниет бар еді көңілдерінде.

Қазақ халқының домбыра мен қобыздан басқа да музыкалық көне құралы, көптеген аспабы бар екенін естіген шәкірттер бертін келе жетіген мен шертерді, асатаяқ пен сазсырнайды, шаңқобыз бен дауылпазды көзбен көріп, қолмен ұстап, тамашалаған. Күзгі желдей гуілдеген сыбызғыны үрлеп көріп, залды басына көтергендей дауылпазды қағып ойнап, шертер сырына қанық, жетіген тіліне жетік бола бастаған-ды. Өрімдей жас музыканттар осынау көне аспаптарда жаңаша ансамбль құруы арман етіп еді.

Бірақ ыстық ынта-тілекті жүзеге асыру оңайға түскен жоқ. «Сабақты ине сәтімен» деген ғой, жастардың жақсы ниетін тамаша музыкант, ғажайып дирижер Нұрғиса Тілендиев естіп-біліп, құптай қалғаны қуат берді. Талғампаз талант иесі көне мұра, көркем қазынаны жақұттай жарқыратуға аянбай атсалысты.

Нұрғисаның жетекшілігіндегі көне аспаптар ансамблі, болашақ оркестр тез арада қаз басып, әсемдік әлеміне ұмтылыс жасады.

Ансамбль құру, оркестр ұйымдастыру айтуға жеңіл. Әйтпесе сирек кездесетін көне аспаптарды көбейтіп, жаңадан жасату, сол аспаптарда еркін ойнайтын, ертелі-кеш жаттығудан жалықпайтын ондаған музыканттарды өнерге баулу өз алдына, тыңнан құрылған фольклорлық-этнографиялық оркестрдің атына сай, затына лайық арнайы репертуар, айрықша музыка болса керек-ті. Сондай дүниелерді орындау, ойнау арқылы аспаптар үні ашылып, оркестранттар үйлесім тауып, оркестр үндестігі күшейе түспек. Осыны жақсы түсініп, жанымен ұғынған Нұрғиса Тілендиев көркемдік жетекшілік, дирижерлық құлшынысқа

қоса композиторлық талантын да оркестрге арнады. Нұрғиса көкірегінде туындап, көне аспаптар тілінде сайрап берген, «Отырар сазы» оркестрінің орындауында қалың қауымды рухани ләззатқа бөлейтін «Аққу», «Аңсау», «Он алтыншы жыл», «Махамбет», «Ақсақ құлан», «Атадан мұра», «Көш-керуен» дейтін күй-толғау, күмбір поэмалар соған айғақ.

«Атадан мұра», «Көш-керуен» деп тегін айтылмайды. Бағы заман, бабалар дәуірінен бізге қалған, біртіндеп жеткен асыл мұра, өшпес өнер бар. Ақсақ құлан аңызын елдің көбі естігенмен, «Ақсақ құлан» күйін екінің бірі орындай бермейді. Бұған шешен домбыра, шебер орындаушы керек. Сондай сәті келген тұста екі ішектен шыққан үн домбыраның шанағына симай, шаңырақты кернеп, полифониялық сипат алады. Соны нәзік сезінген, назарда ұстаған композитор Нұрғиса Тілендиевтің «Ақсақ құлан» күйі тақырыбына жазған музыкалық дастаны зейін қойып тыңдауды тілейді. «Күпі киген қазақтың қара өлеңін шекпен жауып өзіне қайтарамын» деп ақын Мұқағали Мақатаев айтқандай халық күйі «Ақсақ құлан» композитордың әрлеп-нәрлеуінде, жеке дауысты домбыраны бүкіл оркестрдің сүйемелдеп-қостауында өз тыңдаушысын табуға асығады.

Өмірге жаңа келген фольклорлық-этнографиялық оркестрдің ажарын ашып, базарын қыздыруға бағалы үлес қосқан композитордың бірі және бірегейі Кенжебек Күмісбеков. Қазақ ССР-ының халық артисі, профессор Кенжебек Күмісбеков – кезінде консерваторияны тәмамдап, қазір өзі де консерваторияда ұстаздық етіп жүрген білімдар, ал творчестволық – шығармашылық қызметінде сюита, кантата және симфония сықылды музыка жанрларын еркін игерген профессионал бола тұра, қолынан домбырасы түспеген, он саусағы ойнақшып, перне басып, күйі тасып отыратын композитор. Оның оркестрге арнаған күрделі туындыларының да «Дала сыры», «Өмір жолы», «Қорқыт туралы аңыз», «Фараби сазы», «Мерекелік Ақжелең», «Ой толқыны» болып келетіні сондықтан.

Дүние дүбіріне құлақ түріп, ерекше әуенге елеңдеп, әсем үнге жаны сүйсініп отырған, сұлулық әлеміне құштар күйші-музыканттың терең ойда, тебіреністі халде болуы заңды. «Өмір сырына қана берсем, өмір күйін шерте білсем» деп толғанады композитор. Өз көңілін тербеп өткен ой толқынын елге сездірсем, тыңдаушыға жеткізсем деп ширығады ол. Өткен-кеткенді бағалап, бүгінгіні саралап, тіршіліктің байыбына баруға, болашаққа көңіл көзімен қарауға шақырады. Композитор Кенжебек Күмісбековтың «Ой толқынын» дирижер Нұрғиса Тілендиев осылай өрнектеп, «Отырар сазы» осылайша шалқытады.

Өз аспабын, өнер құралын бөбегіндей әлдилеген, сезімтал да сергек музыканттардың ыстық ықыласы, ыждағатты еңбегі арқасында, оркестрдің көркемдік жетекшісі және бас дирижері Нұрғиса Тілендиевтің тынымсыз ізденісі, шалқар шабыты арқасында «Отырар сазы» оркестрінің буыны тез бекіп, бұғанасы тез қатайғаны қуанта сүйсіндіреді. Көп кешікпей-ақ «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестрі Отанымыздың астанасы – Москвада, Чайковский атындағы

әйгілі концерт залында үлкен сынға түсті. Ұлттық үлгідегі сәнді киім киіп, халықтың дәстүрдегі күмбірлеген күй әуендерін шебер орындаған қазақстандық музыканттар талғамы биік мамандар мен тыңдаушылар сынынан мүдірмей өтті.

– Біз бүгін Москва төрінде осынау жас әрі болашағы зор творчестволық коллективті қызу құттықтауға қуаныштымыз, – деді СССР Композиторлар одағы басқармасының бірінші секретары, СССР халық артисі, Лениндік сыйлықтың лауреаты, композитор Тихон Хренников. – «Отырар сазы» атанған оркестрдің өнері Қазақстанда тағы бір жұлдызы жарық, өзіндік ерекшелігі мол ансамбльдің өмірге келгеніне жарқын айғақ. Оның қолтума, бірегей өнерімен кеңбайтақ Отанымыздың көптеген адамдары қызыға танысары күмәнсіз.

Советтік музыка мәдениетінің аса көрнекті қайраткері, атақты композитордың айтқаны келді. Жамбыл атындағы мемлекеттік филармонияда отау тіккен «Отырар сазының» бірегей өнері көп ұзамай көпке танылды. Фольклорлық-этнографиялық оркестрдің көзге таңсық көне сипаты, сырлы сымбатына қоса майталман музыканттар қолында шешен сөйлеп, шебер ойналған аспаптар үйлесімі, оркестрге арналып жазылған шығармалардың әуен наздылығы, әсем саздылығы жұртшылық жүрегіне жол тапты. Жас коллектив бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атанып, құрметке бөленіп үлгерді.

Туған республикамыздың кең жайлауын, кенді аймағын, тың өлкесін тынымсыз шарлайтын оркестрдің сапар маршруты сан алуан. Қазақстандық өнердің үлкен өкілі ретінде одақтас республикалардағы, Одақ көлеміндегі музыка мейрамына, мәдениет мерекесіне қатысу жиіледі. Гастрольдік сапармен Европа елдерін аралайтын дәрежеге жетті. – «Отырар сазы» қайда барсын, қандай сахнаға шықсын, алдымен «Ата толғауының» тосын ырғағы танысу рәсімі тәрізді естіліп, сәлем беру салтына айналған. Сондай-ақ тыңдаушы біткенді бірден баурап алып, еріксіз ұйытқандай, ерекше ләззатқа бөлейтін концерттік номер композитор Нұрғиса Тілендиевтің «Аққу» күйі.

Қайраңкөлдің құрағы сыбдыр қағып, жарқыраған айдынға аққу келіп қонғаны қандай әсерлі. Үздік добырашының орындауында Нұрғисаның «Аққуын» тыңдағанда сондай әсерленуші едік. Өнер өрісі кең, шеберлікте шек жоқ. «Аққу» күйін оркестрге түсіргенде, алуан аспаптарға лайықтағанда дирижер Нұрғиса күй-дастанға күрделі сипат беріп, сұлулықты мақтау әуезін әсемдікті сақтау әуені дәрежесіне жеткізіп, шығарма шырайын арттыра түскен. «Аққу» сазын баяу бастаған оркестрдің алғашқы аккордтары тыңдаушының көз алдына қарауытқан тау сұлбасын, қарабарқын орман тұлғасын әкелгендей. Алқаракөк аспанда біртін-біртін жұлдыз қоздап, сәл де болса көңілді билеген қорқыныш, үрей сезімі сейілгендей. Енді бір сәт үміт-қиял дүниесі сәскедегідей жарқырап, айдыннан көтерілген аққулар қанатының сусылындай бірде сылдыр бірде күмбір әуен-саз ешкімді енжар қалдырмайды...

Қазақ халқының: «Құс төресі – аққу» деп әспеттеуі, «Аққуды атпас болар» деп қастерлеуі тегін емес. Дала төсінде дәурен құрып, табиғат көркін тамашалап өскен елдің эстетикалық талғам тазалығына қоса этикалық түсінігіне пәктік белгісі, сақтық нышаны бар. «Аққуыңды үркітіп, айдыныңды жұтатпа, шалқарыңды суалтып, шаңдағыңды шығарып жүрме...» деп сақтандырғандай.

Адам – табиғаттың төл перзенті, ер перзенті. Туған жердің орман-тоғай, өзен-көлін саялау да, аялау да бізге борыш. Бұл ретте ұлттық үлгі, халықтық дәстүрдегі жарқын өнердің жас ұрпаққа берері мол. Шалқар айдын үстінде әуелеп ұшқан аққу-қаздай әсем әуендерді тыңдаған сайын адам жаны да ізгілікке ұмтылса керек. Уақыт тосып тұрмайды, өмір алға озып, арман биігіне бастайды... композитор Нұрғиса Тілендиевтің «Көш керуен» атты поэмасын «Отырар сазы» оркестрінің орындауында тыңдағанда... күй табиғатын терең түсініп, поэзия тілінде ғажап бейнеленген асқақ ақын Ілияс Жансүгіровтың өлең жолдары ойға оралады:

Боздауын қобыз боздап, аңырауын...
Қыл сарнап, керуеннің дабырауын.
Ұғасың анда-санда ойнақы үннен,
Кей қағыс күлдірлетіп қоңырауын...

Диктор: «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестрі жайлы дайындалған «Әуен-күйдің ақ отауы» деген музыкалық хабар. Режиссері Құмарбек Сыдықов.

Алматы, «Қазақ радиосы»
21 желтоқсан, 1987 жыл

КҮМІСТЕЙ ДАУСЫ СЫҢҒЫРАП

Әнші Зейнеп туралы толғаныс

Адам жаны өмір ағымына әсерленгіш. Алыстан жалт еткен бір жарық сәуле де, маңдайдан сәл желпіп өткен майса самал да жан иесін жайбарақат қалдырмайды. Тіршілік әлеміндегі, әуе толқынындағы әр дыбыстың, әрбір үннің де жан дүниемізде жауап сезім туғызатыны содан.

Көңіл-айдын міне тағы толқыды. Құлақты шың еткізетіндей, жүректі шым еткізетіндей бір әуен естілді. Дөң басында, дөнен аттың үстіндегі жас жылқышыны жанай ұшқан сұқсыр үйрек сусылы ма? Әлде соған еленделей қалған құбақан құлыншақтың мойнындағы күміс қоңырау шылдыры ма? Әлде сол құлыншақтан бетер елгезек, еленделеген жігіт көңіліне күміс шолпы сылдыры келіп жеткендей ме? Бұл неткен ғажап үн, әсем әуен?!

«Шыңында өскен асқардың сен бір шынар,
Бір өзіңе, қалқатай, болдым құмар!» дей ме, қалай?
Тоқташы, тыңдашы...

Бір сәтке демін іштен алып, ден қойып, ән тыңдаған адам бұл әуеннің халық әні: «Көкем-ай» екенін айнытпай таныса керек. Сондай-ақ бұл әннің: «Бұрақ бел, көкем-ай, Қасы-көзі қиылып, қай жерде отыр екен-ай» дейтін ерке-назды нақышын бұзбай, нәшін келтіріп, шебер орындаушы – Зейнеп екенін де елдің көбі бірден таныса керек.

Әнге елтіп, әсерлену үстінде ойдың кенет өрбитіні бар: ән болғасын – осылай әуенге бай, әсемдігі мол, шырқатып айтуға құмарың болсын-дағы. Ән салғасын – әуенге қанат бітіргендей, әуеге құс ұшырғандай әуелетіп, қалқытып шырқасын дағы!

Естігені ән екенін, орындаушының – әнші екенін тыңдаушы жұрт жүрегімен сезініп, жанымен қабылдағанға не жетсін! Жұртшылық сүйіп таңдайтын, бірегей әншілердің бірі – Қазақстанның халық артисі Зейнеп Қойшыбаева.

Әрбір әншінің де өз мәнері, өзіндік үні болады. Әйтпесе қайтып әнші санатына қосылмақ? Бірақ сол дара біткен дауыстың өзі қандай, қаншалықты сырлы, қаншалықты нұрлы, міне гәп сонда. Соған орай әнші даусы, әншілік өнер жұртшылық жүрегіне жол табады. Бақытына қарай, Зейнеп Қойшыбаеваның табиғат берген таза күміс даусы бар. Тас бұлақтың суындай сылдырыған мөлдір үн сұлу сыңғырымен сүйсінтеді. Зейнеп шырқаған әндерден сәуір лебі, сәскедегі тәуір лебі ескендігі, жаймашуақ жағымдылық сезіледі.

Көктеммен бірге
Келмедің, жаным,
Келмедің неге,
Ақ еркем-әнім?! –

деген ынтызарлық әуенге іштей қосылып кеткендігін елдің өзі байқамай да қалады.

Құстың қос қанатындай әннің де әуен-сазы, өлең сөзі болады. Сөз бен саз, өлең саз, өлең-әуен өзара үндестік тауып, үйлесімге келгенде ән айрықша қанат қағады. Бітімі жақсы, бірегей әнді қаршығадай барлық, зар күйінде биік ұшыратын әнші болады. Шебер орындаушының көкірек көрігінен шыққан әннің жан біткендей жарқырайтыны содан. Зейнеп Қойшыбаеваның орындауындағы әрбір әнді жұртшылық солай қабылдап сонырқап тыңдайды.

Әлбетте әнші Зейнеп бүгінгі шеберлік биігіне бірден жеткен жоқ. Оны айтасыз, бойға біткен дарын – әншілігі барын айқындап танығанша өмірдің бұралаң жолын кешіп, шырғалаң жайларды бастан өткерді. Бұрынғы Талдықорған облысы, Алакөл ауданындағы Үшарал орта мектебін бітірген ауыл қызының жоғары білім алуға талаптанып, Алматыға

оқу іздеп келуі әбден заңды. Бірақ болашақ әнші өнер оқуын іздеп емес, дәрігер болуды көздеп, құжаттарын Алматы мемлекеттік медицина институтына тапсырған болатын. Қабылдау емтихандарын да бір кісідей тапсырып еді-ау. Емтихан тосқауылдарынан сүрінбей өткенімен, конкурс дейтін бәледен өтпей қалды. Талабы таудай, үміті одан да зор, арман жетегіндегі жасқа алғашқы сәтсіздік қандай ауыр тиді десеңізші... Ал бұдан кейінгі өмір тұрғысынан қарап отырсақ, мұның өзі де Зейнеп өмірін өзгеше арнаға әдейі бұрғандай, оң жолына бастаған тағдыр тәрізді емес пе? Егер сол көздеген оқуына түсіп кеткенде Зейнептің бар зейіні дәрі-дәрмек отауында, дәрігерлік жолында болып, бар жігері терең білім алуға, медицина ілімін меңгеруге жұмсалар еді. Сөйткен жағдайда, айтудың өзі қиын, кейінде сандуғаштай сайраған әнші Зейнептің даусын, ол болып естір ме едік, естімес пе едік? Ілуде біреу-ақ кездесетін сирек талант иесі – күміс көмей, жез таңдай әншінің әлеуметке танылмай қалуы да, өнер жұлдызының жарқырамай қалуы да мүмкін еді-ау. Бір оңдысы, бойында өнері бар бойжеткенді өмір өзі неше түрлі сынақтан өткізе отырып, болашақта әнші болуға бастай берді, бастай берді. «Еңбек резервтері» училищесінде, көркемөнерпаздар үйірмесінде жүрген Зейнептің әдемі даусын айырып таныған, мұндай өнерпазға музыкалық білім алу керектігін, ерінбей оқу қажеттігін айтқан орыс ағай, қазақ апай кездесті. Сондай ізгіліктің арқасында Зейнептің әншілік өнері қалың елдің игілігіне айналды.

Зейнептің әншілігіне тәнті болып жүрген кезімде, Қазақ радиосында, микрофон алдында әншімен жүздесіп, сұрақ қойғаным бар.

Ақын ұл, әнші қызды көрген ел: «бұлар арғы аталарына немесе нағашы жұртына тартқан деп жатады. Зейнеп Төлепбекқызы, сіз кімге тартып әнші болдыңыз екен? –

Зейнеп: – Менің енді өз тұқымымда сондай бір өнер қуған адамды болды дегенді естіген де жоқпын. Мен өзім ес білгеннен бері білетінім: 5-6 жасымда шешем маған бір домбыра сатып әкеліп беріп, сол домбыраны ең оңай «Елім-айдан» бастап... енді соғыс кезі ғой. Сол кездегі ауылдағы қыз-келіншек... сағыныштан өлең жазып, оны әнге айналдырып, сол өленді әкем кешкісін маған үйретеді. Әлгі домбыраға сол әндерді қосып жүріп, мен кешкісін оларды сүйемелдеймін. Олар керемет бір әуенмен шырқап, жылап отырады. Жаңағы әндерді айтады. Өзімнің ес білгелі домбыра ұстап, әнге қосылғаным сол...

Менің туысқандарым айтатын: әкемнің үлкен Ұлықбек деген ағасы болған екен. Сол кісі домбыра шертіп, ән салатын, сондай бір кербез адам, сен соған тартыпсың дейтін. Ал шешем жағынан нағашыларым айтатын: мына шешеңнің шешесі сондай бір беделді, сондай бір әдемі адам болған, өнерді керемет қадір тұтатын, сол нағашы әжеңе тартқансың дейтін. Кім білсін...

– Иә, балдырған шақта, балауса кезде көрген жәйт, естіген сөз, тыңдаған әуен әркімнің де көңіліне ұялап, ұзақ сақталса керек. Ауыл-

дағы той-думан, ойын-сауық, бастаңғы мен шілдеханада шырқалған «Бір бала» әні сан баланың көңіл төрінде сақталып, көкірегінде жатталып қалғаны сөзсіз. Ең алғаш кімнен естігеніміз, қалай үйренгеніміз есте жоқ, бірақ:

– Талдан таяқ жас бала таянбайды, – дегеннен-ақ аса бір асыл ырғақ, жанға жайлы әуен өзіне еріксіз баурайды.

Зейнеп әңгімені жалғастырды: – Жаңағы орыс ағай – көркемөнерпаздар үйірмесінің жетекшісі Николай Митрофанович Распопов деген кісі екен. Сол кісі талай жерге апарып, талай адамға тыңдатып, менің бойымдағы қасиетімді сол кезде білді. Сол кісі маған: «Бір үлкен кісі шақырып тұр» деді. Келсем, композитор Иванов-Сокольский деген кісі екен. Сол маған «Кеше концертте тыңдап едім, сенен бір әнші шығайын деп тұр, оқымасаң, болмайды» деп, консерваторияға алып келді. Қолымнан жетектеп алып жүр. Консерваторияда мені тағы тыңдатқызып, олар маған: «Жеті жыл оқисың. Екі жыл – дайындық курсы, жеті жыл – консерваторияда оқисың» деді ғой. «Ойбай, жеті жыл деген көп қой» дедім дағы кетіп қалдым. Бірақ сол жылы опера театры жанынан хордың оқуы ашылды деп естідім де, соған бардым. Бір жағынан, өзім әбден ризамын. Күләш апай комиссияда екен, сол кісі мені тыңдап көрген соң: «Шырағым, сенің келгенің қандай оңды болды, сен оқы» деп мені жаңағы хордың оқуына қабылдады.

Ал енді, сол студияны бітіргеннен кейін, сол опера театрында хордың әншісі болып қалып, сол хорда жүріп, әнімді тастаған жоқпын. Ән де айта жүрдім, ара-арасында кішкентай партияларды айтқызатын болды маған. Жылда жазда үлкен артистер концерттік сапармен ел аралағанда мені қастарына ертіп жүретін болды. Менің бойымдағы өнерді байқаған болу керек. Сондықтан да мен енді театрдағы қамқорлық еткен адамдардың барлығын ұстазым деп санаймын. Олар – Шабал Бейсекова, Кәукен Кенжетаев, Ғарифолла Құрманғалиев, Рахима Мұсабекова. Осы кісілер мені өнерге баулыды.

Кішкентай партияны айтып жүріп, келе-келе үлкен партияны айтатын болдым. «Қыз Жібекті» маған айтқызды. «Жалбыр» операсында Хадишаны айтқызды. Қазақ операларында ірі-ірі партия айтатын болдым. Сөйтіп жүргенде, СССР Халық артисі Роза Жаманова шақырып алды да: «Шырағым, саған оқу керек. Сен консерваторияны бітірмесең, тек әншейін қалып қоясың. Ертең жастар көбейеді келіп. Консерваторияны бітірген, арнаулы білімі бар жастар келеді. Сосын сен қалып қоясың. Ал енді мынандай талаппенен сенің қалуың – тіпті адамға қатты батады. «Оқы, оқы» деп, болмай отырып, консерваторияға жіберді. Сонымен консерваторияға 1965 жылы келіп түстім. Ақыры жеті жыл оқыдым, бәрібір.

Енді ол консерваторияға келгеннен кейінгі тағдырым... Әрине, профессор Бекен Жылысбаевтың класында оқыдым. Ол кісінің маған берген білімі, мені тәрбиелегені, жеті жылда, енді ол күні бүгінге дейін, көріп жүрсіздер, ол кісінің маған берген білімінің жемісі деп ойлаймын. Сон-

дықтан да, ол кісіге мың да бір рахмет айтамын. Ол кісіні әрқашан да құдір тұтатмын. Ол кісі менің нағыз ұстазым болды.

Әлбетте, үлкен ұстаз алдынан тәлім-тәрбие көріп, үлкен өнер ордасынан арнайы музыкалық білім алудың шәкірт үшін шапағаты мол. Консерватория қабырғасында ұзақ уақыт тыңдаған дәріс, тынымсыз жаттығу әнші даусын алмастай қырнап, аша түссе керек. Өз даусының күш-қуатын, сыр-сымбатын сезінген әншінің орындаушылық мәнері де жаңа бір қырынан жарқырап, жаңғырығы күшейе түспек. Айталық, Үкілі Ыбырайдың «Қаракөз» әнін қалықтатқан сәтінде Зейнеп Қойшыбаеваның үн ырғағынан, әуен-нақышынан әншілікті еркін меңгерген ерекше тыныс сеземіз.

Лағыл тас су түбінде жатады алтын,
Суының беті жылы, түбі салқын.
Суынан сол лағылдың сүзіп алып,
Азырақ көрер ме еді рахатын, –

деп келетін, сыры терең, сипаты өзгеше, күрделі музыкалық туынды ретіндегі толқынды «Қаракөз» әнші Зейнеп бейнесінде шебер орындаушысын тапқандай. Оқу-білімнің өнерді ұштайтыны даусыз. Ұшталған өнерді өмір бойы мұқалтпай шыңдап, шынайы шеберлікке ұмтылу өнер иесінің талғам-талабына байланысты. Бұл орайда оған ұлттық өнер үлгісі, халықтық бай қазына, мол мұраның ізгі әсері тисе, тіпті жақсы.

Арнайы білім алсын-алмасын, консерватория бітірсін-бітірмесін, әншіге қанат бітіретін халық әндері ғой. Халықтық әуеннің өзі де алуан сырлы, әрқилы. Сіз қандай сипаттағы әндерді шырқауға құштарсыз? Радиотыңдаушылар Сіздің халық әндерін әсем шырқайтындығыңызды соншалық жылы қабылдап, жанымен сүйсінеді.

Зейнеп: – Енді ол, жалпы әнші тағдырында, әншінің өзінің қалыптасуында қазақтың халық әндерінің атқаратын рөлі өте үлкен. Мен айтар едім: «Бір әнші жоқ репертуарында халық әндері жоқ» деп... Сондықтан менің репертуарымның көбі халық әндері... Мен шынында да өте жақсы көремін, жақсы көріп орындаймын. Халық әндерінің бәрі де керемет әдемі шырқалып, салынады. Тіпті, екпіндете айтылатын әндерімнің бір тобы лирикаға жақын, даусым да лирикалық...

– Иә, Зейнеп Қойшыбаеваның орындауындағы халық әні «Жанай керім» аса жарқын айшықпен, алаулай жанған оттың бері шалқып, бетті шарпып, ойға-бойға қызу бітірген қызғылт жалыны тәріздес, тыңдаушының ыстық ынтызарлығын тудырады.

Зейнеп: – Ертедегі ел ішінде халықтың айтқан әндерін, осы шырқата салған әндерін көп тыңдадым. Сондықтан, менің жүрегіме әбден сіңіп қалған болуы керек. Қазақтың халық әндерін жұртшылық көп тыңдап жүр ғой. Мысалы, «Көкем-ай», «Ләйлім», «Еділ бойы» деген, көп-ақ енді... оның бәрін тыңдаушы қауым тыңдап жүр. Бірақ, кейбір әндерді қазір тыңдаса: «Апырай, ә, мынаны басқаша жазар едім, қазір жазсам»

деп ойлаймын. Радиода ертеректе жазылып қалған әндер бар. Қазір жасың келген сайын басқаша түсінеді екенсің. Ерекше бір бояу бергің келеді.

– Шынында да «Зейнеп көп әуеннің ішінен ән таңдайтын, әдемісін саралайтын талғампаз талант. Жаңағы «Жанай керім» тектес сирек айтылатын әуен елді қалай тамсантса, Зейнептің орындауында эфирге шығып, елге танылған әуен – «Есік алды топ шеңгел» тыңдаушыны солай сүйсінтеді.

Есік алды топ шеңгел,
Топ шеңгелге келсең, кел.
Топ шеңгелге келуге
Өзіңе өзің сенсең, кел! –

дейтін ойнақы наз, өткір назым нақ осы Зейнептің шырқауында құндыздай жалтылдап, күмістей жарқырайды.

Құлаққа сіңіп қалған халық әуеніне халық композиторларының әндеріне жаңа шығармаларды, жаңаша туындыларды қарсы қоюшылық байқалады кейде. Ол онша дұрыс емес. Осы заманғы композиторлардың өзі де халықтың перзенті ғой. Сонымен бірге өз дәуірінің бел баласы. Бұрынғы әуендерді, бұрынғы композиторлардың әндерін сол күйінде қайталаса, ол өнер болмас еді. Біздің қазіргі замандастарымыз енді жаңаша тұрғыдан жазуы мүмкін, бірақ ұлттық дәстүрді, халықтық қасиетін сақтай отыруы мүмкін. Сіздің репертуарыңыздан орын алған ән-әуендер, қазақ совет композиторларының шығармалары жөнінде айтып өтсеңіз.

Зейнеп: Жалпы бұл сұрақтың жартысына өзіңіз жауап бердіңіз. Ол айтқаныңызға мен қосыламын. Әрбір дәуірдің өзінің ән айтушылары, ән шығарушылары бар ғой. Мынау «Жұлдыз» журналының бірінші санында композитор Еркеғали Рахмадиев үлкен бір мәселе қозғапты. Сондай жақсы келтірген. Осы халық әндерінің тағдыры, осы күнгі композиторлардың шығармалары туралы үлкен бір ой айтады да, ол ойында: «әннің тағдырын шешетін көбінесе орындаушы» деп айтады. Мен осы ойды жалғастырғым келеді. Өйткені мен оған сенемін. Себебі, кейде бір орташа ән жақсы әншінің қолына түссе, әжептәуір ән болып шыға келеді. Кейде бір тамаша әндер орындаушысын таппай, біраз жүріп қалады.

Мен өзімді бақытты адаммын деп санаймын. Қазақстан композиторларының ішінде мен әнін айтпайтын композитор жоқ деп айтсам, қателеспеймін. Көптеген композиторлардың жаңа туындыларының жаңа шығармаларының, жаңадан жазған әндерінің көбінің бірінші орындаушысы болдым. Бірінші орындауға көп байланысты болады кейде әндер... Мысалы, «Асылым» деген әнді...жазғаннан кейін халыққа тарап кетті. Жаңағы әннің халыққа жеткеніне менің де үлесім бар деп қуанып қалдым. Ал енді қазақ композиторларының ішінде әндерін көбірек айтқан композиторларым – Әсет Бейсеуов пен Ескендір Хасанғалиев.

Екеуінің әндерін көп айттым. Әсіресе Әсет Бейсеуовтың әндерін. Әсеттің «Жайықтан қайтқан тырналар» деген әні бар. Естіп жүрген боларсыздар. Бұл әнді тұңғыш рет маған: «Сенің даусыңа арнап жазып едім, қалай екен» деп әкелген. Ол енді оркестрмен жаздым. Тез тарап кетті. Оған да риза болып, қуанып қалдым. Мыңжасар Маңғытаевтың «Іздедім сені» деген әні бар. Оны осы Талдықорғанға сапарға кетіп бара жатқанда машинаның үстінде үйретті маған. Жол бойына үйреніп бардым дағы бірінші рет Талдықорғанда сол әнді сахнада орындадым. Осы ән де менің орындауымда халықтың көңілінен шығып, халық ұнатты.

– Әнші сыры әлеуметке қымбат. Жаңа бір әнді жол бойында, машина үстінде үйренуі – өнер адамдарына тән шабыт сәті, творчество тынысы болса керек. Өнер туындысының бір сәтте жарқырап, сәуледей таралып жүре беретін кездері болады. «Жалт етші дәтке, бір ғана сәтке, Суретің қалсын кеудемде» деп үздігіп айтқан назды әуен әркімнің де жан-жүрегін бауырағандай.

Зейнеп: – Ал енді Еркеғали Рахмадиевтің «Жетісудың қыздары-ай» деген әнін айтып жүрмін. Менің ойымша, бұл ән де халықтың көңілінен шыққан сияқты. Талай жерде осы әнді қалап, сұрап, жақсы көреді. Композиторлардың ойын өзімше жеткізгім келеді халқыма. Оның әрбір сөзін, не айтқысы келіп тұрғанын жеткізгім келіп айтамын.

Нұрқанов: – Зеке, сыңғырлаған үнге сызат түсірмеу үшін әншілер өз даусын қалай баптап, қайтіп күтеді? Өнер қуған, өнерге ұмтылған жастарға ақыл-кеңесіңіз қандай?

Қойшыбаева: – Әрбір әншінің әншілік режимі әртүрлі болатын шығар. Кейбір әншілер оранып алып жүреді. Менің өзім де ондай ешуақытта кездескен емес. Мен әлгі суық суды да іше берем. Менің табиғатым шығар... Бірақ айтар едім мынау жас әншілерге: «Әлгі бір күнге халық бір әнімді жақсы көрді екен» деп, соған тоқтап қалуға болмайды. Оншіге күнде іздену керек. Күнде көп сабақ алу керек. Мен өзім де ұстазбын. Бірақ әлі күнге дейін ұстазымнан сабақ алуға шаршамаймын. Әр уақытта бар кеңесін алып, даусымды тыңдатқызып, осы күнге шейін сабақ алып тұрамын. Ал ондай сабақ өмір бойына керек. Сондықтан мен жас әншілерге айтар едім: «Ізденіңіздер, оқыңыздар, білім ешуақытта артық болмайды. Мен енді осы 7-8 жыл болды, республикалық эстрадалық студияда ұстаздық етемін. Өзім біраз шәкірттер дайындап шығардым. Ол шәкірттерім қазір облыстық филармонияларда, Көкшетау, Петропавл филармонияларында тұңғыш оқушыларым үлкен қызмет істеп жатыр... Ал енді өзім жоспарымда – Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрімен үш программа жасап жатырмын. Бір программасы оның – тек қана қазақтың халық әндері. Жаңағы өздеріңіз қойған сұрақ – халықтың жақсы көріп тыңдайтын, көптеген халық әндері сол программаға кіреді. Екінші программам – мынау Советтер Одағына кіретін барлық халықтардың музыкасы. Үшінші программам – ол мынау Қазақстан мемлекеттік сыйлығының лауреаттары, атақты қазақ совет композиторларының шығармаларынан... Осы үш программамен

Шымкент облысына бармақшымын. Алғашқы концерттерім Шымкент облысында өтеді. Содан кейін Қазақстанның барлық жұртшылығы осы программаны тыңдайтын шығар деп ойлаймын.

Нұрқанов: – Жоспарыңыз үлкен, ойыңыз жақсы екен. Шынында да СССР халықтарының ән-әуендерін үйреніп, соны айту деген – достық, туысқандық, интернационализм тұрғысынан келгенде өте жақсы ой. Сондықтан да мен сіздің тек Қазақстанның аспанында ғана емес, ұлан-байтақ Отанымыздың аспанында, барлық шартарабында шырқаған әніңіздің бүкіл халыққа танымал болуын тілер едім. Ал сонымен бірге сіз шетелдерде, басқа да бауырлас республикаларда болдыңыз ғой.

Қойшыбаева: – Шетелдерде болып жүрмін. Германияда болып қайттым. Ауған елінде... ауғандардың алдында көптеген концерттер беріп қайттым. Ал енді келешекте әлі де болатын шығар..

Диктор: – Әрине, өнерліге өріс кең. Ән шырқап, әуен құйқылжытқан, асқан үнді әншіге әсіресе бөгесін жоқ. Әнші Зейнеп Қойшыбаеваның да даусы күмістей сыңғырап, кең байтақ Қазақстанның теріскейі мен оңтүстігін, Алтайы мен Атырауын жақсы әнмен жалғастырып, әнсүйер қауымды ағайындай табыстырып жүргені аян.

Сол бір кештер сырласатын таң аса,
Ұмытылмас кездер еді тамаша.
Тағы бізге куә болсын ай-жұлдыз,
Тағы келші, сырласайық оңаша! –

дейтін наз қандай, нақыш қандай!

Ән болғасын – әуенге бай, әсемдігі мол, шырқап айтуға лайық болсын дағы! Ән салғасын – әуенге қанат бітіргендей, әуеге құс ұшырғандай әуелетіп, қалқытып, тамылжытып шырқасын дағы!

Радионың алтын қорынан көшірілді. Алматы. 1989 жыл.

ҚАНАТТЫ ЖЫРЛАР, ҚАЛЫҚТА!

Өткен күнге ой көзімен қарайтын болдық. Көңілге көптеген жайлар оралады. Бағзы бір кезде көзден таса, көпшіліктен жасырын болып келген жағдаяттардың біраз сырын білгендейміз. Өмір сахнасынан шеткері тұрған құпия күйсандықтың пердесін ашып, пернесін басып көруге мүмкіндік туды. Төбемізден ұдайы ұрғылап келген барабан дүбірінен басқа, үйреншікті үгіттен бөлек, өмірдің өз тынысы, тіршіліктің өз әуені барын байқаймыз. Бірде нұрлы, бірде мұңлы, әрдайымда сырлы әуендер адам жанын алуан күйге бөлейді. Өткен күнге ой көзімен қарайтынымыз да содан. Еркіндік, теңдік, туысқандық туын көтерген аға ұрпақтың арманы биік, талабы таудай еді ғой. Азаттық идеясы

көптәуір әніміз еді, әттең, «жаңа қоғам орнатамыз, жаңа өмірді жайлатамыз» деген ұмтылыс күшті, ниет жақсы болғанмен, соған лайық негіз, соған қолайлы жағдай тапшы болған тәрізді. Жаңа өмірді жасауға ұмтылғандар ескі атаулыдан үрке безінгенде жаңашаның жолы қайсы, жөні қайсы екенін айқын біле де бермеген секілді. Айқындық көк жерде әрлі-берлі ауытқып, аяқты шалыс басу, жаңылыс қадам жасау басталмақ. Тура жолдан ауытқушылық қашанда халық үшін зардапты. Советтік еліміз жүріп өткен жолдың асу-асу белдері де, асудан қиғаш, бұралаң жерлері де көп болғанын көріп отырмыз. Ащы шындыққа көзіміз жетуде. Бұрын «бәрі де жақсы, бәрі де ғажап» деп келіп, енді бұрынғының бәріне құмандана қарайтын, басқаша сайрайтындар көбейді. Жанымызға сол батады.

Дегенмен ақиқатқа қоса әділдігі де керек қой. Өткен дәуірді ойша сыралауға, жаңаша бағалауға болмас. «Өткендегінің бәрі әрсіз, бәрі де нәрсіз» деу ешбір қисынға келмейді. «Өткеніміз сәнсіз еді, өміріміз әнсіз еді» деу әділдікке жатпайды, шындыққа жанаспайды. Совет адамдарының сан ұрпағы бастан кешкен ауыртпалық, тағдыр тауқыметі қандай болған күнде де, олардың өмірі әнсіз, өнері мәнсіз болып көрген емес. Қайта сол бір қилы кезең, қиын уақыт тудырған өнер жауһарларының от-жалындай алауы, ойға қуат, бойға жігер беріп желбіреген жалауы әлі күнге ғажап әсер қалдырады. Сонау отызыншы-қырқыншы жылдар қырқасында шығарылған әндер, шырқалған әуендер әлі күнге дейін құлаққа жағымды естіледі. Уақыт сынынан өтіп, алмастай қырланған асыл дүниелер бұрынғыдан да қымбат, айшықты көрінеді. Өткен жылдар әуені жүрекке жылы тиіп, тыңдаушыны өнер ләззатына бөлейді. Өз кезінде сондай әсем әндер тудырған айтулы авторлардың бірі – көрнекті совет ақыны, Социалистік Еңбек Ері Михаил Исаковский еді.

Ақын Михаил Исаковский есімі аталған сәтте әркімнің көңіліне бірден «Катюша» әуені келуі мүмкін. Солай болуы әбден заңды. Елдің бәрі сүйіп тыңдайтын, сүйсініп айтатын ерке назды, ақжарқын әннің әдемі сөзін жазған орыс ақыны Михаил Исаковский болатын. Автордың өзі айтуынша, осынау өлең-жырдың алғашқы екі шумағы 1938 жылдың бас кезінде ойда жоқта жазылған көрінеді. Бірақ сәтті басталған ойнақы жырды одан әрі қалай өрбітіп, қайтып түйіндеуді білмей, автор біразға дейін дал болады. Сөйтіп жүргенде қыс өтіп, көктем шығады. Ақын «Правда» газетінің редакциясына өзінің бір жұмыстарымен барады. Сонда редакцияның әдебиет бөлімінде алғаш рет Матвей Блантермен жүздесіп, танысады. Матвей Блантер ол кезде «Партизан Железняк» және «Щорс туралы әннің» авторы ретінде көпшілікке танымал болған талантты композитор еді. Ал оның өз тарапынан ақын Михаил Исаковскийдің есімін естіп-біліп, дарын-қабылетінен хабардар болып жүруі сөзсіз. Сондықтан болар, композитор Блантер ақын Исаковскийге бірден қолқа салады: «Музыка жазуға болатын, әнге лайық әдемі өлеңіңіз бар ма? деп сұрайды. «Өлең бар ғой, – дейді ақын әдеппен, әрдайымғы кішіпейіл қалпымен. – Өзгесінен бұрын кейінгі жазылған бір өлең әуенге лайық,

музыкаға келетін сияқты. Бірақ бір қиыны сол, өлең әлі аяқталмаған, әзірге егіз шумақ, сегіз тармағы ғана бар». «Ал сіз қазір сол сегіз жолды қағазға түсіріп, қол ма қол жазып бере аласыз ба маған?» деп қоймайды композитор. «Әрине, жазып беруге болады» дейді шарасы қалмаған ақын. Бір үстелге отыра қалып, әйгілі өлең жолдарын ақ қағазға жатқа жазып береді:

Алма ағаш пен алмұрт жайнап гүлдеді,
Өзен бойлап бозғылт тұман жүзеді.
Жағалауға шыққан біздің Катюша –
Жарқабақтан жасқанбайтын қыз еді.

Жарқабаққа шыққан ару ән салды,
«Ақсұңқарды аңсаймын» деп жар салды.
Кімді сүйсе, соны жүрек аңсайды.
Сол бір жанның сәлем хаты сақтаулы.

Ақынның ойында жүрген өлең жолдары болашақ әсем әнге айналу үшін осылайша қолдан қолға көшкен екен. Бірақ мұның қызығы әлі алда. «Ұят та болса, шынымды айтайын, – дейді ақын «Екі әннің шығу тарихы» деген естелік-әңгімесінде, – композитор Блантерге өлең ұсынғанымды көп ұзамай ұмытып кеттім. Тегі, әлі аяқталмаған дүниеден жаңа бір, жақсы әуен туындар деп күтпесем керек». бірақ, біздің бақытымызға қарай, композитор Блантер ақыннан ат-түйедей қалап алған егіз шумақты елеусіз қалдырмапты. Жағалауда жауқазындай желбіреген Катюша бейнесі композитор көңілінде жауап сезім туғызып, көкірек төріндегі күміс қоңырауын ерекше сыңғыратқан екен. Дүниеге ән келіпті. Ән әп-әдемі болып шыққан көрінеді. Тек енді осының өлең сөзін толықтырып, бас-аяғын бүтіндеу керек. Сол жазда тағы бір себеппен жолығып қалған жерде композитор ақынға осылай талап қояды. Ақынның қыр соңынан қалмай жүріп, өлеңнің төрт шумағын, толық нұсқасын жаздыртып алады. Ақыры сол 1938 жылдың күзінде, Москвадағы Советтер үйінің Бағаналы (Колонный) залында Мемлекеттік джаз-оркестрдің сүйемелдеуінде сұлу әуен «Катюша» қалықтайды. Әнді алғаш рет жас әнші Валентина Батищева орындаған екен. Әннің тыңдаушыларға қатты ұнағаны соншалық, сол концертте үш қайтара айтқызады. Жұрттың бәрі бірден жаңа әнді жаттап алады. Әннің сөзі мен сазына қоса ән әспеттейтін Катюша бейнесі, оның сүйген жарға деген жарқын сезімі елді баурап алғандай. Алма ағаштар гүлдеген көктем қандай көркем. Өзен айдыны үстінде ақ түбіттей қалқыған бозғылт тұман қол жетпес арман дүниесіндей. Жағалауға, биік жарқабаққа шыққан батыл бойжеткен ән шырқайды. Ару қыз әскерде жүрген ақ сұңқарын аңсайды, соның атын әспеттеп, соның хатын қастерлейді. Сұлу бойжеткен қиыр шекарадағы жауынгер жігітке жалынды сәлем жолдайды. Әскердегі аяулы жан сағынып тосқан құрбысын ұмытпасын. Ең бастысы – ардақты Отан, туған елді көздің қарашығындай қорғай білсін, қорғай берсін. Ал Катюша өз махаббатын сол

сақшы жігіттен бетер сақтайды. Міне осындай еркін ойлы, ерке мінезді, ашық жүзді арудың жарқын бейнесі СССР халық артисі Роза Бағлановаиың «Катюша» әнін құлпыртып орындауында айрықша сезіледі. Ән әуені мейлінше тартымды. Жылдар өтсе де өз бояуын, нәрін, сырлы сезімге толы мән мағнасын жоймай, қайта түрлене, ажарлана түскенін байқаймыз. Бұл шығарманы Роза Бағлановадан кейін, бүгінгі әншілеріміздің орындауында «Катюша» әні қалықтап, сыр-сипатын жоймай, жалғасын таба бермек. Бұл ән – ерлік пен махаббаттың, шынайы сезімнің – символы іспетті. Сондықтанда – өміршең. «Қанатың талмай, қалықта – «Катюша» дегіміз келеді.

АЛТЫ ҒАСЫРДЫҢ АҚЫНЫ

ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша сентябрь айында Дүниежүзінде азербайжанның аса көрнекті ақыны және ойшылы Имадеддин Насимидің туғанына 600 жыл толуы аталып өтеді. Жаңалықтар баспасөзінің агеттігі(АПН) осыған орайы арнаулы мақала ұйымдастырып отыр.

Ол – азербайжан тілінде адамгершілік поэзияның қалыптасуы мен дамуына даңғыл жол салған тамаша сөз зергерінің бірі.

Оның шын аты – Сейіт Әли, ал Насими – әдебиеттегі лақап аты. Ақынның туған жері – Шемаха, өз кезінде өркендеген қала, ширваншахтар әулетінің астанасы болып, Таяу Шығыста шымқай жібегімен, қолөнер бұйымдарымен, сәулетті сарай, оқу орындарымен, ақындарымен және оқымыстыларымен даңқы шыққан шаһар.

Насимидің білімі мол болған. Ол парсы және араб тілдерін сонша жетік біліп, математиканы, астрономияны, жаратылыс тану, логиканы, философияны терең зерттеген.

Насими бала шағынан көркемөнердің әсем туындыларын жасаушы қолөнер шеберлерінің ортасында өскен. Еңбекші халықпен байланыс оны панегириялық поэзияға – байларды, билеп-төстеушілерді, басқыншыларды мадақтауға қарсы етіп тәрбиелеген.

Насими өлеңді жас күнінен парсы және араб тілдерінде жазған. Ол бізге азербайжан тілінде шығарған сыршыл өлеңдерінің бір диуанын (жинағын) қалдырды. Бізге ақынның арабша жазған бірнеше өлеңдері де жетті.

Азербайжан мен Шығыстың байырғы бай мәдениеті мен поэзиясының адамгершіл озық дәстүрінде тәрбиленген Насими өзіне дейінгі ұлы ақындардың – Фирдоуси, Омар Хаям, Низами, Хағани, Сағдилардың және басқа араб, парсы, түркі тілдес поэзияның ең көрнекті өкілдерінің шығармаларын жақсы білген.

Ақынның феодалдық қоғамға, әлеуметтік әділетсіздікке деген кекті көзқарасы Насимидің лирикасында айқын көркемдік көрініс тапқан.

Ақын өз шығармаларында қанау мен езгіні, әлеуметтік теңсіздікті айыптап, қайрымдылықты, адалдықты, адамгершіл тазалықты дәріптеді.

Қоғамды жайлап алған жауыздық, зорлық-зомбылық, қанқұйлы басшылық соғыстар запы қылған Насимидің сарыуайымға салынған, күдер үзген шақтары да жиі болған; ол өмірді мағнасыз санап, баянсыз көріп, дүниеге жеккөрінішпен қараған. Бірақ бұл өз айналасынан бостандық пен бақыт таба алмаған тар замандағы азамат-ақынның азалы мұңы еді.

Насимидің көзқарасының қалыптасуына оның жас кезде азербайжанның белгілі ақыны және ойшылы Фазлуллах Наимимен кездесуі және достасуы үлкен әсер етеді. Осы тұста оның творчестволық дамуының екінші кезеңі. Насимидің феодалдық қанау мен діни қараңғылыққа қарсылығының күшейген, адамның қуатымен тән сұлулығы әспеттеуі артқан кезеңі басталады.

Фазлуллах Наими ислам діндарларының зұлымдығымен азапталып өлтіріледі. Насими сол ұстазының өсиеті бойынша Отанынан ауып, сырт елдерге кетеді. Ол біраз уақыт Түркияда тұрады.

Сол дәуірдің көптеген ақындары Насимиді өздеріне ұстаз және өнеге тұтқан. Насими еркін ойлы, ержүрек, табанды кісі болған, феодалдық және діни өкіметтердің екіжүзділігі мен әділетсіздігін батыл әшкерелеп отырған. Сондықтан ол жүрген жерінде көп достар табумен бірге жауларын да көбейте берген. Дінбасылар үстемдік алып тұрған Түркияда ақын қуғынға ұшырайды. Бұдан Сирияға өтіп, Халеб шаһарында мекен тапқан Насими еркіндік аңсаған бірқатар өлеңдер шығарады.

Насими «О дүние бар» дегенге, тамұқ пен жұмақ жайлы дін аңыздарына сенбеген: осы өмірдің шаттығын шабытпен жырлап, дүние қызығын еркін көруге шақырған. Өз өлеңдерімен соқыр сенімге, құдайға табынушылыққа қарсы күресіп, дінді байлық көзіне айналдырған екіжүзді, жемқорларды сөккен.

...Діни өкімет ақынның үстінен сот құрып, оны діннен безген, тәңірге тіл тигізген деп айыптайды. Насими 1417 жылдың басында жазаға тартылады. Бұл аса қатал айуандық жаза еді – жендеттер ақынның терісін тірідей сыпырып алған.

Адамның азаттық, бақыт және әділет жайындағы ізгі мұратын жырлау Насими ақындығының басты бағыты болып табылады. Бұл ерекшелік кейін азербайжан поэзиясының көптеген түрік тілдес халықтар поэзиясының өсіп-өркендеуіне аса зор әсер етті. Насимидің жолын қуған азербайжан, өзбек, түркмен және түрік ақындары алдымен осы тақырыпты дамытып, мол жырлады.

Оның поэзиясы азербайжанның әдеби тілін дамытуға ірі ықпал жасап, тілдің бейнелегіш құралдарын күшейтті, азербайжан лирикасында ән жанрының көркеюіне көмектесті.

Халықтың аңыз-әңгімелерінде Насими – ерліктің, өз дегеніне берік, тайынбас батылдықтың үлгісі ретінде ардақталады.

(Мирзага Гулизаде, ф. Ғ. Д. АПН. Қазақшаға аудардым.)

Александр ЖИТИНСК

КӨҢІЛДІ ПАРАҚТАР

Мәдениетке жанасу

Атақты композиторлардың атаулы күні таянғанда әйелім енді менің де мәдениетке жанасар шағым жеткенін айтты.

Менің мәдениетке бұған дейін бір жанасуым институттың екінші курсында, жоғарыда аталған әйелімнің соңында жүрген кезде болған еді. Ол тек онда әлі менің әйелім емес-ті. Біз ол кезде қуыршақ театрына баратын едік.

Бұл жолы біз филармонияға әрқайсысы екі сомнан билет алдық. Музыка дегенің мұндай қымбат нәрсе деп ешқашан ойлап көрген емен!

– Сен аз да болса әзірленсең, – деді әйелім. – Кітапшалар оқып, пластинкалар тыңдап дегендей...

– Бөгде ойларсыз, таза көзқарас тамаша, – дедім мен. – Тікелей тыңдап, көріп білгенге не жетсін!

Филармония залы дегеніңіз, егер онда бармағандар және білмейтіндер болса, айтайын, – қаламыздың орталығындағы ақ бағандары бар, шымылдығы жоқ сахналы зал. Әрқайсысында отыз жеті лампочкеден сәнар санауға болатын аспалы шамдары әдемі. Мөлдіреген шыны сылдырмақтарын санай алмадым. Алты жүз он бірге жеттім де жаңылысып кеттім.

Ол күні билетті тым артық сатыпты, – біраз кісі қабырғаға сүйене, мойындарын созып тұрысты. Мен оларды аяп отырдым.

Көрермендер жайғасып, конфеттерін жеп болғасын сахнаға екі колонна болып оркестр шықты. Ешқандай хабарландырусыз бірдемені ойнай бастады. Өте күрделі музыка. Тым ақырын. Сөйтсе, олар аспапты күйге келтіріп жатыр екен. Дегенмен мұны сахнаның сыртында да жасауға болады ғой.

Сосын сахнаның түкпіріндегі шілтер серпін ашылып, фрак киген дирижер жүгіре шықты. Жүзі иранның ханзадасына да, одессаның жүлігіне де ұқсайды. Өзі сол жағындағы скрипкалы шалмен амандасты да, басқа ешкіммен сәлемдескен жоқ. Сірә, уақыт аз қалып, бастау керек болды-ау деймін.

Дирижер жұртқа көзін жарқ еткізді де, жалт бұрылды. Содан оның бетін концерттің бірінші бөлімінде көрген жоқпын. Біраз көрермен жоғарыда, сахнадан биік деңгейде отырған. Солардың көруі мүмкін. Тегі, олардың билеті қымбат білем.

Музыка ойнау басталды да, он бес минуттай ойналды. Тоқтаған кезде мен қол соғып қоя бердім де басқалар жөтеле бастады. Филармонияда

қолды ең соңында соғады екен де, ортасында жөтелу жөн екен. Мен қателескенімді сезіндім де, одан әрі тек жөтелумен болдым.

Ойнау тағы басталып, жарты сағатқа созылды. Мен бағандарды қосып бәрін санап үлгердім, сосын айнала жұртты қарауға кірістім. Біреулердің көзі жұмулы, ұйықтап отыр деп турасын айтуым керек. Кейбіреулер, әсіресе кемпірлер күйзелісті күйде. Еркектер тыныш отыр.

Ойнауды бітіргенде дирижер бас иді де, біреу оны телефонға шақырғандай тұра жөнелді. Менің де тұрып кеткім келіп еді, жұрттың бәрі орындарынан қозғалмастан қол соғумен болды. Дирижер қайтып келді, басын иіп, әлгі шалмен тағы амандасты. Манағысын ұмытып қалғаны ма, немене? Бұдан кейін ол тағы кетіп қойып, қайта оралды. Төрт-бес рет солай болды да, музыканттар не істерін білмегендіктен ысқышпен скрипкаларын ұрғылап тұрды.

Ақыры біреудің есіне дирижерге гүл ұстату келе қалды да, сосын қайтып дирижер көрінген жоқ. Буфетке баруға мүмкіншілік туды.

Мұнда лимонад пен конфет сатады екен. Сыра жоқ. Біз фойеге, көпшілік арасына бардық. Әйелдер бірін-бірі көзімен жеп барады. Мені де көзбен біраз түйреді, өйткені мен осы жолы жаңа галстук таққан болатынмын.

Екінші бөлімде бәрі бастан-аяқ қайталанды, тек бәріне себепкер рояль болды. Және мұнда амандасу алуан түрлі болып кетті. Әуелі дирижер пианистпен, сосын ол манағы шалмен, ал содан соң пианист шалмен сәлемдесті. Соңында тағы да көп шақырыс болды. Киімілгіштің номерлерін қалталарында дірілдей ұстап тұрып-ақ шақырады жұрт. Көңілді орнықтыру үшін тағы бірдеме ойнайды ма деп едім, ойнаған жоқ.

Мен бұл композитордың келесі тойы жүз жылдан соң болатынын есептеп шығардым. Сонда филармонияға рахатпен тағы бір барамын. Күнделікті өмірімізден мүлде бөлек әдеттерді бақылау әрдайым қызық қой.

ШАЛ

Мен бұл қызға қарадым да, Шығыста ақындардың неге көп болатынын түсіне қойдым. Ол қыз терезе түбінде, басын сәл қисайтып, титтей саусақтарымен автоқаламды сәнмен айналдырып отыр. Үлбіреген жас қыз. Үріп ауызға салғандай қыз. Институтқа түспекші қыз.

«Алматыдан болар», – деп ойладым мен. – Немесе Ташкенттен шығар. Өрік, Мейіз, Алма, Гүл... Төрт қойып...» ...

Қыз орнынан тұрды да, менің алдыма келді. Қолында билеті мен бір парақ қағазы. Жазуы жоқ. Парақ пәк жанындай тап-таза.

– Бойль-Мариотт заңы, – дедім мейіріммен, билетке қарап алып. Қыз шаңғыдай ұзын кірпіктерін қалтырата жоғары көтерді. Мен түйіліп қала жаздадым.

Оны ашқан Бойль-Мариотт, – деп әндетті қыз айтып болмас мақаммен.

«Шаганэм сен менің, Шаганэм...» – дегені есіме түсті.

Мен сізден қатты өтінемін. Мен сырымды айтсам, – деді қыз кенеттен.

«Сыр айтуы қалай?» – мен селк ете түстім де, асығыс түрде:

Екінші сұраққа көшіңіз. Микроскоп, – дедім.

- Менің айтайын дегенім, үштік баға қойсаңыз деу. Маған бұдан төмен алуға болмайды. Үш қойсаңыз болды, мен түсемін, – деп жанды күйдіре, жалбарына сыбырлады қыз. Оның дауысында нағыз ынтызарлық бар еді.

«Міне, саған сыр айту!» – деп ойладым да, нығарлай сұрадым:

- Микроскоп.

- Егер мен түспей қалсам, мені күйеуге береді. Зорлап. Бізде жас қыздарға сөйтеді.

«Сайтанның ісі-ай! – деп ойладым мен. – Қайдағы бір ескі ғұрыптар!».

– Бәлкім, сіз басқа билетке жауап берерсіз?

– Басқаның керегі не? Мен бестік сұрамаймын. Жас қыздың тағдыры сізге не ғып аянышты емес? Мені шалдың үйіне әкетеді. Мен қорқамын одан.

– «Шалға дейді, ә. Мұның жөні бөлектеу. Сайып келгенде, оқи алмай шығып қалса, өзінен көрсін».

– Несі бар, билет бойынша қосымша сұрағым жоқ, – дедім басқаларға естірте.

– Бізде ешкім келісіміңді сұрамайды. Мені оған ерте айттырып қойған. Бұл әділдік пе? Сіз өзіңіздің қызыңызды отыздағы оңбаған шалға берер ме едіңіз?

Осы жерде мен бұдан бір апта бұрын мені достарымның құттықтағанын еске түсірдім. Олар менің өңім әлі жаман емес екенін, әрі кеткенде жиырма алтыда сияқты көрінетінімді, өмір шыңына жақындап келе жатқанымды айтқан. Мен оларға барынша сендім, бірақ көңілде қобалжу бар еді, өйткені мен отызға келген болатынмын.

Мен қызға екі қойдым. Екілікті бадырайтып тұрып қонжиттым.

Алматысына оралсын. Немесе Ташкентіне, Самарқандқа, Бұхарасына, Махаббаттың қанатымен қалықтап ұшсын. Гүл.Өрік. Мейіз...

Әлгі отыз жасар шалдың қалған өмірін гүлдендірсін. Физиканы бұл қыз бәрібір білмейді.

КҮМІС КҮНМЕН ТІЛДЕСКЕН

Солқылдата соғылсын
Бесжылдықтың балғасы!
Еңбегімен танылсын
Ердің алып тұлғасы!

Осынау бір өлең жолдары бірінші бесжылдықтың дәл қызған шағында өмірдің өзінен туып, көпшіліктің көкейіне қона кеткен еді. Содан кейінгі әрбір бесжылдықтың тұсында жаңадан жаңғырығы естіліп, қайталана айтылып, қанатты сөзге айналды. Халық арасына кеңінен тарап, әрдайым тілдің ұшында тұрды.

Дәуірдің дабылына орай туған жыр қуаты жылдар бойына бәсеңдемей, – замана ағымына заңды құрдас бола білсе, ол өлеңнің өміршеңдігін, ал ақынның өмірмен өзектес, халықпен біте қайнасқан асыл қасиетін танытса керек. Әлгіндей адуынды, жігерлі жырдың авторы – қазақтың атақты ақындарының бірі Тайыр Жароков тап сондай қаламгер еді.

Ер тұлғалы кесек кескінді, ерекше бітімі бар Тайыр табиғатында ірі қимыл, қызу әрекеттің кісісі болуы да мүмкін еді. Ал дүниені дүр сілкіндірген Октябрь революциясы, жаңа өмірдің туын тіккен Совет өкіметі, қалың бұқараның қабілет-дарынын дариядай шалқытқан социалистік құрылыс оның бойындағы өнердің көзін ашып, талантының жарқырай көрінуіне анық жағдай жасады. Тайыр Жароков 1920-1923 жылдары орысша-қазақша мектепті бітіріп, 1923 жылы Орынбордағы Қазақтың халық ағарту институтына түсіп, жалпы білім алумен бірге, дүниежүзілік әдебиет туындыларынан да мол сусындай бастайды.

Жазба әдебиетіміздің атасы – Абай творчествосымен танысып, жаңа қазақ совет әдебиетінің іргетасын қалаушы – Сәкен, Бейімбет, Сәбит, Шолпандардың сол тұста газет-журналдарда жиі басылатын жырларын қызыға, құныға оқыды. Бұл оның өзінің де ақындық сезімін оятып, қолға қалам ұстатады. Тап осы кезде Тайырдың Сәбит Мұқановпен танысып, кеңесуі жас ақынның жасаң үнін ширатып, балғын қаламын батыл ұстауына үлкен септігін тигізеді. 1927 жылы Сәбит құрастырған «Ақындар шашуы» атты жинаққа Тайырдың «Күлімдеді күміс күн» деген өлеңі тұңғыш рет жарияланады. Ал 1928 жылы «Жаңа әдебиет» журналының тұңғыш санында алғаш басылған «Аэроплан» өлеңі қазақ оқырмандарына Тайырдың атын айқын етіп танытты. Сөйтіп ол әдебиет дүниесіне Әбділда Тәжібаев, Асқар Тоқмағамбетовтермен қатар қазақ ақындарының екінші буыны есебінде келіп қосылды.

Тайырдың бірінші жинағы «Жұлдыз жарығы» деген атпен 1932 жылы басылып шыққан еді. Осыдан бастап оның 18 кітабы оқырмандар кәдесіне асты. Ал, 1960 жылы жарық көрген шығармаларының екі том-

дығы Тайыр Жароковтың қазақ совет әдебиетінің қабырғалы қайраткерлерінің біріне айналғанын айқындап берді.

Ақынның отыз жылдық өлең-поэмаларын жинақтаған бұл екі томды аударa отырып, біз Тайырдың салған беттен-ақ социалистік құрылыстың негеурінді қарқынынан қуат алу арқылы поэзиямызға жігерлі ырғақ, ұранды ұн, лепті серпін әкелгенін аңғарамыз. Ол миллиондардың өмірін өлең етіп, өз сезімін қоғам мүддесімен, көпшілік ұғымымен ұштастыра білді. Сондықтан да оның өлеңі ән болып айтылып, ауыздан-ауызға тарап кетті.

Мың-мың қолдар, миллион милар,
Милар миллион қимылда.
Миллион толқын,
Толқын миллион
Толқындата қимылдар.

Алтын жаздай, аққу қаздай
Миллион әнін шырқасын.
Табысымды,
Дауысымды
Тау-тас, дала тыңдасын! –

деген жыр шумақтары біздің әке-шешеміздің, аға-жеңгелеріміздің әлі күнге есінде.

Иә, Тайырдың ашық үнді, асқақ сезімді өлеңдері ол кезде қазақ даласында кеңінен естіліп тұрды. Тайыр ақын өзі көріп-біліп және атсалысып отырған қазіргі өмірді, советтік тұрмыстағы ұлылы-кішілі жаңалықтарды өлең-поэмаларына өзек етіп, кезеңді оқиғаларды кезінде жырлап, заман ағымына барынша үн қосуға ұмтылатын. Әуелден-ақ азаматтық лириканың туын берік ұстап, биік көтерген ақын сол бағытынан, мол шабытынан қайтқан жоқ, шабысынан танған жоқ. Бұған оның «Талмас тұлпар», «Азат әйел», «Болат балға», «Мотор жыры», «Көмір күйі», «Өлеңмен қойдым қолымды», «Қазыналы Қазақстан» секілді сезімі оймен тоғысқан, жеке бастың көңіл күйі көп тілегімен қауышқан, көтеріңкі лепке толы өлеңдері куә.

Осындай өршіл де ұшқыр шабытты Тайыр ақынның тағы бір абзал қасиеті, ол Одақ көлеміндегі оқиғаларға да жедел үн қатып, зор тақырыпқа лайықты шығармалар жазуға батыл бара білгендігі. Бұл ретте оның өз кезінде оқушылардың жоғары бағасына ие болған «Күн тіл қатты» поэмасын айрықша атау керек. Поэмаға, бір жағынан, өмір шындығы өзек болса, яки стратостатпен 22 мың метр биіктікке көтеріліп, дүниежүзілік рекорд жасаған совет ұшқыштарының ерлігі суреттелсе, екінші жағынан, еліміздің батыр тұлғасы, батыл қадаммен қарыштап алға басуы ақын шабытын шарықтатып, қиял құсын асқан биікке әуелетеді.

Бұған дейін шағын өлең жазып келген лирик Тайыр енді көсіле шауып, көлемді туындылар бере алатындығын көрсетті. Сөйтіп өз творчествосының алғашқы он жылын қортындылаған атақты «Тасқын» поэма-

сын жазды. Бұл туынды Тайырдың ақындық қуаты күшейіп, шеберлігі өсе түскенін айқындап берді. Жаңа өмір жасаушы қазақ жастары жайында жазылған бұл шығарманың көркемдік сипаттары мейлінше мол.

Тайыр 1934 жылы Ленинградта аспирантурада оқып жүрген кезінде орыстың классикалық әдебиетімен жете танысуға мүмкіндік алады. Орыстың ұлы ақындарының ғажайып мұраларына еліктеп, енді аудармамен де айналысады. Пушкиннің «Цыгандар», «Кавказ тұтқыны», «Коломнадағы үйшік», «Ағайынды қарақшылар» атты поэмаларын тәржімалайды.

Қара боран көкті жапты,
Қарлы құйын қуалай,
Кейде ұлиды аң сияқты
Кейде жылайды баладай.
Төбесінен үйдің тозған,
Сыбдырлайды сабаны,
Жолаушыдай кешеу қалған
Терезені қағады, – деп,

қазақ бүлдіршіндері Пушкин өлеңін жаттап өссе, ол – Тайырдың еңбегі. Сондай-ақ ол Лермонтов, Некрасов, Шевченко өлеңдерін де қазақ оқырмандарына қалтқысыз жеткізе білді.

Тайыр елуінші жылдары да өнімді еңбек етті. Елімізде елеулі оқиғалар туып қалған сәтте өзге қазақ қаламгерлерінен бұрын қимылдап, тың туынды беріп тастап отыратын Тайыр бұл кезде де төтеден қосылып, төтенше озып отырды. Атап айтқанда, «Жапанды орман жаңғыртты, «Қырда туған құрыш» поэмаларын жариялап, нысаналы тақырыбынан көтеріңкі шабытпен жырлайтын, публицистикалық сарыны басым сан талай өлеңдер жазды. Оның бір тобы 1962 жылы «Тау жырлайды» деген атпен жеке жинақ болып шықты.

Ақынның соңғы кітабы – «Тасқынға тосқын» деп аталады. Бұған жарқын жүзді адамдарымыздың жан дүниесін, шадыман еңбегін, космосты бағындыру ерлігін паш ететін парасатты өлеңдерімен қатар «Тасқынға тосқын» деген ең соңғы поэмасы енген. Мұнда Тайыр табиғаттың дүлей күшіне қарсы төтеп берген құдыретті адам күшін әспеттейді.

Тайыр ақын өз республикасымен бірге өсіп, біте қайнады. Оның мәдениеті мен әдебиетін, әсіресе, поэзия саласын өркендетіп, көркейтуге көп еңбек сіңірген, өзінің көркем сөзімен халқымызға адал қызмет еткен, өнер шыңына еркін өрмелеген екпінді ақын. Ендеше Тайыр Жароковтың тасқынды жырлары Қазақстан тарихынан өзіне лайықты орын алып, қазақ жұртшылығының ой-сезімінің өршіл жаршысы ретінде жасай бермек.

«Коммунизм нұры» газеті.
25 қыркүйек, 1968 жыл

ЖАРҚЫРАҒАН ЖҰЛДЫЗДАР

ТЕБІРЕНІС

Туған жер, сенсіз ақын бола алам ба,
Сені ойлап оңалам да, торалам да;
Өтеді көз алдымнан көлбең етіп,
Өрім тал, тікенекті доланаң да.

Сұқсырлар сусылдап кеп қонатұғын,
Қызғышың бая-шая болатұғын.
Көліңе жырдан маржан төккім келді,
Көңіліме, бәлкім, сонда болар тыным.

Осынша жаным менің күйрек пе еді,
Қайтқан құс көшін көріп күйбектеді;
Өлең ғып ойларымды ұшырайын,
Тастай боп батып жүрген бүйректегі.

Жарасбай

«Адамзат ақыл-ойының тамаша жемісі – кітап деуге лайық. Дүниеде кітап жазу, кітап шығару ісі пайда болғалы өнер-білімнің өрістей түскені анық, кітаптар арқылы ұрпақтар үні жалғасып, жақсара берді»...

Жарасбай Нұрқанов


Сыңғыр-сыңғыр су сыңғырар бұлақтан,
Тіңірі ме екен тауып-тастап жылатқан?
Анда-санда кекіл айтып: „Кек! Кек!" деп,
Ғажайып дауыс көкектің де жүрегінен
Өртеп-кеп сыңқылдайды, жылайды,
Не көкейді, қылқылдайды, ауырады?
Кек жұлдызын көбейсе көбелек,
Тәсін тесер: „көбеймін" деп шығады

Ленин орта мектебінің ұстаздары. Алдыңғы қатарда: Жетпісов Хамит, Исмағұлов Есім, Құсайынов Жанғали, мектеп директоры Садықұлы Шияп, оның жары Мәтішқызы Мисалым, Құсайынова Нұрсұлу, Қоспанов Қайрош; екінші қатарда: Базарбаева Қағида, Жахина Кәмал, Илькович Анна Ивановна, Сейдахметов Ермұқан, Нұртазина Бикен, Оразалина Зура, Қонарбаева Мәйкен, Ахметбекова Қайрия, үшінші қатарда: Исмағұлов Шалбай, Таушаров Айтжан, Нұрқанов Жарасбай, Қожақов Есмақан, Қонарбаев Ермек.

Төмендегі суретте: Сәкен ролінде ойнаған артист Геннадий Пономарев ақынның жұбайы Гүлбаһрам Батырбекқызымен әңгімелесіп тұрған кезі. 1967 ж.

Сәбит Мұқановтың Целиноград облыстық «Коммунизм нұры» мен «Фройндшафт» журналистерімен кездесу сәті. 1967 жыл.

«ЖАРАСБАЙ ЕКЕУМІЗ БІР МЕКТЕПТІҢ ТҰЛЕГІМІЗ.
МЕКТЕПТІ АЛТЫН МЕДАЛЬҒА БІТІРДІ. БІЛІМДІ ЕДІ.
ЖАСЫНАН САХНА ӨНЕРІНЕ, АҚЫНДЫҚҚА БЕЙІМ БОЛДЫ.
ЖАРАСБАЙ МЕНІҢШЕ ТАБИҒАТ БЕРГЕН
ТАЛАНТЫН ТОЛЫҚ АША АЛМАЙ КЕТТІ»

ГЕРОЛЬД БЕЛЫГЕР

ҒАЛАМНЫҢ ҒАЖАБЫ

ЖАЛТЫЛДАҚ АҚЫҚ, ЛАҒЫЛ, АЛМАС, БЕРЕН,
ЕСТІМІҢ АСЫЛДАР ДЕП ЕЛДЕН ЕРЕН.
МЕКТЕПТЕН АЛТЫН МЕДАЛЬ АЛҒАНЫМ БАР,
ӘЙТПЕСЕ ІЗІҢУ ҮСТАП КӨРГЕН ЕМЕН

ҒАУХАРДЫҢ КӨРМЕШІҢ ҒОЙ ТҮРІН-ТҮСІН,
СҰЛАСТЫҢ СҰРАШЫН БА ҚҰНЫН, ҚҰШІН.
ТАҚПАДЫМ, САТПАДЫМ МЕН ЖАҚҰТЫҢДЫ,
ҒАЛАМНЫҢ ҒАЖАБЫ ӨЗГЕ МЕНІҢ ҮШІН.

ҒАЖАП ҚОЙ ҚЫЗЫЛ БИДАЙ, БАДАНА ДӘН,
АСЫЛ ДЕП СОНЫ АЙТСАМШЫ БАҒАНАДАН.
МЕН БІЛГЕН АЗДЫ-КӨПТІ ДҮНИЕДЕ
ЖОҚ, ДЕЙМІН, АСҚАН КӨРКЕМ, АДАЛ ОДАН!

Жарасбай Нұрқан

КАЗАК ССР
ОҚУ МИНИСТРЛІГІ

КӘМЕЛЕТТІК АТТЕСТАТЫ

Ортада: Игібай Әлібаев, тұрғандар: Жарасбай Нұрқанов, Ермек Қонарбаев жерлес қаламгерлері арасында

Содан оңға қарай: үшінші тұрған Қасым Қайсенов, Жұбан Молдағалиев, Мәди Хасенов, Сағынғали Сейітов, Ғали Орманов, Жарасбай Нұрқанов, Қалижан Бекхожин, Ғафу Қайырбеков, Берік Шаханов, Нұрғожа Оразов, Жайсанбек Молдағалиев, басқа қаламгерлермен бірге

Бірінші қатарда: оңнан солға қарай: Ғалым Малдыбаев, Ғабит Мүсірепов, Ахметжан Нұртазин, Игібай Әлібаев, Рима Сергеева;
Екінші қатарда: оңнан солға қарай Ермек Қонарбаев, Нұрлан Әлібаев, Жарасбай Нұрқанов слетке қатысушылардың арасында.

Нұрғожа Ораз, Мәди Хасенов, Жайсаңбек Молдағалиев, Жарасбай Нұрқанов, Нөгербек Мағзұмов, Октябрь Әлібеков, Қажымұрат Рақымов. Ортада отырған Ғафу Қайырбеков

Ермек Қонарбаев, Жарасбай Нұрқанов, Темірғали Қасенов, Игібай Әлібаев, Уәхит Темірбеков, Темірғали Нұртазин, Ғалым Малдыбаев

Жарасбай Нұрқанов, Халық Қаһарманы Рақымжан Қошқарбаев, Шәмшиден Дәуітов. Редакциядағы кездесу

«Социалистік Қазақстан» гезетінің редакциясындағы алқа жиналысы

Жарасбайдың атасы Нұрқан мен әжесі,
немересі Нағашыбай

Күлбара Әнәсқызы

Анасы Әмина

Әкесі Әнәс Нұрқанұлы

Дулат Әнәсұлы

Ағасы Таласбай және жеңгесі Тойжан

Талғат Әнәсұлы

Сәдуақас Әлғожаұлы

Шәмшия Тәуірбайқызы

Сәуле анасы Меруертпен

Дастан Бекеев

Асан, Айдана, Досбол Алғожиндер

Күләш Әлғожина

Отырғандар: Жарасбай, Нұрзада, Қазина
Тұрғандар: Жомарт, Жансұлтан, Жәнібек, Гүлнәр

Солдан оңға қарай: Зере, Қазина, Лиза апай, Нұрбүбі апай, Гүлнәр,
Жомарт, Жансұлтан, Нұрзада

Зураш пен Қазан
Әлғожиндер

Қаршыға Кәкешұлы
жары Сәбира,
қолдарында
сүйікті шөбересі Раяна

Балшекер мен Әлкен Алғожиндер

Сайлау Сәдуақасұлы

Інісі Марат Әнәсұлы
және келіні Нұрсулу

Болат Қоңырбекұлы және
Ғазиза Әбілқайырқызы

Жарасбай спектакльдегі Жарас рөлінде.
Студенттік шақ

Гүлзада Есенбекқызы

Солдан оңға қарай: Дәулет Зекешұлы, Қаратай Сәдуақасұлы, Қазан Сәдуақасұлы, Әлкен Сәдуақасұлы және Сабыржан Қазанұлы

АТАҚТЫ ЖУРНАЛИСТ-ЖАЗУШЫ

(Борис Полевой 60-та)

«Нағыз журналистикадан басқа қызықты мамандықты мен көре алмадым. Сен үнемі өз халқыңның өмірімен бірге біте қайнайсың, оның бар өмірін алдымен сен білесің», – деп жазды Борис Полевой бірде. Бұл оның газеттегі көп жылғы қызметтен кейін жасаған қорытындысы екені сөзсіз. Қазіргі Калинин қаласында алтыншы класта оқып жүріп жазған алғашқы хабары губерниялық газет «Тверская правдада» жарияланған. Болашақ журналист содан бергі қырық жыл бойына күнделікті баспасөзден қол үзіп көрген емес. Ертең, 17 мартта жасы алпысқа толатын Борис Полевой – әлі қары талмаған қаламгер.

Көбінесе, біз оның есімін «Правданың» бетінен көреміз. Өйткені ол осы газеттің өз тілшісі болып көп істеді. Әсіресе, Ұлы Отан соғысы жылдары шаршап-шалдығуды білмейтін, шабытты корреспонденттердің бірі болды. Сол кездегі «Правданың» бір номерінде оның екі материалы қатар басылып бара жататын. Сонда оның біріне – «Кампов» деп нақты фамилиямен, екіншісіне – «Полевой» деген лақап атпен қол қоятын.

Борис Полевой – сөздің сол мағынасында да, зор мағынасында, қалам иесі, әрі журналист, әрі жазушы. Әуелдегі нақты факті, жедел жазылған очеркі, артынша әңгіме, повестке айналып, журналистік алғырлығы жазушылық шеберлікке жалғасады. Оның «Біз – совет адамдарымыз», «Замандастар» атты әңгімелер жинағы, «Ыстық цех», «Қайтып оралды», «Доктор Вера» повестері мен «Алтын», «Алыстағы тыл», «Дүлей жағалауда» романдары дәл солай туған. Ал атышулы «Нағыз адам туралы аңыздың» жазылуына автордың әскери корреспондент болуының қаншалықты роль атқарғанын айтсаңызшы.

«Правданың» тілшісі ретінде 1945 жылы Нюрнбергтегі Халықаралық соғыс трибуналына қатысқан Б. Полевой рейхсмаршал Герингтің: «біз Совет елінің анық әскери қуатын (потенциалын) ескерген жоқбыз, ең басты «құпиясын» біле алмадық». – деп тістене сөйлеуіне куә болды. Бұл жерде ол (Геринг) соғыс құралдарын сөз етіп тұр. Олар советтік қару-жарақтың саны мен сапасын біліп алуға асыққаны рас. Бірақ фашистер совет адамының мінез-құлқы деген «құпияны» білуді ойлаған да жоқ, оны олардың түсінуі де мүмкін емес еді. Міне, соған зығырданы қайнап, жан ашуы келген жазушы-журналист жауыздарға жауап есебінде, егес түрінде сол сот жүріп жатқан жерде-ақ кітап жазуға кіріседі, қарапайым

совет адамының характерін танытып, социалистік Отанымыздың «анық әскери потенциалын» бейнелеп бермек болады. Бұл үшін бұдан бірнеше жыл бұрын тағы да сол газет тапсырмасымен жүріп танысқан үздік ұшқыш-истребительдің батырлық өмір тарихын пайдаланады. Сөйтіп нақты өмірден алынған «Нағыз адам туралы аңыз» туады.

Ол кітаптың оқиғасы оқырман қауымға өте мәлім. Бұл шығарма өзінің жарық көрген күннен бастап көпшіліктің қолынан түспейтін «өмір оқулығына» айналды. Жарқын идеясымен, жалынды пафосымен адам жанын айрықша жаулап алып, кісінің ой-сезіміне, ерік күшіне ерекше әсер ететін кітап болды. Әсіресе, үлкен өмір есігін енді ашқалы тұрған арынды жастар бұл кітапты бас алмай оқып, нағыз адам болудың үлгісін көріп үйренеді. Орыс оқырмандарында: «Өмірде кімді өнеге ету керек?» (Делать жизнь с кого?) деген ұғым бар. Борис Полевойдың кітабы осы сұраққа айқын жауап береді. Повестің бас кейіпкері – Алексей Маресьевтің таңғажайып тағдыры ерліктің, табандылықтың, Отан сүйгіш ерліктің озық үлгісі болып табылады. Осы бір өн бойы өрен ерлік пен орасан оптимизге толы жігерлі жігіт – оқушы жүрегіне соншалық жақын, қасиетті қаһарман. Оқырмандар қауымына бұл кейіпкер қандай қадірлі болса, оның әдебиеттегі асыл бейнесін, ғажап тұлғасын сомдап соққан жазушы да сондай қадірлі. Сондықтан да бүгін біз көпшілік құрметіне бөленген көрнекті совет қаламгері Борис Полевойдың (Камповтың) жасы 60-қа толуын қызу құттықтап, оның қаламы қашан да қарапайым жандардың ерен еңбегін жарқырата жазсын, советтік нағыз адамдардың нанымды бейнесін жасай берсін деп тілек білдіреміз. Сондай-ақ бұл аса зор қоғам қайраткері Бүкілдүниежүзілік Бейбітшілік Советінің мүшесі ретінде халықтар достығы үшін үнемі күресе беретініне, «Юность» журналының бас редакторы ретінде жас таланттарды тәрбиелеуге күш-жігерін аямайтынына сенеміз.

«Коммунизм нуры» газеті, 1968 жыл

ГЛУБОКИЕ КОРНИ

К 250 летию добровольного присоединения Казахстана к России

У Грузинского поэта Николаза Бараташвили есть такие строки: «Свою защиту, знаю наперед, в России только Грузия найдет!» проницательные слова были сказаны им в сложнейшие для его Родины времена. Поэтическая мудрость поразительна и тем, что она была приложима к судьбам и других народов, соприкасавшихся с Российским государством.

В тяжкие годы своей истории наш народ тоже искал себе сильную опору и защиту и нашел ее только в России. Как не вспомнить мудрые слова

великого Абая: «Русские видят мир. Если ты будешь знать их язык, то на мир откроются и твои глаза». Утверждение Чокана Валиханова о том, что лишь в русле общероссийского движения возможен прогресс казахов, оказалось пророческим. В эти дни, когда по всей республике отмечается как общенародный праздник 250-летия добровольного присоединения Казахстана к России, мы с глубокой признательностью называем их имена.

С детства помню, как казахи своих русских знакомых называли словом «тамыр», что по-русски означает «корень». Трудно объяснить, как возникло это обращение. Но одно ясно: оно употребляется только между близкими людьми, произносится с любовью и уважительно.

Можно предполагать, что обращение «тамыр» означает давнишние связи русских и казахов, что корни дружб двух народов глубоки и крепки. Взоры казахов давно были обращены к своему северному соседу. В народе бытовала поговорка: «ормандай калың орыс», в которой русские сравнялись с могучим лесом. Казахи признавали не только многочисленность русских, но и крепкое единство этой нации. С таким соседом нельзя было не считаться. Казахские властители всегда следили за ростом могущества Российского государства то с опаской, то с надеждой.

Однако реальная опасность казахам угрожала с востока. Стремясь установить свое господство над кочевниками, владыки джунгарского ханства постоянно вели жестокие набеги на казахские земли. В начале восемнадцатого века во время очередного нашествия свирепым завоевателям удалось проникнуть в глубь наших степей. Тот трагический период вошел в историю как годы «великого бедствия». Скорбные песни тяжкого времени до сих пор поются в народе.

Над казахами нависла смертельная опасность – быть покоренными или вовсе уничтоженными.

Казахстан оказался зажатым в тисках новых агрессивных и алчных соседей – Цинской империи и среднеазиатских ханств, веками посягавших на обширные казахские земли. Встал вопрос, как и с кем быть. Без сильной опоры казахи не могли уже постоять за себя. В этих трудных условиях наши предки нашли единственно верный путь – просить защиты у русских. Под давлением народных масс, по требованию старейшин казахские ханы вновь обратились к России с просьбой о союзе.

У казахов все больше крепло убеждение, что их дальнейшая судьба зависит от сближения с русским народом. Оба народа жили по берегам одних и тех же рек, пасли стада на одних и тех же лугах. У них много было общего: казахи, как и русские, дорожили своей свободой, любили свою вольность, не терпели рабства других. Они стойко защищали свою землю, не посягали на чужое. Обоим народам было свойственно миролюбие. Вот почему ходотайства и вхождении в состав России становятся основной задачей казахских посольств и основными содержанием русско-казахской переписки. Наконец 10 октября 1731 года была оформлена при-

сяга на верность и подданство России хана младшего жуза Абулхаира и 27 виднейших казахских старшин из разных племен. Тем самым было положено начало добровольному присоединению Казахстана и России.

Присоединение Казахии и России стало поворотной вехой в истории нашего народа. О том, какое значение придавала казахская сторона этому событию, говорят слова жены хана Абулхаира: «С вхождением в состав России казахи получили: первое – спокойное житье, второе – никакой приятель на них не нападет». Это было самое сокровенное желание нашего народа, и отныне русский и казахский народы навсегда соединили свою судьбу.

Вот уже не протяжении двух с половиной веков наши народы вместе идут навстречу своей мечте. Соединение своей судьбы с судьбою русского народа стало счастливым для казахов, так как Россия оказалась Родиной Ленина, Великого Октября. Благодаря победе октябрьской революции, торжеству Ленинской национальной политики, бескорыстной помощи русского народа Советский Казахстан стал цветущим краем.

Свою верность братской дружбы казахи вновь подтвердили в годы Отечественной войны. Мы с гордостью вспоминаем имена защитников столицы нашей Родины. Особенно памятны подвиги 28-гвардейцев-панфиловцев. Именно из окопов Панфиловской дивизии, сформированной в Казахстане, прозвучали слова: «Велика Россия, а отступать некуда – позади Москва».

Воспитаннницы ленинского комсомола, выпускницы русских школ казашки Алия Молдагулова и Маншук Маметова в трудный для Отчизны час встали на защиту Советской Родиы, отдали за нее жизнь. Обе были посмертно удостоены звания Героев Советского Союза. На местах их гибели поставлены обелиски. Улицы русских городов названы именами казахских героинь. В Москве, Ленинграде организованы музеи. В столице нашей республики Алма-Ата так же намечается воздвигнуть памятник славным дочерям казахского народа. Такова великая действенная сила наших братских взаимоотношений.

Замечательной страницей дружбы казахского, русского и всех других народов СССР стали освоение казахстанской целины. Усилиями советских людей древняя земля казахов превращена в житницу страны. Освоенная целина стала высокоразвитым в экономическом и социальном отношении краем. Советский Казахстан стал кузницей дружбы народов. Везде и всюду мы видим примеры братского единства трудящихся, ленинского интернационализма, являющегося характерной чертой советского образа жизни.

В дни наших народных торжеств на центральной площади Целиноград – имени В.И. Ленина можно увидеть такую картину. Впереди демонстрантов, твердо чеканя шаг, идут прославленные передовики производства – шофер, Герой Социалистического Труда русский Валентин Щербаков и железнодорожник, кавалер ордена Трудового Красного Знамени казах Картай Рахимов. Они несут Государственные флаги Союза

Советских Социалистических республик и Советского Казахстана. В такие минуты мы особенно остро понимаем: узы нашего родства нерасторжимы, корни нашей дружбы глубоки.

Целиноград, 1981 год

ДОСТЫҚ ПЕН ТУЫСҚАНДЫҚ САЛТАНАТЫ

23 сентябрьде Алматыда ашылған Украина әдебиеті мен өнерінің онкүндігі бұрнағы күні Целиноградтағы салтанатпен жалғасты. Осында – тың игерген облысқа украин әдебиеті мен мәдениетінің 22 өкілі күнге шағылысқан күміс самолетпен самғай ұшып жеткен-ді. Туысқан елдің өнер қайраткерлерін облыс өкілдері қаумалай қарсы алысты. Айқасқан құшақ, алысқан қол қос халықтың дос пейілін дөп жеткізіп жатты. Қонақтарға ұсынған гүл, әдеттен тыс ысыған күн ыстық ықылас белгісіндей. Күзгі күннің емес, ізгі көңіл шуағындай.

Украина ұл-қызын қазақ жері қашаннан-ақ біледі. Сонау бір сор заманда қазақ жерінде айдауда болған ақын Тарастан басталған таныстық азамат соғысы, азаттық майданы жылдарында екі елдің ерлері қаруды қатар ұстаған күреске, тың игеру аттанысында бүкіл халықтық қарым-қатынасқа айналғаны анық. Туыстас елдер турасындағы құттықтау сөзінде осындай ортақ жайды айта келіп, Целиноград облыстық Совет атқару комитетінің председателі Р. Шаяхметов он күндіктің облысымызда басталуына арналған Тың игерушілер сарайындағы салтанатты жиналысты ашық деп жариялады. Достық кешіне жиналған қала жұртшылығы ортақ Отан, Ұлы Ана – Совет Одағының және Украина мен Қазақ республикаларының мемлекеттік Гимндерін тік тұрып тыңдады.

Облысымызға келген өнер шеберлерін бастаушы, Украина ССР-нің кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетінің председателі С. Иванов жолдас бұл топтың ішінде: СССР халық артисі Лариса Руденко, республика халық суретшісі Николай Глущенко, жазушы Анатолий Хорунжий, ақындар Владимир Лучук пен Станислав Тельнюк барын баян етті. Ол облыстық партия комитеті мен атқару комитетіне қонаққа шақырып, құрметпен қарсы алғаны үшін алғыс айтып, украин зергерлері жасаған алтындай сары, әдемі сандықшаны сыйға тартты.

Жауап сөзге шыққан Жақсы ауданы «Киевский» совхозының директоры Нестеренко осы шаруашылықтағы жұмысшылардың қалың көпшілігі – украиндықтар екенін, сондықтан да олар тың жерге өздері орнатқан совхозға Украина астанасының атын бергенін айта келіп, «Жерлестеріңіз жеңіспен еңбектенуде!» деп орынды мақтаныш білдірді. Биыл совхоз еңбеккерлерін астық тапсыру жоспарын асыра орындағанын хабар етіп, «Біз сіздерді өз совхозымызға қонаққа шақырамыз және сіздердің келу құрметтеріңізге жоспардан тыс, міндеттемеге қосымша тағы да 4 мың тонна астықты мемлекетке өткіземіз, – деп мәлімдеді ол. –

Бұл сіздерге де және бізге келе алмай қалған Штепсель мен Тарапунькаға да жетеді деп ойлаймын. Бірақ олар тың жерге келіп еңбектенсін», – деп күлдірді совхоз директоры.

Жазушы Анатолий Хорунжий өз сөзін: «Қымбатты жолдастар!» деп қазақша бастады. Ал залда отырған қазақ жұртшылығы оның украинша сәлемін айнытпай ұғып, ұзақ қол шапалақтады. «Шалқар Днепрден шапшаң Есілге сәлем! Украинаның ен даласынан қазақтың кең даласына сәлем!» Ол осылайша екі елдің ерекшелігі мен ұқсастығын салыстыра айтып, сәлем жолдаған еді. Бұдан соң ол: «Өнер онкүндігі – концерттер мен кездесу кештері ғана емес, таныса түсу, білісе беру, достығымызды бұрынғыдан да нығайту», – деп берекелі ой білдірді. Сөзінің соңында өзінің кітаптарын «Киевский» совхозы еңбеккерлеріне тарту етті.

Қазақ қызы Айман Ақшалова жастар атынан жарқын сөз сөйледі. Екі республиканың өмірі мен өнерінің ортақ қасиеттері оның сөзіне де өзек болды. А. Ақшалова қазақстандық жастардың украин әдебиеті мен өнеріне әбден қанық екенін әдемі айтты. Ол өз сөзін әлемге әйгілі тілекпен: «Здоровенько булі!» деп бітірді,

– Қазақ халқының қадірлі қонаққа төр ұсынатын әдеті бар, – деді Қазақстан жазушылар Одағының Целиноград облысаралық бөлімшесінің секретары, жазушы Ә. Ипмағамбетов жолдас. – Сондықтан да тыңның Үлкен Үйі – Тың игерушілер сарайының сахнасы – Сіздерге, салтанаты – Сіздер үшін!

Осы сөздің орайындай атақты сахна шебері, СССР халық артисі Лариса Руденко рухы күшті, білектері біріккен, тілектері ұштасқан украин және қазақ халықтарының терең тамырлы достығы жәйлі тебіренген сезім білдірді. «Украин халқының қазақ халқына деген құрметі мен махаббаты үшін» деп бас иіп, тәжім етті; еңкейіп, егін масағын сүйді.

Алғашқы кездесу кеші туысқандық туы астында өркендеп өскен бақытты бауырмал халықтар достығының аса зор салтанатына айналды.

Салтанаттан соң онкүндікке келген өнер шеберлерінің әдеби-музыкалық концерті басталды.

Украин ақыны Владимир Лучук өз өлеңдерін оқыса, Станислав Тельнюк украин жерін қорғасқан партизан ақын Жұмағали Саин өлеңдерінің аудармасын жатқа айтты. Ал қазақ ақыны Сағынғали Сейітов өз өлеңін үш тілде – қазақша, украинша, орысша оқыды.

Бұдан соң украинның аса сазды, өте назды әндері кең залды кернеп кетті. Харьковтің Лысенко атындағы опера және балет театрының солисі Борис Жайворонoктың жағымды баритон дауысы баршаға ұнады. Ол «Повей вітре на Украину» әнін өте жақсы орындады.

Киев опера студиясының шәкірті Нина Тычинскаяның даусы тіпті зор. Бейне бір қазақтың байтақ даласында барынша шырқап ән салуға әдейі келгендей. Ол Украинаның классик-композиторлары Лысенконың «Наталка Полтавка» операсынан, Гулак – Артемовскийдің «Запорожец за Дунаем» операсынан ариялар орындап сүйсіндірді, Сондай-ақ УС-

СР-дің еңбегі сіңген артисі Александра Лысенкованың көркемсөз оқуы да көңілге қонымды-ақ.

Көермендер СССР халық артисі Лариса Руденконың сахнаға шығуын шын қуанып қарсы алған-ды. Өнеріне де өте риза болысты. Халық артисі халық әндерін қандай шебер орындайды десеңізші!

Концерт соңында көермендер қолымен Украина талантарына ұсынылған гүлдер ыстық көңіл, достық пейіл белгісіндей тағы да тамаша әсер етті.

Бұл концерт бұдан да мол кеңейтілген үлкен программамен үш күнге созылмақ. Бұрнағы күні басталған Украина әдебиеті мен өнерінің онкүндігі облыс еңбеккерлерін кең қамтып, қанат жаюда.

Сапарларың сәтті болсын, украин – бауырлар!

«Коммунизм нұры» газеті, №193
27 сентябрь, 1966 жыл

МӘҢГІ БІРГЕ

Толғау

Жершарының түкпір-түкпіріне тегіс тараған, дүниежүзіне түгел түсінікті, барлық халықтың барша тілінде бір әрпі де айнымастан айтылатын ғажайып есім бар. Бір елдерде ол – үміт бұлағындай елестесе, бір елдерде – күрес – ұранындай естіледі. Қайсыбір елдерге – қараңғыда жол көрсеткен жұлдыздай жарқыраса, еркіндік алған елдердің шуақты нұры, қуатты күні секілді ол. Отанымыздың нақ төрінен, дәл жүрегінен тарайды оның сәулесі. Ол есім – Ленин!

Оның кемеңгерлік кескіні де әлемге аян, әм-маға таныс. Парасатын паш еткендей керекарыс кең маңдайлы жарқын жүзінен үлкенді-кіші ұлылық сипатын бірден сезіп, іңкәр ілтипатпен көз тігеді.

Бүкіл әлем оны – бақытты болашақты болжаушы ғана емес, жаңа өмірді жасаушы деп таниды. Адамзаттың ең алғаш жүзеге асуы осы есіммен, осы бейнемен байланысты. Атап айтқанда:

Өкімет – Советтерге!
Бейбітшілік – халықтарға!
Жер – шаруаға!
Нан – аштарға! –

деген декретке қойылған қол – Ленин қолы еді.

Көсемді көзбен көріп, қатар қызмет істеу бақытына ие болған кісінің айтуынша, бұл декрет Қысқы сарай алынысымен, таңғы төрт пен бес-

тің арасында жазылыпты. Шаруаның көкейтесті мүддесі – оның да зор мақсаты, ұлы мәртебелі жұмысшының үстемдігі ізгі мұраты, халықтар бақыты –өмірінің түбегейлі мән-мақсаты болғаны анық.

Иә, Россия перзенті – Ленин барша жұрттың, барлық ұлттың бауырмал досы еді. Ол – еңбекші таптың данасы, езілгендердің панасы. Сондықтан да Россия құрамындағы бұрынғы бұратана елдер тек Лениннің арқасында азаттық алды, жаңа заманның, жарқын өмірін бастады. Қазақ елі де еркіндік пен азаттық үшін Октябрьге, Ленинге, Коммунистік партияға қарыздар.

Алғыр ақылымен, көреген көзімен әлемді шолған данышпан ұланбайтақ даланы жайлаған осы бір ел жәйлі де ойланбай қойды ма екен? Оның адамдарымен, адал ұлдарымен танысқысы келген-ақ шығар.

Сол ретте қазақ халқының атынан сөйлеу, оның өкілі болу құрметіне әйгілі революционеріміз Әліби Жанкелдин ие болған еді.

Ұлы Октябрь социалистік революциясымен 1917 жылдың ноябрінде РСФСР Халық Комиссарлары Советінің Председателі Ленин большевик-қазақ Әлібиді – Торғай облысының, одан кейін – бүкіл Дала (Қазақ) өлкесінің төтенше соғыс комиссары етіп тағайындаған болатын. Әліби азамат соғысы жылдарында Лениннен тура провод арқылы сөйлесіп, тікелей нұсқау алып отырған. Сондықтан да біз Қазақстанда Совет өкіметін орнатушы пролетариат көсемнің өзі басқарды дейміз.

Ал осы Әліби басқарған бірінші Қазақ эскадронының жауынгері, Москвада Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті атындағы пулеметшілер мектебін бітірген, Кремльде күзетшілік еткен курсант, Лениннің пәтеріне сақшы болған Сәрсенбиннің естелігін елжіремей оқуға болмайды. «Ленин туралы әңгімелер» атты кітаптың 403 бетінде ол былай дейді.

«Бір күні маған тұңғыш рет Владимир Ильичтің пәтерін күзетуге тура келді. Жасыратыны жоқ, сондай жауапты міндетті атқарып тұрып менің жүрегім қатты толқыды.

Сол күннен бастап кейде көсем пәтерінің есігі алдында, кейде қызмет істейтін орнында жиі-жиі күзетте тұратын болдым.

Бұл ретте түнгі поста тұрғанымда кенет сықыр етіп есік ашылды да, кабинетінен шыққан Владимир Ильич өзі тұратын бөлмесіне қарай жүрді. Оны бұрын тап осындай жақын жерден көрмегендіктен сасып қалыппын. Үндемей бөлмесіне өткізіп жіберудің орнына тұсыма келе бергенде:

– Сіздің пропускаңыз? – деппін.

Владимир Ильич менен екі адым жерде тоқтап, пропускасын көрсетіп:

– Жолдас, мені танымай тұрсыз ба? – деді.

– Ереже осыны талап етеді, – деп жауап қайырдым көсемге, сосын пропусканы тексеріп, өзіне қайырып бердім де, бойымды түзеп тұра қалдым.

Владимир Ильич маған көз тоқтата қарап күлімсіреді де:

– Ұлтыңыз кім болады! Қай жердікісіз? Семьяңыз бар ма? – деді.

– Мен қазақпын, жолдас Ленин, – деп жауап қайырдым да: –Гарнизон қызметінің уставы бойынша күзетшіге сөйлесуге рұқсат етілмейді, – дедім.

Владимир Ильич маған тағы да жылы ұшырай қарап, бөлмесіне бет-теді.

Лениннің көз қарасы, күлімсіреуі, іштарта айтқан жылы сөздері менің болашақтағы бүкіл өмірімді күн нұрына бөлегендей, кеудемде мәңгі өшпейтін шырағын жаққандай болды». Сол жылдары қазақстандық жұмысшы табының бір топ өкілдері – Риддер кеншілері де кемеңгер басшының алдында болып, отандық өндірісті өркендету жолдары жөнінде кеңескен-ді. Бұдан бұрын, 1920 жылы, Ленин қазақстандық делегацияны қабылдап, содан соң Воровскийге мынадай хат жазған болатын:

«Қырғыз (қазақ) жолдастар әріп құятын кәсіпорын баспахана және қағаз тауып алуға көмектесуді сұрайды. Оларды қабылдап, барынша көмек көрсетуіңізді аса өтінемін».

Иә, Совет өкіметі жылдарында біздің республика адам танымастай өзгерді. Қазақстан байлығы барынша игерілуде:

Шынтағын Алтайға тіреп, шымқай алтын – кен өндіріп Өскемен жатыр!

Асау өзен адам сілтеген арнамен ғана ағады. Ертіс енді Керекуден, Қарқаралыға қарай бұрылған!

Бұқтарманың оттары – бүгінгі өміріміздің өшпес, сенбес шырағы. Адам қолының құдыретті күшімен жарқырайды ол!

Қақ ортада – Қарағанды, Балқаш, Теміртау жер астынан жез сапырып, Жезқазғанды қашап жатыр. Қазақстан жұмысшы табы – жүздеген ұлт одағы!

Мұнай мұнаралары көк тіреген Маңғыстау маздап жанған еңбек түбегіне айналады, түбегейлі өзгереді.

Ақтылы қой, алалы жылқы Орал өңірінде отар-отар; Тарбағатай таулarында табын-табын; түстігімізді түгел алып жатқан жоқ па жайылып!

Теріскейіміз – телегей теңіз дән дариясы. Бітік егін, биік бидай. Жайқалған алтын. Дала кемесінің дархан өңешінен саулаған маржан Отан қоймасына толассыз құйылған қасиетті тасқын!

Сол үшін де республикамыздың омырауында – оның ұлы бейнесі тұр жарқырап!

Қазақстанның қай ауылына, қаласына барсаңыз да, бар өзгерісті өзі басқарып тұрғандай, жол нұсқаған қолы жоғары көтерілген көсемді көресіз. Сол ескерткіштің түбінде еліміздің жас ақыны, жаңа ұрпағы ретінде ұлы Ленин туралы үлкен толғанысқа түсеміз.

Ленин туралы лепті көңілін білдірмеген ақын жоқ. Жүз жасаған Жамбыл қандай жырласа, әдебиет әлеміне кеше келген ақын да алғашқы өлеңін Ленинге арнайды. Бірақ бұл аса зор, ұлы бейнені тауысып жырлау мүмкін емес. Сол жөнінде қазақтың Қастек Баянбаев деген жас ақыны жақсы айтқан:

Лениннің жасау үшін тұлғасын,
Ақын біткен өмір бойы жырласын.
Қалам жасап кірпігінен суретші,
Сан шапандық кенеп керіп сырласын.
Ленинге композитор арнасын
Музыкалық әсем үннің баршасын.
Лениннің қимылдарын қайталап,
Әлемдегі актер тегіс шаршасын.
Осы тұлға – өнер, ойдың жазары,
Айқын болсын күндей көсем ажары.
Мұның бәрі – Лениннің адамға
Бергенінен мың мәртебе аз әлі!

Иә, біздің барлық табысымыз, бақытты өміріміз Ленин ойларының жемісі, ленинизм жеңісі.

Ол қазір Отанымыздың жүрегі – Москвада, Мавзолейде үлкен істерді тындырғаннан кейін тыным алып жатқандай. Өсиетін, ойларын жүзеге асыруды бізге тапсырып, барлық ісімізді байыппен бақылайтын секілді. Ендігі өмір, бүкіл дүние тағдырына оның ұрпағы – біз жауаптымыз. Ол бізбен мәңгі бірге!

(Тарихқа байланысты жазылған мақалаларды қосып отырмын. Себебі өткен өмірімізді, бастан кешкен оқиғаларды өшіріп тастай алмаймыз. Өткен өмір – болашақ бастауы болған. Аталарымыздың өмірі. Бүгінгі ұрпақ ұмытпауы керек. Білу керек. Тәуелсіздікке қалай қол жеткізгенімізді түсіну үшін.)

Әңгіме

Л. РАХМАНИНОВ

ТҮЙМЕ

1920 жылы Россияға бір неміс социал-демократы келеді. Ол мұндағы жағдайды өз көзімен көрмек және Ленинге жолығып кеңеспекші болады. (Ол кезде талай адам тап осы ниетпен келіп-кетіп жататын).

Врангельмен және Пилсудскиймен соғыс әлі аяқталмаған кез еді, – Россиядағы күйзеліс пен аштық әбден шегіне жеткендей болып көрінеді оған. Рас, бұл аса ауыр жылдар бойына Россия таңғажайып бір күшпен шыдап бақты бәріне, бірақ енді революциялық қайрат-жігер, қайткен күнде де, сарқылған болар, адамдар шамадан тыс шаршап-шалдықты ғой, деп ойлаған еді ол.

Ол Ленинге өткір де тура сұрақтар қойып, соншалық ашық, анық жауап алуға әзірленді. Россияның қазіргі хал-жағдайына салқынқанды сарапшы болуға даярланды. Бірақ ол Ленинмен жүздескен жерде көсемнің

ұрдай жаудырған сұрақтарына жандәрмен жауап берумен ғана болады. Ленин одан бір неміс княздігінің советтік республика болып жариялағаны жәйлі, бірақ құрамында осы социал-демократтың өзі де болған үкімет билігінің үш-ақ күнге жеткені қалай деп сұрады. Неміс мұны социал-демократиялық партияның оңшыл бөлігінің опасыздық істегендігінен, санасының төмендігінен, сондықтан жұмысшылар үкіметін ең қажетті шақта олардың қолдамағынан болды деп түсіндірді.

– Ал сіздер өздеріңе сенетіндей және өздеріңді қолдайтындай етіп халық үшін не істедіңіздер? – деп қазымырланды Ленин.

– Халықтың бізге сенбеуі мүмкін емес, – деп бұртиды, өзін тәуелсіз санаушы бұл социал-демократ. – Біз жан-тәнімізбен халықтікіміз. Біздің оған жақындығымыз... мына түймеңіз пальтоға қандай жақын болса, біз де онымен дәл осындай жақынбыз.

Ленин мырс етіп күліп қойды.

– Ым-м, солай-ақ болсын дейік. Сонда да сіздер туған халқыңыз үшін не істедіңіздер?

– Үш күннің ішінде біз не істеп үлгіруші едік? – деп қайран болды неміс.

– Ал, сонда өздерің жариялап, жүзеге асырмақ болған не бір заң, немесе бір декретіңіз болды ма, – солардың тым болмаса біреуін атаңызшы маған!

– Заң мен декретке кезек жеткен жоқ қой. Біздің үкімет, тағы да айтайын сізге, бар болғаны үш-ақ күн өмір сүрді.

Ленин оның сылтауына көнбеді.

– Үш күн. Осыншама уақытты ештемеге пайдаланбадыңыздар. Тіпті фабрикаларда жұмысшылардың өзін-өзі басқаруын да енгізіп үлгермегенсіңдер, сонда пролетариат қайдан қолдайды сіздерді? Помещиктердің жерін тартып алып, тартып беру туралы ауыз да ашпағансыздар, шаруалар сол үшін де қолдаған жоқ. Тегі не жасап үлгергенсіздер өзі? Сюртуктеріңіздің бар түймесін салып, қашқын министрлердің кабинетіне сықырлай кіріп келгендеріңіз бе? Ол жеткіліксіз. Ол кешірілместей мардымсыздық. Әнеки, сондықтан да сіздер, үш күннен артық тұра алмадыңыздар. Ал біз, өзіңіз көріп отырғандай, үш жылдан бері мызғымай тұрмыз және ғасырлар бойы мызғымай тұрамыз деп сенеміз.

Мұншама зор нық сенімге таң қалған социал-демократ кенеттен қызуланып кетті:

– Ғасырлар бойы? Ал түйме ше?

– Түймесі несі? – деп таңырқады Ленин.

– Егер ертең сіздің, не менің түймем түсіп қалып, жоғалып кетсе не болмақ? Шынымды айтайын: мен бұрыңғы тігінші ретінде шұғылданып, сұрастырып көріп ем...

– Ә-ә, сіз тігінші ме едіңіз? – деп сұрады Ленин.

– Иә, бірақ одан пайда не? Мұнда, сіздің Россияда, түйме деген сатылмайтын көрінеді. Небір керемет батырлық пен қаһармандық көрсетіп, жауды жайратуға болады, ал енді түймесін жоғалтқан адам қайтып

жаңасын таба алмай, болмашы ғана нәрседен тарығып, дәрменсіз халде қалмақшы. Бұл қалай? Сіздерде ең қарапайым, әдеттегі бұйымдар шығаратын фабрикалар тоқтап қалған. Адамдар жылдар бойына өзіне ең қажетті нәрсесін алу мүмкіншілігінен айырылып отыр. Мен сән-салтанат жиһазы жөнінде емес, қарапайым түйме туралы айтып тұрмын!

Ленин күліп жіберді:

– Сіз, егер біздің шалбарымыздың түймесі үзіліп кетсе, ынта-жігер әлгі киімді ұстап тұра алмайды, дегіңіз келеді ғой. Иә, сіз жөн айтасыз: жердің тарту күші бойынша, шалбар түсіп кетуі тиіс. (Ол жасырын бір сыр айтатын адамдай неміске еңкейді). Ал мен сізге құпия түрде айтайын: шалбар түймесіз-ақ тұрады орнында. Ышқырымызды кендір жіппен бұрыңғыдан да бекем буып алсақ, Врангельді қуып тастағанға дейін белден түспейді шалбарымыз! Одан кейін елімізде түймелер молынан болады. Біз, оларды да, осы соғысқанымыз сықылды, жауынгерлік жігермен жасайтын боламыз. Ал әзірге сіз, қымбатты жолдас, менің түймеме қол салуды қоярсыз, бәлки?

– Кешіріңіз! – деп ұялып қалды неміс, ол әлгі қызу талас үстінде Ленин пальтосының бір түймесін ұстап алып бұраумен болып еді.

Сосын олар жұмысшылар клубына қарай жүріп кетті, ондағы митингіде Ленин сөз сөйлемек еді.

Жаздың күні болатын, шапшаң жүрістен пысынап кеткен Ленин омырауын айқара аша бастаған... сол кез әлгі қонақтың қолымен бұралған түйме ұшып кеткені ғой. Ұшып түсті де тас көшемен дөңгелей жөнелді. Ленин мұны байқаған жоқ. Ал неміс байқап қалып, бағанағыдан бетер қысылды. Түймені жерден алып, қалтасына тықты. Қайтсін енді, бәлки, кейінірек бәрі орнына келер, бір жөні болар!

Ленин митингіде Совет өкіметінің кезектегі міндеттері туралы, соғыс және еңбек майданы жөнінде сөйлеп болған соң, олар көшеге тағы да бірге шыққан. Сол кез неміс таң-тамаша болды да қалды: Лениннің түймелері түп-түгел, ап-аман тұр. Таңғажайып бұл не нәрсе? Ленин бар болғаны он минутқа пальтосын шешті және оны артындағы орындыққа қойды ғой. Түйме қадап үлгерген кім? Оны қайдан алды екен? Яки көсемнің киімінен көз алмай бақылайтын арнайы адам болғаны да, әйтпесе мұны қалай деп түсіндіруге болады: үзілген түйме мұның қалтасында жатыр ғой...

Бірнеше жылдан соң, Ленин қайтыс болғаннан кейін, сол тәуелсіз социал-демократ енді коммунист болып, қайтадан СССР-ға келді. Ол бүтіндей жанданған бүкіл елді, қайнаған жасампаз еңбекті, қаптаған түрлі товарларды көріп қуанды. Товарлар Москвада ғана емес, өзі аралап үлгерген деревняларда да мол екеніне сүйсінді.

Ол деревнядағы бір үйде ілулі тұрған Лениннің портретіне ерекше назар аударды. Фото суреттен үлкейтілген бұл портретте Ленин пальто, кепке киіп бейнеленген, – естен кетпес сонау бір әңгіме-серуен кезінде ол осылай киінген еді. Үй иесі жасамыс әйел шетелдік қонақтың портреттен көз алмай тұрғанын көріп мақтанышпен паш етті:

– Ильичтің бұл пальтосы маған өте таныс!

Ол қалайша?

Әйел әңгімелей жөнелді: осыдан бес жыл бұрын ол қалада – завод клубында үй сыпырушы болып істеп жүргенде жұмысшылардың митингісіне Ленин келіпті. Әйел әдеттегісінше шешенге арнап бір стақан шай әкеледі де, Ленинге жалт етіп қарап алады, сосын оның орындыққа ілбылған пальтосына көзі түседі. Қараса, жаңа болмағанымен, жақсы күтіліп киілген қара барқыт жағалы пальтоның бір түймесі жетіспейді екен. Ол пальтоны ақырын алады да, өзі отыратын орынға жөнеледі. Енді не істеу керек? сақтаулы түймесі жоқ, барып алып келе қоятын бұрынғы уақыт емес...

... Қой тәукел, бір жолға осы да жарар: ол өзінің бешпетінен бір түймені үзіп алып (Оның Владимир Ильичтің түймесінен түрі басқалау екеніне қарамастан-ақ) қадай қояды.

Ал жуырда селолық дүкенге кіріп, Лениннің үлкен портретін көреді. Қарап тұрса, – шешетай-ау! – пальтоның оң жақ омырауындағы жоғарыдан екінші түйме оның бешпетінен алынған дәл сол түйменің өзі...

Сондықтан бұл портретті үйге алып келіп, айнаның жанына іліп қойып отыр. Күніне әлденеше рет қарап, тамашалайды:

– Менің түймем ғой қадаулы тұрған!

Әңгімені әбден тыңдап болған неміс портретті зейін қоя қарап шықты да, үнсіз түрде басын изеді – бәрі дұрыс. Содан соң ол қалтасынан ұқыпты оралған (Ленинмен бірге серуендеген күні оралған) көсемнің өз түймесін алып әйелге сыйға тартты. Шын жүректен ұсынды!

Өйткені ол былай деп пайымдаған еді: әлем жиналып әділдік айтар болса да, бұл қадірлі зат басқа ешкімге емес, тек осы әйелге тиісті. Бұл – Совет өкіметінің нағыз, барып тұрған халықтық екенінің, дүниежүзіне белгілі саяси көсем мен үй сыпырушының арасы дүниенің екі шетіндей емес екенінің айрықша айғағы; мынау деревнялық әйел өзін Лениннің апкесіндей санаған ғой...

Болсын солай, жұрт айтқандай...

Орысшадан аударылған.
«Комунизм нұры» газеті.
24 январь. 1968 жыл.

С. Виноградская

ЛЕНИН ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕЛЕР

Құлаған таптың қылығы

– Ал Горькиймен бірге отырғанда Ильич жалығу дегенді білген емес. Алексей Максимовичпен әңгімелесуден уақытын аямайтын ол... – деді Мария Ильинична.

– Ленин мен Горький! – Тамашалай күрсінді Саша (Саша – Мария Ильинична Ульяновaның көмекшісі, редакция қызметкері). – Құдайым-ай, олардың өзара не жөнінде сөйлесетінін бір рет қана тыңдар ма еді, шіркін! Әрине, әдебиет туралы болар ылғи, ия, Мария Ильинична.

– Әдебиет туралы да, деп келісті Мария Ильинична. – Бірақ тек қана емес...

– Ал енді олардың әрбір әңгімесін де жазып алса ғой! Ленин жолдастың жиналыстағы сөздерін жазып алатынымыз сияқты, Ә, Мария Ильинична? Бәрін, бәрін жазып алса!

– Ойлап тапқанын! – деп күлді Мария Ильинична. – Біз Надя екеуіміз олардың өздерін ғана қалдыруға тырысамыз, құмардан шығып әңгімелессін дейміз. Бөгет болып қажеті не? Ильич тыңдауды сүйеді! Горький әрқашан әрнемені көп айтады Ильичке: кім анда, шетелде, қалай өмір сүруде; мында, өзімізде, оқымыстылар немен шұғылдануда... Оның үйге кіргені жаңа, пальтосын енді шешуді, ал Ильич бірден оған ұмтылып, өз орнына қарай жетелейді, отырғызады да, көңілдене, қозғау сала: «Ал, Алексей Максимович, құлаған тап біз туралы не дейді?» – деп сұрайды.

– Ал Горький ше?

– Ал Горький мұртынан күледі: «Қазір баян етем, Владимир Ильич».

* * *

Тағы бірде Горький келді де, Ленин одан:

– Ал, Алексей Максимович, құлаған тап біз туралы не дейді, қазір? – деп сұрады.

Горький жауап қатты:

– Міне дәл солар турасында бүгін сізге өтінішпен келіп отырмын. Мазаңызды алам, Владимир Ильич...(Горький солай сөйлейді екен)

– Айтыңыз, Алексей Максимович, мен тыңдап тұрмын, – деді Ленин іле үн қатып, Горькийдің оған өтінішпен келуі жаңалық емес еді. – Не жөнінде?

– Жөні сол, Петербург ЧК-сы бір адамды тұтқынға алды. Және... жақсы адамды. Шындығы керек... – Горький мұртын сипап-сипап қойды, – ол бұрын бай болған, тіпті өте бай болған. Бірақ бай болса да, кісілігі жақсы, айтуға тұратын адам еді. Міне, сол, турасы, сол жөнінде кел-

дім, Сізді мазаламақпын. Ол адамды білемін, Владимир Ильич. Нағыз адам.

– Яғни, «өзіміздің буржуй» ғой? Нағыз ғой? – Ильич Горькийге қулана қарады да, анықтай түсті: – Не үшін отырғызды екен? «Сіздің» буржуй не істепті?

– Біреуді жасырыпты. Оны ЧК іздеп жүрген, ал бұл оны өз үйіне жасырған. Әлгіні тауып алған, мұны да оған қоса отырғызған...

– Сонда ЧК «сіздің» буржуйды ісі үшін отырғызған болып шығады ғой. Бостан-бос емес тағы? – Ильич көңілдене сығырайған көздерін Горькийге қадай түсті.

– Ісі үшін екені, әрине, ісі үшін болар, бәлки, бостан-бос та емес шығар. – деп сөзін жалғастырда Горький. – Бірақ оның ісі, Владимир Ильич, былай ғой – оның революцияға сіңірген еңбегі бар.

– Сіңірген еңбегі? – Ленин бейілін бере қайта сұрады. – Қандай қылық?

– Ол бұрын большевиктерді жасырған болатын. Мен оған кімді жібермеймін, болғаны анық, – әрдайым жасырушы еді. Бас тартқаны да, ұстатқаны да болған емес.

– Жасыра беретін? Бұрын да, қазір де? Революцияға дейін де, революциядан кейін де жасырады? – Ленин әлгіден гөрі жанданып, таңырқай түсті. – Бұрын – революционерлерді, қазір – революцияға қарсыларды? Бұрын – большевиктерді, қазір – кадеттерді? Сонда, мүмкін, жасыру – оның қанына сіңген қасиет болғаны ғой? Ә? Қалай деп ойлайсыз?

Ленин көңілдене сығырайған көздерімен Горькийге тағы да барлай қарады.

Горький күлімсіреген күйі, үндеген жоқ.

– Ал, істі анықтаймыз. Дзержинскийден сұраймыз, – деді Ленин бойнебір сынақ сықылды аз-кем үнсіздіктен кейін. – Егер тек осы үшін ғана отырғызған болса, сіздің буржуйды, бәлки, босатар да. Бірақ менің кеңесім: егер ол бақытына қарай босай қалса, ендігі жерде ешкімді де жасырмайтын болсын...

Бірінші ханым

Ағылшын жұмысшылары – Совет республикасына келген алғашқы шетелдік делегация еді. Олар жиырмасыншы жылдың көктемінде келген болатын. Үлкен делегация құрамында – үш әйел, оның ішінде – белгілі ханым Сноуден бар еді.

Жұмысшылар мен шаруалардың республикасы – жау қоршауында тұрған, жадап-жүдеген, шаршап-шалдыққан республика – ағылшындарды бар мүмкіндігінше көңіл бөліп, пейіл беріп қарсы алған-ды.

Шетелдік делегаттардың бүкіл капиталистік дүниеден бөліне шыққан жаңа Россияда көргендері – Октябрь революциясының отты селі енді-ен-

ді ғана сабасына түсіп, пролетарлық, жаңа мемлекет жасала бастағанды.

Шетелдік қонақтарға бәрі: әзірге ескі иелерінің атында болғанмен, қазірде жұмысшылар басқарып отырған, мемлекет меншігіндегі заводтар, фабрикалар, шахталар, кен орындары кеңінен көрсетілді.

Ағылшын жұмысшылары пролетарлық демократияның үлгісі – астаналық Советтерді аралады. Жұмысшылар мен шаруалардың дүниежүзіндегі тұңғыш армиясы – даңқты комиссарлар мен жап-жас қызыл командирлер басқарған Қызыл Армияны көрді. Кешегі кедейлерге толы Үлкен театрда да болды.

Олар революциялық жаңа заңдар жатқан мемлекет органдарының мәжілісіне де катысты. Сол жылы еңбек, неке, семья, оқу, сот ісі жөнінде советтік кодекс көріктен өтіп, шыңдалуда еді.

Ағылшын делегаттары жеткіншектерге қоғамдық тәрбие беретін социалистік қамқорлықты – орыс байларының оңды мекеніне орналасқан сәбилер бақшасын, балалар үйін көрді.

Олар баршаға бағышталған университетте болып шықты. Пролетарлық революцияның белбаласы – рабфактарды да көрді. Ақысыз, бірыңғай, еңбекке баулитын совет мектебімен танысты. Советтік ауыз әдебиеті, халық өнері – революциялық әзіл-оспақ әндерін тыңдады.

Ағылшындар фабрика-завод комиттерінің мәжілісіне қатысты, жиындарда большевиктер мен меньшевиктердің таласын тыңдады. Тұңғыш Совет республикасының еңбекті, баланы, ананы қорғауын көріп, зерттеді. Еркектермен еркі бірдей жұмысшы-әйелдермен әңгімелесті.

Олар елді аралады, Москва мен Петроградта қонақтады. «Правда» оларды ағылшын тілінде жазылған мақаламен құттықтап қарсы алды.

Алғашқы жұмысшылар делегациясы үшін барлық жерде де есік ашық болды: көріңдер, зерттеңдер, бағалаңдар! Тұңғыш пролетарлық республиканың атына дүниежүзілік буржуазия үйіп-төгіп жатқан таудай өтірік пен жаланың орнына бұл республиканың анық сипатын, ержүрек, батыр тұлғасын ағылшын жұмысшы табының өкілдері өз көзімен көрсін, тап күресінің таңба-жарақатын танып білсін!

Делегаттар ең соңында Кремльге кіріп шықты. Ағылшын әйелдері Совет мемлекеті басшыларының жұбайларымен жүздесуді тілек етті. Сноуден ханым мен оның әріптестерін Кремльдегі пәтерлерде, үй іші жағдайында қабылдау болды.

Ақыры ағылшын делегациясы еліне кетті. Шетелдік баспасөзде осы сапар жәйі, тұңғыш социалистік мемлекет туралы әсерлер жария бола бастады.

Енді бірде Ленин үйде, түскі тамақ үстінде Сноуден ханым мен оның әріптестерінің жазғандарын оқыды.

Олар өздерінің Кремльге барғанын, онда «орыс премьер-министрдің әйелі – бірінші ханымға, басқа да министрлер мен дуанбасы-мырзаның әйелдеріне» жолыққанын суреттеп жазған. «Бірінші ханым» оларды

қатты таңырқатты. Өте білімді екеніне, ағылшынша ап-айқын сөйлестіне, әйелдердің кіріптарлығы туралы терең мағналы мақалалар жазатынына және халық ағарту вице-министрі болып жоғары орында отырғанына қарамастан, өзі ханымға ұқсамайды. Оның туалеті (киінуі мен боянуы) тым жұпыны, ешбір модаға еліктеу жоқ. «Бірінші ханым» ұлы премьердің зайыбынан гөрі орыстың құдай-анасын көбірек елестеткендей, ел ішінде ол, рас, өте белгілі, орыс халқы оның өз есімі мен әкесінің атын айтып-ақ біле береді.

Осындайды оқыған Ленин көңілденіп, ішегі қата күлді де, басын шайқады:

– Буржуазия ететін тоғышарлық пен топастық бұлардың бойына қалай терең сіңіп кеткен десеңші!

Надежда Константиновна кешірім жасап және ұяла күлімсіреді:

– Олар әрқашанда осылай болатын. Ешқандай да өзгермепті.

Бірақ мұның бәрі Мария Ильиничнаның жанына тиіп, ол өзі туған апасындай көріп, беріле сүйетін жеңгесіне бола қатты кейіді. Сол күні түскі тамақтан редакцияға келісімен өзінің ашу-ызасын Сашаға айтумен болды:

– Оқып көріңдер, оларды Надяның несі таңырқатқанын! Оның ханым екестігі! Тыңдап көріңдерші, олар қандай тілмен сөйлейді, қандай теңеулер, атаулар қолданады десеңізші: «дуанбас-мырза, премьер-министр, кіріптарлық!» Бейнебір Совет республикасына емес кәдуілгі буржуазиялық елге келгендей. Өздері лейбористер емес пе, мұнда жұмысшылар Советтері, Халық Комиссарлары барын көрмей ме, оның орнына: «дуанбас-мырза», «вице-министр», «бірінші ханым» деген бірдеңелерді жазды кеп. Бұл Надя туралы! Олар мұнда сайтанды да көрмеген, тұк те түсінбеген. Оларды буржуазиялық мінез-құлық шынында да шырмап алған. Жұмысшылар революциясын түсіне алар емес. Ильич дұрыс айтады, олар – тоғышылар, басқа тұк те емес.

Мария Ильинична тағы да біраз ызаланумен болды, сосын жұмысшы хаттары салынған папкені алдына алды, ағылшын газетін былай қойды да, оны ұмытып кетті.

Бірақ Ленин сол күннен бастап Надежда Константиновнаға әзілдеп ат қойып алды: «My first Lady» – «Моя первая леди» – «Менің бірінші ханымым».

«Коммунизм нұры» газеті.
25 апрель, 1967 жыл.

ОЙ ОРТАҚ, БІЛЕК БІРГЕ

Колхозшылардың бүкілодақтық III съезі қарсаңында

Сіз, әрине, «18 лет Казахстана» атындағы колхоздың көп жайларына қанықсыз. Табысты, бай шаруашылығы барын білесіз. Ел дәулетін еселеудегі жоғары көрсеткіштері жөнінен артель аты дүркін-дүркін аталады. Колхоз өнерпаздарын сахнадан сан рет танып, эфирден естіп, көгілдір экраннан көрдіңіз. Колхоз селосы елді мекендерді көріктендіру жөніндегі Бүкілодақтық бәйге-байқауда екінші орын алғанын естігенсіз. Бәлки, сіз Новокубанкада болып сұлу қонысқа сүйсінген де шығарсыз. Ендеше есіңізге ала отырыңыз, село сәулетін тағы бір тамашалайық.

Болып көрмеген екенсіз, онда осы бетті оқып таныссаңыз дейміз: артель жерін аралап көрген-білгенімізді мүмкіндігінше мұқият баяндайық.

Шалқыған ел дәулеті

«Колхоз мыналарды өзіне негізгі міндет етіп қояды: қоғамдық шаруашылықты барынша нығайту және өркендету, еңбек өнімділігін және қоғамдық өндірістің пәрменділігін үздіксіз арттыра беру, колхозшыларды еңбекке коммунистік көзқарас рухында тәрбиелеу...» (Ауылшаруашылық артелінің үлгі Уставынан).

Жүйріктен жүйрік жарыстырғанда озғандай, айырмашылық пен артықшылық салыстырғанда көрінеді. Бүгін өміріміздің орасан өзгерісін, өсу қарқынын сезіну үшін тарихқа жүгіретінімізді, көне дерекке жүгінетіміз содан.

Аталып отырған артель 1933 жылы ұйымдасқан. Оның негізін осы өңірге Кубань жақтан көшіп келуші казактар қалаған. Жаңа өмір жасауға бел буғандар артель мекенін «Новокубань» атапты. Селоның аты бүгінге дейін солай. Ал 1938 жылы Советтік Қазақстанның 18 жылдығына орай колхоз қазіргі атқа ие болған.

Қазіргі колхоз! – Ол қандай, білесіз бе сіз оны? Кейінгі кезде ауыл өміріне араласа қоймаған жандар, колхоз десе, сонау соғыс жылдары шағын шаруашылығы үлкен қиыншылыққа ұшыраған, Жеңістен соң жетілуге ұмтылып күйзелген күйі түзеле бастаған ел кейпін елестетуі мүмкін. Кейбір жастар үстіндегі қара костюм, алдындағы ақ бөлкені әзірлеген колхозшыны қаракүнем, тері тон, кирзі етік киген, мал қорасының маңында ғана жүретін, би білмейтін тоңтарыс санауы да ғажап емес. Сөйтіп өздерінің өмірден артта қалғанын аңғармаулары да мүмкін-ау. «Колхоз деген қандай болады екен?» – Осы сұрақты Целиноградтан Новокубанкаға жүрерде де, қайтып оралғанда да естідік. Барарда ештеңе демегенмен, келгенде жауабымыз әзір еді.

Облыс орталығынан колхоз селосына апаратын автобус маршруты бар. Аудан басынан артельге жеткізетін арнайы автобустар жүреді. Рас, бұл –

ғой қатынасының дамуын көрсететін дәуір белгісі. Ал колхоздың өзінде 61 автомашинаның жүйткіп жүруі артель тасымалының артқанын, шаруалардың көлігі көбейіп, қуатты да жүрдек болғанын паш етеді.

«Онда тұрғаны не бар?» – дер дүниенің бәріне пысқыра қарайтын біреулер. Көз үйреніп көндіккен соң қолдағыны бағалай да бермейміз ғой. Әйтпесе, артель құрылған алғашқы үш жыл бойына бір де бір машинасыз жұмыс істеген бүгінгі қарт колхозшылар үшін «64» деген шифрдың сыры мен мәні айрықша. Артельдің 1936 жылдан бергі мүшесі П.К. Рыньков бұл туралы жақсы айтты: «Өгіз жегілген ескі арбаның шықылынан мезі болған құлаққа машина гуілі майдай жағады, – деді Петр Кузьмич жалпы жиналысқа жиналған жұрттың жүрегін тебіренте сойлеп. Сосын колхоз председателіне қарап: – Сіз айтқан цифрларды біз, қарт колхозшылар, сүйсініп те, таңырқап та тыңдаймыз. Колхозда үш қана трактор болған кезін көрдік, оның өзі де темір дөңгелекті «ХТЗ»-лар еді ғой. Ал қазір болат тұлпарлардың 75-ке жеткеніне куәміз. Өсу қарқындардың орасан. Табыстарыңа тамсанбасқа болмайды».

Ол табыстың, зор табыстың ішінде, Петр Кузьмич, сіз сықылды артель ардагерлерінің үлесі үлкен. Колхоз қазіргі дәрежесіне сіздердің ерен еңбектеріңіз арқасында жетті. Колхозға 1933 жылы кіріп, кейінде ғана зейнеткерлік еңбек демалысына шыққан Анна Дмитриевна Федьченко, Иван Сидорович Клименколар, Ленин орденді шопан Андрей Адамович Илли соған үшін де ардақты, абыройлы. Ұлы Октябрьдің 50 жылдығын тойлау кезінде колхоз басқармасы оларға ерекше құрмет көрсетіп, қымбат сыйлықтар ұсынып: «Еңбектеріңе лайық сый-сияпат уақытында берілмеген кездері де болған шығар, бейнетін көргендерің секілді зейнетіне де қолеңіңдер енді», – деді емес пе?

Артельдің тұңғыш мүшелерінің бірі – Георгий Максимович Кострица күні бүгінге дейін қоғамдық еңбектен қалған жоқ. Қарт шаруалар Иван Степанович Андрющенко мен Александр Филиппович Евтенко село қарекетіне септігін мол тигізіп жүр.

Аға ұрпақтың игі істерін жалғастырушы жаңа толқын колхозшылар да қажырлы көзге түсіп, абырой атаққа ие болып үлгерді. Коммунистік еңбектің екпінділері: комбайнер-трактористер Рудольф Адамович Кнительдің, Иосиф Кондратьевич Кнордың, Виктор Антонович Витковскийдің, жүгеріші Михаил Денисович Тимофеевтің есімдерін облыстық «Еңбек даңқы», Құрмет кітабынан оқисыз. Тыңның онынші орағы кезінде социалистік міндеттемелерін ойдағыдай орындағаны үшін «18 лет Казахстана» колхозы мен оның №1,2 бригадалары да Құрмет кітабына жазылған болатын. Сол 1964 жылы әрбір мегежіннен 40 торайдан алып, аман өсіргені үшін Моника Францевна Томастың есімі де аталатын еді. Бүгінде Мария Нечипоренко, Лидия Гринацтар осы түлікті өрбітудің анық шебері атануда.

Колхоз сауыншылары да сүт бұлағын толассыз тасытып, қоғамдық қазанның шүпілдей беруіне көп үлес қосып келеді. Саусағы епті сауыншы Вильгелмина Провторова тоғыз айда қарауындағы әр сиырдан 2390

килограмм сүт сауып, ауданға атағы жайылды. Оны өкшелей жарысқан Полина Шульженко, Надежда Каминскаялар мемлекетке сүт өткізудің жылдық жоспарын колхоз бойынша 1 октябрьде 132 процент етіп асыра орындауға атсалысты. Малшылар болса, ет тапсырудың бесжылдығын ендігі жылдың 7 ноябріне дейін жүзеге асыруға бел буған. Олар биыл 760 өгізшені етке өткізгенде әрқайсысының тірідей салмағы 322 килограмға жетіп, 96 проценті аппақ майлы семіз деп қабылданды. Қазір Менукавел Ахмадиев, Николай Зайцев секілді бақташылар бағып-күткен мал тәулігіне бір килограмға дейін салмақ қосып қондануда. Пішеншілер жемшөпті де мол әзірледі. 1 октябрьде 2249 тонна орнына 3168 тонна көк шөп қора маңында маяға тұрды. Биыл дала падишасы тым сұңғақ болып, бітік өскенді. Әр гектардан 232 центнер жүгері көкшесі алынып, барлығы 39780 центнер сүрлем салынды. Бұл колхоз түлігіне екі жарым жылға еркін жетеді.

Құлашты кеңге сілтеудің кепілі ретінде артельдің егінжайын айту керек. 1953 жылы егіс алабы 5593 гектар ғана болса, қазір мұнда 20 мың гектар жер игеріліп исініп жатыр. Оның 17 мың гектарында дәнді дақылдар жайқалады. «Сабасына қарай піспегі» дегендей, теңселген бидай теңізінде 46 дала кемесі жүзеді. Бұл да шаруалардың шалғы-орағы қандай құдірет-күшке айналғанын аңғартады. Жалпы биылғы орақка қатысқан колхоз техникасы бір кезде осы өңірдегі артель атаулыны қамтыған «Организатор» атты МТС-тің бар жарағынан басым.

Колхоз жерінде соңғы он жылда егін шықпай қалған уақыты жоқ. Артель дикандары астық өсіруге шеберленіп алған. Көршілес ғылыми-зерттеу институтының нұсқауларын өз жағдайларына орайлас қолданып, егіс жұмыстарын шын творчестволық тұрғыдан жүргізген жер құнарлылығын жетілдіре түсуге көп көңіл бөлген колхозшылар биыл, әсіресе, мол егін өсірді. Ленин орденді бригадир А.В. Логинов басқаратын №3 бригаданың атырабындағы астық тіпті бітік екен, бригада әр гектардан 25 центнер алтын дән секілді комбайнерлер жекелеген алқаптардың әр гектарынан 30 центнер дала маржанын теріп, бункерлерін сәтте толтыруымен болды. Сөйтіп, колхоз биылғы егіннің әр гектарынан орта есеппен 18 центнерден дән жинады (міндеттеме – 12,7 центнер болатын). Соның арқасында октябрьдің 7-сі күні артельдің астық өндіру жөніндегі бесжылдық жоспары мерзімінен бұрын асыра орындалды. Қазір колхозшылар биылғы жылдың үлесінен Отан қоймасына бір миллион 200 мың пұт дән құю күресін өрістете түсті. Бұл көтеріңкі міндеттемеден де әлдеқайда артық.

Ендеше колхоз егіншіліктің өзінен ғана шашетектен пайда таппақ. Шаруашылықтың басқа салалары бойынша да жыл табыспен аяқталары анық. Өткен жылғы таза табыс 902991 сом болған-ды. Күнілгері есептеуге қарағанда, биыл 1600 мың сом таза пайда түсуге тиіс еді, бітік егін одан да мол мөлшерге үміттендіріп отыр. Соған сәйкес колхоздың бөлінбейтін қорындағы жарты миллион қаржының да өсе түсері сөзсіз. Дүріл-

деп тұрған шаруашылықтың шалқыған дәулеті деген осы. Мойнында борышы жоқ, іші майлы, кірісі өзінікі, яки рентабельді дегеннің дәл өзі.

Тамаша сән-сәулеті

«Колхозшылардың өскелең материалдық және мәдени қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандырып отыру, олардың тұрмыс жағдайын жақсарту, деревня мен селоны бірте-бірте көркейтілген поселкелерге айналдыру». (Үлгі уставынан)

«Ауылдың тоқтығы түтінінен белгілі», – дейді ғой Новокубанкада түтін жоқ, бүкіл село электрленіп, үй атаулы газ жағатын болған. Сондықтан бұл селоның тоқтығын сонадайдан көз тартқан көркінен сезесіз. Үйлері бытырамай, шашырамай, бар объекті барынша тығыз да тиімді жайғасқан. Ақшаңқан әдемі пәтерлер сапқа тұрған солдаттардай түп-тура көшелер құрапты. Әр көшенің аты бар: Мектеп, Бейбітшілік, Байланыс, Грейдер делініп, ел өмірінің мазұнын танытады.

Ауыл-селода алдымен мектеп үйі көзге түсетін әдеті. Ал Новокубанканың С. М. Киров атындағы орта мектебінің үш қабатты үйі тіпті сымбатты. Бұл шаруашылықтың шәкірттерге деген шынайы қамқорлығын анық аңғартса, үйді айнала отырғызылған ағаш оқушылардың өз ынтасын паш етеді. Қазір 729 ұланы, 32 ұстазы бар мектепте оқу-тәрбие жұмыстары талапқа сай сабақтары кабинеттік жүйемен жүргізіледі. Әр пәнге арналған бөлмелер ғылым шыңына аттанудың алғашқы ұясындай. Өлкетану мүйісі, тірі табиғат бұрышы, шаруа балаларының комбинатын соз ету керек. «Ақ қайың» атты ясли-бақшасы қос қабатты, көп бөлмелі мекен-жайымен де, сырттағы ойын алаңы, іштегі ойыншығымен де, төсек орны, ішер асы, тәрбие-тазалығы жөнінен де қаладағы балалар мекемелерінен артық болмаса, кем емес 146 орындық комбинатта қазір 130 бүлдіршін қаннен-қаперсіз ойын салып, қуыршақ театрының қызығына батады. Бөбегі бар артель мүшелері мен село қызметкерлерінің еш алаңсыз еңбек етуіне әбден болады.

Колхоз басқармасы «дені саудың-жаны сау» дегенді жақсы түсінген. 75 төсегі бар аурухана 1967 жылы пайдалануға берілді. Үш қатарлы бас корпуста емхана жұмыс істеп, емделуші жандар жатады. жұқпалы аурудың орны бір бөлек. Осы заманғы медициналық құрал-жабдық, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілген арнайы лабораториялары мен аптекасы бар корпус, шаруашылық жайы қосылып колхоздың аурухана қалашығын құрайды. Ол бас жобаға сай селодан сыртқары, өзен жағасына орналасқан. Әттең сол тамаша емдеу орнына мамандар жетіспейді. Ал колхозда медицина қызметкерлеріне арналып салынған алты пәтерлі үй сыңғырап тұр. Село ауруханасының бас дәрігері Лидия Басс жолдастың бұл жерден ауысып, бірақ көп ұзамай колхозға қайта оралуы да содан.

Новокубанкада аудандық тұрмыс комбинатының филиалы жұмыс істейді. Ол ішкі, тысқы киімдер, аяқкиімдер тігіп, радиоқабылдағыш, сағат жөндеу сияқты тұрмыстық қызмет көрсетеді. Жігіттер сақал-мұр-

тын бастырса, колхоз сұлулары осында шаш боятып, прическа жасатып сәнденеді. Сол жерде суретке түсіп, ескерткіш болсын десе де еріктерінде. Селода екі бірдей монша бар. Жұма күні жұмыстан қайтқан, сенбіде серуеннен оралған жұрт кештете моншаға кіріп, қызара бөртіп шығып жатады.

Бәрінен гөрі бұл колхоздың атышулы Мәдениет үйін айтсаңызшы. Селоның орталығында ерекшелене көрінетін еңселі үйдің сырт бейнесі тым көрікті. Ашық сары ақжарқын түспен боялған үйдің алдыңғы аппақ колонналары сәніне қоса салтанатты. Маңайы құмқайрақ, есік алды аласа дуалмен қоршалған жасыл бұта. Колхоздың Құрмет тақтасы еңбек озаттарының жарқын бейнесімен жарқырайды. Артельдің социалистік міндеттемелері мен іс барысын да осы жерден оқып білесіз. Тағы екі стендінің бірі бүгін мұнда қандай картина көрсетілетінін хабарласа, біреуі жуырда жүретін фильмдермен таныстырады.

Мәдениет үйінің залы зәулім: партер мен балконға жайғасқан 520 кісі концерт тыңдап, кино көреді. Кең сахнаның қақ төрінде керілген күрең пүлістің бір шетіне көсем келбеті келісті бейнеленіп, даңқты дата белгіленсе, екінші шетінде «Советтік Қазақстанға – 50 жыл» деген сөздер жазылып, қазақ домбырасының суреті салынған. Сахна қазақша ою-өрнекпен әшекейленіп, маңдайшасына: «Көркемөнерге халық ие», – дейтін лениндік қағида айшықты етіп жазылған.

Дәл соны, дәлелдегендей колхозда халық таланттары молынан саналады. Соған орай Мәдениет үйінде хор, би, жеке дауысты әншілер, көркемсөз оқушылар, эстрадалық оркестр және драма үйірмелері жұмыс істейді. Хорға қатысушылар дүйсенбі, бейсенбі, күндері жиналса, бишілер сәрсенбі мен жұмада кешкі сағат 8-ден бастап жаттығуға кіріседі. Апта сайын, жыл бойына солай. Мұнда: «ойбай, облыстық байқау өтеді екен немесе бригада басына бара қояйық», – дескен науқаншылдық жоқ. Село өнерпаздары өз бойларындағы дарынын үнемі дамытып, үйірмеге қатысудан жан ләззатын алысады.

Олар «халық әнінің хоры» дейтін арнайы атақты тегін алмаған. Құрамында сауыншы, механизатор, сатушы, шофер, медсестралар бар 100 кісілік хор небір асқақ әуенді, назды әндерді тамылжыта шырқағанда шын сүйсініп қол соғасың. Сондықтан да бұл коллектив облыста озық, республикада екінші болып, Бүкілодақтық байқаудың да бәйгесін алып, дипломанты атанды.

Колхоз хорының репертуарын байытып, орындау шеберлігін жетілдіруге мәдени-ағарту училищесін бітірген, өзі де сандуғашша сайрайтын әнші Лидия Ельцова көп еңбек сіңірсе, эстрадалық квитетке байырғы колхозшы А. Пинсон жетекшілік етеді. Ал колхоз өнерпаздарының костюмі әсем, аспаптары жаңа болуына председатель Кан Де Ханның өзі бас-көз болып бақылап отырады.

Яков Свобода ұйтқы болған колхоз жастары спортпен де молынан

шұғылданады. Қыз-келіншектер теннис ойнап, шаңғы тебуге қызықса, жігіттер штангы көтеруге, күресіп күш сынасуға құмар. Мәдениет үйінің спорт залында волейбол ойнауға да, торкөзді алып тастап, баскетбол ойнап кетуге де болады. Жалпы 7 спорт секциясына 150 кісі қатысады, көпшілігінің разряды бар.

Клубтың үстіңгі қабатында колхоз кітапханасы орналасқан. Оның жалпы қоры 13095 дана кітап. 1100 оқушылар биылғы 9 айдың ішінде 18414 кітап оқыған. Кітапхананың безендірілуі, жұмыс стилі, оның мән-мазмұны нағыз рухани азық ордасына әбден лайық.

Кітапханамен көршілес саяси ағарту кабинетіне кірсеңіз, еңбекшілердің ұлы көсемі В.И. Ленинның өмірі мен революциялық қызметі жайлы бай материалға жолығып, мол мағлұмат аласыз. Осындағы лекция залында колхоз партия ұйымының секретары Иван Васильевич Петров пен кабинет меңгерушісі мұғалім Степан Арсентьевич Пахотныхтың басшылығымен жыл басынан бері 59 лекция оқылды.

Бір сөзбен айтқанда, колхоздың Мәдениет үйі бүгінгі селоның сан салалы қызу өмірінің орталығы болып отыр. Соған қарамастан колхоз жаңадан Мәдениет сарайын салмақшы. 600 кісілік көерменлер залы, 100 кісілік лекция залы, кітапхана, оқу залы, кітап қоймасы, қысқы су бассейні, жабық спорт алаңы болатын аса зор үйдің құрылысына 800 мың сом бөлініп, іргетасы қаланып та қойған. Ол біткенде қазіргі Мәдениет үйі пионерлерге беріліп, музыка мектебіне айналмақ.

Артельдің шаруашылық объектілері де кең көлемде, күрделі етіп салынған. Товарлы сүт және шошқа фермалары өз алдына отау тіксе, гараж бен мастерской селоның батыс беткейін алып жатыр. Механикаландырылған екі мұнара, астық кептіргіш, дән қоймасы бар қызыл қырман және диірмен колхоз дәулетінің дарқан төріндей. Өндіріс объектілерін ұлғайтып, нығайта беру үшін биыл 100 мың сом ақша 6 мал қорасын комплексті механикаландыруға, 40 мың сом – бақша дақылдарын суландыруға, 60 мың сом – электрлендіру ісін өрістеуге бөлінген-ді.

Мұның бәрі, әрине, колхоздың рентабельді болуынан туындайды. Қарызы жоқтың қаржысы қандай берекелі. Артель мол қаржыны өз қажетіне жұмсап, керегінше ұқсатқаннан көркейіп, гүлденуде. «Дәулетіне сәулеті сай» деген сөз нақ осы «18 лет Казахстана» атындағы колхозға айтылса, анық орнын тапқандай.

Колхозың алда болса...

Ия, «Колхозың алда болса ауызың балда болар». Жаңа өмірден туған мақал осылай дейді «18 лет Казахстана» атындағы секілді артельдер өмірінен алынғаны сөзсіз.

Қоғамдық дәулет шалқыған сайын шаруалардың тұрмысы да жақсара беретінін осында келіп өз көзімізбен көрдік. Новокубанканың сәні болып тұрған көп үйлер, көк үйлер колхозшылардікі. Артель жеке меншік

үй салам деушілерге он бес жыл мерзімге қарыз беріп, құрылыс материалымен жабдықтайды. Жоғарыда айтылғандай, түп-түзу үш көшені құраған 300 үй осындай әдіспен салынған. Әрқайсысы төрт-бес бөлмелі, есік-терезе, қақпалары ашық бояумен сырланып әшекейленген әсем үйлердің бәрінде де веранда, бау-бақша участоктері бар. Азық-түлік қоймасы, мал қорасы маңынан қоқыс көрмейсіз. Көң-қоқыс көше-көшенің бойындағы белгілі орындарға үйіліп, сол жерден аулаққа апарылып тасталынады.

Барлық үй бумен жылытылады, бәрінде де газ бар. Көгілдір оты таусылуға таянған колхозшы кеңсеге келіп, қабырғада ілулі тұрған жәшікке заявка тастаса болды, газды айтқан мерзімінде жеткізіп береді.

Колхозшының үйіндегі дүние-мүлік, жиһаз жайында тәптіштеп айтып жату артық сияқты. «Осы қазір қай үйге кірем десеңіз де, еркіңізде – деп еді артель басшылары. – Барлық үйде де кілем, кір жуатын машина, шаңсорғыш, тоңазытқыш, кітап шкафы, радиоқабылдағышы бар. Телевизорды диванда шалқайып, креслода отырып көреді». Онысы рас екен, тракторист Владимир Лукьянов, шофер Шездан Орманов, қырман меңгерушісі Қаби Тұрсынов, комбайнер Рудольф Кинтель, Николай Лагиревтің пәтерлері кірсе шыққысыз. Мәселе үй ішінің дүние-мүлікке сықиып толуында емес, осы заманғы мебельдерді талғаммен таза орналастырып, көзді тартып, көңілді көтеріп тұруында.

Бәрінен бұрын колхозшының қай елдің қандай гарнитурасы болсын қазір сатып алуға мүмкіншілігі бары қуантады. Шаруалар шаш етектен табыс табуда. Мәселен, қарапайым механизатор Николай Лихарев өткен жылы 4344 сом ақшаны қолына алған. Бұл әр айға шаққанда 362 сомнан келеді. Сондай-ақ Лукьянов, Кнорр секілді диқандардың жылдық табысы былтыр әрбір еңбеккүннің құны 5 сом 35 тиыннан болғанның өзінде үш мыңның үстіне шықты. Ал биыл әр еңбек күніне 6 сомнан төленгелі отыр. Жоспардан тыс өнім алғаны үшін төленетін қосымша ақы қаншама!

Бұл күнде шаруалар бір-ақ нәрсеге кезекке тұрып кейіседі екен: ол – жеке меншігіне жеңіл автомашиналар сатып алу жөніндегі кезек. Селолық Советте мұндай шаруалардың ұзақ тізімі бар.

Ал артельдің овощь өсіретін бригадасының бригадирі Г.М. Кострица бау-бақшаны өз «Москвичімен» араласа, колхоз зоотехнигі В. Рыжков жайылымдарға көк «Волгасын» мініп шығады. Механизаторлар мен малшылардың міністі көлігі – мотоцикл болғалы қашан. Енді тек кезек жетсін, жеңіл машинаны желдей жүйткізуге!

Артель мүшелерінің түгелге жуығының сақтық кассасына салған қаражаты бар. Егер республика бойынша еңбек сақтық кассаларында әрбір жинақ кітапшасына – 262 сомнан, облыс бойынша – 300 сомнан келсе, новокубандықтардың кассада сақтаған қаржылары кітапша басына 800 сомнан айналады. Сондықтан да болар, артель басқармасының атына «колхозға қабылдайсыз ба?» – деген хаттар еліміздің жер-жерінен келіп жатады.

«Кооперация туралы» атты тамаша еңбегінде: «Толық кооператив-

ендірілген жағдайда біз екі аяғымызбен бірдей социалистік негізге нық басып тұрар едік», – деп кемеңгерлікпен көрсеткен Ұлы Ленинның нұсқауымен бірігіп, колективтік шаруашылық құрған бұл шаруалардың бай тұрмысын әлемнің барлық елдерінен дерлік делегациялар келіп көріп, таңырқасуда.

Жан-тәнімен берілген

«Колхозшылардың жалпы жиналысы... колхоз председателін үш жыл мерзімге сайлайды. (Үлгі Уставтан).

Новокубандықтар болса, өздерінің осы күнгі председателін 25 жыл бойына сайлап келеді. Социалистік Еңбек Ері Кан Де Хан жолдас 1944 жылдан бері «18 лет Казахстана» атындағы артельге үздіксіз басшылық етіп, барлық істің басы мен қасында болды.

Кіммен сөйлессең де, бәр-бәрісі Кан Де Ханның қарапайымдылығын, бірақ тұғырдан түсіп төмендейтінін, жағымсыз қылыққа ымырасыз қатаңдығын, бірақ сондай әділдігін, әсіресе, жаны мөлдір адалдығын айтып қоя береді. Ол кейбір басшыларша шаруашылық басқаруды өзіне берілген дәрежедей көріп дандайсыған емес, ел билеуді – партиялық тапсырма, мемлекеттік міндет деп танып, мінсіз қызмет етуге күш-жігерін, білім-ойын аямастан жұмсап келеді. Колхоз ісіне жан-тәнімен берілген осы адамды фанатик десек, артық айтқын болмас. Шаруашылықтың барын жетік білумен бірге ұйымдастырушылық қабілеті зор Кан Де Хан «елдің күшін» әрдайым партиялық парасатпен бағыт бере бастай білді. Сол себепті де мақсат ортақ, білектері біріккен шаруалар еңбектің ерлікке тең жанқиярлық үлгісін көрсете отырып, шалқыған ен дәулетке ие болды, мекендері көріп көз сүйсінер, көңіл тояр сән-сәулетке бөленді. «18 лет Казахстана» атындағы артель мүшелері колхозшылардың облыстық конференциясын осылай қарсы алып, республикалық және Бүкілодақтық съездерге сый тартуды мол әзірлеуде. Новокубандықтардың өмірі мен тұрмысы «Колхоз – шаруалар үшін коммунизм мектебі» деген устав қағидасын даусыз дәлелдеп отыр.

«Коммунизм нұры» газеті.
25 октябрь 1969 жыл. №216
«18 лет Казахстана» атындағы
колхоз, Шортанды ауданы

ТАРИХИ ЖИЫРМА КҮН

50 ЖЫЛ

Бүгін – Астрахан ауданы «Красносельский» совхозының орталығында халықтық салтанат бар. Облыс еңбеккерлері Мариновка көтерілісінің 48 жылдығын атап өтуде.

Бұрын ол 13 майда – көтеріліс басылған күні аталатын, өздері ол күні жеңіліс тапқанмен, олардың ісі мәңгі маңызын жоймай, тарихи сабақ болып қала бермек, сондықтан бұдан былай көтеріліс жылдығын атау күні – 29 апрель болады. Бұл күні қызыл партизандардың қырмызы туы жеңіспен желбіреген-ді.

Бүгін Мариновкадағы туысқандар қабірінің басына еңбекшілер жиналған, ескерткіш етегіне гүлдер қойылған. Бұл бетті біз сол мерекеге арнаймыз.

... Біз былай дейміз: егер тіпті бір болжамалы түрде мүмкін жағдайдың ең жаманын алып, егер күні-ертең қайдағы бір бақытты Колчак большевиктерді теп-тегіс қырып кетсе де, революция жеңімпаз болып қала береді.

(В.И. Ленин. Шығ. 29 т. 369 бет, қазақша басылуы, 1954 ж.)

Интервенттер мен ішкі жаулардың қыспағында тұрған жаңа мемлекеттің – Совет мемлекетінің дана басшысы В.И. Ленин 1919 жылдың 19 майында осылай деген болатын. Революция ісіне, халық күшіне кәміл сеніммен айтқаны анық. Бұл сөздердің – көрегендік екеніне көзіміз жетіп отыр қазір.

Ал ол кезде Колчак – «Совет республикасы үшін төтенше қатерлі хауіп» еді. Ол өз қол астындағы Қиыр Шығыста, Сібірде, Қазақстанда темір тәртіп орнатуға тырысып бақты. Оның өкіметі ақ террорға айналды. Колчак өктемдігі Қазақстан еңбекшілеріне ерекше ауыр тиді. Бұрынғы Торғай, Ақмола, Семей облыстарында атаман Дутов, Анненков, Волков, Катанаев секілді Колчак жендеттері құтырынды.

Соған орай халық наразылығы да күн сайын күшейе түсті. Әсіресе 1919 жылдың көктемінде Колчак өкіметінің соғыстан оралған солдаттарды қайтадан әскерге шақыруы және жастарды армияға ала бастауы, әскер таситын ат-арбаны елден тартып алуға кірісуі шаруалар наразылығын шырқау шегіне жеткізді.

Қалың бұқараны қарудың күшімен, найзаның ұшімен ұстап тұру мүмкін емес еді. Жер-жерлерде Колчакқа қарсы көтеріліс бұрқ ете қалып, оның жалыны талай жерді шарпыды.

Бір ғана Қостанай көтерілісіне 25 мың адам қатысқаны – ақгвардияшылардың үрейін ұшырумен бірге, өзгелерге қозғау салып, мықты әсер етті. Сол Қостанай көтерілісімен мерзімдес және соның әсерімен Ақмола облысында да ақтарға қарсы бас көтеру басталған-ды. Осы облысқа қара-

елі Атбасар, Ақмола, Көкшетау, Петропавл уездерінің үлкенді-кішілі ауыл-селоларындағы колчак тәртібіне көнбеушілік кейін ұйымдасқан түрдегі үлкен көтеріліске айналды. Халық көтерілісі, әсіресе, Атбасар уезінің Мариновка селосында кең етек алды.

Ел аузында – «Амантай көтерілісі» аталатын, документті-ғылыми еңбектерге – «Мариновка көтерілісі» деген атпен енген бұл оқиға, қалай аталған күнде де, Қазақстандағы азамат соғысы тарихынан, Колчакқа қарсы партизандық қозғалыс тарихынан айрықша орын алады.

Бұл көтеріліс жөнінде «Қазақ ССР тарихы. (Социализм дәуірінің)» екінші томында, «СССР-дағы азамат соғысы тарихының» төртінші томында сөз болады. Ал тарихшы П. Пахмурныйдың «Коммунистік партия – Қазақстандағы партизандық қозғалыстың ұйымдастырушысы» деген еңбегінде Мариновка көтерілісі барынша кең және мүмкіндігінше шыншылдықпен суреттеледі. Қазіргі Мариновкада тұратын көзі тірі көтерілісшілермен әңгімелескенімізде П. Пахмурныйдың пайымдаулары мен мысалдары дәл және анық екенін аңғардық. Сондықтан біз өз әңгімемізде

П. Пахмурный көрсеткен архив материалдарына сүйенеміз.

Большевиктер басшылығымен

Совдептер құлағаннан кейін большевиктер астыртын әрекетке көшті. Тек енді жаңа жағдайға сәйкес астыртын күрестің әдістерін айқындау қажет еді. Сол мақсатпен де 1918 жылдың 23 ноябрінде Томскіде Сібірлік астыртын партиялық екінші конференция өтеді. Оның қарары бойынша жұмысшылар мен шаруалардың барлық көтерілісіне большевиктер басшылық жасауға тиісті болды. Ақтардың тылындағы қалың бұқараны көтеру үшін жергілікті большевиктермен байланыс жасауға баса назар аударылды.

Ал ел ішінде, ақтар бүліншілігінен аман қалған, астыртын жұмыстағы большевиктер баршылық еді. Олар орталық ұйымдармен байланысуға ұмтылатын. Солардың бірі – Ақмолада астыртын жұмысты басқарған **Кузьма Павлович Горланов.**

«Горланов – поселкеде адам фельдшері. Мен Ақмолада оқып жүрген кезімнен Горлановпен таныс едім, Ақмолада Совдеп заманында-ақ Совет үкіметінің жолына көріне шығып еді», – дейді Сәкен. (*). «Тар жол, тайғақ кешу» 415- бет.)

Сол Горланов 1918 жылдың 1 февралінде РКП (б) мүшелігіне өтеді де, Омбыда совет жұмысын жүргізеді. Ал ақтар 7 июньде Омбыны басып алғанда. Ол қаладан қашып шығып, амалдап Ақмолаға жетеді. Келісімен мұндағы жасырынып жүрген большевиктермен таныса бастайды. Аптека қызметкері Добрынинмен бірге Омбыдағы астыртын комитетпен байланыс орнатады. Сол жылдың ноябрінде Омбыдан «жергілікті шаруалар арасында насихаттауға әдебиет» (*) алып та үлгереді).

Қаладағы үгітке Добрынин қалады да, Горланов ауыл-селоларды аралауға шығады. Дәрігер Горлановтың бұдан бұрын болыстарда болғандығы, жермен таныс, елмен аралас болуы астыртын жұмыс жүргізуге көп септігін тигізеді.

Міне, осы ретте ол Мариновка көтерілісін дайындауға келіп араласады, оған идеялық басшылық етеді. Кейін көтеріліске тікелей қатысады. Мұны архив материалдары да анықтайды, көзі тірі көтерілісшілер де растайды. Қарт партизандар, Горланов аты аталғанда, бастарын изеп, бәйек болады.

Сондай-ақ, оның өзінің 1924 жылы жазылып, келесі жылы РКП(б) Омбы губерниялық комитетінің партиялық архивіне тапсырылған. **«Колчак өкіметіне қарсы Мариновка көтерілісі»** деген көлемді естелігі бар екен. Мұнда партизандық қозғалысқа партиялық басшылықты көрсететін көптеген нақты, тарихи деректер келтіреді. Автор Ақмола өңіріндегі Колчакқа қарсы көтерілістердің көптеген басшыларын көзкөргендікпен сипаттайды. Мариновка көтерілісінің егіз басшысы – Н.М. Ирченко мен А.Л. Белаш туралы да маңызды мәліметтер бар.

Елді көтерген ерлер

Ирченко мен Белаш – Мариновканың байырғы тұрғындары. Рас, Алексей Лукич Белаш 1887 жылы Полтава аймағында туған. Бірінші орыс революциясы тұсында шаруалар ереуіліне қатысқаны үшін қуғындалады да, 1906 жылы Полтава облысынан Сібірге қашады, ақыры Мариновкаға келіп туысқандарымен бірге тұрақтайды. Осы жерден бірінші дүниежүзілік соғысқа аттанады. Сонда ол лениндік идеялармен танысып, елге революциялық рухпен оралады. 1917 жылдың 4 декабрінде әскерден қайтқан А. Белаш 15 декабрде Мариновка болыстық Советінің секретары болып сайланады. Ал ақтар төңкерісінен кейін астыртын жұмысқа кетеді. **«Ақмола, Көкшетау, Атбасар уездеріндегі астыртын қызметкерлермен байланыста болдым. Колчак өкіметі мен оның итаршыларына қарсы күресті ұйымдастырушы ретінде жүрдім»**, – деп жазған оның өзі 1921 жылы.

А.Л. Белаш көтерілістен кейін де көп уақыт партиялық ұйымдастырушылық жұмыстарда болған. Ол – Колчак әскері жеңіліп, қызылдар қайтадан үстемдік алғанда Атбасардағы партия ұйымын қайтадан қалпына келтірушілердің бірі. Сол кезде, 1919 жылдың 24 декабрінде, оның өзі партияға ресми түрде мүше болып кіреді. (Осы жерде айту керек, кейбір тарихшылар А. Белаш пен Н. Ирченконы, көтерілістің басқа да басшыларын сол кездің өзінде коммунист етіп көрсетеді. Бұл шындыққа келмейді. Рас, Колчак тылында істеген істеріне қарап, оларды «большевиктер» деп батыл айтуға болады. Бірақ тарихи нақтылық тұрғысынан қарағанда, олардың партияға кейіннен өткенін документтер дәлелдеп отыр. Бұл, әрине, олар жүргізген күрестің, Мариновка көтерілісінің маңызына ешбір нұқсан келтірмейді. Қайта Советтердің күші – партия-

ді жоқтардың партиялық жұмыстар жүргізгендігінде екенін дәлелдей түседі).

1921 жылдың майында Ақмола губерниялық партия конференциясы А.Л. Белашқа үлкен сенім көрсетіп, оны губкомның мүшесі және сол жылғы июньде Орынборда өткен Қазақстан облыстық Бірінші партия конференциясына делегат етіп сайлады. Сол ретте Губком берген мінездемеде былай делінген: **«Жолдас Белаш – Ақмола облысында шаруадан шыққан партиялық байырғы күрескерлердің бірі, жігерлі, табанды партия қызметкері, партиялық та советтік жұмыстардың жақсы ұйымдастырушысы, губерниялық дәрежедегі қызметкер, партиядағы жолдастар мен губерния шаруаларының арасында аты кең таралған».**

1923–24 жылдарда А.Л. Белаш Ақмола губкомының секретары болып істейді. Одан кейін, өмірінің соңғы жылдарында, Донбасс маңында партия-совет қызметтерінде болса керек. мұны бізге оның туған інісі, көтеріліске қатысқан, тірі куәгер – **Сергей Лукич Белаш** айтты.

Ал Никифор Михайлович Ирченко туралы мағлұматтар бұдан да аз. Оның қай жерде, қашан туғаны белгісіз. Біздің білетініміз: ол да бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Майданнан Мариновкаға оралғанда Совет өкіметін жақтай келген. Сондықтан да оны село еңбекшілері 1918 жылдың басында Атбасарға Совдептің уездік съезіне делегат етіп жіберген. Сонда ол уездік комитетке мүше болып сайланған.

Совдептер уақытша құлаған уақытта Н. Ирченко жасырын жағдайға көшіп, **Әділбек Майкөтовпен** бірге қазақ ауылдарына барып тығылады. Міне, осыдан бастап олар байланыста болып, Ә. Майкөтов – Мариновка көтерілісіне идеялық басшылық етушілердің бірі болады. Партизандардың айтуына қарағанда, Ә. Майкөтов көтеріліс алдында Мариновкаға келіп те жүрген. Ол Н. Ирченко арқылы көтерілісті әзірленуші астыртын топпен байланыста болған.

Ал ол топқа: ағайынды **Никифор** және **Константин Ирченко, Алексей Белашпен** бірге **Иван Алесеевич Белозеров** (*) Көтеріліске қатысқан Белозеровтар көп. Біреулері – туысқан, біреулері – жай аттас болып келеді. Кейде айырып алу да қиын)., **И. В. Ященко, А.И. Шайкин, М.С. Анашкин, Я. Белокобыльский, П. Безверхов, Я.О. Шайкин** секілді большевиктік пиғылдағы шаруа-солдаттар кірген болатын.

Жарқ еткен жалын

Колчакқа қарсы көтеріліс дайындығы көптен бері жасырын жүріп жатқан-ды. Ол 5 марттағы мобилизациядан кейін ширыға түскені анық.

Солдаттыққа көнбеушілер көбейді. Әскерге зорлықпен алынғандардың қайтіп келуі жиіледі. Әсіресе, марттың екінші жартысында елге оралушылар орасан көп болды. Тарихи деректер де соны көрсетеді. Көтеріліске қатысушы **И.В. Белозеров пен А.И. Шайкин** де солай деп жазған: әскерге алынған 150 мариновтық солдат Қостанайға жөнелтіледі. Жолда Қарғалы селосында оларға Таран отрядының өкілдері жо-

лығып, бұларды партизандармен қосылуға шақырды. Бұған келіскен мариновтық солдаттар А. А. Белашты бас қылып, өздері партизан отрядын құрған. Бірақ бұл кезде Қостанайды алған қостанайлық партизандардың қайтадан жеңілген хабары жетеді де, бұлар колчактық милициядан құтылған күйінде Мариновкаға оралады. Осы оқиғаның ішінде болған, кейін көтерілісші, қазір тірі Петр Михайлович Петров түгел растайды, нанымды түрде еске алады.

(Мариновка көтерілісіне қатысып, қаза тапқандардың қабірі басындағы ескерткіш. Мұның түбінде әлденеше жүз көтерілісші – азаттық құрбандары жатыр).

Мариновкадағы астыртын топтың алғашқы ірі жиыны осылар аттанардың алдында, 15 мартта болған-ды. Келесі жиын осылар оралған соң, 30 мартта болады. Бұл кезде Петропавлға зорлықпен кеткен Иван Миронович пен Александр Миронович Белозеровтар, Иван Ниевин, Петр Гайворовский, Иван Белокуровтар да оралған-ды.

– Алексей Белаш бізді бір-бірден шақырып алып, көтеріліске қосылатын-қосылмайтынымызды білді. Содан кейін көп кісі бас қосқан жиын болды, – дейді П.М. Петров. Тарихи деректер бойынша, сол жиналыста қарулы көтерілістің жоспары жасалып, оған жетекшілік ету үшін Н. Ирченко мен А. Белаш басқарған Әскери-революциялық штаб құрылады.

Апрельден бастап астыртын топ, көтеріліс штабы қызу әрекетке кіріседі. Қару жинау, ескісін жөндеу, жаңасын жасау, көтерілісшілерді жасақтау, әскери өнерге үйрету дамылсыз жүреді.

Міне, осыған қарап, көтерілістің басталу күні бұрын марттың ішінде, немесе апрельдің бірінші жартысында болып көрсетіліп келді. Ал анығында көтерілістің ашық түрде алғаш басталған күні – **1919 жылдың 23 апрелі**. Бұл датаны көтеріліс басылғаннан кейін сол жөнінде Атбасар уездік милициясы жауапқа тартқан жандардың көпшілігі атайды.

Бұл күні не болып еді? Бұл күні Мариновка шаруаларының жиыны болған-ды. Көктемгі егіске орай жер мәселесі талқыланған-ды. Осы кезде жасырын көтерісшілердің жауынгер отрядтары алғаш рет қарулы күш көрсетті. 2-учаскелік колчактық милицияны қарусыздандырады, Атбасар уездік жер басқармасының бастығын тұтқынға алады. – Біз әңгімелескен қарт партизандар С.Л. Белаш, П.М. Петров, К.П. Годунов және В.П. Калдашов осыны растайды.

Сөйтіп көтерісшілер Мариновкада Совет өкіметін қайта орнатады. Сол жалпы жиналыста, астыртын топтың ұсынысы бойынша, көтерілісті басқаратын штабтың құрамы бекітіледі. Советтің председателі және көтерілісші отрядтың командирі – Н.М. Ирченко, штаб бастығы – А.Л. Белаш болып сайланады. Штабтың құрамына И.А. Ященко, К.М. Ирченко, И.М. Белозеров кіреді. Кейін бұл құрам үнемі кеңейтіліп, Мариновкаға басқа жерден келген партизан отрядының командирлері кіргізіліп отырады. Ал Мариновка – әуелі Атбасар уезіндегі, артынан бүкіл Ақмола облысындағы Колчакқа қарсылықтың орталығына айналғаны аян.

Еске сақта: 29 апрель

Бүгін Мариновкаға – «Красносельский» совхозының орталығына – облыстың төрт ауданынан, Астраханның өзінің барлық совхоз-колхозынан көп адамдар жиналған.

Бұдан 48 жыл бұрын дәл апрельдің аяғында осы мекенге жан-жақтан көп адам жиналып еді. Облыстың төрт уезінен, көршілес селолардан көтерісшіл Мариновкаға адам селдей аққан-ды. Колчак өкіметіне қарсы шыққандардың тасқыны еді ол.

Ал бүгінгі көпшілік – бейбіт еңбекшілер. Сол көтеріліс күндерін, көтерісшілер есімін еске алуға, атап өтуге жиналған. Міне, олар туысқандар қабірінің басына келіп бас июде. Ескерткіш етегіне гүлдер қоюда. Ұзыннан созылған үлкен қабірде әлденеше жүз азамат – азаттық құрбандары жатыр!

Бұдан 48 жыл бұрын 29 апрельде дәл осы сәске түсте олар ақтармен алғашқы ұрысты тосып тұр еді...

Мариновкада көтеріліс басталғанын қашқын кулактан 26 апрельде естіген Атбасардағы өкімет абдырап қалды. Уезд бастығы облыстан әскер сұратып, болмаған соң – Көкшетауға көше қашпақ болады. Бірақ Омбы бұрқ еткен көтерілісті басу үшін шұғыл шаралар қолдануды талап етеді. Ақыры атбасардағылар 28 апрельдің кешіне прапорщик Зырянов бастаған жазалаушылар отрядын жолға аттандырады.

Отряд Мариновкаға 29 апрель күні сағат 12-де келіп жетеді. Бірақ көтерілісшілерді қапыда басу, бір соққымен бітіру үміті жүзеге аспай қалады. Сондықтан отряд бастығы селоға шолғыншылар жіберіп, Совдеп председателі Н. Ирченконың оған келіп жолығуы жөнінде қағаз жеткіздірмек болады.

Көтерілісшілер оларды оқтың астына алады. Батыл қарсылық, бораған оқты көрген жазалаушылар жатып атыспақ болады. Бірақ өздерін орап алмақ болған атты әскерді көріп, кейін қашады. Партизандар оларды 20 шақырымға дейін қуады.

Жазалаушы отрядтың жеңілуі мен шегінуі, деп көрсеткен уездік милиция бастығы, большевиктердің көтерісшіл армиясының көңілін өсірді және сенімін арттырды.(*) Марксимз-ленинизм институты қазақстандық филиалының партархиві, 811 фонды).

Жау болса да, жақсы айтқан. Анығында да солай. Бұл күні көтерісшілер сынақтан өткен сықылданды. Алғашқы жеңіс олардың қайрат-жігерін қайрай түсті. Бұл туралы хабар айналадағы ауыл-селоларға да тез тарап, тепкідегі елге нағыз насихат, үлкен үгіт болды. Сондықтан бұл күн – қызыл партизандардың қырмызы туы биік қадалған, еркін желбіреген күні болып есептеледі. Биыл және бұдан былай Мариновка көтерілісінің әрбір жылдығы 29 апрельде аталып өтуге тиісті. Есіңізде болсын: **29 апрель – Мариновка партизандарының, біздің бақытымыз үшін күресіп, алғашқы жеңіске жеткен күні!**

Ту тіккен туысқандар

Мариновка көтерілісін майданшылар (фронтовиктер) бастағанмен, оны тұрғын халық түгелдей қостап әкеткен-ді. Әйелдер де көтерілісшілерге көмекке келді. Партизандарға ас әзірлеп, киім тігіп, жаралыларды күтті. Олар барлауға да барып-келіп тұрған. **Александра Рожкова, Пелагея Кулакова** жауынгерлерше ұрыс салды. Көптеген әйелдер күрестің құрбаны болды. **Евдокия Геращенконы** ақтар атып өлтірді. Аман қалған, қазірде тірі **Ксения Афросимовна Малюкова** Совет өкіметі орнағаннан кейін Компартия мүшелігіне өтіп, әртүрлі қызметтер атқарды. Ол өткен жылы Мариновкаға келіп, осында жиналған басқа партизандармен бірге суретке түсті.

Көтерілістің екінші бір ерекшелігі және жақсылығы – оған орыс, украин, қазақ, неміс секілді көп ұлттың өкілдері қатысуы, Колчакқа қарсы ту тіккендердің туысқандығы.

Мәселен, Мариновкадағы орыс, украин партизандарына сонау Петропавл уезінің Келлеровка селосынан 90 кісілік неміс отряды келіп қосылған. Төңіректегі Степной (яки Қарасу, я Алакөл) ауылынан қарулы қазақтар келіп жеткен. Ал **Ақмола уезінен қазақ Қадірілевтің Мариновкаға** қару-жарақ жеткізгенін Атбасар уезінің бастығы өзі мойындаған.

Горлановтың айтуынша, қазақ елдерінен қару-жарақ мол әкелінген. Көтерілісші-қазақ бастаған отряд ауылдарды аралауға шығып, жергілікті халықтан мылтық пен оқ-дәрі жинаған. Өкінішке қарай, тарихшылар сол партизан-қазақтың атын әлі анықтай алмай отыр. Жалпы Мариновка көтерілісіне молынан қатысқан қазақ еңбекшілері туралы естелік, мағлұмат, дерек өте аз. Сондықтан қазақ партизандарының атын анықтау қиын. Біз бұл сөздерді көтеріліс тұстастары – қарттарға арнап отырмыз. Аталарының аузынан шыққан қымбат естеліктерді жазып алатын жастарға арнап отырмыз.

Мақсат зор еді...

Тарихи деректер бойынша, Мариновка көтерілісіне сол кездегі Ақмола облысының 60 селосының азаматы қатысқан. Адам саны 3125-ке жеткен. Сондықтан партизан отряды – халық армиясына айналған. **«Атбасар уездік халық армиясының Бас штабы»** құрылған, оған әрбір отрядтан өкіл кірген де, оларды Ирченко мен Белаш басқарған.

Көтерілісшілерді көп уақыт өткеннен кейін кіналау қиын. Осы екінші жеңістен соң халық армиясы Атбасарға аттануы керек еді, бірақ олар Атбасар атаманына ұсыныс жасаумен ғана қанағаттанады: қарсылық көрсетуді тоқтатып, көтерісшілерге берілуді талап етеді. Халықтың соғыстан әбден жерінгенін, сол соғысты болдырмау үшін көтерілгенін мәлімдейді.

Ал өздері жаңа күштер күтумен болады. Атбасардағы ақ казактардың да аз екенін, үрейі ұшып отырғанын анық бөлмейді.

Бұл Колчактың өзін де абыржытып састырды. Ол Ақмола, Торғай облыстарындағы көтерілісті басуға шұғыл шаралар қолданып, оның басшылығын генерал Волковқа жүктейді. Мариновкаға қарай Петропавлдан атты дивизион аттандырылады. Сарыкөлден капитан Ванягиннің жазалаушы отряды және Қорғаннан екі рота жөнелтіледі. Атбасар, Ақмола, Көкшетаудың жазалаушы отрядтары бірігуге тиіс болады. Олардың бәріне бірыңғай басшылық етуге белгілі жендет полковник Катанаев тағайындалады. Ол 5 майда Омбыдан Атбасарға аттанады...

Осындай хабар алған халық армиясының Бас штабы Атбасарға аттанысты тағы да тоқтатады. Олар Көкшетау, Ақмола, Атбасардың жазалаушы отрядтарын біріктірмеуді көздестіреді. Сол мақсатпен Ақмоладан шыққан ақ казактарға қарсы 500 партизанды аттандырады. Ескі Колутоннан екі шақырым жерде ұрыс басталады. Жазалаушылар пулеметтен оқ жаудырған соң, партизандар жатып атысады. Сол кезде көтерісшілердің атты отряды ақтардың артынан шабуылға шығады. Мұны көрген жазалаушылар зәресі ұшып, қашуға кіріседі. Сөйтіп, партизандардың ақтармен үшінші ұрысы да жеңіспен аяқталады.

Бас штаб Атбасарға аттануға әзірленеді. Бірақ бұл енді кеш еді. Жергілікті жазалаушыларға Колчактың ірі әскери күштері келіп үлгерген-ді. Прапорщик Зырянов пен подъесаул Белов отрядтары есаул Васильевтің Бірінші Сібір дивизионымен біріккен болатын. Олар Мариновканың шығыс жағынан келді. Ендігі екі казак дивизионы мен екі жаяу рота селоның батысы мен теріскейінен төнді. 12 май күні капитан Ванягин, полковник Катанаев, генерал Волковтар да көп күшпен келіп жетті. Бейнебір қан исін сезген құзғындар қаптап ұшып келгендей еді.

Партизандар Мариновкада қорғануға көшеді. Бұл – Ирченко мен Бешаштың ғана ойы емес-ті. **«Көтерісшілердің жалпы жиналысы болып, - деп еске алады М.С. Анашкин, В.А. Редовский, К.А. Малюкова, – онда шешім қабылданады: қасық қанымыз калғанша күресу, қайта орнаған Совет өкіметін сақтау – немесе өлу».**

Олар бұл сөзінде тұрды. Қасық қаны қалғанша, оқтары таусылғанша асқан ерлікпен аянбай күресті. Күштері аз болса да, ерлік күрес екі күнге созылады. Ақыры күші басым Колчак жендеттері Мариновканы 13 майда басып алады. Көтерісшілерді аяусыз жаныштап, атып, шауып, ортеп өлтіреді.

Аман қалған партизандардың бір тобын бастаған Н. Ирченко өзеннен өтіп құтылады. Оның отряды Қызыл Армияға қосылуға ұмтылған болатын. Бірақ ақтармен болған бір ұрыста Н. Ирченко ерлікпен қаза табады.

...Жеңілген Мариновканы ақтар аяусыз жазалайды. Көтерісшілерге қоса тұрғындарды да қырғынға ұшыратады. Селода үш мыңнан астам адам жер құшады. Қарттардың естелігі бойынша есаул Васильев адамдарды атып-жаншып жүріп кіжінетін көрінеді: «Сендер ғана емес, балаларыңның балалары Совет өкіметі не екенін ұмытпай білетін болады».

Жоқ, жауыз! Біз Совет өкіметін сенсіз де білеміз. Бірақ Совет өкіметін орнату үшін қан төккен, жан қиған абзал адамдарды ұмытпайтынымыз

анық. Олардың ісі өлген жоқ. Революция ісі мәңгі жасампаз болып қала береді!

Мариновка көтерілісі – тарихи жиырма күн – жылдар өтсе де, маңызын жоймайды. Оны біз әрдайым ерекше қастерлеп еске аламыз. Сондықтан да бүгін мұнда – халықтық салтанат, саяси мереке.

С. Н. УСИКОВ,
Мариновка көтерілісі атындағы музей советінің председателі,
«Красносельский» совхозы», Астрахан ауданы.
Целиноград облыстық «Коммунизм нұры» газеті.
29 апрель 1967 жыл. №85 (7581)
Арнаулы газет тілшісі Ж. Нұрқанов.

АТАҚТЫ АДАМДАР ӨМІРІНЕН

– Маяковский! – деп, айғайлапты залдан біреу. – Сіз өзіңізді көпшіл ақынмын деп есептейсіз, ал өлеңдеріңіздің бәрінде: «мен, мен, мен» дейсіз.

– Ал сіздің ойыңызша Николай патша көпшіл болған ба? Ол әрқашан: Біз, Николай Екінші...» деп бұйрық берген ғой, – дейді ақын.

– Сіз немене, – деп кіжінеді әлгі жігіт, – біздің бәрімізді ақымақ санайсыз ба?

– О не дегеніңіз! – деп таңырқайды Маяковский. – баршада нем бар? Мен бір кісімен ғана сөйлесіп тұрғам жоқ па!

* * *

«Орыс авиациясының атасы» – Н.Е. Жуковский бір нәрсеге бейіл қойса, басқа дүниені ұмытып кететін адам болыпты. Ол бірде өзінің үйінде бір топ жастармен әңгімелесіп отырып, кенеттен қалпағын іздей бастапты:

– Әңгіме жақсы, әйтсе де мұнда көп отырып қалдым, мырзалар, қайтатын уақыт болды, – дейтін көрінеді үйіндегі қонақтарымен қоштасып.

* * *

Белгілі химик Бекетовтың жұмыс бөлмесіне қызметшісі жүгіріп келіпті:

– Николай Николаевич! Сіздің кітапханаңызда ұрылар жүр!

Атақты ғалым есеп қағаздарынан басын зорға көтеріп:

– Сонда олар қандай кітаптар оқиды екен? – депті.

* * *

Бір шетелдік дипломат президент Авраам Линкольннің қабылдауына келіп, оның аяққиім тазалап отырған үстінен шығыпты.

– Бұл қалай, президент, – деп таңырқайды дипломат, – өзіңізге бәтеңке тазалайсыз ба?

– Әрине, – дейді Линкольн саспастан. – Ал сіз кімге тазалайсыз?

* * *

Театр шаштаразы бір күні атақты опера әншісі Петровтың самайын қырам деп кесіп алыпты.

– Осының бәрі ішуден, – деп ренжіпті Петров, шаштараздың шарапқа құмарлығын сезгендіктен.

– Әлбетте, – дейді сонда анау, – арақтан адамның бет терісі құрысып қалады.

* * *

Александр Дюма Германияны аралап саяхатта жүргенде неміс тілін білмей қиналады. Бірде өзі түскен қонақ үйдің иесінен түстікке саңырауқұлақ әзірленуін өтінеді. Үй иесі Дюманы түсінбейді. Жазушы бір парақ қағаз алдырып, абажадай саңырауқұлақтың суретін салады. Сонда үй иесі жүгіре шығып, күлімсіреген күйі Дюмаға зонтик әкеліп ұсынып-ты.

Орысшадан аударылған.

Біздің календарь

ГЕРБЕРТ УЭЛЛС

(Туғанына 100 жыл)

Англияда аса даңқты замандастарына лақап ат тағу, немесе оны атыжөнінің әріптерімен ғана атау әдеті бар. Осы ретте өткен ғасырдың соңғы жылдары мен біздің ғасырдың бірінші жартысында – елу жыл бойына ең танымал үш әріп: Г.Д.У. болатын. Бұл – Герберт Джордж Уэллс деген сөз. Англияға ғана емес, әлемге әйгілі фантаст-жазушының толық есімі осылай еді.

Герберт Уэллс 1866 жылдың 21 сентябрінде Оңтүстік Англияның Кент графтығында дүниеге келді. Оның ата-анасы ол кездегі Англияда «орта тап» деп аталатын мещандық топқа жатушы еді. «Орта тап» өкілдерінің ой өрісі өте тар болатын. Бар бақ-қандары – байлық пен атақ жәйлі әңгіме еді. Өсек-аяң бөсері аян бұл топтың ортасы сезімі сергек, байымдағыш балаға тым көңілсіз болатын.

Бірақ ол сегіз жасқа келгенде, оның өзі айтуынша, «бақытына» қарай аяғы сынады да, төсекте жатып іші пысқан бала кітап оқуға кіріседі. Кітап оның алдынан өзгеше өмір, таңғажайып, тамаша дүние есігін аша-

ды; бейтаныс елдерге, өте алыс жерлерге жетектейді. Гербертің қолына әсіресе, Фенимор Купер, Майн-Рид, Роберт Стивенсон және Жюль Верннің кітаптары түсуі де түбінде оның осылар секілді қилы-қилы оқиға, қызық дүние жазушысы болуына бастайды.

Бұлардың ішінен оның творчествосы, әрине, алдымен Жюль Верн творчествосына ұқсас. Бірақ ол өз шығармаларының Жюль Верн туындыларынан түбірлі айырмашылығы барын әрдайым айтатын. Ұлы француз жазушысы үнемі ғылымды негізге алып, небір керемет техникалық жаңалықты кемеңгерлікпен болжайтын да, келістіре суреттейтін. Кейіннен оның көп болжамы болмысқа еніп, әртүрлі ой-қиялы ақиқатқа айналған-ды. Герберт Уэллстің кітаптары да неше түрлі тендесі жоқ техникалық жаңалықтарға, ғажайып машиналарға толы. Бірақ оның бәрі бірдей дәл ғылымға, нақты есепке сүйеніп суреттелмейді. Ағылшындық фантаст өзінің бай қиялының батыл байламдарын емін-еркін енгізе береді кітабына. Ойлап тапқан, болжап отырған орта мен өмірді, машина мен материалды, соның аспабы мен амалын ғылым қай уақытта, қай жерде, қалай жүзеге асыратынында жұмысы жоқ оның. Ол осы күнгі өмір шындығын, өзінің саяси-әлеуметтік ойларын әдейі фантастикалық бейнелермен бергісі келеді. Ғажайып оқиғалар (приключение) әдебиетінің басты белгісі: кәдуілгі адам –ерекше ортада деген ереже болса, Г. Уэллс шығармалары бұл талапқа сайма-сай. Олар әдеттегі атауға айқын келе бермейді. Бірақ Г. Уэллстің армандағы алыс өмірді, болжамда бар, болмыста жоқ машина, құрылыс, құбылыстарды көзге көрсеткендей, қолға ұстатқандай суреттейтіні сонша, оқырмандар оның қиялын қисынды тауып тамсанады. Ол осынысымен ғажайып оқиғалы әдебиеттің, оның ішінде, фантастика жанрының жаңа типін жасады.

Оның бұл саладағы тұңғыш туындысы – «Уақыт машинасы» атты повесть 1895 жылы жарыққа шықты да, жазушыға бірден атақ-данқ әкелді. Бұдан соң Герберт Уэллс «Ұрланған бацилла және басқалары», «Пляттнермен болған оқиға және басқалары» дейтін екі жинаққа енген әлденеше әңгімелер жазып, жаңа әдісті әбден жетілдіре түседі. Осыдан бастап ол өмірінің ақырына шейін «Доктор Мороның аралы», «Көзге көрінбейтін адам», «Екі дүние егесі», «Ол ұйқыдан оянарда», «Айға барған алғашқы адамдар», «Тәңірлер тағамы», «Әуедегі алапат», «Әлем азат болады», «Адамдар-құдайлар», «Пархем мырзаны дара билігі», «Блеттсворти мырза Ремпол аралында» атты фантастикалық романдарды бірінен соң бірін жазды.

Осыған орай біз оны фантаст-жазушы деп білеміз. Ал шын мәнісінде оның шындық өмірден алынған, тұрмыс тақырыбындағы туындылары – «Махаббат және Льюисгем мырза», « Киппс», «Тоно-Бангей», «Джоана мен Питер», «Кристина Альбертоның әкесі» атты романдары да ағылшын оқырмандарының оқу үстелі үстінде жатады.

Жалпы Герберт Уэллс – 110 кітабы жарық көрген жазушы. Оның ішінде жоғарыда аталған көркем шығармаларына қоса, ғалымның қолымен жазылған ғылыми кітаптары бар. Биологиядан – «Тіршілік ғылымы»,

саяси- экономикадан – «Жұмыс, байлық және адамзат бақыты» деген, сондай-ақ тарихтан жазылған екі еңбегі кезінде кең таралып, талай оқырмандарға ой салған. Оның физика, философия, саясат, социология және әдебиет мәселелері жөніндегі мақалалары газет-журналдарда жүздеп жарияланған. Зерттеушілердің есебіне қарағанда, ондай еңбектері бес жүздей болатын көрінеді. Бұл Герберт Уэллстің кереметтей білімді болғанын білдіреді.

Оның білетіні мол болуына көргенінің көптігі де әсер еткен болуға тиіс. Қытай мен Жапония, Австралия мен Италия, Бирма мен Франция, Италия мен Испания, Германия мен Швеция – ол аралаған елдер осылай тізбектеліп кетеді. Герберт Уэллс Россияда да үш рет болды.

1913 жылы Россияны ол ұлы да болса, ұйқыдан оянбаған, артта қалған ел деп есептеді. Онысы рас та еді. Ал 1920 жылы ол мұнда екінші рет келгенде Советтік Россия социализм құру үшін күресіп жатты. Бірақ әлі азамат соғысының ашаршылығы мен жоқшылығын жойып үлгермеген-ді. Сондықтан да ол өзінің жаңа кітабына «Россия қапаста» деген ат қойды. Ал енді электендіру жөніндегі арманын айтқан Ленинді «Кремль қиялшылы» деп атады. Коммунистік партияның ұйымдастырушылық ролін, халықтың жасампаз күшін түсінбеген Герберт Уэллс совет елінің болашағына сенімсіздік көрсетті.

Бірақ ол өзінің қатты қателескенін 1934 жылы Россияға үшінші рет келіп ұқты. Ұлы фантаст совет еліндегі екінші бесжылдық жоспар оның санталай қиялдарынан да қызықты өмір орнатып жатқанын көріп сүйсінді.

Совет оқырмандары да оны өте құрметтеп, қуана қарсы алған-ды. Герберт Уэллс – қай уақытта болсын совет жастарының сүйіп оқитын жазушысы.

Целиноград облыстық «Коммунизм нұры» газеті. 1966 жыл.

Біздің календарь

ЕГІЗ СЫҚАҚШЫНЫҢ СЫҢАРЫ

(Е. Петровтың туғанына – 70 жыл)

Білмейтініміз көп-ау. «Бәрін біліп бола ма?» деп жұбатамыз ғой өзімізді, әйтпесе...

Орта мектепте шала-шарпы естіген «Он екі орындық», «Алтын бұзау» деген кітаптарды университетте бір көзілдірікті жігіттің қолынан көрдім. Тосырқай қарағанымда ол езу тартқандай болған соң ерегісіп барып кітапханадан алып оқығанмын. «Түгіне түсінбедім» десем авторға қиянат, «Түгел түсіндім» деуге – өзіме қиянат тәрізді. Әйтеуір су-

маңдаған бір алаяқтың ізімен жүргендей болып, жүгірте оқып шыққанымды білемін.

«Авторы» деп әдейі жекеше айтып отырмын. Ол кезде мен қызық кітаптың сыртында екі есім тұрғанына онша мән бермегем. Салтыков-Щедрин, Новиков-Прибой сияқты қосарлы фамилиядай көрінді ме, қалай. Оның үстіне, көркем шығарманың қос авторы болады дегенді ойлап көріппін бе. Содан бұл кітаптардың авторлары Илья Ильф пен Евгений Петров деген екі кісі екенін, қаламды қатар сілтеген сықақшылар екенін білгенімде қалай таңырқадым десеңізші.

Көркем творчествосы тым сирек кездесетін бұл қарекет орыс әдебиетшілерінің назарынан тыс қалған емес, олар егіз сықақшының еңбектену процесін түсіндіріп бағады. Соны, сондай ерекше творчестволық күйді қалың қазақ оқырмандарына жеткізе, жазам деп жүрген жас талапкерлерге тағлым ете ана тіліміздегі әдеби газет-журналдарда, «Жалын» альманағында жариялап отырса, артық та болмайтын шығар. (Мысалы, төл әдебиетіміз бен өнерімізде М. Әуезов пен Ә. Тәжібаевтың бірігіп пьеса жазғанын, А. Жұбанов пен Л. Хамидидің бірігіп опера шығарғанын, шынын айтқанда осы авторлардың бірлесіп қалай жұмыс істегенін жұртшылыққа білдіре түссе қайтер еді.)

Евгений Петров болашақ қаламдас серігі И. Ильфті 1925 жылы жолықтырады да, келесі жылдан бірлескен әдеби қызметтері басталады. Әуелі «Смехач» журналында, «Гудок» газетінде әртүрлі жанрды жазады. Кейін екеуінің қаламынан көп кітап туындайды. Соның ішінде «Он екі орындық» (1928 жылы), «Алтын бұзау» (1931 жылы), «Бір этажды Америка» (1936 жылы) кітаптары – көпшілікке ұнаған, көп оқылатын, атышулы туындылар. «Он екі орындықты» кезінде В. Маяковскийдің өзі «Тамаша» деп тауыпты.

Жазушының өмір баянын оқығанда бір байқағаным И. Ильф қайтыс болғаннан кейін де қаламын мығым ұстаған Евгений Петров Г. Мунблитпен бірігіп жазған «Музыкалы оқиға», «Антон Иванович ашулы» деген сценарийлері кинофильм де болып шығады. Атақты әнші, СССР халық артисі Сергей Лемешев ойнайтын «Музыкалы оқиғаны» жазушылардың бірі Евгений Петров екен ғой. Яғни бұл кісінің біреумен бірлесе творчестволық қызмет етуі – табиғи қабілеті тәріздес.

Тағы бір қызығы: Петров – сықақшының лақап аты, ал шын фамилиясы Катаев. Ол аз десеңіз, Евгений Петрович белгілі совет жазушысы – «Полк баласының» авторы Валентин Петрович Катаевтың інісі екен. 1923 жылы жиырма жасар жігіт Москваға алғаш келгенде ағасының кеңесімен тұңғыш әңгіме, тұңғыш фельетон жазып, астына, «Петров» деп қол қойған.

Евгений Петрович екі жылдай (1921-1922 жылдары) қылмыстыларды іздестіру қызметкері болып істепті. Кейін небір суайт, айлакердің әрекетін айнытпай жазуларына бұл да өз әсерін тигізген болу керек.

Е. Петров Ұлы Отан соғысы жылдары әскери тілші болып, «Майдан күнделігі» деген кітап шығарған. 1942 жылы 2 июльде майданнан Мо-

Ғарышқа самолетпен оралып келе жатып аспанда апатқа ұшырайды.

Илья Ильф пен Евгений Петровтың көзі тірісінде «Он екі орындық» он рет, «Алтын бұзау» сегіз рет қайта басылғанын, қазір олардың кітаптары 16 тілде 131 рет миллиондаған тиражбен шығып отырғанын бәріміздің білуге бермеуіміз мүмкін. Бірақ осы өткір сын, ащы әжуа оқылмай белгісіз болып қалса өкініштi-ау деп ойлаймын. «Алтын бұзауды» қайта бір оқуым қажет қой деймін. Білмейтінім көп қой әлі.

Целиноград облыстық «Коммунизм нұры» газеті,
1973 жыл

СОЛДАТ БОЛЫП ТУМАСА ДА

(К. Симонов алпыста)

Жақында жазушы Константин Симоновтың өз қолымен жазылған өмірбаянын оқып шықтым. Совет әдебиетінің аса көрнекті өкілі өзінің творчестволық жолын қарапайым ғана баяндаған. Бірақ сол сараң мәліметтерден де көп жайларды анық аңғаруға болады.

Константин Михайлович Симонов 1915 жылы Петроградта дүниеге келген. Балалық шағы Рязань мен Саратовта өтеді. Өгей әкесі әскери қызметкер екен, бұлардың семьясы көбіне командирлер жатақханасында тұрған. «Әскери өмірдің қоршауында өстім», – дейді Симонов. Бұл кейін жазушының жауынгерлер тұрмысын, офицерлер мінезін дұрыс сипаттап жазуына өз әсерін тигізген сияқты.

Жас Симонов жауынгер болуға ұмтылмаған. 1930 жылы Саратовка жетіжылдықты бітіргеннен кейін ол токарь болуға бел байлайды. Алғашқы бесжылдық, Сталинградта салынып жатқан трактор заводының даңқы жеткіншекті тікелей еңбек етуге жетелейді. «Екіншіден, – дейді қаламгер, – өз күнкөрісімді өз еңбегіммен табуға талпынуым».

Жұмыс істеп жүрген кезінде өлең жазуға бой ұрып, содан Москваның Горький атындағы әдебиет институтына оқуға түсуі де Симоновты біржолата бейбіт қызметке бейімдегендей еді. Осы тұста ол «Павел Черный» поэмасын жазады. Мұнда жас ақын Беломор-Балтық каналы құрылысшыларының құрметті ісін, құдіретті күшін мадақтайды. Құрылысшылар арасында болғанда көзбен көрген, өзіне ұнаған жайларды жыр етеді. Социализм салтанат құра бастаған елдің ақыны үшін әбден заңды еді бұл. Және сол кезеңде көбіне поэма жазу дәстүрге айналған-ды. Константин Симоновтың бұдан басқа да «Жеңімпаз» (1937), «Мұз қырғыны» (1938), «Суворов» (1939) секілді қатарынан бірнеше поэма жазуы содан.

Жас ақын «Жеңімпаз» атты поэмасында Ұлы Октябрьдің от-жалынынан жаралған, азамат соғысының айбынды жауынгері болған жазушы Николай Островскийдің кейін ауруды жеңу жолында аяусыз күрескен

тамаша өмірін өлең жолдарымен өрнектейді. «Мұз қырғыны», «Суворов» поэмаларында елдің ерлік тарихын қозғап, қазіргі ұрпаққа үлгі боларлықтай етіп суреттейді. Ақынның ойынша, өзі ешкімге тиіспейтін, тиіскендердің сазайын беретін бейбіт орыс халқының қаһармандығы сыртқы жаулардың қайсысына болса да қатты сабақ болуға тиіс.

Осыдан көп ұзамай соғыс тақырыбы, солдат өмірі Симоновтың бүкіл творчествосының өзегіне айналады. Константин Михайлович басқа да ақын-жазушылармен бірге Халкин-Гол және фин соғыстарына қатысып, өзі де, сөзі де тура майдан шебінде болады. Соның нәтижесінде совет адамдарының монғол халқына қалтқысыз көмек көрсеткені жәйлі «Біздің қаланың жігіті» атты пьеса туған. Осы шығармасы үшін Симонов алғаш рет Мемлекеттік сыйлық алады. Мұның алдында ғана «Бір махаббаттың тарихы» деген драма жазып, драматург ретінде танылғаны сол еді.

Ұлы Отан соғысының қаһарлы да қасиетті жылдарында Константин Симонов талантының жаңа қырлары жарқырай ашылды. Ол «Красная звезда» газетінің әскери тілшісі ретінде соғыстың басынан аяғына дейін қатысып, «Қара теңізден Баренц теңізіне дейін» барған. Оқ астында жазылған публицистикалық мақалалары мен очерктері осындай атпен төрт кітапқа топтасқан болатын. Мұндағы шығармалардың бәрі де жазушының өз көзімен көрген соғыс шындығына негізделген. Әрқайсысы-ақ анық болған жорық жөнінде, аты-жөні мәлім жауынгер турасында баяндайды. Бірақ Симонов бір ғана солдаттың өмірінен алынған нақты деректі жалпы жаунгерлік ерлік тұрғысына, өзгелерге өнеге болар, демеу берер деңгейге көтеріп әкетеді. Ол очерктерінде ғана емес, публицистикасында да уақиғалы уағызға мол орын береді. Очерктері мен мақалалары мазмұндылығына қоса тартымды да қызық болып келеді. Қаламгердің әдеби тағдыры үшін тамашасы сол: отты жылдарда асығыс жазылған очерктер кейін жазушының Ұлы Отан соғысы жайлы үлкен шығармалар жазуына жақсы әзірлік болып шықты.

Соғыс тұсында Советтік поэзия өзінің ұшқырлығы мен уыттылығын айқын көрсетті. Асқақ әндер мен өткір өлеңдер жауынгер жігерінің күшті оталғышы болып, жазуға деген кегін қатты қолдап отырды. Мұнда Костантин Симонов поэзиясының да үлкен үлесі бар.

Бұл тұста Симонов лирик ақын ретінде танылып, солдат сағынышын төгілте жырлаған сыршыл шумақтары ауыздан-ауызға тарап кетеді. Жер-дүние зеңбірек үнімен дірілдеп, кескілескен қанды ұрыстар жүріп жатқан сәтте де совет ақыны адал жар жайында, таза сүйіспеншілік хақында жазудан тартынған жоқ. Ол махаббаттың майданда да ұлы күш болатындығын жырға қосты. Ондай өлеңдері «Сонымен бірге және сен жоқта» деген топтама болып толғантты. Әсіресе ақынның:

Күт мені мен, ораламын,
Күте бер тек, налыма.
Күте бер сен, қара жауын
Мұң құйса да жаныңа.

Күте бер сен, жерден жырақ
Келмесе де хат-хабар.
Сен күте бер, күткін ұзақ
Жалықса да басқалар, –

деп келетін атақты «Күт мені» өлеңі мың-миллион жауынгер көңілінен шығады. Ақын көңіл толқынысындай қайталанып келе беретін жыр жолдарына сүйген жарға деген ыстық сезім мен жеңіске деген берік сенімді бекем ұштастыра білген.

К. Симонов 1942 жылы «Правданың» беттерінде жарияланған «Орыс адамдары» атты пьесаның да өнегелік қасиеті күшті болған. «Біз өзімізді пьеса кейіпкерлерімен салыстырамыз: кескілескен ұрыста Сафоновтай берікпіз бе, Валядай батылмыз ба, Васин мен Глоба тәрізді Отан үшін өлуге дайынбыз ба деп ойлаймыз. Біз Сафоновша күресіп, фашистерді құртқанша бел шешпеуге бекіндік», – деп жазған екен жауынгерлер майданнан. Пьеса үкімет тарапынан жоғары бағаланып, бірінші дәрежелі мемлекеттік сыйлыққа ие болады. К. Симоновтың бұдан кейін жазған «Күндер мен түндер» повесі (1944), «Орыс мәселесі» (1947) мен «Жат көлеңке» (1949) пьесалары, «Достар мен қастар» деген өлеңдер жинағы (1948) да жоғары бағаланады. Сөйтіп, Константин Михайлович СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағына 6 рет ие болады. Ал 1974 жылы К. Симонов «Тірілер мен өлілер» трилогиясы үшін Лениндік сыйлықтың лауреаты атанғаны көпке мәлім.

Елуінші жылдардың екінші жартысында жазушылар өткен күндерге ой көзімен қарап, бүгінгі уақыт биігінен барлап жазуы әдеби тенденцияға айналдырып еді. Әсіресе, Ұлы Отан соғысы оқиғаларын ащы шындық тұрғысынан ашып жазу М. Шолоховтың «Адам тағдыры» әңгімесін, Ю. Бондаревтің «Батальон оқ сұрайды» повесін, К. Симоновтың «Тірілер мен өлілер» романын тудырған-ды.

Бұл күнде трилогия болып тәмәмдалған қалың кітабын жазушы әуелде соғыстың алғашқы жылын суреттеуге арналған романмен бастайды. Автор сол кезде соғыс тудырған бар қиыншылықты барынша мол көрсету үшін өз бөлімшесінен адасып қалған әскери тілші Свинцовтың жолдастарын іздеуін оқиға желісі еткен. Кейін шегіну кезеңінің бар ауыртпалығын көрген Симоновтың көңілінде көп сұрақ туындайды: «Неліктен осылай болды? Кім тоқтатады мұны? Тойтарыс қашан болмақ?» жазушы бұл сұрақтарға бір кездегі орынсыз жаладан ақталып, әскери борышын өтеуге қайта оралған комбриг Серпилин тағдыры, «Бүкіл Россия біздің атымызға сүйеніп тұр» дейтін Ивановтың өр мінезі арқылы, қаза тапқандардың жиынтық образы – капитан Гусевтің қайғысы арқылы жауап береді.

Трилогияның екінші кітабы – «Солдат болып тумайды» романында соғыс панорамасы тіпті зор көлемде көрсетілген. Әсіресе, Волга бойындағы қанды шайқас бүкілхалықтық аумақта кең алынған. Жазушы адамдардың солдат болып тумайтындығын, бірақ Отан тағдыры сынға

түскен қатерлі кезеңде қаһарман болып кететіндігін көркем түрде көрсетеді. Трилогияның үшінші кітабы – «Соңғы жаз» деп аталған. 1944 жылдың жазын айтады. Фашистердің совет жерінде тұяғын әзірге лектіріп тұрған соңғы жазы. Басқыншыларды елімізден біржолата қуатын маусым. Сонымен бірге Серпилин секілді аяулы кейіпкердің оққа ұшырап, өмірмен қош айтысар жазы.

Константин Михайлович та солдат болып туған жоқ. Офицер семьясында өссе де жауынгер болмай, жазушылыққа ден қойып еді, бірақ өмір оны үш бірдей соғысқа қатыстырды. Жауынгер болып жаралмаса да майдангерлер өмірін анық білетіні содан. Ол соғысты алау-жалау шайқас ретінде ғана суреттеуден аулақ. Симонов соғыс атты апаттың бар сұмдығын жан түршігердей жазуға бейім. Және совет адамдарының қандай жауға болса да қаһармандықпен соққы беретінін нағыз патриоттық сезіммен нанымды бейнелейді. Оның кітаптары еліміздегі ең көп оқылатын туындыларға жатады. Жазушы бақыты деген сол ғой.

Целиноград облыстық «Коммунизм нуры» газеті,
1975 жыл

Біздің календарь

ОТ ЖҮРЕКТІҢ, ОЗЫҚ ОЙДЫҢ АҚЫНЫ

(М.Ю. Лермонтовтың қаза болуының 125 жылдығына)
(1814-1841)

Герцен айтқандай, Пушкинді өлтірген пистолеттің даусы Лермонтовтың жан дүниесін дүр сілкіндірді. Жанартаудай жанының бар бұлқынысымен «Ақын ажалы» деген азалы жыр жазды ол. Пушкин поэзиясының кемеңгерлік қасиетін кемел біліп, бас иетін Лермонтов орыс халқының қандай шығынға ұшырағанын басқадан гөрі барынша терең ұғынған-ды. Сондықтанда ол зығырданы қайнап, зілді өлең жазды. Қара бастың қайғысын емес, азаматын аза тұтқан қалың қауымның кеуде кернеген кегі мен әділ ашу-ызасын ақтарды. Озық ойлы орыс адамдарының атынан айыптау сөзін айтты... Және жалғыз Дантесті қаралап қана қоймай, сол жендетті жебеуші – патша бастаған содыр топтың сойқындығын да ашып берді.

Өлең өзінің өткірлігімен, көркемдік қуатының күштілігімен көпшіліктің көкейіне қона кетті. Лермонтовтың ақындығы мен батылдығы бара-бар екен. Жұрт оны – орыс өмірінің жаңа бір жақсы жыршысы, өлген Пушкиннің орнын басушы деп таныды.

Творчествосының алғашқы дәуірінде Лермонтов – романтик ақын еді. Өленлері – өршіл ойлы, ыстық лепті, ыза-кекті болып келетін. Кейіп-

кері – бостандық деп боздаған, арманды адам; ірі ізденудің, күшті құмарлықтың қісісі; өз ортасынан мінезі бөлек, мүддесі басқа ерекше жан болатын. Бар бақытты болашақтан күту, таусылмас арман, үзілмес үміт – Лермонтов лирикасы ол кезде осындай еді. Ал «Ақын ажалы» арқылы романтик – жыршы реалист – ақынға айналды. Өз творчествосының жаңа дәуірін (1837-1841 жылдар), жарқын бетін бастады.

Бұл өлең – Лермонтов поэзиясының жанрлық жаңалығы да болып табылады. Мұнда мұңды муза мен ащы сықақ араласқан қатулы көңілдің қайғылы сезімі – **элегияға** қоса, патша өкіметіне деген өшпенділіктен туған өткір сатира бар. Ақын кейін бұл жанрды булыққан ой-сезімін буырқанта сыртқа шығаратын әдіс етіп алады. Оның (Абай аудармасындағы):

Қарасам, қайғыртар жұрт бұл заманғы,
Салқын, қуыс өмірі я қараңғы.
Білім де жоқ, білімге сенім де жоқ,
Өнерсіз қартаяр деп біл баланды, –

дейтін «Ой» атты өлеңі де осы **элегия-сатира** жанрына жатады.

«Ақын ажалы» – Лермонтовтың өз өміріне әсер етуі жөнінде айрықша өлең. Азаттық туралы азаматтық ойды тұншықтырғыш патша өкіметі осы өлеңді жазғаны үшін жазғырып, Лермонтовты соғысып жатқан полктың қарамағына, Кавказға жер аударған болатын. «Өжет ақын оқ астынан оралмайды» – деген есеп еді бұл. Бірақ, ақын аурулығы себепті Пятигорскіге емделуге бөгеліп, қанды жорыққа қатыспай қалады.

Жорық болған жерге барғаннан кейін де қайрауы келіскен қанжардай шыныгып, шабыты шалқи түседі. «Көпес Калашников» жәйлі жырын бітіреді. Бұл – оның баспа жүзін көрген тұңғыш үлкен туындысы. Оның өзінде де поэма жасырын атпен жарияланған-ды. Бірақ данышпан Белинский мұны жазған адамның – үлкен үміт күтерлік талант екенін тани білген еді.

«Мцыри» мен «Біздің заманның батырын» жаза бастағаны да осы кез. Тентек Терек секілді асау сезім, асқақ ойлы өлеңдері – өз алдына. (Осы жерде айта кетсе, артық емес: Лермонтов – өлеңге, өнерге өте жауапты қараған жан. Ол 1840 жылға дейін 300 өлең, 16 поэма мен драма жазғанына қарамастан өз өмірінде жарық көрген жалғыз жинағына не бары 24 өлең таңдап кіргізген болатын).

Лермонтов айдауда көп болған жоқ. Ақсүйек әжесі Арсеньеваның арызы бойынша беделді ақын Жуковскийдің ара түсуімен айдаудан босанып, Петербургқа қайтқан-ды. Жоғарғы қауым жорта қуанысып, көлгірсіген қошаметпен қарсы алады. Ондағы ойлары бүкіл елге аты машһүр ақынды өз орталарына тарту еді. Лермонтовтың оған көнбек ойы жоқ.

Надандар былшылдайды,
құп алмайды,
Қиялын үлкен жанның ұға
алмайды.
Теңізден таудай толқын соқса-дағы,
Жағадағы жартасты жыға алмайды, –

деп беделге сатылмайтын беріктігін білдіреді. Сауық кеші, сәнді жиынан мәдени қауымның мәнді кеңестеріне көп қатысып, ақын-жазушы, композитор-суретшілермен жиі кездеседі. Жазу ісімен мол шұғылданады. «Русалка», «Ақын», «Ой», «Теректің сыйы», «Одоевскийді еске алу», «Үш пальма», «Әуе кемесі» атты тамаша өлеңдері осы кезде жарық көреді. Ақын даңқы өсе түседі. Осыдан келіп, өкіметтің хауіптене қарауының үстіне бойында дарыны, ойында жалыны жоқ жандардың бақталастық қызғанышы туады. Өр кеуделі, өткір тілді, ақылды да ажарлы Лермонтовты қалай мұқатудың қамын ойлайды.

Лермонтов та қарап қалған жоқ. «Айналам – алақұла тобыр әр кез» атты өлеңімен өлтіре жауап береді оларға. Бұл өлеңі жаңа жылдық бір бал-маскарадқа байланысты жазылған екен. Сол түнгі сауық кешіне қатысқан 22 жасар Тургеневтің естелігі бойынша, ырду-дырду, думаншыл қауымның қыз-қырқыны Лермонтовтың маңына топырлап, мазасын алыпты. Әсіресе, патшаның маска киген қос қызы оған көздерін тігіп, сөздерін тигізіп, қасақана қағытса керек. Ақын оларды әдейі танымаған боп, қатты жауап қайырған.

Жаулары енді оны өлтіруді ойлайды. Пушкиннен құтылудың жолы секілді тағы да – дуэль, тағы да – елшінің еріккен баласы. Бірақ Барант бұл жолы Дантес сияқты дәлдеп тигізе алмайды.

Дуэль үшін тұтқында отырған Лермонтовқа Белинский жолыға келіп, ұлы ақын мен ұлы сыншы көркемөнер жәйлі көп әңгімелеседі. Бұл кездесу – Лермонтов өміріндегі өте елеулі оқиға. Тіпті, бақыты десе болғандай. Өйткені осы кездесуден кейін ақынның жан дүниесін, жазушылық кредосын толық түсінген Белинский «М. Лермонтовтың өлеңдері», «Біздің заманның батыры» деген екі үлкен мақаласында Лермонтов шығармаларының шын бағасын данышпандықпен дәлелдеп берді. Лермонтов лирикасын талдау үстінде поэзия мен ақын туралы атақты анықтамасын айтты.

«Демон» поэмасы – Лермонтовтың аса сүйікті шығармасы. Автор оны өмірбойы – он бес жасынан бастап өлгенінше – жазумен өтті. 1829 жылы басталған поэманың алтыншы, түзетілген түрі 1841 жылға жатады. Поэманың оқиғасы онша қою емес. Ақынның бар назары басты кейіпкердің батыр тұлғасын жасауға ауған. Ол өзі солай болып шықты да. Лермонтовтың замандастары «тәңірісімен тайталасқан» Демонды – әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күрескер бейнесі деп білді. Олар «Мцыри» поэмасын да азаттық үшін күреске шақырған ұран деп ұқты. «Бұл Мцыри – неткен жалынды жан, қандай ғана құдіретті рух, не

ұлған таудай тұлға! Бұл – ақынымыздың ардақты идеалы, бұл – оның өлеңге түскен өз кескіні» – деп жазды Белинский.

Осындай ардақты ақын екінші рет аударылып, «Қош, Россия, жуынып тазармаған» деп тағы да Кавказға кеткен болатын. Бұл оның өз Отанымен біржола бақылдасуы болып шықты.

Ақын келіп тоқтаған Пятигорскіде петербургтік ақсүйектер қаптап жүрген-ді. Ежелгі дұшпандары да көп екен. Олардың өш алуына Мартынов секілді қолшоқпар да табыла кетеді. Лермонтовпен әскери мектепте бірге оқыған ұрдажық, мақтаншақ мінезді Мартынов ақынның өткір әзілдеріне өкпелі болатын. Сондықтан да ол, ақсүйек әзәзілдердің ұйытқыттауымен, болмашы нәрсе үшін Лермонтовты дуэльге шақырады. Сөйтіп ар-ұятты аяққа басқан Мартынов, тіпті дуэль шартын бұзып, жақындап келіп дәл жүректен атуға арланбайды. Бұл 1841 жылы 27 июльде болып еді.

Соңғы жылдарда табылған тарихи деректерге қарағанда бұл дуэль – Пушкинді өлтіру секілді, арнайы ұйымдастырылған саяси қастандық екені анықталып отыр. «Ақын ажалы» атты азалы жырды қаһарлы дауыспен қайта оқуға тура келеді:

Мерт болды ақын, бықсық өсек,
Ар пендесін кетті жұлып.
Кек шөлдеткен кеудесінде – оқ,
Абзал басын иді сұлық...
... Ал, сұмдардың сорлы ұрпағы...
Қылмысыңнан тана алмайсың.
Оттасаң да тайқып-тайып.
Арам қанмен, өңшең залым.
Кете алмассың жуып-шайып,
Қасиетті ақын қанын!

Иә, тарих соты әділ үкім шығарды: қанышерлер халықтың қаһарына ұшырады. Ал «мұң мен шердің жыршысы» шат-шадыман оқырмандар ортасынан мәңгілікке орын алды.

Целиноград облыстық «Коммунизм нұры» газеті».
1966 жыл.

АЛЕКСЕЙ ТОЛСТОЙ

(туғанына 80 жыл толуына)

Совет әдебиетінің өте көрнекті өкілі, оқырмандар ізет тұтатын ірі жазушылардың бірі – Алексей Николаевич Толстойдың есімін ауызға алғанда, ең алдымен, есімізге «Азапты сапар» және «Бірінші Петр» атты атақты кітаптар келіп түседі. Мұның заңдылығы сонда, осы кітаптар оқырмандарға өте таныс және автордың өзі «бұл шығармалар – ең негізгі, басты әдеби туындылары» екендігін ескертетін. Сондай-ақ сол романдардың авторын – прозаик деп тану қалың қауымның дағдысына айналып кеткен. Бірақ А.Н. Толстойдың творчествосымен толық таныс адамға белгілі: жас Толстой әдебиет майданына ақын ретінде араласқан 1909 жылы «Лирика» деген тұңғыш жинағы, 1911 жылы «Көгілдір өзендердің ар жағында» атты екінші өлеңдер жинағы жарияланған болатын.

Бұл кез – XX ғасырдың бірінші он жылдығы – декаденттік және символистік ағымдардың орыс әдебиетінде де өріс ала бастаған кезі. Сондықтан өмірді буалдыр бейнелеп, сары уайымға салыну салқыны Толстойдың өлең жинақтарына да өз зардабын тигізді. Автордың қанағаттанбағандығы өлең кітаптарының қолға түскендерін өртеп жібергісі келгендігінен көрінеді.

Әлде содан ба, әлде табиғи талантының талабы ма: 1910 жылдан бастап Толстой прозамен айналысып, алғашқы әңгімелерін жариялай бастайды.

Тұңғыш романы – «Чудаки» (1911) және «Ақсақ мырза» (1912) мен «Растегиннің шым-шытырық бастан кешкендері» (1913) повестерінде Толстой азып-тозып келе жатқан ақсүйектер (дворяндар) әулетінің адамшылыққа жат жайларын бірде әзілмен, бірде сықақпен, бірде кекесінмен суреттейді де, сыншыл реализмге бейімділік сынай білдіреді. Алғашқы прозалық шығармаларына автор өзі өскен ортасының көз көрген өмір жәйіттерін сюжет етіп пайдаланған-ды. Әлденеше әңгімелер мен повестер жазылып, жарияланған шақта, автордың айтары азайып біткендей болады. «Естелік тақырыбым таусылып, мен дағдарысқа ұшырадым» – дейді Толстой.

Сол шақта жалғыз жас жазушының ғана емес, жалпақ Россияның дағдарысқа ұшыраған өмірін дүр сілкіндіріп дүниежүзілік бірінші соғыс басталады. Толстой майданға «Русские ведомости» газетінің корреспонденті болып аттанды. Майдандық корреспонденциядан басқа «Кәдуілгі адам», «Тауда», «Жүргінші жанның әңгімесін» жазады. Бірақ бұл кезде де ол революция алдындағы дағдарыс дәуірінің тыншымау сезімінен, күйзеліс күйінен арыла алмайды.

Осы себепті де ол, өзге орыс интеллигенттері секілді, февраль революциясын жаңалық есебінде жақсы қарсы алады. Артынша алданғанын біледі. Сондықтан да Октябрь революциясына салқын қарайды. Және жағдайды түсінбеу салдарынан асығыс шешім жасап, 1918 жылы Парижге эмиграцияға кетеді. Осында 1919 жылы атышулы «Азапты сапар» трилогиясының алғашқы кітабы «Апалы-сіңлілерді» жаза бастайды. Бұл – орыс интеллигенциясының 1905-жылғы, февраль және Октябрь революциясы кезеңіндегі өмірі жайлы шығарма. Кітаптың басты кейіпкерлері – Телегин, Рощин, апалы-сіңлілі Даша мен Катя. Бірақ жазушының зор эпикаға бейім мол дарыны осы адамдардың өмірін хикая ету арқылы олардың Отаны – Россияның XX- ғасырдың алғашқы 20 жылындағы тарихи жағдайын тамаша шеберлікпен шежірелейді.

«Азапты сапар» трилогиясын жазу жазушының өз өмірінің де «азапты» жолы, ұзаққа созылған жұмысы болып шықты. Бірінші бітірген жылдары Советтік Россияға қайта оралған Толстой «Он сегізінші жыл» және «Сұрғылт таң» деген екі кітапты елде жазды. Алайда, арадағы іздену жылдары авторды басқа тақырыпқа, жаңа жанрға – ғылыми-фантастикалық, және шым-шытырық оқиғалы шығармаларға бұрып әкетеді. 20-шы жылдардың орта кезінде Толстойдың «Аэлита», «Инженер Гариннің Гиперболоиды», «Невзоровтың бастан кешкендері яки Ибикус» деген повестері жарияланады. Бірінші повесте адамның өзін жалғыздық күйде сезіну сезімі сөз болып, ол сезім, кейіпкердің ойлағанындай, махаббатпен ғана шектелмей, қоғамдық қызмет, азаматтық әрекетпен байланысты болатындығы; екінші повесте ұшқыр ойлы ғалымның ғажайып жаңалығы халық қамы үшін қажет болса ғана әжетке жарап; әйтпесе ойлап шығарушының өзіне жау болатындығы жайлы паш етіледі. Ал үшінші повесте алаяқ адамның алдау, арбауы аз уақытқа үстемдік құрып, бірақ түбі адалдықтың әділ сотына ұшырайтындығы өте қызық, тартымды түрде суреттеледі.

Толстой творчествосының көп ерекшелігінің бірі – жанрдың жанжақтылығы (Толстой – ақын, прозаик, драматург, публицист) болса, сондай-ақ ол кісінің бір мезгілде бірнеше шығарманы қатар жазып жұмыс істеу қабылеттілігі. Айталық Толстой советтік кейіпкер табу мақсатымен «Көгілдір қалалар», «Сұр жылан» повестерін жаза жүріп, «Азапты сапар» трилогиясын әрі өрістете отырып, екінші бір трилогия – «жаңа шығарма» – «Петр Біріншінің» екі кітабын жедел жазып шығуы өте қызық жәйт.

«Петр Бірінші» романы жазылған шақ – 20-шы жылдардың аяғы мен 30-шы жалдырдың басы. – Совет әдебиетінде тарихи роман жанрының мол өріс алған кезі еді, Толстой өзінің тарихты терең білу, өткен заман оқиғасы мен осы дәуірдің талабын бірлестіре білу қабілеті арқылы бұл саладағы айрықша табыс – атақты романын аз уақытта бітіріп берді.

Бірақ бұл трилогияның үшінші кітабы бітпей қалды. Оның есесіне ол «Азапты сапардың» соңғы кітабы – «Сұрғылт таңды» аяқтауға таяп қалған-ды. Жазушы 22 жылдық еңбегін аяқтап, ақырғы беттің соңғы

нүктесін қойып, «1941 жылдың 22 июні» деген датаны жазып жатқаны сол еді, Советтік Отанымызға гитлершіл Германия шабуыл жасап, екінші дүниежүзілік соғыс басталып кетті. Қарт жазушы соғыс жағдайына байланысты өз творчествосының соңғы саласы – публицистикаға кірісті. Оның орыс характерін халқын мадақтаған мақалалары Шолоховтың әңгімелерімен қатар.

Россияны жан-тәнімен сүйген жазушы соғыстың біткен мерзімін көрмесе де ол күннің боларына қатты сеніп өтіп еді өмірден. Жалпы жазушының бүкіл творчествосы болашаққа деген батыл арманға, берік сенімге толы. Сондықтан да көркемсөздің асқан шебері А.Н. Толстой – қазіргі оқырмандардың қалап оқитын авторы.

(Солтүстік Қазақстанның облыстық
«Ленин Туы» газеті, 1963 жыл)

ҒАЖАЙЫП КІТАБЫ ҒАСЫРЛАР ЖАСАҒАН

(Д. Свифттің туғанына 300 жыл)

Әдетте атақты жазушы, әйгілі кітап жәйлі әңгіме болса, оның есімін білмейтін адам бар ма, оны оқымаған жан қайда, деп жазамыз. Мұндай әспеттеуші, әсірелеуші сөздің анық орнымен айтылатын кезі де болады. Мәселен, ағылшынның ұлы жазушысы Джонатан Свифт пен оның тамаша туындысы туралы осылай десек орынды. Рас, Д. Свифттің өз есімін ел біткеннің бәрі, қалың оқырман қауым біле бермеуі де мүмкін. Бірақ «Гулливердің саяхаттары» деген кітапты оқымаған жеткіншек, Гулливер атын білмейтін адам аз кездессе керек. Бұл – мектеп кітапханасының мерейін үстем етіп, үнемі көп оқылатын кітап. Гулливермен бірге ғаламат елдерге ғажайып «саяхаттар» жасамаған, түс көріп, түнімен дүбілмеген шәкірт бар ма екен.

Ал негізінде, «Гулливердің саяхаттары» – жеткіншектерге арналған жеңіл ертегі, ермек емес. Ол – өте терең ойлы, астарлы мағнасы бар, маңызды кітап. Ол өз заманының аса ақылды адамының, сыншыл парасаты, шыншыл пікірі бар кісінің көп жылғы өмірінің қорытынды сөзіндей.

Ағылшынның атақты сатиригі Джонатан Свифт 1667 жылы 30 ноябрьде Ирландияның Дублин қаласында туған. Осындағы университетті бітіргеннен кейін, журналистік қызмет атқарады. Свифттің замандастары оның өте ақылды жан екенін жақсы сезініп, бағалай білген. Бірақ оның тілі удай ащы, ойы өткір, ақылды әжуашыл екендігінен қорқатын да болған.

Свифттің сол шыншыл ойы, сықақшыл мінезі оның алғашқы кітабынан-ақ айқын аңғарылады. 1697 жылы жазылған «Кітаптар шайқа-

сы» атты шығармасында ол жалған оқымыстылық пен тоғышарлықты келекелейді. Ал 1704 жылы жазылып, сол жылы үш рет қайта басылып шыққан атышулы «Бөшке туралы ертегісінде» ағылшындық дін әдеттерін батыл түрде сайқымазақ етеді. 1708 жылдан бастап Исаак Бикерстафф деген лақап атпен әлденеше пародиялар жазып, болашақты болжаушылықты (астрологияны) әжуалайды. XYIII ғасырдың басындағы Англияның әдеби және саяси өмірін сарапқа салған Свифт 1710-1713 жылдар бойына «Стелла үшін күнделік» жазып күлкі қылады.

Джонатан Свифт Англияның отаршылдық саясатына үнемі қарсы шығып, өз Отаны – Ирландияның азаттығы үшін әрдайым күресумен болған. «Шұғашының хаты» (1724), «Ирландиядағы жағдайға қысқаша шолу» (1727), «Қайыршылар балалары туралы қарапайым ұсыныс» (1729) атты еңбектерінде ирланд халқының бостандық жолындағы күресін қуаттаушы болып табылады.

Д. Свифт творчествосының шыңы – әрине оның Гулливер атты адамның аса қызық саяхаттары туралы туындысы. Ол кітаптың толық аты – «Лемюэль Гулливердің алғашқыда – хирург, кейіннен бірнеше кемеге капитан болып, дүниенің алыс түкпіріндегі кейбір елдерге жасаған саяхаттары». Кітаптың бұлайша ұзақ аталуы сол кезге тән салт болатын. Саяхат-сапар жайында жазу да ағылшын әдебиетінің әбден үйреншікті болған әдісі еді. Бірақ Свифт жазған «Гулливердің саяхаттары» – өзіне дейінгі саяхатнамалардың бәрін сайқымазақ еткендей, ертегіден бетер ерекше бір қиялдың жемісі, қызғылықты шығарма. Сонысына қарамастан, ол өте шыншыл, өйткені онда сол кездегі Англияның әлеуметтік өмірі астарлы түрде сөз болады.

Қайта өркендеу (Возрождение) дәуірі кезіндегі сатира дәстүрін дамыта отырып, Джонатан Свифт бұл кітабында буржуазиялық ақ сүйектік Англияның мемлекеттік құрылысын, қоғамдық тәртібін, әлеуметтік әдет-ғұрпын ашынған түрде ащы әжуалап, аямай сынайды. Ол үшін Гулливерді ергежейлілер еліне апарып, Англияның аса кішірейтілген, бірақ нақты, дәл бейнесін жасайды. Жалғандық пен арамзалық, тоғышарлық пен қанаушылыққа қарсы ызалы үн қатады. Ақсүйектерді, дінбасыларды, жалпы феодализм сарқыншақтарын келекелеп, буржуазияның жебірлігін де жеріне жете әшкерлейді. Сонысымен ол қарапайым халық мүддесін көздеуші, «құдыретті бостандықтың құлшынған күрескері» болып табылады. Оның қабірі басында осындай сөздер жазулы тұр. Сондықтан да оны дүниежүзіндегі азаттық тілеуші адамзат аса қатты қадірлейді, ол қазірде бүкіл прогресшіл адам баласына аяулы. Оның атақты туындысы үш ғасыр бойына үздіксіз оқылып келеді. Бұл ғажайып кітаптың ғасырлар бойы жасауы да хақ. Ендеше Джонатан Свифт есімі де ешқашан естен шықпайды.

Целиноград облыстық «Коммунизм нуры» газеті.
30.11. 1967 жыл.

МӘҢГІ ЗАМАНДАС

(А.С. Пушкинның туғанына 175 жыл)

Александр Сергеевич Пушкиннің нұрлы кемеңгерлігі біздің әрқайсымызға өмір бойы серік болып, ес білгеннен соңғы тыныс алғанымызға дейін алтын сәулесін төгіп тұрмақ. Оның жыры дүние сырына толы, сондықтан да бізге сәт сайын, әрдайым да қажет – ең сенімді ақылгөйдей, тәлім беруші, жан жұбатушыдай, адалдық пен ержүректіліктің, адамды адам ететін бүткіл абзал қасиеттердің асыл үлгісіндей қымбат. Адамгершілік бастауының таңғажайып қайнар көзі болғаны үшін де біз оған ғұмыр бойына: өмір гүл қауызын жарған шақта да, өмірдің салтанатты шыңында да, тіршілік күні еңкейген тұста да алғыс сезім күйінде қаламыз.

Мен үшін де менің Пушкинім сонау балалықтың бал дәуренінде, шешем қысқы кеште аспа бесіктегі қарындасымды тербете отырып, тебірене айтатын әннен басталған-ды: «Қара боран көкті жапты, қарлы құйын қуалай» – деп шешем қызын ұйықтату үшін ғана емес, өз көкірегіндегі бір құйынды да басқысы келгендей баяу ыңырситын. Ал мен осынау әннің әуенін естісімен-ақ терезенің ар жағындағы аязды қараңғылықты, пеш мұржасынан үілдеген үрейлі желді ұмытар едім.

Менің шешем сауатсыз болатын, ол Пушкиннің жыр жолдарын әнге айналдырып отырғанын білмеуі хақ. Бұл ән оған ауадай, аспан мен жердей, үрейге толы қысқы түндей, ертең нұрын шашатын күндей табиғи...

Пушкин маған, оны оқыған мен сияқтылардың бәріне, Отан дейтін ұлы дүниені нақты күйде сиқырлап қойғандай ашар еді, сонда ертегі айтып жүретін алтын шынжырлы ғұлама мысық жанды поэзияның жарқын ғажабы болар еді де, біздің бала қиялымызды баурап алып, айналадағы өмірді сиқырлы, сырлы күйге бөлер еді.

Пушкин поэзиясы асыл да тұрақты махаббатқа баулиды. Селолық мектебіміздің мұғалімі үйге тапсырыс бере тұрып:

Еркіндік буына балқыған,
Жүрегі тап-таза балаша,
Уа, достым, аяма халқыңнан,
Жаныңның жалынын тамаша. –

деп дауыстап оқыған.

Сол күннен бастап маған және менің мектептес достарыма Пушкиннің осынау сөздері Отанға, оның тіліне, оның өлмес поэзиясына – адам жанын ерлік шыңына көтере білетін, асқақтата түсетін поэзияға адалдықтың тұңғыш антындай болып қалып еді. Иә, бұл сөздер мінез-құлқымыздың адамгершіл сипаты сынға берік, қиыншылыққа төзімді екенін

шын мәнінде танытарлық талап еді – ұлы ақын рухының жанымызға жүгісуының күші соншалық зор болатын.

Менің полктасым Дмитрий Молодцов Ленинград блокадасын бұзарда фашистермен кескілескен күрес кезінде, Неваның сол жағалауындағы соққы тұсында осы сөздер жайына ойланған-ойланбағанын, жыр жолдарын көз алдына ойша бір келтірген-келтірмегенін мен білмеймін. Дмитрий фашистік доттың ауызын кеудесімен жауып, өзінің өлімімен жолдастарын жойқын шабуылға қанаттандырды. Мүмкін, сол сәтте ол бұл сөздерді еске алмаған да шығар, бірақ оның жан дүниесі асқан ерлікке осы Пушкин жырымен қайралғанына мен сенімдімін.

Пушкин бізді адалдық пен абзалдыққа үйретті:

Сүйдім сізді сонша адал, сонша нәзік,
Асыл жанға жар болғай құдай жазып.

Бұл сөздерде мөп-мөлдір сезім жатыр ғой, өмірдің өзіндей дана да даңғайыр емес пе. Бұл жолдарды іштей күбірлеп оқып, өзіңнің жан дүниеңді салыстырып көргейсің. Ғажап сыр. Пушкин кемеңгерлігінің ғажап сыры, оның адам жүрегіне терең бойлап, кісіні тазара түсуге, биіктей беруге бастайтын құдіреті.

Пушкин әрдайым қасымыздан табылады. Оның творчестволық мұрасы өмірдің әртүрлі жағдайында-ақ біздің алдымыздан шыға келіп, жан жарыспас достың қол ұшын бергеніндей берекеге бастайды.

Пушкин кемеңгерлігі сондай.

Оның Адам Мицкевичтің аузымен айытқыздыратын: «Араздықты ұмытып, қашан ғана халықтар ұлы семьяға бірігер», – дейтін тілегі және бас дауысты Маяковскийдің: «Бүкіл әлемді алсын жайлап махаббат». – дейтін ұраны адамзат туысқандығының ұлы гимніне ұласады, нағыз поэзия мұндай асыл армансыз болған емес, бола алмайды да.

...Уақыт зымырайды, тарихтың қарышты қадамы адамзат прогресінің ауыр жолы үстінде менің елімнің лениндік шындығын шынар биікке көтере түседі. Пушкин поэзиясы революцияның ең алғашқы күндерінен-ақ азаттықтың етбауыр жақыны болып шықты.

Халыққа қадірімнің зор болуы –
Ізгілік, ынтымақты жырладым көп.

Бұл сөздерді оқығанда мен 1949 жылдың июнь айына ойша ораламын, соғыс өртінің қайта қалпына келтірілген, кеппеген сырдың иісі аңқыған Царскосельское лицейін көз алдыма әкелемін, Павло Неруданың қабағы салбырап, қарауытқан көздерінен ұшқындаған жалынды көремін, оның қарлығыңқы дауысын естимін. П. Неруда бір кезде Пушкин Лицей бітіру емтиханында Державинге өлеңін оқыған жерде тұр. Неруда мұны әлі білмейтін. Мен оның өлеңін аударма күйінде тыйдаймын, ақын жырын, Пушкин эстафетасын алған ақын сөздерін естимін.

«Пушкин, сен ақындық пен еркіндіктің ағасысың. Сенің Отаның – өзінің ұланғайыр шекарасымен шектелмейді, одан да әрі... Сен дәйім біздің жадымыздасың, бізге шабыттың, әсемдік пен жастықтың қайнар көзі болып саналады».

Пушкиннің ұстазы, тамаша ақын Василий Жуковский Пушкиннің қазасы үстінде оны «орыс поэзиясының күні» деп атады.

Бұл тамаша сөздерге біз бүгін былай деп үн қосамыз: орыс поэзиясының күні сөнбейді – оның сәулесі жарқырай береді. Уақыт ұлы ақынның ізгі бейнесін тұмандандырмайды, айқындай түседі, оның творчествосының жаңа қырларын жайната береді.

Пушкин өмір ағысымен бағыттас, ол мәңгі замандас болып қала берері хақ.

Михаил ДУДИН,
Ақын, РСФСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты,
Аударған ақын Жарасбай

АБАҚТЫДА АЗАТТЫҚ ЖЫРЫН ЖАЗҒАН

Өмірі қызық жырдай боп өткен, өлеңін нәзік сырдай ғып төккен атағы зор ақындар мол. Бірақ өмірі мен өлеңіне қоса, өлімі де аңыз боп, қазасы тасқын жырға, ащы сырға айналған Мұса Джалил секілді жазушылар көп емес. Мұсаның өлімі оның лепті өмірінің соңына қойылған леп белгісіндей, дұшпандарға деген кек белгісіндей. Самед Вургун айтпақшы, «оның өлімінің өзі – ерлік. Бұл – советтік солдат – ақынның жеңіске жетер жолдағы қасиетті құрбандығы, мәңгілікке сапымызда тұрғандығы.

Он үш жасында (1919) комсомолға өткен, жиырма үш жасында (1929) Коммунистік партияға мүше боп кірген, отыз үште Татарстан Жазушылар Одағын басқарып, зор жауапкершілікке ие болған Мұса Джалилдің өмірі өте қызу өтті де, тым қысқа болды.

Оның творчестволық жолы да ерте басталды. 1919 жылы Орынборда оқуда жүрген Мұса сол қала үшін болған ақтар мен қызылдар арасындағы қырғын күрестің куәсі болды. Жасөспірім жігіт екі ойлылыққа салынған жоқ: кедей шаруаның ұрпағы өзін жетімдік тақсіретінен құтқарған революция жауынгерлерінің жағына шықты. Ол ақтарға нәлет айтып, қызылдарды қызу қуаттап жыр жазады. Осы өлеңдерін Түркістан майданында коммунистер шығарып тұрған газетке әкеп тапсырады. Көп ұзамай Мұсаның оншақты өлеңдері «Қызыл жұлдыз» газетінің бетінде жарық көреді. Ол өлеңдеріне «Кішкене Джалил» деп кішіпейілділікпен қол қойған-ды, бірақ өлеңдеріндегі ой үлкен мақсат, ұлы мұратпен ұштасып жатыр еді. «Бақыт» атты өлеңінде ол ата жаумен айқасып, ерлікпен өлуге дайын екендігін, ондай өлімді бақыт санайты-

шын салтанатпен жырлайды. Ширек ғасыр өткенде шын осылай болар-ын білсеші ол!

Азамат соғысы аяқталған соң Мұса комсомолдың жолдамасымен Қазан рабфагінде оқиды. «Октябрь» атты әдеби бірлестікке мүше боп, творчествоға беріле кірісіп, шабытпен жаза бастайды. Сол өлеңдерінің түңғыш жинағы 1925 жылы «Барамыз» деген атпен басылды. Аты аңғартып тұрғандай, кітапқа болашақ бақытты өмір жолымен батыл қадам басып бара жатқандар жәйлі өлеңдер кірген. Ақынның «Жолдасқа» деген екінші жинағындағы жырлар да жаңарған өмір, жасарған оңір жәйлі тамсанған көңіл дерлік, көтеріңкі жазылған. Ал 1933 жылы шыққан «Қызыл тулы миллиондар» халқымыздың қаһармандық өмірін сыршылдықпен бейнелейтін туындылардан тұрады.

Жалпы отызыншы жылдардың ортасында Мұса Джалил халық өмірін мол қамтып, кең көлемде көрсететін эпикалық шығармалар жазуға ерекше бет бұрады. Осы орайда Мұсаның «Хат тасушы», «Жылдар» және «Алтыншаш» поэмаларын айрықша атау керек. Ақын, әсіресе, Алтыншаш» дастанын жазуда төрт жыл бойы толғанып, он рет өңдеп, көп ңбектенеді. Туған халқының тұрмыс-жәйін тұтас алып, өмір жолын азаттық күресін молынан суреттеуге Джалил зор жауапкершілікпен қарайды. Бейне бір халық басына тағы да бір қаһарлы күндер туып, қатерлі кезең келерін сезінгендей.

Міне, сондай күн туып, соғыс сұрапылы соққалы екінші жыл. 1942 жылдың қытымыр қысы. Құтырынған боран сақылдаған аязға ауысқан. Құныққан жау құмыға бөгелген. Құрсанған әскер – әділет әскері – қуатына мініп, күшін жиған. Енді шығыстан батысқа беттеген составтар көп, солдаттар мол. Зулаған поезд, тулаған жүрек. Туған елдің тұсынан өтіп бара жатқан жауынгерлер ішінде Джалил де бар. Жарты жыл саяси жауынгерлік дайындықтан өтіп, сапқа тұрғаны осы. «Отвага» деп аталатын әскери газетке жолдама алып, жорыққа аттанған беті.

Бірақ Джалилдің жауынгерлік өмірі ұзаққа созылмайды. Осы жылдың июнінде Волхов майданындағы кескілескен ұрыстардың бірінде ол қатты жараланады. Есінен танған ақын қоршауда қалып, қолға түседі. Мұсаға бәрінен де осы батады. «Жауменен бетпе-бет келіп, беріспей өлмедім» деп өкінеді ол. **«Кешір мені, елім, даңқты өлімменен көмілмедім, – деп кейіді. – Тек бір үміт – азапты тұтқындықтан тұрар жоғары кек және елге деген махаббат».** Міне, тұтқын Мұсаның тұла бойын кернеген қуат-күш осы еді. Адам баласы естімеген азапқа тарихта кездеспеген табандылықпен шыдап бағуы да осыдан. Социалистік сана совет солдаттарының рухын көтеріп, жігерін тасытып, қиын күнде дем берді.

Ол – ұлы жігерлі,
Халықтың, Отанның:
Жалынды жүрегі,
Шын сүйген Отанын –

деп жазды Мұса «Бұлбұл мен бұлақ» балладасында.

Сондықтан Мұса Джалил жау қолында шыдамдылық білдіріп қана қойған жоқ, шымырлық көрсетіп, әрекет жасауға кірісті. Алдымен ол өзін Гумаров деп атады. Бірақ атын жасырғанмен, ниетінен тайған жоқ. Саяси басшы, саналы азамат-ақын ретінде ұйтқы болып, ұйымдастырушылық роль атқара бастайды.

Хелм, Демблин, Вустрау... Өлім лагерлері осылай ауысты. Вустрау лагеріне келген Мұса неміс командованиесінің татар, башқұрт, қазақтардан «Еділ-Орал» легионын құрмақ боп, тұтқындарды үгіттеуге үлкен дін басы жібергенін біледі. Жау жоспарын білу үшін Джалил жасырын ұйым құрып, үгіт жүргізе бастайды. Ақыры мұсылман муфтиінің уағызынан Мұсаның өсиеті мен өлеңі асып түсіп, алғашқы батальон Совет Армиясы жағына шығып кетеді.

М. Джалил бастаған ұйым енді әскери тұтқындар көтерілісін жасауға кіріседі. Бірақ бұл жоспар арандатушының көрсетуімен ашылып қалады. Мұсаның саяси хауіптілігі үшін Берлинге әкеліп, Эрнст Тельман азап шеккен Моабит абақтысына отырғызады.

Фашистер оны өлім жазасына кеседі, бірақ үкімді орындауға асықпайды. Ақынды ұзақ ұстап, көп азаптайды. Сөйтіп ақын басына аса ауыр күндер туады.

Кіршігі жоқ жүрегімді сен менің
Иттеріңе қанды балақ талаттың –

деп, өмірге өкпелегені осы кез. Және сол уақыт бар күш-жігерін бойына жинап,тастүйін боп беріспеуге бекінеді.

Тізе бүкпен, жендет, сенің алдыңда,
Қорласаң да, мәңгі тұтқын десең де.
Ажалыңды тұрып қарсы алдым да,
Айбалтамен басымды сен кессең де! –

дейді.

Осылай ажал абақтысында таң қалғандай табандылық пен ерекше ерлік көрсеткені үшін де оған өлгеннен соң Совет Одағының Батыры атағы беріліп отыр.

Өлімін күтіп отырған күндерде де Мұса Джалил қол қусырып қарап қалмайды. Ол енді жалғыз амалы – жыр жазуға кіріседі. Бұл, әрине, айтуға оңай. Адам төзбес ауыр жағдайда, сағат сайын анық өліміңді күтіп отырып, өлең жазу қандай азап, бірақ неткен ғажап дүние десеңізші. Шат тұрмыстың өзінен шабыт іздеп, күй тілейтін ақын көңілі абақтының ішінде қалайша торығусыз толғатты екен! Аш-жалаңаш кеудемен, таяқ өткен тарамыс қолдарымен қарындаш ұстап, қағаз тауып (ол оңай болып па?), оның өзінде жасырынып жатып жазу үшін қаншалық қажыр-қайрат, ерік күші керек екенін біле білсек! Және қандай өлеңдер ол – түрмедегі жанның түңілушілігі деген тіпті де жоқ-ау! Рас:

Өгей ұлың болдым ғой мен, өз елім,
Өлім күтіп шетте өртенді-ау өзегім –

деп заңды түрде зарығатыны бар. Алайда, бұл – «өмірден өтем» деп өксу емес, қайта:

Халық деп тынса ақырғы демің,
Өлу де бізге өкініш пе екен?
Бұралып аштан келмейді өлгім,
Қорлыққа, достар, күйініп кетем, –

деп ашынып айтылған ащы сыр; әлі де болса, ашық майдан, ақ өлімді ңсау.

Жалпы Мұса Джалилдің тұтқында жазған шығармалары – ағынан жарылған ақиқат ой мен адал сезім. Ақын адам түршігерлік ауыр хикаяны өз аузынан алдымызға келіп айтып тұрғандай. Оның өлеңдеріндегі оршілдік, тағдырға мойынсұнбау, азаттықты аңсау аса нәзік сыршылдықпен астасып, тұтқын көңіліндегі түрлі тебіреніс оқушылар жүрегін ериксіз баурап алады. «Жырларым», «Ерік», «Орман», «Қызыл ромашка», «Құсым-ау», «Ашынғанда жазылған жолдар», «Қасқырлар», «Үкім етілгенде», «Абақтыдағы түс», «Қандала», «Соңғы наз», «Соғыстан соң» секілді шерлі күндердің шежіресі болған өлеңдерді оқып отырып, ақынмен бірге ауыр күрсінеміз; келер күнді, кең дүниені аңсаймыз; жауға деген кегіміз қайнап, елге деген сүйіспеншілігіміз тасқындай түседі.

Мұса Джалилдің бұл өлеңдерін коммунистік құрылыстың, советтік адамның асқан биік ұлылығының ұраны деуге тұрады. Екі дәптерге жазылған 112 өлең қазір «Моабит дәптері» деген атпен дүние жүзінің дүйім жұртшылығын тамсандырған тамаша жыр болып тарауда. Ал оның авторы ақын атаулының ішінде бірінші болып Лениндік сыйлықтың лауреаты атанды. Коммунист ақынға аса лайықты баға, өлмес-өшпес белгі – осы десек керек. Батыр Джалил бейнесі, ақын Джалил жырлары ел есінде мәңгі сақталмақ.

Кітап әлемінде

ТАПҚЫР ОЙДЫҢ ТАУ ШЫҢДАРЫ

Атақты ғалым Ньютонның Кембридж университетінде қойылған мәрмәр мүсініне «Ақылы адамзаттан асып түскен» деген сөздер жазылған екен. Мүсін ұлы ойшыл өлгеннен кейін 28 жылдан соң 1755 жылы қойылғанда Ньютон еңбектерінің шын мәнін тереңнен түсініп тебіренген ұрпақтың алғыс сезімі, асыл бағасы еді бұл. Бүкіл әлемдік тартылыс заңын ашқан кемеңгерді, жарықтың және түстердің түрлі құбылысы жөнінде-

гі ойларымен өз замандастарынан 100 жылдай озып кеткен данышпанды осылай бағалау орынды еді.

Сөйткен Ньютоннан замандастары: «Сіз қалай осыншама зор еңбек етіп, ешкім аса алмаған белестерден астыңыз?» – деп сұрағанда ол былай деп жауап берген: «Менің өзімнен бұрынғылардан әрірек те, көбірек те көрген себебім – мен өткен өмірдің алыптарының иығында тұрдым, сондықтан да алысырақтағыны көрдім».

«Ақыл ауыс, ырыс жұғыс» дейді ғой қазақ мақалы. Адамзаттың бүкіл өмір тарихы ақыл-ойдың бірден бірге, ұрпақтан ұрпаққа берілу, дамып, өркендей беру тарихы болып табылады. Бүгінгі ұрпақ даналар өмірге әкелген асыл мұраны жете білуімен зерделі. Ал, сол бағы заман ғұламаларының бағалы ойларынан, осы күнгі өрен ғалымдардың терең зерттеулерінен сусындай келе суырылып алға шығатын, асқар таудың қадау-қадау шыңдарындай аса білікті ақыл иелері туады.

«Қазақстан» баспасы шығарған «Ұлы есімдер» деген кітап, міне, сондай кемеңгер жандар жайында сөз етеді. Кітаптың мұқабасына қарап тұрып: Г. Галилей, И. Ньютон, М. Фарадей, Д. Максвелл, М. Планк, Мария және Пьер Кюри, Э. Резерфорд, А. Эйнштейн, Нильс Бор секілді есімдерді көзбен шолып шыққан беттен-ақ азды-кем білімі бар кісінің өзі де: «осыншама ұлы адам аттары қалайша бір жерге шоғырланған?» – деп ойлануы мүмкін. Ал жаратылыстану ғылымдарынан хабардар кісі бұл жерде өңкей бір ұлы физиктердің аты тұрғанын аңғарар еді.

Иә, кітапта физика ғылымының өшпес жұлдыздары, тапқыр ойдың тау шыңдары – бүкіл әлемге аты жайылған европалық ғалымдардың өмір жолы, ашқан жаңалықтары, ерен еңбегі мен қилы тағдыры қысқаша сөз болады. Мұны біз көпшілік түсінігіне арналған ғылыми-өмірбаяндық очерктер десек керек.

Галилео Галилей туралы очерктен оның физика ғылымын ортағасырлық схоластикадан тазартып, тәжірибелік физика негізін қалағанын оқимыз. Маятниктің тербеліс периодын анықтауға өзінің қан тамырының соғу жиілігін пайдалануы, судың тасып келуі мен қайтуын ойлай отырып Жердің өз осінен айналуын дәлелдеу секілді қызықты мәліметтерге қанығамыз.

Галилейдің астрономияны да абстракты күйден тәжірибелік ғылымға айналдырғаны, өзі телескоп ойлап шығарып, бірнеше аспан денелерін ашқаны белгілі. Міне осы істі одан әрі дамытуға жас Ньютон құлшына кіріскен екен. Ол студент кезінде-ақ Галилейдің телескопын жақсартуды қолға алып, қазір Лондонның Корольдік қоғамында сақтаулы тамаша телескопты жасаған. Бірақ, біз Ньютонды көбінесе физик ретінде білеміз ғой. «Исаак Ньютон» очеркінде оның атышулы заңдары ғылыми тұрғыдан түсіндірілумен бірге, «бүкіл әлемдік тартылыс заңын ашуға ғалымның басына құлап түскен алма себеп болыпты» деген әңгіменің растығы да еске алынады. Бір қызығы: Ньютон мерзімінен ерте, шала туған бала екен, бірақ ұлы ойшылдың денсаулығы мықты болып, 85 жыл өнегелі өмір кешкен.

Қазір электр жарығына етене болып үйреніп алған ұрпақ ағылшын ғалымы Фарадейге сансыз алғыс айтуға міндетті. Электромагниттік өріс туралы ілімді жасаушы Майкл Фарадей май шамы сығырайған ұстаның семьясында туыпты. Ол жекеменшік бастауыш мектепте оқу, жазу, есеп-теуді ғана үйренеді. Өзінің орасан зор білімін Лондондағы бір дүкенде кітап түптеуші болып жүргенде кітапты көп оқу арқылы жинақтайды. Болашақ ұлы физик ғылыми институтқа жұмысқа орналасуға өтініш білдіргенде: «Ыдыс жусын. Егер ол бірдеңеге жарайтын болса, онда неғұрлы жұмысқа қосармыз» дегендер де болған. Фарадейдің физикалық өріс туралы ойларынан болашақта айнымалы және тұрақты тоқтың генераторлары, төмендеткіш және жоғарылатқыш трансформаторлар өрбитінін олар қайдан білсін!

Кітаптағы ең тартымды тараудың бірі – неміс физигі Макс Планк туралы очерк. Олай болатыны, Планктың мінез-құлқы, қабілеті ерекше болып келсе, ол ашқан жаңалық та тым оғаш, өзгеше болып шаққанды. Планктың математикалық дарыны өте ерте байқалады. Ол мектепте оқып жүргенінде ауырып қалған мұғалімдер орнына құрбыларына сабақ бере берген. Бірақ ол математикадан гөрі музыканы жақсы біліп, жаны сүйген. Фортепьянода шебер ойнап, пианист болуды армандайтын. Әйтсе де өмірге көзқарасы, сана-сезімі қалыптаса келе физикаға деген ынтасы жеңеді.

Кітапта қызықты әңгімеленгендей, Макс Планк сәуле шығару теориясындағы шытырманды шешу үстінде кванттар жорамалына келеді. Бұл кезде басқа да еңбектерімен танылып қалған талантты ғалым демалыс уақыттарында альпинизммен шұғылданып, саяхатқа аттанатын. Физиканың оң биік заңын ашар алдында Планк ең биік тау шыңына шыққан екен. Сол жерде оның басына тамаша тапқыр ой келеді. Сөйтіп 1900 жыл жаңа ғасырдың алғашқы жылы – жаңа физика тарихының алғашқы жылы болады. Өмірге кванттық физика келіп, XX ғасыр атом ғасырына айналады.

Сөз болып отырған кітаптың осылай әрі ғылыми мазмұнды, әрі танымдық тұрғыдан тартымды болуына оның авторлары – физика-математика ғылымдарының кандидаты Бэла Ахметова мен физик Нұрғали Қойшыбаев көп еңбек сіңірген. Олар әлемге белгілі алыптардың өмірін, ғылыми еңбегін ойдан шығарып жазбағаны белгілі. Бірақ солар туралы сан томдық зерттеулерді екшей келе ең маңызды мәселелерді түсінікті түрде қазақ оқырмандарына ұсынуы ұтымды шыққан.

«Пьер және Мария Кюрилер», «Эрнст Резерфорд», «Альберт Эйнштейн», «Нильс Бор» очерктері де көп мағлұматқа толы. Осы біздің заманымызда әмір сүріп еңбек еткен, орасан зор жаңалық ашқан даналардың ғылыми ерлігі тамаша үлгі ретінде ұсынылады. Мектеп шәкірттері мен студенттерге, орта мектеп оқушылары мен маман физиктерге, жалпы білім қуған әрбір қазақ жасына бұл кітаптың берер пайдасы, тигізер әсері мол, «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» деген ғой кемеңгер Абай.

«Коммунизм нұры» газеті. 4 август. 1972 жыл.

СУРЕТШІ СЫЙЛЫҒЫ

Оңтүстік Оралдағы Юрюзан халық музейі Николай Николаевич Жуковқа хат жолдап, СССР халық суретшісінің өз шығармалары жәйлі сыр шертуін және бірнеше туындыларын Юрюзанға жіберуін сұраған-ды. Суретші оралдықтардың өтінішін ықыласпен қарсы алды.

«1940 жылдың аяқ кезінде, – деп жазды ол музей ұйымдастырушыларына, – мен Ленин бейнесін жасаумен шұғылдана бастадым. Мезгіл мен мекен, қоршаған орта мен көз көрген оқиғалар жөнінен менің жаныма жақын лениндік тақырып маған әбден айқын әрі қарапайым және жеңіл, оңай болуға тиіс деп ойлағам. Алайда арада өткен ширек ғасырдай уақыт бұлай емес екендігін көрсетті. Ұлы Лениннің өмірімен жақынырақ және тереңірек танысқан сайын тақырып көлемі ұлғайып, үнемі жаңа ой-тілек туындай түседі...».

Суретшінің хатымен бірге үлкен бандероль да келді. Николай Жуков Ленинге арналған он суретін орап салып жіберген екен. Оның ішінде «Бір минут те бөгелмеңдер!» дейтін көпке мәлім суреті де бар. Онда қолына телефон трубкасын алып, қарулы көтерілісті бастауға бұйрық беріп тұрған Ленин бейнеленген.

Мұнымен бірге «Таң», «Жақсы оқиды», «Матростарға рахмет», «Сокольникадағы шырша», «Ағасы дарға асылған жылы» деген суреттер бар. Осы бағалы сыйлығы үшін юрюзандықтар суретшіге алғыс айтты.

АРЗАМАС – ГАЙДАРДЫҢ ҚАЛАСЫ

Тамаша балалар жазушысы Аркадий Гайдар Арзамас қаласын өзінің туған жеріндей көрген. Мұнда оның балалалық және оқушылық өмірі өткен, осында алғаш рет большевиктермен танысып, олардың жауынгерлік тапсырмаларын тапжылтпай орындап жүрген.

Арзамастықтар да өз жерлесінің есімін естен шығарған емес. Соңғы жылдары бұл қала жазушының өмірі мен творчествосын ғылыми тұрғыдан зерттеудің орталығы болып отыр. 1961 және 1964 жылдары Арзамас педагогикалық институты басқа жоғары оқу орындарын қатыстыра отырып Гайдарға арналған ғылми-теориялық конференциялар өткізді. Онда Москва, Ленинград, Горький, Тбилиси және басқа қалалардың әдебиет зерттеушілері мен ғылым қызметкерлері ойларын ортаға салды. Сол конференциялардың материалдары бойынша мақалалар жинағы жарыққа шығарылды.

Бұл институт қазір үшінші конференция өткізуге дайындалуда. Ол осы жылдың октябрь айында жауынгер-жазушының ерлікпен қаза табуының 25 жылдығына орай өткізілмек. Институтта Гайдарға арналған ғылыми кабинет ұйымдастырылған. Онда «Гайдардың өмірі мен твор-

ның толық библиографиясын жасау және Гайдар туралы әдебиетті жинақтау жөнінде жұмыс жүргізілуде. Кезекті «Гайдар оқуын» өткізуге дайындық қыза түсті.

Институттың кітапханасында совет жазушыларының Гайдар жайлы кітаптары, туысқандары мен достарының ол жөніндегі естеліктері, әлемнің хинди, испан және басқа дүние жүзі халықтарының тілінде басылған шығармалары мол жинақталған.

АПН. 1967 ж.

Толғау

ШЫҢДАУЫ ӨТКІР ШАРБОЛАТ

Болат шалғы борпылдақ шөпке де өтпес, жанып-жанып алмаса мезгіл-мезгіл. Алмас пышақ, ақбалта лыпыл қағып тұрарға шарық керек парадай. Сол секілді бізге де, еңбеккер мен қызметкерге әлсін-әлі қайрау, шыңдау қажет-ақ.

Сондай бір өткірлік өткелі, саяси білім көтеру десек керек. Дүниетанымм оқуы, қоғамтану сабағы санамыздың заңғар көгін биіктетіп, көзқарастың көкжиегін кеңейте түспек. Отан шежіресін ой көзімен барлай біл, партия тарихын пайымдай ұғын, азамат!

Ел тарихын ежіктей оқымаған кезіміз бар ма? Мемлекетіміз жайында, партиямыз хақында орта мектепте оқыдық: жоғары оқу орнында теңіздей сырына тереңірек бойладық: жұмыста жүрген жылдары қайта-қайта пысықтаумен келеміз.

Қазақ университетінде КПСС тарихынан емтихан тапсырғанда РСДРП-ның екінші съезі туралы сұрақ келгені есімде. Ұстаз лекциясынан ұққаным, оқулықтан ойға түйіп, қағазға көшіргенім бар – бәрін қосып айтып-ақ жатырмын. Съездің 1903 жылы июльде ашылғаны, оған 26 социал-демократиялық ұйымынан 43 делегат қатысқаны жайлы деректерді жақсы білуші едім, сөзді содан бастадым. Романтикаға құмар, «құпия, жасырын» дегендерді жанымыз сүйетін кезіміз ғой, екінші съездің ең алдымен Брюссельде басталғанын, содан бельгиялық полицияның қудалауымен делегаттардың Лондонға қоныс аударғанын, онда да маза көрмей, мәжілістерді қиын жағдайда өткізгендерін ержүрек, төзімді революционерлерге деген ырза пейіл, ынтызар көңілмен айтсам: тіміскіленген тыңшыларға, жандайшап жандармаға деген ашу-ыза, кегімді тістене тұрып айтамын. Тұрақты искрашыларды, табанды лениншілерді сүйсінген лебізбен атап, «солқылдақ» искрашыларды, «кішкентай оппортунистерді», «мибатпақ» делінгендерді мысқылмен атап қоямын. Жұмысшы партиясы съезінің мәжілістері Брюссельде қарапайым ұн қамбасында, Лондонда балықшылар клубында өтуіне өзімше символикалық сипат бере сөйлеймін.

Жауабымның бас жағында басын изей тыңдап отырған оқытушымның қабағы аздан соң түйіле берді. Теориялық тереңдеу тұстарынан аттанқырап өтіп бара жатқанымды байқап қалды ғой деймін. Онымды өзім де сезіп, жоғарғы ернімнің үсті терши қалып: «Әй бәлем, артынан бір дұрыстап оқырмын-ау!» – деп тұрғамын ішімнен.

РСДРП-ның екінші съезі туралы менің 1961 жылы да бір сөйлегенім бар. Баршаға мәлім, осы жылдың октябрінде КПСС-тің XX11 съезі өтіп, онда партиямыздың жаңа, үшінші Программасы қабылданды. Сол жайында ауыл еңбекшілері алдында қазақша әңгіме өткізу тапсырылып еді. Жаңа программаны сөз ету үшін әңгімені, әрине, бірінші Программадан бастау керек. Екінші съезде қабылданған тұңғыш Программаның екі бөлімнен тұрғанын, пролетариат революциясының таяудағы міндеттері мен жұмысшы табының түпкілікті, түбегейлі мақсатын айқындай бергенін жұртқа ұғындырсам деп тұрып өзім де көп жайды ұға түскен, біле түскен болатынмын.

Біздің ардагер аталарымыз – революция дауылпаздары партияның минимум-программасын қалай тамаша орындады десеңізші! Самодержавиенің тамырына балта шапқан озбыр патша қу томардай құламады ма? Жұмысшы адамның қанын сорған капиталистер батпандай балға ұстаған қарулы қолдардың қаһарына ұшырап, деревнядағы алпауыттар үстемдігі адыра қалды емес пе? Сегіз сағаттық жұмыс күні орнап, әлеуметтік езгі атаулы жойылғанда:

«Өкіметті беріңдер Советтерге!
Қожа болсын шаруалар бүкіл жерге!
Халықтарға берілсін бейбітшілік!
Ашыққандар алсын нан, азық-түлік» –

деп жар салынды ғой баршаға.

Асқақ идеялы әкелер, жалын жігерлі ағалар партияның максимум-программасын да жұрт аңсағандай жүзеге асырды. Толығымен салтанат құрған социализмнің жемісін татып жетілді бүгінгі ұрпақ. Социалистік лагерьдің самаладай жайнаған туысқандық туларын қуат тұта нығайды еліміз. Коммунизм елесі европаны ғана емес, әлемді кезіп, адамзатты баурап алғанына куәміз. Жарқын болашақтың, нағыз бақыттың нақты көрінісін күнде көреді біздің совет адамы.

Коммунизм құрылысының кең өрістеген кемелді шағында Коммунистік партияға мүше болуды мұрат тұттым. Қалалық партия комитетінде маған партияға кімдер мүше болатыны туралы сұрақ берілді. Уставтың бірінші параграфын жатқа айтқанымда Уставтың қашан, қалай қабылданғаны жайында қосымша сауал қойылды. РСДРП-ның екінші съезін тағы да сөз етуіме тура келді.

Кемеңгер Ленин партия Уставының жобасын ұсынып, съезде осы мәселе бойынша негізгі баяндама жасады ғой. Партияға мүшелік туралы лениндік тұжырымға Мартов қарсы болып, қызу айтыс басталсын.

Сонда партияға кім болса соның кіруіне жол беруді, ұйымның дәрменсіз болуын көксеген мартовшылар талабын Ленин мейлінше батыл айыпталған ғой. 11 съездің делегаты, көнігі революционер А.В. Шотман бұл туралы былай дейді: «Ленин өзінің тұжырымын қандай табандылықпен, төремет жалынды жігермен қорғағанын көрсеңіз етті. Партияны дұрыс ұйымдастыруға оның қаншалықты зор маңыз бергенін сонда өте айқын түсінесіз».

Бірде білім дәрежесі, қызмет бабы деңгейлес жігіттермен дауласып қалғаным бар: «Ильич РСДРП-ның 11 съезінде жүз дүркін сөйледі» деген дерекке кей жолдас күмән келтіріп еді. Съезде 20 мәселе қаралған болса, съезд протоколында көрсетілгеніндей, Ленин соның бәрі талқылауға белсене қатысып, бір мәселе жөнінде бір емес, бірнеше сөйлеуіне тура келеген. Пікір айтқан, тойтарыс берген, тоқтам жасаған. Оның сөзі – сөзуарлық емес, жаңа тұрпатты партия құрардағы ұғындырушы, ұйымдастырушы роль атқарған. Белгілі революционер Г.М. Кржижановский: «Жас данышпанның көрегендігі келешектің пернесін серпіп тастап, біздің қажыр-қайратымызды айқын арнаға бағыттады, сөйтіп сөздің өзі құдіретті күшке айналып сала берді» – деп жазды.

«Большевиктер» деген жаңа сөз, тың атау осы съезден сөң өмірге енген: «тілге жеңіл, жүрекке жеңіл тиіп» көңілдерге қона кеткен. «Большевик» дегенде батыр тұлғалы ерлер келетін көз алдымызға. Қолында зор балғасы, алдында үлкен теміртөс, тегеуірінді шеберлер елестейтін бір мезет. «Бақытымның ұстасы – большевиктер» деп жырлауым содан-ды. Бірақ: «Большевизм саяси ой ағымы ретінде және саяси партия ретінде 1903 жылдан бері өмір сүріп келеді» деген Ленин сөзінің мәнісін мен кейін ғана түсіндім.

Партия тарихын қанша қайталап оқысаң да артық емес. Әрдайым жаңа бір қырымен жарқырап, жаң дүниеңе нұр сәулесін төге түседі. Шыңдауы өткір шарболатша коммунистік қажыры артық, мұқалмас жігері өткір тарта береді. Сондай партия мүшелерін үлгі тұтып солар шыққан биікке көз тігемін.

Коммунистер жүрегі екеу дерлік, жүрегінің тұсында партбилеті. Нарттай қызыл жаңа билетті қастерлей ашып қарасаң тау қыранындай тамаша келбетті Ильич бейнесін көресің. Арманы зор адамзат мәңгі бақи үлгі тұтар ұлы бейне!

Даналардың данасы – Ленин айтқан кемеңгер сөздерді оқыңыз: «Партия – заманымыздың ақыл-ойы, абыройы және ар-намысы». Біздің сүйікті Коммунисттік партия туралы айтылған сөз. Бауырласқан халқымызды бақытты болашаққа бастап бара жатқан партия ол.

Жайна, біздің тарих! Жаса, менің Отаным! Даңқым мәңгі арта берсін, Партия!

«Коммунизм нұры» газеті.
22 июнь 1973 жыл.

ЮЛИУС ФУЧИК

(Туғанына 70 жыл толуына)

Юлиус Фучиктің атағы әлемге дүниежүзілік екінші соғыстан кейін кең тарады. Қазақстандық оқырмандар да осындай бір чех журналисі, қаһарман қаламгер болғанын сол кезде танып білсе керек. Оның ең соңғы туындысын, қазақшаға алғаш аударылған еңбегін «Дар алдындағы сөз» деген кітапты жас жанымыз дірілдей отырып оқығанымыз әлі есімізде. Сонда біз Фучикті соғыс жағдайында тұтқынға алынған адам, бағытынан бас тартпаған коммунист, қысқасы, батыр деп бағаладық. Ал түрмедегі жанның түңілушілігінен аулақ, қайта бізге біздерге қайрат беріп, ұрпаққа ұран боларлықтай кітап жазуы – ерекше ерлік болып көрінген. Сөйтсек, бұл асқан ұлы ерлік – оның бүкіл өмірінің заңды қорытындысы, жасампаз творчествосының жалынды құлпырысы екен. Юлиус Фучиктің қаламгерлік және қоғамдық қайраткер ретіндегі өмір тарихымен таныс кісі мұны бірден түсінбек.

Юлиус Фучиктің бүкіл өмірі, бір ғана сөзбен айтса, күрес. Ол – өз бақытын күресте және күреспен тапқан адам. Бұл – әділдік, бостандық үшін, жарқын өмір, бақытты болашақ үшін күрес.

1903 жылдың 23 февралінде жұмысшы семьясында дүниеге келген Юлиус Фучик жас күнінен-ақ теңсіздікке, әділетсіздікке, жалғандыққа, озбырлыққа төзбей өседі. Мектепте заң құдайының оқытушысы пайғамбарды жұтқан кит туралы әңгімелей бастағанда Юлиус бұл өтірік деп айтып салады. Осыдан бұрын ол жаратылыс тану сабағына киттің жұтқыншағынан жұдырықтай ғана зат өте алатынын біліп алған-ды. Мұнысы үшін баланы қатты жазалайды. Жазаны өтеп болысымен он алты жасар Юлиус шіркеуден безетінін ресми түрде жария етеді. Бұл – болашақ батыр күрескердің бірінші батыл әрекеті еді.

Айналасындағы өмірдің әділетсіздігінен айыға бастаған жас Фучик жақсы өмірді табу талабымен кітаппен және театрмен танысып, достасады. Соны еске түсіріп 1938 жылы: «Кітаптар театрмен бірге мен үшін дүниенің үлкен бір бөлігіндей көрінетін», – деп жазды. Ол өзінің ойларына кітаптан жауап іздейді. Кітаптардың да әртүрлі болатынын тез аңғарды. «Қайсыбірі ақиқатты айтса, қайсыбірі жалған жазылады екен, енді біреулері-ештеме білдірмес мылқау». Ал Фучиктің жаны өмірдегі ғана емес, кітаптағы жалғандыққа да шыдамайды. «Жалған және мылқау кітаптарды айту қажет деп таптым, – дейді өзі. – Бұл – жаңа өмір үшін күрестегі менің ісім деп есептедім. Сондықтан мен кітаптар мен театрлар туралы жаза бастадым». Осыдан келіп Юлиус Фучиктің әдебиет саласындағы сыншылық қызметі басталады.

20-жылдары Фучик «Социалиста», «Прамен», «Авангард», «Киел», «Творба» журналында үлкен журналистік жұмыс жүргізеді. Көптеген еңбектерінде, әсіресе, Жапан біткеннің жақсысы, «Петр Безручтің алпыс жылдығы», «Антал Сташен» атты мақаласында, оқырмандар қауымын озық ойлы жазушылармен таныстырып, прогресшіл идеялы кітаптарды көпшілікке кең таратуға талпынады. Сондай-ақ, ол чех әдебиетінің ең жақсы өкілдерінің басын демократиялық негізде біріктіріп және адал түрде адасып жүрген жазушыларды жұмысшы табы жағына тартуға талаптанады. Осы кезде оның табиғи талантына көптенгі тәжірибесі қосылып, жазу шеберлігі шыңдала түседі. Коммунистік партия қатарында болуы журналистің еңбектеріне теориялық көрегендік пен саяси қырағылық бітіреді. Юлиус Фучик саяси журналистика майданының ашты бағыттағы жауынгері болып алады. Әсіресе, Чехословакия Коммунистік партиясының орталық органы – «Руде право» жабылып, коммунистік баспасөз қиын жағдайда қалған кезде, Юлиус Фучик «Творба» журналын редактор болып шығара бастайды да, партиялық үгіт-насихат жұмысына көп пайда тигізді.

Фучик өзі туралы «мен қиялшымын» дейтін. Мұнысы – өзінің жарқын болашаққа сенгіштігін айтқаны. Жер-жиһанды жаңғырту, өмірді өзгерту, адамдарды түзеу арманы – оның өміріне өзек болды. Сондай-ақ, ол осы арманы көршілес мемлекетке – СССР-да жүзеге асырылып жатқанын да айқын сезінетін. Сол себепті Юлиус Фучик біздің елге екі рет келіп (алғаш рет 1930 жыл, екіншіде – 1934-36 жылдар арасында) социализм құрылысшыларының асқақ еңбегін, ертегідей ерлігін көзімен көрді. Ол соңғы сапарында Орта Азияда болып, бұрынғы «бұратана» халықтардың қазір ұлы орыс халқымен терезесі теңеліп отырғанының куәсі болды.

СССР бойынша саяхатынан оралысымен Юлиус Фучик «Оптимистік оңгіме» атты фантастикалық түрдегі шығарма жазды. Оның оқиғасы келешек күндерден алынған. Мұнда Фучик өзінің отандастарының бұрын болмаған бақытты өмірін баяндайды. Бұл революциялық арман еді. Оның негізі – Фучиктің өмірді мол білуі, тарихи дамуды ғылми тұрғыдан терең түсінуі, Совет Одағының тамаша табыстарын зерттеп көруі. Сондықтан да оның батыл болжамы – Чехословакияда социализм орнауы – осы күні әбден жүзеге асқан іс болып отыр.

Фучик – журналист, дабыл қағушы. Оның ұраны – белсенділік. Ол адамдарды тоғышарлық, томаға-тұйықтылықтан, бейсаясаттықтан, тағдырға көнбістіліктен шығарғысы келеді. Ол қоғам өмірі көпшіліктің қолында екенін, халық қарап қалмаса, қандай да қастандық әрекеттің жолын кес-кестеуге болатынын байсалды түрде баяндап, көптеген мақалалар жазып, жар салады. Әсіресе, дүниежүзілік екінші соғыс алдындағы Фучиктің көрегендігін айрықша айту керек. Фучик отызыншы жылдардың басында-ақ Европа соғыс хаупі барын және фашизм өрістеп, өктемдік алып кетуі мүмкіндігін адамзатқа деген аса үлкен қамқорлықпен қадағалап жазды. Ол прогрессивтік мәдениеттің соғысқа қарсы

майданын ашуға бар күшін салды. Ол баршаға: «Үндемеуге болмайды. Селсоқтыққа жол жоқ! Тығылмау керек! Әрекетке шығыңдар! Қапы қалмаңдар!» – деп ескертумен болды.

Фучик өзі бас болып отырған күрестің түбі жеңіске жеткізетінін сенумен бірге, көп қиыншылықтар кездесіп, қымбат құрбандықтар болатынын, мүмкін құрбандыққа өзі де ұшырарын үлкен алғырлықпен аңғара біледі. Және сол үшін де қажырлы күрес қажеттігін коммунистік тұрғыдан пайымдайды.

Шындығында Юлиус Фучик ұлы істің құрбаны болды. Дүниежүзілік соғыс жылдарында ол Чехословак Компартиясының астыртын баспасөзді басқарған болатын. Бірақ, 1942 жылдың апрелінде Юлиус Фучик тіміскіленген гитлершілердің тұзағына ілегіп, түрмеге түседі. Міне осы түрмеде күрескер жанның тынымсыз жүрегі соғуын тоқтатты. Алайда, оның арманы атақты «Дар алдындағы сөз» атты кітаппен айдай әлемге тарап, бейбітшіл адамзат санасының төрінен орын алады.

Абзал азаматтың ақтық тынысы – түрмеде жазылған «Дар алдындағы сөз» кітабының соңғы сөздері: «Адамдар, мен сендерді сүйген едім. Сақ болыңдар!» деген ұраны еңбекші халықтың есінен ешқашан шықпақ емес. Әлемді апаттан аман сақтаушы – социалистік елдер еңбекшілерінің қатарында Юлиус Фучик өзі қиял еткен заманға – коммунизмге бірге барады.

Целиноград, «Коммунизм нұры» газеті,
23 февраль,1973 жыл

ШЫНШЫЛ ҚАЛАМ ИЕСІ

Сапарластар сырын жазған

(В. Панованың туғанына 80 жыл)

Вера Панованың кітаптарын кезінде кластас қыздармен таласып-тармасып оқушы едік. Кейін жоғары оқу орнында орыс совет әдебиетінің тарихы бойынша осынау жазушының творчествосымен де кеңінен таныстық. Әйел қаламгердің өмірбаянымен, жазушылық еңбегімен танысу оның шығармаларына деген ықыласты арттырмаса, кеміткен жоқ.

Вера Федоровна Панова 1905 жылы Дондағы Ростовта туған. Алты жасында әкесі өліп, шешесі екеуі жоқшылық көреді. Кедейлік зардабынан жетім қыз гимназияның екі жылын да толық бітірмеген. Арнайы білім алмағаны, куәлік қағазы болмағаны рас. Бірақ жазушы Панованы білімсіз жан санай алмаймыз. Таныс бір мұғалім әйел зерек қызды кітап оқуға әдебиетті сүюге барынша үйреткен.

Жазушының өзі айтуынша, қаршадай кезінде-ақ әкесінің шкафындағы кітаптардан кітап қоймаған. Сегіз жасар Вера «Диканька маңын-

дағы хутор кештерінен» және Тургеневтің повестерінен бас алмаса, тоғыз жасында «Өлі жандарды оқыса», Он бір жаста «Евгений Онегинді» жатқа айта бастаса, ол білімсіздік, оқымағандық бола ма?

Он жеті жасар Вера Панова «Трудовой Дон» газетіне қызметке кіреді. Ширек ғасырдай өмірі журналистік жұмыспен өтеді. Мұның да үлкен мектеп, жан-жақты оқу екені даусыз. Тілші қызметі болашақ жазушының көп шығармаларына, көрнекті туындыларына тамаша материал тауып берген.

Әдебиеттегі қадамын драматург ретінде бастаған Вера Панова кейін шығармашылығын прозаға арнады. 1944 жылы Пермь қаласында газеттер мен радиода қатар қызмет атқара жүріп, белгілі «Кружилиха» романын жазуға кіріседі. Сол тұста СССР жазушылар Одағының Пермь бөлімшесі оны №312 әскери-санитарлық поезға баруға жолдайды...

«Сабақты ине сәтімен» деген ғой, осы сапар жазушының жан дүниесіне айрықша әсер етіп, қаламына күшті қуат бітіреді. Вера Федоровна әскери-санитарлық поезбен төрт рет қатерлі жол шегеді. Жаралы жауынгерлерді алып қайту үшін майдан шебіне барып, жылда қайтарда жолшыбай жаралылардың өмірі үшін жанталаса арпалысуды көзбен көреді. Бұған өзі төрт рет куә болса, поезд қызметкерлері төрт жылдай бастан өткерген ғой бәрін. Жазушы ауыр сапардағы адамдардың – дәрігерлердің, медсестралар мен машинистердің жан тебіренерлік әңгімелерін ерекше ықыласпен тыңдайды.

Міне, соның нәтижесінде 1946 жылы атақты «Сапарластар» («Спутники») повесі дүниеге келген. Жаралы жауынгерлердің ауыр халін, аянышты күйін, олардың тірлігі мен тыныштығын көздеп жанұшырған дәрігерлер мен медсестралардың мехнатын, жол бойындағы доңғалақтар үстіндегі тынымсыздық тауқыметін, сұрапыл жылдардағы өзгеше бір өмір қарекетін шыншылдықпен суреттеп, сыршылдықпен әңгімелеген бұл туынды бірден бүкілодақтық оқырмандар ықпалына бөленіп, авторының жазушылық қабілетін танытып, даңқын шығарды. 1947 жылы СССР Мемлекеттік сыйлығын алған «Сапарластар» повесі – Совет әдебиетінің соғыс тақырыбындағы, ерлік рухындағы үздік шығармаларының бірі болып табылады. Вера Панованың бұдан кейін жазылған «Кружилиха» романы мен «Жарқын жаға» повесі де СССР Мемлекеттік сыйлықтарына ие болған. Орыс жазушысының бұл туындылары корей тіліне де аударылған. Атап өтерлік бір жай, Вера Панованың қаламынан шыққан прозалық туындылары (повестері былай тұрсын, әңгімелеріне дейін) киносценарийларға айналып көркем фильмдер ретінде экранға жолдама алып отырған. Жаңағы «Сапарластар» повесі бойынша «Жанашырлық поезы» («Поезд милосердия»), «Валя» және «Володя» әңгімелері негізінде «Қадам басу» («Вступление») фильмдері түсірілген. Ал «Сережа» әңгімесі бойынша жасалған осы аттас кинолента еліміздің экрандарында зор табыспен жүріп, шетелдердегі кинофестивальдарда бас бәйгеге ие болған. Сондай-ақ «Евдокия», «Саша», «Жұмысшы поселкесі» фильмдерінің сценарийін Вера Панованың өзі жазған. Осының бәрі оның дра-

матургиямен көп айналысқандығынан болса керек. Вера Панованың «Бұрқасын», «Ақ түндерді ұзату», «Неше жаз неше қыс», «Халың қалай, жігітім» деген пьесалары көптеген сахналарда қойылған.

1969-1970 жылдары жазушының бес томдық шығармалар жинағы жарық көрген болатын. Вера Панова 1973 жылы дүние салды. Оның қала өмірін, жұмысшылар тұрмысын шынайы бейнелейтін туындылары одан бергі жерде де бірнеше рет жарияланып, көпшілік қауымның игілігіне айналып келеді.

1985 жыл

Біздің календарь

ЛИРИК КОМПОЗИТОР

(В.С. Калинниковтың туғанына 100 жыл толуына)

Өткен заманғы орыс өнері өкілдерінің көбісі секілді композитор Калинников та орталықтан шалғайда туып-өскен. Ол 1866 жылдың 13 январында Орлов губерниясы Мцен уезінің Воин селосында дүниеге келді. Ата-тегі дін иелері болғанмен, әкесі Сергей Федорович кеңсе қызметкері, шені кіші, шаруасы шағын чиновник еді. Елден ерекшелігі – табиғатынан ән-күйге әуес-ті. Әкесінің осы өнері бойына қонған Василий жасынан-ақ ән-күйге құмар, құймақұлақ бала болып өседі.

Калинниковтың қабілетін алғаш байқаған жергілікті дәрігер музыка құмарпазы А.В. Евланов оны нота жазуымен таныстырып, скрипкада ойнауға үйретеді. Музыкаға мүлде берілген жас мұның бәрін зор ыждаһатпен үйреніп, тез арада скрипкаға қоса флейтаны да меңгеріп алады.

Сезімтал жастың тағы бір ұстазы табиғат болды. Орталық Россияға тән тамаша табиғат: сыңсыған орман, сылқылдаған өзен, көбікті көл, көрікті дала – баршасы бала көңілін баурап, қиял дүниесіне, қиян биікке шақырып, шабыт құсын ұялатқандай кеудесін кере дем алдырады.

Оған қоса ойшыл жас орыстың өткен дәуірлік өлең-жырларын өте-мөте құмарта тыңдап, құныға оқиды. Сондай-ақ атақты жерлесі Тургеневтің туындыларын әсіресе, «Аңшының әңгімелерін» сүйсініп оқиды.

Осының бәрі оның көкірегіндегі көркем ой, мөлдір сезімді қозғап, таланттарға тән талпыныс туғызады, талабын күшейтеді. Жас жігіт жарқын арманға ұмтылады; композитор болғысы келеді. Өйткені «жанымнан артық жақсы көремін музыканы» – деп мойындайды өзі. Бұл кезде Василий Калинников бастауыш училищені, одан соң 4 жылдық семинарияны бітірген білімді жігіт еді. Бірақ арнаулы музыкалық білім алуға Орлов губерниясында ешбір мүмкіншілік жоқ-ты. Патша заманындағы бір губернияның орталығы – Орел қаласының өзінде де жоғары оқу орыны жоқ болатын.

Осы жағдайда оған тағы да А.В. Евланов көмекке келіп, Москва консерваториясына барып, бағын сынауға кеңес береді. Бұл – талапты жастың талайдан бергі арманы ғой. Тек туысқандарының тұрмыс жағдайы ауыр, «қысқа жіп күрмеуге келмейдінің» кері еді. Бірақ ақылы мол әке тұңғышының тілегін түсініп қарсылық жасамай, қаражат табуға кіріседі. Жалғыз-ақ жергілікті жердің жеңіл ауыз бір байы: «Неменеге барасың? Бәрібір Глинка бола алмайсың ғой», – деп кекеткенде, өршіл жас: «Глинка болмаспын, оның есесіне Калинников шығар», – деп, өткір жауап қайтарады. Шындығында да солай боп шықты. Орыс музыка өнерінің жаңа бір жарқын беті осы есіммен – композитор Калинников атағымен тығыз байланысты.

В.С. Калинниковтың композитор болып қалыптасу жағы оңайға түскен жоқ. Оқу жылдары өте қиыншылықпен өтті. Рас, табиғи музыкалық зеректігіне байланысты Калинников консерваторияға бірден қабылданды. Бірақ оқу үшін 200 сом ақы төлеу оған өте ауыр болатын. «Мен кедей кісімін» – деп өкінішпен жазған өтініші де оған көмектескен жоқ. Бақытына қарай, музыка профессоры Н.Д. Кашкин деген жерлесі кездесіп, жеңілдік жасаттырады.

Студент Калинников қаланың қайнаған мәдени өмірінен, әсіресе, театр өнерінен мол сусындауға кіріседі. Бұған дейін беймәлім опералық және симфониялық музыка мұның жан дүниесін дүр сілкіндіргендей әсер етеді, Ал «Евгений Онегин» операсын тыңдағаннан кейін: «Менің талғамым – Чайковскийдің талғамы, оның музыкасы – менің музыкам» деп, мейлінше ырза болғандығын білдіреді. Консерваторияның теория класында оқып жүргеніне қуанып, композитор болмақ ниеті нығая түседі. Бірінші курс студенті бірінші фортепианалық пьесасын жазады. «Сағыныш» деген атпен әкесіне арнайды.

Студент кезіндегі ауыр тұрмыс жағдайы, әсіресе, тойып тамақ ішпеу, толық қанып ұйықтамау Калинниковтың денсаулығын қатты бұзады. Сол жылдары жас талант өзіне өмір бойы тұсау болған, ақыры қыршындай қиған ауыр дертке шалдығады. Тек жастық жігер, жарқын арман алға жетелеп, қайраттана оқып, қажырлана еңбек етеді. Соның арқасында оқушы кезінің өзінде-ақ **«Өмірің азаптарға толы болса»**, **«Сүйіктіңнің сүйкімді иығына»**, **«Тозығы жеткен төбеде»** деген романстар, оркестр үшін фуга мен скерцо, **«Тәңірлер»** (Тургенев шығармасы бойынша) симфониялық поэмасын жазады. Шекті аспаптар оркестріне арнаған серенадасын аяқтайды. Ақын А.К. Толстойдың **«Иоанн Дамаскин»** поэмасы бойынша солистерге, хорға және оркестрге арнап жазылған кантатасымен диплом жұмысын қорғайды. Яки студент Калинников композиторлық жолды айтарлықтай табысты бастайды.

Ол өмірінің ақырына дейін осылай еңбектеніп өтті. Бірақ оның творчестволық қызметі ұзаққа созылған жоқ және сыздаған сырқат үнемі үзіп кетіп, бөгет жасап отырды. Тамағынан қан кетіп, қалжырaған күйде жүріп жұмыс істеп, Калинников 1895 жылы атышулы Бірінші симфониясын аяқтайды. Аты мәлім емес, ауру композитордың алғашқы

симфониясының әуелде орындалуының өзі қиынға түседі. Екі жылдан кейін Киев пен Москвада екі рет орындалған Бірінші симфония бірден жұртшылық көңіліне жағып, авторына даңқ әкеледі. Музыканы айқын түсініп, анық бағалай білетін адамдар бұл шығарманың шын мәніндегі көркем туынды екеніне қол қояды. Симфония шетелдерде орындалып, шедевр туындылардың қатарына қосылады. Композитор Калинниковтың есімін ұрпаққа үлгі етіп, жүз жыл өткеннен кейін де жұрт жүрегінен орын алдырып отырған осы Бірінші симфония.

«Орыс музыкасының Кольцовы» атанған лирик-композитордың бұл шығармасы – адамның жан құбылысын, сан құбылысын музыканың сиқырлы тіліне салған сыршыл шығарма. Сондықтан қазір радиодан таза сезім, адал сенім жәйлі хабар беріле қалса, Бірінші симфонияның фрагменті орындалмай қалмайды. Жастарды мәдениетті азамат етіп тәрбиелеу өріс алып отырған осы күндері В.С. Калинниковтың сырлы симфониясы ерекше маңызға ие болуда.

Целиноград облыстық «Коммунизм нуры» газеті.
13 январь 1966 жыл.

ХАЛЫҚ СҮЙГЕН КОМПОЗИТОР

(Е.Г. Брусиловскийдің туғанына 60 жыл)

Көрнекті совет композиторы Е.Г. Брусиловский бүгін 60 жаста. Осы өмірінің отыз жылдан астамын ол Қазақстанда өткізіп, республика көркемөнерін өркендетуге өте зор үлес қосты. Әңгіме қазақ совет музыкасы жәйлі бола қалса, композитор Брусиловскийдің есімін ауызға алмауға хақымыз жоқ. Совет өкіметі жылдарында шұғыл өркендеген қазақтың профессионалдық музыкасының сан саласында, барлық жанрында Брусиловскийдің өзіндік үлесі бар.

Мәселен, музыканың және жалпы өнердің өте күрделі түрі – опера жанрының Қазақстанда пайда болып, өркендеу тарихы осы кісінің есімімен тығыз байланысты. Брусиловский жазған бірінші қазақ операсы – «Қыз Жібектің» премьерасы болғалы 31 жыл өтті. Содан бері бұл туынды театр репертуарынан түспей, сахна төрінен, халық көңілінен берік орын тепті.

Рас, оның алдында «Айман-Шолпан» музыкалық комедиясы, «Шұға» музыкалық драмасы жазылып, сахнаға қойылды. Бірақ олар опера дәрежесіне көтеріле алған жоқ. «Қыз Жібектің» дүниеге келуіне септігі мол тиген дайындық болып шықты. Бұл – бір. Екіншіден, тұңғыш қазақ операсының түпкі негізі – көпшіліктің көңіліне ұялап қалған ғашықтық сыр, халықтық жыр еді. Ол опера жанрына өте сай келді. Және оны осылайша оңды либретто ете білген шебер драматург Ғ. Мүсіреповтың еңбегін ендігі бір себеп ретінде атаған жөн. Төртіншіден, халықтық жыр-

ға халықтық ән-би араласты. Ол әндерді өңдеген, операға айналдырған композитор Брусиловскийдің еңбегі тіпті ерекше.

Евгений Григорьевич Брусиловскийдің Қазақстандағы қызметі 1933 жылы музыкалық техникумда басталды. Осындағы қазақ музыкасын зерттейтін ғылыми кабинеттің қызметкері ретінде ол әлденеше әншілер мен күйшілерді тыңдап халық музыкасымен танысып, жазып алады. Оны өңдеумен шұғылданады. Қызмет бабында жүргізілген осы жұмыстар оның «Қыз Жібекті» жазуына және бұдан былайғы бүкіл творчествосына негіз болады.

Осы негізде жазылған «Жалбыр», «Ер Тарғын», «Дударай» операларын композитор таңдаған өнер әдісі орынды екендігін дәлелдей түседі. Ал 1945 жылы «Аманкелді» операсын М. Төлебаевпен бірігіп жазу арқылы Е. Брусиловский тарихи-революциялық тақырыпқа бет бұрады. Мұның алдында ол «Алтын астық» және «Гвардия, алға!» секілді азаматтық және патриоттық пафостағы осы заман өмірінен алынған опералар жазған болатын. Бұлар театр сахнасында тұрақтап қала алмаса да, композитордың соңғы операсы «Мұрагерлердің» тууына мүмкіншілік жасап еді.

Е. Брусиловский қазақ симфониясын қаз тұрғызып, қарыштата өсіру жолында да өнімді еңбек етті. Оның «Сары Арқа» сюитасы мен «Жалғыз қайың» поэмасы республикамызда симфония жанрында жазылған алғашқы шығармалардың қатарына жатады. Жазылу мәдениеті жағынан, көркемдік шеберлігі жөнінен бұл туындылар көптеген қазақ композиторларына үлгі-мектеп болды. А. Жұбановтың «Абай» атты симфониялық поэмасы, Құдыс Қожамьяровтың «Ризвангүлі», Мұқан Төлебаевтың «Қазақстаны», Қапан Мусиннің «Жайлаудасы», Ғазиза Жұбанованың «Ақсақ құланы» осыны дәлелдейді. Олармен бірге Евгений Брусиловскийдің өзі де творчестволық өрлеу биігіне көтеріледі. Әсіресе, 1957 жылы жазылып біткен төртінші симфониясы одақ көлеміндегі озық шығармалардың қатарына қосылады.

Дарынды композитор инструментальдық және вокальдық музыка жанрларында да жалпыға танылған шығармалар берді. Оның 1947 жылы фортепьяно мен оркестр үшін жазылған концерті – осы жанрдың Қазақстандағы тұңғыш туындысы. Бұдан кейін ол бірнеше фортепиянолық пьесалар: «Экспромт», «Токатто» және «Юмореска» жазады. Ал «Советтік Қазақстан» кантатасы Октябрь мерекесінің 30 жылдығына арналған салтанатты-шалқымалы шығарма болып шықты. Оның бұл туындылары кейіннен С. Мұхамеджановтың «Ғасырлар дауысы» ораториясы мен Ғ. Жұбанованың скрипкаға арнаған концертіне ұласқаны белгілі. Сондай-ақ профессор Е.Г. Брусиловский Алматы консерваториясының композитор класының меңгерушісі ретінде қазақтың профессионал композиторларын даярлап, тәрбиелеп өсіруге қолма-қол көмек көрсетті.

Қазақ музыкасында ән жанрының айрықша орын алуы – тарихи заңды құбылыс. Енді сол халық қазынасын қадірлеп сақтап және жаңа заман, дәуір талабына сай дамыта беру қажет еді. Е. Брусиловский бұл міндетті де абыроймен орындап келеді. Оның бірінші әні «Советтік заңнан» бастап, Отан соғысы жылдары жазылған «Серт» секілді әндері бірден тарап, көпшілік көкейіне қона кетеді. Композитордың атағын, әсіресе, «Алтай», «Гүлденген Қазақстан», «Шолпан», «Бейбітшілік туы берік қолда», «Шопан әні» республика жұртшылығына кең танытады. Біріншіден, бұл халықтық стильде шебер жазылған шығармалар болса, екіншіден, Ж. Омарова, ағайынды Абдуллиндер, Р. Бағланова, М. Ержановтай тамаша орындаушыларын табады. Ал қазақ бұлбұлы – Күләш Байсейітованың орындауындағы «Қос қарлығаш» романсы одақтық сахналарда сан жылдар шырқалып, қазір советтік эфирден ескірмей естілуде. Бұл – композитор Брусиловский дарынының даусыз дәлелі. Алпыстың асуына шыққан Қазақ ССР-інің халық артисі Е. Брусиловскийдің әлі де әсем әндер шығарып, сыңғыраған сұлу симфония жазып, өмірдің өзіндей өрелі опера жазуын тілектестік білдіреміз.

«Коммунизм нұры». 1965 жыл.

ӘН СҮЙГЕН ЕЛ, КОНЦЕРТКЕ КЕЛ!

Екеуінің жұптасып сахнаға шығуы – сән болады, зал кернеген ән болады, ажыратып алғысыз егіз әншіге елдің бәрі таң болады.

...Ағайынды Абдуллиндер... Айтуға қандай әдемі, құлаққа қалай жағымды! Бұл есім бүкіл республикамызға, елімізге танылды. Олар, міне, отыз жыл бойына сахнамыздың сәні болып келеді. Осыдан ширек ғасыр бұрын республикаға еңбегі сіңген екі әнші 1947 жылдан Қазақ ССР-інің халық артисі атанып, анығында да ұлтымыздың ұйып тыңдайтын, сүйіп тыңдайтын әншілеріне айналып еді, былтырдан бері Ришат Абдуллин «СССР «халық артисі» деген қадірлі атқа ие болды. Мүслім Абдуллин өнер шыңына өрмелеуде.

...Ағайынды Абдуллиндер ән салады...

Өлең жолындай осынау бір сөздерге қанат бітіп, Қазақстан көгінде қалықтайды да тұрады. Абай атындағы академиялық театрдың белгілі солистері сахнамен ғана шектелмей, әуе толқыны арқылы да жұрт жүрегін баурайды. Қазақ радиосының қадірменді әншілері Алтай-Каспий, Қыр мен Сыр аралығындағы ел еңбеккерлерін әрдайым дерлік әнмен оятады.

Сондай-ақ, олар эфирді қойып, елге шығып, ауыл-қаланы аралап, қалың қауымның ортасына өздері де келеді. Мінекей, атақты әншілер қазір біздің қаламызда. Бұған дейін Өскемен, Семей, Павлодар өңірін аралап келген артистер енді Целиноград облысының еңбекшілеріне өнер көрсетіп, диқандар мен малшыларға мәдени қызмет қылмақ.

– Қойшылардың қозы алып, механизаторлардың көктемгі егіске әзірленіп жатқанына орай әдейі келуіміз, – деп ескертті екеуі де. Осымен біздің облысқа Ришат Абдуллин төртінші рет, Мүслім Абдуллин – үшінші рет келіп отыр. Бұл жолы олар өздері бастап, арнайы концертпен сапар шеккен.

Репертуарлары да әдеттегіше бай. Олардың орындауындағы халық әндері қандай тамаша! Ришат «Көгаршынды» көкке өрлетіп «Япурайды» теңіздей теңселткенде, Мүслім «Зәурештің» зарын төгіп, Мариямның Дударға махаббатын паш еткенде: «Пай, шіркін!» деп қол соқпай ма көпшілік. Әсіресе, екеуі қосыла кетіп, «Бір баланы» бір кісідей шырқағанда, «Еркем-айды» есілте жырлағанда ел сүйсінбей қала ма! Ришат пен Мүслім – қазақтың әншілік өнерінде алғаш рет қос дауыспен профессионалды дәрежеге көтерген әншілер, тұңғыш ұлттық дуэтымыз.

Сондай-ақ, олар опера солистері ретінде батыстың, орыстың және қазақ композиторларының атақты операларынан ариялар орындайтыны да сөзсіз. Классик-композиторлардың романстары да ел жүрегін елжіретуге тиіс. Бұл ретте Мүслім Абдуллин – орыс романстарын қазақ тілінде шырқайтын әнші екенін еске алған жөн.

Ал, Ришат болса, қазіргі қазақ композиторларының жаңа әндерін тұңғыш рет орындап, елге ең алдымен жеткізуші екені мәлім. Осы жөнінде оны әнші ғана емес, ән үйретушіміз деп те әбден айта аламыз. Яки, 29 март күні Тың игерушілер сарайында болатын концертте көпшіліктің жаңа үйренген жақсы әндері де зал кернеуге тиіс. Бұл концертке ағайынды әншілермен бірге домбырамен ән салушы Еркен Садақбаева, аккордеоншы Геннадий Манаенко, сықыршылар Марина мен Петр Гавриловтар қатысады. Концертті әзілқой, сөзшең, күлдіргі Дмитрий Деточенко жүргізеді.

Концерт бригадасы қазір Целиноград ауданының совхоздарында ойын көрсетуде. Одан соң Шортанды ауданының колхоз-совхоздарын араламақ. Өнер шеберлерінің Жолымбет руднигіне де жолы түскелі отыр.

Сонымен, ән сүйген ел, 29 март күні концертке кел!

«Коммунизм нұры» газеті,
27 март 1968 жыл

Біздің календарь

РЕНУАРДЫҢ АҚЖАРҚЫНДЫЛЫҒЫ

(туғанына 125 жыл толуына)

Осы ғасырдың басында атағы әлі шыға қоймаған бір суретші: « Шеберлігіңіздің құпия сырларын ұғындырып, үйретсеңіз» – деп, Ренуарға айтыпты: «Мен суретін салғалы отырған нәрсені «натура» қала-

уымша қойып, қалаған жағынан қараймын. Сосын оның суретін жас бала қалай салар еді, дәл солай сала бастаймын. Мен қызыл түстің қырық құбылғанын, сыңғырлаған қоңырау үніндей ашық болғанын қалаймын. Олай болмай жатса, тағы да қызыл немесе басқа түсті бояу үстемелеймін – көңілдегідей боп шыққанша солай. Мен кемеңгерсімеймін, ешбір ереже, әдісіңмен әуреленбеймін. Кез келген кісінің менің суретті қалай салатынымды көруін болады, сонда ол менің ешбір ерекше құпиям жоғын біледі. Мен алдымдағы жалаңаш жанға қараймын да, көзге ілігер-ілікпес көп рең, түр-түс көремін. Соның керілген кенептегі денеге жан бітірердей жарамды-жарастысын тауып, тап басуым керек...

...Өнер дүниесі сізді баурап алып, еліктіріп әкетуі тиіс, – дейді Ренуар одан әрі. – Сонда суреткер сол шығармасы арқылы ытқып шыққандай ыстық ынтызарлығын білдіреді».

Ренуар творчествосының қадір-қасиетін, терең мәнін дәл білдіретін бұдан басқа сөздер табу қиын. Мұнда оның тікелей тірі табиғатқа деген құмарлығы, күні бұрын кесіп-пішіп, қалыпқа салып қоюды қаламайтыны, сезімге шексіз сенімі – бәрі бар.

67 жастағы суретшінің өзі туралы «мен жас балаша жазамын» деуі әдемілік үшін айта салған сөзі емес-ті. Ренуар әбден қартайғанға дейін де, жас күніндегідей, сезімнің мөлдірлігі мен көңілінің ақжарқын-ашықтығын сақтап қалды. Ол әрқашан да жанды дүниені жаңа көргендей, ақпейіл және әр нәрсені ғажаптағыш балалық көзқараспен қарады өмірге. Бұл – Ренуардың суреткер ретіндегі ұлы бақыты еді. Ал оның өз өмірі түрлі-түрлі қиыншылықтар мен бақытсыздыққа толы болды.

Пьер Огюст Ренуар – кедей тігіншінің баласы – Әсем өнерлер мектебіне бояу жұққан жұпыны киімімен келген болатын. Ол өзі секілді жеті суретшімен қосылып, 1874 жылы үстемдігі зор париждік Салоннан бөлек, өз беттерімен сурет көрмесін ұйымдастырады. Салған жерден «импрессионистер» деген лақап атқа ие қылған, атышулы көрме – осы болатын.

Ащы тілді бір журналистің бұл сөзін жұрт жүз құбылтып, түрліше түсініп жатты. Бір-біріне ұқсамайтын, әр түрлі суретшілерге ортақ ой мынай еді: олар өнерді өмірге жақындатып, шыншыл болуға ұмтылғанды.

Сөйтіп, Ренуар мен оның достары сәнқой тоғышарлардың айтағын естіп, буржуазиялық қорлығын көре отырып, ұзын-сонар жоқшылық жолымен жүрді. Бірақ оларды алған беттерінен еш нәрсе де қайтара алмады.

Қазір Москваның Пушкин атындағы музейінен Ренуардың әйгілі «Шомылушы әйелін» тамашалап көріп тұрып ойға қаласың: өмірдің жылы лебі есетін осы бір туындыға да айып тағып, тіл тигізген білімпаз-сымақтар болды-ау деп.

Ренуар шығармаларында соншалық бір шынайы өмірлік от бары қазір баршаға белгілі. Бірақ соған автордың қолы қаншалық қажырлы

еңбекпен жеткенін біле береміз бе? Ренуардың өзі: «менде іздеп табу, сыр ашудың «сырқаты» бар» дейді екен.

Ойлары ортақ достарымен бірге Ренуар айналадағы дүниенің түр-лі-түсті көркемдігін көрсетуге, қыл қаламды қырлы, сырлы етіп ұштай түсуге, ол үшін түс-реңк пен сәуле-жарықтың жарастылық құпиясын табуға ұмтылады. Бұл ретте импрессионист суретшілердің табыстары даусыз. Олардың түстілік пен жарық әлемінен жалықпай ізденулері, жаңадан тапқандары, техникалық жаңалықтары – бәрі осы күнгі өнер мен болашақ ұрпақ үшін үлкен маңызға ие болды.

Бірақ басты жақсылығы – жаңа суреттің өмірге деген жаңашыл көзқарасында жатыр еді. Олар өздерінің жаңа ұғымдарына сай жаңа кейіпкерлер іздестірді, дүниені өз замандастарының көзімен көруге ұмтылды.

Әсіресе, Ренуар ақиқат пен әсемдікті күнделікті қайнаған өмірден табуға талпынды. Егер Ренуар мен оның достарының барлық туындыларын бір жерге жинай алсақ, көз алдымызда қайнап жатқан жанды көрініс пайда болар еді: қаланың алаңдарын, адам толы бульварларды, шалқар шабындықтарды, Франция гүлдерін, оның тез еритін қарының теңбілкөк түсін, өзендерінің көктемгі тасқынын көрер едік. Біз түтінді вокзалдар мен шулы порттарда, қарабайырларға арналған ресторандар мен кабактарда болар едік. Көз алдымыздан көмір қазушылар мен музыканттар, кір жуушылар мен актрисалар, хат тасушылар мен көше сыпырушылар, ақындар мен солдаттар өтер еді.

Біз «бұл дүниенің дүмділері» – кардиналдар мен министрлерді, банкирлер мен генералдарды іздесек те таппас ек. «Жоғары қауым» өмірі жоқ боп шығар еді.

Ренуар мен оның әріптестерінің өнері азаттықты аңсаудан туған, ол импрессионистер көрмесінен коммунизм идеясын іздестіруі де содан болса керек.

Бұл күндері Ренуардың туғанына 125 жыл толуына орай оның туындыларын көзбен көріп, көңілмен шолып осындай ойларға келесің. Соған қоса, мақала көлемі көтермей жатса да, айтпай кетпейтін бір естелік және бар.

Ол 1945 жылдың майында соғыс өртінен Дрезден галереясының картиналарын сақтап қалумен байланысты. Солардың ішінде Ренуардың да бір шығармасы – «Офицер портреті» атты картинасы бар боп шықты.

Нацистер зынданынан «Сикстин мадоннасын», Рембрант, Веласкес, Тициан полотноларын қалай қадірлеп алып шықсақ, Ренуар картинасын да солай ұқыппен ұстап шығардық.

Бұл туындысы да Ренуардың бейбітшілік пен бақыт үшін жаралған, жарқын да өмір сүйгіш өнерін, оның жайдары күлімсіреуін еске салғандай еді.

Жалпы Ренуардың күлімсіреуі үміт сәулесіндей, адамгершілік үлгісіндей, өнердің өміршеңдігінің белгісіндей.

Л. ВОЛЫНСКИЙ, жазушы.
(АПН). Аударма.

МИХАИЛ КОЛЬЦОВ

Аса көрнекті совет журналисі Михаил Ефимович Кольцовтың өмірі мен творчествосы жасампаз еліміздің жастарына үлкен үлгі болар-лықтай. Табиғи таланты зор, қажыр-қайраты мол, ерекше ержүрек Кольцовтың азаматтық жолға алғаш қадам БАСҚАН жылдары революция дәуіріне дәл келіп, содан былайғы іс-әрекеті жаңа қоғам орнатушы күрескер халықпен біте қайнасып кеткен болатын. Ол өзінің аса шебер ұйымдастырушылық қабілетін социализмнің салтанат құруы үшін жұмсап, бүкіл творчествосымен жарқын өмірдің жаршысы бола білді.

Михаил Ефимович Кольцов 1898 жылдың 12 июнінде Киевтегі қолөнершінің семьясында дүниеге келген. 1915 жылы Петроградтың психоневрология институтының студенті болған Кольцов еркін ойлы жастар қозғалысына белсене араласады. Ал Февраль революциясы кезінде ереуілші солдат-матростармен бірге Таврика сарайын басып алуға, патша министрлерін тұтқындауға қатысады. Бұл оның кейін «Февральдағы наурыз» (1928 жылы), «Шаң мен күн» (1921 ж.), «Көзкөрімдегі іздер» (1925) деген очерктер жазып, 1928 жылы соның бәрі біріккен «Әлемнің жаралуы» атты кітап шығаруына негіз болады.

Кольцов – Ұлы Октябрь революциясынан кейін-ақ советтік баспасөзде қызмет етуге қызу кіріскен қаламгердің бірі. Алғашында «Известия» мен «Вечерняя звезда» газеттерінде жұмыс істеп, 1918 жылы Коммунистік партияға мүше болған Кольцов жаңа мемлекеттің мәдени-ағарту майданында түрлі жауапты қызметтер атқарады.

Кольцовтың бүкіл әдеби өмірі «Правдамен» тығыз байланысты. Қабілетті қаламгер 1922 жылдан бастап «Правданың» тұрақты қызметкері болған-ды. Ол өзін: «газеттің жазушысымын» деп атаған.

Қайнаған өмірдің қақ ортасында болу, болашақ кейіпкерлермен қоян-қолтық араласып, олар кешкен өмірді өз басынан өткеруге ұмтылу – Кольцовтың қаламгер ретіндегі қайталанбас қасиеті, айрықша ерекшелігі. Мәселен, 1931 жылы «Ұшқым келеді» деген очерктер кітабын жариялады және сол сынаушы экипаждың мүшесі ретінде Қызыл Жұлдыз орденімен наградталды. Бұған дейін ол жасырын атпен Будапештке барып, «фашист Харти патшалығымен» танысып қайтқан-ды. Мұны ол 1927 жылғы «Не болуы мүмкін еді» очеркінде сөз етеді. Сол жылы Германиядағы Зонненберг абақтысына айламен кіріп, түрмеге түсіп қалған неміс революционері Макс Гельцпен кездесуі жөнінде «Жолығу» атты очерк жазады. 1932 жылы шетелдегі орыс ақгвардияшыларының астыртын тобына араласып, олардың арам пиғылын «Жыртқыштың інінде» деген фельетонымен әшкерлеген болатын. Ал оның «Испан күнделігі» қаламгердің қаһармандығы, саяси және әдеби ерлік деп есептеледі. Ол испан халқының фашизмге қарсы күресіне қалам мен қаруды қатар ұстап қатысқан болатын.

Сондай-ақ Кольцов бейбіт өмірді бейнелейтін туындылары үшін де түрлі қызметтің сырына қанығуға, шығарма кейіпкерінің шынайы өмірін сезінуге ұмтылған. 1934 жылы «Үш күн таксиде» деген очеркін жазу үшін Москвада таксидің шофері ретінде шынымен қызмет қылған.

Михаил Ефимович баспа жұмысына басшылық етуге де бар күш-жігерін жұмсап бақты. Ол 1923 жылы «Огонек» атты апталық журнал шығаруға өз тарапынан ұсыныс жасады. «Журнал шығар» – деп ешкім тапсырма бермесе де, редакция үйі, тұрақты қызметкері болмаса да, бұл іске бір өзі басшы болып өзі секілді батыл да талапты, талантты қаламгерлерді игілікті іске жұмылдыра білді. Бұл күндері «Огонек» Отанымыз бойынша ең көп тарайтын, жұртшылық асыға күтетін апталық журнал болып отыр.

Бұдан кейін М.Е. Кольцов «Чудак» (1928-1930) және «Крокодил» (1934-1938) секілді сатиралық журналдарға редакторлық етті. 1932-1938 жылдары М. Горькиймен бірге «За рубежом» журналына бағыт-бағдар беріп отырды. Жалпы оның баспа жұмысындағы басшылық істеріне Горький әрдайым көмектесіп, қамқорлық жасаумен болды. Ал Кольцов ұлы жазушының көптеген ойларын жүзеге асыруға атсалысты, яки «Атақты адамдардың өмірі», «Романдар кітапханасы» деген сериялық басылымдарға басшылық етті. Горький екеуі «Әлемнің бір күні» атты қызық кітап шығаруға да бастамашы болды.

М.Е. Кольцов қоғамдық жұмыстарды да зор ынтамен атқарды. Ол көп жылдар бойына СССР Жазушылар Одағы Басқармасының мүшесі және оның шетелдік комиссиясының председателі болды. 1936 жылы Париждегі халықаралық жазушылар конгресіне қатысты. 1937 жылы күрескер Испанияда өткен осындай конгреске совет делегациясын бастап барды. 1938 жылы СССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті және РСФСР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды.

Жеке басқа табынушылық кезінде жазықсыз жазаға ұшыраған Михаил Ефимович Кольцов 1942 жылы қайтыс болған-ды. Ал 1954 жылы толығымен ақталып, оның абзал есімі әдебиетіміз бен журналистикамыз тарихынан өз орнын алды, үш томдық шығармалар жинағы оқырмандар қолына тиді. Советтік баспасөздің ғажайып жазушысы өзінің тамаша туындыларымен, өнегелі өмірімен коммунизм орнатушы совет адамдарының сапында келеді.

Целиноград, «Коммунизм нұры» газеті, 1970 жыл

АҚ ҚАЙЫҢ ШЫРЫНЫНДАЙ

(С. Щипачев жетпісте)

Жасыл желегі жайқалып, самал тербеп шайқалып, сыбдырлаған кезде де, жапырағы сарғайып, желмен ұшып, жерге түсіп судыраған күзде де қайың сұлу, көрікті. Жамылғышы жоқ жалаңаш бұтақтары сыйдиып, бұрқ-сарқ еткен боранға ұрынса да бұл ару әсте әсемдіктен айрылмайды. Әсіресе, ай нұрына малынып, күміс қырау тағынып тағы да бір әдемі кейіпке келерін қайтерсің. Ал көктемде көкбуалдыр буға оранып бусанғанда, бүр жарғанда исі қандай аңқыған қайың шіркін қашанда әсерлі, жанға жақын, жүрекке жылы, сүйкімді ғой.

Советтік поэзияның асыл бағында, жасыл бағында Степан Щипачевтің лирикасы да сол ажарлы қайыңдай адам көңілін айрықша баурайды, сырға толы шыншыл шумақтар сараң ғана таматын, дәмі ауызда қалатын шырыннан бір аумайды.

Оралда туып өскен орыс ақыны Степан Щипачевтің шығармаларында ақ қайың бейнесі аса жиі кездеседі. Тұңғыш прозалық туындысы – өмірбаяндық повесі де «Қайың шырыны» атты өлеңінде бұл қастерлі, әз ағаш айнымас жар бейнесіне айналып, асыл мұратты алға тартады.

Қара нөсер қайыңды бұқтырмақ болып, төбесінен төпелеп құяды кеп, қайың бірақ қайыспай, үнсіз шыдап тұрады тек. Қысқы кеште боран бұрқап ұйтқиды, қайыңның қол, иығынан жұлқиды. Алайда оның көнбегі жоқ... содан ақын ой түйеді: мінезінің мықтысындай, тегі басқа біреуге серті берік болғаны-ау.

Сол секілді Щипачевтің өзі де шыншылдықтан, сыршылдықтан айнымай келеді. Отызыншы жылдардың өлеңдерінде көңілден гөрі көмірді жырлау, құрылыс қарқынын құрғақ мақтау басым болып тұрған күннің өзінде ол «Лирика» деп аталған шағын кітапшасын шақпақ отындай етіп оқырманға ұсынды. Тегін ұшқын болмады, жұрт жүрегінде ынта, ықылас шоғын тұтатты. Өлең шыңына өзіндік жолын ұзақ іздеп, алты кітап шығарған ақын ақыры осы «Лирикасымен» анық бетін айқындады. Осыдан кейін ол қандай тақырыпқа қалам тартса да өңеш жыртар айғайдан аулақ, бірақ іштен шарпып-лаулап жанатын ыстық, іңкәр жырлар жазуды машық етеді, сонысына сан оқушыны ғашық етеді. Бұған ақынның «Біз жауаптымыз», «Геологпен әңгімеі», «Ленин», «Ұрпағымызға», «Үй сыпырушы», «Парткомда», «Стақан», «Табиғат», «Адам – сенің жаратындың», «Қаз басу», «Дән» секілді дәмді, мәнді өлеңдері куә. Сонымен бірге көбінесе көлемі шағын, жалт еткен сезімді ант еткен кезіндей келте айтатын, жүрек қылын шерте айтатын өлеңдер жазуды өнер мұратына айналдырады. «Шушенскідегі үйшік», «Павлик Морозов» поэмаларының өзі – абзал ойды аз сөздермен түйіндейтін туынды-

бар. Сөйтіп оның өлеңдерінің қысқалығы, оған шебер ұсталығы – поэзиясының айрықша бір асыл қасиеті ретінде қабылданады, өнердегі өзіндік қолтаңбасы болып танылады.

Мұны ақынның өзі де елге ескертіп, «Екі дата» дейтін өлеңінде былай дейді (дәл аудармасы болмағандықтан, амалсыз әңгімелеуге тура келеді): Мен білемін – өлімнің келетінін, суретімнің астына екі дата жазып ол беретінін. Арасына титтей ғана сызықша қойғызады, соған бүкіл өмірімді сиғызады. Досым болсаң, қабірімнің басында сен тұрасың кеп: «Сен нәрсенің шұбалғанын сүймеуші еді бұл шал» – деп... Сол айтқандай, 1965 жылы оның таңдамалы шығармалары екі-ақ том болып шықты. Бұл – ақынның өлеңді аз жазғанынан емес, таңдауының, талғамының күштілігінен. Сондай-ақ, 1966 жылы «Таңдаулы лирика кітапханасы» атты сериямен шыққан жинағына да ол 43 қана өлең кіргізген.

Анығында, Степан Щипачевтің ойға толы, сырға тұнған, көкірекке қона кеткіш, шымшым жылы жырлары көп. Сонысымен Одақ көлеміндегі оқырмандар сүйсініп оқитын ақын бақытына ие болды. Үлкен идеялы, шағын туындылары үшін бірнеше рет Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды. Әсіресе, «Майдан жырлары», «Еңбек даңқты», «Махаббат әуендері» атты өлеңдер циклы мен жинақтары қалың жұртшылықтың жүрегін баурап, талай шумақтары тақпаққа айналып, жатқа айтылатын болды.

Мәңгі тақырып – махаббатты жырлауға келгенде Щипачев қаламы тіпті шебер. Сүйіскендер тағдырын, бақытын ойнақы өлеңге өзек етсе, қоңыр күздей назы бар, сағыныш сазы бар шумақтары талайдың көңілін тап басып, мұңды кеуденің мұзын ерткендей. Бір абзалы: Щипачевтің махаббат лирикасында өкініп, өксу, күрсініп, күйректікке салыну жоқ. Ол махаббатты – азаматтық тұрғыдан ардақтап, асыл сезім деп әспеттейді. Оның «махаббат – орындықта отырып күрсіну емес, айлы түнде айқасып қыдыру емес», «махаббат әсем әнге ұқсас, әсем әннің тууы оңай ма екен», – дейтін тармақтары жастарды жаңсақ жолдан сақтандыратын нақыл сөзге, ақыл сөзге айналып кетті.

Кім айтты, біздің махаббат ісіміздей ірі, нық болмасын? – деп келетін өлең жолдары да Щипачевтің ұшқыр ойынан, үлкен жүрегінен туған. Бірақ мұндай абзал ойды айту үшін де ол мінбеге шықпайды, қолын сілтеп, даусын көтеріп, даурықпайды. «Бүкіл әлемге айтып тұрсаң да, айғайлаудың қажеті жоқ», – деген оның тағы бір тапқыр сөздері бар-ды. Ол сенің жаныңа келіп, жанқияр досыңдай сыр шертеді. Щипачевтің өлеңдерін оқығанда не жетсін, ақ қайыңның шырынындай ауыздан дәмі кетпесіне кепілміз. Әттең оның нақышты, нәзік жырлары елуінші жылдары қазақ оқырмандарының жан дүниесіне жарқырай түсуіне игі әсер еткен болар еді.

Бүгін Степан Петрович Щипачев 70-ке шығып, тарлан тарқан ақынға айналып отыр. Бірақ, біз оның қаламынан әлі де ай сәулесіндей әсем шумақтар күтеміз.

Целиноград облыстық «Коммунизм нуры» газеті,
26.12. 1968 жыл

ФРАНЦИЯНЫҢ ҰЛЫ ЖАЗУШЫСЫ

(Г. Флобердің туғанына 150 жыл)

Кітаптары бүкіл адамзаттың игілігіне айналған Гюстав Флобер XIX ғасырдағы француз әдебиеті алыптарының қатарына жатады. Жазушы бүкіл өмірін дерлік Руан қаласында, аз ғана дос-жаран, таныстар арасында оңаша өткізеді. Алайда бұл – «піл сүйекті мұнара» оны қоғамдық қозғалыстан, заманның революциялық және әлеуметтік толқуларынан аулақ ұстады деген сөз емес. Қайта Флобердің кітаптары – оның өз дәуірінің шындығы, сол кездегі француз қоғамын толғандырған проблемалардың көрінісі. Ақшақұмар, екіжүзді және өзімшілдік дүниесінде жанұшыра бұлқынып барып құритын әйел трагедиясын бейнелейтін әлеуметтік-психологиялық «Бәйбіше Бовари» романы, өресі тар, тоқмейілсіген буржуазияның қатып қалған, жаттанды кейпін сайқымазақ ететін «Айдай анық ақиқат тілі» атты сатиралық туындысы соған дәлел.

Флобер буржуазиялық қоғамның қатаң да қаймықпас сыншысы еді, ал реалист жазушының «Саломбо», «Әулие Антонийдің арбауы» секілді романдарда тарихи тақырыпқа баруы бүгінгі өмірдің күйкілік ұсақтығына, ондағы жалғандық пен жасандылыққа өзінше қарсылығы еді.

Әлбетте, өткен ғасырдың француз әдебиетінде – алдымен Бальзак және Золя секілді – Францияның өмір суреттерін әлдеқайда әлеуметтік кең көлемде суреттеген жазушылар болды. Бірақ Флобердің еңбегі сонда, ол шындықты бейнелеудің басқа масштабын, өзгеше әдеби әдісін қолдана отырып, өзінің шығармаларында қоғам дамуының негізгі бағдар-барысын, оның жарасы мен кеселдерін жалаңаштап, бадырайта көрсетті. Және сол ретте үздіксіз еңбектің арқасында бейнелеу шеберлігінің биік шыңдарын игеріп, стиль мен түр жөнінен кемелденген әдеби дүниелер жасады.

Г. Флобердің творчествосы Россияда үлкен ықылас тудырып, тез арада жақсы бағаланып та үлгерді. Флобер шығармаларының Россияда кеңінен таралуына көбіне-көп оның жандай досы, ұлы орыс жазушысы Иван Тургенев көмекші болады.

Тургенев пен Флобердің достығы – орыс-француз әдеби байланысының тарихында тамаша жарқын бет болып табылатын достық жиырма жылға созылады. Бұл достық негізінде екі жазушының түр-тұлға, дағды, талғам ұқсастығы, талант, эстетикалық көзқарас бірлестігі жатар еді. Францияда өмір сүрген Тургенев Флобермен жиі жүздеседі. Олар Парижда 1858 жылы танысқан-ды. Ал орыс жазушысының париждік ресторандағы «әдеби» түстіктерге тұрақты қатыса бастаған 1863 жылдан кейін оның Флобермен кездесуі жиілей түседі.

Флобер творчествосын әдетінен тыс жоғары бағалаған Тургенев орыс оқырмандарының Флобер кітаптарымен тезірек танысуын көздеп бағады. Ол Флобердің бірнеше әңгімелерін өзі де аударып, басқа шығармалары маман аудармашылардың қолына түсуін көздестірумен болады.

Флоберді орыс жазушыларының творчествосымен таныстырып отырған Тургенев бірде оған Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романын жолдайды. Бұл эпопеяны Флобер қатты ырзалықпен қабылдап, Толстой талантының құдыретіне, шығарманың көркемдік шеберлігі мен психологиялық тереңдігіне тамсанады.

Флобер творчествосын орыстың аса ірі мәдени қайраткерлері де жоғары бағалайды. Мәселен, Лев Толстой «Бәйбіше Бовари» романы туралында үлкен мақтау лебіз білдіреді. Ол Флоберді шынайы суреткер, француз әдебиетін жасаушылардың көрнектісі деп санаған. Флобер творчествосының әшкерелегіш бап-бағдарын көрнекті орыс философы және марксизм насихатшысы Георгий Плеханов пен совет мәдениетінің белгілі қайраткері Анатолий Луначарский де атаған.

Флобер шығармалары хақында совет әдебиетінің атасы Максим Горький де сүйіспеншілікпен, жылы пікір білдірген. Ол Флоберді «Шеберлігі елден асқан әдебиетші», «Стильдің ұлы зергері», «Сөз сиқыршысы» деп атаған.

Флобердің шығармалары Совет Одағында соншалық кең таралған. Совет дәуірі тұсында оның туындылары СССР халықтарының 12 тілінде жалпы тиражы 4 миллионнан астам дана болып 90 рет басылып шықты. «Бәйбіше Бовари», «Саламбо», «Сезімдерді тәрбиелеу романдары», «Қарапайым жүрек», «Иродиада» әңгімелері, «Айдай анық ақиқат тілі» секілді таңдамалы шығармалары мен жазушының кейбір хаттары кірген бір томдығы екінші дүниежүзілік соғыс аяқталысымен-ақ (1947 жылы) 100 мың дана болып басылды. Флобердің жекелеген туындылары: «Сезімдерді тәрбилеу» романы 1954 жылы – 150 мың дана, «Бәйбіше Бовари» романы 1958 жылы – 300 мың дана, «Саламбо» романы 1961 жылы – 100 мың дана болып, соншалық мол тиражбен таралады. 1955 жылы Флобердің 5 томдық шығармалар жинағы 250 мың дана болып жарық көрген-ді. Ал жақында, 1971 жылдың июлінде, осы жылғы 12 декабрінде жазушының туғанына 150 жыл толуын тойлау қарсаңында «Художественная литература» атты москвалық баспа орны «Дүниежүзілік әдебиет кітапханасы» деген серияда Флобер томын «Бәйбіше Бовари» және «Сезімді тәрбиелеу» романдары) 300 мың дана етіп оқырманға тарту ретінде ұсынды.

Шығармалары осыншама көп тиражбен және жиі басып шығарылатын жазушының тағдыры адам қызыққандай ғой. Гюстав Флобер – совет оқырмандары үшін өткен ғасырдағы француз жазушыларының ішіндегі ең бір сүйіктісі.

Олег Добровольский, АПН.
Аударған Ж. Нұрқанов, 1971 жыл

САДРИДДИН АЙНИ

(туғанына 90 жыл)

Орта Азияның осы заманғы ғұламаларының бірі болған, бүкіл Одаққа әйгілі жазушы, тәжік совет әдебиетінің негізін қалаған қаламгер Садриддин Айнидің туғанына бүгін 90 жыл. Ол Бұхарадағы Сектар атты мекенде кедей шаруаның семьясында дүниеге келген. Алғаш ауылдағы мешіт-мектепте әліп танып, әптиек жаттаған Айни 1890 жылы он екі жасында Бұхарға келіп, осындағы Медреседен сабақ алады. Мұнда әдебиетшілер үйірмесіне мүше болып, 1894-1895 жылдары өзі де өлең жаза бастайды. Сол кездегі Бұхардың озық ойлы оқымыстысы, көрнекті әдебиетшісі Ахмад Махдумның қолжазбаларымен танысып, оның ортағасырлық ескі әдеттерге қарсы күресін құптайды, Россиямен достық және ағартушылық идеяларын жақтайды.

1905 жылдың революциясынан кейін Садриддин Айни Бұхар хандығындағы буржуазияшыл оппозициялық ағым-жадидшілдер жағында болады. Бұхар әмірі бұлардың талабы бойынша ел билігіне өзгеріс енгізеді деп ойлайды. Жаңа әдіспен оқытатын мектепте жұмыс істейді, жаңа оқулықтар жасауға атсалысады. Алайда, әмірдің қудалануына ұшырап, ақыры 1915 жылы Бұхардан қашуға мәжбүр болады. Бірақ 1917 жылы қайта оралып келгенінде тұтқынға түсіп қалады да, 70 рет соққы жазасына ұшырайды. Осы дүреден кейін көп ауырған Айни тән сырқатынан ғана айығып қоймай, жан дүниесі де жаңарып, жадидшілдердің халыққа қарсы пиғылын түсінеді. Өзін абақтыдан шығарған орыс солдаттарының қолында бостандық туы барын ұғынады. 1918 жылдың басында-ақ «Марсельеза» әуенімен «Азаттық маршын» жазады:

Уа, құлдар! Көң-қоқырдан құтылыңдар,
Әлемге желбіретіп Қызыл туды.
Бұғауын зұлымдықтың сыпырыңдар,
Арайлы азаттықтың күні туды, –

деп жар салды ақын. Самарқандтқа келіп советтік өмірге араласқан Айнидің «Октябрь маршы» атты өлеңі де революцияшыл тәжік жастарының сүйіп айтатын жырына айналды.

Жаңа өмірдің жаршысына өшіккен Бұхар әмірі Айнидің ағасын дарға асуға бұйырады. Сол қайғылы оқиғаға орай жазылған «Ағаның қазасына» атты шерлі өлеңінде Айни хандықты жойып, әмірді құлатуға шақырады. Сөзбен ғана емес, бүкіл іс-әрекетімен де феодалдық езгіге, ескі ғұрыпқа қарсы шығады, 1920 жылғы Бұхардағы революцияға белсене қатысады.

Сол жылы Садриддин Айни «Бұхар жендеттері» деген тұңғыш прозалық туындысын жазады. «Октябрьден соң қайта туғандай болдым» деп

Айнидің өзі айтқандай, үлкен дарын иесі зор шабытпен шыншыл шығармалар жазып, жариялай бастайды. 1924 жылы – «Одина, немесе тәжік кодейінің бастан кешкендері» повесін тәмәмдайды, тәжік халқының тұрмыс-салтын, өмір-тарихын егжей-тегжейлі, айқын да әсерлі суреттеу әдісі Айнидің осы туындысынан басталып, бүкіл творчествосының қымбат қасиетіне айналады. Бұл оның, әсіресе, 1927-29 жылдары жазылған «Батырақ», 1934 жылы шыққан – «Құлдар» атты романдарында айқын көзіледі. Мұнда жазушы тәжік халқының жүз жылға жуық тарихи өмірін қамтып, ұлттық тұрмыстың үлкен полотналарын жасайды. Екі жақты езгіде болған, діни нанымдар діңкесін құртқан халықтың ауыр өмірін ашына суреттеп, феодалдық құрылысқа лағнет айтады. Ал 1939 жылы жарияланған «Өсімқордың өлімі» повесінде адам жаны түршіккендей асқан сараңның образын шеберлікпен жасап, қанаушылықпен пайда табуға құныққан капиталистік құрылыстың құритындығын меңзейді.

С. Айнидің тарихи романдары мазмұнының маңыздылығымен ғана емес, халыққа түсінікті түр жаңалығы, көркемдегіш әдіс-амалдарының әсерлі де айшықтылығымен тәжік әдебиетінің жаңа дәуірін жасады. Айни «шығыстық» романның бұрынғы шарттылық заңдарын бұзып, өмірдің өзіндей еркін де шыншыл шығармалар тудырды. Сондықтан да ол тәжік совет әдебиетінде реалистік прозаның негізін салушы болып аталады.

Бұл ретте оған орыс әдебиетінің игі әсері тигенін, ұлы Горькийдің үлкен ықпалы болғанын Айнидің өзі айтады. «Горький творчествосы мені көп нәрсеге үйретті және турасын айту керек, менің совет жазушысы болып қалыптасуыма шешуші әсер етті, – дейді Айни. – Менің «Естеліктерім», совет оқырмандарының назарын аударған кітабым, ұлы қаламгердің «Балалық шақ», «Кісі есігінде» және басқа туындыларының тура ықпалымен жазылды».

Жазушының өзі «Естеліктер» деп атаған, ал Одақ оқырмандарына «Бұхара» болып танылған бұл туындыны тәжік халқының тарихи-әлеуметтік өмірін көркем түрде көрсеткен энциклопедия деп есептеуге де болады.

Иә, Садриддин Айни – советтік Шығыстағы Ұлы ғұламалардың бірі, тіл білімінің, тарих ғылымының зор білгірі еді. Шығыстың ұланғайыр тарихын шежіре етіп шертетін, ағайындас алуан тілде зерттеулер жүргізіп, шығармаларын тәжікше, өзбекше еркін жазған Айни – Тәжік ССР Ғылым академиясының Құрметті мүшесі, Өзбек ССР Ғылым академиясының Құрметті мүшесі, екі республикаға да еңбегі сіңген ғылым қайраткері болатын. Оның Орта Азия мен Таяу Шығыстағы басқа да бірнеше ұлттардың әдебиеті мен мәдениетіне арналған маңызды еңбектері бар. Сол себепті де оның есімі азаттық аңсаған Азия тарихынан көрнекті орын алады.

Садриддин Айни 1954 жылы дүние салғаннан бері де оның шығармалары көп тиражбен басылып шығып, халыққа кеңінен таралуда.

«Коммунизм нұры» газеті,
1968 жыл

ЗЕРГЕР АТАНҒАН АҚЫН

(А. Исаакянның туғанына 100 жыл)

Әрбір ұлы сөз суреткеріндей армянның үлкен ақыны Аветик Исаакян да туған халқының тұнық тіл байлығына жастайынан қанып өскен. Айастан атты елдің көп ғасырлық көне мәдениеті, әдемі табиғатындай әсем поэзиясы бары мәлім. Осындай асыл мұрасы бар халықты зерек Аветик анық үлкен ұстазым деп білген. Жас кезінде армян жыршылары – ғұсандарды құмарта тыңдағанын, қарт шаруа Григордың шебер айтылатын шежіресін зердесіне құйып өскенін өмірбаянында тебірене сөз етеді. Бұл болашақ ақынның бірінші мектебі еді. Он бір жасар Аветиктің өлең шығара бастауы да осыдан.

Аветик Исаакян 1875 жылдың 31 октябрінде қазіргі Ленинакан қаласында дүниеге келген. Он төрт жасында Эчмиадзин діни академиясында дәріс тыңдай бастайды. Сол кездегі белгілі ақын, беделді аудармашы Ованес Ованесян осында орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беретін. Демократ ақын өзіне өлең әкеп көрсетіп жүретін осы бір талапты студентке достық пейіл мен қарап, ақыл-кеңесін аямайды. Әсіресе, оның «көргенің мен сезгеніңді өлеңге өзек ете біл» дегені Аветиктің көкейіне қона кетеді.

Аветиктің нағыз мөлдір поэзия үлгісімен, ұлттық дәстүрдің даңғайыр жолымен – Хачатур Абовян және Микаэл Налбандян творчествосымен танысып, бұларды өзіне үлгі тұтуы да осы кез. Ол Абовян лирикасынан нәзік сыршылдықты, Налбандян шығармаларынан айқын шыншылдықты үйренеді.

Жас ақын ұлғат алған келесі бір кең арналы мектеп – орыс классикасы. «Бала күнінен бергі сүйікті ақыным – асуы Қазбектей, тасуы Дарьялдай Лермонтов еді. Оның өлеңдерін тебіреніп оқу өз шабытыма түрткі болатын» деп жазды Исаакян кейін. Студенттік қобалжуларға қатысқаны үшін қудалау көрген Аветик діни академияны аяқтамай, шетелге шығып кетеді. 1893-95 жылдары Вена мен Лейпцик университеттерінде әдебиет пен философиядан лекциялар тыңдайды. Білім жетілдіріп, бірнеше шет тілдерді меңгереді. «Коммунистік манифесті» түп нұсқасынан оқиды.

Елге оралған ақын азаттық жайлы батыл ойлармен келеді. Бұл кез армян халқының патшалық қысымына қарсы бой көтерген шағы еді. Аветик Исаакян да ұлт мүддесінен тыс қала алмайды, азаттық күресіне араласады. Бірақ ол 1896 жылы патшаға қарсы әрекеті үшін айыпталып, тұтқынға алынады. Бір жыл түрмеде отырғаннан кейін Одессаға жер аударылады. Мұнда ол алғаш рет Максим Горькийдің атын естиді. Алғашқы туындылары 1892 жылдан жарық көре бастаған жас ақынның өленді өндірте жазуы да дәл осы тұс. 1898 жылы оның «Жырлар және жаралар» атты тұңғыш кітабы баспадан шығады. Өлеңдерінің әуенділі-

ті, адам жанына әсер еткіш сыршылдығы Аветик Исаакянға бірден атақ-даңқ әкеледі.

Жинақтың «Жырлар және жаралар» деп аталуы тегін емес-ті. Бірінші-ден, Аветик Исаакян анығында көзбен көрген, көңілге түйген өмір көріністерін шымшым-жылы, шыншыл-сырлы жырға айналдырған. Екіншіден, түрік сұлтанның тепкісімен орыс патшасының езгісінде екі жақты қысым көрген Армения жаралы өлке болатын. Ел бойына езгіден түскен жаралар ақын көңілін шерлі еткен үлкен тақырыб болып, өлең тармақтарымен өрілген. Сондықтан Аветик Исаакянның:

Езілген, еңіреген елім – анам;
Отаным, сенің жараң – менің жарам, –

деп жазуы рас. Бұл тақырып – оның езілген елі азаттық алғанға дейінгі, Советтік Армения болғанға дейінгі бүкіл шығармаларының үзілмес арқауы.

«Алагяз жырлары» және «Ашут сазы» атты топтама өлеңдерінде тарих сырларына қанық ақын елдің ескісін қозғайды, бүгінгісін мұң етеді, келешегі түзелгей деп армандайды.

Келеді керуенім бұралаңдап,
Әрі жат, әрі жансыз құм аралда, –

деп халқы бастан кешірген ауыр тұрмысты азапты сапармен бейнелейді.

Сан ғасырлар жауымен алысып, жарадар болып келген армян халқының құлдықтан құтылу жолын ақын бірінші орыс революциясынан іздейді. «Қазір сонау Гималай тауларында», «Қанды кек пен әділ ыза кернеді»; «Бостандық қоңырауы» деген өлеңдерін жазып, тау халықтарын азыттық күресіне шақырады. Патша өкіметі Аветик Исаакянды үкіметке қарсы әрекет жасады деп айыптап, тағы да тұтқынға алып, түрмеге жабады. Бірінші орыс революциясының жеңіліп қалуына күреске шығушы ерлердің қанға бөгуіне, көтерілісшілердің аяусыз жазалануына ашынған ақын сол кезде «Әбіл Әли Маари» деген поэмасын жазады. Бұл шығармада Буржуазиялық қоғамның мерез салты мейілінше батыл әшкереленген. Көтерген тақырыбын көркемдік шеберлікпен шешуі жөнінен айтылмыш поэма армян поэзиясының ғана емес, әлем әдебиетінің де тамаша туындысы болып табылады. Патша цензурасы тиым салған поэма Европаның көптеген тілдеріне аударылып, басқа елдерге кең тарап кетеді.

Патша полициясы қатты қуғындаған Аветик Исаакян 1911 жылы шетелге эмиграцияға кетуге мәжбүр болады. Ақын Францияда, Германгияда өмір сүріп, туған елден алыста арманды ғұмыр кешеді. сол жылдары «Лилит» «Ли-Тай-по» деген аңыз әңгімелер жазып, жариялайды. Мұнда Шығыстың барша ақындарына ортақ дәстүрмен қаңғыма-ғаріп адам жайлы қайғылы әуенді көп өлеңдер жазады. Әдеттегі ғашық жарын сағынған жігіт орнына Аветик өлеңдерінде елін сағынған ер азамат

алынған. Ақынның «Шаршап-талған жолаушы», «Балалық махаббат», «Туған елдің түтіні» секілді өлеңдері елін ойлап елжіреген жүректің аянышты шеріне толы.

Аветик Исаакян лирикасы – армянның, назды-назалы, мұңды-зарлы классикалық поэзиясының, заңды жалғасы және аса биік жаңа белесі деп білу керек. Өзгені мақтай бермейтін Александр Блоктың өзі: «Исаакян – айта қалғандай ақын. Ескірмеген және ешкімге ұқсамайтын ондай талант тап бүгінгі Европада жоқ та шығар» деп жоғары бағалапты. Исаакян өлеңдерін ықыласпен аударуы да содан болса керек «Осы жерде айта кеткен жөн, А. Исаакянды орыс тіліне В. Брюсов, А. Ахматова, Б. Постернак, И. Сельвинский, Н. Тихонов тәрізді ірі ақындар аударған».

Ұлы Октябрь хабарын шетелде естіген Исаакян жаңа жігермен қалам ұштайды. Жеңген революцияның желбіреген туын елестете отырып, «Сасуннан шыққан Мгер» атты поэмасын Женевада жазып бітіреді. Мұнда ақын «Давид Сасунский» дастанының үлгісімен әділет үшін күресіп, халықтың қамын ойлаған армян батыры Мгердің ерлік істерін сүйсіне жырлайды. Туған жұрты туралы терең ой мен тебіреністі сезім бұл поэманың да өнебойына өзек болған.

Аветик Исаакян туған жерге, түлеген еліне 1936 жылы біржола келді. Отанына оралған ақын шабыттанбай қала алсын ба, Исаакян бұл тұста «Біздің шежірешілер мен жыршылар», «Отаным» деген жаңа өлеңдер циклін тудырады. Оның бұрынғы мұңды музыкасы жаңарған ел, жасарған жер сипатына сай күймен алмасады. Егде тартқан қаламгер ұзақ жыл дайындаған «Ұста Каро» романын жазады.

Советтік Арменияның гүлденген өмірімен жақынырақ танысқан сайын талант қуаты да мол ашыла түседі. Әсіресе, Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдары ақын творчествосының жаңа қырларын жарқыратты. Аветик Исаакян ел тағдыры сынға түскен тұста Алексей Толстой, Михаил Шолохов тәрізді асқақ сарынды мақалалармен ұлы майданға үн қатты. Ақын шығармаларында әуел бастан көзге түскен көркемдік шеберлік соғыс кезіндегі өлеңдерінде өткір қылыштай жарқыл қақты.

Нәзік шеберлік, нақышты ой өрнегі – Аветик Исаакянның бүкіл творчествосына тән қасиет. Сол себепті Арменияда оны «Варпет» деп атайды екен. Бұл – армян тілінде «Зергер» деген сөз. Халық айтса, қате айтпайды ғой, Аветик Исаакян – армян поэзиясының тамаша зергері. Үлкен де, жас та, оқырман да, сыншы да, достық кеңес кезінде де, ресми жиналыс үстінде де Аветик Исаакянды әрдайым осылай атайды. Өнерге зор жауапкершілікпен зор қараған ақын халықтан алған ыстық алғысы ғой бұл. Көзі тірісінде зергер атанған ақын екі рет Ленин орденімен наградталып, СССР Мемлекеттік сыйлығына да ие болған. Бұл күндері бүкіл елімізде оның өлеңдері тағы да тамсана оқылуда.

Аветик Исаакян 1957 жылы қаза тапты. Ақынның өзі өлгенмен, сөзі халыққа кең тарап, атақ-даңқы кең жайылуда.

«Социалистік Қазақстан» газеті,
1975 жыл

МУЗЫКА ӘЛЕМІНІҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ

Ұлы композитор, аса шебер пианист, терең сырлы дирижер Сергей Васильевич Рахманинов орыстың музыка мәдениетінің мақтанышы болып табылады. Глинка мен Чайковскийдің «Қуатты топқа» жататын композиторлардың халықтық шыншыл өнер дәстүрін одан әрі дамытқан Рахманинов орыс музыкасына өзіндік өрнегін салып, саф таза жаңашылдығын да танытты. Кемеңгер композитор адамның аса сырлы сезім күйі мен терең философиялық тебіреністі ойын өз шығармаларында шынайы да шебер бейнелей білді.

Сергей Рахманиновтың музыкалық мұрасы өте мол және жан-жақты. Ол музыка өнерінің барлық жанрында дерлік еңбектенген. Мәселен, фортепианолық музыка саласында 2 соната, 2 сюита, 24 прелюдия, 15 этюд-картина, оркестр мен фортепиано үшін 4 концерт жазған. Оның аты-шулы екінші концерті – Рахманинов творчествосының биік шыңы болумен бірге, фортепианолық концерт жазудың үздік үлгісі болып есептеледі. Кісінің тұла бойын шымырлата, бірден сезім тұңғиығына жетелейтін бұл мұңды-назды музыкалық дастанды – орыс көркемөнерінің інжу-маржаны, адамзат ақылы дүниеге келтірген ғажаптың бірі деуге лайық.

Көкірегінен күй саулаған композитордың мол мұрасынан романстар да үлкен орын алады. Ұлы орыс ақындарының асыл сөздерін жанымен түсініп жазған романстары шын тебіреніп шырқауға лайық әсем әуенділігімен баурайды. Рахманинов романстарын әншілік өнердің асқан шеберлері Шаляпин, Нежданова, Собиновтардың үнемі зор ықыласпен орындауы содан болса керек.

Дарыны дариядай шалқар Рахманиновтың қаламынан үш симфония, «Жартас» атты фантазия, цыган тақырыбына каприччио, «Қоңыраулар» поэмасы, «Көктем» кантатасы, бір актілі опералар туындаған.

Сергей Васильевич Рахманинов 1873 жылы 1 апрельде Новгород төңірегіндегі ертеден ақсүйек тұқымына жататын семьяда дүниеге келген (осы жай оның кейінгі өмір жолына кеселді әсерін тигізеді). Болашақ композитордың қабілет-дарыны ерте байқалып, анасы оны жас күнінен аспаптарда ойнауға баулиды. 1881 жылы Рахманиновтардың семьясы Петербургке көшіп келіп, келесі жылы тоғыз жасар Сергей осындағы консерваторияда оқуға кіріседі. 1885 жылдан бастап Москва консерваториясына ауысады да, 1891 жылы оқытушы А.И. Зилотидің фортепиано класын үздік тәмәмдайды. Содан соң бір жылдай көрнекті композиторлар С.И. Танеев пен А.С. Аренскийден композиция класы бойынша дәріс алады.

Сергей Рахманиновтың музыканы қабылдау, жадында тұту қабілеті адам таңырқарлықтай болған. Бұл табиғи тамаша қасиетке терең білімі

қосылған соң болар, Рахманинов консерваторияны бітірердегі емтихан жұмысы ретінде бір актілі «Алеко» операсын (Пушкиннің «Цыгандар» поэмасы бойынша) жазуға кірісіп, оны 17 күнде төмәмдап шыққан. Опера оқытушы-музыканттар қауымынан жоғары баға алып, Рахманиновқа үлкен Алтын медаль беріледі. 1893 жылдың апрелінде жиырмадағы жігіттің операсы Үлкен театрда қойылып, зор табыспен өтеді. Премьераға келген П.И. Чайковский: «Бұл әсем дүние маған қатты ұнады» – деп мақтайды. Сол жылғы күзде «Алеко» операсы Киевте автордың дирижерлық етуімен қойылады.

Бұл – Рахманиновтың дирижер таяқшасын алғаш ұстауы еді. Ал 1904-1906 жылдары Сергей Васильевич Үлкен театрдың дирижері болып, Глинка, Мусоргский, Чайковский операларының сыры мен сымбатын жарқыратып аша біледі.

Консерваторияны бітіргеннен кейінгі алғашқы жыл жас композитор үшін соншалық жемісті болған. Рахманинов «Жартас» фантазиясын, екі фортепианоға арналған алғашқы сюитасын, «Жылама сұлу», «Көктемгі сулар» романсын, Чайковскийді еске түсіретін «Назды триосын» «(скрипка, виончель және фортепиано үшін) жазып үлгереді.

Рахманинов өзінің құрдасы Ф. Шаляпинмен достасып, А. Чеховпен жақын қарым-қатынаста болған. 1900 жылы Л. Толстоймен кездесіп танысады. Кейін М. Горький, И. Бунин, А. Куприндермен жүздесіп, әңгіме дүкен құрған. Мұндай таныстық Сергей Васильевичтің әдебиетке деген ынта-пейілін күшейте түскен. Ол Пушкиннің «Сараң-сері» трагедиясы мен Данте дастаны негізінде екі опера жазады. Олар 1906 жылдың январында Үлкен театрда автордың өз басқаруымен қойылады.

С.В. Рахманинов орыстың музыкалық қоғамының вице-президенті, орыстың музыкалық баспа советінің мүшесі ретінде музыка өнерін дамыту жолында үлкен қызмет атқарады. Студенттерге көмектесіп, кедей артистерге жәрдем жасау үшін көптеген ақылы концерттер қояды. Бірінші дүниежүзілік соғыста жараланған солдаттар мен өлген жауынгерлердің семьялары үшін де көп қаржы жұмсайды.

Сөйткен композитор 1918 жылы қателік жасап, шетелге шығып кетеді. Ол өмірінің соңғы 25 жылын Америкада өткізеді. Бұл кезде оның шабытында біраз кідіріс болады. 1927 жылы – Төртінші концертін, 1934 жылы – «Паганини тақырыбына рапсодиясын», 1936 жылы – үшінші симфониясын жазады.

Отаннан қол үзудің өшін рояль пернелерінен алғысы келгендей Рахманинов аса бір кіжінген концерттер қоюға берілді. Оның фортепианода ойнап, сахнаға шығуы 1901 жылы атақты Екінші концертін елге танытуда басталған болатын. Ал Америкада ол орындаушылық шеберлігін ширек ғасыр шыңдап, үдетумен болды. «Әлемнің бірінші музыканты, фортепиано алыбы» атанды.

Туған жерден кеткенмен туған елдің тағдыры ойшыл өнер иесін толғандырмай қоймайды. Ұлы Отан соғысы жылдары С.В. Рахманинов бірнеше арнайы концерттер беріп, одан түскен қаржыны жаралы қы-

лыл әскерлерге көмек ретінде совет консулына тапсырып, елге жеткізуді өтінді. Ол Совет Армиясының жеңіп шығатындығына күмәнданған жоқ.

С.В. Рахманинов 1943 жылы 28 мартта 70 жасына үш күн қалғанда, музыка құмарпаздары сол күнді айрықша атап өтуге әзірленіп жатқанда Америкада қайтыс болды.

Кемеңгер композитордың кемелді мүшел тойын – туғанына 100 жыл толуын ертең советтің бүкіл мәдени қауымы, дүние жүзінің музыка әлемі зор салтанатпен атап өтпек. Сол салтанатты сәттерде Сергей Рахманиновтың өз музыкасы ерекше естілері сөзсіз.

Целиноград, «Коммунизм нұры» газеті,
Апрель, 1973 жыл

Әңгіме

Петр РОДИМОВ

КРЕСТ СЫРЫ

Мен 1920 жылдың августында бір топ жолдастармен бірге Ставрополь губерниялық төтенше комиссиясында (ГубЧК-да) жұмыс істеуге жолдама алдым. ГубЧК-нің сол кездегі бастығы – бұрынғы путиловтық жұмысшы, ал кейін ВЧК коллегиясының бірінші секретары Василий Степанович Савинов еді. Жасы елуден аса қоймаған сияқты көрінсе де, жарасымды, шашы күмістей аппақ.

Біз оған астанадағы ВЧК-ның орталық аппаратындағы жағдай туралы егжей-тегжейлі әңгімеледік.

– Ал мұндағы біздің жағдайымыз онша жақсы емес, – деді Савинов – Бір жеті бұрын алыпсатарлар шайқасын аштық, одан соң арандатушыны тұтқындадық. Бір сөзбен айтқанда, күн ғана күйдіріп тұрған жоқ.

Күлімсірегендей болды.

Жолдастардың әңгімесінен мен Василий Степановичтің 1906 жылдан большевиктер париясында мүше екенін, әлденеше рет жер аударылғанын, ал Путилов заводында Михаил Иванович Калининмен қатар жұмыс істегенін біліп алған едім. Өмір, күрес оны жұмыс барысында үндемес болуға үйреткен-ді, егер ол Ставропольда «ыстық» деп тұрса, істің дол солай болғаны. Тез арада бұған өзімнің де көзім жетті.

Көп ұзамай-ақ ГубЧК-ға секем аларлық хабарлар жете бастады. Бір комсомолка жексенбі күні базарда ішіп алған еркектердің әңгімесін естіпті.

– Сен қайғырма, Матвей, – дейді біреуі екіншісіне, – олардың өкіметі кешікпей бітеді, біз тағы да жерді өз қолымызға аламыз.

– Кет... – деп қолын сілтейді екіншісі.

– Дін атсын, ақиқатты айтамын, – деп иландырады біріншісі, – бәрің бауыздаймыз да асамыз, бүкіл қала қаптаған дар болады.

Бұл хабар ГубЧК-ға сезікті күшейтті. Бүкіл губерниялық аппаратты аяғынан тік тұрғыздық. Кешікпей әлгі белгісіздердің біреуінің ізіне түстік. Оны милиция қызметкерлері айтылмыш белгісі бойынша базардан тапты. Оны ұстамауға ұйғардық, тек тұрағын анықтау қажет. Бей танысымыз Ставропольден жеті шақырым Старомарьев станциясының тұрғыны болып шықты.

Бұл станцияға бұрын Шкуро мен Мамонтовқа қараған казактардың ұялағаны анықталды, бүліншілікті дайындап жатқан да солар. Бүлікшілерге кулактар мен қылмыскерлер қосылған. Сөйтіп бүлікшілер Ставропольға кез келген минутта шабуыл жасай алатын еді.

Ол екі арада оқиға өте жылдам өрбіп жатты.

Бірде мен үйге түскі тамаққа келе жаттым. Үйге жақындадым. Қызмет дағдысы бойынша айналаны шолып шықтым, тіпті дуалға да көз салдым. Не көрдім десеңізші: қақпаға бормен үш крест салыныпты.

«Қызық, бұл не болғаны сонда? – деп ойладым мен. – Кеше ол жерде ондай крест жоқ-ты, бүгін пайда болыпты. Ойын баласы оны салмас еді – бойы жетпейді»...

Бұл үйде менен басқа тағы екі оперативтік қызметкер – Бобров пен Рождественский тұратын. Мен әлгі оғаш белгілерге тағы да қарадым. «Бұл крестеріңнің өзі бізге қатысты емес пе..» – деген қауіпті ой келе қалды. Денем мұздап қоя берді де, неге екенін білмеймін, үйге бармай, көше бойлап кеттім. Мен ГубЧК қызметкерлері мен қалалық партия активистерінің бәрін біліп алған болатынмын, тіпті олардың қайда тұратынын да білетінмін. Бірінші кездескен үйдің, біздің қызметкер семьясымен тұратын үйдің, қақпасынан да крест көрдім. Тағы сол ересек адамның қолы ғана жетердей жерде. Мен бірнеше үйді шолып шығып, біздің қызметкерлер немесе партия қызметкерлері тұрған үйлердің бәрінен де крест таңбасын таптым.

Мұнда бір гәп бар екен дедім де, ГубЧК-ға бет алдым.

Мені тыңдап болған Савинов сол жерде қызметкерлерді кеңеске жинап алды. Мен көргенімді, ойларымды мәлім еттім. Менімен көрші пәтердегі Бобров мені күлкі қылып, Пинкертон деген ат тақты. Жұрттың бәрі күлісті.

– Ал сіздер, жолдастар, Родимовтың маңызды дабылын бекер күлкіге айналдырасыңдар, – деп салды Савинов. – Біздің есіктерімізге бұл крестерді кім және не үшін салғанын осы бүгіннен бастап анықтауымыз керек.

Біз тарай бастадық. Мен қаланы аралауға шықтым. Ойлай-ойлай алаңға келіп тоқтадым. Шылым шектім. Маған қарасты аймақта екі тігінші, шаштараз, етікші және жалғыз басты қартаң әйел – Анастасия Ивановна Клочкова бар еді, ол қарты ашып болжайтын. Осы кісілердің алдынан көп халық өтетіні, келушілер уақытын өткізу үшін олармен әңгімелесіп, ал Анастасия Ивановнаға тіпті жан сырын жайып салатыны белгілі. Мен бәрінен бұрын солар арқылы бірдеңе білсем керек.

Бақылауымды тігінші осетин Ванодан бастадым. Есікті қалай аштым, ескі столдың ар жағынан маған қарсы, қолдарын уқалай, үй иесі тура келді. Шағын бойы, жалтыраған қасқа басы, тым ойнақшыған жағымсыз да қуақы көздері, көбелек галстугі, қара костюмі оны лакей сияқты елестетіп көрсетті.

Мен одан Ставропольдағы болған таңертеңгі кісі өлімі туралы қаншалықты хабардар екенін сұрастыра бастадым. Менің алғашқы сөздерімнен кейін-ақ Вано біртүрлі қамыққан кейіпке түсе қалды. Орындығын ыңғайлап, жақын келіп отырды. Ол мені, жалтыр басын шайқай отырып, ұнамсыз түрде тым еміне тыңдады.

Мен әңгімемді аяқтадым да жауап тосқан күйде Ваноға қарадым. Ол оршама үнсіз отырып қалды, бірдемені есіне түсіргендей маңдайын жыырды, сонан соң ақырын ғана сөзге кірісті.

Жоқ, қымбаттым, білмеймін. Сізге не айта алам, мен жұмысшы емін, ұзақты күн үйде отырдым, жұмыс күттім, ал жұмыс жоқ.

Содан ол өз басына түскен қазіргі ауыртпашылық туралы айта бастады.

Келесі тігіншіге, етікшіге де, шаштаразыға да барған мен жолым болмады. Шаршап, қалжыраған, аш күйімде көздеген адамдарының соңғысы – Анастасия Ивановна Клочковаға келе жаттым. Оның қисая бастаған шағын ғана ағаш үйі қаланың шетінде болатын.

Анастасия Ивановнаны үйінен таптым. Ол бір ақылды, қайырымды егде әйел еді. Мен бұған дейін де оның үйінде болып, қиыншылығы мол өмір жолын біліп алғанмын. Шкуро атты әскерлерінің шапқыны кезінде ақтар Анастасия Ивановнаның жалғыз немересін азаптағанын білген болатынмын. Оның ауыр жараланған қызыл командирді ұзақ уақыт үйінде жасырғанынан да хабардар едім.

Мен онымен ашығырақ сөйлестім. Ашықтығым – аңғырттықтан емес еді, мен бұл әйелді адалдығына, маған деген мархабатты құрметіне сенімді едім, сондықтан мен оған тура сұрақ қойдым:

– Айтыңызшы, Анастасия Ивановна, сіз соңғы күндері қалада біреулердің қару жинап, жаппай қырғын ұйымдастырмақ ойы бары немесе сондай тағы бірдеңе жасамақ болғаны жәйлы ештеңе естіп, білдіңіз бе?

Анастасия Ивановна күні бойы тыным көрмеген қолдарын стол астына жасырып, бойын тік ұстаған күйде ойға қалды:

– Жоқ, шырағым, ондай ештеңені естігем жоқпын...

– Анастасия Ивановна, – дедім мен оған жаңа сауалмен, – бәлки, сізге әлдекім, айталық, күйеуі, баласы, әкесі жөнінде қам жеген әңгіме айтқан болар? Өйткені сізге өз тағдырын білгісі келіп жолыққандар жан дүниесін ашады ғой...

– Әйтпегенде ше, – деп жанданды ол, – мен олардың маған неге келгенін білуім керек қой, – әйтпесе карт та ештеңе айтпайды ғой.

Анастасия Ивановна соңғы күндері өзіне келгендерден не естігенін тәптіштеп айта бастады, бірақ ол әңгімелерде әлі де болса мені қызықтырғандай ештеңе жоқ еді. Сондықтан мен бұдан әрі не істеуді, енді қайда

бару, кіммен кеңесу керектігін ойластырып отырғам. Сол екі арада Анастасия Ивановна өзінің көршісі – айы-күні жетіп отырған әйел жәйлі айта бастады. Оның күйеуі Ставрополь полкінде қызыл әскер қызметінде. Фамилиясы – Прохоров, ал әйелін Авдотья деп атайды.

– Міне, сол көршім көз жасын төгіп, таң атпай жүгіріп келгені, – деп сөзін жалғастырды Анастасия Ивановна – күйеуіне карта аш. Ол кетерінде үйге қонбайтынын, әлдекімдерді тұтқынға алатынын айтып еді.

– Тұтқындау? – деп ұйқыдан оянғандай қайта сұрадым, кенеттен өзіміздің дуалдағы крестерді ап-анық көре қойдым. «Мұнда ешқандай байланыс жоқ па екен? Әлгі солдат бүгін кімді тұтқындамақ және бізсіз? Оның полкі астыртын әрекетке қатысты болудан аман ба?»

Мен полк командирі Павловтың – бұрынғы патша әскерінің полковнигі, азамат соғысының бас кезінде Совет өкіметі жағына шыққан жан екенін білетінмін. Полкта патша әскерінің басқа да көптеген офицерлері болатын. Біз Павловтың, басқа офицерлердің де Совет өкіметіне берілгендігіне сеніп жүрсек те, менің көңіліме күдік келе қалды. Тұла бойым тағы да мұздап сала берді. Астыртын әрекеттің ізіне түскенім бе?

Аяқталмаған.

Опера театрында

САРАЙ ШАЙҚЫМАЗАҒЫ ЖЫЛАЙДЫ

(«Риголеттоны» тыңдағанда)

Музыка әлемінде «Үш жұздыз шоғыры» атанған үш опера бар. Олар – Джузеппе Вердидің «Риголетто», «Трубадур» және «Травиата» опералары. Басты кейіпкерлері қарапайым да қасіретті жандар болып келетін, өмірді шыншылдықпен бейнелеп, адамның жан дүниесін тереңнен көрсетуге ұмтылатын бұл музыкалық драмалар әлемнің барлық опера театрларында жүз жылдан аса жүріп келеді. Олар Қазақтың академиялық опера және балет театрының репертуарынан да тұрақты орын алған. Гастрольға келген труппа сол үш жұлдыздың екеуін Целиноградқа әкеліп отыр. 7 январьда біз «Риголеттоны» тыңдадық.

Бұл опера Виктор Гюгоның «Король масайрайды» деген драмасы бойынша жазылған. Пьесаның әлеуметтік теңсіздікті әйгілейтін идеясы, елді билеп-төстеушілердің сорақы қылығын әшкерелейтін оқиғасы композиторды қатты тебірентіп, Верди операны 40 күнде жазып шыққан. Және шығарманың бас кейіпкері етіп, аузында әзіл, көзінде жас, көкірегі шерлі шайқымазақ (шут) бейнесін алған. Оның Трибуле дейтін Французша есімі Риголетто болып итальянша өзгертілген. Операның аты содан туып отыр.

...Дирижер таяқшасы серпілісімен күңіренген күй біртін-біртін күшейе түседі. Тұнжыраңқы музыка әлдебір қатер барын хабарлағандай. Бұл – операның шағын прелюдиясы.

Енді бір сәтте сылқым әуен сылқ-сылқ күліп, шымылдық сырыла береді: Герцог Мантуанскийдің сарайындағы салтанатты балдың үстінен шығамыз. Сарай нөкерлері би билеуде. Жағымпаздар қоршаған жас герцог түнгі жортуылдарын айтып мақтанады. Енді оның көңілі графиня Чепраноға құлап тұр. Шайқымазақ Риголетто мұндайды бос жіберсін бе, граф Чепраноны шымшып өтеді.

Ақсүйектердің әулекі жиынына қарт граф Монтероне келеді. Манағы қаһарлы музыканы қайта естиміз. Қарт нөкер Герцогты қызымның абыройын төктің деп сөгеді. Мұның жауабын оған Риголетто беріп, қасақана қылжақтайды. «Біреуге ор қазба, ор қазсаң, зор қазба» деген, күні ертең Риголеттоның өз басына осындай қасірет келерін қайдан білсін. Ол тек Монтероне бұларға қарғыс айтқан тұста қалтырайды.

Осы арада Монтероне роліндегі Михаил Дейнеконың әсерлі ойынын атап өту керек. Мұның алдында дон Базилионы ойнаған бас дауысты әнші өзінің вокальдық және артистік шеберлігін тағы да айқын танытады.

Риголетто партиясын атқарушы РСФСР-дің еңбек сіңірген артисі Николай Дмитриенко спектакльдің өн бойына көрерменді тартып отыратын аянышты образ жасай білген. Атақты «ля-ра, ля-ла» әнін айтып келетін сценадағы, қанды кекке серт беретін сәттегі Риголетто-Дмитриенко әрекеті анық тебірентеді. Келемеж орнына кеңкілдеп жылайтын тұсы әсерлі.

«Риголеттоны» тыңдаушылар Герцогтың әйгілі әнін естігенше құмар болып отырады да, ақыры 1Y актіде тыңдап рахаттанады. Жас тенор Ярослав Шавковойдың орындауында ол аруларға деген көңілі алақұйын герцогтың сыйқырлы сыры болып естіледі.

Бұл сырды естуге Джильда сұлу да өте құмар. Бірақ мұны есту оның бүкіл үмітін үзіп, асыл арманына соққы болып тиеді. Осының алдында ғана Джильда мен Герцогтың шат-шадыман дуэтін тыңдап едік. Джильда – Сәуле Құрманғалиева әсіресе «Жүрегім қуанышқа толы» атты арияны шырқағанда сезімі мөлдір, сенімі күшті жас ғашықтың жарқын бейнесі көрермендер көңілін баурап, құлақ құрышын қандырады.

Тың игерушілер сарайына жиналған көпшілік «Риголетто» операсын ықыласпен тыңдап, ырзалықпен қол соқты.

Целиноград, 1974 жыл

ЦЕЛИНОГРАДЦЫ СЛУШАЮТ ОПЕРУ

Наш прославленный Дворец Целинников часто принимает известных артистов и лучших коллективов страны. Если в прошлом юбилейном году в золотом пшеничном Приишимье побывало 150 профессиональных коллективов Советского Союза и дали более 1500 концертов, то их выступление либо начиналось, либо заключалось во Дворце Целинников.

Первая декада нового года обрадовала целиноградских любителей музыки. С 5-10 января во Дворце Целинников прошли гастроли Казахского Государственного ордена Ленина академического театра оперы и балета им. Абая. Мы знаем, что в числе пяти передовых оперных театров страны награжден Почетным знаком ЦК КПСС, Президиума Верховного Совета СССР, Совета Министров СССР и ВЦСПС. Весьма отраден был и другой факт: ведущие солисты театра – народные артисты СССР Роза Джаманова и Ермек Серкебаев, залуженный артист республики Василий Яковенко перед новым годом были удостоены звания лауреата Государственной премии Казахской ССР имени Куляш Байсеитовой. Все три лауреата с воодушевлением пели на первом концерте, которым открылись гастроли.

Целиноградцы тепло принимали выступление и молодых артистов: меццо-сопрано Людмилу Асланову, тенора Ярослава Мавкового и солистов балета: Розы Даулетияровой, Гули Юсуповой и заслуженного артиста республики А. Асылмурадова.

На гастроли в Целиноград театр привез четыре спектакля «Севильский цирюльник», «Риголетто», «Травиата», «Чио-Чио-Сан». Зрители были покорены отточенным мастерством Ермека Серкебаева прекрасно исполнявшего роль Фигаро, чарующего голосом Рози Джамановой, от души ведущие партии мадам Батерфляй. С большим интересом слушали и «Риголетто» – Сәуле Курмангалиеву (Джильда) в «Травиате» – Ларису Штанько (Виолетта). Лауреатка Всесоюзного конкурса вокалистов была особенна хороша в сцене, где Виолетта погружается в мечты, в грезы о настоящей любви. Большим откровением для слушателей стал молодой бас Михаил Дейнеко. Его мощный, льющийся голос, его исполнение партии дона Базилио, графа Монтероне очень понравился ценителям классической музыки.

Алма-Атинские мастера оперного и балетного искусства по многочисленным заявкам зрителей областного центра и его окрестностей 10 января дали Большой заключительный концерт. Зрители, с наслаждением слушавшие любимые арии, кабанере, каватины, горячо апплодировали артистам.

Все четыре спекталя гастролировавшей группы были показаны по Целиноградской телестудии и тысячи тружеников села смогли приобщиться к «серьезной музыке».

Целиноградская областная газета «Целиноградская правда».

АҒАЙЫННЫҢ ӨНЕРІ ӨСЕР ЖОЛДА

Бүрнағы күні тың игерушілер сарайында болған Қырғыз ССР-інің Қарамолда Оразов атындағы ұлт аспаптар оркестрінің концертіне көрермендер көп жиналды. Оркестр коллективі мырзалықпен өнер көрсетті, оған көпшілік ырзалықпен қол соқты.

Сахнаға алдымен шыққан әнші Кеңес Қожамқұловтың керім толғайтын, келісті даусы бар екен. Ол Әйталиевтің «Нарыннан жазған хат» деген әнін нақышына келтіре орындады. Әбілғазиевтің «Шопан әні» де көрікті жайлаудың қоңырсалқын самалындай есіліп естілді. Баритон дауысты әнші басқа ұлттар әнін де еркін айтады екен. Оның орындауындағы В. Мураделидің «Бухенвальд дабылы» мен А. Бабаджаняннның «Тосу» әні тосырқатқан жоқ жүртты.

Сол сияқты Қырғыз ССР-інің еңбек сіңірген артисі Гүлшаһра Уалиуллина мен жас әнші Сабира Құраншиеваның да құлаққа жағымды даусы, көңілге қонымды орындаушылық өнері бар. Өз ерекшеліктері де бірден білінгендей, Гүлшаһра қуақы үнді, күлдіргі әнді әсем орындайды. Мәселен, ол өзбектің «Қайларға барайын?» әні мен қазақтың «Қыздар-айын» қызықтыра, қыздыра айтты. Ал кең үнді, зор дауысты Сәбира қырғыздың қырық құбылатын өз әндерін орындауға шебер.

Концерттің көркін ашып тұрған, әлбетте, комызшылар ансамблі. Жастар мен студенттердің Москвада өткен Бүкіл дүниежүзілік фестивалінің лауреаты болған бұл коллектив өздерінің кереметтей орындаушылық шеберлігімен көрермендер көңілін баурап алды. Халықтан шыққан табиғи таланттардың тамаша өнеріне еріксіз ырза боласың!

Осының бәрінде оркестрдің көркемдік жағын басқарушы және бас дирижері Қырғыз ССР-іне еңбегі сіңген өнер қайраткері Асанхан Жұмахметовтың қол таңбасы көрініп тұр. Сырт көзге сыпайы дирижер өз ісіне өте жетік. Ол оркестр орындаған әрбір шығарманы терең сезініп, тебіренe жүргізіп тұрды. Оркестр, әсіресе, Қарамолда Оразовтың «Мерекелік шалқымасы» мен Тоқтағұл Сатылғановтың «Мың қиялын» мың құбылтып ойнады. Сондай-ақ Моцарттың «Түрік маршы» мен Брамстың «Венгер биі» де өзінің шебер орындаушысын тапқандай. Жалпы бұл коллективтің миниатюр шығармаларды ұтымды орындайтындығы байқалады.

Қысқа түйіп айтсақ, қырғыз бауырлар қызықты да мазмұнды ойын көрсетті. Ағайынның өнері өсер бағыт, өрісті жолда келе жатыр екен.

Целиноград қаласы, «Коммунизм нұры», 1969 жыл

Көркемөнер күнделігі

ӨНЕР САПАРЫ

«Қазақконцерт» артистерінің қаламызда болған ойынына қазақ көрермендері тағы да мол жиналды, тағы да үлкен құрмет көрсетті. Соған орай астаналық артистер де өз өнерлерін көрсетіп бақты. Әсіресе концертті жүргізген Күләйла Майтпасова жай хабарлаушы ғана емес, көркемсөз оқуға да бейім. Кесірлі келін мен Майбике жеңгей туралы тақпақтарды жақсы оқыды. Тек «Партбилет» өлеңін сықақтар арасында сыналамауы керек еді. Содан соң: әр номерді бірыңғай қатты дауыстап хабарлай беруі де келмей тұр.

Михаил Ковалев дарынды артист екен: «Дайрабай» күйін баянда бабына келтіре орындады. Ал Айса Шәріпов «Саржайлау» мен «Адайға» қоса Моцарттың «Түрік маршын» да домбырада шебер шертті. Әттең, Огинскийдің «Полонезінің» сырлы сазына жете бере алмады.

Музыкалық нақыш, ұлттық бояу тұрғысынан алғанда мәдениетті өнер көрсеткен Мәдениет Ешекеев болды. Ол кәдімгі халық әншілерінің өнерін осы күнгі сахнаға сай етіп меңгергендей. Заман талабына лайықтап әлі де болса жетілдіре берсе жақсы. Тынысы кең, дауысы еркін бұл әншіге жұртшылық 8 ән айтқызды.

Көрермендер Қазақ ССР-не еңбегі сіңген артист Рабиға Есімжованы қызу қарсы алып, сахнада ұзақ ұстады. Арнайы сұраумен сүйікті әндерін айтқызды. Әншіге әсем гүл шоқтарын ұсынды.

Р. Есімжанова басқарған артистер бригадасы енді Есіл, Жақсы, Макин аудандарын аралайды. Әнші жерлесіміз осы сапарда өнерпаз сіңлілерін көп көріп, өнер жолына жетектей жүрсе, жақсы болар еді.

Целиноград қаласы, 1969 жыл

Достық әзіл

АҚ КӨҢІЛМЕН

(Жарасбай мен Қазинаға)

Жарасбай, Қазинамен жанай өттің,
Достықты көк болаттан қалай кеттің.
Сырластар ойға-қырға соқса-дағы
Шын менің жақыным, – деп балай өттім.

Келінді от-жалын деп мақтан етем,
Өмірде әділдікті жақтап өтем.

Көңілім көктем болып жаралыпты,
Достықты нақ шілдеге қақтап не етем?..

Көңлімді дауалатса қатар-теңін,
Аппақ боп әрбір таңда атар күнім.
Өзімнің ақ арманым орындалса,
Өлсем де тірі болып жатар гүлім!

Өмірім әлде ұзақ, әлде қысқа,
Ұқсатам өздеріңді көлде құсқа.
Бірің кеп, бірің ұшып жатсаң-дағы –
Бәріңнен алып қалам жаңа нұсқа.

Кейбірің назар салып бұрыларсың,
(Дос үшін кедергіге ұрынарсың).
Асығыс жаным толқып туды шумақ,
Өзімнен от жүрегім бұрын барсын!

Сәлеммен,
Төлеген БАҚТЫБАЕВ

ШИРАҚТЫҚ

Ұстаз туралы сөз

1

Төлеген – қазіргі істі соңыраға қалдырмайтын кісі. Ертеңгі сабақтарға әзірлікті түскі астан соң шапшаң тәмәмдап тастайды. Тек бүгін балаларға деген дәріс дайындығына қоса үлкендердің саяси сабағына да қамдануы қажет.

Педагог-насихатшы Төлеген Бақтыбаев мектептен шығып, үйіне беттеген күйі осыны ойлап келеді. Қатты ойланып кеткен. Кезіндегі әдетінше қабақтары түйіліңкіреп, екі сызық біліне қалған...

Төлеген – әншейінде әзілқой, ойнақы жігіт. Күлдіргі әңгімелерді көп айтады.

– Бірде, – дейді ол жүзі күлім қағып, – совхозға келген бір өкіл шағындау мектептің шарғылау басшысынан: «Қашаннан бері директор болып істеп жүрсіз» деп сұраса керек, сонда анау: «Бала күнімнен директормын» депті ғой. Сол айтқандай, – дейді Төлеген, енді өзі маңыздана қалып, – мен өзім завуч болғанымнан бері насихатшымын.

Қуақы жігіттің бұл сөзінде астар бар. Алғабас сегізжылдық мектебінде он жылдан артық оқу ісінің меңгерушісі болған-ды. Жазу-сызуға ше-

бер, есепке жүйрік жігіт сабақ кестесін жасаудан, сағат тілін қадағалаудан ұзақ уақыт босамай қойған. Сол жылдар бойына коммунистік тәрбие жөніндегі теориялық семинардың жетекшілігін де қоса атқарды. Шебер насихатшы, жалынды үгітші ретінде Төлеген Бақтыбаевтың есімі осы Алғабас аулында шықты. Ауданнан асып, облысқа да танылды.

Бүгінде «Өндіріс» сегізжылдық мектебіне директор болып келген. Өзінің туған аулына қайта оралған қадірменді азаматтың көңілі әлі де болса Алғабасты төңіректейді. Ұлы Оқтябрьдің елу жылдығы, СССР-дің жартығасырлық жарқын тойы тұсында өткізген саяси сабақтарын еске алады. Алғабастың қарт тұрғындары – Советтерде 33 жыл қызмет еткен Қапар Саржанов пен екі бірдей «Отан соғысы» орденін иемденген Таңқы бай Ахметовты семинар сабақтарына қатыстырып, қалай сөйлеткенін ойлайды...

– Бақыт, – деді Төлеген үйіне кірген бетте, – осы әлгі магнитофон лен-таларын қай жерге қойып едік.

– Иә, сосын, – деп қағыта қарсы алды келіншегі. Күйеуінің күнде бір деңе ойлап тауып, әбігер ала келетінін білетін жұбай назы бұл. – Әлде менің мына сыбырлап қалғанымды жазып аласың ба. – Ақ қабақ әйел шалқалай күлген болады, бірақ үні шықпайды: тамағының лепсісі ұстап қалған.

Кісі көңілін танығыш Төлеген зайыбының әзілкештеу күйіне ауыса қойды.

– Сыбырлақ әйелді емес, қырылдақ ағайды жазамыз, – деп төрге озды.

Магнитофон лентасын қосыла іздеп еді, екеуі де олжалы болып қалды. Қалтарыста жатқан бір үнді шайын тапқан Бақыт тура ақ шәйнегіне ұмтылды.

Шифонердің жоғарғы сөресінен тапқан екі қалың дәптерді қайта-қайта аударыстырып Төлеген әлі отыр. Түп нұсқалардың оқу кезінде жасаған конспектілері. Біреуі «Материализм және эмпириокритицизм» кітабы бойынша. Өзінің мәттағам түсіретін маржан жазуы көзге жылы ұшырайды. «Бірінші, екінші, үшінші» бөлім деген тұстары тайға таңба басқандай». Ал, төртінші бөлімін толық түсіне алмадым», – деп анығын айтып еді философияны оқып-үйреніп отырған жолдастарына. «Ойбай-ау, насихатшымыз сөйткенде біз қайтеміз», деген тыңдаушылардың біреуі. «Ең бастысы, марксизм мен махизмді шатастырмайтындай болдық қой, сол жетпей ме», – деген басқа бір байыпты тыңдаушы. Төлеген соны есіне алып, жымиып қойды. Екінші дәптер де В. И. Ленинның «Халық достары» дегеніміз кімдер және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі» деген еңбегі бойынша конспекті. «Күреседі» деп бекер жазған екен-ау» – деп ойлады Төлеген. – Орысша «воют» деп тұр ғой. «Жауласады» деген сөз емес пе.

– Шайыңды іш, мен кетемін, – деді осы кезде Бақыт. Әйелі мектептегі ұзартылған күн тобында тәрбиеші болатын.

– Мен де мектепке барамын. Кабинетте отырып дайындаламын.

Төлеген алыстан көріп келеді: бөлімше кеңсесі алдында өзі апарып ілген хабарландыру сонадайдан көз тартады. Ашық қызылмен жазылғаны жақсы болған екен. Ертең осы бөлімше кеңсесінде жақсы саяси оқу жылының алғашқы сабағы өтетіні хабарланған-ды.

Өзі мектепте мұғалімдер арасында теориялық семинар жүргізеді, ал бөлімше еңбеккерлері арасында марксизм-ленинизм негіздері мектебіне жауч Мағария Сәлімов жетекшілік етеді. Алғашқы сабақ КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдастың Москва қаласындағы Бауман сайлау округының сайлаушылары алдындағы сөзіне арналғандықтан екі насихатшы өз тыңдаушыларын бір жерге жинауға келісті. Цехтық партия ұйымының секретары Иманзада Иманжүсіпов баяндаманы Бақтыбаевтың жасауы жайында ұсыныс енгізді. Содан бері Төлеген толғаныс үстінде жүр. Алғашқы сабақты әсерлі де мазмұнды өткізуді ойлап толғанады.

Жазда сайлаушылардың Л.И. Брежнев жолдаспен кездесуін хабарлаған, сол кездесудегі сөзін жариялаған газеттерді бөлек алып қойып еді. Қазір міне, кабинеттегі стол үстіне сол газетті жайып салып, Леонид Ильчтің терең мағыналы сөзін зор бейілмен оқуға кірісті. Аса мәнді тұсына белгі қойып, тыңдаушыларға толық жеткізуге тиісті сөйлемдердің астын сызады. Бір оқып шыққаннан кейін Төлеген қалам-қағаз алып, ертең саяси сабаққа қатысушылар алдында айтар сөзін жазуға кірісті. Ол өзі қағазға қарап сөйлемейтін болса да негізгі ойларды тезистер түрінде жазып алмай жұрт алдына шыққан емес. Міне, Л. И. Брежнев жолдастың сөзі бойынша да он қағаз етіп ой тізбектеді. Сөйтіп отырғанда бағана балалардан шақыру жіберген кісілері – пенсияға шыққан үш ардагер, қарт коммунистер келді мұның кабинетіне.

2

15 октябрь. Кешкі сағат жеті. Өндіріс бөлімшесінің кеңсесіне 40 кісі жиналды. Он екі мұғалім – теориялық семинар тыңдаушылары. Жиырма сегіз еңбеккер – марксизм-ленинизм негіздері мектебіне қатысушылар. Насихатшы Төлеген Бақтыбаев алғашқы сабақты бастап та жіберді.

Бірінші сабақтың тақырыбы – «КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л.И. Брежнев жолдастың сайлаушылар алдындағы сөзін оқып-үйрену». Насихатшы зейінді тыңдаушылардың көз алдына жазды-күні өздері көгілдір экраннан көрген сәтті елестетті. Леонид Ильичтің: «Ашығын айтайын, сөйлеу қарсаңында бойды билейтін толқу сезімін жеңу мүмкін емес. Бұл жауапкершілік сезімінен, сенім үшін, көрсетілген құрмет үшін шын ықыласты, терең ризашылықтан туады», – деген шынайы сыршыл сөздерін еске салды.

– Менің кем айтқан жерімді өздеріңіз толықтыратын боласыздар, – деген Төлеген КПСС Орталық Комитеті Бас секретарының салиқалы сөзін салмақпен таратып айтуға кірісті. «Коммунистер мен партияда жоқтардың, жұмысшылар мен шаруалардың басты игілік – социализмді

бер, есепке жүйрік жігіт сабақ кестесін жасаудан, сағат тілін қадағалаудан ұзақ уақыт босамай қойған. Сол жылдар бойына коммунистік тәрбие жөніндегі теориялық семинардың жетекшілігін де қоса атқарды. Шебер насихатшы, жалынды үгітші ретінде Төлеген Бақтыбаевтың есімі осы Алғабас аулында шықты. Ауданнан асып, облысқа да танылды.

Бүгінде «Өндіріс» сегізжылдық мектебіне директор болып келген. Өзінің туған аулына қайта оралған қадірменді азаматтың көңілі әлі де болса Алғабасты төңіректейді. Ұлы Оқтябрьдің елу жылдығы, СССР-дің жартығасырлық жарқын тойы тұсында өткізген саяси сабақтарын еске алады. Алғабастың қарт тұрғындары – Советтерде 33 жыл қызмет еткен Қапар Саржанов пен екі бірдей «Отан соғысы» орденін иемденген Таңқыбай Ахметовты семинар сабақтарына қатыстырып, қалай сөйлеткенін ойлайды...

– Бақыт, – деді Төлеген үйіне кірген бетте, – осы әлгі магнитофон ленталарын қай жерге қойып едік.

– Иә, сосын, – деп қағыта қарсы алды келіншегі. Күйеуінің күнде бірдеңе ойлап тауып, әбігер ала келетінін білетін жұбай назы бұл. – Әлде менің мына сыбырлап қалғанымды жазып аласың ба. – Ақ қабақ әйел шалқалай күлген болады, бірақ үні шықпайды: тамағының лепсісі ұстап қалған.

Кісі көңілін танығыш Төлеген зайыбының әзілкештеу күйіне ауыса қойды.

– Сыбырлақ әйелді емес, қырылдақ ағайды жазамыз, – деп төрге озды.

Магнитофон лентасын қосыла іздеп еді, екеуі де олжалы болып қалды. Қалтарыста жатқан бір үнді шайын тапқан Бақыт тура ақ шәйнегіне ұмтылды.

Шифонердің жоғарғы сөресінен тапқан екі қалың дәптерді қайта-қайта аударыстырып Төлеген әлі отыр. Түп нұсқалардың оқу кезінде жасаған конспектілері. Біреуі «Материализм және эмпириокритицизм» кітабы бойынша. Өзінің мәттағам түсіретін маржан жазуы көзге жылы ұшырайды. «Бірінші, екінші, үшінші» бөлім деген тұстары тайға таңба басқандай». Ал, төртінші бөлімін толық түсіне алмадым», – деп анығын айтып еді философияны оқып-үйреніп отырған жолдастарына. «Ойбай-ау, насихатшымыз сөйткенде біз қайтеміз», деген тыңдаушылардың біреуі. «Ең бастысы, марксизм мен махизмді шатастырмайтындай болдық қой, сол жетпей ме», – деген басқа бір байыпты тыңдаушы. Төлеген соны есіне алып, жымиып қойды. Екінші дәптер де В. И. Ленинның «Халық достары» дегеніміз кімдер және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі» деген еңбегі бойынша конспекті. «Күреседі» деп бекер жазған екен-ау» – деп ойлады Төлеген. – Орысша «воют» деп тұр ғой. «Жауласады» деген сөз емес пе.

– Шайыңды іш, мен кетемін, – деді осы кезде Бақыт. Әйелі мектептегі ұзартылған күн тобында тәрбиеші болатын.

– Мен де мектепке барамын. Кабинетте отырып дайындаламын.

Төлеген алыстан көріп келеді: бөлімше кеңсесі алдында өзі апарып ілген хабарландыру сонадайдан көз тартады. Ашық қызылмен жазылғаны жақсы болған екен. Ертең осы бөлімше кеңсесінде жақсы саяси оқу жылының алғашқы сабағы өтетіні хабарланған-ды.

Өзі мектепте мұғалімдер арасында теориялық семинар жүргізеді, ал бөлімше еңбеккерлері арасында марксизм-ленинизм негіздері мектебіне оқытушы Мағария Сәлімов жетекшілік етеді. Алғашқы сабақ КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдастың Москва қаласындағы Бауман сайлау округының сайлаушылары алдындағы сөзіне арналғандықтан екі насихатшы өз тыңдаушыларын бір жерге жинауға келісті. Цехтық партия ұйымының секретары Иманзада Иманжүсіпов баяндаманы Бақтыбаевтың жасауы жайында ұсыныс енгізді. Содан бері Төлеген толғаныс үстінде жүр. Алғашқы сабақты әсерлі де мазмұнды өткізуді ойлап толғанады.

Жазда сайлаушылардың Л.И. Брежнев жолдаспен кездесуін хабарлаған, сол кездесудегі сөзін жариялаған газеттерді бөлек алып қойып еді. Қазір міне, кабинеттегі стол үстіне сол газетті жайып салып, Леонид Ильчтің терең мағыналы сөзін зор бейілмен оқуға кірісті. Аса мәнді тұсына белгі қойып, тыңдаушыларға толық жеткізуге тиісті сөйлемдердің астын сызады. Бір оқып шыққаннан кейін Төлеген қалам-қағаз алып, ертең саяси сабаққа қатысушылар алдында айтар сөзін жазуға кірісті. Ол өзі қағазға қарап сөйлемейтін болса да негізгі ойларды тезистер түрінде жазып алмай жұрт алдына шыққан емес. Міне, Л. И. Брежнев жолдастың сөзі бойынша да он қағаз етіп ой тізбектеді. Сөйтіп отырғанда бағана балалардан шақыру жіберген кісілері – пенсияға шыққан үш ардагер, қарт коммунистер келді мұның кабинетіне.

2

15 октябрь. Кешкі сағат жеті. Өндіріс бөлімшесінің кеңсесіне 40 кісі жиналды. Он екі мұғалім – теориялық семинар тыңдаушылары. Жиырма сегіз еңбеккер – марксизм-ленинизм негіздері мектебіне қатысушылар. Насихатшы Төлеген Бақтыбаев алғашқы сабақты бастап та жіберді.

Бірінші сабақтың тақырыбы – «КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л.И. Брежнев жолдастың сайлаушылар алдындағы сөзін оқып-үйрену». Насихатшы зейінді тыңдаушылардың көз алдына жаздыкүні өздері көгілдір экраннан көрген сәтті елестетті. Леонид Ильичтің: «Ашығын айтайын, сөйлеу қарсаңында бойды билейтін толқу сезімін жеңу мүмкін емес. Бұл жауапкершілік сезімінен, сенім үшін, көрсетілген құрмет үшін шын ықыласты, терең ризашылықтан туады», – деген шынайы сыршыл сөздерін еске салды.

– Менің кем айтқан жерімді өздеріңіз толықтыратын боласыздар, – деген Төлеген КПСС Орталық Комитеті Бас секретарының салиқалы сөзін салмақпен таратып айтуға кірісті. «Коммунистер мен партияда жоқтардың, жұмысшылар мен шаруалардың басты игілік – социализмді

сақтап, нығайту үшін бірінші болып аттанған және көп нәрсені құрбан еткен адамдардың еңбегі мен сезімділігі, жанқиярлығы мен энтузиазмы аса зор қадыр-құрметке лайық. Ол жылдар өлде қашан аңызға айналған. Дегенмен өзгерістердің көлемін неғұрлым айқын түсіну үшін сол жылдарды есте ұстаған жөн».

Осы тұста насихатшы оң қол жағындағы магнитофонды шұғыл қосып жіберді. Қоңырқай дауыс естілді. Тыңдаушылар сәл аңтарылып қалды да, қарт мұғалім Мәжит Нұрмановтың дауысын тани қойды. Ол өндіріс ауылында 1924 жылы тұңғыш мектеп ашылғанда, оқуға алғаш келген балақандардың бірі еді. Кейін өзі де оқытушы болды. Осы ауылдағы бүкіл өзгерісті көзімен көрген, барлық жаңалық, жақсылықтың басы-қасында болған жан. Сол жайды ол Брежнев жолдастың сөзімен тығыз ұштастыра сөйлеп тұр. Жұрттың көзі магнитофонда, көз алдарында – атжақты, ұзын бойлы Мәжит мұғалім.

Төлеген өз баяндамасын қайта сабақтап, бас секретарьдың сөзінен үзінді келтірді. «Ауыл шаруашылығын өркендетуде орасан зор өзгерістер жасалып жатыр». Сол сәтте магнитофоннан қарт коммунист, көп жылдар агрономдық қызмет атқарған Әбіл Сәрсембаев сөйлеп қоя берді. Жерді тиімді пайдалану, егіншілік мәдениетін көтеру жайына тоқталды. Л.И. Брежнев жолдастың тың жерлерді игерудің 20 жылдығына арналған салтанатты сөйлеген сөзін еске алды. Магнитофондағы Әбіл де әзілдей сөйлейтін қалпынан айнымай тұр. Өгізбен жер жыртқанда да гектарынан 10-11 центнер алушы еді, қазір К-700 тұлпарын ерттегенде егін шығымдылығын бұдан неге аттырмасқа дейді. Механизаторлар намыстанып қалысты. Бірақ бірдеме деп дауласуға болар емес, Сәрсенбаев салдыратып сөйлеп тұр лентадан.

Насихатшы ой желісін өрбіте түсті. Еңбек өнімділігін экономикалық тиімділік, шынайы шаруақорлық турасында айтылған тұжырымға бұрынғы ферма меңгерушісі, пенсионер Кенже Өтеуовтың сөзі қосылды. Жайшылықта ауыр сөйлейтін адам манитофонға жазылғанда тіпті салмақты шығады екен. Мал күйін, малшы жайын толғап, ферма еңбеккерлері алдында тұрған зор міндеттерді саралайды. Селодағы механикалық қораның малшы еңбегін жеңілдете түскенін айта келіп, ендігі жерде мал өнімін молайта түсу парыз екенін паш етіп тұр.

Баяндамашы халық шаруашылығын өркендетудің 1976-1980 жылдарға арналған үлкен перспективасы жайында, онбесжылдық жоспар жөнінде айтқанда қойма меңгерушісі Тұрғынбай Бейсекеев шыдамады:

– Өй, оны қайдан тауып алдың. – деп қалды.

Төлеген мойнын ішіне ала, үнсіз келген күйі «байқадыңыздар ма» дегендей тыңдаушыларға иек қақты.

– Бәле, Тұрғынбай, оқыған жоқ па едің. – деп жанындағы кісі оны иығымен түртіп:

– Неге оқымайын, оқығамын. Бірақ он бесжылдық дегенін оқи алғаным жоқ.

– Жылдам оқимын деп, байқамай кеткенсің ғой.

– Өзіңе осы тұсын тапсырма етіп бер, – деп жұрт дуылдасып басылды.

Үлкен сөздің халықаралық тақырыпқа арналған тұсын түсіндіретін шақта насихатшы әлемнің үлкен картасын алдында тұрып баяндады. Леонид Ильичтің сайлаудан бері жердегі шетелдік сапарларына да тоқталып өтті. Қараторы жүзі күреңітіп, бүйірі қызған жүйріктей шын шабытты бабына келген. Тыңдаушыларын ұйытып алып, ұлағатты сөздерді жұрт санасына жеткізуге жан салады.

Бұрын ел ішінде әнші жігіт, өлеңші, сүретші мұғалім атанған Төлеген енді саяси білімнің сарабдал насихатшы ретінде танылып тұр. Өнер иесі ғана емес, ақыл иесі екендігі де айқындала түскен. Насихатшы Төлеген Бақтыбаевтың шеберлігі арқасында партиялық парасат село еңбеккерлерінің зердесіне мықтап ұялауда.

Целиноград облысы, Астрахан ауданы,
«Путь к коммунизму» совхозы

Виктор БЕЗОРУДЬКО

СЕКЕҢДЕГЕН ҚОЯНДАР

Виктор Безорудько – Украинаның юморист, сықақшыл жазушысы. Оның әзіл әңгімелері қысқа да қызықты келіп, оқырман көңіліне тез ұялайды. Әсіресе, «Сухие Млинцыдан шыққан үш мушкетер» деген повесі өз республикасына кең жайылған. Ол биыл орыс тіліне аударылып, одақ оқырмандарына танылуда. Біз бүгін сол жинақтан әңгіме жариялап отырмыз.

Аудан орталығы – Веселая Лучка турасында тарих өз сөзін айтады әлі. Бәлки, мұнда қашан деме, «Б» класындағы футбол командаларының жарысы да өтер. Бәрі де мүмкін.

Веселая Лучка тұрғындарының ішінен әлдекім өз ауданы орталығының тарихи болашағын болжай қалса, аудандағы бірден-бір өнеркәсіп орны – кәсіпшілік комбинатының келешекте кереметтей өсуі жөнінде, оның директоры Леонид Варламович Лелеканың орынды дарыны туралы міндетті түрде айтар еді.

Несі бар, танысайық онымен. Ол, міне, тынық көше бойымен келе жатыр. Қараңдаршы оған. Қандай сымбатты тұлға! Басын қалай асқақ ұстайды! Қалпағына назар аударыңыздар, мұнда жалғыз ол ғана осылай киеді, артқы жиегі көкке көтеріліп, маңдай жиегінің майыстырылатыны сонша, жас үгіршікке ұқсаған мұрнына тие жаздайды.

Өз арамызда айтсақ, кейбіреулер Лелеканың бұдан әлдеқайда ірі орынға орналасуы керек еді деп есептейді. Ол, сөз жоқ, сөйткен де болар еді, әгәр алабұғалар болмаса. Түкке тұрмайтын құмарлықтың құрбаны

болған Лелека өзінің өсу жолын біржолата кесіп қойды. Жерлестерінің көзі жетіп отыр: бұл төңіректегі көлдерде белі бүкір, қабырғасы қаражолақ алабұғалар жүргенде Лелека Веселая Лучкадан кете алмайды.

Өткен жылы аудандық кәсіпшілік комбинаты «Солтүстік шұғыласы» атты арба майын өндіріп, «Эврика» сабынын қайнатып, баршаға мәлім «Уран» квасын дайындап және етікшілерді ерекше қуантқан «Үміт» деген ағаш шегелерді жаппай өндіріп жатса да, ешкім Лелеканың айрықша қасиетін көре қойған жоқ-ты. Кейде жоспарды орындағаны үшін мақтады. Бірақ аудан орталығында кейде нашар жұмысы үшін кімге ұрыспайды?

Бірақ бұл бұрынғы жылдардың ісі ғой. Ал қазір Лелеканы тек қана мақтайды. Мақтау түгіл, – көтермелейді, ынталылығы, жігерлігі, алдағыны өлшеп, алыстағыны көргіштігі үшін басқаларға үлгі етеді. Мұндай даңқты оған секеңдеген қояндар әперген еді.

Аудандық кеңестердің бірінде Лелека кәсіпшілік комбинатының өсуі жәйлі сөз сөйлеген:

– Ауданның кәсіпшілік комбинаты арба майымен алысқа бара алмайды. Болашаққа көз жіберейік! – Әркімнің болашаққа үңілу мүмкіншілігі болсын, – деп Лелека қолын алға созды да, ұзақ тыныс алды. – Болашаққа көз жіберейік! Біздің аудан орталығының облыстық, әр беріден соң республикалық көлемде көзге түсуі керек. «Республикада қандай кәсіп өркендемей отыр?» деген сұрақ туады. Мен айтамын: ондай кәсіп – балалар ойыншығын шығару. Біз «Балалар әлемінен» не көреміз? Ылғи ғана тоты құс пен піл, жолбарыс пен арыстан – әйтеуір Африка. Ал жергілікті жердің жәндігі мен жануарының бейнесі қайда? «Орман таңы», «Қыс» деген жәшіктерден басқа дәнеңе жоқ. Мен республикамыздың ойыншық өнеркәсібін өркендетуге ұсынамын. Біздің аудандық кәсіпшілік комбинатының «Секеңдеген қояндар» ойыншығын жаппай және үздіксіз шығаруға барлық мүмкіншілігі бар. Міне, бірінші үлгісі.

Осыны айтып, Лелека қалтасынан, ұзынқұлақ сұр көжекті алды да, бірдемесін бұрап-бұрап, өз алдына қойды. Содан әлгі аң баласы ащы дауыс шығарып зыр қағады да, бірдемесі тарс ете түсіп, мінбеден – президиум столына, столдан – залға секірді кеп. Тіпті, аудандық кәсіпшілік комбинаты директорының қалтасынан емес, капустаның арасынан шыққандай.

«Солай, солай, – деп толғанды Лелека, – бұл Веселая Лучка үшін тарихи сәт... бәлки, осы ағаш пен резинкеден жасалған ұзынқұлақ мақұлық біздің ауданды республикалық, әр жағында, қарап тұр, бүкілодақтық биікке де секіртіп жібереді».

Лелека мінбеден мейірлене күліп тұрды. Жиналғандарға: «Мені мақтауға асықпаңдар, Құлаш сермеуге мұрша берсең мұнан да зорын көресің» – деп тұрғандай.

Секеңдеген қоян, республикалық аренаға шығудың тамаша тәсілі, жұртшылық тарапынан жаппай қолдау тапты. Әрине, сенімсіздер де, се-

кемшілдер де табылды. Тіпті, Лелекаға күлгендер де болды. Алайда сапаулы азшылық жағдайды өзгерте алмады – шешім қабылданды.

Бұл оқиға былтыр болған-ды. Содан бері қаншама кедергілер өткеріліп, қиыншылықтар бөктерілді!! Бұлақтың суы мен кәсіпшілік комбинатының ағымдағы ақшасы қаншама ақты! Лелека қаншама қайнаған жігер жұмсады! Бірақ ол арықтап бозарған да жоқ. Керісінше, екі беті жаңбырдан кейінгі раушан гүліндей қызара бөртетін болды.

Құрылыстың алып адыммен жүруіне жұрт үйреніп алды. Лелеканың, құрылып жатқан конвейер қуаты Харьков трактор заводы конвейерінен осал емес дегенінде енді ешкім таңданбады. Бірақ Лелека жерлестерін тағы да таңырқатты. Ол мұндай қуатты конвейер бүтін Европа, бүкіл дүние жүзі балалар ойыншығы өндірісінде жоқ деп салды. Осыдан кейін оған сенбеушілер де, қылжақбастар да жым болды. Веселая Лучка олардың көз алдына басқаша – дүниежүзілік тұрғыдан елестеді. Тек қана аудандық кәсіпшілік комбинатының бас бухгалтері берілмей бақты. Дауласып, дәлелдеп, көзін жеткізіп, бірақ Лелеканың келесі тапсырмасына шыдай алмай, әдеттегісінше ақшаға қол қояды, сосын өз қолымен өзінің жалтыр басын қысады, бейне бір қарбыз таңдағанда сығып көретіні сықылды.

Секеңдеген қояндар, дүниеге келмей жатып, «Солтүстық шұғыла» арба майы мен «Эврика» сабынын жеп, «Уран» квасын жұтып қойды, – цехтарды жабуға тура келді. Жергілікті етікшілер енді өздерінің «Үміттерін» қояндар жалмап қоймас па екен деп, аудандық кәсіпшілік комбинатына хауіппен қарай бастады.

Бүкілдүниежүзілік даңқ үшін не істемейді адам! Бірақ енді бар әурешілік артта қалды. Қуатты конвейер – Лелеканың арманы, аңсағаны және үміті – дайын тұр. Аудандық кәсіпшілік комбинаты директорының Тунгусқа түскен метеориттей даңқы дабыраятын күн де жетті. Конвейерді іске қосу салтанатына әшекейлі шақыру билеттері таратылды. Әлбетте, шүбәланушылар да, сенбеушілер де кең цехқа келе алған жоқ. Бас бухгалтер есептелінбейді, оған онша назар аударып қажеті жоқ, – тұрсын өзі бұрышта.

– Бірінші жылы, – деді Лелека жалынды сөзінің соңында, – біз жүз мың секеңдеген қоян береміз, кейін бұл мөлшер екі еселенеді. Ал үш жылдан соң, конвейердің келесі кезегі іске қосылғанда, біз миллион ойыншық беретін боламыз. Сондай-ақ біз әлі әрбір семьяда біздің қояндар секең қағатын күнге де жетеміз!

Лелека қызыл лентаны қиып жіберді. Бірақ ілгері қарай баяу қозғалды. Жиналғандар Веселая Лучка үшін жаңа дәуір дәл қазір басталғанын байыптап түсінсін дегендей. Ақыры оның қолы мықтап тұрып тұтқаны ұстады да, нығыз түрде тұқырта басты. Цехты жаңғырықтыра бірнеше қол шапалақталды да, сол сәт тына қалды.

Лелека конвейерге қарады, – көміп қойғандай қозғалатын емес. Тұтқаны қайта қайта басты, – болмады.

Істің сыры, алайда, тез ашылды. Осыдан екі ай бұрын ғана онжылдықты бітірген, пысық келген, кекілді жігіт – кезекші монтер жиналғандарға жергілікті электр қуаты мұндай конвейерді қозғауға жетпейтіндігін түсіндірді.

Азғантай тыныштық орнай қалып еді, оны сәл ғана бір сықыр бұзды, – әлдекім әбден піскен қарбызды қатты қысқан сықылды. Жұрт дыбыс шыққан жаққа қарап қалған. Бас бухгалтер жалтыр басын бар күшімен қос қолдап қысып тұр екен.

Ертеңіне ертемен Лелека алабұға аулады. Төңіректегі көлдерге көз жіберіп отырып, ол тіпті орнынан атып тұрды. Оның ойына жаңа бір жойқын жоспар келе қалған еді. Сол ойдың Лелеканы баурап алғаны сонша, ол үш қармақтың ұшындағы жемді жеп бітірген алабұғалардың шұбалып кезекке тұра бастағанын да елемеді.

Ал бас бухгалтер бұл уақытта шот қағып отыр еді. Шығынды есептеп шығарып, кеудесін кере күрсінді де, қызметтес кісілерге басу айтты:

– Конвейердің ағаштан жасалғаны мұндай жақсы болар ма, үш жылғы қысқы отынға артығымен жететін!

Орысшадан аударылған.

Юмореска

Р. ПАДНЕВИЧ
Беларус жазушысы

ЖЫРЫЛЫП КЕТТІ

Жай басып жағада Шиловик келе жатты. Бір қолында – қармағы мен қалбыры, екінші қолында – шелек, онда он шақты балық жүзіп жүр.

Айнала балықшылар. Балықты жердің бәрін басып алыпты.

Шиловик кенеттен тоқтай қалды, жүзі күлімсіреп, құбылып қоя берді.

– Евгений Макарович, қайырлы таң! – деп қалпағын алды қолына.

– Ә, ә, сенбісің, қаңғыбас, – деп жауап қатты Евгений Макарович амандық-саулық орнына. – Ал мақтан табысыңмен. Бар балықты шығарған шығарсың судан?

– Қайдағы тәйірі! – Шиловик қолын сілтеді. – Бүгін балық түспей тұр. Он шақты бола ма, жоқ па... Ал сіз балық аулауға қалайша шыға қалдыңыз? Егер жаңылмасам, сіз балық аулауға бәлендей құмарта қоймайтын сияқты едіңіз. Сіздің қол астыңызда алты жылдай жұмыс істеп жүрмін, содан бері, кешіріңіз, бірде-бір көрмеп едім...

– Әйелімнің әурешілігі де. Бүгін қонағымыз бар. Жерден қазсаң да, дейді әйелім, жас балық тауып әкел. Содан міне, көршімнің қармағын алып...

«Үйінде ауыздықтаулы екен, – деп ойлайды жаны ашыған Шиловик. – Тегі әйелі асау болғаны-ау!»

– Айтшы, Шиловик, сен бұл істің бүге-шүгесін білесің ғой, – деді Евгений Макарович сағатына қарап, – екі сағатта қанша балық аулауға болады?

Шиловик бірден жауап қатпады. Арғы жағаға қарады, Тыныш қалқыған қалтқыларға көз жүгіртті. Ұяң түрде, ұялғандай болып, бастығына қарады.– Кім біліпті... Жарты кило болар, меніңше...

– Бар болғаны ма? – деп қалды Евгений Макарович, – Біздің заманда, қазіргідей өндіріс дәрежесінде, сондай ғана өнім алына ма?

– Шамамен айтқанда. Білесіз бе, балық ұстау көп нәрсеге байланысты. Біріншіден...

– Екі сағатта – жарты кило, сонда жеті сағаттық жұмыс күнінде екі кило ұстай алмағаның ғой. Ақшаға шаққанда – бір сом. Тіпті тиынымен-ақ болсын. Соның өзінде түк емес қой.

– Балық аулау – баюдың жолы емес, – деді Шиловик байсалды түрде. – Спорт, құмарлық, таза ауадағы тамаша демалыс...

– Ал маған, – деп бой бермеді Евгений Макарович, – кем дегенде үш кило балық қажет. Сонда мен мұнда кешке дейін отыруым керек қой, шамасы?

«Осында өзімді қай сайтан айдап әкеліп еді? – деп ойлады Шиловик. – Неменеге бұл дауысын көтереді? Бұл жерде кабинет жоқ және ол бастық емес қой. Мұнда біз, балықшылар, бәріміз бірдейміз...»

– Ал менің, Шиловик, мұнда ұзақ отыруға мүмкіншілігім жоқ. Футболға баруым керек. Бүгін «Динамо» ойнайды ғой, – Евгений Макарович кететін кісідей орнынан тұрды да, жан-жағына қарады. – Балығы көп жері қайсы?

«Атаң бұзау бақпаған жерде», – дей жаздады Шиловик. Алайда айтқаны басқаша болды:

– Жоқ қой, жоқ қой! Нансаңыз, Евгений Макарович, бұл жердің бәрін мен бес саусағымдай білемін. Бұдан жақсы жер таппайсыз...

Шиловик шелегін алды да, әрі жөнелді. Отыз қадамдай жүрген соң тоқтай қалды да, ақырын артына қарады.

«Егер ол ештеме ұстамаса ше? Әдейі алдады деп ойлар. Қызметте қырына ала бастар...» Шиловтың аяқтары өз-өзінен кері бұрылды да, кейін адымдай жөнелді. Евгений Макаровичке үш қадамдай қалғанда жағаға жайласқан Шиловик қармағын суға салды. Көздің қырымен айналасын шолып өтті. «Шелегі қайда өзінің? Қалбыр ғана... Ә, міне, бір тор тұр ғой суда. Жібек тор. Дәл сонікі». Осыдан бастап-ақ Шиловик көрші балықшыларды байқаусыз бақылаумен болды.

Он бес минут өтті. Балықшылар өзара әңгімелесіп отырды. Шиловик өз шелегіне қолын жүгіртіп, үлкен деген балықты ұстап алды да, әлгі торға апарып салды. Екінші, үшіншісін ұстап салды. «Ешкім көрген жоқ», – деп демін ентіге алды.

Қалтқы жыбырлай қалды, Шиловик балықты шебер ілектірді де, тәжірибелі қолмен жоғары тартты. Балықты қармақтан шығарды да, аузына апарып, әлденені айтқан күйі екі рет түкірді оған.

– Арбап жатырсың ба, Шиловик?

– Ойбай, мен қайбір сиқыршымын, – деді анау. – Баяғыда, жалаңбұт жүгіріп жүрген кезімізде атам үйретуші еді: «үйіріңмен үш тоғыз» деп айтуды.

– Сонда қалай, көмектесе ме сол сөз?

Кәдімгідей көмектеседі...

– «Үйіріңмен үш тоғыз!» – деп күлді Евгений Макарович. – Ал оны алғаннан кейін олардың да үйірін ұстау керек қой? Балықшылардың ойлап тапқанын-ай!

Евгений Макарович жем әзірлеп әуре болып жатты, көршілер шылым шегуге кірісті. Шиловиктің қолы торды толтыра бастады. Жүзінде қуақы күлкі пайда болды. Бірақ бірден басыла қалды: қалтқы жоқ болып кетті.

«Сайтан алсын сені! – деп сөгінді Шиловик. – Неменеге менің қармағыма іліге қалдың. Одан да анау...»

– Сіз неге бөгеліп жатырсыз? – деген дауыс келді құлағына. – Жырылып кетеді ғой!

– «Тілесең де, тілемесең де – тарт. Евгений Макарович қарап отыр екен-ау, қызғанатын шығар. Менің кінәм бар ма? Кімнің қармағына қабарын кім біліпті».

Евгений Макарович сағатына қарады. Қармағымен қалбырын алды да, жүз қадамдай әрі барып отырды. Жақын көрші қалтқысына қарай бастады.

Шиловик торға тағы екі рет еңкейді. «Қолым жүріп тұр, – деп жұбатты ол өзін. Енді онымен шүйіркелесуге де болады. Үйге бірге қайтамыз».

Сол кез Шиловиктің тұла бойы мұздап қоя берді: көрші балықшы әлгі торды судан алып, арқасына салды да, аспай- саспай жайына жүре берді.

(Орысшадан ықшамдалып аударылды).

Ионна ВИЛИНИСЬКА,
поляк жазушысы

ХАУІПТІҢ АЛДЫН АЛУ

Әзіл

Қызметтес жолдастары «Қаһарлы капитан» атап кеткен Анатоль Ковалик жұмысынан келіп, жұмсақ креслоға жайғасты.

– Ух! – деп күрсініп, бойын жеңілдетті ол, аяғын жылы башмактарға сұғып жатып.

– Сенбі күнгі ұзақ кешке, үй ішінің тыныштығына не жетсін!

– Әрине, Толек, – деп құптады оны Аля, қаһарлы капитанның өзіне лайық өмір серігі.

– Ал, біздің бүгінгі кешкі тағам қандай болмақ? – Анығын білуге аңсары ауды инспектордың (Инспектор – Польшада қылмысты істерді зерттеушіні солай атайды).

– Сенің сүйкімді биточкиің, сүйіктім, – деп жауап берді Аля, иығына пальтосын жамылып жатып. – Ал мен қазір дүкенге жүгірейін, сенің сүйкімді бургунд шарабыңды әкеле қояйын.

Инспектор алақанын ысып қойды. Өзіне де, қол астындағыларға да қатал капитан апта бойына арақ-шарап дегенді ойға да алмайтын. «Біз әлгі почта қызметкерлері емеспіз ғой, – деп айтуды ұнатушы еді ол. – Кез келген минутте керемет қылмыс жасалуы мүмкін, оны зерттеп алу үшін ашық көз, айқын ой керек». Бірақ сенбі күні... Сенбі күнгі кешке инспектор Ковалик бір стақанды, кейде тіпті екеуін де еңкейтуші еді көмейге.

Әйелі есіктен шығысымен инспектор кітап сөресінен энциклопедияның «К» әрпіне келетін томын қолына алды. Одан бұрынғылары оқылған-ды. Бұл оның сүйікті ісі еді.

– Білім де, демалыс та осы, – дейтін ол. – «Кант... Кворум.., – деп көзімен шолып өтті. – Кентавр... аңыздағы жануар, жартылай ат, жартылай...».

Алайда оған кентаврдың екінші жартысы немене екенін білу бұл жолы бұйырмады, телефон шырылдап қоя берді.

– Инспектор Ковалик па екен? – Бейтаныс біреудің дауысы естілді трубкадан.

– Иә, бұл кім?

– Оның қажеті шамалы. Мен сізге ескерткім келеді, бүгін ескекшілер клубында бал болады, соған сіз кешікпей келуіңіз қажет. Әйтпесе бір сұмдықтың болуы мүмкін.

– Жоқ бара алмаймын, – деп бас тартты инспектор. – Менің жұмыс күнім бітті, дем алуға толық еркім бар. Әйткенмен айтып тұрған кім?

– Оның қажеті шамалы. Керек болса, «Әділет досы» – деңіз. Сізге деген үстел бірінші залда, терезе түбінде дайын тұрмақ. Өтінемін сізден, құдай ақына, көзге түспей-ақ қойыңыз. Қызметке емес, жұрттың бәрі секілді қонаққа келген кейіп көрсетіңіз. Көріскенше!

Инспектор трубканы тастай салды. Ол бүгінгі кешке үйден шықпақ емес еді, бірақ мына телефон әңгімесі оны, сенбілік жоспарының бәрін бұзып кетті.

– Аша ғой, Толек, – деп әйелі үстел үстіне шарап бөтелкесін әкеп қойды. Бірақ бұл енді кеш еді. Қаһарлы капитанның жүрегін жауапкершілік сезімі жаулап алған-ды.

– Тыңдашы, Алюня, – деді ол. – Осы сенің әлгі... омырауы ашық көйлегің бар сияқты еді ғой. Әлгі... қойшы, әйтеуір өзің балға баратындай болып киіне алар ма едің? Өкінішкке қарай, менің «Бал» операциясына баруым керек болып тұр.

– Біз балға барамыз ба?! – Аля таңырқай тамашалады. – Он бес жыл бойы екеуміз еш жерде болғанымыз жоқ қой. Толек. Әрине, киетін бірдеңе табам ғой!

– Күдікті ештеңе көріп тұрғам жоқ, – деді инспектор би кезінде әйелінің құлағына сыбырлап, залды көзімен шолып.

– Ал сен әдемісің бүгін! Жүр, кәне, мен саған шар сатып әперейін. Жасырынбақ ойнадық екен, жасырынып бағайық.

Таңғы сағат алтыда Коваликтер семьясы үйге оралды.

– Ұйықтай алар емеспін, – деп кейіді инспектор. – ерекше немене болуға тиіс екені ойымнан шығар емес. Меніңше, балда бәрі де тәртіпті болды.

– Сенің сонда болғаныңның әсері ғой, Толек. Олар сенің көзіңше бәле жасауға бата алмады, – деді Аля.

Бұған жауап болған жоқ. Қаһарлы капитан өз міндетін атқарған адамның алаңсыз ұйқысына бөленген еді.

Сол кезде Аля аяғын ұшынан басып, ауыз үйге шығып кетті де, аздан соң бір жапырақ қағазды ұстап қайта оралды. Онда былай деп жазылған.

«Инспектор мырза! Сіз тез арада Закопан демалыс үйіне, «Шарлотка» мейманханасына жетіңіз. Жұрттың назарын аудармас үшін әйеліңізді ертіп, шаңғы ала шығыңыз және басқа тынығушылардан ерекшеленбеуге тырысыңыз. Бақылаңыз және құлақ тігіңіз. Сақ болыңыз!

Әділет досы»

Аля қағазды күйеуінің басына қойды да, өзі шаңғы теберде киетін шалбарын өтектеуге кірісті.

Орысшадан аударылды

Сықақ әңгіме

Иван СЕРКОВ,
Белорус жазушысы

ЖЕКЕЛЕГЕН ЖОЛДАСТАР

Лейтенант Рахманный кезекші болған кезде ешбір тәртіп бұзушылық болған жоқ. Тек мына бір жалғыз жағдай болмаса: постыда тұрған милиционер көше ортасында аяғын көкке көтеріп жүріп бара жатқан белгісіз біреуді ұстады.

Сөйтіп оны кезекшілер бөлмесіне алып келді. Ол креслоға жайғасты да, лейтенанттың қарындаш ұстап, қағаз дайындағанын байыпты түрде бақылаумен болды.

– Фамилияңыз?

Ұсталған адам таңырқанып екі иығын қусырды:

– Фамилия? Менің ешқандай да фамилиям жоқ.

– Жоқ болғаны қалай? – Енді кезекші таң қалды. – Сіз кім боласыз?

– Мен: – Жекелеген жолдаспын, – деді белгісіз жан беті шімірікпестен. Шылымын сорып алды да, әлгі сөзін өзі түсіндірді. – Біздердің, жекелеген жолдастардың фамилиясы болмауға тиісті. Атымызды атағандар бізді қатты жәбірлейді.

Лейтенант қағаз-қарындашын былай қойып, кеңесіп отырған кісіні бастан-аяқ шолып шықты. Тағы бір таң қалғаны: оның есте қаларлықтай еш белгісін көре алмады. Алдындағы адам кәрі де емес, жас та емес, ұзын да емес, тапал да емес, жуан да емес, жіңішке де емес. Аққұбаға келмейді, қараторыға жатпайды, сары деуге де болмайды. Қатты таң қалған лейтенант қайта сұрауға кірісті.

– Ал қай жерде жұмыс істейсіз?

– Өз мүмкіншілігіме байланысты мен барлық жерде әрекет жасай аламын: өндірісте де, әйелдер босанатын үйде де, дүкендерде де, орман шаруашылығында да, аяқкиім тігетін ателье мен өзен-көл станцияларында да...

– Ол өзі не қылған қызмет соншама? – Лейтенант күдіктене қалды.

– Қызмет? Менің ешқандай да белгілі қызметім жоқ. Менің реті келеді, соны істеймін. Өнеркәсіп орындарында технология тәртібін бұзамын, әйелдер босанатын үйде балаларды ауыстырып жіберемін, универмагта сатып алушылармен салғыласамын, орман шаруашылығында отынды дұрыс дайындамайтын да мен, ательелерде аяқкиімді әдейі үлкен етіп тігемін, суға кетіп бара жатқандардың қасынан қарамай-ақ өте берем.

– Жетер! – лейтенант одан әрі шыдамады. – Жетеді енді мысалдап мылжыңдауың, одан да сұраққа жауап бер!

– Мысалдар! – деп Жекелеген жолдас жәбірленіп қалды. – Мен туралы баяндамаларда қалай айтылатыны сізге белгілі ме екен? Асханалар мен ресторандар тресінің директоры Водянкин не деді? «Біздің коллектив негізінен кішіпейіл, жалпы біз тағамды дәмді дайындаймыз, алайда жекелеген жолдастар борщ пен ботқаның тұзын ащы етіп алатыны бар» демеді ме? Болмаса, заводтың қабырға газетіндегі мақаланы алайық: «Негізінен біздің коллектив тұзу шегелер шығарады, алайда жекелеген жолдастар оны қисық қылып та жасайды» делінген онда. Ал сіз мұны – мысал дейсіз.

– Сонда сендерге қалай шыдап, төзеді? – деп кіжінді лейтенант.

– Бәрі бірдей төзбейді, – деп Жекелеген жолдас ашық мойындады. – Негізінен бізбен күрес жүргізіледі. Алайда... жекелеген жолдастар бізді онша өкпелеткісі келмейді. Олар болмаса, біз жата қалып, жан тапсырар едік. Ал қазірше күн көруге болады.

Жекелеген жолдас айып ақысын төлеп, шығып кетті. Лейтенант кезекшілік кітабын алыпашты да, аз-кем ойланып отырып, былай деп жазды:

«Мен кезекшілік еткен уақытта, жекелеген жолдастардың көшеде аяғын көкке көтеріп жүргенін есептемесек, ерекше ештеңе болған жоқ».

Орысшадан аударылды.

Леонид ПРОКША,
Белорус жазушысы

ТӨРТТІК

Ауыл шаруашылығы институтының оқытушысы студенттерге қадала қарады:

– Кімнің бірінші болып айтқысы келеді?

Үн жоқ.

– Онда сіз, рахым етіңіз...

Бір студент қыз орнынан тұрып, ұзын кірпіктерін майыстыра, маңыздана оқытушыға қарады да, оның үстеліне беттеді. Тырнақтарын нарттай ғып бояған жіп-жіңішке саусақтарымен зачет кітапшасын ұстай келді.

– Айтыңызшы, қандай жануарлар ірі қара малдың қатарына жатады?

– Ірі қара ма? – деп қайталады студент қыз. Сосын төбеге қарады да, әлде бір жерден жауап тапқандай, жария етті.

– Сиырлар.

– Сонан соң?

Студент қайтадан төбеге қадалды, бірақ екінші рет оқи қоюға ол жақта да ештеңе болмаса керек. Енді ол ұзын кірпіктерін төмен түсіріп, өзінше ойлана бастады, дауысын шығара ойланды:

– Шошқалардың ірі қара малға қосудың, әрине, қисыны жоқ.

– Әлбетте, – деп оқытушы оны құптап қойды.

– Сондай-ақ жылқылардың мүйізі болмайды... бұзаулар, былайша айтқанда, болашақ ірі қаралар.

– Ол рас.

– Тауықтардың да мүйізі жоқ. Жылқы жөнінде айтып кеттім...

Оқытушы сол кезде студенттердің күлкіден қысылып, зорға отырғанын байқап қалды.

– Жарайды, жақсы, – деп студент қызға ол өзі көмектесе бастады. – Ал бұқалар мен өгіздердің мүйізі бар ма?

– Бар, бар! – деп қуанды бойжеткен.

Әлгінде сіз тауықтардың мүйізі жоқ деп дұрыс айттыңыз. Ал бір мекиеннің бір күнде неше жұмыртқа салуы мүмкін?

Тауығына қарай, оңды тауық он жұмыртқа береді.

– Тым көбірек. Тіпті, жақсы тауық болса да,– деп жымиды оқытушы. – Біреу ғана.

– Біреу? – Студент ішін тарта таң қалды.

– Ал әлі төлдемеген сиырды қалай деп атаймыз? –

Бұл жолы студент қыз онша көп ойланбады, өзінен-өзі түсінікті емес пе дегендей:

– Баласыз сиыр! – деді.

Аудитория күлкіден жарылып кете жаздады. Күлкінің басылуын байсалдылықпен тосып тұрды да, оқытушы былай деді:

– Осылай болсын-ақ, өзіңіз беске жеткізе алмадыңыз. Сізге тек қана төрт қоя аламын.

Орысшадан аударылған

ЧЕХ-СЛОВАК ӘЗІЛДЕРІ

– Сіздердің алдарыңызда, қадірлі қонақтар, біздің музейдің аса бағалы жиһазы тұр. Бұл – грек жауынгері. Көріп тұрсыздар ғой оның қолы да, аяғы да жоқ, басында бәленшекей жара бар, мүсін «Жеңімпаз» деп аталады!

– Апырай, ә! Ал сонда жеңілгеннің несі қалды екен?!

* * *

Официанттың шәкірті. (Абыржып). Ана кісі: «Сорпаға шыбын салып жіберіпсіңдер» – деп шыж-быж болып отыр.

Официант. О не қылған неме өзі, жиырма тиынға жылан салып бер дей ме?

* * *

– Сен немене, достым, тұнжырап жүргенің?

– Жан күйзелісі! Жақсы көрем бір қызды, ол да мені сүйеді. Оның туыстары қосылғанымызды қалайды, менің туыстарым да солай.

– Бәрінің реті келіп тұр десейші.

– Жоқ, мұның бір кілтифаны бар...

– Қандай?

– Осыны әйеліме қалай айтып түсіндірерімді білмеймін.

* * *

Баласы кір-кір қолымен үстел басына келді. Әкесі:

– Айтшы, кәне, егер мен осындай қолмен келіп отырсам, сен не істер едің?

– Мен әдеп сақтап, оған онша назар аудармаған болар едім.

* * *

– Әй, осы күнгі жастар-ай! Шашын қырқып, шалбар киген немелердің қайсысы – ұл, қайсысы – қыз екенін айырып болмайды. – Ал анаған қарашы, әне!

– Несі бар, ол – менің қызым.
– Ә, кешіріңіз, мен сізді оның әкесі деп ойлағам жоқ.
– Әкесі несі? Шешесі емеспін бе?

* * *

– Сен сонда түске сенесің бе?
– Әрине. Әсіресе, бір түсім нағыз шындық болып шыққаннан бері.
– Ол қандай түс?
– Мен түсімде мәжілісте отыр екем деймін, оянып кетсем, шынында да, жиналыс жүріп жатыр.

* * *

Судья. Үйдің үшінші қабатынан әйеліңізді аңдаусызда лақтырып жібергеніңізді немен дәлелдейсіз?
Айыпкер. Бұрын біз бірінші қабатта тұрғанбыз, жаңа үйге көшкенімізді ұмытып кетіппін.

* * *

– Өкініштi-ақ, алайда мен сізді жұмысқа ала алмаймын: куәлігіңіз ұнамайды.
– Ол өзіме де ұнамайды, бірақ басқасын бермеген соң, амал қанша?!

* * *

Жігіт жас жұбайына:
– Бүгін етің қаттылау сияқты. Қанша қайнатып ең? – депті.
– Қанша болушы еді, кітапта қалай айтылса, солай. Мінекей: «бір кило етті бір сағат қайнат» деген. Мен жарты кило ет алдым, жарты сағат қайнаттым.

* * *

– Меніңше, бір кездерде газет орнына тек қана радио болуы мүмкін.
– Ол қайдан болсын!
– Неге болмасқа?
– Шырағым-ау, радио дегенің ештемені орауға келмейді ғой.

* * *

– Білесің бе, бір ғалымның айтуынша, бойдақтар үйленген еркектерден гөрі шыншыл келетін көрінеді.
– Е, олар бізге әйелдеріміз қоятын сұрақтың жартысына да жауап бермейді ғой.

* * *

Бір әйел құрбысына былай депті.

Жасымда менің де арманым, аңсағаным бар еді...

Ал қазір ше?

Қазір мен – оның әйелімін.

* * *

Ойелі күйеуіне:

- Сенің әлгі бір жолдасың тәрбиесіз жігіт қой. Жарты-ақ сағат сөйлесіп едім, он бес рет есінеді.

– Олай емес, сүйіктім, оның да саған бірдеңе айтқысы келген шығар.

* * *

– Алло, сіз үйіңізге ұры түсісімен неге хабарламадыңыз? Ол үй ішін ұзақ ақтарды деп отырсыз ғой.

– Мен алғашында оны таза көйлек іздеп жүрген күйеум шығар деп ойлағам.

Орысшадан аударылған.

* * *

Аса қатты жүріп бара жатқан машинаны милиционер қуып жетіп тоқтатады. Сонда шофер:

– Мен сіздің ысқырғаныңызды естімедім, – деп ақталмақ болады.

– Қайдан естиін деп едің, сенің жүрісің дыбыстан да жылдам, – депті милиционер.

* * *

Бір сөзуар адам айтатын көрінеді:

– Әйелдермен әңгімелескенді ұнатам. Еркекке айтқан сөзің бір құлақтан кіріп, бір құлақтан шығып жатады. «Әйелге айтқан әр сөзің құлақтан кіріп ауыздан шығады».

* * *

Жас келіншек күйеуіне:

– Айтшы, қалқам махаббаттан маңызды да тамаша не бар дүниеде? – десе,

– Жоқ қой, әрине – депті күйеуі. – Түскі тамағың-қашан дайын болады?

– Құдай ақына құтқарыңыз, – дейді телефонмен дегбірсізденген еркек. – Әйелім бүрісіп қалды, соқыршек боса керек.

– Не айтып тұрсыз? – деп айқайлайды дәрігер, түн ортасында дүрбелеңге салғанына ашуланып және шақырып тұрған еркекті танып. – Мен былтыр ғана Сіздің әйеліңіздің ауру шегін кесіп тастағанмын. Бір кісінің екі соқыршегі болғанын естіген емеспін.

– Ал, сіз бір адамның екінші әйелі болуы мүмкін екенін естіп пе едіңіз, дәрігер?!

* * *

– Мама, – дейді баласы, – әкемнің басы неге қасқа, шашы қайда?

– Ол көп ойлайды ғой.

– Ендеше сенің шашың неге қап-қалың?

* * *

– Сіздің телефонға келуіңізді әйеліңіз өтініп тұр.

– Ой, онда менің әйелім болмағаны ғой...

* * *

Жаңа жылды «жақсы» қарсы алған жігіт көше күзетіндегі милиционерден сұрайды:

– Сіз айтпайсыз ба, вокзалға қалай жетсем екен?

– Тұп-тура жүре беріңіз.

– Тұп-тура ма? Ойбай, онда жете алмайтын болдым ғой.

* * *

Кадр бөлімінің бастығы жұмысқа кешіккен жұмысшыны қолға алады:

– Талтүс болды, міне, талтиып сен жаңа келе жатырсың.

– Менің не халде болғанымды сіз білсеңіз ғой. Мен он сағат бойы естүсімді білмеппін.

– Я, не болды сонда?

– Өлген кісідей ұйықтаппын.

* * *

Оқудан оралған баласы:

– Бүгін мұғалім бізге ең кіші ортақ бөлімді табуды тапсырды, – дейді.

– Е, қойшы, – дейді әкесі, – осы күнге дейін таба алмағаны ма соны? Біз оқыған кезде де жабылып іздеп жатушы еді...

* * *

Иә, сіздердің Мәдениет сарайыңызда дінге қарсы насихатқа кім жауап береді?

Құдайымның өзі білсін.

* * *

«Мен мергенмін» деп мақтанып тұр еді аңшы. Сол кез үстен үйрек ұшып бара жатты.

– Ал, қараңдар, – деді де, аңшы атып салды. Үйрек ұшып кете барды.

– Достар! – деді аңшы аса бір желпінген күйде. – Көрдіңдер ме кереметті? Өлген үйрек әлі де ұшып барады.

* * *

– Бір кісінің осыншама қате жіберуі қалай? – деп кейиді мұғалім.

– Бір кісі емес қой, – деп өкпелейді оқушы. – Әкем, шешем үшеуіміз емес пе?

* * *

Кір жуатын үйдің маңдайшасында «24 сағатта жуып береміз» деген жарнама бар

Кір киімдерді қабылдаған әйел:

– Сенбіде аласыз, – деп сендіреді.

– Сенбісі несі? Бүгін – сәрсенбі ғой, ал ана жарнамада...

– Иә, біз 24 сағатта жуып береміз. Күніне сегіз сағат жұмыс. Сонда сенбі күні таңертең дайын болады ғой.

* * *

Американдық бала әкесіне: «Пистолет сатып әпер», – деп маза бермейді.

– Осы үйдің қожасы өзім болып тұрғанда, қолыңа пистолет тимес, – дейді әкесі.

– Жоқ, пистолет алып берсеңіз, сіз үй иесі болудан мүлде қаласыз, – дейді баласы.

* * *

– Әкеңді жақсы көресің бе, шешеңді жақсы көресің бе? – деп сұрайды баладан.

– Әкемді, әрине.

– Е, неге?

– Ол ылғи үйде болмайды.

* * *

Екі бөспе кездесіпті:

– Біздің жақта сондай ыстық, – дейді біреуі, – көбелектердің қанаты күйіп, күйреуде.

– Ал бізде тауықтарға балмұздақ береді, – дейді екіншісі – жұмыртқалары жидіп түспесін деп.

* * *

– Менің әкем мына тасты аударып тастайды.

– Менің әкем мұның үшеуін де көтеріп әкетеді.

– Менің әкем әуре болмайды бұған, оның орынбасары бар.

* * *

– Ғылыми-техникалық жаңалық атаулының басты мақсаты – адамның уақыт үнемдеуі үшін, – деп пәлсапа соғыпты біреу.

– Телевизорды ойлап тапқанға дейін ғана солай болды ғой, – деп мұңайыпты екіншісі.

* * *

Әкесі баласын концертке алып барыпты. Сонда бала:

– Мынау ағай анау апайға неге таяқша безейді? – дейтін көрінеді.

– Таяқ безеп тұрған жоқ, дирижерлік етіп тұр.

– Ендеше анау неге сонша шырылдайды.?

* * *

Бір заң қызметкері «жауапкершілік» деген сөздің мәнін былай түсіндіріпті:

– Шалбарымыздың екі-ақ түймесі бар екен де, біреуі үзіліп кеткен екен дейік. Сонда жауапкершілік жүгі жалғыз түймеге түседі ғой.

* * *

Дәрігерлік оқуға түспекші жігіт терапевт болуды қалайды. Мұны естіген әкесі ашу шақырыпты:

– Ақылсыз неме, тіс дәрігері болуға тырыссайшы. Адамның жүрегі жалғыз, ал тісі қаншама...

* * *

Әйелі:

– Сүйкімді Руди, меніңше қоян – нағыз ақымақ аң секілді, солай емес пе? – деп сұраса:

Күйеуі:

– Дәл солай, көжегім. Дейтін көрінеді.

* * *

Атасы креслода қалғып, қорылға басып отырса, немересі оның пиджагінің түймесін бұрай беретін көрінеді.

– Не істеп тұрсың? – деп сұрайды әжесі.

– Басқа станциясы бар ма екен деп іздеп тұрмын.

* * *

Қызметтен келіп диванға шалқайған әйелі еден жуып жүрген күйеуіне әңгіме соғады:

– Сен білсең ғой, директор маған тағы да айтты:

«Сен үшін семьямды тастап кетуге де бармын», – дейді. Онысы, әрине, әзіл ғой.

– Ә, мүмкін, рас шығар, – депті күйеуі жұлып алғандай.

* * *

– Айыпталушы, сіз мына кісіге помидор ғана лақтырдым дейсіз бе?

– Дәл солай, сот мырза!

– Ендеше оның басындағы жара қайдан пайда болған?

– Помидор банкіде болатын, сот мырза!

* * *

– Көрдің бе, ұлым, әкең де сені әдемілеп шомылдыра алады. Шешеңнің жоқтығы сезілген де жоқ.

– Солай ғой, папа, тек қана мамам, неге екенін білмеймін, суға түсірер алдында бәтеңкемді шешіп алатын еді.

* * *

– Құттықтаймын, әке! Сен – біздің класс бойынша нағыз бақытты әкесің.

– Немен қуантасың, құлыным?

– Басқалардың ата-анасы жаңа оқулықтар іздеуге тиіс, саған әуре болудың қажеті жоқ. Мен екінші жылға қалдым.

* * *

– Біздің мамандықтың адамы ертеңгі күніне ешбір сенім білдіре алмайды.

– Сіз саперсыз ба?

– Жоқ, ауа райын зерттеушімін.

* * *

Олардың балалары үшеу еді. Өздері ажыраспақшы болып сотқа келгенде соларды қалай бөлісерін білмей әбден қызылкеңірдек болысады. Ақыры әйел тұрып:

– Жүр, үйге кеттік. Бір жылдан кейін қайтып келейік, сонда баламыз төртеу болады, – депті.

ҮШ КӨРІНІС

– Қой деймін, енді, Асқар! Әй, естимісің айтқанды? Көкшешек шыққыр, қой енді! Астапыраллай, тағы қарғатқыздың-ау... «Қарғайын десең, жалғызым; қарғамайын десең, жалмауызың». Не дауа бұл жұлының үзілгірге?

* * *

– Біздің Әбжали таңертең ерте тұрады, сосын мектепке барады...

– Ой, «бармаймыны» несі? И-ибай қорқақ. Ынжық! Осының өзі былжырап, кімге тартқан? Бармай көр!.. Ойбай, қойдым... Атасының баласы оңды ғой... –– Әй қатын, қант әперіп жіберші... Ертең мектепке барғанда сендерге кәмпит береді, печенье, береді...

– Шоколад? – Әрине. Е, халва болмағанда, қыли Қожахмет Қызылордаға барып келіпті, әкелген шығар арбалап. Сен де барасың Қызылордаға. Машинаға мінгізіп, мұғалімдерің алып барады... Ақылды ғой біздің Әбижөк!

* * *

– Ә-ә, Дулатпысың? Келіп қалдыңдар ма? Тәтейлерің не деді? «Ертең оқу басталады» деді ме, ия, ертең – ерекше күн. Сөмкең қайда? Орнында ма? Дұрыс. Ағатайың айтқандарын ғана салып қойдың ба? Жақсы. Солай айтқанды ұғып алатын бол. Ал енді өзің дайындалуың керек. Е-е, жігіт, тырнағыңды қайта алатын бопты ғой. Қазір шомыласың. Тазалық тәртіп... онсыз болмайды, достым.

ДӘЙІМ ДӘРЕЖЕ БИІК БОЛСЫН

Көркем өнерпаздар байқауының қорытынды концерті

6 май күні Тың игерушілер сарайының зәулім сахнасының зор шымылдығы айқара ашыла берді де нақ төрде алаудай ойнаған, жалаудай жайнаған жұқа жібек пердеден көңілге ыстық көсем бейнесі көзге де жылы ұшырай кетті. Ал сахнаның екі шетіндегі ақ перделерге алқызыл бояумен «100» және «50» деген екі цифр жазылған. Бұл – Целиноград облысы көркемөнерпаздарының биылғы байқауы В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы мен Советтік Қазақстанның жарты ғасырлық мерейлі мерекесіне арналды деген сөз.

Жыл бойына жер-жерлерде өнердің өрім талдары мың бұралып би билеп, әуелете ән салып, күмбірлете күй тартып, талқыдан өтті. Табиғи қабілеті танылғандар одан әрі шығандап, дарын жарысын дамыта түскен. Апрельде аудандық, қалалық байқаулар өтіп, бәйге саңлақтары сараланып болды да облыстық дәрежедегі төрешілер шешімін тосты. Ақыры қалалар арасында Целиноград көркемөнерпаздарының өнері озық деп танылды. Ал аудандар бойынша Шортанды мен Атбасар аудандарының өнерпаздары үзеңгілес шығып, бірінші орынды ортақ иемденді. Сондықтан да қорытынды концерттің бірінші бөлімін – атбасарлықтар ашты.

Шортандыдағы Бүкілодақтық астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының хор коллективі А. Смертиннің «Ленин туралы әнін», әсіресе, композитор Данкевичтің «Богдан Хмельницкий» операсынан халық хорын сазына келтіре, сауатты орындады. 80 кісілік коллективтің костюмі келісті, сахнадағы тұрысы да сәнді. Хордың көркемдік жағынан басқарушы және дирижері Мария Геттенің көп еңбек сіңіргені, осы өнерге әжептәуір бейім екені сезіліп тұр.

Атбасар қаласының хоры музыканы мүлтіксіз таза жеткізуімен, орындау мәдениетімен көзге түсті. В.Фролов басқарған хор орыстың халық аспаптары оркестрінің сүйемелдеуінде Заславскийдің «Арманы еді Лениннің» және Фляровскийдің «Кеңбайтақ өлкем, елім менің» әндерін әсерлі шырқады.

Осылардай үлкен коллективтердің бірі – Целиноград педучилищесінің қазақ хоры М. Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсынан хор мен биді тәуір орындап, көңіл көтерді. Әйтпесе қорытынды концертте көрсетілген қазақ тіліндегі кейбір номерлерге қысылып қалғандай қалпымыз бар еді. Халықтық жыр мен күйдің сыр мен нәшін жеткізіп, ажарын ашып көрсетудің орнына өзіміз орындап тұрған дүниенің асыл мәніне жете ұғынбай, жеңіл кететін кезіміз бар.

Қорғалжындық өнерпаз А. Есмағамбетова – дауысы зор, дарынды жас. Әлдебір «әншілер» ерні жыбырлап, әрең сыбырлап тұрар болса, Есмағамбетованың еркін шырқап, зал жаңғырықтырып әкетуіне әбден

мүмкіншілігі бар. Әттең сол асқақ үннің тәрбиесі аз, мақпалдай етіп мәпелеу жоқ екен. Дауысына лайық ән таңдау талғамы да жетпегендей. «Арайлым» атты лирикалық ән, назды әуен оның орындауында әсем сазынан айырылып, сәтсіз шықты.

Сондай-ақ Целиноград ауданының әншісі Б. Жүнісованың да «Сен ғана» секілді ынтызар көңіл күйінен туған, үмітке толы үзіліп тұрған сұлу әнді марш екпінімен мақамдап кетуі де «әттеген-ай» дегізді. Одан да азаматтық әуендегі, әйтпесе құбылмалы, қуақы, ойнақы әндерді айтса, бұл әншінің жұлдызы жайнап кететін сияқты. «Өнерпаз болсаң, арқалан» – деп Абай айтқандай, сахнаға сән беруге ұмтылу керек, ұлттық ұяңдықты қойып, жұрт алдына жүрексініп шығу сезімін жеңе білу қажет, көпшіліктің көзін тартып, көңілін баурап алардай, сахнаға еркелей, еркін шығуға үйренген жөн. Бұл ойды біз ерейментаулық өнерпаз Р. Сәлменованың, алексеевтік әнші Х. Әбілхановаңың атына да, жалпы қазақ жастарының атына да айтқымыз келеді.

Ерейментау ауданы «Торғай» совхозынан келген әнші Зиада Бектемірованың дауысы тіпті күшті, дірілсіз, диапазоны кең. Ол Латиф Хамидидің әйгілі «Бұлбұлындай» әсем де ауыр әнді шырқаған шақта шынымен сүйсіндік. Бірақ бұл талантқа да тәрбие, ақыл-кеңес керек-ақ. Алдымен ол өзінің өте қою үніне лайық халық әнін қалап алса, классикалық музыканы орындауға ұмтылып, үйренсе, атақты арияларды айтып талпынса, тамаша болар еді. Құлақ құрышын қандыруға тиісті мұндай дауыстың шыңдалуы, дарынның дамуы қажеттігін ерейментаулықтар ескерсе игі.

Ал, алексеевтік мұғалім, әншілігінде дау жоқ Ақан Әубакіровтың «Айттым сәлем Қаламқасты» өз мүмкіншілігінше орындағанын құптай отырып, осымен тоқталуға болмайтынын, өсу, іздену, жаңғыру жөн екендігін ескертпей болмайды. Шынында да, «Шалқар» совхозының Майдан Базаров бастаған домбыра оркестрі – өнерлі топ екенін ертеден білеміз. Бірақ баяғы «Балбырауынмен» қала беруін қалай деуге болады? Репертуарды жаңартып, толықтырып отыру мұрат емес пе? Мәселен, әркімнің баянына қосылып ән шырқаған кейбір қыз-келіншектерімізді осы оркестр сүйемелдеп әкетсе, ұлт өнерінің үлкен мерейі болмас па еді?

Жергілікті жердегі өнерпаздардың өсуі, ізденуі, талпынуы дегенде, тым алысқа қараудың қажеті жоқ та сияқты. Жақсы, жарасты өнер жанымызда, осы өзімізбен бірге, облыстық байқаудың қорытынды концертіне көрік берген де солар. Атап айтқанда, Атбасар ауданы «Шуйский» совхозының өнерпаздары М. Пагуца мен П. Гладченко өздерінің жолдасы, жергілікті жас композитор Адаменконың «Целиноград туралы әнін» әдемі айтты, автордың өзі баянда ойнайды. Өнерпаздық деп осыны айтсақ керек. Немесе М. Горошко, Г. Шмигель, Б. Подлесный есімді вишневтік үш жігіт үн қосып, «Мен жиырмасыншы жылдарды еске аламын» деген әнді айтқанда, «осындай қазақ триосы да тыңдаушысын табар еді-ау» – деп еріксіз ойға қалдық.

Облыстық байқаудың екінші бәйгесін алған Алексеев ауданының «Новорыбинский» совхозынан келген ер әншілер тобы да орыстың күлдіргі халық әні – «Бұл Ольховка деревнясында болып едіні» еркін, жеңіл орындап қошаметпен қол соқтырды.

Жалпы жеке орындаушылардан гөрі коллективтердің орындауындағы номерлер салмақты, сапалы болып, басым түсіп жатты. Тегі вокалистер: «даусым бар, дайындалып қайтем», – деп салақтыққа салынған секілді.

Рас, көркемөнерпаздарға қойлатын алғашқы талап – бойдағы өнерді ашып, танылу. Бірақ өнердің аты – өнер, оның дәрежесі әрдайым биік болуы міндет. Сонда ғана өнер – тыңдаушысына ләззат беріп, орындаушысына қанат бітіріп, қанағат әкеледі.

«Коммунизм нұры» газеті, 8 май 1969 жыл

Москва сатира театры

КҮЛДІРЕ ОТЫРЫП КҮЗЕЙДІ

Бір кеште, бір сәтте осыншама өнер жұлдыздарының сахнаға шығып, салтанат құруы – жиі кездесе бермейтін жай. Москвалық театрдың Қазақстанға гастрольге келуі, оның ішінде игерілген тың аймағына сапар шегуі бізді сондай бір өнер мейрамына куә етіп отыр.

Сахнада жүзге жуық артист тұр. Бір ғана спектакльге мұншама актер атсалыса бермесе керек. Ал бүгін жалғыз спектакль емес, жартығасырлық ойын өрнегі көрсетілмекші. Москваның Сатира театры өткен күзде өзінің елу жылдық мерекесін тойлаған болатын. Соған орай қойылған арнайы шолу-спектакль «Біз – елудеміз» деп аталады. Мұнда советтік сатиралық театрдың бастау көзі, қалыптасу кезеңі, шабытты шағы, шыққан биігі шымыр көрсетіледі. Елу жылдың елесі беріліп, әзіл-сықақ белесі бейнелі түрде алға тартылады.

«Біз – елудеміз» шолуын белгілі сықақкой жазушы Г. Горин мен Сатира театрының қаламгер актері А. Ширвиндт жасаған. Міне, сол қос автордың бірі – республикаға еңбегі сіңген артист Александр Ширвиндт шымылдық серпер сөздерін төгілтіп те жіберді.

Тың игерушілер сарайында творчество отын маздатуға москвалық актерлардың үркер жұлдызындай үлкен тобы келген. Жасампаз өнердің жауынгер отряды. Уытты күлкінің найзасын жоғары ұстап, сатира садағын берік тартқалы тұрған берен сауытты саңлақтар. Бүгінгі ойынға артистердің үш ұрпағы, үш толқыны тоғысқан. Аға ұрпақ атынан РСФСР-дың еңбек сіңірген артисі Г. Тусузов алға шықты. Қартаң тартса да қағылез келген актер бүгінгі сауықтың әсем жүруін, әсерлі өтуін тіледі.

Сатира театрының өмірге келуі, өзіндік бағдарын айқындауы, алғашқы табысқа ие болып, қалың көрерменге танылуы В. Маяковский есімімен тығыз байланысты. Советтік сатираның негізін қалаушы азулы ақынның өткір өленделері дәл осы театрдың төрінен саңқылдауы өте орынды-ақ. РСФСР-дің халық артисі В. Козел ақын жырын асқақ оқиды. «Театр – жүз көрсетер айна емес, жүз құбылтар әйнек» – деген Маяковский. «Тірілермен тірілерше сөйлескісі» келген адуынды ақынның театрға қойған бұл талабы нақ осы Сатира театрында сәтті түрде жүзеге асырылуда.

Міне, жарты ғасыр бойына жасап келе жатқан Победоносиков. Жаны қандай сірі десеңізші. «Мен қасқырша мытар ем төрелікті» деген Маяковский «Монша» пьесасында өзімшіл, өркөкірек басшысымақ бейнесін батыл әжуалап еді. Өзімшілдігі сол – өнердің адам көңілін қозғағыш, жан дүниесін тербегіш қасиетіне қарсы. «Қозғамаңдар, қоздырмаңдар мені!» дейді ол. Оған бәрінен де өзінің орындығы қымбат, жан тыныштығы жақсы. Өркөкіректігі сол – өнерге, өмірге тиым саламын деп тыраштанады. Дүние соған қарап тұрғандай: «Рұқсат етпеймін!» «разылығым жоқ!» деп әкіреңдейді. Айналасына күлкі болып тұрғанынан, мазақ болып қаларынан қаперсіз. Республикаға еңбек сіңірген артист В. Байков сары портфелін салақтатып, нығызси басатын топас төрені дәп бейнелейді.

Сатира театры Маяковский туындыларына жиі оралып отырады. Өткен жылы театрдың бас режиссері, СССР халық артисі В. Плучек «Қандала» пьесасын қайта қойған. Ұлы ақынның үлкен шығармасында әңгіме болатын әжуа жайлар бүгінгі өмірімізден де бой көрсете бастағандығы еске алынған. Мысалы, сахнаға арсы-күрсі болып шыға келген гитарлы жігітке (актер Николай Пеньковқа) қараңыз. Кешегі Пересыпкин бүгінгі Пересыткинге айналған. Төгілбаев болып төмендеп жүрген жүдеубас Тойғанбаев болып томпия қалған. «75 жылғы жеңілтек» деп айтуға әбден лайық. Шашы жалбырап, шалбары далақтап, дарылдай жөнелгенде күні бүгін өзіміз қала көшелерінің бірінде көрген дударбасты танығандай болам.

Республикаға еңбегі сіңген артист А. Ширвиндт сөз болып отырған шолу-спектакльдің авторы болумен бірге бірнеше номерді ойнақы етіп орындайтын дарынды актер де екен. Ол атақты сықақшылар И. Ильф пен Е. Петровтың «12 орындығы бойынша» театрда жүрген спектакльден Остап Бендер бейнесін сахнаға сәтті шығарды. Ол оқырман-көрермендердің көпшілігіне танымал ала-аяқтың аузына: «біздің кезімізде былай болушы еді, сіздерде мынандай болған ба?» деген сөздерді сала отырып, тұрмыста орын алып отырған кейбір жайларды келеке етеді. Бала тәрбиесі, сезім тазалығы, семья беріктігі жайлы әзілдерін әсерлі жеткізеді.

Сатиралы сауық барысында көрермендердің зор ілтифатына бөленген актердің бірі республикаға еңбегі сіңген артист Спартак Мишулин болды. Кинофильмдер мен көгілдір экраннан көпшілікке мол танылған актер бұл кеште де әсерлі ойынымен ойлаған жерден шықты. Сатира

театрының сахнасында «Үлкен үйдің кішкентай комедиялары» атты спектакль қойылған болатын. С. Мишулин сол спектакльде тонаушы бейнесін толыққанды образ етіп шығарған. Біздің кейбір кәсіпорындарымыз бен шаруашылықтарымыз әлі де болса брақка жол беріп, ақаулы өнімдер шығаратындығы тонаушының атынан: «тонап кетуге лайық дүниелер болса ғой», – деген сықақ сөзбен сыналады.

Гастрольға келген артистердің көпшілігімен көгілдір экран арқылы таныспыз. Сатира театрының актерлары телевизиядағы «13 орындық» атты шарапханада шабытпен ойнайтынын білеміз. Міне, актер Зиновий Высоковский сондағы мүсәпірлеу Зюзя бейнесін алдымызға алып шықты. Тағы да әйеліне – Люлясына телефон соғып жатыр. Бірақ бұл жолы мемлекеттік автомобиль инспекциясынан тіл қатуда. Дұрысы: «автоинспекция» деп айтуға масаңдау Зюзяның тілі келмей тұр. Келеке-келемеждің шарықтаған түрі.

Сатира театрында күлкілі рольдерді құбылтып ойнайтын атақты актерлердің ізін басып, өз ойынымен дараланып келе жатқан таланттардың бірі – республикаға еңбегі сіңген артист Андрей Миронов. Ол көптеген кинофильмдегі тартымды ойыны арқылы жұртшылықтың сүйіктісіне айнала бастады. Кешегі ойын үстінде оған бір бойжеткеннің гүл әкеліп үсынуы соның белгісіндей. Гүл ұсынған қыздың қолын ақ сүліктей жабысып, сүйген күйінде ұзақ тұрып ойнақылануы – артистің ерке мінезін, экспромтқа шеберлігін танытқандай. Бұл өзі ойнаған рольдерін тым әсірелеп, бояуды қалың жағып жіберетін актер. Ойынға жан-тәнімен беріліп, құлап түсердей болып құбылта ойнайтын өнер иесі. Одессалық ойнақы жыршының «Махаббат, махаббат!» атты әуендерін ол тап солай, тым шалықтап ойнады.

Шолу-спектакль екі сағат бойы үзіліссіз жүреді. Кейбір көрермендердің көңілінде «мұнысы несі?» деген сауал да тууы мүмкін. Соны сезгендей залдан сөйлей түрегелген әйел сахнаға да шыға келді. Ойын жүргізуші өзінше абдырап қалған болып тұр, ал көрермендер РСФСР-дың еңбек сіңірген артисі Ольга Аросеваны танып қалып, сүйсіне күліп жатыр. «Антракт қайда?» – деп байбаламдайды актриса. Бір нәрсе жетіспей жатса, шу шығарып, молшылық болса, мұрын шүйіретін мещандық мінез бар емес пе? Керек затты таныстық арқылы табу, шетелдік деген дүниеге шегін тарта таңырқау, жаңа шыққан нәрсені қайткенде алып үлгеруге ұмтылу – осы секілді тоқшылықтан туындайтын тоғышарлық мінез-құлық Ольга-Мониканың ойынында барынша әжуаланады. Әйелінің тамыр-таныстық, алым-берім жайлы әңгімелерінен маймыл болып кетуге мәжбүр күйеу (актер Б. Рунге) бейнесі жұрттың шексілесін қатырады.

Біраз күліп алған жұртшылық бір сәт ойланып та қалады. Сахнада әжуаланып жатқан жайлар осы өз басымыздан да өткендей. Сатира театрының сәні де сол, мәні де осында ғой: сатира саңлақтары күлдіре отырып күзейді, сынап тұрып түзейді. Жарасты өмірімізге көлеңке түсіретін

күлкі етіледі, аққа оралғы жайлар әзіл-сықақ объектісіне айналады. Сатира театрының артистері бұл абыройлы міндетті сахнада, экранда еркін атқарып жүр. РСФСР-дың халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Вера Васильева ойын соңында сол туралы жарқын жүзбен жақсы айтты.

Өнердің кемел шағына жеткен, Еңбек Қызыл Ту орденді Сатира театрының жұлдыздары тағы да сахнаға шығып, сән құрады. Ойынға ырза болған целиноградтықтардың ықыласпен ұсынған гүл шоқтары актерлер жүзін нұрландыра түсті.

Целиноград, Август 1975 жыл

Кино

«БРИЛЛИАНТЫ БІЛЕК»

...Аяқ астында жатқан қарбыздың қабығынан кісінің тайып жығылып, тәйкесінен түсуі мүмкін ғой. Сасқанынан: «Сайтан алғыр!» – десе, несі бар? Бірақ сол тұста әлдекімді асыға тосып тұрған күдікті кейіптегі екі кісі елең ете қалады бұған. Өйткені осы сөз – олар үшін ерекше белгі, жасырын жолығысу шарты еді. Сайтан алғырды» еркінен тыс, аңдаусыз айтқан кісінің өздері тосқан контрабандист емес екеніне қарамастан құлаған жанды құшақ жая қарсы алғандары да сондықтан. Шыққан иықты сілкіп орнына түсіргені жөн-ақ, алайда сау білекті жалма-жан таңа бастағандары таңғаларлық. Ал дәкені әрбір ораған сайын арасына жалтылдаған жақұт, дүррі гауһар дүниелерді қоса ораулары одан бетер оқыс.

«Жығылған үстіне – жұдырық» дегендей, жоқ жерде мұндай бәлеге душар болған ана жазғанды айтсаңызшы! Білек толы бриллиант таңулы, асыл тастар тығулы болса, кісінің қолын ғана емес, жан дүниесін де жаншып езгендей зіл қара тас – хауіп сезімі пайда болмай ма? Әсіресе, ол кісі – адал еңбегімен күн көрген, қарапайым совет адамы болса, шетелдерді аралаған саяхаты аяқталып, енді еліне оралғалы тұрса?

Бір жақсысы, ол тиісті орынға әлгі оқиғаны айта білді. Сөйтсе, оған оншама абыржудың қажеті жоқ екен. «Құлап түстім, білегім күтір етті, есімнен айрылып қалдым, көзімді ашсам, қолым таңулы», – деуге болады ғой. Болады. Ендеше солай деп жұртты иландырып, жүре берген дұрыс. «Сынған» білекке кімдердің жаны тым ашып, «гипсін» тез алуға құмартар екен?

Бірақ бұған әйелін қайтіп иландырмақ? «Сынықты емес, шыныңды айт», – деп шыжғырған жоқ па? Болмаған соң: «осының бәрі – ораулы алтын, алмаз», – деп амалсыз адалына көшіп еді, «сен қылжағыңды қой!» – деп кіжінді-ау. Күлермісің, жылармысың?

Осылайша екі оттың ортасында қалған аңқау, адал Семен Семенович Горбунков (әлгі адамның аты-жөні солай) жылырман болып жүргенде көрермендер көңілденіп, күліп отырады.

Иә, біз бұл жерде «Бриллиантты білек» атты кең экранды, көркемсуретті жаңа фильмнің алғашқы эпизодтарын еске алып отырмыз.

Соңғы кезде шытырман оқиғалы фильмдер мен пьесалар шығарылып жүргені мәлім. Сол секілді аталған картинаның да сюжеттік желісі қымқуыт уақиғалар тізбегінен тұрады. Оның негізіне контрабандистер тірлігі, қылмыстылар қылығы, солардың сойқандықтарын ашып, әшкерлеуші орган адамдарының іс-әрекеті алынған.

Кейінгі кездегі киноленталарда кино техникасының орасан мүмкіндігін көрерменді таңырқату тәсілі ретінде де пайдаланушылық барлығы байқалады. Мәселен, көз алдындағы адамның жер жұтып қойғандай жоқ бола кетуі, бір кісінің екеу болып есіңді алуы сықылды сиқырлар, адам ойы жетпестей әдеттен тыс әрекеттер бұл фильмде де жеткілікті.

Соның бәріне қоса өзге картиналарда онша бола бермейтін күлкі бар мұнда. Ұры қуыстанғыш болады дегендей, үнемі бұқпантайлап, адымын аша алмай әуре болатын ұрлық-қарлық психологиясы бұл фильмді түсірушілерге контрабандистердің сасып-пысқан тірлігін сайқы-мазақ етуге еркіндік берген. «Жеті-сегіз құлпы» бар құпия есіктердің, қуғын-сүргін, арпалыстардың, жазықсыз жанды құртып жіберуге құрылған неше түрлі жоспарлардың болуына қарамастан, қорқып-үрку орнына көрермендердің ауық-ауық санын соға сақылдап күліп, үнемі дерлік езу тартып отыратыны сондықтан.

Сөйтіп «Бриллиантты білек» фильмінің жанры – шытырман оқиғалы, оқыс әрекетті, күлкілі кинотуынды (детективті-эксцентрикалық кинокомедия). Сценарийін жазғандар – М. Слободский, И. Костюковский, Леонид Гайдай. Қоюшы режиссер – Леонид Гайдай.

Кино көрермендеріне Л. Гайдайдың есімі ертеден таныс және ылғи күлкілі фильмдер жасаушы ретінде танымал. Ол түсурген «Төбет Барбос және таңғажайып кросс». «Ы» операциясы», «Кавказ тұтқыны» картиналары күлкілі жайларымен көпшілікке ұнап қалған еді.

Кинематографистердің бәрі де күлкінің – қуатты өмір факторы екенін, жұртшылықтың комедияны жаны сүйетінін жақсы біледі, бірақ нағыз, панымды комедияны қалай жасау керек екенін бәрі бірдей біле бермейді. Бұл жанрда күш сынаушы кинорежиссерлер өте аз. Сондықтан да біз Леонид Гайдайдың күлкілі ленталар жасауға үнемі бейіл беріп, берекелі еңбек етіп жүргеніне ризамыз.

Рас, оның бұл туындысы бұрынғы фильмдерінен асып түскен деп айта алмаймыз. Бірақ талантты режиссер тапқырлық жолында, кинокомедия жасаудың жаңа жолдарын іздену үстінде, батыл эксперимент бағытында екенін мойындамасқа болмайды.

Леонид Гайдай қойған кинокомедиялардың бәрінде де тұрған бойы толған күлкі, тамаша актер Юрий Никулин ойнап келеді. Ол осы жолы

да картинаның тартымды шығуына, табыспен жүруіне өз үлесін мол қосқан. Біреудің ала жібін аттап көрмеген адал жанды Семен Семеновичтің ойда жоқта орасан қылмысқа ортақтас болып шыға келген кейпін жылы юмормен бейнелейтін, «қорыққанға қос көрініп», көлеңкемен аңдасатын, ұзын бойлыдан үрейлене қалатын сәттерін құбылтып жіберген Ю. Никулиннің ойыны әдеттегіше әсерлі, нанымды, тіпті жағымды.

Сондықтан да «Мосфильм» киностудиясы жасап шығарған «Бриллиантты білек» кинокомедиясы бір көрімге қызық, жан сергітіп жадырап қайтуға әбден жарайды-ақ.

Целиноград, 17 июнь 1969 жыл

Кино

ЕСКІ ЖЫЛДЫҢ ЖАҢА ЛЕНТАЛАРЫ

... 1921 жылғы Владивосток. Осында Роман Чен есімді бай саудагер бар. Қаланың қадірлі адамдары соның биржасынан шықпайды. Тіпті ақгвардия барлаушылары да бай маклердің сарайына келіп, құмарлық ойындарына салынады. Ал шындығында, олардың саудагер санап жүргені – Ф. Дзержинскийдің тапсырмасын орындаушы тәжірибелі чекист Марейкис еді...

«Пароль қажетсіз» деген жаңа фильмді көрген кісі осындай сырға қанығады. М. Горький атындағы Орталық студияның бұл туындысы жазушы Юлиан Семеновтың сценариі бойынша жасалған. Жұртшылық оның «Майор Вихрь» романымен жақсы таныс, жуырда сол аттас телефильмді көріп тебіренді. Ю. Семенов шиеленіскен, оқыс оқиғалы өмірді суреттеуге шебер. Ал мына фильмге негіз болған жайлар – Қиыр Шығыста Совет өкіметінің орнау тарихы онсыз да шытырман тартысқа толы еді. Сол кым-қуыт оқиғалардың ортасында азамат соғысының атақты қол басшысы Блюхер мен комиссар Постышевтің бейнесі берілген. Блюхер ролінде – артист Н. Губенко, Постышев болып артист М. Федоров ойнайды. Қолбасшы мен комиссар Қиыр Шығысқа Лениннің жолдамасымен келген-ді. Ол екеуі осындағы партизандардан армия құруға тиісті еді.

Дәл осы кезде Владивостокқа Исаев атты тағы бір адам тап болып, газет қызметіне кіріседі. Бірақ оның шын аты мен түпкі мақсаты тіпті басқаша болатын. Оны сіз аталған фильмнің екі сериясын көріп айқын түсінесіз...

20 декабрьде Бүкілодақтық Төтенше Комиссияның (ВЧК) құрылғанына 50 жыл толды. Сол күндердің құрметіне чекистердің ерлігі мен тапқырлығы туралы бұрынғы басқа картиналармен қатар осы фильм де облыс экранында көрсетілуде.

«Зерттеу жұмысы жүргізіле береді» деген картина да осы тақырыпқа арналған. «Азербайджанфильмнің» бұл туындысы мемлекеттік қауіпсіздік қызметкерлерінің қиын да жауапты міндеті жайлы баяндайды. Мұнайлы қала – Баку шетелдік барлау орындарының назарына жиі түсетіні мәлім. Бұл қалаға ғалым, турист, саудагер кейпінде сан-талай шпиондар келіп, совет чекистерінің қырағылы арқасында әлденеше рет ашкерленген болатын.

Міне, жаңашыл инженер Азимов қызмет істейтін ғылыми-зерттеу институтына бір топ шетелдік ғалымдар келеді, оның ішінде ғалым атын жамылған жасырынды шпион бар. Бірақ қай кісі екені белгісіз. Оның жолығатын адамы осы институтқа орналасып та алған. Мына көп қызметкерлердің қайсысы екен ол? Көрермендер ол екеуін орган адамдарымен бірге іздеседі. Фильм өте тартымды.

Туысқан Чехословакияның «Баррандов» киностудиясы жасап шығарған жаңа фильм де қылмысты ашудың қиын жолын бейнелейді. Ол «Шымылдық ішіндегі кісі өлімі» деп аталады. Чехословакияның мемлекеттік қауіпсіздік қызметкерлері халықаралық контрабанданы қалай ұстағанын көрсетеді.

25 декабрьде Украинада Совет өкіметі орнауының 50 жылдығы аталады. Соған орай көрсетілетін көркемсуретті фильмдердің қатарына «Оныншы қадам» картинасын қосуға болады. А. Довженко атындағы киностудия бұл фильмді белгілі қолбасшы, дарынды қаламгер Роберт Эйдеман шығармаларының сарыны бойынша жасаған. Латыш халқының ардагер ұлы Р. Эйдеман – Совет өкіметінің алғашқы жылдарында Украинада үлкен қызмет атқарған адам Талантты қолбасшы өзінің әңгімелерімен повестерінде сол кездің оқиғасын шыншылдықпен суреттейді.

Фильм жиырмасыншы жылдардың большевиктеріне бағышталған. Сол жылдары «Правда» газеті: «...біз толық жеңіс жолында тоғыз қадам жасадық. Біз оныншы қадамды да жасауымыз қажет» – деп жазған, яки түрлі бандыларды жою жөнінде мәлімдеген болатын. Фильм, міне, осы күресті, оныншы қадамды бейнелейді. Режиссері – УССР-нің халық артисі Виктор Ивченко. Жұрт оны «Маринаның тағдыры», «ЧП», «Иванна», «Сұржылан» картиналары бойынша біледі.

«Күйген күйменің жолы», «Үшбұрыш» картиналары отызыншы жылдардың оқиғасын қамтиды. Алдыңғысын «Туркменфильм» түсірген, соңғысы «Арменфильмнен» шыққан. Ал «Өзбекфильмнің» туындысы «Саяттың қоңырауы» қазірдің өзінде қала кинотеатрларында жүріп, енді облыстың ауыл-селоларында да көрсетілгелі отыр. Ол өзбек жеріне Октябрь жеңісі, әйел теңдігі қалай келгенін әсерлі әңгімелейді.

Декабрь айында Совет Армиясының Москва түбінде неміс фашистерін алғаш талқандауы аталып өтуге тиіс. Осы ретте «Егер сағаң өз үйің қымбат болса» – атты жаңа фильм көпшілікке кеңінен көрсетілмек. Бұл картинаның жанры жаңа: ол көркем-публикациялық фильм деп аталуда.

Сценарийін Константин Симонов, Евгений Воробьев, Василий Ордынский жазған. Соңғысы – фильмді қоюшы режиссер. Операторы – Владимир Николаев. Бұлардың бәрі де Ұлы Отан соғысына қатысқан болатын. Олар өздері бастан кешіріп, көздері көрген тарихи фактілер арқылы еліміздің ерлік сипатын, совет адамдарының патриотизімін паш етеді. Фильмде қазір анықталып отырған соғыс құпиялары, көпшілікке мәлім емес мәселелер де сөз болады.

«Аспанға көтеретін саты» фильмді сол соғыстан кейінгі жайды баяндайды. Литван шаруалары аспанға көтеретін саты – азаттық жолымен қалай жүрді, қандай қиыншылыққа кездесті, қайтіп жеңіске жетті? – Фильм осындай сұрақтарға жауап береді. Бұл ретте ол «Ешкімнің де өлгісі келмейді» фильмімен үндес. Бірақ тақырыпты игеру тың, тартымды.

Ал қазір Тың игерушілері сарайында жүріп жатқан «Үміт жағалауы» атты фильм – соғысқа қарсы соны туынды. Жер бетінде бейбітшілік бола ала ма, жоқ па? – картина осындай толғақты ойды тартымды оқиғалар жүйесі арқылы бейнелейді. Фильмді А. Довженко атындағы киностудия жасаған.

Бұлар – 1967 жылы түсірілген фильмдер. Олар осы декабрь айында және жаңа жылдың басында көрсетіледі. Алдағы жылдың соны туындылары өндіріске берілгенше облыс экрандарында осы картиналардың жүретіні сөзсіз.

«Коммунизм нұры» газеты, 1968 жыл

Кино

ЭКРАН ЕЛДІ БАУРАСЫН ДЕСЕК...

(Кинофикация қызметкерлерінің облыстық кеңісінен)

– Халыққа кино көрсету ісі жылдан-жылға жақсарып келеді, – деді облыстық кинофикация басқармасының бастығы Р. Жақсыбеков жолдас кеңесте жасаған баяндамасында. Ұлы Октябрьдің даңқты 50 жылдығын мемлекеттік кино жүйесінің қызметкерлері де қызу қарсы алды. Былтыр біздің облыстың өзінде ғана 752 киноқондырғы жұмыс істеп, күн сайын 65 мың адам кино көрді. Өткен жылы облыстың кино жүйесі көпшілікке қызмет етудің жылдық жоспарын барлық көрсеткіштері бойынша асыра орындап және көрсетудің сапасы мен мәдениетін жақсарта түсті.

Мерекелі жылда революциялық мазмұндағы арнайы кинофестивальдар өткізу, фильмдерді тарихи тақырыптық жүйемен көрсету кең өріс алды. Мәселен, «Ондай партия бар!» деген кинофестиваль өте табысты өтті. Фестиваль барысында жер-жерде жүзге жуық лекция оқылып, әңгіме-кездесулер өткізілді, 60 мың адам камтылды.

Өткен жылдың осындай игілікті істерімен қатар көптеген кемшіліктер де анықталды. Кинолекторий секілді бағалы бастама барлық жерде бірдей қолдау тапқан жоқ. Документальды фильмдерді көрсету әлі де төмен дәрежеде. Әсіресе, ауыл шаруашылығы тақырыбындағы фильмдерді насихаттау нашар. Сапасыз кино көрсету мысалдары да бар. Үнем үшін, пайда үшін күрес аз жүргізіледі. Ал Вишнев және Жақсы аудандық кинодирекциялар жылдық жоспарды да орындаған жоқ.

– Баяндамада аталған мерекелік кинофестиваль, – деді Атбасар аудандық киножүйесінің директоры И.И. Вебер, – бізде де қызу өтті. Оны аудандық партия комитетінің бірінші секретары Ә. Шабатов ашып, Владимир Лениннің революциялық қызметі туралы әңгіме өткізді. Яғни кинофестиваль ұйымшылдықпен басталды. Ал оның тартымды болып өтуіне тәжірибелі киномеханиктер А. Гузев, В. Ведерников, Н. Перегонцев және жас та болса, шебер киномеханиктер Х. Оразбеков, А. Дронь көп үлес қосты. Атбасар аудандық кинодирекциясы мереке құрметіндегі жарыста республика бойынша үшінші орынға ие болды. Ал өткен жылды 14 мың сом табыспен аяқтаған «Колос» кинотеатрына «Ұлы Октябрьдің 50-жылдығы атындағы» деген құрметті атақ берілді. Рас, баяндамада біздің Аманкелді атындағы кинотеатрдың жұмысына біраз сын айтылды. Қазір оның жұмысы жолға қойылып, арнайы балалар кинотеатры ашылды. Бұл – облысымыздағы осы типті алғашқы мәдениет орны. Оған облыстық ұйымдар тарапынан қамқорлық қажет.

– Бізде кинолекторий жұмысы кең өріс алып келеді, – деді Макин аудандық киножүйесінің директоры М.В. Попов. – Әсересе, «Победа» кинотеатрында ата-аналарға арналып ұйымдастырылған киноуниверситет жұртшылыққа ұнап отыр. Оған қаладағы 8-жылдық мектептің оқуісінің меңгерушісі М. А. Корчевская жетекшілік етуде. Ол басқарған лекторлар тобы айына екі рет, жұма күндері жұртшылық алдында тәрбие тақырыбына лекциялар оқиды, әңгіме соңынан кинофильмдер көрсетіледі. Жыл бойына 27 лекция оқылды. Бұл ретте «Победа» кинотеатры – республикадағы үздік кинотеатрлар санатында үшінші жүлдегер.

Кеңесте шығып сөйлегендер жарнама мәселесіне көп назар аударды. Жергілікті жерде жарнама жасауға материал табылмайды. Кинофильмді әсерлі, тартымды етіп жарнамалау кез келген кино қызметкерлерінің қолынан келе де бермейді. Сөйтіп, олар кинопрокатқа кіріптар болады. Ал кинопрокат жарнама құралдарын уақытында жеткілікті түрде жібермейді. Киноленталарды бірден-бірге жіберіп, аудандар бойынша айналдырып отыру ісі әлі нашар. Есіл және Астрахан аудандық кино жүйесінің директорлары М. Кадыков пен А. Жүнісов өз сөздерінде бұған нақты мысалдар келтірді.

– Кинопрокатта қандай картиналар барын күнілгері біле бермейміз. Сондықтан ауыл-селоларда репертуарлық жоспар жасалынбайды, бірақ бұл дұрыс емес, – деді Есіл ауданынан келген шебер киномеханик К. Лангольф. Бұдан кейін ол өзінің жұмыс тәжірибиесін әңгімеледі. Кино

аппаратураны әрдайым ұқыпты ұстап, мінсіз қызмет көрсету мәселесіне тоқталды.

Облыстың кинотеатрлары мен киноқондырғылары жанынан ұйымдастырылған 19 балалар кинотеатры бар. Соның бірі жөнінде Жолымбет руднигінде «Октябрьдің 50 жылдығы» атты кинотеатрдің директоры Л. И. Болошов әңгімеледі. Ол – «Факел» атты балалар кинотеатрының қамқоршысы.

«Факел» өткен жылдың март айында ұйымдастырылған. Оның атын оқушылардың өзі қойған. Өздері кино жүргізіп, билет сатып, сеанстардың дұрыс өтуін бақылайды. Содан бері рудникте жеткіншектерге кино көрсету көп жақсарды. Сол үшін Жолымбет поселкелік Совет бұл кинотеатрді Құрмет грамотасымен наградтады. Қазір «Факел» шортандылық «Зорька» балалар кинотеатрымен жарысқа түсіп отыр.

Ал кеңес барысында Целиноградтағы №5 мектептің оқушылар кинотеатры өз тарапынан «Факелді» социалистік жарысқа шақырды. Былтыр құрылған «Юбилейный» атты шәкірттер клубы басқа балалар кинотеатрынан өзгеше жұмыс істейді. Онда документальді және көркем фильмдер көрсетілуімен бірге киносабақ та өткізіледі. Оның жұмысы жөнінде №5 мектептің 10 класс оқушысы Венера Насибуллина айтып берді.

Алексеев аудандық кино жүйесінің директоры А. Н. Пуров «Авангард» кинотеатрының жақсы көрсеткіштерін үлгі ете сөйледі. Ал Атбасар ауданы Покровка селосының киномеханигі И.А. Перегонцев қол жеткен жетістіктерді айтты.

Кеңес облыстық кинофикация және кинопрокат қызметкерлерінің 1968 жылға арналған социалистік міндеттемелерін қабылдады.

Кеңестің жұмысына облыстық Совет атқару комитеті председателінің орынбасары М. С. Есмағанбетова қатысып, сөз сөйледі.

Кеңестің соңында облыстың он кино қызметкеріне «СССР Кинематографиясының озаты» значегі тапсырылды. 14 адам СССР кинематография жөніндегі комитетінің Құрмет грамотасымен наградталды.

«Коммунизм нұры» газеті
1967 жыл

Кино

ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ ҚЫЗЫҚ ТА ҚИЫН

...Күлсіннің ащы даусы күллі ауылды басына көтерді. Көше бойлай жүгірген ол:

– Жарандар-ау, жаны жақсы адамдар-ау, қызым қайда менің, қызым?! – деп байбалам салып келеді. Жұрт жиналып, оны ортаға алып жатыр. Ал Күлсін:

– Жалған айтсам, жаным шықсын, – деп қорғанып тұр. – Дәл қасымда үйықтап жатқан. Ояна келсем, орнында жоқ, қу шұнақ. Құдайым оны да мендей зар жылатсын! – деп, ол енді қызын қарғай бастады. Жұрт жаңа түсінді: Күлсіннің бой жетіп қалған қызы – Айзадасы қашып кетіпті.

Әйелдер шулап қоя берді. Мұндай сұмдықтың боларын күнілгері білген, қазіргі әңгімені тітіркене тыңдап тұрған Гүләйім шыдамай, шындықты айтып қояды.

Айзада – Гүләйімнің дос-құрбысы. Айзаданың Ош қаласында оқитын Кемел атты сүйікті жігіті бар. Бірақ шешесі оны базар бастығы Есенаманның Бекташына бермек. Алған қалыңмалы үшін қызын өз қолымен шығарып беріп отыр. Осының бәрін айта келіп:

– Қызыңды сатқаныңызбен қоймай, атына кір келтіріп, жаманатты қыласың. Ұялсаңызшы! – дейді Гүләйім. Күлсіннің көзі шарасынан шығып кете жаздайды...

Биыл «Қырғызфильм» студиясы жасап шығарған «Нағыз тілалғыш» атты кинокартинаның оқиғасы осылай өрбиді. Фильм қырғыздың жас жазушысы Қамбаралы Бобыловтың «Оңтүстіктің қызы» атты повесі бойынша жасалған. Повестің де, фильмнің де басты кейіпкері – Гүләйім, он сегіз жасар, оныншы класс оқушысы. Тәртіпті де тәрбиелі бойжеткен. Жұрт оны «мінезі жібек, міні жоқ, тілалғышын өзінің» деп мақтайды.

Ал Гүләйімнің өзі тіпті де тілалғыш бола бергісі келмейді. Жүрегінің сонау түкпірінде нағыз тілегі, нақты мінезі жасырынып жатқан жоқ па? Әсіресе, Айзада тағдыры анықталғаннан бері мазасыз ойлар көбейіп кетті-ау!

Айзаданың батылын-ай! Шешесінен рахым болмайтынын білген соң, қаладағы Кемелге хабар беріп, өзін алып қашуды өзі ұйымдастырыпты. Ақшасын алып қойған жерге қызын беріп құтылуға асыққан Күлсін алданғанын аңғармайды да. Айзаданы Бекташқа қосқанын кейін бірақ біледі...

Әне, сол Айзада секілді батылдық жасауға бармысың, Гүләйім? Жоқ-жоқ, атамаңыз ондайды! Ата-анасын қалай алдамақ, қайтіп жерге қаратып кетпек? Олар бұлар өздеріндей сеніп: «айтқан тілді алады, айтырғанға барады», – деп жүрген жоқ па? Ал сол ата-ана бала көңіліне барлау жасап байқады ма? Бойы өскен қыздың ойы да өсерін ойлай ма екен өздері? Әкесі Қалмырза түгіл, анасы Кәрәмат жанында жатқан қызын ашық сөйлетіп, анық сырын айтқызды ма? Жоқ-а! Сәби кезінде-ақ ер балалармен тығылмақ ойнауға тыйым салған шешесі енді он сегіздегі қызы өзімен бірге оқитын Аманбайды бесінші кластан бері жақсы көретінін естісе есінен танып қалмай ма?!

Алайда, Кәрәматтың үрейін ұшырған «хауіп» басқа түрде болып шығады: партия, комсомол ұйымдарының шешімі бойынша Гүләйімді Фрунзе университетіне оқуға жібермек. Кәрәматтың зәре-құты қалмайды. Қаладағы қыздар жәйлі уланған ол көзі тірісінде Гүләйімді оқуға жібермек емес. Бірақ бұған қарсы амал керек. «Гүләйімді күйеуге беру керек, тұрмысқа шыққанды кім оқуға жібермек?» – деп ойлайды ол.

Сөйтіп, қалыңмалға қол соғылып, қой сойылып дегендей, Гүләйім қалыңдық атанады. Бірақ айттырғаны – Аманбай болғанмен, ол жігіттің өзі басқаны сүйіп, басы қатып жүр. Енді не болмақ?..

Міне, солай фильмнің оқиғасы одан әрі шиеленісіп, ширыға түседі. Өздеріңіз байқап отырғандай, бұл кинокартина тұрмыс тақырыбына, семья мәселесіне, оның ішінде бала тәрбиесіне бағышталған. Ата-ана мен баланың ара қатынасы, әсіресе, қыз баланың қызық та қиын тағдыры сөз болады.

Фильм көрермендер алдына көптеген сұрақтар қояды: ата-ананың баланы жақсы көруі кейде бақытсыздыққа ұшырауына себепкер болатыны несі? Қыз балаға сезік көп, сенім аз болатыны қалай? Оның бойы да, ойы да ер баладан ерте жетілетіні анық. Бірақ осыны біз оның өзіне ақылмен айтып, асықпай түсіндірдік пе? Ұрсу – ұғындыру болмайтынын, зеку – зердеге құю емес екенін білеміз бе өзіміз? Қыз баланың әкемен – ақылдас, шешемен – сырлас болмай кететіні осыдан емес пе? Қызға қырық жерден тыйым салумен бірге, қырық түрлі ақыл айтып, кеңес берсек, келісті болмас па еді?

Бұл сұрақтар мен оның жауабы жалаң түрде, жалпылама емес, фильмдегі күлкілі сөз, күйінішті кез, тартымды да табиғи оқиғалар желісінде көркем түрде беріледі.

Кинодраматургтер С. Луигин мен И. Нусинов фильмның сценарийін іскерлікпен жазған. Режиссерлер Бекеш Әбділдаев пен Леонид Гуревич үшін бұл фильм – тұңғыш туынды болса да, олардың осы жолғы талғамы мен талабы «Қырғызфильм» киностудиясына жаңадан жақсы кадрлар қосылғанын аңғартқандай.

Талғам дегенде алдымен, олардың актерлерді орынды да батыл таңдай білгенін айту керек. Актерлер ансамблі – картинаның сәтті шығуына апаратын басты жолдың бірі. Бұл туындыны – туысқандық фильм деуге де болғандай. Өйткені мұнда өзбек, қырғыз, қазақ артистері қатар ойнайды. Мәселен, Гүләйімнің әкесі – Қалмырза роліне өзбек өнерінің шебері, СССР халық артисі Нәби Рахимов шақырылған. Бұрын көбіне-көп комедиялық рольдерде ойнайтын актер бұл жолы өз талантының жаңа бір қырын танытып, ана-мынада ісі жоқ, аз сөзді аңқау мінезді адамның бейнесін бере білген. Керісінше, бұрын ылғи драмалық, трагедиялық кейіпкерді бейнелейтін қазақ артисі Әмина Өмірзақова осы жолы өте-мөте күлкілі бейне – Күлсін ролінде ойнайды. Ал Гүләйімнің шешесі – Кәрәматтың табиғатында пысық, тұрмыста әрекетшіл, айлакер бейнесін қырғыз артисі Жұмаш Сыдықбекова ұтымды шығарған.

Басты рольде қырғыз киносының жас жұлдызы Клара Жүсіпжанова ойнайды. Оны біз «Аптап» кинокартинасынан алғаш рет көрген болатынбыз.

Мұнда ол нағыз тілалғыш қыздың нанымды кейпін бере отыра, фильмнің соңында өз тағдырын өзі шешуге батыл қадам басқан Гүләйімнің өсу кезеңін де өте шебер ойнайды. Қырғыз қызының қилы тағдырын қисынды етіп көрсете білген.

Актерлердің әсерлі ойыны фильмнің жоғарыда айтылған идеясын көкейге қонымды еткен. «Нағыз тілалғыш» фильмі – ұл-қыз өсіріп отырған ата-аналарға ұлағатты мол шығарма болып шыққан. Әсіресе, қырғыз халқымен семьялық өмірі, сезім-санасы ұқсас қазақ көрермендерінің әдейілеп көруіне әбден тұрғандай. Фильм қазір облыс экрандарына шықты.

1969 жыл

ӨЗБЕКСТАН ЭСТРАДАСЫНЫҢ ЦЕЛИНОГРАДТАҒЫ КОНЦЕРТІ

Өсу жолында

Қазір концерт коллективтері көп-ақ. Сондықтан көрермен жұртшылық ләззаты мол, жаңалығы бар болар деген концертке, талғамына қарай таңдап қана барады. Осындай көпшілік бұрнағы күні Тың игерушілер Сарайына Өзбекстан эстрада оркестрін тыңдауға жиналды.

Шымылдық ашылмай жатып оркестр ойнады, сахнаға Самаркандтың тасындай көгілдір, Андижанның құмындай күрең, Ташкенттің бақшасындай жасыл түсті жарық құйылып жұрт үміті ақталардай көрінді. Алғашқы номерде дойрамшы М. Мірхалықов, осы оркестрдің дирижері Альберт Малаховтың «Жұлдызды дойрасын» ойнады.

Концерттің бірінші және екінші бөлімінде де алдымен ән салған 23 жасар артист Эсон Кандов. Ол өзбек, еврей, итальян, үнді, ауған әндерін шырқады. Әсіресе «Жаңа Дели» кинофильмнен ән, өзбек композиторы И. Акбаровтың «Қайдасың?» және ауған халқының «Ей, керуен басы» әнін әдемі айтты. Бұл жас әншіде күшті дауыс бар екен. Болашағынан үміт күтуге де болардай. Тек сахнада жүріп-тұруынан, тіпті иіліп ізет көрсетуінен де әлі ысылмағандық аңғарылады.

Бишілер өз өнеріне төселіп қапты. Әркиной Расульходжеваның орындауында ұлттық би ұнамды көрінді. Ал Мухаббат Абдуллаева араб биін шабытпен орындады.

Сахнаға Өзбек ССР-нің еңбек сіңірген артисі Луиза Закированың шығуын көпшілік қол соғып қарсы алды. Луиза – осы коллективтің көркемдік жағын басқарушы, атақты әнші Батыр Закировтың қарындасы. Оның өзіндік орындаушылық ерекшелігі бар. Онысы өзбек әндерін орындаудан да байқалады. «Тамшылар» әнін айтқанда тіпті айқын сезіліп тұр. Композитор Павленко бұл әнін балаларға арнаған екен. Л. Закирова осы әнді мазмұнына сай, мелодиясына сәйкес бөбек рөлінде ойнап тұрып, өте әдемі орындады.

Жалпы бұл коллективтің шеберлігі, орындау мәдениеті өсіп келе жатыр. Орындау мәдениетінің өсуі Өзбек ССР-нің еңбек сіңірген ар-

тисі Юнус Тураевтың совет композиторлары Нождаковтың «Жүрегімде», Шамоның «Днепр үстіндегі алтын орай», М. Джалилдің «ТашМИ қыздары» атты әндерін айтуынан да анық көрініп тұрды. Көрермендер оған композитор Бабаджанянның «Әлемнің ең оңды қаласы» әнін қайта орындатқызды.

Өзбекстан эстрада оркестрі жуырда Украинадан оралып, қазір Қазақстанда жүр. Біраз қалаларда болып, бізге келген беті осы. Енді Өскемен, Семейде ойын көрсетіп, гастрольдерін Алматыда аяқтамақ.

«Тың өлкесі» газеті, 28 август 1965 жыл

АЛТАЙ АРТИСТЕРІ – ҚАЛАМЫЗДА

Целиноград көрермендерінің тағы да қуана беруіне болады: қаламызға Алтай өлкелік музыкалы комедия театры келді. Өз өнерімен таныстыру үшін дәстүрлі гастрольге келіп отыр. Олардың гастролі Тың игерушілер сарайында ертең, 1 июль күні басталады да, 16 июльге дейін созылады.

Театрдың репертуары бай. Әсіресе, опереттаға мол орын берілген. Атап айтқанда И. Кальманның – «Баядера», «Марица», Ф. Легардың – «Көңілді жесір», «Цыган махаббаты», «Ф. Лоудың «Менің ғажап ханымым» атты оперетталары бар. Бұлар – бүкіл Европаға кең тараған шығармалар, біздің сахналарымыздың да сәні болып жүрген айтулы спектакльдер. Сондай-ақ, совет композиторлары Ю. Милютиннің «Цирк оттары жағылғанда», Б. Александровтың – «Малиновкадағы үйлену тойы» деген туындыларын да жұртшылықтың сүйіп тыңдайтыны белгілі.

Ал, композитор Ю. Владимировтың «Жолдас ИКС» пен «Жолың болсын» атты музыкалы екі комедиясы көрермендерді сөзсіз қызықтыруға тиіс. Өйткені, бұл шығармалар бүгінгі күннің күлкілі уақиғасына құрылып, осы заманғы өмірді жырлайды.

Бұлардан бөлек тұрған бір спектакль бар: Ол – Р. Дригоның «Эсмеральда» балеті. Көрермендер алтайлық артистердің орындауында есті сұлу Эсмеральдаға ғашық болған кейіпсіз жігіт Квазимонның аянышты халін көреді.

Өр Алтайдың өнерпаздарын театрдың бас режиссері, РСФСР-дің еңбегі сіңген артисі П.В. Алдахин мен бас дирижер, БАССР-дің еңбегі сіңген артисі А.Б. Супер бастап келіп отыр.

Гастроль ертең оперетта жанрының асқан шебері И. Кальманның «Баядерасымен» ашылады.

«Коммунизм нұры», 1969 жыл

МҮШЕЛДІ ТОЙ ЖЫРЛАРЫ

Күн сәулетті Өзбекстан! Бір кезде аптап күйдірген, аңызақ соққан өңірді қазір осылай атаймыз. Бүгінгі Өзбекстанды ақ алтынның аймағы деп білеміз. Құлаққа Зарафшанның сылдыр-сылдыр ағысы келіп, Наманганның нақысты әуендерін тыңдағандай боламыз. Кернейлерін көкке тіреп, ала шапанды ағайын тұрғандай көз алдымызда. Өзбек елі дегенде Әндіжанның алшасы мен жүзімінен татқандай, иықтарға Хиуа жібегін жапқандай немесе дойраның бір қағысы мың бұралтқан «Бахор» сұлуларын көргендей сүйсінесің.

Самарқандтай шаһары сан ғасырға куә болған көне өзбек жерінде жаңа мейрам, жарқын мереке өтті. Жаңа Өзбекстанның жайсаң тойы, Өзбек ССР-інің құрылғанына жарты ғасыр, өзбек ұлтының бауырлас совет халықтары санатында ту көтергеніне тура 50 жыл-ды.

Өзбекстанның ақын қызы, біздің лирик апамыз Зұлфияның тамаша бір өлеңі бар:

Шығыста алау ғой күн нұры,
Жалынды жандарға ұқсай ма?
Келіңдер, ақындар, өнердің дүлділі,
Біздерге, мүшәйра, мүшәйра! –

деп басталатын бұл өлең шығыс поэзиясында қалыптасқан қасиетті дәстүрді алға тартады.

Мүшәйра – ақындар жарысы, ақындар бәйгесі деген сөз. Біздің қазақ топырағында қалыптасқандай, екі ақынның егесі, бетпе-бет айтысы секілді емес, жиналған жыршы атаулының бәрі қатысатын, кезектесе сөз алып, өз әуенін алға тартатын жалпы өнер сайысы, жаппай өлең жарысы. Мәселен, өзбек халқының осынау жарқын той, жаңа мейрамына бүкіл өзбек ақындары жиналып, туған ел турасында толғады делік: Отан, партия халық хақындағы асыл ойларын айшықты бейнелеп, жаңғырған өмір, жасарған өңірді мадақтаған маржандай жыр жолдарын тізді делік. Міне, бұл – мүшелді тойдың мүшәйрасы болмақ. Өзбекстан ақындарының сырттай жыр бәйгесін өткізуге бізге «Жазушы» баспасы шығарған өзбек поэзиясының антологиясы көмектесті.

Керней үні жер-көкті алып, мүшәйра дабылы қағылғаннан кейінгі сөз, әлбетте, Әлішер Науаиға берілсе керек.

Құпиясына ғаламның елеңдеген,
Ой ғаухарын жалықпай терем деген.
Өр талапты серік қып, алғаш рет,
Дүние сырын аштым мен өлеңменен, –

деп өзі айтқандай, сонау орта ғасырларда жасаған ақын көне тарих көзі ретінде, сондай-ақ өзін шығыстағы жеті жұлдыздың бірі атандырған те-

рең ойлы, тебіреністі жырымен де өзбек ақындарының маңдай алдында тұрады.

Әлішер Науаи ғұмыр кешкен дәуір – надандық жайлаған, озбырлық қаптаған, өкініші мол кезең. Сондықтан да ақынның әрбір ғазалы мұңға толы, назалы болып келеді.

Жан-жағымда көңірсіген неткен күйік, дерт еді! –
Айдаһардың от деміндей құса жанды өртеді.
Қараңғыда ажыратып құртқан бізді қу дала,
Тікендері қалдырмады денемде сау жер, тегі, –

деп күңіренеді ол. Әлішердің, әсіресе, күңгірт шырағдан жәйлі ғазалын қазіргі Науаи атындағы опера және балет театрының электр нұры төгілген төрінен оқитын болса, зар заманда өткен ақынның шерлі күйі тіпті айқын сезілердей.

Әлішерден кейінгі шайырлардың да аһ ұрғанда аузынан жалын шыққан қайғылы, қасіретті жырлары көп. Солардың ішінде оқшау көрініп, өзгеше естілетін жыр жолдары – Тұрды ақындікі. Ол басқа түскен бәлені әлдеқайдан іздемейді, айналасына көз жіберіп, күнделікті өмірдің күйбеңінен үлкен түйін жасайды:

Кейде атыма беретұғын
таба алмаймын шөпті де,
Өмір шіркін өкіндіріп,
жоқшылықта өтті ме?..
Бай-патшаның аяғына жығыламын, иілем,
Содан дағы бүкір болдым,
бүкір болдым міне мен.

Тұрды ақын мұнымен тұрып қалмайды, «адамды адам аямайтын, толып жатқан бір егес» барын еске салып, соның сырын аша түседі:

Кіл озбырлар елді билеп,
қоздырады ерегес,
Сондықтан да өзбек елі ел емес-ау, ел емес.
Сұбханқұлы хан болғасын
не істемес те, не демес,
Соған көнген біздің бұл ел
ел емес-ау, ел емес, –

деп шындықты шімірікпей айтумен бірге елдің күйін ащы әжуаға айналдырады.

Мұшәйраның келесі кезегін Ауаз Отар-оғлы деген шайырға берсе дұрыс. Өзбек халқының ой-сезімін ұзақ уақыт торлап келген ескіліктің шырмауы, исләмның тұзағы турасында бұдан ашық айтқан қаламгерді табу қиын.

Ауаз Отар-оғлы қашан да болсын халықтың бір оянарын сезініп, келер күннің атынан қаһар білдірген болса, өзбек, совет әдебиетінің көш басшысы Хамза Хакімзада Ниязи «Оян, Түркістан!» деп жар салды. Өзбек жігітіне осындай ұран садырған Ұлы Октябрь революциясы еді. Хамза мүшәйра кезегін жұрттан сұраған жоқ, оны замана сахнасына Совет өкіметінің өзі шығарды.

Қанаушылар, қанқор байлар құрысын,
Дағар сәлде, шұбар шалма шірісін!
Заман енді біздікі ғой, жолдастар,
Жұмысшы мен шаруа бірлес, жол басқар!
Оян, оян, таңың атты, Түркістан!
Жаса, аман бол! – дейміз саған әр тұстан.

Міне, осыдан бастап өзбек өлеңіне жаңа бір жарқын леп пайда болды. Мазмұнға сай мағналы ұйқастар үйлесім тапты. Замана ағымына лайық ішкі ырғақтар күшейіп, поэзияның тақырып аясы кеңіді, тапқырлығы күшейді. Мұны бір өзбек әдебиетінің ақсақалы, көп қырлы дарын иесі Мұса Айбектің жырларынан да жас қаламгер Мұхаммед Әлидің сәби шумақтарынан да танып білеміз.

Өзбек өлеңінің ғана емес, советтік поэзия саңлақтарының бірі болған, Лениндік сыйлықтың лауреаты Ғафур Гулям қаламынан мынадай жолдар туды:

Суыма серт, наныма серт дер едім,
Жаныма серт, арыма серт дер едім.
Ымырт пенен таңыма серт дер едім, –
Маған қымбат жан әкемдей Ленин!

Ақын бұл сертті бүкіл Шығыс атынан береді. Жүрек сөзін жүз мәртәба қайталаудан қаймықпайды. «Асыл ойы, ақ жолы үшін Дананың, қажет болса, құрбандыққа барамын» деп батыл сендіреді.

Өзбектің үлкен ақыны Ұйғын да көсем бейнесін көркем жырлауға, тереңнен толғауға ұмтылады.

Оған тең іздеп,
Тарихты ақтарма босқа, –
Ленинге тең жоқ
Тек онің өзінен басқа, –

деп өте сәтті сабақтайды жыры. «Лениннің бейнесі бүгінгі биік істеріміздe, ең асқақ арманымызда, ең абзал тілегімізде» деп тың ырғақпен сөйлейді. Сондай-ақ Ильичке деген іңкәрлік лебізін Міртемір, Рамаз Бабажан. Асхат Мұхтар мен Хұснидден Шәріповтер шабытпен жеткізген.

Аралап туған жердің бел-белесін,
Ғажап бір күйге енемін, тебіренемін.
Жата қап сүйгім келер жүрген сайын,
Құлпырып шешек атқан жер бедерін.

Мінеки, көз алдымда туған өлкем,
Мәуесі қаулай өсіп, жайған өркен.
Малынған көкшіл нұрға күн аймалап,
Әсем ат – Өзбекстан қандай көркем! –

деп жазған өзбектің аса талантты ақындарының бірі, әттең, соғыс жылдарында қыршындай қиылған қаламгер Хамид Әлімжан.

Бүгінгі мүшәйраның асыл өзегі – Өзбекстан. Бірақ тақырып ортақ болғанмен тапқырлық әрқилы келуі шарт. Өнердің мұраты сол, өлеңнің қызығы сонда. Мысалы, ақын Ақмал Полат «Өзбекстан өзендері» деген термесінде:

Алтын алқа тағасыңдар,
Толқып маңғаз ағасыңдар.
Байлық көзін табасыңдар,
Өзбекстан өзендері! –

деп айтар ойын тұспалдамай, тура білдіретін болса, өлеңдерін салмақты жазатын Сабир Абдулла:

Күн еңкейіп, біткен кезде күндізің,
Қара түнді қумақ болып мәңгіге.
Фархад ГЭС-і жайнатса сан жұлдызын,
Тек халықтың қамын ойлап жанды деп, –

суреттейді. Жаңа Өзбекстанның жасампаз еңбегін, жарқын келбетін сұлу жырлаған осы өлеңнің тәмәмдалуы да тартымды:

Елді жырлау қолдан келе берсе егер,
Ақын үшін одан асқан жоқ бақыт, –

дейді С. Абдулла.

Еліңнің азаттығын қайрат-күші тасқындай түсуін жырлаудан артық бақыт, әрине, болмақ емес. Тек осынау заманға сай заңғар ойлы, дәуірге парапар дабылды да жалынды жыр үйлесімін таба біл. Елге қара, еңбекшіні көр. Хабиби есімді шайырдың:

Диқандардың қарашы қолдарына,
Жаралғандай күшті боп ел қамына.
Тамырлары арықтай су ағатын,
Жүрегін айт табысқа қуанатын.

Боялады теріне орамалы,
Сол тер күзде алтын боп оралады.
Ей, Хабиби, тер төксең сен де солай,
Соғар едің өлеңнен алтын сарай, –

дейтіні сондықтан.

Өзбек ақындары Зарафшан бақтары жайнағанын, Ферғана мақтазарында қызу еңбек қайнағанын өзбек елінің өзге ұлттармен ұлы достық аясында бірлесе еңбектенуінен деп біледі. Лениндік партиямыз бастаған жүз бір ұлттың жұлдызы қатар жайнап өзбек туы өз өрнегімен желбірейтінін ақын жүректің бар лүпілімен жырлайды. Талиб Иолдаш айтқандай:

Халқым бүгін бақыт құшқан, нұр құшқан,
Шырқағандай адам түгіл әр тасы.
Қиялымыз көкті кезіп, күнге ұшқан,
Соның бәрі – еңбек, достық арқасы, –

деп шаттануларына, мақтануларына әбден лайық. Көне өзбек жерінде, кемеңгер Науаи елінде ұлы думан, үлкен той Керней үні керемет сауықты жариялап тұр. Мүшелді той мүшәйрасы толас таппайды!.

Латыш өнерінің Қазақстандағы онкүндігі

ОРКЕСТР САПАРЫ

Соңғы кезде берік қалыптасқан ізгі дәстүр бойынша қазір біздің республикамызда Латвия әдебиеті мен өнерінің онкүндігі өткелі отыр. Сол орайда ірі коллективтердің бірі – Риганың эстрадалық оркестрі Қазақстан қалаларын аралап, өз өнерін көрсету сапарына шыққан. Оркестрді Өскемен, Лениногорск, Семейден кейін Целиноград тұрғындары тыңдады.

Концерт оркестрдің орындауындағы инструментальды парадпен басталды. Салтанатты әуен «Күзге дейін әлі алыс» атты кинокартинадан алынған. Бұл – Латвия ССР-нің 25 жылдық мерекесі құрметіне шығарылған фильм. Фильмнің музыкасын композитор Раймонд Паулс. Ол – қазір осы оркестрдің көркемдік жағын басқарушы, композиторы және пианисі. Мұның өзі өнер коллективінің орындау шеберлігінің арта түсуіне жақсы әсерін тигізген. Оркестрдің әншілерді сүйемелдеуі сүйкімді-ақ. Халық әндері тақырыбына жазылған вариациялар да әсем естілді. Әсіресе, джаздың аты-шулы композиторы Д. Эллинтонның «Керуені» шабытпен орындалды.

Әңгіме солистерге ауысқанда, латыштар – сауықшыл, жайсаң халық екенін айтпай болмайды. Сондықтан да олардың ән-биі ойнақы, жеңіл

ырғақты келеді. Сондай-ақ баритон Здзислав Романовскийдің орындауы да еркін, айшықты. Әндерді ана тілінде айтуы да өзіне жарасымды екен. Оның «Мен және менің балаларымның бақшасы» деген күлкілі әнді орындауы көпшілік көңілінен шықты. Онан соң әнші Маргарита Вилцане «Буратино, көмектес маған» дейтін аса жайдары әнді шырқап, жұртты жадырата түсті. Әншінің талғампаздығы сезіледі, репертуары өз даусына әбден лайық. Ол испанның «Синьор» әнін өте тартымды қып айтты.

Концерт барысында көзге бірден түскен бір жай: оркестр мүшелері – өңкей өрімдей жастар. Жалпы эстрада – жастар өнері. Бұл коллектив осы қағиданы өз жұмысының негізі етіп алған көрінеді. Ол оркестрдің құрамынан да, репертуарынан да, орындау стилі мен көркемдік шешімінен де сезіліп тұр.

Мәселен, бишілер Сподра Мейя мен Оярс Грасис латыштың ұлттық биін – ұл мен қыздың жарасымды ойыны түрінде қызғылықты етіп көрсетті. Ал «Теңіз жағасында» атты жаңа би – осы заманғы жастар өмірін бейнелейтін, дәуір талғамына дәл келетін, жаңашыл шығарма.

Концерттің көңілді болып өтуіне конферанстер Юрий Грин мен Леонид Лебединскийдің қосқан үлесі зор. Тіпті екеуінің өнері өзге артистер ойынынан кем түспей жатты. Әзілдері әдемі, әжуалары ақиқатқа толы. Тұрмысымыздың күнгейі мен көлеңкесін шеңдестірген сықақтары да шебер. Халықтың қалжың-сынды қатты ұнататыны белгілі. Сондықтан бұлар бірнеше номерлерді қайта орындады. Соңғы жылдары совет эстрадасында қос конферанс көп көрініп жүр. Сол салада табысты еңбек етіп жүрген талантты дуэттердің бірі – осылар.

Сахнаға салған жерден ән шырқап шыққан Вадим Мамаевты көрермендер қошаметпен қарсы алды. Оның әсем қоңыр дауысы бар екен. Әнші, әсіресе, А. Бабаджанянның «Жақсы» әнін жақсы айтты. Итальян әуендері де өз орындаушысын тапқандай.

Осы жерде сөз ететін бір жағдай – оркестр мен солистердің репертуарында шетелдік эстрада, оның ішінде, джаз музыкасы мол орын алыпты. Осы орайда табысты өткен концерттің жалғыз ғана өкініші болды. Рига эстрада оркестрінің репертуарында туысқан республика композиторларының туындысы жоқ. Тіпті латыш музыкасының өзі де аз орын алған. Концерттен соң көрермендер мен артистер арасында болған әңгіме үстінде осындай пікірлер айтылды. Оркестрдің көркемдік жағын басқарушы композитор Раймонд Паулс бұдан былай, тіпті Алматыда қойылатын концертке дейін музыканы ескеруге тиіс екенін айтты. Тыңдаушылар латыш өнерпаздарына сәт сапар тіледі.

«Коммунизм нұры» газеті, 1968 жыл

«ЕГОР БУЛЫЧОВ ЖӘНЕ БАСҚАЛАР»

Облыстық драма театрының он үшінші маусымы осы спектакльмен ашылды. Бұл – театр коллективінің Ұлы Октябрьдің 50 жылдығына арнайы әзірлеген үш спектаклінің бірі. Мерекелі маусымның шымылдығы пролетариаттың ұлы жазушысының тамаша бір туындысымен ашылуы әбден орынды сияқты. Бұған театрдың М. Горький есімімен аталуы да өз әсерін тигізгендей.

Ал облыстық сахнаға «Егор Булычов және басқаларын» шығару театр коллективінің күш-қуатын да байқатқандай. Әсіресе, спектакльдің режиссері В.Е. Горюновтың батылдығын атау керек. Олай дейтініміз, өзінің жазылу тарихы, мазмұн-мағнасы жөнінен, драматургиялық туындыларға қойылатын талаптар тұрғысынан бұл пьесаның қыры-сыры мол. Оны сахнаға қою оңайға түспейді.

Горький 1915 жылдан кейін он бес жыл бойына жаңа пьеса жазбай, жалпы драматургия жанрынан бойын аулақ салып келген-ді. Ал 1930 жылы ол кенеттен екі бірдей пьесаны қатар жазып, тәмәмдайды, көп үзамай үшінші бір пьесаны да аяқтайды. Бір қызығы, үшеуінің атында ұқсастық бар. Олар: «Сомов және басқалар», «Егор Булычов және басқалар», «Достигаев және басқалар» деп аталады. Соңғы екеуінің өзара үндестік тақырыбы, тартысы да, ортақ кейіпкерлері де бар. Ал идея тереңдігі, мазмұн байлығы, көркемдік қуаты жөнінен бұлардың ішінде «Егор Булычов және басқалар» ерекше тұр. 1932 жылы алғаш рет Евгений Вахтангов атындағы театрда қойылған бұл драма отыз бес жыл бойына дүние жүзіндегі талай сахналардың сәні болып келеді. Міне, енді ол Целиноград көермендерінің көңілін баурап отыр.

Пьесаның мазмұны өте терең, астары мол. Әрбір театр оны өзінше қойып, сан режиссер түрліше түсініп, әр актер алуан қилы шешім тауып ойнайтыны да сондықтан. Мұны тұрмыстық драма деп түсінгендер де болған. Психологиялық трагедия деп те білді. Әлеуметтік астарлы ойын ұғуға ұмтылған, философиялық мәнін ашуға, таптық тарихи сипатын көрсетуге, саяси мазмұнын айқындауға күш салған талантты режиссер, актерлер де табылды. Сайып келгенде, бұл пьесада әлгінде аталған қасиеттердің бәрі де бар екені анықталды.

Ал біздің театр пьесаның осы соңғы қасиеттерін басым көрсетуге бағыт алған. Тіпті оған революциялық сипат беруге арнайы назар аударған. Яки спектакль басталар алдында астыртын күрескер Яков Лаптевтің: «Жойылсын соғыс! Құрысын Самодержавие!» – деген ұран-листовканы жарнама тақтасына, жасырын іліп кетуі, авансценада үкімет жарлығының оқылуы оқиғаның бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде, революция дәуірінде өтіп жатқанын жария етеді. Рас, әлгіндей әрекеттер жасалуы шығарма текстісінде көрсетілмеген. Ол – режиссер ойлап тауып, творче-

ствольық еркіндікпен енгізіп отырған детальдар. Оны теріс деуге келмейді, әрине.

Шығармадағы тартыстың ширыға түсуі де революцияның жақын қалмағандығынан. Бас кейіпкер – Егор Буличовтың бұлқыныстары да осы дәуір дабылымен байланысты.

Өмірді судай сапырып, алдына адам шықпай, тайтаңдап жүрген бай капиталистің басына кенеттен қайғы келді. Ашық аспаннан күн күркірегендей болады. Дәрігерлердің айтуынша, оның бауыры айықпас дертке ұшырап, өлім сағаты таяу қалған. Бұл ащы шындық Булычовтың бүкіл жоспарын бұзып кетеді және оның ой-санасын оятып, өмірге басқаша қарауға себепкер болады. Баюдан басқа да өмір мұраты, тіршілік мүддесі, адамзат арманы бары айқындалады. Яки Булычовтың бұған дейінгі құлшынысы, күресі бос дүние болып шығады. Булычовты бундыратын ажал – осы. Әңгіме оның тән сырқатында емес, жан дертінде. Ол өз табының, капитал билігінің, қанау тәртібінің талқан боларын айқын сезініп, ажал күтеді. Ол өзі өмір сүрген ортаның жалған жүзді жауыздығын сезінеді де безінеді. Бірақ ол жаңа дүние жағына шыға алмайды, өмірді өзгертуге дәрменсіз. Оны торға түскен аңдай алас ұрғызатын да осы жай. Мұның бәрін біз қабылетті артист Н. Миловидовтың ойынынан көрген көңілмен айтып отырмыз. Оның бейнелеуінде Егор Булычов – тұлғалы, келбетті, ақылды, жігерлі жан. Өмірді ойнап өткізбек болған жанның өлімді ойлап түңілген тұстарын актер әсерлі береді. Бірақ ол әлі тағдырға мойынсұнып, мойыған жоқ. «Шалығы» ұстап, шаттанып та кетеді. Көңілдесі – Глафираға, сүйкімді қызы – Шуркаға қаншалық мейіммен қараса, кешегі – «достары», бүгінгі – «басқаларға» поп Павлин, пірәдар Меланья, көпес Достигаевқа соншалық өшпенділікпен, ызамен қарайды. Горький творчествосында «өз табына қырын келуші», «бүйректен сирақ шығарушы», «аққарға» аталған адамдар бейнесі – бүгін бір галерея. Соның ішінде Егор Булычов ерекше болса, оны театрдың тамаша артисі Н. Миловидов ойлы ойынымен көрсете білген.

Бұл, әрине, «басқалардың» да айқын бейнесін жасауға әсер еткен. Арам ойлы адвокат Звонцов (артист В. Архипенков), мүләйімсіген жауыз Меланья (артист А. Боженко), құдай сөзін құлқын-құмарлығына тірек еткен Павлин (Башқұрт АССР-іне еңбек сіңірген артист Д. Терентюк) осы Булычовпен бетпе-бет кездесу үстінде танылады. Егор Булычов олардың мерезді ішін, мейрімсіз жүрегін жұрт алдында әшкереетіп, олармен бұрынғыдан бетер өштесе түседі. «Басқалардың» ішінде, әсіресе, алаяқ Достигаевтың бейнесі тым бөлек тұр. Бұл кейіпкер бұдан кейінгі пьесада басты тұлғаға айналады. Ал мына спектакльде ол өте аз көрінеді. Бірақ соның өзінде оның сұм бейнесі айқын жасалған. Бұл ретте артист Л. Групптың нанымды, еркін ойынын ерекше атаған жөн.

Қазақ ССР-іне еңбек сіңірген артист Е. Марулина бұл спектакльде өз талантын тағы да танытты. Ол Булычовтың өресі төмен, күйкі жанды әйелі Ксенияның қиын бейнесін тапқырлықпен жасайды. Көрермендер Ксенияға ренішпен қарап, ұнатпай отырады. Бұл жағымсыз бейне жа-

пудағы актерлық шеберліктен, әрине. Оған қарама-қарсы халықтан шыққан, мінезі салмақты, саналы жан, ақ көңілмен адам сүйетін сүйкімді әйел – Глафира бейнесі жұрт көңіліне ұялап қалады. Осы рольде ойнаған Молдаван ССР-іне еңбек сіңірген артист Р. Светинская «кішкентай рольдер болмайтынын» өз ойынымен дәлелдеп бергендей.

Спектакльде «басқалардың» қатарына жатпайтын жағымды бейнелер де бар. Әсіресе, Булычовтың асыранды қызы – Шурканың бейнесі қызғылықты. Ол – Булычовтың сүйеніші де үміті. Бірақ ол әлі өз жолын дұрыс тапқан жоқ. Оны жаңа өмірге, жарқын жолға бастаушы жасырын күрескерлер Лаптев пен Донат болуға тиіс. Бұл образдардың шығарма идеясын ашудағы ролі зор. Сондықтан актерлер И. Назарковская (Шурка), В. Сувачев (Лаптев) және б. Малышев (Донат) өз рольдерін оларға жүктелген үлкен міндетпен лайықтап, жетілдіре берулері қажет сияқты. Сонда «Егор Булычов және басқалар» спектаклі сахнада тұрақтап қалуға тұрарлықтай еңбек болары сөзсіз.

«Коммунизм нұры» газеті.
1967 жыл

Театр

«АНА – ЖЕР – АНА»

Басына ақ орамал тартқанымен көңілінде мәңгілік қара жабылып қалған әзиз ана. Мейірбан жүзін торлаған әжімнен гөрі қайғы табы қалыңдау, көкірегі шерге толы шеше байғұс. Сүйенгені – таяғы, жұбанғаны – жас бала. Жалғыз ғана сырласы – кәдімгі қара жер, қастерлі топырақ. Сол бауыр басып алған Жеріне ауыр басып тағы да келе жатыр.

«Көкіректе қайнаған шер оңдыра ма, көңілді бір орынға қондыра ма?» дегендей, азалы ана ah ұрып күрсінбеске, іштегі ыстық жалын бір мезгіл сыртқа шығармасқа шыдар ма? Шер деген шеменде айналып, беріш болып қалып жүрмегей. Толғанайдың ауық-ауық оңаша шығып жерге тәжім ететіні содан. Киелі Жер – Анаға мұң-шерін шаққысы келеді, құсасынан арылып, сәл жұбаныш тапқысы келеді. Қасиетті Жер де қасіретті әйелді тыңдауға құлықты, құптауға бейім, қосыла күңіренуге бар.

Өмірге жанасымды, өнерге жарасымды ситуация емес пе? Соғыс зардабынан зарлап қалған орыс деревнясында, өзбек қыстағында, қырғыз, қазақ ауылдарында қаншама десеңізші. Аспандағы айға қарап, телміріп, алыстағы тауларға қарап күңіренетін бейбақтар кей-кейде өз-өзінен күбірлеп қойып, егілмеуші ме еді? Шыншыл өнер иесі Шыңғыс Айтматов сол бір жайды жақсы байқаған. Көп аналардың жоқтауын Толғанай бейнесіне беріп ана біткеннің азасын танытарлық жиынтық образ жасаған. Қаралы анаға, қасіретті жесірге қосыла күңіренер, күңірене

тұрып жұбаныш білдірер адамзат сөзін Жер-ананың аузына салып, философиялық ой биігіне көтерілген.

Бізді мұндай тебіреніске түсіріп отырған Қазақтың академиялық драма театрының Ана – Жер-ана атты спектаклі, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі Фарида Шәріпованың шабытты ойыны.

Әрбір актердің өзіне оңтайлы ролі болмақ. Бойына қонған киімдей көңіліне тойған кейіпкері кездескенде сахна саңлақтары қарға аунаған түлкідей жайнап, бабы келіскен қырандай қияға шырқап шыға келмек. Толғанай бейнесі Фарида үшін тап осындай қымбат роль болғанға ұқсайды. Осынау образ Фариданың актерлік қабілетіне, адамгершілік сипатына, әйелдік сымбатына дөп келген тәрізді. Актрисаның әр бір қимылы мен қылығы, спектакльдің басынан аяғына дейін бапты ойыны бізге соны сездіреді.

Фарида-Толғанай қу таяқты сүйеу қылып, ауыр мұңын арқалап сахнаға шыққан бетте-ақ шым еткізеді жүректі. Ақ жаулығы, қаптал шапаны қандай жылы ұшыраса, ақбурыл шашы, әжімді жүзі сондай бір таныс кескіндерді көз алдымызға әкеліп, көңілді бірден баурай жөнеледі. Аяғын санап басқан шерлі жанның әр бір қадамына ілесіп, іштей жақын тарта бастаймыз. Алғашқы сөзін, ә дейтін сәтін сабырсыздана тосып қалыппыз. Сол сәт және алдамайды: қасіретті ананың өзегін өртеген қайғы лебі Фарида аузынан алаудай болып шығып, аңызақ болып соғып, ыстық жалынымен бет шарпиды. Осыдан бастап спектакльдің өн бойына Фарида-Толғанаймен бірге толғанамыз: қарапайым жандардың қайғысыз-мұңсыз күндерінің қуанышты сәттерін бастан кешіреміз; батыстан төнген зұлмат бұлтының зұлымдық ызғарын ана жүрегі арқылы сезінеміз.

Драманың арқауы Адам – ана мен Жер – ананың сырласуы болғанмен, көбіне-көп Толғанайдың мұңын шағып, мұңдасуы тұрғысынан алғанда бұл өзі – моноспектакль. Яғни, спектакльдің басынан аяғына дейін бір кейіпкердің – Толғанайдың тебіренісі темірқазықтай алға тартып, басқа оқиға, барлық кейіпкер осы басты тұлғаның төңірегіне топталып, соның сыр- сипатын аша түсуге атсалысады. Кенжесінің жиналыстан кешігіп келгеніне қамкөңіл болатын қайран ана енді міне Жайнағынан жалғыз ауыз хабарсыз қалды. Сүйген жұбайы Сұбанқұлдың өз жанынан ерте тұрып кеткеніне елегзейтін асыл жар енді бақытсыздыққа ұшырады. Мұндай сұмдықты өзі ғана көріп қойса етті ғой. Әлимандай ақ келіні Қасымынан айырылып қара тұтып қалғанына не дерсің. Бала оқытуды армандап, мақтан көретін Майсалбегі қалам орнына қару асынып оқ пен оттың ішіне кіріп кетті де жоқ болды. Төрт арысынан айырылған Толғанай бейнесі миллиондаған ұл-қызынан айырылған Отан-Ананың өзіне де ұқсап кетеді. Соғыс лаңынан сорлап қалған аналардың жоқтау әні – Толғанай образын Фарида Шәріпова осылай бейнелеп, осылай өрнектей-

ді. Дәл осы рольде ойнағаны үшін актрисаға Қазақ ССР-нің Мемлекттік сыйлығы берілуі әбден лайық екен.

Спектакльдегі екінші бір елеулі бейне – Жер-ана образы. Академиялық театрдің өз сахнасында өзгеше көрінуі мүмкін, ал мына гастроль шеңберіндегі Жер-ана бейнесі бізді екі ұдайы сезімде қалдырды. Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген артисі Г. Сыздықованың бұл рольдегі кесек тұлғасына, келісті бітіміне, сөз саптауына, сөйлеу мәнеріне қояр кінә жоқ дер едік. Бұл өзі – қимылы жоқ қиын роль. Солай бола тұра Жер-ананың ақ шаршысы қарлы шыңдарға ұласып шұбатылған етегі далиған дала болып жатса қайтер еді деген ойға қаласың? Шынында, Жер-ана қырғыз кескінді болып қана қалмай, қиял бейнелес, фантастикалық кейіпте көрінетін тартымды бола түспес пе? Жайшылықта көп қолданылатын микрофон міне осы тұста қолданылып, Жер-ана даусы жеті қабат тұңғиықтан шыққандай күмбірлеп, құбылып естілсе қайтер еді?

Сағынып көрген сахна шеберлерінің ойындарынан, гастрольдің үш спектаклінен байқаған бірер жайларымыз бар: актрисалар сөздерін ашық айтып, дәл жеткізеді, актерлердің бір қатары сөзді жұтып қойып, жұтаң түрде үн қатады. Ойынның барысына, образдың жасалуына орай сыбырлап сөйлеу де керек, бірақ жыбырлап сөйлеуге болмайды ғой автор сөзін актердің әрлендіріп жіберуі, нәрлендіріп жеткізбегі парыз. Ол бірақ жалт еткен жанарымен, қар жауған қабағымен, бүлк еткен иығымен, күлкі ұялаған миығымен әрлендірсе жақсы. Мимиканың өз театры, қимылдың киносы бар, ал драма театрының діңгегі – сөз, сөздер құйылысындағы характерлер қақтығысы емес пе? Өзге өзге болсын. Мұхтар мен Ғабиттың ғажайып сұлу сазын көрерменге сол күйінде жеткізіп берудің өзі ғанибет болса керек еді.

Тың игерушілер сарайының әдеттегі театр залының ауқымды болуы әсер етті ме, артистердің лебізі құлаққа жетпей қалған сәттері де кездесті. Сөз болып отырған спектакльдің барысында әлдекімнің: «қаттырақ сөйлеңдер» деген ескертуі де соның салдары болар.

Осы жерде біздің көрермендер хақында да бір пікір білдірген жөн: біз деген театрға ертерек келіп спектакльдің басталуын салтанатты күйде тосудың орнына отырар жерімізді таба алмай тәжікелесіп, жөтеліп-жөткірініп, ұзақ уақыт қалпымызға келе алмайтынымыз бар. Анда-санда бір келетін академиялық театрдың өнерін жанымызбен ұғынып көре білсек, қандай жақсы!

«Ана – Жер-ана» спектаклін көрген жұртшылық көздеріне жас алып, жан дүниелері үлкен бір рухани желпініспен шыққаны сөзсіз. Сол үшін де авторға, режиссерға, актерларға алғыс пейілді аямастан қол соқты көпшілік.

Целиноград облыстық «Коммунизм газеті»,
1971 жыл

ҚҰПИЯ ҚҰМАРЛАР

Аркадий Гайдар атты жазушы болып-өтті өмірден. Миллион даған ұл мен қыз оның кітабын оқып ержетті.

Светлана мен оның бірнеше құрбыласы Гайдарды оқи-оқи, енді ол дері құпия ұйым құруға келісті. Оған ойлап тапқан аттары:

БӨДК

Яки Батыл Өжет Достар Командасы. Батыл достар 5-класта оқушы еді.

Кәмелетке жетпеген балғын жастығына және астыртын жұмыстан тәжірибесіздігіне қарамастан, олар өз істерін бір сыдырғы тәуір ұйымдастырды. Штаб жасақтады «әлбетте, сарай шатыры ішінде! Өз таңбаларын ойлап тапты, өте құпия жазу жұмыстарын жүргізді «почта жәшігі әлбетте, қарт ағаштың қуысы болды). Содан соң ғана нақты іске кірісті.

Әдеттегі тимуршылар жоспарынан тыс әрекеттер де болды. Мысалы, базарға шығу. Балалар топ ішіне сұңғіп, айналаға көз жүгіртетін.

Міне жанары солғын, беті ісініп, күреңіткен бір ағай электр проводымен сауда жасап тұр. Затын кеудесіне жасырып ұстайды. Жан-жағына қарап алады да, алдындағы кісіге сымның шетін көрсетеді, – сөйтетін де, тас-түйін түймелене қояды. Ақыры біреумен алақан соғысып, ақшасын алды да, тайып берді. Қайда? – Көрші көшедегі электр товарларының дүкеніне. Бірнеше минуттан соң қайта шықты, – омырауы томпия қалыпты тағы. Базарға асығып барады.

– Света, жүгір дүкенге, қара, әлгіндей провод бар ма екен.

–... Немене? Сатуда жоқ дейсің бе? Ендеше түсінікті.

Енді Генка Соловьев кешке дейін әлгі алыпсатарды қарауылдаумен болды. Оның шарапханаға кіріп, саудадан түскен пайданы ішіп шыққанынша шыдамдылық тосып тұрады. Соңынан қалмай үйіне дейін барады да, адресін әбден жаттап алады.

Бірер күннен кейін жақын жердегі милиция бөліміне жұмбақ хат келіп түседі: « БӨДК хабар етеді...».

Олар көп емес еді: төрт ұл, екі қыз бала болатын. Олар өздерін барлаушылардай сезінді...

Өткен жылы Светлана Ковалева Горький облыстық «Ленинская смена» газетіне «Бізде бір қиялшылдар болып еді...» деген очерк жариялады. Онда осы БӨДК-нің бірнеше әрекеттері әңгімеленген-ді.

ОНЫҢ ӨЗІ

БӨДК-нің тарихы үлкен. Бірақ оны айтуды тоқтата тұрып, алдымен Светлананың өзі туралы әңгімелейік.

Мен оның ескі достарымен кеңестім. Сонан соң оның өзімен таныстым.

Аласа бойлы, денесі тығыршықтай, танауы сәл тәмпіштеу. Кісіге жақын, қарапайым.

Достарының ойынша, мінезінің басты жақсылығы: адалдығы мен батылдығы. Басты кемшілігі: қызбалығы, тізгін тежемейтіндігі.

Осы кемшіліктер оған бала күннен-ақ кедергі болып келеді.

Төртінші класта оқуды да тастап кете жаздады, неше түрлі тастар жинауға кірісіп, қайдағы бір ғылыми-зерттеу институтымен хат жазыса бастады. Шектен шықпаса, мұндай құмарлығы бар пионер – отрядтың мақтанышы болуы керек еді. Бірақ Света шектеліп қала алмайтын...

Бұдан үш жылдан соң ол тағы да оқуды жайына қойып, шабандоз болуға бел байлады (ат спорты – сый құрметке бөлейтін ойын ғой!). Ал ол, сабақ дегенді ұмытып, ұзақты күнге ер үстінде болды. Үлкен-үлкен бәйгелерге де қатысты. Бірақ мінезінің міні тағы да бұлдірді. Жарыс кезінде жолдан шығып кетті де, жүйрігін шарбақтан «нашар» қарғытты. Соңғы сәтте атты арандатқалы тұрғанын көріп қалды да, үстін жеңілдету үшін, өзі ерден атып түсті. Қатты жарақаттанды. Желмінезділігі үшін ат спортымен айналысуға тиым салынды.

Тек кейін салт жүруді үйренгеннің бір рет пайдасын көрді. Газет тапсырмасымен алыстағы ауылдың бірінде болып-қайту қажет еді. Аудан орталығынан машина табылмаған соң Светлана ат сұрап мінді.

Міне, ол осылай – қызығып, басылып және қайта қызынып – өмір сүруде. Тек қана бір ыстық ынтызарлығы бала күнінен бәсеңдемей, жылдар бойына суымай келеді.

Ол – жазушы Гайдарға деген құмарлық.

ЖОРЫҚ – СЫНАҚ

БӨДК-нің тарихына оралайық.

Кәмелеттік аттестат алған Светлана пионервожатый болып орналасты. Балалармен достасып, еңбектеніп бақты. Бірақ, байқайды, көңілсіз, ең бастысы – ұландарға ұнамайды.

Бірде ол нағыз батыл деген балаларды жинап алды да, Зеленый қаласына туристік жорық жасауды ұсынды.

– Ескертемін: бұл – шыдамдылықты сынау жорығы, баруы – жиырма бес шақырым, қайтуы – тағы сондай. Тас жолды бойлай жүреміз. Шамасы жетпегендерді жолдан автобуспен үйге қайтарамыз.

Бәлки, ғылми-педагогикалық тұрғыдан мұндай қатал сынақ даулы көрінер, тіпті заңсыз болар. Елу шақырым дегенің – ойыншық емес қой!

Бірақ, балалардың бәрі дерлік барып жетті, қыңқылдау болған жоқ. Рас, шаршап-шалдықты. Оның өзі де зорға оралды.

«Сәлеметсіз бе, Светлана! – деп жазды бірнеше жылдан кейін осы жорыққа қатысқан баланың бірі – Сізге хат жазушы – Сашка, есіңізде ме? Мен қазір армиядамын. Әскерлік қызметім жаман емес. Зеленый

қаласына жасаған саяхатымызды жиі еске аламын. Рахмет сізге. Мен сол жолы бүкіл өміріме жетерлік төзім-шыдамдылыққа үйренген секілдімін. Мұнда оның көп пайдасы тиді...».

Сөйтіп Батыл ӨЖЕТ Достар Командасы қайта туып еді. Светлана, өзінің балалық шағына оралғандай, ойынға мүлде беріліп кетті, пионерлерді де еліктіріп, шын жүректен құмарлана ойнайды. Өзі БӨДК-нің жай ғана қатардағы солдаты болып есептеледі де, оның командирі болып Мишка Гордиенко сайланды (қазір ол әскери училищені бітіргелі жүр).

Светлана анттың сөзін ойлап шығарды, барлығы оны жаттап алды. Тегі бұл – пионер бөлмесінде отырып, ақырын ғана (әлдекім естімеу үшін) қосылып ант беру – асқан романтика болып сезілсе керек-ті.

Ант етемін алған жолдан қайтпауға,
Бұл сырымды жан адамға айтпауға.
Әрқашан да, әр істе де жол бастап,
Қиын күнде көмектесем жолдасқа...

Тағы да әлгі таза поэзия тұрғысынан алғанда, бұл – кісі таңырқағандай «қисынды» өлең болмауы мүмкін, бірақ сол «қисынсыздықта» кереметтей шындық жатыр. Ең бастысы: бұл өлең – олардың өздерінікі еді.

ЕРІКСІЗ ҚАМҚОРШЫ

Жаңа жыл жақындап қалды. Мектепте елка дайындалып жатты. Мына бәлені қара: мұғалімдердің бәрі – әйел. Аяз Ата болатын адам жоқ.

– Артист шақырылсын! – деп талап етті балалар.

– Мектептің оған деген ақшасы жоқ, – дейді оқу ісінің меңгерушісі.

– Ақысыз болмай ма екен?

– Байқайсыңдар ма, балалар.... артистер мереке алдында мейлінше жұмысбасты болады... Олардың бос уақыты жоқ.

– Ал ақша берсе, уақыт табады ғой!

Мұғалім қалжыраған күйі қолын сілтейді. Бұларға қайтіп түсіндіресің?..

Сол күндері БӨДК-нің астыртын мәжілісі болып, Светлана салмақты сөз айтты:

– Менің бір таныс артисім бар, ТЮЗ-дің артисі Валентин Сысоев. Бірақ оған сендер өздерің барыңдар. Сөйтсек, дегенімізге жетерміз де... Тек қана мені ауызға алушы болмаңдар!

Ондайды біледі ғой, қазіргі балалар. Олар жасөспірімдер театрына келіп, артист Сысоевті тауып алды да, оған аса бір пәк көзқараспен былай десті:

– Валентин Иванович, міне, біздің мектепте бар ғой, «артист ақысыз да ойын көрсетеді» дегенге ешкім нанбайды: «Тек қана балаларға бола, солардың алғысы үшін...» десек те болмайды.

– Қарай гөр, бәлекеттерді! – деп күлді актер. Алайда оның шын мәнісінде жұмысы көп еді, сондықтан қайтсе де құтылмақ болды.

– Жарайды, – деді ол, – мен келісейін. Бірақ Аяз Атаның киімі керек. Лайықты шапан табыңдар...

Ол осылай құтылам деп ойлады. Дәл елка қарбаласы кезінде Аяз Атаның нағыз киімі қайдан табылсын.

Ертеңіне оған Светлана телефон соқты.

– Валентин, менің саған бір өтінішім бар. Мен қазір заводтамын ғой, клубымызға елка жабдықтары қажет. Көмектесуіңді өтінемін.

– Келсейші, – деді ол. – Көп уәде бермеймін, бірақ Аяз Ата мен Қарлы бикешті жасандыруға болады.

Оның ойына ештеңе келген жоқ. Ертеңінде әуелгі бір топ ұл мен қыз жетіп келгенде қатты таңырқады.

– Күтеміз, Валентин Иванович, Аяз Атаның киімін таптық.

Енді не істемек? Оны өз сөзінен ұстады. Ойымен өзін-өзі сөгіп, мектепке тартты. Есік алдында осы Светлана қарсы алды.

– Айыптымын, Аяз Ата, – деді ол тәжім етіп, артистің өзі театрдан алып берген жарқырама қызыл тұлыпты ұсынып жатып.

СЖЖ операциясы

Мектептің қарсысында сырахана тұрды. Ұзақ күнге соны төңіректеп жұпыны киімді, қырынбаған азаматтар жүретін, күні бойы боқтасып, өздерінің өмірлік жайларын талқыласатын. Мектеп әкімшілігі осы бір сырахананы жапқызу жайлы тау-тау қағаз жазып, ештеңе бітіре алмады.

– Бұл іске біз кірісеміз, – деді Мишка Гордиенко достарына, –Сырахананы Жапқызу Жөніндегі операциясын бастаймыз. Қысқаша – СЖЖ.

Қалалық комитеттің секретары Казаковты «шабуылдау» туралы шешім қабылданды. Бірақ горкомда оларға «Секретарьдың уақыты жоқ, сендерді қабылдай алмайды» – десті. Сонда олар сыртқы есіктерге тосқауыл қойып, ақыры секретарьды машинаға міне берген жерінен ұстады.

Істің мән-жайын мазмұндап берісті де, өздерінде Нағыз Жақсы Адамдар Кітабы барын баян етті, оған ерекше көзге түскен ересектердің аты жазылатынын айтты. Егер ол кісі бұл Кітапқа жазылғысы келсе, сырахананы жапқызуға көмектесуі қажет.

– Сіздің орнынызда болсам, – деп қойды Мишка сөз соңында, – мен бұл Кітапқа жазылуға жан салар едім. Біз оған көрінгенді жазбаймыз. Тіпті біздің завуч та еңбек сіңірген жоқ әлі...

Соңғы дәлел секретарьды көндіруге тиіс деп есептелініп еді. Ол оны көндірді де.

– Балаларды, – деді Федор Яковлевич көмекшісіне, – маған қай уақытта болса да жібере беріңіздер.

Ал сырахана екі күннен кейін жабылды.

Өжеттер командасы толық құрамымен келіп секретарьға алғыс а йтуды өздерінің міндеті деп білді. Секретарь оларды кабинетінде қабылдады. Міне, Мишка есіктің әбден жабылғанын анықтап алып, Петр Яковлевичке БӨДК мүшесі болуды ұсынды.

– Бірақ сіз ант беруге тиістісіз, – деді ол, – келісесіз бе?

– Келісемін.

– Онда менің соңымнан қайталап айтыңыз....

Қалалық партия комитетінің секретары қатуланған кескінмен, Мишканың көзіне тіктеп қарап тұрып қасиетті ант сөздерін қайталап айта бастады:

Ант етемін, алған жолдан қайтпауға,

Бұл сырымды жан адамға айтпауға...

ХАТТАР

«Бізде бір қиялшылдар болып еді...» очеркі жарияланғаннан кейін жас оқырмандар БӨДК-нің жаңа жас әрекеттерін жазуды талап етті. Светлана тағы бір очерк – «ҚЖ операсын» жазды. Мұнда ол Мишка Гордиенко мен оның достарының дінге қарсы қалай күрескенін әңгімеледі (ҚЖ–Құдай Жоқ деген сөз)...

...Тағы да редакцияға хаттар ағылды.

«Бізді Батыл Өжет Достар Командасына алуды өтінеміз. Анттың сөзін білеміз. Маскүнемдер мен бұзақыларды жек көреміз.

Игорь Урлин.

Коля Звонарев».

«БӨДК-дегі балаларға.

Біз тұратын үйде баптистер бар. Олардың балалары: Оля – 8 жаста, Вова – 3 жаста. Бұларды құдайға құлшылық етуге алып барады. Ал біз олардың біздермен бірге киноға, катокқа барғанын қалаймыз.

Біз ҚЖ операциясын бастадық. Жоспарымыз бар, тек штабымыз жоқ, бірақ біз оны Надя үйінің сарайында құрмақпыз. Бізге штабты қалай құру керектігін жазсаңдар. Сендер күзетшіні есіктің көзіне қоясыңдар ма? Қатер белгісі берілгенде қалай жиналатындарыңды да жазыңдар. Адресіміз: Горький қаласы, Гастелло көшесі, 17 үй. Геннадий Иконников.

Пионерлік сәлеммен №2 БӨДК».

«Сәлеметсің бе, БӨДК!

Саған хат жазушы – Адик Мальченко, Ваня Вишневский мен оның қарындасы Таня. Біз Канавинде тұрамыз, бәріміз де 5-класта оқимыз.

Біз БӨДК-ге кіруге бел будық. Сыр сақтауды білеміз. Оқуымыз оңды, үшіміз жоқ».

СОҢҒЫ СӨЗ

Біріншіден, біреулердің мұны оғаш санауы, шәкірттер өздеріне лайықсыз іске кіріскен деп есептеуі мүмкін. «Бүйте берсе, бұлдіріп те алар, Гайдардың өзі мұндай ештеңе жазбаған ғой» – деуі мүмкін.

Ол, әрине, дұрыс, бірақ пионер жасындағы адамға оны қалай түсіндіресің? Олар үшін құпиясы жоқ ойын, әрекет – романтика емес.

Екіншіден, осындай ойынды ойлап шығарған, кейін оны очерк қылып жазып, жария қылған Светлана Воскресенская (қазір Ковалева) – Горький облыстық «Ленинская смена» газетінің қызметкері. Ол үш жыл пионерлер арасындағы жұмыстан кейін университетке түсіп, журналистік оқуды бітірген-ді.

Мен оның үйінде болдым, жолдасымен – талантты жас суретші Николаймен таныстым. Олар шағын бөлмеде тұрады. Бүкіл қабырғаны алып Светлананың марқұм анасының майлы бояумен салынған портреті тұр. Тағы үш портрет бар: Шопен, Маяковский, Гайдар.

Мен бұлардың өзіндік өмірлері қандай екенін білуге тырыстым. Бірақ бұларда «өзімнің», «өзгенің» өмірі деген ой жоқ болуға тиіс деп таптым. «Менің тілегім» және «менің міндетім» деген ұғымдар бұлар үшін біртұтыс. Бар естігені, бар көргені, барлық істері – жүрек арқылы, жұрт үшін.

Бақыт деген осы емес пе екен?

Аударушыдан: Мақала «Молодой коммунист»
журналынан ықшамдалып
еркін түрде аударылды.

Портрет

ЕЛ ІШІНДЕ ЕРКІН БІР ӘН САЛУҒА...

Қазақ ССР-не Еңбегі сіңген артист
Абай Байтоғаевпен әңгіме

Алғашында, әрине, сыпайылық сақтап, сызылып баққам. Бірақ Абайдың, өзі ақжарқын, ашық мінезімен мұндай кездесудің қысылыс-қымтырысын жазып жіберіп, әңгіменің еркін болуына еріксіз бастап әкетті. Сонда да сөздің қиысыны үшін әдеттегі дәстүрлі сұрақты қойып, өзінің өнер жолы жөнінде айтып беруін өтіндім. Әншілікті қашан қалап алғаны, ұстазы, тәрбиешісі кім болғаны туралы сұраймын ғой баяғы.

– Әнмен таныстығым ерте басталды, – дейді Абай, – Маған алғаш ән салдырып үйреткен адам – өз әкем Балқай Байтоғаев. Халық әндерін, халық композиторлары әндерін жақсы көретін, көп білетін, домбыраға қосып өзінше орындайтын ол кісі менің де әсем әнді сүйіп өсуіме, айтып үйренуіме айрықша әсер етті. Жұртшылық оны Қазақ ССР-ының еңбегі сіңген мұғалімі деп қадірлейтін болса мен де оны өзіме ұстаз тұтамын, түлетіп ұшырған бапкерге балаймын. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің», – дейді ғой халқымыз.

– Бойға біткен өнер көз ашуды, көпшілікке жеткізуді тілейді екен, әнші болу арманыма айналды. Ақыры 1954 жылы Москваның Гнесин-

дер атындағы педагогикалық-музыкалық институтына оқуға түсіп, өнер жолын қууға біржола бекіндім. Үшінші курста жүргенімде Абай атындағы академиялық опера және балет театры мені шақырып алды. Бұл – Қазақстан өнерінің Москвадағы онкүндігіне қызу әзірлік жүріп жатқан кез. Басқа спектакльдермен қатар, Глинканың «Руслан мен Людмила» операсы да дайындалуда екен. Мені осы операдағы Варлаф партиясын орындауға шақырыпты.

– «Оныңыз рас», – деп бас изейміз, Абайды алғаш рет сол жылы сахнадан көргенімізді еске алып. Онкүндікке дайындық күндері опера театрында үлкен концерт болып, соған барған студенттер әлгі Варлаф ариясын, тағы да сондай қиын әндер айтқан үні зор, жуан дауысты жігітті тыңдап, қол соққамыз. «Абай Байтоғаев дейтін бас дауысты жас қазақ әншісі бар екен, Москвада оқып жүр, осында опера театрына келетін көрінеді», деп қуанып қайтқамыз.

Қуанатын себебіміз: жалпы әншілер арасында бас дауыстылар аз болса, қазақ өнерпаздары ішінде тым сирек, әсіресе, арнайы білім алғаны жоқ болатын. Ақыры Абай 1960 жылы опера театрымызға қызметке орналасып, осы олқылықты толтырғандай болды. Және 1958 жылғы онкүндікте «Еңбектегі ерлігі үшін» медалын алып, танылып қалған талант ретінде келді. Содан бері ол республикамызда опера өнерінің өркендей беруіне өз үлесін қосуда. Әсіресе, қазақ операларындағы бас дауысты партияларды сәтті орындап жүр. Атап айтқанда, «Қамар сұлудағы» Нұрым мен «Жалбырдағы» Сайым болыстың сатиралық кейпін келтірсе, «Амангелдіде» – революционер Таранның тарихи елеулі еңбегін еске түсіреді, «Айсұлуда» – Хасен мен «Алтын тауларда» – Орлов секілді замандастарымыздың жағымды бейнесін жасады, ал «Ер Тарғындағы» Қарт Қожақ образын өз алдына бір төбе етіп қызық ойнайды.

Мұнымен қатар, Абай Байтоғаевтың әншілігі, концерттік-орындаушылық қызметі де кең көлемді, репертуары бай екенін білеміз. Соны анықтай түспек болғанымызда Абайдың өзі тағы да іліп әкетіп:

– Мен көбінесе қазақтың халық әндерін айтуды, қазақтың халық композиторларының шығармаларын орындауды ұнатамын. Ел сүйетін ән – менің де сүйетін әнім. Және халық әндері – әншіліктің анық үлкен мектебі ғой. Табиғи таланттардың таза туындылары, уақыт сынынан өтіп, ұрпақтан ұрпаққа жеткен нағыз асыл әндер әншіге қанат бітіріп жіберетіндей. Жан-тәніңмен беріліп орындамасқа амал жоқ. Облыстың әнші боламын деген талапты жастарына тәжірибе ретінде айтарым: халық әндерін қастерлеп, бабына келтіріп айтуды үйрену керек, солай басталған өнердің жұрт жүрегіне жол табары сөзсіз. Әншінің осы пікіріне орай:

– Қазіргі қазақ әндерін қалай бағалайсыз? Композиторларымыздан қандай шығармалар күтесіз? – деп сұрап қалдық.

– Ойынды сезіп отырмын, – деді әнші. – Қазіргі қазақ әндері көбіне сыршыл, наз тұрғысынан жазылып жүр. Азаматтық әуен аз... Иә, мен «Тілей ме орыстар соғысты» әнін ықыласпен орындаймын. Эдуард Колмоновскийдің музыкасы мен Евгений Евтушенконың өлеңі соншалық

қабысып тұрғанына қатты сүйсінемін. Әннің негізі – мазмұнды да әдемі, жатық текст екені әбден мәлім. Ал азаматтық әндер үшін сол талап тіпті қажет. Қазақ ақындары сондай: әрі поэзиялық өресі биік, әрі музыкалық үнділігі мол тексгер жазса, жаңа, жақсы әндер туатынына сенемін. Әншілердің қабілет-дарынына, орындаушылық ерекшеліктеріне орайлас, арнайы әндер жазылса, тіпті, тамаша болар еді. Әрбір әншінің кез-келген әнді орындай беруі сәтсіздікке ұшыратады, ұнатып тұрсам да, кейбір жақсы деген дүниелерді репертуарыма енгізе бермейтінім содан.

Бұдан кейін республикаға еңбегі сіңген артист Абай Байтоғаев осы жолғы өнер сапары жайлы баяндады. Облысымызға 20 февральда келген екен. Содан бері Тың игерушілер сарайындағы үлкен концерттен соң педагогикалық институт пен училищеде, кооператив, темір жол техникумдарында ән шырқапты. Вишнев ауданының 7 совхозын аралап, сайлаушылар алдында өнер көрсеткен. 3 март күні қалаға қайтып келіп, инженерлік-құрылыс институты студенттерінің шақыруына жүргелі тұрғанда жүздесіп едік: «Ертең автомобиль техникумында тағы да концертіміз бар» деп, сонда кездесуге келістік. Осыдан кейін ол Ереймен егіншілері мен Қорғалжын малшыларында қонақта болып, нағыз әнқұмар қауым ортасында өнер сынына түспек. Алексеев ауданының Кеңес ауылына да арнайы барғым келеді. Кешегі соғыс кезінде өгіз мініп, шөп тасыған қиын кезең, қымбат жастығым көз алдымда. Ширек ғасырға жуық уақыттан кейін оралғанда ондағы ағайынға «әкелгенім – әнім, өнерім осы», – дегім келеді, – деп әнші тебіреніп кетті.

– Сіз онсыз да көп шырқап жүрсіз, – деп облыстық филармония қызметкері қамқорлық білдірген болып еді, жерлес әнші Абай Байтоғаев:

– Шырқамағанда ше? Ел ішінде еркін бір ән салуға әдейі келгем жоқ па? Және осылай халық арасына шығып, ауыл-ауылды араласам-ақ болды, тынысым кеңейіп, даусым ашылып сала береді,– деп ағынан жарылды.

Целиноград. 1969 жыл.

БІР ЖЫЛДЫҢ БІРЕГЕЙ ЖЫРЛАРЫ

«Жыл сайын көктем келгенде, жермен бірге ел жүрегі де елжіреп, қуанышқа кенеледі. Өлке жасыл бояуға малынғанда, адам жаны да жаңғырып, қарттар өтіп кеткен жас күнін еске алса, жастар басындағы қызығын тойлайды. Осы бір сәтте аспан әлемін жаңғыртып, бірінен кейін бірі лек-лек болып құс келеді.

Адам жанының әнші бөбегі – ақын қаламын қолына алып, дүниенің осы бірсәт кезін, сәби кезін жырға қосады. Дүниеде мың ақын болса, көктем жайлы мың түрлі бояу, мың түрлі өрнек пен жыр туады. Қолыңыздағы «Жыл құсы» атты кітап та сол сияқты.

Аталған кітаптың аннотациясында осылай делінген, «Жазушы» баспасы түсініктемені әдеттегіден айшықтау, анықтау етіп жазғандай. Өйткені «Жыл құсының» өзге өлең жинақтарынан елеулі ерекшелігі бар: көлемі шағын кітапқа алпыс төрт ақын автор болып тұр.

Рас, бір кітапта бірнеше қаламгердің қатар тұруын бұрын да талай көргенбіз. Әсіресе жас таланттарды таныстырар тұста олардың өлеңдері мен әңгімелері осылай жинақталған. Белгілі бір дәуірдің дарын иелері, немесе белгілі бір тақырыптың белсенді жыршылары тағы солай табысып, бас қосатыны бар-ды.

Ал, мұнда, алдымен, кәрі-жасың қатар тұр: Жамбылдың жанында баладай көрінетін, ал бүгін алпысқа жетіп, ақбас аға болған Ғали Орманов, елуге енді келетін Сырбай Мәуленов те бар мұнда; өзі жас болса да, «Ой орманына» сүңгіп, сұңғыла жандай сөйлейтін Қадыр Мырзалиев, бірінші кітабын былтыр ғана шығарған Мұхтар Шаханов та бар мұнда. Және бұл қаламгерлер – әр заманның емес, бір дәуірдің білек сыбанып дабыл қағушылары, жыр маржанын тізе қосып тізушілері. Сөйте тұра, олардың тақырыбы саналуан, талант ауқымы әрқилы. Ақындар әулеті солай болуға тиіс те ғой.

Сонда олардың басын қосқан басты себеп не десеңіз, ол – осы ақындардың бір жылдағы бірегей жырлары. Яки «Жазушы» баспасы республикалық газет-журналдарда өткен жылы жарияланған поэзиялық туындылардың ішінен жүз өлеңді таңдап алып, бір кітапқа біріктірген, лирика букетін жасаған. Сөйтіп қазіргі қазақ ақындарының үлкенді-кішісі түгелге жуық осы жинақтан орын алған.

Мұндағы өлеңдердің әр қайсысы-ақ алпыс алтыншы жылы жарық көргенмен, оның бәрі – өткен жылдың ғана жемісі деу жете түсінбегендік болар еді. Кей өлеңнің кенеттен, от ұшқынындай оқыс туатыны секілді енді бір егіз-ақ шумақ ұзақ уақыт толғаныс-толғатудан кейін ғана дүниеге келмек. Ондайда ақынның көптенгі ойы, көкейтесті сыры өлең өрнегіне түседі. Сондықтан да Әбділда Тәжібаевтың осы жинақты ашып тұрған өлеңінде:

Ойымда үні бар айлардың,
Жанымда жыры бар жылдардың, –

деуі рас.

Алайда сол өткен мезгіл өз таңбасын танытпай қоя ма? Бұрын дәйім жастықты жырлайтын Әбділданың: «Шалдақ өмір қызық екен өзінше», – деп, енді егделік білдірмеске амалы бар ма?

Иә, Әбділда әріден қозғап, жастау кезіндегі жаңсақтау бір ойда болғанынан бастайды:

Ойлаушы едім: қартайғанда қамсыз боп,
Жатармын деп араласпай өмірге.

«Ақын сөзі көпшіліктің көңіліндегісін тапсын» деген талап осы. Талай жан тап солай ойламады ма? Қартайған шақта тіршілік қарбаласынан тыныс табуды тілейтін жан аз ба? Бірақ:

Болмайды екен су себуге көңілге,
Керек екен қимылдауым менің де, –

деп, ақын олай ойлаушылардың алдын орайды да, «төсекте ояу жатуға төзе алмағанын», өзінен де ерте тұрған көше сыпырушы құрдасы барын сыр етіп шертеді.

Ал Хамит Ерғалиев үшін уақыт жасампаз қалпында, құрылысшы күйінде:

Мезгіл маған қарайды күлімсіреп,
Мен салғам жоқ мезгілден бұрын сурет.
Ылғи шықсам: көшеде, көз алдымда
Бір жаңалық тұрады бірінші рет.

Бала шомылар бассейн, ақын досы, сегізінші қабатынан шам жаққан шалқақ үй секілді жаңа құрылыс жаңалықтары. Өзі тұратын бір көшенің бойында бірінші рет бой көрсеткен өзгеріс, зор өзгеріс. Ақын зәулімділік арқылы заман ұлылығын паш еткендей. Дәуірдің қарышты қадамына алғысты мадағын арнағандай. Айтып отырғаны – жалғыз көше емес, жалпақ ел екенін тұспалдап та жеткізеді, турасынан да айтады:

Коммунист проспекті – менің көшем.
Алаңында, биікте Ленин көсем.
Үй, мекеме, үкіметім – бәрі осында,
Тіпті жөн-ақ осыны «Елім десем! –

деп кесек сөйлейтін, кесіп айтатын әдісіне басады. Жалпы Хамит Ерғалиевтің ешкімге ұқсамайтын өзіндік жазу мәнері бар. Ол өлең өлшемін мазмұнға мақсатты түрде бағындырады. Оның өлеңдері оқуға, айтуға ауыр да көрінуі мүмкін. Бұл – Хамит жырларындағы сөз тіркестерінің сонылығынан, ұйқастарының үнемі тың болып келуінен, алған тақырыбы, айтар ойына қажетті қарапайым, «қара» сөздерді қорықпай қолдануынан десек керек. Онысы әлгі айтылған «Менің көшемнің тынысы» атты өлеңінен де айқын көрінеді.

Ал ақын Ғафу Қайырбеков өлеңнің әсерлі, әсемдік қасиеттерінен қашанда айырылмай бағады. Анық поэзиялық айшықты сөздер тауып, терең ойға бойлатып та, жыр ырғағымен ойнатып та отырады. Оқып көріңіз өзіңіз:

Домбыра, шебер де сен, шешен де сен,
Елгезек екі шекпен есендесем.

Жүз байлау, тоқсан тарқау – көңіл арқау,
Өзің біл, қай жерінен шешем десең.

Домбыраның өзін шертіп отырғандай шебер жазылған, жақсы жыр. Жалғыз ұйқасымен емес, тұтас үйлесіммен сәтті. Ой қазығына өлең өрнегі сай. Ырғақ серпінділігі, ұйқас еркінділігі, сөз тіркестерінің тұрақты, төркінділігі жыр жолдарын күй секілді күмбірлетеді. Музыка сазы поэзия тілінде тап осылай тарқаса керек.

Немесе Жұбан Молдағалиевтің «Алматы тау өзені» атты өлеңін оқыңыз:

Тау текедей бір ұсталмай,
Тастан-тасқа атылады.
Темір тиген хрустальдай
Шытынайды, уатылады, –

деп, ақын таудан құлаған тасқынды өзеннің өзіндік қимылға толы, қызу өлең тудырған. Тағы да сол алынған объектіге, айтылар ойға сөз оралымы, теңеу, бейнесі тең болып, сай келіп отырады.

Міне, осындай аға ақындар қаламынан туған шебер жырлар тізбегін жастар жалғастырып әкеткен. Бұған Еркеш Ибраһимның – «Алматыда Абай көше», Сағи Жиенбаевтың – «Туған ағам Аташқа», Қадыр Мырзалиевтің – «Құлыптар», Жұмекен Нәжімединовтың – «Алатау», Мұқағалы Мақатаевтың – «Шағын жұртпын: бір іні, бір ағам бар», Тұтқабай Иманбековтың – «Ымырт шақта», Оразақын Асқардың – «Көктем» атты өлеңдері айғақ. Көп үзілістен кейін ақын қаламын қайта қолға алған Қуандық Шаңғытбаевтың «Реквием» деген өлеңінің өзі бір төбе. Түр жаңалығымен, мазмұн тереңдігімен тебірентеді бұл өлең.

Бір сөзбен айтқанда, «Жыл құсы» жинағын оқып шығып, қазіргі қазақ поэзиясының хал-қадірін білуге болғандай. Кітаптағы өлеңдердің көпшілігіне тән ойлылық, сезімталдық, бейнелілік молая берсе, өлең отауымыз одақ оқырмандарының да көзін тартқандай көркейе түсер еді. Сондай-ақ «Жазушы» баспасы өзінің бұл бастамасын жалғастыра берсе жақсы.

Целиноград облыстық «Коммунизм нұры» газеті. 1967 жыл.
Қазақстан комсомолы атындағы сыйлықтың лауреаты

ЖҰЛДЫЗЫ ЖАЙНАП ӨЛЕҢНІҢ

Оның есімі өлең сүйер қауымға он жылдан бері таныс. 1957 жылы «Студент дәптері» атты тұңғышын ұсынған Тұманбай Молдағалиев содан кейін-ақ жыр көгіне жылдам өрмелеп жыл сайын жинақ берумен келеді. Атап айтқанда, «Кәмилә», «Көктем таңы», «Құралай», «Жүрегім

менің сапарда», «Жаңа дәптер» және ең соңғы «Ескерткіш» секілді кітаптарда бірінен соң бірін шығарып, оқушымен жиі-жиі жүздесті. Бірде әсем, бірде бәсең болғанымен, оның өлең-жұлдызы өзінше жарқырап, қазақ поэзиясының қасиетті аспанынан орын алып тұрғаны анық қазір.

Тұманбай әдебиет әлеміне келген кез – елуінші жылдардың екінші жартысы – көңіл-күйі лирикасына көңілдің молы бөлінген, оған еркін жол берілген шағы болатын. Бұл лирик Тұманбайдың май самалындай майда, жас жапырақ сыбдырындай өлеңдер жазып, қабілетіне орайлас қалам сілтеуіне қолайлы келді. Сондықтан да ол салған беттен сазды-назды, сыршыл-күйшіл шумақтарымен жұрт жүрегін баурай шықты. Жас ақын жастық шақтың алуан сырын әсерлі күйде, нәсерлі шабытпен мол-мол сөз етті. Махаббаттың сәтті күнін, тәтті мұңын, бәріне куәбақтың гүлін барынша беріле жырлады. Көп кешікпей: «Көгілдір көктем – көңілім менің», деген ақын сөзі ән болып, сауық-тойға сән болып кетті. Тұманбай қазіргі қазақ ақындарының ішінде жастар өмірінің жақсы жыршысы ретінде танылып, комсомол ақыны атала бастады. Бұл оның Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағының XIV съезіне делегат болып баруына право берді. Ал республика комсомолының X съезінде ол Қазақстан ЛКМС Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. Оның өлеңдері Орталық Комитеттің кенейтілген мәжілісінде арнайы талқыға түсіп, жастар творчествосы жайлы келелі әңгімеге арқау да болды. Ал, өткен жылы – ВЛКСМ-ның даңқты 50 жылдығы тойланған жылы Тұманбай Молдағалиевтың «Жаңа дәптер» атты кітабы Қазақстан комсомолы атындағы сыйлыққа ие болып отыр.

Қайыңдар, аппақ қайыңдар,
Қаламда қалай көп еді.
Махаббат, бақыт жайында
Ән айтып маған береді.
Қайыңдар, аппақ қайыңдар!

Көктемге сыйлар гүлі бар,
Шоғындай жанған үміттің.
Бәрің де көктеп тұрыңдар,
Арманы болып жігіттің.
Қайыңдар, аппақ қайыңдар! –

деген ақын әлі де сол лирикалық жазы бар, музыкалық сазы бар, аздаған тек назы бар әсем жырынан жаңылмағанын, танбағанын танытады. Бұған оның «Туған жерге», «Жұлдыздар», «Сағынасың біреуді», «Жолым түсіп ол үйге бара қалсам», «Ай туралы жыр», «Жаңа жерлер, Жасыл көлдер», «Бар қызыққа айырбастап ұйқыны» деген сырға толы, сырнай үнді өлеңдері де айғақ. Соңғы аталған өлеңнің алғашқы шумағында ақын:

Ақ көйлекті бұрақ белді құрбы қыз
Маған ұзақ қараушы еді бір түрлі. –

деп жас кездегі іңкәрліктің ыстық бір сәтін көз алдымызға әкеле қояды. Сол қыздың «өзіне арнап қызыл гүлді жұлғызғанын, қолтығынан алып ақ қайыңның саясына тұрғызғанын», сондағы кейпін «есіне алады күлімдеп».

Төмен қарап тұрған күйі мен тұңғыш:
«Сүйем» деген сөзді де айтқам дірілдеп, –

дейді ағынан жарылған ақын. Сонысымен жұрт жүрегін тағы да дір еткізгендей. Немесе:

Сондағы, сен, жан күйімді ұғып көр,
Жатыр менің көкірегімде тұнып көл.
Анама да айта алмаған бұл сөзді, –

дегенінде талайға мәлім тамаша шындық жатқан жоқ па? Өз, көкірегінің сырын өлең етумен көп көңілінен шығып жататын шынайы ақындық осылай белгі бермей ме?

Тұманбай поэзиясына әуелден тән тақырыптар – аяулы ана, жан аяспас дос, туған жер туралы нәзік, нәшті өлеңдер бұл кітапта да мол.

Ұлылықты саған бердім,
Кішілікті бер маған.
Сұлулықты саған бердім,
Кісілікті бер маған. –

деп елден алар еншісін атағанда туған жердің шынары емес, сыңары болар сыңай танытады, сыпайлылық білдіреді. Елге деген ерен махаббат оның «Туған елім, талабымның аш гүлін» атты өлеңінен де ұшқын атып тұрғандай.

Ал «Таң келгенде», «Анашым үнсіз жатыр төсегінде» секілді өлеңдерінде ананың асыл бейнесін әспеттей түскен. Жинаққа кірген «Ана көзіндегі жас» поэмасында да ақ сүт берген адамның аянышты бір халін жандүниеңді сыздатқандай сыр етеді. Өткен күннің өкініші, сұм соғыстың суық ызғары Тұманбай қаламына тән тебіреніспен сөз болады.

Кітап «Шаршатпайды ұзақ жол», «Көршілерім менің», «Ақындар ояу жүреді», «Әке әлдиі», «Мазалайды түнгі ойлар» деген бөлімдерден тұрады. Аттары айтып тұрғандай, ұлан байтақ өмірдің саналуан көрінісі, сарқылмас тірлік тынысы өлеңдерге өзек болған. Соның бәрінде де Тұманбай өзіндік ой, өрнекпен тіл қатып, ақындық «мені» арқылы адамзат жүрегінің лүпілін бейнелеп беруге ұмтылады.

Болған үсті бола түссін дейтұғын
Көңілді кім жаратты екен тоймас қып,

деп тауып, айтылған жыр жолдары бар жинақта. Сол мінезді алдымен ақынның өзі білдіреді. «Жас күніңде, жаңа өлең жазғаныңда» жұрттың жиі мақтағанын айта келіп:

Көктеміме қуанып қол соққандар
Жазым жайлы айтудан қашқақтайды.

деп наз білдіреді. Алайда бүгін ақын тілегі артығымен орындалғанын айтсақ керек. Жаздың жайлы лебіндей жырлары енген жинағы – «Жаңа дәптері» жастар махаббатына бөленіп, республика комсомолының сыйлығына ие болды. Ақынға бұдан артық құрмет бар ма!

«Коммунизм нұры» газеті, 1967 жыл

Сын мақала

НИЕТ ЖАҚСЫ, ПОЭЗИЯ ТАПШЫ

Нақты бір әдеби шығарманың Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылуының өзі-ақ оған жұрттың назарын аударып, елдің ерекше ықыласын тудырмақ. Көпшілік көңілінде: «бұл туындының нендей жақсылығы, қандай қасиеті бар екен?» деген заңды сұрақ, заңғар талап пайда болары сөзсіз. Сондай ниетпен Аманжол Шамкеновтің «Қасиетті топырақ» дейтін кітабын мұқият оқып шықтық. Жыр жинағы: «Уа, адамдар!» атты өлеңмен ашылады. Оқып көрейік:

Уа, адамдар! Әділдікке бас ұра (?),
Жиналып бір (?) дастарханның басына
Ойымызды ортаға сап, ағынан
Ақтарылып (?) сырласайық ашына (?).
Тек сабыр ет, жөнсіз асып-тасыма!

Әділ сөзге мойын бұру, қол қою парыз. Әділдік үшін күресіп, әділет жолына бас тігуге де болады. Бірақ, бірден адамдарды әділдікке бас ұрғызуда не қисын бар? Бас ұрғызып, бағындырып қоюдың өзі әділетсіздік қой. Және адам атаулы бір дастарханның басына қалайша жиналмақ? Жиналған күнде ағынан жарылып, ақтарыла сөйлесін-ақ, ашына сырласпағы қалай? Ашынажай жандардың ашылып сырласуының жөні бөлек қой.

Мұндай кемшілік өлеңнің келесі шумақтарында да кездеседі. Әлгінде өзі шақырған адамдары жиналып үлгермей жатып: «Қыдырайық

бірімізге біріміз, Дүниені қатар аралауға, бірге қыдыруға болар. Ал, адамдардың бір-біріне келіп-кетуінің, араласып тұруының жолы басқа. Сөздің екіұштылығын ескермейтін автор: «Бұрқырасын бойда шаттық буымыз» дегенге: «Сарқылмасын ойын-күлкі шуымыз» (?) дегенді ұйқастырады.(5–бет!. «Сарқылмасын шуымыз» деудің сәтсіз екендігін, көзге шұбатылған жағымсыз нәрсе елестейтінін ойламаған. Ең болмаса «ойын-күлкі дуымыз» десе бірсәрі.

Алғашқы өлеңнен атой берген осындай орашолақтық жинақтың өн бойынан жиі ұшырасып, көзге ұрады да отырады. Мұндағы өлеңдерді тіксінбей оқу қиын. Мысалдарға жүгінейік.

Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуының 250 жылдығын еліміз болып атап өткендігі, оған саяси-әлеуметтік мән берілгендігі мәлім. Айтулы датаға ақындардың үн қосуы заңды. Алайда Аманжол Шамкеновтің «Россия» өлеңінің тойға лайық толқыныспен күміс шашуы шамалы:

О, Россия, Россия, алып елім!
Қосылғанша өзіңе (?) налып (?) едім.
Қосылғанша (?) өзіңе қолтықтасып (?)
Қысқа күнде (?) күрмеліп (?) талып (?) едім.

Қысылмастан (?) беріп ең қол ұшыңды,
Содан, сақтап қалдым ғой қонысымды.

Қазақ жеріне жоңғар шапқыншылары, қоқан басқыншылары екі жақтан көз алартуын қоймаған соң қысылтаяң шақта қазақ елінің орыс мемлекетінен көмек іздеп, қол созғаны рас. Орыс патшалығының өз есебі болғанмен, жәрдем сұраушы қазақтардың қолын қақпауы және ақиқат. Ендеше өлең авторының Россияға налуы орынсыз. Екі халықтың тарих көшінде талайдан бері қоян-қолтық араласып келе жатқаны белгілі. Оларды осы заманғы қыз-жігіттер тәрізді қолтықтастыра қоюдың жөні бар ма? Сондай-ақ қол ұшын бергенін қоштай отырып, «қысылмастан» деудің де қисыны жоқ. Неден, неге қысылмайды? Ол аздай-ақ келесі шумақтан: «Сүрінсең де (?) сүйедің демеп мені» дегенді оқимыз. Россияның неден сүрінгені, неге сүрінгені тағы беймәлім.

Осы тақырыптағы «Орыс ағам» дейтін өлеңнің: «Қайтер едім, Зердеме күн қонбаса? Қайтер едім, Орыс ағам болмаса?!» деп келетін қайталау-қайырмасы бар. Болсын-ақ. Алайда автор осыған дәйекті жауап қатпайды, көркемдік шешім таппайды. Керісінше, көңіл сендірмес, жан сүйсіндірмес сүреңсіз жолдарды тізбектейді:

Тата алмастан (?)
Балдың дәмін шекер мен,
Күйкілікпен (?)
Күн өткізіп бекерден (?),

Дүниенің
Сыр сипатын ұға алмай (?)
Дүниеден
Дүмше (?) Болып өтер ме ем? – (6- бет.)

Бұл – кәдімгі қара өлеңнің төрт тармағы. Автор мұны сегіз жолға селдіретіп, шашыратқан. Соған орай ойы да шашыраңқы шыққан. Тәттіні татып көрмесе, балдың дәмін, шекер барын қайдан білген? Ал, автордың бұл жерде бүкіл жұрттың атынан сөйлеп отырғандығын ескерсек, халқымызды күйкілікпен бекерге күн өткізуші етіп көрсетуіне жол болсын? Дүниенің сыр-сипатын ұға алмайтындай етіп, ұлтымызды түгел дүмше қылуы қалай?

Кітапқа ат беріп тұрған «Қасиетті топырақ» өлеңі Псков жеріне, Пушкин жырына арналған. «Әскери қызметін өтей жүріп, Псковтан хат жазатын ағам менің» деуіне еріксіз елеңдейміз. Жауынгер жазған хаттардан Пушкин жырын, поэзия сырын пайымдаған көрінеді автор. Сенгіміз келеді. Өйткені мынандай өлең жолдарына жолығамыз:

Ұзатып балалық шақ – базарымды
Естігем сонда мен де азалы үнді.
Өтті ағам жұлдызша ағып,
кетті білмей
Түбінде менің де өлең жазарымды. – (10-бет)

Қазақы өлең құйылысы осылай келсе керек қой. Жыр кестесінің бұлай төгілуіне кімнің қарсылығы бар? Әттең, қасиетті топырақ (?) хақындағы он шумақтың жалғыз жарамдысы осы ғана. Қалғандары жоғарыдағыдай жадау. Өлең былай басталған:

Сол жылдар жапсырмаса (?) маған мөрін,
Тебіреніп күнде есіме алар ма едім?

Өткен жылдар өмірде белгі, көңілде естелік қалдырмақ. Маңдайға ізін түсіріп, жүзімізге мөрін жамаудай ғып жапсырмақ болғаны несі?

Енді (?) үйге қайтамын деп тұрғанында,
Килігіп (?) естен танған (?) сұр (?) залымға,
Ел үшін қыршын жасын (?) қиып (?), ағам,
Шалынды (?) болашақтың құрбанына (?). – (9-бет)

Сөз жаңағы жауынгер аға турасында. Әңгіме оның әскери борышын өтеп болып, елге оралғалы тұрғанда соғыс басталып кетуі жайында. Сұр залымы – фашистер ғой. Ал оларды алдын ала естен танған етіп суреттеуге нендей негіз бар? Европа төріндегі жеңіл жеңістеріне масаттанған, жазықсыз жандардың қанына ластанған күйде фашизм шапқыншыла-

ры біздің елімізге баса көктеп кірмеп пе еді? Оларды есебінен жаңыл дырып, есінен тандырған совет халқы емес пе еді? Мұны айтып отырған себебіміз: бұл автордың Тель-Авив сотқарына (117-бет), Израиль солдатына (118-бет), американдық Борман мырзаға (127-бет) арнаған өлеңдерінен де осындай логикалық дәлсіздік, идеялық әлсіздік аңғарылады. Дүние дұшпандарына таптық тұрғыдан қарамай, «бәріміз де жерлеспіз» деп (120-бет) жеңіл сөйлеуге бейім.

Дәл сөйлемеуден шығады, «Жер үстін арылтпақ боп ақымақтан (?), Бар кегін бірге лақылдатқан(?)» (10 –бет) дегенге де кезігеміз. Фашизмді ақымақ санау арқылы совет жауынгерін ыңғайсыз күйге түсірерін, жауға кегін төгудің өзі жағымсыз боларын автор аңдамаған. Жоғарыдағы мысалға келтіріп, көп сұрақ қойылғандай, өлеңнің лирикалық кейіпкеріне қыршын жасын өзіне қиғызуы да дұрыс емес. Боздақтарды қыршынынан қиятын – сұрапыл соғыс, сұм ажал, қатал тағдыр. Кеудесін оққа тосқан жауынгердің Отан үшін жанын қиып, өзін құрбан етуінің құдыреті мүлде басқа. Солдаттар құрбандыққа шалынбайды. Қалам ұстанған қазақтың мұны білмеуіне, бұған мән бермеуіне таңымыз бар.

Өзін өзі күштеумен жазылған, толғатуы әлсіз, толайым нәрсіз туындының бірі – «Петрово көлі» аталған өлең. Сібірде осындай бір көл бар көрінеді. Картаға аты түспесе де, «даңқы бүгін(?) мүлдем шарлап(?) кеткен». Нені шарлап, қайда кеткендігі анық емес. Автордың айтуынша: «Әлемге жайылды аты елден ерек, Осы орман сенер ме оған, сенер ме көк?» (8-бет). Көлдің даңқына жағадағы орман сенбесе, оқырман қалай сенбек? Өлеңнің өзі, әрбір сөзі сендірмей қойса қайтпекпіз!

Түгі жоқ таңқаларлық көзге сырттай,
Түрі бар таусылатын (?) берсең ұрттай (?). – (7-бет)

О заманда бұ заман көлдің көлемі, айдын аумағы ұрттап тауысумен өлшенгенін кім көрген. Ауыз әдебиетіндегі Көлтаусар – судың мөлшерін емес, адамның алыптығын көрсетпей ме? Мәселе титімдей көл арқылы ұлы көсем бейнесін бермек болып, сол әрекеттің олақ орындалуында жатыр. «Қамыстан көзімді алмай тұрдым қарап, ішінен (?) Ильич шыға келер ме деп!» (8-бет) дегенді қалай түсіну қажет? Бұдан әріде автордың көсемге таңғы (?) істі бір сәт ойлатқызбай, құс аңдытқызуы, құс орнына ескі өмірдің шаңырағын(?) көздеткізді, атқан оғын(?) Ресейдің (?) түкпірінен (?) зулатқызуы көкейге қонбайды. Мұның бір де бірі нақты да емес, бапты да емес. Ниет жақсы болғанмен поэзия тапшы. Деталь ойнамай, дерек жайына қалған. Асыл ұғымдар аяқасты етілген.

Азаматтық тақырыптағы, әлеуметтік сарындағы өлеңдер осындай. Енді адамның ішкі дүниесін, жан сарайын ашатын көңіл күйін көрсетіп, сезім қылын шертетін өлеңдерін оқуға талпындық. Бәлкім, махаббат жайындағы машықты жырлардан жылылық табармыз. Сөйтсек, Аманжол Шамкеновтің шамалауынша:

Арман сүйрер (?) алысқа,
Түбі (?) жоқ қой тілектің.
Тек жүгінтер (?) намысқа
Жиегі (?) бар жүректің.

Алайда оның жиегі
Екеу емес біреу-ақ (13- бет)

Бұл кісінің лирикалық кейіпкерге «Әйел туралы сыр» (36-бет) айтқызуы да қызық: «Әлде нендей өзгерісті байқаймын, Ой салады әйелімнің тірлігі» дегенді оқимыз. «Соншалық не болды екен?» десек, «Бұрын онша мән бермейтін кей жайға, Тек қана сол, келісе алмай қалатын» болыпты. «Бұрын онша еленбейтін қылықтар, Тек қана сол, көзге түсіп жататын» көрінеді. Әйел мінезіне шағынған еркегіміз: «Тек себепсіз шұқыламаймыз астарын» дейді (37-бет) жоғарыдан санағанда 12-жол)

Ақынның өзі қымбат бір құрбысына: «Ашшы деймін. Өз көзіммен көрейін, Көрейін де күмәнданбай сенейін. Кілті қайда? Қойғанбысың құлыптап? Көрсетпесең онда саған не дейін» (45-46 беттер) деп «назданады». Жеке басты, жесір әйелге: Байқадым мен бір мұң барын көзіңде, Өлден семіп солатын бұл кезің бе? Кейде тағы текедейсің (?) кейде сен, тосын жорамал жасайды. Ал бойдақ жігітке үйлену жайлы ұсыныс жасап: «Бұл істі кейін сырып қоймасаңшы,.. Қызықты дер кезінде көрген жақсы,..» (47-бет) деген кеңес береді.

Сөз болып отырған жинақ иесі «Әріптестер туралы» өлеңінде: «Қызметке бірге келіп, кететін әріптеске кейде (?) үңіле (?) бермейміз» (28-бет) дейді. Әріптес дегеніміз – ішіне үңіле қарайтын үңгір немесе құдық болғаны ма? Автордың айтпағы: «қасымызда жүргендердің жан сырын, жай-күйін біле бермейміз» дейтін ой – негізі дұрыс, бірақ айтылуы тағы да олақ.

Шынында әріптес ақын-жазушының әрбір сөзіне жете мән беріп, үңіле оқу, үнемі қадағалау парыз. «Қасиетті топырақ» атты жыр жинағында бір қайнауы ішінде кеткен өлеңдер өте көп. Зейін қойып, зерделеп оқыған кісіге бадырайып көрініп тұр. «Ісіңді жақсарт, ішіңді жаңғырт, сөзіңді түзе, өзіңді түзе!» деп отырған қазіргі кезеңде мұндай дүмбілез дүниелерді сыйлыққа ұсыну былай тұрсын, талғамы күшті, талабы биік оқырмандардың назарына ұсынудың өзі ұят.

Алматы, 1986 жыл

ЖЕТІ ҚАТ КӨКТЕ

Әзіл әңгіме

Сатымен жалғыз көтеріліп, салонға кірісімен елдің ең соңында қалғанымды ұқтым. Жұрттың бәрі орындарында отыр, мен өзіме тиесілі 9-А креслоны оп-оңай таптым. «Белбеу тағыңыздар» деген табло жарқырады. Жан-жағыма көз жіберіп көргенім – салон өңкей жастарға толы, комсомол жасындағы қыз-жігіттер кілең. Олар иллюминаторға шыдамсыздана үңіліп, қысқа-қысқа тіл қатысып, жиі күліседі. «Делегация ғой?» – деп сұрадым көршімнен – көзі күлім қаққан жас жігіттен. «Дәл таптыңыз! – деді ол. – Байқайсыз ба? Ақжарқындылық пен өзара түсінушілік атмосферасы».

Осы тұста мен біздің мынау зымыраған жылдамдық пен әркімнің өз тыныштығы көзделген қолайлылық заманында біреумен танысып-білісіп жатуға уақыт та жете бермейтінін ойлап қалдым. Отырдың, белбеу буындың, жерден көтеріле жөнелдің. Журнал аударыстырасың, өзің оқығанды көршіңнің қолындағымен алмасасың. Бірер сөзбен тіл қатысасың. Сөйткенше болмай жерге қону, сатымен түсу, «сау болыңыз, жақсы тұрыңыз». Бары сол.

Алматыда мен әңгімелеп отырған сапар өзгеше еді. Алдымен, Хабаровскіден Москваға дейін ұшу бір емес, бірнеше сағат екені аян. Сондай-ақ жолаушылардың көпшілігі бір-бірімен жақсы таныс екені көрініп тұр.

Біздің самолет биікке шығып алысымен-ақ артқы қатарлардың бірінен сұрақ келді:

– Ән болады ғой?
– Сөз бар ма! – деген жауап естілді.
– Ендеше неге шырқамасқа!
– Сонда жақсы көңіл күйі
Бізді ешқашан тастамас...

Жас жолаушылар хоры көпке мәлім әннің қайырмасын бірден шырқап кетті.

Мен хорға қалай қосылып кеткенімді тіпті байқамай қалдым да, басқалардың мені күлімсіреп құптағанын көріп, баяу ғана әндете бердім. Айтудың өзі күлкі-ау, мен кенет өзімді жеті қат көкте сезіндім. Жастықтың жайсаң күлуі кісіні тез баурайды ғой.

Салондағы ән қалай жылдам басталса, солай күрт басылды. Айнала жұрт қызу әңгімелесуге кірісті.

Мен көзімді жұмып, тыныш отырғанмын, кенет гу-гу дауыстардың біртін-біртін басыла бергенін аңғардым. Бейнебір әлде кім радионың дыбысын баяулатып басып жатқандай.

Көзімді ашып қарасам...

Аралықтағы жолмен стюардесса қыз жеміс суы құйылған кішкентай стақандарға толы подносты көтеріп келеді екен. Қыз баяу басып және әркімге күлім қағып келеді.

Турасына келгенде мен қазір бұл қыздың түр-түсін сипаттап жатпаймын. Мен тек қана маған ең жақын отырған жігіттердің оттай ыстық лебіздерін қайталасам деймін. Мен онда олардың айтарын кейінірек білдім, бірақ қазір маған оларды сол аттармен атау қолайлы.

Сұлу стюардессаның перде сыртына кеткені сол, мен Анатолийдің абыржыған даусын естідім:

– Бұл бір көктемде көрген түс болды деп есептеймін.

– Қас қағым сәтке елес берді де өтті, – деп бітірді Игорь.

– Жап аузыңды, – деп кекетті Людмила.

Бізді неге белбеумен буып қойғанын енді түсіндім, – деп күлімсіреді Мұстай.

– Бәрінен бұрын осындай қыздар қай жерде туып, өседі екен, – деп күрсінді Анатолий.

– Барлық он бес одақтас республикада, – деді Людмила салмақты түрде.

– Одақтас қана емес, автоном республикаларда да туатын шығар, – деп қосты Мұстай.

– Мәселе қайда туғанында емес,– деп бастаған-ды Анатолий.

– Мәселе қазір қайда тұратынын анықтауда ғой, – деп аяқтады Игорь.

Мен әңгімеге араласуға бел будым.

– Оны анықтау онша қиын емес. Екінің бірі. Қыз не Хабаровскіде, не Москвада тұрады.

– Қателеспесем, экипаж Хабаровскіден... деген Анатолий маған алая қарады. Егде теңізшінің сөзге араласуы оны таңыртқандай.

– Менің байқауымша, сіздер Қиыр Шығыстансыздар. Ендеше қызды қайта кездестіруге мүмкіндіктеріңіз бар-ақ.

Менің сөзімнен мысқыл сезген Мұстай аса сыпайы түрде сұрақ қойды:

– Сіз өзіңіз де Қиыр Шығыстансыз ба?

– Дәл солай. Сейнер капитанымын.

– Сейнер дегеніміз – балық аулайтын кеме ғой,– деп түсіндіреді Игорь.

– Яғни, тұздаған балық жүйесі бойынша еңбек етесіз-дағы, – деген түйін жасады Анатолий.

Қызғанышты жігіттер әзіл-қалжыңға да қадам басқандай.

– Кез келген балық, соның ішінде сельд – адам тойындыратын азық, – дедім мен. «Білім» қоғамы лекторының мақамымен.

– Оның фосфоры көп, – деп қорытты Анатолий. Бұл – «жігіттер, жетер енді, әйтпесе капитан басым шығып жүрер» дегені еді.

– Байқаймын, сіздер тамаша жігіттерсіздер, сіздердің әрқайсыңыз-ақ әлгі қыздың жүрегін бауырауға үміттене аласыздар. Алайда мен сіздерге ескерткім келеді – жалпы теңіз флоты, жекелегенде балық аулаушылар қыз алдында айрықша өтімді.

Мұстай бетін тыржитып, Анатолий мырс етті де Игорь былай деді:

– Папатай, сіз тым асқақтап кеттіңіз-ау, бізге солай көрініп тұр.

– «Папатай». Ол мұны менің жасыма меңзеп, «шаманды білсейші» деген тұрғыда айтты.

– Басты міндет – қыздың атын білу, – деді Анатолий.

– Жанымыздан өткенде сұрайық, – деген ұсыныс айтты Мұстай.

– Менің өмірлік тәжірибем біздің стюардессаның аты Маша, бәрінен дұрысы – Наташа болу керек дейді.

– Бәлки, біздің стюардессаны Ирина деп атайтын шығар, – «біздің» деген сөзді әдейі баса айтқан Анатолий маған қарады.

Осы сәтте стюардесса тағы пайда болды. Босаған ыдыстарды жинастырған қыз қасымыздан қайта өте бергенде Игорь сұрап үлгерді:

– Кешіріңіз, сіздің есіміңіз қалай?

– Наташа, – деп қыз ұзай берді.

Менің көршілерім маған таңырқаған кейіппен, тіпті қадір-құрметпен қарады.

– Көрдіңіздер ме, мен қателеспеппін, – дедім селсоқ түрде.

– Қателескен жоқсыз, – деп Мұстай иығын қиқаң еткізді.

– Сіздерге одан да зорын айтайын. Сұлу қыз теңізші кителіндегі кісіні көргенде осынау мұхиттар айдынының перзентін өзіне тағдыр жіберген деп ұғынады.

– Ғафу етіңіз, сіздің фамилияңыз кім? – деп сұрады Анатолий.

– Сіз менімен де танысқыңыз келе ме? Қарсы емеспін. Капитан Талызин.

– Солай дегесін-ақ бітті ғой, – деп қағытты Людмила және мұнысымен «Жігіттер, сәл шегініңдер» деп те ескерткендей.

– Дұрыс-ақ, – деп бас изедім және біздің стюардессаның тап қазір қайта көрінуі жөн болар еді деп ойлап отырдым.

Дәл менің тілегімді орындау үшін шыққандай салонда стюардесса пайда болды.

Мен фуражкемді киіп, орнымнан тұрдым да қызға беттедім.

Жігіттер енді мені тек сыртымнан ғана көріп отыр.

– Кешірім сұраймын, – дедім Наташаға қолымды күнқағарыма апарып. – өзімді таныстыруға ұлықсат етіңіз. Капитан Талызин.

Осыдан кейін болған жай менің жас сапарластарымның есін шығарғандай еді. Наташа менің жүзіме қарады. Сосын алақандарын шаттана шарт еткізіп, жайнап күлген күйі мені бетімнен сүйді.

Мен оған жылдам және ақырын бірнеше сөз айттым, қыз сол сәтте перде сыртына қайта жасырынды.

Мен өз орныма қайта оралдым. Фуражкені шешіп, әдейі шаңын қаққан болып, бас киімді жоғарыға қойып, өзім креслоға жайғастым.

– Өмір деген осы, французша айтқанда, се ля ви, – дедім мен екі алақанымды жайып.

Жігіттерде үн жоқ.

– Міне солай, қиыршығыстық достар иллюминаторға қараңдар. Көктем махаббат пен шабыт шағы. Күн жарқырап тұр, жанымыз да

жарқын, мерекелік көңіл күйі. Сіздер неге, бауырлар, жабырқау тарттыңыздар?..

Үш жігіт те үнсіз. Анатолий газет қарай бастады, Игорь блокнотқа үңілген, Мұстай кітап беттерін парақтауда. Ал Людмила мысқыл күлікісін жасырмай, әлдебір журналға төнген.

– Бір қызығы, сіз қызға не дедіңіз? – деп сұрады Анатолий.

Игорь басын көтеріп, Мұстай да қарай қалған.

– Көп нәрсені білгіңіз келеді, – дедім немкеттілеуі.

– Өмірлік тәжірибеңізбен бөлісіңіз, – деді Анатолий.

– Жарайды. Солай болсын-ақ. Сізге айтайын. Сіздердің тыңдауларыңызға болады, – дедім басқаларына.

– Мен тек «Капитан Талызин» дегеніңізді ғана естідім. Сосын ше? – деп аптықты Игорь.

– Сосын мен оған, сұлу стюардессаға былай дедім. Мен былай дедім: «Наташа, үн қата көрме! Дыбыс шығарма! Бәрін сосын түсіндіремін!».

Үшеуінің де маған қараған көздері алақандай болды. Тіпті Людмила да құмарта түскендей.

– Мәселе мынада, Екеуіміз бірімізді біріміз көрмегелі бес ай, тіпті одан да көп болды Наташа, әрине, қуанып кетті. Туған ағайын жеті қат көкте көру деген тамаша ғой!

Уай, дәл осы минутта сіздер Анатолий, Игорь мен Мұстайдың жүзін көрмедіңіздер! Олар енді маған бейнебір өздерінің туған ағайын көргендей телміре қарасын-ай келіп.

Әңгіменің әрман қарай қалай жалғасарын айту қиын, әйтеуір тағы да артқы қатарлардан бағанағы дауыс қайта естілді:

– Ән болады ғой, ә..?

– Сөз бар ма! – деп жауап қатты Анатолий.

– Ендеше неге шырқамасқа...

– Сонда жақсы көңіл күйі.

Бізді ешқашан тастамас – деп бітірді жастар хоры жарқын әуенді. Игорьдің жұмсақ қоңыр даусы мен Мұстайдың мөлдір жіңішке даусы ерекше естіліп тұрды.

Самолет терезесінен көктемгі Күн жарқырап тұрды

Біздің реактивті әуе кемеміз Москваға бағыт алып, самғап келеді.

Аударма.

Әзіл әңгіме

ЕКІ ТИЫНДЫҚ ШАРУА

Таңертеңгілік апыл-ғұпыл киініп, шала-шарпы, жуынған Қамарбек мотоцикліне ырғып міне тартқан-ды. Қарсы алдынан салқын жел ескенде осы жуырда совхозға автомат-телефон орнағаны есіне түсті: «е, қазір жететінімді хабарлай қояйын».

Тас жолға шығар тұста қайта-қайта қолын бұлғап тұрған біреуді көрді де мотоциклін амалсыз тежеді.

– Амансың ба, шырағым, – деді бұған сығырая қараған Сыздық күзетші.

– Сәлеметсіз бе.

– Халың қалай, шырақ?

– Жаман емес. Ептеп, өз халіңіз?

– О, біздің хал неге жаман болсын, жақсы. Күн болса жылынып келеді.

– Иә, маған айтар шаруаңыз бар ма?

– Бар ғой, бар болғасын дағы... Бірақ, байқаймын, асығыссың ғой деймін.

– Рас, асығыспын. Бірақ мен бәрібір тоқтадым ғой.

– Иә, шаруам болғасын тоқтата қойып едім, айып етпе.

– Жарайды, ештеңе етпейді. Ал айтайын дегеніңіз немене еді?

– Осы сенің атың Қамарбек емес пе?

– Иә, Қамарбек.

– Бәтіш кемпірдің баласысың ғой? Құдағидың дені сау ма?

– Сау.

– Сосын ғой, бір жақсылық жасай салсаң,

– Е, енді айтсаңызшы.

– Осы сені қандай станцияда істейді деп еді?

– Санитарлық-эпидемиялық дейді. Жұқпалы ауруларға қарсы.

– Ә, бәсе. Ал әлгі Жайнақта карантин жарияланғаны рас па?

– Рас. Бір-екі қойдың тұяғы түсіп қалыпты. Сізге, немене дәрі-дәрмек қажет пе?

– Жоға, менің қойда жұмысым жоқ. Жеңгең өзі күтеді, тәйірі.

– Ойбай, Сықа, онда әлгі шаруаңызды айтсаңызшы. – Тезірек.

– Бәсе, осылай боларын біліп ем. Өзің ашулана бастадың ғой, шырақ.

– Жоқ, мен ашуланайын деп тұрғам жоқ. Дегенмен, не сұрайын, не айтайын дегенеңізді білмей тұрмын ғой.

– Бар болса, бересің дағы.

– Е, бермегенде.

– О, рахмет жауғыр! Мен бірақ сені біраз бөгеп қалдым ғой деймін.

– Шынында, бөгеп тұрсыз. Мен өзі онсыз да кешірек шығып...

– Көп жұмысыңнан қайырмасам игі етті. Мен әлгі... осы өзің бара жатқан Поқырау бар емес пе, соған телефон соғайын деп едім. Жаңа қалтамды қарасам, бір тиын табылсайшы. Ылғи бір сомдық. Анау Қаппас тек бір сомнан ғана салып ойнайды. Сайтан алғандай екі тиындық уақ жоқ болып шыққаны.

– Бар болғаны сол ма? Мәңіз. – Қамарбек күзетшінің қолына үш бірдей екі тиындықты ұстата салды.

– Мұны енді автоматқа салам ғой. Ал сонда ана собеске қалай деп соғу керек?

Сыздық күзетшінің сығырая қарай бергені сол, Қамарбектің мотоциклінің даусы дардар етіп, түтіні бұрқ-бұрқ етті.

Облыстық «Коммунизм нұры» газеті

Фельетон

«ТАРТ, БАЛА, САБЫНДЫҒА!»

Бір-біріне қарсы зырқырай ұмтылған «Волга» мен «Газик» беттесуге сәл-ақ қалғанда, әйтеуір жан ұшыра жалтарып үлгеріп, екеуі жолдың екі жақ жиегіндегі биік қарды сүзе тоқтады. Шақыр-шұқыр дыбыстар алай-түлей ақ боранның ашулы гуілін басып кетті. Машинаның ішінде ілгерілі-кейін изеңдесіп, анда-мұнда соғылысып үлгергендер ес кіріп, тірі екендігіне көздерін жеткізгеннен кейін-ақ шампанның тынығындай атылып-атылып сыртқа шықты да, шамырқанып бір-біріне қарсы шүйліге ұмтылды. Олар да жаңағы машиналарға ұсап түйісе беріп, тайқысып кетті.

– ау... мәссаған, керек болса, бұл сіз бе едіңіз? Басқа біреу ме деп... – «Газиктен» шығып айбарлана ұмтылғаны аяқ астынан жуасып, қыбыжықтап қалды.

– Біз болмағанда кім болушы еді осындай боранда жүретін, – деп шіренді «Волгадан» шыққаны анаған.

– Иә, иә, үй-күйі бар адамдар мұндай боранда далаға шығып не қылсын, – деді «Газиктен» шыққаны сыпайылық танытып.

– Дегенмен, Гусев жолдас, бастығыңды басып кете жаздағаның жарамады, – деді «Волгадан» шыққаны «Газиктен» түскенді одан әрі тұқырта түскісі келіп.

– Ойбай-ау Василий Иванович-ау, сүттей ақ «Волгаңыз» мына ақ боранның ішінде көрінбейді екен, әйтпесе не қара басыпты мені. Сіздің машинаңызды, құдайға шүкір, танимын ғой...

Түтігіп түйіле төнген Василий Иванович те бұл сөздерден кейін жадырап, жайылып сала берді.

– Күнде кешкісін Жантекеден ауданға бару оңай дейсің ба? Шаршап жүрген шығарсың, бауырым, – деп Василий Иванович жағдайды білетіндігін аңғартты.

– Амал қанша... Сізге де оңай болып жүрмегенін сеземін. Күн сайын ауданнан Сабындыға сабыласыз...

Гусев сөзін кілт үзді. «Сабыласыз» деген сөздің аузынан қалай шығып кеткенін өзі де білмей қалды. Жалма-жан жел өтінен ықтап бұрыла тұрған бастығының жүзіне қарап еді, қабағы жауар күндей түйіле қалған екен.

– Дегенмен, Василий Иванович, бұрынғыдай емес жиі көрісіп жүретін болдық. Амандық саулығымызды біліп тұрғанның өзі қуаныш емес пе, – деп әңгіме арнасын лезде басқа жаққа бұрып жіберді.

– Ой, өтіп бара жатқан күн-ай, – деді Василий Иванович қайта жадырап. – Кеше ғана сияқты еді сенің аудандық ауыл шаруашылығы басқармасынан «Қарашалғын» совхозының директоры болғаның. Есіңде ме, совхозға алғаш кетіп бара жатқанда осы маңайда кездесіп едік қой. Міне, соған қазір, ойлап тұрсам, он бір ай болыпты.

– Есімде болғанда қандай, Василий Иванович. Бәрі есімде. Күндер шіркін зымырап барады ғой. Мені айтасыз, сіздің де «Путь Ленина» совхозының директорлығынан жоғарылап, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасына бастық болып барғаныңызға екі жылдай болып қалыпты. Ал маған күні кеше сияқты.

– Иә, бауырым, солай. Өстіп жүріп қартайғанымызды да білмей қаламыз, – деп Василий Иванович Хабаков әлдене ойына түскендей кідіріп қалды да, сәлден кейін Гусевке төне даусын гуілдеген боран үнінен асыра сөйлеп кетті. – Шыныңды айтшы, Ростислав Тимофеевич, осы уақытқа дейін үйіңді совхозға неге көшірмей жүрсің?

– Үй болмады ғой.

– Сенен бұрынғы директордың үйі ше?

Әй, оның тек аты ғой. Ең арғысы овощ қоймасы да жоқ. Қос пәтерлі үйді қолға алғалы да біраз болды, бітпей жатыр құрығыр, – деп ақталған Гусев енді қарсы сұраққа көшті. – Шамасы сізге де үй болмай жүр-ау?

Хабаков мойынына қар түскендей тыжырынды.

– Әй, Гусев-ай, бойың ұзын болғанмен ойың төмен жатады-ау. Сабындыны сағынып тұрғандай үнемі үйге барып түседі деп пе едің?.. – Осы сәтте жел құтырынып соқты да, Хабаковтың Гусевке сыр қылып айтқан құпиясын естіртпей жіберді. – Машинаның қосымша бөлшектері қолда. Бензин тегін, сосын не керек... Бірақ күнде шапқылағанға шофері бар болғыр шыдамайды екен. Мынау үшінші жігіт. Өзі бойдақ қайда барам, қашан қайтам десем де жанымда. Қой, көп тұрмайық. Боран үдеп барады зымырайық...

Гусевпен қоштасқан Хабаков ақ «Волгаға» міне беріп «Тарт, бала, Сабындыға» деді.

Сөйтіп ақ түтекке қарамастан түнделеткен жолаушының бірі совхоздан аудан орталығына, енді бірі ауданнан совхозға қарай салдыртып ала жөнелді.

Бұдан бері де біраз уақыт өтті. Қанша дегенмен совхоз директоры ғой, Р. Гусев Хабаовтай шалқақтап жүре алмайды. Январьдың он бірі күні семьясын Жантекеге көшірді. Сөйтіп директорлыққа тағайындалуының бір жылдығын совхозда атап өтетін болды-ау, әйтеуір. Ал В. Хабаковтың көшу әзір ойында жоқ. Ол басқарма бастығына бекінуінің екі жылдығында ауданда емес, совхоздағы үйінде атап өтуді жоспарлап жүрген көрінеді. Онысы рас та болуы мүмкін. Егер де облыс жақтан бір дүмпу болып, Қорғалжынға көше қалғанның өзінде оның 1976 жылдың

15 июлінен 1978 жылдың осы кезіне дейін аудан орталығынан Сабынды селосына сабылып жүрген жол шығынын кім төлер екен, – дегенді қазір жұрт әңгіме қыла бастады.

– Е, е, онда тұрған не бар екен! – дейді осы әңгімені сырттай естіген Маринов аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігінің директоры Дәлел Балтабаев таң қалып. – Бірлестікті басқарғаныма бір жыл екі ай болса да, семьямды әлі көшіріп әкелген жоқпын. Өзімізге ешкім әзірге қатты сөз айтып, қатаң есеп жүргізген жоқ.

Д. Балтабаевтың онысы рас. «Ау мұның не?» деген адам болған емес. Тек кейбір жеңіл ауыздылардың «біздің практикант директор» деп атандырып жібергені болмаса...

...Күндер өтіп жатыр. Бұл бастықтар болса бірі аудандағы, бірі совхоздағы үйлеріне шапқылап, машинаны босқа сабылтуда. Олардан бұларың қалай деп сұрап жатқан адам жоқ. Дегенмен мүмкіндігі болса Маринов аудандық Советі атқару комитетіне «бірлестіктің директоры уақытша ма, жоқ, түпкілікті ме?» дегенді біле салғанның артықтығы жоқ. Ал бір бастық пен бір директорға неге әсер ете алмай жүргенін Қорғалжын аудандық партия, совет органдарының өздері айтатын шығар. Өйткені «Ұшарын жел, қонарын сай білетін» шұбырынды басшылардан шаруа жайын сұрау да қиын ғой.

«Социалистік Қазақстанның» меншікті тілшісі,
Целиноград облысы, 10 февраль, 1978 жыл

Сықақ әңгіме

ЖОЛДЫБАЙ ЖОҚТА...

Күнімен күтіп отырғанымыз – әлгі Жолдыбай. Осы бөлімде бір жылдан бері бірге істейміз. Ежелден доспыз. Жұмыстан бірге қайтамыз. Әсіресе, сенбі күні серіктесе кетіп, жарты-марты қызылды тең бөліп қағып жібереміз.

Өзі бір өткір жігіт. Сондай пысық. Касса алдында маған десе жүздеген кісі тұрсын, кезектің кез келген жерінен өтіп кетеді, сонда өзі үшін емес, өзге біреуге бола жүреді. Шапшаң жүретін поезға ма, жаңа спектакльге ме, спорт жарысына ма, – әйтеуір билет керек жерге осы Жолдыбайды сал. Жолы бола кетеді. Бірақ бүгін не боп жатыр өзіне?

Телефонға телміріп біттім. Шырылдаған сайын шыбын жаным шығып кете жаздайды. Тура трубкаға ұмтылам. «Ал, Айлабек, әкел ақ пейіліңді – портвейініңді, билет дайын!» дейтін қуақы үнін естуге асықпын. «Қап, басқа біреу ғой». Амал не, әлдекіммен амандасуға да тура келеді. Жұмыс істегің келмеген кездегі сыныққа сылтау болар – осы телефон. Бірақ менің бүгін оған да зауқым соқпайды. Әйсе де, Жолдыбайдың билет тауып әкелетініне шүбәм жоқ. Әңгіме төркіні әріде.

Таңертең жаңа бастық айтқан сөз жадымда қалыпты:

– Кешке стадионда боламыз ғой, ә жігіттер? Оңтүстік трибунаға билет ендігі жоқ та шығар, – деп еді ол кісі.

– Ондайды мына Жолдыбай біледі, – дестік бірауыздан.

– Солай ма? Нағыз жанкүйер деңіздер. Онда біз оған қиянат қылдық қой, – деп күлімсіреп еді ол кісі. Біз де күлімсіреуге тырысқанбыз. Жолдыбайдың өзі «амал қанша?» дегендей алақанын жайған.

Досымның доп ойыны дегенде есі кетуші еді. Бірақ бүгінгі футбол қызығынан қалуының мәнісі бар – бір шұғыл шаруамен Қорғалжынның қой совхозына бармақ. Мекемеміз боп мерекеге дайындалып жатқам ыз.

Бұл Жолдыбайдан гөрі маған батып кетті. Оның өзі ойынға барар болғанда, екі билет ендігі алдымызда жататын еді. Соны еске салып, Жолдыбайға жаттым да жабыстым:

– Достықтың сыналатын кезі келді, Жәке! – дедім. – Өл, тіріл, бір билет тауып беріп кет. Ал орынның оңдысы – оңтүстік трибуна екенін өзің білесің.

Не керек, ер-тоқымның артқы қасын сұрағандай-ақ қадалдым. Жүзіме барлай қарап қалған Жолдыбай қарқылдап тұрып күл-ай кеп:

– «Жұқтыра» алмай жүрсем, өзің әбден «ауырып» қалыпсың ғой. жанкүйер болу деген сол, достым... Ал Жолдыбайдың достығына шек келтіре алмайсың, – деп сағатына қарап алды да, – күт жұмыс аяғына дейін... – деп елеурей тартқан-ды. Содан бері соны күтіп отырмын. Жоқ, Жолдыбайдың билет тауып әкелері сөзсіз. Бірақ билетті кімге әкелер екен?.. Міне, қайда мәселе!

Уһ! Әлде бір заманда есікті ашып, ентелей басқан Жәкең көрінді. Менің зарыға күткенімді тақпақтап айтып келеді.

– Оңтүстік орталық трибуна, үшінші қатар, отызыншы орын!

Жолдыбай қойын қалтасынан көкшіл билетті суырып алып, жоғары көтерді. Сол сәтте самолет кілт төмен түскендегідей жүрегім ауызма келді.

– Маған ба?

– Е, енді кімге деп ең?

– Бас... басқа біреуге ме деп...

Не деп тұрсың, әй? Таба алмаған күнде – сөз басқа. Әлде сен Жолдыбайдың сөзі – темір-бетон екенін ұмыттың ба? – деп ұстата салды билетті. Кірпігім кіріп кетті ме, немене, көзім жасаурап қоя берді.

– Жәке, – дедім даусым дірілдеп, – мың сан рахмет! Мен де бірденеңе жарармын...

– Ой,қойшы өзің! Сен, тіпті, бір қапшық тұзбен емес, бір билетпен сынайын деген екенсің достықты. Өзің елегізіп отырсың ба, қалай? – деп, ақ көңіл Жолдыбай аяғын әзілге шаптырды. «Елегізіп» дегенін ұстай алып, дүкен жақты ымдадым.

– Жоқ! – деді Жолдыбайым дауыстап, – біз – бүгін «бес жұлдыздың» жігітіміз... Ал, кетпеймісің?

– Мына біреуді бітіріп кетейін деп ем...

– Ал, жақсы ендеше. Тек сен өз қақпаңа доп кіріп кеткенде, қол соғып жүрме, – деп, досым қош айтысты. Шіркін, достыққа не жетсін!

Жолдыбай әжептәуір ұзады-ау деген кезде қалам-қағазды жия сап, жаңа бастықтың кабинетіне жеттім. Әлі кетпепті. Есікті еппен ашып:

– Ұлықсат па? – деп сығаласам, жалғыз өзі отыр екен. Жанына жақындай беріп:

– Сізге деп бір билет «артық» алып... Орны оңды... Орталық трибуна... – дедім:

– Ә, жақсы болды ғой, жарады! Рахмет, жігітім, рахмет! – деп үлкен бастық қолымды алды. Ыржиған күйім, шегіншектеп, шығып кеттім.

Ойбай-ау, енді не тұрыс, тезірек телевизорға жетейін. Тым құрыса, стадионда не болып, не қойғанын біліп алу керек. Әйтпесе Жолдыбай...

«Коммунизм нұры», ақпан, 1966 жыл

Сықақ

Н. Трошин

ҚАЙЫН ЕНЕМ ҚАЛАЙ ТҮЗЕЛДІ...

Бірде жолдас-жораларымның арасында әртүрлі әзіл-оспақты сықпыртып соғып отырғам. Олар оған күлсін келіп, ал біреуі айтады:

– Сен, Васюха, әзілдеріңнен әңгіме шығарсаңшы. Қазір «Крокодилде» сатира мен юморға бәйге жарияланды ғой.

Рас-ау, деп ойладым, тұп-тура өзімнің енем туралы жазайын да, оны санасындағы ескілік қалдықтарының он капиталисті орап алатынын білсін бәрі. Ойладым да, – отырдым жазуға. Күні-түні құдитып жазайын мен әңгімені.

Ал қайын енем өзі жәйлі менің әңгіме шығарып жатқанымды сезіп қалып, ескілікті әдеттерінен біртін-біртін арыла бастағаны ғой, маған жылы жүзбен қарайтын болып алды, ылғи ыстық кофе тосады алдыма, келіспеу, керісу дегеннің бірде бірі жоқ!

Мұндай өмір ұнайды маған. Мен қайбір әңгіме шығарған дейсің? Оған талант керек, оның менде исі де жоқ. Бірақ мұны енем біліп қойса, баяғы әніне баспай ма тағы? Сондықтан жазып жатқан болам ылғи. Ал шынында, әңгіме орнына қайын енемді түзеуге көмектескені үшін «Крокодилге» алғыс жазып шықтым.

Содан соң ойда жоқта қайын енемнің де «Крокодилге» арнап жазған хатына тап болдым. Салып жіберуге үлгермесе керек. Әлбетте, енем –

маған бөтен біреу емес қой. Мен ол хатты ашып кеп жібердім: өз көзіме нанайын ба, нанбайын ба?!

«Қымбатты «Крокодил», – деп жазыпты енем, – сіздің ең жақсы әзіл әңгімеге жариялаған бәйгеңіз менің күйеу балама күшті әсер етті. Ол қазір үнемі үйде, сыра сілтеуді қойып, кофе ғана ішеді, карт ойнаудың орнына сіздерге деп әңгіме шығарумен болады, тіпті өзіне қарап отыру қандай ғанибет!

Әңгімесінің тақырыбы: ескіліктің қалдықтарымен күрес... Тегі, өзі туралы болар. Бірақ сіздер, крокодилдік жолдастар, ескерсеңіздер екен: оның жазғанының бәрі – өткен күннің оқиғасы, қазір оның өзі әбден түзеліп алды».

Ал керек болса!

«Крокодилден» аударылды.

Әңгіме

Анатолий ХОРУНЖИЙ,
Украин жазушысы

СЫРҒА ТОЛЫ ТҮН

Мотоцикл жарығы қоршаулардан, қақпалардан, тал-қайыңнан тайып түсіп келеді. Ол біресе қараңғы терезелермен қапылыста шығылысып қалып, біресе үй қабырғаларын, қалың кітап парақтарын аударғандай, ағарта жарқыратады.

Иван Максимович мотор шуын басты. Сол сәт ол түннің тыныштығын тыңдағандай және соны бұзғысы келмегендей: мөп-мөлдір, тұп-тұнық суды шалпылдатуға кісі осылай қимайтын-ды.

Село ұйқыда. Адамсыз әбден бос қалғандай. Ал Иван Максимовичтің қайткенде де біреу-міреуді көруі қажет. Тіпті кімді болса да... Ол орталық көшеден өтіп кеткен-ді, өзіне қажетті үйді аңғармай өтті. Осы үйді іздеп табу үшін ол бүгін осынша ұзақ, ауыр жол кешіп келіп еді.

Ол үй шеттен санағанда жетінші болатын. Көше жақ қабырғасында екі терезе, есік алдында кәрі акация мен үлкен тас бар-ды. Ново-Андреевка жақтан келгендегі жетінші үй...

Иә, аудан орталығында қонып қалса да болғандай екен. Әлгі жетінші үйіміз қайда? Бәрін өзгертіп, бәрін шатастырып жіберді түн,

Міне селоның шеті. Иван Максимович үп-үлкен сазарыңқы айды көрді. Таң алдындағы ай осындай болады.

Көше далаға айналып далиып кетті. Мотоцикл жарығы жол жиегіндегі жіңішке ағаштарға жабыса, жазық беткейге жайылып барады.

Ия, бұл Ново-Андреевкаға баратын жол. Қазір жол да ұйқыда. Дала да солай. Өткен күндері ойға оралып, осыншалық толқып тұрған адамда олардың жұмысы жоқ. Олар мұны әлдеқашан ұмытқан. Ал адам бәрін де еске сақтаған: жолды да, жонды да, күздің түні, – сені де және осы қара топырақты, биік қыратты бүкіл өлкені де.

Осыдан жиырма жыл бұрынғы түн де дәл осындай еді, таң алдындағы үп-үлкен, сазарыңқы айы да айнымай келіп тұр.

Енді бір кішкене жүрген соң солға қарай сүрлеу кетуге тиіс. Соған бұрылып, жарты шақырым жүргенде жар кездеспек, ал оның ар жағы тағы да құба жон. Онда ол кезде колхоздың малдары тұрған.

Бір мая дәл бақшаның бауырында тұрды. Олекса атай: «Бұл менің маям, оның қожасы – өзім. Мұнда кімнің тығылғанын ол екеуімізден басқа ешкім де білмек емес, – деген-ді...

Дәл қазір Иван Масимович ойланбастан солға бұрылды. Мотоцикл жарығы қараңғыны қақ жарып, биік өскен, пісіп жеткен жүгеріге тірелді. Иван Масимович мотоциклін тоқтатып, жерге түсті. Моторын сөндірді. Қап-қараңғы, тып-тыныш. Тыныштық жан-жақтан келіп қаумалап алғандай.

Ұйыған дала, үн-түнсіз поселке. Ылғалды шалғын иісі сезіледі. Ауа дымқыл да салқын. Олекса атай, бәлки, енді бақшаға түнемейтін де шығар. Қайран атай!

«Ертең барлық жерде болармын, – деп шешті Иван Масимович, – бәрін көрермін». – Мотоциклін бұрып, тағы да жолға әкеп салды. Ақырын ғана жүріп келеді, бейне-бір сол есте қалған түнде осы жолмен ептеп қана жүргендері секілді.

...Танкті бір мая сабанға тығып, таңсәріде селоға оралған-ды олар. Сонда бәрі-бәрі де дәл қазіргідей еді. Тек қана тиыштық жоқ болатын. Адамдар мен табиғаттың әдепкі өмір тынысы бұзылған-ды, ана жерде атқылап, мына жерде зұлым жалын жалпылдап жатты. Соғыс аспан мен жерді аяусыз өртеп жібермек тәрізді.

Түн тұтқиыл жайларға толы. Ол жартылай бұзылған абажадай машинасымен қоршауда қалған үш танкиске ешбір көмек көрсете алар емес. Танктің дарылдаған даусын, ізін қалай жасырмақ? Танкистерге өз бөлімшесіне өтіп кетерлік соқпақты қалай көрсетпек? Қайда барсаң да қаптаған жау.

Сонда да сол түн қайрымды болып, бұларды бағбанның жалғыз үйіне, жапандағы маяға әкеліп еді.

– Сабанды сақтаңдар, жігіттер! Сендерге енді мен командир. Шешіңдер де тасыңдар сабанды мұнда!

– Ал сонда, атай, таңға дейін жасырын орын жасап үлгермесек ше?

– Үлгермегені несі, әй? Үлгереміз! Тығыңдар машиналарыңды!..

Иван Максимович селоға беттеді. Бесінші, алтыншы... Міне, жетінші... Жоқ, ол емес қой. Оныншы... Он бесінші... Ә, міне!.. Акация да, тас та бар... Сол! Соның өзі!

Фардың жарығы ашық ауланы жалап өтіп, үй шатырына барып тіреліді. Иван Максимович мотоциклді аулаға енгізді. Ептеп қана фар жарығын терезеге бағыттады. Қызыл гүлді өрнегі бар терезе жапқыш ақ жалындай ағарап етті.

Бәрі де баяғыдай. Тек ол түні бұл терезеге көрік берген қол пулемет болатын.

– Қаруларыңды қалаған жерге қойыңдар, жігіттер, – дегенді атай. – Төбеттер шабуылдайтын болса, сендер қорғанымыз боласыңдар. Жауды құртып құтылсаңдар – біз бірге кетеміз, ал өзіміз қырылады екеміз, біргеміз. Қаруды орнатыңдар, жігіттер!..

Біреу-міреу ендігі қарауға тиіс еді. Неғып ешкім болмағаны. Қалай сездірсе екен келгенін? Кімді шақырса екен?

Терезеден әлде не қарап етті. Иван Максимович жарықты былайырақ бұрды. Қараңғыдан қартаң жүз көрінді.

– Бұл кім?

– Өзіміз.

– Ол кім өзі?

– Полтавалық Иван ғой. Танкист... Ұмытқан жоқсыз ба?

– Иван?.. О жасаған! Қайдан жүрсің?

– Міне сол – бақытты сәт. Иван Максимовичтің жүрегі былайынша бөтен, бірақ сонымен бірге соншалық жақын жанға жетуге ұмтылды. Міне сол – жалғыз сәт, сол үшін сен осында бір күн жүріп келгенсің.

Тезірек, басыңды иіп, осы үйдің табалдырығынан аттағың келеді. Тақтай еденін басу үшін әдейі 300 шақырым жол жүріп келмедің бе!

Көптен бері келмек едің, келгенің осы. Келмеуіңде мүмкін емес еді.

Қан-қан болып, үсті бастарың су, әбден шаршаған үшеуің осы үйге келіп кіргенің енді есіңе түсті ме. Олекса атай дарылдаған танкінің алдында келе жатты. Ол машина дүрілінен де, ешкімнен де қорыққан жоқ, өйткені ол совет танкісінің алдында келе жатыр еді. Осы үйде сендер совет әскерлерінің келіп жетуін күттіңдер. Бұл үйді ұмытуға болмайды. Ешқашан да!

Иван Максимович үйге кірді.

Қарағым Иван-ай! Әгер аталарың бұл күнге жеткен болса... Неғып кешігіп келдіңдер?.. ол сендерді жиі-жиі еске алып, жиі-жиі айта беруші еді...

Олекса атай, тірі кездегісіндей қабырғадан қарап тұрды.

– Же, шырағым! Іш, балам! Өзің құйып, өзің іш, ұялма. Мен әбден қартайдым. Атаң болғанда бүкіл селоны шақыратын еді. Құйып іш, Ваня! Әйелім, балам бар деймісің? Олар барда өмір сүру қандай жақсы. Әрі жассың. Іш, же, тағы да әкелейін.

Үйді тынық та жылы түн қоршаған. Таң келді де, қайғысы болған, қуанышқа толған түн терезеден шегіне берді.

Орысшадан аударылды.

ФАЙЗОЛЛА ШАБЫТЫ

Көгілдір экраннан «Файзолла Үрмізов өз күйлерін орындайды» деген титр жарқырай қалды. Домбырашы-күйші өнеріне бейіл қойдым.

Бурыл тартқан өнерпаз кіріспе сөзін қысқа қайырды. Бірақ оның бір сөзі таң қалдырды. Бұл кісі әйгілі Сүгір күйшінің көзін көрген екен. Апырай десеңізші! «Тоғыз тарау», «Кер толғау» мен «Боз інгеннің бұлкілін» тыңдағанда Сүгір күйші өткен замандарда өмір сүргендей көрінуші еді маған. Сөйтсе, ол жарықтық біздермен замандас екен-ау. Файзолла домбырашы сол кісінің алдын көріп, өнерінен үйренген болып шықты. Өзін Сүгірдің шәкірті санайды екен.

Солай екені көрініп те, сезіліп те тұр. Он саусақтың екі шекті қағуынан, перне басуынан шертпе күй үрдісі, шеберлік үлгісі айқын танылады.

Файзолла Үрмізов бұл хабарда өз «Шалқымасын», өз «Телқоңырын», өз «Қосбасарын», өз «Толғауын» орындады. Күмбірлетіп күй шертуші қазір аз емес. Бірақ автор өз туындысын өзі орындауында бір бөлек мән бар ғой. Біз оны толық түсіне бермеуіміз де мүмкін. Дегенмен сол бір сәтте күйшімен бірге толқып, бірге тебірендік.

Домбырашының бұдан кейін шерткен төрт күйі бір шоғыр құрайды. Олар «Туған ел», «Қайран ана», «Әкеме» және «Шабыт» деп бебеулейді. Туған ел, өскен жер, асыл ана, ардақты әке бейнесі, соларға деген перзенттік сезім күйші Файзолла шабытына арқау болған.

Шертпе күйді шебер орындаушының оң қолына көзім көп түсіп еді. Бүгіліп, тартылып біткен аты жоқ саусағы мен шынашағы әкемнің саусақтарын еске салады екен. Жүрегім елжіреп кетті. Әдемі күй шығарған өнер иесіне шын риза болдым. Файзолла шабытына сүйсінумен бірге өз көңілім де өркештеніп қалғандай. Өнер мұраты сол емес пе?!

ӘН КЕШІНЕН КЕЙІНГІ ӘСЕР

Зәулім сарайға, дәстүрлі ән кешіне жиналдық. «Дәстүр» бойынша қазақы думан кешігіп басталды. Ән кешін жүргізуші екеудің біреуі бірден: «Ассаламағалейкум» деді. Менің көңілім құлазып сала берді: «қап, қазақтың өзіндік амандасып-сәлемдесуі жоқ екенін әйгілеп қойды-ау» деп, күн батқан соң, ымырт үйіріліп, көз байланған соң қазақтың: «ассалау...» деп ауыз кернейтіні де ұлттық ата дәстүріміз еді ғой.

Қазақтың осы заманғы өнер ордаларында, қазақ телевизионында әрдайым айтылатын: «Кеш жарық, құрметті көрермендер! Кеш жарық, қымбатты тыңдаушылар!» дейтін кәнігі сөздер бар емес пе? Қанша айтылса да, қадірі кемімейтін сөздер. Орнымен айтылған әсерлі лебіз. Дәстүрлі ән кешін: «Ар ма, ән сүйер ел бар ма?!» деген секілді өзімізше,

қазақша бастағанға не жетсін. Біз қазақ ән тыңдауға, қазақ өнерін тамашалауға жиналдық. Қазақ күйлерін – «Мәңгі сарын» деп қастерлеуіміз, қазақ әндерін – «Інжу-маржан» деп әспеттеуіміз ырас болса; қазақ әні әуелейтін кезде, қазақ күйі күмбірлейтін сәтте, қазақ өнері салтанат құрар тұста... арабшаңыз кері ысырылып, кейін шегеріле тұруға тиіс. Кемеші келгенде қайықшының судан шыға тұратыны тәрізді.

Ән кеші басталып кеткелі қашан. Қызыл-күрең шапаны зерлі, күрең домбыралы, әйел әнші: «Сүйендім абақтының шарбағына, сыйындым атам Қазыбек аруағына» деп бебеулетеді. Мәдидің «Үшқарасын» тек өзіне тән мәнермен орындайтын Бисара Мәкенова ғой бұл. Ән кешіне Алматыға Көкшетаудан келіпті. Біз оны бұрын Қазақ радиосынан, «Шалқар» ұлттық арнасынан тыңдаушы едік, енді міне «Үшқараны» әншінің өз аузынан естіп, көзайым болдық. Бисараның осынау ән-хикаяны зердемен орындауына сүйсіне отырып, Мәдидің ән-драмасын барынша түсіне отырып, ойға беріліппін. «Бір кезде қаршығадай қалықтап ем, Бұл күнде мен дұшпанның қармағында» деп айтады біраз әнші. Ел ішінде мұны: «Бұл күнде мен аңшының (?) қармағында» деп айтады. Сол қисынға келеді. Қармақ – аңшының емес, балықшының құралы ғой. Және Мәди жай аңшылық емес, нақ дұшпанның қолына түсіп қалғанына, абақтыда отырғанына назалы ғой.

Мәдидің сазгерлігіне тәнтіміз, ақындығына да сүйсінеміз. «Атыңнан айналайын, Қарқаралы, Сенен – бұлт, менен қайғы тарқамады» дегеніне тебіренбейтін кім бар! Бұдан өткен бейнелі де көркем ән-өлең қайда?! Осы тұрғыдан келгенде «Үшқараның» соңғы шумағын қазіргі әншілердің қалай айтып, қайтіп тәмамдайтынына назар аударайық:

Үшқара, басың биік, аса алмадым,
Жайқалтып жапырағың баса(?) алмадым.
Есіме, қайран елім, сен түскенде,
Көл қылып, көздің жасын баса алмадым.

Осында біз түсінкіремей жүрген бір нәрсе бар. Мәди жарықтық Үшұқараның басына шыға алмағандығын айтып қоймай, өмір-тіршілік қиындығынан, замана тосқауылынан аса алмағандығын да меңзейді ғой. Соған байланысты өзінің жапырағын (өнерін, қабілетін) жайқалтып аша алмағанына өкінеді емес пе? Осыны: «Жайқалтып жапырағым аша алмадым» деп әндетуге болмас па екен? Сонда өлең шумағының екінші және төртінші тармағындағы «баса алмадым» деген екі рет қайталау болмас еді...

ӘУЛЕТІМЕН ӘНШІ

Ағайынды әншілер Рашид, Мұрат және Марат Мұсабаевтардың
өнер жолы, өнегелі творчествосы туралы

Адамзаттың тал бесігі – табиғат дейміз. Әуел баста табиғат аясында жаратылған жан иесі сол табиғи ортадан тамаша нәр алған. Табиғаттың өзі де адамға ажар-көрік, ақыл-ес, сезім-түйсік, өнер сыйлаудан әсте тайынбаған тәрізді. Бай табиғат кейде асқан жомарттық жасап, өзіне тартқан перзентін аямастан жарылқайды. Кей атаның ұлдары туысынан тұлғалы, атан тектес алпамсадай ірі, атпал азаматтар болып келеді. Енді бірі ағайынның ұл мен қызы, қарай қалсаң, көз тойғандай көркем, тыңдай қалсаң, айыр көмей, жезтаңдай шешен, бармағын бақылай қалсаң он саусағынан өнер тамған, өңкей ісмер, зергер болып шығады. Тағы бір текті атаның балаларын шебер табиғат шетінен көмекейі бүлкілдеген әнші етіп, әулетімен шырқатып қоятынын қайтесіз. Әдетте әке мен ұл, шеше мен қыз үндестік тауып, үйлесім құрайды. Ағалы-інілілер әсем қосылып, апалы-сіңлілер сандуғаштай сайраса керек. Соның өзінде олардың дауысы бірде жіңішке, бірде қою, біресе жұмсақ, біресе шырқап шығуы мүмкін. Ал бір әкеден, бір шешеден туған үш бірдей ұлдың бірыңғай үнді, бірегей дауысты дарынды әнші болып келуі нағыз өнер иесі болып шығуы тым сирек. Бірақ жоқ емес, бар. Сирек те болса кездеседі. Бұл ретте біз үлкен әншілік өнер тағылымы бар, әулетімен сахнаға шыққандардың шежіресін жазған, бай дәстүрі бар орыс музыка мәдениетінің тарихына алдымен көз жібереміз. Сонда біз жиырмасыншы ғасырдың алғашқы жартысында орыстың опера өнері саласында, опера театры сахнасында көпшілікке танылған тамаша әншілер – ағайынды Пироговтардың болғандығын көреміз. Солар туралы оқып білеміз. Атап айтқанда Григорий Степанович, Алексей Степанович және Александр Степанович Пироговтардың бәрі де бас дауысты, ерлерге тән ең қою дауыстың иесі болған. Рас, Алексей Пирогов әртүрлі еңбектермен өз дарынын дамыта алмаған. Ол туралы көп мағлұмат жоқ. Григорий Пирогов пен Александр Пироговты алсақ, олар өз кезінде тыңдаушының құлақ құрышын қандырғандай айтулы әншілер болған. Айталық Григорий Пирогов 1910-1920 жылдар аралығында Үлкен театрдың сахнасында көптеген операларда ойнап, сол кезеңдегі Ресейде өзіне теңдесі жоқ бірінші бас, бірегей орындаушы ретінде танылған. Ал аса көрнекті орыс әншісі Александр Пирогов 1924-1954 жылдар аралығында Үлкен театр сахнасында 30 жыл бойы өнер көрсетіп, КСРО Халық артисі атанған әнші классикалық және Советтік опералар қойылымынан жарқын бейнелер жасаған, үздік орындаушылық шеберлігімен мәлім болды. Мұны айтып отырған себебіміз, біз бүгін әңгіме етпекші болған өнер иелері де осынау орыс әншілерін ауыздарынан тастамай, айтып отырады. Ия, бір әке, бір шешеден туған, түрлері ұқсас, үндері ұқсас жігіттердің үшеуі

бірдей әнші болып келуі сияқты сирек құбылыс, тамаша феноменді қазір қазақтың ұлттық өнері саласынан, Қазақ совет әншілік өнері әлемінен кездестіреміз. Әңгіме ағайынды әншілер – Рашид, Мұрат және Марат Мұсабаевтар турасында болып отыр. Сіздер олардың әншілік өнерін опера театрының сахнасынан, Орталық концерт залдарынан тамашалап, көгілдір экраннан көріп, эфирден естіп тыңдап жүрсіздер. (Радиохабарында халық әні «Бір бала» орындалады.

Автор: – Иә, сіздер бұл әнді нәшіне келтіріп, нақыштап орындаған Қазақ республикасының халық артисі Рашид Мұсабаев екендігін айна қатесіз таныдыңыздар. Қазақ телевизия және радио хабарларын тарату жөніндегі мемлекеттік комитеттің жеке әншісі Рашид Мұсабаевтың дауысы жұртшылыққа көптен танымал. Мұрат пен Мараттың мақпал үні тәріздес Рекең де баритон үнді, барқыт дауысты орындаушы. Ағайынды әншілерді жұртшылық «баритон үнді бауырлар» дейтіні содан.

Ағайынды Мұсабаевтардың туған жері, өскен жері – Орталық Қазақстан. Нақтылап айтар болсақ, олар кәдімгі кеншілер қаласы – Қарағанды шахарында темір жол бойында туған. Өйткені болашақ әншілердің әкесі Хасен Мұсабаев сол Қарағанды-Сұрыптау станциясында темір жол депосында жұмыс істеген. Кеңес өкіметі кезінде қалыптаса бастаған алғашқы қазақ жұмысшыларының бірі болған. Ал анасы Мағауия Абдрахманова болса Ақмоладағы бастауыш кластың бірінде оқып, әжептәуір білім алған кісі екен. Сол мектептің қабырғасында өнер үйреніп, гармон тартып орысша, татарша, қазақша ән шырқаумен бірге суырып салма ақындығы да болған. Балаларын да өнерге бейім етіп өсірген көрінеді. Бір күні анасы Мағауия түсінде тоғыз баласының ішінен Рашидтың алға суырылып шығып Мұрат пен Маратты өзімен бірге ертіп ән салып бара жатқанын көреді. Аналары балаларының ішінен үшеуі өнерге құмар екенін жақсы білетіндіктен «құдай қаласа үшеуі де әнші, артист болады екен» деп жорамалдаған екен. «Жол – ағадан, тон – жағадан» демекші, алғашқы сөз кезегі Мұсабаевтардың үлкені – Рашид әншіден басталады.

Рашид Мұсабаев: – Мен осы өнер саласына 1961 жылы келіп едім, сол жылы Қазақ радио комитетінде, ол кезде сүйтіп айтылатын. Комиссия мүшелері Байғали Досымжанов, Күләш Бәйсейітова, бас редактор Мақсұтбек Майшекин, Әбілахат Еспаев еді. Мүшелерінің ішінде әншілер болды. Сол кісілер мені тыңдап, эфирге шығуға ұсыныс жасаған.

Автор: – Ол кезде Рашид Хасенұлы астанамыз Алматыдағы Тау-кен институтында оқып жүр еді. Қай кезде болмасын студенттердің тұрмыс жағдайы мәз болмайды ғой. Күн көріс үшін қосымша еңбек етуге де мәжбүр болғандығы сондықтан. Сөйтіп Қазақ радиосына қызметке орналасады. Содан күні бүгінге дейін бір жерде еңбек етіп келеді.

Рекең әңгіме барысында ағашқы орындаған шығармаларын еске алды.

– Рашид Мұсабаев: – Сонда ең бірінші бастағаным қазақтың халық әндері болатын. Мәселен, «Шапибай-ау», «Қараторғай», «Дударай»,

«Тілеуқабақ», сияқты әндермен осы өзімнің өнерімді бастап едім. Менің репертуарым өте бай. Репертуарымда қазақтың халық әндері де бар. Қазақстан композиторларының әндері де көп. Әсіресе, патриоттық тақырыпқа жазылған әндер өте көп. Оған тоқтасақ ол әндер орындауға қиын келетін көрінеді. Өйткені ол үшін зор дауыс керек. Диапазоны да тең болады, мазмұны терең. Сондықтан да ол оңайлыққа түспейтін нәрсе, содан кейін репертуарымда лириқалық әндер бар. Әр ұлттың шығармалары бар. Мысалы Украин, татар, неміс, орыс әндері өте көп. Сонымен қатар Монғол тілінде де бірсыпыра әндер репертуарымда бар.

Автор: – Иә, Қазақтың халық әндерін алатын болсақ олардың барлығында да терең мазмұн жатыр. Мән-мағынасы өте бай. Міне, әнші Рекең болса әр шығарманы майын тамызып, өзінің қою дауысымен тыңдаушының құлақ құрышын қандыра орындап жүреді. Сөйтіп өзінің өнерімен тыңдаушы қауымды әнге құмар етіп өнерге құштарлықтарын арттыра түсті. Мәселен, Ақан Серінің «Қараторғай», «Сырымбет», Сегіз Серінің «Назқоңыр» әндерін, халық әндері «Тілеуқабақ», «Алқоңыр», «Япурай», Мұхиттың «Айнамкөз» секілді дүниелерді аса шеберлікпен орындап жүргендігін біз жақсы білеміз. Сонымен қатар әнші Рашид өзінің репертуарына Абай әндерін де қосып орындап, халыққа Абай сөздерін, Абайдың үнін әніменен жеткізіп жүргендігін біз мақтанышпен айта аламыз.

Иә, Рекеңнің ән таңдаудағы талғамы жоғары екендігі мәлім. Ол өзінің дауысына лайықты жан сарайын ашатындай шығармаларды алады. Сондықтан да әншінің репертуарында лирикалық әндер басым деп айтып кеттік. Өзіне тән үнімен кең тынысын аша сол шығармаларды жұртшылық көңілінен шығатындай етіп орындау тек қана Рашид әншіге тән деп айтсақ артық болмас еді. Сонымен қатар Қазақстан композиторлары Рекеңе арнап әдейі де әндер жазып жүрді. Бүгінде Қазақ радиосының алтын қорында республикамызға белгілі композиторлар Шәмші Қалдаяқов, Әсет Бейсеуов, Әблахат Еспаев, Өмірбек Байділдаев, Әшір Молдағайынов секілді есімдері кеңінен танымал өнер қайраткерлерінің шығармалары Рашид Мұсабаевтың орындауларында Қазақ радиосының алтын қорында бар. Олардың барлығы да радиодан беріліп жүр.

Рашид Мұсабаев: – Онда әсіресе, совет әндері Қазақстан композиторларының жаңа әндері бар, татар әндері, Татарстанның белгілі композиторлары Мұстафаров Әнуар, Бакиров сияқты Рим Хасанов және Рүстем Яхин сияқты жақсы композиторлардың әндерін де сүйсіне орындап жүрмін. Микрофон алдында ән салу деген оңай емес. Операның әншілерін алсақ, олар тікелей көрермендермен байланыс жасайды ғой. Біз тікелей байланыс жасамаймыз. Тек жек пе жек микрофонмен жалғыз шығамыз. Ия, халық тек қана дауысымызды тыңдап отырады. Сондықтан да айтайын дегенім микрофонның алдында ән айтудың өзі өзінше бір өнер. Өзім операда істемесем де репертуарымда ариялар да романстар да бар. Батыс классиктерінің романстары бар.

Автор: – Жылдар өткен сайын Рашид Хасенұлы әнші ретінде қалыптасып, есімі тек біздің республикамызға ғана емес, басқа да туысқан республика халықтарына кеңінен танымал болды. Қазақ өнерін насихаттап, оның өркендеуіне ерекше үлес қосқандығын атап айтсақ Рекеңнің көп өнердегі еңбегі зор бағаланды. Оған 1969 жылы Қазақ республикасына еңбек сіңірген артисі деген атақ берілген болатын. Міне, содан бері ерінбей еңбек етіп, әркез жаңа шығармаларды жазып, ұлттық мәдениетіміздің одан әрі дами түсуіне ерекше еңбек сіңіріп келеді. Рекеңмен бірге істейтін әншілер оның еңбекке деген ынтасын, әнге деген құштарлығын, өнерге деген сүйіспеншілігін зор бағалап жүр. Сөйтіп, ел ағасы атанып, өз қызметінің жемісін тағы да көрді. Ерен еңбегінің арқасында Рашид Мұсабаевтың Қазақтың халық артисі деген жоғары ауыз толтыра айтуға лайықты лауазымға ие болды. Бұл хабарды естіген жұртшылық қауым біздің редакциямызға, дәлдеп айтатын болсақ, Рашид Хасенұлының атына көптеген құттықтау хаттарын жолдап жатты.

Өмір деген қызық қой. Ағайынды әншілердің ортаншысы – Мұрат әуелде Алматыдағы темір жол техникумына келмекші болады. Әйтсе де бұл ойын Алматыдағы үлкен әпкесі құптамайды. Сол кезді Мұрат Хасенұлы былайша еске түсіреді.

Мұрат Мұсабаев: – Мен 1953 жылы жеті класты бітіріп, Алматыдағы темір жол техникумына келіп едім. Тұрған жеріміз Қарағанды-Сұрыптау станциясы деген жер. Өте сондай шойын жолдың көптігі – мына поездар көп болды. Соған қарай дүние жүзінің бәрі темір жол деп ойлағанбыз жасымызда. Сол теміржолда қызмет етемін деп қызықтым. Сосын Алматыға келгеннен кейін үлкен апамыз темір жолдың жұмысы ауыр, саған жарамайды деді. Жақсы бір мамандық алу үшін байланыс техникумына соған документ тапсырып, соған барып түстім – деп түйіндеді.

Автор: – Иә, талапты таланты бар жас жігіт. Бұл жерде де өнерге деген өз көңілін одан әрі жалғастырып, техникум қабырғасындағы ұйымдастырылған көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысады. Бастапқы кезде хормен ән айтып жүреді. Бір күні үйірме жетекшісі Мұратты шақырып алып «байқаймын сен әнші жігіт болуға тиіссің, қанекей жеке ән айтып көрші деп Мұратқа халық әндерін орындатқызады. Сол әндердің ішінен халық әні «Ауылың сенің іргеліні» шырқап, нақышына келтіріп орындап береді. Содан жетекшісі Мұратқа: «сен мына оқуды таста одан да консерваторияға барып оқуға түс, халқымыздың өнерін де дамытуға қажет. Сен секілді жастар оқымағанда кім оқиды» – деп қолқалайды. Бірақ алға қойған мақсатқа жетуді көздеген Мұрат қайтсем де осы оқуды бітіруім керек деп табандылық көрсетеді. Оның осы қылығына жаңағы жетекші сүйсініп риза болады. Сөйтіп оқуды тәмамдайды, бірақ өнерге деген құштарлығы одан әрі өрби түседі. Сөйтіп ол консерваторияға баруға бел буады.

Мұрат Мұсабаев: – Сонымен консерваторияға түстім. Бірақ мына музыка жағынан білімім жоқ еді. Сондықтан консерваторияға түсу үшін екі жыл дайындық курсы бар еді соған келдім де содан екі жылдан кей-

ін консерваторияның бірінші курсына ауыстым. Енді мына техникум бітіргеннен кейін қолымда диплом бар. Радиотехника деген мамандық. Оны пайдаға асырамын деп бір кезде радиокомитетте звукорежиссер деген мамандықтың орны бос болып, сонда мені шақырды. Звукорежиссер дегенді өзіңіз білесіз. Бір жағынан музыкадан хабары бар адам керек, мен техниканы жақсы білуші едім. Сонда үш жыл қызмет еттім, оқып жүріп сол консерваторияда білім алдым. Сосын филармонияда капелленың бастығы Анатолий Васильевич Молодов мені тыңдап өзіне солист қылып алды да. Онда бір жыл солист болып жүрдім. Одан кейін мына опера балет театрына шақырылдым. Сол театрда 62-ші жылдан бері қызмет етіп келемін.

Автор: – Ия, бастапқы кезде Мұраттың әнші әрі актер болып қалыптасуына театрдың белді өнер иелері ерекше еңбек сіңіргендігін ол тебірене әңгімелейді. Сахна мәдениетін сақтап жүру, тұру, сөйлеу, ән айту ережелерін өзі де тез арада меңгеріп кетеді. Кейіпкердің сырын ұғу үшін күнұзақ сол шығармаларды оқып әнші ретінде елдің көзіне түсе бастады. Театрдың әншілері Мұраттың болашағы алда, қолынан іс келетін жігіт деп мақтан тұтып жүрді. Әнші ретінде Мұрат Мұсабаев өнер конкурстарына қатысып, өз күшін сынап көрді. Алғашқыда жолы болмай сәл мұңайса да бірақ өзінің табандылығы арқасында талай-талай жүлделерге ие болып жүргендігін тыңдаушы қауым жақсы біледі. Мәскеуде өткен Глинка атындағы Бүкілодақтық конкурсқа қатысып, үлкен жолдан зор қуанышпен оралғандығы мәлім. Онда ол басқа шығармалармен қатар Глинканың романстарын нақышына келтіріп орындап, өзінің баритон үнімен орындаушылық шеберлігімен зор тұлғасыменен көзге түсе білді. Сөйтіп, жас әншінің алғашқы өнер жолындағы сапары сәтті болып, өзінің қуанышы шексіз еді. Сол жолы Мұрат «Скажи зачем» деген романсты орындаған көрінеді.

Өнер жолын әрі қарай дамыту үшін жас әнші көп ізденіп күрделі бейнелерді сахнаға шығаруды өзіне мақсат етеді. Сөйтіп әнші репертуары уақыт өткен сайын жаңарып, байи түсті. Мұрат Мұсабаевтың орындауында шет ел және орыс классиктерінің шығармалары тыңдаушының жоғары бағасын алған. Сонымен қатар осы заманғы композиторлардың әндері мен романстары да Мұраттың орындауында таспаға түсіріліп, қазақ радиосының алтын қорына алынғандығын мақтанышпен айта аламыз.

Ол әңгімесін әрі қарай жалғастырды.

Мұрат Мұсабаев: – Мына 1964 жылы бірінші үлкен рөлім – Абайдың ролін ойнадым. Одан осы күнге дейін көп рольдерді ойнап, оның ішінде «Ер Тарғын», «Алпамыс», «Жанбота», «Біржан-Сарада», «Еңлік–Кебекте» Абыздың ролін сомдадым Батыс классиктерінің операларын да басты рөлдерде ойнадым. «Риголетто» операсынан Рената, «Балмаскарад» операсынан Эскамилио менің сүйікті кейіпкерлерім. «Кармен» операсында да басты рольде болдым. Жалпы отыздан артық рөльдерді сомдап, ойнадым. Әсіресе «Дон Жуанның» ариясын сүйсініп орындап жүрмін.

Ал 1965 жылдан бастап консерваторяға педагог ретінде шақырылып, содан бері осы күнге дейін сонда сабақ беремін. Менің шәкірттерімнің ішінде өздеріңізге белгілі теледидардан, радиодан көп көрініп жүрген Құрманбек Байқуатов, Жұмат Махамбетов деген әншілер. Олар менің класымды бітірді. Бәрін айта беруге болады, олар қазақ мәдениетінің бетке ұстар – талант иелері.

Автор: – Иә, Мұрат Мұсабаев сол бейнелерді шығарумен қатар камералық жанрға да ерекше мән берумен келеді. Өзінің репертуарындағы Моцарт Джорж Бизе, Джузеппе Верди, Сергей Рахманинов, Александр Бородиннің ариялары мен романстарын сүйсіне орындап жүр. Ал ұлттық өнеріміздің дамуына да ерекше үлес қосқандығын айта кету керек. Әсіресе, халық арасында айтылып жүрген сирек әндерді өзінің репертуарына қосады. Мұның өзі Мұраттың өзінің басқаларға ұқсамай жаңалыққа жаны құмар екендігін дәлелдейді. Сөйтіп оның айтып жүрген әндерінің ішінде «Ақ жалмаш», «Ахау Бикем», «Екі торы» деген халық әндері бар.

Бүгінде көптеген Қазақстан композиторларының творчестволық байланысын үзбей олардың шығармаларын жүрген жерлерінде сүйсіне айтады. Бұл орайда республикамызға кеңінен танымал болған Кенжебек Күмісбеков, Мыңжасар Маңғытаев, Жоламан Тұрсынбаев, Темір Тайбеков, Өмірбек Байділдаев, Латиф Хамиди, Евгений Лапиннің көптеген әндерін орындап жүр. Олардың барлығы да радионың алтын қорында сақталынып, әуе толқынында айтылып келеді.

«Жас кезімнен сүйсіне айтып жүрген әндерімнің бірі – Қасым Аманжоловтың өлеңіне жазған Темір Тайбековтің «Жас дәурен» әні. Оны гастрольдік сапарға шыққан сайын айтамын. Өйткені өлең сөздері мазмұнды, жүрек тебірентер терең ой, мағына жатыр. Әншінің жан дүниесін ашатын шығарма» деп сабырлы үнімен «Жас дәурен» әнін айта бастады. Шет ел сапарлары жайында да сыр шертті.

Мұрат Мұсабаев: – Бұл 1966 жылы Монғолияда шекара аймақтарының кездесуі болды. Соған біздің Сәбит Мұқанов ағамыз барып, қасына әншілерден, мені домбырашы Бақыт Қарабалинаны ертіп алған еді. Сонда «Ұмсыну» деген қазақтар тұратын жерге барып, халық әндерін айтып едім, халық бізді жақсы қарсылаған болатын. Одан кейін 1967 жылы Канада, Финляндия, Швеция, Дания, Австрия, Батыс Берлин, Венгрия мемлекеттерінде болып қайттық.

Автор: – Иә, өзінің өнерімен шетел тыңдаушыларына халқымыздың бейнесін ән арқылы жеткізген Мұрат Мұсабаевтың сіңірген еңбегі зор. Әлі де талай-талай асулардан асып, халқының қошаметіне бөлене беретіні аян. Әңгіме төркіні Мұсабаевтардың кішісі Маратқа ауысып отыр. Марат Хасенұлы өзінің өнерге, еңбекке келу жолын былайша әңгімелейді.

Марат Мұсабаев: – Өнер жолымды айтсам, 1980 жылы Алматыға келіп хор капеллесына конкурспен өтіп, соған жұмысқа кірдім. Сол уақыттан міне осы кезге дейін осы капелледа жұмыс істеп жүрмін. Конкурсқа мен

«Япурай» әнін дайындап барған болатынмын, ән жюридің көңілінен шыққан болу керек. Бірауыздан мақұлдады.

Мына капелледа жеке дауыста 30 әндей бар. Біреулері аратория, екіншісі кантата және халық әндері, Қазақстан композиторларының әндері де бар. Мен өзім осы капелламен Совет Одағының барлық концерт залдарында болдым.

Автор: – Иә, әр орындаушының өзіне тән дауысы, өзіне тән талғамы болады дейді. Міне, бұл орайда Марат Мұсабаевтың басқаларға қарағанда шоқтығы биік. Марат ағалары секілді еңбекқор, өнер десе ішер асын жерге қоятын жан. Өзінің өнерге деген құлшынысын еңбегімен дәлелдей түсетін талант иесі. Бүгінде оның репертуарында Александр Бородиннің, Сергей Рахманиновтың, Петр Чайковскийдің ән-романстары бар. Оны ол өзінің мақпал дауысымен майда үнімен нақышына келтіріп, жүрегінен орындайды. Сондықтан да тыңдаушы қауым Марат Мұсабаевтың талантын зор бағалап, әнші ретінде есімін құрметпен атайды. Әсіресе өзінің сүйсініп айтатын романсы «В молчаньи ночи тайной».

Республикамыздағы өнер коллективтерінің қайсысын алсақ та заманаға сәйкес өнер көрсетіп жүр. Солардың ішінен Қазақтың мемлекеттік хор капелласын алайық. Бұл өнер коллективінің басқаларға қарағанда атқаратын жұмыстарының ерекшелігі бар. Оны өздеріңіз де жақсы білесіздер. Хормен ән айту өнері бұрын соңды қазақ халқында болмаған өнер, кейінгі жылдары кең қанат жайып келеді. Операны алатын болсақ бұл жерде де әнші тыңдаушы қауыммен тікелей байланыста. Ансамбльдердің өнер көрсетуінде өзіндік қалыптасқан дәстүрі бар. Оқшаулау көрінетін хор капелласының коллективінің ерен еңбегін ерекше бағалау қажет. Өйткені хорға қатысатын әншілер бір түсті киім киіп, бір әннің өзін сан құбылтып, бір-бірін үндерімен толықтырып үндестік таптырады.

Мұның өзі әр орындаушыдан асқан шеберлікті талап ететіні мәлім. Бұл жерде Марат Хасенұлының асқан шеберлігін айта кеткен жөн. Капеллада істеп келе жатқан мерзім ішінде қосқан үлесін ерекше бағалаған жөн деп ойлаймыз.

Әңгіме желісін Мараттың өзі іліп әкетті.

Марат Мұсабаев: – Сахнаға шығар алдында киім киіп, бойыңды түзеп, халық алдына шығарыңды сезініп, дайындаласың. Бізге қиын әрине. Бірақ тәжірибе жинақтаған сайын, оған да үйренесің. Бірақ халық алдына шығып, ән салу үлкен жауапкершілікті талап етеді ғой. Операда қимыл көп. Әнші актерлік өнерін де көрсете алады. Ал біз болсақ тік тұрып, қатып қаламыз. Жеке орындауда барлық жауапкершілік әншінің өзінде. Хорда сен әр әншінің дауысының үндестігін, уақытында қосылуың, шығарманың мән-мағнасына қарай дауыс ырғағын толықтырып отыруың керек. Шеберлік әрбір шығарманы айтқан сайын шыңдала береді ғой. Өкінішке қарай хорда жастар жоқ. Олар консерваторияны бітіргеннен кейін театрға кетеді. Өйткені жастар хорға мән бермейді, оны түсінбейді. Бұл өнер саласындағы ерекше қиындығы мен қызығы

мол өнер. Ең алдымен хормен айтуды үйрену керек те, хормен орындаған шығармаларды мұқият тыңдау қажет. Сонда ғана оның мәні мен мағнасына түсінетін болады.

Автор: – Марат, сіз дұрыс айтасыз. Абай атамыз өнерді үйрен де жирен дейді ғой. Ең алдымен осы саланы таңдап, әнші боламын деп армандаған оған талпынған жастарға өнердің барлық салаларынан өту керек. Сонымен хор капелласының жұмысын жандандырып, қазақ өнерін дамытуға ерекше үлес қосқан Марат Мұсабаевқа 1987 жылы Республиканың еңбек сіңірген артисі деген құрметті атақ берілді. Әрине мұндай құрметке ие болу оңай емес. Оған тек қана дарынды, таланты бар өнер иелері ғана лайықты деп табылады. Марат Хасенұлы өзінің творчествосымен бұл атақты нағыз адал еңбегінің арқасында алғандығын мақтанышпен айта аламыз. Ол өнер сапарымен республикамыздың барлық өңірінде болып, өнер көрсетті. Сонымен қатар туысқан республикаларда болып, қазақ халқының өнерін насихаттап жүргені мәлім. Бір хабарда үш адамның творчестволық өмір жолы мен өнері туралы толық айту қиын. Сондықтан аз да болса бүгінгі біздің сұхбатамыз арқылы үш әншінің таланты мен талабы туралы, өнегелі өмір жолы туралы сыр шерткен едік. Ағайынды Мұсабаевтарға сәттілік тілейміз. Өнердегі өмір жолдарының алға қарай өрлей беруіне тілектестігімізді білдіреміз.

«Әулетімен әнші» радиохабары 1991 жылы жазылды.

ЖҮЗІН ЖАЛЫН ШАРПЫҒАН

Бұл қыста болған еді...

Қуатжан алыс жолға әзірленді. Қажетті қағаздарын түгел алып, ыстық шай ішті, сосын жылы киінуге кірісті. Сыртта сақылдаған сары аяз еді, бұл жолы сапар оңай да болмас.

Әрине, мұндай су ықта жүре қоймаса да ештеңе етпес еді. Бірақ ауданда айлық ақпарды тосып отырғаны сөзсіз. Бәрінен бұрын-қолдағы ленталарды өткізіп, жаңа фильмдер алу қажет. Мына фильмдерді жұрттың бәрі көріп қойды, автоклуб меңгерушісі барлық мал отарларын аралап шыққан болатын. Оның үстіне бірнеше кісі келіп: «Қуатжан, жол жүруші ме едің, бізді ала кетші, ауданда жұмысымыз бар» деп жабысқаны. Және жолға шығуға жиналдық екен, жүріп кеткен дұрыс.

Қуатжанның жұбайы Орынбасар күйеуінің жиі-жиі жолға шығуына, совхоздың бөлімшелерін аралап, алыс мал отарларына кетіп, ұзақ жүруіне көндігіп те алған болатын. Бірақ мына бүгінгідей күні жолға шығуын хауіп көріп еді. Қуатжан әйелінің иығына қолын салып тұрып:

– Қой, суық пен боранды жаңа көріп жүрміз бе? – деп күлді...

... Қорғалжынға дейін 150 шақырым. Отыз градус суық, сұрапыл желде бұл қандай ауыр жол десеңізші. Жыландай иреленген сырғымалар

жол танабын әлсін-әлсін жауып тастайды. Машина қатты ыңыранып, баяу ғана ілбиді. Сыртта аяз болғанмен кабинадағы шофер тершімей қала алмайды, машинаны өзі сүйреп келе жатқандай қиналады. Қуатжан да біраздан соң келте тонын шешіп, маңдайын қолының сыртымен сүртіп қойып келеді.

Ал автомашинаның будкесіндегілер киімдерін қымтана түсіп, суықтан қалтырап келеді. Алғашқы қызу әңгіме басылып, әйелдер тіпті тыныштала қалған. Ерлер шылымды қайта-қайта тартып, будкенің ішін көкала түтінге толтырып қойған. Будкеде киноленталар салынған табақтар барын, ауыр жолға деп алған бензинді бөшке барын да елер емес.

Қорғалжынға қырық шақырымдай ғана қалған. Ауыр да ұзақ сапардың аяқталарына Қуатжан қуанып келеді бірақ әдейі ерегіскендей жел гу-гу етіп күшейе түсіп, қарды ұйтқыта берді. Машинаның жүруі қиындап, үлкен бір күртіктің тұсында доңғалақ бостан-бос зырылдап тұрды да қалды.

Қуатжан кабинадан шыққанда будкеден де бірнеше еркек түсе қалысты. Бәрі жабылып иықтарымен кузовтан итерісіп көріп еді, мотор ыңырана зыр қақты да қойды. Содан күректі алмакезек ұстасып, доңғалақ астын қардан аршыған соң ғана машина жылжи-жылжи бірқалыпты жүріске көшті.

Қуатжан кабинаның есігін ашық ұстаған күйі біресе алдағы күртікті жолға, біресе артқы доңғалаққа қарайлай машинаны ілгері бастай бергені сол әлдененің көңірсіп күйген исін сезді. Сөйткенше болған жоқ...

– Ойбай, өрт! Күйіп жатыр – деп жанұшырған дауыс естілді. Шамасы, біреу шылым қалдығын лақтырды ма әлде сіріңке тастады ма, әйтеуір бензин төгілген жерден от лезде тұтанып, будке күйе бастапты.

Машинаны кілт тоқтатып, тұра ұмтылған Қуатжан: «Онда киноленталар бар ғой... Бензинді бөшке жарылса сұмдық қой!» - деп ойлап үлгерді.

Қуатжан атылып барып будкенің есігін ашып қалғанда қызыл ала жалын жүзіне соқты. Алғашында шалқалап шегініп қалғанмен, енді тұқырып ілгері ұмтылды. Түтінге шашала, отқа күйе жүре киноленталы табақшаларды сыртқа лақтырумен болды.

Бұл кез Қуатжанның өз үсті жанып бара жатыр еді. Құлақшыны лапылдап бетін, қолын күйдіріп әкетіп бара жатқан. Әйелдер шуласып қоя берісті. Жігіттер Қуатжанды бас салып жығып, үсті-басын, беті-қолын қармен ысқылай бастады. Тұла бойын қарға көмді. Бірақ мұны Ахметбековтың өзі сезген жоқ, бұл уақытта ол талықсып кеткен еді...

Бір жақсысы, біраздан кейін бұлар бөгелген жерге бірнеше машина жетті. Олар да ауданға беттеп барады екен. Содан әлгінде ғана лапылдап күйген, ал қазір қатты тоңған, сұп-сұлық жатқан Қуатжанды қуатты машинаға салып, Қорғалжынға ауруханаға аттандырды серіктері.

... Палата іші жып-жылы да тып-тыныш. Тек терезені тысырлатқан қар ұшқыны, үілдеген жел сезіледі. Көзі жұмулы, көкірегі ояу Қуатжан

ішінен тыныш тыңдайды. Беті мен қолы әрі мұқият, әрі мықтап таңылып тасталған.

Есік сықыры естілді. Иығына ақ халат жамылған Орынбасар палатаға еппен ғана басып кіріп келеді. Қуатжан әлі сөйлеуге жараған жоқ еді. Орынбасар толқыған көңілмен не айтарын білмей қалды. Көз жанарлары ғана бір-біріне бар ішкі сырларын айнытпай жеткізгендей.

Қуатжан Ахметбеков көркем жігіт еді. Жаны жайсаң, жүрегі мейірімді болатын. Ауылдың ақсақалы да, жас балалары да жақсы көріп құрметтейтін.

Орынбасар күйеуін ауруханадан әкелгенде алғашында ауылға басқа бір кісі, «Қуатжан» деген аты бар өзге жан келгендей болды. Бірақ Қуатжанның күйген жүзі қатты өзгергенмен, жан дүниесі сол жарқын, ақ-көңіл, адал күйінде қалған екен. Ауылға келісімен бұрынғы қызметіне қайта тұрып, бұрынғысынша ел аралап, елгезек қызмет көрсетуге кірісті.

Мен №2 автоклуб меңгерушісі Қуатжан Ахметбековті жазда, атақты шопан Дәулен Төлеубаевтың үйінде көріп, таныстым. Бұл күні ол түнгі сағат үшке дейін «Бонивурдың жүрегі» деген фильмді көрсетумен болды.

Қуатжанның өз жүрегі де адамдарға қызмет етуге, жақсылық жасауға бүтіндей берілген. Мұндай жігіттің жүзін жалын шарпығанмен жүрегіне дақ түспейді. Қуатжан қазір егін орағының ерлеріне кино көрсетіп, сәулелі газет жеткізіп, дамылсыз дабыл ұрып жүр.

Қорғалжын ауданы.

ТАЛАНТЫМЕН ТАНЫЛҒАН ЖҰЛДЫЗ

Аспан әлемі қандай биік, қандай шексіз болса, өнер әлемі де сондай биік, сондай шексіз. Алқаракөк аспанда кешкісін жұлдыздар туындап, біртін-біртін молайып, есебіне сан жетпес алтын шырақтар жанады. Аспан төрі адам қиялын тербейді. Сол секілді таңғажайып өнер әлемінде, өмір айдынында жаңа толқын, жас өскін белгі беріп, жаңа жұлдыздар жарқырайды. Жаңаның аты жаңа. Олар ел құлағын елең еткізіп, өз үнімен, өз гүлімен көңіл баурайды. Әрбір әнші, әрбір сазгер, шынайы өнер иесі елдің алдына, сахна төріне өз әнімен, өз сәнімен шығады. Ол сонысымен қызық, сол ерекшелігімен қымбат. Міне, сондай өз әуенімен, өз мәнерімен өнер әлемінде жарқырай қалған жаңа жұлдыздардың бірі – әнші-сазгер Марат Омаров дейміз. Ол әр жылдары Шымкентте өткен, Алматыда өткізілген, Бұхарда болған республикалық және халықаралық бәйге-байқаулардың жүлдегері, жеңімпазы атанып, жаңа толқынның жарқын да көрнекті өкілі ретінде көзге түсті. Шын асыл дүние өз бағасын алмай қоймайды. Мараттың әншілік, орындаушылық мәнері де, шығармашылық, сазгерлік өнері де дер кезінде демеу, қолдау көріп,

ол республикамыздың Жастар сыйлығына ие болды. Көп кешікпей оның Қазақстан республикасының еңбек сіңірген артисі атануы да сондықтан. Ең бастысы, ең маңыздысы, Марат Омаров өзінің жүрекке жылы, көңілге қонымды, әсем әуендерімен халқымызға кеңінен танылды. Үлкеннің де кішінің де жан жүрегін тербейтін жақсы әндердің атын тізіп айтар болсақ, «Әнші балапан», «Мөлдір моншақтар», «Қыз сыны», «Қазақтың арулары», «Сыңарым», «Кеш келген махаббат», «Наурыз-көктем», «Қоштасқым келмейді», «Ақ қайың бүршік жарғанда» деп, өзгеше бір әсемдік дүниесін құрайды. Иә, «Ақ қайың бүршік жарғанда»...

Өнерге өмір бойы іңкәр, ізгі жандар болады. Ал, өнерге жастайынан бейім болу – тумысында өнерлі жанға тән болса керек. Бұл оның өнерге деген алғашқы құлшынысы, іштей бұлқынысы екендігінде дау жоқ. Болашақ әнші, болашақ сазгер бала күннен әуен тыңдап, ән үйретіп, әртүрлі аспапта ойнап көруі өте заңды емес пе? Марат Омаров та солай кішкентай кезінен домбыра ұстап, мандолинде ойнап, ән айтуға бейім болған. Ол тіпті 2-ші класта оқып жүргеннің өзінде Шымкентте әйгілі композитор, халқымыздың сүйікті сазгері Шәмші Қалдаяқовтың әндерін орындаушылардың арнайы бәйге-байқауына қатысып, Шәмшінің «Асқар таулар» деген әнін шырқаумен айрықша көзге түседі. Сонда балауса дарын, балғын өнерпаздың таудай талабына сүйсінген Шәмші Қалдаяқов, қайран Шәмші сахнаға шығып, Марат Омаровтың маңдайынан сипап, арқасынан қағып, соншалық бір ризашылықпен ерекше бейіл көрсеткен екен.

«Жақсыдан шапағат» деген сол. Үлкен өнерге бұдан артық қандай жолдама керек. Шәмшінің ақ батасын алған әнші Марат, жыл өткен сайын, шабытына шабыт қосқан сазгер Марат содан бергі өз өнерінің қос қанатын қатар сермеп, еркін самғап келеді. Сазгер Марат Омаров көбінесе өз әндерін өзі орындайды. Майда қоңыр мақпал үн: «Таң атады жаңа, мөлдір моншағын таға. Таң атады жаңа, жайнайды жауқазын дала» дейді. Осы заманғы жаңа ырғақ, жаңаша әуен сезінеміз. Таңғы шықтай мөлдір де таза, сәскедегі самалдай ойнақы да жеңіл. Біз соған сүйсінеміз.

Өмір деген қызық қой. Біреу ауылын аңсайды, біреу бауырын аңсайды, біреу әкесін аңсайды. Аңсаумен өткен өмір-ай..! Әнші-сазгер Мараттың ес білгелі есінен шықпай жүрген бір аңсары – әкесі, әкенің асыл бейнесі. Мараттың әкесі Омаров Әбді деген азамат бұл дүниеден ерте өтіп, ең кенжесі Марат нәрестe күйінде анасының құшағында қалған. Әке кескінін анық біле де бермейді. Бірақ Әбдіні жақсы білетін, жақсы көретін ағайын сол бір дегдар жан туралы талай-талай әдемі сөздер, қызық әңгімелер айтқан. Әбдінің асыл жары, Мараттың анасы – Сұлухан да сол аяулы жанның есімін аузынан тастамай, әрдайым ардақ тұтып, әспеттеп, аруағынан айналып-толғанудан айныған емес. Содан болар, Мараттың іңкәр көңілінде әрдайым бір асыл бейне, абзал тұлға тұрады. «Адамның, алыс жүрсе, аңсары ауып, көруге құмартары сол емес пе?» деп, Жамбыл бабамыз айтқандай, Мараттың көз алдына жапырақ жайған бәйтерек елестейді. Сол бәйтеректен сая табуға, пана табуға ұмтыла-

ды. Әке мейірімін аңсайды. «Сағыныш толы жанымды түсінер кім бар, өзіңдей» деп үздігеді. «Охоу, охоу» деген өкініш сазы кеудеңді кернейді. Өзекті өртеген ыстық жалын терең күрсініске толы, сағынышты әуенге айналады.

Сазгер Марат Омаровтың ел ішіне кеңінен таралған, керемет тамаша туындысы – әрине, «Анашым» әні. Бұл – анаға деген алғыс сезімінен туған ойлы да, сырлы да, шынайы да нұрлы шығарма. Солай болатын жөні бар. Болашақ әнші сазгердің кішкентай бала күнінен көргені, білгені, естігені, сенгені – анасының өзі, анасының сөзі, анасының бұған деген мейірім-махаббаты. «Анашым» ақ торғыннан орамалың, Аққудай көгілдірі жанына ерген» дегендей, Марат өзінің сүйікті анасы – Сұлуханның баурында, аялы алақанында өсіп, тек соның бағып-қағып, мәпелеуімен өмірге, өнерге баулып, жетелеуімен өсіп, ержетті. Үлкен өмірге де, өнер сапарына да аяулы анасының жолдауымен, анасының қолдауымен сәтті қадам басқан болатын. «Ұшырған сұңқарыңмын, қияға шырқарыңмын. Бәйгеге өзің қосқан тұлпарыңмын» деуінде, айна-қатесі жоқ, айқын шындық бар.

Ана мейірімі қандай болса, перзент пейілі сондай. Жаны нәзік, жүрегі адал, ақкөңіл Мараттың анашым деп толғанып, аяулым деп тебіренбеске лажы жоқ. Сазгер көңілінде жаңа бір әуен қылаң береді. Баланың анаға деген махаббатындай, өмірге «Анашым» деген әннің келуі әбден заңды. Дүниеге жаңа келген әннің жарқырап, жақсы естілуі алғашқы орындаушысына байланысты. Бұл тұрғыдан «Анашым» әні әнші Нұрлан Өнербаевтың шырқауында өзінің тамаша орындаушысын тапқан. «Анашым» әнінде таза, ұлттық сипат та тамылжыған әуен де, айрықша мәнер де бар. Әннің өлеңі өте мағыналы, терең сырға толы, тебіреністі әуенге өзінен өзі сұранып тұрғандай.

Анашым, шалқып-күлсең,
Алдымда ұзақ жүрсең.
Жүрегім жыр толғайды,
Көңілім ортаймайды.
Анасы бар адамдар
Ешқашан қартаймайды.

Жан сүйсіндірген асыл әуенді қайта-қайта тыңдай бергің келеді. «Анашым» секілді жауһар әннің өмірге қалай келгенін біле түссем, ұға түссем дейсің...

Жақсының жақсылығы, асылдың асылдығы сонда, ол ай мен күндей баршаға бірдей, елдің бәріне жағымды жарқын әсер етеді. Марат Омаровтың әуен-сазы да сондай, үлкенге де, кішіге де, ауыл адамына да, қаладағы академик ғалымға да әсері мол, әсем дүние екендігіне көзіміз жетті. Біз бірде Қазақтың менеджмент, экономика және болжамдау институтының директоры, экономика ғылымдарының докторы, академик Сағындық Сатыбалдин мырзаны сөзге тартып, сауал қойған едік.

– Сәке, әнші-сазгер Марат Омаров туралы, оның әншілік өнері, оның әндері турасында Сіз не айтар едіңіз?

Өзіңіз Мараттың қандай әндерін сүйіп тыңдайсыз? Сүйсініп тыңдаған сол әндер жайында, сазгердің өзі жайында көңілге түйген қандай ой-пікір, әсеріңіз бар?

– Әнші сазгер көңілі әрдайым да толқымалы. Өмір ағымы –ойландырмай, толғандырмай қоймайды. Сазгер көңілінде жаңа бір ырғақ, жаңа бір әуез пайда болады. Ол өзіне лайық сөз кестесі, өлең өрнегін іздейді. Әнші-сазгер сол бір жаңа әуенін кейде өз тілімен, өз ділімен айтқысы келеді. Марат Омаровтың «Бақұсым», «Асылым» деп аталатын әндері – міне сондай шығармалар. Әуені де мәтіні де Мараттың өзінікі. Орындаушысы да әзірге тек өзі. Ал негізінде Марат Омаров өзінің жаңа әндерінің өлең сөзін ақындарға жаздыртып, солармен бірлесіп толғанады. Әннің сөзін, мәтінін жазудың айтулы шеберлері Қадыр Мырзалиев, Әбдірахман Асылбеков, Шөмішбай Сариев, Құдайберген Қазыбеков тәрізді ақындарға тілек айтып, қолқа салады. «Дүрсілдейді жүрек», «Қазақтың арулары», «Жұлдыздар», «Ақ дастархан, ақ бата», «Сары Арқа», «Қыз сыны» сияқты әндер солай туған. Бұл күнде сазгер Марат Омаровтың ең әсем әндері әл аузында. Оның «Әке арманы», «Анашым», «Әнші балпан», «Қыз сыны» тәрізді қызғалдақ әуендері той-думанда, ойын-сауықта, балалардың туған күнінде, ата-ананың мерейтой, мереке күндерінде шырқалады. Бұл дегеніңіз – Марат әндерінің халықтық сипат алуының белгісі.

Бұл – сазгер жанның әуен сазына, асыл өнеріне берілген ең жоғары баға. Сол аса жоғары, әділ баға әнші-сазгердің алдына биік талаптар қояды. Мараттың өзі де сол өнер биігінен көрінуге талпынады. Сазгер көкірегінде жаңа бір әуен, жаңа бір әуез туындайды. Әнші-сазгер жаңа бір нақыш іздейді. Өзгеше бір үн, өзінше бір мәнер іздеп, әдемі дүниені көксейді. Көркем әуен, сырлы назын қаракөз қарындастарына, аяулы достарына, туған еліне арнайды. Ән маржанын, әуен жауһарын қазақ халқына, адал ниетті адамзат баласына сый етіп, ұсынғысы келеді.

«Жұлдыздарым жайнаңдар, Бұлбұлдарым сайрандар», Бойда – асыл арман бар» деп, шырқайтыны да сондықтан. Әнші – сазгер Марат Омаровтың жаңа әндерінің, жарқын әуендерінің көп болуына біз де тілектеспіз. Аспан әлемі қандай биік, қандай шексіз болса, өнер әлемі де сондай биік, сондай шексіз.

Әзіл

ШҰҒЫЛ ЖАУАП

Қабылтай – шашын жылтыратып тарайтын жігіт. Ауылдық кеңеске хатшы болғалы сөйтеді. Басында құлақшыны бар да сәл сипап қойып тұрады.

Арнайы мәшинеге кіргелі жатқан жігіттің қолтығынан емес, бұтынан демеп жіберген сол:

– Әй, өзіңді өзің ұсынып, тағы масқара қылып жүрме. Есентайдың екі беті ду ете қалды. Құрдастары «ә» дегенде, «мә» дейтін тапқыр тілі бұл тұста күрмеліп тұр. Онда да осындай бұрқасын болатын. Ауылдан орталыққа бұрқасындатып әзер жетіп, кеңсеге сықырлай кіргенде жылтыр Қабылтай жымиып келіп бұған бір тілік қағаз ұстатқан. «Орталыққа баруға осыларды ұсынарсың» деген.

Көптің алдына, көк мінберге қымсына шыққан Есентай қалтамасын қарманып тұрып:

– Мен мына кісілер барсын деймін, – деген де, қағазға үңілген. – Айсалықұлы, Әлкен қызы, Байсалық тегі...

Тап осы жерде шаруа қожайыны бақырайып тұра қалған: «Айсалықұлы – немере ағайыны механизатор болатын, Әлкенқызы – өз әйелі, Байсалықтегі нақ өзі еді.

Бұл – кеше ауылға келген шақырту болатын. Есентай біресе қағазға қарап, біресе Қабылтайға қарап, көздері жыпылық-жыпылық етті. Жұрт қыран-топын күліп жатыр. Жағдайды түсініп қойған басшы, аудандық әкімшіліктен келген жігіт:

– Несі бар, өңкей озаттар, шаруа серіктестігінің айтулы кісілері, – деп ретін тауып жіберді.

Содан бері мұның соңынан қалмай: «Ой, кәпір-ай, бүкіл әулетіңді ауданға ұсындың ғой деп, кекетуін қоймайды...

Аудан орталығына кіре бергенде Есентайдың есіне түсе кетті: Қабылтаймен бір сыныпта оқыған қыз, кәзір поштада істейтін омыраулы келіншек бар екен ғой.

«Мен қазір келемін» деп, әкімдік үйі алдынан поштаға жүгіре жөнелген Есентай: «қызметіңді жоғарлатуға келісімің сұралады. Есентай Ербота» деген шұғыл хабар бергізді. «Аудандық әкімшіліктегі Есентай Ербота еді.

Шұғыл хабарға Қабылтай шұғыл жауап қайтарды. «Келісемін» деп соқты. Аудандық қарсы бөліміндегілер Қабылтай дегеннің неменеге келісетінін біле алмай, келесі күні кешке дейін дал болысты.

Кітап әлемінде
Рецензия

СЕЙІТТІҢ СЕМСЕРІ

Сейіт Кенжеахметовтің сықаққой ақын екендігіне ден қоямын: ол әдебиет әлеміне өткір жебелі өлеңдерімен кіріп, ұдайы сықақ жанрында сілтеп жүр. Жазғандарының көпшілігі көркемдік ауылынан табылары және бір ұнамдысы: бұл ақын әзілдің

шегін, айтудың ебін біледі. Оның бір алған бетінен таймай, әуелгі қарқын-қабілетінен танбай жазып жүргені қуантады. Және жазғандарының көпшілігі көкейге бірден қонардай көркем аз таланттардың бірі осы Сейіт. Бұл ақын әзілдің шегін, айтудың ебін біледі. С. Кенжеахметовтың «Жалын» баспасынан жарық көрген «Сөз-семсер» атты жинағын жылы ниетпен қолға алуымыз содан.

Сейітте анық сықаққой ақынға тән басты қасиет баршылық: ол өміріміздің көлеңкелі жақтарына көз салуға бейім; етектен тартып, аяқтан шалып жатқан жағымсыз нәрселерді таба білуге шебер – келеңсіз жайларды келеке-келемеж етуге батыл. Мұны біз оның «Кәрі шеңгел», «Қуырдақ» дейтін бұрынғы кітаптарынан аңғарғанбыз, мына «Сөз-семсерінен» де сезіп отырмыз.

Сейіттің сынға алатын, сықақ ететін нысанасы – көбінесе нақты, әр-берден соң ап-айқын факты болып келеді. Бұған ақынның облыста тұруы, баспасөзде істеуі ықпал ететін тәрізді. Шаруашылықтағы шалағайлықтар, қызметтегі қырсыздықтар Сейіттің көзінен таса, қаламынан қағыс қалмайды. Жинақтағы «Озу мен созу», «Табылған амал», « Қиястың уәдесі», «Жиын ба, құйын ба?», «Өйтіп, бүйтіп» деген сықақ өлеңдер осыған дәлел.

«Озу мен созу» сықағы әрбір науқан тұсында бір қылаң беретін күнәрат – көзбояушылық мәселесіне арналған. Түптің түбінде өз қылығы өзіне кесір болып келерін біле тұра, жалған ақпар, жасанды мәлімет берушілер көп те емес, жоқ та емес. Бұл хақында бұрын да талай сықақ жазылған бірақ Сейіттің сықағын оқи отырып жаны қысылғанда жалған мәлімет берушілердің бет пердесін аша түскендей, қулық-сұмдықтың қыры мен сырына қана түскендей боламыз. Ақынның білгірлігі мен айтқыштығына ризашылық сезімі туындайды.

– Табысымыз белгілі еді,
Атағымызды ел біледі.
Бұрын да талай озып келгенбіз,
Онда да мәліметті созып бергенбіз...

Бригада басындағылар бәлені осылай бастайды. Аңғарған кісіге алғашқы екі жолдың ұйқасы ұнамды. Кейінгі жолдар кедір-бұдыр болғанмен өтірік соғу, «мәлімет созу» мұндағыларға үйреншікті екенін ескертеді. «Тағы да ептеп өсірсек, бәсекелестердің үнін өшірсек» дейді олар. Ақын бұл жерде көзбояушылықтың психологиясынан хабардар етеді. Шаруа қуып жүрген жандардың көрінеу көзге қылмысқа баруының бір себебі қылаң береді.

Қылмыс жасаушылардың ымы-жымы бір келеді ғой. Енді фермадағылар елпеңдейді: «бұрын... озат бригада болатын, өкілдер де сонда қонатын. Биыл нелеу... боп тұр, оған ауа райы желеу боп тұр» деп желпеңдейді.

Жерінде шөп жетеді,
Осыған аздап қоссақ, нетеді?
– Е, қоссақ, қосайық...
Жүз он процент десек, несі айып?..

Міне, бұл – ақын әшкерелеп отырған қылмыстың технологисы.

Совхоз орталығындағылар бұдан да асып түседі. Көрсеткішті қолма-қол жүз отызға өрлетеді. Оның да сыры бар екен: «Басқаны шетке ұстап, мұны бетке ұстайтын едік» деп, директордың жанында біреу тұр. Ақынның шеберлігі арқасында біз бір жылмаң қаққан есепшіні ап-айқын көргендей боламыз.

...Бригадирі іниіңіз,
Еңбегі бар, біліңіз.
Сенімді әлі де ақтар,
Абыройды сақтар, –

дейтін алаяқ, жағымпаздың бейнесі барынша бадырая түседі. «Әй, демесек, демейік, жақсы іске не дейік», деп, беті бүлк етпестен қағазға қол қойып жатқан басшы да көзге анық елестейді. Мұны образ жасай білген шеберлік деу керек. Бәрінен бұрын сықақтың түйіні дұрыс: «осылай көзге түсіп жүр біздің талай боздақтар, мұндай озбаққа да түбі тозбақ бар» дейді Сейіт. Осындай «біздің талай боздақтар» деген кекесін орнын тауып, ойнап тұр.

Сейіт келеңсіз кейіпкерлердің өзін сөйлетуге, өз сөздерімен әшкере етуге шебер. Мысалға мына жолдарды оқып көрелік:

– Он бітірген кезім еді,
Оқу да миымды езіп еді.
Одан әрі аспасымды
Сұм жүрегім сезіп еді.

Енді қатардағы жігіт болып,
Және бір қыздан үміт болып,
Оқу деген сылтауым бар,
Ептеп жұтатын сырқатым бар...

Байқайсыз ба, оқу оқып оңдырмайтын, еңбек етіп жарытпайтын, не тұрағы жоқ, не дүние құрары жоқ берекесіз біреудің бейнесі жасала қойды емес пе? Немесе «Өйтіп, бүйтіп» деген өлеңге құлақ салыңыз:

– Міне, бидай өсіп келеді,
Өскені төбемізді тесіп келеді.
Себебі: егін ауданның тұсында тұр.
Біздің жан мұрынның ұшында тұр.

Бұл аз дегендей,
Жаңбыр келіп араласып тұр,
Күн тұтылып, жел құтырып,
Ауа райын да қара басып тұр.

Дап-дайын деген комбайны мертігіп қалғанын өзінен көрмей, бар кінәні ауа райына аударып тұрған біздің біраз ағайындарды танығандаймыз бұл тұста.

Сейіт ауызекі айтылатын уытты сөздерді ұтымды қолданумен өленге өң беруге шебер. «Басқалар жоспардан асып жатыр, бізді не албасты басып жатыр», «Осы жер телегей теңіз бидай болады, Бидай болмаса, бетіміз шимай болады» деген егіз тармақтар сол пікірімізге айғақ.

Тұрмыстағы түйіткілдер, санадағы сарқыншақтар, адам мінезіндегі алақұлалық – сатираның дәстүрлі нысанасы. Бұл ретте Сейіттің сын садағы көп оқталып, сықақ жебесі дөп тиіп жататындығын «Құпия», «Қиқым неге мұңайды?», «Тоймас біздің епті», «Қыз қуу», «Құлаққағыс», «Шалданның шапағаты» деген өленderден анық аңғарамыз. Бұл сықақтар оқыған сайын бір күлдіріп, бір кіжінтіп отырады. Әсіресе «Құпия» деген өленнің мазмұны мәнді, оқиғасына сай, тілі өткір, оқуға жеңіл.

Сейітті кілең мақтауды осы жерден үзіп, оның сықақ мысалдарының да мінін көруіміз жөн сияқты. Өкінішке қарай, Сейіттің семсері де бірде өтпей қалып, бірде сілтегеніне жетпей қалып жатады. «Кім мықты?», «Бөспе», «Бір кіндік», «Кадр бөліміндегі әңгіме» атты сықақтарының көтеріп отырған мәселесін шешкендей ұтқырлығы, көрсетіп отырған кемістігін кескендей өткірлігі жоқ.

Жинақтың екінші бөлімі мысалдардан құралған. «Қорқау», «Төреші әтеш», «Есек», «Аңдар әміршісі», «Түлкі дос», «Қол мен қалам» деген өленderдің аты айтып тұрғандай мағнасы мәлім, баяндауы баяғыша, қорытындысы көне болып келеді. «Аң мен құстың құтын алған, қыран тағы жұтып алған» деген мысал ғана бірден назар аударғандай. Әдетте құстың төресі саналатын қыранның өзі де ішіп алғанда істен шығып қалатыны шыншыл сипат тапқан.

Қарсақ болып туып,
Басқа жолды қуып
Үре білмесе де,
Қотан шетінде
Жүре білмесе де
Ит оқуын бітірген
Орта білімді Қарсақ
Аңдар институтының
Қасқыр факультетіне түсті,
Қараңызшы істі...

Шынында да бұл – қарауға тұрарлық, назар салуға лайық сатира. Біз Сейіт қаламынан осындай дүниелер туындағанын қалар едік.

Жалпы Сейіттің жазғандарында мағнасыз тіркес, мәнсіз сөздер кездеспейтін. Мына жинағында да ойсыраған олқылық жоқ, бірақ сын-сықақтарында шұбалаңқылық пайда болыпты. Қазіргі қаламгерлердің көбіне мін болып жүрген көпсөзділік Сейіттің дарынына дақ болып жұғуы өкініште. Сатираның оқтала білуі қаншалық қажет болса, сатириктің тоқтала білуі де соншалық әжет. «Қыз қуу» деген қызық дүние мынандай шешім табады: «Сөйтсек, әкелген қызымыз Қыбай үйіндегі келін боп шықты. Ұялғанымыз-ай! Бетіміздің от шықты!». Мысқыл бітті емес пе? Жоқ, «Біздің қыз қууымыз осымен бітті» деп бітіреді Сейіт. Соңғы жолдың артық тұрғанын автор да, редактор да елемейді.

Сөз болып отырған жинақта «Қысқарту» деген келеке бар. Кеңседегілер штаттан кімді қысқартарын білмей дал болады. Дәл сол секілді Сейіттің өзі де жазып қалған жолдарын қысқарта түсуге қиналатын тәрізді. Достық ниетпен қатты айтарым: қысқартудан шегіну – шеберліктің жолы емес.

Осы күнгі ақын-жазушылардың көпшілігіне тән кемшілік көпсөзділіктен Сейіт те толық арыла алмапты. Мұның мысқыл-мысалдарында бос сөз, басы артық сөйлем, мағынасыз тіркес кездеспесе де нағыз сатираға тән нақпа-нақ жинақылық жетісе бермейді. Сейіттің өзіне жүгінейік, біз оның мына сықағын жатқа соғамыз:

Ісі түсіп еді –
Иілді.
Ісің түсіп еді. –
Түйілді.
Көрдің бе мұндай
Алақұйынды!

Сілтенгенін қиып түсер қылыштай өткір сықақ, семсер-сын осылай жазылса керек, осылай болса керек. Айтпақшы, осынау әңгімеге негіз болған жинақтың «Сөз-семсер» деген атына дауым бар. Автор өзі солай ұсынды ма, әлде баспада солай аталды ма, білмеймін, әйтеуір бұл атау сықақ кітабынан гөрі сықақ туралы зерттеуге лайық қой. Рас, сөз – Сейіттің семсері екендігі даусыз. Сықаққой ақынның өткір қаруын тот баспасын. Сейіт Кенжеахметовтың келер кітабының көлемі үлкен болғанымен, өлеңдерінің мөлшері қысқа да нұсқа болғай!

АЩЫ «ҚУЫРДАҚ»

Саусақпен ғана санарлық қазақ сатириктерінің қатарына тағы бір таланты айқын мысқышыл-мысалшы ақын келіп қосылғандай. Қолымыздағы «Қуырдақ» атты өлеңдер жинағы осыған кепілдік береді. Оның

авторы – қостанайлық Сейіт Кенжеахметов «шуу» деп қалам ұстағаннан-ақ, сыншыл сыңай танытып, өңкей сықақ өлеңдер жазып келеді. 1967 жылы жарық көрген «Кәрі шеңгел» дейтін алғашқы кітапшасы да әжуа-әзіл, келеке-келемежге толы болатын. Сол үшін де жас қаламгерлердің биылғы февральда өткен республикалық кеңесінде Сейіттің есімі үлкен үміт күттіретін кейінгі толқын кейпінде, әсіресе, сатирик ретінде жақсы да жалғыз аталып еді. Өнер сапарында оң-солын танып, өз жолын тауып алғаны айтылған. «Жазушы» баспасынан жазда шыққан екінші жинағы – «Қуырдақ» та сол пікірді күшейте түсіп отыр.

Сейіт бұл кітабын өз әріптестеріне – өлеңдерін сын семсері етіп сілтеп жүрген ақындарға «Сұрақ» қоюмен ашыпты.

Көптен бері сықақ жазамыз,
Кемшілікті құр жібермей,
Көрген жерде нықап жазамыз.
Бірақ атын атамай
(Осы жанға батады-ай!)
Жаба қоямыз.
Өзіміз де қумыз-ау,
Ебін таба қоямыз, –

деп бастайды Сейіт. Өзгелердің мінін мінеп, кемістігін келеке етуге тиіс сатириктердің өздері де жалтақтап, қулық жасаудан құралақан еместігін ескерте шымшиды.

Күйеубайды – Күке деп,
Бүейнбайды – Бүке деп
Жорта бергенше,
«Ертең көрсек, ұят қой», – деп
Қорқа бергенше,
Бақабай деп бақырайтып
Неге жазбаймыз атын айтып?

Иә, сатириктердің көреген болуына қоса ащы шындықты ашып айтар батылдығы да керек-ақ. Қармағына іліккенді қайткенде де жағаға шығарып тайраңдатуы қажет. Бұл – Сейіттің «сен неге сөйтпейсің?» – деуі ғана емес, «мен солай етемін» – деген серті, ақындық мұраты (кредосы). Жас сатириктің өнер міндетіне осылай қарауы өте жақсы, әрине.

«Сатираның материалы – ел ішіндегі ескіліктің қалдығы» – дейтін қағида бар. Бірақ осы ескілік дегеннің өзі де өзгеріп, жағдайға орай «жаңарып», күн көрісі құбылып, түрлі түсті бола бастады емес пе? Енді сатириктер нысанасын бұрынғыдан да жіті қарап, жиі қадалмаса болмайды.

Ақырып-бақырып тұратындар сатираға тақырып болудан қала бастаған. Өйткені ондайлар азайып, басшысымақтардың «жаңа сорттары»

жағаға шыққан. Сондайлардың бір түріне С. Кенжеахметов: «Бәрекелде-е-е!» – деп айдар таққан.

Бастық сіз деген соң келдім,
Қызмет іздеген соң келдім.

Осылай деп өңмеңдей келген жігіттің жылпостығы сөзінен де (яки өлеңнің ішкі ырғақ, ұйқасынан да) сезілгендей. Ал аты Сужұқпас екен. Соған қарамастан бастық: «Бәрекелде-е-е!» – деп қарсы алады. Бұрын оны әкесі шопан еткенін, бірақ мұның қаладан сопаң еткенін елеп отырған ол жоқ. «Домбыраны сөйлете аласың ба, сырнайды гөй-гөйлете аласың ба?» – деп «тексереді». «Ондай өнері болмағанмен, патефонды аңқылдатып, пластинканы саңқылдатып жібереді» екен сабазың, «Бәрекелде-е-е!» – деген бастық аздап әлгінің моральдық жағын байқамақ:

– Арақ ішпейсің бе?
– Тойда ғана.
– Келін бар ма?
– Ойда ғана.
– Бәрекелде-е-е!
Бар, клубты аша бер,
Әләу-лайға баса бер...

Әңгіменің төркіні неде екенін байқаған боларсыз: «бәрекелдішіл» бастық клуб қызметкерін тапты. Қасиетін қайтсын, кісі табылмай, клубта құлып тұрса, бұдан сұрайды. Жұмыстың сапасы емес, өз орнының босамауы – оған керегі. Жауапты ісіне жаны ашымайтын басшысы мақтар. Әттең, әлі бар ғой олар. Сейіт соны көре білген және немқұрайдылық пен жылпостықты қосарлап алып, өздерін сөйлете отырып бет пердесін аша білген. Жаман бастық деп жариаламай ақ, «Қой мұныңды» деп қорытынды жасамай ақ жайратқан. Жалпы Сейіт Кенжеахметов сын шоқпарымен соққалы отырған сойқандығын екеу ара егестіре сөйлетіп (диалогпен) әшкерлеуге бейім. «Танысалық», «Шүйкебас», «Маймыл мен түлкі» дейтін сықақ-мысалдары соған дәлел. Әсіресе, «Диплом бар қалтада» деген әжуасында әйел мен еріне алма-кезек хат жаздырып, телеграмма жіберткізіп, екеуінің де бар болмысын бадырайта көрсетеді. Оқи жөнелгенде біреуді күлдіре, біреуді ілдіре. Сырттан оқушы күйеуін күдікпен тосатын қызғаншақ әйел қылығын әр сөзінен аңғарады.

Ал, оқып жүрсің бе,
Шоқып жүрсің бе?
Балаң мен мені тығып қойып,
«Бойдақпын» – деп көкіп жүрсің бе? –

деген ойнақы жолдардың сыны мен шыны бірдей секілді. Рас, бұл ауызекі әңгімеден алынып, мына жерде дәл қолданылуымен дәмді болып тұр десек,

Қыздармен вальстап жүр екенсің,
Менен алыстап жүр екенсің, –

дейтін түсжору жолдарын жас сатириктің сәтті тапқырлығы деп танығымыз келеді.

Жадымызда қалып жатталардай қуақы күлдіргі тармақтар Сейіттің қай туындысында болсын баршылық. «Келін бе, келсап па?» атты сықағында үлкен келіннің кіші келінді: «Істеген құрты футболдың добындай» деп күндеуі күлдірмей, иландырмай қоймайды. Немесе ебі жоқ етікші сау дүниені бүлдіргенін білдірмеуге тырысып:

Табанға салған ұлтаны
Былғарының сұлтаны! –

деп жылдырмалатқанда, жымиюға тура келеді.

Жас сатириктің кемшілігіне келетін болсақ, қазақ сатирасына тән жалпы ортақ кемшілікті айтамыз: біраз өлеңдерінде орынсыз шұбаланқылық бар. Мылжыңдарды мінеп, арам тамақтарды өлтіре сынайтын өлеңнің өзі мылжың болып, онда артық арам сөздердің жүруі жөн емес қой. Бірақ бұл кемістіктен арылуға Сейіттің толық мүмкіндігі бар, оған «Екіжүздінің сыйқы» деген сықағы куә:

Ісі түсіп еді, –
Иілді.
Ісің түсіп еді, –
Түйілді.
Көрдің бе мұндай
Алақұйынды?

Бар болғаны осы. Алатын да, қосатын да, ештеңе жоқ, түсіндірме де керек емес. Мазмұны ап-айқын, формасы да жұп-жұмыр. Әжуә-әзіл өлең осылай жазылса!

Болмаса, «Тақ пен бақ» атты сықақты алайық. Тақырыбы ескі қызмет бабын бас пайдасына пайдалану, жерлестік пен жекжаттық, өзі дөкей болған соң айналасына ағайын-туғанын түгел жинау. Сейіт осыны сықақ етіп, сынай келіп, кенет қызық қорытынды жасайды:

Ұлы бесікте жатып
Құрал-сайман түзетеді,
Қызы мектепте отырып
Гаражды күзетеді.
Бір қызығы – осы жерден
Бақылаушылар жүз өтеді.

Шынында да, қоғам байлығына қол сұғушылар оның қылмыс екенін өздері білмейді емес, соған құныгып алғандықтан өз беттерімен тоқтамайды. Тосқауыл керек оларға! – Міне, бұл дұрыс қорытынды.

Сатира секілді қиын жанрға құлаш ұрған жас ақынның әрдайым садақты солай сәтті тартуын тілейміз. «Қуырдақ» атты кітабының ащы мысқылы аз емес екен. Алдағы уақытта бұдан да тұзды, удай ащы уыт пен кесел-кедергіні күйдіре түсуі қажет.

«Коммунизм нұры» газеті, 1967 жыл

Кітап әлемінде

«КӨҢІЛ КӨКТЕМІ»

Бала күннің естелігі бағалы ғой: болмашы дүние, ұсақ жайлар ұмытылып, жас адамның жан дүниесін тебіренткен ерекше әсер ғана есте қалса керек. Ақын Нұрғожа Оразовтың көк құрақтай балғын шағы соғыс жылдарына тұс келгенін, сол кезеңнің ауылдағы ауыртпалығын көзбен көріп, бастан кешіп өскенін оның «Жазушы» баспасынан жақында шыққан өлеңдер жинағынан оқып білеміз. «Көңіл көктемі» деп сәтті аталған жинақта негізінен шуақты жырлар шоғырланса да, ақынның көңіл қойнауында қиын жылдар елесі қалып қойғанын және соны Нұрғожаның жасырмай жыр етуге ынтызар екендігін айқын аңғарамыз.

«Мен жасымда жайраңдай да алмасам», – деп жазады Нұрғожа. Өйткені оның «балалығы бомба үнінен шошынған». Бұл жердің күштілігі сонша, ақын оны әлсін-әлсін айтатыны бар. Мұның себебін:

Қайталасам кешіріңдер, бауырлар,
Айтқан сайын санамда жүк ауырлар.
Ауық-ауық дабыл соғып қоймасам,
Баламның да сәби күнін жау ұрлар, –

деп айтқандай-ды. «Алаңсыздық, еркеліктің не екенін» білмей өскен ақын «сол балалық шаттығы сәбиінің көзінде от боп жағылғанын» жанына қуат тұтады.

Жинақта «Алғашқы өлең» атты төрт шумақ толғаныс бар. Тағы да сол қатерлі шақтағы қазақ ауылының тыныс тірлігін көзге әкеледі: ағаларды жоқтаған, аһ ұрған жеңгелердің зарлы әні, жауынгерлік сәлем хаттар, сағынышқа толы өлең хаттар. Болашақ ақынның бала жүрегін діріл қақтырған ән мен өлең. Бұл толғанып жүргенде «Жеңіс» деген жалғыз сөз жарқыл қағады. Жеткіншектің қуанышы өзінше өлең болып құралғандай. Бірақ ол «Ақ үлпек» жыр жолдары ұмытылған», есте қалғаны – Жеңіс деген атау ғана.

Міне, сол Ұлы Жеңістің отыз жылдық мерекесіне орай Нұрғожа қаламы қайта шабыттанған. Бұған дейін бірнеше кітап шығарған қаламгердің, өлең өрнегі айқындала бастаған ақынның шабыты. Айтары-

на сай арнайы форма іздеген, яғни баллада жанрын қалап алған. Балладаның «Жеңіс жалауы» деген аты өте нақты. Әңгіме Ұлы Отан соғысы тарихынан мәлім оқиға – Қошқарбаев пен Булатовтың Рейхстаг қабатына қадаған алғашқы «Жеңіс Жалау» жайында. Нұрғожа жерлесіміз Рақымжан Қошқарбаевты көп қыдыртып, арнайы да мол сырласқанын жақсы білеміз. Сондықтан баллада барысында қаланы шабуылдау, көшеде ұрыс салу кезінде кейіпкер әрекетіне сай көп дәлдікті көреміз. Бірақ өлең құны – нақтылы болуында, нанымды шығуында.

Сұрапыл соңғы күнге сарқылғанда,
Малынып тұрды сәуле, жарқыл қанға.
Бар сұмдық Берлиніне қайта оралды,
Ажалдың демі бітіп алқынғанда.

Жеңісті аңсап, шөлдеп күткендерге,
Бар арман – қайту соғыс біткенде елге.
Сол үшін сұрапылға сел боп қаптап,
Сол үшін соңғы қанын төккен жерге, –

деген шумақтардың шындығына қол қоямыз. «Бар сұмдық», «Бар арман» дейтін салыстырулардың түпкі мәнісін түсінеміз. Европа төсінде дабыл қаққан жеңімпаздардың бар арманы – елге қайту ғана болғанынан қарапайым совет солдатын танимыз. Фашизмді ажалға теңеп, енді соның өзі өлгелі жатыр дегенді бейнелі түрде көзге елестетеміз. Сол жау ордасына жеңіс жалауын қадау үшін ұмтылған қос жауынгердің өжеттігі менептілігін біресе: «соғыссаң арман бар ма найзаласып, ал бұлар жылжыды әлі таяқ тастам» деп, енді бірде: «екеуі жанқиярлық шапшандықпен ытқыды бар пәрменді жолдап алға» деп суреттейді автор.

Сәт сағат соқты, міне Жалауды ілді,
Алқызыл толқындаған алау күлді.
Алғашқы осы Жеңіс Жалауында
Арманы миллиондардың бар-ау күллі.

Жақсы айтылған емес пе? Балладаның бар түйіні осы болса керек қой. Әттең, автор мұны қанағат тұтып қалмайды, әңгімені әрі созып, Жеңіске, жеңімпаздарға, кейіпкеріне сүйсініс білдіріп, түсінік беріп кетеді. Және ол шумақтар дәл мынадай дәмді емес.

Сөз болып отырған жинақтың бірінші бөліміне ақынның азаматтық бетін, адамгершіл сипатын танытарлықтай өлеңдер топталған. Кітап «Оқырман» алдында сыр шертумен ашылады. Автор оқырманды – «Отандасым, бауырласым» деп бағалайды. «Сен мүмкін қаладасың, ауылдасың» деп, жырға құмар жұртшылықты іздейді. «Орынсыз көп сыр айтсам, кешір мені, өзімді отырғам жоқ өсіргелі» деп, сыпайылық танытады. Нұрғожаның өмірдегі өз мінезі.

Н. Оразовтың, әсіресе, аға ұрпаққа, ардагерлерге деген өлеңі мол, құрметі зор. Мұны біз «Қара орманның қайыспас емендері» деген өлеңінен Еркін сезінеміз. Ақын енді бір өлеңін «Алпыстағы ағалар» деп атап, оларды алпыс жастың шыңына еркін шыққан альпинистерге теңейді. «Қияларға қанат қаққан қырандықтан талмаңдар» деген тілек айтады.

Мен сендерге қуанышпен, қызғанышпен, қараймын,
Қуанышым – сендер қорғап, бізге берген арай күн.
Артта қалған айқастарда жеңістер бар талай мың
Сол күрестен кеш туғанды қызғаныш деп санаймын.

Міне, бұл – бірдің ғана пікірі емес, мыңның сөзі деуге лайық. Ақын көптің көңілін тауып кетіп отыр.

Табиғат тақырыбына қалам тартпайтын ақын болмас. Мәселе сол табиғатты қалай көрсетіп, қандай ой түйіндеуде. Нұрғожаның жинағында да өзімізді қоршаған ортаға деген ақын көңілінің арнаулары бар. «Зеренді», «Қошқарбай», «Қорғалжынның даласы» деп атын атап, түсін түстеп те қояды. Бірақ мұның бәрі бірдей сол көрікті жерлердей көркем өлең болып шықпаған. Шынайы поэзия қайсы, жай ұйқасу кәне дегенге ақынның «Табиғат пен адам», «Қыс таңы» деген екі өлеңін алуға болады. Алғашқы өлеңінде: «Күз – анада мейірі мол молшылыққа батасың, табиғаттың талбойынан шырын балын татасың» деп жалпылама пайымдау бар, поэзия аз. Ал екінші өлеңде: «Таң сәріден секектеп байғұс қоян, деп жүргендей қайткенде жан қалады» дейтін жанды сурет, өмір бар. «Ақ иректер – толқындар қатып қалған» дегенде де кәдімгідей сурет көреміз. Немесе «Таулар» және «Армысың, Алатауым» деген өлеңдерін алайық. Алғашқыда қазақ жерінің көп таулары аталып, бірінен соң бірі сипатталады, бірақ ешқайсысы да есте қалмайды. Екінші туындыда Алатаудың өзіне ғана тән табиғатын суреттеуге, өзгеше кейпін беруге ұмтылыс бар. Өлең өз мақсатына жеткен.

Жинақтың екінші бөлімінен елжіреген көңіл сырын, өмір жырын оқимыз.

Ғажайып барометр – көңіл деген,
Көрмедім ондай дәлдік өмірде мен.

Әдемі айтылған. Міне, осы бәрін сезгіш барометр нені көрсетеді? Ол әуелі қуанышты қиялап шыққан күнін нұсқайды, ақын реңін басқан ауру бұлтын сездіреді. «Көңілімде мұңым бар» дейді Нұрғожа. Шындығы сол ғой. Бірақ мынадай жолдарды қалай қабылдарсыз:

Қасқырдайын жұмса да қос құлағын,
Қасымды да кейде мен дос қыламын.
Ақ пейілімді аяққа басқандары
Достасудың орнына тосты лаңын.

Ақын мұнда логикалық қайшылыққа ұрынып отыр: қасқыр екенін көре тұра дос қылуы қалай? Онысы ақпейілділік емес, жұқалап айтқанда, аңғалдық. Және ондайлардан достық орнына лаң туары заңды. Ызалы ойдың ықпалында кеткен ақын «жау» мағынасындағы «Қасым» деген сөздің кісі есіміне ұқсайтынын да аңғармаған тәрізді.

Адамның бір мінезі болады. Мықтылығы да, міні де сол болуы мүмкін. Нұрғожа Оразовтың өнерге, өлеңге жеңіл-желпі қарамайтын қасиеті бар. «Бұлбұл сайрап, гүл-гүл жайнап» дейтіндей, жеңіл сырғыта беруге ол жоқ. Өз өлеңінің ырғағын әдейі ауырлау қылып, ұйқасын қиыннан келтіргісі келеді.

Кейде маған кезігіп өктем кісі,
Баса-көктеп төбемнен өткенде ісі,
Сүйеу болып қолдайды Отанымның
Әділеттік жолына төккен күші, –

дейді ақын. Өмірде өктем жандар болатынын, басқаны баса-көктеп өткісі келетіндерін айта келіп елімізде әділдік жеңбей қоймайтынын бір шумаққа сыйғызған. Өлең ырғағының ызбарлы шығуын ойдың тереңдігі ақтап тұр.

Ой салмағы оңды, бірақ өлең жолдары оқуға ауыр, ұғымға қиын болмауы тиіс. Өкінішке орай Нұрғожаның өлендерінде оқырманға бірден жете қоймайтын, ұғымға ауыр жыр тармақтары ұшырасып қалады.

«Тілге жеңіл, жүрекке жылы тисін» деген Абай өсиеті – өлеңге қойылар басты талап болғаны жөн. Бұны Нұрғожа жақсы біледі:

Мінсіз жазған бір өлең – жан шипасы,
Әрін берер сол шіркін реңімнін, –

дейді өзі. «Көңіл көктемін» жұртшылыққа арнап отырған ақынның поэзия әлемінде күркірей жауар нөсерінің, дүркірей көктер майсасының көп болуына тілектеспіз.

«Коммунизм нұры» газеті,
15 январь, 1967 жыл

Сын және библиография

ЕКІНШІ ЖИНАҚ

Екінші кітап есейгендікті танытса жақсы. Ақынның өнері өсіп, ойы толыса түскен болса, нұр үстіне нұр... Бұрын бір сырлас болған автордың келесі кітабынан оқырман қауым осылай үметтенеді. Қайрат Жұмағалиевтің «Жанар» атты жаңа жинағын біз осы тұрғыдан оқып шықтық.

Жылы-жылы өлеңдер жинақта біраз баршылық екен. Әсіресе, ақындық жәйлі өлеңдері оңды.

Арғы-бергі әдебиетте ақындық арын мен дарын жәйлі өз сөзін айтпағандар аз. Қаламгерлер қашан да ақындық кредосын анықтап, оны паш еткенді парыз көреді. Бұл жөнінде ұлы Абайдан ұлғат алып, Ілияс, Сәкен, Қасымнан үйренген қазіргі ұрпақ өзінің өресін айқындап алуға, ашық айтуға құмар-ақ. Әлбетте, әркім өзінше толғап, тон пішеді. Мәселен, Қайратқа салсақ, ол ақынның ойы өсуін, бірақ жаны жас күйінде қалуын қалайды:

Бір-біріне ұқсас бәрі, байқасаң,
Кеудесінде пәк жүрегі сәбидің.

Әдетте біз «ақындар ұқсас болмасын» деп уағыздаймыз. Ал Қайрат балғын сенім, жарқын сезім жөнінен ақын атаулыны бір-бірінен ажыратқысы келмейді. Тілегінің тірегі бар. Ақындардың адал жанды, ақ пейілді келетіні анық.

Ақын халқы отырады түн бойы
Жүректерін шам ғып жағып маздатып, –

деп Қайрат оларға тән ортақ бір жайды тағы да тауып айтқандай. Ал келесі шумақта бұл ойды одан әрі өрістетеді:

Өр көңілі, ер көңілі – шыңға асық.
Кірпік ілмей, келер күнмен сырласып,
Таңды атырар,
ел ұйқыда жатқанда
Дүниені қалмасын деп түн басып.

Мұнда астарлы ой мен тереңнен алған теңеу бар. Әдетте ел күзетінде ер шекарашылар тұрады. Жерімізді жау басып алмасын деп жауынгерлік сақтық жасайды. Қайрат сол айқын шындықты бейнелі сыр етіп, ақындар үлесіне беріп отыр. Және оларды жаудан да жаман қасымыз – қараңғылық, қапастыққа қарсы күзетке қойған. Ақын мұраты абзал, өлең жүгі ауыр дегенге меңзейді.

«Ақындар өткен арманда» дейтін тағы бір өлең тап осы ойдың жалғасы іспетті. Мұнда өткен заман өнерпаздары, олардың өкініште өмірі сөз болады. Соны айта келіп, біздің ақын бір мықты ой түйеді:

Армансыз болса – оларға
Аяулы шабыт жолар ма?

Анығында да алаңсыз-қамсыз адамның қайғысы жоқ, қуанышы қоңылтақ. Ол күйіне де сүйіне білмес, сұлық жанға шабыт келмесіне кепілміз. Екіншіден, әңгіме жалқы жанның емес, дүйім елдің думан-

ды бақыты жөнінде боп отыр. Өйткені ақынның көңілі – көптікі, жүрегі – жұрттікі. Ол қалың көпшілік ішіндегі қапалысымен қатар, арман-дасымен бірге аңсаулы болады. Жоғарыдағы жолдармен Қайрат осы ойды ойнақы өлең етуге ұмтылған. Тек төрт жолдың ішінде «бол» деген етістікті үш рет қайталап айтқаны «әттеген-ай» дегізеді.

Қайрат шағын өлеңге шабытты екен. Егер ол өзі қысқа өленді:

Уа, жұмыр жер!
Алтын бесік, кәрі ұя!
Уа, жұмыр жер!
Көпті көрген қария! –

деген қаратпа сөзбен желпінтіп бастап, желкілдете айтып келіп:

Мәңгі-бақи дархан тірлік көктейді!
Маңдайларда мөлдір тамшы кеппейді!
Қара жерден айыруға адамды
Ажалдың да құдыреті жетпейді! –

деп, бірегей оймен бітірсе, ырза болмасқа ырқың жоқ. Шынында да, ажал адамның жер бетінде жүруін тоқтатқанмен, оны жерден бөліп әкеткен емес. Осы бір ауыр да болса, анық ақиқатты өлеңге мықты өзек етуі орынды болған. Яки, Қайрат ақындар айтып тауыса алмай келе жатқан туған жер туралы ойды өзінше толғап, өзгеше жыр қылған. Сонда бұл – әсерлі одағайы, әсем ойы бар өлең болып шыққан. Мұндай ұғымды да ұтымды жазылған жолдарды тағы бірнеше өлеңнен тапқандаймыз.

Қазақстанды мақтар болсақ, жеріміздің кеңдігін айтып, кереметтей таң қалатынымыз бар-ды. Осы күні осының сырын білмек сыңайымыз бар. Әсіресе, ақындар «қазақ жері қалайша мол»?, дегенге, дерек таппаса да, теңеу тауып, тебіреніп қалады. Осы орайда Қайрат та қара жаяу емес.

«Бұл табиғат, өзге түгіл, жерді де
Пейілге сай бөлген бе?» – деп ойлаймын, –

дейді ол. Ақын өңірдің зор, көңілдің мол келуін керім қиыстырған. Жерімізге қоса елімізді мадақ еткен.

Қайраттың бірінші жинағынан бір байқалғаны – оның суреткерлігі еді. Әр сөзі алуан түсті бояудай болып, табиғат көрінісін көз алдымызға әкеле қоятын. Бұл бір игі қасиет жаңа жинақтан да ара-тұра атой беріп отырады. Ақын:

Сап-салқын самал есіп, қалды әп-сәтте
Айдынның ақ маңдайы қыртыстанып, –

дегенде, жазғы демалыс, жаймашуақ күн, жасыл жаға есіңе түседі. Сол суреттің жалғасындай болып тағы бір берекелі бейне келесі өлеңнен кездеседі:

Көл бетіне қонақтаған көп жұлдыз.
Қалт-құлт етіп жүзіп бара жатады.

Кешкі уақыт кемерге сүйеніп тұрып жыбырлаған су бетінен жыпырлаған жұлдызды талай рет көріп едік қой. Тамашалап қоятынбыз. Ал ақын жұлдыздарды қалт-құлт етіп жүзетін қаз-үйрекке теңеу арқылы сұлу сурет салған. Бірақ осындай суреттер өте аз.

Біз жинаққа кірген тоқсан өлеңінің тоғызына сүйсініп, оңдыларын ғана сөз еттік. Ондағымыз жас ақынды: «жырың әйбат» деп жыға мақтау үшін емес, ойлы шумақтары мен бейнелі жолдарын жақтау үшін. «Солай жаз, соныға тарт» дегіміз келеді. Өлеңнің асылын көбейтіп, жасығын жазбаса ғой. Әйтпесе, «Қайықта», «Түсімде», «Жетегіне (?) кете бардық осынай сұм ашудың» деген жаңалығы жоқ, жақсылығы аз өлеңдер көбейгені кімге пайда? Ақын, әсіресе, махаббат жәйлі жадау жазады екен. Жеңіл әзіл, жеңілтек сезімнен аса алмайды. Бұл жөнінде оның өзі:

Ұлы теңеу таппай ұлы сезімге
Жүргенімді қайдан білсін ол менің – депті.

Ия, мұны енді ақынның өзі анық түсініп, қатты ойлануы қажет. Теңеуіміз сезімге тең болмаса, ақындығымыз қайсы? Қиналып іздеп қисынын келтіру, жалықпай іздеп жаңалық табу – асыл мұратымыз.

«Коммунизм нұры» газеті, 1975 жыл

Кітап әлемінде

ЖАҢА ТОЛҚЫН

Ұлттық поэзиямызды – үлкен теңізге теңесек, әр буын ақындарды, Абай айтқандай, алдыңғы да кейінгі толқын деп кейіптейміз.

Толқынды толқын қуып, қозғау салған күнде ғана теңіз теңселіп, тепсініп – өзіне тән құдыретті көрік, сырлы сипат табады. Сол секілді атақты ақынды өкшелеп өнердің тай тұлпарын жаңа мінген жас талапкер шығуы лазым. Талантты ағаның тапқанын дарынды жас дамыта жалғастырса жақсы. Өлеңдер өзендердей үнемі, үзілмей құяр болса, поэзия-дария дәйім кемеріне келіп тұрары хақ. Және сол шабыт шалқары теңіздің өзіндей тек бір түсті ғана емес, оның күн сәулесі мен құбылған тамшысындай түрлі түске бөленіп, жайнап тұрғаны, ойнап тұрғаны абзал-ақ.

Әлбетте, ондай алуан бояулы алып дүние жасауға жан-жақты қабілеті жүйрік қаламдар қажет. «Жақсы да алуан ақыл көп болсын!» – деген Маяковский сөзінің мағнасы да сонда. Ақынның жоқтығынан көптігі дұрыс, әрине.

Мұның бәрін сөз еткеніміз содан: соңғы жылдары жыр бәйгесіне тыңғылықты әзірлікпен тыңнан келіп қосылушы жастар көбеюде. Олардың әрқайсысы-ақ өлең жайлауына өзіндік бір жаңа леп, жарқын бояу ала келгені аян. Сонысымен оқырман көңілін елең еткізіп, екінші жағынан, аға ақындардың өздеріне де қозғау салып, серпіліске себепкер де болады. Кейінгілерге кезінде үлгі көрсеткен танымал ақындар енді еріксіз жарысқа түседі жастармен. Ұлттық поэзиямыздың үнемі толқынды күйде, толық арнада болуы осыған байланысты. Жастарды өсіру – жалпы әдебиетті өркендету, осы орайда жазушылар одағының жас талапкерлерге жанашырлық жасап, көмек көрсете бастауы бізді қуантады. «Жазушы» баспасынан «Тұңғыш кітап» атты сериямен жыл сайын шығатын жыр кітаптары – осы қамқорлықтың нағыз жанды көрінісі, таланттарды өсірудің өрісті жолы.

Міне, біздің алдымызда сол сериядан жуырда шыққан жұқа ғана кітапшалар жатыр. Көлемі шағын болғанмен, өлеңі жылы жинақтар.

Әубәкір Нілібаевтың алғашқы кітабы «Таңғы тыныс» деп аталыпты. Осы аттас өлеңінде ол былай дейді:

Жұлдыздар көк жүзіне құлап аулақ,
Әлемге келе жатыр нұр алаулап.
Сүйгенде мұз шекесін күміс шұғыла,
Орнынан биік таулар тұрады аунап.

Тудырған өр төсінен сан алыпты,
Маужырап жатыр маңғаз дала мықты.
Күткендей күллі дүние келер күннен,
Тағы бір ұлы дүбір жаңалықты.

Иә, әрбір атар таң, шығар күннен жан біткеннің жаңалық күтетіні, жақсылық тосатыны рас. Сондай-ақ жас ақынның жаңа лебізін тыңдауға құмар екеніміз де анық. Өзіндік ой айтып, өзгеше сурет салса, сүйсінеміз. Тың ұйқас, соны теңеу келтірсін, – сонысы да қуаныш. Осы ретте әңгіме болар алты жинақтың әрқайсысында-ақ, маздаған демесек те жыр жаңалықтары жылт етіп қалып отырады.

Мәселен, «Түнгі бақ» атты жинақтың авторы – Бақтыбек Қозыкеев:

Жер-Алып жатыр алып көз шырымын,
Жұлдыздар сөндірмейді боз шылымын, –

дегенде еріксіз елең етесің. Өйткені өлеңде бұрын талай айтылған жұлдыздар бұл жолы қызық бейнемен беріліп отыр. Адамша әрекет жасар-

лық жан біткен жұлдыздарға. Ақын жазғы түн көрінісін өзінше көре білген. Жер – деп алып жатқан адамдай болса, аспан – соған төніп, темекі тартып, ояу отырған жолдасындай. Сол бір сәтті дәл берерліктей «көз шырымы» деген айшықты тіркес әдемі келтірілген.

Әдетте, жас ақындар табиғатты көп жырлауға талпынып бағады. Оған өздері бейім де келеді. Табиғат аясындағы таза ауадай жарқын сезімдері жарқ ете қалып жатады.

Қараңғы. Жым-жырт ымырт шақ,
Алыста тау тұр мөлиіп.
Күндізгі думан ұмыт қап,
Жатқандай бейне көл ұйып.

Бұл сәті түннің мазаңды ап,
Қиялды қозғар не түрлі...
Қызарған дәндей қазанда
Жұлдыздар пісіп жетілді. –

дейді Тұтқабай Иманбеков «Ақ қайың» атты жинағында. Бейуақтың бейнесін өлең жолына өзінше түсірген. Жоғарыдағы өлеңде таңғы тау «аунап тұрып» жатса, Тұтқабайдың кешкі тауы тыныс тауып, тыныш тұр. Ал Бақтыбектің жұлдыздары боз сәулелі болса, мұның жұлдыздары – қызарып туып, қызықтыруда. Ақын табиғат көрінісін өзі өлең етіп отырған уағына, сәтіне сай етіп суреттеумен бірге, соны елдің көпшілігіне таныс көркем бейнеге бөлеп отыр.

Өленді өзге сөзден асыл етіп көрсететін көркемдік қасиеттердің бірі – осы бейнелілік, яки теңеу, салыстыру, тұспалдау болса, ол Кеңесхан Шалқаровтың «Шуақ» аталған кітабында бырсыдырғы мол кездеседі.

... Жыл құсы келіп жатыр түстік жақтан
Шалманың арқанындай шұбатылып...
... Кемерден су тұнығын мөлдіретіп,
Көл жатыр жерден ойған тостағандай...
... Барады сайды қуып көбелектер,
Желге ұшқан ақ қағаздың қиқымындай... –

деген бейнелі жыр жолдары бар. Бір ондысы: бірыңғай табиғатты тамашалай беруден аулақ бұлар. Адамсыз табиғат – жансыз көрініс екенін жадына тұтқан әрқайсысы. Сондықтан да Садықбек Хангельдин «Пернелер» жинағындағы «Қолы құтты адамдар» атты өленінде:

Тіпті жоқ елім үшін аянарым,
Мен оның аралағам сая-бағын.
Мен оның табысына қуанам да,
Ардақтап әз тұтамын жай адамын, –

деп жазады.

Совет адамдарының абзал жаны жәйлі өлеңдер әлгі кітаптардың бәрінде де баршылық. Сондай-ақ соңғы сөз болғалы отырған Мешітбай Құттықовтың: «Құс жолы» жинағындағы өлеңдерге де өз замандастарымыздың ой-арманы өзек болған.

Аталған авторлардың алғашқы кітаптары өңкей оңды өлеңдерден ғана тұрады деуге келмейді, әрине. Әлі де болса әрлей түсетін жыр жолдары әр жинақтан-ақ кездесіп отырады. Бірақ оны қанат қатайып, бұғана беку жолындағы, өсу үстіндегі олқылық деп қабылдау қажет сияқты.

Әйтеуір әдебиетімізге жаңа толқын – жас ақындар келіп қосылғаны, поэзия жайлауында сылдыраған бұлақ-өлеңдер жосылғаны анық. Оқырман қауым осыны құптайды алдымен.

1969 жыл.

Кітап әлемінде

ЕГІНШІ ЖҮРЕГІНІҢ ЛҮПІЛІ

Көктемгі егіс кезінде бет-қолы жарылып, ерні кезерген егінші жігіттер, қас-қабағына тозаң қонып, маңдайына май жұққан осынау орақшылар өздерінің сырт кейпімен алғашында біртүрлі күйкі көрінуі мүмкін. «Үнемі шаруа баққан, шабыттан аулақ жандар ғой», – деп ойлар бәлки бағзы біреулер.

Олай ойлағандар қателеседі, әрине. Қарапайым еңбек адамы – осылар болғанмен, қарадүрсін, жадағай жандар бұлар емес. Жақынырақ танысып, жан сырына қанықсаң, жұмысқа лайық жұпыны киім астында жүректері өрекпи соққан өрендерді, осы заманғы ойлы жасты, білімді, зерек, сезімі сергек, өнерпаз тұлғаны танып, сүйсінесің. Міне, сондай ой мен дене еңбегін тоғыстырған ел жігіттерінің бірі – еңбек күйін өлең өрнегіне түсіріп жүрген қабілетті жас Нұрмияш Көбенов.

Биыл «Жазушы» баспасынан жарық көрген оның екінші кітабы – «Дала самалы» атты жинағы Нұрмияш қаламына тән сыршылдық шыншылдық секілді жақсы қасиеттерден жаңылмағанын көрсетіп, өлең сүйер қауымды қайта қуантып отыр.

Сарқыраған өзен емен зор үнді,
Дарияға еркін созған қолымды.
Ерке бұлақ секілдімін ерінбей,
Құм қайрақтан ашып жүрген жолымды, –

дейді ақын.

Кісілікпен кішірейе сөйлейді, онысы жас талапқа жарасымды-ақ және бұл оның сыры да, шыны да. Ертелі-кеш егінжайды аралайтын агроном-ақынның «ерінбейтіні» де соған қоса өлең дүниесіне деген жолды

өзі аршып жүргені де анық. Нұрмияшты білетін жұрт мұның растығына разы болып, иланса, онымен өлеңі арқылы жаңа танысқан оқырман да оған сенбей қала алмайды. «Аты-шындық екен» – деп, соны тым бадырайтпай, бұлаққа теңеп бұлды етіп, бейнелеп беруі тіпті ұтымды.

Нұрмияш өлеңдерінің көпшілігі-ақ осылайша әрі қарапайым, әрі әсерлі, әрі нақты, әрі нәзік жазылады, сонысымен: құйтырқысы жоқ, таза сезім, риясыз шындығымен жұрт жүрегін баурап алады.

Мен өлеңді жазамын үзбей күнде,
Кейде күндіз жұмыста, кейде түнде.
Кабинетім кең далам, тізем – стол,
Мейлің көктем, мейлің күз, мейлің қыс бол, –

деп, шын жүйріктің бап талғамайтынын танытумен бірге жүрген жерінде жүресінен отыра қалып, өлең жазуға мәжбүр ақынның, жұмыс басты адамның тұлғасын көз алдымызға тағы да еркін әкеледі. Оған өзі бұлданбайды, өзеуреп, өктемсімейді де.

Бейнеті бар кейде оның белшеден,
Әлі ешкім жоқ оны дәлдеп өлшеген.
Міне, осындай бұл даланың жұмысы,
Елемеу ғой қиындықты, дұрысы, –

деп оның өзі айтқандай, ел үшін еңбектенуді қиынсынбай, уақыт дегенге мойынсұнбай, қызмет жауапкершілігі мен өнер азабын қоса арқалап жүрген азамат бейнесін әр өлеңінен айқын көреміз.

Күнұзақ қимыл, жұмыс көп,
Иығың талып қажисың.
Бір іс бітсе, бір іс жоқ,
Іштей ғана налисың.
Налисың да күлесің,
Не үшін күлдің, білесің:
Өмір деген – бір өзің,
Өмір – сенің күресің, –

дейді ақын. Ал алғашқы шумағында өмір шындығын дәл сол күйінде алып, артынша одан ой түйіндеп, өнер биігіне көтеріледі. Тағы да бүкпесіз, ашық ақиқатымен еріксіз бас изетеді.

Нұрмияш өлеңдерінің оқырман көңілінде күдік тудырмай, бірден қабылдануы бұл ақынның қайнаған өмірдің қалың ортасында жүруінен, басқа ақындар алыстан тамашалайтын даланың дәл өзіне ие болып, басқалар тұспалдап жазатын істің басы-қасында өзі жүргенінен болуы керек. «Қарт диқанның баласымын» – деген өлеңінде мұны оның өзі де айтады:

Тамсанбаймын жүрттан естіп,
Достан естіп дала сырын.
Шаңын да оның жұтқан тершіп,
Қарт диқанның баласымын, – дейді.

Ал бүгін «диқандардың ағасымын», яки агрономмын деп айрықша мақтаныш етеді. Кітапқа кірген жүзге жуық өлеңнің ішінен тек осы жерде ғана өзі туралы серпе сөйлегендей, бірақ онысы да орынды шыққан.

Әрине, агроном-ақын, басқа қаламгерлерге қарағанда, дала көрінісін, егінші бейнесін, еңбек процесін дәлме-дәл, нақты бейнелеуі заңды. Нұрмияштың ондай өлеңдері өте нанымды. Ол жалаң сөзуарлыққа салынбай, көктемгі, күзгі қара жұмыстарды да қанатты поэзияға айналдырғысы келеді.

...Кеш самалы тербегенде бидайды
Бейне қарта туралған үлпілдек...
... Ал комбайн сорпа бетін қалқыған,
Қарт әжемнің ожауындай ойнаған, – деп

қызық теңеулер табады, қызу еңбек сәттерін түрліше бейнелеп беруге талпынады. Біз, әрине, жас қаламның мұндай талпынысын барынша қуаттаймыз. Бірақ әлі де болса әже төңірегінен шықпаған, ауыл айналасында ғана жүрген жұпыны теңеулеріне «әттеген-ай» айтамыз. Осы күнгі оқырман бірден қабылдайтындай, ғарышты игеріп жатқан ғасырымызға лайықты жаңашыл, жарқын бейнелер жасауға ұмтылғаны жақсы ғой. Мәселен, оның тәулік бойына тыным болмай, түн баласы жұмыс жүріп жатқан бір кезеңді алып:

Түнгі оттары даланың
Көңілдегі сезімдей,
Қуанышты ананың
Нұрға толы көзіндей.
Думандатып таң алдын,
Гуілдейді теңіздей.
Композитор жаңа әннің
Соңын жазған кезіндей, –

деуі әбден құптауға тұрарлықтай.

Жинақтың бірінші бөлімі, «Диқан жүрегі» деп аталады, ондағы өлеңдер диқан жүрегінің лүп-лүп соққанындай. Кең даласын ардақтаған және соған жаны ашып, мәпелеуді мақсат тұтқан зерделі жастың зергердей іскер болу ниеті анық аңғарылады.

Осынау күмбірлеген күй алабын,
Құрдан-құр шаңдатуға ұяламын.

Шаңдатып шаба берсе әрбір адам,
Тастақ боп қалады ғой мына далам, –

деген жолдарды оқып, ойланып қалатын сияқтымыз.

Нұрмияш Көбенов өленді көбіне қысқа жазады. Лирик ақынның шұбалған жыр жазбағаны жақсы. Әйткенмен кей өлендері келте қайырылып, көздеген мақсатына жетпей де қалатын сияқты. Нәзік те назды сазын жоғалтпай, бірақ салмақты, терең сезімді, тепсінген ойлы өлеңдер жазуды үйрене түссе, артық болмайтындай. Нұрмияштың еңбексүйгіштігін білетініміз оның жыр қаламын үнемі ұштай беретініне, жаңадан жақсы дүниелер тудыратынына сенеміз.

«Коммунизм нұры» газеті, 1972 жыл

Кітап әлемінде

ШЫНАР ШЫҢҒА БІТЕДІ

Соңғы жылдары ақын қыз-келіншектердің жыр кітабы жиі шығуда. Сол букетке соны гүл боп қосылған мына кітаптың авторы – Қорлан Байжұманова. Сұлу Баян бауырында өскен ақын өленлер жинағын «Шынар» («Шынар». Алматы, «Жазушы», 1966) деп атапты.

Оқып шығып, ойланып отырмыз. Осыдан елу жыл бұрын кітап ұстауға қымсынатын әйел затының енді өз кітабы жария болып, қариялар көріп, жастар оқып жатуы ойландырады. Және соның жауабын осы кітаптың өзінен табамыз:

Октябрьмен келді міне бізге азат күн,
Көргенім жоқ тақсіретін азаптың.
Отан-ана құшағында ержеткен,
Еркелеген қызымын мен қазақтың, –

дейді ақын. Бақытын уақытпен байланыстырады. Өленді «Менің бақытым» деп мейлінше дұрыс айтады. «Отаным» атты өленінде сол бақытының баянды екенін тағы да айтып, айқындай түседі.

Жалпы оның азаматтық тақырыптағы өленлері тартымды болып шыққан.

Әр сөзінде қуат бар,
Тегеуріні орасан
Жетерліктей шуақ бар,
Дүниені орасаң, –

дейді «Партия сөзі» дейтін өлеңінде. Партияға деген ынта-бейілін ынтық етіп бере білген.

Сондай-ақ оның «Көңіл көктемі» сияқты:

Екпе қайың жамылған жапырақты,
Ерке самал еппенен сыбдырлатты.
Сыңғырлаған тамаша күміс күлкі,
Тұнық ауа бойыңа тарап жатты, –

деп жастық шақты, жасыл бақты жырлайтын өлеңдері өз алдына бір төбе. Осындағы «екпе қайың» деген сөз есепсіз айтылмаса керек. Қорлан қолдан еккен ағашты әдейі алған. «Қыдырып жүрген жастар тыныгар орнын өздері жасаған» демек. Бұл, әсіресе, «Біздің көшеде» өлеңінен білініп тұр. Ақын «асфальт киген» көше көркіне сүйсініп келіп., «тамыр тартып екпе тал» деп екінші рет қайталады. Осы секілді жасампаз еңбек жәйлі тәуір жырлардың қатарына «Шамшырақтар», «Шопан аға», «Абай кемесі», «Көктем» өлеңдерін де қосуға болады.

Қорланның ендігі бір топ өлеңдері ең қымбаттымыз – анаға арналған. Бұл қазақ поэзиясының, әсіресе, жас қаламгерлердің таңдаулы тақырыбы. Анаға арнап жыр жазбаған талант иесін таппайсыз. Әрқайсысы-ақ ана қасиетін ардақтай түскісі келеді. Міне, Қорлан:

Қашанда мәлім саған, Ана, сырым,
Өзің ғой қуанышым, жанашырым.
Атыңа ана деген тең көрмеймін,
Жаһанның жиып берсе бар асылын, –

деп жар салады. Әркімнің де солай деп ойлары сөзсіз. Соны ақын сөз өрнегіне түсіреген. Немесе:

Дүниені уысында
Ұстап тұрған күш алып.
Тіршіліктің тынысы да –
«Ана» деген үш әріп. –

деп, ананың абзал қасиетін шартты түрде алып жырлайды. Әйтеуір анаға деген бала махаббатын барынша ашық айтпақ болады. Бірақ осы жырларда жылылық аз, олар жалпылама жазылған. Көпке мәлім жайлар көп айтылып кетеді. Ана атаулы – аяулы, оларды сүйеміз – бұл орайда әңгіме болып отырған ақынымыздың: ортақ болғанмен, әр ақынның өзінше жырлап, өзгеше бейнелеуі берекелі болар еді. Әсіресе, ақын қыз-келіншектер өз жынысы жөнінде тың тұрғыдан жазса, тіпті жақсы.

Осы орайда әңгіме болып отырған ақынымызлың:

Сылқым жігіт – талант келіп түртеді,
Шырт ұйқыдан оятады күбірлеп, –

деп жазуы жарасымды-ақ. Бұл – бұрынғыша жігіттің қыз ояту қызығы емес. Ескі әдет ерекше әдемілікке айналған, мұнда қызды өнер келіп оятып жатыр. Міне, осы күнгі ақынның осылай жазбағы лазым. Бірақ соның өзінде де бір кемшілік кетіп қалған екен: «жігіт – талант» емес, «жігіт – шабыт» дегенде дұрысырақ болатын еді. Рас, «шабыт» деген сөз бұл өлеңнің алғашқы жолдарында айтылып кеткен, ақын соны қайталағысы келмеген секілді. Алайда, «талант» деген сөздің тап осы жерде өз орнында тұрмауы анық.

Сондай-ақ, сөздің қолайсыз қолданылуы басқа өлеңдерден де байқалғандай. Мәселен, «Махаббат алаулайды сезімді ұрлап» секілді сөйлем қабылдауға қиын. Махаббаттың өзі – сезімнің бір түрі ғой. Оның сезім ұрлауы мүмкін бе? Немесе: «Бір көргенде-ақ жаным жылып өзіңді» деген өлең жолын алайық. Осындағы инверсия икемсіз жасалған. «Жаным жылып бір көргенде-ақ өзіңді» десе, дереу түсіне қаларымыз сөзсіз. Автор мен редактор ыждағатты болғанда, бұл кемшілік тез түзетілген болар еді.

Рас, мұның бәрі – алғашқы жинағы шыққан ақынның азды-кемді кемшілігі. Тұңғыш кітап – тік тұру, қаз басу секілді қаламның қалтырап кеткен кезі де болған шығар. Бірақ ел көзіне түскен ақынның ендігі жерде өз сөзіне өте жауапты қарап, өлең бағасын арттыра түскені абзал. Шынар шыңға, биікке бітеді ғой. Біз ақын құрбымызды әрдайым биіктен көргіміз келеді.

«Коммунизм нұры» газеті. 1966 жыл.

Ұсыныс-пікір

АБАЙ ЕКЕНІ ДАУСЫЗ

«Абай Құнанбайұлы» деуіміз дәл емес...

Кемеңгер ақынның аты-жөнін айтып-жазуда басын ашып алатын бір жай бар.

Абайдың азан шақырып қойған аты – Ибраһим екен. Дүниеге жаңа келген, дүниеден әлі бейхабар, бейкүнә нәрестеге үлкендер тарапынан жасалған алғашқы қиянат осы болса керек.

Әйтпесе Абайдың ұлы атасы – Ырғызбай, өз атасы – Өскенбай, әкесі Құнанбай еді. Құнанбайдан туған ұлдардың аты – Құдайберді, Тәңірберген болып, қазақша ап-айқын естілетін. Енді сол Құнанбайдың Үлжаннан туған екінші ұлының есімі жоқ жерден Ибраһим атанып, арабша болып шыға келуі таңғаларлық. Шамасы, бұған Тобықты елінде, Шыңғыс

өңірінде дін уағыздаушы, діндар біреудің әсері тиген. Ел билеуші Құнанбайға жарамсақтанып, оның баласына пайғамбардың атын беріп жарылқамақ болған тәрізді.

Бір кереметі, біздің қазақ арабшаны да, орысшаны да ортан белінен басып, өзінше сөйлейді ғой. Неше жерден азан шақырып қойса да, қазекең – Ибраһим демейді, Ыбырай дейді. Айтуға оңай, айтсуға жеңіл. «Баласы Құнекеңнің Ыбырайым» деп әспеттеуге де келеді. Абайдың тұстастары оны Ыбырай деп, онымен иық теңестірмек болған. Абайды алыстан сыйлайтын ел оны – Құнанбайдың Ыбырайы деп құрметтеген.

Білгендердің айтуынша, Абайдың екі шешесі – Ұлжан мен Айғыз үйлері іргелес, қанаттас қонып, қатар сән түзеген көрінеді. Екі үйдің еркесі, екі шешеге тең ортақ жақсы бала жасында Телғара атаныпты. Жарықтық Мұқаң (Мұхтар Әуезов) Абай туралы үлкен шығарма жазуға кіріскен кезінде оған әуелгіде «Телғара» деп ат қоймақшы болған екен. Мұны біз ол кісінің өз аузынан естіп едік. Абайдың бір кезде Телғара атанғанын білетін жандар бүгінде қалмай да бара жатыр. Уақыт шіркін аяусыз ғой!

Уақыт өткен сайын алмастай жарқырайтын асылымыз – Абай. Бізге Абай мұрасы да, Абай есімі де қымбат.

Ибраһимді Ыбырай демей, Абай деген – оның туған шешесі Ұлжан екен. Солай болғаны қандай жақсы! Ана жүрегі сезеді ғой және жаңылмайды.

Туған шеше өз баласын Абай деп еркелетсе, туған халқы өз данасын Абай деп қастерлейді. Кең далаға Абай сөзі таралып, кең өлкеде Абай әні шырқалғаннан бергі жерде бұл есім бүкіл қазақ елінің ардағына айналды. Рухани дүниеміздің алтын діңгегі – Абай!

Қазақтың ұлы ақыны – Абай екені даусыз. Ал біздің «Абай Құнанбаев» деп жүргеніміз, «Абай Құнанбайұлы» деуіміз соншалық дәл емес. Алдымен ұлттық, ұлылық сипатқа ие болған Абай есіміне ешқандай фамилияның керегі жоқ. Абайға фамилия беру асқар тауға куәлік ұсынғандай ретсіз. Екіншіден, Абайдың толық аты-жөнін де көрсету қажет болса, онда соны толығымен атап, дұрыстап жазуымыз керек. Яғни – Абай (Ибраһим Құнанбайұлы). Дұрысы да, шындығы да сол. Өйткені сонау 1909 жылы Санкт-Петербургтен шыққан тұңғыш кітап: «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңдері» деп аталған ғой. Ең болмаса соны негізге алып, соған сүйену керек емес пе? Кейбіреулердің Абай (Ибраһим) Құнанбаев деп жазып жүргендері білгендікке жатпайды.

Бір нәрсенің басы ашық: Қазақтың білетіні – Абай. Бұдан асқан қандай атақ-абырой болуы мүмкін? Ендеше біздің былай деп жазуға үйренуіміз керек, Абай есімі – жақшаның сыртында жеке дара, жақшаның ішінде – оның толық аты-жөні: Абай (Ибраһим Құнанбайұлы). Даусыз ақиқат осы.

ЕШКІМНІҢ ЖЕКЕМЕНШІК АЗАБЫ БОЛМАЙДЫ

Абай даңғылы бойындағы дүңгіршекте Дүкенбай Досжанның бір кітабы көпке дейін өтпей, көзге күйік болып тұрды. Кітаптың сыртқы түрі алабажақ, ажарсыз (бұл, әрине, автордың емес, баспаның кінәсі. Бізде көркем туындылар көбінесе асығыс түрде, нашар күйде шығарыла береді ғой). Әлгінің мұқабасында қайран Мұхаңның (Мұхтар Әуезовтың) солғындау бедер-бейнесі бар. Кітаптың аты – **«Алыптың азабы»**. Мені қинайтын да сол.

Осы бір үйлеспей тұрған сөз тіркесін әуелі радиодан естіп, кейін телевизордан көзім шалып, тіксініп едім. «Алыптың азабы» дегені несі? Егер шығарма шынымен Мұхтар Әуезовтың өмір жолына, оның отызыншы жылдары ұсталып, тұтқын болып абақтыда отыруына, азап шегуіне арналған болса, онда Мұхаңды – Алып деуге әлі ерте ғой. Ол кезде Мұхтар Әуезов – тергеушілердің жынын келтіргендей өте келбетті, өте білімді жігіт, сонысымен күдікті жас жазушы емес пе еді? Оның көктей орылу хаупі өте зор болатын. Әдебиетіміздің Алыбы, көркем ойдың асқар шыңы атануына әлі көп уақыт бар ғой. Мен Мұхаңа үлкендікті, алыптық дәрежені қимай отырған жоқпын; сөздің, істің байыбын айтып отырмын. Дәл осы тұста «алып» деген сөзге дәлдік, түзулік жетіспей тұр.

Сондай-ақ «Алыптың азабы» деудің өзі көңілге қонбайды. Өмір азабын, тұрмыс тауқыметін тартқан жұрт әдетте: «ой азабы, жол азабы, көр азабы» деп сөйлеуші еді. Құдайым содан (көр азабынан) сақтасын. Бұл дүниенің азабы да жетіп жатыр. Жетімдіктің, кемтарлықтың, жалғыздықтың, кедейліктің, керек десеңіз, махаббаттың да азабы болады. Түрменің, абақтының азабы өз алдына. Бірақ соның бәрінде азап адамға сырттан таңылады. Ешбір пенде өзі көксеп, өзі тіленіп, азап сұрап алмайды. Адамдар әлденеден азапқа түседі, азап шегеді, азап тартады, азап көреді. Яғни адам өз еркінен тыс азаптанады. Ешкімнің жекеменшік азабы болмайды. Алыптың да, әлжуаз кісінің де. «Алыптың азабы» дегеннің көкейге қонбайтыны да сондықтан.

Бұған дейін «Мұхтар жолын» өзінше жазып шыққан Дүкенбай енді Мұхаңның абақтыда көрген азабын, түрмедегі мехнатын сөз етпек болған. Ендеше Мұхтар Әуезовтей тұңғиық терең ойлы, аса сезімтал адамның тұтқында бастан өткерген азапты күндерін, көкірегі қарс айрылған жан күйзелісін көрсетуге ұмтылса керек қой. «Азапты» деуге айрықша мән береді. Алыптық – Мұхаңның жан дүниесін түсіне білсек, біздің сөз өнерімізде, рухани өмірімізде Мұхтар Әуезовтен асқан нәзік жанды табуымыз қиын.

Дүңгіршектің жанынан өткен сайын Дүкенбайға іштей ренжіп, кіжінуім жайдан жай емес, мен Мұхаң үшін күйінемін. Мұхтарды зор тұтып, «Алып» деп отырған Дүкенбайдың өзі сол кісі жөнінде қалай болса солай сөйлеуге әдепсіздік көрсетуге бейім. Мысалы бірде «Қазақ әдебиетінде» Мұрат Әуезов пен Тұрсын Жұртбай бастаған бір топ қаламгердің Дүкенбай Досжановқа реніш білдірген хаты жарық көрді. Со-

дан не болғанын қараңыз: неткен жеделдік екені түсініксіз, әлгі хатпен бірге Дүкенбайдың жауабы да жарияланды. Сонда әр нәрсенің басын шалып, алыстан орағытып, әлденелерді айтып келіп, соңында: «Мұхтар Әуезовке ойыссам...» деп жазды Дүкенбай. «Ой, бар болғыр, – деп едім сасқанымнан. – Сен оған ойысатындай, Ол (Мұхаң) сенің құрдасың, құрбың емес қой. Ең болмаса Мұхаңның аруағын сыйласаңшы» деп күйінгенім әлі күнге есімде.

Тағы бірде жазушы Дүкенбай Досжанов тура Елбасының қабылдауында болып, содан соң тілші атаулының алдына шықты. Сонда ол теле-радио тілшілеріне бедірейе қарап тұрып: «Әуезов бітті...» деді бірден. Астапыралла! Неткен бейпіл сөз?! Соны бұл жүзі жылтыраған күйде, беті бүлк етпестен айтып салды. Әуезов жөнінде әбес сөйлегеніне Дүкенбай титтей де шімірікпеген жоқ.

Жазушы екенсің, сөзге, сөзіңе жауапсыз қарауға болмайды. Кім туралы, не жөнінде сөз етсең де, түзу сөйлеп, жөндеп жазған абзал. Қаламды қағазға сүйкей беру, компьютердің жорғалауығын кілемшеге үйкей беру жазушылық та емес, жақсылық та емес.

Бізден кейінгілер осыны біліп, оймен зерделеп өссе ғой, шіркін!

Ой түрткі

ҚАШАНҒЫ «ЕРЛАН» ДЕЙ БЕРЕМІЗ?

«Ер» – қазақ үшін қадірлі сөз. Осы сөзге негізделген, ерлерге тән қазақы есімдер қаншама. Ербол, Ердан, Ертай деп еске түсіре бастасаң, сапқа тұрған жауынгерлер тәрізді көбейе береді. Ерінбей айтар болсақ, Ербатыр, Ерболат, Ерғали, Ерқайрат, Ермұрат болып жалғасады. Жарықтық Қаракерей Қабанбайдың шын аты Ерасыл екен. Қандай жақсы және қалай тауып қойылған!

Тілдің ұшында тағы бір есім-ныспы тұр: ол – қазіргі жұрт «Ерлан» деп жүрген есім. Осылай айтылып та, жазылып та жүр. Оған ешбір қымсынбаймыз. Мұның түбірі – «ер» екені аян. Ал «лан» деген немене? Қазақта ондай сөз жоқ қой.

«Соны да білмей ме?» деп біреулердің мені сөгуі де мүмкін. Мен білемін-ау, өзгелер білмейтін секілді. Білсе де, оған мән бермейді. Кісіні қинайтыны да сол. Ойланған кісі ол дегеніңіз – «лан» емес, «ұлан» ғой. Яғни, әлгі есім-ныспы толық түрде – Ерұлан. Осыған бұқаралық ақпарат құралдарындағылардың көңіл бөліп, назар аудармайтыны түсініксіз.

Жалқы есімнің дұрыс аталмауы, дұрыс жазылмауы жалғыз осы Ерланмен бітпейді. Өзгесін былай қойып, Өмірзақ дегенге ғана тоқталайық Өмекеңдер өз есімінің екі бірдей әрпін жоғалтып жіберіп, өздерін Өмірзақ дейді және солай жазады. Қалыптасып кеткен қате дағды бойынша. Ауызекі сөйлеу үлгісін, құлаққа естілуін міне тұтып. Мұның дұрысы

Өміріұзақ екенін олардың ойламауы қалай? Бұған қарсы уәж ретінде қазақ тілінде бір сөзде екі дауысты дыбыс қатар тұрмайтыны туралы ережені алға тартуы мүмкін. Олай болса, мына БҰҰ, ІІМ, ШЫҰ деген бәлелер неге өріп жүр?

Бірде теледидардан «Миллион кімге бұйырады?» дегенді көргеніміз бар. Ұтысқа ұмтылушылардың атын атап, түсін түстеген сәтте бір жігіттің бейнесі көрсетілгенде оның ата-тегі (фамилиясы) – Ғұмырыұзақ деп жазылды. Тап солай, нақ осындай түрде. «Айналып кетейін-ай!» деп кереметтей сүйсініп, қатты таңырқап едім. Ғұмырыұзақ деген ұлттық ныспы-есімді қалай тайсалмай ұстанып жүр десеңізші. Әне, азамат деп соны айт!

Сонымен, қашанғы «Ерлан» дей береміз? Айдың-күннің аманында Ерұланның бір әрпін жеп қойып, кемтар етудің керегі жоқ. Ерұлан деп толық айтып, дұрыс жазғанымыз жөн. Осы өзіміз, қазақтар сөйтуіміз керек.

(«Жас Алаш» газеті, №54, 6 шілде, 2006 жыл)

«ДУДАР-АЙ» ҮЛЕБАЙДІКІ МЕ?

Осыдан үш жыл бұрын «Қазақ әдебиеті» газетінде (№4, 24 қаңтар, 2003 жыл) «Сары Арқа» журналының Бас редакторы Нұрғожа Ораздың: «Хан Кененің шын бейнесі табылды немесе тарихи сурет сыры» деген нақты да деректі пікірі жарияланды. Шағын дүние біраз ойға түрткі болды.

Алдымен сол суреттегі кісі шынымен Кенесары болса, онда мұндай фотоның табылғаны үлкен олжа ғой. Кенесарыны біз ұнатайық, ұнатпайық, бәрібір, осынау қасіретті тарихи тұлғаның көзі тірісінде түсірілген фотосы бар болуының өзі өте маңызды. «Кенесарының кескіні анандай еді, мынандай еді» дегеннен гөрі бір сәт оның фотосуретіне көз жүгіртіп, шын бейнесіне көз тоқтату көш ілгері емес пе?

Осындай өте құнды фото қолға тигенде, оны газетке жариялау кезінде барынша мұқият болып, айрықша ұқыптылық көрсетілсе керек қой. Жоқ, бұған керісінше, Кенесары бейнесіне кереметтей қиянат жасалыпты. Танауының астындағыдан арғыны көре бермейтін, біле қоймайтын, ретушер аса құнды фото суретті қалай айғыздап, қаншалық бұлдірген десеңізші?! Тіпті, ханның басындағы зерлі қалпақты алып тастап, оған дулыға кигізіп қойған. Кенесарыда өші бардай-ақ ойына келгенін істеген. Неткен жүгенсіздік?! Бұған сонша күйініп, кіжініп отырған себебім: біздің әдеби, мәдени, рухани өмірімізде өзіміз қолдан жасаған қателіктер қаншама!

Өрескел қатеге жаны төзбеген жазушы Нұрғожа Ораздың соны қайтсе де түзетуге ұмтылып, соның ретін тауып, сәтін келтіргені жақсы болған.

Шындық үшін шырылдаған ақынның ізгі ниетін мақұл көріп, хан Кененнің шын бейнесін қайта жариялаған «Қазақ әдебиетіне» де дән ризамыз. Бұрындары жіберілген кемшілікті дер кезінде түзету – өркениет белгісі. Мәдинеттілік дегеніміз – сол. Әділдік, дұрыстық, ақиқат тұрғысынан түзету тілеп, бізден араша сұрап тұрған ағат жайлар әлі де көп.

Сондай бір қателік – әйгілі «Дудар-ай» әнінің авторы жаңсақ түрде Мәриям Жагорқызы деп есептеліпіп, музыка өнерінен бейхабар Мария Егоровна Рыкинаның жөнсіз түрде сазгер саналып жүргендігі. Ал шындығында «Дудар-айдың» өлең шумақтарын ойлап шығарған, жалаң аяқ орыс қызының дударбас қазақ жігітіне құмартып, өліп-өшіп жүргенін күлкі қылып, ойнап шығарған кісінің есімі – Үлебай. «Ащыкөл, Тұщыкөлдің арасы бір» деген әзіл өлеңін өзі әуендетіп, елге жайған өнер иесі – осы Үлебай. Ол жөнінде жаңағы білгір қаламгер Нұрғожа Ораздың айтары көп. Мен өз білгенімді айтайын.

1965 жылдың соңында Тың өлкесі таратылғаннан кейін Нұрғожа Ораз Қазақстан Жазушылар одағының Целиноградтағы облысаралық бөлімшесінің жауапты хатшысы болып қалды. Мен облыстық газеттің мәдениет бөлімінде әдеби қызметкер едім. Бөлімге өлеңдер жиі келеді. Өңкей бір қарадүрсін дүниелер. Солардың ішінде кейде жылт еткен жыр ұшқыны да кездеседі. Сондай бір жөні түзу өлең шумақтары Қорғалжын ауданы Аманкелді атындағы кеңшардың «Өркендеу» атты ауылынан келетін еді. Автордың аты-жөні Амангелді Үлебаев болатын. Мұндай фамилияны өмірде бірінші рет жолықтырғандықтан, мен бұған тосырқай қарадым. «Үле» деген сөз барын, Үлебай деген кісі есімі болатын білмейді екем. Таңсық фамилияға еріксіз назар аударғаным секілді, оның өлеңдеріне де өзгеше көңіл бөлдім. Онша көп өңдеп, жөндемей-ақ, облыстық газеттің әдебиет бетінде жариялап жүрдік... Содан бірде қаладағы көңілді басқосу кезінде «Дудар-ай» әнін шырқап отырғанмызда әнші, ақын ағамыз Нұрғожа Ораздың: «Бұл әнді шығарған – Үлебай деген кісі» деп қалғаны, соған менің қатты таңырқағаным әлі күнге есімде.

1974 жылы бұрынғы «Социалистік Қазақстан» газетінің бұрынғы Целиноград облысындағы меншікті тілшісі болып, қызметке кірістім. Бірер жылдан кейін кезекті бір іссапарда Қорғалжын ауданы, Аманкелді атындағы кеңшарға, «Өркендеу» ауылына баруға бел будым. Аманкелді Үлебаевты көрсем, кездесіп, сөйлессем деймін. Ол – Үлебайдың баласы ма, жоқ, немересі ме, онысын анық білмесем де, ақындығы бар кісімен жүздесіп, әрнені сұрастырам деймін ғой.

Кеңшардың кеңсесінен бір белсендіні мәшинемізге отырғызып алып, «Өркендеу» дейтін елді мекенге тартық. Бірақ сапарымыз сәтсіз болды. Қазақ ауылына бара жүріп, қазақ үйіне сәлем беріп, кіріп барғанда, ешкім жауап қатпаған, «Жоғары шығыңыздар» деп айтпаған, «Шай қояйық» дегендей ешбір емеурін танытпаған, аса тосын жайды алғаш рет осы үйден көрдім. Іздеген кісіміз үйінде жоқ екен. Оның қайда жүргенін

де біле алмадық. Екі танауы қусырылып, қанын ішіне тартып алған қарасұр әйел сол сұрланған күйі тұрды да қойды.

Сөйтсе, бұл үй жалпы тілші дегендерді, қаламгер атаулыны жақтырмайды екен. Алматыдан, облыстан келгендерді осылайша қарсы алу бұлардың біраздан бергі әдетіне айналған. Онысы әлгі газет-журналдарда, теледидар-радиода «Дудар-ай» әні туралы неше түрлі жасанды материалдардың жария болуымен, тіпті, «Мәриям Жагорқызы» деген поэманың жазылуымен байланысты көрінеді. Үлебайдың өлеңі мен әуені бекерден бекер Мәриямға телініп, «Дудар-айдың» жоқ жерде Мариянікі болып кеткеніне Үлебай әулеті өкпелі екен. Мұны бізге жаңағы жанымызға ерген кісі біз үйден сыртқа шығып тұрғанымызда айтты. «Өй, ондайды білетінің бар, осында келе жатқанда айтпайсың ба?» деп, мен бұлқан-тұлқан болдым. Әлгіні кеңсенің алдында мәшинеден түсіріп тастап, ашулы күйде қалаға қайтқаным бар.

Әйтсе де мен Үлебай есімін ұмытқан емеспін. «Дудар-ай» әні шырқалған сайын Үлебай еріксіз еске түседі. Әсем әуен – «Мәриям Жагорқызының әні» деп жарияланған сайын: «Қап!» деп өкінемін. Қазақтың мөлдіреген өлеңі мен құйқылжаған әуенін орыс қызына орынсыз теліген тексіздікке қиналамын. Орыс бойжеткені қазақ жігітіне өлердей ғашық болды дегеннің өзінде де... Апыр-ау, деймін, ән әуелетуге қатысы бар қазыргі білімпаздар бір мезет ойланып, бір сәт түйсініп көрмегені ме? «Дудар-айды» дүниеге әкелген – Мәриям еместігін, мұны ойлап шығарған бөгде біреу, басқа кісі екендігін әннің өлең сөзі, мәтіннің өзі айтып тұрған жоқ па.

Мәриям – Жагор деген орыс қызы,
Он алты, он жетіге келген кезі.
Қазаққа Дудар деген ғашық болып,
Сондағы Мәриямның айтқан сөзі...

Қазақ әндерінің ішінде әдеттегінше, бірден «Сүйдім, күйдім» деп өзеуремей, уақиғаны баяндаумен басталатыны – осы «Дудар-ай» ғой деймін. Өзге біреу, бөгде жан өмірде болған бір жайға куәлік етіп, істің мән жайын мәлімдеп алады да, одан арғы сөзді Мәриямға айтқызады: «Дудар-ай, келер болсаң, тезірек кел» деп асықтырады. Соның өзінде ән-өлеңнің соңғы шумағында: «Қолында Мәриямның алтын қайшы, Қағазға Мәриям аты жазылсайшы» деп қайтадан үшінші жақпен сөйлетеді. «Мәриям атым» дегізбейді (әннің сөзін де, әуенін де өзі шығарып, өзі еркін шырқаған Майра тәрізді «Қызы едім мен – Уәлидің, Майра – атым» деп өз атынан сөйлеу жоқ).

Дүниеге «Дудар-ай» әні келер тұста Мәриям Жагорқызының он алты-он жетіге келген кезі екен. Он алты жасар орыс қызының ертерек бойжетуі, етек-жеңі қысқа, иығы ашық жүруі, біреуге көңілі кетіп, ғашық болуы әбден болуы мүмкін, тіптен заңды. Жалғыз үйлі Жагордың қызы

тек қазақ балаларымен бірге ойнап, қазақша сөйлеп, қазақша ойлап өсуі де түсінікті. Әйткенмен он жетідегі орыс бойжеткеннің:

Дудар-ай, ақ боз атты жемдедің бе,
Жеріңе уағада айтқан келмедің бе?
Жеріңе уағада айтқан келмей қалып,
Мәриям заты орыс деп сенбедің бе? –

деп өлеңдетуі, қазақы түрде өлең төгілтуі, шынында да күдік тудырады.

Қазақ арасында өскендіктен Мәриям Жагорқызының қазақша білгені, қазақша сөйлегені даусыз, қазақпен тұрмыс құрғаны да рас. Бірақ соған бола «орыс қызы қазақ тілін жетік білді, еркін меңгерді» деп есептеу тым артық. Айшықты да бейнелі қазақ тілін әнге лайық өлең сөз, өнер түрінде, ақындық дәрежеде игеру деген оңай дүние емес. Ал шындығында, Мәриям Жагорқызы өлең шығармаған, ән айтпаған, өнерден құралақан болған. Бұған оның өз сөзі куә.

1948 жылы Мария Егоровна Рыкинаны музыка мамандары Алматыға шақыртып, алдыртқан ғой. «Сіз ән шығарады екенсіз, бір ән салып беріңіз, тыңдайық», – дейді Борис Ерзакович. Сонда Мәриям Жагорқызы: «Мен өмірі «әу» деп ауыз ашқан емеспін» депті (Евгений Брусиловскийдің естелік-күнделігінен оқыңыз). Жарықтық Мәриям: «Дауысым келіңкіремей отыр» деп көлгірсімей, орысша турасын айтқан ғой. Біз болсақ, өмірі «әу» демеген әйелді сазгер санап, композиторлар қатарына қосудан, оның атын Біржан сал, Ақан сері, Естай ақын, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса және Мұхитпен бірге кітапқа кіргізуден, телевизия мен радиодан хабарлаудан жаңылмаймыз да жалықпаймыз. «Ауру қалса да, әдет қалмайды» дегеніміз осы.

«Дудар-ай» операсын жазған композитордың «Дудар-ай» әніне берген бағасы да ерекше: «Ал әнге қарасақ, – депті Е. Брусиловский, – кең тынысты, диапазоны үлкен, әйел шығаратын ән емес». Демек Нұрғожа Ораздың: «Бұл әнді шығарған – Үлебай деген кісі, ер адам» деп жүргені шын болғаны ғой.

Бір қызығы, біздің әнші қыз-келіншектердің репертуарынан осы бір әнді кездестірмейміз. «Дудар-ай» әнін көбінеки ерлер шырқайды. Атап айтсақ, Әнуарбек Үмбетбаев, Мүсілім Абдуллин, Байғали Досымжанов, Бекен Жылысбаев, Әлібек Дінішев, Кеңес Бақтаев, Кенжеғали Мыржықбаев, Мұрат Шалабаев болып жалғасады. Өңкей бір тенор дауысты әншілер терең тебіреніспен шырқатады. Тегі, өз жынысының әуен-сазын, әсем назын іштей, көңілмен, көкірекпен түсінеді ғой деймін. Яғни өмірде Үлебай деген ақын адам, сазгер қазақ болғанын біздің де түсінетін, ұғынатын кезіміз жетті.

«Дудар-ай» – Үлебайдың ән-өлеңі, әуен-сазы деп білгеніміз жөн. Үлебай өнерін мойындасақ, ән-өлең табиғатын дұрыс танығанымыз болмақ. Сөйтсек, «Дудар-ай» әнінің шын иесін айқындап, әділдік орнатқан болар едік. Бұдан Мәриям Жагорқызы да ешқандай зиян шекпейді. «Ән-

нен сөзін алып тастай алмайсың» деген орыс мақалы дәл осы жерде шындыққа айналады. «Дудар-ай» әні шырқалған сайын Мәриям Жагорқызының аты әнмен бірге әуелейді де тұрады. Ешқашан санамыздан өшпейді. Сонымен қатар Үлебайдың да есімін есте сақтаймыз. Әсем әнге негіз болған орыс қызының қазақ жігітіне деген асыл сезімі әрдайым жадымызда жаңғырады.

Алматы қаласы.
(«Қазақ әдебиеті» №3, 20-26 қаңтар, жұма, 2006 жыл)

«СҰРЖЕКЕЙДІҢ» ШЫН ИЕСІ

Қазақ телеаптасында «Қазақстан» арнасы бойынша «Інжу-маржан» атты тележоба өтті. Онда мен Алматыда едім, балдақпен емес, таяқпен жүретін кезім. Қай кезде өткенін тележобаны ұйымдастырып, өткізушілер, әрине, білуге тиіс.

«Інжу-маржан» концертіне семейлік әнші Санақ Әбеуов келген екен. Санақ «Сұржекей» әнін орындады. Шынында, көмекейі бұлкілдеген әнші екен. Жүрісі жеңіл, аса бір ойнақшыған аттың үстінде ән шырқағандай әсер етті.

Концерттен кейін «Қазақстан» арнасы бір хабар жүргізді. «Халық әндері» деп жүрген шығармалардың шын иесі бар екендігі жөнінде сөз болды. Сонда Санақ Әбеуов өз кезегінде «Сұржекей» деген әннің шын иесі – Мейірбай екендігі туралы ел ішіндегі әңгімені айтты. «Ел» дегені – біз, көпшілік қой. Әлгі сөздерге мен, көпшіліктің бірі, иландым. Иә, «Мейірбай» деген қазақтың, оның маңдайға басқан бір аты болуы мүмкін ғой. Қазақтың қадірлісінің бірі – жылқы, астындағы аты ғой. Ол атқа ат қойып, әспеттейді ғой. Түрі-түсі жөнінен – «Сұр» болған. Оған «жекей» деген сөз қосылады. Ол қазақтың ұғымында «сәнді, өте сәнді» деген сөз. Сосын аттың әдемі, жүрісі әнмен суреттеледі.

Сұржекей, әсем басып елеңдейсің,
Бойжеткен сұлу қыздай көлеңдейсің.
Мойныңды бұрып тастап, сылаң қағып,
Мінгенде көңіл шалқып, көкке өрлейсің!

Пау, шіркін! Ән болса, осындай болсын! Ат мінсең, осындай ат болсын! «Сұржекейдің» иесі – Мейірбай деу лазым. Оған дау айтып, соттасатын кісі болса келе берсін!

23 ақпан, 2011 ж. Астана.

ӘУЕЛІ «НЕСІҢ» ДЕП ЖАЗБАЙСЫҢДАР МА?

«Азат» газетінен «Әзиз Несинді әспеттей береміз бе?» дегенді мен де оқып едім. Тым ұшқары пікірден шошып кеттім. Бір кезде біздің Мағжанды да «ұлтшыл, байшыл, діншіл» деп, оқуға тыйым салып еді. Сол таз кепешті қайта кигізудің несі сән? «Қазақ әдебиетінде» (№5) осыған тойтарыс берілген екен. Оны да оқыдым. Бірақ қазір сөзге тоқтау деген жоқ қой.

Бір ғаламаты, әйгілі жазушыны ғайбаттаушы мен ардақтаушының екеуі де оны Әзиз Несин(?) деп атайды. Әсіресе фамилиясын «Несин» деп, орысша айтып, орысша жазады. Жоқ, ол – Несин емес, Несің ғой. Кәдімгі «Кімсің» деген тәрізді. Бұл – сықақшының бүркеншік аты. Керек десеңіз, оның аты-жөні түгелімен әдеби псевдоним: Әзиз Несің. Ол әдейі осылай құйтырқыландырып отыр. «Елдің бәрін сынап-мінеп, келемеж еткендей сен өзің – неғылған жансың, неткен Әзиз Несің?» деп, өзін де мысқылдап отыр. Өйтпесе Ол – әжуаның асқан шебері болып, әлемге таныла ма?

Орыстарға кінә жоқ, олар түрікше «Әзиз Несің» деп айта алмайды, орысша Азиз Несин деуге мәжбүр. Ал біздегілерге не жорық? Түрікті туыс санап, жақын көріп жүргендердің түрік қаламгерін түсінбейтіні қызық. Әзиз Несің дегендегі сөз астарын әлі күнге сезбеуіміз қалай? Оның есімін ауызға алады екенсіңдер онда әуелі «Несің» деп жазбайсыңдар ма? Содан соң барып айтыссаңдар бір сәрі. Әттең, қазіргі пікір таластан шындық тумайтыны шатақ.

Уәж

АҚТАНБЕРДІ ҒОЙ ДҰРЫСЫ

Біреудің атасына тиіспек түгіл, біреудің атасы туралы сөз қозғаудың өзі қиын. Әсіресе, қазіргідей, біреудің асын біреу тартып алып жатқан кезде...

Әйтсе де ата-бабамыз, арғы тегіміз турасында ойланбай, толғанбай тұра алмаймыз. Арғы тегімізді айқындап, түгендеу оңайлыққа түспейді. Өзгесін былай қойғанда, осы біз ата-бабаларымыздың аты-жөнін дұрыс айтып, түзу жазып жүрміз бе, жоқ па?

Осындайда жарықтық Ақтанберді жырау ойға келеді. Әйгілі жыраудың есімі ел жадында сақталған, ең сүйсінерлігі де сол. Содан соң біз оның әдемі ныспысын «Алдаспан», «Үш ғасыр жырлайды», «Бес ғасыр жырлайды» дейтін кітаптардан, Қазақ энциклопедиясынан көріп, оқып білдік. Әттең, соның бәрінде әрі батыр, әрі жырау, ардақты жанның аты Ақтамберді (?) деп жазылған. Және барлық жерде солай айтылып, солайша жазылып жүр. Ал дұрысы – Ақтанберді ғой.

Жұрттың неліктен **Ақтамберді** дейтінін түсінбеймін. Қазақта «ақтам» деген түбір сөз жоқ қой. Ақ және там деуге де келмейді. Там үй көбіне қоңыр, сары, алабажақ болса керек. Мәселе – әктеліп, ағарған там үйде емес, мәселе бұл жерде «неден?», «қайдан?» деген шығыс септігінің сұрағына жауап беретін «ақтан» дейтін асыл сөзде, қазақы түсінік, ұлттық ұғымда жатыр ғой.

Әуелім ел аузындағы жырға жүгінейік:

Шаруаның бір пірі –
Жылқышы ата,
Тілегенде, өзің бер ақтан бата.
Үйір-үйір жылқыны шұрқыратып,
Ойдан-қырдан арқансыз
Әкеп мата! –

деуші еді ғой халқымыз. Батаның да, байлықтың да ақтан берілуін тілейді.

Екіншіден, «Еңлік-Кебек» трагедиясында: «Бағымды ашсын, батаңды бер, әз аға» деп, Кебек қолын жайғанда, оған еміренген Абыздың: «Адалдан бер, ақтан бер!.. Ер маңдайын баққа бер!» деп, қолын көкке созатыны бар емес пе? «Дүние сөзін бойына сіңіп алған» Мұхаңның (Мұхтар Әуезовтің) сахнадағы Абыздың аузына: «Адалдан бер, ақтан бер!» дегенді тегін салмаған. Ескілікті сөздің ежелгі мән-мағынасын кейінгі ұрпақ біле жүрсін дегені ғой.

Қазақтың аңғырт, аңғалдығы сондай, өз белінен, өз әйелінен туған баланы Құдайберді, Тәңірберді дейтінін қайтерсің. Әйтеуір «Үкімет берді» демегеніне де шүкіршілік.

Бір перзентке зар болғанда қазекең Тәңірге, Жаратқан Иеге жалбарынып, әулие-әмбиеге, аруақтарға сиынады. Киелі ағашқа ақтық байлап, ақ көңілмен, ақ ниетпен, ақ тілеумен үміт етеді. Соған орай, түсінде оған ақ сәлделі, ақ сақалды, ақ шапанды Қызыр баба аян береді. Түгел әппақ. Ақыры үміті ақталып, дүниеге балпанақтай ұл келгенде, балаға Ақтанберді деп ат қоймағанда қайтеді. Ендеше, атақты батыр, әйгілі жыраудың атын нақ осылай айтып, дәл осылай жазғанымыз жөн.

(«Қазақ әдебиеті» №10. 10 наурыз-16 наурыз,жұма, 2006 жыл)

«Оралман» деудің қандай қисыны бар?

Дәл қашан екенін білмеймін, соңғы кезде оралман деген бір сөз пайда болды. Турасын айту керек, жаңсақ айтылған жасанды сөз көңілге мүлдем қонбайды. Әйтсе де газет, теледидар, радио атаулының бәрі осы бір сөзді көп ойланып, қиналмай-ақ жиі қолдана бастады. Тым өкінішті.

«Ман, мен» жұрнақтары арқылы жаңа сөз жасау тәсілі баяғыдан бар. «Аларманға алтау аз, берерменге бесеу көп» дейтініміз – соның айғағы. Біздің бабаларымыз сөз мәнісін өте нәзік сезінгендіктен өмірге келген әрбір жаңа сөз тілімізді көркейтіп, байытып отырған. Жаңадан сөз жасауда тілдің ішкі заңдылығы бұзылмаған.

Мәселен, жаңағы аларман-берермен дегендегі алғашқы сөздің түбірі – ал, бұйырық райлы етістік. Бұған ар жұрнағы қосылып, алар делінген, оған ман жұрнағы қосылып, аларман сөзі пайда болған. Екінші сөздің түбірі – бер, оған енді ер жұрнағы қосылып, берер делінсе, бұған мен жұрнағы қосылып, берермен деген сөз жасалған. Атарман, шабарман, оқырман, көрермен сөздері де осындай заңдылықпен туындаған.

Ендеше тілімізге оралман дегеннің пайда болуы орынсыз. Өйткені мұның түбірі – орал. Қандай жақсы, жағымды сөз. Соған ман жұрнағы бірден қоса қойғанда әлгі алғашқы мағнаға керісінше, теріс мағналы, солақай сөз жаңсақ түрде жасалған. Оралман дегеннің жағымсыз мағнасы барын қалайша бағамдап, байқамаймыз?

Алыс-жақын шетелдердегі қандас бауырларымыздың қайта оралғаны жөн, бірақ оларды «оралман» деген келеңсіз сөзбен қарсы алатынымыз қалай? Қазақ өзінің ең асылы, ең жақынына Оралбай, Оралбек, Оралхан, Оралтай деп ат қоятыны қайда? Атамекенге қайта оралған жандар – қазақ елінің, қазақ ұлтының еркетай оралтайлары емес пе?

Тарихи Отанына қайта оралып жатқан қандас бауырларымыздың ата-бабалары бір кезде кеңес өкіметінен тепкі көріп, зәбір шегіп, дүние-мүлкі тәркіленіп, өздері жер ауып бара жатқанда:

Мол дүнием жоғалған,
Жан дүнием тоналған;
Адыра қалған есіз үй,
Енді қайтып оралман! –

деп, зар еңіреп, күңіреніп еді ғой. Сол бейбақтардың сорлы ұрпағы бар азапты бастан кешіп, ақырында атамекенге келіп жеткенде, ежелгі арман жүзеге асқанда, оларды – оралман деудің қандай қисыны бар?

Қылыш – білек те емес, оқтау да емес

Жуырда бірер газет мәдени өмірдің жаңалығы, жетістігі жөнінде әсіре даңғаза хабар жариялады. Бір газет: «Ұлытау» мәскеуліктерді таңдандырды» деп мақтады. Екіншісі: «Ұлытау» мәскеуді бағындырды» деп даурықты. Сонша дабырайтқандағысы – «Ұлытау» музыкалық тобы, үш орындаушы Мәскеудің бір джаз клубында концерт қойыпты, сол тыңдаушыларға ұнапты. Бірақ бір клубқа жиналғандар – бүкіл Мәскеу емес қой. Көл жиегінде суға шомылған кісіні Балқашты құлаштап жүзіп өтті деп лепіртеуге келмейді ғой.

Бұдан да қиыны – «Ұлытау» тобының «Жұмыр қылыш» деп жұлқынып жүргендігі. Газеттердің жазуынша, үш кісілік топтың әуендер жинағының аты, яғни музыкалық альбомның атауы – «Жұмыр (?) қылыш» көрінеді. Қазақ тіліндегі газеттерде қазақша сөйлейтін кісілер дәл солай жазып отыр. Титтей қымсынбастан, тіптен ықынбастан. Эстрадалық зікір салушы жастардың «Жұмырың не?», «Қылышың нендей?» деп ойланбауы да мүмкін. Бірақ өзін қазақ санайтын қалам иесі «Жұмыр қылыш» деген сөз тіркесін орынсыз көріп, бір сәт ыңғайсызданбауы қалай?

Бәріміз де жұмыр басты пендеміз. Жұмыр жердің бетінде бейнет кешіп жүрміз. Жеке меншігінде аяқ артар жұмыр тұяқ боюғаны қазақ үшін мерей. Күтімдегі жылқының жоны жұмырланып, кісінің өзі де жұмырланып толысады. Тек асқазанда жұмыр құрт болудан сақтасын.

Ал әдемілік тұрғысынан келгенде, сүйкімді бойжеткеннің, сұлу әйелдің жұмыр білегіндегі жұмыр күміс білезігі көз тартады. «Аяқ тік, балтыры әппақ, саны жұмыр, түседі абайсызда көзі құрғыр» деп өлеңдетуіміз бекер емес қой. Абай айтқандай, жұп-жұмыр ақ торғындай мойыны бар» көрікті жанның қолында жұмыр оқтау болғаны да өте жарасымды. Жұмыр дүниенің бәрі қазаққа мәлім. Демек, өткір қылыш – білек те емес, оқтау да емес. Қылыштың жұмыр болар жөні жоқ. Көк семсердің өзі де, жүзі де жұмыр болуы мүмкін емес.

Мен бұрынрақта осылай ойланып-толғанып, іштей қиналып жүруші едім. Былтыр «Жас Алашта» (№102-103, 27 тамыз 2005) Шығыс Қазақстан облысы, Аякөз ауданы Қарағаш ауылынан хат жолдаушы Қазыбек Байжұмановтың: «Дұрысы – «Жұмыр, Қылыш» болса керек-ті» деген пікірі жарияланды. Осыны оқығанда менің қуанғанымды көрсеңіз. Көптен бері көңілімді күпті етіп жүрген жайдың сыры ашылды. Істің мәнісі былай екен: Исатай қаза болған соң Махамбеттің жалғызсырағаны аян. Қайтадан күш жинап, қол молайту үшін ол Жайық бойындағы Байбақты еліне барады. Сол жақтың Жұмыр (шын есімі – Садыр) және Қылыш деген ержүрек кісілерімен танысып, табысады. Кейін Баймағанбет сұлтан бір топ нөкерімен қапылыста Махамбетті қоршап, қолға түсірмек болады. Сонда жаңағы Жұмыр және Қылыш есімді батырлар қарсылық көрсетіп, Махамбетті қоршаудан құтқарған. Осындай оқиғадан соң Махамбеттің көкірегінен «Жұмыр, Қылыш» дейтін күрделі күй туған екен. Бұл жөнінде әлгі ойлы оқырман Қазыбек Байжұманов тағы бір білгірдің жазғанына сүйеніп, О. Сүйінбековтің Алматыда жарық көрген «Қазақтың музыкалық фольклоры» деген зерттеу еңбегіне сілтеме жасайды.

Енді, міне, түсінікті. Күйдің өзін, күмбір сазын бірден ұғыну қиындау болғанмен күйдің атауын айқын ұғынып, ішкі сырын сезініп, түсінуге ден қойсақ керек. «Ұлытау» тобы солай жасап жүр ме, жоқ па білмеймін. Менің қауіптенетінім: музыкалық альбомның қисық атауы орысшаға қате аударылып, «Круглый меч», «Круглая сабля» деп, өрескел бұрмалып жүрмесе жарар еді деймін. Одан ағылшынша аударылатын көрі-

неді. Сонда біздің қылышымыз цилиндр сықылды болып шықса, масқара ғой... Алмас қылыштың, алмастай өткір сөздің қадір-қасиетін біздің бәрімізден артық білген батыр бабамыз, ақын бабамыз Махамбеттің пайым-танымына, қазақтың ұлттық ұғым-түсінігіне көлеңке түсіргендей боламыз ғой. Өзгелер емес, өзіміз соған себепші болуымыз өкініште.
Жоқ ағайын, ел ішіндегі есті жандардың, ақылды кісілердің дұрыс сөзіне құлақ асуымыз керек. Махамбет Өтемісұлының өте жігерлі күйін: «Жұмыр, Қылыш» деп айтып, жазуымыз керек. Немесе «Жұмыр-Қылыш» деп жазсақ тіпті жақсы. Ақын Мағауия Ибрагимұлының әйгілі дастаны – «Медғат-Қасым» болып айтылып, жазылатыны тәрізді. «Жас Алаштың» оқырманы жақсы аңғарған: дұрысы «Жұмыр, Қылыш»! Екі кісінің есімі – күйдің аты.

Алматы

ЖАҢА КІТАП – ЖАҚСЫ СЫЙЛЫҚ

Жаңа жыл да жақын. Бұл күнді бүкіл еліміз жарқын мейрам, жарасты той ретінде қарсы алатыны хақ. Халқымыздың қашаннан мереке күндері мейірлі келетін әдеті. Қадір-құрмет молайып, ықылас-ниет ыстық бола түседі. Сондай кезде таныстарға тарту жасап, дос-жаранға сый ұсыну да өмірімізден орын алуда. Осы орайда өткен жылды еске қалдырып, жаңа жылды жадыңа салып отырардай заттай сыйлық – аттай сыйлық – әрине, кітап.

Қазір республикамыздың қай қаласына барсаңыз да, үлкен көшелердің бойындағы үлкен кітап дүкендері үнемі оқырман қауымды күтіп тұрады. Қайсысына кірсеңіз де, жаңа кітаптар жарқырап алдыңыздан шығады. Көп кітаптар көркімен көз тартса, көп кітаптар көлемімен көңіл аударады. Бәрінен бұрын ішкі мазмұнымен танысып, тағылым алып, ләззат табуға талпынасың. Қайткен күнде де, «Жазушы» баспасы шығарған жаңа кітаптар таңдап тұруға, талғап алуға жетерліктей. Әсіресе, поэзия сөресінде молшылық.

Міне, «Студент қаламы». Ақын қыз Мағираш Сариковаңың алғашқы жинағы осылай аталған. Мұнда оның әр алуан тақырыпқа жазылған балауса- балғын жырлары бар.

Қыз жолы қиын деген, нәзік деген,
Күйлерін көңілімнің жазып келем.
Сөзді мен ақтай алсам жарар еді-ау,
«Жақсы жыр – рухани азық» деген, –

деп, жастығына жарасты кішпейілділік білдіріп, сонымен бірге өлеңнің қадыр-қасиеті жайлы оқырмандарға ой тастайды.

Ал Қанипа Бұғыбаеваның жаңа жинағы жарыққа шыққандығын «Екінші дәптер» деген аттың өзі анықтап тұр. Сондай-ақ жинаққа ен-

ген өлеңдер оның іздену жолында ілгерілеп келе жатқандығын танытады.

Жақсылықтан кім жалығып, жеріңсін,
Жақсылықпен жазылып бой, серпілдік.
Берілмесін тек соғысқа еркіндік! –

деп, бейбітшілік туралы берекелі жыр төгеді ол.

Жас ақындар Жақсылық Сәтібеков пен Төлеген Айбергенов те екінші жинақтарын шығарып, елге танылудың табалдырығын анық аттап өткендей. Жақсылықтың «Таңсәрі» атты кітабына Отан соғысының ауыр кезеңіндегі ауыл өмірі туралы өлең-естеліктері мен бірнеше шағын поэмалары енсе, Төлегеннің «Өмірге саяхат» кітабына жаңа өлеңдері кірген.

Төлеген Айбергенов – өзіндік ой толғамы, өлең өрнегі бар ақын. Ол шешен сөйлеп, шебер жазады. Оның өлеңдері:

Аққу мойын, ақ көйлекті қайыңдар,
Дәл сендердей менің де аппақ айым бар.
Бақытымды шулап көкке жайыңдар,
Шулап көкке жайыңдар, ақ қайыңдар.

О, қайыңдар, шуылдасқан топтала,
Сырды ұрлаудан, сыбдырлаудан тоқтама.
Ол әзірше ағытқан жоқ сыр маған,
Төмен қарап жымияды тек қана...–

деп, ойнақы басталып, оймен аяқталып жатады.

Күні кеше осылардай өзі жас, сөзі де жас Тұманбай Молдағалиев енді, міне, егде тартқан, елге жақын ақын болды. Алдымызда алтыншы кітабы жатыр оның. Уақыт жәйлі толымды жырларын жинақтап, «Зулайды күндер» деген ат берген. Осы аттас өлеңі бүкіл кітаптың да мән-мазмұнын ашқандай.

Зулайды күндер. Күндерім менің зулады,
Әр күнім менің – жырымның жаңа шумағы.
Жылымды қанша, жасымды қанша жоғалттым,
Арман деген аяулы жанды қуғалы.

...Кетеді бір күн. Келеді бір күн күлімдеп,
«Гүлімді жина, нұрыма менің жуын» деп.
Найзағай болып көктемде жұлқып оятып,
Өрт болып лаулап келеді тұрғым дүрілдеп. –

деп ақын, әдеттегіше арынды сөйлейді. Оқырманды өз досындай көріп, көңіл-күйін көлегейлемей, жан дүниесін жайып салады. Т. Молдаға-

лиев, жас кезіндегідей, әлі күнге сыршыл да шыншыл. Оның жаңа жинағын сырлас кісімізге сый етіп ұялмай ұсынуымызға болады.

Қазақ ақындарының қазіргі ағасы Сәбит Мұқанов соңғы 23 жылда көбіне проза саласында еңбектеніп келгені елге мәлім. «Әйтпесе, «келіншектің бетін кім ашса, сол ыстық» дегендей, алғашқы бастаған жанрың төркін тәрізді ыстық болады да тұрады екен. Кейде прозалық шығармаларды қоя тұрып, өлеңге қалам тартатыным бар. Кәдімгідей аңсаймын. Соның әсерінен болу керек, соңғы жылдары жазған жаңа поэмаларым мен өлеңдерім «Шыңнан шыңға» деген атпен биыл баспадан шықпақ» деп, Сәбеңнің Сырдария бойында сыр шерткені бар-ды. Сол кітап дүйім көпті қызықтырып дүкендерге түсуде. Кітаптың әшекейі әдемі. «Арнаулар», «Жеке өлеңдер», «Шоғыр өлеңдер», «Төрттаған» боп келетін бөлімдердің әрқайсысы айшықты суретпен ашылады. Ең үлкен бесінші бөлімге поэмалар топталған. Әсіресе, «Жұпархан» поэмасы көлемді де көркем. Оқиғасы қызықты, тілі тартымды, оқуға жеңіл. Қай үйдің болсын, семьялық кітапханасына Сәбең кітабының сән берері сөзсіз.

Жалпы жаңа кітаптар көп. Келесі бөлімдегі прозалық шығармаларға тоқталсақ, әңгіме тіпті ұзап кетер еді. Оның үстіне, қолмен ұстап, көзбен көргендей бола ма? Кітап дүкеніне келіңіз, оқушы!

«Коммунизм нұры» газеті, 1965 жыл

Мекен көркі

ОДАҚҚА ТАНЫЛҒАН ОТАУ

1

Күн сәулесі шалқар айдынмен шағылысып, оның жалғыз тамшысында да жарқырайды. Сол секілді советтік өмір салтанаты Отанымыздың бүкіл ұлы тұлғасынан да, ең кіші елді мекеннің келбетінен де танылады. Алып өндірісте де, шағын шаруашылықта да жасампаздық сипат бар. Дәуіріміздің қарышты қадамын аулымыздың өркенді өмірінен де сеземіз. Өзіміз барып, көзіміз көрген совхоз орталығы – сәнді қалашық соны сөйлейді.

2

Алдымызда – «мен мұндалап» мұнартқан тау. Көгілдір сағым қол бұлғайды. Бағытымыз – сол, барар жеріміз – баурайында сол таудың. Жеңіл машина жедел жүйіткіп келеді. Жақындаған сайын жаңағы көкшіл шоқы қаракөкке айналып, қарабарқын тартқандай, көңіліміздегі ойдың көбейе түскені секілді. «Сапар бағыты – совхоз орталығына

қашан жетеміз? Қандай екен ол өзі? Ауызға легіп, айтуға тұрарлықтай анық көрікті ме екен?».

Осы ойлардың жетегінде келесі бір қайқаңға шыға келгенімізде Ақан тауының аумағы айқындала берді. Қас қаққанша болған жоқ, тау етегіндегі Жақсы көлі де жарқырай қалды. Қамысы жоқ, қоғасыз, көкпеңбек көл.

Міне, осындай айнала мұнар, көгілдір сағым ішінде көл жағасындағы аппақ мекен айырықша назар аударады. Нағыз шағаладай шаңқан үйлер. Самсаған сәнді құрылыс. Іштей танып, біліп келеміз, біз іздеген әйгілі село, әдемі мекеннің тап өзі болса керек. Анығында солай екен: селоға шақырым қалған жерде жөн сілтегіш, жол көрсеткіш тұр. Тас тұғырға темір қада қағылған, металды мейлінше өрнектеп: «Приозерный» совхозы деп жазылған.

Иә, Балқашин ауданы «Приозерный» совхозының орталық усадьбасы – осы.

3

Совхоз 1957 жылы құрылған. Оған Балқашин асыл тұқымды мал заводының бұрынғы №2 бөлімшесі орталық болып, көршілес «Қызыл Қазақстан», «Қызыл Октябрь», «Победа коммунизма» колхоздары біріктірілген-ді. Олар қазір тиісінше жеке-жеке бөлімшелер болып отыр.

Ол кезде ауыл-селода күрделі құрылыс жұмыстары мардымсыз болғаны мәлім. Ал, «Приозерный» секілді жаңадан құрылған совхоздардың жағдайы, тіпті, қиын еді. Мәселен, осы күнгі орталық усадьбаның орнында бұрын бар болғаны 12 саман үй тұратын. Совхоз бухгалтериясы алғашында екі вагонға орналасқан-ды. Шаруашылық басшылары «ат үстінде жүріп» дегендей, күй таңдамай іс істейтін.

Бірақ өсе бастаған совхоздың қауырт көбейген жұмысшылары үшін үй болмаса, күй болмаса, олар қалай іс атқармақ? Тұрмыс түзелмесе, мәдени тілек қанағаттандырылмаса, қажырлы еңбек қанатсыз қалмай ма? Сондықтан да совхозда құрылыс жұмысы шаруашылықтың басқа салаларымен қатар жүргізіле бастады. Құрылыс, әсіресе, 1963 жылы кең өріс алды. Бұл жылы көптеген мәдени құрылыстар ел игілігіне асты. № 3 бөлімшеде әп-әдемі клуб салынды. Қашаннан бері колхоз бола жүре бір клубқа жарымай-ақ қойып еді, жарылқанды да қалды. Сол жылы орталық усадьбада 25 төсегі бар совхоз ауруханасы салынып бітті. «Еңбекшілердің денсаулығы – ең алдымен» деп шешті басшылар. Ал өмірдің өзі тағы бір талап қойды: совхоз құрылған кездегі бастауыш мектеп үйін салуға тура келді. Келесі жылы Қызыл Қазақстан бөлімшесінің бөбектері де «Алақай»!» – десті, – ағалары әдемі мекетеп салып берді.

4

«Совхозда қадр тұрақтанып, жұмысшылар байырғы болсын десеңіз, олардың өздерінен бұрын балаларына қамқорлық қажет». – Бұл ойды

бізге совхоз партия ұйымының секретары М.Е. Завзин жолдас айтты. Михаил Ефимовичпен бірге усадьбаны аралап, балалар бақшасына қарай бет алған едік. Ақсары өңді, етжеңділеу болса да, елгезек қимылдайтын орта бойлы орыс азаматы бізді қашанғы танысындай қарсы алды. Көрсетіп жүруге, түсіндіріп беруге, бәрін баяндауға дайын. Бар істің басы-қасында өзі болғандығы, шаруа жәйін жақсы білетіндігі, іске шын жаны ашитындығы айқын аңғарылып жүр. Өзі осы шаруашылықта құрылыс жұмысы қызу қолға алынған кезден бері совхоз коммунистеріне бас болып келеді екен. Түр-тұлғысында, жүріс-тұрысында, айтқан сөз, айқындаған ойында партиялық жетекшіге тән парасаттылық байқалады. «Осындай басшысы бар жерде жарыс лаулай бастайды, табыс таудай асқарлы», – деп айтқың келеді.

Ал, оның өзі совхоз директоры В.Д. Белай туралы беріле сөйлейді. Белайдың шаруашылық құрылғаннан бергі байырғы басшы екенін, іскер де батыл директор екенін ескертеді. «Мекемеміздің осылай өсіп, көркейюінде көп роль атқарды, ол өзі құрылыс ісіне құлықты», – деп сипаттайды.

– Жалпы бізде, – дейді секретарь, – құрылысқа, бәріне ден қойып, көңіл бөліп отырады. Әйтседе, директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары И.М. Евсеев жолдасты ерекше атамай болмайды. Сол ғой мынау құрылыс материалдарын, не керектің бәрін жер-көктен іздеп табатын. Әрине, түрлі әдістер қолданылатын шығар, – деп күледі ол, «ондайды өзін де білесің ғой» дегендей. Сонан соң түсін салмақтандырып, тағы да ой түйеді: – Бұл өзі – шешімі қиын мәселе. Құрылыс материалын табу қиын. «Жетіспейді» дейміз. Материал жетіспейді емес, құрылыс жүргізуші ұйымдар мен құрылысты жабдықтаушы орындардың арасында байланыс жетіспейді. Құрылыстың сондай қиыншылықтары көп. Әйтпесе, қай совхоздың сәулетті үйлер салғысы, сәнді тұрғысы келмейді?

– Мынандай үйді орнату оңай болып па? – дейді секретарь кенет бөгеле беріп. Оның үйінде өткен қиыншылықты еске алу да, жеңіске жеткендіктің орынды мақтанышты да бар еді. Дәл осы үйге өзі бастап әкелуі де тегін емес-ті. Екі қатарлы еңселі үйге қарай қалдық. Айнала қоршаған әдемі дуалға, алаңдағы әткеншек, сырғанақтарға қарап, ұядай үйшіктің төбесіндегі алтын айдарлы әтешті көтеріп, балалар бақшасы екенін бірден танып-білгендейміз 1965 жылы салынған, 140 орында балабақша осы. Маңдайшасында «МАМИ» деп жазылған. «Москваның авто-механикалық институты» деген сөз. Жұрттың көбі мұны «Мамы (Аналар)» деп ұғынып, әріп қатесі бар дегендер де болыпты. Соны күлімсірей әңгімелеген секретарь сергек тіл қатты:

– Шынында, Москва студенттері совхоз бөбектерінің ата-анасындай болғаны анық. Ішке кіріп көріңізші өзіңіз.

Кірген үй қандай болса, келген кісі өзін солай ұстайды ғой. Жалтыраған еденді, кіршігі жоқ кілемше-төсенішті көріп, табанымызды тазалауға кірістік. Аяқты ұшынан басып, сыбырлай сөйлесеміз: түстіктен кейінгі тыныс сағаты екен. Әуесі биік, аса кең бөлмелерде бөбектер ты-

нығуда. Олар жас айырмасына қарай екі топқа бөлінген. Бірінші залда – бүлдіршіндер, титімдей-титімдей кереуетшелерде монтиып-монтиып момақан жан иелері жатыр. Тәтті ұйқының құшағында алаңсыз маужырайды. Осынау дүниені тамашалауын қоя алмай, қызығына тоя алмай, жанары жалтырап таңырқап жатқандары да табылады. Екінші залда – ересектері, нағыз ойын балалары. Асыр салудың «нормасын» асыра орындап, қалжырай қалғыпты көпшілігі. Енді біразының ұйқысы келмей, күлкісі келгендей.

Міне, енді бала біткен балбырап ұйқыға кетті. Ақ төсеніш, ақ жамылғы арасында тойынған қозыдай томпиады бәрі. Жатсын ұйықтап жасөспірім, алсын әбден тынығып. Ойнап-күлсін, ойнақ салсын әзірше. Еңбек етер, ойға батар күні алда: ұйықта, Наташа! Папаң сенің – Иван Бурдук, совхоз трактористі, темір тұлпарға тегін мінген жоқ. Қаншалықты қажырлы еңбек етсе, соншалықты совхоз байып, сәнді тұрмыс боларын түсінеді, біледі ол. Дем ал Вася! Сенің әкең – Александар Шепило жол үстінде дем алмастан, тоқтамастан заулайды. Алаңсыз тынық, Анюта! Сені мұнда аялап, бағып-қағып отырған соң, сенің мамаң бұзау күтіп, «әукешім» деп алаңсыз еңбек етіп жүр. Отан сендерді қамқорлыққа алғандықтан олар Отан байлығын арттыруға ынталы.

Ал мынау үлкен зал – ойын-сауық орны, өнер үйренетін жер. Мұнда бөбектер би билейді үйренеді, ән салуға жаттығады. Күмбірлеген күйсандық тұр бұрышта. Залдың қабырғалары айрықша әсем де әсерлі безендірілген.

Совхоздағы күрделі құрылыстың көпшілігін сол студенттер жүргізген. Жыл сайын көмекке келіп отырыпты жастар. «Ал совхоз құрылысшылары ше?» – деген ой келген-ді бізге. Секретарь соны сезгендей:

– Қазір совхоздың 8 құрылыс бригадасы бар, – деді балалар бақшасынан шыға бере. – Бұрын олардың мүмкіншілігі онша емес еді. Арнайы құрылысшы мамандығын алғандар емес, көбі қол өнер шеберлері ғой. Әйелдер жағы өндеушілер ретінде өте зәру. Ал енді ерлеріміз құрылыс ісіне әжептәуір ысылып алды. Әсіресе аға прораб А. Скородумов келгелі еңбектері еселі де берекелі. Бөлімшелердегі құрылыс бригадалары түрлі қора-қопсы, қоршау, сарайларды сала беретіні анық. Усадьбадағы құрысшылар совхоздың жылу орталығының құрылысын аяқтауға жақын.

Шаруашылықтың қуатты жылу орталығы 1965 жылдан істей бастаған екен. Қазір оның үшінші кезегі жұмысқа қосылмақ. Соған орай, совхоздың Мәдениет үйіне де жөндеу жұмыстары жүргізіліпті. Жұртшылыққа мәдениет нұрын шашатын сәулетті үйдің салынғанына төрт жыл. Іргетасы берік материалдан мығым жасалыпты. Сыртқы түрінің өзі көрікті де қомақты. Іші, тіпті, ыңғайлы, ұқыпты. 360 орындық кең де келісті залы бар. Пүліш шымылдықты сахнасы, өнерпаздар бөлмесі өз алдына. Саусағы майысқан музыкант А. Арзамасцев жетекшілік еткен совхоз өнерпаздары сахнаға жиі шығады екен. Есімі облысымызға танымал

үздік кітапханашы Надежда Федотова басқаратын рухани азық ордасы да осы үйдің ішінде.

Көрермендер отыратын үлкен залмен іргелес ұзынша келген, тағы бір шағын зал бар. Шахмат, дойбы, домино ойнағыңыз келсе, газет-журнал қарап, жай ғана музыка тыңдап отырғыңыз келсе, осы залға кіресіз.

Алқымы зор вестибюлдің ауасы мол, едені таза. Жастардың ойнап-күлуіне, билеп жүруіне қолайлы-ақ. Қабырғалары қараған жанға ой салғандай: ұрандар, плакаттар, диаграммалар мен суреттер. Біздің әңгімемізге арқау болған мәдени-тұрмыстық, шаруашылық обьектілерінің көлемді фотолары көркем монтаж жасап тұр.

Оның өзіндік мәнісі бар. «Приозерный» совхозының орталық усадьбасы Бүкілодақтық бәйге-байқауға қатысып отыр. Колхоз-совхоз поселкаларын сәулеттендіріп, көркейту жөніндегі конкурстың көрмесі бар Москвада. Сонда көрсетіп, көпшілік талқысына салу үшін усадьбаның жалпы көрінісі, жаңа үйлері осындай суретке түсірілген. Оның бір-бір данасын алып совхоз директоры астанаға аттанған екен. Біз усадьбаны аралап жүрген кезде елге оралып келді.

Жұпыны киінген жұмысшы тақілетті адаммен жүздестік. Дене бітімі ірі, кескіні кесек кісі. Жайшылықта аз сөйлейді екен, мына мәселе жөнінде ашыла, ашына сөйледі. Іске деген ынтасы, жанашырлығы айқын сезіліп тұр.

– Бүкілодақтық бәйге-байқауға қатысушы көркем мекен-жай көп көрінеді. Біз бәйгеге қатысушы поселкаларды аймақ бойынша сарапқа салып, жер жағдайын, күш-мүмкіншілігін есептеуді, адамдар еңбегіне қарай бағалауды талап еттік, – деді В.Д. Белай.

Шынында да, он жыл бұрын 12 саман үй бар жерде жаңа совхоз құрылып, сәнді қалашық орнауын қалай ескермеске? Жас шаруашылықтың күрделі құрылысы өз күшімен өркендегенін еске алмауға бола ма?

Он жыл. Адамзат тарихының қас қағымдай мерзімі. Бірақ біздің жасампаз дәуір үшін аз уақыт емес ол. 1957 жылы, «Приозерный» совхозы енші алған кезде, жердің жасанды серігі аспан әлеміне шарықтап, космос дәуірінің есебін бастаған еді. Аз жылдан соң адам да көтерілді космосқа. Соның бір ескерткішіндей кең көсілген мына көше Юрий Гагарин атында. Ол шаруашылықтың шапшаң өскенін паш еткендей. Осы көшенің өн бойында ғана сегіз пәтерлік 11 үй бар. Онда космос қырандарына қанат бітірген қарапайым еңбек адамдары – комбайнер Василий Кормушкин, бұзау күтуші Татьяна Городецкая, шофер Иван Лысактар тұрады. Орталық усадьбада 1368 адам осындай екі қатарлы еңселі үйге орналасқан, бұл – бүкіл совхоз тұрғындарының жартысынан астамы. Жалпы шаруашылық бойынша жыл сайын 1200 шаршы метр тұрғын үй салынып отырады. Қазір Жағалау көшесі жаңа үйлерге толып келеді. Соның ішінде совхоз кеңсесі бірден назар аударады. Құрмет тақтасы, көрнекті үгіт құралдары ұқыпты салынған үйдің жалпы көркін көтере түскендей.

Кеңсе алдында кең аллея бар. Сап түзеген солдаттардай көк теректер қоршайды жолды. Ол орталық көше – көсем атындағы көшеге барып ұласады. Үлкен көшенің басында, Мәдениет сарайының алдында Ленинның ескерткіші бар.

Осының бәрін көріп, бұл сәнді қалашықтың Бүкілодақтық байқауға қатысуы заңды екенін сезінген едік. Ал қазір «Приозерный» совхозының орталық усадьбасы колхоз-совхоз поселкаларын сәулеттендіру мен көркейту жөніндегі жарыстың бірінші кезеңі бойынша екінші дәрежелі диплом алғаны мәлім болды. Сөйтіп ол – байтақ Отанымыздың барлық аудандарынан бәйгеге қатысқан елді мекендердің ішінде ең үздік саналған 150-дің бірі, Одаққа танылған отау.

Бұл байқау кезеңі 1968-69 жылдарды қамтиды. Ал қорытындысы 1970 жылы, В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына орай шығарылмақ. Сондықтан да «Приозерный» совхозында, оның орталық усадьбасындағы құрылыс жұмысы бұрынғыдан да қызу қарқынмен өрістейтіні сөзсіз. Оған өткен жылдың табыстары айғақ болғандай: совхоз Ұлы Октябрьдің 50-жылдығы қарсаңында күрделі қаржыны игеру жоспарын – 130, құрлыс-монтаж жұмыстарын – 177, тұрғын үй құрылысын – 213 процент орындады. Ауданның ауыспалы туы әлі күнге осы шаруашылықта.

5

Усадьбаға шақырым қалған жердегі бағанағы бағдар сілтегіште: «Біз коммунистік еңбектің жеңісіне жетеміз» (Ленин) деген дана сөздер жазулы еді. Бүкіл еліміздің де, сондай-ақ мына поселканың да жарқын болашағы сол сөздерге сыйып тұрғаны анық. Совхоз қалашығының сәулеттене түсеріне, көркейе береріне көңіліміз күдіксіз күйінде аттандық.

Балқашин ауданы, «Приозерный совхозы.
«Коммунизм нұры» газеті, 1967 жыл

Социалистік Еңбек Ерлері

АЛТЫН ЖҰЛДЫЗ ЖАРЫҒЫ

Балапан баурайында тұнған алтын

Социалистік Еңбек Ері Нұрғабыл Мәлғаждаровты ідеген кісі ат басын Ақан тауына тіремек. Атақты диқан еңбек ететін «Приозерный» совхозы осы таудың іргесіне орналасқан. Даңқты бригадирдің өз тұрағы, бригада мекені – «Қызыл Қазақстан» атты ауыл бұдан батысқа қарай жиырма бес шақырым жерде, Балапан тауының баурайында. Бізді совхоз парткомының секретары Аяған Мусин осында бастап келеді.

Аяған – ақсары өңді, дөңгелек жүзді, толықша келген жігіт ағасы. Нұрғабылмен түйдей құрдас, биыл қырық төрттің үстіне шыққан. Бүгінгі Еңбек Ерімен бала күнде бірге ойнап, мектепте бірге оқыған.

Өзі де еңбек жолын сол Нұрғабылдың бригадасында есепшіліктен бастап, бөлімше бухгалтері болған. Енді совхоз коммунистерінің жетекшісі болып отыр.

– Нұрғабылдың адал еңбегі асқан ерліктей бағаланды ғой... – Аяған құрдасына деген құрмет сөзін осылай арнады. Сосын машина терезесіне үңілді: – Мына төбенің өз шаңы аздай-ақ, біз де талай шаңдатып келіп, кетуші едік.

«Шаңтөбе» руднигі тұсынан өтіп бара жатырмыз. Біздің көңіл «Шаңтөбеден» әрі, шалқар жазыққа асығады.

Онда асыл біткеннің атасы, бар байлықтың көкесі бар. Жер бетінде желкілдейтін береке. Жер-Ананың төсінде Диқан-Бабаның өз қолымен өсірілген молшылық. Нұрғабылдай нұр қуатты ерлердің егіні. Солар баптаған алтын астық.

Осы оймызды сезгендей Аяған үн қатты:

– Міне, Нұрғабылдың бұрынғы егінжайы.

– Бұрынғысы қалай?

– Биылғы көктемгі егісте Нұрғабыл жаңадан қос тігіп, жаңа танаптарға егін салды. «Жаңа» деген – жай сөз, негізі ескі жер еді. Қара сұлы қаптап кеткен болатын. Соны өзі өңдеп алды ғой ақыры.

Еңбек Ерін жаңа бір қырынан көргендей, диқан шеберлігінің жаңа сырын танығандай біз бұл әңгімеге ынтыға түстік.

Жолды қапталдай қалың егін жайқалады. Көз жетер-жетпес көкжиекпен астасып кеткен астық айдыны. Сарғылт-қызыл «Саратов-29» бидайын анадайдан танидық. Алайда, тарыдай ұйысқан тұтастығын қайтерсің! Киіздей болып кететін тұстары бар. Балапан баурайында тұнған алтын, теңіздейін теңселіп тұрған алтын!

– Нұрғабыл жақында Вебермен бірге аралап шығыпты алқапты. «Былтырғыдай гектарынан 20-25 центнер береді» депті ғой. Қалғанын өзінен сұрап білерсіздер.

Иә, біз Балапан баурайына құт дарытқан даңқты бригадирге, №4 бригадаға жеткенше асығып келеміз.

АСЫЛ ДЕСТЕ, ӘСЕМ КЕСТЕ

Қарыс масақты қалың егін жайқалып ырғалады. Шүпілдеген шарадай ырысқа толы танапты тамашалап тұра бергің келеді-ақ. Өз қолымен өсірген ғажап байлыққа диқан жаны да еміреніп, сүйсінбейді деймісіз. Бірақ, осынау сұлу молшылыққа сұлатып орып тастамайынша олардың көңілі көншімейді.

«Қызыл Қазақстан» қырандары да жайқалған егінді жаппай орып түсіріп жатқан шақ. Дала қосының дәл алдындағы флагштогқа Ең-

бек даңқы жалауы ілініп қапты. Биік темір бағананың басында алқызыл байрақ желмен ойнап желбірейді. Ол кәдімгі комбайншы Темірхан Асылбековтың құрметіне көтерілген. Орақ қа он бесінші рет қатысушы механизатор науқанның басында-ақ бапты қимыл танытып, алғашқы бескүндікте алға шыққан. «31 гектар орнына 65 гектар арпаны атжалға түсірді, бұл – күндік нормадан 205 процент орындалуы» дейтін деректер Темірхан тегеурінін анық сездіреді.

Азамат атаулыдан қос басында көрінгені – жас жігіт болды. Целиноград совхоз-техникумының оқушысы Талғат Өмірбеков осы бригадаға практикаға келген.

– Үлкен агрономия осында, – деп аузын томпайтып, көзін ежірейтті болашақ агроном, – қай танапқа қай күні техника түсіруді бригадир біледі... Алдымен 348 гектар арпа танабы дестеленді. «16 центнерден айналар» дейді бригадир ағай.

Әр сөздің аяғы бригадирге тіреле берген соң, аздап аңырғандай болып қалып едік, қызыл мүйістің ашық есігінен ентелей басып Ер диқанның өзі кіріп келді. Шойыннан құйғандай шомбал денелі ағаның ерке баладай ұмтыла кіріп келгені қызық. Сом балғадай тұлғасының тұтас қимылдауы да сүйсінтеді.

– Кешеден бері Дулат дуылдатып жүр! Сонда бармаймыз ба? – деді.

Орақшылар №74 танапта жүр екен. Алтын масақтарды атжалдарға айналдырып жүр. Қайырлы Бектасов, Лұқпан Сүлейменов, Сапарғали Омаров, Темірхан Асылбеков топтық әдіспен толқын-толқын жал қалдырады. Екеуден бірігіп қосарлы десте етіп қайыруда.

Қос десте салу ұтымды, бірақ ол осы алқаптың егініне мақтау емес. Соны ойлағанымызды өзі де сезгендей.

– Бұл жердің аты «Майтомар» болғанмен, маған майлы болып тұрған жоқ әзір, – деді Нұр-ағаң. Қара сұлы, мысық құйрық қаптап кеткен екен, көктемде үш қатар өңдеткіздім. Содан біраз ылғал шығын болды. Жазда жауын жетіспейді. Дегенмен 15-16 центнерден береді ғой.

– Бригаданың міндеттемесі– орташа есеппен 18,6 центнер ғой осы?

– Е, ол болады ғой, – Нұр-ағаң бізге жалт қарады. Жиырмадан аса сілтейтін өз танаптары бар емес пе?

– Мынау Дулат болар? – деп сөзге Аяған араласты.

– Сол ғой Қызыл вымпелі көрінбей ме?

Көрінгенде қандай, Қызыл жалау қызу жарыстың алауындай анадайдан назар тартады.

Дала төсін дабылдатып жүрген Дулаттың өзі – нәзік қана жігіт. Он бала өсірген Батыр-Ана Рахиманың тұңғышы, қарт механизатор Қаппас марқұмның үміт қылған ұлы еңбекке ерте араласқан. Қыста киномеханик, көктемде шофер, алтын күзде дала кемесін жүргізетін жігіт.

Әне, егінді алқапқа комбайнын қайта салды. Соңында алтын бұйда десте қалып барады. Бағасын айтып болмас асыл десте, әр тіні шымқай сары жібектей әсем кесте. Көлденеңінен көргенде терме алаша жолын-

дай тегіс түсіп жатыр. Ұзын бойына қарасаң, үлкен сатының баспалдақтарындай. Нұрғабыл шыққан биіктің сатысы – қазақстандық миллиард баспалдағы тәрізді.

САПАРДАН КЕЛГЕН САЙЛАУБАЙ

Дулаттың комбайны дән толқынды еркін жүзіп кеткенде барып еске түсті:

– Ойхой-ау, Дулат кіммен жарысып жүр? Орақ озатымен тайталасатын кім?

– Сайлаубай, – деді Нұр-ағаң «УАЗ» автомобилінің есігін аша беріп. – Қопабаев екеуі басқа ауданға көмекке кеткен. Қашан келерін...

Біз Краснознаменнен қайтқан комбайндарды жолда көргенімізді айтқанда, манадан машинаның алдыңғы креслосында келе жатқан кең иықты, жалпақ жауырынды Еріміз артына тұтас тұлғасымен бұрылды.

– Ә, кеше Атбасарға келсе, бүгін елге де жетер. Ал, онда ауылға тарт! – деді шоферға.

Айтқандай-ақ, ауылға комбайндар кіріп қалыпты. Секретарь мен бригадир комбайнның қай үйге тоқтауынан оның иесін де танып келеді.

– Сайлаубайым келіпті ғой, – деді Алтын Жұлдызды аға. – Сайлауым жетсе, болды!

Бәріміз Сайлаубаймен сәлемдесе бастадық.

Сайлаубайдың биыл алтын орақ алтыншы қатысуы. Әуелде трактарға тіркеуші, комбайншыға көмекші болып, ақыры дала кемесінің штурвалына отырған. Соның бәрін Нұрғабылдың қолында үйреніп, өскен.

Шешуші жылдың орағында 500 гектар егін орып, 350 гектардың астығын бастыруға міндеттенген болатын. Барған жерінде 252 гектардың егінін дестелеп келіпті.

– Ал мында Дулат шырқатып жүр. 12 күнде 590 гектар дестеледі, – деді.

– Мен жоқ болғасын озып жүр-дағы, – деді әзілдеп Сайлаубай.

МҰНДА ҚАНША «Жасар» БАР?

Жарыс демекші, алғашқы тың игеруші Михаил Довжик пен Балапанның байырғы диқаны Нұрғабыл Мәлғаждаровтың бригадалары биыл еңбек бәсекесіне түскен ғой. Социалистік Еңбек Ері атағын екеуі былтыр ғана алған. Екеуінің егінжайы да бірдей – 4219 гектардан. Осынау алқаптардың арпа, бидайын екі бригада да 12-13 жұмыс күнінде орып шықты. Механизаторлардың саны да шамалас, техника күші де тең дерлік.

Тың ардагері әр гектардан 16,7 центнер өнім алам десе, кәнігі бригадир әр гектардан 18,6 центнер беруге бел буды. Нұрғабылдар Отан қоймасына 6498 тонна алтын дән құйып, мемлекетке астық өткізудің бесжыл-

дық жоспарын үш жылда, биыл орындап шықпақ. Солай болары сөзсіз.

Осынау игі мақсат, ізгі жұмысқа ағайынды Алпысбаевтар қосқан үлес қомақты. Трактортшы, комбайншы, шофер шетінен бесаспап механизаторлар қауырт науқанның қай саласында болсын зор қажыр-қайрат танытып жүр.

Алпысбаев – әдемі фамилия, ал ағайындардың есімін жеке таратқанда: Көпжасар, Жүзжасар, Мыңжасар, Бижасар болып, жаңылтпаш сияқттанып кетеді. Жарысушы екі бригаданың мүшелері бір-бірімен жүздесіп, шартқа отырысқанда орыс достар: «Ау, мұнда қанша Жасарлар бар?!» – деп таңырқасқан-ды.

Жалпы Социалистік Еңбек Ері Нұрғабыл Мәлғаждаровтың №4 бригадасы бір өңкей қазақ механизаторларынан тұрады. Сайдың тасындай іріктелген, ынғай пысық жігіттер. Туған жердің тұмса топырағын ырыс көзіне айналдырып, «Майтомардан» маржан тапқан тау қырандары нағыз.

Ауыл жастары техниканы меңгеріп, егіншілікпен жете айналысуына жетекші болған Нұрғабыл. Ширек ғасыр бригадирліктен бір түспеген Нұр-ағаң бүкіл ауыл азаматтарын темір тұлпар баптауға баулыды, комбайынды қаздай жүздіруге үйретті. Ердің даңқы еңбекпен шығатынын көрсетіп берді. Қазір ол әр танаптан өнімді мол алудың сырын ашып жүр.

Ауыл үстінде, азаматтар жүзінде Алтын жұлдыздың шапағатты жарық сәулесі бар.

Кішкентай «Қызыл Қазақстан» ауылынан басталатын береке бұлағы байтақ Қазақстанның дәстүрлі миллиардына лайықты үлес болып қосылмақ.

Балқашин ауданы,
Целиноград облысы.

Социалистік Еңбек Ерлері

АҚ ЖҮРЕГІ АЙТПАЙДЫҢ

1

Декабрьдің алғашқы жексенбісінде Айтпайлар аңға шықты. Апанды шоғынан қоян қағуға ниет қылған. Ауылдың әсте бітпейтін шаруасынан бір күн босап, бір сәт табиғат аясында дем алуға ден қойған беттері.

Жаяулай тартқан алты жігіттің жандарына ерген жас балалар бар. Апандының арғы бетінен бермен қарай қоян қағуға жүгіріп те кетті. Бірақ балалардың дабылынан гөрі мыналардың дабыры зор. «Аңды үркітіп аламыз-ау» деген олар жоқ, көптен қолға ұстамаған мылтықты жазатайым біреуге тигізіп алмауды айтып қалжыңдасады.

Аңшылар ағашқа кіре шашырап әркім өз алдынан олжа тосты. Қар жамылған қайыңды-қарағайлы шоқ сілтідей тына қалған. Трактор дүріліне үйреніп кеткен құлаққа мүлгіген тыныштық мүлде тосын, сырт етіп сынған бұтақ дыбысы тіпті шаншудай тиеді.

Дабылдаған балалар дауысы жақындай түскенге Айтпай алдына қараса, бір қоян осылай қарай ұшып келеді екен. Тап Айтпайдың өзіне қарай орғиды. Тас қараңғы түндерде Тасқұдыққа, Шайқұдыққа жаңылдырмай апаратын жіті көз ақша қардан ақ қоянды айырғаны сол, мерген механизатор тізерлеген күйі тартып қалды. Бұрқ еткен түтін сейіліп, бұрқ еткен қар тозаңы басылып барады, қоян қайтып көтерілген жоқ.

Айтпай аз-кем сабыр сақтап еді, дүр сілкінген орманда екінші мылтық даусы естілмеді. Сонда барып ол олжасына ұмтылды. Әр жерден, ағаш түбінен түрегеліскен жолдастары да осында беттеді. Сөйтсе, дабылдан үріккен жалғаз қоян Айтпайдың қарауылына леккен екен.

Айтпай қоянды он жасар ұлы Абайға ұстатқанда қасындағылар қарсылық білдірген жоқ:

– Ой, өзінің үлкенін-ай!

– Апандыны жалғыз жайлап семірген ғой! – деген қошамет айтысты.

Бір істі тәмам еткенде малақайын маңдайынан жоғары сырғытатын дағдысына басқан Айтпай:

– Осы бәрімізге жетеді-ай. Былай жетеді, – деп көпшіл көңіл танытты.

Әкесі арқалатқан қоянды Абай үйге алып келгенде Күлшетай қызық қылды. Әуелі:

– Әй, мұны кім атты? Папаңа байлады ма? Кім берді? – деп сұрақты жаудырсын. Баласының: «Жоқ, папам өзі атып алды» дегеніне:

– Біреу-ақ па? – деп салған.

Үлкен үйге олжа кіргенін көріп, Айтпайдың інісі – Айтжан үйіндегі келін де жүгіріп келіпті:

–Бүйрегі, бүйрегі бізге! Кіші аға кісілерге береді ғой мұны, – деп қып-қызыл болып тұр.

Сонда Жамал шешей отырып:

– Алтаудың ішінен Айтпайға леккенін қара! Бір үлкен олжа келді-ау. Босағаға соқ! – деп ырым етті.

2

Келесі жексенбіде аңға шығу болған жоқ. Совхоздың партком секретары Нұрқайдар Бөтпенов келіп:

– Айтпай, бүгін-ертең ауылдан ұзамайсың. Ұзама! – деді.

Айтпайдың мойыл көзі мөлдіреп күлімдей қалды. Үстіңгі еріні жұпжұқа болып көтеріліп, тізілген тістері ағарды. Екі беті қояннның бүйрегіндей бұлтия қалған. Астыңғы ерні әнтек қиғаш тартып, қайшыланып барады. Дір-дір етеді. Айтпайдың бірдеңе айтардағы әдеті. Ештеңе айтпастан көзі күлімдеген, ерні дірілдеген күйі қарап тұрып қалуы да дағдысы.

«Аққөлден» асып қайда барыппын? Совхоздан шыға қоярдай қазір не бар? Осы өткен күзде Ақтөбеге егін оруға барсам, мені өздерің қолқалап едіңдер ғой. Өзгеше бірдеңеге жұмсарда алыстан орағытатындарың қайда? Бүгінгі бұйрыққа жөн болсын!» – деген сауалдар бар еді қазіргі қарасында.

Айтпайдың ойын айтпай-ақ түсінетін секретарьдың қысықтау көздері де сүзіле күлімдейді.

Олжаның көкесі болуы мүмкін. Хабарды менен күт. Өзім келем! – деп аттанды Нұрқайдар. Жоқ жерде жүректі күпті қылып кетті.

Айтпай бұл күні үйге бір кіріп, бір шықты. Бұрын көп қарайласа қоймайтын үй шаруасына араласқан болды. Бірақ өз жұмысындай емес, тартпады.

«Өз жұмысы...» – Айтпай аңтарылып тұра қалды. «Өз жұмысым» деп совхоз жұмысын айтып тұрғанын сезінді. Темір тұлпарын тепсіндіріп, кезекті тапсырманы тәмамдауға шыққан сәттерін айтады. Жылдар бойына трактор тізгінін бір босатпай, үнемі үрдіс қимыл танытып келеді емес пе? Бұл атқармаған жұмыс қалды ма, бұл орындамаған тапсырыс болды ма? Айтпай араласпаған науқан қайсы: қар тоқтатты, жол тазалады, ылғал жапты, тұқым септі, жер өңдеді, техника жөндеді, егін орды, сабан тасыды. Жылдың төрт мезгілі толас тапқан кезі жоқ.

Осының бәріне Айтпайдың өзі жиырма жыл төтеп берсе, алғашқы «ДТ-54» тракторы табандатқан он жыл төзді. Калинин атындағы колхозға тың игеру бастала келіп жеткен «ДТ»-лардың қолға тигенін алды Айтпай. Бірақ оны батырдың атындай баптап мінгені анық. «Не нәрсенің болсын бастапқы қадамына бап керек. Ат үйретерде жылқышыда жан қалмайды ғой. Арындауық болмасын, бірезу болып кетпесін деп. Жаңа трактордың алғашқы обкаткасы да сол секілді. Жүксіз жүретін 60 сағат қайда? Қырық сағат қыздырдым дегенің жетімсіз, салған беттен 80 сағат селкілдетудің жөні жоқ. Жүк тиеп 150 сағат жаттықтыруың және бар. Бірден ауырға салма, жұлқа тартып үздірме. Салдырлата берсең, сақинасы отырып қалады: машина май жейді, май жегесін түтіктері бітеледі. Бір танауы бітеліп қалған адам ауыр дем алып қиналмай ма?»

Айтпай өзінің де ауырлау тыныстап тұрғанын аңғарды. Ауа тымырсық тартып, айнала шаңыта түскен. Содан ішке кіріп, кереуетке қисайған сәтінде де жаңағы техника жайлы ойынан арыла алмады. 1950 жылы қаршадай күнінде тоңқылдақ «өндірсалға» отырғаны, сосын жыланбауыр «Нәтиге» мінгені есіне түсті. Ол кездегі трактористер қара май болып, күн ұзақ машинаның астында әлдене жөндеп жатушы еді-ау. Бір жақсысы: Айтпай иінді білікті тазалап, тартуды екі рет жасап көрген емес, бір жасағаны-ақ жарап жүре беретін. Әлі күнге дейін де бір тетікті екі жөндеп мықшыңдамайды, моторын қалай бөлшектеді, солай жинай қояды қайтадан. Көзін жұмып тұрып жинауға бар. Бөлшектерін жөнді-жөнсіз жаңарта да бермейді. Әлгі: «техника жөндеуден биыл бәленше сом үнемдедің» – дейтіні содан ғой. Соңғы бес жылда 2597 сом үнемдеді.

Айтпай бала емес, бәрін сезіп жатыр. Партком секретары мұның алдында да асығыс келіп, учаскенің озат механизаторы А. Құсайыновтың соңғы бес жылдағы еңбек көрсеткіштерін екшей жазып әкеткен. Бұған дейін омырауына «Құрмет белгісін» таққан, екі дүркін Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталған. Қазақ ССР-ның еңбегі сіңген механизаторы атанған жігіт бұлайша көрсеткіштер жинаудың түпкі мәнісін түсінеді. Бірақ Нұрқайдардың дүбіліп келіп-кетуінде ерекше сыр бар сияқты-ау!

Соңғы бес жылда... Шартты тракторға шаққандағы жыртылған жер көлемі дей ме, ЖВН-жаткасымен 10 күнде орған егіні ме, әр гектардан алған астығы ма, – не керек, барлық көрсеткіш биік деңгейден шығып жатыр. Тіпті соңғы үш жылды ғана алыңызшы. Айтпай Құсайынов трактортшы ретінде үстіміздегі бесжылдықты бітіріп тастап, комбайншы ретінде екі бесжылдыққа тән тапсырманы орындап қойған. Сөйте отырып 10 тонна жанар май үнемдеген ғой үш жылда. Яғни бір трактор бір сапарға 240 килограмм жанармай құйып шығар болса, бұл 40 трактор шүпілдеген бакпен танапқа келіп түсті деген сөз ғой.

Гүр-гүр... дүр-дүр... Айтпайға әбден таныс дүріл үйдің ішін кернеп әкетіп бара жатқандай. Сол зор дүбірдің ішінен өз тракторының жанға жайлы майда гүрілі келеді құлағына. Кейнгі үш жылда «ДТ-75» тарланымен 4553 гектарды орыпты. 45 миллион шаршы метр, шартарап! Ал игерілген тыңның 20 жылы бойына мұның жыртқан жерін, өңдеген парын, көтерген зябін қосса, қандай болмақ? Қара мақпал жайылым, қап-қара айдын шалқиды. Қара толқындар тербетіп, Айтпай қалқып жүзіп, қалғып ұйықтап бара жатты.

3

– Ертең жұмысқа шықпаса да болады! – Секретарь солай деп кетті.

Қой, жұмыс адамы жұмысқа шықпай қалай отырмақ? Айтпай осы жиырма жыл бойына жұмыстан бір күн қалды ма екен?

Сол дағдымен Айтпай бұл күні де Василий Глебовпен жұптаса сабан тасуға тартты. Жуырда ауыстырған «Т-4» тракторының күші орасан.

Қысқы дала. Әппақ жазық, жойқын дария. Қанша жүрсең де қарлы танап таусылмайды. Ойхой, бұл қысқы дала, қарлы белестерде Айтпай жүрген жер қаншама!

... Сонау бір жылы Қараөзекте (Калининде) мал азығы жетіпсей, бұлар Қарабұлақтан асып барып Қарасу жақтан шөп тасыды ғой. Бararда күн тыныш еді, қайтарда қабырғадан жел соғып берді дейсін. Заматта борасын жүріп, мың сан ақбас жыландар алдын кес-кестеген: «Е, сексен шақырымнан сендерді шақырған кім бар? Мал жүдесе қайтейік. Оп-оңай кете қойғыларың келеді ғой, жоқ, болмайды», – деп ышқынып, ысқырып бас көтеріседі. Мұндайда Айтпайдың тракторы да өршелене қалады, қарлы жыландарды табанға сала таптайды. Ызалана ыңыра-

нады. Бірақ көрмеген жердің ой-шұңқыры көп. Әлде нендей бір жырада ауып қалғандарын қайтесің. Жүрт құсап қарап тұратын Айтпай ма, жалмажан түсе қалып, шөпті қайта тиеседі. Ақыры, бұлар беті-қолдары домбығып, шаршап-талып жетіп еді-ау...

Айтпай қалақтай қолдарына қарап қойды. Аязға жарылып, отқа қарылып болған қолдары қазір тоңу дегенді білмейді. Бірақ техника тетіктерін жөндеуге, өңдеуге оңтайлы. «ДТ-75»-тің жағар май фильтлерін завод пластмассамен орап шығарады ғой. Трактор үнемі жылы жерде тұрады дей ме екен? Арқаның аязды түндерінде ондай фильтр қатып қалмай қайтсін. Ал оны от тілімен жылыта қояйын десе, пластмасса еріп қисайып қалады. Сосын Айтпай мұны темір корпуспен жаңғыртты. Қанша қыздырса да қауіпсіз. Совхоздың бас инженері бұл жаңалықты басқа механизаторларға үлгі етті. Айтпай соңғы бес жылда мұндай үш ұсыныс жасапты. Оның жаңашыл ұсыныстарынан шаруашылық 6 мың сомнан аса пайда тапқан.

Айтпай өз ойы «соңғы бес жыл» дегенге соға бергенін аңғарып, қалың қабақтарын түйді: «Тап бір атақ аңсап жүргендей мұнысы несі?», рычагты нығырлай ұстап, қозғалақтап қойды.

Мал қорасы, маялар жанына тоқтағандары сол, құйғытып Нұрхайдар жетіп келді. Жігіттерге қуанышты хабарды айғайлап айтты.

Жеңіл машина жүйіткіп келеді. Жел бұлардың соңынан соққан. Жеңіл сырғыманың ақ сүрік тілдері алға түсіп, жылмаң-жылмаң етеді. Бірақ Айтпайдың көзі олардан әрі асып, көңіліне сонау елуінші жылдың көктемі келіп отыр. Он төрт жасар бала «колесныйға» отырған. Трактор жүргізуді ағасы Дәуіт Құсайыновтан үйреніп еді. Қас қылғандай тоңқылдақ тракторы сынып қалды. Сынған бөлшектерді алып пар өгізбен Аққөлге, МТС-қа тартсын. Өзі де күн бата шығып еді, өгіз аяң жас ұланды жеті түн қараңғылығында қалдырды. Онда мұндай алыста болса да ағарып көрінер сәуле бар ма? Қарсы кездесер, қуып жетер көлік жоқ. Көлденең дыбыстың өзі де үрейді ұшырып барады. Сол түнгі қорыққаны Айтпайдың әлі есінде.

Сондағы жалаң аяқ, жетім бала міне енді Социалистік Еңбек Ері атанып, аупартком үйі алдында машинадан түсіп жатыр. Отыз жеті мүшеліне толған, омырауы орден тағуға жаралғандай апайтөс, кең иықты азамат. Аупарткомның бірінші секретары Фарид Валиев жаңа батырды жақын інісіндей құшып, кабинетке алып жүрді. Москвадан келіп жеткен жігіттердің аппараттары сырт-сырт, жарқ-жұрқ етіп, мына біреуі құлақтың түбінен сырылдап, жүзіне төне түскен. Айтпайдың мойыл көзі мөлдіреп, үстіңгі ерні ақ тістерін жарқырата көтерілген, астыңғы ерні әнтек қиғаштанып дірілдейді.

«Батыр болу осылай басталады екен ғой», – деп ойлады Айтпай. Сосынғы бір ой Указбен таныстырғанда Сақан Құсайыновтың есіміне сай оралды. Өзімен фамилиялас кісі, қазір Торғай облысының басшысы ол кезде Алексеев аудандық партия комитетінің жетекшісі болатын, Айт-

пайдың кеудесіне алғашқы орденді таққан-ды. Енді екеуінің Алтын Жұлдызды қатар алуын қарашы.

Суретке түсуден, радиоға жазылудан әзер құтылған Айтпай сыртқа шығысымен:

– Нұрқайдар, больницаға барайық, – деді. Аудандық ауруханада совхоз директоры Т.С. Стрельцов сырқаттанып жатыр еді.

– Сенің ақ жүрегің ғой. Ер қылған. Сен лайықсың Батырға! – деді директор. Екеуінің де көздері жасаурай қалған. Қуанышты тебіреніс.

Таңертең ауылдан қарапайым күйде аттанған тракторшыны кешке ауданнан атағын дардай етіп алып келгенде ел у-шу болды. Айтпай бір оңаша сәтті пайдаланып әйелі Күлшетайға:

– Директордың көңілін сұрап қайттым. Оңды болды, – деді.

Жарасбай НҰРҚАНОВ,
«Социалистік Қазақстанның» меншікті тілшісі.
«Новорыбин» совхозы, Алексеев ауданы,
1973 жыл

НҰРЛЫ СӘУІР

Біздің республикамызда ұлы көсем атындағы коллектив ондап саналады. Бұл Ильич есімін қастерлеп, мәңгі есте ұстау ғана емес, оның ісінің өміршеңдігін танытқандай. В.И. Лениннің 100 жыл толуы қарсаңында оның есімімен аталған бір шаруашылық жайлы материалды жариялап отырмыз. Дәулеті тасыған, тұрмысы сәнді бүгінгі ауыл өмірі көсем идеяларының жасампаздығын жарқын бейнелейді.

I

Зеңгір көктің әйнегін мөлдір етіп, сеңгір таудың етегін көк торғынға айналдырып, дала төсінде сағым ойнай келген көктем адам көңілін алуан күйге бөлейді. Тіршіліктің тыныс алуы кеңейіп, дүн-дүние жаңғырып жатқанына таңырқайсыз. Табиғаттың көктем сайын көкөрім тартып, түлеп тұруына қызыға, қызғана қарайсыз. Қар астында бәйшешек барын кім білген, қыр үстінде қылтиып шыға қалған жауқазынның әлжуаздығынан гөрі батылдығын айтсайңызшы!

Табиғат көктемі тарих көктемін еске түсіріп, ерекше толғандырады. Сәуірде туған дәуірдің ұлы – данышпан Ленинді ойлап тебіренеміз. Ғұмыр бойы еркіндікті көксеп келген халықтың кемеңгер ұл туғаны қандай қастерлі болса, дүниені дүр сілкінтуге тиісті ойшыл күрескердің нақ көгілдір көктемінде, арнасынан асып-тасқан өзен бойында өмірге

келуі сондай мағналы. Көсемді туған сәуір айы – жылдың нағыз тәуір айы.

Алдымыздан ұлы көсемнің айдай айқын, күндей жарқын келбеті шықты. Біз арнайы іздеп келе жатқан шаруашылықтың шекарасы осынау ардақты бейне, айшықты белгіден басталады екен. Биік металдан қиып салынған сурет осында беттеп келе жатып көргенде де, өтіп бара жатып қарағанда да Ильичтің ізгі кескінін айнытпай келтіріп тұр.

Ауданнан шыққан асфальт жол селоның үлкен көшесіне ұласты. Елді мекеннің ең ұзын көшесі Ленин атымен аталады. Көшенің екі жағы екпе ағаштармен көмкерілген. Қара тал мен көк теректің көктеп қалған, бүршік жарған кезі ғой. Бірақ жасыл түйіндер жапырақтың сыбдырын сала алмай тұр әзірге. Сидаң ағаштардың әр жағындағы әдемі үйлер ап-айқын көрінеді. Бізге керегі де сол. Дәулеті шалқыған шаруашылықтың сәулеті де өскелең деп естіп келе жатырмыз.

Ленин көшесінің кеңсеге келіп тірелген жерінде оң қолда Ленин ескерткіші бар екен. Ертеректегі үлгімен, үлкендігі кәдімгі кісі бойындай етіп салынған. Бірақ көзге сондай таныс, көңілге сонша жылы көсем тұлғасы. «Ленин атындағы мемлекеттік асыл тұқымды қой заводы» деген жарнама да жарқырап қоя берді.

II

Әрбір өзеннің қайнар көзі, бастау жері бар. Қорағаты өзені бойында қой түлігін өрбітіп, қой тұқымын асылдандырып отырған шаруашылықтың да ұйымдасқан кезі, өрге басқан кезеңі бары сөзсіз. Соны білу үшін біз туған жердің түлегі, завод жұмысшылар комитетінің председателі Шәріпбек Батыраковты әңгімеге тарттық.

Әкесінің аты Бадырақ екен, балаға документ жазған кісі сол бір кезде ерекше мағынамен естілетін батырақ сөзіне балап, жазып жіберген ғой. Ағайын-туғандарының батырақ екені рас та еді. Шаруашылықтың іргесі қаланған тұста он жасар Шәріпбек бүгінде алпысты алқымдап, ел ағасы, еңбек ардагері саналып отыр.

– Өзіңізге мәлім, өңкей кедей-кепшік, жарлы-жақыбай совдеп арқылы санатқа, Ленин есімімен еңсе көтерді ғой. Кешегі байды келмеске қуып, қаңбақтайын аударды емес пе? – дейді қимылы ширақ, қызынып сөйлейтін Шәріпбек. – Сол бай-құлақтардың малын алдымен «Серке» қой совхозы құрылған. Одан 1932 жылы осы біздің совхоз бөлініп шыққан. Әуелде туған жердің атына орай «Жыланды» совхозы болып еді, жылға жетпестен айналайын Лениннің ардақты есімі берілді ғой. Содан бергі біздің тыныс-тірлігіміз, талап-талпынысымыз, мұрат-мүддеміз ұлы көсем атымен, лұғатты жанның рухымен барынша байланысты-ақ.

Заманына қарай жер аты да өзгермек. Бір кезде Сасық деген көлдің маңайы бүгінде Тазабек делінеді. Бұрын Сарықұдық, Торқұдық қана

болса, қазір Көпқұдық пайда болып Екінші, Үшінші артезиандар қатар түзеген. Ертеде Бесқатын делінген белесте бүгінде Батыр Ана атанған, шопанның көмекшісі бола жүре оның ізбасарларын өмірге әкелген, тәрбиелеп өсірген Тәлімбике, Айымторы деген әйелдер тұрады, жаңаша сән-салтанат құрады.

Ленин атындағы совхоз әуелде Ақбастау, Қарабастау қойнауларын, Қорағаты өңірін көктемде қой төлдейтін мекен қылған. Жаз шыға Қарақыр, Қарақыстақтан бастап Сұлутөрлі, Шөңгерліге дейін жайлау етіп, үдере көшеді екен. Қыс түсе Тандырдан бастап Әбілқайырға дейінгі құмның ішіне кіріп, Ақнар мен Тобылғы түбінде тоқтыларды аяздан қорғайтын көрінеді. Кейін бұл шаруашылықтың өзінен де «Қорағаты» қой совхозы бөлініп шыққанмен жер дегеннің жетіп жатқан жайы бар.

Жердің сырын, малдың бабын білуші майталман шопандар ғой. Көсем атындағы совхозда сан жылдар қой өсіріп, төл өрбіткен қажырлы жандардың қадірлі есімдерін атау парыз. Қоғам малын көзінің қарашығындай қорғаштаған марқұм Көшкінбай Батырақов осы шаруашылықта омырауына Ленин орденін тұңғыш тағыпты. Алғашқы бесжылдықтардың атақты шопандары Дүкенбай Қорғабаев, Жүнісбек Оспанов, Құрман Байсейітовтер бұл дүниеден өткенімен олардың ісін өз ұрпағы жалғастырды.

Аға шопан аман Дүкенбаевтың өзі қазір тәжірибесі бай, тағылымы мол еңбеккер есептеледі. Ол әсіресе жас төлді күтіп бағуға, қойды қолдан ұрықтандыруға шебер. Заводтың мамандары осы шопаннан өздері де үйреніп, өзгелерді де үйретуге шақыратыны содан. Сондай-ақ Жүнісбековтың жұрағаты да айтуға тұрарлық. Оның ұлы Оспанов Шұлғаубай көп жылдар бойына қой бағып, еңбек демалысына енді шығып отырса, бұдан туған Серік Оспанов шопан таяғын атадан мирас, әкеден мұра еткен.

Құрман Байсейітовтың балалары шыққан биік шырқау. Ел ішінде «Қарақырдың басынан Москва мен Алматыны алма кезек көтеретін» деген сөз тарап кеткен. Аға шопан Әліхан Құрманов туралы айтылған сөз. Қиыр көшіп, шет қонып, жиі-жиі қоныс аударып жүрсе де жылжымалы электр станциясын тастамайтын тарлан еңбеккердің телевизор көргіш ыждағаты мен ынтызарлығын әспеттегені ғой. Киіз үйдің ішінен кітапхана көру қандай ғанибет.

III

Бұл өңірде бұрын да қой болған, қойшылар жүрген. Бірақ бұрынғы қойлардың салмағы жеңіл, сапасы төмен еді ғой. Ендігі жерде «аз болса да әз болсын» деген лениндік талап әрбір іске өзек болған. Совхоздың мамандары мен шопандарына астаналық ғалымдар жәрдемге келіп, түліктің тұқымын жақсарту, өнімін молайту жолында зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ғылыми ізденістің нәтижесінде өмірге оңтүстік қазақ мериносы деген жаңа қой тұқымы пайда болды. Биязы жүн сала қарыс, салмағы ап-ауыр қойлар өрбіді.

Жылдар бойына жібек талшықтан тау тұрғызып, қойдың тұқымын асылдандырып келген Ленин атындағы совхоз 1974 жылдан бері Ленин мемлекеттік сыл тұқымды қой заводына айналды.

Мемлекеттік заводтың мерейлі міндеті – басқа шаруашылықтарға асыл тұқымды тұсақтар мен тоқты қошқарлар сату. Сөйтіп, тек өзіндерінде ғана емес, Луговой ауданы мен Жамбыл облысындағы барлық шаруашылықтардың қойларын асылдандырып, түлікті түгелімен биязы жүнді, ауыр салмақты әрі өсімтал ету парыз. Заводтың жыл сайын сыртқа жөнелтілетін 1,5 мың тоқты қошқар, 2 мың асыл тұсақ облыстың 35-40 шаруашылығына тарап жатады.

Завод бойынша үстіміздегі бесжылдықта асыл тұқымды түлік сату жоспары 17 мың бас болса, өткен төрт жылдың өзінде 16523 қошқар мен тұсақ сатылды. Ендеше міндеттемедегі 18 мың деген көрсеткішке де қолдың еркін жетері сөзсіз. Шаруашылық мемлекетке астық өткізу, ет, жүн сату тапсырмаларын артығымен орындап, 1 миллион 100 мың сом таза пайда тапқан. Өндіріс рентабельділігі 55 процент дәрежесінде өсіп отыр.

Шаруашылықтың шалқуына айрықша үлес қосып жүрген аға шопан Боранбай Әденовтың аты осындайда еске түседі. Аудандық партия комитетінің мүшесі, аудандық Советтің депутаты, өзінің тындырымды ісімен, жоғары көрсеткіштерімен көпке үлгі болуда. Жылына жүз саулықтан 130 қозыдан кем алмайтын Әденов өз бесжылдығын төрт жылда толық орындап шықты, биылғы төлді ел дәулетіне үстеме қосуда. Қазақ ССР-інің Алтын Кітабына аты жазылып, екі мәрте Еңбек Қызыл ту орденін алған өрен жақында Лениндік Құрмет грамотасымен наградталды. Жалпы завод бойынша 48 кісі көсемнің жарқын бейнесі жайнаған Құрмет грамотасына ие болды. Заводтың 200 еңбеккері коммунистік еңбектің екпіндісі атанған. «Біз коммунистік еңбектің жеңісіне жетеміз» деген Лениндік көрегендіктің жанды куәсі, жарқын айғағы солар.

IV

Тіршіліктің күмбезіне жарқыратып ілген шамдай сәуір күні самала нұр төгеді. Орталық усадьбаның оң мен солы, шығысы мен батысы барынша айқын көрінеді. Әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық орындар былай тұрсын, тұрғын үйлердің өзі бытырамай, шашырамай, жинақы салынған. Далаға қарай далию жоқ, жоғарылап, бойлай өсу бар. Жаңадан салынып жатқан ғимараттардың бәрі қос қабаттан. Көшелердің түзулігі тартқан сымдай. Көздің аясындағы көркем село директордың кабинетіндегі манағы макет тәріздес.

Директор демекші, осы шаруашылықты он жылдай басқарған, үстіміздегі жылы Социалистік еңбек Ері атанған Рахым Сәбденов осында келісімен-ақ күрделі құрылыс, тұрмыс мәдениеті мәселесін бірден қолға алыпты. «Дәулет пен сәулет егіз өрбісін, жұмыс мәнді, тұрмыс сәнді болсын» деп талап қойған басшы селоны көркейтуді сергек жүргізе білген.

Шаруашылықтың шаңырақ көтерген кезі мен қазіргі қалпын салыстыруға мүлде келмейді. Соңғы он жылдағы өзгерістердің өзі агроқалашықтың қаншалық шарықтап өскенін әйгілеп тұр. Мұндағы түрлі объектілер ескі және жаңа деп аталуға айналған. Бұрынғы қос қабатты кеңсенің қасынан үш қабатты үлкен әкімшілік үйі салынып жатыр. Бұл екеуі бір-бірімен іштен жалғасып, басқару аппаратының бәрін бір жерге шоғырландырмақ. 50-жылдығын енді тойлағалы отырған шаруашылықтың Ленинге арналған музейі осында ашылады.

Селодағы тұрмыстық қызмет осы заманға сай өріс алған. Мұндағы монша-кір жуу комбинаты үлкен үйге жайғасыпты. Завод еңбеккерлерінің ойын сергітіп, көңілін жайландырып жіберетін орынды елдің бәрі ризалықпен атайды. Тұрмыстық қызмет үйі, тұрғындардың заказын комплексті қабылдау пункті адамдардың алғысымен еңселеніп тұрғандай. Сырттан келгендерді жылы қабылдайтын завод мейманханасы да мерейлі-ақ.

Тұрғындардың мақтанышы болып келген бұрынғы сауда орталығы бүгінде көне тартып қалған. Жаңадан салынбақшы сауда орталығы қаладағы тақылетті: астыңғы қабаты гастроном, универмаг болып, үстіңгі қабаты, жас семья, жаңадан қоныстанушылар тұрағына айналмақ. Одан әріде бой көтеріп келе жатқан ғимарат – заводтың Мәдениет үйі. Жаңа үлгімен, үлкен талғаммен салынып жатыр екен. Әттең, құрылыс жұмысы созылып кетіп тұр. «Соның салдарынан аудандық байқауда екінші орын алғанымыз» деп қынжылады заводтың көркемөнерпаздары. «Жаңа Мәдениет үйі Советтік Қазақстанның 60 жылдығына орай ашылғанда ойын-сауықтың көкесін көрсетеміз» деп құлшынады қыз-жігіттер. Біз олардың мұндай талпынысына қалтқысыз сенеміз.

Медициналық қызмет мекемелері бір шоғыр. Селолық дәрігерлік амбулатория, аудандық ауруханаңың терапевтік бөлімшесі, аптека мен рентген, селода басы ауырып, балтыры сыздағандарды алысқа сабылтпай, көп кідіртпей қабылдауға әзір. Өз жұмысшыларының денсаулығына орай завод әкімшілігі дәрігерлік қызметке қажетті құрал-жабдықты молынан әперіп қойған.

140 орындық балалар комбинаты да осы тұста. Завод қызметкерлері мен жұмысшыларының бүлдіршіндері осынау үйде – бақша-бақта гүлдей мәпеленіп, аналары алаңсыз еңбек етіп жүр. Қазір заводта 600-дей жұмысшы бар. Әркімнің айлық табысы 190 сомнан айналып отыр. Өткен жылдың қорытындысы бойынша аға шопан Саяқ Шәршеев үш мың сомның үстінде табыс тапса, механизатор Оразбай Тоқаев екі мың сомды бірден жинақ кассасына апарып салды. Заводтағы әрбір үйдің жанында жеке меншікті жеңіл автомобиль осы заманның тұлпарындай қаңтарулы тұр.

Завод еңбеккерлерінің тағы бір мақтанышы В. Ленин атындағы орта мектеп комплексі болып отыр. Селодағы оқу орнының мектеп-комплекс деп аталуы тегін емес. Бұл атау коммунистік тәрбие жұмысын комплексті жүргізейік деген биік талаптан туындап отыр. Яғни мұн-

дағы мектеп-комплекстің құрамына орта мектептің өзі, 130 орындық мектеп-интернат, спорт сарайы, музыка мектебі, балалар комбинаты, жас-техниктер станциясы, жас натуралистер станциясы, жас суретшілер үйірмесі кіреді.

Орта мектепте 584 шәкірт оқиды. Оқу кабинеттік жүйемен бір смена-да жүргізіледі. Түстен кейін оқушылардың өз қалауы бойынша қабілетін жетілдіруге, жаттығулар өткізуге не қажеттің бәрі бар. Шәкірттер жасаған автомобиль аудандық байқауда бірінші орынға ие болып, республикалық бәйгеге қатысуға жолдама алды. Өңкей механизаторлардың балалары комбайн моделін де жақсы жасайды екен. Жас фотоәуесқойлар болса соның бәрін суретке түсіріп, әрі өнер ұштайды, әрі ескерткіш қалдырады.

Мектеп-комплекске «Құрмет Белгісі» орденді Боранбай Юсупов жетекшілік етеді. «Бастауыш класс оқушыларына атеистік тәрбие беру» тақырыбында көп жыл еңбектеніп, зерттеу жұмысын жазған ұстаз бұл күнде педагогика ғылымының кандидаты. Боранбай бізге завод пен мектеп-комплекстің тығыз байланысты, берік одағы жайында беріле әңгімеледі. Мектеп-интернатта шопандардың балалары завод есебінен тегін тамақтанып, тегін жатып оқиды. Завод әкімшілігі жаңа мектептің үйін жаңа үлгімен салдыруға қоса оқушылардың кәсіби бағдар алуы, спортпен шұғылдануы үшін керекті деген құрал-жабдықтың бәрін толығымен алып берген. Осыған орай мектеп комплексі шаруашылық үшін білімді де білікті жас кадрларды шыңдап шығаруда.

... Ленин көшесін бойлай ілгері басқан бетіміз. Күн кешкіріп бара жатыр. Сол қолдағы еңселі үйдің терезесінен назды, нақышты әуен естіледі. Фортепиано үні екенін аңғардық. Музыкалық мектептің класс бөлмелерінен шығып жатқан сазды әуен. Сұрастыра келсек, Роза Сәбденова мен Зәуре Әбдірахманова Бетховен, Чайковский әуендерін шәкіртке лайық шабытпен ойнайды. Келесі бөлемелерден баян мен аккардеонның жүрекке соншалық әсерлі үні естіледі. Енді бірде домбыра ансамблі «Алатау» күйін әсем ырғап, күмбірлетіп қоя берді. Көңілде бір жылы сезім пайда болып, шуақты күйге бөленеміз. Шопандар өрісте асыл тұқымды қой өсіріп, ел дәулетін еселеп жүрсе, шопанның жас жеткіншегі музыка үйінде адам жанын аялайтын сырлы сазға бөленіп отыруына айрықша қуанамыз. Дәулет пен сәулеттің егіз келуі, өмір мен өнердің берік тоғысуы біздің жарқын дәуірдің салты ғой. Мынау көктем, бүгінгі сәуір қандай нұрлы, қандай шадыман!

Жарасбай НҰРҚАН,
«Социалистік Қазақстанның арнаулы тілшісі,
Жамбыл облысы, Луговой ауданы,
Ленин атындағы мемлекеттік
асыл тұқымды қой заводы.
20 апрель, 1980 жыл

ШАБЫТТЫ ШАҚ

Бір сәтке өзіңізді Целиноград облысының байтақ егінжайы үстінде ұшып келе жатқандай сезінесіз. Қиял қанатында қыран көзімен кеңінен шалғанда көктемгі егістің небір тамаша көріністеріне тап боласыз.

Құс самғайтын биіктен қарағанда егіс айналымы еркін аңғарылады. Жасыл конвейірдің желкілдей бастаған көк майсасына көңіл тояттайды. Қап-қара, мап-майда мақпал пұшпақтардың пар екенін пайымдайсыз, әрине. Бүртік-бүртік сарғыш барқыттай зябь алаптарының айғыз-айғыз көрінуі тыңдағы егіншілік жүйесімен таныс кісіге таңсық емес.

Бәрінен де осынау дала төсін дабылды күйге бөлеген қуатты техника, қажырлы жандарға қараңыз. Сонда: «Целиноград облысында бүгіндері үш мың трактор үлкен жорыққа шықты» деген хабардың анық суретін көресіз. Танапқа түсе бастаған, орта тұсына барып қалған, арғы шетінен қайта оралып, қарсы жүрген тракторлар. Техниканы топтық әдіспен пайдаланудың тиімділігін елдің бәрі түсінген. Бірақ бір трактордың соңынан екіншісі қуалай жөнелмейді. Әр агрегаттың өз міндеті бар. Кімнің қалай сеуіп жүргенін қадағалап отыру қажет.

Ленин орденді КазЦИК атындағы совхоздың жазғы дақылдар егісі 30 мың гектар. Оның 25 мың гектарын бидай алуға тиіс. Мұнда жыл сайын «Саратов-29» бидайы бітік өсіріліп, жақсы өнім алынып жүр. Биыл Шортандыдағы Бүкілодақтың астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары ойлап тапқан «Целинный-20» деген жаңа сортты бидай осы шаруашылықта тәжірибе үшін егіліп, табиғат сынына түседі.

Шаруашылықта 46 агрегат жұмысқа жегілген. Жиырма машина үш бригаданы совхоз орталығынан, үш бригадаға – бөлімше қырмандарынан бөгеліссіз тұқым тасиды. Тұқыммен бірге минерал-тыңайтқыштарды қоса сіңіру көзделген. Ол үшін СЗС-2,1 сеялкасы қолданылады. Алқаптағы агрегаттарға тыңайтқышты бір автомашина, екі трактор арбасы, үш бункерлі трактор жеткізіп жүр. Совхоз шеберлері тыңайтқыш толы қапты нақ сеялка үстінде тіліп жіберетін тиімді аспап та ойлап шығарған.

Мұның бәрін рация арқылы бас агроном Ермек Айтқожиннен естіп білесіз. Екі көзіңіз өңкей «Кировецтер» атой салған алқапта болады. Ол – он қуатты тракторды бір қолға шоғырландырған Эдуард Иохиннің бригадасы. Жеті мың гектар жер болса, 4800 гектарына себетіні – бидай. Қолындағы техникаға, қарауындағы механизаторларға сенімді бригадир бидай себуді жеті күн ішінде тамам етуге талап қылған. 60 см тереңдікке дейін ылғалы бар алқапта арам шөптердің қаулап шыққан сәтінде бригадалар қауырт қимылдауды көздейді. Түпкі есебі – әр гектардан 15 центнер өнім алу, оның берік негізін қалау.

Дәл осы тұстан теріскей шығысқа көз қиығын салсаңыз болды. Аса бапты өңделген байтақ танаптарды, қауырт қимылдаған «К–700» тракторларын көресіз. Көршілес жарыстас Алексеев ауданының Октябрь революциясы орденді «Новорыбин» совхозының берекелі алқабы алақанға

салғандай. Бес-бестен сеялка тіркеген қуатты «Кировецтердің» алдыңғысының кабинасында «Қызыл жалау» желбірейді. Бұл агрегаттың иесі Социалистік Еңбек Ері Айтпай Құсайынов екенін айтқызбастан-ақ білуге болады. Жұмыс уағында омырауына алтын жұлдызын тақпаса да трактор кабинасын жалаусыз жүргізген жан емес. Жерлестер оның есімін Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп атауы да осындай ерен ісінің нәтижесі болса керек-ті.

Егіс озаттарын ерекшелеп тұрған Қызыл вымпел, қырмызы жалауларды барлық танаптардан, барша шаруашылықтардан көре аласыз. Ол үшін толқынды теңіз үстінде шаңқылдап ұшқан шағаладай қарқынды еңбек қызған егінжайды тезінен аралап, кеңінен шолу керек. Сонда шалғайдағы «Краснознамен» совхозының №2 бригадасы бірден көзге түседі. Коммунист дикан Вениамин Кузнецовтың күн сайын 80 гектарға тұқым сеуіп, «Кировецтің» қуатын толық пайдаланып жүргенін білесіз. Ушаков атындағы совхоздың жас механизаторы, ВЛКСМ-нің мүшесі Михаил Панфиленконың ДТ-75 тракторымен күндік норманы екі есе асыра орындап, өзі үшінде, майданнан оралмаған боздақтар үшін де еңбектеніп жүргенін ұғасыз.

Сәкен Сейфуллин атындағы совхозда Қабжан Мұқатаев пен Қайыркелді Мақажановтың бірін-бірі «Бол-болдың» астына алған жарысы қызу. Қабжан түн бойына жер өңдеп, жүз гектар орнына 120-130 гектарды егіске әзірлеп қойса, Қайыркелдінің агрегаты алакөбеден тұқым себуге кірісіп, кешке дейін әлгі жерді қаусырып-ақ тастайды. Екеуінің кабинасында да жарыс озатының жалауы желбірейді.

Игерілген тың аймағы бүгінгі таңда жалаулы агрегаттармен жарасымды. Тырна даусынан гөрі трактор гүрілі молырақ естіліп, қызғалдақтан гөрі Қызыл вымпелдер көзге көбірек түседі. Бұл көктемгі егіс науқанының ел таныған сұлу суреті еді.

Ж. НҰРҚАНОВ,
«Социалистік Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі,
Целиноград облысы

ҚАЙСАРЛЫҚ

Журналист Жарасбай Нұрқанов «Социалистік Қазақстанның» Целиноград облысындағы меншікті тілшісі болып бекітілді. Бүгін оның алғашқы материалын жариялап отырмыз.

1

Мәртебелі мінбеден Леонид Картаузовтың есімі аталып еді, дүр етіп көгершіндер ұшқандай ду етіп қол соғылды. Салтанат төрінде отырған Леонид Михайловичтің жұқалтаң жүзі де ду ете қалды. Сарғыш өңі сол

сәтте қызғылт тартты. Облыс басшысы ер диқанның өмір жолын баяндай бастаған: ленинградтық өреннің есіне Выборг жағы, балғын шағы келіп түсті. Дүркірей көтерілген көкала қанаттардың соңынан өзі де ұшып кетердей, қолды-аяққа тұрмайтын кезі.

– Ленька сырқат шешеден тым жастай, майдангер әкеден тым ерте айрылды, – деп тұр шешен.

... Сол бір сүйкімді жанның мейрімді жүзі кенеттен сұп-сұр тартып, сұп-суық күйде жатты да дүние салды. Әкесі болса, Нева жақтан темір құзғындар тепсіне бергесін, баланы бір деревняға немере апайына әкеп тастап, қош айтысқан. Содан қайтып әкені де көре алған жоқ...

Мінбедегі кісі тоғыз жасар жас ұлан көрген соғыс тауқыметін сөз етті.

... Адасып кеткен бала бір ағаштың түбінде аш-жалаңаш бүктүсіп жатқанында оны старшина Иванов тауып алған. Сөйтіп, Леонид Картаузов 185-атқыштар дивизиясына полк баласы болып қабылданды. Шикіл сары балақан мұндай пысық болар ма, жаман-жұман киініп жау мекеніне барып келуге, небір құнды деректер жеткізугеептейлі-ақ. Әттең, Тарту қаласына таяу жерде балғын жауынгерге бақытсыздық кезікті: аяқ астынан жарылған мина жеткіншекті топырақпен қоса лақтырып жіберді. Вологда госпиталінде әлдебір уақытта көзін ашып, екі аяғының бірдей басы жоғын білгенде, қатты үрейленген. Тобықты қойып, жіліншікті тізеге тақау тағы кесті-ау, жүрегі тоқтап қалғандай еді, сол бір сәтте.

Жоқ, Леонид Михайловичтің жүрегі қазір аттай тулап отыр. Баяндамашы мұның мақтауын асырып барады.

Жарымжандығына қармастан Картаузов тың жорығына тіленіп келді. Кең далада трактор тұтқасын тұңғыш ұстады. Бүгінде «тыңның Маресьеві» атанып, омырауына Алтын Жұлдыз тақты.

Тың игерудің 20 жылдық салтанатына орай Тың игерушілер сарайына жиналғандар орындарынан тік тұрды. Алты мың көз төрге қарап қалған. Сырықтай болып тұра берген сұңғақ бойлы, сұйық бурыл шашы оңға қайрылған, жақ еті шығыңқы, сарғыш өңі күреңітіп кеткен азаматқа тамсана, сүйсіне қарайды бәрі.

2

Қызық-ау өзі өмір деген. Бүгін айдай әлемге жария қылып жатқан кемтарлығын бұл сонда жасырып-ақ баққан.

1955 жыл. Каунас қалалық комсомол комитетіне келгенде ығы-жығы халықты көрді. Леонид жан-жағына көз салып, айнала құлақ түрсе, елдің бәрі дәрігерлік анықтаманы сөз етеді: тыңға аттануға тілегің ғана емес, білегің де күшті, денсаулығың мықты болу керек екен. Леонидтің таразы бойы тарамыстай мықты, білек еттері білеудей сіңірлі. Әттең, аяғын қайтеді? Қап шіркін-ай, тағы да ақ желеңділер алдында тәуелді болып тұрады екен ғой!

Ол өзі тұрғылас бір жігітке жатты да жабысты. «Мен болып хирургке кіріп шық» деп өтінді. Алды-артына қаратып жатпайтын қайран жастық шақ! Бұл төтен тілек айтты, анау да көп толғанып жатқан жоқ: «иә, болса болар, болмаса...» деп хирургкке кіріп кетті. Өтіріктің де өрге басар кездері бар. Ақ ниеттің амалсыз жалғандыққа басуынан ба? Әлгі жігіт хирургтің қолтаңбасы бар анықтаманы алып-ақ шыққаны.

Картаузовқа да комсомолдық жолдама тиді. Жиырма екідегі жігіт алыс сапар эшалонымен «Қазақстан қайдасың!» деп тартып кетті. Мүгедек емес, мүлде жаңа адам болмақ, жаңа арналы өмір бастамақ.

Поезд бастығы қарауындағыларды аралап келе жатыр еді, бір вагонда жоғары сөреде аяғын шешінбеген біреуді көрді.

– Бәтеңкеңді неге шешпегесің?

Протезді шешіп қоюдың да, шешпей жатудың да бабын таппаған батырың қолға түскендей.

– Осылай жылырақ, – деп жымиған болды Леонид.

– Кәнекей, түсе ғой! – киімшең, сабазды аяғынан нұқып еді, жіліншігі тық-тық етті.

Секіріп шығуға, секіріп түсуге үнемі үйреніп жүрген Леонид жерге дік ете қалды. Аяқтары бүгілген жоқ, ағаш діңгектей дүңк-дүңк етті. Поезд бастығы оны оңаша купеге алып жүрді. Қостанай облысының тыңға кісі жинаушы өкілі Иван Старожук қана бар онда.

– Көтер балағыңды!

Жігіт амалсыз қос балағын көтергенде, поезд бастығы мен өкіл өз көздеріне сенер-сенбесін білмеді: тыңға алып келе жатқан азаматтың аяқтары тізеге дейін жансыз темір. Екеуі мұны купеден шығарып жіберіп, ақылдасып барып айтқаны:

– Шырағым, мынауыңды біз көргеміз жоқ, білгеміз жоқ. Ендігісіне өзің шыдайсын...

3

Ең бір жақын жолдастары болмаса, Леонидтің кемтарлығын бірге келгендердің бәрі біле берген жоқ. Кейде күлкілі жайлар да болып қалып жүрді. Бірде бригадирдің бұған ызасы келіп, ұйықтап жатқан жеріне жетіп барады. Барса, аяқтары бір бөлек, денесі бір бөлек жатқан жанды көреді. Бригадир талып қала жаздайды.

Тыңға келген өңкей жас қалт еткен сәтте футбол ойнайды.

– Әй, маятник, қақпаға тұр, – деді біреу вагонеткадан шыға берген Леонидке. Мұның теңселе басып жүретінін байқаған болса керек-ті. Бұл бір допты қағып қайтарып еді, екіншісі қақпадан асып кетті. Доп соңынан жайлап қана ұмтылған.

– Әй, аяғы жоқ адамша шойнаңдамай, болсайшы, – деді бір дөкір дауыс. Леонидтің жүрегі шым ете қалды. Әйтсе де, «қайсың айттың?» деп қараған жоқ артына. «Аяғымның шын жоғы білінбейтін болғаны ғой» – дегенді көңіліне медет тұтты.

Бірақ Чайковский атындағы совхоздың басшысы бәрін біліп алған. Документтер айтып тұр: ленинградтың соғыс мүгедектеріне арналған мектебін бітірді дейді, кәсібі етікшілік екен.

Картаузов өршіл талабынан танбады. Директор К.М. Селивановқа келіп, жұмыс сұрап отырып алды. Үстеріне бригадир Иван Степанов кіргені мұндай оңды болар ма!

– Кузьма Митрофанович, тұқым өлшеуге тұрсын дағы. Бізге таразыға жіберіңіз, – деді. Оның жақсылығын өмірі ұмытпас! Көктемгі егістен соң да Леонидті бригадасында алып қалды. Анисим Сироткин деген трактор-шыға тіркеуші етіп бекітті. Тракторға да жақындады-ау, әйтеуір.

Бірде Анисим: «мен нарядтарды бір реттеп алайыншы, сен тыныға тұр», – деп вагонеткаға кетті. Леонид әрі жатты, бері жатты. Болмаған соң, ДТ-ның кабинасына барып отырды. Оттай ыстық құштарлық қызқыз қайнап әкетіп барады. «Тәуекел!» – деп, машинаға отырды. Мотор мен жүрек бірге дүрсілдеді. Бірінші жылдамдықты қосты. Протез болса, несі бар, тормозды тап басып тұр. Екінші жылдамдыққа ауысты. Артына қарап еді, түзеп қойған түрені қара жерді таспадай тіліп келеді.

Анисим вагонеткадан айғайлай шықты. Бас киімін бұлғап-бұлғап жүгіреді. «Жүріп кеткен трактор ды тоқтата алмай отыр», – деп келеді. Қуып жетті де, Картаузовтың бал-бұл жанған бақытты жүзін көріп, түсіне қойды. Ләм деместен барып жыртылған жерге қол салған болып тұрып қалды.

Тыңның үшінші орағы келе жатты. Шарасынан асардай шайқалып дән дария болып толқып тұрді. Байырғы механизаторлар комбайн баптай бастаған. Сол кезде: «тіркеушілер трактор ға отырсын» деген ұран шықты.

Тіркеушілерден емтихан алған комиссияның Картаузовқа тағар міні жоқ, бәрін бес саусағындай біліп тұр. Бірақ трактор бөле келгенде, механик азар да безер болды. Кузьма Митрофанович ақылды адам ғой. Ұлы Отан соғысының мүгедегін, талабы таудай жігітті жарылқады да салды: жап-жаңа ДТ-54 бергізді. Сөйтіп болашақ даңқты механизатор Картаузов өз тракторының рулін Қазақстан алғаш миллиард беретін құтты күзде ұстаған еді.

4

Өмір жолы бұралаң. Тыңда Аннамен табысқан Леонид қайын енесінің қамкөңіл жағдайымен 1963 жылы Ростовқа көшті. Техникумда оқыды. Бірақ есі-дерті тыңда болды. Бақытын сол байтақ даладан табатындай көрінді де тұрды. 1965 жылдың көктемінде Целиноградқа тартып берді.

«Новоалександровский» атты шаруашылық кемтар жанды жұмысқа алмады. Целиноград ауданының «Родина» совхозына сілтегендеріне де рахмет. Мұнда көктемгі егіске қол күшін іздеп отыр екен, бұған да бұйрық жазылды.

Совхоз директоры жаңа тракторшының құпиясын көп ұзамай-ақ білді. Тағдырға мойын сұнбаған өршіл жігітті егістіктен әдейі іздеп тапты. Танап басында ашық әңгіме болды. Коммунист Картаузов бұл кезде де өз бағасын, өз мүмкіндігін білетін, шаруашылық басшысын шамдандырмай-ақ сендірді. жеті жылдан кейін совхоз басшылары, бригадалас жолдастары Леонид Михайловичті Орақ пен Балға Алтын жұлдыз медалімен құттықтайтын танаптың тұсы еді, бұл.

... Мотордың майда гүрілі, ши барқыттай бапталған жер... әңгіме осыған ауысқанда алғыр құсы мақталған саятшыдай Леонид Михайловичтің сүйір иегі көтеріліп, көктамырлы мойны ұзарып кетеді.

Трактордан басқа дейсіз бе?.. Леонид Михайлович әнді, асқақ әнді сүйеді. Совхоз көркем өнерпаздарының әзірлігіне жиі қатысып, хорға қосылатын. Қыстаса, «Бухенвальд дабылын» өзі де шырқан қоя береді.

Неге екенін білмейді, Горькийді оқуға құмар. Маршал Жуковтың естеліктерін шөліркеген жанша бас көтермей тауысты. Академик Королевтің бір сөзі бұған соншалық ұнаған: «Егер космонавт ерлікке кетіп барам десе, онда әлі ұшуға әзір болмағаны» депті. Леонид Михайлович та өз еңбегін ерлікке балаған емес. Ол жұмсақ жерге шаққанда жыл сайын екі мың гектарды баптап отырады. Облыста ДТ-75-тің нормасы орташа есеппен 960 гектар. Сөйтіп, ол бесжылдығын ерте орындап қойып жүр. Бұл үнемдеген жанар-жағар маймен бүкіл бригада қанша жер жыртар еді, десеңізші!

Биыл наурызда тұмауратып қалды. Социалистік Еңбек Ері қайда көрінемін десе де еркі ғой. Бірақ Леонид Михайловичтің совхозда танып-білген, қазір облыс орталығында істейтін Халел Ахметжанов деген жас та болса, жақсы көретін дәрігері бар. Тура соған келеді. Жуырда Орталық телевизиядан өзі туралы берілген хабарды сол Халелдің үйінде шай ішіп отырып көрді. Дәрігер досы бұған енді трактор шылықты қоям десе, анықтама беруге болатыны жөнінде емеурін білдірген. Картаузов кәдімгідей кейіді:

– Сен қалайсың. Егіске дейін үлгермейміз бе?

Ауруханаға жатқанша Целиноград аудандық партия комитетіне кіріп шықпақ. Аупарткомға мүше ғой.

Күні кеше Леонид Картаузовтың есімі СССР Жоғарғы Советінің Одақ Советі бойынша депутаттыққа кандидат болып аталды. Зор абырой иесі Целиноградтың Ленин атындағы алаңымен келе жатыр. Тізеден төмен тіп-тік аяқтарын дік-дік басады. Сәл еңкіш тартып, сәл теңселіп қояды. Еңбектің қадыр-құрметін асырып тұрған елімізге еркелейтін секілді. Өршіл жан алдағы күнге асығып ентелей түсетін тәрізді.

Целиноград ауданы, «Родина» совхозы

ҮЛКЕН ІСКЕ ҰМТЫЛДЫРҒАН

Басқалар сөйлегенде бұл кісі салмақты тұрып, сабырлы тыңдайды. Кезек өзіне келгенде сөзді баппен бастап, байыбымен өрбітеді. Майда қоңыр үнімен, тұздығы мол сөзімен баурайды. Сондықтан болар, Киров селолық Советі аткомының председателі Серікбек Тойшыбековтың саяси хабаршылар арасында әрқашан шоқтығы биік тұрады.

С. Тойшыбеков биылғы орақта шаруашылықтың №2 комплексіндегі идеологиялық қызмет звеносына жетекшілік етті. Таңертеңгілік дала қосына келіп іске кіріскелі тұрған жігіттерді аз-кем әңгімеге тартады. Бір жақсысы, жұртты «жүріңдер, әй!» деп әр жақтан жинап әуре болмайды. Егін ору, десте бастыру звеноларының мүшелері – әкелі-балалы Диделер осы тұсқа шоғырланған. Байырғы механизатор бүгінде реттеуші шебер Христиан Христианович комбайнды қайта-қайта баптаудан бір тынбайды. Ал оның бес ұлы, немерелес екі інісі, үлкен Диденің төңірегінен табылады. саяси хабаршыға бұдан қолайлы кез болар ма?

Бірақ Серікбек қызметінің өз қиындығы да бар. Диделердің сегізі де сергек көңілді жандар, қарт әкеден басқалары қаланың кәсіпорандары мен мекемелерінде істейді, орақ өздері сұранып келіп, семьялық звено құрып, еселі еңбек етеді. Бұлардың көп жайдан өздері хабардар, анау-мынау әңгімеге зауқы жоқ. Айтар болсаңыз дәмді ғылып, дәйекті сөйлеңіз. Егін орудың барысына қоса еліміздің жаңалығын айт, жақсылығын жеткіз, жер жүзінің хабарларынан да қалыс қалдырма. Талап осы, таразы сол. Тәжірибелі саяси хабаршы Серікбек осыған дайындалады, соған сай болуға ұмтылады.

Саяси хабаршының да сәт сағаттары болады-ау. Орақтың әбден қызған шағында екі мәрте Совет Одағының Батыры, СССР космонавт-ұшқышы В. Быковскиймен Совет Одағының Батыры, ГДР-діңзерттеуші-космонавы З. Йен жолдастардан Диделердің атына құттықтау телеграмма келгенде Серікбек осынау сәлемдеме өзіне арналғандай қуанды. Ол күнгі газеттер қолына тиісімен, танап басына тартты. Әуелі звено жетекшісі Анатолийден бастап, комбайн штурвалындағы Диделердің бәрін құттықтап шықты. Бұлардың ең кішісі – Валерий әскери борышын өтеуге кеткенде оның орнына Қонысбай Жүсіпов деген жас жігіт толықтырған-ды. Серікбек соған қарап, «Көрдің бе, кімдермен бірге жұмыс істеп жүргеніңді, үйрен, ұмтыл, қалыспа!» деп жас жігітті қайрап қойды.

Серікбек тағы да бірнеше телеграммаларды оқыды. Семейлік, қостанайлық, көкшетаулық, торғайлық топ жарған механизаторларға космос қырандары жолдаған құттықтаулар. Осыны тілге тиек етіп, саяси хабаршы көршілес облыстарда орақтың барысы қалай екенін, республикада бүгінгі күні қол жеткен меже қандай екенін біраз әңгімеледі. Целиноград облысының өзінде егін орудың қарқыны жақсы болғанмен, десте

бастырудың баяу жүріп жатқандығын сөз етті. Дән тасқыны тәулік сайын арта түскендігін әдейі бөліп айтты.

Танаптан қырманға, қырманнан элеваторларға ағылған астық тасқынында Анатолий Диденің комбайнынан саулаған сары алтын да айтарлықтай. Өз ісіне жетік комбайншы әуелде өз бункерінен 15 мың центнер дән тасытамын деп міндетеме алған-ды. Ол космонавтардың құттықтауын алғаннан кейін үлкен ілтипатқа нақты жауап ретінде осы жоғары міндеттемені асыра орындап шықты. Облыста бірінші болып, бір жарым мың тонна межесіне жеткен мерейлі шақта Анатолий Христиановичтің мойнына алтын масақтан алқа таққан да осы Совет төрағасы, саяси хабаршы Серікбек Тойшыбеков болды.

Бүгінде Киров атындағы совхоздың саңлақ комбайншысы Анатолий Диде қалың дестелерді қауырт бастырып, тонналап дән қызылдаса, үздік механизатордың есімі облыстың құрмет тақтасына жазылып тұрған болса, оның осынау зор көрсеткішінде саяси хабаршының да өзіндік үлесі бар екені сөзсіз.

Ж. НҰРҚАНОВ,
«Социалистік Қазақстанның» меншікті тілшісі,
Целиноград облысыХалық қалаулылары

ЗҰЛҚИЯ МҰҒАЛІМ

1

Небір ерке балалар мектепке келгенде жуаси қалып, жүрексініп-ақ тұрмай ма? Сондайда алғашқы мұғалімнің әсері күшті ғой. Міне, қолдарына гүл ұстап, өздері де гүлдей үлбіреп, кішкене сөмкелерін ауырсынып тұрған балдырғандардың алдына ақсары өңді, ақ кірпік апай келді. Жүрісі қандай бапты, жүзі қандай жылы. Өз класына бөлінгендерді түгендей шолып, түрлерін анықтай түсіп, аса бір ыстық ықыласпен қарайды. Жуастау бүлдіршендердің жүрегі орнына түсіп, шешелеріндей мейірімді кісіге қызығып қалды, тентектеу немелер де кеңпейіл апасын көргендей өздерін еркін сезіне бастады. Бірақ көп шәкіртті шашау шығармастан соңына ертіп, алтындай сарғыш шашына күміс араласқан мұғалім мектеп ішіне, класс бөлмесіне беттеді. Ақ үрпек балапандай ақ фартукты, ақ жағалы балақандарды білім теңізіне, оқу өрісіне бастап кетіп барады...

Бұл – Целиноградтың Жамбыл атындағы №4 орта мектебінің озат мұғалімі, бірінші кластағыларға білім берудің майталманы, бастауыш мектеп балаларын оқытудың шебері Зұлқия Дәулетбайқызы Төрежанова. Оның омырауында «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» деген значок жарқырайды.

Шәкірттердің бәрі дерлік жүгірте оқуға жарап қалған. Қаламұштары да бұрынғыдай тұтқырлана бермейді. Ал мұғалім болса: «Балалар, бүгін біз сөздердің неше әріптен тұратынын айта отырып, оны жатқа жазып үйренеміз» – деп тұр. Бұл – бірінші класта «Әліппенің» екінші кезеңінен бастап түсіндірмелі жазу.

Оқушылардың жазуға әзірлігін тексергеннен кейін:

– Мен қазір бір сөзді буынға бөліп, қалай жазылатынын тақтада көрсетемін, – деді мұғалім. Мысалға «ара» сөзін алған екен. – Бұл сөзде екі буын бар: бірінші буыны – «а», осы «а» деп жазамыз, – деп, өзі тақтаға жазып көрсетті. Балалар да ұстаздың түсінігін қайталай отырып, дәптеріне «а» деп жазды.

– Екінші буын – «ра» екі дыбыс, әріптен тұрады. Оны бірінші буынға жалғастырып жазалық. Сонда дәптерге не деген сөз жаздық? – деп сұрады мұғалім бастарын қағаздан көтерген шәкірттерінен.

– Ара! – деп ду ете қалысты барлық бала.

– Иә, «ара» деп жаздық, «ала» емес. – Тілі сәл шолжаңдау бір шәкіртінің атына еппен ғана ескерту жасаған ұстаз жайымен парта аралап шықты. Жаңадан «ана» сөзін алып, жаңағыдай түсіндірмелі жазу жұмысын жатқа жүргізді.

– Дәптерімізге не деген сөзді жаздық?

– «Ана» деген сөзді жаздық.

– Бұл сөз неше буыннан тұрады екен?

– Екі буыннан тұрады екен. – Жаңа сабақты оқушылар зердесіне жете ұғындыруды ойлап тұрған мұғалімнің жұқалтаң ақсары жүзі әнтек ду ете қалып, қып-қызыл болып күліп жіберді. Бүкіл кластың бұл айтқан сөзді айнытпай қайталауына күлген, жұқа еріндері дірілдей ашылып, маржандай тістері жарқырай күліп еді.

– «Екен» деген сөзді қоспай-ақ қойыңдар. Бұл сөз неше буыннан тұрады? – деп түзетті өзін.

– Екі буыннан тұрады, – деп түзелді класс қолма-қол.

«Баламысың» деген-ау деп күлімсіреген күйі ұстаз түсіндірмелі жазуды одан әрі жалғастырды. Осы сабақта 5 сөзді берік есте қалатындай етіп жаздыртты. Мұндай тәсілді ол екінші-үшінші кластарда да үзбей қолданады. Содан болар, бұл кісінің шәкірттері кейін диктант, мазмұндама, шығарма жазғанда да әрдайым сауаттылық көрсетіп, сапалы білім танытады.

Қазақ алфавитіне ғана тән «ә», «ө», «қ», «ғ», «ұ», «ү», «ң», «і» секілді дыбыстарды үйрену, әріптерді оқытудың өзіндік мәні бар. Бұл бір шәкірттердің шалағайлық көрсетіп қалатын тұсы. Ана тілін құрметтейтін, азамат тағдырын ойлайтын педагогтің бұған көңіл бөлмеуі мүмкін бе? Міндетіне мұқият, әр ісіне мәттағам ұстаз: «Ө» әрпі бар сөздер» деп, сабақтың тақырыбын жазып қойып ойланып отыр. «Ө» дыбысын сөздің басында да, ортасында да таба білуге жаттықтыру; «ө» әрпінің екінші

буында жазылмайтынын есте қалдыру – сабақтың мақсатын осылай деп белгіледі. Оқулыққа қоса көмекші әдебиеттерді қарап, көрнекі құрал әзірлеуге кірісті. Көктемгі уақыт, айдын көл, аққан өзен суреті салынды. Шапқылаған құлыншақ, құрық сүйреткен жылқышы да бар (бұл «ұ» әрпін ұқтыра түсуге, оның да екінші буында жазылмайтынын білдіруге, өткендегі жазу жұмыстарынан кімнің қандай қате жібергенін көрсетуге қажет-ті).

Сөйтіп кезекті сабақ жаңа программа бойынша оқушыларға «ө» дыбысын білдірудің, әрпін танытудың тамаша үлгісі, сәтті сағаты болып шықты: «ор, өр, тор, төр, қол, көл» – деп, бір мезгіл салыстырмалы түрде санаға сіңірсе, келесі сәтте: «өлең, өнер, өжет, өрмек, өнеге» деген асыл сөздердің айтылуы мен жазылуын, екінші буында «ө» естілгенімен «е» әрпі жазылатынын жаттығу арқылы бекітіп берді.

Ашық сабаққа қатысқан әріптестері мен мектеп басшылары да сүйсінді; өзі мұғалімдік диплом алған Ақмола (Целиноград) педагогикалық училищенің практиканттары да көп нәрсені аңғарып, үйреніп алды. Бәрінің де тұжырымы: «бұл кісі әліппені әдемі оқытады».

3

Әліппені бұл мұғалім шебер оқытпағанда кім оқытсын. Зұлқия Дәулетбайқызы қазір республика мектептерінде оқылатын «Әліппенің» авторы. 1957 жылы Қазақ ССР Оқу министрлігі ұлт мектебінің бірінші класс оқушыларына жабық конкурс жариялағанда байырғы педагог Зұлқия Әйтенова (ол кезде осы фамилияда болатын) өзінің жұбайы, халық ағарту майданының кәнігі қызметкері Мәдіхат Төрежановпен бірге бәйгеге қосылуға бел буды. Көп жылғы тәжірибелерін қорытындылап, балбөбектің алғаш оқитын кітабын өмір талабына сай, ана тілі заңына сәйкес, бала ұғымына жарамды етіп жазып шықты. 1962 жылы январь айында конкурс қорытындысы шығарылғанда бәйгеге келіп түскен 8 қолжазбаның ішінде тәжірибелі мұғалім Зұлқия мен методист Мәдіхаттың біріккен еңбегі бірінші жүлдеге ие болды. Сөйтіп 1964 жылы басылып шыққан З. Әйтенованың «Әліппесі» кеңбайтақ республикамыздың жүз мыңдаған жеткіншектеріне алғаш әріп танытып, сөз үйретіп, Ұлы Отан тынысын ұрпақ санасына алғаш сіңіретін құрал болып келеді.

1965 жылы «Қазақстан мектебі» журналында автордың «Әліппе оқулығы жөнінде жазылған хаттарға жауабы» жарияланды. Осыдан бастап Зұлқия Әйтенова-Төрежанованың республика педагогикалық баспасөзде «Диктант түрлері және қателермен жұмыс істеу», «Оқу сабағында сөздік жұмысының рөлі», «Баланы қызықтыратын оқулық», «Кітап – біздің адал досымыз», «Әңгіменің мазмұнын айтуға үйрету», «Сауатты жазуға баулу әдістерім» атты мақалалар дүркін-дүркін жарияланып, бай тәжірибесі, байсалды ойлары көпшіліктің игілігіне айналды. Зұлқия Дәулетбайқызы – тыңдырымды істің ғана емес, творчестволық ойдың да адамы.

Бүгінгі биігіне бірден шыққан жоқ, әрине. 1946-1947 оқу жылында Омбының педагогикалық училищесінің куәлігімен Қорғалжын орта мектебіне келгені, бірақ бастауышта орын болмай, жоғарғы кластарға физика мен химиядан сабақ бергені, сабақты түсіндірем деп жанын сала жүре осы пәндерді оқушылармен бірге өзінің де біле түскені әлі есінде. Бұл күнде ғылым кандидаты, шаруашылық басшысы, мекеме жетекшісі болып жүрген бұрынғы шәкірттері сол кезде шағаладай ақшаңқан киінетін, ақсары жүзі қызғылт тартып, қыр мұрының ұшы сәл тершіп, тақта алдында тағатсыздана жүретін жас мұғалиманы жадынан шығармаған болар.

Зұлқияның бастауыш мектеп балдырғандарына хат танытып, тәрбие беріп, тағылыммен қанаттандырып жіберіп жүргеніне ширек ғасыр. Целиноградтың Жамбыл атындағы №4 орта мектебінің бастауыш кластарына еңбектенгеніне де 21 жыл болып қалды. Қашанда балаға білім берсем екен, ұққаны мол, үйренгені көп болса деген тілегінен, талпынысынан танған емес.

Еңбегіне қарай өнбегі ғой, «Зұлқия Дәулетбаевна, мен айтайын, мен айтайын» – деп, оң білегін селтең-селтең еткізіп оқушылары отырады класта. «Зұлқия тәтей, мынаны не істесек екен? Зұлқия тәтей, қолыңыз бос па?» – деп жас оқытушылар жүреді мұғалімдер бөлмесінде. «Зұлқия шырағым, осы баламды өзіңе тапсырдым. Ә, Зұлқия мұғалім бе, оқытуы оңды ғой шіркіннің» – деп ата-аналар келеді мектепке. Енді «депутат Зұлқия» дейтін күндер де алыс емес. №4 қазақ орта мектебінің коллективі Зұлқия Дәулетбайқызы Төрежановаңы №145 сайлау округы бойынша қалалық Советтің депутаттығына кандидат етіп ұсынды.

Жылқыбайы заң оқуына барып, Розасы медицина училищесіне түсіп, Зәуреші биыл оныншы бітірген соң дәрігер болуды армандаса, Райхан деген қызы ана жолын қуып, әке дәстүрін жалғастырып жүр: С. Сейфулин атындағы педагогикалық институттың филология факультетінде сырттан оқиды. Көрдіңдер ме, ұстаз қадірі қандай, мамама көрсетілген құрмет неткен зор!» – деп мерейі үстем болып отыр.

Иә, қалалық оқу бөлімінің Құрмет кітабына есімі жазылып, суреті Құрмет тақтасынан түспейтін Зұлқия Төрежанова – коммунистер мен партияда жоқтар блогына лайық кандидат.

«Социалистік Қазақстан» газеті,
Целиноград

ПӘК СЕЗІМ

Әлгінде ғана дуылдай кіріп, гуілдей сөйлесіп отырған оқушылар әп-сәтте тына қалған. Тоқсан бала отырған аудитория жым-жырт. Баршасының назары мектеп директорының қолындағы ақ конвертте, жүздерінен жүрек тебіренісі сезіліп-ақ тұр. Үміттене ұмтылып, иек көтере, мойын соза қарап қапты талайы. Ал ана бір қауіптене қараған қара көздің аясы үлкейіп, аласы молайып бара жатқандай.

... Осы залға кірерде есік маңдайшасындағы: «Емтиханды «4» пен «5»-ке тапсырайық!» деген үлкен талапты ұран көргеміз. Одан төменірек емтиханға қанша күн қалғандығын хабарлайтын көрсеткіш бар екен. Сол көрсеткіш ол күні бос тұрды. Өйткені, емтиханның өзі де келіп жеткен еді. Республикамыздың барлық қазақ мектептеріндегі сияқты, Целиноградтағы №4 Жамбыл атындағы мектептің 11 класс оқушылары да алғашқы емтиханды бастап, ана тілінен шығарма жазуға кіріскен-ді.

Жаңа ғана үмітті жүзі ұяң, күдікті жүзі қуаң тартып отырған шәкірттер жаппай жадырап қоя берді. Тақырыптар қандай тамаша!

Бірінші тақырып «Ы. Алтынсарин – педагог, жазушы», Ыбырай – ұлы адам. Ыбырай жайлы жазу жанға жақын. 42 оқушының осы тақырыпты таңдап алуы да содан болар.

Ақмолада Совет үкіметін орнатысқан Сәкеннің аты бұл мектептің оқушыларына тіпті таныс, тым ардақты. Сәкен қызмет қылған, тұрмыс қылған, тұтқынға отырған үйлерді өз көздерімен көрді олар. Сәкен творчествосы туралы әдеби кештер әдемі өтіп еді-ау! Ендеше оның «Көкшетау» поэмасы жөнінде шығарма жазу шыныменен қолайлы емес пе? Бұл тақырыпты жазуға қырықтан астам оқушы қысылмастан кірісті.

Үшінші тақырып та «Іздегенге сұраған». Бұлар көптен бері-ақ «Мен қай мамандықты ұнатамын!» деп, үлкен толғаныста жүрмеп пе еді? Ал мектеп оларды белгілі бір мамандыққа бейімдеп, баулыды емес пе? Мәселен, 11«А», «Б» кластарының ер балалары шофер-слесарь мамандығына машықтанып қалған-ды. Сол себепті де олардың біразы оқу бітірісімен №3 автобазаға жұмысқа бармақ. Ал техника тетігіне жетік оқушылар М. Ақшалов, С. Мақажанов машина жүргізушінің куәлігіне әлден ие болып отыр. Бұл кластың қыз балаларының астық пункттерінде лаборант боп істеуге лайық білімі бар. Соған сәйкес К. Жәкенова, С. Темірғалиева деген оқушылар совхоздарға бармақшы. 11 «В» класының ер балалары электрші-монтажшы мамандығын үйренген. Сондықтан да олардың көбі қаламызда жұмысқа қалып, институттарда сырттан оқымақ.

Өздерінің өмір жолын таңдауы жәйлі тақырыпқа алты оқушы қалам тартты. Темірхан Оспанов деген оқушының агроном болғысы келеді. Ал оқу озаты Бәтима Жаңабекованың шығармасы шыншылдығымен қызықтырады. Тілі жатық, ой-топшылауы орынды: «Мамандықтың бәрі –

жақсы. Сүйікті мамандығым – дәрігер. Дәрігер өмір сақшысы» деп жазып жатыр ол. Бұған көлденең сөз қосуға бола ма?!

Басқа төрт оқушы да толғанулы. Шығармада ғана емес, шын мәнінде мамандық таңдап, өмірдегі орнын анықтап алғысы келеді.

... Бәрі де ой үстінде. Біреуі қағазға төніп, қабағын түйіп отыр. Манадан маңдайын қолымен тіреп, көп ойланған бір жеткіншек жедел жазуға кірісті. Бөлмеде бөгде жүріс, бөтен дыбыс жоқ. Тек қана қалам сырылы, қағаз сыбдыры. Ақ параққа пәк сезім сия болып құйылып, сыр болып жазылуда. Парақ-парақ пәк сезім мен парасат.

... Емтихан комиссиясының алдында тоқсан баланың жазба жұмысы жатыр. Мұқият тексеріп, әділ бағалау керек.

Мынау – 11 «А» класының оқушысы Шолпан Хамзинаның жұмысы. Айналып кетсең болмай ма алғыр шәкірттен! Ыбырай Алтынсариннің өнегелі өмірін өз сөзімен қалай қастерлеп жазған! Қатесі де жоқ. «Бес» деген баға алды.

«Б» класының оқушылары Батима Жаңабекова, Тельман Сәдиев те күткен жерден шыққан екен. Ал «В» класының шәкірттері Г. Ахмедина мен Г. Аблакова, Х. Айнабеков жақсы жазыпты. Жарайсыңдар, шәкірттер! Ендігі емтихандарға да еңсені биік ұстаңдар.

Целиноград, 31 май 1966 жыл

Очерк

АЛТЫН САУСАҚ

Әсер

Қайша өз басына қатысы жоқ әңгімеге мойын бұрмайтын жан. Үйде болса – шаруасына, фермада болса – жұмысына берілген күйде жүргені. Бірдеңені біле қойғысы, ести кеткісі келіп, ындыны құрып тұрмайды.

Қайша өзіне тікелей қатысы бар сөзді мойнын кілт бұрып, қалт тыңдайды. Иегі ілкім көтеріңкі, кеудесі аздап шығыңқы, аяқтары сәл қырындау тұрып қалғанын артынан барып аңғарады. Іштей селт етіп, сырттай сабырлы қалпын сақтаған күйі, дәрежесін төмендетпей түзейді бойын.

Қайшаның әдеті алдындағы кісіге жұқа қабағын серпе, қою қастарын кере қарайды. Сол жақ қасының сол жақ ұшы сәл-пәл жоғары серпіліп, болар-болмас діріл қағып тұрады. Өмірлік серігі Хайролла өзіне алғаш сөз айтқанда дәл осылай қабағын кілт көтеріп, қасын дірілдете толқып тұрған болар-ау, сірә. Онда, 1959 жылы Қайша жасы жиырмаға жаңа келген бойжеткен еді. Сол бір жастық шағының дүниеге таңырқай қарайтын тамаша қасиетін әлі күнге жоғалтпаған.

Танысу

Қайшаның ес білгелі еңбектен қол үзген жері жоқ. Шешесі Шәрбан қыздарын кішкентай күнінен шаруаға бейімдеп, іскерлікке баулып баққан. Омбы жағында жеті жылдықты қазақша бітірген Қайша одан әрі оқи алған жоқ. Сол кездегі тұрмыс жағдайы мұның еңбекке ерте араласуын, аз да болса қолғабыс жасауын талап етті. Қаршадай қыз колхоздың өзіне лайық деп берген жұмысына жүгірді. Содан Хайролламен қол ұстасып, қазіргі Целиноград облысының Жамбыл атындағы совхозына келіп, түтін түтеткеннен кейін де Қайшаның қарап отырмағаны белгілі. Жас келін, жас ана үй-ішінің ұшы-қиыры жоқ күйбеңіне қоса совхоздың сақманшысы, қырманшысы болып та көпшілік ісіне көмегін тигізіп жүрді.

Сөйтсе де Қайшаның қайнаған еңбекке етене араласуын 1963 жылы КазЦИК атындағы совхозға көшіп келген кездерінен бастау керек. Хайролла осы Куйбышев бөлімшесіне зоотехник болып орналасқан-ды. Көп ұзамай Қайша да жұмысқа шақырылды. «Фермаға барасың, бұзау бағасың», деді оған.

Сыр ұшығы

Бұзау бағу дегеніңіз алғашында қиын болды. Жем жеуге, сүт ішерге келгенде топырлап, басып кете жаздайтын баспақтар тойынып алғаннан кейін қолды-аяққа тұрсайшы кәне! Құйрығын шаншып, құтырына шапқанда ие болудың өзі бір күш. «Бүйтіп әуре болғанша» деп, қолды бірақ сілтеп кеткісі келген шақ та болған. Сондай сәттерде бұзауқандардың еріндей жұп-жұмсақ, жып-жылы ақыл-кеңестерімен көмекке келген тәжірибелі малшыларға мың да бір рахмет!

– Абыржыма, Катенька, бірден оңай болмайды.

– Ептеп-ептеп көндіге бер.

– Өзің көндіккендей бұзауларды да бір икемге келтір.

– Уағында суар, мезгілімен жемде. Мейірімді бол.

– Е, жаны ашығандықты жануар да сезеді.

Людмила Воробьева, Вера Мордас, Мария Тихомирова сияқты байырғы еңбеккерлерді еске алады Қайша. Қазір сауыншы ретінде өз көрсеткіші олардан жоғары жүргенімен сонау бір бұзаушы күнінде бұлардан көп қолдау тапқаны анық.

– Ақыл-кеңестерін ала жүріп, бір жағынан намысқа да шабамын, – деп күлімсірейді, Қайша. Күлген сәтінде бүйректене қалатын бетіне шыбық-шыбық қызғылтым қан тебеді. Ішкі жан тебіренісін сездіргені. – «Бұзау күту де қолынан келмеді» деп айтқызбауға тырыстым.

Алғашқы жыл қандай ауырлықпен өтсе, екінші жыл соншалық табысты келді. Қайша қарауындағы әр бұзаудың тәулік сайын 650 грамнан салмақ қосып, қоңаюына жетті. Келер жылы торпақ басына 900 грамнан салмақ қостырамын деп міндеттенді. «Асыра сілтеді-ау» дегендерге

ерегіскендей міндеттеменің өзін 30 грамға асыра орындады. Ісіне тындырымды, тығыршықтай келіншек баққан бұзаулар тайынша секілді тайраң қақты. Және Қайшаның бағымындағы төлдердің бірде-бірі шетінеген жоқ.

Жарқырау

Қайша Бекболатованың бұзаушыдан сауыншылыққа ауысуы да қызық. Әлгі бір кітаптарда жазылып, киноларда көрсетілуші еді ғой: атақты әншінің тамағы қарлығып қалып, оның орнына жас артист сахнаға шығатын; байырғы футболшының бабы келмей, жасыл алаңға жас ойыншыны шығаратын. Сол сияқты бөлімшеде сауыншы жетіспей қалғанда Қайшаны да сиыр саууға қоссын. Бірден басты роль берілген жоқ, шабуыл шебі сеніп тапсырылған жоқ, әрине. Қайша қосалқы сауыншы болды. Басқалар тыныққан күні ол жұмыста жүреді, солардың сиырын сауады. Демалысқа кеткен, ауырып қалған әйелдердің орнын басады.

Тағы да сол кітап пен кинодағыдай: жас әншінің жарқырап көзге түсетіні немесе жас ойыншының қақпаны қақыратып доп соғатыны тәрізді мына қосалқы сауыншының көрсеткіші бірден биік болып шықты. Қайша сауған күндері сиырлардың желіні дертіп, сүті молайып кететін секілді.

Содан Қайшаны негізгі сауыншылар қатарына шығарып, алдына отыз екі сауын сиыр салып берді. Бұл үстіміздегі бесжылдықтың басталуына тұс келіп еді. Алғашқы жылы әр сиырдан 2024 килограмнан сүт алынды. Сол-ақ екен, қарауындағы сиырлардың сүт беруі де берекелене түсті. 1972 жылы сиыр басына 2910 килограмнан айналды. Айқындаушы жылдағы көрсеткіш 3405 килограмға көтерілді. Қайша Әбдірахманқызы КазЦИК атындағы совхоздың тұңғыш үш мыңыншы сауыншысы болды, Шортанды ауданындағы сауыншылардың жарыс көшін бастады. Шешуші жылда әр сиырдан 3713 килограмнан сүт алып, облыста үшінші орынға шықты. Еңбек Қызыл ту орденді еңбеккер биыл әрбір сиырдан 3800 килограмнан сүт алуға серт беріп, сиырды машинамен сауудың майталманы ретінде бүкіл Қазақстанның сауыншыларын мол өнім жолындағы күреске шақырғандардың бірі болып отыр.

Күдік сейілту

«Сауыншылыққа күні кеше келген мұның көрсеткіші мұншама неге жоғары?». Ирина Мешкова деген сауыншы тіпті Қайшаның қанша сүт сауғанын, қанша тапсырғанын кәдімгідей есептеп те жүріпті. Қоспасы, көзбояушылығы жоқ екеніне көзі жеткеннен кейін енді онысын өзі айтып, бірге күліседі.

Қайшаның күйеуі бөлімше зоотехнигі ғой. Сол орайда да түйткіл ойлар туындаған: «Зоотехниктің әйелі алдына өңкей бұр сүтті сиырлар жиналып берілген жоқ па екен?».

– Жоқ! – Бөлімше басқарушысы Н.И. Ермаков бетін бізден көлегейлеген көкала түтінді сермеп қалып, жауап қатты. – Хайролланы да, Қайшаны да білмейтіндер солай ойлайды. Олай дегендер болған. – Николай Ивановичтің жұқалтаң жүзі тыжырына қалды. – Хайролла тым қызба жігіт екен. Менің мінезім де шапшаң. Екеуміз алғашында шарт-шұрт болып қала беретінбіз. Кейін білдім: ортақ шаруаға жаны ашығыш, өз ісіне мығым. Айтайын дегенім: Хайролла ешкімге сиыр жетектеп жүретіндей кісі емес. Ал зоотехник жігіт құнарлы сиыр таңдауда әйеліне көмектесті дейік. Онда тұрған не бар? – Ермаков шылымды бір езуінен екінші езуіне ауыстырып, алақанын жаяды. Әрбір сөзін нығарлап отырған жүдеу өңді, жұпыны киімді кісіге қарап: «Мұның әлгі шапшаң, шадырлығы қай жерінде?» дерліктей.

– Шынтуайтына келгенде, Қайша Әбдірахмановнадан асып сиыр таңдайтын кім бар? Ол және тұңғыш бұзаулайтын тұмса қашарларды алды ғой өңкей. Олардың қаншадан сүт беретінін кім біліпті онда? Өзгелері қашарлардан ат-тондарын ала қашқан жоқ па еді? – Басқарушының аузындағы темекі түтіні бұрқ-бұрқ етті. «Жоқ жерде күйіп-пісіп қалатынның нағыз өзі екенсің ғой» деп жымидық.

– Өткен жылы біздің ферманың біраз сиырларын ветеринарлық тексеруден өткізді. Он шақты сиыр табыннан бокске ауыстырылды. Күмән келтірген сиырларды сауу үш күнге тоқтатылды. Тек Қайша ғана өзгелер құсап: «Қалған үш күнге несіне әуре боламын?» деген жоқ, сиыр сауууды тоқтатпады ғой. Өз тобын қайтадан бір анықтап тексеруді талап етті. Ақыры, әуелдегідей 16 сиыр емес, 6 сиыр ғана ауру деп танылды. Сосын мен Қайшаға көрші қорадан сиыр таңдап алуды кеңес еттім. Әдейі алдымен айттым. Қайша секілді сауыншымның қандай малға ие болуы маған әрі-сәрі іс емес. – Басқарушы өз-өзінен толқып, орнынан тұрып кетті. – Содан Юлия Василевская шу шығарсын: «Әне, тағы таңдап бермекші» деп, Қайшаның қаперінде дәнеңе жоқ, тісі қасқиып күледі: «Юлия алдымен алсыншы. Мен соңынан» дейді. Кейін сол Василевская жаңағы таласып алған сиырларынан құтыла алмай, ақыры жұмысты тастап кетті. Ал Қайша кейін алған сиырларды да мол идіруге икемдеп алды.

Мақтау

– Е, Қайша Әбдірахмановна сиырды тұмсықтан ұрып, сирақтан теппейді. – Ферма меңгерушісі Николай Бабич, бар қаны бетіне шығып тұратын қызыл жігіт осылай дейді. «Табыс көзі, шеберлік сыры неде?» дегенге қайтарған жауабы. – Айғабақ, Березка, Танакөз, Чернушкаларының мойнын қасып, сауырын сипап жүргені.

– Оның сиырларының сауыры салтақтанбайды, – дейді күміс тісті, қорғасын өңді Вера Мәрдас. – Таңғы төрттен тұрып кеткесін төсегі жиналмай қалуы мүмкін, бірақ Қайша сиырлардың алды-артын жинамай кеткен кезді көрген жоқпын.

– Ой, мұның сиырлары сапқа тұрған тәрізді, әрқайсысы өз орнын біледі, одан ауытқымайды, – деп күледі аласа бойлы, ақсары келіншек Валя Кислая, – Қысы-жазы, таңғысын-кешкісін үнемі бір мезгілде, ылғи бір шеттен бастап сауып, әбден қатырып тастаған емес пе? Жанындағыны сауып бола бергенде келесісі иігелі тұрады.

– Машинамен саудың шебері ғой, сөз бар ма? – Жирен шашты, жасамыс кескінді Мария Тихомирова халатының қалтасына қолдарын салып, арқасын есік жақтауына сүйеп сөйлейді. – Бірақ Қайша машинадан соң қолмен сығымдайды емшекті. Желінде сүт қалдырмайды бәлекет.

– Біріншіден, мен басқа қораның малшысымын. Екіншіден, онымен туыспын: Қайшаның апасын алып отырмын. Мақтауға болмайды, – деп бақташы Бөтей Құлмағамбетов әуелі әңгімеден бас тартқан. Сосын жұрттың сөзінен соң қызынып кетсе керек.

– «Ұлы сөзде ұяттық жоқ» деген, – деді. Балдызын қағыта ма, қалай? – Қайша сиырлардың қашан қашқанын, қай уақытта бұзаулайтынын хатқа түсіргендей жатқа соғады. Желінді қақтай білгендей буаз малды баптай да біледі. Оның сауын сиырлары соғымдық малдай көктемге жоны жылтырап шығады.

Жақында Қайша Бекболатованы №435 Жолымбет сайлау округы бойынша Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп ұсынған жиналыста Роза Бездидко деген жас сауыншы сөйледі. Қайша санаторийға кеткенде орнына осы бір саусағы уытты келіншекті таңдап еді.

– Қайша Әбдірахмановнаның сиырлары саууға қандай тамаша дағдыланған! – деп сыңғырлады шиедей қызарған келіншектің дауысы. – Бірде бірінің желіні жарылмаған, емшектері салалы-ақ. Аппаратты кигіз де, ақ бұлақты тек саулата бер, – деп күлдірді ол залды. – Ал бұл кісінің өзі келгенде сиырлар тіпті керемет иіп кетті. Қайша Әбдірахмановна – жаны жайсаң, жарқын, саусағы алтын адам!

Сүйсіну

– Әй, Розай-ай, алтын саусақ дей ме? – Қайша қарлығыңқы үн қатып күлді. Кешкі сауыннан кейін быртиып ісініп кеткен қолдарына қарайды. Жұмыс киімдерін тастап, үй шаруасына кіріспек.

Қайша «Мал қорасына барамын, көң-қоқырға араласамын» деп қалай болса, солай киінбейтін кісі. Ол жұмыста да бір сыдырғы тәуір таза киіммен таза жүреді. «Бұл менің қымбатым еді» деп оны бірақ ас-суға араластырмайды. Жұмыс киімі босағада, бөлек тұрады.

Хайролла мен Қайшаның үйіне кіріп келгенде есіктің көзінен бастапақ еденге төселген киізді көресің. Алдында тәпішкелер жатыр, таңдаға-

нынды ал. Киім ілгіштері қандай ыңғайлы еді, қалаған ілгішке түсіріп алам-ау деп қорықпай ілесің.

Төрт есіктің төрге апаратыны қайсы екен? Ә, мынау, ашық жол мылғымен көмкерілген кресло мен орындықтар қонақжай болуға тиіс. Жалпы бұл үйде ақ түс, ақшыл көк түс көбірек. Қайта-қайта сылдаудан қашып, қара көкпен баттитып сырлайтын пәле жоқ. Төрдегі жалғыз кактус қана жасыл тартады. Бұл үйдегі дүние-жиһаздың бәрін сапалы бай тұрады дегеннен заманға сай тұрады деген дұрыс.

Кітап сөрелерінде Шыңғыс Айтматовтың шығармалары бірнешеу. «Құйтырқысы» жоқ, жеңіл жазылған. Бірақ көп ойландырады» дейді үй иелері.

Қайша селоға келген кинодан қалмауға тырысады. Әсіресе, үнді фильмдеріне үзіліп тұрады. Мандайында меңі бар келіншектерге қызығып қарайды. Жақсы дүниеге жаны құмар, бейпіл ауыз емес, бей-берекет дүние шашпайтын, ішу дегеннен аулақ, әйел нәзіктігін сақтай білген сабалы еңбеккер.

Алтыншы класты бітірген Алтынайдың құрбылары: «Сенің мамаңнағыз қазақ совет әйелі, «современная» деп сүйсінеді. Сол анық сол.

«Социалистік Қазақстанның» меншікті тілшісі
Шортанды ауданы, КазЦИК атындағы совхоз

ОСЫНДАЙ СОВЕТ АДАМЫ

ҚҰТТЫ ҚАДАМ

Бұл ақпанның бас кезі еді. Жолымыз түсіп, «Красный флаг» совхозына бара қалдық. Келсек, кеңсе алды жиын. Бәрі Әкімханды қоршап алып, сұрақты жаудырып жатыр. Ол республика коммунистерінің XX съезінен оралып еді. Осы бір көрініс бұрынғы бір сапарымызды ойға оралтты.

...Совхоз кеңсесін басына көтеріп жатқан жұмысшылар комитетінің председателі Диқан Жүнісбеков екен. Алдындағы қызыл телефонға кіжіне қарап, оң қолының сұқ саусағымен стол шетін шеге қаққандай ұрғылайды.

– Алдымен фактіңді жина. Сосын актіңді жаса. Бірақ анық-қанығына көзімізді жеткіз. Әйтпесе, жұмысшыға жайдан-жай айып тартқызбаймын!..

– Е, кіріңдер, келіңдер. – Председатель енді кабинеттің есігін аша берген екеуге бәйек болды да қалды. «Бір минут, бір минут» деп бізді қақтарып қойды. – Кілем, палас әкелдіңдер ғой. Кәне, кімге бермексіңдер? Жоқ жолдас сауда қызметкерлері, – деп шалқайды шапшаң мінезіне салған Диқан Жүнісбеков, – құр фамилияны тізіп алғандарың қалай?

Аты-жөндерін анықтау керек қой. Аттас, ағайындас болып жүрсе қайтесіңдер? Құнды жиһаз заңды иесін тапсын.

– О, біздің озат бригадиріміз Жандилдінді іздеп келдім деңіз. Мана-дан соны айтпайсыз ба? Міне, мұныңыз дұрыс-ақ! Кәсіподақ үшін коммунистік еңбектің екпіндісін тауып беруден артық не бар. Өзі республика коммунистерінің съезіне қатысып келген бригадир болса... – Комитет жетекшісі алақанын ысқылап қойып, қағаздарын жинастыра бастады.

– Ау, Әкімханды қазір қайдан тапсақ екен? Саспаңыз, табамыз. Қыстығүні бригадир қайда кетуші еді? Шеберханадан бастаймыз дағы. Қазір, қазір... – біресе бізді, біресе өзін жұбатып, жүре киінген Жүнісбеков әй-шәйға қаратпастан, ала жөнелді.

– Уай, амансыздар ма? Ал, Әкім, сен үйге барып, келінге хабар беріп шық. Сосын мына тілшімен әңгімелесесің. Ал, сіз, – деді диқан екінші бір еңгезердей кісіге қарап, – соңыра Әкім жайында айтып бересіз. Мен бригаданың деректерін қағазға түсіріп әкеле қояйын.

Бәрімізді билеп-төстеп, бір уыстай қылған кісі машинаға отырды да тарта жөнелді. Маңайымыз бірден тып-тыныш бола қалды. Күңгірлеп тұрған телевизорды тоқтата салған тәрізді.

Айнала аппақ қар. Төңірек сәл шыңытып тұр. Үп еткен жел жоқ. Әлде-қайдан қалықтаған қар ұшқыны келеді.

– Биылғы қыс бір қалыпты тұр-ау, өкпелеуге болмас, – дейміз Әкімханды әңгімеге тартқымыз келіп.

– Желі жоқ, аязы жоқ, малшыларға оңды екені рас, – дейді бригадир. Бізге қары аздау болды. – Содан соң сәл кідірді де сөзін әрі қарай жалғастырды. – Біздікі «болған үстіне бола берсін» деген белгілі тілек қой. Әйтпесе далада қашанда қар жатады. Жұқа екен деп, жұмысты доғарып қоймаймыз. Әлгінде ғана алқапқа қар тоқтатуға трактершы қыздарымызды шығарып салып едік.

Әңгіме апалы-сіңлілі механизаторлар Шәмшия және Жанат жайында еді. Шәмшия темір тұлпар тізгіндеуді әуелде әкесі Сейтқәмәлдан үйренген. Ал Жанат өз апасы үлгісін өнеге тұтты. Бүгінде Әбілдиновалардың екеуі де трактор жүргізудің шебері, бригаданың белді еңбеккері болып, совхоздың мақтанышы саналып отыр. Екеуі де Ленин партиясының мүшелігіне қабылданып, Шәмшия – аудандық Советтің, Жанат селолық Советтің депутаттығына сайланған. Екеуінің де облыс орталығында атақты диқандар қолынан алған атаулы «К-701» тракторы әрдайым бабында. Еңбекке құштар екі жас бригадир ағалары Әкімхан қайда жұмсаса, сонда баруға, нені тапсырса, соны орындауға бейілді. Бұлардан ВЛКСМ мүшесі Лидия Доренская да қалыспай жүр. Бәріне бас-көз болу байырғы трактершы Тиыштық Қосжановқа жүктеліпті.

– Сонда, қар тоқтатушылар қанша уақыт жүреді күніне?

– Қысқы күн қанша жарық болса, сонша. Декабрьде кеш барып, ерте қайтып жүрді. Қаңтар туғалы, күн ұзарғалы даладағы еңбек те ұзарады.

– Ал істің нәтижесі қандай?

– Бригада жері – тоғыз мың гектарға тегіс бір ізбен қар тоқтатылды. Ақпанда екінші рет атжалдар жасалды.

Қара тонның омыруы ашық, қара құлақшының құлағы түрулі. Әкімханның қызыл-сарғыш жүзі балбұл жанып келеді. «Қаладан келген кісі қатып қалған жоқ па екен?» дегендей, үлкен ала көзінің астымен бізге қарап қояды. Жасымыз шамалас болғандықтан, енді еркіндеу сөйлескендейміз.

Әкімхан 1979 жылды еске алды. Трактор-егіс бригадасына жетекшілік етуінің екінші жылы. Шынтуайтқа келгенде, бригадирлік билікті алғаш жүргізгені. Ауыл шаруашылық науқандарының бәрін бастан-аяқ өзі басқарып өткеріп, агротехникалық шаралар комплексін қолмен қойдырғандай түгел орындатқызған тұсы. Күзде нәтижесі көрінер астық тасқынына сонау ақпанды десек, сол жылы алқаптағы ақ көрпенің қалыңдығы 60-70 сантиметрге жеткен болатын. Сонда екінші бригада ерлеген болатын: Әкімханның жігіттері 6600 гектар дәнді дақылдың гектарынан 22 центнер өнімнен оралтып, айта қаларлық жетістікке жетіп еді.

– Қызығы кейін болды, – дейді біраз сөйлесуден ашыла түскен Әкімхан. – Қалың егінді жинауға оңайға соқпады. Орақ созылып кетті. Содан сүдігер көтерілмей қалды. «Бұрын қалай үлгеріп жүрген?» деймін. «Әлде өзімнен, осы менен болды ма?» деп те қиналамын. Бітік егінді биік орған соң қалдырылған пая да сояу-сояу. Әкімхан ірі-ірі күрек тістері ақсия күледі. Бірақ соның өзі оңды болды. Аңызда қалған биік сабақтарға қар көп тоқтады. Сол танаптар былтырғы қуаңшылықта басқа алқаптардан екі-үш центнерден астықты артық берді.

– Басқадай байқаған жайларың...

– Е, ол көп қой, қайсы бірін айта берем. Ең алғаш екі мың гектар жерге минерал тыңайтқыш енгіздік. Ол жердің өнімі де көрінеу көзге басқа алқаптардан екі-үш центнер жоғары болды. Таңертең тұра жаттығу жасау керек дейді ғой. Жуынған, жүгірген дұрыс дейді. Осының өзі пайдалы екенін білгенмен жұрттың бәрі соны жасай бермейді ғой. – Әкімханның үлкен ала көздері ажырая түседі. – Сол секілді бүгінде агротехникалық шаралар комплексін білмейтін, оның маңызын түсінбейтін бригадир жоқ. Бірақ қажеттің бәрін істей қоя ма? Істемейін демейді-ау, үлгіре алмай жатады.

Әкімхан аңтарылып тұра қалды. «Осы да жетер» дегендей, әңгімені кілт үзіп, үйге бастады.

Әкімханды былтырғы көктемде тың төскейінің қырық бригадирі облыс орталығына жиналып, жер құнарын арттырып, мол өнім алу жөнінде бастама көтергенде көрген едік. Сонда Әкімхан облыс басшының қолынан үшінші дәрежелі Еңбек Даңқы орденін алғанды. 1979 жылғы өнім үшін бригада жетекшісі осындай мәртебеге ие болған. «Бригадир болғанына екі жыл толмай жатып, орден алуын қарай гөр» деушілер де табылыпты. Сонда бағанағы шапшаң диқан: «әй, сендер Әкімханның бұған дейінгі еңбегін, жиырма жылғы жұмысын қайда қоясыңдар? Ор-

денді алғанда осы алсын!» деп айғайлапты. Ол кісі бізге де: «Жанділдин туралы жазғанда оның бригадирлігіне төрт жыл ғана деп тоқтап қалмаңыз. Ол 1964 жылдан бері КПСС мүшесі. Оның әржағында өмір белестері, еңбек асулары жатыр» деген.

Шынында да Әкімхан еңбек жолын 1956 жылы, он сегіз жасында бастаған. Әуелі Авангард МТС-інде трактортшылар курсын тәмәмдады. Сосын алты жыл бойы ДТ-54 тракторын жүргізді. Кейін «Оразақ» колхозы «Шалқар» совхозының бөлімшесі болып кеткенде, Әкімхан бөлімше механигі болып шыға келді. Өзінен кейін техника тетігін үйрендерге үлкен көмек көрсетті. Қазіргі «Красный флаг» совхозы ашылғанда Әкімхан Жанділдин жұмысшылар комитетінің председательдігіне сайланған. сайланған. Кейін білдім, менің қолым емес екен. Далада жүрген, темір-терсекпен айналысқан адамға кабинет дейтінің қағаз дегенің... Ондай қызмет мына кісілерге лайықты көрінеді, – деп, жұмысшылар комитетінің председателіне қарап күлімсіреді.

Ол да есесін жіберген жоқ:

– Е, содан кейін темір-терсегіңе бардың ғой, – деп қарқылдап күлді.

Әкімхан тоғыз жыл бойы совхоз шеберханасының меңгерушісі болған. Жаңа ашылған шаруашылықтың жайы белгілі ғой. Колхоздан қалған осынау қиын учаскені жөнге келтіру коммунист Жанділдинге партиялық тапсырма ретінде жүктелген-ді. Әкімхан ол тапсырманы тамаша орындады. Шеберхананың іші-сырты түзеліп, жөндеу жұмыстары жолға қойылды. Өз ісіне мұқият адам өзгелерден де талап еткіш, екі сөйлеуді білмейтін Әкімхан совхоз техникасының бабы үшін барлық күш-жігерін жұмсап жүрді. Шеберхана ұлғайған тұста Целиноград совхоз-техникумын бітіріп, техник-механик мамандығын алып шықты.

Сонда да бұл бригадаға сұрануын қоймады ғой, – дейді Диқан Жүнісбеков.

– Механик болайын, механизатор болайын деп өтінуші еді, бірден бригадир болған жоқ па? – Әңгімеге еңгезердей азамат келіп араласты. Екі иығына екі кісі мінгендей ер тұлғалы кісінің дауысы қоңырқай. Үнінде аздаған мысқыл бар. «Красный флаг» совхозының №1 бригадасының бригадирі, Еңбек Қызыл Ту және «Құрмет Белгісі» орденді диқан Ибадолла Әлжанов осы. Әкімханның ағасы, жетекші-жетелеушісі, бүгінде әріптесі және жарыстасы екен.

– Әкімхан сізге трактортшы Тілеуқабыл Әлімжанов жайында айтқан болар. «Елгезек тілалғыш, таңғылықты» деп мақтаған шығар. – Үлкен кісі бірден біздің әңгімеміздің үстінен түсті. – Жас кезінде мұның өзі де сондай еді ғой. Менің бригадамда трактортшы болып істеді. Басқалар бара бермейтін жұмысқа бұл қойып кететін. Содан емес пе, басшылардың бұған: «Бригадаға сұранғаның рас болса, артта қалушы алтыншы бригадаға барасың», – деп шарт қойғаны. Сөзін жұтып көрген жігіт емес бұл.

Әкімхан алтыншы бригадаға барып біраз тер төкті. Сол кезде шаруашылыққа жаңа директор келді де жаңадан ұйымдастырушылық жұмы-

старын жүргізді. Бірінші бригададан екінші бригада енші алып шықты. Ол комсомол-жастар бригадасы атанды. Оған жетекшілік етуге коммунист Жанділдин тағайындалды. Жас коллектив содан бергі жерде егін шығымдылығын арттырумен, астық өндіруді молайтумен келеді.

– Өзімнен отау болып шыққан бригада, өзімнен тәрбие алған бригадир енді маған маза беруді қойды, – дейді аға бригадир, «Әне Әкімхандар озып кетті», деген сөздер құлағында тұрады да қояды. Мұны естіп, жайбарақат қалуға бола ма? Біз де өзімізді өзіміз қамшылауға кірістік. Содан біресе біздің мойнымыз алда, біресе оның мойны озық. Көктемгі егісте де, күзгі орақта да солай. Оңай емес әрине.

Жұмысшылар комитетінің председателі: «Дұрыс айтасыз, дұрыс» – деп, бағанадан баяу қағып отырған домбырасын шертіп-шертіп жіберді.

Әкімханның бригадасы жайлы біле түскіміз келеді. Комсомол-жастар бригадасында коллективінің алтын қазық, асыл діңгегіндей байырғы механизаторлар да бар екен. Мысалы, Қадыр Арғынбаев трактор жүргізуді бір кезде Әкімханнан үйренгенмен, қазір оның өзін үйреткендей бесаспап механизатор, беделді егінші болып алған. Ол көктемде тұқым себуді сапалы өткізудің, күзде егін жинауды қарқынды жүргізудің нағыз эталоны іспетті. Ленин және Еңбек Қызыл Ту орденді комбайншы Қадыр ағаларының көмекшісі болуға жастардың бәрі ынтық. Қазір оның қасында жас механизатор Нүркен Жүнісбеков жүр. «Құрмет Белгісі» орденді өрен, тынымсыз тракторшы Николай Яколевтің өнегесін Владимир Афанасьев үлгі тұтады. Екі комсомолец екі коммунистен егіншілік сабағын алуда. Бригадаға жаңа қосылған Төлеген Қайыров, Талғат Майлековтер де майталман ағаларынан дарқандық дәрісін таңдамайды. Бригаданың болашағы да осылар.

– Иә, бригаданың биік асуы алда, – дейді Әкімхан сыпайылық сақтап. – Біз бір жыл ғана 22 центнерден өнім жинадық. Қазір диқандар алдына гектар басы ұдайы 20 центнерден оралту міндеті қойылған. Мұны орындау үшін бар күш-жігерімізді жұмсауымыз керек. Жігіттердің жігері бұған жетуі тиіс.

– Жанділдиндер семьясында Жақсыкелді сияқты жас механизаторлар жетіліп келеді, – дейді сөздің ретін бос жібермейтін Диқан Жүнісбеков. – Әкімхан әйелі Марфуға екеуі тоғыз баланы өсіріп отыр.

Оны ел ішінде Ықым дейді екен. Әуелде әке-шешесі солай еркелеткен. «Ықым дейтін нағашысына тартсын» деген Дәмегей шешейдің дәмесі болған. Бұл күнде ол тілектің ақталғанын әркім-ақ біледі. Әкімхан ана үмітін ақтады. Республика астанасы – Алматы төріне зор жауапкершілікпен барып, Қазақстан коммунистерінің үлкен форумында терең толғаныс үстінде отырды. Сол күндері кішкене немерелерімен бірге көгілдір экранға көзін сүзген Демегей шешейдің жанары жасаурап ұлына үздігіп қараған еді. Бригада жетекшісін бригада коллективі де асыға күтті. Көктем таяу. Көп шаруа бар. Алар-асу биік.

Целиноград облысы,
Целиноград ауданы.

АҢДАМАЙ АТУ

Аяғы жансыз еді. Бірден, туғаннан солай болды: қисайған, жіп-жіңішке, қамшының өріміндей салбырайды. Тек аздап қана қимылдайды.

Көпке дейін Колька бұған мән берген жоқ. Басқалар екі аяқпен жүріп үйренгенде бұл үш аяқпен үйренді – бар болғаны сол. Балдақ бөгесін емес-ті. Ол басқа балалармен бірдей өсті, бөгде шарбақты шабуылдап жүрді, асық та ойнайды – ойнағанда қандай, – бір балдақты алға қойып, сол қалпымен сүйенеді де, оң қолмен сАқаны тартып жібереді, бір топ асық мұның үлесінде дей бер.

Бірақ жылдар өте берді. Колька әдемі мығым жігіт болып өсті. Балдақ бөгесін болуға айналды. Оның құрдастары қыздарды клубтан үйіне шығарып салатын болды, ал ол тұйық көшемен жалғыз, жансыз балдақтарды сықырлата оралады.

Кольканың байыпты, ақылды көздері бұрынғыдан ойлы, сырлы бола түсті. Көрші жігіттерді жыл сайын әскерге аттандыра бастады: біресе біреуін, біресе екіншісін, кейде бірнешеуін қатар... Аттандыру аса шулы. Колька әдетте өз үйінің сенегінде тұрып, тесіктен сығалар еді. Оның да әскерге кеткісі келіп-ақ жүрді.

Бірде Кольканың әкесі, совхоз механигі Андрей Воронцов баласын сенекте тұрған, тесіктен сығалаған күйін көрді... Оған білдірместен үйге өтейін деп еді, Колька аяқ дыбысын естіп, өзі бұрылды.

– Сен мұнда нағып? – деп әкесі әшейін сұрай салған болды.

Колька қызарып кетті.

– Жай, – деді ол. Сосын өзінің верстагына қарай тартты (ол жолаушы біреуден үйреніп, село тұрғындарына сағат жөндеп бере бастаған-ды).

Уақыт өте берді. Жұрттың бәрінің басына түскен жай бұған да келді: Колька ғашық болды.

Көшенің бұларға қарсы жағында, терезе қақпақтарға тегіс әшекейленген шағын үйде Глашка деген айғайшыл қыз тұрды. Колька оны терезеден күнде көруші еді. Таңертеңнен кешке дейін желаяқ Глашканың аулада жүгіріп жүргені: біресе қамбаға түсіп шығады, біресе қыздарды шарбақтан қуып шығады, біресе көкөніс қатарларын бұзған шошқалары үшін көршілермен жанжалдасады. Ұзақты күн бойына бүкіл төңірекке тек Глашканың дауысы естіледі де тұрады.

Бірде Колька қызға қарап тұрды да кенеттен: «Міне... бұл сонша әдемі болмаса... өзіне үйленсе ғой сол жетер еді» деп ойлады. Сол кезден бастап ол Глашка жайлы күнде ойлайтын болды. Күн сайын ойлау азапқа айналды. Белгісіз бір күш оны верстактан тұрғызып, есік алдына еріксіз шығарады.

– Глашка, – деп айғайлайды ол бойжеткенге. – Күйеуге қашан шығасың, тайынша неме? Тым болмаса сенің үйлену тойында бір масайрап қалатын.

– Ешкім алмай тұрғаны, Коля. – деп жауап берді сөзшең Глашка. – Мен көптен әзірмін.

«Қарай гөр... Қандай өзі», – деп ойлады Колька, сөйткенде оның ойлы-сырлы қой көздері бір жылылықпен қарауытып кетті.

Деревня үстінде шілде аспаны көк жалынмен лаулап тұрды. Ып-ыстық әуе толқынында ертегімен ерекше қуаныш тоғысқандай. Кешкісін өзен суына күн жалқыны батып, баяу сөне берді. Түнімен мүлгіген тыныштық тұрады. Кеудені тәтті де қатты езеді дейсің бұл тыныштық.

Жаздыгүні Колька бір қабырғасы көшеге қараған сарайшықта ұйықтап жүрді.

Бірде осы қабырғаға жұптасып қыдырғандар келіп сүйеніп тұрды. Кольканың жүрегі шаншып кетті: қабырғаның әр жағындағылар әуелі ұзақ үнсіз тұрса да, бұл жайдан-жай Глашканы таныды. Сосын қимылсыз жатып, әлгілердің мағнасыз сыбыры мен сыңқылын тыңдады. Ол осы түні өзінің балдақтарына лағнет айтты. Ол жастыққа бетін басып еңіреді. Оның бұдан әрі бұлайша өмір сүргісі жоқ.

Айнала ақ сәулеге бөленісімен ол фельдшердің үйіне тартты. Бұлар әлденеше рет аңға бірге шығып, балықты бірге ауласқан-ды.

– Сен немене таң атпай тұрғансың? – деп сұрады фельдшер.

Колька есік баспалдағына отырып, балдағының ұшымен жерді шұқылады.

– Басы артық капсюльдер бар ма? Мендегінің бәрі бітті.

– Капсюлдер ме? Қарап көрейін. – Фельдшер үйге кіріп кетті де, сәлден соң бір уыс капсюл әкелді. – Мә.

Колька капсюлдьдерді қалтасына төкті де шылым тартты... Фельдшерге бір түрлі оғаш назармен, қыңыр күлімсіреп қарады. Орнынан тұрды.

– Капсюлдер үшін рахмет.

– Кәдеңе ассын. Өзім де құс атқым келеді-ау, – деп фельдшер күрсінді де, жалтыр басын қасыды. – Бірақ демалысым августе ғана.

Колька қақпаның сыртына шықты, сосын тоқтады. Көше бойына көз жіберіп ұзақ тұрды.

Ақыры кері бұрылып, қайта беттеді.

– Капсюлдерің мә, – деді ол фельдшерге. – Өзімдікі де жетіп жатыр.

Фельдшер қастарын қайшыландырды.

–Түкке де түсінгем жоқ.

Колька қабағын шытты.

– Аяғымды қарап көрші... Протезді байқағым келеді. Былайша жүру қажытты.

– Ә-ә. – Фельдшер Кольканың көзіне қараған... Өзі ыңғайсызданып қалды. – Әкел бері.

Екеуі ауру аяқты ұзақ қарады.

– Мына жерде ауырсынып сезінесің бе?

– Сеземін.

– Ал мына жерде ше?

– Тағы бір басшы... Сезем ін.

– Қозғап көр. Тағы да. Ал енді – бір жағына қарай. Қозға, қозға. Солай. – Фельдшер бойын түзеді. – Жалпы бар ғой... Мен саған былай деймін: байқап көрсейші. Мен саған тап қазір нақты айта алмаймын, бірақ байқап көруге болады. Аяқты мына жерден кестіруге тура келеді. Түсінесің бе?

– Түсінем ғой.

– Байқап көр. Бірден, әрине, оңды бола қоймауы мүмкін. Бірақ еңбектенуге тура келер. Түсінесің бе?

Колька үйге келді де жол жүруге – қалаға, ауруханаға баруға жинала бастады. Неге баратынын анасына айтпады, әкесін сыртқа шақырып, сырын ашты.

– Аяғымды кестіруге барамын.

– Оның қалай? – әкесінің көзі аташтай болды.

Протез салдырып көргім келеді.

Бір аптадан соң Кольканың аяғын кесті. Жиырма жеті сантиметр тоқпақ қана қалды.

Жарақаты сәл жазылысымен ол одеял астында тоқпақты қозғап көрді. – жаттығуды бастады.

Халін білуге әкесі келді. Төсек жанында ұзақ отырды. Кесіндіге қараған жоқ: бұрын қандай болған күйде де әйтеуір аяқ аяқ еді ғой. Енді ештеңеге де ұқсамайды-ақ. Бұдан соң Колька үйге соқпастан Н. деген қалаға тартты. Үйге жарты айдан кейін келді. Қапқа салған ұзынша бірдеңесі бар.

Анасы «аяқсыз» Кольканы көріп, ах ұрды. Колька лекіте келді.

Қаптың аузын шешкенде сәкіге жалтыраған протез дүңк етті.

– Міне... аяқ. Әй-әй аяқ.

Бәрі протезді қызыға қарай бастады. Колька сыртқары тұрып, күлімсіреумен болды. Ол бұған жол бойы қарай-қарай тойған-ды.

– Жалтылдайды түгелдей... Тәңірім-ай. – дейді ана.

Әкесі механик ретінде протезді қолға алып, әр тетігіне дейін тексере қарады.

– Дұрыс дүние, – деп бағалады ол. – Кузьма атайдыкіндей ағаш емес.

Бәріне де протез өте ұнады. Бәрі де – Кольканың өзі де – мұндай протезбен есі бар жан жүріп кетуге тиіс деп сенді.

– Қашан байқап көресің? – деп сұрады әкесі, протезді қолмен салмақтай отырып.

– Аяқ әбден жазылғасын байқап көремін. Асықпау керек деп тапсырды.

Түн қарауытты. Колька өзінің сарайына ерте кетті. Жатты да тосты. Бүкіл деревня тыныштыққа бөленді.

Колька әлі де біраз күтіп, сосын шамды жақты да протезді кие бастады. Киді. Шылым тұтатты. Темекісін тартқан күйі протезге қараумен болды.

– Әжептәуір... аяғымыз. – деп күлімсіреді.

Шылым тұқылын ыждағатпен сөндірді. Ептеп тұрды. Мас адамша теңселіңкіреп кетті. Қолымен кереуеттің басынан ұстап қалды. Біраз тұрып, сау аяғымен адымдады. Ал протезді сол аяғын орнынан қозғамайды. Құлап бара жатты. Тағы да кереуетке бас салып, протезді аяғын өзіне тартты. Жүрегі атша тулады.

– Оқа емес. Әрине еңбектенуге тура келеді, – деді өзіне өзі.

Тағы бір талпыныс. Жоқ, сол аяқтың адымдағысы келмейді. Ерегіскен Колька оң аяғымен қатты адымдады да, бар күшімен бүкіл денесін алға ұмтылдырып, сол аяғын сүйрей ентеледі. Етпетінен түсті. Қолдарын жерге қадай ұзақ жатты. Сол аяқ адымдады. Титтей де. Тіпті жарты адым да.

– Ештеңе емес. Арамтамақ. Әдеттенбегендіктен ғой... – Орнынан тұрды. Тағы бір байқап көрді. Содансоң тағы. Жоқ, болар емес.

Колька шаршады.

– Мұны біз шылым шеккесін көрейік. – Ол зілдене сөйледі. Ол енді бұдан іс шығатынына сенбеді, бірақ бұны мойындау тым қорқынышты еді. Жүріп кетпеуі мүмкін емес. Қалайша, жүрмейді?

Шылымын шегіп, протезді жылжытуға құтырына кірісті. Тағы да болмады.

Колька балағаттай кіжінді де кереуетке жата кетті. Көзіне қабырғадағы мылтық түсті... ол орнынан тұрды. Тағы да сол аяғын қозғалтып көруге кірісті.

– Адымдайсың, сүйіктім. Кәнекей... Әуп. Арамтамақ. – деп сезінді ол.

Қажалып қалған тұқыл жаралар шиқандай жанды шығарып барады. Колька протезді асығып, тұқылға үрлей бастады. Сыздап ауырғанына қарамастан протезді қайта байлады.

– Ал енді ше? Кәнекей. Қап.

Таң атуға айналды.

– Сұмырай, – деп күйінген Колька кереуетке қисайды. Ештеңені көрмеу үшін көзін жұмды. Біреудің май-май, ұсқынсыз тұмсығы мұның үстіне төніп, жайын аузынан жағымсыз күлгендей болды. Колька көзін ашты. – Ә, сұмырай, – деп сыбырлады ол. Сосын қабырғадағы мылтықты қолына ала берді...

Әкесі бұл қасіретті келесі күні, кешкісін (ауданға қосымша бөлшектер үшін барып келгенде) естіді. Үйіне жақындай бергенде айтты жұрт. Ол аттың басын дереу бұрды да ауруханаға шапқылады.

– Қазір кірмей-ақ қойған жөн, – деп түсіндірмек болған дәрігер. – Қазір ол...

Әкесі дәрігерді былайырақ итеріп, палатаға ентеледі.

Колька ақ дәкемен бүтіндей ораулы, шалқасынан жатыр екен. Боп-боз, біртүрлі бейтаныс, жат кескінде. Мүлде кісі болудан қалған кейіптес.

Жаны күйген әкенің ащы тері шығып қоя берді.

– Маған айтсаң ғой – мен керек жеріңе тигізетін едім... Тіл тартпай кету үшін... – Әкесінің дауысы шықпай қалды. Ол маңдайының терін сүртіп, кереует қасындағы орындыққа отырды.

Колька әкесіне көз қиығын салды. Ернін жыбырлатты...

– Ауыра ма? – деп сұрады әке.

Колька көзін сығырайтты: ауырады.

– Уы... Әкесі орнынан көтеріліп, палатадан шықты.

– Жағдай мынадай: бәрі оның өзі қаншалықты өмір сүргісі келіп құлшынуына байланысты. Түсінесіз бе? Организімнің өзі күресуі керек.

Әкесінің қасіреттен есі шыққан екен: дәрігерді жағадан алды.

– Ал сен мұнда не үшін жүрсің? Организм дейсің?

– Бүйтудің қажеті жоқ. Жіберіңіз. Біз қолдан келгеннің бәрін жасаймыз.

Әкесі дәрігерді босатып, тағы да палатаға кіргісі келді, бірақ тап есік алдында тоқтап, сәл тұрды, сосын ауруханадан ата жөнелді. Біраз шығып кеткесін барып атпен келгені есіне түсті. Қайта оралып, арбаға отырды да аттарды шықпыртты келіп...

Кольканың шешесі қайғыдан төсек тартып қалыпты.

– Қалай екен? – деді әлсіз дауысты ана үйге кірген күйеуінен.

– Егер ол өлетін болса, сен де оңбайсың. Өлтіремін. Балтаны алам да басыңды шабамын. – Ызалы Андрей сұп-сұр, адам қорыққандай.

Ана байғұс дауыс қылды.

– Тәңірім, о тәңірім...

– «Тәңірім». Бар білетінің – сол тәңірің. Жалғыз баланы да дені дұрыс... екі аяқты етіп таба алмадың.

– Андрюша... Тәңірім... Осының бәрі Глашкадан. Оңбаған жылан неме, балаға ұнап қалды ғой. Сапсау жігіт еді, ине жұтқандай болған жоқ па?

Андрей біраз уақыт әйеліне меңірейіп қарады.

– Қандай Глашка?

– Қандай Глашка болушы еді? Бізде бір ғана Глашка бар.

Андрей жалт бұрылып, Глашкаға жүгірсін.

– Андрей ағай, не дейсіз. Неғып ол маған бола сөйткен? Ал енді не істеуіміз керек?

– Ол жылады. – Андрей шекесін сипап өтті. – Егер оған айтсақ... Ім... Ол жазылған болар еді. Несі бар, Колькаға да тиемін дегендей десек. Дәрігер айтады: ол өзі құлшынса деп... Өтірік те болса, атсайшы. Ә?

Глашка жылап жіберді.

– Өйте алмаймын. Менің өзім оны өлердей аяймын. Басқаға сөз беріп қойдым ғой.

Андрей орнынан көтерілді.

– Сен тек енді өкірме. Мода шыққан екен: сәл бірдеңе болса, өкіріп қоя беретін. Айта алмайды екенсің, айтпайсың. Неменесіне жылайсың?

Менің саған келгенімді ешкімге ештеңе демей-ақ қой. – Андрей тағы ауруханаға тартты.

Колька бұрынғы қалпында жатыр екен, екі қолын жанына жіберіп, төбеден көз алмайды.

– Әлгінде үйде болдым. – Андрей күсті алақанымен күдірейген тізесін сипап қойды, етігінің қонышын сипады. – Жолда Глашкаға соға шықтым...

Колька таңырқаған көздерін әкесіне аударды.

– Жылайды қыз. Ол ақымақтың, дейді, маған ештеңе айтпағаны несі? Мен, дейді, оған қуана-қуана тиген болар едім.

Кольканың жүзі сәл қызғылт тартты, ол көзін жұмды да қайтып ашпай қойды.

Әкесі күтіп отыра берді, көп тосты: ұлының мұны неге тыңдағысы келмегенін түсінбеді.

– Құлыным, – деді ол.

– Керегі жоқ. – Кольканың ерні болар-болмас жыбырлады. Көзін ашқан жоқ. – Жалған сөйлемеңіз, көке, ұят-тағы.

Андрей орнынан тұрып, палатадан бүкірейіп шықты.

Ауруханаға таяу жерде Глашканы жолықтырды. Ол бұған қарсы жүгіріп келеді екен.

– Мейлі, мен оған айтамын, Андрей ағай. Көнемін, тиемін деймін, – айықсын.

– Керегі жоқ, – деді Андрей. Қабағы түйіліп, жерге қарады. – Ол жай да айығады. Өтірік айтсақ, жаман болар.

Колька айықты. Екі аптадан соң кереуетке отырып, палаталас көршісінің қолқасымен сағат жөндеуге кірісті. Палатаның терезесінен шақырайған күннің сәулесі мол төгілді. Августың тамылжыған талтүсі сыртта өмірдің маужыраған әсем күйін ойнатып тұр. Күнге күйген қаңылтырдың қаңсыған иісі келеді. Аурухана ауласында ыстықтан діңкесі құрыған әтештің әлсін-әлсін шақырғаны естіледі.

– Жайдан-жай айғайлап жүрген жоқ бұл, – деді біреу. – Тауық мұның көзіне шөп салды. Өзім анық көрдім: бір қызыл қораз келді де қанатының астына алып, ертіп әкетті.

– Ал мынау, айғайлағыш қайда қарап тұрды?

– Мынау ма? Бұл онда командировкада – көрші аулада жүрген болатын.

Колька жастыққа бетін басып, шек-шілесі қата күлді.

Біреу-міреу бұдан мұның қалайша оққа ұшырап жүргенін сұрай қалса, Колька өрттей қызарып:

– Аңдамай, деп құлықсыз жауап беретін болды. Сөйтеді де сағатқа шұқшияды.

Әкесі ауруханаға күнде келіп жүрді. Керует жанындағы орындыққа ұзақ отырады. Баласының сағатты қалай шұқылағанына қарайды.

– Үй іші қалай? – деп сұрайды Колька.

– Орынша. Бәрі дұрыс. Жоғалтасың ғой... – Әкесі титтей дөңгелекті одеял үстінде зорға ұстап алып, баласына ұсынды.

– Мұны маятник дейді.

– Не қылған кішкентай нәрсе. Қалай жасап шығарады десеңші?

– Жасап тұр ғой. Заводта бәрін жасайды.

– Мені, мәселен, өлтіреміз десе де, мынадай қылып мынадай қалып жасай алмас едім.

Колька күлімсіреді:

– Ол сен ғой. Ал ондағылар жасай біледі.

Андрей де күлімсіреп қоя берді, тізесін сипап қойып:

– Иә, заводта – әрине, – деді. – Ондағылар бәрін біледі. Онда бәрін жасайды.

Аударма

ҚАЙЫРЖАН

Үйде

Кәлимаш кәдімгідей-ақ таңырқады: таңсәріден далаға кететін күйеуінің бүйтіп дәл түсте үйге келуі болмайтын. Көктемгі егістің қарбалас шағында Қайыржанның төбесі түннің бір уағында ғана көрінер еді. Міне енді шаңқай түсте бөгде машинамен келіп үй алдына түсіп жатыр.

Әйелдің өзі бүгін оңаша еді: жалғыз қызы Жансұлу аудан орталығында оқуда, енесі Сақи ауыл ішінің әлдебір шақырысына кеткен. Содан Кәлимаш қарап отырмай, үй тазалауға кіріссін: жұбайы Еңбек Ері болғаннан кейін совхоз салып берген жаңа үйдің өзгеден бұрынырақ кірлеген сыртқы есігін сырлап ала қоймақ та.

Веранданың есігін айқара ашып тастап, ақшылтым жасыл сырмен жалата жөнелген. Күн ыссы, леп-леп соғып қоятын ескен желі бар. Нағыз бояу кептіргіш керімсал мен шағырмақтың өзі. Бірақ кеуіп үлгермеген сырдың үстіне күйеуі келер, қасында кісі болар деп күтпеген.

Қайыржан табалдырықтан кеңірек аттап өтті.

– Шәйің бар ма?

– Е, қазір болады.

– Жасап жібер.

– Өзің өз болып түскі шайға тура келгенің болды-ау бір. – Шәйнекті газға қайта қойып жатқан әйелдің ақсары жүзінде от алауындай ойнақы шырай пайда болды. Күйеуін қағытқаны да, оның тірлік-болмысын танытқаны да дерлік.

Қайыржан мұндай сөзге қабақ та шытпайды екен, жауап та беріп жатпайды екен.

– Әлгі сақал қыратын қай жерде еді?

Кәлимаш бастапқыдан бетер таңырқады:

– Ойбай, далада кім қарайды саған?!

«Кім қарамаушы еді, бригаданың жігіттері қарайды». Әрине, Қайыржан мұны да сыртына шығарған жоқ, іштей ойлады да қойды. Арғы шағын бөлмеде электр ұстараның дызылы ғана естіледі.

Ұлы сәске кезінде танап басында аудандық Совет атқару комитетінің председателі (егіс науқанына байланысты осы совхоздағы өкіл) Қайырден Кәрібаев тұқым себілу жайын біліп тұрып: «Неге қырынбағансыз?» деп қалған. Бұл: «уақыт болмай» деумен құтылмақ еді, анау оған келіспеген кейіп танытты. Жұмысынан мін таппай, жүзіне сын таққанына бригадир шамданбады, председательді түсінуге тырысты. «Отыз жігіт өзіңе қарайды» деген-ау деп түйді. Үйге кіре қырынып жатқаны содан.

Әрбір дала еңбеккері секілді Қайыржанның жүзі де күнге тотыққан күреңқошқыл, тек алтын күзде астығы орылған егінжайдың сарғыш тұқылындай сарғылтым сақал-мұрт өңі қараға жатпайтынын әйгілейді. Кепкесін алып тастағандағы әппақ маңдайы: «бұл кісінің күнге күймеген тәні тап осындай» деп сөйлеп тұр. Көздері қыранның көзіндей шегір. Үсті көтеріңкі, үшкірлеу мұрыны да Қайыржанның кескінін қаршыға, тұрымтай тектес түз құстарына ұқсатады.

– Қайреке, қаншаға келдіңіз?

– Нұрғабылмен құрдаспын ғой, 1929 жылы туғанбыз (Социалистік Еңбек Ерлері Нұрғабыл Мәлғаждаров пен Қайыржан Ескендіровтың Тың игерушілер сарайында бір москвалық ғалыммен әңгіме үстінде түскен суретін ала келіп, табыс етіп едік, жауап соған орай шықты).

– Содан..?

– Содан соғыс кезінде 13 жасымда колхоздың қара жұмысына жегілдім де кеттім...

Ел басына соғыс салған тауқымет. Қанша айтылып, қаншама жазылса да, әр адамның тағдырына орайлас тағы да шаң беріп тұрасың-ау. Төрт кластық төмен біліммен қалған, бірақ өмір атты ұлы мектептен ұлғат алып, жастайынан жасампаздыққа үйренген – қажырлы әкелер мен ағалар!

Үй иесі мейман мезіретін ойлап әбігер. Біз ыстық күнгі шөл қандыруға, науқан кезіндегі нан ауыз тиюге ғана құштар едік. Бригадир білгендік көрсетті: орынсыз қолқалап артық әуреленген жоқ. Шаруашылық машинасының шофері дүкенге емес, бригада басына тартты. Есіктің оң жақ кәсегіне сүйене қалған екен, қара комбинезонның иығы мен жамбасы жасыл жолақпен кетті. Қайыржан: «қап» деді, Кәлимаш әдейі: «сол керек» деді. Есікті тез кірлететіндердің бірі осы емес пе?

Әңгімені жалғастырғынша асықпыз.

– Колхоз жұмысына араластыңыз, сосын?

– Сосынғысы белгілі ғой: «бар» дегенге бару, «әкел» дегенін жеткізу. Жеті жылдай зыр қақтық.

– Техникамен табысуыңыз?

– 1949 жылы тракторшылар курсында оқып, «колесныйға» қол жетіп еді, келер жылы әскерге алып кетті. 1954 жылы «ДТ-54»-ке отырдым.

– Шын тракторшылдықты тың игеруден бастаған екенсіз ғой?

– Бес жыл ұдайы жер жырттым ғой. Аршалы дейтін өңірді таспаладық та тастадық...

Қажырлы еңбеккер Қайыржан Ескендіров 1959 жылы №4 трактор-егіс бригадасына бригадир болып бекіді. Содан бері осы Матай ауылының механизаторларына ағалық етіп келеді. 1961 жылдан партияға мүше. Бригада жыл сайын астықты жақсы өндіріп отырғаны үшін коллектив жетекшісінің іскерлігі 1970 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен аталды.

Өмір деректерін жіп суыртпақтағандай зорға сұрап алып отырмыз. Қайыржанның жауап беруінен гөрі шыны аяқтарды ұсынуы жиі де жылдам. Тікелей шаруашылық мәліметтеріне келгенде ғана төсқалтасынан қойын дәптерін алып, біршама ашыла түсті. Өткен бежылдықтың басында әр гектардан 14 цетнер өнім алынған. «Сосын 16,7 центнерге жеткіздік». «Содан соң 17 центнерден ораллтық». «Айқындаушы жылды жүгеріні 19,5 центнерден ордық».

– Алтын Жұлдыз алуыңыз сонда ғой. Биік көрсеткіштің бірегей бағалануы емес пе?

– Солай болғаны да.

– Коллективті басқару, механизаторларды жұмсау, жұмыс істету әдісіңіз жайлы айтсаңыз...

Қайыржан үнсіз. Кәлимаш шыдаған жоқ:

– Тәңірі деген, бұл жуас емес пе, жұрт мұны жұмсайтын шығар. Өзі орнынан тұра кіріскесін басқалар да қарап тұра алмайды ғой.

– Үй шаруасына қалай?

– Құдай, бұдан үйдің шаруасын сұраған... үйдегі ұсақ малдың қанша екенін білмейді ғой, осы өзі сиырымызды тани ма екен?

«Сен де айтасың-ау» дегендей Қайыржан Кәлимашқа қырағы көздерінің қиығымен қарап өтті. Сосын қарлығыңқы үн қатты:

– Танап басында бір суық су ішем деп, тамағымды ұстай қалғаны... – Мұнысы: «көп сөйлеуді қойсақ» дегендей болып шықты. Онысын өзі жуып-шайды: – Қазір бригадаға барамыз ғой.

Түзде

Қайыржан үнсіз қадағалап тұр: «Көктемнің бір күні – жылға азық» екенін жақсы білетін бригадир тынымсыз даланы жаңғырта шыққан тракторлар үніне құлақ түріп, тұла бойын бір қуаныш сезімі баурап алғанын байқады. Ол осынау тәтті, жүректі шымырлататын күйге «тың игерушілер сарайында» Құрманғазы оркестрінің орындауында «Сары жайлау» күйін тыңдаған сәтіндегі құбылысты есіне түсірді. Міне ғажап, сонда даланың самал желмен жарыса жеткен трактор үні де табиғаттың сазды әунімен бірдей ме? Қалайша бұрын мен байқамағанмын деп. ойланып тұрып қалды. Расында «Нан болса – ән де болады» деген дана халқымыздың теңеуі: «өмірдің өзі муза» екен ғой деп тұжырып жасады. Көңілдің осындай асқақтау сәті мең күннің нұрлы шуағы Қайыржанды қанаттандырып жіберді. Күн көзін қолымен көлегейлеп, дала төсіндегі тізіліп бара жатқан техникаларға қарап, мақтаныш сезіміне бөленді.

Әзіл

ЖАЗАНЫҢ ЕҢ ҮЛКЕНІ

Қазақ еліне көз тігіп отырғандардың ішінде кім жоқ дейсің. Ниеті түзулері де, ниеті жамандары да бар көрінеді. Етек-жеңі мол пішілген, кең колтық қазақ тірлігін бәрі бірдей қайдан жақсы көре қойсын. Пейлі тар, пиғылы нашар біреулер сөйлесіп отыр дейді:

– Бұл қазақтар, отқа салса күймейді, суға салса батпайды. Жер аударып жіберсе де, қайтып келмей тұрмайды екен. Бастары қосылғаны – той, сойғандары – қой. Қашан көрсең жағасы жайлау, төбесі қыстау. Ашаршылыққа ұшыраса да, ас та төк молшылығын қоймайды. Ылғи ырду-дырду болып жатқаны. Бұларды былай өзі, кішкене бүрістіріңкіреп қоятын бір амалы жоқ па екен? – депті біреуі, қазақтарға қарадай жауығып.

– Ой, қазақтардың жанын көзіне көрсететін жазаның ең үлкенін мен білемін. – депті екіншісі, екі білегін сыбанып.

– Е, білсең айтпаймысың, – дейді анау.

Сонда мынау айтыпты:

– Қазақтарға етті жегізіп-жегізіп, соңынан шай бермей қою керек, – депті.

Кәпірдің ниеті қалай жаман еді?! Тәңірім, еттен соң шай бермеуден сақтай гөр қазағымды!

Алматы.

Соңғы почтадан

ІЗДЕНГЕН ЖЕТЕР МҰРАТҚА

Қазір көгілдір экран тұрмысымызға сіңіп, өмірімізге еркін еніп отыр. Енді оның жұртшылық жүрегін баурауы, көпшілік көңілін ұйытуы қажет. Көгілдір экранға көрермендер тарапынан қойылатын қарапайым да қатал талап – осы. Соған сәйкес соңғы кезде Целиноград телестудиясының көңілге қонымды хабарлары көбейіп келеді.

Телевизия – өнердің жас түрі. Қазақ өнері үшін ол, тіпті соны да тың. Соған қарамастан қазір Целиноград телевизиясы қазақ редакциясының шеберлігі жетіліп, кадрлары қалыптасып келе жатқандығы анық. «Ізденген жетер мұратқа» дегендей, талапкерлердің талпынуы экраннан еркін орын алып, ерекше көрініс табуда.

Мәселен, жергілікті жас авторымыздың әңгімесі бойынша «Ұмытылмас ән» атты хабардың ұйымдастырылуы үлкен талпыныс болды. Әңгіме атақты әнші-композитор, дарыны мол, үні зор үкілі Ыбырай жәйлі

еді. Әңгімені жас режиссер Қабыкен Коңқаев көгілдір экранға шығарды. Жазушы материалын жақсы пайдаланып, өзінше өрнек құрды. Әдеби хабардың арқауы етіп Ыбырайдың әндерін алуы әбден заңды.

Өткен жұма күнгі «Совет өнерінің жұлдыздары» циклынан берілген композитор М. Төлебаев туралы хабар да көңілдегідей болып шықты. Хабардың сценарийін А. Сатаев жазған. Ол – драматургияның заңын және кино ерекшелігін білетін жазушы. Сондықтан хабардың сюжет желісі жеңіл де ықшам ыңғайлы-ақ. Ал режиссер Қ. Қоңқаев өнер жолында өзінің ізденіп, талпынып, ысылып келе жатқандығын көрсетті. Ол бұрынғы кино-кадрлар мен телевизия жаңалықтарын қатар пайдаланып, оны текстпен жымдастырып жіберді. Хабардың жақсы өтуі үшін телеоператорлар Исләм Рахманқұлов пен Сәкен Иманбековтың көп еңбек еткенін атап айту керек.

Сонымен қазір Целиноград телевизиясының қазақша хабарлары мән-мәдениеті жағынан көрермендер талабына сай жақсарып келеді. Ерінбей еңбектенсе, үнемі ізденсе, жергілікті хабарларды да тартымды етіп ұйымдастыруға болады. Көрермендер көңілінен шығатын осындай хабарлар көбейе берсін.

«Коммунизм нұры», 1966 жыл

ҚҰТТЫ БОЛСЫН ЖАҢА КҮН!

Аспандағы алтын күн бар әлемге нұрын шашады. Күн мезгілі, жыл мерзімі соған байланысты, сол алтын сәулемен айқындалады. Қазақтың ұлттық ұғымы бойынша, қаңтарда – қарға адымындай, ақпанда – ат адымындай ұзарған күн қыс өткелі, көктем туғалы бұрынғыдан да биіктей түсті. Кеңбайтақ қазақ жеріне қасиетті Наурыз келді. Қараңғылық азайып, жарық сәуле молайды. Сондықтан да халқымыз бұл күнді – «Ұлыстың ұлы күні» дейді. Сондықтан да біз радио тыңдаушы қалың жұртшылыққа: «Құтты болсын Наурызың!» дейміз. Елмен бірге қуанып, елмен бірге сүйсініп: «Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!» дейміз. «Жаңа күн жақсылыққа бастаса екен» деп тілек білдіреміз.

НАУРЫЗЫМ

Көңілге дем берген күн – бұл күн, дедім,
Кеудеме бұлбұл қонған бүгін менің;
«Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!» –
Дегенде, күлімдедің күлімдедің.

Көктемде желбіреген гүлім менің,
Өмірге келген күнім – бүгін дедім.

«Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!» –
Дегенде, күлімдедің, күлімдедің.

Наурызым, нәрім менің – уыз, дедім,
Уызға тойған күнім – бүгін менің;
«Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!» –
Дегенде, күлімдедің, күлімдедің.

Өлеңдерге шолу

КӨҢІЛ БАУРАЙТЫН КӨРКЕМДІК КЕРЕК

Оқушыларымыздың өлең-хаттары редакцияға молынан келеді. Жазғаны жарық көруін тілеп, үлкен үмітпен жолдайтыны анық. Ондай хаттарға өте мұқият қарап, мүмкіншілігінше көмектесу – міндет. Жалт еткен жақсылығы бар дүниелердің газет бетінен орын алып жүргеніне оқушыларымыздың өзі куә. Міне, бүгін де бір топ талапкерлердің үлкенді-кішілі өлеңдері жарияланып отыр.

Рас, жергілікті авторларымыздың талабын құптау, қаламын ұштау мақсатында жарық көрген бұл өлеңдердің өзінде де жете айтылмаған жері, аса сәтті шыға қоймаған жолдары бары анық. Әйтсе де, өлеңді өлең ететін қасиеттерден құралақан емес. Авторларының қалың көпшілікке айтар өзіндік ойлары бар, адал көңілден ақтарыла сыр шерткісі келеді. Табиғатты сүреттеуге де талпынып бағады. Соның бәрін ырғағы бар, ұйқасы дәл өлең жолдарымен өрнектеуге ұмтылады. Сондықтан да олардың балаң жырын бағаламай тастау қиын.

Өкінішке қарай, оқушыларымыздың көпшілік өлеңдерінің көркемдік дәрежесі ондай емес. Алдымен, айтар ойы тым таяз, қарадүрсін болып келеді. Кәдімгі көпке мәлім көне жайлар сөз болады. Және соның өзін өлең өрнегіне түсіріп, бейнелеп беру деген жоқ. Күнделікті өмір фактісін құрғақ түрде баяндай береді:

Асфальт жолда
Албырт жас та,
Жасы үлкен аға да
Ел ырысын тасуда, –

деп жазады Б. Байжанов (Целиноград ауданы). Былай қарағанда, осы үзіндіде оншалық үлкен қате жоқ. Асфальт жолдың үстінде албырт жастың астық тасуын ешкім теріске шығара адмайды. Бірақ автор өзі жазып отырған жайға өте селсоқ. Не асфальт жолды әспеттеген, не жастар жігерін мадақтаған, не ел ырысының молшылығына сүйсінген сезім аңғарылмайды. Өзінің көргенін өзгенің көзіне елестеткендей ешбір су-

рет жоқ. Әр күні-ақ атқарылуға тиісті жұмыстарды тізіп, немесе талай айтылып, әбден жауыр болған жайларды құрғақ баяндау басым. Мұндай үлкен олқылық осы ауданнан хат жолдаушы А. Бейбітов, М. Төлеубеков, Т. Даукенов, К. Хасенов, Ғ. Әлин, С. Маусымбаева секілді талапкерлердің жазғандарына тән.

Бір топ авторларымыз аса үлкен тақырыпқа – Октябрь, Отан, партия туралы жыр жазуға бел буған. Ақын болмақ адамның азаматтық биік тұрғыдан сөйлесем деген ниеті, әрине, құптауға тұрарлық. Алайда, оңды ниет – өлең емес әлі. Ең абзал, асыл деген ойдың өзінде көркемдік желегіне орап, көкейге қонатындай, көңіл бауратындай етіп, әрлеп бермесе болмайды. Мұны біз Жақсыдан жазған Ж. Көлбаеваның – «Ұлы көсемге», «Совет батырларына» деген, державиндік А. Серікбаевтың – «Елу жылдық» есімді, целиноградтық А. Бейсекеевтің «Мінекей, Совет келді 50 жасқа» дейтін, ерейментаулық Ж. Мақашевтің «Естілген әлемге Аврора үні» атты өлеңдерін оқып шығып айтып отырмыз. Аттары айтып тұрғандай, бұлардың жазғандары адамзатқа адамзаттық таңын атырған Октябрьді жырлап, еліміздің елу жылдық тойын сөз еткісі келеді. Әттең көңілдегі көрікті ойдың қағазға қарадүрсін болып түскенін қайтерсіз!

... Күңіретіп (?) халқымды,
Жеңіп шыққан Октябрь...
... Рахмет саған, Октябрь
Коммунизм таңы атты, –

деп келеді ерейментаулық М. Дүйсенбаевтың жазғандары. Советтік поэзиямыздың балғын шағында, жиырмасыншы жылдары жарық көрген кейбір сәтсіз туындыларын еске түсіреді. Ол кездегі өлеңдерге елді үгіттеу секілді үлкен міндет жүктілген-ді, ұран салу ұят емес-ті, бірақ жоғарыда келтірілген жолдардай жалаң жазу қашанда қадірсіз еді.

Жалпы Октябрьді жырлау – тарихтан мәлім жайларды өлең жолына айналдырып, өктемдеп айта беру емес. «Октябрь» деген сөзді айтпай-ақ та революциялық рухқа толы өлең тудыруға болады. Поэзиялық шығармада Октябрь революциясының мән маңызын сөз еткеннен гөрі, оның нұр шұғылысына бөленген жарты ғасыр ішіндегі жаңғырған елдің суретін, жасампаз ердің келбетін келістіріп бейнелей білген жақсы. Біз жанымызда жүрген еңбек адамын ардақтап жырлай білсек, Октябрьді әспеттеп, партияға алғыс айта білгеніміз.

Әсіресе, жалаң идеяны жадағай күйінде ұсына беруге болмайды. Өйткені ондай өлең Д. Жүнісовтың (Алексеевка ауданы):

Оқы да сүй кітапты,
Пайдасын ұқ беретін.
Кілтін ашып білімнің,
Боласың алысты көретін. –

дегені секілді бос ақыл болып шығады. Бейнелі ойы, берекелі тілі жоқ, сезімге қозғау салмайтын мұндай дүниелердің қатарына ерейментаулық Ш. Сағалиев пен К. Оспановтың, целиноградтық С. Қаңтарбаевтың, жазғандарын да жатқызуға болады. Қорғалжындық Б. Рысмағамбетованың «Арнаймын достарыма» деп жазған шумақтарын өлең деу қиын. «Бекетім омырауына Еңбек Қызыл Ту орденін тақты» деген жолдары кәдімгі хабарлы сөйлем емес пе?

Жастарымыздың махаббат жәйлі жазуы әбден заңды. Целиноградтық Қ. Жүсіпов пен Қ. Машықов, жалтырлық Қ. Жаңабеков сондай талап көрсеткен. Бірақ жастық шақтың жалын атқан сезімі өлең жолдарынан тіпті аңғарылмайды-ақ. Құр ғана «күйдім-сүйдім» деп, өзеуреу, орынсыз өкініш көп.

Алып-ұшқан жүрегім:
«Талаптан», – дейді, білемін.
Мақсатым – оқу жалықпай,
Соның жолын іздеймін. –

деп жазады. К. Жүсіпова Бестөбе руднигінен. Жас адамның жақсы талабын құптаймыз. Адам көңілін айтып отырғанына сенеміз. Оқығаны дұрыс. Оқусыз өнер жоқ. Жақсы өлең жазу үшін де оқып, көріп-біліп, үйреніп, үлгі алу қажет. Сонда ғана целиноградтық К. Сейсекееваның шәкірттік талабы шабытқа ұласуы мүмкін.

«Өлеңге әркімнің де бар таласы», – деп Абай айтқандай, оқырмандарымыздың өлең жолдап тұруына жол ашық. Бірақ бір ғана жайды жадымыздан шығармайық: жазғанымыз жарық көріп, көпшілікке жетсін десек, сөзімізге көңіл баурайтын көркемдік керек.

ӨРМЕКТІҢ ЖҮЗІ АУҒАНДА

Бұл күндері тың төсінде астық жорығының әбден қызған шағы. Орақ жұмыстары Целиноград облысы бойынша біркелкі ырғаққа түсіп, биік қарқынға көшкен. Байтақ егінжайда күн сайын 120-125 мың гектардың масақтары дестеге түсіріліп жатқанына біраз болды. Дәнді дақылдар егістігі 2 миллион 802 мың гектарды алса, целиноградтық диқандарда өрмектің жүзі сентябрьдің басында-ақ ауып кетті. Бүгіндері егін ору еңселіліп, дестe бастыру да деңдей түсті. Егін ору, дестe бастыру, дән тапсыру, сабан тасу, жер жырту жұмыстары қат-қабат, қарқынды жүргізілуде.

Егіні ерте пісіп, орақ бұрын түскен Целиноград ауданының диқандары болатын. Алдымен аттанғанның мойыны озық. Оған қоса бұл ауданның шаруашылықтары орақ техникасын жаппай іске қосып, бірден кеңге қанат сілтеді. Егістігі 292 мың гектарды алып жатқан аудан көп

ұзамай-ақ дәнді дақылдардың 60 процентін орып, оның жартысын бастырып үлгерді. Құп-құрғақ, тап-таза бидай танаптан қырманға, қырманнан қоймаға қолма-қол жөнелтіліп жатты. Мемлекетке астық сатудың бес күндік тапсырмасы 166 процент орындалып, өткізілген дәннің 96 проценті ең сапалы күшті де қатты бидай деп бағаланды. Сол үшін де Целиноград ауданы республикалық жарыстың жүлдегері атанып, ауыспалы Қызыл Ту мен ақшалай сыйлықты иемденіп отыр.

Әрбір істің тәсілін тапқан ұтады. Целиноградтық диқандар ипатовтық әдісті икемді қолдануда. Былтырғы орақта 52 комплексі ғана болса, биыл облыстың совхоздары мен колхоздарында 549 егін жинау-транспорт комплесі құрылып, іске кірісті. Комплекстер құрамында егінді ору мен астық бастырушы 2045 звено, дән тасымалдаушы 4457 звено ұйымдастырылған. Танаптардағы жұмыстарды тасқынды жүргізіп, егін жинаудың енкпінін үдемелі еткен де солар. Краснознамен ауданының Бауман атындағы совхозында коммунист В. Акуленко басқаратын комплекс 3847 гектардың егінін ең қысқа мерзімде атжалдарға түсірді. Дегдіген дестелерді жинау іле-шала жүргізілгендіктен қазір астықтың басым бөлігі бастырылып қойды. Бұл істе Ленин орденді комбайншы М. Миршавко басқаларға үлкен үлгі көрсетті. Ол бес күнде 250 гектардың дестесін бастырып, 430 тонна астық жөнелтті.

Үлкен істің ұйытқысы қашан да коммунистер ғой. Екпінді жылдың егін орағына облыс бойынша 6 мыңнан астам коммунист қатысып, барлық қарекеттің басы-қасында жүр. Коммунистің жоғары еңбек көрсеткіші – ерекше өнеге. «Красный флаг» совхозының саңлақ механизаторы, Еңбек Қызыл Ту орденді Қадыр Арғынбаев биылғы орақта 1 мың тонна астық бастыруға бел буған-ды. Осынау байлау өзге шаруашылықтардың комбайншылары тарапынан да кең қолдау тапты. «Гвардеец» совхозының комбайншысы, жыл сайынғы орақтың гвардееці Василий Халявиннің міндеттемесі бұдан да жоғары. Ол орақты 20 жұмыс күнінде тәмамдап, өз бункерінен 1500 тонна дән саулатуға міндеттенді. Ал Черняховский атындағы совхоздың диқаны Григорий Грибтің комбайнында қазірдің өзінде 8 жұлдыз жайнап тұр. Бұл осы дала кемесінен дән бұлағы 800 тонна болып тасыды деген сөз.

Егін орағына 2563 халық қалаулысы атсалысуда. Олар 165 депутаттық топтар мен 546 постыларға біріктірілген. Қауырт науқан үстінде халық бақылаушыларының 1013 уақытша постысы құрылып, 3000 шолғыншы дала жұмыстарының сапасы үшін қырағылықпен күресуде.

Алтын астық жорығында жастар үлесі де мол. Комсомолдың үлкен мерекесі қарсаңында орақка шыққан 16 мың қыз-жігіттің қимылы ширақ, талабы зор. Міне «Острогор» совхозының Петр Больт басқаратын комсомол-жастар комплексі орақтың алғашқы күнінен корчагиндік вахтаға тұрып, 5169 гектардың егінін түгелдей орып шықты. Енді осынау алқаптың дестелерін бастыру күн сайын қыза түскен. Бәрінен де алтын дәннің ақтарыла саулағаны, дән тиеген машиналардың тоқтаусыз заулағаны

ғажап, қазір тыңның астық трассаларында ерсілі-қарсылы ағылған автомобильдер қисапсыз. Солардың ішінде Социалистік Еңбек Ері Валентин Шербаковтың, Ленин орденді жүргізуші Сергей Балянның Октябрь Революциясы орденді Петр Колостың төрт тіркемелі 100 тонналық автопоездарын көргенде, техника қуаты, шофер шеберлігі, дән молшылығы қақында қастерлі сезім туындайды. Нақ осы жүргізушілердің зор керуені мол-мол астық жеткізгендіктен де Жалтыр элеваторы облыстың өзге кәсіпорындарынан озып шықты. Жалтырлық дайындаушылар бес күнде 15 мың тонна дән қабылдап, оны өңдеуді, сақтауды, жөнелтуді сәтті ұйымдастырды.

Бүгінде целиноградтық диқандардың барлық күш-жігері, мақсат-мұраты өсірілген егінді төкпей-шашпай жинап алып, қазақстандық мол астыққа лайықты үлес қосуға бағытталған. Қазір танаптарда тоқтаусыз жүрген комбайн саны 10 мыңға дейін өсіп, жол үстінде молшылық күйін тартушы автомобильдер 15 мыңға жетті. Қайда барсаңыз да қауырт еңбекті көресіз. Дала қосында, қырман басында, астық қабылдау кәсіпорындарында еңбек қызу, іс өнімді, ыждағат күшті.

«Социалистік Қазақстанның» арнаулы тілшілері
Ақселеу СЕЙДІМБЕКОВ, Жарасбай НҰРҚАНОВ.
Целиноград облысы.
Халық қалаулылары

ЗАУЛА, БОЛАТ ЖОЛДЫҢ БАТЫРЫ!

1

Күрек тістері ақсиып күлгені әдемі. Екі беті қоянның бүйрегіндей бұлтия қалады. Көзінің аласы кішірейіп, қарашығынан бір жылы сәулелер ұшқындайды. Өңі жүдеу тартып, мұңая қоюы да оңай. Соғыс кезінің қиыншылығын тап қазір бастан кешіріп отырғандай, кейісті жүзі мынау. Ақмола локомотив депосына алғаш 1942 жылы келгенін еске алып отыр ол.

Қаратайдың он алты жасқа жаңа толған шағы еді. Жеті класты ғана бітірген жеткіншекті депоға қара жұмыс іздеткізіп, тұрмыстың ауыртпалығы әкелген. Өзімен аттас Қаратай Ахметов деген ағайға рақмет, оқуын тастап келген баланы жұмысқа алды. Үлкен Қаратай: «вызывальщик боласың» деді, кіші Қаратай үнсіз келісті.

Сөйтсе, депошыларды жұмысына шақырып зыр жүгіруі керек екен. Қазіргідей машинистер қалашығы жоқ, Ақмоланың әр тарапында шашырап жатқан жұрттың тұрағын табу да оңайға түспейді. Осы күнгі электровоз жүргізушілердей емес, онда бір бригаданың өзі үш кісіден

тұрады. Кейде күніне елу адамға дейін шақыратыны бар. Елгезек Қаратай табанынан сарылып, екі жыл жүгіріп бақты.

– Жасым он сегізге толғанда, жұмысым да жоғарылады. Паровоздың от жағушысы болдым.– Қаратайдың күрек тістері тағы жарқырады. Екі беті бүйректеніп бара жатыр еді, менің сәл аңтарылып қалғанымды аңғарып, көзінің аласы үлкейе қарады. – Әрине, қазіргі жағдайда кочегарлық біртүрлі көрінеді ғой. Ол кезде де қиындығы болмаса, қызығы шамалы еді. Бірақ менің қолым нағыз жұмысқа жетті ғой, мен паровозға еркін ендім ғой.

...Паровоз оттығына пәрмендеп көмір тастап жатқан тарамыс жігіт. Қарш еткізіп қадаған күрегі көтерерге келгенде зіл қара тас. Күрек сілтеу күшіне тиген сайын от жағушы өршелене түседі. Қары талып қалғанша, оттық алаулап жанғанша жандәрмен құлаштайды. Басы-көзі күйе-күйе жігіттің күреңіткен жүзінде намыс, жігер, ынта, ырзалық оты ойнады...

Қаратай сол кездегі айтулы машинист Байқан Имановтың бригадасына алынған. Бригадирдің бір сөзін екі етпей, айтқанынан шыға білумен бірге тәжірибелі темір жолшының машина баптаудағы майталман шеберлігіне де көз қиығын салып жүрді. Екі жыл от жағудан кейін Қарағандыда машинистер курсын тәмәмдап келгенде осы Байқанның өзіне көмекшілікке тұрды. Тағы екі жылдан соң, 1950 жылы Қаратай Рахимов та паровоз машинисі атанды.

II

Болат жолдың бойында составтар саулатып жүргеніне ширақ ғасырға жуық. Арқыратып паровоз айдады, жарқыратып тепловоз тетігін меңгерді, бүгінде электровоз пультін еркін басқарады. Темір жол транспорты күрделіленген сайын Қаратайдың кәсіби машығы да жетіліп, мамандық өресі де биіктей түсті.

– Электровоз дегеніңіз, есебі, енді қолыңыздағы әдемі автоқалам сияқты ғой. Сауыт алып жүрудің, сия құйып жатудың керегі жоқ. Сол секілді электровозға да көмір тиеп әуреленбейміз. – Қаратай мойнын ішіне алып сөзін сәл имене сабақтайды. «Осыным орынды шығып жатыр ма, жоқ па?» дегендей, әр сөзінің аңысын аңдайды. Паровозда жүргенде қолың күйе, үстің май болуы мәртебе секілді еді ғой. Енді олай емес, қазір депода... қалай еді, әлгі... е, өндіріс эстетикасы үшін күресеміз. Жолға шығарда тойға барардай сәнденіп келмесең болмайды енді.

– Сонда да паровоздай түтіндетуің қалған жоқ қой, – деп қағытады Рахила жеңгей, Қаратайдың ұзақ жылдар бойғы жол серігі.

– Түтіннің машинист үшін қажетке асатын жері де бар, – деп қойды сосын, оңай беріле салғысы келмей. – Машинист алға қанша көз тіксе дерлік қарайлап отырады. Вагондар астынан көгілдір түтінді көзі шала қалса: «букса бүлінді ме екен, сақинаның бірі күйді ме екен?» деп күдік алады. Дереу шара қолданады. Күндіз түтін хабаршы болса, түнде

ұшқын белгі береді. Доңғалақтар арасынан қызыл ұшқындар шашыраса, темір қажалғанын, тетік бүлінгенін біле қою қиын емес.

Өмірінің отыз жылын жол бойында, рельс үстінде өткізіп келе жатқан Қаратайлардың назарынан не нәрсе қағыс қалушы еді? Сол қырағылығы арқасында бірде үлкен апатты болдырмай, алдын алды.

Рахимов бастаған состав Целиноград – Қарағанды бағытында сапарға шыққан. Әне-міне дегенше «Қырқыншы» атты станцияға да келіп қалды. Қаратайлар осы жерден Анарға ашық жол алып, электровоз екпінді жүрісіне содан соң басу керек-ті. Үлкен жолға жаңа шыққан машинистің бойы тың, жаны сергек келе жатқан. Кенет әлденеден секем алды. Апырау, анау жол көрсеткіш, әдеттегі жол сілтегіш бұрынғыдай емес, бұрыс тұр ма өзі? Анарға аттандырудың орнына Павлодарға сілтеп тұрғаны несі?! Көмекшісінің де көзі түскен екен, жүзі құп-қу болып кетті. Қаратай берген сигнал ышқына естілді.

Сол күнгі кезекші – қарт кісі, кәнігі темір жолшы болатын. Не қылып бүйткенін білмейді, жоқ жерде жаңылысып, бұларды бұрыс аттандыра жаздағаны ғой. Осы жолмен қарсы келе жатқан экспрестің дүрсілі естілгенде өзінің де төбе құйқасы шымырлап:

– Рахимов, мен не істеп қойдым, сен қалай құтқардың?! – деп абдырағаны емес пе: – Қаратайчик, мұны анау жаққа айта көрме, мен демалысқа кеткелі жүрмін ғой, – деп салған...

Қаратай әкесінің түрін білмейді. Жастайынан өзі қолында өскен Қапан Жанпейісовты «нағашы» демей «Бапа» дейтіні содан. Қапан да мұны «жиенім» дей бермей, «Қаркенім, қалқам» деп өсірді. Жұрт сол Қаратайының зор абыройға бөленіп, депутаттыққа ұсынылғанын айтып сүйінші сұрай келгенде Қапан қарияның беті әлем-тапырық болып, көзінен жас ыршып-ыршып кетті. Екі көзін жеңімен қайта-қайта ысқылап:

– Айналайын, үкімет! Шіркін, адал еңбек-ай! – деп тебіренді бұрын «Целиноградсельмаш» заводының құю цехын басқарған пенсионер. Сосын босаған көңілін өзі кілт тоқтатты: – Ойбай-ау, бұл болмағанда кім болады, – деді жұртқа ажырая қарап. – Мен жалғыз ұлымды әскерге аттандырғанда жанында жарты сағаттан артық отыра алмады ғой, не бір стақан шарап ішкен жоқ. «Рейс-рейс бар» деп безек қаққан жоқ па? Бұл ма, бұл депо десе ішкен асын жерге қояды, машинасыз күн көре алмайды.

Күрек тістері ақсиып күлімсірейді Қаратай:

– Қазір машинистер «есімді график» бойынша жүреді. Әркім өзінің қашан сапарға шығатынын бір ай бойына біліп отырады. Ендеше ертең жол жүрерінде жүректі ауыртудың, қолды дірілдетудің қажеті қанша? Сені семьяң түн ішінде дүбілеп аттандырады, амандығыңды тілеп мазасызданады. Сонда сен медициналық бақылаудан өтпей қалып жатсаң масқара емес пе?

Жоқ, Қаратайдың маршруттан алынып қалған кезі болған емес. Қайта небір қысылтаяң сәттерде бұған ерекше сенім көрсетіледі. Оның электровозы ең бір жауапты, ең бір салмақты составтарды ала жөнеледі.

Қаратай Рахимов өткен шешуші жылда халық шаруашылық жүгін тасымалдау жоспарын 10 декабрьде орындап, Бүкілодақтық социалистік жарыстың жеңімпазы болып шықты. Омырауына Еңбек Қызыл Ту орденін тақты.

Озат машинист айқындаушы жылдың апрель айында ғана 6720 киловатт-сағат электр энергиясын үнемдеді. «Электр қуатын үнемдей білудің берден-бір жолы – электровозды сәт сағатта заулата білу» – дейді Қаратай. Соншама үлкен составты орнынан баппен ғана, байқатпай қозғап әкетіп бара жатқанына таң қаласың. Сәлден соң электровозы еркін қарыштап, көз ұшында көрінер-көрінбес болып белгі бергенін бір-ақ сезесің.

Алдыңнан жасыл көше жарқырасын. Бақ тұлпарың бапты ырғағынан танбасын! Заула, болат жолдың Батыры!

«Социалистік Қазақстанның» 1973 жыл

Репортаж

АСТЫҚ АРНАСЫ

Қызыл керуен аттанды

Қырман қандай аумақты. Астық үйіндісі әр жерде ғана. Анау жатқан – тұқымдық жотасы. Екі мәрте Еңбек Қызыл Ту орденді бас агроном Сибағат Боранбаевтың қызғыштай қорғайтын қымбаты. Мынау – мемлекетке өткізілетін астық. Ленин орденді председатель Төлеген Қаңбатыров қадағалайтын молшылық. Диқанның басты парызы – Отанға дән тапсыру.

«Қырмандағы қызыл аз ғой» дегенге шаруашылық басшылары шамданбайды. Сәл ғана жымияды. Десте бастыру жаңа қарқындап, дән тасқыны енді молайған. Екіншіден, шаруа қарекетінің өлшемі өзгерді ғой. Бүгінде қырмандағы астықтың тау-тау болып жатуы тәртіп емес. Комбайннан жедел жеткен лағыл қырманнан дереу аттандырылғаны жақсы.

Керуен жөнелту де бір салтанат. Қырман басы абыр-сабыр. Қырман меңгерушісі Иван Рудь астық тиеуге рұқсат беруі мұң екен, жеңін түрген жігіт транспортерді іске қосып жіберді. Ақтаулы, мақтаулы дән машина қорабына қотарыла бастады. Әп-сәтте абажадай КамАЗ-дың қорабы мен тіркемесі лықа толды.

Дән тиелген машиналар маңдайшасына қызу ұран, қызыл транспорант ілінді. «Қабылда, Отан, біздің алтын астықты!», «Отанға 16600 тонна тың маржанын тапсырамыз» деген лепті лебіздер жайнап кетті. Алдыңғы машина астықтың «Красная заря» колхозынан екенін атойлап тұр.

Маринов ауданында Целиноград транпортты пайдалану кәсіпорнынан жүз машина жүрген-ді. Осының үшеуін колонна бастығы Қабылтай Өміровтың өзі бастап келген. Мерекелі орақтың жаңа астығын тиеп алған жүргізушілер де қуанышты. «Мұндай сәтте көйлегіміздің сәндісін киген дұрыс шығар» деп күлімдейді шофер Николай Перунов.

Қызыл керуенді аттандыруға қос басындағылардың бәрі шыққан. Жұмысшылар жүзі жайнаң қағады. Алау-жалау автомашиналар легін колхоз басшылары бастап ала жөнелді.

Маржан қабылдау

Адыр элеваторы сонадайдан көрінеді. Көршілес үш ауданның бес шаруашылығынан береке тонналарын арқалаған автомобильдерді «мен мұндалап» шақырып тұрғаны.

Дән қабылдау да бір салтанат. Элеватор қызметкерлері қызыл керуенді көрісімен сыртқа жүгіре шығып, шаттана қарсы алысты. Аға таразышы Людмила Петрова алдымен жеткен автомашина жүргізушісіне гүл шоғын сыйлады. Аға лаборант Бақыт Жаупарова алтын дән әкелген колхоз басшыларына нан-тұз ұсынды. Екі жақ та жақсы табысқан құдалардай мәре-сәре болды да қалды.

Адыр элеваторының директоры Қабдірахман Әпетов әдетінше қуана күлімдеп, келгендердің қолын жағалай ұстап, «хош келдіңіз» қоймай-қоймай айтып тұр.

– Элеватор сыйымдылығы 128 мың тонна. Осынша астық қабылдауға әзірміз. Дән құрғату қуатымыз сағатына 130 тонна. Тәулігіне екі мың тонна дән кептіреміз. Бір күнде бес мың тонна астық қабылдау қажет. 25-30 тонналық таразымыз бесеу. 19 астық түсіргіштің төртеуін КамАЗдарды қабылдауға бейімдедік.

Иә, Адыр элеваторы – облыстағы астық қабылдау орындары ішінде тәртібі мықты, тазалығы күшті қойма. Биылғы орақтың мол астығы кідіріссіз қабылдануы, мұқият тексерілуі, мұқият құйылып алынуы сөзсіз.

Береке қайнары

«Алтын шыққан жерді белден қаз» дейді ғой. «Красная заря» колхозына қайта оралайық. Бұл шаруашылық былтыр егінжайдың гектарынан 21,2 центнер өнім алып, облыста озық шыққан болатын. Жоғары өнім тұрақты болса құнды. Колхоз диқандары биыл да бітік егін өсірді. Олар 11800 гектар дәнді дақылдардың гектарынан 20 центнер өнім алуға, Отанды мол астықпен қуантуға, яғни 16600 тонна астық тапсыруға бел буып отыр. Сөйтіп оныншы бесжылдықтың төрт жылы ішінде мемлекетке астық өткізудің алты жылдық жоспарын орындамақ.

Колхозда жер сырына қанық, дән қадірін білетін бригадирлер мен механизаторлар еңбек етеді. №1 комплекс бастығы Анатолий Лада былтыр

бірегей астық жинағаны үшін Жұлдызды қалашыққа сапар шегіп, космонавтар қолынан қастерлі вымпел алып қайтқан-ды. Ол басқарған комплекс биылғы орақта да жоғары қарқын, биік сапа танытуда. Осы комплекстің озат механизаторы Эрих Вельке екі мың тонна дән бастыруға берік шешім қабылдап, облыс комбайншыларына үндеу тастап отыр. Тарлан механизатордың танап үстіндегі қауырт қарекетін көріп, сөз бен істің бірлігіне куә болдық.

Коммунист Қиянат Шаханов шаруашылықтағы комсомол-жастар бригадасын басқарады. Мұнда орақшылардың бір-біріне көмектесуі, қол ұшын беруі өріс алған. Олай болуының жөні де бар. Ағалы-інілі Николай мен Федор Громов, Виктор мен Александр Брик, Бекболат және Кенжеболат Бекежанов, әкелі-балалы Зейнолла мен Мереке Таутековтер дала кемелерін жұптаса жүргізуде.

Міне, осындай жандардың қажыр-қайраты арқасында «Красная заря» колхозы өткен бескүндікте мемлекетке 1200 тонна астық өткізіп, тапсырманы 240 процент орындады. Егіннің көпшілігі орылып, бастыру күшейген. Колхоз танабы мен қырманы молшылық күйін қатар шертуде.

«Социалистік Қазақстан» газеті

СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаттарымен таныстырамыз

ДӘН ЖЕТКІЗГЕН ДӘРЕЖЕ

Очерк

Еңселі кеңсенің екінші қабатында диспетчерден басқа ешкім жоқ екен. Колхоз председателі қазір келетін көрінеді. Бригадир Логинов болса, ол да көп кешікпей жетуге тиіс. «Үлкен сыйлық иесі қандай адам екен?» деп, іштей дегбірсізденген жайымыз бар.

Екінші қабатқа көтерілген мосқалақ кісі сәл кідірді. Иықты, дембелше келген денесін тік ұстап, бойын түзеді. Шайқалмай, найқалмай, тура жүріп кетті. Аяғын нық, дәл басады. Үстіндегі киімі бойына сондай қонымды. Үсті-басына мұндай мұқият болар ма?

Осы кісі жанымыздан өте берді. Көзінің астымен ғана қарап барады. Біз қарамасақ, ол да қарамаған есепті. Сәлемдесуі естілер-естімес қана. Сәлемді алса-алды, алмаса қалды дегендей. Бөгелмеген күйі қабылдау бөлмесіне кірді. Бөлмеде ешкім жоғы бізне аян. Әлгі кісі қайта шығар деп едік, шықпады. Кеңсе тым-тырыс. Шыдамадық. Соңынан бардық. Сөйтсек, ол көп орындықтардың біріне орнығып, қолдарын тізесіне қойып, қарап отыр. «Сол ма, сол емес пе?» деп, абыржып қалдық. Алғашқы сұрағымыз да қызық шықты.

– Сіз айтпайсыз ба, Логинов алыста ма?

Бейтаныс кісінің оң қабағы көтеріле қалып, жүзінде бір жымиыс пайда болды. Содан соң екі қасын керіп, көздері күлімдей қарады.

– Логинов дейсіз бе? Ол өзі былай ғой... Логинов мен...

– Ойбау-ау, манадан солай демейсіз бе? Сізді іздеп келіп, көруге асығып отырмыз ғой...

Логинов иығын көтерді де қойды. Қолымызды мықтап ұстаған күйі мызғымастан тұр.

– Ал енді, Александр Владимирович, сізді СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атануыңызбен, үлкен сыйлығыңызбен құттықтаймыз!

Логинов нағыз орыс адамына тән сарғыш кескіні сәл қызарыңқы тартып, еріндері болмашы қыбыр етті. Ал тұрған тұрысы: «Солай болып қалды, енді қайтерсің?» дегендей.

Қасымызға колхоз председателі Подольский келіп, бәрімізді кабинетке бастады. Үлкен, ұзын бөлменің төрінде – председатель, оңында – біз, солында, сонау жерде Логинов отыр. «Ойбау-ау, – деймін тағы, – іздеп келгеніміз өзіңіз, ішіміздегі жасы үлкені, даңқы зоры сізсіз, алыс отырғаныңыз қалай?».

Сірә, күнделікті жоспарлаудағы әдеттегі орны болса керек. Александр Владимирович мұны бізге айтпайды, жай қимыл, қозғалысымен сездіріп, қас-қабағымен танытады. Ақыры, ортамызға келіп отырды-ау. Маңдай шашы түсіп, төбе шашы селдіреп, қасқая бастапты. Қалған шашын екі қолымен сипап, сыпайы басып қойды. Байыпты да бипаз кісі. СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты деген зор атаққа сырт кейіпі келіп-ақ тұр...

СССР. Басымызды біріктіріп, баршамызды табыстырып тұрған асыл қоғам, абзал Отанымыздың, байтақ еліміздің қай жерінде туып, қай өңірінде жүрсек те, адал еңбек әрдайым өз бағасын алады ғой. Лауреат Логиновты әңгімеге осы тұрғыдан тарттық.

Александр Владимирович Логинов 1926 жылы Кострома облысы, Высокогорск селосында туыпты. Әскери борышын өтегеннен кейін Иванов облысының Фурманов қаласындағы тоқыма фабрикасында электр-монтері болып жұмыс істеп жүрген. Сол кезде тың көтеру, тыңға аттану дабылы атой салып, россиялық жігіт Қазақстанға тартқан. Шортанды станциясынан келіп түскен, «Гуляй Поле» дейтін жерден бір-ақ шыққан.

Тыңға келген трактористердің қожасы Организатор МТС-і болатын. «Гуляй полеге» жіберілген екі бригаданың біреуін (ішінде Логинов бар) кері шақырып алып, қазіргі Қазақстанның 18 жылдығы атындағы колхозда қалдырады. Міне, содан бері 26 жыл бойы А.В. Логинов – осы колхоздың мүшесі, Новокубанка селосының тұрғыны. Тыңға бригада болып келгенде 11 кісі еді, содан Владимир Кашин екеуі ғана қалды. Логинов осы шаруашылықтан, өз бригадасынан ешқайда бұлтақтап көрген емес.

Александр Владимирович тың көтерушінің жолдамасына қоса Фурманов тоқыма фабрикасы коммунистерінің өзін партияға алуға ұсынған ре-

комендациясын да ала келіп еді. Ол 1955 жылы лениндік партия қатарына қабылданды. Сол тұста бригадирге көмекші болып тағайындалды. Екі жылдан соң бригадаға жетекшілік ету жауапкершілігі жүктелді. Міне, жиырма үш жылдан асты, бригада дейтін тындырымды коллективтің, бригадирлік дейтін тынымсыз жұмыстың суығына тоңып, ыстығына күйіп келеді. Күйгеніне де, тоңғанына да өкінбейді. Онсыз қандай өмір болмақ!

Александр Владимировичтің көмекшісі – Рудольф Книтель деген кісі. Партия мүшесі, бесаспап механизатор, темір тілінің білгірі. Техника баптауда оны ешкім алдай алмайды, оның жәрдемінен және ешкім қағыс қалмайды. Бригадирдің оң көзі осындай болғасын, бригаданың техникасы сайлы, жұмысы жайлы болары анық.

Әрине, Александр Владимировичтің өз тұстастары, жақын жолдастары да баршылық. Мысалға Лихаревті алайық. Алғашқы тың игеруші, қазақ ССР-нің еңбек сіңірген механизаторы, көктемде трактортшы, күзде комбайншы. Қашанда озық. Қимылы тез, ісі сапалы. Бригадир Логинов механизатор Лихаревты сонысы үшін жақсы көретінін жасырмайды. Оны «Николай Никифорович» деп құрметтеп, алдымен амандасады. Оның сөзін жерге тастамайды. Лихарев үйіне дәмге шақырса, бармай қалған емес. ВДНХ-дан сыйлыққа алған «Москвичін» қалай баптаса, «Кировец» тракторы мен «Нива» комбайнын солай күтіп ұстайтынын көріп, көңілі тәнті болады. Бригадирдің оң қолы осындай болғасын, танапта жұмыс қайтып жүрмесін?!

Бригада мүшелерін ғана емес, колхоз мүшелерінің ішінен де Логиновтың қатты сыйлап, қатты сенетіндері көп. Бульдозерші Келлер деген жігіт те оған ұнайды. Айтқанын екі етпей орындауы сөзсіз ғой, ойлағанындай етіп, тәмамдауын қайтерсің. Бәрінен бұрын алтын күзден комбайнға отырып, астық жинасуын айтсаңыз.

Логинов жетекшілік ететін екінші трактор-егіс бригадасы былтырғы жылдың орағында 4672 гектар дәнді егістің әр гектарынан 24,2 центнер өнім алып, Отан қоймасына мол астық жөнелткен-ді. Сонда Александр Владимирович, Николай Никифорович және осы Келлер үшеуі жұлдызы биік дикандар ретінде Жұлдызды қалашыққа барып, Ю. Гагарин атындағы қызыл жалау алып қайтып еді. Қарап отырса, Логиновтың коллективі қазақстандық миллиардтардың бәріне салмақты үлес қосып, бригадирдің өзі ылғи Отанның жоғары наградаларына ие болып келіпті. Бұған дейін Ленин, Октябрь революциясы, Халықтар достығы, Еңбек Қызыл Ту ордендерінің өрені болса, бүгінде СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанып отыр. Дән жеткізген даңқ, дән биіктеткен дәреже бұл!

Колхоз жері Шортанды ауданында болғандығы, шортандылық ғалымдардың жаңашыл ұсыныстары мұнда алдымен жеткені анық. Егіншіліктің топырақты қорғау жүйесі жақсы, әрине. Бірақ оны өндіріске енгізу, жүзеге асыру үшін көп күш жұмсау қажет. Жазда пар өңдеуге,

күзде сүдігер көтеруге, қыста қар тоқтатуға, көктемде ылғал жабуға ешкім қарсы емес.

Ал адамдар әр түрлі. Бригада біреуді екеу ете алмай жатса, әлгі Павел Бараниченко кейде басына ие бола алмайды. Жайшылықта жұмысты жапырып жіберетін жігітіңіз ішімдікке аузы тисе болды, бұлғаңдайды да қалады. Бригада советінің де төзімі бітті: ішкішті жұмыстан аластау, күштеп емдету туралы мәселені колхоз басқармасының алдына қойды. Жабуды жаба тоқығысы келген басқарма көпке дейін мұны әкімшілік органдарына хабарламаған екен, Александр Владимирович өзі қозғау салды. Бараниченконың балаларын аяу керек емес пе? Жаңылғанның бәрі жазаға тартыла бермейді.

Ізденіс үстінде тынымсыз қызмет қылған бригадирдің арқасында оның басқаруындағы коллектив ұзақ жылдар бойына тұрақты жоғары өнім алып келеді. Гектар сайын 100 пұттан кем оралтқан емес. Алайда Александр Владимирович мұны міне тұтып отырған жоқ. Қазақстандық диқандар алдына гектар басы 20 центнерден өнім алу міндеті тұрғанын ол жақсы сезінеді. Лауреат бригадирдің тойды қойып, ойда жүргені содан. Дәнді дақылдар, екпе шөптер, жүгері алқабы, суармалы атырабы бар – барлығы 8 мың гектар жерде сүдігер жыртылып қойды. Енді қар тоқтатуға қамданулы. Жылдағыдай, комбайн атаулыны жаңа жылға дейін түгел жөндеуден өткізіп, әзірлік сапына қою керек. Қыста агрономиялық оқуда арпаның жаңа түрі жайлы сөз болғаны дұрыс шығар. Иә, шаруа көп...

– Бригадирдің бәрі осындай болса ғой... Председатель ойланып отырып қалды.

– Шіркін-ай десеңізші!

«Социалистік Қазақстан» газеті,
Целиноград облысы, Шортанды ауданы

«ЕСІЛ ТАСЫП БАРАДЫ ЖАРДАН АСЫП»

(Әнге сұранып тұрған өлең)

Еске түсіп, сағынтады: Қайран Сыр-ағаң (Сырбай Мәуленов)! Бізді көрген жерде маған қарап:

Есіл тасып барады жардан асып,
Қар жауады жаңбырмен араласып, –

деп өлеңдетіп бастар еді, жалғасын тосып тұрар еді.

Ұят болғанда, мені қара басып, жалғастырып, айтып жібере алмай қалғаным бар. «Есіл тасып барадыны» мен кейін, көп кейін білдім ғой.

Бұл өлеңді шығарған кісінің толық аты-жөні – Ұлпа Бекбердіқызы Байтүменова. Ұлпа туған жер – теріскей Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облысы, әрине, Есіл бойы. Ұлпаның өлеңін тұтас келтірейік:

Есіл тасып барады жардан асып,
Қар жауады жаңбырмен араласып.
«Шам сөндіріп барайын» деген басым,
Қатып ұйықтап қалыппын қара басып.

Ауылымның тұсында әппақ шатыр,
Ашуланып кетті де біздің батыр;
Шошып тұрып орнымнан іздеп келсем,
Әсем басқан сал күрең ізі жатыр.

Топырақтан жаралған қайран дене,
Жаны бірге, тән басқа болды неге?
«Қатты өкпелеп шынымен кетті ме» деп,
Бір тимеді кірпігім кірпігіме.

Өзің атың – Мұратбек, әкең – Шүрек,
«Сені қос» деп құдайдан қылдым тілек.
Осылайша екеуміз болғаннан соң,
Бір жаралса қайтеді қолқа-жүрек?!

Ұлпаның өлеңін сәл таратайық. Ұлпа – Бекберді Байтүменовтің жалғыз қызы. Бекбердінің руы – Керей. Әуелде Бекберді кедей екен. Күнкөріс үшін қалаға (шамасы Қызылжарға) кетіп, сонда еңбек етіп, тұрмысын түзеп, үйленіп, елге қайтып келсе керек. Сол кезде болыс сайлауы болғалы жатыр екен. Бекберді сайлауға түспекші болады. Алдымен – ақшасы бар, екіншіден, орысша сайрап тұр. Оязға осынысы ұнайды да, Бекберді болыс болып шыға келеді.

Осы кезде Ұлпа мен Мұратбек арасында құштарлық пайда болады. Екі жас бірін бірі сүйеді. Бірақ араға кедергі болып қыз әкесі Бекберді қайдағы бір Шүректің Мұратбегі дегенге қызын бергісі келмейді. Ұлпаны тыңдамайды. Амал қанша, Ұлпа мен Мұратбек қашып кетпек болады. Сол түні «Шам сөндіріп барайын» деген Ұлпа уақыттың өтуін тосады. Мұратбек уәделі жерге келіп, Ұлпаны тосады. Осының бәрін біліп алған болыстың шабармандары Есіл жағасындағы Мұратбекті ұстамақ болады. Мұратбек салкүрең деген жүйрік атымен жеткізбей кетеді. Ұлпа ойлағандай, кешіккен қызға ашуланып кетпейді; тоса тұрмай кетуге мәжбүр болады. Қас қылғандай, сол түні Есіл тасып кетеді. Барлық жағдай осылай түйіседі.

Мұның бәрін айтып отырғаным: осылай туған өлең, қолқа-жүрек лүпілі болған Өлең Әнге сұранып тұрғандығы. Ұлпаның өлеңімен, зарымұңымен танысқан бір сазгер (жігіт пе, қыз ба, бәрібір) осыған ән шығарса ғой, шіркін!

Өлең төрт шумақ. Әдетте ән-өлең көбінесе үш шумақ қана болады ғой. білгір сазгер бірінші шумақты:

Есіл тасып барады жардан асып,
Қар жауады жаңбырмен араласып.
«Шам сөндіріп барайын» деген басым,
Қатып ұйықтап қалыппын қара басып, –

дегенді қайталап айтатын қайырмаға айналдыруға болады.

Бұл жерде мен ақылшы емеспін.

(Бұл ұсынысын қайтар алдында екі ай бұрын жазған екен).
1, 2011 жыл, Астана,

АХМЕТЖАН НҰРТАЗИНМЕН АЙТЫС

1963 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын (Сергеев) ауданында малшылар слеті откізілген болатын. Соған орай ақындар айтысы ұйымдастырылды. Оған облыстың халық ақыны – Ахметжан Нұртазин қатысып, «Заря» совхозының айтыскері болса, мен «Марьевка» совхозының намысын қорғаған едім. Ал әнші-жыршы Игібай Әлібаев айтысты өз өленімен ашқан еді.

Жеке мұрағатымда сақталған айтыс мәтіні төмендегідей:

Игібайдың той бастары

Өленнің келді тағы тасыр кезі,
Тасытқан өлең-жырды ғасыр өзі
Төгілген толқынды әннің селіменен,
Жалғасып жасыл алқап жатыр белі.

Жасартқан жасыл белді жасампаз жан,
Табиғат неткен шебер сонша өнерпаз
Ертемен мал өргізген малшы қарттар,
Ән қосқан қыз-бозбала балақан мәз.

Кім сүймес малшы адамды, кім жырламас,
Ауданда адамдар көп малмен сырлас.
Мөлдір су балаусаға жайып күн-түн,
Озаттар еңбек сүйгіш дамыл алмас.

Жалқаулар еш уақытта мал бақпайды,
Жалтақтап көленкеде жан сақтайды.

Мал десе жаны-құты қалмас ерді,
Айрықша Отанымыз ардақтайды.

Мал Отанның ырысы, берекесі,
Мал Отанның тынысы мерекесі.
Құрығы құтты болып малшылардың,
Көркейсін жылдан-жылға тың өлкесі.

Иесі осы тойдың өздеріңсің,
Деп отыр сіздер ойнап, сіздер күлсін.
Өлеңсіз өткен емес халық тойы,
Сондықтан ақындарға сөз берілсін.

Ахметжан:
Шалқымай шабытымның шарты келмес,
Шын жүйрік шу дегеннен шығар дербес.
Жүлде алған нелер тұлпар түссе топқа,
Бірі де әрберден соң шаңыма ермес.

Қызғанда қанат бітіп қиялыма,
Жыр кернеп көкірекке әрең сияды да.
Теңіздей шалқып, толқып тасығанда,
Қолға алман қағаз, қалам, сияны да.

Топқа енсем толықсимын шалқып тасып,
Аламын арқам қозып әнге басып.
Ардақты озаттарым алдарында,
Құрметпен бас иемін амандасып.

Тойларың тойға ұлассын тойшыларым,
Сауыншы, малшы, төлші, қойшыларым.
Сіздердің табысыңмен таныстырып,
Толғайын топ ішінде ой шынарын.

Ақынмын жырым асқақ жалындаған,
Айтыстан жасқана ма дарынды адам.
Мақтанар ісің бар ма Марьевкам,
Шамасы шаруаңның мәлім маған.

Атақты совхозымның аты «Заря»,
Егістен елден озып шықты дара.
Келсеңіз айтысуға меніменен,
Кәнекей табысыңды айтып қара.

Жарасбай:
Армысыз, аманбысыз халқым дана,
Бармысыз айтысуға ақын аға.
Баршаға басымды иіп сәлем берем,
Мен тұңғыш шығып едім сахнаға.

Мен едім марьевкалық ақын інің,
Елімнің ерлік ісі тақырыбым.
Шабытым шаруаның көңіл-күйі,
Мен де жайдақ сөзбен тақыр ұғым.

Шығарған жұрт алдына ақындығым,
Еңбекпен қоян-қолтық жақындығым.
Жас ақын маған бүгін тиесілі,
Көп есту көпшіліктің мақұлдығын.

Сөзім мен ісімнің жоқ айырмасы,
Өлеңім – жұмысымның қайырмасы.
Дауысым күннің бейне күркіріндей,
Әр сөзім жалтылдаған жайдың тасы.

Айтыстан деген ой жоқ дес берейін,
Өлеңнен өрмек құрып кестелеймін.
Ырғағы шөп шалғынның сырылындай,
Үйқасы қатар-қатар десте деймін.

Сөйле деп сөз берген соң аудан маған,
Сүт тартқан машинадай заулап ағам.
Жырымның нақпа-нақты нақысымен,
Отырған жұрт көңілін жаулап алам.

Ахметжан:
Бас қосқан слетінде малшылардың,
Ерекше аспандата ән шығардым.
Ақыным, дайындалып тиіспесең,
Самайдан ащы терің тамшылар тым.

Сауыншы, төлші, қызым, келіндерім,
Көрмедім еңбек десе ерінгенін.
Бұзауым бұқадай боп күжірейіп,
Қошқардай кеше туған төлім менің.

Төрт түлік малым өсіп алға басып,
Дария боп сүт теңізі жатыр тасып,

Сары қымыз сабалаған Алқағашта,
Жіберсең мұрын жарар аузын ашып.

Еңбеккер адамды айтса ақын сөзі,
Кетеді, толқынданып тасып өзі.
Бармақтан бал тамызған озатымыз,
Атақты Алқағаштың Алтынкөзі.

Қашанда жақсыны айтсам жатық әнім,
Депутат ауданыма аты мәлім.
Мәрияштың сауған сүті кетер алып,
Марьевка совхозының атырабын.

Жылқышы жетпістегі біздің Шайжан,
Жылқысыз жүре алмайды шайлап майдан.
Бар шалын Марьевканың жинасаң да,
Шайжанға соның бәрі жетсін қайдан.

Атақты Салқай бағып бойдақ малды,
Малдары семіз шығып сыйлық алды.
Салқында түнде оттатып баққан малын,
Далада өткізулі ала таңды.

Тауығым тоғыз базға зорға сыйды,
Тонналап жұмыртқаны тастады үйіп.
Тауықшы Катя менен Афанастың,
Еңбегін бағалаулы халқым сүйіп.

Совхозым сегіз базды тастан салды,
Бұл жөнінен облыстың болды алды.
Мал қиы электрдің күшіменен,
Базыма баяндамай кете барды.

Озат жоқ Бимақанның келініндей,
Ажары Алматының өрігіндей.
Розаның саусақтары тиген емшек,
Ұстаның күмпілдеген көрігіндей.

Келмейді таудай табыс оңай бәрі,
Болады мал бағудың талай мәні.
Нина мен Николайцев Андрейдің,
Тоқтыдай биыл туған торайлары.

Жарқыным өнеріңді жарыстырып,
Байқаңыз табысыңды салыстырып.

Берейін кезегіңді ақын інім,
Өтіңіз табысыңмен таныстырып.

Жарасбай:
Қолыма домбырамды тағы ұстаймын,
Озбасам, сірә Сізден қалыспаймын.
Сан сала табыстарын совхозымның,
Ұзақ күн айтсам дағы тауыспаймын.

Мен сізге сүт сауудан бәйгі бермен,
Жарыстың озатымын әйгіленген.
«Заряның» сүті – дария деп қалдыңыз,
Шамасын дарияңыздың, уай, білем мен.

Сүт десең, маған лайық мақтануға,
Бұл жөннен келе алмайсыз қапталыма.
Жоспарым дәйім артық орындалып,
Дауың жоқ озып келе жатқаныма.

Саналы сауыншым бар Шопанова,
Мұнтаздай, кір жұқтырмас шапанына.
Тоқсандық жүлдені алған Толстова,
Ұқсайды жүзі күннің шапағына.

Есепсіз жаңа салған қораларым,
Келеді кең сарайша аралағың.
Қорамның айналасын көң баспайды,
Тұрады ақсүйекше қара малым.

Бір қорам Шапайдағы мақталынбақ,
Бар жұмыс машинамен атқарылмақ.
Қазіргі заман үшін заңды болмас,
Қиларды қолмен күреп жатқаның-ақ.

Күтулі қораларға орай малым,
Секілді емес сенің торайларың.
Борлықты бойлай қаңғып жүрген жерден,
Жинауға болмай қапты оңай бәрін.

Шошқаны атпен іздеп шапқылаған,
Орманға толып кетті аттылы адам.
Ес кетіп тексерістен сасқандары-ау,
123 шошқа артық деп актылаған.

Шапайым – қазақ аулы қала сынды,
Жемісі егісімен жарасымды.

Совхоздың орталығы – жаңа қоныс,
Үйлері заңғар көкпен таласулы.

Бірінші бөлімшеміз күнде өсуде,
Сергеевка, Ақан-Барақ бірлесуде.
Еңбектің екпіндісі коллективі,
Атағын алу үшін күресуде.

Жалтырдан Қалабаев Кәртайды алшы,
Бос сөзге, олақ жанға сондай қарсы.
Белгілі тәртіппенен мал бағатын,
Мәттағам бар ма сізде ондай малшы?

Көрмейсің қоңы төмен, қотыр малын,
Суы мол, жайлымының оты қалың.
Демалыс сағатында, көрсең келіп,
Жастары газет оқып отырғанын.

Мен сіздей мақтанбаймын кәрі шалға,
Мақтанам ерлер Ешхан, Әмірханға.
Баладай мәпелеген әр қойынан,
Үш костюм кигізетін әрбір жанға.

Солардың намысы үшін кірем дауға,
Қойдан да жаман емен мен ауданда.
«Заряда» қалай шыдап отырдыңыз,
Қойлары Алқағаштың жер ауғанда?

Жақпады-ау ауа райы қойларыңа,
Қырылды Соколовка сайларында.
«Жаз ойла қыстың қамын» дейтін еді,
Биылғы орыныңды сайладың ба?

Комсомол Дәмкенім бар Қази қызы,
Еңбектен қол үзбейтін жазы, қысы.
Бір өзі қыста сақман, көктемде аспаз,
Қой қырқу – қалап алған қазіргі ісі.

Ақ жүзі толған айдай дөңгеленген,
«Зарянің» ондай қызын көрген емен.
Қолына қолы жұқпас шеберлігі-ай,
Он қойды артық қырыққан өңгелерден.

Моторист, малшы, диқан, балуаным,
Өнердің біліп алған бәрін-бәрін.

Еңбектің коммунистік екпіндісі,
Нар қоспақ Бекішевтей бар ұланым.

Бір ісі асып түсіп бір ісінен,
Жұмысты алады ылғи ірісінен.
Бір өзі семьялық агрегат,
Келіні, қарындасы, інісімен.

Ахметжан:
Жаз бойы жан бармаған «Дальный» базға,
Кемшілік көрген жанға онда аз ба.
Малдары күн көзінде жатыр шыжып,
Қала ма базға кірсе батып сазға?

Міні көп сынға алып біз өтетін,
Ісі көп қолға алып түзететін.
Жүдепті жағдай өте кем болған соң,
Қабаш қарт осы базды күзететін.

Малшылар судан көрген тапшылықты,
Етпеген ешкім барып басшылықты.
Аядым өз көзіммен көріп тұрып,
Бақташы Қали, Кәртай, Жақсылықты.

Ішуге құдығыңның суы сасық,
Бөшке жоқ әкелуге елден тасып.
Бұл жерге Бердников бір келместен,
Жоламай кетсе керек мүлдем қашып.

Кір басып малшыларың жүдеп, азды,
Өткізді монша көрмей осы жазды.
Жуынуға котлованға суға түсіп,
Кемпірі Қабаш қарттың кете жаз-ды.

Әбілов қойын баққан жері тақыр,
Көмейі көкке толмай арыды ақыр.
Жайылымның жайын барып көзбен көрмей,
Үйінде зоотехнигің не ғып жатыр.

Тақтайдан қырыққан қойың тұра алмайды,
Әлі жоқ, тұрамын деп тыраңдайды.
Қойларың құты кетіп болған әбден,
Ақындар көргенді айтпай тұра алмайды.

Күлк әннің қырыққан қойы қызыл-ала,
Қырық жерге қайшыменен салды жара.

Жараға қара майды жағып еді,
Өз қойын танымады қойшы бала.

Шапайда елу жылқы бағып жатыр,
Сауылмай биелері қалып жатыр.
Аңсаған аңызақта жұмысшылар,
Таңдайын сусадық деп қағып жатыр.

Ертеден елдің көркі – жылқы малы,
Бастыққа жылқыны айтсаң бұлқынады.
Сапырып сары қымызды ішіп алсаң,
Кете ме таңдайыңнан тіпті дәмі.

Сиырды сауыншыдан қойдық зар ғып,
Апардың әлпияны жоқтан бар ғып.
Аяққа ақ шелекті қысып алып,
Болбырап емшекті ұстап отыр қалғып.

Шелекке отырған жан құлайын деп,
Ойлай ма сүтім аз деп уайым жеп.
Емшегі сиырыңның кір болса да,
Әлпия отырған жоқ жуайын деп.

Жарасбай:
Беу, Ақа, жақсы айттыңыз, бәрекелді,
Сіздің сөз маған да сөз ала келді.
Мен-дағы сын семсерін сілтейін бір,
Екі сөз бола қалсын дәнекерлі.

Жетіспей бес сауыншың «бірінінде»,
Тұрғанда қайнап жаздың күні шілде.
Бес сағат сауылады екен сиыр,
Сауылып біткенінше ірісін де.

Сүт құяр флягың жоқ шелек тіпті,
Сарылып сауыншылар кезек күтті.
Зоотехник Кочергина үйреткен-ау,
Сүтті тез ірітетін «шеберлікті».

Шопыры Соколовканың бенсинсіз қап,
Жолда ұйықтап жатады екен мезгілсіз-ақ.
Ауданға алып келген бір тонна сүт,
Әжемнің іркітіне бергісіз-ақ.

Партия тұрғысынан зер салайық,
Көрсетіп кемшілікті берсе – лайық.
Қасқырдан қорып жүрген совхоз қойын,
Өзі жеп қойды Қапез Бейселбаев.

Малшының мойнында жүр төрт қойыңыз,
Айыптап төлетуге жоқ па ойыңыз?
Сиырлар семіз дейсіз, былтырғыдай,
Келе ме әлде тағы жеп қойғыңыз?!

Малшысы Соколовканың сотқар-бүлік,
Жығатын зоотехнигін нақтап ұрып,
Сол Личко әлі күнге құтырып жүр,
«Заряда» соған салар жоқ па құрық?

Малшының балалары ойнайтын жер,
Болыпты бұзау-торпақ жайлайтын жер.
Қашанғы стадион қирап жатпақ,
Осы бір, Ақа, сіздің ойлайтын жер.

Деген сөз Алқағашта кітапхана,
Тар сенек екен қойған бітеп қана.
Ішінде тым болмаса бір кітап жоқ,
Тұр екен жалғыз ескі шкаф қара.

Кітаптар Марияштың үйінде екен,
Кісіге кітап сұрау қиын екен.
Апыр-ай көп ағаштың арасында,
Үй қию соншалықты қиын ба екен?

Кемшілік бізде де бар, сізде де бар,
Баршасын тізе берсек жүз де болар.
Бастысын әлеуметке ашып айттық,
Әділ сын күтеді ғой бізден олар.

Бір сағат түйдек-түйдек шумақ төктім,
Дауысы шығып жатыр шулап көптің.
Ал, Ақа, қамшыңызды тағы да бас,
Мен сізге қарайламай зулап кеттім.

Ахметжан:
Айттыңыз жігіттерді сиыр жеген,
Жылқыңыз қайда кетті үйірлеген.
Таласып төрт жылқыға бүкіл ауыл,
Өсектеп бірін-бірі бүйірлеген.

Өсіпті Жалтыр үлкен қаладай боп,
Көргенде қуанамын баладай боп.
Бірақ та бір үйінде радио жоқ,
Отыр ғой құлаққа ұрған танадай боп.

Жалтырға неге бастық шыдамады?
Бұл дет бізге мүлдем ұнамады.
Болған соң бастықтары ауыспалы,
Шаруасы кейін кетіп тұралады.

Кеңседе қағазына сығырайып,
Борисов отыр өте тымырайып.
Жағдайын айта келген жұмысшыға,
Рабочком қарамайды қыңырайып.

Көп бастық мінін бізден тасалады,
Талайлар түсінбеген қашады әлі.
Айтыстың әділ сынын дұрыс ұқса,
Еттен тау, сүттен дария жасалады.

Мерейі озаттардың аса берсін,
Жалқаулар жаны ышқынып тасаға енсін.
Көтеріп жеңіс туын желбіретіп,
Шаруамыз ылғи алға баса берсін.

1963 ж.

БІЗДІ ТАНЫСТЫРҒАН ДА, ТАБЫСТЫРҒАН ДА ПОЭЗИЯ

Тағдыр мені жақсы азаматқа жар етті. Жарасбаймен бірге өткізген жарты ғасырға жуық, махаббатқа толы жылдардың шуақты кезеңдері мен үшін – нағыз поэзия, нағыз романтика еді. Өмірімнің сәні мен мәні болған Жәкеңнен, қас-қағым сәтте, көз жазып қалғаныма да алты жылдан асты. Зымырап өтіп жатқан күндер-ай... «Уақыт емші» деуші еді. Бірақ аңсаған жүрекке, сағынған көңілге ем-дауа жоқ, сірә. Өзімді сыңарын көксеген айдындағы жалғыз аққуға ұқсатамын. Аңсаумен талай күндер өтіп жатыр. Жарасбайды сағынған сәттерімде оның сырлы сезімге толы өлеңдері жүрегіме – жұбаныш, көңіліме – демеу болуда. Оған да тәуба деймін.

Тіршілікте – өкініш те, қуаныш та қатар жүретіні хақ. Иә, өмір бар жерде өлім де бар. Бұл егіз ұғым – табиғаттың заңдылығы ғой. Оған ешкім де қарсы тұра алмайды екен. Жәкеңді елден де желден қызғыштай қорғап жүргенімде, о дүниелік болып кете барды, өлім түгіл өкпеге де қимайтын жан еді. Өкінішті... Иә, «Орнында отырған – оңалар» дейді ғой, тірі адам тіршілігін жасай береді.

Өзі жоқ болса да артында ұрпағы қалды. Оның асыл сөздері мен гауһардай жарқыраған жырлары менің бүгінгі күнгі сырласым да мұңдасым да. Оған да тәуба деймін..

Жәкеңді, кіндік қаны тамған туған жері – Көктеректе жерледік. Табиғаты көркем, орманды, тоғайлы жер, ерке Есіл жағасында, жапырағы жайқалған ақ балтырлы қайыңдар қойнауында жай тапты:

Туған жер, көкорайлы Көктерегім,
Жаһанда өзіңдей жер жоқ дер едім.
Арада айлар өтіп, оралған соң,
Кеудемде сағынышым көп қой менің, –

деп жырлаған Көкорайлы Көктерегі ақын перзентінің мәңгілік мекеніне айналды. Жәкеңнің арманы да осы еді.

Жәкеңді жоқтап, естелік жазамын деген үш ұйықтасам түсіме де кірмес еді. Амал қанша... Артында қалып отырғасын, қалың ел қазағына Жәкеңнің өмірі мен еңбек жолын дәріптеу, шығармашылығын кейінгі ұрпаққа жеткізу менің міндетім әрі парызым деп есептеймін. Ол бұл өмірге тегін келген жоқ. Табиғат оны тіршілікті жырлау үшін ақын қып жаратты. Оның перзенттік көңілден шыққан шырайлы жырларының алтын арқауы туған жері туралы өлеңдері:

Елім бар «жаным» деп, еміренген,
Мен бармын, «елім» деп тебіренген.
Өмірдің өрі мен еңісінде
Тірлігім, демім бір менің Елмен, –

деп, ол өзін туған жердің ажырамас бөлшегі екендігін жырымен жариялап кетті. Оның жүрегі қалың елім – қазағым деп соқты. Ол – қазақ тілінің жанашыры әрі қорғаны бола білген, өз елінің күрескер-патриот-ақыны. Оның әрбір шығармасы соны айғақтайды. Ол – ақындығымен, азаматтығымен дараланған тұлға. Оның парасаттылық пен біліктілік қасиеттерін әрбір сөзінен, ісінен көруге болады. Жарасбайды талғампаз-лирик ақын деп тегін айтпайды. Оның қаламынан туындаған жырлары сыршылдығымен, әуезділігімен әрі көркемдігімен ерекшеленеді. Жәкең өмірдің көлеңкесін емес, күнгейін көруге ұмтылған жан. Сондықтанда болар ақын шығармалары нұрлы, жарқын, жоғары пафоста жазылған. Жарасбай тура жүріп, тура сөйлейтін, арамдықтан аулақ, адалдыққа жақын жүрген азамат еді. Мына өлеңі соған дәлел:

Таңсық еді бәрі маған
Дөңнен әрі асатұғын жолдың.
Елге, гүлге жарымаған
Тастақтардан қашатұғын болдым.

Айтқан сөзім адал өңшең,
Туралықты ту ететін едім.
Екі жүзді адам көрсем,
Екі бетім ду етеді менің.–

Иә, Жәкең таза кітаби тәрбие алған адам. Оны романдардағы жағымды кейіпкер бейнесінде қабылдау орынды болар. Бірге кешкен өмір парақтарын ақтарған сайын, соған көзім жетуде.

Иә, менің жүрегімнің қалауы – Жәкең болды. Бізді таныстырған – өнер, табыстырған – поэзия еді. Сонау 1963 жыл. Ауыл сахнасы. Мерекелік кеш. Сахнада Абай мен Пушкин өлеңдерімен қоса өз туындыларын қоса тебірене оқып тұрған Жарасбай. Тірі ақынды тұңғыш көруім, жігіттің сұлтаны дерсің, тұла бойында бір мін жоқ. Өлең оқығандағы әуезді мақпал үні құлағымда, әр сөзі күні кешегідей жүрегімде сайрап тұр. Менің алғашқы мөлдір сезімім сол сәттен оянып, ғашықтыққа ұласқан шығар.

Бір күні Күлбара құрбым мені үйіне шақырды. Бірден назарым кітап сөрелеріне ауды. Мұнда шетел, орыс және қазақ классиктерінің туындылары бар екен. Таңырқап қарап тұрғанымда, Жәкеңнің келіп қалғанын байқамай да қалыппын. «Что вам дать почитать?» деп сұрағанда, нұсқаған кітабым Абай болып шықты. Келесі күні қайтардым. Ол: «За ночь прочитали?» деп маған сұрай қарады. Мен үн қатпадым, тек басым-

ды шайқадым. Жәкең түсінген болу керек, әрі қарай әңгімені өрбітпеді. Шындығын айтқанда, тіл білмегендіктен, қазақ тілінде жазылған кітаптарды оқи да алмайтынмын, ақтарып қарамайтынмын да. Кітапты сылтауратып, Жәкеңді көру үшін жасап жүрген амалым ғой.

1950 жылдары әкем мені үш жасымда орыс халқы мекендеген «Кривощеково» совхозында тұратын інісі Еслям мен келіні Меруерттің қолына берген. Тілім орысша, тәрбием де соған сәйкес. Қазақ екенімді ауылға оралғасын ғана сезіне бастадым. 1964 жылы қаңтардың 27-і күні әкем Сәдуақас дүние салды. Ол кісі Ұлы Отан соғысына қатысқан, ел басқарған азамат еді. Оқуға бара алмай қалдым. Шаруашылықта комсомол-жастармен бірге жас төлдерді бағып, сауыншылық жұмыстар атқардық. Ауыл жастарымен бірге үйірмелерге қатыстым. Мерекелік концерттерде мен орыс ақындарының шығармаларын оқитынмын. Жәкең менің поэзияға құмар екенімді содан сезген болу керек, кейнгі кезде орыс ақындарының кітаптарын ұсынып жүрді. Сонымен екі жүректің табысуына дәнекер – поэзия болды.

Елге оралып, алаңсыз жүрген кезім болатын. Ауыл ішінде бойжеткен қыздарды алып қашу, құда түсу сияқты ескілікті жағдайлардың орын алып жататын естітінмін. Маған да кезек келіп қалған екен. Танымайтын біреу құда түсіп қойыпты. Тағдырым қыл үстінде тұрғанын сезіндім. Не де болса билікті өз қолыма алып: «Я Вас люблю, женитесь на мне» деп Жарасбайға немере інісі Сансызбайдан тілімдей хатты беріп жібердім. Ол кісінің маған үйленем деген ойында да жоқ екен, Жәкең мені жассынып жүріпті. Бірақ та кет әрі емес екен, мәселе тез арада шешімін тауып, көп ұзамай екеуіміз қосылдық. Маған: «Не переживай, я создам все условия, чтобы ты получила высшее образование» деген уәдесінде тұрды. Оқыдым да, өндім де. Ризамын тағдырыма...

Жарасбай өте білімді кісі еді. Ол орта мектепті 1955 жылы Алтын медальға бітірген. 1960 жылы КазГУ-ді үздік тәмамдап, өзі оқыған мектебіне оралып, қазақ және орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беріп жүрген кезі болатын. Келе сала жас маман жергілікті жастармен бірігіп, ауыл мәдениетін көтеруге атсалысады. Сондай-ақ, жергілікті тілші ретінде ауыл адамдарының ерен еңбектері мен тыныс-тіршілігі туралы мақалалары мен очерктері арқылы республикалық және облыстық деңгейде таныла бастайды.

Жарасбайдың шығармашылығын баспасөз арқылы таныған қоғам қайраткері, қаламгер Сафаржан Хайдаров, ағалық қамқорлық көрсетіп, оны Целиноград өлкелік «Тың өлкесі» газетіне қызметке келуіне ұсыныс жасайды. Сөйтіп, 1965 жылы тамыздың 16-сы күні ауылдан Целиноградқа көшіп келдік. Қолымызда тұңғыш ұлымыз – Жомартымыз бар. Бір жылдан кейін Жәнібегіміз дүниеге келді. Үлкен өмірге, үлкен ортаға тап болуым да осы кезеңнен бастау алды.

Естен кетпейтін кездесулер: 1967 жылы Академик жазушы Сәбит Мұқанов бастаған бір топ алматылықтар Целиноградқа келген болатын. Олардың қатарында Мәриям апай, Сәкен Сейфуллиннің жары

Гүлбаһрам Батырбекқызы да бар. Ол кісілер М.Горький атындағы орыс драма театрында Сәбит Мұқановтың «Сәкен Сейфуллин» атты пьесасының тұсаукесеріне арнайы шақырылыпты. Мен Жарасбаймен бірге өткізілген барлық іс-шараларға қатысып жүрдім. Сәбит Мұқанов ағамыз целиноградтық жазушылармен, жергілікті қаламгерлермен жүздесті. Облыстық «Коммунизм нұры» газетінің редакциясында, облыстық Сәкен Сейфуллин атындағы кітапханада, қала мектептерінде болды. Сол кездесулер барысында Гүлбаһрам Батырбекқызы Сәкен ағаның ел біле бермейтін өмірінің қызғылықты тұстары мен өзінің өмірі туралы баян етті.

Мен үшін Сәбит Мұқановты және Сәкен Сейфуллиннің жары Гүлбаһрам Батырбекқызы секілді тарихи тұлғаларды тірі кездерінде көру, әңгімесін тыңдау, дәмдес болу үлкен бақытпен пара-пар. Ол кісілердің, күні бүгінге дейін, бейнелері көз алдымда, әңгімелері ұмытылмастай менің жадымда сақтаулы.

Кездесулерден кейін, жергілікті қаламгерлер Сәбит Мұқановқа және басқа да қонақтарға құрмет көрсетіп, Ұлы Отан соғысының ардагері, жазушы Әскен Нәбиевтің үйінде тай сойып қонақасы берді. Біздер бәйек болып, ол кісілерге қызмет жасадық. Сәбең: «Жас келін келсін алдыма» деген өтініш білдіргенде, жігіттер дедектетіп мені алып барды. Астаудан қазы-қартасы аралас майлы етті ожаудай дәу алақанына салып, маған қарап, «аш аузыңды» демесі бар ма. Мен қипақтап, аузымды ашқандай болып едім, ол кісі, қарлығыңқы даусымен «мен саған аузыңды аш дедім ғой» деп дүрсе қоя берді. Өзінің саусақтары быртиған, әрі қысқа, алақаны савковой күрек дерсің. Не керек, қар сырғытқан бульдозердей, менің аузыма үш саусағын салып, алақанындағы майлы дүниелерді бармағымен жылжыта салды. Осы күнге дейін быртиған бармағының бүгілгеніне таң қаламын. Ауыздағыны екі қолыммен басып, шегіне бердім, үсті-басым майланды. Осы кездесуге арнап, түннің бір уағына дейін тігіп алған әп-әдемі көйлегім май-май болды да қалды. Сол кезде Мәриям апай мен Гүлбаһрам тәтей ақырын ғана жымиып: «Сәбе, бұл жас бала ғой» деп жатты. «Ештеме етпейді, кейін Сәбеңнің қолынан ет асағанмын деп айтып жүретін болады» дегені – көрегендігі екен ғой. Түрлі кездесулерде, осы бір әсерге толы сәтті еске алып, Сәбеңмен бірге суретке де түскенімізді мақтанышпен әңгімелейтінім бар...

Сондай-ақ, жетпісінші жылдары Ақмолаға келген қазақ әдебиеті мен өнер қайраткерлерімен жүздесу бақытына ие болдым. Белгілі қаламгерлер Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Әбділда Тәжібаев, Жұбан Молдағалиев секілді алыптармен дәмдес болғанымды, ол кісілердің әңгімесінен үлкен ғибрат алғанымды мақтан тұтамын. Ақмола жеріне атбасын тіреген әдебиет пен өнер өкілдеріне Жарасбай жол көрсетіп жүретін де міндетті түрде үйге дәмге шақыратын. Шаңырағымыздың алғашқы қадірлі қонақтары болған: Қасым Қайсенов, Жұбан Молдағалиев, Рақымжан Қошқарбаев, Еркеш Ибраһим, Тұманбай Молдағалиев, Шона Смаханұлы, Сағынғали Сейітов сияқты қазақтың ірі тұлғалары еді.

Жас отаудың тұрмыс жағдайы белгілі ғой. Үйімізде басы артық дүние, ыдыс-аяқ та жоқ кез. Бар болғаны 5-6 қалайы қасық пен шанышқы, 5-6 кесе, екі және жүз грамдық қырлы стақандар. Көршілеріміздің де тұрмыс жағдайлары бізбен шамалас. Қонақтардан ұялғаннан әбден зықым шығатын. Жәкең: «сен қысылма, олар мұндай өмірден өткен, олар да тұрмыс тауқыметін көрген, біздің жағдайымызды түсінеді» деп жұбататын. «Келгенше қонақ ұялады, келген соң үй иесі ұялады» дегендей, қысылып-қымтырылып қонақты атқаратынбыз. Ол жылдары тоңазытқыштың не екенін білмейтінбіз. Запаста ештеңе тұрмайды. Барымен базарлайтынбыз. Әйтеуір ауылдан келген екі үйрек пен екі қаздың етін асып, сорпасына ащы құртты ерітіп, дәмдеп қонақтарға тарту еткенім бар.

Дастархан басында партизан Қасым ағамыз: «Ақмолаға келгелі қой етін жеп шаршадық, Жарасбайініміздің үйінен деликатес жеп марқайдық» деп, жас отаудың көрсеткен құрметіне разы болғандықтарын білдіріп, ақ баталарын берген болатын. Кейіннен Алматыда кездесе қалсақ: «Келін, үйрек пен қаз етінің дәмін ұмытқан жоқпыз, сағындық» деп қалжыңдап айтып жүретін.

Ал, композитор Ғазиза Жұбановамен кездесуіміз Көкшетау жерінде өтті. Бурабайдағы «Автомобилист» санаторийіне дем алуға шыққанда, алдымен ауылдағы ініміздің үйлену тойына қатысып, содан кейін демалыс үйіне келіп жайғастық. Композитор Ғазиза Жұбанова екі баласымен осында демалып жатыр екен. Ауылдан әкелген дәмнен ауыз тигізейік деп ұсыныс жасады Жәкең. Мен ол кісінің кім екенін де білмейтінмін, Жәкең айтқан соң келістім. 24-ші бөлменің есігін еппен ашып, бөлмеге беттей бергенімде балконда тұрған Ғазизаны көрдім. Ол кісі екі қолын жоғары көтеріп, әр саусағымен пианиноның клавиштерін теріп тұрғандай қимыл жасап тұр екен. Музыканттың шабытты шағы білем. Қызықтап үнсіз қарап тұрдым. Сол күні ауа райы күрт өзгеріп, аспаннан қою қара бұлт үйіріліп, төңірек бірден қараңғылыққа бөленді. Іле алай-дүлей қатты дауыл соқты. Көл бетіне де мазасыздық орнады. Толқындардың толқуынан жағадағы шынжырланған қайықтардың, асау тайдай бұлқына жұлқынғаны дауылды күннің дабылын одан әрі күшейте, әсерлендіре түседі. Үріккен құстардың мазасызданған қиқуының, табиғаттың адуын да жұмбақ көріністерінің куәгері болдық. Күннің күркүрі, шарт-шұрт басталып, қараңғы түнекті жарқ-жұрқ еткізген найзағай жарқылы үрейлі еді. Сол мезетте тарс ұрып, жай түсті білем, аймақ қызыл реңге боялып, жап-жарық болды да жалт ете түсті. Жаңбыр өз кезегін тағатсыз күтіп тұрғандай, емін-еркін шелектеп құйсын-ай келіп. Терезелерге тиген жаңбырдың тырсылы ерекше әсерлі еді:

Жаңбырдың тамшылары, шертіп тұр терезені,
Шертеді әлсін-әлі, көңілім елеңдеді, елеңдеді.
Сезіне қалдым-дағы, «Сен бе екен?» деп ойладым,
Есіме алдым-дағы, Өзіңді көп ойладым, көп ойладым...

Табиғаттың барлық құбылысының үндесуі – қазақ халқының ұлттық аспаптарының орындауында дала симфониясымен пара-пар еді. Композитор, ақын, суретші үшін іздесе кездеспейтін құбылыс. Ғазизадай талант иесіне бір бақытты кезең осы ма деп ойладым. Өзінің де табиғаттың әсерлі күшінің шырмауынан шыға алмай тұрғанын сезгендей болдым. Соңын мен де тостым. Күлімдеп маған қарай жүрді де, отыр деген ізет білдірді. Мен шақыра келгенімді айтып, ол кісіні екі баласымен бөлмеге ертіп келдім.

Ғазиза апамыздың әрбір қимылынан қатты әсерленгенін байқадық. Төңірекке таңырқап қараумен болды. Ол түсінікті де. Қала адамына табиғаттың мұндай мінезі, әрине, тосын жайт. Үнсіздікті Жәкеңнің даусы бөлді, ол бірден:

«Таудың қызық, тасы түгіл, жауыны, –
Күртілдеген сүтті бие сауыны.
Күркіреген бұлты да бір қоймайды,
Өксіп-өксіп басылғанша мауығы» –

деп сол бір сәттің тамаша теңеуін өлеңімен суреттеп ала жөнелді. Творчество адамына іздесе кездеспейтін табиғи құбылыс қой. Ғазиза апамыз Жарасбайдың өлеңінен қатты әсерленген болу керек, «браво» деп риза болды. Ол кісі бие сауған үрдісін еш уақытта көрмек түгіл, естімегенін өкінішпен айтып, екі қолын кеудесіне басты.

Дастархан басына жайғастық. Самсап тұрған тағамдарды көрген Ғазизаның таңданған кейпін көрсеңіздер ғой, еріксіз езу тартар едіңіздер. Ол кісіге бәрі таңсық: ыстық күлге пісірілген собалақ нан (біздің жақ солай дейді), сепаратордан өткізілген қаймақ, бал-қаймақ, мамыр айының сары майы, сүрленген ет, қазы-қарта, шұжық, қымыз, бауырсақ, ірімшік, құрт және қолдан пісірілген «Каравай» бөлке нан. Аңқыған сүрдің иісі екінші қабатқа дейін жайылып кетті білем, сылтауратып есік қағушылар да көбейіп кетті. Ғазиза: «Откуда все это? Таких деликатесов я в жизни не видела, вот это да!» деп таңдайын қағып, таңырқағандығын жасыра алмады. Ұсынылған тағамдардан ауыз тиіп отырған. Біз нанды қаймаққа батырып былай жеу керек деп көрсеттік. Қымызға қазы салып ішеді деп, оны да айтып жатырмыз. Не керек, апамыз қасықты қойып, бізбен бірге барлық тағамды қолмен алып отырды. Дастархан басына біздің таныстарымыз да келіп жайғасты. Жарасбай бір-екі өлеңін оқыды, өнер мен әдебиет жөнінде әңгіме өрбітті. Ғазиза апамыз да шешіле сөйлеп, бізге беймәлім әңгімелердің сырын ашты. Сондай-ақ, өзі куә болған табиғаттың ерекше бір қайталанбас көрінісінен қатты әсерленгенін әлсін-әлсін айта берді. Апамызбен суретке түсу мүмкіншілігі болмады. Жиырма шақты күн қасында болдық. Есте қаларлықтай әдемі отырыс болды. Бір-екі жылдан кейін Алматыға жол түсті. Ғазиза апамызға сәлем берейік деп кабинетіне бардық, бізді қуанып қарсы алды. Жарасбай гүл шоғын сыйлады, мен елдің дәмін тарту еттім. Бұл есте қалған ғажайып кездесулердің бірегейі.

1973 жыл. «Оқжетпес» санаторийінде жүрсек, Әбділдә Тәжібаев пен Сара апай да осында екен. Жарасбай Әбекеңді жақсы біледі. Мен алғаш көруім. Жиырма шақты күн тау-тасты аралап, көлге шомылып, күнге қыздырынып бірге жүрдік. Әбекең Жарасбай екеумізді бөлмелеріне күнде шақырып алады: «Жарасбай қарағым, соңғы жазған өлеңдеріңді оқышы» деп, таяғына сүйене отырып, басын изеп отыратын. Төрт-бес өлеңін тыңдағаннан кейін: «Бесеуінің үшеуі жақсы екен» деп бірден бағалайтын.

Өзі де бірнеше өлеңдерін бізге тыңдатты. Тамсанып, жеңіл оқиды екен. Сондай бір отырыста, қымыз іше отырып: «Қалқам, сен ғажап ақынсың, бірақ ақындық жолың ауыр болады, шалғайда жүрсің. Жазғандарыңды көріп жүрмін. Сен бала Алматыға көш» деп ақыл берген болатын. Сол жолы жыр жинағының екінші томына: «Жарасбайыма! Ұзақ достық үшін. Ағаң Әбділда. 13 июль 1973 ж.» жазып сыйлады, Маған: «Қазинаға! Кітабымды менің өзімдей көр. Ағаң Әбділда. 13 июль 1973 жыл» деп, қолтаңбасы бар жыр жинағын ұсынды. Ақын ағамен қатар жүрген әрбір күніміз – поэзия еді.

Жаз айларында өнер және әдебиет өкілдері табиғаты көркем, ауасы таза сұлу Көкше жеріне құмарта келеді. Біз де жыл сайын Бурабай төңірегінде демалғанды мәртебе көретінбіз. «Автомобилистке» келсек, жүздері кино мен театрдан таныс Жүсіпбек Елебековтің жары Хабиба мен Бикен Римова сияқты халыққа өнері танымал актрисаларымызды кездестірдік. Жарасбай екеуміз ол кісілерге сәлем беріп, кешкісін бірге қыдырып, біраз әңгімелестік. Бикен апамыз өте әзілқой, ашық адам.

Ал, Хабиба апамыздың мінезінде кербездік бар, басқашалау. Әңгіме айтқаннан гөрі тыңдағанды жақсы көретін сияқты. Өте ұстамды. Ал Бикен апайдың бойында қызбалық, өжеттілік бар. Бәрін тәртіпке шақырып, санаторий қызметкерлерін бір уыста ұстады десем артық айтқандық емес. Тәртіпке шақырғаны бізге де теріс болған жоқ. Әсіресе, қазақ тілінде сөйлеуге байланысты ескертулер айтып, бір-екі күннен кейін, ұлты қазақ қызметшілер ана тілінде сөйлей бастады. Санаторийде екі апамыздың шығармашылық кеші өткізілді. Оны Жарасбай жүргізді. Өзінің өлеңдерін де оқыды. Кездесудің қызғылықты әрі тартымды болғаны сондай, жұртшылық ұзақ қол шапалақтап, сахнадан қос жұлдызды жібермей қойды. Бір-екі күннен кейін жыр сүйер қауым ақын Жарасбаймен де жүздесті.

1972 жылдың еңбек демалысын шілде айында алдық та Бурабайдағы «Учитель» демалыс үйіне келіп жайғастық. Түстен кейін көлге шомылуға бардық. Мұнда КСРО және Қазақстанның халық артистері Ермек Серкебаев пен атақты күйші Мағауия Хамзинді кездестірдік. Әңгімелерінен 5-6 күн Бурабайды аралайтындарын байқадық. Кешкісін Жарасбай Ерағаң мен Мағауия ағаны халыққа таныстырып, төрт күн бойына концертін жүргізді. Клубы шағындау екен, көермендердің сұрауымен концерт далада жалғасты. Биіктеу үйілген жайпақ тас сахнаға айналды. Көермендерге де орындардың ыңғайы бола кетті. Та-

биғаттың көркем әрі сұлу кезеңі ғой. Мағауияның күйлері мен Ермектің баритон әсем дауысы қазақ даласына ерекше нәр беріп, ерекше сыр сыйлады. Сол сәтте Көгілдір Көкше жері, Бурабай аймағы күй боп күмбірлеп, ән болып қалықтады. Кернеген музыка үні Оқжетпестің шыңындағы пілге де, Апалы-Сіңлілі өркешті тауларға да, ұйқыдағы «Жеке Батыр» мен «Қыз-Жұмбақтасқа» да жан бітірткендей еді. Тіпті құстардың да сиқырлы үн құрсауына бөленген сәтін көрдік. Ғажайып көрініс емес пе? Көрген-білгеніңді суреттеу үшін не ақын, не жазушы болуың керек. Әйтседе, қарапайым адам ретінде алған әсеріммен бөліскенім ғой.

Қазақтың мақтан тұтатын тұлғаларымен бірге болу, әңгімелерін тыңдау біз үшін бақытпен пара-пар еді. Алматыға қоныстанғаннан кейін «Қазақстан» телерадиокомитетінде қызмет атқарып жүрген кезімде Ермек Серкебаев пен Бибігүл Төлегенованың үйінде болып, сұхбат алғаным бар. Ал, Ғафиз Есімов, Алма Оспанова, Кенжеғали Мыржықбаев, ағайынды Рашид, Мұрат, Марат Мұсабаевтар, Люция Төлешова, Зейнеп Қойшыбаева, сынды қазақтың біртуар азаматтарымен қызмет бабында араластым.

Жәкеңнің арқасында тек жазушы мен өнер адамдарымен ғана емес, Целиноградта тұрған кезімізде Социалистік Еңбек Ерлері Айтпай Құсайынов, Нұрғабыл Мәлгаждаров, Сағила Есенжолова, Сейіт Қырықбаев, Кәмшат Дөненбаева, Сергей Балян сынды еңбек адамдарымен де жақын араластық. Есімі аталған ерлер Жарасбайдың очерктерінің кейіпкерлері.

Өмірде қол жеткен жетістіктерім, әрине, Жәкеңнің қолдауымен, бағыт-бағдар беруімен жүзеге асты. Мен оған деген алғысым шексіз. Бірбірімізді бағалай білдік. Қайтар алдында: «Саған үйленгеніме ризамын, мені күткеніңе ризамын» деген еді. Мына екі жол сол сөзіме дәлел:

Сені құшқан құшағымды
Ажыратар өлім ғана, –

деп жазған екен марқұм. Тағдырдың жазуы ғой, бір-бірімізден көз жазып, сынарынан айрылған аққудайын, қаңқылдап артында қала бердім. Жарты ғасырға жуық уақыт жұбымыз жазылмай, үйде де, түзде де қол ұстасып, өмірдің қызығы мен қуанышы мол сәттерді бірге кешкен едік. Махаббат айдынында жұптасып қалқыдық та, бақыт құсындай бірге самғадық та.

Бір-бірімізге деген сүйіспеншілігіміз бен бұлақтың мөлдіріндей таза махаббатымыз бізбен бірге есейіп, бізбен бірге көркейді. Менің өмірде тапқан қазынам – Жарасбай ақын. Тіршілікте көп нәрсені бағалай да құнттай да білмеген екенбіз. Бірге жүрген бақытқа толы күндерімнің қаншалықты қымбат екенін енді ғана сезініп жүрмін. Өкінген, әттеген-ай деген сәттерім болған емес. Түсінген жанға өмір сонысымен қызық әрі қымбат.

Бірақ: «Өлгеннің соңынан – өлмек жоқ» дегенді ел аузынан естіп, неліктен бұлай айтады деп ойлаушы едім. Сөйтсек, тірі адам тіршілі-

гін жасайды екен. Жәкеңнен қол үзіп қалғаныма да табаны күректей алты жыл болды. Зымырап өтіп жатқан күндер-ай... «Орнында бар оңалар» дейді ғой атам қазақ. Бала-шағаның арқасында ел қатарлы жүріп жатқан жағдайыма тәуба деймін. Осы тұста Жәкеңнің «Тәуба» деп аталатын өлеңінің бір шумағына назар аударарлық:

«Өмірге келгеніме –тәуба,
Өзіңді көргеніме – тәуба.
Аяулы бір асыл жан бар екенін,
Сезініп жүреніме – Тәуба, тәуба!» –

дей отырып, менің асылым да, бақытым да Жәкеңдей асыл азамат болғанына – тәуба, тәуба, демекпін!

Жарасбай менің өмірлік ұстазым бола білді. Оның поэзиясы арқылы қазақ тіліне ғашық болдым. Қазақ тілін толық жетілдіру мақсатында мен Целиноград облыстық «Коммунизм нұры» газетіне, Целиноград облыстық телерадиокомитетінде қызметке орналастым. Қиындықтар болды, бірақ Жәкеңдей ұстазым тұрғанда біршама жетістіктерге жете бастадым.

Ал, 1980 жылы «Социалистік Қазақстан» («Егемен Қазақстан») газетіне Сапар Байжановтың шақыруымен Жарасбай Целиноград облысында тілші болып жүрген жерінен орталық аппаратқа қызметке ауысты. Қазақ радиосының Үздігімен марапатталдым. «Қазақстан» телерадиокомитетінің біріккен кәсіподақ комитетінің төрайымы болып сайландым. Бүгінгі күні зейнеткерлік заманның қызығын көріп жатырмын.

Жәкең 2011 жылдың 13 мамырында қайтыс болды. Сол күні АЛЖИР мұражайында өзінің «Ерте солған гүлдер. 37 жыл» атты бейнебаянының тұсаукесері өтуге тиіс-ті еді. Оған үш сағат ғұмыры жетпей қалды. Ақын да, батырда ажалдан құтылып кете алмайды екен. Жылын бергеннен кейін, Мәдениет министрлігіне және Қазақстан Жазушылар Одағының бірінші хатшысы Нұрлан Оразалинге, Мұхтар Әуезов атындағы тіл-әдебиеті институтының директоры Уәлихан Қалижанға қолдау көрсетулері туралы хат жолдаған болатынмын. Екі жақ та өтінішімді аяқсыз қалдырған жоқ. Соның арқасында Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша Жәкеңнің «Қызылжар» (2012 ж.) және «Көкжиек» (2013 ж.) атты жинақтары жарық көрді. Атсалысқан азаматтардың баршасына Мың алғыс!

Жәкеңнің әлі де жарық көрмеген біраз дүниелері бар ғой. Және соңғы жиырма жыл бойына жазған ғажап жырлары мен арнау-толғауларының өзі бір төбе. Сондай-ақ, газет-журналдарға шыққан өнер, мәдениет пен әдебиет өкілдерінің өмірі мен шығармашылықтары жайында жазылған портреттік мақалалары; еңбек адамдары туралы очерктері мен суреттемелері де жеке архивінің негізін құраған. Қаламгер назарынан өмірдің келеңсіз көріністері де тыс қалмаған. Бұл орайда сын мақалалары мен фельетондарын айтуға болады. Ал, жасөспірімдерге арналған туынды-

лары да жеткілікті. Бұл дүниелері, ақынның 80 жылдығына орай, «Замана үні» атпен жинағын оқырмандарына ұсынбақшымыз. Бұған ақынның «Өмірде көргендері мен көңілге түйгендері» атты өмір деректері және таңдаулы дүниелері жинақталды.

Жәкеңнің «Үлкен кісі» атты эссесінде неміс-қазақ жазушысы Герольд Белгердің ата-тегі, яғни әкесі Карл Фридрихович Бельгердің өмір өткелдері мен қазақ халқына көрсеткен өнегелі, мақтан тұтатын еңбек жолы арқау болған. Жарасбай жазатын дүниелеріне өте мұқият қарайтын. Соның салдарынан уақытты өткізіп алды. Көзі тірісінде жазғандарын шығарып үлгермеді. Ал, ақын, жазушы, журналист ретінде қоғамның қамын, қазағының болашағын ойлаған, қазақ тілінің жанашыр-азаматы ретінде танылып, бағаланды.

Ақын Жарасбайдың қаламынан туындаған дүниелерін оқырмандары мен тұстастары жоғары бағалағанының куәгерімін. Сөз орайы келіп тұрған кезде, жерлесіміз, жазушы, аудармашы Герольд Бельгердің: «Жарасбайды тума талант, табиғаттың оған берген үлкен сыйы ол – ақындығы» дегенін ерекше айтқым келеді. Ол: «Жарасбай мүмкіншілігін толық пайдалана алмады» деп өкінішін білдіріп, газет-журнал беттерінде жарияланған мақалаларында Жәкеңнің қоғамға маңызды өлең-жырларын мысал ретінде қолданып отырды. Және әр туындысына өз пікірін білдіріп, қолдап отырушы еді. Ұлты неміс болса да қазақ ақынының туған халқына деген сүйіспеншілігін, оның жан сарайын жете түсіне отырып, жоғары бағалайтын.

Иә, Жәкеңнің жүрек шымырлатар, көзге жас алдырар, жан тебірентер туындыларын оқырмандары жатқа айтып, халықтың бағына жаралған талант деп еске алып отыратыны тегін емес. Оның дүниелерін компьютерге теру барысында мән-мағынасына үңіле отырып, жұрт айтса айтқандай екен. Жәкеңнің қазақ халқына арнаған өлеңдерінде оның жан айқайын естимін, жүрегінің лүпілін сезінемін, оның күйзелген сәттеріндегі бейнесін елестетем. Жәкеңмен сырласқандай, ақылдасқандай күйге бөленемін. Себебі оқуға жеңіл өлеңдері желісінің өзі оқырманын елтіп, тұңғиық сырлы сазға, ғажап сезімге бөлейді. Әр өлеңі – сөзбен сурет салғандай, әр бір шығармасы бейнелі көріністерге толы, табиғаттың табиғи тылсым сәттері мен ажарын, реңін айнытпай сөзбен суреттейтін – сөз шебері еді. Қолынан шыққан, қаламынан туындаған дүниелері табиғаттың сырлы да нәрлі бояуына қанық, айшықты еді. Жарасбай Нұрқан – тума талант. Тағлымы мол үлкен азамат. Қоғам қайраткері. Білімділігі мен біліктілігі арқасында саналы әрі салиқалы өмір кешті. Ешкіммен айтыс-тартысқа түспеген, дау-дамайдан аулақ таза жүрген. Ол бар өмірін туған жері мен қазағын жырлауға арнады.

Жарасбай Нұрқан – нағыз патриот ақын деп халқы зор бағалаған. Ол – өз заманының қаһарман ақыны. Оның 1972 жылы «Тіл ұстарту» – «Бабам тілі» атты өлеңінің дүниеге келуі де тегін емес еді. Сол жылдары, қалтада партбилеті бар, коммунист Жарасбай ешкімнен тайсалмай осындай тақырыпты көтеруінің өзі үлкен ерлікпен тепе-тең. «Ұлтшыл»

деген айдар тағылып, қудалауға түсті. Оның соңынан күндіз шам ұстап, басқан ізін аңдығандар да болды. ЦК-ға дейін арыздар жетті, үндеместер де үнсіз қалған жоқ. Тағылған айып: «қоғамға жат адам, ұлтшыл – оның көзін құрту керек» деп айғайлағандар да табылды. Ол өзін «жаһандағы жалғыз бәйтеректей» сезінді. Жоғарыдағы шалабелсенділер «не партбилетің, не қазағың – таңда» деп тепсінгенде, Жарасбай, ешбір ойланбастан, «партбилетің қазағымның садағасы» деп қызыл билетті стол үстіне тастай салғанын мен өз көзіммен көрдім. Бұл оқиғадан кейін ол қызметінен алынды, жазғандарын цензура өткізбей, күйзеліс кезеңін бастан өткерді. Сыртқа қайырғанын да, мұңайғанын да сездіртпеді. Бірақ ақын ұстанған бағытынан тайынған жоқ. Қайта оның ұлттық намысын жігерлендіре түсті. Ешкімнен тайсалмай, ештеңеден сескенбей қазағын мадақтаумен, қазақ жерін жырлаумен болды.

Мемлекетіміз Тәуелсіздігін алғанға дейін қазақ елі нендей тарихи кезеңдерді бастан өткермеді. Қең байтақ қазақ жеріне қызығатындар да көз тігетіндер де жоқ емес. Қазақстандық әр азамат өз елін, өз жерін қорғай білуі керек, ол әр адамның патриоттық парызы дейтін. Қазақ Елі – Мәңгілік Ел. Ұлттық құндылығымызды сақтайық, қорған болайық. Ел тарихында 1979, 1986 жылғы оқиғалар қайталанбасын. Ақын арманы – Тәуелсіздік еді. Тәуелсіздік Туы көтерілгенде жыр маржандарынан шашу шашты. Тәуба дейміз. Жарасбай ақын жастарды қанаттандыратын, қазақтың рухын көтеретін өлең жырлар жазып, кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырып, өмірден өтті. Қазақ халқына адал еңбек етті.

Бұл күндері мен Жарасбайдың артында қалған мұрасына ие болып, жеке мұрағатындағы дүниелерді жарыққа шығару ісімен айналысудамын. Сондай-ақ «Ерте солған гүлдер» – 37 жыл» бейнебаянын Астанадағы – «АЛЖИР», Қарағанды – КАРЛАГ музейлеріне және бір қатар облыстық музейлер мен кітапханалар қорына жіберілді. Ал, «Замана үні» атты жинағын ақынның 80 жылдығына орай, аманшылық болса, оқырмандарына тарту еткелі отырмыз. Сондай-ақ ақынды еске алу мақсатында Астана, Қызылжар, Алматы қалаларындағы бірнеше мектептерде, облыстық кітапханаларында, Манаш Қозыбаев атындағы университетте және Аль-Фараби атындағы университеттің журналистика факультетінде, Қазақ ұлттық аграрлық университетінде, С.Сейфуллин атындағы аграрлық университетінде ақынды еске алу кештері өткізілді. Мұндай іс-шара әлі де жүзеге асырылатын болады. Ақын есімін өлтірмейтін – оның поэзиясы. Ақын есімі өшпейді.

Ақын Жарасбай Нұрқановтың өмір жолы мен шығармашылығына жоғары баға беріп, жылы лебіз білдірген қаламгерлер мен жерлестеріне айтар алғысымыз шексіз. Сіздердің өмірлеріңіздің жарқын әрі сәулетті болуын тілейміз.

Қазина Нұрқанова,
ақынның жары,
«Қазақстан» телерадиосының ардагері,
Қазақ радиосының Үздігі.

МАЗМҰНЫ

КӨРГЕНДЕРІМ, КӨҢІЛГЕ ТҮЙГЕНДЕРІМ

Нұрлы жүрек. *Жарасбай Сүлейменов* 5
Замечательный поэт – лирик. *Кайролла Муканов* 9
Талантымен танылған қаламгер. *Төлеубек Қоңыр* 11
Нас сблизила поэзия. *Владимир Гундарев* 14
Есімі ескірмейтін тұлға. *Төлеген Қажыбай* 18
Ақын аға хақында. *Шашубай Малдыбаев* 20
Жәкең менің ұстазым еді. *Қаршыға Құлмұқанов* 29
Әлі есімде сол бір кез. *Болат Елпанов* 32
Жаны жайдары, мінезі жайсаң. *Күпән Шегебаева* 34
Асқақ арман армандаған ақын. *Есен Баржаксин* 37
Бізді табыстырған «Тың өлкесі». *Рахия Әлібекова* 40
Өмір бойғы өкініш 43
Ауыздан түспейтін Көктерек 44
Ленин ауылында 48
Ойлар, ойлар... 54
Шәкірт сөзі 58
Ж. Нұрқановтың диплом жұмысы туралы 64
Ілиястың «Күйшісі» 65
Алтын десте жыры. *Бақыт Мұстафин* 68
Соңғы сұхбат. *Мұқат Қожахметұлы* 72
Көңіл айтулар 75
Жаны жайсаң Жақаң еді. *Мамадияр Жақып* 83

ТАРИХИ БЕЛЕСТЕР

«Ерте солған гүлдер» – 1937 жыл 89
Халық рухының қанаты. *Жанбота Тасболатұлы* 91
«АЛЖИР» ақмолдықтар жадында. *Талғат Сансызбай* 101
Көңілімді толғандырған сол бір сәт. *Ерсайын Нарымбаев* 104
Ұрпақтар үндестігі «Ерте солған гүлдер». *Айнұр Төлендинова* 106
Жаңғырық. *Үлбосын Айтөлен* 108
«Алжир» жаңғырығы – ақын жырында *Зейнолла Әкімжанов* 113
Өлеңі – өмірінің жалғасы. *Алма Қуандыққызы* 116
Жырлары ел жадында. *Нұргүл Оқашева* 120
Қазағым деп соқты жүрегі. *Қазан Әлгожа* 122
Ағам мені шахматқа үйретіп кетті. *Марат Нұрқанов* 125
Елі сүйген, елін сүйген ағамыз еді. *Әмина Бекбасова, Қаратай Қалиахметов* . 126
Қадірі бөлек жан. *Газиза Әбілқайырқызы, Болат Сағынбаев* 128
Мейірім шуағын шашқан, *Арман Сағымбай* 132
Жүзі жарқын жездем еді асыл жездем. *Әлкен Әлгожа* 137
Құрметтеуге лайықты еді. *Серік Кәкенов* 138

Ынтымақ министрі. *Гүлнәр Шегебаева* 141
Светлые дни моего детства. *Жанар Жомартқызы* 146

АТАҚТЫ АДАМДАР ӨМІРІНЕН

(Мақалалар мен зерттеулер)

Көңілімнің төрінде 149
Премьера алдында 155
Сәкен шықты сахнаға 156
Тағы бір тамсана оқып... 157
Оның жарқын бейнесі 162
«Өмір мектебі» көркем шежіре 165
Көңіл төрінде – Сәбең 167
Ұл-қызына ат берген 169
Шынайы қаламгер еді... 170
Ардақтауға әбден лайық 173
Абай. Екі томдық шығармалар жинағы 177
Шабыты шалқар дария 179
Жан бабам 181
Күнмен тілдескен ақын 181
Орайы келіп қалған соң... 184
Өкініштің аты – өкініш 186
Шалқар шабыт 187
Қалам тұтқан Баһадур 189
Елімнің ерен мақтаны 193
Ақын Мәриям Хакімжанова 194
Асыл Мәкең 194
Ақын Қасым 196
Ақын ағаны еске түсірсек... 199
Кемеліне келді ақын 201
Апрель жаңбыры 204
«Шағала» 207
Кеудеге туған жердің нәрін жинап 211
Жыр көкейге жол тапса... 214
Жарықшақсыз дауыс жақсы... 217
Сөнбейтін жұлдыздар туралы 219
Ақынның жүгі ауыр 221
«Қарлығашым, келдің бе?» 224
Тартымды туынды 227
Ұлы сықақшы 228
Аңсаған арман, тоғысқан тағдыр *(деректі повесть)* 231
Көктеректен шыққан көрнекті азамат 276
Үлкен кісі 285
«Қазақ дәптерінен». *Герольд Бельгер* 293
Біздің Гера 296
Жарасбай – внук Нуркана 297
Мәңгі тамыр 301
Тында түлеген 303

Қызыл қағаз *(әңгіме)* 309
Шер жүректен жалын атқан 312
«Қыз – Жібек» 315
Ағайынды Қарамазовтар 318
Әмірені тыңдайтын болдық 320
Уа, шіркін, «Балқадиша!» 322
«Топайкөктің» әуелгі сөздері қандай екен?.. 324
Атақты оркестрді тыңдаймыз 326
«Отырар сазы» оркестрін тыңдағанда 327
Күмістей даусы сыңғырап 333
Қанатты жырлар, қалықта! 340
Алты ғасырдың ақыны 343
Көңілді парақтар 345
Шал 346
Күміс күнмен тілдескен 348

ЖАРҚЫРАҒАН ЖҰЛДЫЗДАР

Атақты журналист-жазушы 353
Глубокие корни 354
Достық пен туысқандық салтанаты 357
Мәңгі бірге 359
Түйме. Л. Рахманинов 362
Ленин туралы әңгімелер 366
Ой ортақ, білек бірге 370
Тарихи жиырма күн. *С.Н. Усиков* 378
Атақты адамдар өмірінен 386
Герберт Уэллс 387
Егіз сықақшының сыңары 389
Солдат болып тумаса да 391
От жүректің, озық ойдың ақыны 394
Алексей Толстой 398
Ғажайып кітабы ғасырлар жасаған 400
Мәңгі замандас 402
Абақтыда азаттық жырын жазған 404
Тапқыр ойдың тау шыңдары 407
Суретші сыйлығы 410
Арзамас – Гайдардың қаласы 410
Шыңдауы өткір Шарболат 411
Юлиус Фучик 414
Шыншыл қалам иесі 416
Лирик композитор 418
Халық сүйген композитор 420
Ән сүйген ел, концертке кел! 422
Ренуардың ақжарқындылығы. *Л. Волынский* 423
Михаил Кольцов 426
Ақ қайың шырынындай 428
Францияның ұлы жазушысы 430

Садриддин Айни 432
Зергер атанған ақын 434
Музыка әлемінің жарық жұлдызы 437
Крест сыры. *Петр Родимов* 439
Сарай шайқымазағы жылайды 442
Целиноградцы слушают оперу 444
Ағайынның өнері өсер жолда 445
Өнер сапары 446
Ақ көңілмен. *Төлеген Бақтыбаев* 446
Ширақтық 447
Секеңдеген қояндар. *Виктор Безорудько* 451
Жырылып кетті. *Р. Падневич* 454
Хауіптің алдын алу. *Ионна Вилиниська* 456
Жекелеген жолдастар. *Иван Серков* 458
Төрттік. *Леонид Прокша* 460
Чех-Словак әзілдері. 461
Үш көрініс 468
Дәйім дәреже биік болсын 469
Күлдіре отырып күзейді 471
«Бриллианты білек» 474
Ескі жылдың жаңа ленталары 476
Экран елді баурасын десек 478
Қыз тағдыры қызық та қиын 480
Өзбекстан эстрадасының Целиноградтағы концерті 483
Алтай артистері – қаламызда 484
Мүшелді той жырлары 485
Оркестр сапары 489
«Егор Булычов және басқалар» 491
«Ана – жер – ана» 493
Құпия құмарлар. *Э. Долот* 496
Ел ішінде еркін бір ән салуға... 501
Бір жылдың бірегей жырлары 503
Жұлдызы жайнап өлеңнің 506
Ниет жақсы, поэзия тапшы 509
Жеті қат көкте 514
Екі тиындық шаруа 517
«Тарт, бала, Сабындыға!» 519
Жолдыбай жоқта... 521
Қайын енем қалай түзелді... *Н. Трошин* 523
Сырға толы түн. *Анатолий Хорунжий* 524
Файзолла шабыты 527
Ән кешінен кейінгі әсер 527
Әулетімен әнші 529
Жүзін жалын шарпыған 536
Талантымен танылған жұлдыз 538
Шұғыл жауап 541
Сейіттің семсері 542
Ащы «қуырдақ» 546

«Көңіл көктемі» 550
Екінші жинақ 553
Жаңа толқын 556
Егінші жүрегінің лүпілі 559
Шынар шыңға бітеді 562
Абай екені даусыз 564
Ешкімнің жекеменшік азабы болмайды 566
Қашанғы «Ерлан» дей береміз? 567
«Дудар-ай» Үлебайдікі ме? 568
«Сүржекейдің» шын иесі 572
Әуелі «несің» деп жазбайсыңдар ма? 573
Ақтанберді ғой дұрысы 573
Жаңа кітап – жақсы сыйлық 577
Одаққа танылған отау 579
Алтын жұлдыз жарығы 584
Асыл дәсте, әсем кесте 585
Сапардан келген Сайлаубай 587
Мұнда қанша «Жасар» бар? 587
Ақ жүрегі Айтпайдың 588
Нұрлы сәуір 593
Шабытты шақ 599
Қайсарлық 600
Үлкен іске ұмтылдырған 605
Зұлқия мұғалім 606
Пәк сезім 610
Алтын саусақ 611
Осындай совет адамы 616
Құтты қадам 616
Аңдамай ату. *Василий Шукшин* 621
Қайыржан 627
Жазаның ең үлкені 630
Ізденген жетер мұратқа 630
Құтты болсын жаңа күн! 631
Көңіл баурайтын көркемдік керек 632
Өрмектің жүзі ауғанда 634
Заула, болат жолдың батыры! 636
Астық арнасы 639
Дән жеткізген дәреже 641
«Есіл тасып барады жардан асып» 644
Ахметжан Нұртазинмен айтыс 646
Бізді таныстырған да, табыстырған да поэзия. *Қазина Нұрқанова* 656

Нұрқанов Жарасбай

ЗАМАНА ҮНІ

Компьютерде терген **Нұрзада Жарасбай**

Басуға 28.02.17 қол қойылды.
Пішімі 70х100 $^{1}/_{16}$. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 39,06.
Тапсырыс №2. Таралымы 200 дана.

ИПТКА «Глобус» баспаханасында басылды
Астана қ-сы, Б. Момышулы, 12
тел. 8(7172) 51-27-29, 8 776 532 09 05
email: globus.ast@mail.ru